

К.МАРКС пен Ф.ЭНГЕЛЬС


Тандамалы
шығармалары

1

К.МАРКС пен Ф.ЭНГЕЛЬС

**Таңдамалы
шығармалары**

1





ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА
при ЦК КПСС

К.МАРКС
И
Ф.ЭНГЕЛЬС

•

Избранные
произведения
в трех томах

•

Том
1

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва • 1970

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы ПАРТИЯ ТА-
РИХЫ ИНСТИТУТЫ — КПСС Орталық Комитеті жанындағы
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ филиалы

К. МАРКС
пен
Ф. ЭНГЕЛЬС

•

Таңдамалы
шығармаларының
үш томдығы

•

1
ТОМ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
А Л М А Т Ы — 1976

3К
М24

Маркс К. және Энгельс Ф.

М 24 Таңдамалы шағармаларының үш томдығы. 1 т. Алматы, «Қазақстан», 1976.
(Қазақстан ҚП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — ҚПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.
624 бет.

М $\frac{10\ 101-265}{401(07)-76}$ 7-76

3 К

© Издательство политической литературы, 1970 г.

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1976 ж.

IV

АЛҒЫ СӨЗ

Қ. Маркс пен Ф. Энгельстің «Ғандамалы шығармаларының» осы үш томдығы олардың Шығармаларының екінші басылуына негізделген, ал бұл басылуы — марксизм классиктері әдеби мұрасының дәлме-дәл жаңа аударма түрінде жарияланып отырған, ең толық ғылыми жинағы.

«Ғандамалы шығармаларының» үш томдығында Маркс пен Энгельстің ұлы революциялық ілімінің барлық құрамдас үш бөлімін: маркстік философияны, саяси экономияны және ғылыми коммунизм теориясын баяндайтын аса маңызды шығармалары бар. Әлбетте, кейбір іргелі еңбектерді бұл басылымға тек жеке бөлімдер мен тараулар түрінде ғана енгізуге тура келді. Мәселен, Қ. Маркстің «Қапиталынан» бірінші томның XXIV тарауы, Маркстің немісше бірінші басылуына арналған алғы сөзі, немісше екінші басылуына арналған соңғы сөзі және Энгельстің екінші томға арналған алғы сөзінен үзінді берілді. Ф. Энгельстің «Табиғат диалектикасынан»—«Кіріспе», ««[Анти]—Дюрингке» арналған бұрынғы алғы сөз. Диалектика туралы», «Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі»; Энгельстің «Анти-Дюринг» атты кітабының қайта өңделген үш тарауы болып табылатын «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген кітапшасы толық жарияланып отыр.

Бұл басылымға Қ. Маркс пен Ф. Энгельстің «Ғандамалы шығармаларының» 1948—1955 жылдары Институт шығарған екі томдығында жарияланған шығармаларының бәрі енгізілді. Алайда екі томдықпен салыстырғанда бұл басылымның құрамы едәуір ұлғайтылды. Маркс пен Энгельстің «Неміс идеологиясының»—«Фейербах. Материалистік көзқарас пен идеалистік көзқарастың қарама-қарсылығы» деген бірінші тарауы қосымша енгізілді, мұнда тарихты материалистік тұрғыдан түсіну мәселесі жан-жақты баяндалады. Бірқатар басқа да шығармалар жаңадан енгізілді, оның ішінде Маркстің «Уақытша Орталық Советтің делегаттарына жеке мәселелер жөнінде нұсқау», «Құпия ха-

бар», «Гаага конгресі туралы», «Жерді национализациялау» атты еңбектері, В. И. Засуличтің хатына жазылған жауаптың бірінші желісі, сондай-ақ Энгельстің «Коммунизм принциптері», «Германиядағы революция және контрреволюция», ««Россиядағы элеуметтік мәселе туралы» деген еңбекке арналған соңғы сөзі», «Күштеудің тарихтағы ролі», «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасының сыны жайында» атты еңбектері бар. Сонымен қатар Маркс пен Энгельстің «Интернационалдағы жалған жіктелістер» деген бірлесіп жазған еңбегі де енгізілді. Маркс пен Энгельс хаттарының бөлімі де толықтырылды.

Үш томдықтағы материал, негізінен алғанда, хронологиялық реті бойынша орналастырылды. Тек авторлардың алғы сөздері мен соңғы сөздері бұл ережеге жатпайды; бұлар жарық көрген уақытына байланыссыз, өздері арналып жазылған шығармалармен бірге жарияланып отыр. Маркс пен Энгельстің хаттары белгілі бір томның қамтитын дәуіріне сәйкес әр томның соңында басылған.

Басылымда анықтауыш мағлұмат келтірілген. Әр томның соңында ескертулер, есімдер көрсеткіші мен атау көрсеткіші беріліп отыр.

Бұл басылымды баспаға *Н. У. Белоусова* мен *К. И. Коннова* әзірледі; атау көрсеткіштерін әзірлеген *Л. Р. Миськевич*.

*КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты*

К. МАРКС

ФЕЙЕРБАХ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР¹

1

Бүкіл бұрынғы материализмнің — оның ішінде Фейербах материализмінің де — басты кемшілігі сол — зат, шындық, сезімдік *адамның сезімдік іс-әрекеті, практика* ретінде, субъективтік тұрғыдан алынбай, *объект* формасында ғана, немесе *аңдау* формасында ғана алынады. Бұдан келіп шыққан нәтиже, *іс-әрекет* жағын, материализмге қарама-қарсы, идеализм дамытып отырды, бірақ тек абстрактілік тұрғыдан дамытты, өйткені идеализм шынайы, сезімдік іс-әрекет дегеннің не екенін, әрине, білмейді. Фейербах ойлау объектілерінен іс жүзінде өзгеше сезімдік объектілерімен айналысуды тілейді, бірақ адамның іс-әрекетінің өзін *заттық* іс-әрекет ретінде алмайды. Сондықтан «Христиан дінінің мәнінде» ол теориялық іс-әрекетті ғана нағыз адамдық іс-әрекет ретінде алып қарайды, ал практика лас — саудақүнемдік көрініс формасында ғана алынып, анықталады. Сондықтан ол «революциялық», «практикалық-сыншылдық» іс-әрекеттің маңызын түсінбейді.

2

Адамның ойлауында заттық ақиқаттық бар ма деген мәселе — әсте теория мәселесі емес, *практикалық* мәселе. Адам өз ойлауының ақиқаттығын, яғни шындығы мен құдіреттілігін, өмірге жарасымдылығын практика жүзінде дәлелдеуге тиіс. Практикадан окшау тұрған ойлаудың шындығы немесе шын еместігі жайындағы талас — нағыз *схоластикалық* мәселе.

3

Адам — жағдай мен тәрбиенің жемісі, демек, өзгерген адам өзгеше жағдайдың және өзгертілген тәрбиенің жемісі дейтін материалистік ілім — бұл ілім жағдайды нақ адамның өзгерте-тінін және тәрбиешінің өзін тәрбиелеу керек екенін ұмытады.

Сондықтан бұл ілімнің сөзсіз барып тірелетін жері сол, қоғамды ол екіге бөледі, ал оның бір бөлегі қоғамнан жоғары тұрады (мәселен, Роберт Оуэнде осылай).

Жағдайдың өзгеруі мен адамның іс-әрекетінің сәйкес келуін тек *революциялық практика* ретінде ғана алып қарап, дұрыс түсінуге болады.

4

Фейербах діни безіну фактісіне, дүниенің діни, қиялдағы дүние және шын дүние болып екіге бөлінуіне сүйенеді. Сөйтіп ол діни дүниені оның жердегі негізіне әкеліп тіреумен айналысады. Осы жұмыс орындалғаннан кейін де басты нәрсенің әлі де істелмей қалатынын ол байқамайды. Атап айтқанда, жердегі негіздің өзінен өзінің бөлінетіндігін және өзін өзі әлденендей бір дербес патшалық ретіндегі аспан әлеміне көшіретіндігін осы жердегі негіздің өзінше бөлшектенуінен және өзіне өзінің қайшы келетіндігінен деп қана түсіндіруге болады. Демек, мұның өзі, біріншіден, өзінің қайшылығы жағынан түсінілуге тиіс, сонан соң осы қайшылықты жою арқылы практика жүзінде революцияшылдандырылуға тиіс. Демек, мәселен, жердегі семьяда қасиетті семьяның сыры ашылғаннан кейін жердегі семьяның өзін теориялық тезге салып, практика жүзінде революциялық жолмен қайта құру керек.

5

Абстракті ойлауға наразы болған Фейербах *сезімдік аңдауға* жүгінеді; бірақ ол сезімдікті *практикалық*, адамдық-сезімдік іс-әрекет деп санамайды.

6

Фейербах діни мәнді адам мәніне әкеліп саяды. Бірақ адамның мәні жеке индивидке тән абстракт емес. Шындығында ол — барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Осы шын мәнді сынаумен айналыспай отырған Фейербах сол себепті лажсыздан:

1) тарихтың барысынан абстракция жасайды, діни сезімді [Gemüt] бөлек алып қарайды да, абстрактілі — *оқшауланған* — адам индивиді болады деп жориды;

2) сондықтан онда адам мәні «тек» ретінде ғана, толып жатқан индивидтерді кілең *табиғи* дәнекерлермен байланыстыратын ішкі, мылқау жалпылық ретінде ғана қаралады.

7

Сондықтан «діни сезімнің» өзі қоғамның жемісі екенін, ал оның талдау жасап отырған абстракті индивиді шынында белгілі бір қоғамдық формаға жататынын Фейербах көрмейді.

8

Қоғамдық өмір асылында практикалық өмір болып табылады. Теорияны мистицизмге бұрып әкететін мистериялардың бәрі адам практикасы арқылы және осы практиканы ұғыну арқылы дұрыс шешімін табады.

9

Андаушы материализмнің, яғни сезімдікті практикалық іс-әрекет емес деп түсінетін материализмнің ең мықтағанда барып жететін жері — ол «азамат қоғамындағы» жеке индивидтерді андайды.

10

Ескі материализмнің тұғыры — «азамат» қоғамы; жаңа материализмнің тұғыры — *адамзат* қоғамы, яки қоғамдасқан адамзат.

11

Философтар дүниені түрліше *түсіндірумен* ғана болып келді, ал мәселе оны *өзгертуде* жатыр.

1845 ж. көктемде К. Маркс жазған.

Бірінші рет Ф. Энгельс 1883 ж. «Людвиг Фейербах және классикалық негіз философиясының ақыры» деген еңбегінің жеке басылымына арналған қосымшада жариялаған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр.
2-басылуы, 3-том, 1—4-беттер

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

ФЕЙЕРБАХ. МАТЕРИАЛИСТІК КӨЗҚАРАС ПЕН ИДЕАЛИСТІК КӨЗҚАРАСТЫҢ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҒЫ

(«НЕМІС ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ» I ТАРАУЫ)²

[I]

[1-п.] Неміс идеологтарының жариялауынша, Германия соңғы жылдары теңдесі жоқ төңкеріс жасаған. Гегель системасының³ Штраустан басталған ыдырау процесі дүние жүзілік дүрбелеңге айналып, «ескілікті күштердің» бәрін қамтыған. Жалпылама былықта қуатты державалар дүниеге келіп, сол заматта қайтадан құрып кетіп жатқан, жалт етіп шыға келген қаһармандарды неғұрлым батыл, неғұрлым мықты бақталастары қайтадан қара түнекке сүнгітіп жіберіп отырған. Мұның өзі революция болғанда сондай, мұнымен салыстырғанда француз революциясы — баланың ойыншығы ғана, мұның өзі дүние жүзілік күрес болғанда сондай, мұның қасында диадохтардың⁴ күресі түкке тұрғысыз болып көрінеді. Адам айтқысыз шапшаңдықпен бір принциптерді екінші бір принциптер ығыстырып шығарып, бір ойшыл қаһармандар екінші біреулерін қиратып отырды, сөйтіп үш жылдың ішінде — 1842 жылдан 1845 жылға дейін — Германияда бұрынғы үш ғасыр ішіндегімен салыстырғанда анағұрлым тыңғылықты тазалау жүргізілген.

Осының бәрі таза ой саласында болыпты-мыс.

Қалай дегенмен де біз қызықты оқиғаға: абсолюттік рухтың ыдырау процесіне кез болып отырмыз. Онда ақтық өмір үшқыны сөнген кезде осынау *carut mortuum*-ның* әралуан құрамдас бөліктері ыдырап кетті де, жаңа қосындыларға еніп, жаңа заттарды құрастырды. Осы күнге дейін абсолюттік рухты пайдаланып, өмір сүріп келген, философияны кәсіп етуші адамдар енді осы жаңа қосындыларға тұра ұмтылды. Әркім өзіне тиген үлесті асқан ұқыптылықпен пайдаға асыруға кірісті. Мұнда бәсеке болмай қалуы мүмкін емес-ті. Алғашында бұл бәсеке тым байсалды, бюргерлік-инабатты сипатта болды. Бірақ содан кейін, неміс рыногы лық толып кеткен кезде, ал дүние жүзілік

*Сөзбе-сөз: өлі бас, бұл жерде: жансыз қалдықтар деген мағынада. *Ред.*

рынокта, барынша күш жұмсалуына қарамастан, товар өтпей қалған кезде, кәдімгі неміс салты бойынша, фабрикалық және көпірмелі өндіріс, шикізат запасының нашарлап, алдамшы түрге енуі, жалған этикетка, өтірік сауда-саттық, вексель жөніндегі қулық-сұмдық және нақты негіз атаулыдан жұрдай кредит системасы бар істі бүлдірді. Бәсеке шиеленіскен күреске айналып кетті, ал мұны қазір бізге бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар төңкеріс ретінде, ересен нәтижелер мен жетістіктер туғызған фактор ретінде асыра мақтап, дәріптеп жүр.

Бүкіл осы философиялық жүзіқаралыққа, тіпті қадірменді неміс бюргерінің кеудесінде де оның өзіне сондай ұнамды ұлттық сезім туғызатын жүзіқаралыққа лайықты баға беру үшін, бүкіл осы жас гегельшілдік қозғалыстың ұсақтығын, провинциялық тайыздығын айқын көрсетіп беру үшін, әсіресе осы қаһармандардың шын әрекеттері мен осы әрекеттер жөніндегі жалған үміттер арасындағы трагикомедиялық алшақтықты әйгілеу үшін,— барлық осы даурықпаға Германиядан тысқары жатқан позициядан көз салу қажет*.

[1.] Жалпы идеология, әсіресе неміс идеологиясы

[2-п.] Неміс сыны ақтық деміне жеткенше философия негізінен тайған емес. Бұл сынның,— өзінің жалпы философиялық алғы шарттарын зерттеуден тым алыс жатқан сынның,— барлық

*Бұдан кейін таза қолжазбаның бірінші нұсқасында өшіріліп тасталған мынадай сөздер келеді:

«[2-б.] Сондықтан біз осы қозғалыстың жеке өкілдерін дербес сынауға арналған, олардың бәріне ортақ идеологиялық алғы шарттарды анықтайтын кейбір жалпы ескертпелер жасамақшымыз. Келесі жеке сын очерктерді түсініп, негіздеу үшін қажет боларлық дәрежеде сынымыздың бағдарын сипаттау үшін осы ескертпелер жеткілікті болмақ. Біз бұл ескертпелерді [3-б.] нақ *Фейербахқа* қарсы бағыттаймыз, өйткені ол — алға қарай ең болмағанда бірер қадам жасаған және еңбектерін de bonne foi [байыпты түрде] сынауға болатын бірден-бір адам.

1. Жалпы идеология, жеке алғанда неміс философиясы

А. Біз тек бір ғана ғылымды, тарих ғылымын ғана білеміз. Тарихты екі жағынан алып қарауға болады, оны табиғат тарихы мен адамдар тарихына бөлуге болады. Алайда осы екі жақ өзара айырғысыз байланысты: адамзат өмір сүріп тұрғанда табиғат тарихы мен адамдар тарихы өзара бір-біріне себепкер болып отырмақ. Табиғат тарихын, жаратылыс тану дейтінді, біз бұл жерде жайына қалдырамыз; ал адамдар тарихымен біздің айналасуымызға тура келеді, өйткені бүкіл идеология дерлік не осы тарихты теріс түсінуге, не оны мүлде елеусіз қалдыруға әкеліп соғады. Ал идеологияның өзі — осы тарихтың бір жағы ғана».

Бұдан әрі таза қолжазбаның бірінші нұсқасында тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің алғы шарттары туралы өшірілмеген сөздері келеді. Осы басылымда бұл сөздер төменде таза қолжазбаның негізгі (екінші) нұсқасының текстіне 2-параграф түрінде енгізіліп отыр (14—15-беттерді қараңыз). *Ред.*

проблемалары белгілі бір философиялық системаның, атап айтқанда — Гегель системасының негізінде өсіп шыққан. Оның жауаптарында ғана емес, сұрауларының өзінде де мистификация жатқан-ды. Гегельге деген осы тәуелділіктің себебінен осынау жаңа шыққан сыншылардың бірде-бірі Гегель системасын жан-жақты сынауға кірісуге тіпті әрекет жасаған да жоқ, ал осылардың әрқайсысы-ақ Гегель философиясының шеңберінен асып кеттік деп біледі. Олардың Гегельге қарсы және бір-біріне қарсы айтысы мынамен тынып жүр: олардың әрқайсысы Гегель системасының әйтеуір бір жағын жұлып алады да, мұны әрі бүкіл системаға қарсы, әрі басқалардың жұлып әкеткен жақтарына қарсы жұмсайды. Әуелі Гегельдің, мәселен, «субстанция» және «сана-сезім» деген сияқты категориялары* қоспасыз, таза күйінде жұлып әкетісті; онан соң бұл категорияларды, мәселен, «тек», «бірден-бір», «адам»** деген сияқты неғұрлым қораш аттармен атап, ол категорияларды бұрмалады, т. т.

Немістің Штраустан Штирнерге дейінгі бүкіл философиялық сыны *діни* түсініктерді сынаумен шектеліп жүр***. Нағыз дін мен сөздің шын мәнісіндегі теология бұған бастама негіз болды. Діни сананың, діни түсініктің не екені — кейін түрліше анықталып жатты. Бар жетістік сол, жалған үстемдік етуші метафизикалық, саяси, праволық, моральдық және басқа түсініктер де діни, яки теологиялық түсініктер саласына жатқызылды, тағы бір жетістік сол, саяси, праволық, моральдық сана діни, яки теологиялық сана деп жарияланды, ал саяси, праволық, моральдық адам — сайып келгенде «адам атаулы»— діншіл адам деп жарияланды. Діннің үстемдігі күн ілгері ұйғарылған-ды. Үстемдік етуші қатынас атаулы бірте-бірте діни қатынас деп жариялана бастады да, табынушылыққа — правоға табынушылыққа, мемлекетке табынушылыққа, т. с. айнала берді. Қай жерде болсын догматтар ғана және догматтарға нанушылық қана бой көрсетіп отырды. Дүние барған сайын көбірек қастерлене берді де, ақырында, қадірменді қасиетті Макс**** оны *en bloc****** әулие деп жариялап, осылайша біржолата оның саудасын бітірді.

Қарт гегельшілдер Гегельдің белгілі бір логикалық категориясына сәйкес келтірілді дегенше-ақ бәрі де *көңілге тоқылды* деп санады. Жас гегельшілдер қай жерде болса да діни түсініктерді алға тартып немесе бәрі де теологиялық нәрселер деп жа-

* Ф. Штраус пен Б. Бауэрдің негізгі категориялары. *Ред.*

** Л. Фейербах пен М. Штирнердің негізгі категориялары. *Ред.*

*** Бұдан кейін қолжазбада мынадай сөздер өшірілген: «бұл сын дүниені қырсық біткеннен мүлде құтқарушының роліне дәмелі екенін көрсетті. Дін әрдайым осы философтар жек көретін барлық қатынастардың ақтық себебі ретінде басты дүшпан ретінде қаралып, баяндалып келді». *Ред.*

**** Макс Штирнер. *Ред.*

***** бүтіндей, басынан аяғына дейін. *Ред.*

риялап, шетінен *сынай берді*. Жас гегельшілдер қарт гегельшілдердің қазіргі дүниеде дін, ұғымдар, жалпылық үстемдік етеді деген нанымына қосылады. Бірақ біреулері бұл үстемдікті озбырлыққа балап қарсы шықса, екінші біреулері мұны заңды нәрсе деп мадақтайды.

Тегінде осынау жас гегельшілдерде түсінік, ой-пікір, ұғым дегендеріңіз, жалпы алғанда олардың өздері дербес нәрсеге айналдырған сананың жемістері адамның нағыз бұғаулары деп саналады — дәл сондай-ақ қарт гегельшілдер бұларды адамзат қоғамының шынайы тіректері деп жариялайды, — сондықтан жас гегельшілдердің санадағы нақ осы жалған үміттерге қарсы күресуі керек екені түсінікті болады. Тегінде олардың қиялдауы бойынша, адамдардың қатынастары, олардың барлық әрекеттері мен мінез-құлқы, олардың бұғауы мен шеңбері — олардың санасының жемістері, сондықтан жас гегельшілдер адамдарға өздерінің қазіргі санасын адамдық, сыншылдық немесе өзімшілдік санамен ауыстыру керек* және өзінің өрісін тарылтып жүрген шеңберді осылайша құрту керек деп мейлінше дәйектілікпен моральдық талап қояды. Сананы өзгерту жөніндегі бұл талап қазіргіні басқаша түсіндіру керек деген талапқа келіп саяды, ал мұның мәнісі — оны басқаша түсіндіру арқылы мойындау деген сөз. Жас гегельшіл идеологтар, бейне «дүниені дүр сілкіндіретін» жел сөздеріне қарамастан⁹. — асқан кертартпалар. Олардың ішіндегі ең жастары тек «жел сөзге» қарсы күресеміз дегенді айтып, өздерінің іс-әрекетін дәл бейнелейтін анықтама тапты. Өздерінің жел сөзге қарсы жел сөзден басқа қарсы қояры жоқ екенін тек олар ұмытып кетіп жүр, сондықтан егер бұл дүниедегі жел сөзге ғана қарсы күресіп жүрген болса, онда олардың өмірдегі шын дүниеге қарсы өсте күрес жүргізбей отырғандығы. Осы философиялық сынның қолы жеткен бір ғана нәтижесі христиан діні жөніндегі бірнеше, онда да сыңаржақ, тарихи-діншілдік түсіндірме болды; ал олардың басқа пікірлерінің бәрі — олардың осындай болмағын түсіндірме арқылы бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар жапалықтар аштық деп күнінген дәмесін оған сайын өсірелуі ғана.

Неміс философиясының неміс өмірімен байланысы туралы, өз сынның өздерінің материалдық ортасымен байланысы туралы өздеріне сұрау беру философтардың бірде-бірінің ойына кіріп те шыққан жоқ**.

* Бұл жерде Л. Фейербах, Б. Блэр және М. Штирнер айтылып отыр. *Ред.*

** Бұдан әрі қолжазбаның негізгі таза нұсқасындағы беттің қалған жағы тектеннен толтырылмаған. Оған соң жаңа беттен текет басталады, ол текет осы басылымда 3-параграф түрінде келтіріліп отыр. *Ред.*

[2. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуде негізге алынатын алғы шарттар]*

[3-б.] Біз әңгіме бастап отырған алғы шарттар — кездейсоқ емес, бұлар — догма да емес, мұның өзі — нағыз алғы шарттар, бұларды тек қиял жүзінде ғана ескерусіз қалдыруға болады. Бұлар — нағыз индивидтер, олардың қызметі мен материалдық тіршілік жағдайлары, бұған дайын күйіндегілері де, олардың өз қызметімен жасалғандары да кіреді. Сөйтіп, бұл алғы шарттарды [4-б.] кілең эмпириялық жолмен анықтауға болады.

Адамзат тарихы атаулының бірінші алғы шарты, — әрине, тірі адам индивидтерінің өмір сүруі**. Сондықтан атап көрсетерлік бірінші нақты факт — бұл индивидтердің дене құрылысы және осыған байланысты олардың басқа табиғатқа қатынасы. Әлбетте, біз бұл жерде адамдардың өздерінің сыртқы қасиеттерін зерттеуге де, олар тап болатын табиғи жағдайларды — геологиялық, оро-гидрографиялық, климаттық және басқа қатынастарды зерттеуге де тереңдей алмаймыз***. Тарихнама атаулы осы табиғи негіздерге және тарихтың барысында адамдардың іс-әрекеті арқасында олар ұшырайтын өзгерістерге сүйенуге тиіс.

Адамдарды санасы жағынан, діні жағынан — жалпы алғанда қай жағынан болса да — жануарлардан ажыратуға болады. Олар өздеріне қажетті тіршілік заттарын өндіре бастады — өздерінің дене құрылысына байланысты қадам жасады дегенше-ақ олар өздерін жануарлардан ажырата бастайды. Өздеріне қажетті тіршілік заттарын өндіргенде адамдар жанамалап өздерінің материалдық тіршілігін де өндіреді.

Жұрттың өздеріне қажетті тіршілік заттарын өндіру әдісі ең алдымен олардың өздері дайын күйінде кездестіретін және қайта өндірілуге тиісті нақ сол тіршілік заттарының қасиеттеріне байланысты.

[5-б.] Өндірістің бұл әдісін алып қарағанда мұның өзі индивидтердің сыртқы тіршілігін ұдайы өндіру болатын жағымен ғана тынбау керек. Анағұрлым көбірек дәрежеде бұл — сол индивидтер қызметінің белгілі бір әдісі, олардың өмір тіршілігінің белгілі бір түрі, олардың белгілі бір тұрмыс қалпы. Индивидтер-

* Бұл параграфтың текеті таза қолжазбаның бірінші нұсқасынан алынған. *Ред.*

** Онан әрі қолжазда мына сөздер өшірілген: «Бұл индивидтердің бірінші тарихи актісі, өздерін жануарлардан өзгеше ететін актісі, бұлардың ойлай білетіндігінде емес, бұлардың өздеріне қажетті тіршілік заттарын өндіре бастайтындығында». *Ред.*

*** Онан әрі қолжазда мынадай сөздер өшірілген: «Бірақ бұл қатынастар адамдардың бастапқы, табиғи жолмен пайда болған дене құрылысына ғана, әсіресе олардың нәсілдік айырмашылықтарына ғана себепкер болып қоймайды, сонымен қатар оның келешек дамуына — немесе осы күнге дейін дамымай қалуына — себепкер болады». *Ред.*

дің өмір тіршілігі қандай болса, олардың өздері де сондай. Демек, олардың қазіргі қалпы олардың өндірісімен үйлеседі — *не нәрсе* өндіретіндігімен де, *қалай* өндіретіндігімен де үйлеседі. Индивидтердің сыр-сипаты, демек, олардың материалдық өндіріс жағдайларына байланысты.

Бұл өндіріс бірінші рет *халықтың өсуіне* сәйкес басталады. Оның өзі тағы да сол индивидтердің өзара қарым-қатынасын керек етеді⁶. Бұл қарым-қатынастың формасы, өз тарапынан, өндіріске байланысты*.

[3. Өндіріс және қарым-қатынас. Еңбек бөлінісі және тайпалық, көне замандық, феодалдық меншік формалары]

[3-п.] Түрлі ұлттардың өзара қатынастары олардың әрқайсысының өз өндіргіш күштерін, еңбек бөлінісі мен ішкі қарым-қатынасын қаншалық өркендеткеніне байланысты. Бұл жалпы жұрт таныған қағида. Бірақ бір ұлттың басқа ұлттарға деген қатынасы ғана емес, сонымен қатар нақ сол ұлттың бүкіл ішкі құрылымы да оның өндірісі мен ішкі және сыртқы қарым-қатынасының даму дәрежесіне байланысты. Ұлттың өндіргіш күштерінің өркендеу дәрежесі ондағы еңбек бөлінісінің қаншалық өркендегенінен өте-мөте айқын көрінеді. Әрбір жаңа өндіргіш күш, — мұның өзі бұған дейін орын алып келген өндіргіш күштердің сан жағынан жай ұлғаюы (мәселен, жаңа жерге егін салу) болмаған күнде, — еңбек бөлінісінің онан сайын өркендеуіне мұрындық болады.

Белгілі бір ұлттың шеңберіндегі еңбек бөлінісі ең алдымен өнеркәсіп пен саудадағы еңбектің егіншіліктегі еңбектен бөлінуіне, сөйтіп *қаланың деревнядан* бөлінуіне және бұлардың мүдделерінің қарама-қарсы болуына әкеліп соғады. Еңбек бөлінісінің бұдан әрі өркендеуі саудадағы еңбектің өнеркәсіптегі еңбектен оқшаулануына әкеліп соғады. Сонымен қатар, осы әртүрлі салалардың ішіндегі еңбек бөлінісі арқасында, белгілі бір еңбек саласында ынтымақтасқан, индивидтердің түрлі бөлімшелері де өркендейді. Осы әртүрлі бөлімшелердің өзара жағдайы егіншілік, өнеркәсіп және сауда еңбегін қолдану әдістеріне байланысты (патриархтық, құлдық, сословиелер, таптар). Қарым-қатынас көбірек өркендеген жағдайда түрлі ұлттар арасындағы қатынастар да осындай болып шығады.

Еңбек бөлінісінің өркендеуіндегі әртүрлі басқыштар сонымен бірге меншіктің әртүрлі формалары болып табылады, яғни еңбек бөлінісінің әрбір басқышы индивидтердің материал, еңбек

* Таза қолжазбаның бірінші нұсқасы осы жерде бітеді. Бұдан кейін осы басылымда тағы да таза қолжазбаның негізгі нұсқасының тексті келтіріліп отыр. *Ред.*

құраалдары мен өнімдері жөніндегі қатынасына сәйкес олардың өзара қатынастарын да анықтайды.

Меншіктің бірінші формасы — тайпалық меншік⁷. Мұның өзі өндірістің жетілмеген сатысына, жұрт аңшылықпен және балық аулаумен, мал өсірумен немесе, ең мықтағанда, егіншілікпен күнелтетін кездегі сатысына сәйкес келеді. Мұндай жағдайдағы меншік тұсында әлі де игерілмеген жер ұшан-теңіз болады. Бұл сатыда еңбек бөлінісінің өркендеуі әлі өте нашар болады да, семьядағы табиғи жолмен пайда болған еңбек бөлінісінің оған әрі ұлғаюымен тынады. Сондықтан қоғамдық құрылым семьяның ұлғаюымен ғана тынады: тайпаның патриарх басшылары, оларға бағынышты тайпа мүшелері, ақырында, құлдар. Семьяда бүркемелі түрде болатын құлдық халық пен қажеттіктің өсуіне сәйкес және сыртқы қарым-қатынастың — соғыс түрінде де, айырбас сауда түрінде де — ұлғаюына сәйкес, тек бірте-бірте өркендейді.

Меншіктің екінші формасы — көне замандағы қауымдық және мемлекеттік меншік, мұның өзі көбінесе бірнеше тайпаны бір қалаға біріктіру — шарт жасасу немесе жаулап алу жолымен біріктіру — арқасында пайда болады және мұнда құлдық сақталып қалады. Қауымдық меншікпен қатар ендігі жерде жылжымалы жеке меншік те, кейін орнықты жеке меншік те дамиды, бірақ нормадан ауытқушы және қауымдық меншікке бағынышты форма ретінде дамиды. Мемлекет азаматтары өздерінің жұмыс істеуші құлдарын бірлесіп иемденеді және сол себепті қауымдық меншік формасы арқылы байланысты болады. Бұл — құлдары болған соң ассоциацияның табиғи жолмен пайда болған осы формасын лажсыз сақтауға тиісті мемлекеттің белсенді азаматтарының бірлескен жеке меншігі. Сондықтан жеке меншік, әсіресе орнықты жеке меншік қаншалық өркендейтін болса, осы негізге сүйенуші қоғам құрылымы, сонымен бірге халық билігі де соншалық құлдырай береді. Еңбек бөлінісі ендігі жерде неғұрлым өскелең сипат алады. Біз енді қала мен деревня арасындағы, кейін мемлекеттер арасындағы карама-қарсылықты кездестіреміз, ал бұлардың біреулері қаланың мүдделерін, екінші біреулері селоның мүдделерін көздейді; ал қалалардың ішінде өнеркәсіп пен теңіз саудасы арасында карама-қарсылық орын алады. Азаматтар мен құлдар арасындағы таптық қатынастар барынша толық дамиды.

Жеке меншіктің дамуына байланысты мұнда тұңғыш рет белгілі қатынастар пайда болады, бұларды біз қазіргі кездегі жеке меншікті қарастырған кезде — тек анағұрлым қомақты көлемде — тағы да кездестіреміз. Бір жағынан, — жеке меншіктің шоғырлануы, мұның өзі Римде өте ерте басталған (дәлел — Лицинийдің аграрлық заңы⁸) және азамат соғыстарының кезінен бері, әсіресе императорлар тұсында өте тез дамыған; екінші жа-

ғынан, осыған байланысты — ұсақ плебей шаруалардың пролетарнатқа айналуы; бірақ мұның өзі, дәулетті азаматтар мен құлдар арасында шөре-шөре жағдайда болуы салдарынан дербес дами алмаған.

Үшінші форма — феодалдық немесе сословиелік меншік. Егер көне заман үшін негізгі тірек қала мен оның кіші-гірім аймағы болған болса, орта ғасыр заманының негізгі тірегі *деревня* болды. Негізгі тіректің бұлай өзгеруіне кең алқаптағы алғашқы халықтың сиректігі мен бытыраңқылығы себеп болды, ал шапқыншылар тасқыны халықтың санын айтарлықтай көбейте қойған жоқ. Сондықтан, Греция мен Римге қарама-қарсы, феодалдық даму анағұрлым кең территорияда басталады, ал мұның негізі римдіктердің шапқыншылығы арқылы және соған байланысты алғашқы кезде егіншіліктің өріс алуы арқылы әзірленгенді. Соңғы ғасырларда Рим империясының құлдырай бастауы және оның өзін варварлардың жаулап алуы толып жатқан өндіргіш күштерді қиратты; егіншілік құлдырап кетті, өнеркәсіп, өнім өтпегендіктен, титықтады, сауда тоқырап қалды немесе зорлықпен тоқтатылды, село мен қала халқы азайды. Шапқыншылар тап болған сол жағдайлардың бәрі және олардың өздері туғызған жаулап алу әдісі, германдардың әскери құрылысының ықпалымен, феодалдық меншікті дамытты. Тайпалық және қауымдық меншік сияқты, феодалдық меншік те бәз-баяғы кәдімгі қауымдасуға [Gemeinwesen] негізделген, бірақ енді бұған, көне замандағыдай, құлдар емес, ұсақ крепостной шаруалар тікелей өндіруші тап ретінде қарсы тұрады. Феодализмнің толық дамуымен бірге қалалар жөніндегі антагонизм де пайда болады. Жер иеленушіліктің сатылы құрылымы және осыған байланысты қарулы жасақшылар системасы дворяндардың крепостнойларды билеп-төстеуіне мүмкіндік берді. Бұл феодалдық құрылым көне замандағы қауымдық меншік сияқты, құлдықтағы өндіруші тапқа қарсы бағытталған ассоциация еді; тек ассоциацияның формасы мен тікелей өндірушілер жөніндегі қатынас қана әртүрлі болатын, өйткені өндіріс жағдайлары әртүрлі еді.

Жер иеленушіліктің осы феодалдық құрылымына *қалаларда* корпорациялық меншік, феодалдық қолөнершілік ұйымы сәйкес келетін-ді. Мұндағы меншік [4-п.] көбінесе әрбір жеке индивидтің еңбегінде болатын. Бірлескен дворян қарақшыларға қарсы бірігу қажеттігі, өнеркәсіпші әрі көпсе те болған дәуірде баршаға ортақ рынок жайларының керек болуы, сол кезде барынша гүлденген қалаларға ағылып келіп жатқан қашқын крепостнойлардың тарапынан бәсекенің өсуі, бүкіл елдің феодалдық құрылымы — осының бәрі *цехтарды* туғызды; халық өсе түскен жағдайда саны өзгеріссіз қалған қолөнершілер арасындағы жеке адамдар үнемшілдік жасап, бірте-бірте шағын капитал құрастырып отырды, — осының арқасында кіші шеберлер мен шәкірт-

тер жүйесі дамыды да, мұның өзі қалаларда деревнядағы сияқты иерархия тугызды.

Сөйтіп, феодализм заманындағы меншіктің басты формасы, бір жағынан, жер меншігі, оған қоса сол жерге телінген крепостнойлар еңбегі болды, ал екінші жағынан, кіші шеберлерге үстемдік етерлік ұсақ капиталы бар адамның өз еңбегі болды. Меншіктің осы екі түрінің құрылымы өндіріс қатынастары өрісінің тарлығына — жердің нашар да анайы әдіспен өңделуіне және өнеркәсіптің қолөнершілік кейпіне байланысты еді. Феодализм гүлденіп тұрған заманда еңбек бөлінісі мардымсыз болатын. Әр елде қала мен деревня арасында карама-қарсылық орын алды; рас, сословиелік құрылымның мейлінше айқын сипаты болды, бірақ деревнядағылардың князьдар, дворяндар, дін басылары мен шаруалар болып, қаладағылардың шеберлер, кіші шеберлер, шәкірттер, сондай-ақ көп ұзамай қалаларда күншілікші плебейлер болып бөлінгенін былай қойғанда, айта қаларлықтай мардымды еңбек бөлінісі болған жоқ. Егіншілікте жерді парцельдік әдіспен өңдеу, сонымен қатар шаруалардың өздерінде үй өнеркәсібінің пайда болуы еңбек бөлінісін қиындатып отырды; ал өнеркәсіпте, жекелеген қолөнерлер ішінде, еңбек бөлінісі атымен болған жоқ, ал жекелеген қолөнерлер арасында мұның өзі өте мардымсыз болды. Ескілеу қалаларда өнеркәсіп пен сауда бұрыннан-ақ ірге айырысқан болатын; ал жаналау қалаларда еңбек бөлінісі тек келе-келе, қалалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай бастаған кезде ғана өркендеді.

Кең-байтақ территорияларды феодадық корольдіктерге біріктіру жер иеленуші дворяндардың да, қалалардың да мүддесіне сай келетін-ді. Сондықтан қай жерде болса да үстем таптың — дворяндардың — ұйымын монарх басқарды*.

[4. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің мәні. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сана]

[5-п.] Сонымен, істің жайы былай болып отыр: белгілі бір қалыпта өндіріс жұмысымен айналысушы белгілі бір индивидтер** өзара белгілі бір қоғамдық және саяси қатынастар жасайды. Әрбір жеке жағдайда эмпириялық бақылау — ешбір сиқырлық және айлакерлік жасамай-ақ тәжірибе арқылы — қоғамдық және саяси құрылымның өндіріспен байланысын анықтауға тиіс. Қоғамдық құрылым мен мемлекет үнемі белгілі бір инди-

* Бұдан әрі беттің қалған бөлегі текспен толтырылмаған. Онан соң жаңа беттен тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің мәні туралы тұжырымдама басталады. Меншіктің төртінші, буржуазиялық формасы төменде карастырылады, тараудың IV бөлімі; 2—4 параграфтар. *Ред.*

** Алғашқы нұсқасы; «белгілі бір индивидтер белгілі бір өндірістік қатынастар тұсында». *Ред.*

видтердің тіршілік процесінен туып отырады — индивидтер дегенде өзінің немесе өзгенің ұғымындағы қалпында көрінетін индивидтер емес, *шын өмірдегі* қалпында болатын, яғни әрекет жасаушы, материалдық өнім өндіруші, демек, олардың еркінен тыс жатқан белгілі бір материалдық шеңберлер, алғы шарттар мен жағдайлар барда өздерін өздері *іс* жүзінде көрсетуші индивидтер*.

Идеялардың, түсініктердің, сананың тууы алғашында адамдардың материалдық қызметі мен материалдық қарым-қатынасына, нақты тіршілік тіліне тікелей байланысты болады. Адамдардың түсініктерінің пайда болуы, ойлауы, рухани қарым-қатынасы мұнда әлі де олардың материалдық іс-әрекетінің тікелей туындысы болып табылады. Қайсыбір халықтың саясат, заң, мораль, дін, метафизика, т. т. тілінен көрінетін рухани дүние жөнінде де осыны айту керек. Адамдар өздерінің түсініктерін, идеяларын, т. т. тудырушылар болып табылады, бірақ әңгіме өздерінің өндіргіш күштерінің белгілі дәрежеде дамуына және осы дамуға сәйкес келетін, ең арғы формаларына дейінгі қарым-қатынасқа байланысты әрекет етуші, нағыз адамдар туралы болып отыр.** Сана [das Bewußtsein] ешқашан да танылған болмыстан [das Bewußte Sein] басқа нәрсе болмақшы емес, ал адамдардың болмысы — олардың тіршілігінің нақты процесі. Егер бүкіл идеологияда адамдар мен олардың қатынастары, бейне камера-обскурадағыдай, басынан қойылған болып шықса, онда құдды заттардың көз жанарында кері суреттелуі олардың тіршілігіндегі тікелей физикалық процестен туатыны сияқты, бұл құбылыс олардың тіршілігіндегі тарихи процестен туады.

Аспаннан жерге түсетін неміс философиясына тура қарама-қарсы біз бұл жерде жерден аспанға көтерілеміз, яғни біз жұрттың айтқанына, көңілге тоқығанына, түсінгеніне сүйенбейміз,—

* Бұдан әрі қолжазбада мыналар өшірілген: «Осы индивидтердің зердесіне тоқитын түсініктері — не өздерінің табиғатқа қатынасы жайындағы, не өзара қатынастары жайындағы, не өздерінің кім екені жайындағы түсініктер. Әлбетте, осы реттердің бәрінде де бұл түсініктер — олардың шын қатынастары мен іс-әрекетінің, олардың өндірісінің, олардың қарым-қатынасының, олардың қоғамдық және саяси ұйымының саналы көрінісі — шынайы немесе алдамшы көрінісі. Материалдық жағынан шартты, нағыз индивидтердің рухынан өзге тағы да әлденендей бір айрықша рух бар деп жорыған күнде ғана бұдан басқаша болуы мүмкін. Егер осы индивидтердің шын қатынастарының саналы көрінісі алдамшы болса, егер олар өз түсініктерінде өз шындығын басынан төңкеріп қоятын болса, онда мұның өзі — бәз-баяғы олардың материалдық іс-әрекетінің шенеулі болуының және олардың осыдан келіп шығатын шенеулі қоғамдық қатынастарының салдары». *Ред.*

** Бастапқы нұсқасы: «Адамдар, атап айтқанда, өздерінің материалдық тіршілігін өндіру әдісіне, өздерінің қоғамдық және саяси құрылымдағы материалдық қарым-қатынасына және бұл қарым-қатынастың оған сайын дамуына байланысты болып отырған адамдар өздерінің түсініктерін, идеяларын, т. т. тудырады». *Ред.*

сондай-ақ біз шынайы адамдарға барып жету үшін сөз жүзінде ғана өмір сүретін, ойдағы, қиялдағы, түсініктегі адамдарға да сүйенбейміз; біздің негізгі сүйенішіміз — нағыз әрекет етуші адамдар, ал олардың нағыз тіршілік процесінен сонымен қатар осы тіршілік процесінің идеологиялық сәулелері мен жаңғырықтарының дамуын да қорытып шығарамыз. Тіпті адамдардың миындағы бұлдыр пікірлері де — олардың материалдық тіршілік процесінің қажетті жемістері, өзгеше бір ұшқындары, ал бұл процесті эмпириялық жолмен анықтауға болады және ол материалдық алғы шарттармен байланысты. Сөйтіп, мораль, дін, метафизика және идеологияның басқа да түрлері мен бұларға сәйкес келетін сана формалары дербестік көрінісін жоғалтады. Бұларда тарих жоқ, бұларда даму да жоқ; өздерінің материалдық өндірісі мен материалдық қарым-қатынасын дамытушы адамдар өздерінің осындай өмір шындығымен бірге өз ой-пікірін де, өз ой-пікірінің жемістерін де өзгертеді. Өмірді сана билемейді, сананы өмір билейді. Мәселені қарастырудың алғашқы әдісі бойынша, бейне сананы тірі индивидке балағандай, сол санаға сүйенеді; шын өмірге сәйкес келетін екінші әдіс бойынша нағыз шынайы тірі индивидтерге сүйенеді де, сананы *солардың* санасы ретінде ғана алып қарайды.

Мәселені қарастырудың бұл әдісінде алғы шарттар жоқ емес. Бұл әдіс шын алғы шарттарға сүйенеді, бұлардан бір сәт те алшақ кетпейді. Мұның алғы шарттары — әлденендей бір қияли томаға-тұйық және оқшау күйінде алынған адамдар емес, белгілі бір жағдайларда болып жататын, эмпириялық жолмен бақыланып отыратын нағыз даму процесіндегі адамдар. Өмірдің осы қызу процесі суреттелетін болса, тарих, абстрактіліктен әлі де арыла қоймаған эмпириктердегідей, жансыз фактілер жинағы болудан қалады, немесе идеалистердегідей, ойдағы субъектілердің ойдағы іс-әрекеті болудан қалады.

Жалдаптық ой-пікір — шынайы өмір алдында — тоқтаған жерде, нақ сол жерде нағыз жүйелі ғылым басталады, адамдардың практикалық қызметі, практикалық даму процесі суреттеле бастайды. Сана жайындағы жел сөздер тоқтатылады, ал бұлардың орнын шын сана басуға тиіс. Шындықты суреттеу дербес философияны тіршілік ортасынан айырады. Мықтағанда оның орнына адамдардың тарихи дамуын қарастырудан шығарылатын ең жалпы нәтижелерді бір жерге жинақтауға болады. Нағыз тарихтан бөлек күйінде алынған бұл абстракциялардың мүлде ешқандай маңызы жоқ. Бұлардың тарихи материалды тәртіпке келтіруді жеңілдету, оның жеке қабаттарының дәйектілігін белгілеу үшін ғана қажетке жарауы мүмкін. Бірақ, философиядан өзгеше, бұл абстракциялар тарихи замандарды үйлестіруге мүмкіндік берерліктей ережені немесе схеманы тіпті де бермейді. Мұның керісінше, материалды — әйтеуір бір өткен заманға жа-

татынын да, осы кезге жататынын да — қарастырып, тәртіпке келтіруге кіріскен кезде ғана, оны шын мәнісінде суреттеуді қолға алған кезде ғана қиындық басталады. Бұл қиындықты жою бұл жерде өсте көрсетуге болмайтын, қайта шынайы тіршілік процесін және әрбір жеке замандағы индивидтердің қызметін зерттеу барысында ғана жасалатын алғы шарттарға байланысты. Біз бұл жерде осы абстракциялардың кейбіреулерін бөліп аламыз да, бұларды идеологияға қарама-қарсы пайдаланып, тарихи мысалдар негізінде түсіндіреміз*.

[II]

[1. Адамдарды іс жүзінде азат ету шарттары]

[1] Біздің дана философтар философияны, теологияны, субстанцияны және осындай қоқсықтың бәрін «сана-сезімге» сіңіріп жіберіп отырғанда, олар жел сөздердің құлдығына ешқашан да түсіп көрмеген «адамды» сол жел сөздерден азат етіп отырғанда біз, әрине, «адамды» «азат етудің» бір адым да алға баспағаны жөнінде оларға мағлұмат береміз деп әурсленер жайымыз жоқ**; іс жүзінде азат етуді, нақты дүниеде және нақты құралдармен болмаса, басқаша жүзеге асыру мүмкін емес, құлдықты бұ машинасы мен мюль-дженни болмайынша, крепостниктікті егіншілікті жақсартпайынша құрту мүмкін емес, тегінде адамдар сапа жағынан да, сан жағынан да өздерін тамақпен және сусынмен, тұрғын үймен және киіммен толық қамтамасыз етерлік халге жетпейінше оларды азат ету мүмкін емес. «Азаттық»— ой-пікір ісі емес, тарихи іс, ал бұған жеткізетіндер тарихи қатынастар, өнеркәсіптің, сауданың, егіншіліктің, қарым-қатынастың жайы...*** [2] оның үстіне, олардың дамуындағы түрліше сатыларға сәйкес, субстанция, субъект, сана-сезім және таза сын жөніндегі мағынасыздық, дәл сондай-ақ діни және теологиялық мағынасыздық келтіріледі де, дамуы жағынан айтарлықтай алысқа ұзап кеткенде мұны қайтадан жоя салады****. Әрине, тарихи дамуы өте аянышты халде ғана болып отырған Германия сияқты елде,— таза пікір саласындағы бұл қозғалыстар, көкке көтере дәріптеп жүрген, осынау қимылсыз қайыршылық, тарихи қоз-

* Таза қолжазбаның негізгі (екінші) нұсқасы осы жерде бітеді. Онан әрі бұл басылымда бастапқы қолжазбаның үш бөлімі келтіріліп отыр. *Ред.*

** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгілер соққан: «Философиялық және нақты азаттық». «Адам атаулы. Бірден-бір. Индивид». «Геологиялық, гидрографиялық, т. с. жағдайлар. Адам тәні. Қажеттік пен еңбек». *Ред.*

*** Қолжазба зақымданған: парактың төменгі шеті жыртылған, текстің бір жолы жоқ. *Ред.*

**** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгілер соққан: «Жел сөздер мен нақты қозғалыс. Жел сөздердің Германия үшін маңызы». *Ред.*

ғалыстардың кемістігін толтырады, тамырын жаяды, сондықтан бұларға қарсы күрес жүргізу керек. Бірақ бұл күрес — жергілікті мәні бар күрес*.

[2. Фейербах материализмінің аңдаушылығы мен дәйексіздігін сынау]

...**[8] іс жүзінде және практикалық материалист үшін, яғни *коммунист* үшін, бар әңгіме қазіргі дүниені революцияландыруда, практика жүзінде қазіргі жағдайға қарсы шығып, оны өзгертуде болып отыр. Фейербахта кейде осындай көзқарастар кездесіп отырғанымен, бұлар ешқашан да бытыраңқы жорамалдардың шеңберінен шықпайды және оның жалпы дүние танымына бұлардың жасайтын ықпалының тым мардымсыз екені сондай, бұлардан тек қана дамуға қабілетті ұрықтан артық нәрсе іздеу жөн бола қоймайды. Фейербахтың сезімдік дүниені «түсінуі», бір жағынан, осы дүниені жалаң аңдаумен ғана, екінші жағынан, жалаң түйсінумен ғана тынады. Фейербах «нағыз, тарихи адам» туралы әңгіме етпей, «адам атаулы» туралы әңгіме етеді. Шынына келгенде «адам атаулы» дегеніміздің өзі «неміс». Алғашқы ретте, сезімдік дүниені аңдаған кезде, ол өзінің санасы мен сезіміне қайшы келетін, оның сезімдік дүниенің барлық бөлімдері үйлесімді, әсіресе адам мен табиғат үйлесімді дейтін жорамалын бұзатын нәрселерге сөзсіз тап болады***. Бұл келергіні жою үшін, ол лажсыздан әлденендей екі жақты аңдаушылық арқылы, «көз алдындағыны» ғана көретін кәдімгі аңдаушылықтың және нәрсенің «шын мәнін» пайымдағыш неғұрлым мәртебелі, философиялық аңдаушылықтың арасында жатқан аңдаушылық арқылы құтылу амалын іздейді. Өзін қоршаған сезімдік дүниенің мәңгі-бақи тікелей жаралған, әрқашан да өзіне өзі тең нәрсе емес екенін, қайта мұның өзі өнеркәсіптің және қоғамдық хал-жағдайдың жемісі екенін, онда да тарихи жеміс, бірсыпыра ұрпақтың іс-әрекетінің жемісі екенін, ал бұлардың әрқайсысы бұрынғы ұлпаққа сүйенгенін, оның өнеркәсібі мен қарым-қатынас әдісін жалғастыра дамытқанын және өзгерген қажеттіктерге сәйкес оның әлеуметтік құрылысын өзгертіп отырғанын Фейербах байқамайды. Тіпті ең қарапайым «сезімдік мәлімет» заттары да бұл ұрпаққа тек қана қоғамдық даму арқасында, өнеркәсіп пен

* Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгілер соққан: «Тіл — шындық тілі». *Ред.*

** Бұл жерде қолжазбаның бес беті жоқ. *Ред.*

*** NB. Фейербахтың қатесі көз алдында жатқан сезімдік *көріністі* оның сезімдік шындыққа, сезімдік фактілерді неғұрлым дәл зерттеу арқылы анықталатын шындыққа бағындыруында емес, оның қатесі, сайып келгенде, сезімдікті *философтың* «көзімен» — яғни «көзілдірігі» арқылы — қарастырмайынша сол сезімдікті оның жеңе алмауында болып отыр.

сауда қатынастары арқасында дарыған. Барлық басқа жеміс ағаштары сияқты, шие ағашының да біздің өңірде бұдан бірнеше ғасыр бұрын ғана сауда арқасында пайда болғаны мәлім, сөйтіп мұның өзі Фейербахтың «сезімдік мәліметіне» белгілі бір қоғамның белгілі бір кезеңдегі осындай әрекеті арқасында ғана [9] дарыған.

Тегінде, зат біткенді осылайша түсінгенде, затты өмірдегі шынайы қалпында және пайда болған күйінде алған жағдайда, терең мағыналы әрбір философиялық проблема — бұл мәселе келешекте бұдан да айқын көрсетілетін болады — әншейін кейбір эмпириялық факт болып шығады. Мәселен, адамның табиғатқа қатынасы жөніндегі маңызды мәселе осындай (немесе тіпті, Бруно айтқандай (110-бет)⁹, «табиғат пен тарихтың қарама-қарсылықтары» жөніндегі мәселе осындай; бейне бұлар бір-бірінен оқшау тұрған екі «зат» сияқты, бейне адамның алдында әрқашан да тарихи табиғат пен табиғи тарих тұрмайтын сияқты), бұл — «субстанция» мен «сана-сезім» жайындағы «шегі жоқ асқан өнер»* атаулыны туғызған мәселе. Егер «адамның табиғатпен бірлігі» дейтін аты шулы бірліктің әрқашан да өнеркәсіпте орын алып келгенін, мұның өзі әр заманда өнеркәсіптің азды-көпті өркендеуіне қарай өзгеріп отырғанын еске алатын болсақ, онда бұл мәселе, дәл сондай-ақ адамның табиғатпен «күресі», тиісті базисінде оның өндіргіш күштерін өркендетуге дем беретін күресі жайына қалады. Өнеркәсіп пен сауда, тіршілікке қажетті заттарды өндіру және айырбастау, өз тарапынан, бөліске, түрлі қоғамдық таптардың жіктелуіне себепкер болады да, өз кезегінде соған өз қозғалысының формалары жағынан тәуелді болып шығады. Міне, сонымен, Фейербах, мәселен, Манчестерде кілең фабрикалар мен машиналарды ғана көреді, ал бұдан жүз жыл бұрын ол жерден ұршық пен тоқыма станоктарын ғана көруге болатынды, немесе Рим Кампаниясынан тек жайылым мен батпақты ғана кездестіруге болатын еді, ал Август заманында ол жерден Рим капиталисінің кілең жүзімдіктері мен виллаларын ғана кездестірген болар еді. Өте-мөте Фейербах жаратылыс танудың табиғатты андауы туралы әңгіме етеді, физик пен химиктің көзіне ғана аян болатын құпия сырларды ауызға алады, бірақ өнеркәсіп пен сауда болмаса, жаратылыс тану не болар еді? Тіпті осы «таза» жаратылыс танудың өзі тек сауда мен өнеркәсіп арқасында ғана, адамдардың сезімдік әрекеті арқасында ғана өз мақсатына жетеді, сондай-ақ өз материалын алады. Осы іс-әрекеттің, осы үздіксіз сезімдік еңбек пен жасампаздықтың, осы өндірістің бүкіл қазіргі кездегі сезімдік дүниеге терең негіз болып отырғаны соншалық, егер мұның өзі тіпті бір жыл тоқтап қалса да, Фейербах табиғат дүниесінде ғана болған ғажайып өзгеріс-

* Гёте. «Фауст», «Аспан әлеміндегі пролог». Ред.

терді көріп қоймас еді — көп ұзамай бүкіл адамзат дүниесі де, оның, Фейербахтың өзіне тән андау қабілеті де, тіпті оның өз өмірі де құрып кетер еді. Әрине, бұл ретте сыртқы табиғаттың приоритеті сақталады және мұның бәрі *generatio aequivoca** жолымен пайда болған алғашқы адамдарға, әрине, қолдануға келмейді. Бірақ бұл айырымның адамды табиғаттан өзгеше нәрсе деп қараған ретте ғана мағынасы бар. Оның үстіне, адамзат тарихынан бұрын келетін табиғат — Фейербах өмір сүріп отырған табиғат емес; бұл табиғат, Австралияның ең бергі жерде пайда болған жеке коралл аралдарын былай қойғанда, өзге еш жерде жоқ, демек, Фейербах үшін де оның болмағаны.

Рас, Фейербахтың [10] «таза» материалистерден ересен бір артықшылығы — ол адамды да «сезімдік зат» деп біледі; ол адамды «сезімдік әрекет» ретінде емес, «сезімдік зат» ретінде ғана алып қарайды, өйткені бұл арада да ол теория саласында қалып, адамдарды белгілі бір қоғамдық байланысынан тысқары, оларды қоршаған, оларды қазіргі шынайы қалпына келтірген тіршілік жағдайларынан тысқары алып қарайды, — міне, осының бәрін былай қойғанда, Фейербах нақты өмір сүруші әрекетшіл адамдардың байыбына ешқашан да бармай, «адам» деген абстракцияда қалып қояды да, сезім саласында «шынайы, дара, кәдімгі адамды» танумен ғана тынады, яғни «адамның адамға деген» махаббат және достық қатынастарынан, онда да асыра дәріптелген қатынастардан өзге ешқандай «адамгершілік қатынастарын» білмейді. Ол қазіргі тіршілік қатынастарын сынап-мінемейді. Сөйтіп, Фейербах сезімдік дүниені оны құрастыратын индивидтердің жинақы, құнарлы, сезімдік *әрекеті* ретінде түсіну дәрежесіне ешқашан да жетпейді, сондықтан да ол, мәселен, дені сау адамдардың орнына жұмыстан титықтаған, қырғұлақ және көксау мүсәпірлерді көргенде лажсыздан «неғұрлым мәртебелі андаушылыққа» және қиял жүзінде «текстестерді теңестіруге» жүгінеді, яғни нақ коммунист-материалист өнеркәсіпті де, қоғамдық құрылысты да түбірінен қайта құру қажеттігін, сонымен бірге шартын да көріп-біліп отырған жерде ол қайтадан идеализмге салынады.

Фейербах материалист болған ретте тарих оның назарынан тысқары жатады; ал енді ол тарихты алып қараған ретте — ол әсте материалист емес. Онда материализм мен тарих бір-бірінен мүлде алшақ кеткен, ал мұның өзі тегінде жоғарыда айтылған пікірлерден-ақ айқын**.

* — өздігінен жаралу. *Ред.*

** Бұдан әрі қолжазбада мыналар өшірілген: «Егер біз осыны көре-тұра тарихқа көбірек тоқталып отырған болсақ, мұның бір ғана себебі, немістер «тарих» және «тарихи» деген сөздерді естігенде нақ өмір шындығынан өзге нәрсенің бәрін осыларға әкеліп телиді, ал «шырын сөзді-желбуаз» қасиетті Бруно осының тамаша үлгісін көрсетіп отыр». *Ред.*

[3. Бастапқы тарихи қатынастар, яғни әлеуметтік әрекеттің негізгі жақтары: тіршілік заттарын өндіру, жаңа қажеттердің тууы, адамдардың өндірілуі (семья) қарым-қатынас, сана]

[11]* Алғы шарт атаулыдан аман немістермен істес болғандықтан, біз ең алдымен адам тіршілігі атаулының, демек, тарих атаулының да бірінші алғы шартын, атап айтқанда, адамдар «тарихты жасай аларлық» халде болу үшін өмір сүруге мүмкіндік алуға тиіс деген алғы шартты көрсетіп өтуге тиіспіз**. Ал өмір сүру үшін ең алдымен тағам мен сусын, тұрғын үй, киім және басқа нәрселер керек***. Сонымен, бірінші тарихи акт — осы қажеттерді қанағаттандыру үшін керекті заттар өндіру, материалдық тіршіліктің өзін өндіру. Оның бер жағында мұның тарихи іс екені, тарих атаулының негізгі шарты екені сондай, мұны (бұдан мыңдаған жыл бұрынғыдай, қазір де) күн сайын, сағат сайын орындап отыру керек — адамдардың өмір сүруі үшін ғана осылай істелуі керек. Тіпті егер сезімділік, қасиетті Брунодағыдай, шокпар сияқты минимумға келіп сайған күнде де,¹¹ — мұның өзі сол шокпарды жасауға бағытталған әрекетті керек етеді. Сондықтан тарихи шындық атаулыны анықтаған кезде ең әуелі көрсетілген негізгі фактіні маңызы мен аумағы жағынан ескеріп, оған лайықты орын беру қажет. Жұртқа мәлім, немістер ешқашан да бұлай еткен емес, сондықтан оларда тарихқа арналған жердегі негіз ешқашан да болған емес, сол себепті бірде-бір тарихшысы да ешқашан болған емес. Француздар мен ағылшындар, — әсіресе олардың саяси идеология шырмауында болуы себепті, — бұл фактінің тарих дейтінмен байланысын тым бір жақты түсінгенімен, әйтеуір тұңғыш рет азаматтық қоғам, сауда және өнеркәсіп тарихтарын жазып, тарихнамаға материалистік негіз салып беру үшін алғаш рет әрекет жасады.

Екінші факт мынау: [12] қанағаттандырылған бірінші қажеттің өзі, қанағаттандыру әрекеті және қазірде қол жетіп отырған қанағаттандыру құралы жана қажеттерге бастайды, ал жана қажеттердің осылай тууы — бірінші тарихи акт. Осыдан келіп ұнамды материал жетіспейтін жерде және теологиялық, саяси немесе әдеби мағынасыздық жайында әңгіме қозғамайтын жерде ешқандай тарих жоқ, тек қана «тарих табалдырығындағы уақыт» бар деп санайтын немістердің ұлы тарихи даналығы кімнің рухани қол тумасы екені бірден айқын болады; оның бер жағында біз осынау мағынасыз «тарих табалдырығынан» нағыз

* Қолжазба шетінде Маркс: «Тарих» деп белгі соққан. Ред.

** Осы томның 40-бетін салыстырыңыз. Ред.

*** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгілер соққан: «Гегель¹⁰. Геологиялық, гидрографиялық, т. с. жағдайлар. Адам тәндері. Қажетсіну, елбек». Ред.

тарихқа қалай қадам жасалатыны жөнінде ешқандай түсінік алмай отырмыз. Дегенмен, екінші жағынан, олардың тарихи жалдаптығы осынау «тарих табалдырығына» барынша жантала-са жармасады, өйткені бұл арада олар өздерін «тұрпайы фактінің» кимелеуінен қауіпсізбіз деп санайды және сонымен бірге мың-мындаған гипотезаны жасай да, қирата да отырып, өздерінің жалдаптық желігіне еркіндік береді.

Тарихи дамудың барысына әуел бастан қосылып кететін үшінші қатынас адамдардың өз басының тіршілігін күн сайын қайтадан өндіретіндігінде, басқа адамдарды өндіре бастап, көбейіп отыратындығында: бұл — ерлі-зайыптылардың арасындағы, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынас, *семья*. Алғашында бірден-бір әлеуметтік қатынас болған бұл семья кейін, көбейе түскен қажеттер жаңа қоғамдық қатынастар туғызған кезде, ал көбейіп алған халық жаңа қажеттерді туғызған кезде (Германияны қоспағанда) бағынышты қатынасқа айналады да, сол себепті, әдетте Германияда істелетініндей, «семья ұғымы» бойынша емес, өмір жүзіндегі эмпириялық мәліметтерге сәйкес қарастырылып, зерттелуге тиіс болады.

Тегінде, әлеуметтік қызметтің осы үш жағын тарихтың нақ бас кезінен, алғашқы адамдар заманынан бері бірге өмір сүріп келе жатқан және қазірде де тарихта күші бар әртүрлі үш сатысы деп қарамай, тек қана үш жағы деп, яғни — немістерге түсінікті болуы үшін — үш «кезеңі» деп қарау керек.

Тіршілік өндірісі — еңбек арқылы өз тіршілігінді де, сондай-ақ бала туғызу арқылы өзгенің тіршілігін де өндіру — бірден екі жақты [13] қатынас ретінде көрінеді: бір жағынан, табиғи қатынас ретінде, ал екінші жағынан, қоғамдық қатынас ретінде көрінеді, қоғамдық қатынас дегенде мұнда көптеген индивидтердің бірлескен қызметі еске алынады, ал мұның өзі қандай жағдайда, қалайша және қандай мақсат үшін атқарылатыны есеп емес. Бұдан шығатын қорытынды, өндірістің белгілі бір әдісі немесе белгілі бір өнеркәсіп сатысы әрқашан да бірлескен қызметтің белгілі бір әдісімен, белгілі бір қоғамдық сатымен біте қайнасқан байланыста болады, ал бірлескен қызметтің осы әдісінің өзі — «өндіргіш күш», адамдардың қолы жетерлік өндіргіш күштер жиынтығы қоғамдық хал-жағдайға дәнекер болады, демек, «адамзат тарихын» әрқашан да өнеркәсіп пен айырбастың тарихына байланысты зерттеп, дәйектеп отыру қажет. Бірақ тағы бір айқын нәрсе, Германияда мұндай тарихтың жазылуы мүмкін емес, өйткені бұл үшін немістердің түсіну қабілеті мен материалының жетпей жататыны былай тұрсын, «сезімдік мағлұматы» да жетіспейді; ал Рейннің арғы жағында бұл нәрселер жөнінде ешқандай тәжірибе үйрену мүмкін емес, өйткені онда енді ешқандай тарих жасалып отырған жоқ. Сөйтіп, әуел бастан адамдардың өзара материалистік байланысы байқалады, бұл

байланысқа қажеттер мен өндіріс әдісі себепші болады және мұның өзі, адамдардың өздері сияқты, ежелгі байланыс,— барған сайын жаңа формаға түсіп отыратын, демек, «тарих» болып табылатын байланыс, мұның өзі әлденендей бір саяси немесе діни мағынасыздықтың, оның үстіне адамдарды біріктіретілік мағынасыздықтың болуын әсте керек етпейді.

Енді ғана, бастапқы, тарихи қатынастардың төрт кезеңін, төрт жағын қарастырып өткеннен кейін ғана біз адамда «сананың» да болатынын біліп отырмыз*. Бірақ бұл сананың өзі де әуел бастан «таза» сана болмайды. «Рухта» әуел бастан [14] қарғыс таңбасы болады — оған материя «жүгі» артылады, бұл материя бұл жерде қозғалыстағы ауа қабаттары, дыбыстар түрінде — қысқасы, тіл түрінде көрінеді. Сана сияқты, тіл де ерте заманда туған; тіл дегеніміздің өзі басқа адамдар үшін керекті, тек сол себепті менің өзім үшін де керекті, практикалық, нағыз сана болып табылады және, сана сияқты, тіл де тек жұрттың керектерінен, басқа адамдармен қатынас жасау жөніндегі зәру мұқтаждыктан туады**. Әлденендей бір қатынас бар жерде ол мен үшін де жасалады. Жануар ешнәрсемен «қатынас» жасамайды және тегінде ешбір «қатынас» жасамайды; жануардың басқалар жөніндегі қатынасы қатынас ретінде болмайды. Демек, сана дегеніміз әуел бастан-ақ қоғамдық жеміс болып табылады және адам атаулы өмір сүріп тұрған кезде солай болып қала береді. Әрине, сана дегеніміз алғашында бар болғаны сезім арқылы аңғарылатын ең жақын ортаны пайымдау ғана, өзін өзі ұғына бастаған индивидтен тысқары жатқан басқа адамдармен, басқа заттармен екі арадағы шектеулі байланысты пайымдау ғана; сонымен қатар мұның өзі — табиғатты пайымдау, ал бастапқы кезде бұл табиғат адамдарға мүлде жат, құдіретті және әл бермес күш ретінде қарсы тұрады, бұған жұрт жануарша қарайды және мұның әміріне мал ретінде бағынады; демек, мұның өзі — табиғатты нағыз жануарша пайымдағандық (табиғатты тәңірге балағандық).

Бұл жерде бірден айқын көрініп отырған нәрсе, табиғатты осылайша тәңірге балау, яғни табиғат жөніндегі осы белгілі көзқарас қоғамның формасына байланысты және бұған керісінше. Барлық жердегі сияқты, бұл жерде де табиғат пен адамның барабарлығы мынадан да көрінеді: жұрттың табиғат жөніндегі шектеулі көзқарасы олардың бір-біріне деген шектеулі көзқарасын туғызады, ал олардың бір-біріне деген шектеулі көзқарасы

* Қолжазбаның шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Адамдардың тарихы болатын себебі, олар өз тіршілігін өндіруге тиіс, онда да белгілі бір түрде өндіру керек. Мұның өзі, олардың санасы сияқты, олардың дене құрылысына байланысты». *Ред.*

** Бұдан әрі қолжазбада мыналар өшірілген: «Менің өз ортама көзқарасым — менің санам деген сөз». *Ред.*

олардың табиғат жөніндегі шектеулі көзқарасын туғызады, онда да тарихтың барысында табиғат түрінің өзгере қоймағандығы себепті осылай етеді; ал екінші жағынан, айналадағы индивидтермен қарым-қатынас жасау қажеттігін пайымдау тегінде адамның қоғамда тұратынын пайымдай бастағандық болады. Осы басқыштағы қоғамдық өмірдің өзі сияқты, бұл бастама да жануарлық сипатта болады; бұл — нағыз топты мал санасы, ал бұл жерде адамның қойдан айырмашылығы, қойда сана орнына инстинктің болатынында, яғни бұл инстинктің пайымдаулы екенінде. Өнімділіктің өсуі, адам қажеттерінің өсуі және осы екеуінің негізінде [15] халықтың өсуі арқасында осынау қойға тән, яғни тайпалық сана онан әрі дамиды. Сонымен бірге еңбек бөлінісі де дамиды, ал мұның өзі алғашында жыныс қатынасындағы еңбек бөлінісі ғана болатын, ал кейін өзінен өзі келіп шыққан немесе табиғи қасиеттер (мәселен, дене күші), қажеттіктер, кездейсоқтықтар, т. т., т. с. арқасында «табиғи жолмен туған» еңбек бөлінісі болды. Еңбек бөлінісі материалдық және рухани еңбек бөлінісі шыққан кезден бастап қана нағыз еңбек бөлінісі болады*. Осы кезден бастап сана өзін өмірдегі практиканы пайымдаудан өзгеше нәрсе деп, нақты бар нәрсені аңғартпаса да, әйтеуір бірденені *шын* білдіре алатын нәрсе деп шын ой тоғытуы мүмкін,— міне осы кезден бастап сана әлемнен азаттық аларлық, сөйтіп «таза» теория, теология, философия, мораль, т. т. жасауға көшерлік халге жетеді. Тіпті осы теория, теология, философия, мораль, т. т. нақты қатынастарға қайшы келген күнде де нақты қоғамдық қатынастар нақты өндіргіш күшке қайшы келуі нәтижесінде ғана осылай болмақ. Алайда, белгілі бір ұлт қатынастарының шеңберінде мынадай жағдайда да, қайшылық осы ұлттық шеңберде білінбей, белгілі бір ұлт санасы мен басқа ұлттар практикасы арасында** яғни белгілі бір ұлттың ұлттық санасы мен жалпылама санасы арасында білінген жағдайда да осылай болуы мүмкін (қазіргі уақытта Германияда осылай болып отыр); ал осы қайшылық ұлттық сана шеңберінде ғана болып отырған қайшылық түрінде көрінетіндіктен, мұндай ұлтқа күрестің өзі де осынау ұлттық коқыспен тынаын сияқтанады.

[16] Тегінде, бұл сана өздігінен қандай әрекет жасаса да, оның ешбір келер-кетері жоқ; бүкіл осы коқыстан біздің шығаратын қорытындымыз біреу ғана, атап айтқанда: жоғарыда көрсетілген үш нәрсе — өндіргіш күш, қоғамдық жағдай және сана — бір-біріне қайшы келуі мүмкін және қайшы келуге тиіс те, өйт-

* Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Идеологтардың бірінші формасы, *поптар* осыған сәйкес келеді». *Ред.*

** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «*Дін. Қәдімгі идеологиялы* немістер». *Ред.*

кені еңбек бөлінісі рухани және материалдық іс-әрекеттің*, ләззат пен еңбектің, өндіріс пен тұтынудың түрлі индивидтер үлесіне тиюін мүмкін етеді — ол ол ма: мұны шындыққа айналдырады; бұларды бір-біріне қайшы келмейтін ету еңбек бөлінісін жою арқылы ғана мүмкін болатын нәрсе. Тегінде, өзінен-өзі түсінікті бір жайт, «елес», «дәнекер», «абзал жан», «ұғым», «күмән» дегендердің бәрі — оқшаулығы алдамшы индивидтің идеалистік, рухани көрінісі ғана, түсінігі ғана, тым эмпириялық шыр-маулар мен шеңберлер жайындағы түсінігі ғана, ал тіршілік өндіру әдісі және осыған байланысты қарым-қатынас формасы осылардың ішінде қозғалып отырады.

[4. Қоғамдық еңбек бөлінісі және оның нәтижелері: жеке меншік, мемлекет, әлеуметтік қызметтің «жатсынуы»]

Өз бойынан жоғарыда көрсетілген қайшылықтардың бәрі табылатын және, өз тарапынан, семьяда еңбектің табиғи түрде туған бөлінісіне және қоғамның бір-біріне қарсы тұрған жеке семьяларға жіктелуіне негізделген еңбек бөлінісімен бірге, — міне осы еңбек бөлінісімен бірге *бөліс* те бар, ал мұның өзі — сан жағынан да, сапа жағынан да — еңбек пен оның өнімдерін *әділетсіз* бөлу болып табылады; демек, меншік те бар, [17] ал мұның ұрығы мен бастапқы формасы семьяның өзінен-ақ табылады, мұнда әйелі мен балалары — еркектің құлдары. Семьядағы құлдық — рас, әлі өте анайы және бүркемелі құлдық — алғашқы меншік болып табылады, тегінде, мұның өзі осы формасында-ақ қазіргі экономистердің меншік дегеніміз өзгенің жұмыс күшін билеп-төстету дейтін анықтамасына әбден сәйкес келеді. Тегінде, еңбек бөлінісі мен жеке меншік — барабар сөздер: бір ретте қызмет жөнінде не айтылса, екінші ретте қызметтің жемісі жөнінде дәл сол пікір айтылады.

Онан соң, еңбек бөлінісімен бірге жеке индивидтің немесе жеке семья мүддесінің және бір бірімен қарым-қатынас жасаушы барлық индивидтердің ортақ мүддесі арасындағы қайшылық та бар; оның бер жағында бұл ортақ мүдде «жалпылама нәрсе» ретінде түсінікте ғана болып қоймайды, ең алдымен мұның өзі еңбекті бөлісіп алған индивидтердің өзара тәуелділігі ретінде шын өмірде болады.

Жеке мүдде мен ортақ мүдденің арасындағы нақ осы қайшылықтың арқасында соңғысы, *мемлекет* түрінде, дербес формаға, шын мүдделерден — жекелерінен де, ортақтарынан да — қол үзген формаға, сонымен бірге алдамшы бірлік формасына не болады. Бірақ мұның өзі әрқашан да әрбір семьялық немесе тайп-палық құрамада тән мен қан жағынан, тіл жағынан, еңбектің неғұрлым кең көлемде бөлінуі және басқа мүдделер жағынан

* Маркстің қолжазба шетіне жазылған мынадай сөздері өшірілген: «Әрекет пен ойлаудың, яғни ойсыз әрекет пен әрекетсіз ойлаудың». *Ред.*

болатын байланыстар негізінде, әсіресе,— біз мұны келешекте көрсетіп өтеміз,— таптардың мүдделері негізінде жасалады, ал бұлар, ендігі жерде еңбек бөлінісіне байланысты болғандықтан әрбір осындай адам жиынтығында оқшауланып, біреуі басқаларының бәріне үстемдік жүргізеді. Бұдан шығатын қорытынды, мемлекет ішіндегі күрес атаулы — демократия, аристократия мен монархия арасындағы күрес, сайлау правосы жолындағы күрес, т. т., т. б.— алдамшы формалардан басқа түк те емес, ал түрлі таптардың бір-бірімен шынайы күресі осы формалар арқылы жүргізіледі («Deutsch-Französische Jahrbucher»¹² және «Кассетті әулет» беттерінде* осы жөнінде өздеріне жеткілікті көрсетіле тұрса да, неміс теоретиктерінің бұдан титтей де түсінігі жоқ). Бұдан шығатын келесі қорытынды, үстемдік жүргізуге ұмтылатын әрбір тап,— тіпті оның үстемдігі, пролетариатта болатынындай, бүкіл ескі қоғамдық форманы және үстемдік атаулыны жоюды көздейді деген күнде де,— бұл тап, ендігі жерде, өз мүддесін жалпыға ортақ мүдде етіп көрсетерліктей болуы үшін ең алдымен саяси билікті жеңіп алуға тиіс, ол алғашқы кезде лажсыздан осылай етеді де.

Индивидтер өздері үшін олардың ортақ мүддесімен үйлеспейтін, тек қана өздерінің айрықша мүддесін көздейді және жалпылық дегеніңіз тегінде бірліктің алдамшы формасы болып табылады,— дәл сондықтан да осы жалпылық оларға «тәуелсіз», «жат» нәрсе болып көрінеді, [18] яғни тағы да айрықша және өзгеше «жалпылама» мүдде болып көрінеді, не болмаса олардың өздері, демократия жағдайында болатынындай, лажсыздан осындай бытыраңқылық жағдайында ілгері басуға тиіс. Ал екінші жағынан, ортақ және алдамшы ортақ мүдделерге әрқашан *іс жүзінде* қарсы шығып отырған осы айрықша мүдделердің *практикалық* күресі мемлекет түрінде көрінетін алдамшы «жалпылама» мүдде арқылы *практика жүзінде* іске араласып, айрықша мүдделерді ауыздықтауды қажет етеді**.

[17] Ақырында, еңбек бөлінісі бізге бірден мынадай бірінші мысал көрсетіп береді: адамдар стихиялы жолмен қалыптасқан қоғамда болып отырған кезде, демек, жеке мүдде мен ортақ мүдденің арасында алшақтық бар кезде, демек, қызмет ерікті түрде бөлінбей, стихиялы жолмен бөлінетін кезде,— адамның өз әрекеті оған қарсы, жат күшке айналады, ол осы күшке үстемдік етудің орнына өзі осының езгісіне түседі. Әңгіме мынада: еңбек бөлінісі басталды дегенше-ақ әркімнің белгілі бір, ерекше қызмет аумағы пайда болады, ал мұның өзі оған сырттан танылады және бұдан ол құтыла алмайды да: ол — аңшы, балықшы немесе бақташы, не болмаса сыншыл сыншы және тіршілік заттарынан

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 3—230-беттер. *Ред.*

** Осы екі абзац қолжазба шетіне Энгельстің қолымен жазылған. *Ред.*

күр алақан қалам демесе, ол осы күйінде қалуға тиіс,— ал коммунистік қоғамда, әлденендей бір ерекше қызмет аумағы арқылы ешкімге шек қойылмайтын, қайта әркім қалаған тарауында кемелдене алатын жерде, қоғам бүкіл өндірісті реттеп отырады, дәл сондықтан да менің бүгін бір іспен, ертең екінші іспен айналысуыма, таңертең аңға шығуыма, түстен кейін балық аулауыма, кешкісін мал шаруашылығымен айналысуыма, кешкі астан сон,— қанша қаласам да,— сыншылдыққа берілуіме мүмкіндік жасайды, бірақ бұдан мен аңшы да, балықшы да, бақташы да немесе сыншы да болып кетпеймін.

[18] Әлеуметтік қызметтің осылай телінуі, біздің өз өніміміздің осылайша бізге үстемдік етуші, біздің бақылауымыздан шығып кеткен, біздің күткенімізге қайшы келетін және бар үмітімізді жоққа шығаратын әлденендей бір заттық күшке айналуы — бұдан бұрынғы тарихи дамудың өн бойындағы басты жәйттардың бірі. Әлеуметтік күш, яғни әртүрлі индивидтердің еңбек бөлінісі арқасында бірлесіп қызмет жасауынан келіп шығатын, өселенген өндіргіш күш,— міне осы әлеуметтік күш, бірлескен қызметтің өзі ерікті түрде емес, стихиялы жолмен пайда болуы себепті, сол индивидтерге өздерінің біріккен күші ретінде емес, өздерінен тысқары тұрған, жат өктем күш ретінде, пайда болуы мен даму тенденциялары өздеріне мүлде мәлімсіз күш ретінде көрінеді; демек, олардың өздері енді бұл күшке үстемдік жүргізе алмайды,— мұның керісінше, бұл күш ендігі жерде өзінің бірнеше даму кезеңдері мен сатыларынан өтеді, ал бұлар адамдардың еркі мен мінезіне байланысты болмайтыны былай тұрсын, қайта осынау ерік пен мінезге жөн сілтеп отырады*. Мұның керісінше болған күнде, мәселен, меншіктің тегінде әйтеуір бір тарихы болар ма еді, әртүрлі формаға түсе қояр ма еді, мәселен, жер меншігі, әралуан нақты алғы шарттарға қарай, Францияда парцелдік формадан аздаған қолда орталықтануға дейін, Англияда аздаған адамның қолында орталықтанудан, қазіргі уақытта іс жүзінде болып отырғанындай, парцелдік формаға түсіп дамыған болар ма еді! Немесе тек қана әртүрлі индивидтер мен елдердің өнімдерін айырбастау болып табылатын сауданың сұраным мен ұсыным қатынасы арқасында — бір ағылшын экономисінің сөзімен айтқанда, антика заманындағы тажалдай жер бетіне төнген, көзге көрінбейтін қолымен бақыт пен бақытсыздықты жұртқа бөліп беріп отырған, патшалықтарды дүниеге келтіріп [19] және құртып жіберіп отырған, халықтарды дүниеге келтіріп, қайтадан ғайып етіп отырған осынау қатынас арқасында — жалпы әлемге үстемдік жүргізіп отырғаны қалай, ал базис, жеке меншік жойылған кезде, өндіріс коммунистік жолмен реттелетін кезде,

* Осы жерге арнап Маркс қолжазба шетіне тектесті жазған, бұл тектесті тікелей осы абзацтың соңынан, келесі параграфтың алғашқы екі абзацы түрінде келтіріліп отыр. *Ред.*

сөйтіп жұрттың өз өніміне жатырқап караушылығы құрыған кезде,— сұраным мен ұсыным қатынасының да жоғалатыны, сөйтіп адамдардың айырбасты, өндірісті, өзара қатынастарының әдісін қайтадан өз билігіне бағындыратыны қалай?

[5. Өндіргіш күштердің өркендеуі — коммунизмнің материалдық алғы шарты]

[18] Бұл «жатсынуды» философтарға түсінікті тілмен айтқанда, әрине, екі түрлі *практикалық* алғы шарт болғанда ғана жоюға болады. «Төзуге болмайтын» күшке, яғни өзіне қарсы революция жасатуы керек күшке айналу үшін бұл жатсынушылықтың өзі адамзаттың негізгі бұқарасын мүлде «меншіктен жұрдай» адамдарға, сонымен бірге нақты бар байлық пен білім әлеміне қарсы тұратын адамдарға айналдыруы қажет, ал бұл екі шарт өндіргіш күштің қаулап өсуін, оның жоғары дәрежеде дамуын керек етеді. Екінші жағынан, өндіргіш күштің осылайша дамуының (жұрттың шектеулі жергілікті болмысын емес, бүкіл *дүние жүзілік-тарихи* болмысын эмпириялық тұрғыдан жүзеге асырумен қоса алғанда) аса қажетті практикалық алғы шарт болатын тағы бір себебі, мұнсыз жаппай өріс алған *кедейлікті* ғана көруге болады; ал *шектен тыс мұқтаждық* тұсында қажетті заттарға жету жолындағы күрес қайтадан басталмақ, демек, бұрынғы пасықтық атаулы қайта тірілмек. Онан соң, өндіргіш күштерді осылай өркендетудің қажетті алғы шарт болатын себебі, тек өндіргіш күштер жан-жақты өркендеген күнде ғана адамдардың *жан-жақты* қарым-қатынасы орнайды, осының нәтижесінде, бір жағынан, «меншіктен жұрдай» бұқараның өмір сүріп отырғаны барлық халықтарда бір мезгілде әйгіленеді (жаппай бәсеке),— бұл халықтардың әрқайсысы басқа халықтарда жасалатын төңкерістерге тәуелді болады,— ақырында, жергілікті-шектеулі индивидтердің орнын бүкіл *дүние жүзілік-тарихи*, эмпириялық әр қырлы индивидтер басады. Бұлай болмаған күнде 1) коммунизм тек жергілікті нәрсе ретінде ғана өмір сүрер еді, 2) қарым-қатынас *күштерінің* өздері *әр қырлы* күштер ретінде, сол себепті төзгісіз күштер ретінде өркендей алмас еді: бұлар қаз-қалпында, ырымшылдық шырғауындағы «жағдайларда» қалар еді және 3) қандай да болсын қарым-қатынастың ұлғаюы жергілікті коммунизмді жойып жіберер еді. Коммунизм үстем халықтардың «бірден», бір мезгілде,¹³ жасаған әрекеті ретінде ғана эмпириялық мүмкін болатын нәрсе, ал мұның өзі өндіргіш күштің жан-жақты өркендеуін және осыған байланысты дүние жүзілік қарым-қатынас болуын керек етеді*.

* Қолжазбаның келесі бетінен басталатын осы тексттің жалғасына Маркс: «*Коммунизм*» деп белгі соққан. *Ред.*

[19] Тегінде, *тек* өзінің еңбегімен ғана күн көретін адамдар көпшілігінің болуы — капиталдан немесе өз қажеттерін шектеулі түрде болса да қанағаттандыру мүмкіндігінен қол үзген және сондықтан сенімді тіршілік көзі ретіндегі осы жұмыстың өзін уақытша жоғалтып қана қоймай, сонымен қатар асылында мүлде тұрлаусыз жағдайдағы адам сипатында болатын жұмыс күші көпшілігінің болуы — бәсекеге байланысты *дүние жүзілік рыноктың* болуын керек етеді. Демек, пролетариат бүкіл *дүние жүзілік-тарихи мағынада* ғана өмір сүре алады, дәл сол сияқты оның жасайтын ісі — коммунизм де тегінде «бүкіл дүние жүзілік-тарихи» тіршілік ретінде ғана мүмкін болатын нәрсе; ал индивидтердің бүкіл дүние жүзілік-тарихи өмір сүруі дегеніміз, олардың бүкіл дүние жүзілік тарихпен тікелей байланысты тіршілігі деген сөз.

[18] Коммунизм біз үшін қалыптасуға тиісті *жағдай* емес, өмір шындығын өзімен үйлестіретін *мұрат* та емес. Біз қазіргі жағдайды құртатын *нақты* қозғалысты коммунизм деп атаймыз. Бұл қозғалыстың жағдайы қазіргі нақты бар алғы шарттан туған*.

* * *

[19] Осы күнге дейінгі барлық тарихи сатыларда өндіргіш күштерді дәнекер еткен және өзі де сол өндіргіш күштерге дәнекер болған қарым-қатынас формасы — *азаматтық қоғам*, ал мұның алғы шарты мен негізі, жоғарыда айтылған пікірден көрініп отырғанындай, қарапайым семья және тайпалық құрылыс деп аталатын күрделі семья; жоғарыда айтылған пікірде азаматтық қоғамның толық анықтамасы берілген. Осы азаматтық қоғам — бүкіл тарихтың шынайы ордасы мен шынайы өрісі екені осы жердің өзінде-ақ көрініп отыр, ал нақты қатынастарды елемей келген, дабыралы да көпірмелі істерді қараумен ғана шектеліп келген тарих жөніндегі бұрынғы түсініктің мағынасыздығы көрініп отыр.

Бұған дейін біз көбінесе адамзат қызметінің бір жағын ғана — адамның *табиғатты өңдеуін* ғана қарастырып келдік. Екінші жағы — *адамның адамның өңдеуі...***

Мемлекеттің шығуы және мемлекеттің азаматтық қоғамға қатынасы***.

* Қолжазбада бұл абзацты Маркс осы параграфтың бірінші абзацының жоғарғы жағына жазған. *Ред.*

** Қолжазба шетіне Маркс: «Қарым-қатынас және өндіргіш күш» деп белгі соққан. *Ред.*

*** Қолжазбада беттің аяқ жағы толтырылмаған. Онан соң жаңа беттен тарихты материалистік тұрғыдан түсінуден туатын қорытындылар желісі басталады. *Ред.*

**[6. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну қорытындылары:
тарихи процестің сабақтастығы, тарихтың бүкіл дүние
жүзілік тарихқа айналуы, коммунистік революцияның
қажеттігі]**

[20] Тарих дегеніміз жеке ұрпақтардың дәйектілікпен ауысуынан басқа түк те емес; бұлардың әрқайсысы барлық бұрынғы ұрпақтардан ауысқан материалдарды, капиталдарды, өндіргіш күштерді пайдаланады; сол себепті белгілі бір ұрпақ, бір жағынан, мұраға қалған қызметті мүлде өзгеріп кеткен жағдайда жалғастыра береді, ал екінші жағынан — мүлде өзгертілген қызмет арқылы ескі жағдайларды өзгертеді. Бірақ жалдаптық-бұрыс түсінік бойынша істің жайы басқаша түрде көрсетіледі, мұның мәнісі келесі тарих өткен тарихтың мақсаты, мәселен, Американы ашудағы негізгі мақсат француз революциясының етек алуына көмектесу болды дегенге саяды. Осының нәтижесінде тарих өзінің айрықша бір мақсаттарына жетеді де, «басқа жандармен қатар» қайдағы бір «тұлғаға» айналады (мәселен: «Сана-сезім», «Сын», «Бірегей», т. т.). Ал шынына келгенде бұрынғы тарихтың «міндеті», «мақсаты», «ұрығы», «идеясы» деген сөздермен бейнеленіп жүрген нәрселер ең бергі тарихтан, өткен тарихтың келесі тарихқа жасайтын белсенді ықпалынан абстракция жасаудан басқа түк те емес.

Осы дамудың барысында бір-біріне әсер етуші шеңберлер неғұрлым кең болса, жеке ұлттардың бастапқы томаға-тұйықтығы өндірістің жетілдірілген әдісі, қарым-қатынастың дамуы және осының нәтижесінде еңбектің түрлі ұлттар арасында стихиялы түрде туған бөлінуі арқасында неғұрлым тезірек жойыла бастаса, тарих бүкіл дүние жүзілік тарихқа соғұрлым көбірек айнала бермек. Мәселен, егер Англияда бір жаңа машина шығарылып, мұның өзі Үндістан мен Қытайда сансыз көп жұмысшыны нансыз қалдыратын болса және бұл мемлекеттердің бүкіл тіршілік формасында төңкеріс жасайтын болса, онда бұл өнертабыс бүкіл дүние жүзілік-тарихи фактіге айналады; дәл сол сияқты қант пен кофе ХІХ ғасырда өздерінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын былайша көрсетіп берді: Наполеонның континенттік системасы¹⁴ салдарынан осы өнімдердің жетімсіз болуы немістерді [21] Наполеонға қарсы көтеріліс жасауға итермеледі, сөйтіп 1813 жылғы даңқты азаттық соғыстарының шынайы негізі болды. Бұдан шығатын қорытынды: тарихтың бүкіл дүние жүзілік тарихқа осылайша айналуы «сана-сезімнің», әлемдік рухтың немесе басқа бір метафизикалық елестің әлденендей абстракті әрекеті емес, нағыз материалдық, эмпирия жүзінде белгіленетін іс, бұл іске әрбір индивид, оның өмірдегі күйі, оның ас ішіп, сусындауы, киім киіуі дәлел болады.

Өткен тарихта мына жағдайдың да эмпириялық факт екені

күмәнсыз: жеке индивидтер, өздерінің қызметі бүкіл дүние жүзілік-тарихи қызмет дәрежесіне дейін ұлғаюына қарай өздеріне жат күштің өктемдігіне көбірек душар болып отырды (бұл езгіні олар әлемдік рух дейтіннің, т. т. қырсығы деп білді), бұл күш барған сайын кең етек ала түседі де, сайып келгенде, *дүние жүзілік рынок* ретінде көрінеді. Бірақ сондай эмпириялық жолмен негізделген тағы бір нәрсе неміс теоретиктері үшін соншалық құпия сыр болып отырған бұл күш коммунистік революцияның қазіргі қоғамдық құрылысты құлатуы арқасында (бұл туралы төменде әңгіме болады) және осы революциямен барабар жеке меншіктің құруы арқасында жойылады; бұл ретте бүкіл дүние жүзілік тарихқа қаншалық толық айналса, әрбір жеке индивид соншалық дәрежеде азат етіледі*. Индивидтің шынайы рухани байлығы бүтіндей оның шынайы қатынастарының байлығына байланысты екені жоғарыда айтылғандардан айқын. Тек осының арқасында ғана жеке индивидтер түрлі ұлттық және жергілікті шеңберлерден құтылып, бүкіл дүние жүзінің өндірісімен (рухани өндірісімен де) практикалық байланыс жасайды да, бүкіл жер шарындағы осы жан-жақты өндірісті (адамдар жасаған барлық нәрсені) пайдалануға қабілетті болып шығады. Индивидтердің *жан-жақты* тәуелділігі, бүкіл *дүние жүзілік-тарихи* бірлескен қызметінің стихиялы жолмен қалыптасқан осы формасы [22] коммунистік революция арқасында басқа күштерге, адамдардың бір-біріне әсер етуінен туған, осы күнге дейін оларға жат көрініп келген және сол себепті өздерін билеп-төстеген күштерге бақылау орнатып, саналы үстемдік жүргізуге айналады. Бұл көзқарасты тағы да жалдаптық-идеалистік тұрғыдан, яғни қияли жолмен «тектің өздігінен тууы» («субъект ретіндегі қоғам») деп суреттеуге, бірінен соң бірі келіп отыратын және өзара байланысты күллі индивидтер тізбегін өзін өзі тудыратын керемет жасаушы бірден-бір индивид деп ой тоғытуға болады. Бұл жерде бір анықталатын жәйт, индивидтер тән жағынан да, рух жағынан да *бірін бірі* жаратқанымен, қасиетті Бруноның мағынасыздығы рухында да, «жаратынды», «Бірегей» адам мағынасында да өздерін өздері жаратпайды.

Ақырында, біз өзіміз дамытқан тарихты түсінуден тағы да мынадай қорытындылар шығарамыз: 1) өзінің дамуында өндіргіш күштердің жетегін дәрежесі сондай, бұл ретте пайда болатын өндіргіш күштер мен қарым-қатынас құралдары сол қалыптасқан қатынастар тұсында кілең апатқа ұшыратып отырады, сондықтан енді бұлар өндіргіш күштер болудан қалып, қиратқыш күштерге айналады (машиналар және ақша); сонымен бірге қоғамның барлық ауыртпалығын лажсыздан өзі көтеретін, бірақ оның игіліктерін пайдаланбайтын тап пайда болады, ол қоғам-

* Қолжазба шетіне Маркс: «Сананы өндіру туралы» деп белгі соққан. Ред.

нан ығыстырылып шығарылғандықтың, [23] барлық басқа таптарға сөзсіз барынша үзілді-кесілді қарсы тұрады; бұл тап қоғамның барлық мүшелерінің көпшілігі болады және түбегейлі революция жасау қажеттігін ұғынған сана, коммунистік сана, осы таптан келіп шығады, бұл сана осы таптың жағдайын түсінуі арқасында, әрине, басқа таптар арасында да қалыптасуы мүмкін; 2) белгілі бір өндіргіш күштер қолданылатын шарттар қоғамдағы белгілі бір таптың үстемдік ету шарттары болып табылады, ал оның мал-мүлік жағдайынан келіп шығатын әлеуметтік билігі тиісті мемлекеттік формадан әрдайым өзінің *практикалық-идеалистік* бейнесін тауып отырады, сондықтан революциялық күрес атаулы бұған дейін үстемдік етіп келген тапқа қарсы бағытталады*; 3) бұрынғы барлық революциялар тұсында қызмет сипаты ешқашан да бұлжымай қалатын, — әрқашан да әңгіме басқаша бөлісу, өзге адамдар арасында еңбекті жаңадан бөлу жайында ғана болатын-ды, ал коммунистік революция осы күнге дейін орын алып келе жатқан қызмет *сипатына* қарсы шығады, қандай да болсын таптардың өздерімен қоса *еңбегін* тайдырып**, үстемдігін жояды, өйткені бұл революцияны ендігі жерде қоғамда тап қатарында саналмай, тап ретінде танылмай отырған және қазіргі қоғамдағы барлық таптардың, ұлттардың т. т. ыдырауының көрінісі болып табылатын тап жасайды, және 4) осы коммунистік сананың жаппай тууы үшін де, мақсаттың өзіне жету үшін де жұрттың жаппай өзгеруі қажет, ал мұны практикалық қозғалыс арқылы ғана, *революция* арқылы ғана істеуге болады; демек, революцияның қажет болатын себебі *үстем* тапты басқаша құлату мүмкін еместігінен ғана емес, сонымен қатар мұның себебі, *құлатушы* тап тек революция арқылы ғана өз бойынан ескілікті қоқыстың бәрін аластап, қоғамның жаңа негізін жасай алады***.

* Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Бұл адамдар өндірістің қазіргі қалпын сақтауға мүдделі». *Ред.*

** Бұдан әрі қолжазбада мыналар өшірілген: «бұл үстемдік тұсындағы осындай қызмет формасы...». *Ред.*

*** Бұдан әрі қолжазбада мыналар өшірілген: «Шынында революцияның осындай қажеттігі жөнінде Франциядағы, сол сияқты Англия мен Германиядағы коммунистердің бәрі көптен бері-ақ бір пікірде, ал қасиетті Бруно бұрынғыша қиялға салынып, былайша ойлайды: «нақты гуманизм», яғни коммунизм, «спиритуализм орнына» (ешқандай орын алмай отырған нәрсенің орнына) қойылып отыр, ондағы мақсаты — қастерлеу объектісі болу. Сонда, — деп қиялдайды ол тағы да, — «ақырында, аман қалатын кез келеді де, жер аспанға, аспан жерге айналады». (Дәрісің аспанды ешбір ұмыта алмай-ақ қойды). «Сонда қуаныш пен ғанибет үні аспан әлемінің әсем әніндей ғасырдан ғасырға естіле бермек» (140-бет)⁹. Өзі күтпеген жерден ақыр-заман орнап, осының бәрі жүзеге асқан кезде, — от-жалынға оранған қалалар алауы таң шапағын мензейтін күні, — осынау «аспан әні» арасынан «Марсельеза» мен «Қарманьоланың» әуендері сөзсіз атылатын зеңбірек гүрсілімен қоса естілген шақта, ал гильотина оның нәшіне ұласқанда, жексұрын «бұқара» ga ira, ga ira деп шула-

[7. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну жайындағы тұжырымдама]

[24] Сонымен, тарихты осылайша түсінудің мәнісі нақ тікелей тіршіліктің материалдық өндірісіне сүйене отырып, өндірістің нақты процесін қарастыруда, белгілі бір өндіріс әдісімен байланысты және содан туған қарым-қатынас формасын — яғни әр түрлі сатыдағы азаматтық қоғамды — бүкіл тарихтың негізі деп түсінуде; сонан соң азаматтық қоғамның мемлекеттік өмір саласындағы қызметін суреттеп көрсету қажет, сонымен қатар әр түрлі теориялық туындылар мен сана формаларын, дінді, философияны, моральды, т. т., т. б. осы арқылы түсіндіріп; бұлардың осы негізде пайда болу процесін қадағалап отыру керек, осының арқасында бүкіл процесті түгелінен (сондықтан оның әр түрлі жақтары арасындағы өзара әрекетті де), әрине, суреттеп көрсетуге болады. Тарихты осылайша түсінудің өзі, идеалистік түсінуден өзгеше, әрбір заманнан белгілі бір категорияны іздеп жатпайды, қайта әрдайым шынайы тарихтың негізінде қалады, практиканы идеяға сүйеніп түсіндірмейді, қайта идеялық құрылымдарды материалдық практикаға сүйеніп түсіндіреді де, осының нәтижесінде тағы да мынадай қорытындыға келеді: сананың барлық формалары мен жемістерін жойғанда рухани сын арқылы, бұларды «сана-сезімге» сіңдіру арқылы немесе бұларды «әруаққа», «елеске», «ғажайып көрініске»¹⁶, т. т. айналдыру арқылы емес, тек осынау идеалистік былшыл біткенді туғызған нақты қоғамдық қатынастарды практика жүзінде құлағу арқылы ғана жоюға болады,— ал тарихтың, сондай-ақ діннің, философияның және басқа теорияның қозғаушы күші сын емес, революция. Бұл концепциядан көрінетіні, тарих, «рухани рух»* сияқты, «сана-сезімге» сіңіп кетпейді, бірақ оның әрбір сатысы белгілі бір материалдық нәтижені, өндіргіш күштердің белгілі бір мөлшерін, адамдардың табиғат жөнінде және бір-бірі жөнінде тарихи қалыптасқан қатынастарын іс жүзінде кездестіреді, бұрынғы ұрпақтың әрбір келесі ұрпаққа толып жатқан өндіргіш күштер, капиталдар мен жағдайлар қалдыратынын көреді; ал жана ұрпақ, бір жағынан, бұларды өзгертеді, бірақ, екінші жағынан, бұлар сол ұрпаққа өзінің тіршілік шарттарын ұсынады, оны ілгері дамытады, оған айрықша сипат береді. Сөйтіп, бұл

сып, фонарь дінгеінің көмегімен «сана-сезімді» құртқан сәтте, шіркеуші тасыр әулиенің тандануы аз бола қоймас¹⁵. Қасиетті Бруноның «ғасырдан ғасырға кете беретін қуаныш пен ганибестің» жұбанышты көрінісін көзіне елестететін онша жөні жоқ. Қиямет-қайым басталған күні қасиетті Бруноның қандай мінез көрсететінін біз алдын ала айтып, қызығына батпай қоя тұрамыз. Сонымен қатар революция жасаған пролетарларды сынды құртқысы келетін «субстанция» деп, «бұқара» деп түсіну керек пе, немесе Бауэрдің ойларын бойға сіңіретілік консистенциясы әлі де жетпей жатқан рух «эманациясы» деп түсіну керек пе, міне осы мәселені шешу қиын соғып отыр». Ред.

* Б. Бауэрдің сөзі. Ред.

концепциядан көрінетіні, жағдай адамды [25] қалай жасайтын болса, адам жағдайды солай жасайды.

Әрбір индивид және әрбір ұрпақ нақты бар нәрсе ретінде кездестіретін өндіргіш күштер, капиталдар мен әлеуметтік қарым-қатынас формалары жиынтығы — философтар «субстанция» және «адамның мәні» деп түсінетін, олардың өздері тәңіріге балап та, күресіп те жүрген нәрселердің шын негізі,— шын негізі болғанда, адамдардың дамуына мұның әсер етіп, ықпал жасауына әлгі философтардың «сана-сезім» және «Бірегейлер» ретінде оған қарсы шығуы ешбір бөгет бола қоймайды. Түрлі ұрпақтар нақты бар күйінде кездестіретін тіршілік жағдайлары тарихтың өн бойында ауық-ауық қайталанып келе жатқан революциялық сілкіністер қазіргінің бәрін төңкеріп тастай аларлықтай дәрежеде әбден күшті бола ма, жоқ па деген мәселені де шешеді; ал егер жаппай төңкерістің осы материалдық элементтері, атап айтқанда: бір жағынан, белгілі өндіргіш күштер, ал екінші жағынан, бұрынғы қоғамның жеке жағдайларына ғана қарсы шығып қоймай, сонымен қатар бұрынғы «тіршілік өндірісінің» өзіне, осыған негізделген «бірлескен қызметке» қарсы шығатын қалыптасқан революцияшыл бұқара нақты болмаса,— егер осы материалдық элементтер нақты болмаса, онда, коммунизм тарихы көрсетіп отырғанындай, бұл төңкеріс жөніндегі *идеяның* жүздеген рет айтылып жүруінің практикалық даму үшін ешқандай маңызы болмақшы емес.

[8. Тарихты бүкіл бұрынғы, идеалистік тұрғыдан түсінудің, әсіресе Гегельден кейінгі неміс философиясының мүлде қисынсыздығы]

Тарихты бүкіл бұрынғы түсінудің бәрі не тарихтың осы шынайы негізін мүлде елемей кетіп жүрді, не мұны тарихи процеспен ешқандай байланысы жоқ көлденең фактор деп қана қарады. Мәселеге бұлай қарағанда жұрт тарихты одан тысқары жатқан бір өлшемді басшылыққа алып жазуға тиісті болды; тіршілікті іс жүзінде өндіру тарихтан бұрынғы нәрсе, ал тарихи зат — кәдімгі тіршіліктен қол үзген нәрсе, әлемнен тысқары, әрі әлемнен жоғары тұрған нәрсе болып көрінді. Сөйтіп адамдардың табиғатқа қатынасы тарихтан шығарылып тасталады, мұның нәтижесінде табиғат пен тарих арасында қарама-қарсылық пайда болады. Сондықтан бұл концепция тарихтан тек даңқы жер жарған саяси істер мен діни, жалпы алғанда теориялық, күресті ғана байқады да, белгілі бір тарихи заманды суреттегенде *сол заманның жалған үміттерін құптауға* мәжбүр болды. Мәселен, қайсыбір заман өзін кілең «саяси» немесе «діни» негіздермен анықталады деп ойлайтын болса,— ал шынында «дін» мен «саясат» оның нақты негіздерінің формалары ғана,—

оның тарихшысы осы пікірді көңіліне тоқи қояды. Осы белгілі адамдардың өздерінің нақты практикасы жөніндегі «қиялы», «түсінігі» бірден-бір анықтаушы және белсенді күшке айналады да, бұл күш сол адамдардың практикасына үстемдік етіп, билеп-төстейді. Егер үнділер мен египеттіктерде еңбек бөлінісін қалыптастырып отырған анайы форма осы халықтардың мемлекеті мен дінінде касталық құрылыс туғызатын болса, онда тарихшы касталық құрылыс [26] дегеніміз осы анайы қоғамдық форманы туғызған күштің дәл өзі деп ойлайды.

Француздар мен ағылшындар ең болмағанда, шындыққа дегенмен де неғұрлым жақын саяси жалған үмітті малданып отырғанда немістер «таза рух» саласында айналсоқтап, діни жалған үмітті тарихтың қозғаушы күшіне балап жүр. Гегельдің тарих философиясы — немістің бүкіл осы тарихнамасының «мейлінше таза кейпіне» жеткен соңғы жемісі; міне осы тарихнаманың тұрғысынан алғанда әңгіменің бар тетігі нақты мүдделерде, тіпті саяси мүдделерде де емес, таза ой-пікірде. Бұдан кейін осы тарих философиясы қасиетті Бруноға да бірі екіншісін жалмап, ақыр-аяғында «сана-сезімге» сіңіп ғайып болатын бірқатар «ой-пікір» түрінде көрінеді*. Қасиетті Макс Штирнер одан да дәйекті, ол нағыз тарих туралы мүлде ешнәрсе білмейді және оған тарихи процесс тек қана «серілердің», қарақшылар мен әруақтардың тарихы болып көрінеді, тарих болғанда, мұның елестерінен ол, әрине, «дінсіздік» арқылы ғана аман қала алады. Бұл концепция шындығында діни концепция: мұның өзі діншіл адамды бүкіл тарихқа негіз болған тұңғыш адам деп жориды, ал іс жүзіндегі тіршілік заттары мен нақты өмір өндірісін өз қиялында фантазиялар туғызатын діни өндіріспен ауыстырады.

Тарихты осылай түсінудің бәрі, оның ыдырауымен және осыдан келіп шығатын қобалжу, күдігімен қоса, — бар болғаны немістердің ұлттық ісі және Германия үшін мұның тек *жергілікті* маңызы бар; мәселен, соңғы кезде сан рет талқыланып жүрген маңызды мәселе, «тәңір әлемінен адамзат әлеміне», тегінде, қалай «өту керек» деген мәселе осындай; бейне бұл «тәңір әлемі» бағы заманда әйтеуір бір жерде қиялдан тысқары болған тәрізді, ал асқан оқымысты жарандар — өздері де байқамай — «адамзат әлемінде» әрдайым тұрып келмеген сияқты, бұған апаратын жолды енді ғана іздеп жүрген сияқты, бейне осынау аспан әлеміндегі теориялық құрылымдардың таңғажайып сипатын түсіндіру мақсатын көздеп отырған ғылыми сауықтың — өйткені мұның өзі сауықтан басқа түк те емес — міндеті,

* Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «*Объективтік тарихнама* дейтіннің мәнісі нақ мынада: ол тарихи қатынастарды қызметтен бөле-жарып қарады. Реакциялық сипат». *Ред.*

керісінше нақ бұлардың жер бетіндегі шынайы қатынастардан келіп шыққанын көрсету емес сияқты. Тегінде, бұл немістердің әрқашан діттейтіні — өмірдегі әрбір мағынасыздықты [27] баска бір сорақылыққа апарып телу, яғни бұлар бүкіл осы мағынасыздықта ашып көрсетуге тұрарлық әлденендей бір айрықша *мағына* бар деп ойлайды, ал шынына келгенде бар әнгіме осы теориялық жел сөздер өмірдегі нақты қатынастардан туған деп түсіндіруде ғана болып отыр. Бұл жел сөздерді іс жүзінде, практика жүзінде жою, бұл түсініктерді жұрттың санасынан арылту, жоғарыда айтқанымыздай, теориялық дедукциялар арқылы емес, жағдайларды өзгерту арқылы ғана мүмкін болмақ. Адамдардың негізгі бұқарасы үшін, яғни пролетариат үшін, мұндай теориялық түсініктер атымен жоқ, демек, ол жөнінде бұл түсініктерді жойып жатудың қажеті жоқ, ал егер бір кездері бұл бұқарада кейбір теориялық түсініктер, мәселен, дін болған болса, мұны жағдайдың өзі-ақ әлдеқашан құртып жіберген.

Көрсетілген мәселелердің және олар жөніндегі шешімдердің таза ұлттық сипаты мынадан да көрінеді: бұл теоретиктер «тәңір адам», «Адам», т. т. сияқты түрлі лақаптар тарихтағы жеке замандарға жетекші болды деп шынымен ойлайды; қасиетті Бруно тіпті «тарихты сын мен сыншылар ғана жасаған» деп соғады¹⁷. Ал енді осы теоретиктердің өздері тарихи құрылымдарды қолға алған кезде өткен шақтың бәрінен таңғажайып асығыстықпен аттап кетеді де, бірден «монғолдықтан»¹⁸ нағыз «мазмұнды» тарихқа, атап айтқанда, «Hallische Jahrbücher» мен «Deutsche Jahrbücher»¹⁹ тарихына және Гегель мектебінің азғындап жаппай тайталасқа айналған тарихына көшеді. Барлық басқа ұлттар мен барлық шынайы оқиғалар ұмыт болады, theatrum mundi* Лейпциг кітап жәрмеңкесінің шеңберімен және «Сынның», «Адамның» және «Бірегейдің»** өзара егесімен тынады. Егер біздің теоретиктер әйтеуір бір кезде нағыз тарихи тақырыптарды, мәселен, XVIII ғасыр тарихын қолға алатын болса, онда олар түсініктер тарихын ғана, осы түсініктер негізіндегі фактілер мен практикалық процестерден алшақ жатқан тарихты ғана береді, онда да бұл тарихты баяндағанда қарастырылғалы отырған заманды кемелсіз, бастапқы саты ретінде, шынайы тарихи заманның, яғни 1840—1844 жылдардағы неміс философиялық күресі заманының тар шеңберлі ізашары ретінде суреттеу мақсатымен ғана баяндайды. Өздерінің алдына қойылған мақсатқа — өткен кездің тарихын қайдағы бір тарихи емес адамның даңқы мен оның қиялдарын өте-мөте жарқырата көрсетерліктей етіп жазу мақсатына сәйкес, — олар нағыз тарихи оқиғаларды, тіпті тарихтың барысына саясаттын

* — дүние жүзілік әлем. *Ред.*

** — яғни Б. Бауэрдің, Л. Фейербахтың және М. Штирнердің. *Ред.*

нағыз тарихи тұрғыдан араласқан реттерін де әсте ауызға алмайды, оның орнына, қасиетті Бруноның қазір де ұмытылған XVIII ғасыр тарихында істегеніндей, зерттеулерге негізделген хикаяны емес, тиянақсыз тұжырымдар мен әдеби өсек-аянға сүйенген хикаяны әңгіме етеді.²⁰ Ұлттық соқыр сенім атаулыдан шексіз жоғары тұрмыз деп ойлайтын осынау лепірме де мақтаншақ ой-пікір саудагерлері іс жүзінде ұлттық тұрғыдан алғанда Германияны біріктіруді арман стуші сыраhana филистерлерінен бетер тайыз. Олар басқа халықтардың істерін тарихи істер деп танымайды. Олар Германияда, Германиямен [28] және Германия үшін өмір сүреді. Олар Рейн жырын²¹ рухани кантатаға айналдырады да, Эльзас пен Лотарингияны жаулап алады, сөйтіп француз мемлекетін емес, француз философиясын тонайды, француз провинцияларын емес, француз ой-пікірін германдандырады. Венедей мырза — теорияның дүние жүзілік үстемдігін орнату ұранымен Германияның дүние жүзілік үстемдігін жариялап отырған қасиетті Бруно мен Макске қарағанда космополит.

[9. Фейербахты, оның тарихты идеалистік тұрғыдан түсінуін қосымша сынау]

Фейербах («Wigand's Vierteljahrsschrift», 1845, 2-том) «қоғамдық адам» деген анықтаманың жәрдемімен өзін коммунист деп жариялағанда²², бұл анықтаманы «Адамның» предикатына айналдырғанда, сөйтіп қазіргі дүниеде белгілі бір революцияшыл партияның жақтасын бейнелейтін «коммунист» деген сөзді қайтадан жалаң категорияға айналдыруға болады деп есептегенде оның қаншалық қателесіп отырғандығы да бүкіл осы талдаудан көрінеді. Адамдардың бір-біріне қатынасы жайындағы мәселеде Фейербахтың бүкіл дедукциясы жұрт бір-біріне мұқтаж және *әрқашан мұқтаж болған* дегенді дәлелдеуге ғана бағытталған. Ол осы фактіні көңілге ұялатуды көздейді, демек, басқа да теоретиктер сияқты, *қазіргі* кейбір фактіні дұрыс ұғындыруды ғана көздейді, ал шынайы коммунистің міндеті осы қазіргіні құлату ғой. Тегінде, біздің бір кәміл білетініміз, нақ *осы* фактіні ұғындыруға талпына отырып, теоретик және философ болудан қалғысы келмейтін теоретик атаулының шама-шарқы жететін дәрежеде Фейербах құлашын алысқа сермейді. Бірақ бір айта қаларлық нәрсе, қасиетті Бруно мен Макс Фейербахтың коммунист жайындағы түсінігін дереу нағыз коммунистің орнына апарып қояды, бір есептен олар мұны «рухани рухқа» қарсы, философиялық категорияға қарсы, терезесі тең дұшпанға қарсы күрескені сияқты, коммунизмге де қарсы күресу үшін істейді, ал қасиетті Бруно бұлай еткенде прагматикалық мүдделерді де көздеп отыр.

Қазіргі жағдайды танып білушілікті, сонымен бірге түсінбеу-

шілікті көрсететін мысал ретінде — ал Фейербах осыны танып білуі мен түсінбеуі жағынан әлі де біздің дұшпандарымызбен бір пікірде болып келеді — «Болашақ философиясының» бір жерін еске салып өтейік: мұнда ол қайсыбір заттың немесе қайсыбір адамның болмысы әрі соның мәні болып табылады²³, қайсыбір жануардың немесе адамзат индивидінің өмір сүруінің белгілі бір жағдайлары, тіршілік салты мен қызметі — оның «мәнін» ризашылық сезіміне бөлейтін нәрселер деп дәлелдейді. Ерекшелік атаулының бәрі бұл жерде бақытсыздық жағдай, өзгертуге болмайтын қалыпсыздық деп саналады. Демек, егер миллиондаған пролетарлар өздерінің тіршілік жағдайына әсте риза болмай отырған болса, егер олардың «болмысы» [29] олардың «мәніне» тіпті ең шалғай дәрежеде болса да сәйкес келмей отырған болса, — мұның өзі, осы жерде айтылған пікір бойынша, — қашып құтылмайтын бақытсыздық, сондықтан бұған жайбарақат төзе беру керек дейді. Алайда әлгі миллиондаған пролетарлар немесе коммунистер мүлде басқаша ойлайды, ал олар кезінде, өздерінің «болмысын» өздерінің «мәніне» іс жүзінде, революция жолымен сәйкес келтірілген кезде мұны дәлелдеп береді де. Сондықтан мұндай реттерде Фейербах адам дүниесі туралы ешқашан да әңгіме етпестен, әрдайым сыртқы табиғат саласына, онда да адамдардың үстемдігіне әлі де бағындырылмаған *асау* табиғат саласына қашып құтылады. Бірақ жаңа өнертабысқа қол жеткен сайын, өнеркәсіп ілгері қадам басқан сайын бұл саладан жана сыбаға алынады да, Фейербахтың осындай қағидаларына мысал боларлық негіз бірден бірге осылайша азая береді. Бір қағидамен ғана тынайық: балықтың «мәні» дегеніміз оның «болмысы», су. Өзендегі балықтың «мәні» — өзен суы. Бірақ осы өзен өнеркәсіпке бағындырылды дегенше-ақ, бояулық заттармен және басқа қоқыспен былғанды дегенше-ақ, оның бетін пароходтар айғыздай бастады дегенше-ақ, су беруді тура тоқтатып, балықты оның өмір сүру ортасынан айыратын каналдарға өзен суы бұрылып жіберілді дегенше-ақ, су балықтың «мәні» болудан қалады, оның өмір сүруіне қолайсыз ортаға айналады. Бұл сияқты қайшылықтардың бәрін қашып құтылмайтын қалыпсыздық деп жариялау қасиетті Макс Штірнердің: бұл қайшылық — өз басыңның қайшылығы, бұл нашар жағдай — өз басыңның нашар жағдайы, сондықтан не осыған қанағат етіндер, не өз наразылығыңды өзінде сақта, не осы жағдайға қарсы елден ерекше бүлік сал деп наразыларды жұбатуынан тегінде өзгеше нәрсе емес. Фейербахтың бұл концепциясы қасиетті Бруноның таққан кінасынан да оншалық өзгеше емес; ол: бұл қырсық жағдай бақытсыздыққа ұшырағандардың «субстанция» шалшығына батып қалуынан, «абсолюттік сана-сезімге» барып жетпеуінен және осы нашар жағдайды өз рухының рухы деп білмеуінен келіп шығады деп соғады.

[III]

[1. Үстем тап пен үстем сана. Гегельдің тарихта рухтың үстемдік етуі жайындағы түсінігі қалай қалыптасқан]

[30] Үстем таптың ой-пікірі қай заманда болса да үстемдік етеді. Мұның мәнісі қоғамның үстемдік етуші *материалдық* күші болып отырған тап сонымен бірге оның үстемдік етуші *рухани* күші де деген сөз. Қарамағында материалдық өндіріс құрал-жабдықтары бар таптың сонымен бірге рухани өндіріс құрал-жабдықтары да болады, сол себепті рухани өндіріске арналған құрал-жабдықтары жоқтардың ой-пікірі жалпы алғанда үстем тапқа бағынышты болып шығады. Үстемдік етуші ой-пікір дегеніміз үстемдік етуші материалдық қатынастардың идеалдық көрінісінен басқа, ой-пікір түрінде бейнеленген үстемдік етуші материалдық қатынастардан басқа түк те емес; демек, бұл — нақ жалғыз осы тапты үстем ететін қатынастардың көрінісі; демек, бұл — оның үстемдігінен туған ой-пікір. Үстем тапты құрастырып отырған индивидтерде, басқасын былай қойғанда, сана да болады, демек, ойлайды; олар тап ретінде үстемдік жүргізіп, белгілі бір тарихи заманды тұтас күйінде анықтайтындықтан мұны олардың барлық салада істейтіні, демек, ойлаушылар, ой-пікір өндірушілер ретінде де үстемдік ететіні өзінен өзі түсінікті; олар өз заманындағы ой-пікірді өндіріп, тарату ісін реттеп отырады; ал мұның мәнісі, олардың ой-пікірі — сол заманның үстем ой-пікірі деген сөз. Мәселен, қазіргі уақытта корольдік өкімет, аристократия және буржуазия үстемдік үшін күресіп отырған елде, демек, үстемдік бөлініп отырған жерде өкімет билігін бөлісу жайындағы ілім үстемдік етуші ой-пікір болып шығады да, осы ілім «мәңгілік заң» деп жарияланады.

Жоғарыда біз (15—18 бетте)* бұдан бұрынғы тарихтың басты күштерінің бірі деп білген еңбек бөлінісі енді рухани және [31] материалдық еңбек бөлінісі түрінде үстем таптың арасында да көрінеді, сондықтан бұл таптың бір бөлегі осы таптың ойшылдары болып шығады (бұлар — осы таптың топшылама жасауға қабілетті идеологтары, бұлар көбінесе осы таптың өзі жайындағы жалған үміттерін белгілеп беру арқылы тамағын асырайды), ал екінші біреулері бұл ойлар мен жалған үміттерге неғұрлым енжар қарайды, бірақ бұларды қабылдауға дайын тұрады, өйткені шынына келгенде бұл таптың осы өкілдері оның ең белсенді мүшелері болғандықтан өзі жайында жалған үміттер мен ой-пікір тұжырымдау үшін уақыты жете бермейді. Бұл таптың ішінде туған осындай жіктің тіпті екі жақтың арасындағы біраз қара-

* Осы томның 28—32-беттерін қараңыз. *Ред.*

ма-қарсылық пен өштікке ұласып кетуі мүмкін, бірақ әрбір нақты дүрбелең тұсында, таптың өз басына қауіп-қатер төнген кезде, үстем ой-пікір үстем таптың ой-пікірі емес, мұның өзі осы таптың билігінен өзгеше билік дейтін көріністің өзі де ғайып болған кезде бұл өштік өзінен өзі жайына қалады. Белгілі бір заманда революциялық ой-пікірдің болуы революцияшыл таптың болуын керек етеді, ал мұның алғы шарттары жайында қажетті пікір жоғарыда айтылған ([18—19, 22—23 беттер])*.

Алайда тарихтың барысын қарастырғанда жұрт үстем таптың ой-пікірін үстем таптың өзінен бөліп тастайтын болса, оған дербес мән беретін болса, осы ой-пікірдің өндірілу шарттарын да, мұны өндірушілерді де есепке алмастан, пәлендей заманда пәлендей және түгендей ой-пікір үстемдік еткен деумен қанағаттанатын болса, демек, бұл ой-пікірдің негізін — индивидтер мен тарихи жағдайды — мүлде қағажу қалдыратын болса, онда, мәселен, аристократия үстемдік еткен дәуірде «абырой», «адалдық» деген сияқты ұғымдар үстем болған, ал буржуазия үстемдік еткен дәуірде «бостандық», «теңдік» деген сияқты ұғымдар үстем болған деуге болады. Жалпы алғанда, үстем таптың өзі өзіне осындай жалған үміттер туғызады. Барлық тарихшыларға тән — әсіресе XVIII ғасырдан бастап — тарихты осылай түсінушілік сөзсіз мынадай [32] жағдайға әкеліп соғады: бірден бірге абстрактілі ойлар, яғни барған сайын жалпылық формасында көрінетін ойлар үстем бола береді. Әнгіме мынада: өзін бұған дейін үстемдік жүргізіп келген таптың орнына қоятын әрбір жаңа тап өз мақсатына жету үшін-ақ лажсыздан жеке басының мүддесін қоғамның барлық мүшелерінің ортақ мүддесі етіп көрсетеді, яғни абстрактілі түрде айтқанда, өз ойларына жалпылық форма береді, бұларды бірде-бір парасатты, жалпылық маңызы бар ойлар түрінде суреттейді. Революция жасаушы тап — өзінің екінші *тапқа* қарсы тұратындығы себебінен ғана — әуел бастан тап ретінде емес, бүкіл қоғамның өкілі ретінде көрінеді; ол бірден-бір үстем тапқа қарама-қарсы қоғамның бүкіл бұқарасы түрінде бой көрсетеді**. Бұлай болатын себебі, алғашында оның мүддесі шынында да үстемдік етпейтін барлық басқа таптардың ортақ мүддесімен әлі де азды-көпті байланысты болады, бұған дейін орын алып келген қатынастардың қысымымен айрықша таптың айрықша мүддесі ретінде дамып үлгіре қоймайды. Сондықтан осы таптың жеңісі үстемдікке көтерілмейтін басқа таптар ішіндегі көптеген индивидтерге де пайдалы болып шығады,

* Осы томның 32—33, 35—36-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «(Жалпылық мыналарға сәйкес келеді: 1) тапқа *contra* [қарсы] сословие, 2) бәсекеге, дүние жүзілік қарым-қатынасқа, т. т., 3) саны көп үстем тапқа, 4) *ортақ* мүдделер жөніндегі жалған үмітке, алғашында бұл жалған үміт шындыққа бейім келеді, 5) идеологтардың алдануына және еңбек бөлінісіне сәйкес келеді)». *Ред.*

бірақ бұл жеңіс осы индивидтерді үстем тап қатарына көтерілуге мүмкіндік беретін жағдайға қойғаны себепті ғана пайдалы болмақ. Француз буржуазиясы аристократияның үстемдігін құлатқан кезде, осының нәтижесінде көптеген пролетарлардың пролетариаттан жоғары көтерілуіне мүмкіндік туды, бірақ олар буржуаларға айналғандықтан ғана осы дәрежеге жетті. Сөйтіп, әрбір тап өзінің үстемдігін орнататын негіз бұған дейін үстемдік жүргізген таптың табан тіреген негізінен кеңірек; оның есесіне жүре-келе үстемдік етпейтін тап пен үстемдікке жеткен таптың арасындағы қарама-қарсылық та соғұрлым өткір де терең дамымақ. Осы екі жағдай мынаған әкеліп соғады: үстемдік етпейтін таптың жаңа үстем тапқа қарсы жүргізетін күресі, сонымен қатар, бұдан бұрынғы қоғамдық құрылысты үстемдікке жеткен бұрынғы таптардың бәрінен де батыл, бәрінен де пәрменді түрде [33] теріске шығаруға бағытталған.

Ал енді таптар үстемдігі тегінде қоғамдық құрылыстың формасы болудан қалды дегенше-ақ, демек, айрықша мүддені жалпылық мүдде немесе «жалпылықты» үстем мүдде етіп көрсету қажеттігі жойылды дегенше-ақ қайсыбір таптың үстемдігі — белгілі бір ой-пікірдің үстемдігі ғана дейтін осы алдамшы көріністің бәрі, әрине, өзінен өзі жоғалады.

Үстемдік етуші ой-пікір үстемдік етуші индивидтерден, ең бастысы өндіріс әдісінің қазіргі дәрежесі туғызған қатынастардан бөлініп шыққаннан кейін, сөйтіп тарихта әрқашан ой-пікір үстемдік етеді деген қорытынды жасалғаннан кейін, — міне осылардан кейін осынау алуан түрлі ой-пікір «жалпы ой-пікірді», идеяны, т.т. тарихта үстемдік етуші нәрселер ретінде айырып алу, сөйтіп осы жеке ойлар мен ұғымдарды тарихта дамушы Ұғымның «екшеліп шығуы» деп көрсету өте оңай. Бұлай еткен күнде адамдардың барлық қатынастарын адам ұғымынан, қиялдағы адамнан, адамның мәнінен, «Адамнан» әкеліп шығару әбден табиғи нәрсе. Жалдаптық философия осылай етті де. «Тарих философиясының» соңында Гегельдің өзі: «бір ғана ұғымның өршімелі қозғалысын қарастырып», тарихта «шынайы теодицеяны» суреттеп көрсеттім деп мойындайды (446-бет). Міне осыдан кейін «ұғым» өндірушілерге, теоретиктерге, идеологтар мен философтарға қайта оралып, тарихта атам заманнан бері айтулы философтар, ойшылдар үстемдік етіп келген екен деп қорытынды жасауға болады, — осындай қорытындыны, жоғарыда көргеніміздей, Гегель әлдеқашан айтқан-ды²⁴.

Сонымен, тарихи материал негізінде рухтың әміршілік үстемдігін (Штирнерде иерархия) дәлелдеу үшін қолданылып отырған бар айла мынадай үш тәсілге келіп саяды.

[34] № 1. Үстем индивидтердің, — эмпириялық себептерден, эмпириялық жағдайларда және материалдық индивидтер ретінде үстемдік ететіндердің — ой-пікірін осы үстем индивидтердің

өздерінен бөліп алу керек те, тарихта ой-пікірдің немесе жалған үміттердің үстемдік жүргізетінін мойындау керек.

№ 2. Ой-пікірдің осы үстемдігіне белгілі бір тәртіп енгізу керек, бірінен соң бірі келіп отыратын үстем ой-пікірлердің арасында әлденендей сиқырлы байланыс бар екенін дәлелдеу керек. Бұл мақсатқа әлгі ой-пікірлерді «ұғымның екшеліп шығуы» деп санау арқылы жетуге болады (бәлкім, мұның себебі бұл ой-пікірлердің өздерінің эмпириялық негізі арқылы бір-бірімен шынында байланыстылығында болар, мұның тағы бір себебі, бұлар тек қана ой-пікір ретінде алынған күнде ойлаудан келіп шығатын жеке түрлерге, өзгешеліктерге айналып кетеді).

№ 3. Осынау «өзін өзі анықтайтын ұғымның» сиқырлы түрін жою үшін оны әлденендей тұлғаға — «Сана-сезімге» — айналдырады немесе, өзін айтулы материалист етіп көрсету үшін, тарихта «ұғымның» өкілдері болып табылатын бірқатар тұлғаларға — «ойшылдарға», «философтарға», идеологтарға айналдырады, ал бұлардың өздерін келіп тарихты жасаушылар, «сақшылар советі», үстемдік етушілер деп анықтайды*. Сөйтіп материалистік элементтердің бәрі осылайша тарихтан тайдырылады, сондықтан енді тізгінді алаңсыз бос жіберіп, өзінің жалдаптық атына ерік беруіне болады.

Германияда үстемдік еткен осы тарихи әдістің мәнісін, сонымен қатар бұл әдістің көбінесе осында үстем болған себебін оның жалпы идеологтардың жалған үміттерімен, — мәселен, юристердің, саясатшылардың (бұған қоса практикашыл мемлекет қайраткерлерінің де) жалған үміттерімен — байланыстылығы негізінде, осы субъектілердің догматикалық армандары мен бұрмаланған түсініктері негізінде түсіндіру керек. Ал осы жалған үміттердің, армандар мен бұрмаланған түсініктердің мәнісін олардың өмірдегі практикалық жағдайы, олардың кәсібі мен қазіргі еңбек бөлінісі арқылы түсіндіру өте оңай.

[35] Күнбе-күнгі тұрмыста көрінген шоркөрегер** белгілі бір адамның сөз жүзіндегі сыңайы мен іс жүзіндегі сиқын өте жақсы ажырата біледі, ал біздің тарихнамамыз осы кәнігі нәрсені танып білу дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Ол әрбір заманның сөзіне, өзі туралы не айтса да, не ойласа да, напа салады.

[IV]

[1. Өндіріс құралдары мен меншік формалары]

...*** [40] Біріншісінен дамыған еңбек бөлінісі мен көлемді сауданың алғы шарттары, екіншісінен жергілікті тежеулілік

* Қолжазба шетіне Маркс: «Адам атаулы-«ойлаушы адам рухы» деп білгі соққан. *Ред.*

** — дүкенші. *Ред.*

*** Осы жерде қолжазбаның төрт беті жоқ. *Ред.*

келіп шығады. Бірінші жағдайда индивидтерді бір жерге жинау керек, екінші жағдайда олардың өздері қолда бар өндіріс құралдарымен қатар өндіріс құралдары есебінде болады.

Сөйтіп, бұл жерде табиғи жолмен пайда болған өндіріс құралдары мен цивилизация жасаған өндіріс құралдары арасындағы айырмашылық келіп шығады. Егістікті (суды, т.т) табиғи жолмен пайда болған өндіріс құралы деп санауға болады. Бірінші ретте, яғни табиғи жолмен пайда болған өндіріс құралдары жағдайында индивидтер табиғатқа бағынады; екінші ретте олар кейбір еңбек өніміне бағынады. Сондықтан бірінші ретте меншік те (жер меншігі) табиғи жолмен, тікелей пайда болған үстемдік ретінде, ал екінші ретте еңбектің үстемдігі, әсіресе жинақталған еңбектің, капиталдың үстемдігі ретінде көрінеді. Бірінші жағдай индивидтердің әйтеуір бір байланыс арқылы — семьялық, тайпалық немесе тіпті территориялық, т.т. байланыс арқылы — өзара бірігуін керек етеді; екінші жағдай бұлардың біріне бірінің тәуелсіз болуын және айырбас арқылы ғана байланыс жасауын керек етеді. Бірінші жағдайдағы айырбас көбінесе адам мен табиғат арасындағы айырбас болады, мұнда адамның еңбегі табиғаттың өнімдеріне айырбасталады; екінші жағдайдағы айырбас — адамдардың өзара жасайтын айырбасы. Бірінші жағдайда кәдімгі дұрыс парасаттың өзі жетіп жатыр, ал дене қызметі мен ой қызметі бір-бірінен әлі мүлде бөлінбеген; екінші жағдайда ой еңбегі мен дене еңбегі енді практика жүзінде бөлінуге тиіс. Бірінші жағдайда меншікшінің меншігі жоқтарға жүргізетін үстемдігі жеке қатынастарға, белгілі бір бірлестік [Gemeinwesen] түріне негізделуі мүмкін; екінші жағдайда бұл үстемдік енді заттық формаға түсіп, үшінші нәрсе түрінде, ақша түрінде көрінуге тиіс. Бірінші жағдайда ұсақ өнеркәсіп болады, бірақ мұның өзі табиғи жолмен пайда болған өндіріс құралын қолдануға бағынышты, сондықтан мұнда түрлі индивидтер арасында еңбек бөлінісі болмайды; екінші жағдайда өнеркәсіп еңбек бөлінісіне негізделген және соның арқасында ғана өмір сүреді.

[41] Бұған дейін біз өндіріс құралдарын негізге алып келдік, ал нақ осы жерде өнеркәсіп дамуының белгілі дәрежесінде жеке меншіктің қажеттігі байқалды. Industrie extractwe* саласында жеке меншік әлі де еңбекке толық сәйкес келеді; ұсақ өнеркәсіптегі және осы күнге дейін күллі егіншіліктегі меншік — қазіргі бар өндіріс құралдарының қажетті нәтижесі; ірі өнеркәсіпте өндіріс құралы мен жеке меншіктің арасындағы қайшылық осы өнеркәсіптің төл туындысы ретінде алғашқы рет көрінеді, ал мұны туғызу үшін ол өскелең даму дәрежесіне жеткен болуға тиіс. Сөйтіп, тек ірі өнеркәсіп өркендегенде ғана жеке меншікті жою да мүмкін бола бастайды.

* — өндіруші кәсіпшіліктер. *Ред.*

**[2. Материалдық еңбек пен рухани еңбек бөлінісі.
Қаланың деревнядан бөлініп шығуы. Цехтық құрылыс]**

Материалдық еңбек пен рухани еңбектің ең күрделі бөлінісі — қаланың деревнядан бөлініп шығуы. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық анайылықтан цивилизацияға, тайпалық құрылыстан мемлекетке, жергілікті тежеуліліктен ұлтқа көшумен бірге басталады да, цивилизация тарихының өн бойында біздің заманымызға дейін (Астық заңдарына қарсы лига²⁵) болып отырады.

Қаламен бірге әкімшіліктің, полицияның, алым-салықтың, т. т.— қысқасы, қауымдық саяси құрылымның [des Gemeindewesens], ал осы арқылы жалпы саясат атаулының қажеттігі де келіп шығады. Халықтың үлкен-үлкен екі тапқа бөлінуі тұңғыш рет осы арада анықталды, ал мұның өзі тікелей еңбек бөлінісіне және өндіріс құралдарына негізделген-ді. Қала қазірдің өзінде халықтың, өндіріс құралдарының, капиталдың, рақат-ләззаттың, керексінудің бір жерге шоғырланғанын көрсететін факт болып отыр, ал деревняда бұған мүлде қарама-қарсы факт — оқшаулық пен бытыраңқылық байқалады. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық жеке меншіктің шеңберінде ғана бола алады. Мұның өзі индивидтің еңбек бөлінісіне және өзіне таңылған белгілі бір әрекетке бағынатынын өте-мөте бадырайтып көрсетеді,— бұл бағыныштылықтың өзі біреуін ой өрісі тар қала жануарына, екіншісін ой өрісі тар деревня жануарына айналдырады да, олардың мүдделері арасындағы қарама-қарсылықты күн сайын қайтадан туғызып отырады. Еңбек бұл жерде де ең басты шарт, ол — индивидтерден жоғары тұрған күш; бұл күш барда жеке меншік те бола беруге тиіс. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою — қоғам бірлігінің алғашқы шарттарының бірі [42], — бұл шарт, өз тарапынан, толып жатқан материалдық алғы шарттарға байланысты және ол, ә дегенде-ақ көрініп отырғанындай, жалғыз ғана ерікпен жүзеге асырыла қоймайды. (Бұл шарттарды әлі де тәптіштеп қарастырған жөн.) Қаланың деревнядан бөлініп шығуын капиталдың жер меншігінен бөлініп шығуы, капиталдың, яғни еңбек пен айырбасқа ғана негізделген меншіктің жер меншігінен тәуелсіз өмір сүріп, дами бастауы деп те санауға болады.

Орта ғасыр заманы қалаларды өткен тарихтан даяр күйінде алған жоқ және бұларды азат болған крепостнойлар жаңадан құрған-ды, міне осы қалаларда әрбір индивидтің бірден-бір меншігі, олардың өздерімен бірге ала келген азынаулақ капиталын, түгелдей дерлік ең қажетті қолөнершілік аспаптарына жұмсалған капиталын есептемегенде, сол индивидтің айрықша түрдегі еңбегі болды. Қалаларға үнемі келіп жата-

тын крепостнойлардың бәсекесі; деревняның қалаларға қарсы жүргізген үздіксіз соғысы, демек, қаланың әскери күшін ұйымдастыру қажеттігі; белгілі бір мамандыққа ортақ меншік дәнекерлігі; өз товарларын сату үшін ортақ үйлердің қажеттігі — ол кездегі қолөнершілер әрі саудагерлер болатын — және осыған байланысты бұл үйлерге бөтен адамдардың жіберілмеуі; жеке қолөнерлер мүдделерінің өзара қарама-қарсылығы; осындай қиыншылықпен меңгерілген қолөнерді қорғау қажеттігі; бүкіл елдің феодалдық жолмен ұйымдасуы — әрбір жеке қолөнер қызметкерлерінің цехтарға бірігу себептері міне осылар болатын. Тарихтың бергі жердегі дамуы нәтижесінде цехтық құрылыста болған көптеген өзгерістерге бұл жерде біздің толық тоқтап жатуымыздың қажеті жоқ. Орта ғасыр заманының өн бойында крепостнойлар қалаларға үздіксіз қашып келіп жатты. Деревняларда өз мырзалары тарапынан қуғынға ұшыраған бұл крепостнойлар қалаларға біріндеп келіп, мұнда ұйымдасқан қауымға тап болды, ал крепостнойлар оған қарағанда дәрменсіз еді, сондықтан соның шеңберінде өз еңбегінің зәрулігіне қарай және ұйымдасқан қалалық бәсекелестерінің мүдделеріне сәйкес белгіленген жағдайға лажсыз бағынуға тиіс болды. Қалаға біріндеп келіп жатқан бұл қызметкерлер ешқашан да күш бола алған жоқ, өйткені бұлардың еңбегі цехтық сипат алып, тәлім үйренуді керек еткен кезде цех шеберлері бұларды өздеріне бағындырып, өз мүдделеріне сәйкес ұйымдастырып отырды; ал бұл еңбек үйретуді керек етпейтін, цехтық еңбек сипатында болмай, күндік еңбек сипатында болған ретте қызметкерлер ұйымдаса алмай, мәңгі-бақи бейберекет плебейлер қалпында қалып отырды. Қалалардың күндік жұмыс жөніндегі мұқтажы плебсті туғызды.

Бұл қалалар тікелей [43] қажеттіктен, меншікті аман сақтау нистінен және жеке мүшелердің қолындағы өндіріс құрал-жабдықтары мен қорғау құралдарын көбейту талабынан туған нағыз «одақтар»²⁶ болатын. Бұл қалалардағы плебс бір-біріне жат, мұнда біріндеп келген индивидтерден құралғандықтан мүлде дәрменсіз еді, бұлар ұйымдасқан, әскерше жабдыкталған және бұлардың басқан ізін мұқият қадағалап отырған күшке қарсы ұйымшылдық көрсете алмады. Кіші шеберлер мен шәкірттер шеберлердің мүдделеріне әбден дөп келетін жолмен ұйымдастырылған-ды; бұлар мен шеберлердің арасындағы патриархтық қатынастар соңғыларға екі есе күш бітірді: біріншіден, шеберлер кіші шеберлердің бүкіл өміріне тікелей ықпал жасап отырды, екіншіден, кіші шеберлердің бәз-баяғы бір шеберде жұмыс істеуі бұларды басқа шеберлердің кіші шеберлеріне қарсы біріктірген және солардан оқшауландырған шынайы байланыс болды; ақырында, кіші шеберлердің өздері шеберлер болуды көздеп жүргендіктен де осы құрылысқа таңулы еді. Сондықтан плебейлер кейде

бүкіл осы қалалық құрылысқа қарсы бүлік туғызғанмен де,— тегінде мұндай бүліктер осы плебейлердің әлсіздігі салдарынан ешқандай нәтиже бермей жүрді,— кіші шеберлер жеке цехтардың шеңберіндегі ұсақ қақтығыстардан әрі барған жоқ, ал бұл қақтығыстар нақ сол цехтық құрылыстың өмір сүруімен тығыз байланысты болатын. Орта ғасыр заманындағы ірі көтерілістердің бәрі деревнядан туып отырды, бірақ шаруалардың бытыраңқылығы және осыған байланысты барып тұрған мешеулігі салдарынан бұл көтерілістер де мүлде нәтижесіз қалып келді.

Бұл қалалардағы капитал табиғи жолмен құралған капитал еді; бұл капитал тұрғын үйге, қолөнершілік аспаптарына және табиғи жолмен қалыптасқан мұрагерлік клиентураға жұмсалғанды; қарым-қатынастың жетілмеуі және жөнді айналыс жасамауы себепті капиталды пайдалану мүмкін болмады, сондықтан ол атадан балаға мұраға қалып отырды. Бұл капитал, осы заманғы капиталдан өзгеше, ақшамен бағаланбайтын — бұл ретте капиталдың дәл қандай затқа жұмсалғаны есеп емес, — қайта иесінің әбден белгілі еңбегімен тікелей байланысты, осы еңбек түрінен мүлде айырғысыз және осы мағынада алғанда *социалистік* капитал еді.—

Қалаларда жеке цехтар арасындағы [44] еңбек бөлінісі әлі [өте жабайы]* еді, ал цехтардың ішінде жеке қызметкерлер арасында мүлде жүргізілмеген-ді. Әрбір қызметкер бірнеше жұмысты білуге, өз аспаптарының көмегімен істеуге боларлық нәрсенің бәрін жасай білуге тиісті еді; жеке қалалардың өзара қарым-қатынасының шектеулілігі және байланыстың нашарлығы, халықтың аздығы және қажетсізудің шағындығы еңбектің онан әрі бөлінуіне бөгет жасап отырды, сондықтан шебер болғысы келген әрбір адам өз қолөнерін толық меңгеруге тиісті болды. Міне сондықтан да орта ғасыр қолөнершілері өзінің арнаулы жұмысына және оны шебер атқаруға әлі де ынталы болды, ал осы ынталылықтың өзі кейбір шектеулі өнер талғамы дәрежесіне көтерілуі мүмкін еді. Бірақ нақ осы себептен әрбір орта ғасыр қолөнершісі бар уақытын өз жұмысына бағыштады, оған басыбайлы құлша беріліп істеді, өз жұмысына немқұрайды қарайтын осы заманғы жұмысшыға қарағанда анағұрлым көбірек бағынышты болды.—

[3. Еңбектің онан әрі бөлінуі. Сауданың өнеркәсіптен оқшаулануы. Түрлі қалалар арасындағы еңбек бөлінісі. Мануфактура]

Еңбек бөлінісінің келесі ұлғаюы қарым-қатынастың өндірістен бөлініп шығуында, айрықша көпестер табының құрылуында болды,— бұлайша бөлінудің өзі өткен тарихтан сақталып келе

* Қолжазба зақымданған. *Ред.*

жатқан (атап айтқанда, еврей халқы тұратын) қалаларда мұра болып қалған еді және көп ұзамай жаңадан пайда болған қалаларда да көріне бастады. Осы арқылы маңайдағы өңірдің шеңберінен шығатын сауда қатынасын жасауға мүмкіндік туды,— бұл мүмкіндіктің жүзеге асырылуы қолда бар қатынас құралдарына, саяси қатынастарға орай жұртшылықтың жол бойындағы қауіпсіздігіне (орта ғасыр заманының өн бойында көпестердің қарулы керуен түрінде жолға шығып отырғаны мәлім) және қарым-қатынас жасалатын территориядағы қажеттіктің мәдениет дәрежесіне сәйкес азды-көпті дамуына байланысты еді.

Қарым-қатынастың айрықша таптың қолында шоғырлануымен бірге және маңайдағы атыраптың шеңберінен шығып кеткен сауданың — көпестердің арқасында — ұлғаюымен бірге сол заматта өндіріс пен қарым-қатынас арасында бірлескен әрекет жасала бастайды. Қалалар *бір-бірімен* байланыс орнатады, бір қаладан екінші қалаға жаңа еңбек құралдары әкелінеді, ал өндіріс пен қарым-қатынас арасындағы бөлініс көп ұзамай өндірістің [45] жеке қалалар арасында тағы да бөлінуіне себепкер болады, сөйтіп осы қалалардың әрқайсысында көп ұзамай өнеркәсіптің айрықша бір тарауы басым бола бастайды. Аз-аздап бастапқы жергілікті тар өрістілік жоғала бастайды.—

Белгілі бір жерде жасалған өндіргіш күштер, әсіресе өнертабыстар келешек даму үшін пайдаға аса ма, жоқ па, мұның өзі тек қана қарым-қатынастың ұлғаюына байланысты. Қарым-қатынас тікелей көршілермен ғана тынатын кезде өнертабысты әрбір жеке орында жаңадан жасауға тура келеді; анайы халықтардың шапқыншылығы немесе тіпті кәдімгі соғыстар сияқты жай кездейсоқ оқиға ұшыраса болғаны, өндіргіш күштері мен қажеті өскен қайсыбір ел бәрін де қайтадан бастауға мәжбүр болады. Тарихи дамудың алғашқы сатыларында әрбір өнертабысты басқа орындарға байланыссыз әрбір бөлек жерде күн сайын қайтадан жасауға тура келіп отырды. Тіпті біршама кең өріс алған сауда тұсында да өскелең өндіргіш күштердің мүлде құрып кетуден онша қауіпсіз болмағаны финикиялықтардың мысалынан көрінеді;* бұл ұлттың саудадан ығыстырылуы, Александрдың шапқыншылығы және осыдан туған құлдырау нәтижесінде бұлардың өнертабыстарының көпшілігі көпке дейін жоғалып кетті. Екінші мысал — орта ғасырдағы әйнекке салынған бейне өнерінің тағдыры. Қарым-қатынас дүние жүзілік сипат алып, ірі өнеркәсіпке негізделген кезде ғана, барлық ұлттар бәсеке күресіне тартылған кезде ғана, тек сонда ғана жасалған өндіргіш күштердің аман сақталуы қамтамасыз етілмек.—

Түрлі қалалар арасындағы еңбек бөлінісінің ең бергі нәти-

* Колжазба шетіне Маркс: «және орта ғасырлардағы әйнектегі бейнелеу өнері» деп белгі соққан. *Ред.*

жесі — цехтық құрылыс шеңберінен асып кеткен мануфактуралар, өндіріс салалары пайда болды. Шетелдегі қарым-қатынас жасау мануфактураларының — Италияда, кейінірек Фландрияда — гүлденудің тарихи алғы шарты болды. Басқа елдерде — мәселен, Англия мен Францияда — мануфактуралар алғашында ішкі рынокпен шектелді. Жоғарыда көрсетілген алғы шарттармен қатар мануфактуралардың пайда болуы халықтың, әсіресе деревня халқының көптеп шоғырлануына, капиталдың жеке адамдардың қолында — ішінара цехтық заңдарға қарама-қарсы цехтардың өздерінде, ішінара көпестерде жинала бастауына байланысты еді.

[46] Әуел бастан машинамен, тіпті әлі де ең қарапайымымен болса да, байланысты болған еңбек түрі көп ұзамай дамуға мейлінше қабілетті екенін көрсетті. Өздеріне қажетті киім әзірлеу үшін шаруалар деревняларда жұмыс арасында айналысқан тоқымашылық — қарым-қатынастың ұлғаюы арқасында онан сайын дамуға өріс алған бірінші еңбек түрі болды. Тоқымашылық мануфактуралардың алғашқысы болды және олардың ең негізгісі болып қалып отыр. Халықтың өсуімен бірге киімдік матаға деген сұранымның өсуі; табиғи жолмен құралған капиталдың тездей түскен айналыс арқасында жинақталып, қорлануы: қарым-қатынастың осылай бірте-бірте ұлғайып, жалпы өріс алуы нәтижесінде сән-салтанат бұйымдарын қажет етушілік — осының бәрі тоқымашылықтың сан жағынан да, сапа жағынан да дамуына қозғау салды, оны бұрынғы өндіріс формасы шеңберінен шығарды. Өз тұтынуы үшін тоқитын — және әлі де тоқып келе жатқан — шаруалармен қатар қалаларда жана тоқымашылар табы пайда болды, ал бұлардың матасы бүкіл ішкі рынокқа, екінші бірінде сыртқы рыноктарға да арналып отырды.

Тоқымашылық — көп ретте үлкен өнерді керек етпейтін және ұзамай сансыз тарауға бөлініп кететін осы еңбек түрі — өзінің бүкіл ішкі жаратылысы себепті цехтық шырмауға қарсы шығып отырды. Сондықтан жұрт тоқымашылықпен екінші бірінде цех ұйымының шеңберінен тысқары жерлерде, деревнялар мен қыстақтарда айналысты, сөйтіп бұлар бірте-бірте қалаларға айнала берді де, көп ұзамай әр елдің мейлінше гүлденген қалалары болып кетті.

Цехтық шырмаудан сау мануфактура пайда болысымен меншік қатынастары да өзгерді. Табиғи жолмен құралған сословиелік капиталдан алға қарай тұңғыш қадам жасалуы көпестердің пайда болуына байланысты, ал бұлардың капиталы әуел бастан жылжымалы капитал болды, — сол кездегі қатынастарға сәйкес алып қарағанда, — нағыз осы күнгі мағынадағы капитал болды. Мануфактураның пайда болуы алға қарай жасалған екінші қадам болды, ал мұның өзі табиғи жолмен құралған капитал аумағын жинақтап, тегінде табиғи жолмен құралған капитал

мөлшерімен салыстырғанда жылжымалы капитал мөлшерін молайта берді.

Сонымен бірге, бұрынғы цехтық қалалардың [дворяндардың қыспағынан]* қашып келген шаруаларға пана [47] болғаны сияқты, мануфактура да өздерін қабылдамаған немесе ақыны нашар төлеген цехтардан жеріген шаруаларға пана болды.—

Мануфактуралардың пайда болуымен бірге қаңғыбастық дәуірі де басталды; мұның өзі феодалдық жасақтарды жоюдың, әр-алуан азғындардан құралған және корольдердің өз вассалдарына қарсы жұмсалған әскерлерін таратудың, егіншілікті жақсартып, кең алқаптағы егістік жерді мал жайылымына айналдырудың нәтижесінде туған-ды. Бұл қаңғыбастықтың феодализм ыдырауымен байланысты болғаны осыдан-ақ айқын көрінеді. XIII ғасырдың ішінде-ақ осындай қаңғыбастықтың жеке кезеңдері болғанды, бірақ мұның өзі XV ғасырдың аяқ шені мен XVI ғасырдың бас кезінде ғана жаппай және ұзаққа созылған құбылысқа айналды. Бұл қаңғыбастардың көп болғаны сондай, ағылшындық Генрих VIII бір өзі ғана олардың 72 000 адамын дарға асуға бұйырған; міне бұларға әрең дегенде ғана, өздері мұқтаждықтың ақтық шегіне жеткеннен кейін ғана, жұмыс істеткізу мүмкін болып жүрді, онда да бұлардың табан тірескен қарсылығын күйретуге тура келіп отырды. Әсіресе Англияда шапшаң гүлдене өскен мануфактура бұларды бірте-бірте бойына сіңірді.—

Мануфактураның шығуымен бірге түрлі ұлттар өзара бәскеге түсе бастайды, соғыс арқылы, қамқоршылық баждары мен тыйым салу жүйелері арқылы сауда күресін жүргізуге кіріседі, ал бұдан бұрын халықтар өзара қарым-қатынас орнатқанда бір-бірімен бейбіт айырбас жасасатын. Енді сауда саяси маңыз ала бастайды.

Мануфактураның шығуымен бірге жұмысшының жұмыс берушіге қатынасы да өзгереді. Цехтарда кіші шеберлер мен шебер арасында патриархтық қатынастар орын алған-ды; ал мануфактурада бұл қатынастардың орнын жұмысшылар мен капиталистің арасындағы ақша қатынастары басты; егер деревнялар мен кіші-гірім қалаларда бұл қатынастар әлі де патриархтық сынайда көрінгенімен, нағыз мануфактуралы ірі қалаларда ертедегі дәуірдің өзінде-ақ бұл сыңайдан негізінде дәнеңе де қалған жоқ.

Мануфактура және жалпы алғанда өндірістің бүкіл дамуы Американың және Ост-Индияға баратын теңіз жолының ашылуы нәтижесінде ұлғайған қарым-қатынас арқасында ерекше өрге басты. Сол жақтан әкелінген жаңа өнімдер, әсіресе қыруар алтын мен күмістің айналысқа түсуі, бұлардың таптар арасындағы қатынастарды мықтап өзгертіп, феодалдық жер меншігі мен еңбекшілерге сұрапыл соққы болып тиюі, авантюристік жорық-

* Қолжазба зақымданған. *Ред.*

тар, отаршылдық және, ең алдымен, рыноктардың ұлғаюына ендігі жерде мүмкіндік тууы және бұл рыноктардың күннен-күнге кең өріс алып, дүние жүзілік рыноктың аумағына жете өсуі — осының бәрі тарихи дамудың жаңа кезеңін [48] туғызды, ал бұған біздің бұдан әрі жалпы сипаттама беріп жатуымыздың мұнда қажеттігі жоқ. Жаңадан ашылған жерлерді отарлау нәтижесінде ұлттардың бір-бірімен жүргізген сауда күресі жаңадан нәр алып, бұрынғыдан анағұрлым кең өріс және анағұрлым қатаң сипат алды.

Сауда мен мануфактураның ұлғаюы жылжымалы капиталдың қорлануын тездетті, ал өндірісті ұлғайтуға ешқандай демеу алмаған цехтарда табиғи жолмен құралған капитал өзгеріссіз қалды немесе тіпті кеми берді. Сауда мен мануфактура ірі буржуазияны туғызды; ал цехтарда ұсақ буржуазия шоғырланды, енді мұның бұрынғыдан бір өзгешелігі, қалаларда үстемдік жүргізуден қалып, лажсыздан ірі көпестер мен мануфактура иелері үстемдігінің алдында бас июге тиісті болды*. Мануфактурамен жанасқан бетте цехтардың құлдырап кетуі міне осыдан.

Біз әңгіме етіп отырған заманда ұлттардың өзара байланысында қалыптасқан қатынастар екі түрлі болды. Алғаш айналыста болған алтын мен күмістің мардымсыз мөлшері бұл металдарды шетке шығаруға тыйым салуға әкеліп соқтырды; екінші жағынан, өсе түскен қала халқына жұмыс беру үшін қажет болған және көбінесе шетелден әкелінген өнеркәсіптің артықша жағдайсыз күнелтуі мүмкін емес-ті, бұл артықша жағдай, әрине, ішкі бәсекеге ғана емес, көбінесе сыртқы бәсекеге қарсы бағытталған еді. Осындай бастапқы тыйым салу арқылы жергілікті цехтардың артықша жағдайы бүкіл ұлтқа жайылды. Феодалдардың иеліктері арқылы жүріп өткен көпестерден сол феодалдардың алатын алымынан, көпестердің тонаудан осылайша құтылғаны үшін беретін осы төлемінен баж салығы келіп шықты, — кейін қалалар да осындай алым алып отырды және осы заманғы мемлекеттер пайда болғанда мұның өзі қазынаның ақша табатын ең қолайлы құралы болды.

Европа рыноктарында американ алтыны мен күмісінің пайда болуы, өнеркәсіптің бірте-бірте өркендеуі, сауданың тез өрге басуы және осының себебінен цехтан тыс буржуазияның гүлденуі, ақшаның өріс алуы — осының бәрі жоғарыда көрсетілген шараларға басқаша маңыз берді. Күн сайын ақшаны неғұрлым көп керек еткен мемлекет қазыналық мүдде тұрғысынан алтын мен күмісті шетке шығаруға салынған тыйымды қазір де күшінде қалдырды; жаңа ғана рынокқа келіп түскен қыруар ақшаны жалдаптықтың негізгі кәсібіне айналдырған буржуалар бұған

* Қолжазба шетіне Маркс: «Ұсақ буржуазия, орта сословие, ірі буржуазия» деп белгі соққан. *Ред.*

дән риза еді; бұрынғы артықшылықтар үкімет табысының көзіне айналды да, ақшаға сатылып отырды; баж заңдарында шетке шығару алымы пайда болды, ал мұның өзі өнеркәсіптің өркендеуін бөгейтін [49] және кілең казыналық мақсатты көздейтін шара еді.

Екінші дәуір XVII ғасырдың ортасынан басталып, XVIII ғасырдың аяғына дейін дерлік созылды. Сауда мен кеме қатынасы екінші дәрежелі роль атқарған мануфактурадан гөрі шапшаңырақ дамыды; отарлар ірі тұтынушыларға тән маңыз ала бастады; жеке ұлттар ашылып жатқан дүние жүзілік рынокты ұзаққа созылған шайқас үстінде өзара бөлісіп отырды. Бұл дәуір теңізде жүзу және отарлық монополиялар жайындағы заңдардан басталады. Ұлттар арасындағы бәсеке, мүмкіндігінше, тарифтер, тыйым салу, шарттар жасау арқылы жойылып отырды; сайып келгенде, бәсекелестер күресі соғыс (әсіресе теңіздегі соғыс) арқылы жүргізіліп, шешіліп келді. Ең қуатты теңіздік держава Англия, сауда мен мануфактура жағынан басым болып алды. Мұнда сауда мен мануфактураның бір елде шоғырланғаны айқын болды.

Мануфактура үнемі жан-жақты қорғауға алынды — ішкі рынокта қамқоршылық баж салығы арқылы, отарлық рынокта монополиялар арқылы және сыртқы рынокта сараланып белгіленген баж салығы арқылы қорғалды. Белгілі бір елде өндірілетін шикізатты өңдеу (Англияда жүн мен зығыр, Францияда жібек) көтермеленіп отырды, елде өндірілетін шикізатты (Англияда жүн) шетке шығаруға тыйым салынды, шеттен әкелінетін шикізатты (Англияда мақта) шетке әкету елеусіз қалды, әйтпесе бұған мүлде тосқауыл жасалды. Теңіз саудасында үстемдік жүргізген және барынша мол отарлық күш-қуаты бар ұлт, әрине, өз мануфактурасының — сан жағынан да, сапа жағынан да — мейлінше жоғары қарқынмен дамуын қамтамасыз етті. Тегінде мануфактураның қорғанышсыз өмір сүруі мүмкін емес-ті, өйткені оның өз рыногынан айрылып, күйзеліске ұшырауы үшін басқа елдерде болмашы ғана өзгерістің болуы жеткілікті еді; азды-көпті қолайлы жағдай тұсында оны белгілі бір елде енгізуде, дәл осы себептен оны қирату да оңай еді. Сонымен бірге оны жүргізуде, әсіресе XVIII ғасыр ішінде қолданылған әдістер арқасында оның қыруар бұқараның тұрмыс салтымен үйлесін кеткені соншалық, еркін бәсекеге рұқсат ету арқылы мануфактураның өміріне қатер төндіруге бірде-бір елдің батылы бармайды. Сондықтан, өз өнімін шетке шығару сәті түскен реттерде, мануфактура сауданың ұлғаюына немесе ықшамдалуына түгелдей кіріптар, ал оның өзінің саудаға ететін кері әсері біршама мұқымсыз. XVIII ғасырда оның екінші дәрежелі маңыз алғаны, ал көпестердің ықпалды болғаны, міне, осыдан. [50] Мемлекеттің қорғауы мен монополияларды көбірек талап еткендер нақ сол

көпестер, әсіресе кеме иелері болды; рас, мануфактура иелері де қорғауды талап еткен — және айтқанын істеткен, — бірақ саяси маңызы жағынан алғанда олар әрқашан да көпестерден төмен тұрды. Сауда қалалары, әсіресе теңіз жағалауындағы қалалар, біраз цивилизациялық дәрежеге жетіп, ірі буржуазиялық сипат алды, ал фабрикалы қалаларда ұсақ буржуазиялық стихия дәурен сүрумен болды. Салыстыр: Эйкин, т. т.²⁷. XVIII ғасыр сауда ғасыры болды. Пинто бұл туралы мүлде анық айтқан: «Сауда — біздің заманымыздың тетігі»; онан соң: «біраздан бері жұрттың бар әңгімесі тек қана сауда, теңіз қатынасы, флот болып отыр»²⁸. —

Капиталдың қозғалысы едәуір жылдамдағанымен, ол әлі де болса біршама баяу күйінде қалды. Дүние жүзілік рыноктың жік-жікке бөлшектенуі, бұлардың әрқайсысын айрықша ұлттың қанауы, ұлттар арасындағы бәсекенің жойылуы, өндірістің өзінің икемсіздігі және дамудың әлі алғашқы сатыларынан ғана өтіп отырған ақша системасының жетілмеуі, — осының бәрі айналысты қатты бөгеп отырды. Осының салдарынан ол кездегі көпестердің бәрі және сауда әдістерінің бәрі ұсақшылдық, сауда-күнәмдік пасық сипатта болды. Мануфактура иелерімен, әсіресе қолөнершілермен салыстырғанда олар, әрине, ірі бюргерлер — буржуалар — еді, бірақ келесі дәуірдегі көпестермен және өнеркәсіпшілермен салыстырғанда олар ұсақ бюргерлер болып қалды. А. Смитті салыстырыңыз²⁹. —

Бұл дәуірдің тағы бір сипаты, алтын мен күмісті шетке шығаруға қайтадан рұқсат етілді, ақша саудасы, банктер, мемлекеттік борыштар, қағаз ақша пайда болды, акциялар мен мемлекеттік құнды қағаздар арқылы жалдаптық жасау пайда болды, биржалық тайталас барлық затқа қолданылды; бұл дәуірде жалпы ақша системасы дамыды. Капитал өз бойына әлі де тән болып келген, бастапқы шынайы сипатының біразынан тағы да айрылды.

[4. Ең кең көлемдегі еңбек бөлінісі. Ірі өнеркәсіп]

XVII ғасырда бір елде — Англияда — шоғырланған сауда мен мануфактураның тоқтаусыз дамуы аз-аздап осы ел үшін біршама дүние жүзілік рынок құрды, ал осы арқылы оның мануфактура өнімдеріне тұғызған сұранымы сондай, енді мұны бұрынғы өнеркәсіп өндіргіш күштерінің көмегімен қанағаттандыру мүмкін емес еді. Өндіргіш күштерден асып кеткен нақ осы сұраным орта ғасыр заманынан бері жеке меншіктің дамуында үшінші дәуірдің [51] басталуына себепкер болған, ірі өнеркәсіпті тұғызған — өнеркәсіп мақсаттары үшін табиғат күштерін, машиналы өндірісті және ең кең көлемдегі еңбек бөлінісін пайдаландырып қозғаушы күш болды. Бұл жана кезеңнің басқа жағдай-

лары — ел ішіндегі бәсеке еркіндігі, теориялық механиканың жасалуы (Ньютон аяқтап шыққан механика тегінде XVIII ғасырда Франция мен Англияда ең кең тараған ғылым болды), т.т.— Англияда бұрыннан болатын. (Елдегі бәсеке еркіндігін барлық жерде революция арқылы — Англияда 1640 және 1688 жылдары, Францияда 1789 жылы — жеңіп алуға тура келіп отырды.)

Көп ұзамай бәсеке өзінің тарихи ролін жоғалтқысы келмеген әрбір елді өз мануфактураларын қорғау үшін жаңа баж салығы шаралар қолдануға (бұрынғы алымдар енді ірі өнеркәсіппен күресу үшін жарамсыз еді) және соның ізінше қамқоршылық баж салығы арқылы қорғалып отыратын ірі өнеркәсіпті енгізуге мәжбүр болды. Осындай қорғау шараларына қарамастан, ірі өнеркәсіп бәсекеңі сан қырлы етті (мұның өзі практика жүзінде — сауда еркіндігі деген сөз; мұндағы қамқоршылық баж салығы — тек сауда еркіндігі шеңберіндегі паллиатив ғана, қорғану қаруы ғана), қатынас құралдары мен осы заманғы дүние жүзілік рынокты жасады, сауданы өзіне бағындырды, бүкіл капиталды өнеркәсіп капиталына айналдырды, сөйтіп капиталдың шапшаң айналысын (дамыған ақша системасын) және оның орталықтануын туғызды. Сан қырлы бәсеке арқылы ірі өнеркәсіп барлық индивидтердің күш-жігерін барынша сарқа жұмсауын қажет етті. Өзінің шамасы жеткен жерде ол идеологияны, дінді, моральды, т. т. құртты, ал мұны істей алмаған жерде бұларды ол көрнеу жалған нәрселерге айналдырды. Ол тұңғыш рет бүкіл дүние жүзілік тарихты жасады, өйткені әрбір цивилизациялы елдің және ондағы әрбір индивидтің қажеттерін қанағаттандыруды бүкіл дүние жүзіне байланысты етіп қойды, өйткені жеке елдердің табиғи жолмен қалыптасқан бұрынғы оқшаулығын жойды. Ол жаратылыс тануды капиталға бағындырып, еңбек бөлінісін оның табиғи сипатына тән ақтық белгілерінен айырды. Ол тегінде табиғи жолмен қалыптасқан қатынастардың бәрін — еңбек шеңберінде мүмкін болуына қарай — жойып, бұларды ақша қатынастарына айналдырды. Табиғи жолмен қалыптасқан бұрынғы қалалардың орнына ол көз ілеспес шапшаңдықпен өсіп шыққан осы заманғы ірі өнеркәсіп қалаларын жасады. Өзі жайлаған жердің бәрінде ол қолөнерді және жалпы алғанда өнеркәсіптің бұрынғы басқыштарының бәрін қиратты. Ол сауда қаласының деревняны жеңіп шығуын аяқтады. Оның [өзгеше белгісі]* — автоматтық жүйе. [Оның дамуы]** қыруар өндіргіш күштерді туғызады, мұнда цехтық құрылыс мануфактура үшін, ал ұсақ деревня өнеркәсібі дами түскен қолөнер үшін қандай шырмау болған болса [52], жеке меншік өндіргіш күштер үшін нақ сондай шырмауға айналды. Жеке меншік үстем болып отырғанда бұл өндіргіш күштер бір жақты ғана дамып, жұрттың

* Қолжазба зақымданған. Ред.

** — азды-көпті. Ред.

көпшілігі үшін қиратқыш күштерге айналады, ал көптеген осындай өндіргіш күштер жеке меншік тұсында мүлде пайдаланылмай қалады. Ірі өнеркәсіп барлық жерде қоғам таптары арасында жалпы алғанда біркелкі қатынастар туғызды, сөйтіп жеке ұлттардың өзгешеліктерін жойды. Ақырында, әрбір ұлттың буржуазиясы өзінің айрықша ұлттық мүдделерін сақтап қалып отырғанда, ірі өнеркәсіп барлық ұлттарда мүдделері бір және ұлттық оқшаулығы жойылған тапты туғызды,— бұл тап шынында да бүкіл ескі дүниеден қол үзді, сонымен бірге оған қарсы келіп отыр. Ірі өнеркәсіп жұмысы үшін оның капиталистпен екі арадағы қатынасын ғана төзгісіз етіп қоймайды, еңбектің өзін де төзгісіз етеді.

Әлбетте, ірі өнеркәсіп белгілі бір елдің барлық жерінде бірдей дәрежеде дами қоймайды. Алайда, бұл жағдай пролетариаттың таптық қозғалысын бөгемейді: ірі өнеркәсіп туғызған пролетарлар тобы осы қозғалысты бастап, басқа бұқараның бәрін өз соңына ертеді, ал ірі өнеркәсіпке тартылмай қалған жұмысшылар осы ірі өнеркәсіптің кесірінен сол ірі өнеркәсіптің өзінде істейтін жұмысшыларға қарағанда өте нашар тұрмыс жағдайында болып шығады. Дәл сол сияқты, ірі өнеркәсібі өркендеген елдер өнеркәсібі plus ou moins* өркендемеген елдерге әсер етеді, өйткені бұлар дүние жүзілік сауда арқасында жаппай бәсеке күресіне тартылады.

* * *

Осы әртүрлі [өндірістік] формалар сонымен қатар еңбекті ұйымдастыру формалары, осы арқылы меншіктің де формалары болып табылады. Әр дәуірде нақты өндіргіш күштердің белгілі бірлестігі орын алып келді, өйткені өмір талабының өзі осы бірлестікті қажет етті.

[5. Өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қайшылық — элеуметтік революцияның негізі]

Өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қайшылық, біздің жоғарыда көргеніміздей, ілгергі тарихта талай рет болған, бірақ оның негіздеріне қауіп төндіре қоймаған осы қайшылық әрдайым революция түрінде сыртқа жарып шығуға тиісті болды, сонымен бірге бұл қайшылық түрлі көлденең формаларда — барлық талас-тартыстың жиынтығы ретінде, түрлі таптар арасындағы талас-тартыс ретінде, сана қайшылықтары, идеялық күрес, т. т., саяси күрес, т. т. ретінде — көрініп отырды. Егер тар шеңбер тұрғысынан қарайтын болсақ, онда осы көлденең формалардың бірін жұлып алып, мұны осы революциялардың

* —азды-көпті. *Ред.*

базисі деп қарауға болады; бұлай етудің онай болатын себебі, осы революцияларды туғызған индивидтердің өздері өзінің мәдени дәрежесіне және тарихи даму сатысына қарай өз басының қызметі жөнінде әралуан жалған үмітті зердесіне тоқып отырған.

Сонымен, тарихи талас-тартыстың бәрі, біздің түсінуімізше, өндіргіш күштер мен қарым-қатынас [53] формасы арасындағы қайшылыққа негізделген. Алайда, қайсыбір елде талас-тартыстың тууы үшін нақ осы елде бұл қайшылықтың ақтық шегіне жеткізілуінің ешбір қажеттігі жоқ. Халықаралық қарым-қатынастың ұлғаюы нәтижесінде туған, өнеркәсібі жағынан неғұрлым өркендеген елдермен екі арадағы бәсеке кемірек өркендеген өнеркәсібі бар елдерде де осындай қайшылық туғызу үшін жеткілікті себеп бола алады (мәселен, ағылшын өнеркәсібінің бәсекесі Германияда бүркеулі пролетариаттың бар екенін анықтады.)

[6. Индивидтер бәсекесі және таптардың қалыптасуы.

Индивидтер мен олардың тіршілік жағдайлары арасындағы қарама-қарсылықтың дамуы. Буржуазиялық қоғам жағдайында индивидтердің алдамшы коллективтілігі және коммунизм тұсында индивидтердің шынайы бірлестігі. Қоғам тіршілігі жағдайларының бірлескен индивидтер билігіне бағынуы]

Бәсеке индивидтерді бір-бірінен оқшауландырады — буржуаларды ғана емес, бастарын бір жерге қосатынына қарамастан, пролетарларды да одан бетер оқшауландырады. Сондықтан бұл индивидтер ұйымдасып алғанша көп уақыт өтеді, ал осылайша бірлесу үшін, — егер ол жергілікті нәрсе ғана болып қалмайды десек, — ірі өнеркәсіп алдымен қажетті құрал-жабдықтар, атап айтқанда, ірі өнеркәсіп қалаларын және арзан да шапшаң қатынас құралдарын жасауға тиіс екені айтпаса да белгілі. Сондықтан оқшауланған, күн сайын осындай оқшаулықты қайта туғызатын жағдайда өмір сүруші әлгі индивидтерге қарсы тұрған ұйымдасқан күш атаулыны тек ұзақ күрестен кейін ғана жеңіп шығуға болады. Бұған қарама-қарсы нәрсені талап ету осы белгілі тарихи заманда бәсеке болмасын деп немесе өздерінің оқшаулығы себепті ешқандай бақылау орната алмайтын қатынастарды индивидтер мүлде ұмытатын болсын деп талап етумен бірдей.

Тұрғын үй құрылысы. Өзінен өзі түсінікті, көшпенділердің жеке шатыры болатыны сияқты, тағыларда әр семьяның өз үңгірі немесе шайласы бар. Жеке меншіктің онан әрі дамуы нәти-

жесінде осы окшауланған үй шаруашылығы бұрынғыдан да қажет бола түседі. Екінші халықтарда ортақ егіншіліктің мүмкін болмайтыны сияқты, ортақ үй шаруашылығының болуы да мүмкін емес. Қалалардың салынуы алға басқан үлкен қадам болды. Алайда барлық бұрынғы дәуірлерде окшау шаруашылықты жоюдың, жеке меншікті жоюдан айырғысыз нәрсені жоюдың мүмкін болмаған себебі — бұл үшін әлі материалдық жағдайлар жоқ еді. Ортақ үй шаруашылығын ұйымдастыру машиналардың дамуын, табиғат күштерін және басқа өндіргіш күштерді, мәселен, су құбырын, [54] газ жарығын, бумен жылытуды, т. т., қала мен деревняның [қарама-қарсылығын] жоюды керек етеді. Бұл шарттар болмайынша ортақ шаруашылықтың өзі, кезегі келгенде, жаңа өндіргіш күш бола алмайды, материалдық базис атаулыдан жұрдай болады, сөйтіп жаңа теориялық негізге сүйенетін болады, яғни жай еріккеннің ермегі болады да, тек монастырьлық шаруашылыққа әкеліп соғады. — Әйтеуір бір мүмкін болған нәрсе — қалаларда белгілі бір мақсаттарға арналған ортақ жайлардың салынып, шоғырлануы болды (түрмелер, казармалар, т. т.). Өзінен өзі түсінікті, окшау шаруашылықты жою семьяны таратудан [Aufhebung] айырғысыз нәрсе.

(Қасиетті Максте жиі кездесетін: мемлекеттің арқасында әркім өзінің қаз-қалпында болады деген қағида — шындығында буржуа дегеніміз буржуалар тегінің бір тұлғасы ғана деген қағидамен бірдей; мұнда буржуазия *табы* өзін құрастыратын индивидтерден бұрын өмір сүрген деп жорамалданады*.

Орта ғасырларда әр қаланың тұрғындары өз өмірін сақтау үшін село дворяндарына қарсы бірігуге мәжбүр болды; сауданың ұлғаюы және қатынас жолдарының жасалуы жеке қалалардың белгілі бір дұшпанға қарсы күресте белгілі бір мүдделерді басқа қалалар жайында біліп отыруына мүмкіндік берді. Жеке қалалардағы тұрғындардың көптеген жергілікті бірлестігінен тек қана бірте-бірте қала тұрғындары *табы* пайда болды. Жеке қала тұрғындарының тұрмыс жағдайы олардың сол кездегі қатынастарға қарама-қарсылығы және осыған байланысты туған енбек әдісі нәтижесінде олардың бәріне ортақ және әрбір жеке адамға байланыссыз жағдайға айналды. Қала тұрғындары осы жағдайды жасады, өйткені олар феодалдық байланыстар жүйесінен сытылып шыққан-ды, сонымен қатар олардың өздері осы жағдайдан туды, өйткені қала тұрғындарының өздері сол кездегі феодализмге қарама-қарсылығы арқылы байланысты болған-ды. Жеке қалалар арасында байланыс жасалғаннан

* Қолжазба шетіне Маркс: «Философтарда таптың бұрыннан өмір сүруі» деп белгі соққан. *Ред.*

кейінгі жерде олардың бәріне ортақ осы жағдайлар таптық жағдайларға ұласып дамыды. Біркелкі жағдайлар, біркелкі қарама-қарсылық, біркелкі мүдделер жалпы алғанда барлық жерде нақ сондай біркелкі әдет-ғұрыптарды туғызуға тиісті болды. Өзінің тіршілік жағдайларымен бірге буржуазияның өзі тек бірте-бірте дамиды, еңбек бөлінісіне қарай өзі де әртүрлі топтарға жіктеледі де, ақыр-аяғында, бүкіл нақты меншіктің өнеркәсіп немесе сауда капиталына айналуына қарай өзіне дейін өмір сүрген дәулетті таптардың бәрін жалмайды* (сонымен қатар буржуазия бұған дейін өмір сүрген дәулетсіз таптардың көпшілігін және бұрын дәулетті болған таптардың бір бөлегін жаңа тапқа — пролетариатқа айналдырады).

Жеке индивидтер басқа бір тапқа қарсы ортақ күрес жүргізуге тиісті болғандықтан ғана [55] тап құрады; басқа реттерде олардың өздері бәсекелестер ретінде бір-біріне ишпенділікпен қарсы тұрады. Екінші жағынан, таптың өзі де индивидтер жөнінде дербес нәрсеге айналады, сондықтан индивидтер өздерінің тіршілік жағдайларын күн ілгері белгіленген күйінде кездестіреді: тап олардың тұрмыс жағдайын, сонымен бірге олардың жеке тағдырын да белгілеп, оларды өзіне бағындырады. Мұның өзі — жеке индивидтердің еңбек бөлінісіне бағынатыны сияқты құбылыс, сондықтан мұны жою жеке меншік пен еңбектің өзін жою арқылы ғана мүмкін болмақ**. Индивидтердің тапқа осылай бағынуы сонымен бірге эралуан түсініктерге, т. т. бағынуға айналып қалай дамитынын жоғарыда біз талай рет көрсетіп өткенбіз.—

Егер индивидтердің тарихта бірінен соң бірі келіп отыратын сословиелер мен таптардың жалпы тіршілік жағдайлары шеңберіндегі, сондай-ақ осымен бірге оларға таңылған жаппай түсініктер шеңберіндегі осы дамуын,— егер осы дамуды *философиялық* тұрғыдан алып қарайтын болсақ, онда осы индивидтер ішінен Тек, яки Адам дамып шықты деп, не бұлар Адамды дамытты деп пікір қорыту, әрине, оңай, яғни тарихты қорлау болып табылатын нәрсені көңілге тоқуың мүмкін. Осыдан кейін түрлі сословиелер мен таптарды жаппай көріністің саралануы деп, Тектің бөлімшелері деп, Адамның даму кезеңдері деп қарауға болады.

Әлденендей бір айрықша таптық мүддені үстем таптан қорғауына тура келмейтін тап құрылғанға дейін индивидтерді белгілі бір таптарға осылайша жатқызып отыру жойылмақшы емес.

* Қолжазбаның шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Ол ең әуелі тікелей мемлекетке қарасты еңбек тарауларын жалмайды, онан соң ± [азды-көпті] идеологиялық сословиелердің бәрін жалмайды». *Ред.*

** Мұнда «еңбекті жою» (*Aufhebung der Arbeit*) деген сөздің мәнісі не екені жайында осы томның 35—36, 63—64, 69—73-беттерін қараңыз. *Ред.*

Еңбек бөлінісі аркасында адам күштерінің (қатынастарының) заттық күштерге айналуы ол жайындағы жалпы түсінікті индивидтердің естен шығаруы арқылы жойылмақшы емес, мұның өзі сол индивидтер осы заттық күштерді қайтадан өздеріне бағындырып, еңбек бөлінісін құртқанда ғана жойылады*. Мұны коллектив болмайынша жүзеге асыру мүмкін емес. Тек коллективте ғана индивид [56] өзінің бойына біткен қасиеттерін жан-жақты дамыту үшін мүмкіндік беретін күш-қаражат алады, демек, тек коллективте ғана бас бостандығы мүмкін болмақ. Осы күнге дейін өмір сүріп келген коллективтілік суррогаттарында — мемлекетте, т. т.— үстем тап шеңберінде өсіп-жетілген индивидтер үшін ғана, онда да бұлар осы таптың индивидтері болғандықтан ғана бас бостандығы болды. Осы күнге дейін индивидтерді біріктіріп келген жалған коллективтілік дербес нәрсе ретінде өзін әрқашан да оларға қарсы қойып отырды; ал мұның өзі бір таптың екінші тапқа қарсы бірлестігі болғандықтан бағынышты тап үшін бұл мүлде алдамшы коллективтілік болып қана қоймай, жаңа бұғау да болды. Шынайы коллективтілік жағдайында индивидтер өз ассоциациясында және сол арқылы бостандыққа да ие болады.

Индивидтердің басталар жері әрқашан да олардың өздері болып келді,— бұл ретте олар, әрине, идеологтардың түсінетініндей, «таза» индивид есебінде емес, белгілі бір тарихи жағдайлар мен қатынастар шеңберінде алынады. Бірақ тарихи даму барысында,— атап айтқанда, еңбек бөлінісі тұсында қоғамдық қатынастардың сөзсіз дербес нәрсеге айналатындығынан,— әрбір индивидтің жеке басына тән тіршілігі мен белгілі бір еңбек тарауына және сонымен байланысты шарттарға бағынатын тіршілігі арасында айырмашылық пайда болады. (Мұны, мәселен, рантье, капиталист, т. т. жеке адамдар болудан қалады екен деген мағынада емес, мына мағынада түсіну керек: олардың кісілігі әбден нақты таптық қатынастар арқылы белгіленіп, анықталады, сондықтан көрсетілген айырмашылық олардың басқа тапқа қарама-қарсылығынан ғана көрінеді, ал олардың өздері жөнінде олар күйреп қалған кезде ғана білінеді.) Сословиесе (әсіресе тайпада) бұл әлі бүркеулі болады: мәселен, дворян әрқашан да дворян, әртекті [goturier] әрқашан да әртекті болып қалады, бұл олардың тіршілігіндегі басқа жағдайларға байланысты емес, бұл — олардың жеке қалпынан айырғысыз қасиет. Жеке адам ретіндегі индивидтің таптық индивидтен айырмашылығы, индивидтің тіршілік жағдайларының оның өзі үшін кездейсоқ сипаты өзі буржуазияның туындысы болып табылатын таптың пайда болуымен бірге пайда болады. Индивид-

* Қолжазба шетіне Энгельс: «(Фейербах: болмыс пен мән)» деп белгі соққан. Осы томның 41—42-беттерін салыстырыңыз. *Ред.*

тердің өзара бәсекесі мен күресі ғана осынау кездейсоқ сипаттың өзін [57] туғызып, дамытады. Сондықтан буржуазия үстемдігі тұсында индивидтер бұрынғыдан гөрі көбірек ерікті болып көрінеді, өйткені олардың тіршілік жағдайлары өздері үшін кездейсоқ нәрсе; шындығында олардың еріктілігі, әрине, кемірек, өйткені заттық күшке көбірек бағынышты. Сословиенен айырмашылық буржуазияның пролетариатқа қарама-қарсылығынан өте-мөте айқын білінеді. Қала тұрғындарының сословиесі, корпорациялары, т. т. поместьелі дворяндарға қарсы бас көтерген кезде олардың өмір сүру жағдайлары — олардың феодалдық системадан қол үзуінен бұрын-ақ бүркемелі түрде болған мал-мүлкі мен қолөнершілік еңбегі — ұнамды нәрсе ретінде көрінді де, мұның өзі феодалдық жер меншігіне қарсы қойылды, сондықтан алғашқы кезеңде өзі де өзгеше бір феодалдық формаға түсті. Әрине, қашқын крепостнойлар өздерінің бұрынғы крепостнойлық халін өз басына түскен кездейсоқ нәрсе деп санады. Бірақ бұл ретте олар өз бұғауынан азаттық алушы әрбір тап сияқты әрекет істеді, оның үстіне олар тап ретінде емес, жеке-жеке азаттық алды. Сонсын, олар сословиелік құрылыстын шеңберінен шыққан жоқ, тек жаңа сословие құрды да, жаңа жағдайда өздерінің бұрынғы еңбек әдісін сақтап, оны ілгері дамытты, сөйтіп оны бұрынғы бұғаудан, олардың жеткен дәрежесіне енді сәйкес келмей қалған бұғаудан азат етті.

Мұның керісінше, пролетарларда олардың өздерінің тіршілік жағдайы, еңбегі, сонымен бірге бүкіл қазіргі қоғамның өмір сүру жағдайлары да олар үшін кездейсоқ нәрселерге айналды, ал жеке пролетарлар бұларды әсте бақылай алмайды, олардың осындай бақылау жасауына мүмкіндік беретін ешқандай қоғамдық ұйым да жоқ. Жеке пролетардың кісілігі мен еңбектің, оған таңылған осы тіршілік жағдайының арасындағы қайшылық енді оның өзі үшін айқын бола бастайды, — әсіресе мұның себебі, жастайынан ол құрбан болып келеді және өз табының шеңберінде оның басқа тапқа өтуіне мүмкіндік берерлік жағдайға жетем деген үміті жоқ. —

[58] NB. Мынаны ұмытпау керек: крепостнойлардың өмірін сақтау қажеттігі және ірі шаруашылықтың мүмкін болмауы, осының салдарынан allotments-тің* крепостнойлар арасында бөліске салынуы крепостнойлардың феодалдар үшін өтейтін міндетті жұмысын тез арада-ақ оброк пен барщинаның орташа мөлшеріне, крепостнойдың жылжымалы мүлік жинауын мүмкін ететін мөлшерге түсірді, ал мұның өзі оның өз пәсіпін қашып кетуін оңайлатып, оның қала тұрғыны ретінде орналасуына мүмкіндік берді, сонымен қатар крепостнойлардың жіктелуін туғызды, сөйтіп, қашқын крепостнойлар енді жартылай буржуалар

* — ұсақ жер учаскелерінің. Ред.

болып алды. Оның бер жағында тағы бір айқын нәрсе, әлденендей колөнерді меңгерген крепостной шаруалардың жылжымалы мүлік жинап аларлық мүмкіндігі бәрінен де мол болды.—

Сөйтіп, егер қашқын крепостнойлар өзінің қолында нақты бар тіршілік жағдайын еркін дамытып, нығайтуға ғана талпынып келген болса, сондықтан, сайып келгенде, тек еркін еңбекке ғана қолы жеткен болса, пролетарлар өздерін жеке адамдар ретінде қорғап қалу үшін өз басының осы күнге дейін орын алып келе жатқан тіршілік жағдайын, сонымен бірге бүкіл бұрынғы қоғамның да тіршілік жағдайы болып табылатын қалыпты жоюға тиіс, яғни еңбекті жоюға тиіс. Міне сондықтан да олар қоғамды құрастырып отырған индивидтерді осы күнге дейін әлденендей бір тұтас тұлға етіп көрсетіп келген формаға, атап айтқанда, мемлекетке тікелей қарама-қарсы жағдайда болады, ал олар өздерін жеке адамдар ретінде орнықтыру үшін мемлекетті құлатуға тиіс.

Жоғарыда айтылған барлық пікірден туатын қорытынды: қайсыбір таптың индивидтері орнатқан және олардың басқа бір тапқа қарсы ортақ мүдделерінен туған қоғамдық қатынастар әрқашан да коллективтілік болып келді, ал мұндай коллективтілік индивидтерді тек орташа индивидтер ретінде ғана, олардың өз табының тіршілік жағдайында өмір сүріп отырғандығы себепті ғана қамтылды; осы қоғамдық қатынастарда болғанда олар индивидтер ретінде емес, таптың мүшелері ретінде болды. Өз бастарының өмір сүру жағдайларына да, [59] қоғамның барлық мүшелерінің өмір сүру жағдайларына да өз бақылауын орнататын революцияшыл пролетарлардың коллективтілігі тұсындағы хал бұдан мүлде өзгеше: бұл коллективтілікке индивидтер индивидтер ретінде қатысады. Мұның өзі — индивидтердің еркін даму және қозғалу жағдайларын бақылауға алатын, сол индивидтер бірлестігі (әлбетте, осы кезеңде өсіп жетілген өндіргіш күштерге негізделген бірлестік); ал бұл жағдайлар осы күнге дейін тосын қияпат өктемдігінде болып келді де, нақ сол индивидтердің индивидтер ретінде ыдырауы салдарынан және еңбек бөлінісіне байланысты туған олардың бірлестігінің, олардың ыдырауы нәтижесінде, олардың өздері үшін жат байланысқа айналған бірлестігінің сөзсіз қажет болуы салдарынан жеке индивидтерге дербес нәрсе ретінде қарсы тұрды. Бұрынғы бірлестік тек қана (мәселен, «Қоғамдық шартта»³⁰ көрсетілгеніндей, әсте кездейсоқ емес, қажетті) келісім еді (мәселен, Солтүстік Америка мемлекеті мен Оңтүстік Америка республикаларының құрылуын салыстырыңыз), ал осы келісім жасалған шарттар шеңберінде индивидтер кейін кездейсоқтықты өз мүдделері үшін пайдалануға мүмкіндік алды. Кездейсоқтықты, белгілі жағдайлар шеңберінде, бөгетсіз пайдалану жөніндегі бұл

право осы күнге дейін бас бостандығы деп аталып келеді.— Қолда бар нақты өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формалары ғана, әрине, осындай тіршілік жағдайлары болмақ.

Коммунизмнің барлық бұрынғы қозғалыстардан айырмашылығы, ол барлық бұрынғы өндірістік қатынастар мен қарым-қатынастың түп негізінде төңкеріс жасайды, стихиялы түрде пайда болған алғы шарттардың бәрін тұнғыш рет саналы түрде бұрынғы ұрпақтардың жасаған игілігі деп қарайды, бұл алғы шарттарды стихиялылықтан айырып, бірлескен индивидтердің билігіне бағындырады. Сондықтан коммунизм орнатудың шындығында экономикалық сипаты бар: мұның өзі — осы бірлестіктің материалдық жағдайларының туындысы; нақты бар жағдайларды ол бірлестік жағдайларына айналдырады. Коммунизм орнататын құрылыс — индивидтерге байланыссыз өмір сүретін нәрсе біткенді мүмкін етпейтін шынайы базис, өйткені мұның бәрі қайткенменде нақ сол индивидтер арасында осы күнге дейін болып келген қарым-қатынастың нәтижесінен басқа түк те емес. Сөйтіп, бұрынғы өндіріс пен қарым-қатынас туғызған жағдайларды коммунистер практика жүзінде табиғи нәрселер емес деп біледі, бірақ бұл ретте олар өткен ұрпақтардың ниеті немесе парызы бұларға материал қалдыру болды деп есте ойламайды және бұл жағдайлар бұларды жасаған индивидтер үшін табиғи емес нәрселер болды деп санамайды.

[7. Индивидтер мен олардың тіршілік жағдайлары арасындағы қайшылық — өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қайшылық. Өндіргіш күштердің дамуы және қарым-қатынас формаларының ауысуы]

[60] Жеке адам ретіндегі индивид пен кездейсоқ индивид арасындағы айырмашылық — жай логикалық айырмашылық емес, тарихи факт. Мұның әртүрлі уақытта әртүрлі мағынасы бар; мәселен, сословие, сондай-ақ plus ou moins* дәрежеде семья да, XVIII ғасырда индивид үшін кездейсоқ нәрсе. Бұл айырмашылық сондай, мұны әрбір заманға сәйкес біз жасауға тиісті емеспіз, мұны даяр күйінде кездесетін түрлі элементтер арасында әр заман өзі жасайды, бұл ретте ол өз түсінуі бойынша емес, материалдық тіршілік талас-тартысының қысымымен әрекет етеді.

Өткен заманға қарама-қарсы, ең бергі заманда кездейсоқ көрінген нәрсе,— демек, оған өткен заманнан мұраға қалған

* — азды-көпті. Ред.

элементтердің ішінде кездейсоқ көрінген нәрсе,— өндіргіш күштердің дамуындағы белгілі бір сатыға сәйкес болған қарым-қатынас формасы. Өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қатынас — қарым-қатынас формасы мен индивидтердің әрекеті немесе қызметі арасындағы қатынас. (Бұл қызметтің негізгі формасы — әрине, материалдық қызмет, ал әрбір басқа қызмет: ақыл-ой, саяси, діни қызмет, т. т. осыған байланысты. Материалдық тіршіліктің белгілі бір ұйымы, әрине, әрдайым өсіп дамыған қажеттерге байланысты, ал осы қажеттердің тууы, сондай-ақ бұларды қанағаттандыру да,— тарихи процестің дәл өзі, бірақ бұл процесс қойда немесе итте жоқ (Штирнердің *adversus hominem** өршелене ұсынып жүрген басты дәлелі осы³¹), дегенмен қазіргі түрінде қойдың да, иттің де — рас, *malgre eux*** — тарихи процестің жемісі екені күмәнсыз.) Индивидтер қарым-қатынас жасайтын жағдайлар, [осы жағдайлар мен индивидтер арасында] қайшылық тумай тұрған кезде, олар үшін бөгде нәрселер емес, олардың жеке басына қатысты жағдайлар болып табылады; бұлар — белгілі бір қатынастарда өмір сүруші, белгілі бір индивидтердің өзінің материалдық тіршілігін және соған байланысты нәрселерді өндіруіне бірден-бір мүмкіндік беретін жағдайлар; демек, бұлар — осы индивидтердің іс-әрекетінің жағдайлары және бұлар осы индивидтердің іс-әрекеті арқылы жасалады***. Сөйтіп, жұрт өнім өндіретін белгілі бір жағдайлар — [көрсетілген] қайшылық әлі [61] тумай тұрғанда — олардың нағыз шырмаулылығына, олардың бір жақты болмысына сәйкес келеді, ал болмыстың бір жақтылығы қайшылық туғанда ғана білінеді, демек, ең бергі ұрпақтар үшін ғана болады. Сонда бұл жағдайлар кездейсоқ бұғау болып көрінеді де, бұларды бұғау деп білетін көзқарас та өткен уақытқа жатқызылады.

Алғашында іс-әрекет жағдайлары болған, кейін соның өз бұғауы болып шыққан осы түрлі жағдайлар бүкіл тарихи дамудың өн бойында қарым-қатынас формаларының тізбекті желісін құрады; бұлардың байланыстылығы мынада: бұғауға айналған бұрынғы қарым-қатынас формасының орнын неғұрлым өсіп жетілген өндіргіш күштерге, демек, индивидтер іс-әрекетінің неғұрлым прогрестік түріне де сәйкес келетін жаңа қарым-қатынас формасы басады, бұл форма, а son touг****, бұғауға айналады да, басқа формамен ауыстырылады. Бұл жағдайлар тарихи дамудың әрбір сатысында өндіргіш күштердің бір мезгілде болатын дамуына сәйкес келетіндіктен бұлардың тарихы сонымен

* — адамға қарсы. *Ред.*

** — олардың еркінен тыс. *Ред.*

*** Қолжазба шетіне Маркс: «Қарым-қатынас формасының өзін өндіру» деп белгі соққан. *Ред.*

**** — өз кезегінде. *Ред.*

бірге дами беретін және әрбір жаңа ұрпақ қабылдап отыратын өндіргіш күштер тарихы, ендеше нақ сол индивидтер күштерінің даму тарихы да болмақ.

Бұл даму стихиялы түрде болатындықтан, яғни мұның өзі еркін біріккен индивидтердің ортақ жоспарына бағынышты болғандықтан бұл дамуда әртүрлі жер жағдайы, тайпалар, ұлттар, еңбек салалары, т. т. негізге алынады, ал бұлардың әрқайсысы алғашында басқаларына тәуелсіз дамиды да, тек аз-аздап қана олармен байланыс жасай бастайды. Сонсын, бұл даму тек өте баяу жүріп отырады, әртүрлі сатылар мен мүдделер ешқашан да толық жойылмайды, тек жеңуші мүддеге бағынады да, ғасырлар бойында сонымен қатар өлмес күнін көре береді. Бұдан шығатын қорытынды: тіпті белгілі бір ұлттың шеңберінде де индивидтер, тіпті олардың мүліктік қатынастарын былай қойғанның өзінде, мүлде әртүрлі дамуды бастан кешіреді, сондықтан неғұрлым ерте туган мүдде, өзіне сәйкес келетін қарым-қатынас формасын неғұрлым кейінгі мүддеге сәйкес келетін қарым-қатынас формасы ығыстырып шығарған кезде де, индивидтерден оқшауланған алдамшы бірлік (мемлекет, право) түрінде әлі де ұзақ уақыт дәстүр бойынша өкімет билігіне ие бола береді, ал осы өкімет билігін, сайып келгенде, революция арқылы ғана күйретуге болады. Неғұрлым жалпылама бейнелеуге жол беретін [62] кейбір мәселелерде сананың кейде өз тұсындағы эмпириялық қатынастардан озып кеткен сияқты көрінетін тағы бір себебі міне осы, ендеше әйтеуір бір ең бергі заман айқастарында өткен кездегі теоретиктердің беделіне сүйенуге болады.

Бұған керісінше, өз дамуын Солтүстік Америка сияқты өске-лең тарихи заманда бастаған елдерде бұл даму өте шапшаң жасалады. Бұл елдерде жаңадан қоныс тебетін және өздерінің қажеттері мен ескілікті елдердегі қарым-қатынас формалары арасындағы сәйкессіздіктің салдарынан осылай етуге мәжбүр болған индивидтерден басқа стихиялы түрде қалыптасқан ешқандай алғы шарттар жоқ. Сондықтан олар өз дамуын, қарамағында ескілікті елдердің өте-мөте прогресшіл индивидтері, демек, осы индивидтерге сәйкес келетін өте-мөте өскелең қарым-қатынас формасы да бар кезде, осы қарым-қатынас формасының ескілікті елдерде орнығып үлгіруінен бұрын бастайды. Кілең әскери немесе сауда мекендері ғана болып табылмайтын барлық отарлар жөнінде де осыны айтуға болады. Бұған Карфаген, грек отарлары және XI, XII ғасырлардағы Исландия мысал бола алады. Жаугершілік кезінде де, егер жаулап алынған елге өзге негізде өсіп дамыған қарым-қатынас формасы даяр күйінде көшірілетін болса, нақ осындай процесс байқалады. Өз елінде мұндай қарым-қатынас формасы өткен замандардан мұраға қалған мүдделер мен қатынастардың әлі ауыртпалығына шырмалып отырғанда,— жаңа жерде ол, ең болмағанда, шапқыншылардың

ұзақ үстемдік жүргізуін қамтамасыз ету үшін толық және бөгетсіз орнығуға тиіс. (Норман шапқыншылығынан кейінгі Англия мен Неаполь³², олардың феодалдық ұйымның ең ақтық формасына не болған кезі.)

[8. Күштеудің (шапқыншылықтың) тарихтағы ролі]

Тарихты осылай түсінушіліктің бәріне шапқыншылық фактісі қайшы келетін сияқты. Осы күнге дейін күштеу, соғыс, тонаушылық, қарақшылық, т. т. тарихтың қозғаушы күші деп жарияланып келді. Біз бұл жерде басты кезендерге ғана тоқтала аламыз, сондықтан өте-мөте айқын мысалды — анайы халықтың бұрынғы цивилизацияны қиратуын және осының ізінше қоғамның басқаша құрылымының қайтадан пайда болуын таңдап отырмыз (Рим және анайылар, феодализм және Галлия, Шығыс Рим империясы және түріктер³³).

[63] Шапқыншы анайы халықта соғыстың өзі, жоғарыда айтқанымыздай, әлі де қалыпты қарым-қатынас формасы болады, мұның өзі, дәстүрлі және ол үшін бірден-бір мүмкін боларлық жабайы өндіріс әдісі тұсында, халықтың өсуі жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын қажет еткен сайын неғұрлым кеңінен пайдаланылып отырады. Италияда, мұның керісінше, жер меншігінің шоғырлануы нәтижесінде (бұған сатып алушылық пен борыш қана емес, меншіктің мұраға өтуі де себеп болады, өйткені сол кезде өріс алып кеткен азғындықтың және некенің сирексіп кетуі салдарынан ежелгі рулар бірте-бірте құри түсіп, олардың мүлкі аздаған адамның қолына өте бастағанды) және егістік жердің жайылымға айналуы нәтижесінде (мұның өзі осы күнге дейін күшін жоймаған, кәдімгі экономикалық себептерден ғана емес, сонымен қатар тоналып алынған және алым ретінде жиналған астықтың шеттен әкелінуінен, сөйтіп итальян астығын тұтынушылардың жетімсіздігінен туғанды), — міне, осының бәрінің нәтижесінде ерікті халық мүлдем дерлік қарасы өшіп кетті; тіпті құлдар да үздіксіз өліп-өше берді, сондықтан бұлардың орнын үнемі басқалармен толықтырып отыруға тура келді. Құлдық бүкіл өндірістің негізі болып қала берді. Еріктілер мен құлдардың аралығында болған плебейлер ешқашан да люмпен-пролетариаттың дәрежесінен жоғары көтерілген емес. Рим тегінде әрқашан да тек қала күйінде қалып келді, ал оның провинциялармен орнатқан байланысы түгелдей дерлік саяси байланыс болды, сондықтан оны, әрине, саяси оқиғалар да бұза алатын еді.

Осы күнге дейінгі тарихта бар мәселе басшылықта болып келді деген түсініктен кәнігі ешнәрсе жоқ. Анайылар Рим империясын *басып алды*, ал көне заманнан феодализмге өтуге осы

басып алу фактісі себеп болды деп түсіндіру әдет болған. Бірақ анайылардың басқыншылығы тұсында бар мәселе жаулап алған халық бұл тұста, осы заманғы халықтарда болып отырғанындай, өнеркәсіптік өндіргіш күштерді өркендеткен бе, әлде оның өндіргіш күштері көбінесе оның бірлестігіне және өмір сүріп отырған қауымға [Gemeinwesen] негізделе ме, міне осыған байланысты. Сонсын, басқыншылық сипаты басып алушылық объектісіне байланысты. Егер басқыншы басып алынған елдегі өндіріс пен қарым-қатынас жағдайларына бағынбайтын болса, банкирдің құнды қағаздар түріндегі дәулетін басып алу әсте мүмкін емес. Қазіргі кездегі қайсыбір өнеркәсіпті елдің бүкіл өнеркәсіп капиталы жөнінде де осыны айтуға болады. Ақырында, барлық жерде басқыншылықтың өте тез бітетіні мәлім, ал басып аларлық енді ештеңе қалмаған жағдайда өндіріске кірісуге тура келеді. Өте тез туатын осындай өндірістік қажеттік мынаған әкеліп соғады: қоныс тепкен шапқыншылар қабылдаған қауым [Gemeinwesen] формасы солар кездестірген өндіргіш күштер дамуының сатысына сәйкес келуге тиіс, ал егер алғашында бұл сәйкестік болмаса, онда қауымның бұл формасы қолда бар өндіргіш күштерге сәйкес өзгеруге тиіс. Халықтардың қоныс аударуынан кейінгі заманда барлық жерде байқалған тағы бір фактінің себебі, атап айтқанда, құлдың мырзаға айналып, шапқыншылардың жаулап алынған халықтардың тілін, білімі мен әдет-ғұрпын өте тез қабылдаған себебі, міне, осы. Феодализм даяр күйінде әсте де Германиядан көшіріліп қондырыла салынған жоқ; оның түп негізі басқыншылардың өз басқыншылығы кезінде әскери өнерді ұйымдастыруында жатыр, ал бұл ұйым шапқыншылықтан кейін барып қана, жаулап алынған халықтарда кездескен өндіргіш күштердің әсерімен ғана нағыз феодализмге ұласты. Бұл форманың өндіргіш күштерге қаншалықты байланысты болғандығы ескілікті Рим сарқыншақтарына негізделген басқа формалар орнату жөніндегі сәтсіз әрекеттерден көрінеді (Ұлы Карл, т. т.). Жалғастырылсын.

[9. Ірі өнеркәсіп пен еркін бәсеке жағдайында өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасының арасындағы қайшылықтың дамуы. Еңбек пен капитал арасындағы қарама-қарсылық]

Ірі өнеркәсіп пен бәсекеде индивидтердің барлық тіршілік жағдайлары, барлық шарттылығы, барлық бір жақтылығы ең қарапайым екі формаға — жеке меншік пен еңбекке келіп сайды. Ақша қарым-қатынас формасы атаулыны және қарым-қатынастың өзін индивидтер үшін кездейсоқ нәрсе етеді. Сөйтіп, осы күнге дейінгі қарым-қатынас атаулы индивидтер ретіндегі индивидтердің қарым-қатынасы емес, белгілі бір жағдайдағы индивид-

тердің қарым-қатынасы ғана болғанын көрсететін құбылыстың түп негізі ақшада жатыр. Бұл жағдай екі нәрсеге: қорланған еңбекке, яғни жеке меншікке, және нақты еңбекке келіп тіреледі. Егер осылардың бірі өмір сүруден қалатын болса, онда қарым-қатынас та бөгеледі. Қазіргі экономистер — мәселен, Сисмонди, Шербюлье, т. т. — association des individus — association des capitaux* өздері қарсы қойып жүр. Екінші жағынан, индивидтердің өздері еңбек бөлінісіне мүлде бағынышты, сондықтан да бір-біріне мейлінше тәуелді етілген. Жеке меншік, еңбек шеңберінде еңбекке қарсы тұратындықтан, қор жинау қажеттігінен туып дамиды. Алғашында ол қауым [Gemeinwesen] формасын әлі де болса көбірек сақтап қалады, бірақ одан былайғы дамуында жеке меншіктің қазіргі формасына барған сайын жақындай түседі. Еңбек бөлінісінің мәнісі әуел бастан-ақ еңбек жағдайларының — еңбек құралдары мен материалдардың — бөлінісі, осыдан барып қорланған капиталдың әртүрлі меншікшілер арасында бөлшектелуі, демек, капитал мен еңбек арасында ұсақталуы, сонымен қатар сол меншіктің әртүрлі формалары деген сөз. Еңбек бөлінісі неғұрлым көбірек дамитын болса [65] және жиналған қор неғұрлым көбірек өсе түссе, осы ұсақталудың өзі де соғұрлым күштірек дамиды. Еңбектің өзі осылай ұсақталу жағдайында ғана өмір сүре алады.

(Жеке ұлттардың — немістер мен американдар индивидтеріне тән күш-жігер — нәсілдердің будандасуы аркасында біткен күш-жігер, — сол себептен немістер бірбеткейлеу келеді; Францияда, Англияда, т. т. бұратаналар әлдеқашан өркендеген жерге, Америкада мүлде тың жерге қоныстанған, ал Германияда әуелгі халық орнынан қозғалған жоқ).

Сөйтіп, мұнда екі факт анықталып отыр**. Біріншіден, өндіргіш күштер индивидтерге мүлде тәуелсіз және олардан қол үзген нәрсе ретінде, индивидтермен қатар тұрған айрықша әлем ретінде көрінеді; мұның себебі — бұларға қуат беруші индивидтер ыдыратылып, бір-біріне қарсы қойылған, оның бер жағында бұл индивидтер қарым-қатынас жасасып, өзара байланыс орнатқан күнде ғана әлгі күштер, өз тарапынан, шынайы күштерге айналмақ. Сөйтіп, бір жағында — бейне заттық формаға түскен және индивидтердің өздері үшін енді индивидтердің күштері емес, жеке меншік күштері болып табылатын өндіргіш күштер жиынтығы, — демек, индивидтер қаншалық дәрежеде жеке меншікшілер

* — индивидтер ассоциациясын — капиталдар ассоциациясына. *Ред.*

** Қолжазба шетіне Энгельс: «Сисмонди» деп белгі соққан. *Ред.*

болса, өндіргіш күштер тек соншалық дәрежеде индивидтердің күштері болады. Бұрынғы дәуірлердің бірде-бірінде өндіргіш күштер индивидтердің *индивидтер ретіндегі* қарым-қатынасына селқос қарайтын мұндай формада болып көрген емес, өйткені олардың қарым-қатынасының өзі әлі де шектеулі болатын. Екінші жағында осы өндіргіш күштерге қарсы тұрған индивидтер көпшілігі бар, әлгі күштер осы индивидтерден қол үзген, соның салдарынан нағыз өмірлік мән атаулыдан айрылған бұл индивидтер абстракт индивидтерге айналған, бірақ тек осы себептен ғана олар енді бір-бірімен *индивидтер ретінде* байланыс жасауға мүмкіндік алады.

Индивидтерді өндіргіш күштермен және өз басының тіршілігімен әлі де жалғастырып отырған бірден-бір байланыс — еңбек — іс-әрекет тұрпатынан мүлде айрылған және олардың [66] өмірін сақтағанда оны мүгедек ету арқылы ғана сақтайды. Егер бұрынғы дәуірлерде іс-әрекет пен материалдық тіршілік өндірісі әртүрлі адамдардың үлесі болғандықтан бөлініп келген болса, ал материалдық тіршілік өндірісі әлі де нақ сол индивидтердің тайыздығы себепті, іс-әрекеттің екінші дәрежелі түрі деп есептелген болса, енді бұлардың бір-бірінен бөлініп кеткені соншалық, материалдық тіршілік атаулы мақсат ретінде көрінеді де, ал осы материалдық тіршілік өндірісі — еңбек (ендігі бірден-бір ықтимал, бірақ, өзіміз көріп отырғандай, іс-әрекеттің теріс формасы болып отырған осы еңбек) — құрал ретінде көрінеді.

[10. Жеке меншікті жоюдың қажеттігі, шарттары мен нәтижелері]

Сөйтіп, енді істің насырға шапқаны соншалық, индивидтер іс-әрекетке жету үшін ғана емес, жалпы алғанда өзінің өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қазіргі өндіргіш күштер жиынтығын иемденуге тиіс.

Бұл иемдену ең алдымен иемденілуге тиісті объектіге, белгілі бір жиынтық ретінде өсіп жетілген және әржақты қарым-қатынас шеңберінде ғана болатын өндіргіш күштерге байланысты. Нақ осы себепті иемдену өндіргіш күштер мен қарым-қатынасқа сәйкес келерліктей әржақты сипат алуға тиіс. Осы күштерді иемденудің өзі — өндірістің материалдық құралдарына сәйкес келерлік дәрежеде жеке адамдардың қабілеттерін дамытудан басқа түк те емес. Бір ғана осының өзінен-ақ өндіріс құралдарының белгілі бір жиынтығын иемдену нақ сол индивидтердің белгілі бір қабілет жиынтығын дамытумен барабар.

Онан соң, бұл иемдену иемденуші индивидтерге байланысты. Іс-әрекет атаулыдан мүлде құралақан қалған қазіргі пролетарлар ғана өзінің енді шектелмейтін, толық іс-әрекетін жүргізе алатын болады, мұның мәнісі барлық өндіргіш күштер жиынты-

ғын иемденуде және осының нәтижесінде барлық қабілет жиынтығын дамытуда болмақ. Бұрынғы революциялық иемденудің бәрі шектеулі болды: шектеулі өндіріс құралдары және шектеулі қарым-қатынас арқылы іс-әрекеті күрмеулі болған индивидтер осы шектеулі өндіріс құралы [67] иемденіп отырды да, осы себепті кейбір жаңа шектеулілікке ғана жетіп отырды. Олардың өндіріс құралы өздерінің меншігіне айналды, бірақ олардың өздері еңбек бөлінісіне және өздерінің меншікті өндіріс құралына бағынышты күйінде қалды. Бұрынғы барлық иемдену тұсында индивидтер бұқарасы әлденендей бірден-бір өндіріс құралына бағынышты болып қалатын; пролетарлық иемдену тұсында қыруар өндіріс құралдары әрбір индивидке, ал меншік барлық индивидтерге бағынышты болуға тиіс. Қазіргі кездегі әржақты қарым-қатынас индивидтерге басқа ешқандай жолмен емес, мұны жұрттың бәріне бірдей бағынышты ету арқылы ғана бағындырылмақ.

Онан соң, иемденудің өзі мұны жүзеге асыратын әдіске байланысты. Мұны пролетариаттың өзіне тән қасиеттердің күшімен тағы да тек қана әржақты бола алатын бірлестік арқылы ғана және, бір жағынан, өндіріс пен қарым-қатынастың бұрынғы әдісінің, сондай-ақ қоғамның бұрынғы құрылымының өктемдігін құлататын, ал екінші жағынан, пролетариаттың әржақты сипатын, оған осы иемденуді жүзеге асыру үшін қажетті күш-жігерді дамытатын революция арқылы ғана істеуге болады, оның бер жағында пролетариат өзінің бұрынғы қоғамдық жағдайынан қалған нәрсенің бәрін өз бойынан сыпырып тастайды.

Тек осы сатыда ғана іс-әрекет материалдық тіршілікке сайма-сай болады, мұның өзі индивидтерді әбден жетік индивидтер етіп өсіруге және стихиялылық атаулыны жоюға сәйкес келеді. Дәл сол сияқты еңбектің іс-әрекетке айналуы мен бұрынғы шектеулі қарым-қатынастың индивидтер индивидтер ретінде қатысатын қарым-қатынасқа айналуы бір-біріне сәйкес келеді. Барлық өндіргіш күштер жиынтығын бірлескен индивидтердің иемденуі жеке меншікті құртады. Бұған дейін тарихта белгілі бір айрықша жағдай кездейсоқ нәрсе болып көрінген болса, енді индивидтердің окшаулығының өзі, белгілі бір индивидтің айрықша жеке кәсібі кездейсоқ нәрсеге айналады.

Ендігі жерде еңбек бөлінісіне бағынбайтын [68] индивидтерді философтар идеал деп санап, оған «Адам» деп ат қойды, сөйтіп біз суреттеп өткен бүкіл даму процесін олар «Адамның» даму процесі түрінде көрсетіп келді, оның бер жағында осы күнге дейін әрбір тарихи заманда өмір сүрген индивидтердің орнына осы «Адамды» қойып, оны тарихтың қозғаушы күші ретінде суреттеді. Сөйтіп, бүкіл тарихи процесс «Адамның» жатсыну процесі деп саналды*, шындығында, мұның мәнісі былай: олар өткен са-

* Қолжазба шетіне Маркс: «Жатсыну» деп белгі соққан. *Ред.*

тыдағы индивидтің орнына әрқашан да ең бергі сатыдағы индивидті қойып, бұрынғы индивидтерге ең бергі жердегі сананы теліп отырды. Осылайша аударыстырудың, нақты жағдайлардан көрнеу ауа жайылудың нәтижесінде бүкіл тарихты сананың даму процесіне айналдыру мүмкін болып отыр.

* * *

Азаматтық қоғам өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысының шеңберінде индивидтердің барлық материалдық қарым-қатынасын қамтиды. Бұл қоғам осы сатыдағы бүкіл сауда мен өнеркәсіпті қамтиды да, сол себепті мемлекет пен ұлттың шегінен шығып кетеді, дегенмен, екінші жағынан, ол тағы да сыртта ұлт түрінде бой көрсетіп, ел ішінде мемлекет түрінде құрылуға тиіс. «Азаматтық қоғам»* деген сөз XVIII ғасырда, меншік қатынастары көне замандағы және орта ғасырлық қауымнан [Gemeinwesen] босанып шыққан кезде пайда болған. Азаматтық қоғам дегеніміздің өзі тек қана буржуазиямен бірге дамиды; алайда тікелей өндіріс пен қарым-қатынастан өсіп шығатын, барлық уақытта мемлекеттің және басқа идеалистік** қондырманың базисі болып табылатын қоғамдық ұйым әрқашан да осылай аталып келді.

[11.] Мемлекет пен правоның меншікке қатынасы

Көне заманда болсын, орта ғасырларда болсын меншіктің бірінші формасы — тайпалық меншік, мұның өзі римдіктерде көбінесе соғыспен, ал [69] германдарда мал шаруашылығымен байланысты болды. Көне заман халықтарында, — бір қалада бірнеше тайпаның бірге тұруы себепті, — тайпалық меншік мемлекеттік меншік формасында болды, ал жеке индивидтің бұл меншікке деген правосы жай иелікпен [possessio] шектеліп отырды, алайда мұның өзі, тайпалық меншік атаулы сияқты, жер меншігін ғана қамтыды. Сөздің дәл мағынасындағы жеке меншік ерте замандағы халықтарда, қазіргі халықтардағы сияқты, жылжымалы меншікпен бірге ғана пайда болған. (Құлдық пен қауым [Gemeinwesen] (dominium ex jure Quiritum***). — Арғы тегі орта ғасыр заманынан басталатын халықтарда тайпалық меншік ірі өнеркәсіп пен жаппай бәсеке туғызған осы күнгі капиталға, таза жеке меншікке, қауымдық [Gemeinwesen] көрініс атаулыны аластап тастаған және меншіктің дамуына мемлекеттің жасайтын қандай да болсын ықпалын жойған жеке меншікке айналғанға дейін

* «Bürgerliche Gesellschaft» деген термин «азаматтық қоғам», сонымен қатар «буржуазиялық қоғам» деген мағынаны білдіреді. *Ред.*

** — яғни идеалдық, идеологиялық. *Ред.*

*** — Рим азаматтарының праволары негізіндегі иелік. *Ред.*

бірқатар аралуан сатыдан — феодалдық жер меншігінен, корпорациялық жылжымалы меншіктен, мануфактуралық капиталдан өтеді. Осы қазіргі жеке меншікке қазіргі мемлекет сәйкес келеді; мұны салық төлеу арқылы жеке меншікшілер бірте-бірте өздеріне қаратып, ақырында, мемлекеттік борыштардың жәрдемімен олардың толық билігінде болып шықты; бұл мемлекеттік биржадағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарқының жоғарылауы мен төмендеуі арқылы реттеліп отыратын бар тіршілігі түгелдей бұған жеке меншікшілер, буржуалар беріп отыратын коммерциялық кредитке байланысты. Буржуазия енді *сословие* емес, тап болып табылатындықтан, ол лажсыздан жергілікті көлемде емес, ұлттық көлемде ұйымдасып, өзінің дағдылы мүдделеріне жалпылық форма беруге тиіс. Жеке меншіктің қауымнан [Gemeinwesen] босанып шығуы арқасында мемлекет азаматтық қоғаммен қатар және одан тысқарды дербес өмір сүруге ие болды; бірақ іс жүзінде мемлекет дегеніміз буржуалар өз меншігі мен өз мүдделерін — елдің сыртқы жағында да, ішкі жағында да — өзара қауіпсіз ету үшін сөзсіз қабылдауға тиісті ұйым формасынан басқа түк те емес. Біздің заманымызда мемлекет дербестігі сословиелері тап болып әм ақырына дейін өсіп жетілмеген елдерде ғана бар: неғұрлым озат елдерде әлдеқашан жойылған бұл сословиелер мұнда әлі де белгілі роль атқарып келеді, бұлардың құрамы да едәуір ала-құла, — сондықтан мұндағы халықтың бірде-бір бөлегі оның басқа бөлектеріне үстем бола алмай отыр. Әсіресе Германиядағы жағдай осындай. Ал қазіргі мемлекеттің мейлінше қалыптасып болған үлгісі — Солтүстік [70] Америка. Ең бергі жердегі француз, ағылшын және американ жазушылары мемлекет тек жеке меншікке бола өмір сүреді деген мағынада бір ауыздан пікір айтып отыр, сондықтан бұл пікір үйреншікті санаға сіңіп те кетті.

Мемлекет дегеніміз — үстем тапқа жататын индивидтер өз мүдделерін жүзеге асыратын және белгілі бір замандағы бүкіл азаматтық қоғам түйдектеле бейнеленетін форма, — сондықтан бұдан шығатын қорытынды, жалпы ереже — қарғидалардың бәрі мемлекет арқылы жарыққа шығып, саяси форма алады. Осыдан келіп: заң ерікке, онда да шынайы негізінен қол үзген еркін ерікке негізделеді екен деген жалған үміт туады. Дәл сол сияқты кейін правоны да, кезегі келгенде, заңға апарып саяды.

Жеке право жеке меншікпен бір мезгілде табиғи жолмен қалыптасқан қауым [Gemeinwesen] формасының ыдырауынан туып дамиды. Римдіктерде жеке меншік пен жеке правоның дамуы одан былайғы жерде өнеркәсіп пен саудаға зардабын тигізген жоқ, өйткені олардың бүкіл өндіріс әдісі өзгеріссіз қалғанды*. Өнеркәсібі мен саудасы қауымның [Gemeinwesen] феодалдық формасын ыдыратқан қазіргі халықтарда жеке меншік пен жеке

* Қолжазба шетіне Энгельс: «(Өсімқорлық!)» деп белгі соққан. *Ред.*

правоның пайда болуына байланысты жаңа кезең басталып, онан әрі дамуға қабілетті екенін көрсетті. Орта ғасырларда теңіз саудасын кең өрістеткен ең тұңғыш қала Амальфи, теңіз правосын да белгілеп берді.³⁴ Өнеркәсіп пен сауда — әуелі Италияда, кейін басқа елдерде де — жеке меншікті онан әрі дамытысымен-ақ, тәптіштеп белгіленген римдік жеке право қайтадан қабыл алынып, беделді күшке ие болды. Кейін буржуазияның күшейіп алғаны соншалық, құрметті тақсырлар сол буржуазияның көмегімен ақсүйек феодалдарды күйрету үшін оның мүдделерін қорғай бастаған кезде, барлық елдерде — Францияда XVI ғасырда — право мықтап дами бастады, мұның өзі Англиядан басқа жердің бәрінде Рим кодексінің негізінде [71] жүріп отырды. Бірақ Англияның өзінде де жеке правоны (әсіресе оның жылжымалы мүлік жайындағы бөлімін) онан әрі дәйектей түсу үшін римдік правоның принциптеріне жүгінуге тура келді. (Дін сияқты, правоның да өз тарихы жоқ екенін ұмытпау керек.)

Жеке правода қазіргі меншік қатынастары жалпылама еріктің нәтижесі ретінде бейнеленеді. Бір ғана *jus utendi et abutendi**, бір жағынан, жеке меншіктің қауымға [*Gemeinwesen*] мүлде тәуелсіз болып алғанын, ал екінші жағынан, осы жеке меншіктің өзі тек қана жеке ерікке, затты емін-еркін басқаруға негізделген дейтін жалған үмітті дәлелдейді. Практика жүзінде *abuti*** деген ұғымда өз меншігінің, демек, өзінің *jus abutendi**** де өзгенің қолына өтуін қаламайтын жеке меншікші үшін белгілі экономикалық шек бар; өйткені тегінде оның еркіне қатынасы жағынан ғана қаралатын зат әсте зат емес; ол қарым-қатынас процесінде ғана және правоға байланыссыз, затқа, нағыз меншікке айналады (*қатынас*, философтар идея деп атайтын нәрсе****). Правоны таза ерікке телитін осы юридикалық жалған үміт — меншік қатынастарының онан әрі дамуында — сөзсіз мынаған әкеліп соғады: әйтеуір бір заттың шын иесі емес белгілі бір адам заң жүзінде сол затқа праволы болып шығады. Егер, мәселен, бәсекенің салдарынан қайсыбір жер учаскесі рента беруден қалатын болса, онда оның иесі қалай дегенмен де *jus utendi et abutendi* жағымен бірге оған заң жүзінде праволы бола береді. Бірақ бұл праводан оған келер түк те жоқ: егер өз жерін өңдеу үшін басы артық жеткілікті капиталы

* — пайдалану және қиянат жасау правосы, яғни затты өз қалауың бойынша басқару правосы. *Ред.*

** — қиянат жасау. *Ред.*

*** — қиянат жасау правосы. *Ред.*

**** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Қатынас философтар үшін идеямен барабар. Олардың білетіні «Адамның» өзіне өзінің қатынасы ғана, сондықтан барлық нақты қатынастар олар үшін идеяларға айналады». *Ред.*

болмаса, ол жер меншікшісі ретінде ештеңе өндіре алмайды. Юристердің нақ осындай жалған үмітінен туып жүрген нәрсе, индивидтердің өзара қатынас орнатуы, мәселен, шарт жасасуы олар үшін және кодекс атаулы үшін тегінде жай кездейсоқ нәрсе; олар бұл қатынасты өз қалауынша жасауға да, жасамай-ақ қоюға да болатын қатынас [72] және мұның мазмұны түгелдей келісуші жақтардың өз қалауына байланысты деп санайды.

Әрдайым, өнеркәсіп пен сауданың дамуы жаңа қарым-қатынас формаларын, мәселен, қауіпсіздендіру, т. с. компанияларды туғызған кезде, право меншік иеленудің жаңа түрлері ретінде бұларға рұқсат беруге мәжбүр болып отырды*.

[12. Қоғамдық сана формалары]

Еңбек бөлінісінің ғылымға ықпалы.

Мемлекетте, правода, моральда, т. т. *жазалаудың* ролі.

Буржуалардың заңда өздерін жалпылама бейнелеп көрсету-ге тиісті болатын дәл бір себебі, олар тап ретінде үстемдік жүргізеді.

Жаратылыс тану және тарих.

Саясат, право, ғылым, т. т., өнер, дін, т. т. тарихы жоқ**.

Идеологтардың барлық нәрсені басынан төңкеріп қоятыны неліктен.

Дінді уағыздаушылар, юристер, саясатшылар.

Юристер, саясатшылар (жалпы мемлекет қайраткерлері), моралистер, дінді уағыздаушылар.

Бір таптың ішіндегі осы идеологиялық жіктелу жөнінде: 1) *Еңбек бөлінісі нәтижесінде кәсіптің оқшаулануы.* Әркім өз қолөнерін ақиқат санайды. Өздерінің қолөнерінің өмір шындығымен байланысы жөнінде олардың жалған үміт жасап алуының шүбәсіздігі сондай, мұның өзі сол қолөнердің нақты жаратылысына байланысты. Қатынастар юриспруденцияда, саясатта, т. т.— санада — ұғымдарға айналады; бұлар сол қатынастардан асып түспейтіндіктен бұл қатынастар жөніндегі ұғымдар да олардың бастарында қатып қалған ұғымдарға айналады; мәселен, судья кодексті қолданады, сондықтан ол заң

* Бұдан әрі қолжазбаның аяғында Маркстің қолымен келешекте талдап шешуді керек ететін пікірлер келтірілген. *Ред.*

** Қолжазба шетіне Маркс мынадай белгі соққан: «Қауымдардың» [dem Gemeinwesen] антикалық мемлекетте, феодалдық құрылыста, абсолюттік монархияда қай түрде көрінетіні,— бұл байланысқа, әсіресе діни түсініктер сәйкес келеді». *Ред.*

жүйесін ақиқат белсенді қозғауыш деп санайды. Өз товарын қастерлеу,— өйткені олардың кәсібі жалпылықпен орайлас.

Право идеясы. Мемлекет идеясы. *Кәдімгі* санада мәселе ба-
сынан төңкеріліп қойылған. —

Дін дегеніміз әуел бастан *нағыз* тәуелділіктен туған *транс-
ценденттік* сана.

Мұны түсініктілеу етіп баяндау керек.

Право, дін, т. т. саласындағы дәстүр.

* * *

[73]* Индивидтер әрқашан да өздеріне сүйенген, әрқашан сүйенеді де. Олардың қатынастары — олардың өміріндегі шы-
найы процесс қатынастары. Олардың қатынастары оларға қа-
рама-қарсы, дербес мән алатыны неліктен? олардың өз тірші-
лігіне тән күштердің олардың өздерін билеп-төстеуші күштерге
айналлатыны неліктен?

Бір сөзбен жауап бергенде: *еңбек бөлінісі*, мұның дәрежесі
өндіргіш күштің қазіргі кезеңде қол жеткен дамуына байла-
нысты.

Жер меншігі. Қауымдық меншік. Феодалдық меншік. Қазіргі
меншік. Сословиелік меншік. Мануфактуралық меншік. Өнеркә-
сіп капиталы.

*К. Маркс пен Ф. Энгельс 1845 жылғы
ноябрь мен 1846 жылғы августтың
аралығында Брюссельде жазған*

*Бірінші рет орыс тілінде
«К. Маркс пен Ф. Энгельстің архивінде»
жарияланған, 1 кітап, 1924 ж.*

*Жеке кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр: К. Маркс пен Ф. Энгельс.
«Фейербах. Материалистік көзқарас
пен идеалистік көзқарастың қарама-
қарсылығы». («Неміс идеологиясының»
бірінші тарауының жаңадан
жариялануы). М., 1966*

* Қолжазбаның осы соңғы беті номерленбеген. Бұл бетте тарихты мате-
риалистік тұрғыдан түсіну жөніндегі баяндау желісінің бас жағына қатысты
пікірлер айтылған. Осында көрсетілген пікірлер кейін тараудың I бөліміндегі
3-параграфта дамытылған. *Ред.*

КОММУНИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ³⁵

1-інші сұрақ: Коммунизм дегеніміз не?

Жауап: Коммунизм дегеніміз пролетариатты азат ету шарттары жайындағы ілім.

2-інші сұрақ: Пролетариат дегеніміз не?

Жауап: Әлденендей бір капиталдың есебінен өмір сүрмейтін, қайта тіршілік қаражатын тек қана өз еңбегін сату жолымен табатын қоғамдық тап пролетариат деп аталады,— бұл таптың бақыты мен қайғысы, өмірі мен өлімі, бар тіршілігі еңбекке деген сұранымға байланысты, яғни істің жақсы жағдайы мен жаман жағдайының ауысуына, ешбір тежеу дегенді білмейтін бәсекенің ауытқуына байланысты. Бір сөзбен айтқанда, пролетариат, яғни пролетарлар табы,— XIX ғасырдағы еңбекші тап.

3-інші сұрақ: Демек, пролетарлар ылғи бола бермеген ғой?

Жауап: Жок, ылғи бола бермеген. Кедей және еңбекші таптар әрқашан да болған және, әдетте, еңбекші таптар жоқшылықта өмір сүрген. Бірақ жаңа ғана көрсетілген жағдайларда өмір сүрген кедейлер, жұмысшылар, яғни пролетарлар ылғи бола берген емес, сол сияқты бәсеке де ылғи әбден еркін және тежеусіз болып отырмаған.

4-інші сұрақ: Пролетариат қалай пайда болған?

Жауап: Пролетариат Англияда өткен ғасырдың екінші жартысында болған және одан кейін дүние жүзіндегі барлық цивилизациялы елдерде қайталанған өнеркәсіп революциясы нәтижесінде пайда болды. Бұл өнеркәсіп революциясы бу машинасын, жіп иіретін түрлі машиналар, механикалық тоқу станоктарын және басқа бірсыпыра механикалық жабдықтар ойлап шығарудың нәтижесінде туғанды. Өте қымбат тұратын, сондықтан тек ірі капиталистердің ғана алуға шамасы келетін бұл машиналар осы күнге дейін болып келген бүкіл өндіріс әдісін өзгертіп, бұрынғы жұмысшыларды ығыстырып шығарды, өйткені машиналар жасап шығарған товар өздерінің жетілмеген ұршықтары мен тоқу станоктарының көмегімен жұмысшылар жасай алатын товардан арзан да жақсы еді. Бұл машиналар осы жолмен өнеркәсіпті түгелдей ірі капиталистер-

дің қолына беріп, жұмысшыларға тән болмашы меншікті (аспаптар, тоқу станоктары, т. т.) мүлде құнсыздандырып жіберді, солай болғасын көп ұзамай капиталистер бәрін де өз қолына түсіріп алды, ал жұмысшыларда дәнне қалмады. Сөйтіп мата тоқу саласында фабрикалық система енгізілді. Машиналар мен фабрикалық системаны енгізуге қозғау салынысымен-ақ бұл өнеркәсіптің басқа салаларының бәрінде де, әсіресе мата әрлеу саласында, кітап басып шығаруда, қыш-құмыра өндірісінде және металл бұйымдар өндірісінде тез өріс алып кетті. Еңбек жеке жұмысшылар арасында барған сайын көбірек бөліне берді, сондықтан бұрын бір жұмысты түгелдей атқаратын жұмысшы енді оның бір бөлегін ғана істейтін болды. Еңбектің осылай бөлінісі өнімді тезірек, сол себепті арзанырақ та жасап шығаруға мүмкіндік берді. Мұның өзі әрбір жұмысшының қызметін әйтеуір бір өте қарапайым, үнемі қайталанып отыратын, механикалық тәсіл дәрежесіне түсірді, ал мұны машинаның өзі де ойдағыдай, тіпті одан да жақсы орындай алатын еді. Осылайша өнеркәсіптің осы салаларының бәрі, нақ жіп иіру және мата тоқу өндірісінде орын алған жағдай сияқты, бірінен соң бірі будың, машиналар мен фабрикалық системаның қарамағына көше берді. Бірақ осы арқылы бұлар түгелінен ірі капиталистердің қолына өтіп отырды, ал жұмысшылар бұл жерде де өздерінің ақтық дербестігінің қалдықтарынан айрыла берді. Фабрикалық система бірте-бірте өз үстемдігін сөздің дәл мағынасындағы мануфактураға ғана таратып қоймай, қолөнерді де барған сайын көбірек иемдене берді, өйткені бұл салада да ірі капиталистер көп шығынды үнемдеуге, сонымен қатар еңбек бөлінісін тәптіштеп енгізуге мүмкіндік беретін үлкен шеберханалар ұйымдастыру арқылы ұсақ шеберлерді барған сайын көбірек ығыстырып шығарып отырды. Осының нәтижесінде біздің қазіргі келіп жеткен жеріміз сол, цивилизациялы елдерде еңбектің барлық саласында дерлік фабрикалық өндіріс баянды етілді де, ірі өнеркәсіп қолөнер мен мануфактураны осы салалардың бәрінен дерлік ығыстырып шығарды.— Соның салдарынан бұрынғы орташа сословие, әсіресе ұсақ қолөнер шеберлері, барған сайын көбірек күйзеліске ұшырауда, қызметкердің бұрынғы жағдайы мүлде өзгеріп, басқаларының бәрін бірте-бірте өз бойына сіңіруші екі жаңа тап құрылып отыр. Атап айтқанда:

1. Ірі капиталистер табы, бұлар барлық цивилизациялы елдерде қазіргі уақыттың өзінде-ақ барлық тіршілік заттарын, сонымен қатар оларды өндіру үшін қажетті шикізат пен құралдарды (машиналарды, фабрикаларды, т. с.) бірден-бір дерлік иемденуші болып отыр. Бұл — буржуалар табы, яғни буржуазия.

II. Мүлде дәулетсіздер табы, бұлар осының салдарынан

буржуаларға лажсыздан өз еңбегін сатады да, оның орнына өздерінің өмір сүруі үшін қажетті тіршілік заттарын алып отырады. Бұл тап пролетарлар табы, яғни пролетариат деп аталады.

5-інші сұрақ: Пролетарлар өз еңбегін буржуаларға қандай жағдайларда сатады?

Жауап: Еңбек — басқа товар атаулы сияқты товар, сондықтан мұның бағасы басқа товар атаулының бағасын белгілейтін заңдар бойынша анықталады. Ірі өнеркәсіп немесе еркін бәсеке үстемдік етіп отырғанда, — бұл екеуінің мәнісі бір екенін біз кейін көреміз, — товардың бағасы орта есеппен осы товарды өндіру шығындарына тең болады. Демек, еңбектің бағасы да еңбекті өндіру шығындарына тең, ал еңбекті өндіру шығындары нақ жұмысшының еңбекке деген өз қабілетін сақтауы үшін және жұмысшы табының құрып кетпеуі үшін қажетті мөлшердегі тіршілік заттарынан құралады. Жұмысшы өз еңбегі үшін осы мақсатқа керекті мөлшерден артық ақы ала алмайды; демек, еңбектің бағасы, яғни жалақы, мейлінше төмен белгіленіп, жан сақтау үшін қажетті минимум мөлшерінде болмақ. Бірақ істің беталысы біресе жақсы, біресе нашар болатындықтан, құдды өз товары үшін біресе көп, біресе аз түсім алатын фабрикант сияқты, жұмысшы да ақыны біресе көп, біресе аз алып отырады. Сөйтіп жақсы кез бен нашар кезді қоса алғанда фабриканттың өз товары үшін алатыны орта есеппен өндіріс шығындарынан көп те, аз да болмайтыны сияқты, жұмысшы да орта есеппен осы минимумнан көп те, аз да алмақшы емес. Ірі өнеркәсіп еңбектің барлық саласын неғұрлым көбірек меңгерген сайын жалақы жөніндегі осы экономикалық заң соғұрлым қатаң қолданыла бермек.

6-ыншы сұрақ: Өнеркәсіп революциясына дейін қандай еңбекші таптар өмір сүрген?

Жауап: Еңбекші таптар, қоғамдық дамудың түрлі сатыларына қарай, әртүрлі жағдайларда өмір сүріп, дәулетті және үстем таптар жөнінде әртүрлі жағдайда болып келген. Ерте заманда еңбекшілер өз кожаларының құлдары болды, дәл сол сияқты көптеген мешеу елдерде, тіпті Құрама Штаттардың оңтүстік бөлегінде де олар қазіргі кезде де құл болып отыр. Орта ғасырларда олар жер иеленуші дворяндардың *крепостнойлары* болды, олар Венгрияда, Польша мен Россияда осы күнге дейін осындай халде қалып отыр. Сонымен қатар орта ғасырлардағы қалаларда, өнеркәсіп революциясына дейін, ұсақ буржуазиялық шеберлерде жұмыс істейтін қолөнерші кіші шеберлер болып келді, ал мануфактураның дамуына байланысты бірте-бірте мануфактура жұмысшылары пайда болып отырды, бұларды енді неғұрлым ірі капиталистер жалдайтын болды.

7-інші сұрақ: Пролетардың құлдан айырмасы қандай?

Жауап: Құл мәңгі-бақи сатылған, пролетар күн сайын және сағат сайын өзін өзі сатуға тиіс. Әрбір жеке құл — белгілі бір мырзаның меншігі және сол мырзаның мүдделілігі себепті құл қаншалықты аянышты халде болса да оның өмір сүруі қамтамасыз етілген. Ал жеке пролетарды алатын болсақ, ол, былайша айтқанда, бүкіл буржуазия *табының* меншігі. Оның еңбегі біреуге қажет болған күнде ғана сатып алынады, сондықтан оның өмір сүруі қамтамасыз етілмеген. Тек тұтас пролетарлар *табының* ғана осылай өмір сүруі қамтамасыз етілген. Құл бәсекеден тысқары тұрады, пролетар бәсеке жағдайында болып, оның барлық ауытқуын өз басынан кешіріп, сезіп-біліп отырады. Құл азаматтық қоғам мүшесі емес, зат ретінде есептеледі. Пролетар кісі ретінде, азаматтық қоғамның мүшесі ретінде танылады. Демек, құлдың күн көрісі пролетарға қарағанда адам төзерлік болуы мүмкін, бірақ пролетар дамудың анағұрлым жоғары сатысында тұрған қоғамға жатады, оның өзі де құлға қарағанда анағұрлым жоғары сатыда. Құл барлық жеке меншік қатынастарының ішінде жалғыз құлдық қатынасын ғана жою арқылы азаттық алады да, тек осының аркасында ғана пролетар болады; ал пролетар жеке меншік атаулыны түгел жойғанда ғана өзін азат ете алады.

8-інші сұрақ: Пролетардың крепостнойдан айырмасы қандай?

Жауап: Крепостнойдың иелігі мен пайдалануында өндіріс құралы, ұлтрақтай жері бар, міне осы үшін ол өз табысының бір бөлегін береді немесе бірқатар жұмыс атқарады. Ал пролетар басқаға тән өндіріс құралдарымен жұмыс істейді және сол басқаның пайдасына жұмыс істейді де, оның есесіне табыстың бір бөлегін алып отырады. Крепостной үлес береді, пролетар үлес алады. Крепостнойдың өмір сүруі қамтамасыз етілген, пролетардың өмір сүруі қамтамасыз етілмеген. Крепостной бәсекеден тысқары тұрады, пролетар бәсеке жағдайында болады. Крепостной не қалаға қашып кетіп, сонда қолөнерші болуы арқылы, не өзінің помещигіне жұмыстың немесе өнімнің орнына ақша беріп, еркін арендатор болуы арқылы, не өзінің феодалын қуып жіберіп, өзі меншік иесі болуы арқылы өзін азат етеді. Қысқасы, ол қарамағында меншігі бар таптың қатарына әйтеуір бір жолмен қосылу арқылы өзін азат етеді де, бәсеке саласына кіреді. Ал пролетар бәсексін, жеке меншікті және барлық таптық айырмашылықты жою арқылы өзін азат етеді.

9-ыншы сұрақ: Пролетардың қолөнершіден айырмасы қандай?*

10-ыншы сұрақ: Пролетардың мануфактура жұмысшысынан айырмасы қандай?

* Бұдан кейін Энгельс қолжазбада 9-шы сұрақтың жауабына арнап ашық жер қалдырған. *Ред.*

Жауап: XVI—XVIII ғасырлардағы мануфактура жұмысшысының қарамағында барлық жерде дерлік өндіріс құралдары: өзінің тоқу станогы, семьясына арналған ұршығы және ұлтрақтай жері болды, бұл жерді ол жұмыстан босаған уақытта өндеп отырды. Пролетарда мұның бірі де жоқ. Мануфактура жұмысшысы әрқашан дерлік деревняда тұрады және өзінің помещигімен немесе жұмыс берушісімен азды-көпті патриархтық қатынаста болады. Пролетар көбінесе үлкен қалаларда тұрады және оны жұмыс берушімен байланыстыратын нәрсе тек ақша қатынасы ғана. Ірі өнеркәсіп мануфактура жұмысшысын оның патриархтық жағдайынан айырады; ол әлі де иеленіп келген ақтық мүлкінен айрылады да, тек осы себептен ғана пролетарға айналады.

11-інші сұрақ: Өнеркәсіп революциясының және қоғамның буржуалар мен пролетарларға бөлінуінің ең бергі зардаптары қандай?

Жауап: Біріншіден, машиналы еңбектің өнеркәсіп бұйымдарының бағасын барған сайын төмендете түсуі салдарынан әлемнің барлық елдерінде мануфактураның, яғни қол еңбегіне негізделген өнеркәсіптің бұрынғы системасы бүтіндей қиратылды. Осы күнге дейін тарихи дамуға азды-көпті жат болып келген және өнеркәсібі осы күнге дейін мануфактураға негізделіп келген жартылай варвар елдердің бәрі осылайша зорлықтың күшімен өздерінің томаға-тұйық халінен ада-күде қол үзді. Олар ағылшындардың арзандау товарын сатып ала бастап, өздеріндегі мануфактура жұмысшыларын құрып кетуге душар етті. Сөйтіп, мындаған жылдар бойы прогресс дегенді білмеген, мәселен, Үндістан сияқты елдер нағыз революцияға кезікті, тіпті Қытай да қазіргі уақытта революцияға жақындап келеді. Істің насырға шапқаны соншалық, бүгінгі таңда Англияда ойлап шығарылған жаңа машина бір жылдың ішінде Қытайдағы миллиондаған жұмысшыларды нансыз қалдырып отыр. Сөйтіп, ірі өнеркәсіп жер бетіндегі барлық халықтарды өзара байланыстырды, кіші-гірім жергілікті рыноктардың бәрін дүние жүзілік рынокқа біріктірді, барлық жерде цивилизация мен прогресс үшін негіз әзірледі және осының нәтижесінде цивилизациялы елдерде жасалған өзгеріс біткен барлық басқа елдерге әсерін тигізуге тиіс; сондықтан, егер қазір Англияда немесе Францияда жұмысшылар өздерін азат ететін болса, онда мұның өзі басқа елдердің бәрінде революциялар туғызуға тиіс, сөйтіп бұл революциялар ерте ме, кеш пе мұнда да жұмысшыларды азат етуге себепкер болмақ.

Екіншіден, ірі өнеркәсіп мануфактураның орнын басқан жерлердің бәрінде өнеркәсіп революциясы буржуазияның байлығы мен күшқуатын адам айтқысыз молайтып, оны елдегі

бірінші тапқа айналдырды. Мұның нәтижесінде осындай процесс жасалған жерлердің бәрінде буржуазия саяси билікті өз қолына алып, осы уақытқа дейін үстемдік етіп келген таптарды — аристократияны, цехтық бюргерлерді және осы екеуінің өкілі болған абсолюттік монархияны ығыстырып шығарды. Буржуазия майораттарды, яғни жер иеліктерінің жатсынбаушылығын, дворяндардың барлық артықшылықтарын жойып, аристократияның, дворяндардың күш-қуатын құртты. Ол қолөнершілердің барлық цехтары мен барлық артықшылықтарын жойып, цехтық бюргерлердің күш-қуатын күйретті. Бұлардың орнына ол еркін бәсекені орнатты, яғни қоғамда әркім өнеркәсіптік қызметтің кез келген саласымен айналысатын право, оның бер жағында оның осылай етуіне бұған керекті капиталдың жоқтығынан басқа ешбір бөгет жасалмайтын жағдай орнатты. Сөйтіп, еркін бәсекенің енгізілуі ендігі жерде қоғамның мүшелері капиталдарының тең болмауы себепті ғана бір-бірімен тең емес, капитал шешуші күшке айналады, ал капиталистер, буржуалар осы арқылы қоғамдағы бірінші тапқа айналады деп ашық мәлімдеумен барабар. Бірақ еркін бәсеке ірі өнеркәсіптің өркендеуінің бастапқы дәуірі үшін қажет, өйткені мұның өзі ірі өнеркәсіптің өсіп жетілуіне мүмкіндік беретін бірден-бір қоғамдық қалып. — Буржуазия дворяндар мен цехтық бюргерлердің қоғамдық күш-қуатын осы жолмен жойғаннан кейін олардың саяси билігін де жойды. Қоғамда бірінші тапқа айналғаннан кейін буржуазия өзін саясат саласында да бірінші тап деп жариялады. Ол заң алдындағы буржуазиялық теңдікке, еркін бәсекені заң жүзінде тануға негізделген өкілдік системасын енгізу арқылы осылай етті. Бұл система Европа елдерінде конституциялы монархия түрінде енгізілген болатын. Конституциялы монархияларда белгілі мөлшерде капиталы бар адамдар ғана, яғни буржуалар ғана сайлаушылар праволарымен пайдаланады. Осы сайлаушы буржуалар депутаттар сайлайды, ал осы депутат буржуалар салық төлемей қою правосын пайдаланып, буржуазиялық үкіметті сайлайды.

Үшіншіден, өнеркәсіп революциясы буржуазияның дамуына еткен әсері дәрежесінде барлық жерде пролетариаттың дамуына да септігін тигізді. Буржуазия байыған сайын пролетарлардың саны көбейе түсті. Пролетарларға жұмысты капитал ғана бере алады, ал капитал еңбекті қолданғанда ғана көбейеді, сондықтан пролетариат капиталдың өсуіне сайма-сай өсіп отырады. Сонымен қатар өнеркәсіп революциясы буржуалар мен пролетарларды өнеркәсіпті өркендетуге өте-мөте тиімді үлкен қалаларға жинайды да, осыншама қыруар жұртты *бір* жерге жинау арқылы пролетарлардың зердесіне өз күшін сезінген берік сенім ұялатады. Онан соң, өнеркәсіп революциясы дамы-

ған сайын, қол еңбегін ығыстырып шығаратын жаңа машиналар ойлап шығарған сайын ірі өнеркәсіп жалақыға көбірек қысым жасап, оны, жоғарыда айтқанымыздай, минимумға дейін төмендетеді, соның салдарынан пролетариаттың хал-жағдайы барған сайын адам төзгісіз бола береді. Сөйтіп, бір жағынан, пролетариат наразылығының өсуі нәтижесінде, екінші жағынан — оның қуатының өсуі нәтижесінде өнеркәсіп революциясы әлеуметтік революцияны әзірлейді, оны пролетариат жүзеге асырады.

12-інші сұрақ: Өнеркәсіп революциясының одан кейінгі зардаптары қандай болды?

Жауап: Ірі өнеркәсіп, бу машиналары мен басқа да машиналар түрінде, қысқа мерзім ішінде және азын-аулақ шығынмен өнеркәсіп өндірісін шексіз ұлғайта түсуге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтар жасады. Өндірісті ұлғайтудың осындай жеңілдігі арқасында осы ірі өнеркәсіптің қажетті нәтижесі болып табылатын еркін бәсеке көп ұзамай мейлінше өткір сипат алды; капиталистер қауымы өнеркәсіпке ұмтылды да, тез арада-ақ өнім тұтынуға боларлық мөлшерден артық өндірілді. Осының нәтижесінде өндірілген товарларды сатуға мүмкіндік болмай қалды да, сауда дағдарысы дейтін нәрсе басталды. Фабрикалар тоқтауға тиісті болды, фабриканттар күйреп, жұмысшылар нансыз қалды. Барлық жерде сұрапыл қайыршылық басталды. Біраз уақыт өткеннен кейін басы артық өнімдер сатылды, фабрикалар қайтадан жұмыс істей бастады, жалақы көтерілді, сөйтіп қай кездегіден болса да істің жайы бірте-бірте жақсара берді. Бірақ бұл ұзаққа барған жоқ, өйткені көп ұзамай товар тағы да тым көп өндіріліп, жана дағдарыс басталды да, мұның өзі дәл бұрынғы дағдарыс сияқты өтіп жатты. Сөйтіп, осы ғасырдың басынан бастап өнеркәсіп жағдайы гүлдену дәуірлері мен дағдарыс дәуірлері арасында дамылсыз ауытқып отырды да, осындай дағдарыс әрбір бес-жеті жыл ішінде ұдайы дерлік қайталана берді, оның бер жағында бұл дағдарыс әрдайым жұмысшыларды асқан алапатқа ұшыратты, жаппай революциялық дүрбелең туғызып, бүкіл өмір сүруші құрылысқа аса зор қауіп-қатер төндірді.

13-інші сұрақ: Ұдайы қайталанып отыратын осы сауда дағдарыстарынан шығатын қорытынды қандай?

Жауап: Біріншіден, ірі өнеркәсіп өз дамуының алғашқы шағында еркін бәсекені өзі туғызса да, қазіргі уақытта ол еркін бәсекенің шеңберінен асып кетіп отыр; бәсеке және тегінде өнеркәсіп өндірісін жеке адамдардың жүргізуі өнеркәсіптің бұғауына айналды, ол мұны қиратуға тиіс және қиратады да; ірі өнеркәсіп, қазіргі негізде жүргізіліп отырғанда, әрбір жеті жыл сайын қайталана беретін жаппай ойран салмайынша өмір сүре алмайды, ал мұның өзі әрдайым бүкіл цивилизацияны қатерге ұшыратады және пролетарларды қайыршылық шыңырауына батырып қана қоймай, көптеген буржуаны да күйзеліске ұшыратады: демек,

не ірі өнеркәсіптен бас тарту қажет,— ал бұлай ету мүлде мүмкін емес,— не оның қоғамды жаңаша ұйымдастыруды сөзсіз қажет етіп отырғанын мойындау керек, ал мұндай ұйым тұсында өнеркәсіп өндірісін өзара бәсекелесуші жеке фабриканттар басқармай, тұрақты жоспар бойынша және қоғамның барлық мүшелерінің қажеттеріне сәйкес бүкіл қоғам басқаратын болады.

Екіншіден, ірі өнеркәсіп және соның өзі туғызып отырған өндірісті шексіз ұлғайту мүмкіндігі жаңа қоғамдық құрылыс жасауға жол ашады, сөйтіп мұнда тіршілікке қажетті барлық заттардың көп өндірілетіні соншалық, қоғамның әрбір мүшесі өзінің барлық күш-қабілетін емін-еркін өршітіп, қолдана алатын болады. Сонымен, ірі өнеркәсіптің қазіргі қоғамда қайыршылық атаулы мен барлық сауда дағдарыстарын туғызып отырған қасиетінің дәл өзі басқа қоғамдық ұйым тұсында осы қайыршылықты және апатқа ұшыратушы осы ауытқушылықты жоятын қасиетке айналады.

Сөйтіп, әбден нанымды түрде дәлелденген нәрселер:

1) қазіргі уақытта бұл алапаттың бәріне замана шарттарына енді сәйкес келмей қалған жалғыз қоғамдық құрылыс қана себеп болып отыр;

2) жаңа қоғамдық құрылыс орнату жолымен бұл алапаттарды біржола жою үшін қажетті құралдар қазірдің өзінде бар.

14-інші сұрақ: Бұл жаңа қоғамдық құрылыс қандай болуға тиіс?

Жауап: Ең алдымен, тегінде өнеркәсіпті және барлық өндіріс салаларын басқару ісі бір-бірімен бәсекелесуші жеке индивидуумдардың қолынан тартып алынады. Мұның орнына өндірістің барлық салалары бүкіл қоғамның қарамағында болады, яғни қоғамның мүдделері үшін, қоғамдық жоспар бойынша және қоғамның барлық мүшелерінің қатысуымен жүргізілетін болады. Сөйтіп, бұл жаңа қоғамдық құрылыс бәсекені жойып, оның орнына ассоциация орнатады. Өнеркәсіпті жеке адамдардың жүргізуі сөзсіз жеке меншікке әкеліп соғады және бәсеке дегеніміз өнеркәсіпті өзгеше жүргізу әдісі, яғни оны дербес жеке меншікшілдердің басқаруы деген сөз, сондықтан жеке меншік өнеркәсіпті жеке-дара жүргізуден және бәсекеден айырғысыз нәрсе. Демек, жеке меншік те жойылуға тиіс болады да, оның орнын өндірістің барлық құралдарын бірлесіп пайдалану және өнімді баршаның келісімі бойынша бөлу, яғни мүлік ортақтығы дейтін басады. Жеке меншікті жоюдың өзі өнеркәсіптің өркендеуі нәтижесінде қажет болып отырған бүкіл қоғамдық құрылысты өзгертудің тіпті ең қысқа және өте-мөте жинақы көрінісі болып табылады. Сондықтан коммунистердің жеке меншікті жоюды өздерінің басты талабы ретінде ұсынуы әбден дұрыс.

15-інші сұрақ: Демек жеке меншікті жою бұрын мүмкін болмаған ғой?

Жауап: Иә, мүмкін болмаған. Қоғамдық құрылысты өзгертудің қандайы болса да, меншік қатынастарындағы төңкерістің қандайы болса да бұрынғы меншік қатынастарына сәйкес келмей қалған жаңа өндіргіш күштерді жасаудың қажетті нәтижесі болып келді. Жеке меншіктің өзі де осылай пайда болған. Әңгіме мынада: жеке меншік әрқашан бола берген емес; орта ғасырлардың аяқ шенінде мануфактура түрінде жаңа өндіріс әдісі, сол кездегі феодалдық және цехтық меншіктің шеңберіне сыймайтын өндіріс әдісі пайда болған кезде, бұрынғы меншік қатынастары шеңберінен асып түскен бұл мануфактура өзі үшін меншіктің жаңа формасын — жеке меншікті жасап алды. Мануфактура үшін және ірі өнеркәсіп өркендеуінің бірінші сатысы үшін жеке меншіктен басқа ешқандай меншік формасы мүмкін емес-ті, жеке меншікке негізделген құрылыстан басқа ешқандай қоғамдық құрылыс мүмкін емес-ті. Жұрттың бәріне жететін мөлшерде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық капиталды көбейту және өндіргіш күштерді онан сайын өркендету үшін артылып қаларлық мөлшерде де өнім өндіру мүмкін болмай отырғанда қоғамның өндіргіш күштерін басқаратын үстем тап және екінші тап — сзілген, кедей тап әрқашан қала бермекші. Бұл таптардың қандай екені өндірістің даму дәрежесіне байланысты. Егіншілікке тәуелді болған орта ғасырда біз помещик пен крепостнойдың болғанын көреміз; орта ғасырдың бергі кезеңіндегі қалаларда — цех шебері, кіші шебер және күндікші; XVII ғасырда — мануфактура несі мен мануфактура жұмысшысы; XIX ғасырда — ірі фабрикант пен пролетар. Баршаға аян, өндіргіш күштер жұрттың бәріне жетерлік мөлшерде өнім өндіруге мүмкіндік берерлік және жеке меншік осы өндіргіш күштердің өркендеуіне кедергі, тосқауыл боларлық дәрежеде осы күнге дейін дамып жетілген жоқ еді. Ал енді ірі өнеркәсіптің өркендеуі арқасында, *біріншіден*, бұрын-соңды құлақ естімеген көлемде капиталдар мен өндіргіш күштер жасалды және осы өндіргіш күштерді қысқа мерзім ішінде шексіз көбейту үшін қажетті құралдар бар. *Екіншіден*, бұл өндіргіш күштер аздаған буржуалардың қолында жинақталған, ал халықтың қалың бұқарасы барған сайын пролетарларға айналууда, оның бер жағында буржуалардың байлығы неғұрлым молайған сайын әлгі халық бұқарасының халі соғұрлым мүшкіл және адам тәзгісіз бола түсуде. *Үшіншіден*, осынау күдіретті, әрі оңай көбейгіш өндіргіш күштердің жеке меншік пен буржуалардың шеңберінен асып кеткені соншалық, бұлар қоғамдық құрылысты үздіксіз қатты-қатты шайқалтуда. Сондықтан тек енді ғана жеке меншікті жоюға мүмкіндік туғаны былай тұрсын, тіпті мұның өзі мүлде қажет те болып отыр.

16-ыншы сұрақ: Жеке меншікті бейбіт жолмен жоюға бола ма?

Жауап: Осылай болса екен деп тілеуге болар-ақ еді және ком-

мунистер бұған қарсы шығатындардың ішінде, әрине, ең соңғы кезекте болар еді. Заговор атаулының пайдасыздығы былай тұрсын, тіпті зиянды да екенін коммунистер өте жақсы біледі. Революцияны күн ілгері ойланылған ниетпен және өз қалауың бойынша жасауға болмайтын, революция қай кезде және қай жерде болса да жағдайдың қажетті нәтижесі болып келгенін, бұл жағдайдың жеке партиялар мен тұтас таптардың еркіне де, басшылығына да мүлде байланыссыз екенін олар өте жақсы біледі. Бірақ, сонымен бірге, олар барлық цивилизациялы елдерде дерлік пролетариаттың дамуы зорлықтың күшімен жанышталып отырғанын, сөйтіп коммунистердің дұшпандары революция үшін барынша жұмыс істеуде екенін көріп-біліп келеді. Егер осының бәрі, сайып келгенде, езілген пролетариатты революцияға итермелейтін болса, онда біздер, коммунистер, пролетариат ісін қазіргі сөзімізден кем соқпайтын қимылымызбен де қорғайтын боламыз.

17-інші сұрақ: Жеке меншікті бірден жоюға бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды, қолда бар өндіргіш күштерді қоғамдық шаруашылықты жасау үшін қажетті мөлшерде бірден көбейтуге болмайтыны сияқты, бұл да мүмкін емес. Сондықтан барлық белгілеріне қарағанда, төніп келе жатқан пролетариат революциясы қазіргі қоғамды тек бірте-бірте қайта құра алады және жеке меншікті жойғанда осы үшін қажетті мол өндіріс құрал-жабдықтары жасалған кезде ғана жоя алады.

18-інші сұрақ: Бұл революцияның барысы қандай болады?

Жауап: Ең алдымен, ол демократиялық құрылысты және осы арқылы, тікелей немесе жанамалап, пролетариаттың саяси үстемдігін орнатады. Тікелей — Англияда орнатады, өйткені мұнда пролетариат қазірдің өзінде-ақ халықтың көпшілігі болып отыр; жанамалап — Франция мен Германияда орнатады, өйткені бұларда халықтың көпшілігі пролетарлар ғана емес, сонымен қатар әлі де пролетариатқа өту сатысында ғана тұрған, өздерінің барлық саяси мүдделерін жүзеге асыруда пролетариатқа барған сайын көбірек тәуелді болып отырған, сондықтан да көп ұзамай соның талаптарына қосылуға тиісті болатын ұсақ шаруалар мен қалалық ұсақ буржуалардан құралған. Бұл үшін, бәлкім, әлі де жаңа күрес жүргізу керек болар, алайда мұның өзі пролетариаттың сөзсіз жеңісімен аяқталуға тиіс.

Демократияны жеке меншікке тікелей қол салатын және пролетариаттың өмір сүруін қамтамасыз ететін кең шаралар жүргізу үшін керекті құрал ретінде дереу пайдаланбаса, — пролетариатқа ол мүлде керексіз болар еді. Қазіргі жағдайлардан сөзсіз келіп шығатын осындай ең басты шаралар мыналар:

1) Жеке меншікке шек қою: үдемелі салық, мұраға көтерінкі салық салу, көлденең тумалардың (аға-інілердің, немере-жандердің, т. т.) мұрагерлігін жою, еріксіз заемдар, т. т.

2) Ішінара мемлекеттік өнеркәсіп тарапынан бәсеке жасау арқылы, ішінара тікелей ассигнатқа сатып алу жолымен жер меншікшілерін, фабриканттарды, темір жол иелері мен кеме иелерін бірте-бірте экспроприациялау.

3) Халықтың көпшілігіне қарсы бас көтерген барлық эмигранттар мен бүлікшілердің мүлкін конфискелеу.

4) Пролетарлардың еңбегін ұйымдастыру немесе оларға ұлттық имениелерден, фабрикалар мен шеберханалардан жұмыс беру, осының нәтижесінде жұмысшылардың өзара бәсекесі жойылады да, әлі де қала тұратын фабриканттар лажсыздан мемлекет сияқты жоғары ақы төлейтін болады.

5) Жеке меншік толық жойылғанға дейін қоғамның барлық мүшелері үшін еңбектің бірдей міндеттілігі. Өнеркәсіп армияларын құру, әсіресе ауыл шаруашылығы үшін құру.

6) Мемлекеттік капиталы бар ұлттық банк арқылы кредит системасы мен ақша саудасын мемлекеттің қолына жинақтау. Жеке меншікті банктер мен банкирлік конторлардың бәрін жауып тастау.

7) Ұлттық фабрикалардың, шеберханалардың, темір жолдардың, кемелердің санын көбейту, әлі де игерілмей жатқан барлық жерді өңдеу, ұлттың қарамағындағы капиталдардың молаюына және жұмысшылар санының өсуіне сәйкес бұрын игерілген жерлерді өңдеу ісін жақсарту.

8) Ананың күтімінсіз-ақ күн көретін кезінен бастап барлық баланы мемлекеттік мекемелерде және мемлекет есебінен тәрбиелеу. Тәрбиені фабрикалық еңбекпен ұштастыру.

9) Өнеркәсіппен, ауыл шаруашылығымен айналысатын және бұлардың сыңар жақтығы мен кемшіліктерінен зардап шекпестен қала мен село тұрмыс салтының артықшылықтарын ұштастыратын азаматтар коммуналарына арналған ортақ тұрғын үйлер ретінде ұлттық иеліктерден үлкен сарайлар салу.

10) Қалалардағы денсаулыққа жарамсыз және нашар салынған барлық тұрғын үйлер мен кварталдарды бұзып тастау.

11) Некеден туған балалар мен некесіз туған балалардың мұрагерлік правосының бірдей болуы.

12) Бүкіл транспорт ісін ұлттың қолына шоғырландыру.

Әлбетте, бұл шаралардың бәрін бірден жүзеге асыру мүмкін емес, бірақ бұлар бірінен соң бірі тізбектеліп келе бермек. Жеке меншікке бір рет мықты шабуыл жасаса болғаны, пролетариат лажсыздан онан әрі кете бермек, бүкіл капиталды, бүкіл ауыл шаруашылығын, бүкіл өнеркәсіпті, бүкіл транспорт пен бүкіл айырбасты мемлекеттің қолына барған сайын көбірек шоғырландыра бермек. Жоғарыда аталған шаралардың бәрі осыған бастайды. Пролетариаттың еңбегі арқылы елдің өндіргіш күштері қаншалық молаятын болса, бұл шаралардың жүзеге асуы және осылардан туатын орталықтандыру ісі дәл соншалық

дәрежеде өсе бермек. Ақырында, бүкіл капитал, бүкіл өндіріс, бүкіл айырбас ұлттың қолында жинақталған кезде жеке меншік өзінен өзі жоғалады, ақша керексіз болып қалады, сөйтіп өндіріс сондайлық дәрежеде өседі, ал жұрттың өзгеретіні соншалық, ескі қоғам қатынастарындағы соңғы формалардың да жоғалуы мүмкін.

19-ыншы сұрақ. Бұл революцияның қайсыбір жалғыз елде болуы мүмкін бе?

Жауап: Жок. Ірі өнеркәсіптің дүние жүзілік рынок жасау арқылы-ақ жер шарындағы барлық халықтарды, әсіресе цивилизациялы халықтарды өзара байланыстырғаны соншалық, бұлардың әрқайсысы басқасында болып жатқан нәрсеге тәуелді. Онан соң, ірі өнеркәсіптің барлық цивилизациялы елдердегі қоғамдық дамуды теңестіргені соншалық, қай жерде болса да буржуазия мен пролетариат қоғамдағы екі шешуші тапқа, ал олардың арасындағы күрес біздің заманымыздағы басты күреске айналды. Сондықтан коммунистік революция ұлттық революция болып қана қоймайды, ол барлық цивилизациялы елдерде, яғни, ең болмағанда, Англияда, Америкада, Францияда және Германияда бір мезгілде болады¹³. Осы елдердің қайсысында өнеркәсіптің көбірек өркендегеніне, байлықтың көп жиналғанына және өндіргіш күштер айтарлықтай мөлшерде көп болуына қарай, осы елдердің әрқайсысында революция шапшаң немесе баяу дамиды болады. Сондықтан оны жүзеге асыру бәрінен де Германияда әрі баяу, әрі қиын, бәрінен де Англияда әрі шапшаң, әрі жеңіл болмақ. Сонымен қатар ол дүние жүзіндегі басқа елдерге едәуір әсер етпек, олардың бұрынғы даму бағдарын мүлде өзгертіп, мейлінше шапшаңдата түспек. Ол — бүкіл дүние жүзілік революция, сондықтан да бүкіл дүние жүзінде өріс алатын болады.

20-ыншы сұрақ: Жеке меншікті біржола жоюдың нәтижелері қандай болмақ?

Жауап: Барлық өндіргіш күштер мен қарым-қатынас құралдарын пайдалануды, сондай-ақ өнім айырбастау мен бөлуді жеке меншікті капиталистердің қолынан қоғамның тартып алуы арқылы, қолда бар ресурстар мен бүкіл қоғамның қажеттеріне орай жасалған жоспарға сәйкес осының бәрін қоғамның басқаруы арқылы — ірі өнеркәсіпті жүргізудің қазіргі системасына байланысты сойқанды зардаптардың бәрі ең алдымен жойылатын болады. Дағдарыс тыйылады, қазіргі қоғамдық құрылыс тұсында асыра өндірушілікті туғызып, қайыршылықтың аса күдіретті себебі болып отырған ұлғаймалы өндіріс сонда мүлде жеткіліксіз болып шығады да, анағұрлым көлемді мөлшерге жетуге тиісті болады. Қоғамның ең зәру қажетінен асып түсетін артық өндіріс қайыршылық туғызу орнына қоғамның барлық мүшелерінің қажеттерін толық қанағаттандыратын болады, жаңа қажеттер туғызумен бірге бұларды қанағаттандыратын құрал-

дар жасайтын болады. Мұның өзі прогресті ілгері бастырудың шарты мен көтермешісі болып, осы прогресті жүзеге асырады, оның бер жағында бұрынғыдай бүкіл қоғамдық тәртіптің ауық-ауық кері кетуіне жол бермейтін болады. Жеке меншіктің бұғауынан азат етілген ірі өнеркәсіптің кең өріс алатыны соншалық, біздің заманымыздағы ірі өнеркәсіппен салыстырғанда мануфактураның жағдайы бізге қандай болып көрінсе, сол ірі өнеркәсіптің қазіргі жағдайы да дәл сондай мардымсыз көрінетін болады. Өнеркәсіптің осылай өркендеуі қоғамның барлық мүшелерінің қажеттерін қанағаттандыру үшін сол қоғамға жеткілікті мөлшерде өнім бермек. Дәл сол сияқты жеке меншіктің езушілігінен және жер тапатарының бөлшектелуінен ғылымның қазіргі кемелдіктері мен жетістіктерін енгізу қиын соғып отырған екіншілік те мүлде жаңа гүлдену кезеңіне аяқ басып, қоғамның қарамағына әбден жеткілікті мөлшерде өнім беріп отырмақ. Сөйтіп, қоғам өзінің барлық мүшелерінің қажеттерін қанағаттандыруды көздеп өнім бөлу ісін ұйымдастыру үшін жеткілікті мөлшерде өнім өндіретін болады. Осының нәтижесінде қоғамның бір-біріне қас әртүрлі таптарға жіктелуі керексіз болып қалады. Мұның керексіз болып қалатыны былай тұрсын, тіпті жаңа қоғамдық құрылыспен сыйыспайтын болады. Таптардың болуы еңбек бөлінісіне байланысты, ал еңбек бөлінісі қазіргі түрінде мүлде жойылады, өйткені өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісін көрсетілген дәрежеге көтеру үшін жалғыз ғана механикалық және химиялық қосалқы құралдар жеткіліксіз. Мұнымен қатар осы құралдарды іске қосушы адамдардың қабілеттерін де тиісінше өршіту керек. Өткен ғасырда шаруалар мен мануфактура жұмысшылары ірі өнеркәсіпке тартылғаннан кейінгі жерде өздерінің бүкіл тіршілік салтын өзгертіп, өздері де мүлде басқа адамдарға айналған еді, дәл сол сияқты өндірісті бүкіл қоғамның күшімен бірлесіп жүргізу және осының нәтижесінде бұл өндірісті жаңадан өркендету ісі мүлде жаңа адамдарды керек етіп, соларды баулып шығаратын болады. Қазіргі кездегі сияқты адамдар өндірісті қоғамдық жолмен жүргізе алмайды, — өйткені бұлардың әрқайсысы өндірістің әйтеуір бір саласына бағынышты, соған таңулы, соның қанауында, өз қабілетінің барлық басқа жақтарының есебінен *бір* жағын ғана дамытады және бүкіл өндірістің *бір* ғана саласын немесе әйтеуір бір саланың бөлегін ғана біледі. Қазіргі кездегі өнеркәсіптің өзі де мұндай адамдарды барған сайын кемірек пайдалана алатын болып отыр. Ал бүкіл қоғам жоспарлы түрде, бірлесіп жүргізетін өнеркәсіп қабілеті жан-жақты өсіп жетілген адамдарды, өнеркәсіптің бүкіл системасын ажырата білетін адамдарды өте-мөте көп керек етеді. Демек, машинаның себебінен қазірдің өзінде-ақ кері кетіп отырған, біреуді шаруаға, екінші біреуді етікшіге, үшінші біреуді фабрика жұмысшысына, төртінші біреуді биржалық

жалдапқа айналдырушы еңбек бөлінісі мүлде құриды. Тәрбие ісі өндірістің бүкіл системасын жастардың практика жүзінде тез игеруіне мүмкіндік береді, қоғамның қажет етуіне немесе олардың өздерінің бейімділігіне қарай өндірістің бір саласынан екінші саласына алма-кезек ауысып отыруына жол ашады. Демек, тәрбие ісі оларды қазіргі кездегі еңбек бөлінісі әрбір жеке адамға таңған сыңаржақтықтан азат етеді. Сөйтіп, коммунистік негізде ұйымдасқан қоғам өз мүшелерінің жан-жақты өсіп жетілген қабілеттерін жан-жақты қолдануына мүмкіндік береді. Бірақ сонымен бірге әралуан таптар да сөзсіз құриды. Демек, бір жағынан, коммунистік негізде ұйымдасқан қоғам таптардың онан әрі өмір сүруімен сыйыспайды, ал, екінші жағынан, осы қоғам құрылысының өзі таптық айырмашылықтарды жоятын құрал береді.

Бұдан шығатын қорытынды, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық та жойылады. Екі түрлі таптың жұмысы етудің орнына бәз-баяғы бір адамдар егіншілікпен де, өнеркәсіп еңбегімен де айналысатын болады. Мұның өзі нағыз материалдық себептерге байланысты коммунистік ассоциацияның қажетті шарты болып табылады. Деревняларда егіншілікпен айналысатын халықтың бытыраңқылығы, сонымен қатар үлкен қалаларда өнеркәсіп халқының көп жиналуы егіншілік пен өнеркәсіптің даму дәрежесінің әлі де жеткіліксіз екенін ғана көрсететін және келешек даму атаулыға кедергі жасайтын нәрсе, ал бұл жағдай қазірдің өзінде-ақ қатты сезіліп отыр.

Өндіргіш күштерді жоспарлы түрде, бірлесіп пайдалану мақсатымен қоғамның барлық мүшелерінің жалпылама ассоциациясы; өндірісті барша жұрттың қажеттерін қанағаттандырарлықтай дәрежеде өркендету; біреулердің қажеттері екінші біреулердің есебінен қанағаттандырылатын жағдайды жою; таптарды және олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды толық жою; бұрынғы еңбек бөлінісін құрту жолымен, өндірістік тәрбие беру, қызмет түрлерін ауыстыру, барша жұрт өндіретін игіліктерді пайдалануға барша жұртты қатыстыру жолымен және, ақырында, қаланы деревнямен біріктіру жолымен қоғамның барлық мүшелерінің қабілетін жан-жақты дамытып жетілдіру — жеке меншікті жоюдың ең басты нәтижелері, міне, осылар.

21-інші сұрақ: Коммунистік қоғамдық құрылыстың семьяға жасайтын ықпалы қандай болмақ?

Жауап: Жыныс қатынастары тек қана әркімнің жеке ісіне айналады, мұның өзі мүдделі адамдарды ғана қамтып, қоғамның бұған араласуын керек етпейтін болады. Мұның өзі жеке меншікті жою және балаларға қоғамдық тәрбие беру арқылы мүмкін болатын нәрсе, осының нәтижесінде қазіргі кездегі некенің жеке меншікке байланысты екі негізі де — әйелдің еріне және балалардың ата-анасына тәуелділігі — жойылады. Асқан

инабатты мешандардың коммунизм тұсында әйел ортақ болады дейтін байбаламына жауап осы. Әйел ортақтығы — бүтіндей буржуазиялық қоғамға тән және жезөкшелік түрінде қазіргі кезде де барынша өріс алып отырған құбылыс. Ал жезөкшелік жеке меншікке негізделген және сонымен бірге құриды. Демек, коммунистік ұйым әйел ортақтығын енгізбейтіні былай тұрсын, қайта мұның өзін құртатын болады.

22-інші сұрақ: Коммунистік ұйым қазіргі ұлттық топтарға қалай қарайды?

— Қалады³⁶.

23-інші сұрақ: Ол қазіргі діндерге қалай қарайды?

— Қалады.

24-інші сұрақ: Коммунистердің социалистерден айырмашылығы қандай?

Жауап: Социалист дейтіндер үш категорияға бөлінеді.

Бірінші категория феодалдық және патриархтық қоғамды жақтаушылардан құралған; ірі өнеркәсіп, дүние жүзілік сауда және осылар орнатқан буржуазиялық қоғам күн сайын бұл қоғамды жойып отырды, жойып та келеді. Бұл категория қазіргі кездегі қоғамның алапаттарынан: феодалдық және патриархтық қоғамды қайта орнату керек, өйткені ол мұндай алапаттардан аман еді деп қорытынды жасайды. Мұның барлық ұсыныстары, тікелей немесе орағытпа жолмен, осы мақсатқа бағытталған. Осынау *реакцияшыл* социалистердің пролетариаттың қайыршылығына өтірік жанашырлық білдіруіне және осы жөнінде төккен арамзалық көз жасына қарамастан, коммунистер бұларға қарсы әрқашан да батыл күрес жүргізе береді. Өйткені бұл социалистер:

1) мүлде мүмкін емес нәрсеге ұмтылады;

2) абсолюттік немесе феодалдық монархтарымен, чиновниктерімен, солдаттарымен, поптарымен қоса аристократияның, цех шеберлері мен мануфактура иелерінің үстемдігін қайта орнатуға әрекеттенеді; олар расында қазіргі кездегі қоғамның дерттерінен сау, бірақ оның есесіне, кем дегенде, соншалық басқа алапаттарды өзімен бірге ала келетін, оның үстіне езілген жұмысшыларды коммунистік ұйым арқылы азат етуге ешқандай мүмкіндік туғызбайтын қоғамды қайта орнатуды көздейді;

3) пролетариат революцияшыл және коммунистік күшке айнала бастағанда олар өздерінің шын ниеттерін әрқашан да айқын көрсетеді. Бұл ретте олар пролетарларға қарсы буржуазиямен дереу бірігіп кетеді.

Екінші категория қазіргі қоғамды жақтаушылардан құралған, бұлар осы қоғам сөзсіз туғызып отырған алапаттар соның өмір сүруіне қатерлі бола ма деп қауіптенеді. Демек, бұлар қазіргі қоғамды сақтап қалуға, бірақ сонымен байланысты алапаттарды жоюға ұмтылады. Бұл үшін біреулері жай игілік

шараларын, екінші біреулері зор көлемде реформа жасау жоспарларын ұсынады, сөйтіп бұлар қоғамды қайта құруды сылтауратып қазіргі қоғамның негіздерін, демек, қазіргі қоғамның өзін аман сақтау мақсатын көздейді. Коммунистер осынау *буржуазияшыл социалистерге* де қарсы тынымсыз күрес жүргізуге тиіс, өйткені бұлар коммунистердің дұшпандарының пайдасына әрекет етеді және бұлар коммунистер қиратпақшы болып отырған қоғамдық құрылысты жақтайды.

Ақырында, үшінші категория демократияшыл социалистерден құралған. Коммунистермен бірге жүре отырып, бұлар... сұрақта* көрсетілген шаралардың біразын жүзеге асыруды көздейді, бірақ бұл шараларды коммунизмге бастайтын өтпелі шаралар деп санамай, қайыршылықты жою және қазіргі қоғамның алапаттарын құрту үшін жеткілікті шаралар деп біледі. Осынау *демократияшыл социалистер* — не өз табын азат ету шарттарын әлі де айқын түсініп жетпеген пролетарлар, не ұсақ буржуазияның, яғни демократияны жеңіп алғанға дейін және осыдан келіп шығатын социалистік шараларды жүзеге асырғанға дейін көп реттерде пролетарлармен мүдделес таптың өкілдері. Сондықтан коммунистер әрекет кезендерінде демократияшыл социалистермен келісімдер жасап отырады және бұл социалистер үстемдік етуші буржуазияның сойылын соқпайтындай, коммунистерге тиіспейтіндей болған күнде жалпы осы уақыттың ішінде бұлармен мүмкіндігінше ортақ саясат жүргізуге тиіс. Әлбетте, бірлескен әрекеттер бұлар мен коммунистердің арасындағы алауыздықтарды талқылауды теріске шығармақшы емес.

25-інші сұрақ: Біздің заманымыздағы басқа саяси партияларға коммунистер қалай қарайды?

Жауап: Бұл көзқарас түрлі елдерде түрліше. Буржуазия үстемдік етіп отырған Англияда, Франция мен Бельгияда коммунистердің түрлі демократияшыл партиялармен ортақ мүддесі бар, оның бер жағында демократтар қазір барлық жерде өздері жақтап отырған социалистік шаралар жөнінде коммунистерге неғұрлым көбірек жақындаған сайын, яғни олар пролетариаттың мүдделерін неғұрлым анық-айқын қолдап, пролетариатқа неғұрлым көбірек арқа сүйеген сайын осы мүдде бірлігі соғұрлым маңызды болмақ. Мәселен, Англияда жұмысшылардан құралған чартистер демократияшыл ұсақ буржуаларға немесе радикал дейтіндерге қарағанда коммунистерге өлшеусіз жақын.

Демократиялық конституция енгізілген *Америкада* коммунистер осы конституцияны буржуазияға қарсы жұмсап, пролетариаттың мүддесі үшін пайдаланғысы келетін партияны, яғни ұлттық аграрлық реформаны жақтаушылар партиясын қолдауға тиіс болады.

* Қолжазбада ашық жер қалған; бұл жерде 18-сұрақ айтылып отыр. *Ред.*

Швейцарияда радикалдар құрамы жағынан тым ала-құла бола тұрса да, коммунистер келісім жасауға болатын адамдар жалғыз осылар, ал осы радикалдардың ішінде тағы да өте-мөте прогресшілдері ваадтық және женевалық радикалдар.

Ақырында, Германияда буржуазия мен абсолюттік монархия арасында болатын үзілді-кесілді күрес әлі алда. Бірақ коммунистер буржуазия үстемдікке жетерден бұрын сол буржуазиямен шешуші ұрысқа түсуге тура келеді деп ойлай алмайды, сондықтан коммунистердің мүддесі үшін олар буржуазияның үстемдікке неғұрлым тезірек жетуіне көмектесуге, сөйтіп кейін оны да неғұрлым тезірек құлатуға мүдделі. Сөйтіп, либералдық буржуазияның үкіметтермен жүргізетін күресінде коммунистер әрқашан да әлгі буржуазияның жағында болуға тиіс, алайда буржуазияның кейпіне түсіп, алданып калудан сақ болу керек және оның буржуазия жеңісі нәтижесінде пролетариат игілікке кенеледі дейтін қызықтырғыш уәделеріне нанбау керек. Буржуазия жеңгенде коммунистер үшін туатын бірден-бір артықша жағдайлар мыналар: 1) әралуан кеңшіліктер жасалады, бұлар коммунистердің өз принциптерін қорғауын, талқылап, таратуын жеңілдетеді, сөйтіп пролетариаттың тығыз топтасқан, күреске сақадай сай және ұйымшыл тап болып бірігуін жеңілдетеді және 2) абсолюттік үкіметтер құлағаннан кейін буржуалар мен пролетарлардың арасындағы күрестің кезегі келеді деген сенім туғызады. Сол күннен бастап мұнда коммунистердің партиялық саясаты буржуазия үстемдік жүргізіп отырған елдердегі саясат сияқты болады.

Ф. Энгельс 1847 ж. октябрьдің аяғында — ноябрьде жазған. Бірінші рет 1914 ж. жеке кітапша болып басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 4-том, 322—339-беттер

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ МАНИФЕСІ³⁷

1872 ЖЫЛҒЫ НЕМІСШЕ БАСЫЛУЫНА ЖАЗЫЛҒАН
АЛҒЫ СӨЗ

Коммунистер одағы³⁸, — ол уақыттағы жағдайларда, әлбетте, тек құпия ұйым ғана бола алған халықаралық жұмысшы ұйымы, — 1847 ж. ноябрьде Лондонда болған конгресте, төменде қол қойғандарға партияның жариялауға арналған теориялық және практикалық толық программасын жасауды тапсырды. Қолжазбасы февраль революциясынан³⁹ бірнеше апта бұрын Лондонда бастыруға жіберілген төмендегі «Манифест», міне, осылай туды. Әуелі немісше жарияланған «Манифест» бұл тілде Германияда, Англияда және Америкада әртүрлі болып кемінде он екі рет басылып шықты. Ағылшын тілінде «Манифест» бірінші рет 1850 ж. Лондонда «Red Republican»-да⁴⁰ басылып шықты, мұны мисс Элен Макфарлин аударды; ал бұдан кейін 1871 ж. Америкада басылды, мұның кемінде үш түрлі аудармасы болды. Француз тілінде «Манифест» бірінші рет Парижде, 1848 жылғы июнь көтерілісінің⁴¹ алдында ғана басылып шықты және жуырда Нью-Йорктегі «Socialiste»⁴²-де басылып шықты. Жаңа аудармасы әзірленіп жатыр. Поляк тілінде «Манифест», неміс тілінде бірінші басылуынан кейін кешікпей-ақ, Лондонда шықты. Орыс тілінде алпысыншы жылдарда Женевада шықты⁴³. Жарыққа шаққаннан кейін кешікпей-ақ «Манифест» датчан тіліне де аударылды.

Соңғы жиырма бес жылдың ішінде жағдайлар қаншама мықтап өзгерсе де, бұл «Манифесте» дамытылған негізгі жалпы қағидалар, тұтасынан алғанда, бүгінгі күні де мүлде дұрыс болып отыр. Кейбір жерлеріне аздап түзетулер енгізу жөн болар еді. Бұл негізгі қағидаларды практикада қолдану, «Манифестің» өзінде айтылғандай, барлық жерлерде және әр уақытта болып отырған тарихи жағдайларға байланысты болады, сондықтан да II бөлімнің аяғында ұсынылған революциялық шараларға өз алдына ерекше маңыз тіпті де берілмейді. Қазіргі кезде бұл жері көп жағынан алғанда басқаша айтылған болар еді. Соңғы жиырма бес жылдың ішінде ірі өнеркәсіп мықтап дамығандықтан, мұнымен бірге жұмысшы табының партия ұйымы да өскен-

діктен; әуелі февраль революциясының, ал одан кейін, әсіресе бірінші рет саяси өкімет екі ай бойына пролетариаттың қолында болған Париж Коммунасының практикалық тәжірибесі себепті бұл программаның кей жерлері қазір ескірді. Әсіресе, Коммунаның дәлелдегені — «жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны жай менгеріп ала салып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды» (қараңыз: «Франциядағы азамат соғысы. Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советінің үндеуі», немісше басылуы, 19-бет; мұнда осы пікір толығырақ дамытылған*). Сонсын, социалистік әдебиет сынының қазіргі уақыт үшін толық емес екендігі өзінен өзі түсінікті, өйткені ол сын тек 1847 жылға дейін ғана жеткізілген; сондай-ақ коммунистердің әртүрлі оппозициялық партияларға көзқарасы туралы пікірлер (IV бөлім) негізінен алғанда бүгінгі күн үшін де дұрыс болғанмен, практикада жүзеге асыру үшін олардың қазірдің өзінде-ақ ескіріп қалғаны да түсінікті, өйткені саяси жағдай бүтіндей өзгерді және ондағы көрсетілген партиялардың көбісін тарихи даму жер бетінен жойып жіберді.

Алайда «Манифест» — тарихи документ, сондықтан біз енді оны өзгертуге правомыз жоқ деп есептейміз. Мүмкін, келесі басылуына 1847 жылдан бастап осы күнге дейінгі уақытты қамтитын кіріспе жазуымыздың сәті түсер; «Манифестің» бұл басылуы біз үшін кенеттен қолға алынғандығы сонша, біздің ол еңбекті жазуға уақытымыз болмай қалды.

**Карл Маркс,
Фридрих Энгельс**

Лондон, 24 июнь, 1872 ж.

*Мына кітапшада басылған:
„Das kommunistische Manifest. Neue
Ausgabe mit einem Vorwort der
Verfasser“. Leipzig, 1872*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының
тексті бойынша басылып отыр.
2-басылуы, 18-том, 89—90-беттер*

1882 ЖЫЛҒЫ ОРЫСША ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА ЖАЗЫЛҒАН АЛҒЫ СӨЗ

«Коммунистік партияның манифестінің» Бакунин аударған орысша бірінші басылуы 60-жылдардың⁴³ басында шықты; сол «Қолокол» баспаханасында⁴⁴ басылды. Ол кезде «Манифестің» орыс тілінде басылуы Батысқа әдебиеттегі ерсілік болып қана көрінуі мүмкін еді. Қазіргі уақытта ондай көзқарастың болуы мүмкін болмас еді.

Ол кезде (1847 жылғы декабрь) пролетариат қозғалысының таралу өрісінің қаншама тар болғандығын «Манифестің» түрлі

* Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 235-бет. *Ред.*

елдердегі «Коммунистердің әртүрлі оппозициялық партияларға көзқарасы»* деген соңғы тарауы бәрінен де гөрі жақсы көрсетеді. Бұл тарауда нақ Россия мен Құрама Штаттар жоқ. Ол кез Россия бүкіл европалық реакцияның соңғы зор резерві болған кез еді, ал Құрама Штаттарға эмиграция жасау Европа пролетариатының басы артық күштерін сіңіріп алып жатқан кез еді. Бұл елдердің екеуі де Европаны шикізатпен жабдықтап тұрды, мұнымен қатар Европаның өнеркәсіп бұйымдарын өткізетін рыногы болып тұрды. Олай болса, екеуі де ол кезде, қалайда, Европада болып отырған құрылыстың тірегі болды.

Мұның өзі енді қаншама өзгеріп кетті десеңізші! Нақ сол европалық иммиграция Солтүстік Америкада егіншілік өндірісінің орасан өркендеуін мүмкін етті; бұл өндіріс өзінің бәсекесі арқылы Европадағы жер меншігін, ірі және ұсақ жер меншігін, — түп негізінен шайқалтып отыр. Бұл иммиграция, оның үстіне, Құрама Штаттарға өздерінің өнеркәсібін дамытуға керекті аса мол қорларын кең көлемде және бар жігермен пайдалану ісіне кірісуге мүмкіндік берді, мұның өзі Батыс Европаның, әсіресе Англияның өнеркәсіптік монополиясының тез арада түбіне жетуге тиіс. Бұл екі жағдайдың екеуі де өз тарапынан Америкаға да революциялық мағынада әсер етеді. Фермерлердің ұсақ және орташа жер меншігі — Американың бүкіл саяси құрылысының осы негізі — өте ірі фермерлердің бәсекесінен біртіндеп жеңіле береді; ал мұнымен қатар өнеркәсіп округтарында тұңғыш рет қыруар пролетариат өсіп, капиталдар адам айтқысыз шоғырланады.

Россияға келейік! 1848—1849 жылдардағы революция кезінде европалық монархтар ғана емес, сонымен қатар европалық буржуалар да: жана ғана ояна бастаған пролетариаттан аман қалудың жалғыз шарасы — орыстардың іске араласуы деп білді. Олар патшаны европалық реакцияның басшысы деп жариялады. Енді патша — революцияның Гатчинаға қамалған соғыс тұтқыны⁴⁵; ал Россия Европадағы революциялық қозғалыстың алдыңғы қатардағы отряды болып отыр.

«Коммунистік манифестін» міндеті осы заманғы буржуазиялық меншіктің алдағы уақытта сөзсіз құртынын жариялау болды. Ал Россияда тез өршіп келе жатқан капиталистік жанталасумен қатар және тек енді ғана орнап келе жатқан буржуазиялық жер меншігімен қатар жердің жартысынан көбі шаруалардың қауымдық иеленуінде екенін көріп отырмыз. Енді мынадай сұрақ туады: алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі жерді ортақтасып иеленудің формасы, рас, қазір мықтап қаусаған формасы болып отырған орыс қауымы** жерді ортақтасып

* Осы томның 136—137-беттерін қараныз. *Ред.*

** — түпнұсқада латын әріптерімен жазылған орыс сөзі. *Ред.*

иеленудің жоғары дәрежелі, коммунистік формасына тікелей көше ала ма? Немесе, керісінше, ол әуелі Батыстың тарихи дамуына тән ыдырау процесін өтеуге тиіс пе?

Қазіргі уақытта бұл сұраққа қайтаруға болатын бірден-бір жауап мынадай. Егер орыс революциясы Батыстағы пролетарлық революцияға дабыл болса, сөйтіп екеуі бірін-бірі толықтыратын болса, онда орыстың осы заманғы қауымдық жер меншігі коммунистік дамудың бастама пункті бола алады.

К. Маркс, Ф. Энгельс

Лондон, 21 январь, 1882 ж.

Мына кітапта басылған:
К. Маркс пен Ф. Энгельс.
«Коммунистік партияның манифесті»,
Женева, 1882

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 19-том, 304—305-беттер

Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ 1883 ЖЫЛҒЫ НЕМІСШЕ БАСЫЛУЫНА ЖАЗҒАН АЛҒЫ СӨЗІ

Бұл басылуына арналған алғы сөзге, амал не, жалғыз өзімнің қол қоюыма тура келіп отыр. Европа мен Американың бүкіл жұмысшы табына кімнен болса да артық еңбек сіңірген адам — Маркс Хайгет зиратында жатыр, оның қабіріне алғашқы шөп шығып та үлгірді. Маркс қайтыс болғаннан кейін алайда енді «Манифесті» қайта жасау немесе толықтыру туралы сөз болуы мүмкін емес. Сондықтан да мен бұл арада толық айқын түрде тағы да мынаны айтып өтуді қажет деп санаймын:

«Манифестің» басынан аяғына дейін желі болған негізгі пікір — қандай тарихи заманның болса да экономикалық өндірісі мен одан сөзсіз туатын қоғамдық құрылымы сол заманның саяси тарихы мен ақыл-ой тарихының негізі болады; осыған сәйкес (алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі қауымдық жер иелену ыдыраған уақыттан бастап) бүкіл тарих тап күресінің тарихы, қоғамдық дамудың түрлі сатыларында қаналушы таптар мен қанаушы таптардың, бағынушы таптар мен үстем таптардың арасындағы күрестің тарихы болды, енді бұл күрестің жеткен дәрежесінде қаналушы, езілуші тап (пролетариат) бүкіл қоғамды қанаудан, езгіден, тап күресінен мәңгі азат етпей тұрып өзін қанаушы, езуші таптан (буржуазиядан) азат ете алмайды деген пікір, — осы негізгі пікір бүтіндей, тұтасымен Маркстің пікірі*.

* «Ағылшын тіліндегі аудармасына арналған алғы сөзде [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 367—368-беттер. *Ред.*] мен былай деп жазғанмын: биология үшін Дарвин теориясының қандай маңызы болса, менің ойымша, тарих үшін сондай маңызы болуға тиісті бұл пікірге біз екеуміз де 1845 жылдан бірнеше жыл бұрын-ақ бірте-бірте жақындаған едік. Бұл ба-

Мұны мен бұрын сан рет айтқанмен, бірақ дәл қазір бұл сөзді «Манифестін» өзіне алғы сөз ету қажет болып отыр.

Ф. Энгельс.

Лондон, 28 июнь, 1883 ж.

*Мына кітапта басылған:
„Das Kommunistische Manifest“.
Hottingen-Zurich, 1883*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр.
2-басылуы, 21-том, 1—2-беттер.*

Ф. ЭНГЕЛЬСТИҢ 1890 ЖЫЛҒЫ
НЕМІСШЕ БАСЫЛУЫНА ЖАЗҒАН
АЛҒЫ СӨЗІНЕН

«Манифестін» өз тағдыры болды. Әуелгі шыққан мезгілде ғылыми социализмнің ол кезде саны аз авангарды оны зор қуанышпен қарсы алды (мұны бірінші алғы сөзде көрсетілген аудармалар дәлелдейді)*, бірақ Париж жұмысшыларының 1848 жылғы июньдегі жеңілісінің⁴¹ артынша басталған реакция оны кешікпей-ақ кейін ығыстырды, ақырында, 1852 жылғы ноябрьде Кельн коммунистері жазаға кесілгеннен кейін⁴⁶ «Манифест» «заң бойынша» заңнан тыс деп жарияланды. Февраль революциясымен байланысты болған жұмысшы қозғалысы қоғамдық майданнан шығып қалды, ал онымен бірге «Манифест» те кейін ығыстырылды.

Европаның жұмысшы табы үстем таптардың өкіметіне жаңадан шабуыл жасау үшін қайтадан жеткілікті дәрежеде нығайған кезде Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі туды. Оның мақсаты — Европа мен Американың бүкіл күресуші жұмысшы табының бәрін бір ұлы армия етіп біріктіру болды. Сондықтан ол «Манифесте» баяндалған принциптерді *тікелей негізге* ала алмады. Ол ағылшын тред-юниондарына, француз, бельгия, итальян, испан прудонистеріне және неміс лассальшылдарына** есік жаппайтын программа қолдануға тиіс болды. Мұндай программаны — Интернационалдың Уставына арналған дәлелдеме

ғытта менің өз бетіммен қанша алға баса алғанымды «Англиядағы жұмысшы табының жайы» [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 231—517-беттер. *Ред.*] деген еңбегімнен көруге болады. Ал 1845 жылдың көктемінде Брюссельде Маркс пен тағы да кездескенімде, ол бұл пікірді сол кезде-ақ қорытып үлгірген екен, сондықтан ол бұл пікірді маған, жоғарыда менің келтіргенімдей, дәл сондай дерлік айқын сөздермен айтып берді». (1890 жылғы неміс тілінде басылуына Энгельстің жазған ескертуі.)

* Осы томның 95-бетін қараңыз. *Ред.*

** Лассальдың өзі, мен Маркстің «шәкіртімін» деп бізді әрқашан сендіретін, және де оның шәкірті болғандықтан ол, әлбетте, «Манифесті» негізге алатын. Бірақ оның ізбасарлары басқаша болып шықты; олар Лассальдың мемлекеттік кредит алатын өндіргіш серіктіктерін құру жөніндегі талабынан әрі аса алмады және олар бүкіл жұмысшы табын мемлекеттік жәрдемді жақтаушылар мен өзара жәрдемді жақтаушылар деп бөлді. (Энгельстің ескертуі).

бөлімді*— Маркс үлкен шеберлікпен жазды; бұл шеберлікті тіпті Бакунин мен анархистер де мойындауға тиіс болды. «Манифесте» алға қойылған принциптердің біржолата жеңіп шығатындығы жөніндегі мәселеге келсек, онда Маркс бұл мәселеде толығынан жұмысшы табының сана-сезімінің өсуіне сүйенді; бұл сана-сезім бірігіп қимыл көрсетудің және пікір алысудың сөзсіз жемісі болуға тиіс еді. Оқиғалар және капиталға қарсы күрестің қиын-қыстау кезеңдері,— жеңістерден гөрі жеңілістер әлдеқайда көп,— күресшілердің бұл күнге дейін үміт етіп келген, барлық дерттен жазатын емдерінің бүтіндей түкке жарамайтындығын оларға айқын көрсетіп, жұмысшылардың азат болуының шын шарттарын толық түсінерліктей етіп олардың санлауын сөзсіз ашуға тиіс еді. Сөйтіп Маркстің айтқаны дұрыс болды. 1874 ж., Интернационал өзінің өмір сүруін тоқтатқан кезде, жұмысшы табы 1864 ж. Интернационалды құрған кездегіден мүлде өзгеше еді. Роман елдеріндегі прудонизм мен Германиядағы ерекше лассальшылдық өлім халінде болды; ол түгіл Англияның сол кездегі барып тұрған консерватор тред-юниондары да бірте-бірте бері жақындап, олардың Суонсиде болған конгресінің председателі** 1887 ж. олардың атынан: «Континенттік социализм бізге енді қорқынышты емес» дей алғандай дәрежеге жетті. Ал 1887 ж. континенттік социализм дегеніміз толығынан дерлік «Манифесте» жарияланған теория еді. Сөйтіп «Манифестің» тарихы белгілі дәрежеде қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысының 1848 жылдан бергі тарихын көрсетеді. Қазіргі уақытта ол, күмән жоқ, бүкіл социалистік әдебиеттің ең көп тараған, мейлінше халықаралық шығармасы Сибирьден Калифорнияға дейінгі барлық елдердің сан миллиондаған жұмысшыларының ортақ программасы болып табылады.

Сонда да біз оны әуелгі шыққан кезінде *социалистік манифест* деп атай алмадық. 1847 ж. социалистер деп екі түрлі адамдар түсінілетін еді. Бір жағынан, түрлі утопиялық системалардың жолын қуғандар, әсіресе Англиядағы оуэнистер мен Франциядағы фурьеристер болды; оның бер жағында бұл екі ағымның екеуі де сол кездің өзінде-ақ азғындап, нағыз секталарға айналып бірте-бірте құрып бітті. Екінші жағынан, барлық дерттен жазатын түрлі емдердің, әртүрлі жамап-жасқаудың көмегімен әлеуметтік апатты жоюға, жойғанда капитал мен пайдаға ешбір зиян келтірмей жоюға тырысқан түрлі әлеуметтік тәуіптер болды. Бұл екі ретте ол адамдар жұмысшы қозғалысынан тыс тұрған және көмекті алдымен «білімді» таптардан іздеген адамдар болды. Ал мұның керісінше жалаң саяси төңкерістер-

* Қараныз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-том, 14—17 беттер. *Ред.*

** — У. Бивен, *Ред.*

дің жеткіліксіздігіне көздері жетіп, қоғамды түбірінен қайта құруды талап еткен жұмысшылардың бір бөлімі ол кезде өздерін *коммунистік* бөлім деп атады. Мұның өзі әлі әбден өңделіп жетпеген, құр түйсігімен сезінген, көп ретте дәрекілеу коммунизм еді; бірақ ол жеткілікті күшті болып, утопиялық коммунизмнің екі системасын — Францияда Кабенің «икариялық» коммунизмі мен Германияда Вейтлингтің коммунизмін туғызды. 1847 ж. социализм буржуазиялық қозғалыс болды, коммунизм — жұмысшы қозғалысы болды. Социализм, ең болмағанда континентте, әбден келісті нәрсе еді, коммунизм нақ керісінше болды. Ал біз сол уақыттың өзінде-ақ «жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ғана ісі болуға тиіс»⁴⁷ деген пікірді өте-мөте батыл ұстадық, сондықтан бұл екі аттың қайсысын қалап алу керектігі жөнінде бір минут те күмәнданғанмыз жоқ. Ал кейін бұл аттан бас тарту еш уақытта да біздің ойымызға келген емес.

«Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» — Бұдан қырық екі жыл бұрын, пролетариат өз талаптарын алға қойған бірінші революцияның — Париж революциясының қарсаңында дүние жүзіне осындай ұран көтергенімізде, бізге тек азана адамдар үн қосқан еді. Бірақ 1864 ж. 28 сентябрьде батыс еуропалық елдердің көпшілігінің пролетарлары даңқты Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне бірікті. Рас, Интернационалдың өзі не бары тоғыз жыл ғана өмір сүрді. Бірақ ол орнатқан барлық елдердің пролетарларының мәңгілік одағы әлі өмір сүруде және қай уақыттағысынан болса да күшті ұйым болып отыр; мұны бүгінгі күн бәрінен де гөрі жақсы дәлелдейді. Өйткені бүгін⁴⁸, мен осы сөздерді жазып отырған кезде, еуропалық және америкалық пролетариат ең таяудағы ортақ *бір* мақсат үшін — 1866 ж. Интернационалдың Женевадағы конгресінде-ақ жарияланған және екінші рет, 1889 ж. Париждегі жұмысшы конгресінде жарияланған қалыпты сегіз сағаттық жұмыс күнін заң арқылы орнату үшін — бір ту астына, бір армия болып тұнғыш рет біріктірілген өздерінің жауынгер күштеріне байқау жасап отыр. Ал бүгінгі күнгі оқиға барлық елдердің капиталистері мен жер иелеріне мынаны көрсетіп отыр — барлық елдердің пролетарлары енді шындап бірікті.

Әттең, мұны өз көзімен көру үшін Маркс қазір менімен бірге болса ғой!

Ф. Энгельс

Лондон, 1 май, 1890 ж.

Мына кітапта басылған:
„Das Kommunistische Manifest“,
London, 1890

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр;
2-басылуы, 22-том, 61—63-беттер

Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ 1892 ЖЫЛҒЫ ПОЛЯКША БАСЫЛУЫНА ЖАЗҒАН
АЛҒЫ СӨЗІ

«Коммунистік манифесті» поляк тілінде жаңадан бастырудың қажет болу фактісі бірсыпыра қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Бәрінен бұрын жақсы нәрсе сол, «Манифест» соңғы кезде Европа континентіндегі ірі өнеркәсіп дамуының белгілі бір көрсеткіші болып отыр. Белгілі бір елде ірі өнеркәсіп дамыған сайын сол елдің жұмысшылары арасында жұмысшы табы ретінде өзінің дәулетті таптармен салыстырғандағы жағдайын айқындауға ұмтылушылық күшейе береді; олардың арасында социалистік қозғалыс кең өріс алады, сөйтіп «Манифесті» керексіну күшейеді. Сонымен, «Манифестің» белгілі бір елдің тілінде таралған данасының санына қарай, әрбір елдегі жұмысшы қозғалысының жай-күйін ғана емес, сонымен қатар ірі өнеркәсібінің даму дәрежесін де жеткілікті айқын анықтауға болады.

Сондықтан «Манифестің» поляк тілінде жаңадан басылуы поляк өнеркәсібінің едәуір прогресс жасағандығын көрсетеді. Ал оның соңғы басылуынан бергі он жылдың ішінде мұндай прогрестің шынында болғанына ешбір күмән жоқ. Польша патшалығы, конгрестік Польша⁴⁹, Россия империясының ірі өнеркәсіпті ауданына айналды. Орыс өнеркәсібі әр жерде бытырап жатса,— бір бөлегі Фин шығанағы маңында, екінші бөлегі орталықта (Москва мен Владимир), үшінші бөлегі Қара теңіз бен Азов теңізінің жағалауында болып, қалғандары тағы әр жерде бытырап жатса,— поляк өнеркәсібі көлемі жағынан біршама шағын жерге шоғырланып, мұндай шоғырланудың артықшылығын да, тиімсіздігін де көріп отыр. Бұл артықшылықтарды бәсеке жасаушы орыс фабриканттары мойындады, сондықтан поляктарды орыстандыруды қаншама жан-тәнімен тілесе де, олар Польшаға қарсы қамқорлық баж салығын белгілеуді талап етті. Поляк фабриканттары үшін де, орыс үкіметі үшін де шоғырланудың тиімсіз жағы мынада: поляк жұмысшылары арасында социалистік идеялар тез тарауда және «Манифесті» керексіну күшейе түсуде.

Бірақ орыс өнеркәсібін басып озған поляк өнеркәсібінің мұндай тез дамуы, өз тарапынан, поляк халқының сарқылмас тіршілік күшінің жаңа дәлелдемесі және оның келешекте ұлттық өркендеуінің жаңа кепілдігі болып табылады. Ал тәуелсіз, күшті Польшаның жаңадан өркендеуі,— алайда, тек поляктарға ғана емес, біздің бәрімізге де қатысы бар іс. Европалық ұлттардың шын ниетпен халықаралық көлемде ынтымақтас болуы бұл ұлттардың әрқайсысы өз үйінде толық қожайын болған күнде ғана мүмкін болады. 1848 жылғы революцияда пролетарлық күрескерлерге пролетариаттың туы астында, сайып келген-

де, буржуазияның ісін істеуге тура келді; сол революция, мұнымен қатар, өзінің өсиетін орындаушылары — Луи Бонапарт пен Бисмарк — арқылы Италияның, Германияның, Венгрияның тәуелсіздігін жүзеге асырды. Ал 1792 жылдан бергі жерде революция үшін бұл үш елдің бәрінен де бір өзі көп еңбек сіңірген Польшаның 1863 ж. күші өзінен он есе басым орыстардың тепкісіне түсіп қалжыраған кезінде, оған ешкім қол ұшын да бермеді. Шляхта Польшаның тәуелсіздігін қорғай да алмады, қайта жеңіп те ала алмады; буржуазия бұл тәуелсіздікке қазір ең болмағанда немқұрайды қарайды. Ал европалық ұлттардың жарасымды ынтымағы болуы үшін бұл тәуелсіздік қалай да қажет.* Бұл тәуелсіздікті Польшаның жас пролетариаты ғана жеңіп ала алады, ал оның қолындағы тәуелсіздік толық қамтамасыз болады. Өйткені Польшаның тәуелсіздігі поляк жұмысшыларының өздеріне қандай қажет болса, қалған бүкіл Еуропаның жұмысшыларына да сондай қажет.

Ф. Энгельс

Лондон, 10 февраль, 1892 ж.

Мына журналда басылған:

„Przedświt“

№ 35, 27 февраль 1892 ж.

және мына кітапта басылған:

K. Marx i F. Engels.

„Manifest Komunistyczny“, Londyn, 1892

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр,

2-басылуы, 22-том, 289—290-беттер

Ф. ЭНГЕЛЬС ТІҢ 1893 ЖЫЛҒЫ ИТАЛЬЯНША БАСЫЛУЫНА ЖАЗҒАН АЛҒЫ СӨЗІ

И т а л ь я н о қ у ш ы с ы н а

«Коммунистік партияның манифесінің» жариялануы 1848 жылғы 18 март күнімен, Миландағы және Берлиндегі революциялармен тұтас келді деуге болады; бұл революциялар бірі Еуропа континентінің орталығында тұрған, екіншісі Орта теңіз елдерінің орталығында тұрған екі ұлттың, ол уақытқа дейін өздерінің бытыраңқылығы және ішкі дау-жанжалдары себепті әлсіреп, соның салдарынан шетелдердің үстемдігіне бағынған екі ұлттың қарулы көтерілістері болды. Егер Италия, Австрия императорына бағынса, Германия күллі Русь патшасының, жанама түрде болғанмен, сондай күшті езгісінде болды. 1848 жылғы 18 марттағы оқиғалардың нәтижесінде Италия мен Германия бұл қорлықтан құтқарылды; егер 1848 жылдан 1871 жылға дейінгі уақыттың ішінде бұл ұлы екі ұлт қалпына келтірілсе және бұларға белгілі бір түрде дербестігі қайтарылып берілсе, мұның себебі, Карл Маркс айтқандай,— 1848 жылғы

* Полякша басылуында бұл сөйлем түсіріліп қалдырылған. *Ред.*

революцияны басып-жанышқан адамдар, өздері тілемесе де, сол революцияның өсиетін орындаушылар болды.

Қай жерде болса да бұл революция жұмысшы табының ісі болды, баррикадалар жасаушы және қанын төгіп құрбан болушы нақ сол жұмысшы табы болды. Бірақ үкіметті құлатумен қатар буржуазиялық құрылысты да құлатуды айқын ниет еткен тек Париж жұмысшылары ғана болды. Алайда өздерінің табы мен буржуазия арасында сөзсіз болып отырған антагонизмді олар түсінгенімен, елдің экономикалық дамуы да, француз жұмысшылары бұқарасының рухани өсуі де әлеуметтік қайта құрылыс жасауға мүмкіндік берерліктей дәрежеге әлі де жеткен жоқ еді. Сондықтан, сайып келгенде, революцияның жемісін капиталистер табы иемденді. Ал басқа елдерде — Италияда, Германияда, Австрияда — жұмысшылар әуел бастан-ақ буржуазияның өкімет басына келуіне жәрдемдесумен ғана шектелді. Бірақ ұлттық тәуелсіздік болмайынша, ешбір елде буржуазияның үстемдік алуы мүмкін емес. Сондықтан 1848 жылғы революция бұған дейін бірлігі, тәуелсіздігі болмаған ұлттардың: Италияның, Германияның, Венгрияның бірлікке, тәуелсіздікке қолын жеткізуге тиіс болды. Ендігі кезек Польшаныкі.

Сөйтіп, 1848 жылғы революция социалистік революция болмаса да, ол сол социалистік революция үшін жол ашты, негіз даярлады. Барлық елдерде ірі өнеркәсіптің қауырт өркендеуі нәтижесінде буржуазиялық құрылыс соңғы қырық бес жылдың ішінде барлық жерде сансыз көп, шоғырланған, күшті пролетариатты туғызды; сөйтіп буржуазиялық құрылыс, «Манифестің» сөзімен айтқанда, өзінің көрін қазушыларды туғызды: Әрбір жеке ұлттың тәуелсіздігі мен бірлігін орнатпай тұрып, пролетариатты интернационалдық жолмен біріктіру де мүмкін емес, бәріне ортақ мақсаттарға жету үшін бұл ұлттардың бейбіт, саналы түрде ынтымақтас болуы да мүмкін емес. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, 1848 жылға дейін болып келген саяси жағдайларда итальян, венгер, неміс, поляк, орыс жұмысшылары қандай түрде болса да бірігіп интернационалдық қимыл жасай алатын ба еді!

Демек, 1848 жылғы ұрыстар босқа кеткен жоқ. Сол революциялық дәуірден бергі қырық бес жыл уақыт та босқа өткен жоқ. Бұл дәуірдің жемісі пісіп келеді, сондықтан менің жалғыз-ақ тілейтінім — түпнұсқасының жарыққа шығуы халықаралық революцияның хабаршысы болғаны сияқты, «Манифестің» итальян тіліндегі бұл аудармасының жарыққа шығуы да итальян пролетариаты жеңісінің ізгі хабаршысы болса екен.

«Манифест» капитализмнің өткен кезде атқарған революциялық роліне толық әділ баға береді. Бірінші капиталистік ұлт Италия болды. Феодалдық орта ғасыр заманының ақыры, қазіргі капиталистік заманның басталуы бір орасан зор тұлғамен

бейнеленді. Ол — орта ғасыр заманының соңғы ақыны және сонымен қатар жаңа заманның бірінші ақыны болған итальяндық Данте. 1300 жылдағы сияқты, қазірде де жаңа тарихи заман туып келеді. Италия бізге осы жаңа заманның, пролетарлық заманның туған сағатын белгі етіп қалдыратын жаңа Дантені бере ала ма, жоқ па?

Фридрих Энгельс

Лондон, 1 февраль, 1893 ж.

Мына кітапта басылған:

*Karlo Marx e Federico Engels.
„Il Manifesto del Partito Comunista“,
Milano, 1893*

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 381—382-беттер

КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ МАНИФЕСІ³⁷

Европаны елес кезіп жүр, бұл — коммунизм елесі. Осы елесті ант берісіп қуғындау үшін ескі Европаның барлық күштері: папа мен патша, Меттерних пен Гизо, француз радикалдары мен неміс полицейлері бірікті.

Өкімет басында отырған дұшпандары коммунистік партия деп атақ бермеген оппозициялық партия қайда бар? Оппозицияның неғұрлым алдыңғы қатарлы өкілдеріне де, өзінің реакцияшыл дұшпандарына да коммунизмге бой ұрдың деп, өзі де айып тағып, күйе жақпаған оппозициялық партия қайда бар?

Бұл фактіден екі қорытынды шығады.

Европаның барлық күштері қазірдің өзінде-ақ коммунизмді күш деп танып отыр.

Коммунистерге өздерінің көзқарастарын, өздерінің мақсаттарын, өздерінің талаптарын бүкіл дүние жүзі алдында ашық айтып, коммунизмнің елесі туралы ертегіге партияның өзінің манифесін қарсы қоятын уақыт жетті.

Осы мақсатпен нағыз әртүрлі ұлттардың коммунистері Лондонға жиналып, ағылшын, француз, неміс, итальян, фламанд және датчан тілдерінде жарияланып отырған төмендегі «Манифесті» жазды.

I

БҰРЖУАЛАР МЕН ПРОЛЕТАРЛАР*

Осы күнге дейін өмір сүрген барлық қоғамдардың тарихы** таптар күресінің тарихы болды.

Ерікті мен құл, патриций мен плебей, помещик пен крепостной, шебер*** мен кіші шебер, қысқасы — езуші мен езілуші бірімен бірі ылғи антагонистік күйде болып, бірде жасырын, бірде ашық түрде үздіксіз күресіп келді; бұл күрес әрқашан да бүкіл қоғам құрылысын революциялық жолмен қайта құрумен немесе күресуші таптардың жалпы жойылуымен тынып отырды.

Тарихтың өткен дәуірлеріне қарасақ, барлық жерде дерлік қоғамның толығымен түрлі сословиелерге бөлінгенін — әртүрлі қоғамдық жағдайлардың толып жатқан сатылары болғанын

* Буржуазия дегеніміз жалдама еңбекті қолданатын қазіргі замандағы капиталистердің, қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенушілердің табы. Пролетариат дегеніміз қазіргі замандағы жалдама жұмысшылардың табы; бұлар, өздерінде меншікті өндіріс құрал-жабдықтары жоқ болғандықтан, күй көру үшін өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады. (1888 жылғы ағылшын тілінде басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

** Яғни жазба деректер бойынша біздің заманымызға дейін жеткен бүкіл тарих. Қоғамның алғашқы тарихы, бүкіл жазба тарихтан бұрынғы қоғамдық құрылыс, 1847 ж. әлі мүлде белгісіз дерлік еді. Содан бергі уақытта Гакетгаузен Россияда жерді қауымдасып меншіктену болғанын ашты, ал Маурер жерді қауымдасып меншіктену барлық герман тайпаларының тарихи дамуының бастама пункті болып шыққан қоғамдық негіз болғанын дәлелдеді, сөйтіп жерді ортақтасып иеленген селолық қауымның Үндістаннан Ирландияға дейін барлық жерде қоғамның алғашқы формасы болып табылатындығы немесе солай болғандығы бірте-бірте анықталды. Бұл алғашқы коммунистік қоғамның шын тұрпатындағы ішкі құрылысын Морган ашып берді; ол *рудың* шын мәнін және оның тайпа ішінде алған орнын анықтап, істі аяқтап шықты. Осы алғашқы қауым ыдырағаннан кейін қоғамның ерекше, сайып келгенде, антагонистік таптарға жіктелуі басталады. Бұл ыдырау процесін мен өзімнің «Der Ursprung der Familie, des Privateigentums und des Staats», 2. Aufl., Stuttgart, 1886, деген еңбегімде шөлып өтуге тырыстым [«Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», 2-басылуы, Штутгарт, 1886. Қараңыз: осы басылуы, 3-том]. (1888 жылғы ағылшын тілінде басылуына Энгельстің жазған ескертуі).⁵⁰

*** Цех шебері — цехтың старшинасы емес, цехтың толық праволы мүшесі, цехтың ішіндегі шебер. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

көреміз. Қөне замандағы Римде патрицийлер, салт атты сарбаздар, плебейлер, құлдар болғанын көреміз; орта ғасырларда феодал мырзалар, вассалдар, цех шеберлері, кіші шеберлер, крепостнойлар болғанын көреміз; мұның үстіне бұл таптардың әрқайсысында дерлік тағы ерекше аралық жіктер болғанын көреміз.

Құрыған феодалдық қоғамның қойнауынан шыққан қазіргі замандағы буржуазиялық қоғам таптық қайшылықтарды жойған жоқ. Ол тек ескілерінің орнына жаңа таптарды, езудің жаңа жағдайларын, күрестің жаңа формаларын туғызды.

Алайда біздің заманымыздың, буржуазия заманының, айырмасы — ол таптық қайшылықтарды айқындады: қоғам бірден-бірге, біріне бірі жау екі үлкен лагерьге, біріне бірі қарама-қарсы тұрған екі үлкен тапқа — буржуазия мен пролетариатқа бөлініп келеді.

Орта ғасырлардың крепостнойларынан алғашқы калалардың ерікті халықтары шықты; қала халқының бұл сословиесінен келіп буржуазияның алғашқы элементтері өсіп-өнді.

Американың ашылуы және Африканы айналатын теңіз жолының ашылуы өрлеп келе жатқан буржуазияның ісіне жаңа өріс ашып берді. Ост-Индия мен Қытай рыноктары, Американы отарлау, отарлармен айырбас жасау, айырбас құралдарының және жалпы товардың көбеюі сауданы, теңіз қатынасын, өнеркәсіпті бұған дейін болып көрмеген дәрежеде күшейтті, сөйтіп ыдырап бара жатқан феодалдық қоғамда революциялық элементтің дамуын тездетті.

Өнеркәсіптің бұрынғы феодалдық, яғни цехтық жолмен ұйымдастырылуы жаңа рыноктармен бірге өскен сұранымды қанағаттандыра алмады. Оның орнын мануфактура басты. Цех шеберлерін өнеркәсіптік орта сословие ығыстырып шығарды; түрлі корпорациялардың арасындағы еңбек бөлінісі жойылып, оның орнына жеке шеберхананың ішіндегі еңбек бөлінісі болды.

Бірақ рыноктар барған сайын өсе берді, сұраным арта берді. Бұл сұранымды енді мануфактура да қанағаттандыра алмайтын болып қалды. Сол кезде бу мен машина өнеркәсіпте революция жасады. Мануфактураның орнын осы заманғы ірі өнеркәсіп басты, өнеркәсіптік орта сословиенің орнын өнеркәсіпші миллионерлер, толып жатқан өнеркәсіп армияларының басшылары, осы заманғы буржуалар басты.

Ірі өнеркәсіп Американың ашылуы арқасында дайындалған бүкіл дүние жүзілік рынокты құрды. Бүкіл дүние жүзілік рынок сауданы, теңіз қатынасын, құрлықтағы қатынас құралдарын орасан дамытты. Мұның өзі айналып келгенде өнеркәсіптің кеңеюіне әсер етті, сөйтіп өнеркәсіп, сауда, теңіз қатынасы, темір жолдар қандай дәрежеде өссе, буржуазия да сондай дәрежеде өсті, ол өзінің капиталдарын көбейтті және орта ғасырлық за-

маннан қалған барлық таптарды соңғы қатарға ығыстырып шығарды.

Сөйтіп, біз осы заманғы буржуазияның өзі дамудың ұзақ процесінің, өндіріс пен айырбас әдістерінде болған толып жатқан төңкерістердің жемісі екенін көреміз.

Буржуазия дамуының осындай сатыларының әрқайсысы тиісті саяси табыстарға жетіп отырды. Феодалдардың үстемдігі тұсында езілген сословие, коммунада* — қаруланған және өзін өзі басқарушы ассоциация, мұнда — тәуелсіз қалалық республика, онда — монархияның алым-салық төлейтін үшінші сословиесі**, одан кейін мануфактура дәуірінде, — сословиелік немесе абсолюттік монархияда дворяндарға қарама-қарсы шыққан, жалпы ірі монархиялардың бас тірегі болған сословие; ақырында, ірі өнеркәсіп пен бүкіл дүние жүзілік рынок орнаған кезден бастап, буржуазия осы замандағы өкілдік мемлекетте ерекше саяси үстемдікті жеңіп алды. Осы заманғы мемлекеттік өкімет — бүкіл буржуазия табының жалпы істерін басқарып отыратын комитет қана.

Буржуазия тарихта орасан зор революциялық роль атқарды.

Буржуазия өзі үстемдікке жеткен жердің бәрінде де барлық феодалдық, патриархтық, идиллиялық қатынастарды қиратты. Ол адамды өзінің «табиғи иелеріне» матастырған қым-қиғаш феодалдық бұғауларды аяусыз үзіп, адамдар арасында жалаң мүддеден басқа, рақымысыз «ақшалай есептен» басқа ешқандай байланыс қалдырмады. Ол діни шабыттың, рыцарьлық жігердің, мешандық мүләйімдылықтың қасиетті толқуын өзімшіл есепқорлықтың қатымырлығымен тұншықтырды. Ол адамның адамдық қасиетін айырбас құнға айналдырды және сый ретінде берілген, игіліктен табылған сансыз көп бостандықтардың орнына тек жалғыз сауданың арсыз бостандығын ғана қойды. Ол, қысқасы, діни және саяси жалған үмітпен бүркелген қанаудың орнына ашық, ұятсыз, тіке, қатыгез қанауды туғызды.

* Францияда пайда болған қалалар «коммуналар» деп аталған, тіпті олар жергілікті өзіндік басқарма мен «үшінші сословиенің» саяси праволарын өздерінің феодал қожалары мен мырзаларынан жеңіп алудан бұрын да солай деп аталған. Жалпы айтқанда, бұл жерде буржуазияның экономикалық дамуының үлгісін көрсететін ел есебінде Англия мысалға алынған, буржуазияның саяси дамуының үлгісін көрсететін ел есебінде Франция мысалға алынған. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

Коммуна — өзіндік басқарманың алғашқы праволарын өздерінің феодал мырзаларынан сатып немесе жеңіп алғаннан кейін Италия мен Францияның қала халқы өздерінің қалалық қауымын осылай деп атаған. (1890 жылғы немісше басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

** Энгельс редакциялаған 1888 жылғы ағылшынша басылуында «тәуелсіз қалалық республика» деген сөздерден кейін «(Италия мен Германиядағыдай)» деген сөздер қосылған, ал «монархияның алым-салық төлейтін үшінші сословиесі» деген сөздерден кейін «(Франциядағыдай)» деген сөз қосылған. *Ред.*

Буржуазия бұл күнге дейін құрметті саналып келген және тағзыммен ардақталып келген түрлі қызметтердің бәрін қасиетті даңқынан айырды. Ол дәрігерді, юристі, священникті, ақынды, ғылым адамын өзінің ақылы жалдама қызметкерлеріне айналдырды.

Буржуазия семья қатынастарының нәзік сыпайыгершілік пердесін жұлып тастап, оларды таза ақша қатынастарына айналдырды.

Буржуазия реакционерлердің айызын қандырған орта ғасырлардағы тұрпайы күш жұмсаудың табиғи түрде жалқаулықпен, жатып ішерлікпен ұштасып жатқанын көрсетті. Ол адам баласының қызметі қандай табыстарға жеткізе алатынын бірінші рет көрсетті. Ол өнердің кереметтерін жасады, бірақ бұл Египет пирамидаларынан, Рим су құбырларынан, готика соборларынан мүлде басқаша кереметтер болды; ол халықтардың қоныс аударуынан, крест жорықтарынан мүлде басқаша жорықтар жасады.

Буржуазия өндіріс құралдарында үнемі төңкерістер жасамайынша, олай болса өндірістік қатынастарды, демек, қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын революцияшылдандырмайынша, өмір сүре алмайды. Мұның керісінше, бұрынғы барлық өнеркәсіптік таптардың өмір сүруінің бірінші шарты — өндірістің ескі әдісін өзгертпей сақтау еді. Өндірістегі дамылсыз төңкерістер, барлық қоғамдық қатынастардың үздіксіз шайқалуы, мәңгі сенбеушілік пен қозғалыс буржуазия заманын барлық өткен замандардан өзгеше етіп тұрады. Қатып қалған, тот басқан қатынастардың бәрі, өздеріне тән, ғасырлар бойы қасиеттелген көзқарастармен, түсініктермен бірге қирайды, жаңадан пайда болғандардың бәрі, буыны қатып үлгірмей тұрып, ескіріп қалады. Сословиелік және қалыптасқан нәрселердің бәрі жоғалады, қасиетті нәрселердің бәрі былғанады, сөйтіп адамдар, ақырында, өздерінің тұрмыс күйлері мен өзара қатынастарына байыпты түрде қарау қажет екенін аңғарады.

Өнімдерді үнемі еселеп өткізу мұқтаждығы буржуазияны айдап, бүкіл жер шарын кездіреді. Ол барлық жерге еніп араласуға, барлық жерге орнығуға, барлық жерде байланыстар орнатуға тиісті болды.

Буржуазия жер жүзінің рыногын пайдалану арқылы барлық елдердің өндірісі мен тұтынуын космополиттік етті. Ол реакционерлерді қатты қиыжылтып, өнеркәсіпті ұлттық негізінен айырды. Өнеркәсіптің ежелгі ұлттық салалары құртылды және күн санап құртылып келеді. Оларды өнеркәсіптің жаңа салалары ығыстырып шығарып отырады; бұл жаңа салаларды енгізу барлық цивилизациялы ұлттардың тіршілік мәселесіне айналады, — бұл жаңа салалар енді жергілікті шикізатты емес, жер шарының ең алыс аймақтарынан әкелінетін шикізатты өндеп шығарады және белгілі бір елдің өз ішінде ғана емес, бүкіл

әлемнің барлық бөліктерінде де тұтынылатын фабрикалық өнімдерді жасап шығарады. Елдің өз өнімдері өтеп тұрған бұрынғы мұқтаждықтың орнына жаңа мұқтаждық туады; мұны өтеу үшін ең алыс елдердің, ауа райы нағыз әртүрлі жерлердің өнімдері керек болады. Бұрынғы жергілікті, ұлттық томаға-тұйықтықтың орнына және өзі өндірген өнімнің есебінен күн көрудің орнына ұлттар бір-бірімен барлық жағынан байланыс жасап, барлық жағынан бір-біріне тәуелді болып отырады. Мұның өзі материалдық өндіріске де, рухани өндіріске де бірдей дәрежеде қатысты. Жеке ұлттардың рухани ісінің жемістері барша жұрттың игілігіне айналады. Ұлттық сыңаржақтық пен шектелушілік бірден-бірге мүмкін болмайтын болады, сөйтіп толып жатқан ұлттық және жергілікті әдебиеттерден бүкіл дүние жүзілік бір әдебиет құралады.

Буржуазия барлық өндіріс құралдарын тез жетілдіріп, қатынас құралдарын үздіксіз онайлатып, барлық ұлттарды, тіпті ең анайы ұлттарды да, цивилизацияға тартады. Буржуазияның товар бағасының арзандығы — оның ауыр артиллериясы; ол осы артиллерия арқылы барлық қытай қорғандарын қиратады және варварлардың шетелдіктерге деген өте күшті өшпенділігін де женеді. Ол барлық ұлттарға құрып кету қаупін туғызып, буржуазиялық өндіріс әдістерін еріксіз қолдандырады, оларды өздерінде цивилизация дегенді орнатуға, яғни буржуа болуға мәжбүр етеді. Қысқасы, буржуазия әлемді өз үлгісімен, өзіне ұқсас етіп жасайды.

Буржуазия деревняны қаланың үстемдігіне бағындырды. Ол үлкен қалалар салды, село халқымен салыстырғанда қала халқының санын өте-мөте көбейтті, сөйтіп халықтың едәуір бөлегін деревня тұрмысының меңіреулігінен құтқарды. Ол деревняны қалаға тәуелді еткеніндей, анайы, жартылай анайы елдерді цивилизациялы елдерге, шаруа халықтарды буржуазиялық халықтарға, Шығысты Батысқа тәуелді етті.

Буржуазия өндіріс құрал-жабдықтарының, меншіктің, халықтың бытыраңқылығын бірден-бірге жоюда. Ол халықты жиілетті, өндіріс құрал-жабдықтарын орталықтандырды, меншікті азғана адамның қолына жинап шоғырландырды. Осыдан шыққан қажетті нәтиже саяси орталықтану болды. Бар болғаны дерлік тек одақтастық байланысы бар, мүдделері, заңдары, үкіметтері, баж салығы түрліше болған тәуелсіз облыстар *бір* ұлт болып бірікті, үкіметі де *біреу* болды, заңы да *біреу* болды, ұлттық тап мүддесі де *біреу* болды, баж шегі де *біреу* болды.

Буржуазия өзінің жүз жылға жетпейтін таптық үстемдігі тұсында одан бұрынғы барлық өткен ұрпақтар туғызған өндіргіш күштерден гөрі өте көп, өте зор өндіргіш күштер туғызды. Табиғат күштерін бағындыру, машиналы өндіріс, өнеркәсіп пен егіншілікте химияны қолдану, кеме қатынасы, темір жолдар,

электр телеграфтар, дүниенің байтақ алқаптарын егіншілік үшін игеру, өзендерді кеме жүретін ету, бейне бір жер астынан шыққандай болып көп халықтың пайда болуы, — қоғамдық еңбектің қойнауында осындай өндіргіш күштердің сынсып жатқанын өткен ғасырлардың қайсысы сезіп еді!

Сонымен, біз буржуазияның құралуына негіз болған өндіріс пен айырбас құрал-жабдықтарының феодалдық қоғамда жасалғанын көрдік. Осы өндіріс пен айырбас құрал-жабдықтары дамуының белгілі бір сатысында феодалдық қоғамның өндірісі мен айырбасы жүзеге асқан қатынастар, егіншілік пен өнеркәсіптің феодалдық түрде ұйымдастырылуы, қысқасы, феодалдық меншік қатынастары енді дамыған өндіргіш күштерге сәйкеспейтін болып қалды. Ол қатынастар өндірісті дамытудың орнына оған кедергі жасады. Олар өндірістің бұғауына айналды. Оларды қирату қажет болды, олар қиратылды да.

Олардың орнын еркін бәсеке басты, бұл бәсекеге сәйкес қоғамдық және саяси құрылыс жасалды, буржуазия табының экономикалық және саяси үстемдігі орнады.

Нақ осындай қозғалыс көз алдымызда өтіп жатыр. Буржуазиялық өндіріс және айырбас қатынастары бар, буржуазиялық меншік қатынастары бар, бейне бір сиқырмен жасағандай өндіріс пен айырбастың соншама құдіретті құралдарын жасаған осы заманғы буржуазиялық қоғам сарнап шақырып алған жын-дарына ие бола алмай отырған сиқыршыға ұқсайды. Міне, бірнеше ондаған жылдардан бері өнеркәсіп пен сауданың тарихы қазіргі заманғы өндіргіш күштердің қазіргі заманғы өндірістік қатынастарға қарсы, буржуазияның және оның үстемдігінің өмір сүру шарты болып отырған меншік қатынастарына қарсы наразылығының тарихы ғана болып келеді. Бұл жөнінде дүркін-дүркін қайталап, бүкіл буржуазиялық қоғамның өмір сүруіне бірден-бірге зор қауіп туғызып отырған сауда дағдарыстарын көрсетудің өзі жеткілікті. Сауда дағдарыстары кезінде әрдайым, дайын тұрған өнімдердің ғана емес, тіпті бұрын жасалған өндіргіш күштердің де едәуірі құртылады. Дағдарыстар кезінде барлық өткен замандарда өрескел нәрсе болып көрінетін қоғамдық дерт — артық өндіру дерті қаптайды. Қоғам қапелімде лайда болған анайы күйіне кенет кері қайтады, аштық, жаппай қырғын соғыс қоғамды барлық тіршілік заттарынан айырған сияқты болады; өнеркәсіп, сауда құртылған сияктанады — мұның себебі не? Себебі — қоғам өте цивилизациялы болып кеткен, оның тіршілік заттары өте көп болып кеткен, оның өнеркәсібі мен саудасы өте көп болып кеткен. Оның қолындағы өндіргіш күштер енді буржуазиялық меншік қатынастарының дамуына қызмет етпейді; қайта өндіргіш күштер бұл қатынастар үшін тым зор болып кеткен, олардың дамуына буржуазиялық қатынастар кедергі жасайды; ал өндіргіш күштер бұл кедергілерді жоя бастаған

кезде олар бүкіл буржуазиялық қоғамды қаусатады, буржуазиялық меншіктің өмір сүруіне қауіп туғызады. Буржуазиялық қатынастар өзі жасаған байлықты сыйғыза алмайтындай өте тар болып қалды.— Буржуазия дағдарыстарды қандай жолмен жеңеді? Бір жағынан, толып жатқан өндіргін күштерді амалсыздан құрту арқылы, екінші жағынан, жаңа рыноктар жаулап алу, ескі рыноктарды барынша сарқа пайдалану арқылы жеңеді. Сөйтіп, қалай жеңеді? Негұрлым әр тарапты, неғұрлым апатты дағдарыстар дайындау, оларға қарсы қолданылатын құралдарды азайту арқылы жеңеді.

Буржуазияның феодализмді құлатқандағы қаруы енді буржуазияның өзіне қарсы жұмсалады.

Бірақ буржуазия өзін өлтіретін қару жасап қана қойған жоқ; ол әрі сол қаруды буржуазияға қарсы жұмсайтын адамдарды — осы заманғы жұмысшыларды, *пролетарларды* туғызды.

Буржуазия, яғни капитал, қандай дәрежеде дамыса, осы заманғы жұмысшылар табы — пролетариат та сондай дәрежеде дамиды; ол жұмысшылар тек жұмыс тауып тұрғанда ғана өмір сүре алады, ал жұмысты өздерінің еңбегі капиталды көбейтіп тұрғанда ғана таба алады. Өздерін амалсыздан жекелеп сата-тын бұл жұмысшылар, әрбір басқа сауда заттары сияқты, өздері де товар болып табылады, сондықтан бәсекенің барлық кездейсоқтықтары, рыноктың барлық толқулары оларға да зардабын тигізеді.

Машиналардың қолданылуы мен еңбек бөлінісінің өсе түсуі себепті пролетарлардың еңбегі дербестік сипатының бәрінен айрылды, сонымен бірге еңбектің жұмысшылар үшін ешбір қызыға да қалмады. Жұмысшы машинаның жай шылауына айнала бастады, одан талап етілетін нәрсе — ең қарапайым, ең бір сарынды, өте оңай игерілетін тәсілдерді ғана білу болды. Сондықтан жұмысшыға шығатын шығын оның тек күн көруіне, ұрпағын сақтауына қажетті тіршілік заттарына ғана дерлік керек болды. Ал әрбір товардың, демек, еңбектің де⁵¹, бағасы оны өндіру шығынына тең. Сондықтан еңбектің қызығы қаншалық дәрежеде азайса, жалақы да соншалық дәрежеде азая береді. Ол ол ма: машиналардың қолданылуы мен еңбек бөлінісі қаншалық дәрежеде өссе, еңбектің мөлшері де соншалық дәрежеде өсе береді, өскенде — не жұмыс сағаттарының көбею есебінен, не әрбір белгілі уақыт ішінде керек болатын еңбектің мөлшері көбейгендіктен, машинаның жүрісі тездегендіктен, тағы сол сияқты себептерден өседі;

Қазіргі заманғы өнеркәсіп патриархтық шебердің кішкентай шеберханасын өнеркәсіп капиталисінің ірі фабрикасына айналдырды. Фабрикаға ұйлығып жиналған жұмысшылар бұқарасы солдатша ұйымдастырылады. Өнеркәсіп армиясының жай солдаттары болғандықтан, олар унтер-офицерлер мен офицерлердің

бүтін бір иерархиясының бақылауында болады. Олар буржуазия табының, буржуазиялық мемлекеттің ғана құлдары емес: оларды күн сайын, сағат сайын машина, бақылаушы, ең алдымен әрбір буржуа-фабриканттың өзі құл етіп отырады. Түпкі мақсаты баю екені неғұрлым ашық жарияланған сайын бұл деспотия соғұрлым оңбаған, жексұрын бола береді, соғұрлым қатаңдай түседі.

Қол еңбегіне өнер мен күш неғұрлым аз керек болған сайын, яғни осы заманғы өнеркәсіп неғұрлым дамыған сайын еркектердің еңбегін әйелдер мен балалардың еңбегі соғұрлым ығыстырып шығарып отырады. Жұмысшы табына келгенде жыныс пен жас жөніндегі айырмалар барлық қоғамдық мәнін жояды. Жасы мен жынысына қарай түрлі шығындар керек қылатын тек жұмыс аспаптары ғана қалады.

Фабрикант жұмысшыны қанап, жұмысшы ақырында жалақысын ақшалай алғаннан кейін ол жұмысшыға буржуазияның басқа топтары — үй иесі, дүкенші, өсімқор, т. с. тарпа бас салады.

Орта сословиенің төменгі топтары: ұсақ өнеркәсіпшілер, ұсақ саудагерлер мен рантьелер, қолөнершілер мен шаруалар — осы таптардың бәрі пролетариаттың қатарына барып қосыла береді, оның бір себебі — олардың азғантай капиталы ірі өнеркәсіп орындарын игеруге жеткіліксіз, сондықтан да олар неғұрлым ірі капиталистердің бәсекесіне төтеп бере алмайды, екінші себебі — олардың кәсіптік шеберлігі өндірістің жаңа әдістері енгізілгендіктен құнсыз болып қалады. Сөйтіп халықтың барлық таптарынан пролетариат осылайша құрылады.

Пролетариат дамудың түрлі сатыларынан өтеді. Оның буржуазияға қарсы күресі өзінің өмір сүруімен бірге басталады.

Әуелі жеке жұмысшылар күреседі, одан соң бір фабриканың жұмысшылары күреседі, бұдан кейін белгілі бір жердегі еңбектің бір саласының жұмысшылары өздерін тікелей қанап отырған жеке буржуаға қарсы күреседі. Жұмысшылар буржуазиялық өндірістік қатынастарға ғана соққы беріп қоймай, өндіріс құралдарының өздеріне де соққы береді; олар шетелдердің бәсеке жасаушы товарларын құртады, машиналарды қиратады, фабрикаларды өртейді, орта ғасыр жұмысшыларының айрылған бұрынғы күйін күшпен қайта орнатпақ болады.

Бұл сатыда жұмысшылар бүкіл елге тараған бәсекенің кесірінен бытыраған бұқараны құрайды. Ол кездегі жұмысшылар бұқарасының ұйысуы әзірше олардың өз бетімен бірігуінің нәтижесі емес, буржуазияның бірігуінің нәтижесі ғана болады; буржуазия өзінің саяси мақсаттарына жету үшін бүкіл пролетариатты қозғалысқа келтіруге тиісті болады, әзірше келтіре алады да. Олай болса, бұл сатыда пролетарлар өздерінің жауларына қарсы емес, жауларының жауларына қарсы — абсолюттік

монархияның қалдықтарына, жер иелеріне, өнеркәсіптен тыс буржуазияға, ұсақ буржуазияға қарсы күреседі. Сөйтіп бүкіл тарихи қозғалыс буржуазияның қолына шоғырланады; мұндай жағдайларда болған әрбір жеңіс буржуазияның жеңісі болып табылады.

Бірақ өнеркәсіп дами келе пролетариат тек саны жағынан ғана өсіп қоймайды; ол көп топ болып жиылады, оның күші арта береді, ол өзінің күшін барған сайын айқын сезетін болады. Машиналар еңбектің жеке түрлері арасындағы айырмаларды бірден-бірге жойып, барлық жерде дерлік жалақыны бірдей дәрежеде төгіс төмендеткен сайын пролетариаттың мүдделері мен тұрмыс жағдайлары бірден-бірге төнеле береді. Буржуалардың күшейе түскен өзара бәсекесінің және бұдан туатын сауда дағдарыстарының салдарынан жұмысшылардың жалақысы барған сайын тұрақсыз бола береді; машиналардың барған сайын тез дамып, үздіксіз жетіле беруі пролетарлардың тұрмыс күйін барған сайын нашарлата береді; жеке жұмысшы мен жеке буржуаның шайқасуы бірден-бірге екі таптың шайқасуына айнала береді. Жұмысшылар күресті буржуаларға қарсы коалиция* құрудан бастайды; олар өздерінің жалақыларын қорғау үшін бірігіп қимыл жасайды. Шайқасу бола қалған күнде өздерін қаражатпен қамтамасыз ету үшін олар тұрақты ассоциациялар да құрады. Кей жерлерде күрес ашық көтерілістерге айналады.

Жұмысшылар оқтын-оқтын женеді, бірақ бұл жеңістер — тек өткінші жеңістер ғана. Олардың күресінің шын нәтижесі қолма-қол табыс емес, жұмысшылардың барған сайын кең өріс алған біріге түсуі болады. Ірі өнеркәсіп туғызған, түрлі жерлердегі жұмысшылардың арасында байланыс орнататын қатынас құралдарының барған сайын өсуі жұмысшылардың бірігуіне себеп болады. Тек осындай байланыс болғанда ғана барлық жерлердегі сипаты бір күрестің толып жатқан жергілікті көздерін орталықтандырып, оларды біртұтас ұлттық, таптық күрес етіп біріктіруге болады. Ал тап күресі атаулының бәрі — саяси күрес. Сөйтіп, село арасындағы сүрлеу жолдары ғана болған орта ғасырлардың қала халқына бірігу үшін жүздеген жылдар керек болса, қазіргі заманғы пролетарлар, темір жолдардың арқасында, аздаған жылдың ішінде-ақ біріге алады.

Пролетарлардың мұндай тап болып, осы арқылы саяси партия болып ұйымдасуын жұмысшылардың өз арасындағы бәсеке минут сайын қайтадан бұзып отырады. Бірақ ол ұйым қайта-қайта құрыла береді, әрдайым бұрынғысынан әлдірек, берігірек, күштірек болып шығады. Ол ұйым буржуазияның жеке топтары арасындағы алақөздікті пайдаланып, жұмысшылардың кейбір

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «коалиция» деген сөзден кейін «(кәсіпшілер одақтары)» деген сөздер қосылған. *Ред.*

мүдделерін заң арқылы дұрыс деп таныттырады. Мысалы, Англиядағы он сағаттық жұмыс күні туралы заң.

Тегінде ескі қоғам ішіндегі шайқастар пролетариаттың даму процесіне көп реттерде себепші болады. Буржуазия үздіксіз күрес жүргізеді; әуелі аристократияға қарсы күреседі, кейінірек буржуазияның өз ішіндегі, мүдделері өнеркәсіп прогресіне қайшы келетін топтарға қарсы күреседі және әрдайым барлық шетел буржуазиясына қарсы күреседі. Барлық осы тартыстарда буржуазия амалсыздан пролетариатқа қол артады, оны жәрдемге шақырады, сөйтіп оны саяси қозғалысқа осылайша қатыстырады. Олай болса, буржуазияның өзі пролетариатқа өз білімінің элементтерін* ауыстырады, яғни буржуазияның өзіне қарсы қолданылатын қару береді.

Сонсын, жоғарыда көргеніміздей, өнеркәсіптің прогресі үстем таптың толып жатқан топтарын пролетариаттың қатарына апарып қосады немесе, ең болмағанда, бұл топтардың тұрмыс жағдайларын қауіпке ұшыратады. Бұл топтар да пролетариатқа білімнің элементтерін көптеп ала келеді.

Ақырында, тап күресі шешілуге жақындаған дәуірлерде үстем таптың ішіндегі, бүкіл ескі қоғам ішіндегі ыдырау процесінің өте-мөте күшті, өте-мөте айқын сипат алатындығы сонша, үстем таптың бір азгантай бөлімі өз табынан бөзіп, революцияшыл тапқа, болашаққа не болатын тапқа қосылады. Сондықтан да, дворяндардың бір бөлегінің бір кезде буржуазияға атуаны сияқты, қазір буржуазияның бір бөлегі, атап айтқанда — тарихи қозғалыстың бүкіл өрісін теориялық жағынан түсіну дәрежесіне жеткен буржуа — идеологтардың бір бөлегі пролетариатқа ауып отыр.

Қазірде буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын мәнісіндегі революцияшыл тап болып табылады. Өзге таптардың бәрі ірі өнеркәсіп дамыған сайын азып, құри береді, ал пролетариат — осы өнеркәсіптің өз жемісі.

Орта сословиелер: ұсақ өнеркәсіпші, ұсақ саудагер, қол-өнерші мен шаруа — бұлардың бәрі орта сословиелер ретінде өздерінің өмірін күйреуден сақтап қалу үшін буржуазияға қарсы күреседі. Олай болса, олар революцияшыл емес, консерватившіл. Ол ол ма, олар реакцияшыл: олар тарихтың тегершігін кері айналдыруға ұмтылады. Олар революцияшыл болған күнде, ақыры пролетариаттың қатарына кіретін болғандықтан ғана, өздерінің қазіргі емес, болашақтағы мүдделерін қорғайтын болғандықтан ғана, пролетариаттың көзқарасында болу үшін өздерінің көзқарасынан безетін болғандықтан ғана революцияшыл.

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «өз білімінің элементтерін» деген сөздердің орнына «өзінің саяси және жалпы білімінің элементтерін» деп басылған. *Ред.*

Люмпен-пролетариат, ескі қоғамның ең төмен топтарының іріп-шіруінің осы жасық туындысы, кей жерлерде пролетарлық революция арқылы қозғалысқа тартылады, бірақ өзінің бүкіл тұрмыс күйіне қарай ол реакцияшыл әрекет істеушілерге сатылып кетуге анағұрлым бейім болады.

Пролетариаттың тұрмыс жағдайларында ескі қоғамның тұрмыс жағдайлары осы күннің өзінде-ақ құртылған. Пролетардың меншігі жоқ; оның әйелі мен балаларына көзқарасы буржуазияның семьяға көзқарасынан енді бүтіндей басқа; Англияда да, Францияда да, Америкада да, Германияда да бірдей болып отырған осы заманғы өнеркәсіптік еңбек, осы заманғы капитал езгісі пролетардың бүкіл ұлттық сипатын жойып жіберді. Заң, мораль, дін, — пролетариат үшін осының бәрі — буржуазияның мүдделерін бүркеп тұрған буржуазиялық соқыр сенімдер ғана.

Бұрынғы таптардың бәрі, өздерінің үстемдігін жеңіп алғаннан кейін, қазірдің өзінде өздерінің қолы жеткен тұрмыстағы жайын баянды етуге ұмтылған; олар бүкіл қоғамды өздерінің немдену әдісін қамтамасыз ететін жағдайларға бағындырған. Ал пролетарлар өздерінің қазіргі немдену әдісін, мұнымен бірге бұған дейін болып келген барлық немдену әдістерін де түгелдей құртқан уақытта ғана, қоғамдық өндіргіш күштерді өзіне қарата алады. Пролетарлардың өзінде қорғауды керек ететін еш нәрсе жоқ; олар осы күнге дейін жеке меншікті қорғап, қамтамасыз етіп келгендердің бәрін қиратуға тиіс.

Бұл күнге дейін болған қозғалыстардың бәрі азшылықтың қозғалысы еді немесе азшылықтың мүдделері үшін жасалған қозғалыстар еді. Пролетарлық қозғалыс — орасан зор көпшіліктің дербес қозғалысы, сол көпшіліктің мүдделерін көздейтін қозғалыс. Қазіргі заманғы қоғамның ең төменгі тобы болып отырған пролетариат ресми қоғамды құрушы топтардың пролетариатты басып отырған қондырмасының бәрінің күлін көкке ұшырмай тұрып, көтеріле алмайды, бойын жаза алмайды.

Пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі, мазмұны жағынан болмаса да, формасы жағынан әуелі ұлттық күрес болады. Әрбір елдің пролетариаты, әрине, алдымен өз елінің буржуазиясын құртуға тиіс.

Пролетариаттың дамуының неғұрлым жалпы кезеңдерін суреттей келіп, біз өмір сүріп отырған қоғам ішіндегі азды-көпті бүркемелі түрдегі азамат соғысын шолып өттік, — бұл соғыс ашық революцияға айналатын, сөйтіп пролетариат буржуазияны күшпен құлату арқылы өз үстемдігін орнататын пунктке дейін шолып өттік.

Бұл күнге дейін өмір сүрген барлық қоғамдар, жоғарыда көргеніміздей, езуші таптар мен езілуші таптар арасындағы антагонизмге негізделіп келді. Бірақ қандай да бір тапты езуге мүмкіншілік болуы үшін ол тапты, ең болмағанда, өзінің құлдық

тіршілігімен күнелте алғандай жағдайлармен қамтамасыз ету керек. Ұсақ буржуаның феодалдық абсолютизм бұғауында жүріп буржуаның күйіне жеткені сияқты, крепостной крепостнойлық халде жүріп коммуна мүшесінің күйіне жетті. Мұның керісінше, қазіргі заманғы жұмысшы өнеркәсіптің прогресімен қатар жоғарыламайды, қайта бірден-бірге өз табының тіршілік жағдайларының қалпынан да төмендей береді. Жұмысшы пауперге айналды, сөйтіп пауперизм халықтың өсуінен де, байлықтың өсуінен де тез өседі. Бұдан айқын көрінетіні — буржуазия бұдан әрі қоғамның үстем табы болып қала алмайды және өз табының тіршілік жағдайларын бүкіл қоғамға тәртіптеуші заң ретінде таңа алмайды. Буржуазия үстемдік жасай алмайды, өйткені ол өз құлының құлдық дәрежеде тіршілік етуін де қамтамасыз ете алмайды, өйткені буржуазия құлдық тұрмыс күйін лажсыз төмендететіні сонша, құлдың еңбегімен өзі тамақ асыраудың орнына оны өзі асырайтын болады. Қоғам бұдан әрі буржуазияға бағынып тұра алмайды, яғни буржуазияның тұрмысы бұдан әрі қоғаммен сыйыса алмайды.

Буржуазия табының өмір сүруі мен үстемдігінің негізгі шарты — байлықтың жеке адамдар қолына жиналуы, капиталдың құралып, көбеюі. Капиталдың өмір сүруінің шарты — жалдама еңбек. Жалдама еңбек жұмысшылардың өзара бәсекесіне ғана негізделеді. Өнеркәсіптің прогресі жұмысшыларды бәсеке арқылы бытыратудың орнына ассоциациялар құрумен оларды революцияшыл етіп біріктіреді; бұл прогреске буржуазия лажсыз себепші болады, оған қарсы тұруға буржуазияның шамасы келмейді. Сөйтіп, ірі өнеркәсіптің дамуымен бірге буржуазия өзінің өнімдер өндіріп, оны иемденіп отырған негізінің өзінен айрылады. Буржуазия алдымен өзінің көрін қазушыларды туғызады. Буржуазияның құритыны да, пролетариаттың жеңетіні де сөзсіз.

II

ПРОЛЕТАРЛАР МЕН КОММУНИСТЕР

Коммунистердің жалпы пролетарлармен аралары қандай?

Коммунистер басқа жұмысшы партияларына карама-қарсы тұрған ерекше партия емес.

Олардың тұтас алғанда бүкіл пролетариаттың мүдделерінен бөлек ешбір мүдделері жоқ.

Олар ешбір ерекше* принциптер қойып, пролетарлық қозғалысты сол принциптерге бейімдегісі келмейді.

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «ерекше» дегеннің орнына «сектанттық» делінген. *Ред.*

Коммунистердің басқа пролетарлық партиялардан жалғыз-ақ айырмасы — бір жағынан, түрлі ұлттар пролетарларының күресінде олар бүкіл пролетариаттың ұлтқа байланыссыз ортақ мүдделерін баса көрсетіп, соларды қорғайды; екінші жағынан, пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі өтетін дамудың түрлі сатыларында олар әрдайым бүкіл қозғалыстың мүдделерін көздейді.

Олай болса, коммунистер практика жүзінде барлық елдердің жұмысшы партияларының әрдайым ілгері басуға құлшындырып отыратын* ең батыл бөлігі болып табылады, ал теория жөнінен олардың пролетариаттың басқа бұқарасынан артықшылығы — олар пролетарлық қозғалыстың жағдайларын, барысын, жалпы нәтижелерін түсіне біледі.

Коммунистердің ең таяудағы мақсаты басқа пролетарлық партиялардың бәрінің мақсатымен бірдей: пролетариаттың тап болып құралуы, буржуазия үстемдігінің құлатылуы, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы.

Коммунистердің теориялық қағидалары дүниені жаңартушылардың қандайының болса да ойдан шығарған немесе тапқан идеяларына, принциптеріне ешбір негізделмейді.

Бұл теориялық қағидалар — болып жатқан тап күресінің шын қатынастарының жалпы көрінісі ғана, көз алдымызда болып жатқан тарихи қозғалыстың көрінісі ғана. Бұрыннан болып келген меншік қатынастарын құрту — тек коммунизмге ғана тән нәрсе емес.

Меншік қатынастарының бәрі тарихта әрдайым ауысып келген, тарихта әрдайым өзгеріп келген.

Мәселен, француз революциясы феодалдық меншікті жойып, оның орнына буржуазиялық меншікті орнатты.

Коммунизмнің өзгеше белгісі — меншік атаулыны жою емес, буржуазиялық меншікті жою.

Бірақ қазіргі заманғы буржуазиялық жеке меншік — таптық антагонизмдерге, біреуді біреудің қанауына** негізделген өнім өндіру мен өнім иемденудің соңғы, ең толық бейнесі.

Осы мағынада алғанда коммунистер өздерінің теориясын: жеке меншікті құрту — деген бір-ақ қағидамен айта алады.

Біздерді, коммунистерді, кінәлап: сендер меншікті, әркім өзі тапқан, өз еңбегімен тапқан меншікті, жеке адамның қандай да болсын бостандығының, ісінің, дербестігінің негізі болып отырған меншікті құртқыларың келеді — деседі.

Жұмыс істеп, игілі іс етіп, әркім өз еңбегімен тапқан меншікі!

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «әрдайым ілгері басуға құлшындырып отыратын» деген сөздердің орнына «ең алдыңғы қатарлы» деп басылған. *Ред.*

** 1888 жылғы ағылшынша басылуында «біреуді біреудің қанауына» деген сөздердің орнына «көпшілікті азшылықтың қанауына» деп басылған. *Ред.*

Буржуазиялық меншіктің алдында болған ұсақ буржуазиялық, ұсақ шаруашылық меншік туралы айтып отырсыздар ма? Бізге оны құртудың қажеті жоқ, өнеркәсіптің дамуы оны құртқан және күн сайын құртып жатыр.

Немесе, мүмкін, сіздер қазіргі заманғы буржуазиялық жеке меншікті айтатын шығарсыздар?

Бірақ жалдама еңбек, пролетардың еңбегі, пролетарға меншік жасай ма? Еш уақытта жасамайды. Ол капитал жасайды, яғни жалдама еңбекті қанайтын меншік жасайды, жалдама еңбекті қайтадан қанау үшін өзі жаңа жалдама еңбек туғызған уақытта ғана көбейе алатын меншік жасайды. Қазіргі замандағы түрінде меншік капитал мен жалдама еңбектің арасындағы қарама-қарсылықта ілгері басуда. Осы қарама-қарсылықтың екі жағын да талдап көрелік.

Капиталист болу — өндірісте тек өз басындық қана орын алып қоймай, қоғамдық та орын алу деген сөз. Капитал — коллективтік өнім, ол қоғамның көп мүшелерінің бірлескен ісімен ғана, ал сайып келгенде — қоғамның барлық мүшелерінің бірлескен ісімен ғана жүргізіле алады.

Сөйтіп, капитал — жеке адамдық күш емес, қоғамдық күш.

Олай болса, капитал қоғамның барлық мүшелеріне тиесілі коллективтік меншікке айналдырылса, онда мұның өзі жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырғандық болмайды. Тек меншіктің қоғамдық сипаты ғана өзгереді. Меншік өзінің таптық сипатын жояды.

Енді жалдама еңбекке келейік.

Жалдама еңбектің орта бағасы — жалақының минимумы, яғни жұмысшының, жұмысшы есебінде, өмірін сақтауға керекті заттарының жиынтығы. Олай болса, жалдама жұмысшының өз қызметінің нәтижесінде иемденгені оның өмірін сақтауға әрең жетеді. Тікелей өмірін сақтау үшін ғана керекті, басқа біреудің еңбегіне өкім жүргізерліктей ешбір артық нәрсе қалдырмайтын еңбек өнімдерін жеке адамның иемденуін біз әсте құртпақ емеспіз. Біз бұл иемденудің тек қана жексұрын сипатын, жұмысшыға капиталды көбейту үшін ғана өмір сүруге және үстем таптың мүдделерінің керек етуіне қарай ғана өмір сүруге мүмкіндік беретін сипатын құртпақпыз.

Буржуазиялық қоғамда тірі еңбек — қорланған еңбекті көбейте берудің құралы ғана. Коммунистік қоғамда қорланған еңбек — жұмысшылардың тіршілік процесін ұлғайтудың, байытудың, жеңілдетудің құралы ғана.

Сөйтіп, буржуазиялық қоғамда өткендегі қазіргіге, коммунистік қоғамда қазіргі өткендегіге үстемдік жасайды. Буржуазиялық қоғамда капиталдың дербестік, жекелік сипаты бар, ал еңбекші индивидуумның дербестік, жекелік сипаты жоқ.

Міне, осы қатынастарды құртуды буржуазия адамдық пен бостандықты жою деп атайды! Мұнысы дұрыс. Шынында әңгіме буржуазиялық адамдықты, буржуазиялық дербестікті, буржуазиялық бостандықты жою туралы болып отыр.

Қазіргі буржуазиялық өндірістік қатынастар шеңберінде алғанда, жұрт бостандық деп сауда бостандығын, сатып алу мен сату бостандығын түсінеді.

Бірақ саудагерлік жойылса, еркін саудагерлік те жойылады. Біздің буржуалардың бостандық туралы лепірген сөздерінің бәрі сияқты, еркін саудагерлік туралы сөздердің де, жалпы алғанда, ықтиярсыз саудагерлік жөнінде ғана, орта ғасырлардың құлдыққа түскен қала адамдары жөнінде ғана маңызы бар, ал саудагерлікті, буржуазиялық өндірістік қатынастарды және буржуазияның өзін коммунистік жолмен құрту жөнінде бұл сөздердің ешбір маңызы жоқ.

Сіздер біздің жеке меншікті құртқымыз келетіндігінен зәрелеріңіз ұшады. Бірақ сіздердің бұл күнгі қоғамыңызда, сол қоғамның мүшелерінің оннан тоғызының жеке меншігі әлдеқашан құрылған: жеке меншік өмір сүрсе — осы адамдардың оннан тоғызында меншік жоқ болғандықтан ғана өмір сүріп отыр. Олай болса, сіздер өзіне қажетті шарт ретінде қоғамның орасан көпшілігінің меншігі болмауын көздейтін меншікті құртқымыз келгені үшін бізді кінәлайсыздар.

Қысқасы, сіздер бізді өздеріңіздің меншіктеріңізді құртқымыз келгені үшін кінәлайсыздар. Ие, біз шынында да соны істегіміз келеді.

Еңбекті капиталға, ақшаға, жер рентасына, қысқасы — монополиялауға болатын қоғамдық күшке ендігәрі айналдыруға болмайтын кезден бастап, яғни жеке адам меншігі ендігәрі буржуазиялық меншікке айнала алмайтын болған кезден бастап, — осы кезден бастап, сіздердің айтуларыңызша, жеке адамдық құртылмақ.

Олай болса, сіздер жеке адам деп басқа ешкімді емес, тек буржуаны, яғни буржуазиялық жеке меншікшіні ғана санайтындарыңызды өздеріңіз мойындап отырсыздар. Ондай жеке адамдық шынында да құртылуға тиіс.

Коммунизм ешкімнің қоғамдық өнімдерді иемдену мүмкіншілігін жоймайды, ол тек осы иемдену арқылы басқаның еңбегін құлдыққа салу мүмкіншілігін жояды.

Жеке меншік құртылумен бірге қандай әрекет болса да тоқталып, жалпылама жалқаулық орын тебеді деп те қарсы дау айтылды.

Бұлай болғанда, буржуазиялық қоғам жалқаулықтың салдарынан әлдеқашан құрыған болар еді, өйткені бұл қоғамда еңбек ететіндер еш нәрсе иемденбейді, ал иемденетіндер еңбек етпейді. Бұл қауіптенушіліктің бәрі — бұдан былай капитал болмаса,

жалдама еңбек те болмайды деген құр мылжыңға апарып соғады.

Материалдық өнімдерді иемдену мен өндірудің коммунистік әдісіне қарсы айтылған барлық пікірлер ой еңбегінің өнімдерін иемдену мен өндіру жөнінде де айтылады. Таптық меншікті құрту буржуаға өндірістің өзін құрту болып көрінетіні сияқты, таптық оқу-білімді құрту да оған жалпы оқу-білім атаулыны құртумен бірдей болып көрінеді.

Буржуаның құриды деп зар илеп жүрген оқу-білімі қалың көпшілікті машинаның шылауына айналдыратын оқу-білім болып табылады.

Бірақ бізбен дауласқанда, буржуазиялық меншікті жоюды өздеріңіздің бостандық, оқу-білім, право, т. т. туралы буржуазиялық ұғымдарыңыздың тұрғысынан бағалап дауласпаңыздар. Сіздердің праволарыңыз — өз таптарыңыздың заңға айналдырылған еркі ғана, мазмұны өз таптарыңыздың материалдық тұрмыс жағдайларына қарай белгіленетін еркі ғана; нақ сол сияқты, сіздердің идеяларыңыздың өзі — буржуазиялық өндірістік қатынастар мен буржуазиялық меншік қатынастарының жемісі.

Өздеріңіздің өндірістік қатынастарыңыз бен меншік қатынастарыңызды өндірістің даму процесінде өтіп кететін тарихи қатынастардан табиғат пен ақыл-ойдың мәңгілік заңдарына айналдырып отырған өзіншілдік ұғымдарыңыз сіздерге де, бұрын үстемдік етіп келіп, құрыған таптардың бәріне де ортақ нәрсе. Көне замандағы немесе феодалдық замандағы меншік жөнінде өздеріңізге түсінікті болған нәрсені сіздер буржуазиялық меншік туралы сөз болғанда түсінгілеріңіз келмейді.

Семьяны құрту! Коммунистердің бұл сорақы ниетіне ең басып тұрған радикалдар да қатты шамданады.

Осы заманғы, буржуазиялық семья не нәрсеге негізделген? Капиталға, жеке адамның олжа табуына негізделген. Мұндай семья толық дамыған түрінде тек буржуазияда ғана бар; ал пролетарлардың амалсыздан семьясыз жүруі және әшкере жезөкшелік осы семьяға қосымша болады.

Бұл қосымшаның жойылуымен бірге буржуазиялық семья да табиғи түрде жойылады, ал мұның екеуі де капиталдың жоғалуымен бірге қарасы өшеді.

Әлде бізді — ата-аналардың өз балаларын қанауын тиғыларын келеді деп кінәлайсыздар ма? Біз мұндай қылмысты мойнымызға аламыз.

Бірақ сіздер бізге — үй тәрбиесін қоғам тәрбиесімен өзгертіп, адамның ең қымбат арақатынастарын құртқыларын келеді дейсіздер.

Ал сіздердің тәрбиелеріңізді қоғам белгілемей ме? Сіздердің тәрбиелеріңізді өздеріңіз тәрбие жүргізіп отырған қоғамдық

қатынастарыңыз белгілемей ме, мектеп, т. т. арқылы тікелей немесе жанамалай араласып, қоғам белгілеп отырмай ма? Коммунистер қоғамның тәрбиеге жасайтын ықпалын ойдан шығармайды; олар тек қана тәрбиенің сипатын өзгертеді, оны үстем таптың ықпалынан шығарып алады.

Ірі өнеркәсіптің дамуы арқасында пролетариат арасында семья дәнекерлерінің бәрі неғұрлым бұзылған сайын, балалар жай бір сауда заттарына, жұмыс аспаптарына айналған сайын семья мен тәрбие туралы, ата-аналар мен балалардың арасындағы мейірімділік қатынастар туралы буржуазиялық лепірме сөздер соғұрлым жиренішті бола береді.

Бірақ сендер, коммунистер, әйел ортақтығын енгізгілерің келді,— деп бізге бүкіл буржуазия болып шулайды.

Буржуа өзінің әйеліне жай бір өндіріс құралы деп қарайды. Буржуа өндіріс құралы жалпы жұрттың ортақ пайдалануына беріледі дегенді есітеді де, әйелдердің басына да сол күн туады деген ойдан, әрине, безе алмайды.

Қайта, әңгіме әйелдерді жай бір өндіріс құралы болып табылатын күйден құтқару туралы болып отырғанын буржуа тіпті сезбейді де.

Айта кетелік, біздің буржуалардың коммунистерде әйелдер бейне бір ресми ортақ болады екен деген жөнінде адамгершілігі ұстап, үрейленуінен күлкілі нәрсе жоқ. Коммунистерге әйел ортақтығын енгізудің қажеті жоқ, ол әр уақытта дерлік болып келді.

Ресми жезөкшелікті әңгіме қылмағанның өзінде, өз жұмысшыларының әйелдері мен қыздары буржуалардың ықтиярында болғанына місе тұтпай, біздің буржуалар бірінің әйелін бірі азығұда айрықша ләззат бар деп біледі.

Буржуазиялық неке шынында да әйел ортақтығы болып табылады. Екіжүзді-бүркемелі түрдегі әйел ортақтығының орнына ресми, ашық түрдегі әйел ортақтығын орнатқысы келеді екен, деп коммунистерді айыптаса бір сәрі болар еді. Бірақ осы күнгі өндірістік қатынастардың құртылуымен бірге олардан туатын әйел ортақтығының да, яғни ресми және ресми емес жезөкшеліктің де құртылатыны өзінен-өзі белгілі ғой.

Онан соң, коммунистер — отанды, ұлтты жоймақ екен деп те оларды кінәлап жүр.

Жұмысшылардың отаны жоқ. Оларда жоқ нәрсені олардан тартып алу мүмкін емес. Пролетариат алдымен саяси үстемдікті жеңіп алуға, ұлттық тап дәрежесіне жетуге*, ұлт болып құралу-

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «ұлттық тап дәрежесіне жетуге» деген сөздердің орнына «ұлттық жетекші табының дәрежесіне жетуге» деп басылған. *Ред.*

ға тиісті болғандықтан, ол өзі әзірше ұлттық болады, алайда оның ұлттық болуы әсте де буржуазия түсінетін мағынада емес.

Буржуазияның дамуына, сауда бостандығына, бүкіл дүние жүзілік рынокқа, өнеркәсіп өндірісінің және оған сәйкес тұрмыс жағдайларының біркелкілігіне байланысты халықтардың ұлттық даралығы және қарама-қарсылықтары қазірдің өзінде-ақ бірден-бірге жоғалып келеді.

Пролетариаттың үстемдігі олардың жоғалуын бұдан да гөрі жылдамдатады. Бірігіп күш салу, ең болмағанда цивилизациялы елдердің бірігіп күш салуы — пролетариаттың азаттық алуының ең бірінші шарттарының бірі.

Бір индивидуумды екінші индивидуумның қанауы қандай дәрежеде құртылса, бір ұлтты екінші ұлттың қанауы да сондай дәрежеде құртылады.

Ұлттар ішіндегі таптар антагонизмі жойылумен бірге ұлттардың бір-біріне жау болуы да жойылады.

Дін, философия және жалпы идеология тұрғысынан коммунизмге тағылып жүрген айыптарды толық қарап жатудың керекі де жоқ.

Адамдардың тұрмыс жағдайларының, олардың қоғамдық қатынастарының, олардың қоғамдық болмысының өзгеруімен бірге олардың түсініктері, көзқарастары, ұғымдары, қысқасы — олардың санасы да өзгеретінін түсіну үшін ерекше терең ойлық керек пе екен?

Идеялар тарихы материалдық өндіріспен бірге рухани өндірістің де өзгеріп отыратынын дәлелдегенде нені дәлелдеп отыр? Қай уақыттың болса да үстем идеялары әрдайым тек үстем таптың ғана идеялары болған.

Бүкіл қоғамды революцияшылдандыратын идеялар туралы сөз қылады; бұдан ескі қоғамның ішінде жаңа қоғамның элементтері пайда болғандығы, ескі тұрмыс жағдайларының ыдырауымен қатар ескі идеялардың да ыдырап бара жатқандығы жөніндегі факт қана көрінеді.

Ертедегі дүние құруға бет алғанда, ерте замандағы діндерді христиан діні жеңген болатын. Христиан идеялары XVIII ғасырда ағартушы идеялардың соққысынан құрып бара жатқан уақытта, феодалдық қоғам сол кездегі революцияшыл буржуазиямен жанталасып арпалысқан болатын. Ар-ұждан, дін бостандығы идеялары білім саласында еркін бәсеке үстемдігінің ғана бейнесі болды.

«Бірақ», — дер бізге — «діндік, моральдық, философиялық, саяси, праволық идеялар, т. т., әрине, тарихи дамудың барысында өзгеріп отырды. Ал дін, адамгершілік, философия, саясат, право осы үздіксіз өзгерістердің ішінде әрдайым сақталып келді.

Оның үстіне, бостандық, әділдік, т. т. сияқты қоғамдық даму-

дың барлық сатыларына ортақ мәңгілік ақиқаттар бар. Ал коммунизм мәңгілік ақиқаттарды жояды, ол дінді, адамгершілікті жанартудың орнына оларды жояды; олай болса, ол тарихи дамудың бүкіл бұрынғы барысына қайшы келеді».

Бұл айыптаудың аяғы неге соқпақ? Бұл күнге дейін өмір сүріп келген барлық қоғамдардың тарихы әр заманда әртүрлі болып калыптасқан таптық қарама-қарсылықтардың ішінде дамып келді.

Бірақ бұл қарама-қарсылықтар қандай формада болса да, қоғамның бір бөлегін екінші бөлегінің қанауы — барлық өткен ғасырларға ортақ факт. Сондықтан, таңданатыны жоқ, барлық ғасырлардағы қоғамдық сана, өзінің алуан-алуан, түрлі-түрлі болуының бәріне қарамастан, белгілі бір жалпы формада, санының таптар қарама-қарсылығы әбден жоғалғаннан кейін ғана толық жоғалатын формасында өсіп келеді.

Коммунистік революция дегеніміз өткен заманнан мұра болып келген меншік қатынастарынан ең батыл түрде ажырасу; өзінің даму барысында коммунистік революцияның өткен заманнан мұра болып келген идеялардан ең батыл түрде ажырасатындығы таңданарлық нәрсе емес.

Алайда буржуазияның коммунизмге қарсы дауын қоя тұра-лық.

Жоғарыда біз мынаны көрдік: жұмысшы революциясындағы алғашқы адым — пролетариатты үстем тапқа айналдыру, демократияны жеңіп алу болып табылады.

Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазиядан барлық капиталды бірте-бірте тартып алу үшін, барлық өндіріс құралдарын мемлекеттің, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариаттың қолына орталықтандыру үшін және барлық өндіргіш күштерді мүмкіндігінше тезірек көбейту үшін пайдаланады.

Бұл, әрине, әуелі меншік правосына және буржуазиялық өндірістік қатынастарға бұзып-жара қол сұғу арқылы ғана жүзеге асады, яғни экономика жағынан жеткіліксіз, әлсіз болып көрінсе де, қозғалыстың барысында өздерінен өздері асып түсетін*, бүкіл өндіріс әдісіне төңкеріс жасайтын құрал есебінде сөзсіз керекті болатын шаралар арқылы ғана жүзеге асады.

Бұл шаралар, әрине, әр елде әртүрлі болады.

Алайда неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде дерлік төмендегі шараларды қолдануға болады:

1. Жер меншігін экспроприациялау және жер рентасын мемлекет шығындарын өтсуге жұмсау.
2. Көп мөлшерде үдемелі салық салу.
3. Мұрагерлік правосын жою.

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «өздерінен өздері асып түсетін» деген сөздерден кейін «ескі қоғамдық құрылысқа онан әрі шабуылдар жасауды қажетті ететін» деген сөздер қосылған. *Ред.*

4. Барлық эмигранттар мен бүлікшілердің мүліктерін конфискелеу.

5. Мемлекеттік капиталы мен ерекше монополиясы бар ұлттық банк арқылы кредитті мемлекет қолына орталықтандыру.

6. Бүкіл транспортты мемлекет қолына орталықтандыру.

7. Мемлекеттік фабрикаларды, өндіріс құралдарын көбейту, жалпы жоспар бойынша жердің сапасын арттырып, егіске қолайлы ету.

8. Еңбекті жұрттың бәріне бірдей міндетті ету, өнеркәсіптік армиялар құру, әсіресе егіншілік үшін құру.

9. Егіншілікті өнеркәсіппен ұштастыру, қала мен деревня арасындағы айырмашылықты* бірте-бірте жоюға көмектесу.

10. Барлық балаларға қоғамдық және тегін тәрбие беру. Балалардың осы заманғы формада фабрикаларда еңбек етуін жою. Тәрбиені материалдық өндіріспен ұштастыру, т. т.

Даму барысында таптық айырмашылықтар жойылып, бүкіл өндіріс индивидтер ассоциациясының қолына жиналған кезде ресми өкімет өзінің саяси сипатын жоғалтады. Сөздің шын мағынасында алғанда саяси өкімет дегеніміз бір таптың екінші тапты жаншуы үшін ұйымдасқан зорлық. Егер пролетариат буржуазияға қарсы күресте қалай да тап болып біріксе, егер ол революция арқылы өзін үстем тапқа айналдырса және үстем тап ретінде ескі өндірістік қатынастарды күшпен жойса, онда ол осы өндірістік қатынастармен бірге тап қарама-қарсылықтарының болу жағдайларын жояды, жалпы тап атаулыны жояды, сөйтіп өзінің тап ретіндегі үстемдігін де жояды.

Таптары және таптық қарама-қарсылықтары бар ескі буржуазиялық қоғамның орнына әрбір адамның еркін дамуы барлық жұрттың еркін дамуының шарты болып табылатын ассоциация орнайды.

*1848 жылғы басылуында: «қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты» делінген. 1872 жылғы басылуында және сонан былайғы немісше басылуларында «қарама-қарсылықты» деген сөз «айырмашылықты» деген сөзбен ауыстырылған. 1888 жылғы ағылшынша басылуында: «қала мен деревня арасындағы айырмашылықты бірте-бірте жоюға көмектесу» деген сөздердің орнына: «халықты бүкіл ел ішінде неғұрлым біркелкі етіп орналастыру арқылы қала мен деревня арасындағы айырмашылықты бірте-бірте жою» деп басылған. *Ред.*

III

СОЦИАЛИСТІК ЖӘНЕ КОММУНИСТІК
ӘДЕБИЕТ

1. РЕАКЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ

а) ФЕОДАЛДЫҚ СОЦИАЛИЗМ

Француз және ағылшын аристократиясы, өздерінің тарихи жағдайына қарай, осы заманғы буржуазиялық қоғамға қарсы памфлеттер жазуға тиісті болған. Француздың 1830 жылғы июль революциясында және парламенттік реформаны жақтаған ағылшын қозғалысында⁵² жеңісін ұрыншақ тағы да бір рет аристократияны жеңіліске ұшыратты. Бұдан кейін елеулі саяси күрес туралы сөз қылу да мүмкін емес еді. Аристократияға тек әдеби күрес қана қалды. Бірақ әдебиет саласында да Реставрация* уақытындағы ескі сөздерді пайдалану енді мүмкін болмай қалды. Жұртты өзіне тілектес етіп алу үшін аристократия енді өз мүдделерін ойламайтын сияқты болып, қаналушы жұмысшы табының мүдделері үшін ғана буржуазияға қарсы өзінің айыптау актісін жасайтын сияқты болып көрінуге тиіс болды. Ол өзінің жаңа несіне пасквиль жазумен және оның құлағына азды-көпті үрейлі сәуегейлікті айтып сыбырлаумен қанағаттанды.

Осылайша феодалдық социализм шықты. мұның өзі жартылай жоқтау зары да, жартылай пасквиль,— жартылай өткен заманның жаңғырығы да, жартылай болашақтың қаупі; кейде ол буржуазияны ащы күйдіргі, өткір сөзімен дәл жүректен түйрейді, бірақ ол осы заманғы тарихтың барысын тіпті де түсіне алмайтындығын көрсетіп, әрдайым күлкі болады.

Аристократия халықты өздеріне ерту үшін пролетариаттың қайыршылық дорбасын ту етіп көтерді. Бірақ аристократияның соңына ергенде халық әрдайым оның бөксесіндегі ескі феодалдық таңбаны көріп мазақтап, қарқ-қарқ күліп, бет-бетіне тарап кетті.

Француз легитимистерінің⁵³ бірқатары мен «Жас Англия»⁵⁴ осы комедиямен шұғылданып көрді.

Егерде феодалдар өздерінің қанау әдісін буржуазиялық қанаудан басқаша деп дәлелдесе, онда олар тек өздерінің бүтіндей басқаша, қазірде күні өткен жай-жағдайлар тұсында қанағанын ұмытқаны. Егер олар өздерінің үстемдігі тұсында қазіргі заманғы пролетариаттың болмағанын айтса, онда олар дәл қазіргі заманғы буржуазия олардың қоғамдық құрылысының қажетті жемісі болғанын ұмытқаны.

Дегенмен, олар өз сындарының реакцияшылдық сипатын пә-

* Әңгіме 1660—1689 жылдардағы ағылшын Реставрациясы туралы емес, 1814—1830 жылдардағы француз Реставрациясы туралы болып отыр. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

лендей жасыра қоймайтындығы сонша, олардың буржуазияға қоятын жалғыз-ақ басты кінәсы: буржуазияның үстемдігі тұсында бүкіл ескі қоғамдық тәртіптің күлін көкке ұшыратын тап өсіп келеді, дейді.

Олар буржуазияны кінәлағанда, оның жалпы пролетариатты туғызғанынан гөрі революцияшыл пролетариатты туғызғаны үшін көбірек кінәлайды.

Сондықтан саяси практикада олар жұмысшы табына қарсы істелетін барлық зорлық шараларға қатысады, ал күнбе-күнгі өмірде өздерінің барлық көпірме сөздеріне қайшы келіп, реті келген сайын алтын алмалар* жинайды және адалдығын махаббатын, ар-ожданн қой жүнімен, қызылшамен, арақпен сауда істеуден түскен пайдаға айырбастайды**.

Поптың әрдайым феодалмен қол ұстасып бірге жүргеніндей, поптық социализм де феодалдық социализммен қол ұстасып бірге жүреді.

Христиандық аскетизмге социалистік рең беруден оңай нәрсе жоқ. Христиандар да жеке меншікке, некеге, мемлекетке қарсы аттанбап па еді? Олар мұның орнына қайырымдылық пен қайыршылықты, некесіздік пен нәпсі тыюды, монастырь тұрмысы мен шіркеуді уағыздамап па еді? Христиандық социализм — аристократтың ашуын басқанда поптың бүркетін қасиетті суы.

в) ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ

Буржуазия құлатқан тап, осы заманғы буржуазиялық қоғамда тұрмыс жағдайлары нашарлап, құрып бара жатқан тап жалғыз феодалдық аристократия ғана емес. Орта ғасырлардағы қала халқының сословиесі мен ұсақ шаруалар сословиесі осы заманғы буржуазияның алдында болып өткен сословиелер еді. Өнеркәсіп пен сауда жағынан кемірек дамыған елдерде бұл тап дамып келе жатқан буржуазиямен қатар әлі күнге ілініп-салынып келеді.

Осы заманғы цивилизация дамыған елдерде пролетариат пен буржуазияның арасында ауытқып отыратын жаңа ұсақ буржуазия құрылды және оның өзі буржуазиялық қоғамның қосымша бөлімі есебінде әрдайым жаңадан құрылып отырады. Бірақ

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында «алтын алмалар» деген сөздің алдында «өнеркәсіп ағашынан үзіліп түсіп жататын» деген сөздер бар. *Ред.*

** Бұл көбінесе Германияға қатысты нәрсе; онда жерді аристократия мен юнкерлер өз жерлерінің көпшілік бөлегінде шаруашылықты басқарушылар арқылы өз қаражатымен жүргізеді және мұның үстіне олар — қызылша-қант және арақ-шарап заводтарының ірі иемденушілері. Англияның неғұрлым байырақ аристократтары бұл халге әлі жеткен жоқ; бірақ төмендеген рентаның орнын қалай толтыру керек екенін олар да біледі, мұның үшін олар азды-көпті күмәнді акционерлік компанияларды құрушыларға өздерінің атағын береді. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

бәсеке бұл таптың адамдарын үнемі пролетариаттың қатарына түсіріп отырады, сондықтан олар ірі өнеркәсіп дами келе өздерінің осы заманғы қоғамның дербес бір бөлегі ретінде мүлде жоғалатын уақытының, сөйтіп саудада, өнеркәсіпте, егіншілікте өздерінің орнын бақылаушылар мен жалдама қызметшілер басатын уақыттың жақындағанын қазірдің өзінде-ақ көре бастады.

Бүкіл халқының жартысынан әлдеқайда көбі шаруалар болып отырған Франция сияқты елдерде пролетариатты жақтап, буржуазияға қарсы шыққанда буржуазиялық құрылысты ұсақ буржуазиялық, ұсақ шаруалық үлгімен сынаған, жұмысшылардың мүддесін ұсақ буржуазиялық тұрғыдан қорғаған жазушылардың шығуы табиғи нәрсе. Ұсақ буржуазиялық социализм осылай туды. Францияда ғана емес, Англияда да мұндай әдебиетке бас болған Сисмонди болды.

Бұл социализм осы заманғы өндірістік қатынастардағы қайшылықтарды тамаша аңғара білді. Ол экономистердің екі жүзді апологетикасын әшкереледі. Ол машиналы өндіріс пен еңбек бөлігісінің бүлдірушілік әрекетін, капитал мен жер иемденудің шоғырлануын, асыра өндірушілікті, дағдарыстарды, ұсақ буржуалар мен шаруалардың сөзсіз құритынын, пролетариаттың қайыршылыққа ұшырауын, өндіріс анархиясын, байлық үлесудегі өрескел теңсіздікті, ұлттар арасындағы өнеркәсіп жөнінен қырғын қырқисуды, ескі ғұрыптардың, ескі семья қатынастарының, ескі ұлттардың ыдырауын талассыз дәлелдеді.

Бірақ өзінің негізгі мазмұны жағынан алғанда бұл социализм не ескі өндіріс пен айырбас құралдарын, сонымен бірге ескі меншік қатынастары мен ескі қоғамды қайта орнатуға ұмтылады, не осы заманғы өндіріс пен айырбас құралдарын ескі меншік қатынастарының, солардың өздері қиратқан, қиратылуға тиісті болған қатынастардың шеңберіне қайтадан күштеп сыйғызуға ұмтылады. Осы екі жағдайдың екеуінде де бұл социализм әрі реакцияшыл, әрі утопияшыл.

Өнеркәсіпті цехтық жолмен ұйымдастыру және ауыл шаруашылығын патриархтық ету — оның айналып келгенде тапқаны, міне, осы.

Өзінің бұдан кейінгі дамуында бұл бағыт қорқақтық мазасыз күңкілге айналды*.

с) НЕМИСТІК, НЕМЕСЕ «АҚИҚАТ», СОЦИАЛИЗМ

Үстем буржуазияның езгісінде туған және осы үстемдікке қарсы күрестің әдеби бейнесі болып табылатын Францияның со-

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында: «Өзінің бұдан кейінгі дамуында бұл бағыт қорқақтық мазасыз күңкілге айналды» деген сөздердің орнына: «Сайып келгенде, ешбір бекерге шығаруға болмайтын тарихи фактілер жалған үміттің жұбанышты әсерінің барлық ізін жойған кезде, социализмнің бұл формасы аянышты күңкілге айналды» деп басылған. *Ред.*

циалистік және коммунистік әдебиеті Германияға апарылғанда оның буржуазиясы өзінің феодалдық абсолютизмге қарсы күресін жаңа ғана бастаған кезде апарылды.

Неміс философтары, жартылай философтары және сұлу сөзді сүйетіндері бұл әдебиетке ынтыға жармасты, бірақ олар Франциядан Германияға бұл шығармалардың апарылуымен қатар ол жаққа француздың тұрмыс жағдайларының апарылмағандығын ұмытты. Неміс жағдайларында француз әдебиеті тікелей практикалық маңызының бәрін жоғалтып, таза әдеби ағым түріне түсті. Ол әдебиет адамдық қасиетті жүзеге асыру туралы қол баста данасыну сипатын алуға тиісті болды. Мәселен, бірінші француз революциясы қойған талаптардың XVIII ғасырдағы неміс философтары үшін жалпы «практикалық ақыл» талаптары сияқты ғана мағынасы болды, ал революцияшыл француз буржуазиясы еркінің көріністері оларға таза еріктің, болуға тиісті еріктің, ақиқат адамдық еріктің заңдары есебінде ғана маңызы болды.

Неміс әдебиетшілерінің бүкіл жұмысы жаңа француз идеяларын өздерінің ескі философиялық арымен жарастыру ғана болды, немесе, дұрысырақ айтқанда, француз идеяларын өздерінің философиялық тұрғысынан ұғыну ғана болды.

Мұны ұғу бөтен тілді ұғудың жалпы жолымен, аударма жолымен болды.

Жұртқа мәлім, ертедегі пұтқа табынушылық заманның классиктік шығармалары жазылған қолжазбалар тектісінің басына монахтар католик әулиелерінің қисынсыз өмірбаяндарын жазатын. Неміс әдебиетшілері француздың күнәлы әдебиетіне нақ керісінше істеді. Французша түпнұсқасының аяғына олар өздерінің философиялық шатпақтарын жазды. Мәселен, ақша қатынастары жөніндегі француз сынының аяғына олар «адамдық қасиетті жою» деп жазды, буржуазиялық мемлекет жөніндегі француз сынының аяғына олар «Абстракті-Жалпылықтың үстемдігін жою» деп жазды, т. т.

Француз теорияларына өздерінің осындай философиялық жел сөздерін қыстыруды олар «қимыл философиясы», «ақиқат социализм», «социализмнің немістік ғылымы», «социализмді философиялық тұрғыдан негіздеу», т. т. деп атады.

Сөйтіп француздың социалистік-коммунистік әдебиетінің құр сүлдесі қалдырылды. Немістің қолында ол әдебиет бір таптың екінші тапқа қарсы күресін көрсетуден қалды, сондықтан неміс: «француз сыңаржақтығынан» гөрі жоғары көтерілдім, ақиқат керектердің орнына ақиқаттың керектігін қорғап отырмын, ал пролетариат мүдделерінің орнына адамдық қасиет мүдделерін, жалпы адамның, ешбір тапқа жатпайтын, тегінде шын өмірде емес, философиялық қиялдың бұлдыр әлемінде өмір сүретін адамның мүдделерін қорғап отырмын деп сенді.

Өзінің дәрменсіз шалалық мылжындарын соншама көрнекті,

маңызды деп білген және ол туралы даурығып жар салған осы неміс социализмі аз-аздап өзінің педанттық аңқаулығынан арылды.

Неміс буржуазиясының, әсіресе пруссиялық буржуазияның, феодалдар мен абсолюттік монархияға қарсы күресі, — қысқасы либералдық қозғалыс — бірден-бірге күшейе берді.

Сөйтіп «ақиқат» социализмнің саяси қозғалысқа социалистік талаптарды қарсы қоюына, либерализмді, өкілдік мемлекетті, буржуазиялық бәсекені, буржуазиялық баспасөз еркіндігін, буржуазиялық правоны, буржуазиялық бостандық пен теңдікті қаралап, дәстүр бойынша оларға бәддұға оқуына, бұл буржуазиялық қозғалыстан еш нәрсе таба алмайсын, қайта барыңды жоғалтуың мүмкін деп халық бұқарасына уағыздауына қолайлы жағдай туды. Француз сынының мардымсыз жаңғырығы болған неміс социализмі ол сынның осы заманғы буржуазиялық қоғамның өзіне сәйкес материалдық тұрмыс жағдайлары мен тиісті саяси конституциясы болуын көздегенін, яғни Германияда жеңіп алу керектігі туралы жаңа ғана сөз болып отырған барлық алғы шарттардың болуын көздегенін дер кезінде ұмытты.

Поптардан, мектеп өсиетшілерінен, кертартпа юнкерлерден, бюрократтардан құралған нөкерлері бар немістің абсолюттік үкіметтеріне бұл социализм қауіпті түрде төніп келе жатқан буржуазияға қарсы жұмсайтын қолайлы құбыжық болды.

Ол социализм сол үкіметтер тарапынан неміс жұмысшыларының көтерілістерін басуға қолданылған қамшының, мылтық оғының азабына дәмді қосымша болды.

Сөйтіп «ақиқат» социализм үкіметтердің неміс буржуазиясына қарсы жұмсайтын қаруы болса, ол реакциялық мүдделерді, неміс мешандарының мүдделерін тікелей де қорғап отырды. Германияда өмір сүріп отырған тәртіптің шын қоғамдық негізі — XVI ғасырдан мирас болып қалған және содан бері әртүрлі формада үнемі жаңадан шығып отырған ұсақ буржуазия.

Ұсақ буржуазияны сақтау Германияда өмір сүріп отырған тәртіпті сақтаумен тең. Бір жағынан, капиталдың шоғырлануы себепті, екінші жағынан, революцияшыл пролетариаттың өсуі себепті ұсақ буржуазия буржуазияның өнеркәсіп пен саясатта үстемдік алуынан қорқып, енді сөзсіз құрмын деп зәресі ұшады. Оған «ақиқат» социализм бір оқпен екі қоянды бірдей өлтіретін болып көрінді. Сөйтіп «ақиқат» социализм жұқпалы дерттей жайылды.

Өрмекшінің торындай нәзік нәрседен ойдан тоқылған, сұлу сөздің әсем өрнегімен безелген, көңіл елжірететін көз жасына бұланған бұл мистикалық перде осы жұрттың арасына неміс социалистерінің товарын өткізуді ғана күшейтті; бұл пердемен олар өздерінің мағынасыз бір-екі «мәңгі ақиқаттарын» бүр-кеді.

Өз тарапынан, неміс социализмі өзінің осы мешандардың лепірме сөзуар өкілі болуға тиісті екендігін бірден-бір түсіне берді.

Ол социализм неміс ұлтын үлгілі ұлт, неміс мешанын үлгілі адам деп жариялады. Мещанның әрбір пасықтығына ол нағыз, барып тұрған социалистік мағына берді, сол пасықтықты оған мүлде қарама-қарсы бір нәрсе етіп көрсететін мағына берді. Ақырына дейін дәйекті бұл социализм коммунизмнің «сорақы-бүлдіргіш» бағытына ашықтан-ашық қарсы шықты және мен өзім ұлы әділдігім арқасында қандай тап күресінен болса да жоғары тұрмын деп жариялады. Бір азын-аулағы ғана болмаса, Германияда бейне социалистік, коммунистік шығармалар ретінде тарап жүрген шығармалардың бәрі осы лас, аздырғыш әдебиетке жатады*.

2. КОНСЕРВАТОРЛЫҚ, НЕМЕСЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ, СОЦИАЛИЗМ

Буржуазияның белгілі бір бөлегі буржуазиялық қоғамның өмір сүруін баянды ету үшін қоғамдық дертті емдеп жазбақ болады.

Бұған жататындар — экономистер, филантроптар, адамгершілік үшін күресушілер, еңбекші таптардың игілігін ойлаушылар, ізгілікті ұйымдастырушылар, хайуанаттарға қамқорлық етуші қоғамдардың мүшелері, маскүнемдікке қарсы қоғамдарды құрушылар, мейлінше алуан түрлі майда-шүйде реформаторлар. Бұл буржуазиялық социализм тіпті бүтін бір жүйелерге айналдырылды.

Мысал ретінде Прудонның «Қайыршылық философиясын» келтірейік.

Социалист буржуалар осы заманғы қоғамның өмір сүру жағдайларын сақтап қалғысы келеді, бірақ бұл жағдайлардан тұмай қоймайтын күрес пен қауіп болмаса екен дейді. Олар осы заманғы қоғамды сақтап қалғысы келеді, алайда оны революцияшылдандыратын, аздыратын элементтер болмаса екен дейді. Олар пролетариатсыз буржуазия болғанын тілер еді. Буржуазияның үстемдігі жүріп тұрған дүние, әрине, буржуазияға барлық дүниелердің ішіндегі ең жақсысы болып көрінеді. Буржуазиялық социализм осы жұбаныш ұғымды азды-көпті біртұтас жүйеге айналдырып отыр. Ол пролетариатты өзінің осы жүйесін жүзеге асыруға және жаңа Иерусалимге кіруге шақыра отырып,

* 1848 жылғы революциялық дауыл бүкіл осы оңбаған бағытты алып кетті де, оны колдаушылардың социализмді пайдаланудан тауын қайтарды. Бұл бағыттың бас өкілі, көрнекті типі — Карл Грюн мырза. (1890 жылғы немісше басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

шынында пролетариаттан осы күнгі қоғамда қалуды ғана, бірақ бұл қоғамды бір жексұрын нәрсе деп түсінуін қоюды талап етеді.

Бұл социализмнің онша жүйеге салынбаған, бірақ практикаға жақынырақ екінші формасы жұмысшы табын революциялық қозғалыстың бәріне теріс көзбен қаратуға тырысты, жұмысшы табына белгілі бір саяси өзгерістер емес, материалдық тұрмыс жағдайларын, экономикалық қатынастарды өзгерту ғана пайдалы болар деп дәлелдемек болды. Алайда бұл социализм материалдық тұрмыс жағдайларын өзгерту дегенді тек революциялық жолмен ғана жүзеге асырылатын буржуазиялық өндірістік қатынастарды құрту деп әсте түсінбейді, ол мұны осы өндірістік қатынастар негізінде жүзеге асырылатын, олай болса капитал мен жалдама еңбек арасындағы қатынастарда ешбір өзгеріс жасамайтын, мықтағанда — буржуазия үстемдігінің осал жақтарын азайтатын және оның мемлекеттік шаруашылығын ықшамдайтын әкімшілік жолмен жақсарту шаралары деп қана түсінеді.

Буржуазиялық социализм жай шешендік сөздің ырғағына айналғанда ғана өзіне ең лайықты түрге кіреді.

Еркін сауда! — жұмысшы табының мүддесі үшін; қамқорлық баж салықтары! — жұмысшы табының мүддесі үшін; жекелеп қамайтын түрме! — жұмысшы табының мүддесі үшін — міне, буржуазиялық социализмнің шындап ақтық айтқан бірден-бір сөзі осы.

Буржуазиялық социализмнің мәнін көрсететін дәл байымдамасы мынау: буржуаның буржуа болуы — жұмысшы табының мүддесі үшін.

3. СЫНШЫЛ-УТОПИЯЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ МЕН КОММУНИЗМ

Біз бұл жерде жаңа замандағы барлық ұлы революцияларда пролетариаттың талаптарын көрсеткен әдебиет туралы айтып отырғанымыз жоқ (Бабефтің шығармалары, т. т.)

Жаппай ашыну кезінде, феодалдық қоғамды құлатқан дәуірде пролетариаттың өзінің таптық мүдделерін тікелей жүзеге асырмақ болған алғашқы эрекеттері күйреуге ұшырамай қоймады, мұның өзі пролетариаттың өзінің жетілмегендігі салдарынан болды, сонымен қатар оның азаттық алуына керекті материалдық жағдайлардың жоқтығы салдарынан болды, өйткені ол жағдайлар буржуазиялық заманның ғана нәтижесі. Пролетариаттың осы алғашқы қозғалыстарымен қатарласа шыққан революциялық әдебиет, өзінің мазмұны жағынан, сөзсіз реакциялық әдебиет болып табылады. Бұл әдебиет жаппай аскетизм мен дерекі теңбе-теңдікті уағыздайды.

Шынында социалистік және коммунистік системалар, Сен-Симонның, Фурьенің, Оуэннің, т. б. системалары, пролетариат пен буржуазия арасындағы күрестің, жоғарыда айтқанымыздай, дамымаған алғашқы дәуірінде шықты (қараңыз: «Буржуазия мен пролетариат»).

Рас, бұл системаларды ойлап шығарушылар таптардың карама-қарсылықтарын да, сол сияқты үстем қоғамның өз ішіндегі қиратушы элементтердің қимылын да көреді. Бірақ олар пролетариаттың тарапынан болатын ешбір тарихи талпынысты, оның өзіне тән ешбір саяси қозғалысты көрмейді.

Таптық антагонизмнің дамуы өнеркәсіптің дамуымен қоян-қолтық қатар жүретіндіктен, олар дәл жаңағы сияқты, пролетариатты азат етудің материалдық жағдайларын әлі де таба алмайды, сондықтан осындай жағдайларды жасайтын әлеуметтік ғылымды, әлеуметтік заңдарды іздейді.

Қоғамдық істің орнын олардың кара бастарының тапқырлық ісі алуға тиіс, азаттықтың тарихи жағдайларының орнын қиялдан шыққан жағдайлар алуға тиіс, пролетариаттың тап болып бірте-бірте алға басып ұйымдасуының орнын қоғамды олардың өздері ойлап шығарған ереже бойынша ұйымдастыру ісі алуға тиіс. Бүкіл дүниенің болашақтағы тарихы, олардың түсінуінше, өздерінің қоғамдық жоспарларын насихаттау және практикада жүзеге асыру болып шығады.

Рас, олар өздерінің бұл жоспарларында, көбінесе, көбірек азап шеккен тап ретінде жұмысшы табының мүдделерін қорғайтындықтарын мойындайды. Олар пролетариатты нақ сол көбірек азап шеккен тап ретінде ғана біліп отыр.

Алайда тап күресінің жетілмеген формасы салдарынан, мұнымен қатар олардың өздерінің тұрмыстағы дәрежесі салдарынан олар өздерін осы таптық антагонизмнен жоғары тұрмыз деп есептейді. Олар қоғамның барлық мүшелерінің, тіпті ең жақсы тұрмыстағыларының да жағдайын жақсартқысы келеді. Сондықтан олар ешқайсысын алаламай, үнемі бүкіл қоғамға, тіпті көбінесе үстем тапқа жүгінеді. Олардың ойынша, жұрт олардың системасын түсінсе-ақ болғаны, ол системаны болуы мүмкін қоғамдардың ішіндегі ең жақсы қоғамның ең жақсы жоспары деп танытып болады.

Сондықтан олар саяси қимыл атаулының бәрін, әсіресе революциялық қимыл атаулының бәрін теріске шығарады; олар өздерінің максаттарына бейбіт жолмен жеткісі келеді, сөйтіп ұсақ және, әрине, іске аспайтын тәжірибелермен, үлгі көрсетудің күшімен қоғамдық жаңа інжілге жол ашпақ болады.

Болашақ қоғамды осылайша қиялмен суреттеушілік пролетариаттың әлі тым өсіп жетілмеген кезінде, сондықтан өзінің тұрмыс күйін әлі қиялды түрде ұғынатын кезінде туады; мұндай суреттеушілік пролетариаттың қоғамды тегісінен қайта құру қа-

жеттігін алдын ала сезіп, бұған алғашқы рет ұмтылуынан туады.

Бірақ бұл социалистік және коммунистік шығармаларда сонымен қатар сын элементтері де бар. Бұл шығармалар өмір сүріп отырған қоғамның барлық негіздеріне шабуыл жасайды. Сондықтан олар жұмысшылардың білімін көтеруге өте бағалы материал берді. Олардың болашақ қоғам жөніндегі дұрыс қорытындылары, мәселен, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою*, семьяны, жеке байлықты, жалдама еңбекті құрту, қоғамның жарастылығын жариялау, мемлекетті өндірістің жай басқармасына айналдыру — осы қағидалардың бәрі тап қарама-қарсылығын жою қажет екенін ғана көрсетеді; бұл қарама-қарсылық тек жаңа ғана дами бастаған және оларға тек алғашқы тұрпатсыз түрінде ғана мәлім болған. Сондықтан бұл қағидалардың да әлі мүлде утопиялық сипаты бар.

Сыншыл-утопиялық социализм мен коммунизмнің маңызы тарихи дамуға кері келеді. Таптар күресі дамып, неғұрлым айқын формаға түскен сайын сол таптар күресінен жоғары тұруға ұмтылған бұл қияли талап, таптар күресін осындай қияли жолмен жеңушілік өзінің бүкіл практикалық мәнінен, бүкіл теориялық дәлелінен айрылады. Сондықтан, бұл системаларды құрушылар көп реттерде революцияшыл болса да, олардың шәкірттері әрқашан реакцияшыл секталарға айналады. Олар пролетариаттың тарихи ілгері дамуына қарамастан, өз ұстаздарының ескі көзқарастарын мықты ұстанады. Сондықтан олар тағы да тап күресін бәсеңдетуге, қарама-қарсылықтарды ымыраластыруға дәйектілікпен тырысады. Олар әлі де болса тәжірибе арқылы өздерінің қоғамдық утопияларын жүзеге асыруды, жеке фаланстерлер құруды, ішкі колониялар [«Home-colonies»] орнатуы, кішкентай Икарияны ** — жаңа Иерусалимнің кішкене үлгісін — жасауды қиял етеді; сөйтіп осы қиял сарайларының бәрін салу үшін олар лажсыздан буржуазияның мейрімділігі мен ақша қапшықтарының ізгілігіне қол артады. Олар бірте-бірте жоғарыда суреттелген реакцияшыл немесе консерватор социалистердің қатарына кіреді, тек айырмасы — аналардан гөрі

* 1888 жылғы ағылшынша басылуында бұл жері былай тұжырымдалған: «Олардың ұсынып отырған практикалық шаралары, мәселен, қала мен деревня арасындағы айырмашылықты жою». *Ред.*

** Фурье жобалаған социалистік колониялар — фаланстерлер деп аталған; Қабе өзінің утопиялық елін, кейінірек өзінің Америкадағы коммунистік колониясын — Икария деп атаған. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жазған ескертті).

Оуэн өзінің үлгілі коммунистік қоғамдарын — Home-colonies (ел ішіндегі колониялар) деп атаған. Фурье жобалаған қоғамдық сарайлар — фаланстерлер деп аталған. Коммунистік мекемелерін Қабе суреттеген, қиялдан шығарылған утопиялық ел — Икария деп аталған. (1890 жылғы немісше басылуына Энгельстің жазған ескертті).

педантизмді көбірек қолданады, өздерінің әлеуметтік ғылымының кереметтік әсеріне фанатикше нанады.

Міне, сондықтан олар жұмысшылардың әрбір саяси қозғалысына аласұрып қарсы шығады; олардың ойынша, бұл қозғалыс жана інжілге құр босқа сенбестіктен туады.

Англиядағы оуэнистер мен Франциядағы фурьеристер — біріншілері чартистерге, екіншілері реформистерге⁵⁵ қарсы шығады.

IV

КОММУНИСТЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАСЫ

Коммунистердің қазірдің өзінде қалыптасып болған жұмысшы партияларына қалай қарайтыны, яғни олардың Англиядағы чартистерге, Солтүстік Америкадағы аграрлық реформаны жақтаушыларға қалай қарайтыны II бөлімде айтылғандардан кейін түсінікті.

Коммунистер жұмысшы табының ең таяудағы мақсаттары мен мүдделері үшін күреседі, бірақ сонымен қатар олар бүгінгі күннің қозғалысында сол қозғалыстың келешегін де жақтайды. Францияда, консерватор және радикал буржуазияға қарсы күресте, коммунистер социалистік-демократиялық партияға* қосылады, алайда коммунистер реакциялық дәстүрден туатын жел сөздер мен жалған үмітке сын көзімен қарау правосынан бас тартпайды.

Швейцарияда коммунистер радикалдарды қолдайды, алайда бұл партияның қайшылықты элементтерден, бірқатары француз стиліндегі демократияшыл социалистерден, бірқатары радикал буржуалардан құралғандығын естен шығармайды.

Поляктар арасында коммунистер аграрлық революцияны ұлт азаттығының шарты етіп қойып отырған партияны, 1846 жылғы Краков көтерілісін⁵⁷ туғызған партияны қолдайды.

Германияда, буржуазия революциялық қимыл көрсетіп отыр-

* Бұл партияның сол кездегі — парламенттегі өкілі — Ледрю-Роллен, әдебиеттегі өкілі — Луи Блан, күнделік баспасөздегі өкілі «Reforme»⁵⁶ газеті болды. Өздері ойлап тапқан социалистік-демократиялық деген атпен олар демократиялық немесе республикалық партияның азды-көпті социалистік түр-түс алған бөлегін бейнелеген. (1888 жылғы ағылшынша басылуына Энгельстің жасаған ескертуі).

Франциядағы өзін социалистік-демократиялық партия деп атаған партияның саяси өмірдегі өкілі — Ледрю-Роллен, әдебиеттегі өкілі — Луи Блан болды; сөйтіп ол партия мен қазіргі замандағы неміс социал-демократиясының айырмасы жер мен көктей еді. (1890 жылғы немісше басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

ғандықтан, коммунистік партия буржуазиямен бірлесіп, абсолюттік монархияға, феодалдық жер меншігіне және реакцияшыл мешандыққа қарсы күреседі.

Бірақ коммунистік партия буржуазия мен пролетариат арасындағы дұшпандық қарама-қарсылықты жұмысшыларға мүмкіндігінше жете ұғындырудан бір минут та тоқталмайды; бұлай ету неміс жұмысшылары буржуазия үстемдігінен тууға тиісті қоғамдық, саяси жағдайларды дереу буржуазияның өзіне қарсы қару ретінде пайдалана алатын болуы үшін керек, Германиядағы реакцияшыл таптар құлатылған соң дереу буржуазияның өзіне қарсы күрес басталуы үшін керек.

Германияға коммунистер баса көңіл бөлуде, себебі — Германия буржуазиялық революцияның қарсаңында тұр, себебі — ол бұл төңкерісті жалпы алғанда европалық цивилизацияның неғұрлым прогресті жағдайында, XVII ғасырдағы Англияға, XVIII ғасырдағы Францияға қарағанда анағұрлым көбірек дамыған пролетариаты бар жағдайда жасағалы отыр. Олай болса, немістің буржуазиялық революциясы пролетарлық революцияның тікелей беташары бола алады.

Қысқасы, коммунистер қай жерде болса да, қазіргі өмір сүріп отырған қоғамдық, саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың бәрін қолдайды.

Осы қозғалыстардың бәрінде де олар бірінші орынға, қозғалыстың негізгі мәселесі ретінде, меншік туралы мәселені қояды, бұл мәселенің азды-көпті дамыған форма алған-алмағандығына қарамайды.

Ақырында, коммунистер қай жерде болса да барлық елдердің демократиялық партияларын біріктіруге, келістіруге ұмтылады.

Коммунистер өздерінің көзқарастары мен ниеттерін жасыруды жексұрын іс деп санайды. Олар өздерінің мақсаттарына бүкіл осы күнгі қоғамдық құрылысты күшпен құлату арқылы ғана жете алатындығын ашық айтады. Үстем таптар Коммунистік Революциядан үрейі ұша қорқып қалтырай берсін. Пролетарлар бұл революцияда өздерінің бұғауларынан басқа ештеңе де жоғалтпайды. Ал олар бүкіл дүниеге ие болады.

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1847 ж. декабрьде — 1848 ж. январьда жазған

Бірінші рет Лондонда, 1848 ж. февральда жеке кітапша болып басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 4-том, 419—459-беттер

БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ

ЕКІНШІ МАҚАЛА⁵⁸

Кельн, 11 декабрь. Март тасқыны — en miniature* тасқын,— болып өткенде оның соңынан Берлин жерінің бетінде пәлендей бір алыптар, революцияшыл ерлер қалған жоқ, қайта ескі тұрпатты жандар, жер бауырлаған буржуазиялық қайраткерлер — «Құрама ландтагтың»⁵⁹ либералдары, есті пруссиялық буржуазияның өкілдері қалды. Неғұрлым дамыған буржуазиясы бар провинциялар, *Рейн провинциясы мен Силезия*, жаңа министрліктер үшін негізгі контингентті жеткізіп тұрды. Олардың соңында — Рейн юристері толып жүр. Феодалдардың буржуазияны кейінге ығыстыруына қарай министрліктерде Рейн провинциясы мен Силезия ескі пруссиялық провинцияларға орын босатты. Бранденбург министрлігі Рейн провинциясымен әлі тек бір эльберфельдтік тори арқылы ғана байланысты. *Ганзман* мен *фон дер Хейдт!* Бұл екі есім Пруссия буржуазиясы үшін 1848 жылғы март пен декабрь арасындағы бүкіл айырмашылықты көрсетеді!

Пруссия буржуазиясы мемлекеттік өкімет шыңына шығарылды, бірақ оның ойлағанындай, *тақпен бейбіт келісім* арқылы емес, қайта *революцияның* арқасында шығарылды. *Халық қозғалысы* Пруссия буржуазиясына жол тазартқандықтан енді ол буржуазия өз кара басының мүддесін емес, таққа қарсы, яғни *өзіне өзі* қарсы, халық мүдделерін қорғауға тиіс еді. Бірақ буржуазияның көзіне тақ құдай берген перде ғана болып көрінді, мұның тасасында оның өзінің бұл дүниелік мүдделері бүркелуге тиіс еді. *Оның* өз мүдделерінің және соларға сәйкес саяси формалардың мызғымастығы конституциялық тілге аударғанда *тақтың мызғымастығы* деген болып шығуға тиіс еді. Немістің, әсіресе Пруссия буржуазиясының *конституциялық монархия* туралы арман етуі осыдан келіп шығады. Сондықтан, февраль революциясы Германиядағы өзінің жаңғырықтарымен бірге Пруссия буржуазиясы үшін тиімді бола тұрса да,— мем-

* — шағын ғана. *Ред.*

лекеттік кемені басқару тетігін буржуазияның қолына бергендіктен тиімді бола тұрса да,— сонымен қатар бұл революция буржуазияның есебін шатастырды, өйткені буржуазияның үстемдік етуі енді оның орындағысы келмейтін және орындай алмайтын шарттармен байланысты болды.

Буржуазия түк істеген жоқ. Ол өзі үшін халықтың күресуіне мүмкіндік берді. Сондықтан оған берілген өкімет өз дұшпанын жеңген қолбасшының өкіметі емес, қауіпсіздік комитетінің өкіметі болды; жеңімпаз халық өзінің төл мүдделерін қорғауды осыған сеніп тапсырған еді.

Кампаузен мұндай жағдайдың барлық қолайсыздығын әлі де болса сезетін еді, сондықтан оның министрлігінің әлсіздігі осы сезімнен және оны туғызған жағдайлардан келіп шығады. Сондықтан оның үкіметінің барып тұрған *арсыздық* актыларында ұят шамы төрізді бірдеңе бар. Ашықтан ашық арсыздық пен *оңбағандық Ганзemannның* ерекшелігі болды. Қызғылдау түс бұл екі суретшінің арасындағы бірден бір айырмашылығы болып табылады.

Пруссияда болған март революциясын 1648 жылғы *ағылшын* революциясымен де, 1789 жылғы *француз* революциясымен де шатастыруға болмайды.

1648 жылы буржуазия жаңа дворяндармен одақ болып монархияға қарсы, феодалдық дворяндарға қарсы және үстемдік еткен шіркеуге қарсы күресті.

1789 жылы буржуазия халықпен одақ болып монархияға, дворяндарға және үстемдік еткен шіркеуге қарсы күресті.

1789 жылғы революцияның өзінің (ең болмағанда Европадағы) үлгісі тек 1648 жылғы революция болды, ал 1648 жылғы революция — тек нидерландықтардың Испанияға қарсы көтерілісінің үлгісі болды. Бұл революциялардың әрқайсысы өзіне үлгі болған революциямен салыстырғанда уақыт жағынан ғана емес, өзінің мазмұны жағынан да жүз жыл шамасында ілгері кеткен болатын.

Бұл екі революцияның екеуінде де буржуазия *шынында да* қозғалысты бастаған тап болды. *Пролетариаттың* және *қала халқының буржуазияға жатпайтын топтарының* не буржуазиядан бөлек әлі ешқандай жеке мүдделері болмады, не әлі дербес дамыған таптар немесе таптың бөліктері болмаған еді. Сондықтан олар буржуазияға қарсы шыққан жерде, мәселен, 1793 және 1794 жылдары Францияда, олар, буржуазиялық әдіспен болмағанымен де, буржуазияның мүдделерін жүзеге асыру жолында ғана күресті. *Бүкіл француз терроризмі буржуазия жауларының*, абсолютизмнің, феодализмнің және мешандықтың *плебейлік әдіспен* түбіне жету ғана еді, одан басқа ештеңе емес еді.

1648 және 1789 жылдардағы революциялар *ағылшын* революциясы да емес, *француз* революциясы да емес; бұлар *европалық* көлемдегі революциялар болды. Ол революциялар қоғамның белгілі бір табының ескі саяси құрылысты жеңгені болып табылған жоқ; олар *европалық жаңа қоғамның саяси құрылысын жариялады*. Буржуазия бұл революцияларда жеңіп шықты; бірақ *буржуазияның жеңісі* ол кезде *жаңа қоғамдық құрылыстың жеңісі* болып табылды, буржуазиялық меншіктің феодалдық меншікті, ұлттық провинциализмді, бәсекенің цехтық құрылысты, меншік бөлінісінің майоратты, жерді жеке меншікшіге бағындырудың жеке меншікшіні жерге бағындыруды, ағартудың соқыр сенімді, семьяның рулық аталықты, кәсіпкерліктің шектен шыққан жалқаулықты, буржуазиялық правоның орта ғасырлық артықшылықтарды жеңгені болып табылды. 1648 жылғы революция он жетінші ғасырдың он алтыншы ғасырды жеңгені болып табылды, 1789 жылғы революция он сегізінші ғасырдың он жетінші ғасырды жеңгені болып табылды. Бұл революциялар бүкіл сол кездегі дүниенің тілектерін дүниенің сол революциялар болған бөлектерінің, яғни Англия мен Францияның тілектерінен гөрі анағұрлым көп дәрежеде білдірді.

Пруссиядағы март революциясында ондай ештеңе болған жоқ.

Февраль революциясы конституциялық монархияны іс жүзінде және буржуазия өкіметін идея жүзінде *жойды*. Пруссиядағы март революциясы конституциялық монархияны идея жүзінде және буржуазия өкіметін іс жүзінде *орнатуға* тиіс еді. *Европалық революция* болудан алыс тұрған март революциясы европалық революцияның артта қалған елдегі болмашы ғана жаңғырығы болып табылды. Өз ғасырын басып озудың орнына ол одан елу жылдан астам қалып қойды. Ол ең әуелден бастап-ақ *екінші* құбылыс болды, ал екінші қайталаған аурудың емделуі қиынырақ болатыны белгілі ғой және сонымен бірге алғашқы аурудан гөрі қайталаған ауру организмді қаттырақ әлсіретіп тастайды ғой. Мәселе жаңа қоғам құру туралы емес, Парижде мерт болған қоғамды Берлинде қайта орнату туралы болды. Пруссиядағы март революциясы тіпті *ұлттық, германдық* революция болған жоқ, ол әуел бастан-ақ провинциялық-пруссиялық революция болды. Венадағы, Кассельдегі, Мюнхендегі және түрлі-түсті басқа провинциялық көтерілістер осы революциямен қатар болып жатты және ол революцияның бірінші орнына таласып жатты.

1648 және 1789 жылдардағы революциялар,— бұл революциялар жаңалық жасаудың шыңы болғандықтан,— мақтан сезіміне шексіз кенелген болса, ал 1848 жылғы Берлин револю-

циясы өзінің анахронизм болуымен кеудесін көкке көтерді. Оның жарығы — нұр сәулесін түсіретін жарығы сөнгеннен кейін, 100 000 жылдардан соң ғана біздерге, жер бетінде тұратындарға келіп жететін алыстағы жұлдыздардың жарығы тәрізді. Пруссияда болған март революциясы, бүкіл өзінің жалпы шағын ғана болғаны сияқты, Европа үшін шағын түрінде ғана әлгіндегі жұлдыз тәрізді болды. Оның жарығы әлдеқашан сөніп кеткен қоғамды сәулелендірген жарық болды.

Неміс буржуазиясының солғын, жалтақ және баяу дамығандығы сонша, тіпті оның өзі феодализм мен абсолютизмге дұшпандықпен қарсы тұрған кездің өзінде ол пролетариатқа қарсы және өзінің мүдделері мен идеялары пролетариатқа жақын қала халқының барлық топтарына қарсы тұрған дұшпан болып шықты. Ол өзі жөнінде өз *артындағы* таптың ғана емес, сонымен бірге өзінің *алдындағы* бүкіл Еуропаның қастық позицияда екенін көрді. 1789 жылғы француз буржуазиясынан өзгеше, пруссия буржуазиясы *бүкіл* қазіргі қоғамның атынан ескі қоғамның өкілдеріне, монархияға, дворяндарға қарсы шыққан тап болған жоқ. Ол тақтан да, халықтан да оқшауланған, бұл екеуі жөнінде де оппозицияда болғысы келген, өз дұшпандарын жеке алғанда оның әрқайсысы жөнінде жігерсіз, — өйткені ол бұлардың екеуінде әрқашанда өзінің алдында, немесе артында көрді, — қайдағы бір *сословие* дәрежесіне дейін құлдырады; ол әуел бастан-ақ халыққа опасыздық етуге және ескі қоғамның тәж киген өкілдерімен келісім жасауға бейім болды; өйткені оның өзі де ескі қоғамға жататын еді; ол ескі қоғамға қарсы жаңа қоғамның мүдделерін емес, ескірген қоғамның ішіндегі жаңғырған мүдделерді білдірді; ол артында халық тұрғандықтан революцияның тізгінін ұстаған жоқ, халық оны өзінің алдына қарай итермелегендіктен ұстады; ол бас болғанда жаңа қоғамдық заманның инициативасын білдіргендіктен емес, тек ескі қоғамдық заманның наразылығын білдіргендіктен бас болды; ол ескі мемлекеттің өзіне өзі жол ашпаған, бірақ жердің сілкіну күшімен жаңа мемлекеттің бетіне лақтырылып шығарылған қабаты болды; өзіне сенбейтін, халыққа сенбейтін, жоғарғы топтарға қарсы томсырайып, төмендегілерден қорқатын, бұл екеуінің қай-қайсысы жөнінде де өзіншіл және өзінің өзіншілдігін мойындайтын, консерваторлар жөнінде революцияшыл, революционерлер жөнінде консерватившіл; өзінің төл ұрандарына сенбейтін, идеялардың орнына құрғақ сөзді қолданатын, дүние жүзілік дауылдан қорқатын, оны өз пайдасына жарататын, жігер атаулыдан жұрдай, шылғи плагиат, барып тұрған ласық болатын, өйткені оның өзінде ешбір жаңалық жоқ, оның жаңалығы пасықтығында, ол өзімен өзі саудаласады; инициативасыз, өзіне де, халыққа

да сенбейтін дүние жүзілік-тарихи жағынан танылмаған; лағнат басқан, халықтың толық өмірінің алғашқы жас екпіндерін бұрмаламақ болатын, оларды өзінің кәрілік мүдделеріне бағындырмақ болатын дәл бір шал тәрізді,— көзсіз, құлақсыз, тіссіз, әбден сау-тамтығы қалмаған,— Пруссия мемлекетінің басында *пруссия буржуазиясы* март революциясынан кейін, міне, осылай болып көрінді.

К. Маркс 1848 ж. 11 декабрьде жазған
„*Neue Rheinische Zeitung*“-тің
169-номерінде, 1848 ж. 15 декабрьде
басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы. 6-том. 113—117-беттер

К. МАРКС

ЖАЛДАМА ЕҢБЕК ЖӘНЕ КАПИТАЛ⁶¹

1891 ЖЫЛҒЫ БАСЫЛУЫНА Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ КІРІСПЕСІ

Ұсынылып отырған бұл еңбек тұңғыш рет 1849 ж. 4 апрельден бастап «Neue Rheinische Zeitung»-тің⁶² бірқатар номерлерінде басмақалалар ретінде жарияланды. *Маркстің* 1847 ж. Брюссельдегі Неміс жұмысшы қоғамында⁶³ оқыған лекциялары осы еңбекке негіз болды. Баспасөз бетінде бұл еңбек толық жарияланбады; № 269-дегі мақаланың соңында: «Жалғасы бар» дей тұрылса да сол кездегі қаптаған қалың оқиғалардың — орыстардың Венгрияға басып кіруі⁶⁴, Дрезденде, Изерлонда, Эльберфельде, Пфальцте және Баденде көтерілістердің болуы⁶⁵, — салдарынан оның жариялануы тоқтап қалды; бұл оқиғалар газеттің өзіне де тыйым салынуына (1849 ж. 19 майды) әкеліп соқты. Бұл еңбектің жалғасы болатын қолжазбалар⁶⁶ Маркстің әдебиет мұрасынан табылмады.

«Жалдама еңбек және капитал» жеке кітапша болып бірнеше рет басылып шықты, соңғы рет 1884 ж., Хоттинген-Цюрихте, «Швейцарияның баспаханалық серіктігінде» басылды. Бұған дейін басылғандарының бәрінде де түпнұсқаның тексті дәлмедәл беріліп келді. Бірақ осы жолғы жаңа басылуы насихаттық сипаты бар кітапша болғандықтан және кемінде 10 000 дана болып тарауға тиісті болғандықтан, маған мұндай жағдайларда Маркстің өзі текстіні ешбір өзгеріссіз қайта басуды ұнатар ма еді, деген сұрақ туды.

Маркс саяси экономияға жазған сынын қырқыншы жылдарда әлі аяқтамаған еді. Ол мұны елуінші жылдардың ақырында ғана аяқтады. Сондықтан «Саяси экономия сынына» деген еңбегінің бірінші басылуы шықпай тұрып (1859 ж.)^{*} басылған еңбектерінің кейбір пункттері 1859 жылдан кейін жазылған еңбектеріне үйлесіңкіремейді және ол еңбектерінде соңғы кездегі еңбектерінің тұрғысынан қарағанда ойдағыдай болып шықпаған, тіпті теріс сөздер мен сөйлемдер бар. Жалпы оқушы жұртшылыққа

^{*} К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 1—167-беттер. Ред.

арналған кітаптарда автордың рухани жағынан жетілуінің белгілі бір сатысы болып табылатын оның осы ертеректегі көзқарасының да болғаны жөн екендігі, бұл ертеректегі шығармаларды ешқандай өзгерістерсіз қайта бастыруға автордың да, жұртшылықтың да даусыз правосы бар екендігі өзінен өзі түсінікті. Кітаптың олай етіп басылуында бұл шығармалардың тіпті бірде-бір сөзін өзгерту менің ойыма кіріп те шықпас еді.

Ал кітаптың жаңадан басылуы, былайша айтқанда, жұмысшылар арасында насихат жүргізуге ғана арнап шығарылғалы отырғанда істің жайы басқаша. Мұндай ретте Маркс бұл ертеде, 1849 ж. жазғанын сөзсіз өзінің соңғы кездегі көзқарасына үйлестіріп түзеткен болар еді. Кітаптың *бұл басылуына* барлық маңызды пункттерге қажетті мұндай үйлесім жасау үшін кейбір өзгерістер мен қосымшалар енгізгенде мен толығынан Маркстің рухында істегеніме сенемін. Сонымен, мен оқушыға алдын ала мынаны ескертемін: бұл кітапша Маркстің оны 1849 ж. жазған түрінде берілмей, шамамен айтқанда, Маркстің оны 1891 ж. жазуына мүмкін болатындай түрінде беріліп отыр. Оның үстіне, кітапшаның өз текстісі сондай көп дана етіліп өте көп таралды, сондықтан менің оны шығармалардың толық жинағында өзгеріссіз қайта бастырып шығаруыма мүмкіндік болғанға дейін, сол таралғанының өзі де әбден жеткілікті болады.

Менің енгізген өзгерістерімнің бәрі бір пунктке қатысты. Кітапшаның түпнұсқасы бойынша, жұмысшы жалақы алу үшін капиталиске өзінің *еңбегін* сатады, қазіргі текстісі бойынша — өзінің *жұмыс күшін* сатады. Бұл өзгеріс жөнінде мен түсінік беріп өтуге тиістімін. Бұл арада әңгіме тіпті де жалаң сөз туралы емес, керісінше бүкіл саяси экономияның маңызды пункттерінің бірі туралы болып отырғанына жұмысшылардың көздерін жеткізу үшін оларға түсінік бермекпін. Ең қиын экономикалық қорытындыларды өздеріне оп-оңай түсіне алатын етуге болатын білімсіз жұмысшылардың мұндай шатасқан мәселелерді өмір бойы шеше алмайтын, мұрнын көкке көтеретін «білімді» адамдарымыздан қаншалықты асып түсетініне буржуаның көзін жеткізу үшін буржуаға түсінік бермекпін.

Классикалық саяси экономия⁶⁷ өнеркәсіптің практикасына фабриканың жұмысшылардың *еңбегін* сатып алам да, *еңбегіне* ақы төлеймін дейтін көп айтылып жүретін түсінігін алды. Өзінің істерін басқару үшін, есеп-қисабын, баға калькуляциясын жасау үшін бұл түсінік фабрикантқа әбден жеткілікті. Бірақ аңқаулықпен саяси экономияға алына қойған бұл түсінік саяси экономияда тіптен ғажап адасушылық және шатасушылық туғызды.

Саяси экономия барлық товарлардың бағасы, оның ішінде өзі «еңбек» деп атайтын товардың бағасы да үнемі өзгеріп отыратын фактіге кездеседі; өте әртүрлі жағдайлардың әсерінен ба-

ға біресе көтеріліп, біресе төмендеп отырады, көбінесе бұл жағдайлардың товардың өзін өндірумен ешбір байланысы болмайды, сондықтан бағаны тегі таза кездейсоқ жағдай белгілейтін сияқты болып көрінеді. Ал саяси экономия ғылым⁶⁸ болып жарыққа шығысымен-ақ, оның ең алғашқы міндеттерінің бірі — товар бағасына үстемдік ететін сияктанған кездейсоқтықтың тасасында көрінбей келген, шындығында бұл кездейсоқтыққа өзі үстемдік ететін заңды табу болды. Товар бағаларының үнемі өзгеруінен, біресе жоғарылап, біресе төмендеп ауытқуынан ғылым сол өзгерулер мен ауытқулар өзінен шырқ айналып шықпайтын бір баянды қазық іздеді. Қысқасы, товар бағаларын тәртіптеуші заң есебінде товар құнын іздеп табу үшін, соған сүйеніп, бағаның ауытқуларының барлығына түсінік беру үшін, сөйтіп бұл ауытқулардың бәрін, сайып келгенде, сол товар құнынан туғызу үшін саяси экономия товар бағасын негізге алды.

Сөйтіп классиктік саяси экономия товардың құны оны өндіруге қажетті сіңірілген еңбекке қарай белгіленетінін тапты. Ол осы түсінікпен қанағаттанды. Әзірге біз де осымен тоқтай тұрамыз. Тек түсініспеушіліктің болмауы үшін мен мұндай түсініктің қазіргі кезде мүлде жеткіліксіз екендігін еске салуды қажет деп санаймын. Еңбектің құн жасай алатын қасиетін Маркс тұңғыш рет толық зерттеп, мұның нәтижесінде мынаны тапты: товар өндіру үшін керек сияқты болатын немесе тіпті шынында керек болатын еңбек атаулының бәрінің бірдей бұл товарға беретін құн мөлшері барлық жағдайда сіңірілген еңбектің мөлшеріне дәл келе бермейтінін тапты. Демек, егерде біз қазіргі кезде Рикардо сияқты экономистермен бірге: товардың құны оны өндіруге қажетті еңбекке қарай белгіленеді деп жай ғана айтсақ, біз әрдайым Маркстің жасаған ескертулерін есте тұтып айтамыз. Бұл арада осының өзі де жеткілікті; қалған жағын Маркстің «Саяси экономия сынына» деген еңбегінің 1859 ж. басылғанынан* және «Қапиталдың» бірінші томынан табуға болады**.

Бірақ экономистер құнды еңбекке қарай белгілеуді «еңбек» деп аталатын товарға да қолданысымен, олар бір қайшылықтан екінші қайшылыққа ұшырады. «Еңбектің» құны немен белгіленеді? Соған сіңірілген қажетті еңбекке қарай белгіленеді. Ал жұмысшының бір күн, бір апта, бір ай, бір жыл ішінде істеген еңбегінде қанша еңбек бар? Онда бір күннің, бір аптаның, бір айдың, бір жылдың еңбегі бар. Егер еңбек құн атаулының барлығының өлшеуші болатын болса, онда біз «еңбектің құнын» еңбекпен ғана өлшей алатын боламыз ғой. Егер біз бір сағаттық

* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 13—38-беттер. Ред.

** К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 43—80-беттер. Ред

еңбектің құны бір сағаттық еңбекке тең дегенді ғана білетін болсақ, онда біз бір сағаттық еңбектің құны туралы тіпті түк білмегеніміз. Мұнымен біз мақсатымызға иненің жасуындай да жуықтай алмаймыз; біз шыға алмастық шырғалға түсіп, шырқ айнала береміз.

Мұнан кейін классикалық саяси экономия басқа бағытпен әрекет жасап қарады; ол: товардың құны оның өндіріс шығындарына тең, деді. Бірақ еңбектің өндіріс шығындары дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап беру үшін экономистер логикаға біраз зорлық жасауға тиіс болды. Еңбектің өзін өндіруге шығатын шығындарды, амал не, анықтауға болмайтын шығындарды, зерттеудің орнына олар *жұмысшыны* өндіруге шығатын шығындар дегеніміз не? деген мәселені зерттейді. Ал бұл шығындарды анықтауға болады. Ол шығындар уақытқа, жағдайларға қарай өзгеріп отырады, бірақ қоғамның белгілі бір қалпында, белгілі бір жерде, өндірістің белгілі бір саласында олар да белгілі бір мөлшердегі, қалай да едәуір шектеулі мөлшердегі шығыны болып табылады. Біз қазір капиталистік өндіріс үстем болып тұрған жағдайда өмір сүріп отырмыз, бұл өндірістің тұсында халықтың көп, барған сайын өсіп бара жатқан табы өндіріс құрал-жабдықтарының — құралдардың, машиналардың, шикізаттың және тіршілік заттарының иелеріне жалақы үшін жұмыс істеген жағдайда ғана күнелте алады. Бұл өндіріс әдісі бойынша, жұмысшыны жұмысқа жарамды ету үшін, оның жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін және ол кәрілік жетіп, ауырып іске жарамай қалған ретте немесе өліп қалғанда оның орнына жаңа жұмысшы қою үшін, яғни жұмысшы табын сақтап, керегінше көбейте беру үшін керек болатын тіршілік заттарының сомасы немесе — олардың ақшалай бағасының сомасы, — сол жұмысшыны өндіруге шығатын шығынның өзі болып табылады. Айталық, сол тіршілік заттарының ақшаға шаққандағы бағасы, орта есеппен, күніне 3 марка болады делік.

Сонымен, біздің жұмысшымыз өзін жалдаған капиталистен күніне 3 марка жалақы алады. Бұл үшін капиталист оған, айталық, күніне 12 сағат жұмыс істетеді делік. Бұдан капиталист шамамен мынандай есеп жасайды:

Айталық, біздің станокшы-слесарь жұмысшы машинаның бір тетігін жасап шығаруға тиісті, мұны ол бір күннің ішінде істеп шығарады делік. Шикі материалдың — керегінше алдын ала өңделініп алынған түріндегі темір мен латунның — бағасы 20 марка болатын болсын. Бу машинасының жағатын көмірі, осы бу машинасының, жону станогының және жұмысшымыз жұмыс істегенде қолданатын барлық басқа құралдардың тозғаны бір күнге және жұмысшыға шаққанда 1 маркалық құн болсын. Бір күнге келетін жалақы, біздің шамалауымызша, 3 марка болады. Осының бәрін қосқанда, машинамыздың бір тетігіне 24 марка

жұмсалады. Бірақ капиталист бұл тетік үшін өзінің сатып алушысынан орта есеппен 27 марка баға алмақ болады, яғни өзінің шығарған шығынынан 3 марка артық алмақ болады.

Капиталист өз қалтасына салатын бұл 3 марка қайдан алынады? Классикалық саяси экономияның айтуынша, товар, орта есеппен, өзінің құнына сатылады, яғни бұл товарға сіңірілген қажетті еңбектің мөлшеріне сәйкес бағаға сатылады. Олай болса, біздің машина тетігінің орта бағасы — 27 марка — оның құнына тең, оған сіңірілген еңбекке тең болар еді. Бірақ бұл 27 марканың 21 маркасы — біздің станокта істейтін слесарь жұмысшы жұмысқа кіріспестен бұрын-ақ бар болған құн. 20 марка шикізатта, ал 1 марка жұмыс кезінде жағылған көмірде немесе жұмыс істегенде қолданылып, тиісінше жұмысқа жарамдылығы кеміген машиналар мен құралдарда болатын. Енді шикізаттың құнына қосылған 6 марка қалып отыр. Бірақ бұл 6 марка, біздің экономистердің өзінің ұйғаруынша, жұмысшымыздың шикізатқа қосқан еңбегінен ғана шыға алады. Сонымен, оның істеген он екі сағаттық еңбегі 6 маркалық жаңа құн жасады. Демек, оның он екі сағаттық еңбегінің құны 6 маркаға тең болуға тиіс. Сөйтіп, біз ақырында, «еңбектің құны» дегеніміз не екенін ашқан болар едік.

Тоқтай қал!— дейді біздің станокшы-слесарь.— Алты марка ма? Бірақ мен үш қана марка алдым ғой! Менің он екі сағаттық еңбегімнің құны үш марка ғана болады деп, менің капиталисім ант-су ішеді, ал мен алты марка бер десем мені келемсждеп бітеді. Мұны қалай түсінуге болады?

Егер біз бұрын да еңбек құнын табамыз деп шыға алмайтын шырғалаңға түскен болсақ, енді адам айыра алмайтын қайшылыққа кездестік. Біз еңбек құнын іздеп едік, өзімізге керегінен көпті таптық. Жұмысшы үшін он екі сағаттық еңбектің құны 3 марка, ал капиталист үшін 6 марка; ол мұның ішінен 3 марканы жұмысшыға жалақы ретінде төлейді, ал қалған 3 марканы өзінің қалтасына басады. Сөйтіп, еңбектің бір емес, екі құны болған болар еді, оның үстіне олар мүлде түрліше құн болар еді!

Егер біз ақшамен белгіленген құнды жұмыс уақытына шақсақ, онда бұл қайшылық одан да сорақы болып шығады. Еңбектің 12 сағаты ішінде 6 маркалық жаңа құн жасалады. Олай болса, 6 сағаттың ішінде 3 маркалық құн жасалады; бұл жұмысшының он екі сағаттық еңбегіне алатын сомасы. Жұмысшы он екі сағаттық еңбегіне балама ретінде 6 сағаттық еңбектің өнімін алады. Сонымен, не еңбектің екі түрлі құны болады, оның бір бөлегі екінші бөлегінен екі есе көп болады, не 12-нің 6-ға тең болғаны! Бұл жағдайдың екеуінен де барып тұрған мағынасыздық келіп шығады.

Біз еңбекті сатып алу, сату және еңбектің құны туралы сөз

ете беретін болсақ, онда қаншама тырыссақ та, біз бұл қайшылықтан шыға алмаймыз. Экономистер де дәл осындай күйге ұшыраған-ды. Классикалық саяси экономияның соңғы ұрпағы, Рикардоның бағыты, көбінесе осы қайшылықты шеше алмағандықтан күйреді. Классикалық саяси экономия шыға алмайтын тұйыққа тірелді. Бұл тұйықтан шығуға жол тапқан адам Карл Маркс болды.

Экономистердің «еңбек» өндіруге шығатын шығын деп танығаны еңбекті өндіруге емес, тірі жұмысшының өзін өндіруге жұмсалатын шығын болып табылады. Бұл жұмысшының капиталистке сатқаны да жұмысшының еңбегі емес. «Оның еңбегі іс жүзінде басталған кезде еңбек жұмысшының өзінікі болудан қалады, олай болса, жұмысшы оны сата алмайды»*, — дейді Маркс. Сөйтіп оның мықтағанда сата алатыны — өзінің болашақтағы еңбегі, яғни ол белгілі бір уақыттың ішінде белгілі бір жұмысты орындап беруге міндеттеме ала алады. Бірақ мұнымен ол еңбегін сатпайды (ол еңбегі әлі орындалуға тиіс), белгілі уақытқа (күндіктеп жалақы алып) немесе белгілі бір жұмысты орындап беруге (өнімнің данасына жалақы алып) белгілі ақыға өзінің жұмыс күшін капиталистің қарамағына береді: сол өзінің жұмыс күшін жалға береді, басқаша айтқанда, сатады. Бірақ бұл жұмыс күші жұмысшының өзімен біте қайнасқан, оны жұмысшыдан бөліп әкетуге болмайды. Сондықтан жұмыс күшін өндіру шығыны жұмысшының өзін өндіру шығынымен бірдей; экономистердің еңбекті өндіру шығыны дейтіні жұмысшыны өндіру шығынының дәл өзі, олай болса, жұмыс күшін өндіру шығынының дәл өзі. Сонымен, біз жұмыс күшін өндіру шығынынан жұмыс күшінің құнына көшіп, белгілі бір сапасы бар жұмыс күшін өндіруге керек болған қоғамдық қажетті еңбектің мөлшерін анықтай аламыз, — жұмыс күшін сатып алу және сату туралы баяндайтын бөлімінде Маркс мұны орындап та шықты («Капитал», I том, IV тарау, 3-бөлім).

Ал жұмысшы капиталистке өзінің жұмыс күшін сатқаннан кейін, яғни күні бұрын келіскен жалақы — күндіктеп немесе өнімнің данасына алатын жалақы — үшін өзінің жұмыс күшін капиталистің қарамағына бергеннен кейін не болады? Капиталист жұмысшыны өзінің шеберханасына немесе фабрикасына алып келеді, мұнда жұмысқа керекті заттардың барлығы: шикізат, көмекші материалдар (көмір, бояу заттары, т. т.), құрал, машиналар даяр тұрады. Мұнда жұмысшы жұмысқа кіріседі. Жұмысшының бір күндік ақысы, жоғарыда көрсетілгендегідей, 3 марка болсын, — оның бер жағында ол мұны күндік жалақы түрінде ала ма немесе өнімнің данасына қарай ала ма, оның ешқандай айырмасы жоқ. Сондай-ақ біз бұл арада тағы да бұрын-

* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 547-бет. Ред.

ғы айтқанымызша, жұмысшы 12 сағат бойына еңбек етіп, пайдаланылған шикізатқа 6 маркалық жаңа күн қосады дейміз, бұл күнды капиталист даяр өнімді өткізгенде алады. Бұдан капиталист жұмысшыға оның 3 маркасын төлейді, ал қалған 3 марканы өзіне қалдырады. Ал егер жұмысшы 12 сағаттың ішінде 6 маркалық күн жасайтын болса, онда 6 сағаттың ішінде 3 маркалық күн жасайды. Олай болса, капиталистке 6 сағат жұмыс істегеннен кейін жұмысшы өзінің жалақысындағы 3 маркалық баламаны капиталистке соның өзінде толығымен қайтарған болады. Алты сағаттық еңбектен кейін екеуінің де есебі түгел, олардың ешқайсысы бір-біріне көк тиын да қарыздар емес.

Токтай қал!— деп айқайлайды енді капиталист.— Мен жұмысшыны тұтас бір күнге, он екі сағатқа жалдағанмын. Алты сағат — бір күннің жартысы ғана. Тезірек қайтадан жұмысқа бар, қалған алты сағат біткенше істе, біз сонда ғана есептескен боламыз!— дейді. Шынында да жұмысшыға өзінің «еркімен» жасасқан шартын орындауға тура келеді, бұл шарт бойынша ол өзінің 6 сағаттық еңбегіне тұратын өнім үшін толық 12 сағат жұмыс істеуге міндетті болды.

Өнімнің данасына ақы төлегенде де дәл осындай болып шығады. Біздің жұмысшы 12 сағаттың ішінде 12 дана товар жасап шығарады делік. Шикізатқа және машинаның тозуына шығатын шығын товардың әрбір данасына 2 маркадан келеді, бірақ товардың әрбір данасы $2\frac{1}{2}$ маркаға сатылады. Сонымен, капиталист, нақ сол жоғарыдағыдай жағдай болғанда, товардың әрбір данасы үшін жұмысшыға 25 пфенниг ақы төлейді, мұны 12 данаға есеп қылғанда 3 марка болады, оны табу үшін жұмысшы 12 сағат жұмыс істеуге тиіс. Ал капиталист 12 дана товарға 30 марка алады; шикізат және машинаның тозығы үшін 24 марканы шығарып тастағанда 6 марка қалады, бұдан ол 3 марканы жалақыға төлеп, ал 3 марканы қалтасына салады. Бәрі де жоғарыда айтылғандай болып шығады. Мұнда да жұмысшы өзі үшін, яғни өзінің алатын ақысын өтеу үшін 6 сағат жұмыс істейді (12 сағаттың әрбір сағатынан $\frac{1}{2}$ сағат), ал 6 сағат капиталист үшін жұмыс істейді.

«Еңбек» құнын негізге алып жүрген кездерінде ең тәуір деген экономистер де жеңе алмаған қиыншылық, біз мұның орнына «жұмыс күшінің» құнын негізге алсақ-ақ жойылып отыр. Қазіргі біздің капиталистік қоғамда жұмыс күші — товар, басқа товардың бәрі сияқты товар, бірақ сөйтсе де мүлде өзгеше товар болып табылады. Әңгіме мынада: бұл товардың ерекше қасиеті бар — күн жасаушы күш болу, құнның шығатын көзі болу, оның үстіне — дұрыстап пайдаланғанда — өз құнынан артық күн шығара аларлық көзі болу қасиеті бар. Өндірістің қазіргі калпында адамның жұмыс күші бір күннің ішінде өз құнынан және өзі тұратын құннан асып түсетін күн жасап қана қоймайды; әрбір

ғылыми жаңалық табылған сайын, техникада әрбір жаңа өнер табылған сайын жұмыс күшінің күндік өнімінің жұмыс күшіне ұсталатын күндік шығыннан артылып қалатын үлесі үдеп көбейе береді; демек, жұмысшының өзінің күндік жалақысын өтейтін жұмыс күнінің бір бөлегі қысқара береді, ал, екінші жағынан, жұмысшының өз еңбегіне ақы алмастан, өз еңбегін капиталиске *тегін істейтін* жұмыс күнінің екінші бөлегі ұзая береді.

Сонымен, біздің қазіргі бүкіл қоғамымыздың шаруашылық құрылысы, міне, осындай: жұмысшы табы барлық құнды өндіретін бірден-бір тап болып табылады. Өйткені құн дегеніміз — еңбектің басқаша бейнесі ғана, бейнесі болғанда біздің қазіргі капиталистік қоғамда белгілі бір товарға сіңірілген қоғамдық қажетті еңбектің мөлшерін көрсететін бейнесі. Бірақ жұмысшылар өндірген бұл құндар жұмысшылардың өздеріне тимейді. Олар шикізаттың, машиналардың, құралдардың және авансқа берілетін қаржының меншік иелеріне тиеді, бұлардың бәрі осы меншік иелеріне жұмысшы табының жұмыс күшін сатып алуына мүмкіндік береді. Демек, жұмысшы табы өзі өндірген барлық өнімінің тек бір бөлегін ғана қайта алады. Ал капиталистер табының өзінде қалдыратын және бөліссе тек жерді меншіктенушілер табымен ғана бөлісуіне тура келетін екінші бөлегі, жаңа ғана өзіміз көргендей, әрбір жаңа өнертабыс және жаңалық табылған сайын молайып арта береді, ал енді жұмысшы табына тиетін бөлегі (жан басына есептегенде) не өте баяу және болмашы ғана артады, не тіпті артпайды, ал белгілі бір жағдайларда керек десе кеміп кетуі де мүмкін.

Бірақ бір бірін барған сайын тез ығыстырып отырған бұл өнер табыстар мен табылған жаңалықтар бұған дейін құлақ есітпеген дәрежеде күннен-күнге ұлғая түсіп отыратын адам еңбегінің өнімділігі, сайып келгенде, қазіргі капиталистік шаруашылықты құртатын жанжал туғызады. Бір жағында, ұшан-теңіз байлық және алушылардың қолы жетпейтін мол өнім болады. Екінші жағында — қоғамның пролетарланған, жалдама жұмысшыларға айналған, дәл сол себептен де осы мол өнімдерді иемденуге шамасы келмейтін аса көп қалың бұқарасы болады. Қоғамның шектен тыс бай кішкене тапқа және дәулетсіз орасан көп жалдама жұмысшылар табына бөлінуі қоғамның өз молшылығына өзі тұншығуына, ал сонымен қатар қоғам мүшелерінің орасан көпшілігі барып тұрған мұқтаждықтан өзін әрең-әрең қорғауына немесе тіпті қорғай алмауына әкеп соғады. Қоғамның мұндай қалпы күн санап, бірден бірге мағынасыз, бірден-бірге керексіз бола береді. Мұндай қалып жойылуға *тиіс*, ол жойылатын болады. Жаңа қоғамдық құрылыс орнауы мүмкін: бұл жаңа қоғам тұсында қазіргі тап айырмашылықтары жойылады және мұның тұсында, — сірә, кейбір қиыншылықтармен байланысты болатын, сөйтсе де өнегелілік жағынан өте пай-

далы болатын қысқа мезгілді өтпелі дәуірден кейін,— қазірдің өзіндегі орасан зор өндіргіш күштерді жоспарлы түрде пайдалану және онан әрі дамыту аркасында, еңбекті барлық жұртқа бірдей міндетті ету жағдайында күнкөріс заттарын, өмір қуаныштарын пайдалану, білім алу және дене, ақыл-ой қабілеттерінің бәрін бірдей, барған сайын толық жүзеге асыру құралдары қоғамның барлық мүшелерінің қарамағына беріледі. Ал осы жаңа қоғамдық құрылысты күреспен жеңіп алуға жұмысшылардың бірден-бірге әбден бел байлап отырғанына мұхиттың екі жағында да ертең болатын бірінші май мен үшінші май күнгі жексенбі толық айғақ⁶⁹.

Фридрих Энгельс

Лондон, 30 апрель 1891 ж.

„Vorwärts“ газетінің 1891 жылғы 13-майдағы 109-номеріне қосымшада және Karl Marx „Lohnarbeit und Kapital“ деген кітапшада басылған. Berlin, 1891.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 204—212-беттер

ЖАЛДАМА ЕҢБЕК ЖӘНЕ КАПИТАЛ⁶¹

Қазіргі тап күресі мен ұлттық күрестің материалдық негізі болып отырған *экономикалық қатынастарды* көрсетпеді деп, жұрттың бізді жан-жақтан кіналап жатқанын естуімізге тура келіп жүрді. Бұл қатынастар саяси қақтығысуларда тікелей бірінші орынға қойылған кездерде ғана біз оларға әдейілеп соғып отырдық.

Ең алдымен тарихтың күнбе-күнгі барысындағы тап күресін бақылап отырып, қазірдің өзінде бар және күн сайын жаңадан туып отыратын тарихи материал бойынша мыналарды тәжірибе жүзінде дәлелдеп беру керек болады: февраль, март революцияларын жасаған жұмысшы табының жеңілуімен бірге оның дұшпандары да — Франциядағы буржуазиялық республикашылар, ал бүкіл европалық континентте — феодалдық абсолютизмге қарсы күрескен буржуазия мен шаруа таптары жеңіліп қалды; Францияда «жөні түзу республиканын» жеңіп шығуы мұнымен қатар февраль революциясына тәуелсіздік жолындағы ерлік ұрыстармен жауап берген ұлттардың да жеңілуі болды; ақырында, революцияшыл жұмысшылар жеңілгеннен кейін Европа қайтадан өзінің бұрынғы екіжақты құлдық қалпына — *ағылшын-орыс* құлдығына түсті. Парижде болған июнь күресі, Венаның құлауы, 1848 жылы ноябрьде Берлинде болған қайғылы комедия, Польшаның, Италияның және Венгрияның аласұрып қатты күш жұмсауы, Ирландияны ашаршылықтың тұншықтыруы — буржуазия мен жұмысшы табының арасындағы европалық тап күресін қысқаша сипаттайтын басты-басты оқиғалар, міне, осылар және осы оқиғаларды мысалға алып, біз мынаны дәлелдедік: өзінің мақсаттары тап күресінен қаншама алыс жатқан сияқты болса да, әрбір революциялық көтеріліс, революцияшыл жұмысшы табы жеңіп шықпай тұрған кезде, әрдайым жеңіліспен аяқтала бермек; пролетарлық революция мен феодалдық контрреволюция *дүние жүзілік соғыста* бір-біріне қару жұмсап, күш сынаспайынша, әлеуметтік өзгерістердің қандайы болса да утопия

болып қала бермек. *Бельгия* мен *Швейцария* біздің суреттеуімізде және шындығында да ұлы тарихи панорамадағы қайғылы күлдіргі, келеке суреттер сияқты болып келді: бұлардың бірі — буржуазиялық монархияның үлгілі мемлекеті, ал екіншісі — буржуазиялық республиканың үлгілі мемлекеті, екеуі де — өздерін тап күресіне де тәуелсіз, европалық революцияға да тәуелсіз деп ойлайтын мемлекеттер.

Енді орасан зор саяси формаларда дамыған 1848 жылғы тап күресінің қандай болғанын оқушыларымыз көріп өткеннен кейін, буржуазияның тіршілігі мен оның таптық үстемдігіне де, жұмысшылардың құлдығына да негіз болып отырған экономикалық қатынастардың өзіне үңіле қарайтын уақыт туды.

Үлкен үш бөлімге бөліп біз мыналарды суреттейміз: 1) *жалдама еңбектің капиталға* қатысы, жұмысшының құлдығы, капиталистің үстемдігі; 2) *қазіргі системада буржуазиялық орта таптардың және бюргерлік сословиe дейтіннің сөзсіз құритындығы*; 3) *европалық түрлі ұлттардың буржуазиялық таптарын*, дүние жүзілік рыноктың деспоты — *Англияның сауда жағынан құл етіп, қанап отырғаны*.

Саяси экономияның тіпті ең қарапайым жәй түсініктерімен де оқушының таныстығы бар деп қарамай, біз мүмкіндігінше жеңілдете және жұртқа түсінікті тілмен баяндауға тырысамыз. Айтқандарымыздың жұмысшыларға түсінікті болуын тілейміз. Мұның үстіне Германияның барлық жерінде қазіргі қоғамдық тәртіптің патентті қорғаушыларынан бастап, *социалистік жүзі-қараларға* және *жұрт мойындамаған саяси данышпандарға* дейін, — бөлшектенген Германияда мұндайлар «өзіне бағыныштылардың әкелерінен» де көп, — қарапайым экономикалық қатынастарды түсіну жағынан өрескел надандық пен өрескел шатасқандық жайлап отыр.

Сонымен, ең алдымен бірінші мәселе:

Жалақы деген не? Ол қалай белгіленеді?

Егер жұмысшылардан: «Жалақыңыз көп пе?» деп сұрасан, біреуі: «Мен буржуамнан бір жұмыс күніне 1 марка аламын», деп жауап береді, екіншісі: «Мен 2 марка аламын», деп жауап береді, т. т. Еңбектің қай саласында жұмыс істеп жүргеніне қарай олардың әрқайсысының белгілі бір жұмысты орындағаны үшін — мәселен, бір кез кенеп тоқығаны немесе бір баспа табақ әріп тергені үшін тиісті буржуадан алатын ақшасының сомасы түрліше болады. Берген жауаптары түрліше болғанымен, олардың бәрі бір жерге келіп тіреледі: жалақы — бұл белгілі бір жұмыс уақытына немесе белгілі бір жұмысты орындағаны үшін капиталистің төлейтін ақшасының сомасы дейді.

Сөйтіп, капиталист жұмысшылардың еңбегін ақшаға, сірә, *сатып алатын* сияқты. Жұмысшылар өз еңбегін оған ақшаға сатады. Алайда бұл сырт көрінісі ғана. Шындығында олар капиталистке ақшаға өздерінің жұмыс күшін сатады. Капиталист бұл жұмыс күшін бір күнге, бір аптаға, бір айға, т. с. сатып алады. Ал капиталист оны сатып алғаннан кейін жұмысшыларды шарт-тасқан уақыт бойына жұмыс істете отырып, жұмыс күшін пайдаланады. Капиталист олардың жұмыс күшін сатып алған ақша сомасына, мысалы, 2 маркаға 2 қадақ кант немесе белгілі бір мөлшердегі басқа бір товарды сатып алар еді. 2 қадақ кант сатып алғанда төлеген 2 марка — 2 қадақ канттың *бағасы*. 12 сағаттық еңбек сатып алғанда капиталист төлеген 2 марка — он екі сағаттық еңбектің бағасы. Демек, жұмыс күші — товар, товар болғанда канттан артығы да, кемі де жоқ. Біріншісі сағат арқылы өлшенеді де, екіншісі таразы арқылы өлшенеді.

Жұмысшылар өзінің товарын, жұмыс күшін капиталистің товарына, ақшаға айырбастайды, сонда да белгілі бір пропорциямен айырбастайды. Жұмыс күшін пәлендей уақыт пайдаланғаны үшін пәлендей ақша. Тоқымашының 12 сағаттық еңбегіне 2 марка төленеді. Ал бұл 2 марка 2 маркаға сатып алуға болатын басқа барлық товарларды да тауып бере алмай ма? Демек, шындығына келгенде жұмысшы өзінің товарын, жұмыс күшін басқа түрлі товарларға айырбастады, сонда да белгілі бір пропорцияда айырбастады. Капиталист жұмысшыға 2 марка бергенде, оның жұмыс күніне айырбастап оған пәлендей ет, пәлендей киім-кешек, пәлендей отын, шам т. б. берді. Олай болса, бұл 2 марка жұмыс күшінің басқа товарларға айырбасталу қатынасын көрсетеді, оның жұмыс күшінің *айырбас құнын* көрсетеді. Товардың *ақша* арқылы көрінген айырбас құны дәл оның *бағасы* деп аталады. Сонымен, *жалақы* дегеніміз жұмыс күші бағасының ерекше аты ғана, мұны әдетте *еңбек бағасы* деп атайды, адамның тәні мен қанынан басқа жерде өмір сүре алмайтын бұл ерекше товардың бағасы.

Кез келген жұмысшыны, мәселен, тоқымашыны алып қарайық. Капиталист оған жұмыс істеуге тоқыма станогі мен иірілген жіп береді. Тоқымашы жұмысқа кіріседі, ал иірілген жіп кенепке айналады. Капиталист бұл кенепті алады да, оны, айталық, 20 маркаға сатады. Тоқымашының жалақысы кенептің *бір бөлегі*. 20 франктың *бір бөлегі*, оның еңбегі өнімінің *бір бөлегі* емес пе? Тіпті де бір бөлегі емес. Өйткені тоқымашы жалақысын кенептің сатылуынан көп бұрын алды ғой, бәлкім, кенеп тоқылудан көп бұрын алып қойған болар. Демек, капиталист бұл жалақыны кенептен алған ақшасынан төлемейді, өзінде бар запас ақшадан төлейді. Тоқымашыға буржуаның тауып берген тоқыма станогі мен иірілген жібі сол тоқымашының еңбегінің өнімі емес, дәл сол сияқты, тоқымашының өзінің товарына — жұмыс күшіне

айырбастап алатын товарлары да оның өз еңбегінің өнімі емес, Буржуаның өзінің кенебін сатып алушыны тіпті таба алмайтын кездері болуы мүмкін. Кенепті сатқанда оның тіпті жалақыға жұмсаған сомасының да орнын толтыра алмауы мүмкін. Кенепті тоқымашыға төлеген жалақыдан әлдеқайда тиімді бағаға сатуы да мүмкін. Тоқымашының бұлардың бәрімен де ешбір жұмысы жоқ. Капиталист өзінің қолда бар байлығының, капиталының, бір бөлегіне шикізат — иірілген жіп және еңбек құралы — тоқыма станогін сатып алғаны сияқты, сол байлығының, капиталының, екінші бір бөлегіне тоқымашының жұмыс күшін сатып алады. Осыларды сатып алғаннан кейін, — ал бұл сатып алынғандардың ішіне кенепті тоқуға керекті жұмыс күші де қосылады, — капиталист өндіру жұмысына кіріседі, оның бер жағында *шикізат пен еңбек құралдары оның өзінің* ғана меншігі болып табылады. Әрине, біздің момын тоқымашы да енді еңбек құралдарының қатарына қосылады, өйткені тоқыма станогі сияқты оның да өнімде немесе оның бағасында үлесі жоқ.

Олай болса, жалақы дегеніміз жұмысшының өзі өндірген товарынан алатын үлесі емес. Жалақы дегеніміз — бұрыннан бар товардың бір бөлегі, капиталист бұған белгілі мөлшерде өндіргіш жұмыс күшін сатып алады.

Сонымен, жұмыс күші — товар; оның несі, жалдама жұмысшы, бұл товарын капиталға сатады. Ол мұны неге сатады? Күнелту үшін сатады.

Ал жұмыс күшінің іс-әрекетіндегі көрінісі еңбек, бұл — жұмысшының өзінің тіршілік әрекеті, оның өз тіршілігінің көрінісі. Өзінің *тіршілігіне керекті заттар* табу үшін ол осы *тіршілік әрекетін* басқа біреуге сатады. Демек, оның тіршілік әрекеті оның үшін өзінің өмір сүруіне мүмкіндік беретін құрал ғана. Ол өмір сүру үшін жұмыс істейді. Ол өзінің еңбегін өмірінің бір бөлшегі деп те санамайды, қайта еңбек ету оның үшін өз өмірін құрбан ету болып табылады. Еңбек — бұл жұмысшының басқа адамға сатқан товары. Сондықтан оның істеген ісінің жемісі де оның іс-әрекетінің көздеген максаты болып табылмайды. Өзі тоқып жатқан жібекті, шахталардан өзі шығарып жатқан алтынды, өзі салып жатқан сарайды ол өзі үшін өндіріп жатқан жоқ. Өзіне ол жалақы өндіреді, ал жібек, алтын, сарай ол үшін белгілі мөлшердегі тіршілік заттарына айналады, бәлкім, мақта-мата кеудешеге, бақыр тиынға, бір подвалдағы баспанаға айналады. Ал тәулігіне 12 сағат мата тоқып, жіп иіріп, бұрғылап, шындап, үй салып, жер қазып, тас ұсатып, ауыр жүк көтеріп жүрген, т. б. істен жүрген жұмысшы, — осы он екі сағат бойына мата тоқуды, жіп иіруді, бұрғы бұрғылауды, токарлық жұмысын істеуді, үй салуды, жер қазуды, тас ұсатуды, — ол өзінің тіршілігінің көрінісі, өзінің өмірі деп санай ма? Жоқ, санамайды. Ол үшін нағыз өмір осы жұмыс тоқталып, асқа отырған кезде, трактирде шарап

ішкен кезде, төсегіне жатқан кезде басталады. Он екі сағаттық еңбектің мәні оның үшін мата тоқуда, жіп иіруде, бұрғылап, т. т. істеуде емес, оның мәні бұл — оның ішіп-жеуіне, трактирге баруына, жатып тынығуына мүмкіндік беретін *табыс табу* әдісі болғандығында. Егер жібек құрты гусеница күйінде өмір сүру үшін жібек иіретін болса, онда ол жалдама жұмысшының нағыз өзі болар еді. Жұмыс күші әрқашан да *товар* бола берген жоқ. Еңбек әрқашанда жалдама еңбек, яғни ерікті еңбек бола берген жоқ. Өгіздің өз қызметін шаруаға сатпайтыны сияқты, құл да өзінің жұмыс күшін құл иесіне сатпаған. Құл өзінің жұмыс күшімен бірге өз кожасына біржолата түпкілікті сатылған. Ол — бір меншік иесінің қолынан екінші меншік иесінің қолына өте алатын товар. *Оның өзі* — товар, бірақ *оның* жұмыс күші товар емес. *Крепостной* өз жұмыс күшінің бір бөлегін ғана сатады. Ол жер иесінен ақы алмайды; қайта жер иесі онан алым алады.

Крепостной — жерге тән, ол жер меншіктенушіге пайда келтіреді. Мұның керісінше, *ерікті жұмысшы* өзін өзі сатады, сатқанда да өзін бөліп-бөліп сатады. Күн сайын бәсеке саудаға түсіп, ол өмірінің 8, 10, 12, 15 сағатын сатып отырады, сатқанда ақыны көп берген адамға — шикізаттың, еңбек құралдарының және тіршілік заттарының иесіне, яки капиталиске сатады. Жұмысшы меншік иесінікі де емес, жердің де меншігі емес, бірақ оның күн сайынғы өмірінің 8, 10, 12, 15 сағаты оны сатып алатын адамның қарамағында. Жұмысшы өзін жалдаған капиталисінен тілеген уақытында кетіп қалады, ал капиталист тілеген уақытында жұмысшыны шығарып жібереді, жұмысшы оған бұдан былай пайда келтірмейтін болғанда немесе капиталистің ойлағанындай пайда келтіре алмайтын болғанда шығарып жібереді. Бірақ тек жұмыс күшін сату арқылы ғана табыс таба алатын жұмысшы, аштан өлмейін десе, *бүкіл сатып алушылар табын, яғни капиталистер табын* тастап кете алмайды. Ол белгілі бір капиталистікі емес, *бүтін капиталистер табынықы*, ал капиталистер табының ішінен сатып алушыны іздеп табу — енді оның өз ісі.

Енді капитал мен жалдама еңбектің арасындағы қатынастарға толығырақ тоқтамастан бұрын жалақыны белгілеуде роль атқаратын неғұрлым жалпы жағдайларды қысқаша баяндап өтелік.

Жалақы дегеніміз белгілі бір товардың — жұмыс күшінің бағасы екенін жоғарыда көрдік. Олай болса, әрбір басқа товардың бағасы қандай заңдар бойынша белгіленетін болса, жалақы да сол заңдар бойынша белгіленеді.

Сонымен, *товардың бағасы қалай белгіленеді?* деген сұрақ туады.

Товардың бағасы немен белгіленеді?

Сатып алушылар мен сатушылардың арасындағы бәсекеге және сұранымның ұсынымға, ұсынымның сұранымға қатынасымен белгіленеді. Товардың бағасын белгілейтін бәсеке *үш жақты* болады.

Бір түрлі товарды түрлі сатушылар ұсынады. Кімде-кім сапасы бірдей товарды басқаның бәрінен арзан сатса, сол адам, сөз жоқ, басқа сатушылардан үстем болып, өзінің товарының неғұрлым көп өткізілуін қамтамасыз етеді. Сонымен, сатушылар товар өткізу үшін, рынок үшін өзара күрес жүргізеді. Олардың әрқайсысы өз товарын сатуға, мүмкіндігінше көбірек сатуға, басқа сатушыларды ығыстырып шығарып, мүмкіндігінше жалғыз өзі сатуға ұмтылады. Сондықтан бірі екіншісінен арзан сатады. Сөйтіп, сатушылар арасында бәсеке болады, бұл бәсеке олардың ұсынып отырған товарларының бағасын төмендетеді.

Бірақ *сатып алушылар арасында да бәсеке болады*, бұл бәсеке өз тарапынан, ұсынылып отырған товарлардың бағасын *көтереді*.

Ақырында *сатып алушылар мен сатушылардың арасында бәсеке* болады; біріншілері мүмкіндігінше арзан алғысы келеді, екіншілері мүмкіндігінше қымбатырақ сатқысы келеді. Сатып алушылар мен сатушылардың арасындағы бұл бәсеке нәтижесінің қандай болуы жоғарыда көрсетілген бәсекелесуші екі жақтың ара салмағына байланысты, яғни бәсекенің қай жағында, сатып алушылар жағында немесе сатушылар жағында күштірек болуына байланысты. Өнеркәсіп екі армияны бір біріне қарсы ұрыс майданына шығарады, оның бер жағында бұлардың әрқайсысының өз ішінде өзара күрес болып жатады. Ол армиялардың қайсысының ішінде ішкі төбелес аз болса, сол армия жеңіп шығады.

Рынокта 100 тай мақта бар делік, ал сатып алушыларға осындай 1000 тай мақта керек. Демек, бұл ретте сұраным ұсынымнан он есе көп болып отыр. Сондықтан алушылардың арасында бәсеке өте күшті болады; олардың әрқайсысы, ең болмағанда, бір тай мақтаны алып қалуға, егер мүмкін болса, 100 тай мақтаның бәрін алып қалуға тырысады. Бұл мысал беталды алына салынған мысал емес. Сауда тарихында біз, мақта шықпай қалғандықтан, бірнеше капиталистің өзара одақ жасасып, жүз тай мақтаны ғана емес, жер шарындағы барлық мақта қорын сатып алуға тырысқан уақыттарын бастан кешірдік. Сөйтіп, біз мысалға келтірген ретте әрбір сатып алушы мақтаның әрбір тайына біршама қымбатырақ баға беріп, өзге алушыны шетке қағуға тырысады. Жау әскерінің өз арасында қатты күрес болып жатқанын көріп отырған, өзінің 100 тай мақтасының барлығы түгел сатылатынына толық көзі жетіп отырған мақта сатушылар өзде-

ріне қарсы жак бір-бірінен қалыспай, товардың бағасын көтеруге тырысып жатқан кезде өз товарының бағасын төмендетпеу үшін өзара қырқысудан сақтанады. Сөйтіп, сатушылардың арасында лезде татулық орнай қалады. Философша қол қусырып, *бәрі бір адамдай* болып, олар сатып алушыларға қарсы тұрады, егер тіпті алмай қоймаймын деген сатып алушылардың ұсынған бағасының да барынша айқын белгілі шегі болмаса, сатушылардың дәмесінің шегі болмас еді.

Сонымен, егер белгілі бір товар оған деген сұранымнан аз ұсынылса, онда бұл товарды сатушылардың арасындағы бәсеке өте бәсең болады немесе тіпті болмайды да. Сатушылар арасында бәсеке қаншама бәсеңдесе, сатып алушылар арасындағы бәсеке соншама күшейеді. Осының нәтижесінде товардың бағасы азды-көпті едәуір көтеріледі.

Бұған қарама-қарсы нәтиже беретін қарама-қарсы реттердің онан да жиірек болатыны мәлім: ұсыным сұранымнан едәуір артық болады, сатушылар арасында жанталасқан бәсеке туады, товар алушылар тапшы болады, товар бостың қасы, арзанға сатылады.

Ал бағаның көтерілуі және төмендеуі деген не, қымбат және арзан баға деген не? Микроскоппен қарасаң құмның түйіршігі үлкен болып көрінеді, ал тауга қарағанда мұнара аласа. Ал егер баға сұраным мен ұсынымның арасындағы арасалмаққа қарай белгіленетін болса, онда сұраным мен ұсыным арасындағы ара салмақ қалай белгіленеді?

Кез келген буржуадан сұрайық. Ол, бір минут те ойланбастан, көбейту кестесін қолға алады да, бұл метафизикалық түйінді жаңа Александр Македонскийше бір-ақ шабады. Егер менің сататын товарымды жасап шығару — дейді ол бізге — маған 100 маркаға түссе, ал мен оны сатқанда, — әрине, бір жылдан кейін, — 110 марка алсам, онда мен біршама, адал жолмен, едәуір пайда тапқан боламын. Мен оны басқа товарға айырбастағанда 120, 130 марка алсам, онда көп пайда тапқан боламын; ақырында, егер мен табаны күректей 200 марка алсам, онда мен ерекше, өте көп пайда тапқан боламын. Ал буржуаның пайдасы немен өлшенеді? Оның товарының өндіріс шығындарымен өлшенеді. Егер ол өзінің товарына айырбастап, белгілі мөлшерлі басқа товар алса, алғанда, ол товарды өндіру өзінің товарын өндіруге қарағанда арзанға түскен болса — оның зиян көргені. Ал егер ол өзінің товарына айырбастап, белгілі мөлшерлі, бірақ өндірілуі өзінікінен қымбатқа түскен товар алса — оның ұтып шыққаны. Пайдасының төмендеуін немесе жоғарылауын ол градустың санымен өлшейді, оның товарының айырбастау құны сол градустағы нольден — өндіріс шығындарынан — төмен немесе жоғары болады.

Сөйтіп, сұраным мен ұсынымның арасындағы арасалмақтың өзгеруі бағаны бірде көтеріп, бірде түсіріп, бірде қымбаттатып, бірде арзандатып отыратынын біз көріп өттік. Егер ұсынымның аз болғандығынан немесе сұранымның шамадан тыс көп болғандығынан бір товардың бағасы едәуір көтерілсе, екінші бір товардың бағасы осыған сәйкес сөзсіз төмендейді, өйткені товардың бағасы басқа товардың өзіне тек қандай мөлшерде айырбасталатынын ғана ақшамен көрсетіп отырады. Мәселен, егер бір кез жібек матаның бағасы 5 маркадан 6 маркаға дейін көтерілсе, онда жібек матаға қарағанда күмістің бағасы кемиді, дәл сол сияқты бағасы өзгермеген басқа товарлардың да жібек матаға қарағанда бағасы төмендейді. Енді, басқа товарға айырбастап дәл бұрынғы мөлшерде жібек мата алу үшін оған бұрынғыдан көбірек товар беру керек болады. Товар бағасы көтерілуінің салдары қандай болады? Орасан көп капитал өнеркәсіптің гүлденіп келе жатқан саласына қарай ағылады, ал өнеркәсіптің неғұрлым пайдалырақ саласына капиталдың ағылып келсе беруі, сол саладағы пайда дағдылы мөлшерге түскенге дейін, немесе, дұрысырағы, артық өндірудің салдарынан оның өнімдерінің бағасы өндіріс шығындарынан төмен түскенге дейін тоқтамайды.

Мұның керісінше. Егер белгілі бір товардың бағасы оның өндіріс шығынынан төмен түссе, онда бұл товардың өндірісіндегі капитал онан кері қайтады. Өнеркәсіптің белгілі бір саласы енді заман талаптарына сай келмегендіктен жойылуға тиіс болып қалмаса, мұнан басқа реттерде, капиталдың басқа салаға қашуы сәбебі, әлгі товардың өндірілуі, яғни оның ұсынымы кемі береді, кемігенде оның ұсынымы оған деген сұранымға сай келгенге дейін, демек, товардың бағасы қайтадан оның өндіріс шығынының дәрежесіне жеткенге дейін кемі береді, немесе дәлірек айтқанда, ұсыным сұранымнан төмендегенге дейін кемі береді, яғни товардың бағасы қайтадан оның өндіріс шығынынан артқанға дейін кемі береді, өйткені *товардың күнделікті бағасы оның өндіріс шығынынан не жоғары не төмен болып отырады.*

Біз капиталдың үнемі өндірістің бір саласынан шығып, екінші саласына құйылып жататынын көрдік. Баға көтеріңкі болса, капиталдың келуі орасан күшейеді, баға төмен болса — капиталдың қайтуы тым күшті болады.

Мәселені екінші бір тұрғыдан қарасак, біз тек ұсынымның ғана емес, сонымен қатар сұранымның да өндіріс шығынына қарай белгіленетінін көрсете алар едік. Бірақ бұл бізді қарастырып отырған мәселемізден тым қашықтатып жіберер еді.

Сұраным мен ұсынымның ауытқуының әрқашан товардың бағасын өндіріс шығындарының дәрежесіне қалай түсіріп отыратынын біз жаңа ғана көріп өттік. *Рас, товардың шын бағасы әрдайым өндіріс шығындарынан не жоғары, не төмен болып отырады; бірақ бағаның көтерілуі мен төмендеуі өзара бірін бірі*

жауып отырады, сөйтіп егер өнеркәсіптегі сапырылысудың жалпы қорытындысын алып қарасак, біз белгілі бір уақыттың ішінде товарлардың бір-біріне өндіріс шығындарына сәйкес айырбасталып отыратынын, олай болса, олардың бағасы да өндіріс шығындарына қарай белгіленіп отыратынын көреміз.

Бағаның өндіріс шығындарына қарай белгіленуін экономистер түсінетін мағынада түсінбеу керек. Экономистер: товардың *орта бағасы* өндіріс шығындарына тең дейді; олардың ойынша, бұл — *заң*. Бағаның көтерілуі оның кемуімен, ал кемуі — көтерілуімен теңгеріліп отыратын анархиялық қозғалысты олар кездейсоқтық іс деп біледі. Олай болса, бағаның ауытқуын — *заң* деп, ал оның өндіріс шығындарына қарай белгіленуін — *кездейсоқтық* деп тануға да сондай праволы болар едік, кейбір экономистер осылай етіп те жүр. Ал шындығына келгенде, тек осы ауытқулардың, — неғұрлым құнттап қарастырғанымызда анықталғанындай, керемет күйзелістерге ұшыратып отырған және, жердің сілкінгені сияқты, буржуазиялық қоғамның ең түпкі негізін шйқалтып отырған ауытқулардың, — барысында ғана баға өндіріс шығындарына қарай белгіленеді. Осы тәртіпсіздіктің жиынтық қозғалысы оның тәртібі болып табылады. Осы өнеркәсіптік анархияның барысында, осы шырғалдың ішінде бәсеке, былайша айтқанда, бір ұшқарылықтан екінші ұшқарылыққа шығумен жауып теңгеріп отырады.

Сөйтіп, біз, товардың бағасы өндіріс шығындарына қарай белгіленгенде, мынадай болып белгіленетінін: белгілі бір товардың бағасының оның өндіріс шығынынан артып кететін кездері товардың бағасының оның өндіріс шығынынан кем болатын кездерімен алмасып, бірінің есесін бірі толтырып отыратынын және мұның керісінше де болатынын көреміз. Әрине, өнеркәсіптің жеке өнімі жөнінде емес, бүкіл өнеркәсіптің тұтас саласында ғана осылай болып отырады. Олай болса, жеке өнеркәсіпшілер жөнінде емес, тек барлық өнеркәсіпшілер табы жөнінде ғана осылай болып отырады.

Бағаның өндіріс шығындарына қарай белгіленуі бағаның товарды өндіруге қажет жұмыс уақытына қарай белгіленуімен бірдей, өйткені өндіріс шығындары: 1) шикізаттан және еңбек құралдарының тозуынан, яғни өндірілуіне белгілі мөлшерде жұмыс күндері кететін, өздері де белгілі мөлшерде жұмыс уақыты болып табылатын өнеркәсіп өнімдерінен құралады және 2) мұның да өлшеуіші уақыт болып табылатын тікелей еңбектен құралады.

Тегі товар бағасын реттейтін жалпы заңдар, әрине, *жалақыны, еңбектің бағасын да реттейді*.

Сұраным мен ұсыным арасындағы арасалмаққа қарай, жұмыс күшін сатып алушы капиталистер мен жұмыс күшін сатушы жұмысшылар арасындағы бәсекенің жайына қарай еңбекке ақы

төлеу біресе көбейіп, біресе азайып отырады. Жалақының ауытқуы жалпы алғанда товар бағасының ауытқуына сәйкес келеді. Бірақ осы ауытқулардың ішінде еңбектің бағасы өндіріс шығындарына қарай, осы товарды жұмыс күшін өндіруге қажет жұмыс уақытына қарай белгіленеді.

Ал жұмыс күшінің өзінің өндіріс шығындары қандай шығын?

Бұл — жұмысшыны жұмысшы ретінде сақтап, оны жұмысшы ретінде даярлап шығару үшін керекті шығындар.

Сондықтан белгілі бір еңбекке үйрету үшін неғұрлым аз уақыт керек болса, жұмысшыны өндіруге шығатын шығын соғұрлым аз болады, оның еңбегінің бағасы, оның жалақысы соғұрлым төмен болады. Іске үйретуге ешқандай дерлік уақыт керек болмайтын және жұмысшының қара күшінің өзі жеткілікті болатын өнеркәсіп салаларында жұмысшыны даярлауға шығатын өндіріс шығындары оның тіршілігін және жұмысқа жарамдылығын сақтауға керекті товарлармен ғана барабар деуге болады. Сондықтан оның еңбегінің бағасы оның тіршілігіне керекті заттардың бағасымен белгіленеді.

Алайда бұл жерде тағы бір жағдайды ескеру керек.

Фабрикант, өзінің өндіріс шығындарын, оған қарай өнімдердің бағасын да есептеп шығарғанда, оған еңбек құралдарының тозуын қосады. Мәселен, машина оған 1000 маркаға түскен және ол он жылдың ішінде тозып бітетін болса, онда ол он жыл өткеннен кейін тозған машинаның орнына жаңа машина сатып алуға мүмкіндігі болу үшін жыл сайын товарлардың бағасына 100 марка қосып отырады. Дәл сол сияқты, жай жұмыс күшінің өндіріс шығындарына жұмысшы табының өсіп-өнуіне, жұмысқа жарамсыз болып қалған жұмысшыларды жаңаларымен ауыстырып отыруына мүмкіндік беретін тұқым қалдыру шығындары да кіруге тиіс. Демек, машинаның тозуы қалай есепке алынса, жұмысшы қуатының толықтырылуы да дәл солай есепке алынады.

Сөйтіп, жай жұмыс күшінің өндіріс шығындары жұмысшының өмір сүруіне, тұқым қалдыруына керекті шығындар болып табылады. Осы өмір сүру және тұқым қалдыру шығындарының бағасы жалақы болып табылады. Осы жолмен белгіленетін жалақы жалақы минимумы деп аталады. Товар бағасының жалпы алғанда өндіріс шығындарымен белгіленетіні сияқты, жалақының бұл минимумы жеке адам жөнінде емес, бүкіл жұрт жөнінде күші бар минимум болып есептеледі. Жеке жұмысшылардың, миллиондаған жұмысшылардың алатыны күн көруіне, тұқым қалдыруына жетпейді; бірақ бүкіл жұмысшы табының жалақысы өзінің ауытқу шегі ішінде осы минимумға барабар болады.

Енді біз жалақыны, сол сияқты әрбір басқа товардың да бағасын реттейтін нағыз жалпы заңдарды анықтап алғаннан кейін өзіміздің қарастырып отырған мәселемізбен тікелей шұғылдана аламыз.

Капитал жаңа шикізатты, жаңа еңбек құралдарын және жаңа тіршілік заттарын өндіруге қолданылатын шикізаттан, еңбек құралдарынан және әрқилы тіршілік заттарынан құралады. Капиталдың осы құрамды бөлімдерінің бәрі — еңбектің жасағаны, еңбектің өнімі, *қорланған еңбек*. Жаңа заттар өндірудің құралы болатын қорланған еңбек — капитал.

Экономистер осылай дейді.

Құл-негр дегеніміз не? Бұл — кара нәсілді адам. Бұл түсініктердің бірі екіншісінен қалыспайды.

Негр дегеніміз — негр. Ол тек белгілі бір жағдайда ғана құлға айналады. Мақта иретін машина — мақтаны иіруге керекті машина. Ол машина белгілі бір жағдайда ғана *капиталға* айналады. Алтынның өзінен өзі *ақша* болмайтыны немесе қанттың өздігінен қанттың бағасы болмайтыны сияқты, осы қатынастардан бөлектеніп алынған машина да капитал бола алмайды.

Өндірісте адамдар табиғатқа ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар бір біріне де әсер етеді. Олар бірігіп қызмет істеу үшін және қызметімен өзара айырбас жасау үшін белгілі түрде бірікпейінше өндіре алмайды. Өндіру үшін адамдар белгілі байланыстар мен қатынастар жасайды, сөйтіп осы қоғамдық байланыстар мен қатынастар шеңберінде ғана олар табиғатқа әсер етеді, өндіріс орын алады.

Өндіріс құрал-жабдықтарының сипатына қарай өндірушілердің бір-бірімен жасайтын осы қоғамдық қатынастары да, олардың өзара қызметтерін айырбастап, жиынтық өндіріске қатынасып отыратын осы жағдайлары да, әрине, түрліше болып отырады. Жаңа соғыс құралдары, от алып атылатын мылтықтар ойлап шығарылғаннан кейін армияның бүкіл ішкі құрылысы сөзсіз өзгерді, индивидтерден армия құралып, армия ретінде әрекет ете алатын қатынастар қайта өзгерді, түрлі армиялардың бір-бірімен қатынастары да өзгерді.

Сонымен, индивидтер зат өндіріп отырғандағы қоғамдық қатынастар, қоғамдық өндірістік қатынастар өндірістің материалдық құрал-жабдығының, өндіргіш күштердің өзгеруімен және дамуымен қатар өзгеріп, қайта құрылып отырады. Өндірістік қатынастардың жиынтығынан жұрттың қоғамдық қатынастар, қоғам дейтіні құрылады, қоғам болғанда тарихи дамудың белгілі бір сатысында тұрған қоғам, өзіне тән сипаты бар қоғам құрылады, көне замандағы қоғам, феодалдық қоғам, буржуазиялық қоғам өндірістік қатынастардың сондай бір жиынтықтары болып табылады, олардың әрқайсысы мұнымен бірге адамзаттың тарихи дамуындағы ерекше бір сатысы болып табылады.

Капитал да — қоғамдық өндірістік қатынас. Бұл — буржуазиялық өндірістік қатынас, буржуазиялық қоғамның өндірістік қатынасы. Капиталды құрастырып отырған тіршілік заттары, еңбек құралдары, шикізат — осының бәрі осы қоғамдық жағдай-

лар тұсында, белгілі бір қоғамдық қатынастар тұсында өндіріліп, жиналған жоқ па? Олар жаңа өндіріс үшін қолданылғанда осы қоғамдық жағдайлардың кезінде, белгілі бір қоғамдық қатынастардың шеңберінде қолданылып отырған жоқ па? Жаңа өндіріс үшін керекті өнімдерді олардың нақ осы белгілі бір қоғамдық сипаты *капиталға* айналдырып отырған жоқ па?

Капитал тек тіршілік заттарынан, еңбек құралдары мен шикізаттан, тек материалдық өнімдерден ғана құралып қоймайды; сонымен бірге ол *айырбас құндарынан* да құралады. Капиталды құраған өнімдердің барлығы — *товар*. Ендеше, капитал дегеніміз — материалдық өнімдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар товарлардың, айырбас құндарының, *қоғамдық мәшерлердің* де жиынтығы.

Егер мақтада, күріште, пароходтарда — капиталдың осы тұлғаларында — капиталдың бұрынғы көрінісі болған жүннің, астықтың, темір жолдардың айырбас құнындай айырбас құн, бағасындай баға болса, онда біз жүннің орнына мақтаны, астықтың орнына күрішті, темір жолдардың орнына пароходтарды алғанда да, бәрібір капитал капитал күйінде қала береді. Капитал тұлғасының үнемі өзгеріп отыруы мүмкін, бірақ мұнан капиталдың өзі титтей де өзгермейді.

Ал егер капитал атауының барлығы товардың, яғни айырбас құндарының жиынтығы болса, бірақ товарлардың, айырбас құндарының жиынтығының бәрі бірдей тіпті де капитал бола бермейді.

Айырбас құндарының жиынтығының қайсысы болса да жалғыз айырбас құны. Қандай болсын әрбір жеке айырбас құны — айырбас құндарының жиынтығы. Мәселен, 1000 марка тұратын үй — 1000 маркалық айырбас құны. 1 пфенниг тұратын бір табақ қағаз $\frac{100}{100}$ пфеннигке тең айырбас құнының жиынтығы. Басқа өнімдерге айырбастауға болатын өнімдер — *товар*. Олардың айырбасталатын белгілі бір қатынасы — олардың *айырбас құны* немесе, ақшалай көрінсе — олардың бағасы болады. Бұл өнімдердің саны олардың *товар* болуын немесе *айырбас құны* болуын немесе оның белгілі бір *баға* болуын ешбір өзгерте алмайды. Үлкен болсын, кіші болсын, әрбір ағаш сол ағаш күйінде қала береді. Егер біз темірді басқа өнімдерге мысқалдап айырбастамай, центнерлеп айырбастасақ, онан темірдің товарлық сипаты, айырбас құн сипаты өзгере ме? Санына қарай ол темір не құны көп, не құны аз, не көп бағалы, не аз бағалы товар болып табылады.

Товарлардың, айырбас құндарының жиынтығы қайткенде капиталға айналады?

Бұл жиынтық дербес қоғамдық күш, яғни *қоғамның бір бөлегінің* қолындағы күш ретінде, *тікелей жанды жұмыс күшіне ай-*

ырбасталу арқылы сақталып, көбейтіліп отыру аркасында ол капиталға айналады. Еңбек етуге қабілеттілігінен басқа еш нәрсесі жоқ таптың болуы капиталдың қажетті алғы шарты болып табылады.

Қорланған, бұрынғы затқа айналған еңбектің тікелей жанды еңбекке үстемдік етуі ғана қорланған еңбекті капиталға айналдырады.

Капиталдың мәні — қорланған еңбектің жанды еңбекке жаңа өндіріс үшін құрал болып қызмет етуінде емес. Капиталдың мәні — жанды еңбектің қорланған еңбекке оның айырбас құнын сақтайтын, көбейтетін құралы болып қызмет етуінде.

Капиталист пен жалдама жұмысшының арасында айырбас кезінде не болады?

Жұмысшы өзінің жұмыс күшін айырбастап, оның орнына тіршілік заттарын алады, ал капиталист өзінің меншігіндегі тіршілік заттарын айырбастап, оның орнына жұмысшының еңбегін, өндіруші қызметін, творчестволық күшін алады; жұмысшы осы творчестволық күші арқылы өзінің тұтынғанының ғана орнын толтырып қоймайды, сонымен қатар *қорланған еңбектің құнын оның бұрынғы құнына арттыра түседі*. Жұмысшы капиталистен қолда бар тіршілік заттарының бір бөлегін алады. Бұл тіршілік заттары жұмысшыға не үшін керек? Тікелей тұтыну үшін керек. Бірақ мен бұл тіршілік заттарын тұтынып қойғаннан кейін олар маған енді қайтып келмейді, тек сол заттардың менің өмірім арқау болған уақытымен пайдаланып, жаңадан тіршілік заттарын өндірсем, соларды тұтынған уақыттың ішінде, тұтыну нәтижесінде жойылып кеткен құндардың орнына өз еңбегіммен жаңа құндар жасасам ғана өзім тұтынып қойған тіршілік заттарының көзі жоғалмас еді. Бірақ дәл осы ұдайы өндіретін ізгі күшінің өзін жұмысшы өзінің алған тіршілік заттарына айырбастап, капиталистке беріп қояды. Демек, бұл күштің игілігін енді жұмысшының өзі көрмейді.

Мынадай мысалды алайық: фермер өзінің күндікшісіне күніне 5 зильбергрош ақы төлейді. Осы 5 зильбергрош үшін күндікші фермердің егінде күні бойы жұмыс істеп, оған 10 зильбергрош табыс келтіреді. Фермер күндікшіге берген құндарының есесін алып қана қоймай, оларды екі есе көбейтеді. Демек, күндікшіге берген 5 зильбергрошін ол жемісті, өнімді етіп қолданып, тұтынды. Дәл осы 5 зильбергрошке ол күндікшінің еңбегі мен күшін сатып алды, ал күндікшінің еңбегі мен күші екі есе артық құны бар егіншілік өнімдерін өндіріп, 5 зильбергрошті 10 зильбергрошке айналдырады. Ал күндікші қимыл әрекетін сол фермерге берген өзінің өндіргіш күшінің орнына 5 зильбергрош алады; бұл 5 зильбергрошті не тез бітетін не ұзағыраққа баратын тіршілік заттарына айырбастайды. Демек, бұл 5 зильбергрош екі түрлі тұтынылды: капитал үшін *өнімді түрде* тұтынылды, өйт-

кені ол мұны 10 зильбергрош өндірген жұмыс күшіне* айырбастады, ал жұмысшы үшін өнімсіз түрде тұтынылды, өйткені ол мұны тіршілік заттарына айырбастады, ол заттары енді біржола жойылды, ал енді олардың құнын ол фермермен әлгідегідей айырбас жасаса ғана қайта ала алады. *Сөйтіп, капитал жалдама еңбекті керек қылады, ал жалдама еңбек капиталды керек қылады. Олар бір-бірімен шарттас; олар бірін-бірі туғызады.*

Мақта мата фабрикасында жұмысшы мақта мата ғана өндіре ме? Жоқ, ол онда капитал өндіреді. Ол күн өндіреді, бұл күн тағы да жұмысшының еңбегін билеуге, сол еңбек арқылы жана күн жасауға қолданылады.

Капитал жұмыс күшіне айырбасталғанда ғана, жалдама еңбекті туғызғанда ғана көбейе алады. Жалдама жұмысшының жұмыс күші капиталды көбейткен жағдайда ғана, өзін күл ететін өктемдікті күшейткен жағдайда ғана капиталға айырбастала алады. *Сондықтан капиталдың көбеюі пролетариаттың, яғни жұмысшы табының көбеюі болады.*

Ендеше, капиталист пен жұмысшының мүдделері бір дейді буржуа мен олардың экономистері. Шынында да! Егер капитал жұмысшыға жұмыс бермесе, жұмысшы құриды. Егер жұмыс күшін қанамаса, капитал құриды, ал жұмыс күшін қанау үшін капитал оны сатып алуға тиіс. Өндіріске арналған капитал, өндірім капитал, неғұрлым тез көбейсе, демек, өнеркәсіп неғұрлым күшті өркендесе, буржуазия неғұрлым байыса, істің барысы неғұрлым жақсы болса, — капиталиске жұмысшы соғұрлым көп керек болады, жұмысшы өзін соғұрлым қымбатқа сатады.

Олай болса, жұмысшының онша-мұнша тәуір күн көруінің сөзсіз шарты өндіргіш капиталдың мүмкін қабірі неғұрлым тез өсуі болады.

Бірақ өндіргіш капиталдың өсуі деген не? Бұл — қорланған еңбектің жанды еңбекке жүргізетін өктемдігінің өсуі. Бұл — буржуазияның жұмысшы табына үстемдік етуінің күшеюі. Егер жалдама еңбек өзіне үстемдік жүргізетін жат байлықты, өзіне жау күшті, капиталды өндіріп отырса, ол сол капиталдан: қайтадан оның бір бөлегі болу, капиталды жаңадан тездетіп өсіретін құрал болу шартымен, жұмыс істеу заттарын [Beschäftigungsmittel], яғни тіршілік заттарын алады.

Капитал мен жұмысшылардың мүдделері бір деген сөз іс жүзінде мынаны ғана көрсетеді: капитал мен жалдама еңбек — сол бір қатынастың екі жағы ғана. Өсімқор мен ысырапшының бірін-бірі туғызатыны сияқты, ол қатынастың да бір жағы екінші жағын туғызады.

* Бұл жерде «жұмыс күші» деген терминді Энгельс қойған емес, ол Маркстің «Neue Rheinische Zeitung»-те жариялаған текстінде бар болатын. *Ред.*

Жалдама жұмысшы жалдама жұмысшы күйінде қалып отырғанда оның тағдыры капиталға байланысты болады. Жұмысшы мен капиталистің мүдделерінің атышулы бірлігі де, міне, осы.

Капитал артса, жалдама еңбектің мөлшері де артады, жалдама жұмысшылардың саны артады, қысқасы, капиталдың үстемдігі көп адамға таралады. Неғұрлым қолайлы жағдай болған екен делік: өндіргіш капиталдың өсуімен бірге еңбекке деген сұраным артады, олай болса, еңбектің бағасы, жалақы өседі.

Белгілі бір үй қанша кішкене болғанымен оның айналасындағы үйлер де дәл сондай кішкене болып тұрғанда, ол үй пәтер үйге қойылатын қоғамдық талаптардың бәріне сай келіп отырады. Бірақ кішкене үйдің қасынан үлкен сарай салынса, онда әлгі кішкене үй шөгіп, кішкене лашықтың дәрежесіне түсіп қалады. Енді үйдің көлемінің кішкенеуі үй иесінің ешқандай талаптар қоя алмайтынын немесе тіпті кішкене, болмашы талаптар ғана қоя алатынын көрсетеді; цивилизацияның ілгері басуымен бұл кішкене үй қаншама үлкейсе де, қасындағы сарай сонымен бірдей немесе одан да артық дәрежеде үлкейіп отырғандықтан, біршама кішкене үйде тұратын адам өзін күннен-күнге қолайлы жағдайы жоқ, тұрмысына қанағаттанбай, кемсітіліп отырған адамдай сезінеді.

Жалақының онша-мұнша көзге түсерліктей артуы үшін өндіргіш капиталдың тез өсуі қажет. Өндіргіш капитал тез өссе, байлық та, сән-салтанат та, қоғамдық тілектер де, қоғамның рахаты да сондай тез өседі. Сөйтіп, жұмысшының қолы жететін рахат артып отырса да, қоғамға беретін ләззәті жұмысшының қолы жетпейтін капиталистің ұлғайып бара жатқан рахатымен салыстырғанда, жалпы қоғамның даму дәрежесімен салыстырғанда кеміп қалды. Біздің қажетіміз, рахатымыз қоғамнан туады; сондықтан біз оларды қоғам өлшеуімен өлшейміз, оларды қанағаттандыруға ұсталатын бұйымдармен өлшемейміз. Біздің қажетіміздің, көретін рахатымыздың қоғамдық сипаты болғандықтан олар салыстырмалы мөлшерде болады.

Жалақы тегі менің оған айырбастап алатын товарларымның мөлшеріне қарай ғана белгіленіп қоймайды. Жалақының ішінде түрліше қатынастар болады.

Ең алдымен, жұмысшы өзінің жұмыс күші үшін белгілі сомада ақша алады. Жалақы осы ақшалай баға бойынша ғана белгілене ме?

XVI ғасырда, Америкада неғұрлым бай және оңай өндірілетін кендердің ашылуы нәтижесінде Европада айналыстағы алтын мен күмістің саны көбейді. Сондықтан басқа товарларға қарағанда алтын мен күмістің құны төмендеді. Ал жұмысшылар өздерінің жұмыс күші үшін бұрын монета түрінде қанша күміс алып келген болса, бұл кезде де соншама күміс алып отырды. Олардың еңбегінің ақшалай бағасы бұрынғы күйінде қалды, бірақ бұ-

ған қарамастан, олардың жалақысы кеміді, өйткені олар сол алатын күмісіне басқа товарларды бұрынғысынан кем ала бастады. XVI ғасырда капиталдың көбейіп, буржуазияның өрлеуіне себеп болған жағдайлардың бірі осы болды.

Тағы бір жағдайды алып қарайық. Егін шықпай қалғандықтан, 1847 жылдың қысында ең қажетті тіршілік заттарының: астықтың, еттің, майдың, сыр, тағы басқаларының бағасы едәуір қымбаттады. Жұмысшылар өздерінің жұмыс күші үшін бұрын қанша ақша алса, бұл кезде де сонша ақша алды дейік. Солай болса, олардың жалақысы кеміп кеткен жоқ па? Әрине, кеміп кетті. Сол ақшасына айырбастап олар енді нанды, етті, тағы басқаларын бұрынғысынан аз алатын болды. Олардың жалақысының кему себебі күміс құнының азаюы емес, тіршілік заттары құнының артқандығы болып отыр.

Ақырында, еңбектің ақшалай бағасы өзгермей бірқалыпта қалды делік, бірақ жаңа машиналар қолданылғандықтан, жыл маусымы неғұрлым қолайлы болғандықтан, тағы басқа себептерден егіншілік және өнеркәсіп товарларының бәрінің бағасы арзандады делік. Енді жұмысшылар сол ақшасына әртүрлі товарларды бұрынғысынан көп сатып ала алатын болды. Демек, олардың жалақысының көбею себебі, жалақының ақшалай құнының өзгермей, сол қалпында қалуынан болып отыр.

Сөйтіп, еңбектің ақшалай бағасы, номиналды жалақы, нақты жалақымен, яғни жалақыға шын мәнісінде айырбасталып алынатын товарлардың мөлшерімен бірдей болмайды. Сондықтан жалақының көбеюін немесе кемуін сөз қылғанда, біз тек еңбектің ақшалай бағасын ғана, номиналды жалақыны ғана еске алып қоймауымыз керек.

Бірақ номиналды жалақы да, яғни жұмысшының өзін капиталиске сатқанда алатын ақшасы да, нақты жалақы да, яғни жұмысшының осы ақшаға сатып ала алатын товарларының мөлшері де жалақыдағы қатынастардың бәрін түгел көрсетпейді.

Оның үстіне жалақы ең алдымен капиталистің алатын олжасына, пайдасына өзінің қандай қатысы болуына қарай белгіленеді, бұл — салыстырмалы, относителді жалақы.

Нақты жалақы еңбектің басқа товарлар бағасымен салыстырғандағы бағасын көрсетеді, ал относителді жалақы еңбек жасаған жаңа құннан тікелей еңбектің алатын үлесінің ол құннан қорланған еңбекке, капиталға тиетін үлесіне қатысын көрсетеді.

Жоғарыда, 14 бетте* біз: «Жалақы дегеніміз жұмысшының өзі өндірген товарынан алатын үлесі емес. Жалақы дегеніміз — бұрыннан бар товардың бір бөлегі, капиталист бұған белгілі мөлшерде өндіргіш жұмыс күшін сатып алады», дегенбіз. Бірақ ка-

* Осы томның 155-бетін қараңыз. *Ред.*

питалист жұмысшы жасаған өнімді сатқанда түскен қаржыдан бұл жалақының орнын қайта толтыруға тиіс; ол жалақының орнын толтырғанда, әдетте, өзінің жұмсаған өндіріс шығынынан артық, пайда қалағындай етуге тиіс. Жұмысшы өндірген товардың сатылатын бағасы капиталист үшін үшке бөлінеді: *біріншіден*, капиталистің алдын ала жұмсаған шикізатының бағасы, сонымен қатар оның алдын ала төлеп алған құралдарының, машиналарының және басқа да еңбек құрал-жабдығының тозған тозығының шығыны да өтеледі; *екіншіден*, капиталистің алдын ала төлеген жалақысы өтеледі; және *үшіншіден*, бұлардан артылып капиталистке пайда да қалады. Бірінші бөлім *бұрыннан бар құндардың* орнын толтырып отырғанда жалақының орнын толтыратын бөлімнің де және бұлардан артқан, капиталистің пайдасы болып табылатын бөлімнің де *жұмысшының еңбегімен жасалып*, шикізат құнына қосылған жаңа құннан түгелдей алынатыны айқын. *Дәл осы мағынада* біз оларды бір бірімен салыстыру үшін жалақыны да, пайданы да жұмысшы өндірген өнімдегі үлестер деп қарай аламыз.

Нақты жалақының өзгермеуі де мүмкін, оның тиісті артуы да мүмкін, солай бола тұрса да относителді жалақының кемуі мүмкін. Мәселен, барлық тіршілік заттарының бағасы $2/3$ кеміді делік, ал күндік жалақы $1/3$ ғана кеміді, мәселен, 3 марка 2 маркаға түсті делік. Енді жұмысшы 2 маркаға бұрынғы 3 марка алатын товарынан көп товар ала алатын болса да, дегенмен, оның жалақысы капиталистің алатын пайдасына қарағанда кеміп отыр. Капиталистің (мәселен, фабриканттың) пайдасы бір марка артты делік, басқаша айтқанда, капиталистің жұмысшыға төлейтін бұрынғыдан аз айырбас құндары есесіне жұмысшы енді бұрынғысынан көп айырбас құндарын өндіруге тиісті болды. Еңбектің үлесімен салыстырғанда капиталдың үлесі артты. Қоғамдық байлықтың капитал мен еңбекке бөлінуінің тең болмауы онан сайын күшейді. Капиталист дәл сол капитал арқылы бұрынғысынан да көп еңбекке үстемдік етеді. Капиталистер табының жұмысшы табына өктемдік етуі күшейді, жұмысшының қоғамдық жағдайы нашарлады, капиталистің жағдайымен салыстырғанда жұмысшылардың жағдайы тағы да бір саты төмендеді.

Жалақы мен пайданың өзара қатынасы жағынан алып қарағанда, олардың артуы мен кемуін белгілейтін жалпы заң қандай?

Жалақы мен пайда бір-бірімен кері қатынаста. Еңбектің үлесі, күндік ақы, қандай дәрежеде төмендесе, капиталдың үлесі, пайда сондай дәрежеде артады және керісінше болады. Жалақы қаншама кемісе, пайда соншама артады; жалақы қаншама өссе, пайда соншама кеміді.

Бұған: капиталист өзінің өнімдерін басқа капиталистерге тиімді түрде айырбастау арқасында ұтып шығуы мүмкін, жана рыноктардың ашылуы нәтижесінде немесе бұрынғы рыноктарда

қажеттіліктің кенеттен артуы нәтижесінде, тағы басқа себептерден оның товарына деген сұранымның күшеюі арқасында оның ұтып шығуы мүмкін: олай болса, жалақының көбеюі мен кемуіне, жұмыс күшінің айырбас құнының көбеюі мен кемуіне қарамастан, бір капиталистің пайдасы өзге капиталистердің есебінен көбеюі мүмкін деп, немесе, капиталистің пайдасы еңбек құралдарының жақсаруы, табиғат күшін қолданудың жаңа әдісінің табылуы, т. б. арқасында көбеюі мүмкін, деп қарсы шығушылар болар.

Бәрінен бұрын нәтижеге кері жолмен қол жетсе де, бәз-баяғы бір нәтиже шығатынын мойындауымыз керек. Рас, пайда жалақы кемігендіктен көбейіп отырған жоқ, бірақ жалақы пайда көбейгендіктен кеміп отыр. Капиталист бұрынғы мөлшердегі басқаның еңбегіне бұрынғыдан көп айырбас құндарын сатып алады, сатып алғанда, ол еңбекке ақыны бұрынғысынан көп төлеген жоқ; бұл еңбектің капиталистке келтіретін таза табысына қарағанда еңбектің ақысы арзан төленеді деген сөз.

Мұның үстіне, товар бағасының ауытқуына қарамастан, әрбір товардың орта бағасы, оның басқа товарларға айырбасталатын пропорциясы *сол товардың өндіріс шығындарымен* белгіленетінін еске түсірейік. Сондықтан, капиталистердің бірінің ұтып, екіншісінің ұтылуы тұтас алғанда бүкіл капиталистер табының шегінде теңгеріліп отырады. Машиналардың жетілдірілуі, табиғат күштерін өндіріс жұмысына қолданудың жаңа әдістерінің табылуы белгілі бір жұмыс уақыты ішінде сол бұрынғы мөлшердегі еңбекпен және капиталмен бұрынғыдан көп өнім жасауға мүмкіндік туғызады, бірақ айырбас құндарын бұрынғысынан көбейтуге ешбір мүмкіндік туғыза алмайды. Егер мен жіп иретін машинаны қолдану арқасында бір сағаттың ішінде бұл машинаны ойлап шығарғанға дейінгіден екі есе көп жіп иретін болсам, мәселен, елу қадақтың орнына жүз қадақ жіп иретін болсам, онда менің сол жүз қадақ жіпке алатын товарларым белгілі бір уақыт ішінде орта есеппен бұрын елу қадақ жіпке алатын товарларымнан көп болмайды, өйткені өндіріс шығындарының тең жарымы кеміді немесе бұрынғы мөлшердегі өндіріс шығындарымен екі есе көп өнім жасап шығара алатын болдым.

Ақырында, капиталистер табы, буржуазия,— бір елдің немесе бүкіл дүние жүзілік рыноктың,— өндірістің таза табысын өзара қандай пропорцияда бөліссе де, бұл таза табыстың жалпы сомасы қайткенде де тікелей еңбектің тұтас алғанда қорланған еңбекті арттыратын сомасы ғана болып табылады. Олай болса, еңбек капиталды қандай пропорцияда көбейтсе, бұл жалпы сома сондай пропорцияда артады, яғни жалақыға қарағанда пайда қаншама көбейсе, ол сондай пропорцияда артады.

Сөйтіп, біз егер капитал мен жалдама еңбек арасындағы қатынастардың шеңберінен алып қарасақ та, *капиталдың мүдделе-*

рі мен жалдама еңбектің мүдделері бір-біріне тікелей қарама-қарсы болып отыратынын көреміз.

Капиталдың тез көбеюі пайданың тез көбеюімен бірдей. Ал еңбек бағасы, относительді жалақы соншалық тез кемісе ғана пайда сол дәрежеде тез көбейе алады. Егер нақты жалақы пайданың артқан дәрежесінде көбеймесе, онда номиналды жалақымен бірге, еңбектің ақшалай құнымен бірге нақты жалақы да көбейгеннің өзінде де относительді жалақының кеміп кетуі мүмкін. Егер, мәселен, істің беталысы жақсы болып тұрған кездерде жалақы 5%, ал пайда 30% артса, онда салыстырмалы, относительді жалақы *көбеймейді, қайта кемиді.*

Сөйтіп, егер капиталдың тез артуымен бірге жұмысшының табысы да көбейсе, онда мұнымен қатар жұмысшыны капиталистен бөліп тұратын қоғамдық алшақтық та артады, ал мұнымен бірге капиталдың еңбекке өктемдігі де, еңбектің капиталға тәуелділігі де артады.

Жұмысшы капиталдың тез өсуіне мүдделі деген сөзден іс жүзінде: жұмысшы басқаның байлығын неғұрлым тез көбейтсе, жұмысшыға соғұрлым майлы үлес тиеді, жұмыс алатын, тіршілікке қатынастырылатын жұмысшы соғұрлым көбірек болады, капиталға тәуелді құлдардың саны соғұрлым көбейеді деген мағына шығады.

Сөйтіп, біз мынаны көріп отырмыз:

Тіпті жұмысшы табы үшін ең қолайлы жағдай туып, капитал неғұрлым тез өсіп, мұның арқасында жұмысшының материалдық тұрмыс күйі қаншама жақсарса да мұнан жұмысшының мүдделері мен буржуаның мүдделері, капиталистердің мүдделері арасындағы қарама-қарсылық жойылмайды. Пайда мен жалақы бұрынғысынша бір-біріне кері қатынаста қала береді.

Егер капитал тез өссе, жалақының көбеюі мүмкін; бірақ оған қарағанда капиталистің пайдасы анағұрлым тез көбейеді. Жұмысшының материалдық тұрмыс жағдайы жақсарды, бірақ жақсарғанда оның қоғамдық жағдайының есебінен жақсарды. Жұмысшыны капиталистен бөліп тұратын қоғамдық алшақтық кеңейді.

Ақырында:

Өндіргіш капиталдың неғұрлым тез өсуі жалдама еңбекке керекті ең қолайлы жағдай болып табылады деген пікірден іс жүзінде тек мынадай мағына шығады: жұмысшы табы өзіне жау күшті, өзіне үстемдік ететін жат байлықты неғұрлым тез көбейтіп, тез арттырса, жұмысшы табының жаңадан жұмыс істеп буржуазияның байлығын арттыра беруіне, капиталдың өктемдігін арттыра беруіне мүмкіндік беретін соғұрлым қолайлы жағдайлар туады, ал бұдан жұмысшының бар табатыны: өзінің мойнына салынатын алтын шынжырды жұмысшы өзі соғып шығарады, буржуазия оны осы шынжырмен жетелеп, соңына ертеді.

Бірақ *өндіргіш капиталдың өсуі*, буржуазиялық экономистердің айтқанындай, шынында *жалақының көбеюімен* тығыз байланысты ма? Біз олардың сөзіне сенбеуіміз керек. Біз олардың: капитал неғұрлым семіз болса, оның құлы да соғұрлым тоқ болады дегендеріне де сенуге тиіс емеспіз. Буржуазия тым білімді, тым есебіне түгел, сондықтан ол нөкерлерінің сән-салтанатты болғанына мақтанатын феодалдың ескі ғұрыптарын қостаймайды. Буржуазияның өмір сүру жағдайлары оны есебіне түгел болуға ұмтылдырады.

Сондықтан біз мәселені неғұрлым қадағалап зерттеуге тиіспіз:

Өндіргіш капиталдың өсуі жалақыға қалай әсер етеді?

Егер буржуазиялық қоғамның өндіргіш капиталы жалпы және тұтас алғанда өсетін болса, онда еңбек неғұрлым сан қилы болып қорланады. Капиталистердің саны және олардың капиталының мөлшері артады, капиталдардың *көбеюі капиталистер арасындағы бәсекені* күшейтеді. Капиталдардың *мөлшерінің артуы күрестің неғұрлым зор құралдарымен қаруланған жұмысшылардың неғұрлым күшті армияларын өнеркәсіптегі күрес майданына шығаруға* мүмкіндік туғызады.

Капиталист өзінің товарын арзанға сатқанда ғана екінші капиталисті майданнан қуып шығып, оның капиталына ие бола алады. Товарды арзанға сатуға, сатқанда күйзеліске ұшырамайтындай болып, арзанға сатуға мүмкіндік алу үшін капиталист өндіретін товарын арзанға түсіруге тиіс, яғни еңбектің өндіргіш күшін мейлінше арттыра түсуге тиіс. Ал еңбектің өндіргіш күші ең алдымен *еңбек бөлінісін* күшейту арқылы, машиналарды неғұрлым жан-жақты қолдану және үнемі жақсарту беру арқылы арттырылады. Арасында еңбек бөлінісі бар жұмысшылар армиясы неғұрлым көп болса, машиналар неғұрлым зор көлемде қолданылып отырса, өндіріс шығындары соғұрлым біршама тез кемиді, еңбек соғұрлым өнімді бола береді. Сондықтан капиталистер арасында барлық жағынан күшті бәсеке туады — олар еңбек бөлінісін, машиналар санын ұлғайтуға және оларды мүмкіндігінше неғұрлым кең көлемде пайдалануға ұмтылады.

Бірақ бір капиталист еңбек бөлінісін ұлғайту, жаңа машиналарды қолдану, оларды жақсарту арқасында, табиғат күштерін неғұрлым тиімді етіп, неғұрлым кең пайдалану арқасында, бұрынғы мөлшердегі еңбекпен немесе қорланған еңбекпен өнімдерді, товарларды өзінің бәсекелестерінен көп өндіруге мүмкіндік алса, мәселен, өзінің бәсекелестері жарты кез кенеп тоқып шығаратын жұмыс уақытының ішінде ол тұтас бір кез кенеп тоқып шығара алатын болса, онда бұл капиталист не істер еді?

Ол жарты кез кенепті бұрынғы рынок бағасымен-ақ сата алар еді; бірақ онда бұл капиталист өзінің қарсыластарын майданнан ығыстырып шығара алмас еді және өзінің товарын бұ-

рынғысынан көп өткізе алмас еді. Ал оның бер жағында оның өндірісі қандай дәрежеде кеңейсе, оның өз товарын өткізуге дилгерлігі де сол дәрежеде өседі. Рас, оның неғұрлым күшті және неғұрлым қымбат өндіріс құрал-жабдықтарын қолдануы оның товарды арзанға сатуына мүмкіндік береді, бірақ сонымен қатар бұл оны *товарын көп сатуға*, өзінің товарларын сату үшін өзіне анағұрлым үлкен рынок қаратып алуға *ұмтылдырады*; сондықтан біздің капиталист жарты кез кенепті өзінің бәсекелесінен арзанға сатады.

Бірақ капиталистке бір кез кенепті тоқу басқалардың жарты кез кенебінен қымбатқа түспесе де, бәсекелестері жарты кез кенебін қандай бағамен сатса, ол бір кез кенепті сондай бағамен сатпайды. Бұлай етпесе ол ешқандай қосымша пайда таппас еді, ол айырбас арқылы тек болғаны товарының өндіріс шығындарын өтеген болар еді. Ал егер оның табысы сонда да көбейген болса, оның капиталының құны басқа капиталдікіне қарағанда көп артқандықтан емес, оның көп капитал жұмсағандығынан ғана көбейер еді. Мұның үстіне, егер ол өзінің товарына бәсекелестерінікінен бірнеше проценті ғана төмен баға тағайындағанда, ол көздеген мақсатына жетеді. *Бағаны арзандатумен* ол өзінің бәсекелестерін рыноктан ығыстырып шығарады немесе, ең болмағанда, олардың сататын товарларының бірсыпырасын сатқыздырмай, өз товарын сататын болады. Ақыр аяғында, белгілі бір товардың өнеркәсіпке қолайлы немесе қолайсыз маусымда сатылуына қарай, сол кездегі баға әрдайым *өндіріс шығындарынан не жоғары не төмен болып отыратынын* ескертіп өтелік. Неғұрлым өнімді жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын қолданған капиталистің өз товарын сатқанда өзінің іс жүзінде жұмсаған өндіріс шығындарынан тыс алатын проценті, бір аршын кенептің рынок бағасының оған дейін жұмсалып келген *өндіріс шығындарынан жоғары не төмен* болуына қарай өзгеріп отырады.

Алайда біздің капиталистің *артықшылығы* көпке бармайды: онымен бәсекелесуші басқа капиталистер де сондай машиналарды, сондай еңбек бөлінісін қолданады, қолданғанда нақ сондай көлемде немесе онан да артық көлемде қолданады, ал бұл енгізілген жаңалықтар кенептің бағасы *өндіріс шығындарының бұрынғы дәрежесінен ғана емес, әлгі шығындардың жаңа дәрежесінен де төмен* түскенге дейін өріс алады.

Сөйтіп, бір-бірі жөнінде капиталистер жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын енгізгенге *дейін* қандай күйде болып келсе, енді бұдан былайғы жерде де сондай күйде болады, ал егер осы жаңа өндіріс құрал-жабдықтарының арқасында олар сол бұрынғы бағаға екі есе көп өнім алған болса, ал *енді* олар бұл екі есе көп өнімді бұрынғы бағасынан *арзанға* сатуға мәжбүр болады. Өндірістің осы жаңа шығындарының дәрежесінде баяғы әдет қайта басталады. Еңбек бөлінісі тағы да күшейтіледі, машиналар са-

ны тағы да көбейтіледі, бұл еңбек бөлінісін және бұл машиналарды пайдалану көлемін кеңейтеді. Ал бәсеке бұл нәтижеге тағы да қарсы әрекет туғызады.

Біз өндіріс әдісінің, өндіріс құрал-жабдықтарының қалай үнемі өзгеріп, революцияшылданып отыратынын, *еңбек бөлінісінің еңбек бөлінісін қалай сөзсіз күшейтетінін, машиналар қолданылуының — машиналарды онан сайын кең көлемде қолдануды, өндірістің зор көлемде жүргізілуі — өндірісті онан сайын кең көлемде жүргізуді туғызатынын көріп отырмыз.*

Бұл — буржуазиялық өндірісті қайта-қайта бұрынғы арнасынан шығарып отыратын заң, еңбектің өндіргіш күштерін капитал бұрын да барынша пайдаланып *келгендіктен*, бұл күштерді онан сайын мықтап пайдалануға капиталды мәжбүр етіп отыратын заң, капиталға бір минут та тыным бермей, оған үнемі: Алға! Алға! деп сыбырлап отыратын заң.

Бұл сауданың мезгіл-мезгіл ауытқу шеңберінде товардың бағасын оның *өндіріс шығыны бойынша* теңгермей қоймайтын заң.

Капиталист қуатты өндіріс құрал-жабдықтарының қандайын қолданса да, бәсеке оларды жаппай қолданылатын етеді, ал олар жаппай қолданылатын болған кезден бастап оның капиталының мол өнімділігінен тек бір ғана нәтиже туады; капиталист *бұрынғы бағаға* бұрынғы алғанынан енді 10, 20, 100 есе көп өнім алуға тиіс болады. Бірақ енді сатылатын өнімнің мөлшерін көбейту арқылы товардың төмендеген сату бағасының орнын толтыру үшін енді капиталиске өнімді, бәлкім, 1000 есе артық өткізуге тура келетіндіктен көп пайда алу үшін ғана емес, сонымен қатар өндіріс шығынының орнын жабу үшін де, — өзіміз көргендей, өндіріс құралдарының өзі де барған сайын қымбаттап барады ғой, — капиталиске енді товарды көптеп сату қажет болатындықтан; товарды бұлай көптеп сатушылық қазір сол капиталистің ғана емес, сонымен қатар оның бәсекелестерінің де өмір сүру мәселесіне айналғандықтан, *бұрынғы ойлап шығарылған өндіріс құрал-жабдықтары неғұрлым өнімді болған сайын бұрынғы күрес соғұрлым қатты күшейе түседі. Демек, еңбек бөлінісі мен машинаның қолданылуы өлшеусіз зор көлемде дами бермек.*

Қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтарының күші қандай болса да, бәсеке товардың бағасын өндіріс шығындарының дәрежесіне дейін түсіріп, капиталдан ол күштің алтын жемістерін тартып алуға ұмтылады; демек, товарды арзан өндіруге, яғни бұрынғы мөлшердегі еңбекпен бұрынғыдан көп өнім өндіруге қандай дәрежеде мүмкіндік болса, бәсеке өндірістің арзандатылуын, бұрынғы баға сомасына өнімнің бірден-бірге көп өндірілуін сондай дәрежеде бұзылмайтын заңға айналдырады. Сөйтіп, капиталист өзінің күш салып тырысуынан бұрынғы жұмыс уақытының ішінде бұрынғыдан көп товар өндіруге, қысқасы, міндетті болудан басқа, *өзінің капиталының құны өсетін жағдайларды*

нашарлатуға міндетті болудан басқа еш нәрсе ұтпаған болар еді. Сондықтан бәсеке өзінің өндіріс шығындары заңы арқылы капиталисті үнемі қудалап отырғанда, оның өз бәсекелестеріне қарсы соққан қаруларының қандайы болса да оның өзіне қарсы жұмсалып отырғанда капиталист үнемі бәсекеден амалын асырып кетуге тырысады, мұның үшін бұрынғы ескі машиналар мен бұрынғы еңбек бөлінісі орнына үнемі жаңа, рас, неғұрлым қымбатқа түсетін, бірақ өндірісті арзандататын машиналарды және жаңа еңбек бөлінісін қолданады, бәсекенің нәтижесінде бұл жаңалықтар ескіріп қалғанша осылай ете береді.

Енді бұл жанталасушылық бір мезгілде бүкіл дүние жүзілік рынокқа жайылды делік, сонда біз капиталдың өсуі, қорлануы және шоғырлануы қалай етіп үздіксіз еңбек бөлінісіне,— өзінен өзі асып түсе беретін, бірден-бірге кең көлемде қолданылатын еңбек бөлінісіне,— жаңа машиналарды қолданып, ескілерін жетілдіруге апарып соғатынын түсінеміз.

Өндіргіш капиталдың өсуіне байланысты болатын бұл жағдайлар жалақының белгіленуіне қалай әсер етеді?

Еңбек бөлінісінің күшеюі бір жұмысшыға 5, 10, 20 адамның жұмысын атқаруға мүмкіншілік береді; демек, бұл жағдай жұмысшылардың арасындағы бәсекені 5, 10, 20 есе күшейтеді. Жұмысшылардың арасындағы бәсеке бір жұмысшының өзін екінші жұмысшыдан арзанға сатуында ғана емес, сонымен қатар бір жұмысшының, 5, 10, 20 адамның жұмысын атқаруында да жатыр; ал капиталдың енгізіп, үнемі кең қолданып отырған еңбек бөлінісі жұмысшыларды лажсыз осындай бәсекеге түсіреді.

Сонын. Еңбек бөлінісі қаншама ұлғайса, еңбек соншама қарапайымданады. Жұмысшының ерекше шеберлігінің ешқандай құндылығы қалмайды. Жұмысшы жай ғана, біркелкі өндіргіш күшке айналады, онда ерекше бір дене қабілетінің не ақыл-ой қабілетінің, тәжірибесінің болуы қажет болмай қалады. Оның еңбегі жұрттың бәрінің де қолынан келетін еңбекке айналады. Сондықтан бәсекелестер жұмысшыны тұс-тұсынан қысады; мұның үстіне, қандай да болса бір жұмыс қаншама қарапайым болса, оны үйрену қаншама оңай болса, оны үйрену үшін өндіріс шығыны қаншама аз керек болса, жалақының соншама азаятынын, өйткені әрбір товардың бағасы сияқты, жалақының да өндіріс шығындарына қарай белгіленетінін ескертіп өтелік.

Сөйтіп, еңбек қандай дәрежеде адамды қанағаттандырудан қалса, қандай дәрежеде бірден-бірге жек көрінішті бола берсе, бәсеке сондай дәрежеде күшейе береді, ал жалақы сондай дәрежеде кеми береді. Жұмысшы өзінің жалақысының жалпы сомасын көп еңбек ету арқылы сақтап қалуға тырысады: артық сағаттар жұмыс істейді немесе бір сағаттың ішінде көп өнім өндіреді. Мұқтаждық қысқандықтан жұмысшы осылай етіп, еңбек

бөлінісінің апатты зардаптарын бұрынғыдан да күшейте береді. Осының салдарынан мынадай болады: *жұмысшы неғұрлым көп істеген сайын, ол соғұрлым аз ақы алады*; ал мұның себебі түсінікті: ол неғұрлым көп істесе, өзінің жұмыстас жолдастарына соғұрлым күшті бәсеке туғызады, сондықтан өзінің жолдастарын өзіне қарсы бәсекелестерге — өздерін сол жұмысшының өзіндей нашар шартпен жалдануға ұрынатын бәсекелестерге айналдырады; демек, міне, осы түсінікті себепке байланысты ол, сайып келгенде, *өзіне қарсы, жұмысшы табының бір мүшесі болып отырған өзіне қарсы бәсеке* туғызады.

Машиналар да осындай әрекет етіп жатады, бірақ әлдеқайда кең көлемде әрекет етеді, өйткені машиналар шебер жұмысшылардың орнына шеберлігі шамалы жұмысшыларды, еркектердің орнына әйелдерді, ересектердің орнына балаларды жұмысқа қояды, өйткені машиналар іске алғаш рет қосылған жерде қол еңбегінің жұмысшыларын топ-тобымен жұмыссыз қалдырады, ал машиналар жетілдіріліп, жақсартылып, неғұрлым өнімді машиналармен алмастырылған жерде олар жұмысшылардың жеке топтарын ығыстырып шығарады. Жоғарыда біз капиталистердің арасындағы өнеркәсіп соғысын қысқаша баяндап өттік; *бұл соғыстың өзгешелігі сол — мұнда ұрыста көбінесе жұмысшылар армиясын көбейту жолымен жеңбей, оны азайту жолымен жеңеді. Қолбасшылар, капиталистер, өнеркәсіп солдаттарын жұмыстан кім көп шығарады, деп өзара бәсекелеседі.*

Рас, экономистер бізге: машиналарды қолдану себепті артылып қалған жұмысшылар өнеркәсіптің жаңа салаларына орналасады, дегенді айтады.

Еңбектің жаңа салаларына сол жұмыстан шығып қалған жұмысшылар орналасады, деп тура айтуға экономистердің батылы бармайды. Өйткені мұның өтірік екенін фактілер өте мәте айқын көрсетіп отыр. Сайып келгенде, олар тек: *жұмысшы табының басқа құрамды бөлімдерінің*, мысалы, жас жұмысшылар ұрпағының өнеркәсіптің жойылған бір саласына жұмысқа кіруге дайын тұрған бөлегінің, жұмысқа орналасуына жаңа мүмкіншіліктер туады, дегенді айтады. Бұл, әрине, құралақан қалған жұмысшыларға үлкен жұбаныш. Капиталист мырзалардың пайдалануға жарайтын жас ет пен қанға мұқтаждығы болмайды, — сондықтан олар өлгендерді өлі адамдардың жерлеуіне бере салады. Мұны буржуа жұмысшылардан гөрі өздеріне зор жұбаныш деп біледі. Егер машиналар бүкіл жалдама жұмысшылар табын құртып жіберсе, онда капиталға қандай қаралы күн туған болар еді, өйткені ол жалдама еңбек болмаса, капитал болудан қалады ғой!

Алайда, тікелей машиналар ығыстырып шығарған жұмысшылар да, өнеркәсіптің осы саласынан табыс табамын деген жас жұмысшылардың бір бөлегі де *өзіне жаңа жұмыс табады* делік.

Сонда жаңа жұмыстың ақысы бұрынғы, қолдан кеткен жұмыстың ақысындай жоғары болады дегенге нануға бола ма? Бұл *экономикалық заңдардың барлығына қайшы келген болар еді*. Біз осы күнгі өнеркәсіптің неғұрлым күрделі, жоғары дәрежелі жұмыс орнына үнемі қарапайым, төмен дәрежелі жұмыс туғызып отыратынын көрдік.

Бұлай болғанда өнеркәсіптің бір саласынан машиналар ығыстырып шығарған толып жатқан жұмысшылар *мардымсыз, аз ақы* алып істемейінше, өнеркәсіптің басқа саласына қалай орналаса алады?

Машиналардың өзін жасайтын жұмысшылар ерекше мысал ретінде көрсетіліп келді. Өнеркәсіпке машиналар көп керек болып, көп қолданылатындықтан, олардың саны сөзсіз көбеюге тиіс, олай болса, машина жасау өндірісі де ұлғая түсуге тиіс, ал мұнымен бірге бұл өндірісте істейтін жұмысшылардың саны да көбеюге тиіс; ал өнеркәсіптің бұл саласында істейтін жұмысшылар маман, оның үстіне білімді жұмысшылар ғой деп келді.

Бұрын да жарым-жартылай ғана дұрыс болған бұл пікір 1840 жылдан кейін ешбір шындыққа үйлеспейтін болып қалды, өйткені мақта мата жібін иіргенде машина қандай қолданылса, машиналар жасау үшін де машиналар барған сайын сондай көп жан-жақты қолданылатын болды, сондықтан машина жасау жұмысындағы жұмысшылар әбден жетілген машиналарға қарағанда тек қарапайым машиналардың ролін ғана атқара алатын болады.

Бірақ машина ығыстырып шығарған бір еркектің орнына фабриканың үш балаға және бір әйелге жұмыс беруі мүмкін ғой! Еркектің жалақысы үш баласы мен әйелін асырауына жетуге тиіс емес пе! Жалақы минимумы ұрпағын сақтауға, көбейтуге жеткілікті болуға тиіс емес пе? Олай болғанда, бұл дағдылы буржуазиялық құрғақ сөздер нені дәлелдейді? Тек мынаны ғана дәлелдейді: қазір *бір жұмысшы семьясының өмір сүруін қамтамасыз ету үшін бұрынғыға қарағанда төрт есе көп, жұмысшының өмірі сарп* болады.

Қорытайық: *өндіргіш капитал неғұрлым көбейген сайын, еңбек бөлінісі мен машинаның қолданылуы соғұрлым арта түседі. Еңбек бөлінісі мен машинаның қолданылуы неғұрлым артқан сайын, жұмысшылардың арасындағы бәсеке соғұрлым күшейе түседі, олардың жалақысы соғұрлым кемуі түседі.*

Мұның үстіне жұмысшы табы *қоғамның жоғарырақ тобынан да* толықтырылып отырады; жұмысшылармен бірге тезірек жұмыс сұрап, қол созудан басқа ешбір амалы калмаған көптеген ұсақ өнеркәсіпшілер мен ұсақ рантьелер төмендеп, пролетариаттың қатарына қосылып отырады. Сонымен, жұмыс сұрап

самсап көтерілген қолдар барған сайын көбейе береді, ал бұл қолдардың өздері барған сайын қуарып, ашаңдана береді.

Үнемі кеңейе беретін зор көлемде өндіру, яғни тіпті де ұсақ өнеркәсіпші болып қалмай, ірі өнеркәсіпші болуға ұмтылу ең алғашқы шарттарының бірі болып табылатын күреске ұсақ өнеркәсіпшінің төтеп бере алмайтыны өзінен өзі түсінікті.

Капитал қаншама артса, оның мөлшері мен саны қаншама көбейсе, капиталдан түсетін өсім процентінің соншама азаятынын, сондықтан ұсақ рантье өз рентасымен күн көру мүмкіндігінен айрылып, өнеркәсіпке ұмтылуға тиісті болатынын, яғни ұсақ өнеркәсіпшілер қатарын көбейтуге және мұнымен бірге пролетарлар қатарына қосылғалы тұрған адамдардың санын көбейтуге тиіс болатынын, — бұл жағдайды да енді түсіндіріп жатудың, әрине, қажеті жоқ.

Ақырында, жоғарыда баяндалған даму жолы капиталистерді қазіргі орасан зор өндіріс құрал-жабдықтарын бірден-бірге кең көлемде пайдалануға және осы мақсатпен кредиттің барлық тетіктерін пайдалануға ұмтылдырған сайын өнеркәсіптік жер сілкінісі жиілене береді, мұндай жер сілкіністері тұсында сауда әлемі тек байлықтың, өнімдердің және тіпті өндіргіш күштердің де бірсыпырасын жер құдайына құрбандық етудің арқасында ғана жан сақтап қалады, — қысқасы, *дағдарыстар* күшейе түседі. Дағдарыстардың жиіленуіне, барған сайын шиеленісуіне енді мынадай жағдай себеп болады: өнімдер көлемі көбейген сайын, демек, рыноктарды кеңейтуге талап күшейген сайын бүкіл дүние жүзілік рынок тарыла береді, пайдалануға керекті рыноктар азая береді, өйткені оған дейін өткен әрбір дағдарыс жаңа немесе сол кезге дейін шала пайдаланып келген рыноктарды бүкіл дүние жүзілік саудаға қосып, қамтып отырады. Бірақ капитал еңбек есебінен *өмір сүріп* қана қоймайды. Белгілі варвар-құл иесі сияқты капитал өзінің құлдарының — дағдарыстар кезінде қырылатын жұмысшылардың тау-тау өліктерін өзімен бірге көріне ала кетеді. Сонымен біз мынаны көріп отырмыз: *егер капитал тез өссе, жұмысшылардың арасындағы бәсеке онан да тез өседі, яғни капитал неғұрлым тез өссе жұмысшы табының жұмыс қоры, күн көру заттарының қоры относителді түрде соғұрлым көп кемиді; солай бола тұрса да капиталдың тез өсуі жалдама еңбек үшін неғұрлым қолайлы жағдай болып табылады*⁷⁰.

Мұны К. Маркс өзінің 1847 жылы декабрьдің екінші жартысында оқыған лекцияларының негізінде жазған

1849 жылғы 5—8 және 11 апрель „*Neue Rheinische Zeitung*“ -тің 264—267 және 269-номерлерінде жарияланған және Энгельстің алғы сөзімен

және оның редакциялауымен 1891 жылы Берлинде жеке кітапша болып шыққан

Кітапшаның тексті бойынша басылып

отыр

Орысшасы неміс тілінен аударылған

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ КОММУНИСТЕР ОДАҒЫНА ҮНДЕУІ⁷¹

МАРТ, 1850

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ — ОДАҚҚА³⁸

Бауырлар!

Революциялық осы екі жыл ішінде, 1848—1849, Коммунистер одағы екі қайтара сыннан өтті: біріншіден, оның мүшелері барлық жерде қозғалысқа жігерлі түрде қатынасты, олар баспасөзде де, баррикадаларда да, ұрыс майдандарында да бірден-бір революцияшыл батыл таптың, пролетариаттың алдыңғы қатарларында болды. Онан соң, Одақ мына мағынада да сыннан өтті: оның қозғалысқа көзқарастары, олардың конгрестердің және Орталық комитеттің 1847 жылғы жазған нұсқау хаттарында және «Коммунистік манифесте» баяндалғанындай, бірден-бір дұрыс болып шықты және бұл документтерде айтылған пікірлер толық ақталды, ал қазіргі қоғамдық жағдайды түсіну — бұрын Одақтың тек құпия түрде ғана насихаттаған жағдайы — қазір жұрттың бәрінің аузында болып және жұрт алдында алаңдарда уағыздалып жүр. Сонымен бірге Одақтың бұрынғы берік ұйымы едәуір нашарлады. Мүшелердің революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан үлкен бөлегі: құпия қоғамдардың уақыты өтті, бір ғана ашық жұмыстың өзі жетіп жатыр деп ойлады. Жеке округтар мен қауымдар Орталық комитетпен қатынастарын әлсірете бастады, сөйтіп бірте-бірте ол қатынастарды мүлде тоқтатып тастады. Сонымен, демократиялық партия, ұсақ буржуазия партиясы Германияда барған сайын ұйымдасып жатқан кезде жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір берік тірегінен айрылды, ұйымдасқан түрде мықтағанда жеке жерлерде жергілікті мақсаттар үшін сақталып қалды, сондықтан жалпы қозғалыста бүтіндей ұсақ буржуазиялық демократтардың үстемдік етуіне, басшылығына душар болды. Мұндай күйді жою керек: жұмысшылардың дербестігі қалпына келтірілуге тиіс. Орталық комитет бұл қажеттілікті түсінді, сондықтан 1848—1849 жылдардың қысында-ақ Одақты қайта құру үшін эмиссар Иосиф Молльді Германияға жіберді. Алайда, Молльдің миссиясы берік ықпал етпеді, оның бір себебі ол кезде герман жұмысшыларының әлі де болса жеткілікті тәжірибесі жоқ еді, оның үстіне екінші бір себебі, өткен жылғы

майдағы көтеріліс⁶⁵ бұл миссияны тоқтатып тастады. Молльдің өзі қолына қару алып, Баден-Пфальц армиясының қатарына кірді, сөйтіп 29 июньде * Мурга түбіндегі айкаста қаза тапты. Сөйтіп Одақ барлық конгрестерге, Орталық Комитетке қатынасып жүрген және бұрын да белгілі бір тапсырмалармен бірсыпыра жүріп, аса ойдағыдай жұмыс атқарған, өзінің ең қарт, аса белсенді және аса сенімді мүшелерінің бірі Молльден айрылды. Германия мен Францияның революциялық партиялары жеңілгеннен кейін 1849 жылғы июльде Орталық Комитеттің мүшелері түгелдей дерлік тағы да Лондонға жиналды, сөйтіп өз құрамын революциялық жаңа күштермен толықтыра отырып, еселенген жігермен Одақты қайта құруға кірісті.

Одақты қайта құрудың өзі тек эмиссар арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін, сондықтан Орталық комитет мынаны аса маңызды деп санайды: эмиссар нақ қазіргі кезде, жаңа революция болғалы тұрған кезде, демек, жұмысшы партиясы, егер ол 1848 жылғы сияқты, тағы да буржуазияның қанауында болғысы келмесе және оның соңында сүйретілгісі келмесе, мүмкіндігінше неғұрлым ұйымдасқан түрде, мүмкіндігінше неғұрлым бір ауызды, мүмкіндігінше неғұрлым дербес түрде бой көрсетуге тиісті болып отырған кезде жіберілсін.

Біз сіздерге, бауырлар, 1848 жылдың өзінде-ақ: неміс либералдық буржуалары жуырда өкімет басына келеді, келісімен өзінің жаңа ғана не болған өкіметін жұмысшыларға қарсы қояды деп айтқан болатынбыз. Мұның солай болып шыққанын сіздер көріп отырсыздар. Шынында да, нақ буржуа 1848 жылғы март қозғалысынан кейін дереу мемлекеттік өкіметті қолына алды және соның артынша-ақ осы өкіметті жұмысшыларды, күрес жөніндегі өз одақтастарын, өздерінің бұрынғы езілушілік жағдайына қайтып оралуға мәжбүр ету үшін пайдаланды. Буржуазия бұған мартта жеңіліп қалған феодалдық партиямен одақтаспайынша, тіпті ақыр-аяғында осы феодалдық абсолюттік партияға үстемдікті қайта бермейінше бұған қолы жетпеген болар еді, дегенмен буржуазия өзіне мына жағдайларды камтамасыз етті: бұл жағдайлар үкіметтің финанс жөнінде қиыншылықтары болғандықтан, ақырында, үстемдікті буржуазияның қолына берген болар еді және егер революциялық қозғалыстың қазірдің өзінде-ақ бейбіт даму делінетін жолға түсуі мүмкін болғандай ретте буржуазияның мүдделерін қорғаған болар еді. Өзінің үстемдігін камтамасыз ету үшін буржуазияға тіпті күштеу шаралары да қажет болмас еді, бұл күштеу шаралары буржуазияға қарсы халық өшпенділігін туғызар еді, өйткені бұл күштеу шараларының бәрін феодалдық контрреволюция жүзеге асырған болатын. Бірақ дамудың өзі бұл бейбіт жолмен

* 1885 ж. басылуында 19 июль деп қате жазылған. *Ред.*

болмайды. Мұның керісінше, осы дамуды тездететін революция таяу, ол революцияны француз пролетариатының дербес көтерілісі туғыза ма, немесе Қасиетті олақтың⁷² революциялық Вавилонға⁷³ басып кіруі туғыза ма, қалайда ол таяу.

Сонымен, неміс либералдық буржуаларының халық жөніндегі 1848 жылғы атқарған ролін, сонша опасыз бұл рольді, болғалы тұрған революцияда либералдық буржуалардың 1848 жылға дейін ұстаған позициясы қандай жағдайда болса, қазір оппозицияда сондай жағдайда болып отырған демократиялық ұсақ буржуалар өз мойнына алады. Жұмысшылар үшін бұрынғы либералдардан гөрі көбірек қауіпті бұл партия, демократиялық партия, үш түрлі элементтерден құралады:

I. Ірі буржуазияның феодализм мен абсолютизмді дереу және толық құлатуды өзінің мақсаты етіп алдына қоятын неғұрлым прогресшіл бөлектерінен құралады. Бұл фракция салықтарды төлеуден бас тартуды ұсынған бұрынғы берлиндік келісімпаздардан құралады.

II. Конституциялық-демократиялық ұсақ буржуалардан құралады, олардың бұдан бұрынғы қозғалыста көздеген басты мақсаты азды-көпті демократиялық федеративтік мемлекетті, өздерінің өкілдері, Франкфурт жиналысының солшылдары, ал кейін Штутгарт парламентінің және олардың өздерінің империялық конституция⁷⁴ жолындағы науқанда талап еткен мемлекет сияқты мемлекетті құру болды.

III. Швейцария республикасы сияқты герман федеративтік республикасы көздеген мұраты болып табылатын республикалық ұсақ буржуалардан құралады және олар өздерін қазір «қызылдармыз» және «әлеуметтік демократтармыз» деп атайды, өйткені олар ұсақ капиталды ірі капиталдың, ұсақ буржуаны ірі буржуаның езуін жоюдың ізгі ниетіне бөленген. Бұл фракцияның өкілдері демократиялық конгрестер мен комитеттердің мүшелері, демократиялық одақтардың басшылары, демократиялық газеттердің редакторлары болды.

Бұл фракциялардың бәрі қазір, өз жеңілістерінен кейін өздерін «республикашылдармыз», «қызылдармыз» деп атайды, мұның өзі Франциядағы республикашыл ұсақ буржуалардың қазір өздерін социалистерміз дегендерінен айнымайды. Вюртембергтегі, Бавариядағы, т. т. сияқты өз мақсаттарын конституциялық жолмен қорғауға өздеріне әлі де болса мүмкіндік тапқан жерлерде, олар өздерінің ескі бос сөздерін сақтау үшін және іс жүзінде өздерін ешбір де өзгермедік деп дәлелдеу үшін жағдайды пайдаланып жүр. Бұл партияның атының өзгеруі оның жұмысшыларға көзқарасын ешбір өзгертпейтіні, тегі, түсінікті нәрсе; ол өзгеріс: бұл партияның енді абсолютизммен біріккен буржуазияға қарсы шығуға және пролетариатқа сүйенуге мәжбүр екендігін ғана дәлелдейді.

Германияда ұсақ буржуазиялық-демократиялық партия өте күшті. Бұл партия қалалардың буржуазиялық халқының орасан көпшілігін, ұсақ сауда-өнеркәсіп адамдарын және қолөнер мастерлерін камтып қана қоймайды: оның соңына шаруалар және қалалардың дербес пролетариатынан әлі тірек таппаған ауыл шаруашылық пролетариаты ереді.

Революциялық жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы мынадай: жұмысшы партиясы өзі құлатуға тырысқан фракцияға қарсы ұсақ буржуазиялық демократиямен бірге болады; ал ұсақ буржуазиялық демократия өзінің жағдайын өз қарабасының мүдделеріне сай етіп нығайтқысы келгенде жұмысшы партиясы барлық реттерде оған қарсы шығады.

Бүкіл қоғамда революцияшыл пролетарлар мүдделеріне сай төңкеріс жасау пікірінен аулақ жатқан, демократиялық ұсақ буржуалар қоғамдық тәртіптердің өзгерісіне, өзгеріс болғанда қазіргі қоғамды өздері үшін мүмкін қадарынша неғұрлым тәуір және қолайлы ететін өзгеріске ұмтылады. Сондықтан олар ең алдымен бюрократияны тежеу және басты-басты салықтарды ірі жер иелері мен буржуаларға салу арқылы мемлекеттік шығындарды азайтуды талап етеді. Онан соң, олар ірі капиталдың ұсақ капиталға қысым жасауын жоюды, өсімқорлыққа қарсы мемлекеттік кредиттік мекемелер және заңдар жасауды талап етеді; осының арқасында оларға және шаруаларға қарызды капиталистерден емес, мемлекеттен алуға, оның үстіне жеңілдік шарттар мен алуға мүмкіндік туар еді; олар содан соң феодализмді толық жою арқылы деревняда меншіктің буржуазиялық қатынастарын орнатуды көздеп отыр. Осының бәрін іс жүзіне асыру үшін оларға мейлі конституциялық болсын, не республикалық болсын, демократиялық мемлекеттік құрылыс қажет; бұл оларға және олардың одақтастары — шаруаларға көпшілікті, сонымен қатар жергілікті демократиялық өзін өзі басқаруды берген болар еді; мұның өзі олардың қолына қауымдық меншікті және қазіргі кезде бюрократтар орындап отырған бірсыпыра функцияларды тікелей бақылауды берер еді.

Онан соң, олардың ойынша, ішінара мұрагерлік правоны тежеу арқылы, ал ішінара мүмкіндігінше көптеген жұмыстарды мемлекет қолына көшіру арқылы капиталдың үстемдік етуіне және жылдам өсуіне қарсы әрекет жасау қажет. Жұмысшыларға келсек, бұл жөнінде бәрінен бұрын күмәнсыз нәрсе: оларша жұмысшылар бұрынғыша жалдама жұмысшылар күйінде қалуға тиіс, бірақ мұнымен қатар демократиялық ұсақ буржуалар жұмысшылардың тәуір табысы болуын және неғұрлым жақсы тұруын көздейді; олар бұған ішінара мемлекет тарапынан жұмыстар беру, ішінара ізгілік шаралар арқылы жетуге дәмеленеді,— қысқасы, олар азды-көпті бұркемеленген қайыр-садақа-

лармен жұмысшыларды алдап сатып алып, олардың жағдайын уақытша жақсарту арқылы олардың революциялық күшін сындырмақ болады. Ұсақ буржуазиялық демократияның фракцияларының өте шамалысы ғана оның осында келтірілген барлық талаптарын қорғап отыр, ал ұсақ буржуазиялық демократтардың тек бір азғантайы ғана бұл талаптардың бәрін тұтасымен жүзеге асыруды өзінің міндеті деп санайды. Ұсақ буржуазиялық демократияның жеке адамдары немесе фракциялары неғұрлым әрі асқан сайын олар бұл талаптардың басым көпшілігін солғұрлым өздерінікі етеді, ал жоғарыда баяндалғандарды өзінің программасы деп білетін азғантайлар, затында, мұның өзі революциядан жалпы күтуге болатынның максимумы деп ойлаулары мүмкін. Бірақ бұл талаптар пролетариат партиясын ешбір қанағаттандыра алмайды. Демократиялық ұсақ буржуалар мүмкіндігінше революцияны жылдамырақ, ең жақсы дегенде жоғарыда көрсетілген талаптарды жүзеге асырумен аяқтағысы келіп отырғанда, біздің мүдделеріміз бен біздің міндеттеріміз мынада: азды-көпті дәулетті таптардың бәрі үстемдіктен тайдырылғанға дейін, пролетариат мемлекеттік өкімет билігін жөніп қолына алғанға дейін, пролетарлардың ассоциациясы бір елде ғана емес, сонымен бірге дүние жүзіндегі үстем елдердің бәрінде — ол елдердің пролетарлары арасында бәсеке жойылатындай болып, ең болмағанда шешуші өндірістік күштер пролетарлардың қолына топтастырылатындай болып етек алғанға дейін революцияны үздіксіз революция етуде болып отыр. Біз үшін мәселе жеке меншікті өзгерту туралы емес, оны жою туралы, таптық қайшылықтарды бүркеу туралы емес, таптарды жою туралы, қазіргі қоғамды жақсарту туралы емес, жаңа қоғам орнату туралы болып отыр. Ал ұсақ буржуазиялық демократия революцияның онан әрі дамуы бойында Германияда белгілі бір уақытқа басым ықпалға ие болады, — бұған ешбір күмән болмауға тиіс. Сондықтан, пролетариаттың, атап айтқанда Одақтың:

1. ұсақ буржуазиялық демократтар да езілушілік жағдайында болып отырған қазіргі қатынастар өмір сүріп отырғанда;

2. оларға басымдық беретін таяудағы революциялық күресте;

3. бұл күрес біткен кезде, құлатылған таптар жөнінде және пролетариат жөнінде олар басымдық алған уақытта ұсақ буржуазиялық демократия жөніндегі позициясы қандай болмақ, деген сұрақ туады.

1. Қазіргі кезеңде, демократиялық ұсақ буржуалар барлық жерде езіліп отырғанда, олар затында пролетариатқа бірігуді және ымыраласуды уағыздайды, олар оған қол созып, демократиялық партиядағы барлық сарындарды қамти алатын үлкен бір оппозициялық партия құруға тырысады, яғни олар жұмысшыларды жалпы әлеуметтік-демократиялық бос сөздер үстем

болатын, бұл сөздердің тасасында олардың ерекше мүдделері бүркеліп, соншалықты тілеп отырған бітімге бола пролетариаттың ерекше талаптары қойылмауға тиіс болатын партия ұйымына жұмысшыларды тартуға тырысады. Мұндай бірігудің өзі пролетариатқа сөзсіз залал келтірген болар еді және тек соларға ғана тиімді болар еді. Пролетариат өзінің дербес, соншалықты еңбектеніп ие болған позициясын мүлде жоғалтқан болар еді, сөйтіп тағы да буржуазиялық ресми демократияның шылауы болуы ролін атқаруға дейін құлдыраған болар еді. Демек, мұндай бірігуден барынша батыл түрде бас тарту керек. Буржуазиялық демократтар мақұлдап қол шапалақтайтын хордың роліне дейін тағы да құлдыраудың орнына жұмысшылар ең алдымен Одақ: ресми демократтармен қатар жұмысшы партиясының құпия және ашық дербес ұйымын құруға және өзінің әрбір қауымын пролетариаттың позициясы мен мүдделері буржуазиялық ықпалдардан тәуелсіз талқылана алатын жұмысшылар одақтарының орталығы мен ұйтқысына айналдыруға тиіс. Бұл жұмысшылар одақтарында пролетарлармен одақ болуға, одақ болғанда пролетарлар олардың өздерімен тепе-тең күш пен тең праволарға ие болатын одаққа буржуазиялық демократтардың қаншалықты мән бермей қарайтындығы Бреславль демократтарының мысалынан көрініп отыр: олар өздерінің органында, «*Neue Oder-Zeitung*»-те⁷⁵ дербес ұйымдасқан жұмысшыларды аласұрып қуғындайды; бұл жұмысшыларды олар социалистер деп атайды. Ортақ жауға қарсы күрес болған ретте ешқандай ерекше бірігудің керегі жоқ. Мұндай дұшпанға қарсы тікелей күрес жүргізу қажет болғандықтан екі партияның мүдделері уақытша үйлеседі, ал осы уақытқа дейінгі болған сияқты, келешекте де белгілі бір кезеңге арналған осындай одақ өзінен өзі туады. Бұдан бұрынғы қан төгіс жанжалдардың бәріндегі сияқты, алдағы қан төгіс жанжалдарда да ең алдымен жұмысшылардың өздерінің ерлігімен, батылдығымен және жанқиярлыққа әзірлігімен жеңіске ие болуына тура келетіндігі түсінікті. Бұрынғы сияқты, бұл күресте де ұсақ буржуалар бұқарасы мүмкіндігінше көбірек баяулыққа бой ұрады, батылдық жасамай, селкостыққа салынады; ондағы көздейтіні кейін, жеңіске ие болған кезде оны өзінің мүддесіне пайдалану, жұмысшыларды тынышталуға, өз еңбегіне қайтып оралуға шақыру, эксцестер дейтінді болдырмау, пролетариатты жеңістің жемістерінен махрұм қалдыру. Бұл жөнінде ұсақ буржуазиялық демократтарға бөгет жасау жұмысшылардың қолынан келмейді, бірақ ұсақ буржуазиялық демократтардың қарулы пролетариатқа қарағанда алға шығуын қиындату және оларға мынадай шарттарды, буржуазиялық демократтар үстемдігінің өзінде әуел бастан-ақ апат болудың ұрығы болатын және содан кейін оны пролетариат өкіметінің ығыстырып тастауы едәуір жеңілдейтін шарттарды ұсы-

ну жұмысшылардың қолынан келеді. Жанжалдар кезінде және күрес аяқталған бойда жұмысшылар ең алдымен буржуазияның тыныштық орнату әрекеттеріне мүмкін болғанынша қарсы болуға тиіс және демократтарды өздерінің қазіргі террорлық сөздерін орындауға мәжбүр етуге тиіс. Олар тікелей революциялық қызғын жеңістен кейін тағы да дереу басылып қалмайтындай бағытта әрекет жасауға тиіс. Мұның керісінше, олар революциялық қызғынды мүмкін болғанынша қолдауға тиіс. Олар эксцестер дегендерге қарсы, тек жексұрын еске түсірулермен ғана байланысты жексұрын адамдар немесе ресми мекемелер жөніндегі халықтың кек алу уақиғаларына қарсы шықпауға тиіс екендігі былай тұрсын, олар бұл бой көрсетулерге төзіп қана қоймай, сонымен бірге бұл бой көрсетулерге басшылық етуді өз қолына алуға тиіс. Күрес кезінде және күрестен кейін жұмысшылар әрбір жағдайда буржуазиялық демократтардың талаптарымен қатар өздерінің талаптарын да ұсынуға тиіс. Демократиялық буржуалар өкіметті өз қолдарына алуға әзірлене бастасымен жұмысшылар өздеріне кепілдік беруді талап етуге тиіс. Егер қажет болса, олар бұл кепілдіктерді күшпен алуға тиіс және жалпы алғанда жана билеп-төстеушілердің әртүрлі жеңілдіктер мен уәделер жасауға міндеттенуі жөнінде қам жеуге тиіс; мұның өзі — олардың беделін түсірудің ең сенімді құралы. Олар жеңістен мастанушылықты қандай да болса жеңісті көше ұрысынан кейін пайда болатын мақтан құмарлықты тегі қолдан келгенінше және мүмкін қадарынша болдырмауға тиіс; болдырмағанда бұларға оқиғаларды сабырлы, байсалды түрде түсінуді және жана үкіметке ашықтан ашық сенбеушілікті қарсы қоя отырып, болдырмауға тиіс. Жұмысшылар ресми жана үкіметтермен қатар жергілікті өзін өзі басқару органдары, муниципальдық советтер түрінде болсын, жұмысшы клубтары немесе жұмысшы комитеттері түрінде болсын өздерінің революциялық жұмысшы үкіметін дереу құруға тиіс, сөйтіп буржуазиялық-демократиялық үкіметтер жұмысшылар арасындағы тіректерінен дереу айырылып қана қоймай, сонымен бірге ең әуел бастан өзін бүкіл жұмысшылар бұқарасы жақтаған өкіметтердің бақылауында, өктемдігінің шеңгелінде екенін көретін болсын. Қысқасы, сенбеушілікті енді жеңістің алғашқы кезеңінен бастап-ақ жеңілген реакциялық партияға қарсы емес, қайта өзінің бұрынғы одақтастарына, жалпы жеңісті тек өзі үшін пайдаланғысы келетін партияға қарсы бағыттау қажет.

2. Ал жеңістің алғашқы сағатынан бастап-ақ жұмысшыларға сатқындық ете бастайтын бұл партияға жігерлі және қаһарлы түрде қарсы шығу үшін жұмысшылар қаруланып, ұйымдасуға тиіс. Бүкіл пролетариатты мылтықтармен, карабиндермен, зеңбіректермен және ок-дәрілермен дереу қаруландыру керек: жұмысшыларға қарсы бағытталған ескі азаматтық жасақтың

жаңғыртылуына қарсы тұру керек. Ал мұны орындау мүмкін болмай шыққан жерде жұмысшылар өздері сайлаған командирлері бар, өзінің бас штабы бар, пролетарлық дербес гвардия түрінде ұйымдасуға ұмтылуға тиіс, сөйтіп мемлекеттік өкіметтің қарамағына емес, жұмысшылар құрған революциялық қауымдық советтердің қарамағына еруге тиіс. Жұмысшылар мемлекеттік кәсіпорындарда істеген жерлерде олар калай болған күнде де қарулануға және өздері сайлаған командирлері бар жеке корпусқа ұйымдасуға немесе пролетарлық гвардияның бір бөлегі түрінде ұйымдасуға тиіс. Қарулар мен оқ-дәрілерді олар ешбір жағдайда тапсырмауға тиіс; қарусыздандыру әрекетінің қандайына болса да қажеті болған ретте қарулы соққы берілуі керек. Буржуазиялық демократтардың жұмысшыларға жасайтын ықпалын жою керек, жұмысшылардың дербес, қарулы ұйымын дереу құру керек және буржуазиялық демократияның уақытша сөзсіз үстемдік етуіне мүмкіндігінше неғұрлым ауыр, беделін түсірерліктей жағдай жасау керек — пролетариаттың, ал онымен бірге Одақтың болғалы тұрған көтеріліс кезінде және одан кейін де естерінде болуға тиісті басты талаптар осындай.

3. Жаңа үкіметтер тек белгілі бір дәрежеге дейін нығайып алса-ақ болғаны олардың жұмысшыларға қарсы күресі дереу басталады. Демократиялық ұсақ буржуаларға қарсы жігерлі түрде шығуға мүмкіндік болу үшін ең алдымен жұмысшылар дербес ұйымдастырылып, өздерінің клубтары арқылы орталықтануы қажет. Қазіргі үкіметтер құлатылғаннан кейін, тек мүмкіндік болысымен, Орталық комитет дереу Германияға аттанады, сөйтіп дереу конгресс шақырып, жұмысшылардың клубтарын қозғалыстың басты орталығында болып отырған органның басшылығымен орталықтандыру жөнінде қажетті ұсыныстарды конгрестің қарауына салады. Тым болмағанда жұмысшылар клубтарының облыстық бірлестіктерін жедел ұйымдастыру — жұмысшы партиясын күшейтудің және өркендетудің ең басты шараларының бірі болып табылады. Қазіргі үкіметтерді құлатудың ең таяудағы нәтижесі — ұлттық өкілдік жиналысын сайлау болады. Бұл арада пролетариатқа мыналарды ойластыруға тура келеді:

I. Жергілікті өкімет органдарының немесе үкіметтік комиссарлардың пәлендей бір айла-шарғы жасауынан қаншалықты болмасын жұмысшылар сайлаудан сырт қалып қоймасын.

II. Буржуазиялық-демократиялық кандидаттармен қатар барлық жерде жұмысшылар кандидаттары да, мүмкіндігінше Одақтың мүшелері ішінен, ұсынылатын болсын, ал олардың сайлануы үшін барлық мүмкін болған шаралардың бәрі пайдаланылатын болсын. Тіпті олардың сайланылуына ешбір үміт жоқ жерлердің өзінде де жұмысшылар өздерінің дербестігін

сақтап, өз күштерін есепке алу үшін, өздерінің революциялық позициясын және өзінің партиялық көзқарасын жұрттың бәріне ашық көрсету үшін өздерінің кандидаттарын ұсынуға тиіс. Мұнымен қатар жұмысшылар демократтардың бос сөздеріне, мысалы, мұның өзі демократиялық партияны бөлшектейді, реакцияның жөнуіне мүмкіндік береді дегеніне алданбауға тиіс. Бұл бос сөздердің бәрінің түп мақсаты — пролетариатты ақымақ ету. Пролетар партиясының осындай тәуелсіз бой көрсетулер арқылы қолы жетуге тиіс табыстар бірнеше реакциянердің өкілдік жиналысқа қатысуынан болатын залалдан анағұрлым маңызды. Егер демократия ең әуелден бастап реакцияға қарсы батыл және террорлық түрде кіріссе, реакцияның ықпалы сайлауда күні бұрын жойылады.

Буржуазиялық демократтар мен жұмысшылар арасында жанжалдар туғызатын бірінші мәселе — феодализмді жою мәселесі болады. Бірінші француз революциясындағы сияқты, ұсақ буржуалар феодалдық қоныстарды шаруаларға еркін меншік түрінде береді, яғни селолық пролетариатты сақтағысы, ұсақ буржуазиялық шаруа табын құрғысы келеді, ол тап француз шаруасының қазіргі ұшырап отырған қайыршылығы мен өсе беретін борыштарлығын қайталап бастап өткізіп отыруға тиісті.

Жұмысшылар селолық пролетариат мүдделері мен өздерінің мүдделерін көздеп, бұл жоспарға қарсы әрекет жасауға тиіс. Олар конфискеденген феодалдық меншіктің мемлекеттік игілікке айналуын және ірі егіншіліктің барлық артықшылығын пайдаланатын ассоциацияланған село пролетариаты ұқсататын жұмысшы колонияларға айналуын талап етуге тиіс. Сөйтіп меншіктің шайқалып отырған буржуазиялық қатынастары жағдайында жалпы меншіктің принцип дереу берік негізде болады. Демократтардың шаруалармен бірігіп отырғаны сияқты, жұмысшылар да селолық пролетариатпен⁷⁶ бірігуге тиіс. Одан соң, демократтар не федеративтік республика орнатуға тікелей ұмтылатын болады, не, егер бірыңғай, тұтас республикадан құтылуға реті келмесе, онда ең болмағанда орталық үкіметтің берекесін кетіруге, кетіргенде қауымдар* мен провинцияларға мүмкіндігінше үлкен дербестік пен тәуелсіздік беріп кетіруге тырысады. Бұл жоспарға қарама-қарсы жұмысшылар бірыңғай, тұтас герман республикасын жақтап қана қоймай, сонымен бірге бұл республикада күштерді ең батыл түрде мемлекеттік өкімет қолына орталықтандыруға ұмтылуы керек. Олар қауымдардың бостандығы туралы, өзін-өзі басқару, т. т. туралы демократиялық мылжыңға салынып, алжаспауға тиіс. Орта

* Қауым (Gemeinde) деген термин бұл арада қалалық муниципалитеттер жөнінде де, селолық қауым жөнінде де кең мағынада қолданылып отыр. *Ред.*

ғасырдың сонша көптеген қалдықтарын әлі де болса жоюға тура келіп отырған, жергілікті және провинциялық өзіндік мінез-құлықтарды сонша көп қирату қажет болып отырған Германия сияқты елде әрбір деревняның, әрбір қаланың, әрбір провинцияның тек орталықтандыру бар жағдайда ғана өзінің бүкіл күшін барынша өрістеті алатын революциялық істің жолына жаңа кедергілер жасауына ешқандай жағдайда да төзуге болмайды.— Немістер алға басқан нақ сол әрбір қадам үшін әрбір қалада, әрбір облыста ерекше күресуге тиіс болып отырған қазіргі жағдайдың қайталауына жол беруге болмайды. Ерікті жергілікті өзін өзі басқару дейтіннің жәрдемімен қауымдық меншіктің — әлі де қазіргі жеке меншіктен кейін тұрған және барлық жерде, тозғындап барып, жеке меншікке сөзсіз көшетін меншік формасының, мәңгілік болуына, ал сонымен бірге кедей қауымдар мен бай қауымдар арасында осы қауымдық меншіктен туатын дау-жанжалдардың, сондай-ақ жалпы мемлекеттік азаматтық правомен қатар өзінің жұмысшыларға қарсы арамдықтарымен қоса қазіргі қауымдық азаматтық правоның мәңгілік болуына тіпті де жол беруге болмайды. Францияда 1793 жылғы сияқты, қазір Германияда да қатал түрде орталықтандыруды жүзеге асырудың өзі нағыз революцияшыл партияның* міндеті болып табылады.

Біз таяудағы қозғалыста демократтардың үстемдік алатындығын, олардың азды-көпті социалистік шараларды бетке ұстап шығуға мәжбүр болатынын білдік. Жұмысшылар бұған қарама-қарсы қандай шаралар ұсынуға тиісті болар екен? деген сұрақ туады. Әрине, жұмысшылар қозғалыстың ең басында на-

* Бұл арасының жаңылыс айтылғандығын қазіргі уақытта байқау керек. Тарихты бонапартистік және либералдық түрде бұрмалаушылардың салдарынан ол кезде мыналар: басқарудың француздық орталықтандырылған машинасын ұлы революция енгізді, Конвент оны роялистік, федералистік реакцияны және сыртқы жауды жеңудің қажетті және батыл құралы ретінде пайдаланды дегендер анықталды деп саналған. Бірақ қазірдің өзінде жалпы жұртқа мәлім болған факт мынау: департаменттердің, округтердің және қауымдардың барлық басқармасы бүкіл революция бойына, 18 брюмерге дейін, басқарушылардың өздері сайлаған өкіметтерден құралды және жалпы мемлекеттік заңдар шеңберінде толық еркіндікті пайдаланды; бұл провинциялық және жергілікті өзін өзі басқару американдікі сияқты, революцияның нақ неғұрлым күшті тұтқасы болды, болғанда сондай дәрежеде болды, тіпті Наполеон 18 брюмердегі мемлекеттік төңкерістен кейін бұл өзін-өзі басқаруды префектердің қожалық етуімен алмастыруға асықты; бұл осы уақытқа дейін әлі сақталып отыр және бұл сөйтіп, ең әуелден бастап реакцияның нағыз қаруы болды. Бірақ жергілікті және провинциялық өзін өзі басқару саяси және ұлттық орталықтандыруға қаншалықты қайшы болмайтын болса, оның Швейцарияда біздің көз алдымызда сондай жексұрын түрде болып отырған және оңтүстік-герман федеративтік республикашылары Германияға 1849 жылы енгізбек болған, тежелген шағын кантоналдық немесе коммуналдық эгонизммен байланысты болуы да соншалықты міндетті түрде емес. (1885 жылғы басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

ғыз коммунистік шараларын ұсына алмайды. Бірақ олар былай дей алады:

1. Демократтарды мүмкіндігінше қазіргі қоғамдық құрылыстың неғұрлым көптеген салаларына килігуге, оның қалыпты барысын бұзуға, өз беделдерін өздері түсіруге, сондай-ақ мемлекет қолына мүмкіндігінше көбірек өндіргіш күштерді, транспорт құрал-жабдықтарын, фабрикаларды, темір жолдарды, т. т. шоғырландыруға мәжбүр ету.

2. Жұмысшылар демократтардың ұсыныстарын шегіне жеткізуге тиіс; демократтар, әрине, революцияшыл түрде емес, реформистік түрде ғана шығады; жұмысшылар бұл талаптарды жеке меншікке тура шабуыл жасауға айналдыруға тиіс. Мысалға айтқанда, ұсақ буржуалар темір жолдар мен фабрикаларды сатып алуды ұсынатын болса, жұмысшылар бұл темір жолдар мен фабрикаларды реакционерлердің меншігі ретінде, мемлекеттің ештене берместен жәй ғана конфискеленіп алынуын талап етуге тиіс. Егер демократтар пропорциялы салықты ұсынатын болса, жұмысшылар үдемелі салықты ұсынуға тиіс; егер демократтардың өздері баяу-үдемелі салықты ұсынатын болса, жұмысшылар ірі капитал апат болатындай нарқы жылдам өсетін салықты барынша жақтауға тиіс; егер демократтар мемлекеттік борыштарды реттеуді талап ететін болса, жұмысшылар мемлекеттік банкроттықты жариялауды талап етуге тиіс. Демек, жұмысшылардың талаптары барлық жерде демократтардың жеңілдіктері мен шараларына сәйкестенуге тиіс.

Егер неміс жұмысшылары, революциялық дамудың неғұрлым ұзақ жолынан толық өтпей тұрып, үстемдікке де жете алмайтын және өздерінің таптық мүдделерін жүзеге асыра алмайтын болса, онда бұл жолы оларда ең болмағанда мынадай сенім бар: жақындап келе жатқан бұл революциялық драма олардың Франциядағы өз табының тікелей жеңісіне ұштасып, сонымен барынша шапшаңдайтын болады.

Бірақ өздерінің түпкілікті жеңісі үшін жұмысшылардың өздері көбінесе мынаны істейді: өздерінің таптық мүдделерін анықтап алады, өзінің дербес партиялық позициясына мүмкіндігінше тезірек ие болады және демократиялық ұсақ буржуалардың өздерінің екіжүзділік бос сөздерімен пролетариат партиясының дербес ұйымының жолынан оларды адастыруына титтей де ұшырамайды. Олардың айбынды ұраны: «Үздіксіз революция» болуға тиіс.

Лондон, март 1850 ж.

1850 ж. листовка түрінде көбейтіліп
таратылған

Ф. Энгельс мына кітабына қосымша етіп
жариялаған: К. Marx „Enthüllungen
über den Kommunisten-Prozeß zu
Köln“, Hottingen-Zürich, 1855

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының
тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 7-том, 257-беттер

К. МАРКС

ФРАНЦИЯДАҒЫ 1848 ЖЫЛДАН 1850 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТАП КҮРЕСІ⁷⁷

1895 ЖЫЛҒЫ БАСЫЛУЫНА Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ ҚІРІСПЕ СӨЗІ⁷⁸

Қайта бастырылып отырған бұл еңбек Маркстің нақтылы экономикалық жағдайға сүйеніп, тарихтың белгілі бір кезеңін өзінің материалистік ұғымы негізінде түсіндіруге алғашқы талпынуы еді. «Коммунистік манифесте» бұл теория бүкіл жана тарихқа жалпы сорапта қолданылған болатын: «*Neue Rheinische Zeitung*»⁶²-тегі мақалаларда Маркс пен мен ылғи бұл теорияны күнделікті саяси оқиғаларды түсіндіруге пайдаланған едік. Ал бұл арада мәселе бүкіл Европа үшін қатер шегі әрі сонымен бірге тән болған тарихи дамудың көп жылдық дәуіріндегі ішкі себептілік байланысты ашуда, демек, саяси оқиғаларды автордың концепциясына сәйкес себептердің, сайып келгенде экономикалық себептердің әрекетіне тіреуде болып отыр.

Күнделікті тарихтың оқиғалары мен оқиғалар тізбегіне ой жүгірткенде экономикалық *түпкі* себептерге еш уақытта жете алмайсың. Тіпті қазіргі уақытта да, тиісті баспасөздің арнаулы органдары соншалықты көп материал беріп отырғанның өзінде өнеркәсіп пен сауданың дүние жүзілік рынокта дамуының барысын және өндіріс әдістерінде болып жатқан өзгерістерді қадағалап отыруға, сөйтіп алуандаған күрделі және ылғи өзгерудегі, оның үстіне ең маңыздылары көбінесе кенет күшпен сыртқа теуіп шығудан бұрын ұзақ уақыт жасырын қимыл жасайтын факторларға қалаған кезеңде жалпы қорытынды шығарарлықтай етіп күнбе-күн қадағалап отыруға тіпті Англияның өзінде де мүмкіндік жоқ. Қайсыбір дәуірдің экономикалық тарихының айқын суретін ешуақытта оқиғалардың өзімен бір мезгілде ала қоюға болмайды, оны тек кейін, материал жиналып, тексерілгеннен соң барып алуға болады. Бұған қажетті көмекші құрал статистика ғой, ал ол қашан да кешігіп жүреді. Сондықтан күнделікті оқиғаларды талдағанда көбіне-көп осы шешуші маңызы бар факторды тұрақты деп қарауға, талқылап отырған дәуір басталар алдында қалыптасқан экономикалық жағдайды бүкіл дәуірге тән және өзгермейтін жағдай деп тануға немесе бұл жағдайдың көрінеу айқын оқиғалардан өз-өзінен туатын,

сондықтан өзі де әбден айқын өзгерістерін ғана есепке алуға тура келіп отырады. Сондықтан бұл арада материалистік методка көбіне-көп саяси жанжалдарды экономикалық даму арқылы құрылған нақты қоғамдық таптар мен таптар фракциялары мүдделерінің күресіне апарып тіреумен, ал жеке саяси партияларды дәл осы таптар мен фракцияларының азды-көпті адекваттық саяси көрінісі деп қараумен ғана тынуға тура келеді.

Экономикалық жағдайда, барлық зерттелетін процестердің осы шын негізінде сол тұста болып отыратын өзгерістерді мұндай ылажсыз елемеушілік қателердің қайнар бұлағы болып шығатыны өзінен өзі түсінікті. Бірақ күнделікті тарихты қорыта баяндау жағдайының ешбірінде қатер бұлағы болмай қоймайды, алайда, мұның өзі ешкімді күнделікті оқиғалар тарихын жазудан бас тарт деп зорламайды.

Маркс бұл еңбекті жазуға кіріскен кезде қателердің осы айтылған бұлағынан құтылу онан бетер қиын еді. 1848—1849 жылдардағы революция тұсында сол мезгілде болып жатқан экономикалық өзгерістерді қадағалап отыру немесе тіпті олардан адасып қалмау тегі мүмкін емес еді. Лондонда қуғында жүрген алғашқы айларда, 1849—1850 жылдардың күзі мен қысында да бұл мүмкін болмады. Бірақ Маркс өзінің еңбегін дәл сол тұста бастады. Сонда да, осы қолайсыз жағдайларға қарамастан, Францияның февраль революциясы қарсаңындағы экономикалық жағдайын да, бұл елдің февраль революциясынан кейінгі саяси тарихын да жете білетіндігінің арқасында Маркс оқиғаларды сондай баяндай білді, олардың ішкі байланысын осы уақытқа дейін ешкім оза алмаған шеберлікпен ашып берді; ал бұл баяндау кейіннен Маркстің өзі жасаған екі сынның екеуінен де сүрінбей өтті.

Бірінші сын 1850 жылдың көктемінен бастап Маркс экономикалық мәселелермен және ең алдымен соңғы он жылдың экономикалық тарихымен айналысуға тағы уақыт табуына байланысты жасалды. Осының нәтижесінде оған бұл кезге дейін әлдеқайда толықпаған материалдан тең жара априор тәсілмен жасап келген қорытпалары фактілердің өзінен әбден айқын болды: атап айтқанда асылы февраль мен март революцияларын 1847 жылғы дүние жүзілік сауда дағдарысы туғызды және 1848 жылдың ортасынан біртіндеп қайтадан басталып, 1849—1850 жылдары толық кемеліне келген өнеркәсіп гүлденуі қайтадан нығайған европалық реакцияға жан берген күш болды. Мұның шешуші маңызы болды. Егер алғашқы үш мақалада* («*Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue*»⁷⁹ журналының январь, февраль және марттағы номерлерінде жарияланған, Гамбург, 1850) әлі революциялық жігер таяу

* Осы томның 208—292-беттерін қараңыз. *Ред.*

уақытта көтерілуін күтудің ұшығы көрініп тұрған болса, Маркс екеуіміз 1850 жылы күзде шыққан қос номерге арнап жазған тарихи шолуымыз (май — октябрь) бұл жалған елестерден біржолата арылған: «Жаңа революция тек жаңа дағдарыстың артында ғана болуы мүмкін. Бірақ жаңа дағдарыс болуы қандай сөзсіз болса, жаңа революция болуы да сондай сөзсіз»*. Алайда біз енгізуге тура келген бірден-бір мәнді өзгеріс те осы болды. Оқиғаларға бұрынғы мақалаларда берілген түсінікте, ондағы анықталған себептік байланыстарда өзгертерлік мүлде ешнәрсе жоқ болды, 1850 жылдың 10 мартынан күзіне дейін сол шолуда берілген баяндаудың жалғасы осыны баяндайды. Сондықтан мен бұл жалғасты төртінші мақала ретінде осы басылуына енгізіп отырмын.

Екінші сын бұдан да қатал болды. 1851 жылы 2 декабрьде Луи Бонапарт жасаған мемлекеттік төңкерістен кейін іле-шала Маркс Францияның 1848 ж. февральдан бастап революциялық дәуірді уақытша аяқтаған осы оқиғаға дейінгі тарихын жаңадан қайта жазды («Луи Бонапарттың 18 брүмері», үшінші басылуы, Гамбург, Мейснер, 1885 ж.**). Біз қайта бастырып отырған еңбекте қаралған дәуір, неғұрлым қысқаша болғанымен, бұл кітапшада жаңадан талданады. Бір жылдан аса уақыттан соң болған шешуші оқиға жөнімен жазылған осы екінші баяндауды бірінші баяндаумен салыстырсаңыз, авторын өте аз нәрселерді ғана өзгертуіне тура келгеніне әбден көзіңіз жетеді.

Бұл еңбекке мүлде ерекше маңыз беретін бір жағдай сол, мұнда тұңғыш рет дүние жүзіндегі барлық елдердің жұмысшы партиялары өздерінің экономиканы қайта құру жөніндегі талабын бір ауыздан қысқаша түйіндейтін: өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам иемденеді деген формула берілген. Екінші тарауда «пролетариаттың революциялық талаптарын түйіндейтін алғашқы сөлекет формула» деп аталған «еңбек ету правосы» жөнінде былай делінген: «Бірақ еңбек ету правосы астарында капиталды билеу, ал капиталды билеу астарында — өндіріс құрал-жабдықтарын иемдену, оларды одақтасқан жұмысшы табына бағындыру, демек, жалдама еңбекті, капиталды және олардың өзара қатынастарын жою жатыр»***. Сонымен, бұл еңбекте бірінші рет тұжырымдалған қағида қазіргі заманғы жұмысшы социализмнің әрі феодалдық, буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық, тағы сондай социализмнің барлық түрінен, әрі утопиялық және стихиялық жұмысшы коммунизмі ұсынған, «мүлік ортақтығы» дейтін күнгірттемеден мықты айырмасы барын көрсетеді. Ал егер Маркс бұл формуланы кейін айырбас

* Осы томның 295-бетін қараңыз. *Ред.*

** Осы томның 412—504-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** Осы томның 231-бетін қараңыз. *Ред.*

құрал-жабдықтарын иемденуге де қолданса, онда формуланың бұлай кеңейгені, оның бер жағында бұл кеңею «Коммунистік манифестен» өзінен-өзі туып отырғаны негізгі ережеден шығатын қорытынды ғана болып табылады. Таяуда Англиядағы кейбір ақылгөйлер бұған қоса «бөліс құрал-жабдықтары» да қоғамға берілуге тиіс дегенді айтты. Өндіріс құрал-жабдықтары мен айырбас құрал-жабдықтарынан бөлектегенде бөлістің осы экономикалық құрал-жабдықтары не болып шығатынына бұл мырзалар, сірә, жауап бере алмаса керек; олардың айтпағы бөлістің *саяси құрал-жабдықтары*: салықтар, кедейлерге қамқорлық, оның ішінде саксенвальд⁸⁰ және басқа дотациялар емес пе тегі? Бірақ, біріншіден, бөлістің бұл құрал-жабдықтары қазірдің өзінде-ақ қоғамдық игілік болып отыр, мемлекетке немесе қауымға қарайды, ал, екіншіден, біздің жоймағымыз да дәл осылар ғой.

* * *

Февраль революциясы бұрқ ете түскенде революциялық қозғалыстардың шарттары мен барысы жөніндегі біздің бәріміздің түсінігіміз бұрынғы тарихи тәжірибенің, ең алдымен Франция тәжірибесінің ықпалында болды. Өйткені 1789 жылдан бастап бүкіл Европа тарихындағы басты роль атқарған дәл Франция болды ғой, қазір жаппай төңкеріске тағы дабыл қағып отырған да нақ осы Франция. Сондықтан 1848 жылы февральда Парижде жарияланған «әлеуметтік» революцияның, пролетариат революциясының сипаты мен барысы туралы түсінігімізге 1789—1830 жылдардың мезгеулерінен есте қалғандар ашық әсер етуі әбден табиғи әрі даусыз еді. Ал Париж көтерілісіне Венада, Миланда, Берлинде жеңімпаз көтерілістер үн қосқан кезде; бүкіл Европа сонау орыс шекарасына дейін қозғалысқа тартылған кезде; онан соң июньде Парижде пролетариат пен буржуазия арасында үстемдік үшін бірінші ұлы шайқас болған кезде; буржуазия табы жеңісінің өзі барлық елдердің буржуазиясын шайқалтқаны сонша, ол жаңа ғана құлатылған монархиялық-феодалдық реакцияның құшағына қайта тығылған кезде,— міне, ол кездегі осындай жағдайда бізде мынаған шүбә жоқ еді: шешуші ұлы шайқас басталды, бұл ұзақ және бір революциялық дәуір ішінде ақырына дейін жеткізілуге тиіс, ал енді ол тек пролетариаттың біржолата женуімен аяқталуға тиіс дедік.

1849 жылғы жеңілістен соң біз болашақ уақытша үкіметтердің төңірегіне *in partibus*⁸¹ топтасқан тұрпайы демократияның жалған үмітін мүлде қостағанымыз жоқ. Бұл демократия «озбырларды» «халық» тез және біржолата жеңеді деп түйді, ал біз болсақ — «озбырларды» жойғаннан кейін «халықтың» өз ішінде бұқпантайлап жүрген қарама-қарсы элементтер арасында ұзақ күрес болады деп түйдік. Тұрпайы демократия күн са-

нап жаңа сойқан болуын күтті, біз сонау 1850 жылдың күзінде-ақ қалай дегенмен революциялық дәуірдің *бірінші* кезеңі бітті және дүние жүзілік экономикалық жаңа дағдарыс болғанға дейін ешнәрсе болмайды дегенбіз. Сондықтан революцияға опасыздық жасаушылар ретінде біздер аласталдық, мұны бәз-баяғы кейін түгелдей дерлік Бисмаркпен татуласқан, Бисмарк онысын жарылқаған адамдар істеді.

Бірақ тарих біздің де адасқанымызды, ол кезде қостаған көзқарасымыз жалған үміт болғандығын көрсетті. Тарих мұнымен тынған жоқ: ол кездегі адасқанымызды көрсеткені былай тұрсын, оның үстіне тарих пролетариат күрес жүргізетін жағдайларды да мүлде өзгертті. 1848 жылы қолданылған күрес әдістері енді барлық жағынан ескірді, сондықтан бұл пункт бұл жолы неғұрлым толығырақ қарастыруды тілейді.

Бұрынғы революциялардың барлығы нақты бір таптың үстемдігін жойып, басқа таптың үстемдігін орнату болып отырды; бірақ осы уақытқа дейін үстемдік етіп келген таптардың барлығы да бағынышты халық бұқарасымен салыстырғанда тек болмашы азшылық болды. Сөйтіп, үстемдік еткен азшылықтың біреуі құлатылып, оның орнына өкімет тізгінін екінші бір азшылық алып, мемлекеттік тәртіптерді өз мүдделеріне сәйкестей қайта құрып отырды. Мұның өзі әрқашан әлгі азшылықтың сол кездегі экономикалық даму жағдайында үстемдік етуге қабілеті бар және үстемдік етуге тиісті тобы болды, міне, нақ сондықтан — тек сондықтан ғана — төңкеріс үстінде бағынышты көпшілік оған не осы топтың пайдасы үшін қатысты, не төңкеріске тып-тыныш көніп отыра берді. Ал егер әрбір жеке реттің нақтылы мазмұнын осылай қойсақ, сонда бұл революциялардың күллісінің жалпы формасы мынаған тіреледі: бұлар азшылықтың революциясы болды. Егер осы революцияларға көпшілік қатысқан болса, — мейлі біліп қатыссын, білмей қатыссын, — олар тек азшылықтың пайдасына бола қатысты; алайда нақ осының өзі немесе тіпті көпшіліктің қарсылық жасамай, селқос қарағандығының өзі сол азшылық бүкіл халықтың өкілі болып табылады-мыс деген көрініс туғызды.

Алғашқы үлкен жеңістен кейін жеңген азшылық әдетте екі жарылып отырды: бір бөлегі қолы жеткенге қанағаттанды, енді бір бөлегі әрі барғысы келді, қалың бұқараның нағыз шын немесе жорамал мүдделеріне жанас келетін жаңа талаптар қойды. Кей реттерде осы неғұрлым радикалдық талаптар жүзеге асырылды, бірақ көпшілігі өте қысқа мерзімді болды: неғұрлым біртоға партия қайтадан үстем болып, соңғы табыстар бүтіндей немесе жартылай жоққа шығарылды; ондайда жеңілгендер опасыздық бар деп шуласты немесе жеңілісті кездейсоқ нәрсе деп түсіндірді. Ал шынында көбінесе істің жайы былай болды: бірінші жеңісте қол жеткен табыстар неғұрлым радикалдық партия-

ның екінші жеңісінің арқасында ғана баянды етілді; осыған қол жетісімен, сөйтіп сол кезеңдегі қажетті болған істер орындалысымен радикалдар да және олардың табыстары да сахнадан тайды.

Ағылшынның XVII ғасырдағы ұлы революциясынан бастап, жаңа замандағы революциялардың бәрінде де революциялық күрес атаулыдан айыруға болмайтындай көрінген осы белгілер кезігіп отырды. Бұл белгілер пролетариаттың өз бостандығы үшін жүргізетін күресіне де тәп сияқты болып көрінді, оның үстіне дәл 1848 жылы осы бостандықты қай бағытта іздеу керек екендігін аздап болса да түсінетін адамды саусақпен санап шығуға болатын еді. Тіпті Париждегі пролетариат бұқарасының өздеріне де қай жолмен жүрулері керектігі жеңіп шыққаннан кейін де мүлде түсініксіз болды. Сөйткенмен де түйсікті, стихиялы, бой бермес қозғалыс орын тепті. Мұның өзі, рас, азшылық басқарған, бірақ бұл жолы азшылықтың мүддесін емес, көпшіліктің нағыз шын мүддесін көздеген революция жеңіспен аяқтауға тиісті жағдайдың дәл өзі емес пе еді? Ал егер халықтың қалың бұқарасы азды-көпті ұзаққа созылған революциялық дәуірлердің бәрінде жұлқынып алға ұмтылған азшылық тобының алдау-арбауына, кулық-сұмдығына соншалықты тез еріп отырған болса, олар енді өздерінің экономикалық хал-жағдайының неғұрлым дәл көрінісі болған идеяларға, әзірге түсініксіз, бірақ өздері шала-пұла сезе бастаған, тілек-керегін айнытпай айқын, орынды бейнелеп отырған идеяларға онан бетер елікпей отыра алар ма? Рас, жалған үміт сейіліп, түңілушілік басталысымен бұқараның революцияшыл осы көңіл ауаны әрқашан дерлік және көбіне тез қажушылықпен немесе тіпті қарсы жаққа қарай бетбұрушылықпен ауысып отырды. Бірақ бұл арада мәселе алдау-арбау туралы емес, бұқараның орасан көпшілігінің шын мүдделерін жүзеге асыру туралы еді. Рас, бұл мүдделер сол орасан көпшілікке ол кезде әлі түсінікті емес еді, бірақ кешікпей практикада жүзеге асуының барысында, өзінің күмансыз айқындығының нәтижесінде көпшілікке әбден түсінікті болуға тиіс еді. Ал оның үстіне, Маркс үшінші мақаласында дәлелдегеніндей, 1848 жылғы «әлеуметтік» революциядан туған буржуазиялық республиканың дамуы 1850 жылдың көктеміне қарсы мынаған соқты: шын үстемдік буржуазияның, оның үстіне монархиялық пиғылдағы буржуазияның қолына шоғырланса, ал басқа қоғамдық таптардың барлығы — шаруалар мен ұсақ буржуа, мұның керісінше, пролетариаттың төңірегіне топталса, сөйтіп, бірлесіп жеңген күнде және онан соң да шешуші фактор олар емес, тәжірибе тәлім берген пролетариат болуға тиісті болса, — міне, осындай жағдайда азшылық революциясы көпшілік революциясына айналады деп әбден сенбеске болар ма?

Тарих біздің және, бізше ойлағандардың күллісінің адасқа-

нын көрсетті. Тарих Европа континентінің экономикалық даму дәрежесі ол кезде капиталистік өндіріс әдісін жоюлықтай болып жетілмегенін ашық көрсетті; ол мұны сонау 1848 жылдан бастап бүкіл континентті қамтыған және Францияда, Австрияда, Венгрияда, Польшада, таяуда Россияда өнеркәсіпті тұнғыш рет іс жүзінде орнықтырған; ал Германияны тұпа-тура нағыз бірінші дәрежедегі өнеркәсіпті елге айналдырған экономикалық революциямен дәлелдеді,— ал осының бәрі капиталистік негізде болды, демек, 1848 жылы оның ұлғаю қабілеті әлі зор еді. Бірақ барлық жерде таптық қатынастарды айқындаған да нақ осы өнеркәсіптік революция болды; бұл революция мануфактуралық дәуірден ауысқан, ал Шығыс Европада тіпті цехтық қолөнерден ауысқан көптеген аралық категорияларды жойды, нағыз буржуазияны және нағыз ірі өнеркәсіптік пролетариатты туғызды, оларды қоғамдық дамудың алғы шебіне шығарды. Ал осының нәтижесінде бұл екі ұлы таптың 1848 жылы Англиядан басқа кейбір ірі өнеркәсіптік орталықтарда кездескені болмаса, тек Парижде ғана болған күресі қазір бүкіл Европаға жайылып, 1848 жылы ойға да кіріп шықпайтын дәрежеге жетті.¹ Ол кезде дерт біткенге дауа дәрісі бар, толып жатқан бұлыңғыр інжілдерге сүйенген әрқилы секталар болған еді; қазір Маркстің жалпы жұрт мойындаған, мүлтіксіз айқын, күрестің түпкі мақсаттарын ашық тұжырымдайтын *бір* ғана теориясы бар; ол кезде — жергілікті және ұлттық ерекшеліктер бөлшектеп, бытыратқаннан, тек ортақ азап сезімі ғана байланыстырған, мешеу, жігерленуден түңіліске көшкіш дәрменсіз бұқара болған еді; қазір — бой бермей алға тартқан, сан жағынан, ұйымшылдық, тәртіптілік, саналылық және жеңіп шығатындығына сенушілік жағынан күн санап күшейген социалистердің *бірыңғай* ұлы интернационалдық армиясы бар. Егер пролетариаттың құдіретті осы армиясы да әлі күнге дейін мақсатына жете алмай отырса, егер ол үзілді-кесілді бір соққы арқылы жеңіске жету орнына алға қарай шабан жылжып, қайтпас қатал шайқаста *бірден* екінші жеңіске жетуге мәжбүр болып отырса, бұл 1848 жылы кенеттен жадағай шабуыл жасау арқылы әлеуметтік қайта құрылысқа жете қоюдың тіпті мүмкін болмағандығын үзілді-кесілді дәлелдейді.

Буржуазия династиялық-монархиялық екі фракцияға бөлінді⁸², ол әйтсе де ең алдымен өзінің ақшалы істеріне тыныштық пен қауіпсіздік тіледі; оған қарсы тұрған — жеңілгенімен, әлі де болса айбынды пролетариат болды, ұсақ буржуазия мен шаруалар пролетариаттың төңірегіне барған сайын топтала түсті — күшпен күйрету қаупі ұдайы төніп тұрды, алайда мұның өзі мәселенің біржолата шешілуіне ешқандай үміт туғызбады,— міне, үшінші, жалған-демократияшыл дәмгөй Луи Бонапарттың мемлекеттік төңкеріс жасауына бола әзірленген дерлік жағдай осындай болған еді. Ол 1851 жылы 2 декабрьде армияның

көмегімен тығыл-таян жағдайды жойып, Европаның ішкі тыныштығын қамтамасыз етті, мұның есесіне соғыстардың жаңа заманын жарылқады⁸³. Төменнен болатын революциялар дәуірі уақытша аяқталды; жоғарыдан болатын революциялар дәуірі туды.

1851 жылы империяға қайта оралу ол кездегі пролетарлық талаптардың пісіп-жетілмегендігін тағы да дәлелдеп берді. Бірақ оның пісіп-жетілуіне керекті жағдайларды алда империяның өзі жасауға тиіс еді. Ішкі тыныштық өнеркәсіптің жаңадан өрлеуіне кең өріс берді; армияға жұмыс беру және революциялық лепті сыртқы саясат жағына аудару қажеттігі соғыстарды туғызды. Бонапарт «ұлттар принципін» қорғау⁸⁴ дегенді сылтау етіп, түрлі айлалар қолданып, осы соғыстар арқылы Францияның пайдасына аннексия жасауға тырысты. Оған еліктеген Бисмарк Пруссия үшін нақ осындай саясатты қолданды; 1866 жылы ол өзінің мемлекеттік төңкерісін жасады. Германия одағы⁸⁵ мен Австрия жөнінде, сонымен қатар үкіметпен қырқысқан пруссиялық палата жөнінде өзінің жоғарыдан болған революциясын жасады. Бірақ Европа екі бірдей Бонапартқа тым тар болды, сөйтіп тарихтың тауқыметі түсіп, Бисмарк Бонапартты құлатты, ал Пруссия королі Вильгельм кіші Германия империясын⁸⁶ ғана емес, тіпті Француз республикасын орнатты. Ал мұның жалпы нәтижесі былай болды: ұлы европалық ұлттардың — тек Польшадан басқасының, — дербестігі мен ішкі бірлігі шындыққа айналды. Рас, мұның өзі біршама шағын шеңберде болды, дегенмен бұл шеңбердің көлемі жұмысшы табының даму процесі бұдан былай ұлттық кикілжіңдермен бөгелмеуіне әбден жеткілікті еді. 1848 жылғы революцияның көрін қазушылар енді оның аманатшылары болды. Ал олармен қатар енді *Интернационал* түрінде 1848 жылдың мұрагері, пролетариат гүрілдей көтерілді.

1870—1871 жылдардағы соғыстан кейін Бонапарт сахнадан таяды, ал Бисмарктің миссиясы орындалған болып шықты, сөйтіп оның енді тағы да қатардағы юнкер болатын жөні келді. Бірақ, бұл дәуірдің аяқталуы Париж Коммунасы болды. Париждің ұлттық гвардиясының артиллериясын⁸⁷ Тьердің ұрламақ болған опасыздық әрекеті жеңімпаз көтеріліс туғызды. Парижде енді пролетариат революциясынан басқа ешбір революцияның болуы мүмкін еместігі тағы анықталды. Жеңіп шыққаннан кейін үстемдік өзінен өзі ешбір талассыз жұмысшы табының қолына көшті. Ал жұмысшы табының бұл үстемдігі сол кездің өзінде де ұсынылып отырған кітапшада суреттелген дәуірден кейін жиырма жыл өткен кезде де мүмкін емес екендігі тағы анықталды. Бір жағынан, Франция Парижді қорғансыз тастады, Мак-Магонның зеңбірек оғынан Париждің қансырауына немқұрайды қарады; екінші жағынан, Коммуна — бланкистер (көпшілігі) және прудонистер (азшылығы) болып екі партияға бөлініп, сол

екі партияның түкке тұрғысыз таласынан әлсіреді, бұл партиялардың ешқайсысы да не істеу керектігін білмеді. 1848 жылғы кенет шабуыл қандай жеміссіз болса, 1871 жылғы оңай жеңісте сондай жеміссіз болып шықты.

Париж Коммунасымен бірге күресуші пролетариатты да бір-жолата көлеміз деп үміттенген еді. Бірақ бұған тура керісінше болды, Коммуна мен француз-пруссия соғысының кезінен бергі жерде пролетариаттың неғұрлым күшті өрлеуі басталады. Қару асына алатын жұрттың бәрін енді миллиондаған солдатты бар армияға алу, дәрінің күшімен атылатын қару, артиллерия снарядтарын және бұрын құлақ естімеген күші бар жарылғыш заттар қолдану — осының бәрі бүкіл соғыс ісінде толық төңкеріс жасады, бұл, бір жағынан, соғыстардың бонапарттық дәуірін кенет аяқтап, өнеркәсіптің бейбіт дамуын қамтамасыз етті, немен тынарын ешбір есептеп болмайтын дүние жүзілік адам айтқысыз жойқын соғыстан басқа ешқандай соғыс болуын мүмкін емес етті. Екінші жағынан, соғыс шығынының геометриялық прогреспен өсуін туғызған бұл төңкеріс салықтарды адам айтқысыз көбейтуге мәжбүр етті, сөйтіп халықтың жарлы таптарын социализмнің құшағына ендірді. Эльзас-Лотарингияның аннексиялануы соғыс құралдарын аласұра көбейтуге түрткі болған француз буржуазиясы мен неміс буржуазиясының бір-біріне қарсы шовинизмін өршітуі ықтимал еді, алайда мұның өзі екі елдің жұмысшылары үшін оларды бір-бірімен байланыстыратын жаңа дәнекер болды. Міне, сондықтан Париж Коммунасының жылдығы бүкіл пролетариаттың бірінші ортақ мейрам күніне айналды.

Марктің болжауы келіп, 1870—1871 жылдардағы соғыс және Коммунаның жеңілуі европалық жұмысшы қозғалысының орталығын уақытша Франциядан Германияға көшірді. Әрине, 1871 жылғы майда болған қантөгістен есін жинау үшін Францияға талай жылдар керек еді. Ал Германияда, бұған керісінше, өнеркәсіп барған сайын жылдам өркендеді, оның үстіне Франциядан алған олжа-миллиардтар⁸⁸ бұл өнеркәсіпке нағыз жайлы жағдай жасады да, социал-демократия бұрынғыдан да тез және үздіксіз өсті. Неміс жұмысшылары 1866 жылы енгізілген жалпыға бірдей сайлау правосын пайдалана білуінің нәтижесінде партияның ғажап өскені мынадай талассыз цифрлардан бүкіл дүние жүзіне айқын болды: социал-демократияға 1871 жылы — 102 000, 1874 жылы — 352 000, 1877 жылы 493 000 дауыс берілді. Кейін бұл табыстарды жоғарыда отырғандар социалистерге қарсы заң⁸⁹ шығару түрінде мойындады; партия уақытша қиратылды, ал алған дауыс саны 1881 жылы 312 000-ға дейін төмендеді. Бірақ партия бұл қиыншылықты тез жеңді, сөйтіп ерекше заңның езгісі астында, прессасы, жария ұйымы болмаса да, одақтар мен жиналыстар жасауға правосы болмаса да, енді

шындап тез өсе бастады: 1884 жылы — 550 000, 1887 жылы — 763 000, 1890 жылы — 1 427 000 дауыс алды. Бұл арада мемлекеттің күші әлсіреді. Социалистерге қарсы заң жойылды, социалистерге берілген дауыс саны 1 787 000-ға дейін өсті, мұның өзі барлық берілген дауыстың төрттен бірінен көбірегі болды. Үкімет пен үстем таптар өздерінің бар құралдарын пайдасыз, мақсатсыз, нәтижесіз босқа тауысты. Өкімет билеушілері, түнгі күзетшілерден бастап, рейхсканцлерге дейін өздерінің дәрменсіздігін айқындайтын ашық дәлелді көзімен көрді, — көргенде де оны жиіркенішті жұмысшылардан көрді! — ал дәлелдер миллиондап саналды. Мемлекет тұйыққа тірелді, ал жұмысшылар өз сапарын тек енді бастады.

Неміс жұмысшылары ең күшті, ең тәртіпті және неғұрлым тез өсіп келе жатқан социалистік партия ретінде өмір сүруінің өзімен-ақ жұмысшы табының ісіне осындай алғашқы қызметімен қатар тағы бір ірі қызмет көрсетті. Олар өздерінің барлық елдердегі жолдастарына ең өткір қарулардың бірі болып табылатын жана қару берді — жалпыға бірдей сайлау правосын қалай пайдалану керек екендігін көрсетті.

Жалпыға бірдей сайлау правосы Францияда көптен бері болатын, бірақ бұл Бонапарт үкіметінің қиянаты салдарынан онда беделін жоғалтып алды. Коммунадан кейін оны пайдаланатын жұмысшы партиясы болған жоқ. Бұл право республика болғаннан бастап Испанияда да енгізілген, бірақ сайлауға қатысудан қалыс қалу Испаниядағы барлық байсалды оппозициялық партиялардың баяғыдан бері келе жатқан салты болатын. Жалпыға бірдей сайлау правосының швейцариялық тәжірибесінің нәтижелері де жұмысшы партиясын онша құлшындыра қоярлық емес еді. Роман елдерінің революцияшыл жұмысшылары сайлау правосын қақпан, үкіметтің алдауыш құралы деп есептеуге әдеттенген, Германияда істің жайы басқаша болды. Сонау «Коммунистік манифестің» өзі-ақ жалпыға бірдей сайлау правосын, демократияны жеңіп алу күресуші пролетариаттың бірінші және ең маңызды міндеттерінің бірі деп жариялады, ал Лассаль бұл талапты қайтадан көтерді. Бисмарк өзінің жоспарларына халық бұқарасын қызықтырудың бірден-бір құралы ретінде жалпыға бірдей сайлау правосын⁹⁰ лажсыз енгізген кезде біздің жұмысшылар іске бірден байыпты қарап, Август Бебельді бірінші құрылтай рейхстагына жіберді. Сөйтіп олар сол уақыттан бері сайлау правосымен өте жақсы пайдаланды, бұл өздеріне орасан зор пайда келтірді әрі барлық елдердің жұмысшыларына үлгі болды. Францияның маркстік программасының сөздерімен айтқанда: *transformé de moyen de duperie qu'il a été jusqu'ici en instrument d'émancipation* олар — сайлау правосын осы уақытқа дейін болып келген алдау құралынан азаттық құралына айналдырды⁹¹. Ал егер жалпыға бірдей сайлау правосы бізге әрбір үш

жылдан кейін өз күштерімізді есептеуге мүмкіншілік бергеннен басқа; әрдайым байқалып отырған дауыс санының күтпеген жерден тез өсуінің арқасында жұмысшылардың жеңіп шығу сенімін де, жаулардың үрейленуін де қабат күшейтіп, осылайша біздің насихатымыздың ең жақсы құралы болғаннан басқа; ол өз күштеріміз туралы да және барлық жау партиялардың күштері туралы да бізге дәл мәліметтер беріп, сол арқылы біздің қимылдарымыз үшін керекті болатын есептің теңдесі жоқ ауқымын көрсетіп, бізді мезгілсіз жасықтық жасаудан да, мезгілсіз оспадар батылдық жасаудан да сақтандырғаннан басқа тіпті ешқандай пайда келтірмесе де,— бізге сайлау правосы берген пайда жалғыз осы болғанның өзінде де бұл орасан табыс еді. Бірақ ол әлдеқайда көп пайда берді. Сайлау үгіті кезінде ол бізге өзімізден әлі де алыс жатқан халық бұқарасымен араласуымызға, барлық партияларды өздерінің көзқарастары мен қимылдарын бүкіл халық алдында біздің сынымыздан қорғауға мәжбүр еткен күшті құрал болды; ал оның үстіне, бұл рейхстагта біздің өкілдерімізге трибуна берді, өкілдеріміз онда парламент ішіндегі жауларына да, парламенттің сыртындағы бұқараға да баспасөз бен жиналыстардағыдан анағұрлым беделді, анағұрлым еркін сөйлеуге мүмкіншілік алды. Егер сайлау үгіті және рейхстагтағы социалистік сөздер социалистерге қарсы шығарған заңды ұдайы бұзып-жарып отырса, үкімет пен буржуазия үшін әлгі заңнан не пайда шықпақ?

Ал осылай жалпыға бірдей сайлау правосын ойдағыдай пайдаланумен қатар пролетариат күресінің мүлде жаңа әдісі қолданыла бастады да ол кейін тез өрістеді. Буржуазияның өз үстемдігін жүргізуіне болысып отырған мемлекеттік мекемелер жұмысшы табына дәл сол мекемелердің өздеріне қарсы күресуге жол ашатын басқа да мүмкіншіліктер бар екенін көрсетті. Жұмысшылар жеке мемлекеттердің ландтаг сайлауына, муниципалитеттерге, кәсіпшілік соттар сайлауына қатыса бастады, қызмет орындарына қойылатын кісіні дауысқа салуда жұмысшы дауысы жетерліктей болған жерде әрбір сайланып қойылатын қызмет орнына буржуазиямен таласу басталды. Енді буржуазия мен үкімет жұмысшы партиясының құпия ісінен гөрі жария ісінен, көтерілістегі жеңістерінен гөрі сайлаудағы жеңістерінен қатты шоши бастады.

Өйткені мұнда да күрес жүргізу жағдайлары мықтап өзгерді. 1848 жылға дейін барлық жерлерде шешуші роль атқарып келген ескі өрнекті көтеріліс, көшедегі баррикадалы күрес едәуір ескірді.

Бұл жөнінде бос үмітке салынбауымыз керек: көтерілістің көшедегі күресте әскерді шын жеңіп шығуы, екі армияның арасында ұрыста болатын тәрізде жеңуі өте сирек кездесетін нәрсе. Ал мұндай жеңіске көтеріліске қатысушылар да өте сирек се-

нетін еді. Көтеріліске қатысушылар үшін істің түйіні моральдық жағынан ұтып, әскердің рухын шайқалтуда болды. Мұндай ұтыс соғысушы екі елдің армиялары арасындағы күресте ешбір роль атқармайды немесе оның ролі анағұрлым төмен болады. Ал егер моральдық ұтысқа қол жетсе, ондайда әскер оқ атудан бас тартады немесе командирлер не істерін білмей дағдарады да, көтеріліс женеді. Ал егер бұған қол жетпесе, онда, тіпті саны аз болса да, жақсы қарулану, жақсы үйретілу, бір жерден басқару, жауынгер күштерді тәртіпті жоспармен пайдалану, тәртіп сақтау артықшылығы әскер жағында болады. Таза тактикалық мағынада көтерілістің ең көп дегенде қолы жететіні кейбір жеке баррикаданы мейлінше шебер бекіндіру, қорғау болмақ. Өзара жәрдемдесу, резервтерді орналастырып, тиісінше пайдалана білу.— қысқасы, тұтас бір үлкен қаланы қорғауды айтпағанның өзінде, тіпті белгілі бір қалалық ауданды қорғауға қажетті жеке отрядтардың өзара қимылын реттеп отыру ісі өте сирек кездесетін, мүлде тіпті қол жетпейтін іс; мұндайда жауынгер күштерді бір шешуші пунктке жинау өзінен өзі қалып қояды. Сондықтан күрестің басым формасы енжар қорғаныс болып табылады; ал бірер жерде шабуыл жасалса, бұл тек срекше ретте, әрекедік тиісу, бір бүйірден атака жасау ретінде істеледі; ал әдетте шабуыл шегінген әскерлер қалдырып кеткен позицияларды алумен ғана тынады. Оның үстіне әскердің артиллериясы және жақсы жабдықталып, жақсы үйретілген инженерлік бөлімдері болады, ал көтеріліске қатысушыларда күрестің бұл құралдары ешқашан дерлік мүлде болмайды. Сондықтан шабуыл жасаушы әскерлердің басшылары саяси пікір атаулының бәрін былай тастап, таза соғыс тұрғысынан қимыл жасап, солдаттарына сенетін жерде керемет батылдық көрсеткен баррикадалық ұрыстар— 1848 жылы июльде Парижде, 1848 жылы октябрьде Венада, 1849 жылы майда Дрезденде болған ұрыстардың өзі де көтерілістің жеңілуімен аяқталғанына таңдануға болмайды.

Көтеріліске қатысушылардың 1848 жылға дейінгі көптеген жеңістерге жетуінің алуан түрлі себептері болды. 1830 жылғы июль мен 1848 жылғы февральда Парижде, сондай-ақ Испанияда болған көше ұрыстарының көпшілігінде көтеріліске қатысушылар мен әскердің арасында ұлттық гвардия тұрды, ол не тікелей көтерілісшілердің жағына шықты, не енжар және тартына қимылдап, әскер қатарына кобальду енгізді, оның үстіне көтерілісшілерге қару жеткізіп беріп отырды. Бұл ұлттық гвардия әуелден көтеріліске қарсы шыққан жерде 1848 жылы июльде Париждегі сияқты көтеріліс жеңіліп отырды. 1848 жылы Берлинде халықтың жеңуінің бір себебі 19-марттың түнінде және таңертең халыққа жаңадан көп әскери күш келіп қосылды, енді бір себебі әскердің шаршап шалдығуы мен нашар жабдықтауы болды, ақырында, тағы бір себебі олардың мысын құртқан

бұйрықтардың салдары болды. Ал көтерілісшілердің барлық реттерде жеңген себебі әскерлер оқ атудан бас тартты, командирлер батыл қимылдай алмады немесе оларда ерік болмады.

Сөйтіп, көшедегі ұрыстар дәуірлеп тұрған заманда да баррикаданың материалдық жағынан гөрі моральдық әсері басым болды. Мұның өзі әскердің табандылығын шайқалту құралы болды. Егер баррикада осы мақсатқа жеткенге дейін шыдап тұра алса — жеңіп шықты; шыдап тұра алмаса — күрес жеңілумен аяқталды. Келешекте болуы ықтимал көше ұрыстарының мүмкіншіліктерін зерттегенде еске алынуға тиісті басты пункт, міне, осы*.

1849 жылдың өзінде-ақ бұл мүмкіншіліктер тым нашар болды. Буржуазия барлық жерде үкіметтер жағына шықты; «ағарту ісі мен меншік» өкілдері көтерілістерді жаныштауға шыққан әскерлерді құттықтап, оларға тамағын төкті. Баррикада сүйкімді болудан қалды: солдаттар енді баррикаданың арғы бетінде тұрғандарды «халық» деп танымай, бүлікшілер, ойраншылар, тонаушылар, тонауды жақтайтындар, қоғамның сілімтіктері деп таныды; офицерлер кейін көше күресінің тактикасына үйренді: олар енді қолдан жасала салған қорғанға тікелей, қалқасыз баруды қойып, оны бау-бақша, ауланың іші арқылы үйлердің тасасымен орап өтетін болды. Ал мұның өзі енді біраз ептілік жасалса-ақ оның тоғызында іске асып отырды.

Ал сол уақыттан бері бұдан басқа да көп өзгерістер жасалды, бәрі әскердің пайдасына болды. Егер үлкен қалалар қатты өссе, армияның саны одан бетер көбейді. Париж бен Берлинде халық саны 1848 жылдан бері төрт есе өскен жоқ, ал оның есесіне гарнизондары төрт еседен де артығырақ өсті. Темір жолдың арқасында бұл гарнизондардың санын 24 сағатта екі еседен артық, ал 48 сағат ішінде орасан зор армия мөлшеріне жеткізуге болады. Осы орасан күшейген армияның қуаты бұрынғыдан әлдеқайда артты. 1848 жылы — стволы тегіс, аузынан оқталатын мылтық болатын; қазір — тар калибрлі, магазинді, бауырынан оқталатын мылтық бар, бұл бұрынғы мылтықтан төрт есе алысқа атады, он есе дәл тиесі және оғы он есе жылдам ұшады. Бұрын — бір қыдыру әлсіз ядролы және бытыралы артиллерия болатын; қазір — жарылғыш гранаттар бар, оның біреуінің өзі ең жақсы деген баррикаданың тас-талқанын шығарады. Бұрын — биік қорғандарды бұзу үшін сапер шоты қолданылған болса, қазір — динамит патроны қолданылады.

Көтеріліске қатысушылар жағындағы жағдайлардың бәрі, мұның керісінше, нашарлап кетті. Халықтың барлық топтары тілектестік білдіретін көтерілістің қайталануы енді екі талай;

* «Die Neue Zeit» журналындағы және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы текте бұл тіркес түсіп қалған. *Ред.*

әрине, тап күресінде орта топтардың бәрі буржуазияны қолдаған реакцияшыл партияны ыдыратып жіберерліктей болып тегісімен пролетариат төңірегіне ешуақытта топталмайды. Сөйтіп, «халық» әрқашан жеке-дара қимылдайды, олай болса, 1848 жылы соншама пәрменді болған құдіреті күшті тетік те болмайды. Егер көтерілісшілер жағында әскер қызметінен өткен солдаттар көп болса, онда мұның есесіне оларды қаруландыру қиындайды. Қару-жарақ сататын магазиндердегі аң аулайтын мылтықтар және басқаша құралған мылтықтар полицияның бұйрығы бойынша серіппесінің кейбір бөлігі алынып, күні бұрын істен шығарылып тастамаған күннің өзінде де тіпті жақыннан атып ұрысқанмен солдаттың магазинді винтовкасымен ешбір барабар келе алмайды. 1848 жылға дейін қажетті жарақты дәрімен қорғасыннан қолдан жасап алуға болатын еді, ал қазір әрбір мылтыққа ерекше патрон керек, бұл патрондардың бәрі ірі өнеркәсіптің күрделі жемісі, біріне бірі тек осы жағынан ғана ұқсас келеді, демек, дереу жасала қоймайды, ендеше дәл келетін арнаулы патрондар жоқ болса, мылтықтардың көбі пайдаға асудан қалады. Ақырында, үлкен қалалардың 1848 жылдан кейін жаңадан салынған кварталдарының ұзын, түзу, кең көшелері жаңа зеңбіректер мен винтовкалардың қимылына үйлестіріліп әдейі салынғандай. Баррикадалық күрес үшін Берлиннің солтүстік және шығыс жағындағы жаңа жұмысшы кварталдарын ұнатқан революционер — ақылы ауысқан революционер болмақ.

Бұдан көше күресі келешекте енді ешқандай роль атқармайды деген қорытынды шыға ма? Тіпті де шықпайды. Бұл тек 1848 жылдан бергі жағдайлар жай халықтан шыққан жауынгерлер үшін анағұрлым қолайсыз, әскер үшін анағұрлым қолайлы болды деген сөз. Сонымен, келешекте болатын көше күресі осы қолайсыз арасалмақ басқа жағдайлармен теңдестірілген жағдайда ғана жеңіске жетпек. Сондықтан көше күресі үлкен революцияның басталған кезінде даму барысындағыдан гөрі сирек болмақ, оны неғұрлым көбірек күшпен жасау керек болады. Ал бұл күштер бүкіл ұлы француз революциясының барысында, 1870 жылғы 4 сентябрь мен 31 октябрьде Парижде⁵² кездескені сияқты, әрине, жасқаншақ қорғаныстан ашық шабуылды артық санаса керек*.

Үстемдік етуші таптар бізді тұпа-тура оқ атылып, қылыш шабылып жатқан жерге апарғысы келетіндігі неліктен екені оқушыға енді түсінікті болар? Жеңілетіндігімізге күн ілгері көзіміз жетіп отырған жерге, көшеге дереу және алды-артымызға қарамай шыққымыз келмегені үшін бізді қорқақ деп кінәлау неліктен екені түсінікті болар? Ақырында, зеңбірек оғына жем

* «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте бұл абзац түгел түсіп қалған. *Ред.*

болуға көніндер деп бізге қоярда-қоймай жалыну неліктен екені түсінікті болар?

Бұл мырзалар өтініш жасап, арандауға шақырып, босқа арам тер болады. Біз оншалықты есуас емеспіз. Олардың мұнысы таяудағы соғыста жауларына майдандағы әскерді қарт Фрицтің* кезіндегідей сапқа тіз, немесе Ваграм мен Ватерлоо⁹³ күндеріндегідей бүтін дивизияны колоннаға тізіп қой, оның үстіне қолдарында шиті мылтық болсын дегендей түк өнбейтін талап қоюмен тең. Халықтар арасындағы соғыс жағдайлары өзгерген болса, оның тап күресі жөнінде де өзгергені бұдан кем соқпайды. Зерделі болмашы азшылық зердесіз бұқараны бастап жасайтын кенет шабуылдар, революциялар заманы етті. Мәселе қоғамдық құрылысты толығынан қайта құру туралы болып отырған жерде бұл іске бұқараның өзі қатысуға тиіс, күрес не үшін болып жатқанын, не үшін қан төгіп, жанын құрбан ететінін** бұқара өзі түсінуге тиіс. Бізге мұны соңғы елу жылдың тарихы үйретті. Ал не істеу керектігін халық түсінетін ету үшін ұзақ уақыт талмай жұмыс істеу керек, біздің қазіргі істеп жатқанымыз да, міне, осы жұмыс, мұндағы табысымыз сондай, ол жауларымызды қатты торықтырып отыр.

Ескі тактиканы қайта қарау қажеттігін роман елдерінде де барған сайын түсіне бастады. Сайлау правосын пайдалану, қолымыз жететін позициялардың барлығын жеңіп алу жөніндегі неміс үлгісі барлық жерде жұртты еліктіре бастады; дайындықсыз шабуыл барлық жерде кейінге ығысты***. Жүз жылдан аса уақыттың ішінде талай революция не дегенмен топырағын қопсытқан, заговорларды, көтерілістерді және басқа түрлі революциялық қимылдарды ұнатпайтын бірде-бір партия жоқ Францияда; осының салдарынан үкімет армияға ешбір сене алмай отырған және кенет көтерілістерге жалпы жағдайлар Германияға қарағанда анағұрлым қолайлы болып отырған Францияда, — тіпті осындай Францияда да халықтың қалың бұқарасын, яғни бұл ретте шаруаларды алдын ала өз жағына тартқанда ғана социалистер баянды түрде жеңе алатындығына біртіндеп көзі жетіп келеді. Сабырлы насихат жұмысы мен парламенттік істер мұнда да партияның таяудағы міндеті болып танылды.

Табыс көп күткізген жоқ. Талай муниципалитеттер түгелдей қолға алынды; палаталарда 50 социалист мәжіліс жасайды, олар республиканың үш министрлігі мен бір президентін құлатып үлгірді. Бельгияда өткен жылы жұмысшылардың сайлау правосы-

* — II Фридрих. *Ред.*

** «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте «не үшін қан төгіп, жанын құрбан ететінін» деген сөздер орнына «не үшін шайқасатыны» деп жазылған. *Ред.*

*** «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте «дайындықсыз шабуыл барлық жерде кейінге ығысты» деген сөздер түсіп қалған. *Ред.*

на қолы жетті және олар сайлау округтарының төрттен бірінде жеңіп шықты. Швейцарияда, Италияда, Данияда, тіпті Болгария мен Румынияда да парламенттерде социалистердің өз өкілдері бар. Австриядағы партиялардың барлығы бір ауыздан біз рейхсратқа кіруімізге енді бөгет жасалуы мүмкін емес деген қорытындыға келді. Біз, сөз жоқ, рейхсратқа кіреміз, талас тек қай есіктен кіру туралы болып отыр. Ал егер Россияда да атышулы Земство жиыны* шақырылса,— ол ұлттық жиналыс, оны шақыруға жас Николай мейлінше қарсы,— біз онда да өз өкілдеріміз болатынын еркін айта аламыз.

Біздің шетелдегі жолдастарымыз бұған бола революция жасау правосынан ешбір жағдайда бас тартпайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Өйткені революция жасау правосы бірден-бір *шынайы* «тарихи право»,— қазіргі замандағы мемлекеттердің бәріне негіз болған бірден-бір право, мұның ішінде дворян революциясы 1755 жылы «мұрагерлік туралы шартпен» феодализмнің күні бүгінге дейін қолданылатын осы құрметті документімен⁹⁴ аяқталған Мекленбург те бар. Революция жасау правосы санаға жалпы қатты сіңгені сонша, тіпті генерал фон Богуславский өз императорының мемлекеттік төңкеріс жасауға правосылығын осы халық правосына негіздеп отыр.

Алайда басқа елдерде мейлі не болып жатпасын, герман социал-демократиясының алатын орны ерекше, оның таяу уақытта ерекше міндеті де осыдан туады. Оның урнаға жіберетін 2 миллион сайлаушысы, сайлаушы болмаса да бізді жақтайтын жастар мен әйелдер интернационалдық пролетар армиясының ең көп, ең жинақы бұқарасы, шешуші «екпінді отряды» болып табылады. Бұл бұқара барлық берілген дауыстың қазір төрттен бірінен асады және ол ұдайы өсіп келеді, мұны рейхстаг, кейбір мемлекеттердің ландтагтары, муниципалитеттер және кәсіпшілік соттар жөнінде өткізілген қосымша сайлаулар дәлелдеп отыр. Бұқараның бұл өсуі табиғатта болатын кейбір процесс сияқты өзінен-өзі, дәл сондай үздіксіз, дәл сондай бөгеусіз және сонымен қатар дәл сондай байсалды болып отыр. Үкіметтің бұған бөгет жасамақ болған әрекетінің барлығы іске аспады. Біз 2¼ миллион сайлаушымыз болады деп қазірдің өзінде-ақ айта аламыз. Бұдан былай да осылай бола берсе, осы ғасырдың аяқ шенінде біз қоғамның орта топтарының көпшілігін, ұсақ буржуазия мен ұсақ шаруаларды өзімізге қаратып аламыз, сөйтіп елімізде басқа күштердің барлығы еркімен болсын, еріксіз болсын бас нетін шешуші күшке айналамыз. Үстемдік етуші үкімет жүйесінен қашан өктей асып кеткенге дейін осы өсуді дамыл алмай алға бастыру, күннен-күнге нығайып келе жатқан осы

* Түпнұсқада орысша тіркес латын әріптерімен жазылған. *Ред.*

екпінді отрядты алғашқы айқасуларда жойып алмай, қайта оны шешуші мезгіл жеткенге дейін мүлтіксіз сақтау — міне, біздің міндетіміз осы*. Германиядағы социалистік жауынгер күштердің ұдайы өсіп отыруын уақытша бөгейтін, тіпті оны біраз уақытқа кері шегіндіретін тек бір-ақ нәрсе бар еді — ол 1871 жылы Парижде болғандай, әскерлермен үлкен соқтығысу, қан төгу еді. Кезеңі жеткенде біз мұны да жеңер едік. Миллиондаған адамы бар партияны жер бетінен жойып жіберу мүмкін емес, бұған Европа мен Американың барлық магазинді мылтықтарының шамасы келмейді. Бірақ бұл дамудың қалыпты барысын бөгеген болар еді, мүмкін, біз қиын-қыстау кезеңде екпінді отрядсыз қалған болар едік, шешуші шайқас** кейінге қалдырылып, алыстап және неғұрлым ауыр құрбандықтарға түскен болар еді.

Бүкіл дүние жүзілік тарихтың мазағы барлық істің аяғын басына шығарып отыр. Біздер, «революционерлер», «құлатушылар», құпия тәсілдер немесе төңкеріс көмегінен гөрі жария тәсілдер көмегімен анағұрлым көп табысқа жетіп жүрміз. Өзін тәртіпшіл деп атайтын партиялар сол өздері жасаған жария жағдайдан күйрейді. Олар жанталасып Одилон Барромен бірге: *la légalité nous tue*, бізді құртқан заңдылық деп зарлайды, ал біз болсақ осы заңдылық тұсында бұлшық еттеріміз нығайып, бетімізге қан жүгіріп, мәңгі өмірдей гүлденіп келеміз. Ал егер біз сол партиялардың ығында кетіп, көше күресіне шығарлықтай есуас болмасақ, оларға ақыр аяғында бір-ақ жол қалады: әлгі сұм заңдылықты солардың өздері бұзады.

Олар әзірше төңкеріске қарсы жаңа заңдар жазып жатыр. Тағы да бәрі басы аяғына қойылып отыр. Төңкеріске бүгін қанықас жау болып отырғандар күні кешегі құлатушылар емес пе еді? 1866 жылы азамат соғысын туғызған әлде біз бе едік? Әлде Ганновер королін, Гессен курфюрсін, Нассау герцогін ата-бабасынан мұра қалған, заңды жерлерінен қуып, оны тартып алған біз бе едік? Германия одағында төңкеріс жасап, құдай қолдап, үш тақты құлатқан сол адамдар енді төңкеріске наразы! *Quis tulerit Gracchos de seditioe querentes?**** Бисмаркке бас июшілердің төңкерісті балағаттауына кім көне қоймақ?

Олар мейлі өздерінің төңкеріске қарсы заң жобаларын өткізе

* «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте «күннен-күнге нығайып келе жатқан осы екпінді отрядты алғашқы айқасуларда жойып алмай, қайта оны шешуші мезгіл жеткенге дейін мүлтіксіз сақтау» деген сөздер түсіп қалған. *Ред.*

** «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте «мүмкін, біз қиын-қыстау кезеңде екпінді отрядсыз қалған болар едік» деген сөздер түсіп қалған, ал «шешуші шайқас» деген сөз орнына «шешу» деп жазылған. *Ред.*

*** — Бүлік Гракхиды ашындырса, төзуге болар ма бұған? (*Ювенал*, екінші сатира). *Ред.*

берсін, мейлі оларын бұрынғысынан да қатайта берсін, бүкіл қылмыстық кодексті каучукке айналдыра берсін,— олар мұнысымен тек өздерінің дәрменсіздігін тағы дәлелдейді. Социал-демократияны мықтап мұқату үшін олардың бұдан мүлде басқа шараларға жармасуына тура келеді. Дәл қазіргі кезде заңды бұзбау ісі пайдалы болып отырған социал-демократияның төңкерісіне қарсы олар тек тәртіп партиялары тарапынан болатын төңкерісті қоюы ықтимал, ал бұл төңкеріс заңды бұзбайынша бола алмайды. Оларға Пруссия бюрократы Реслер мырза мен Пруссия генералы фон Богуславский мырза көше күресіне қатысуға елікпеген жұмысшыларға қарсы қолдануға болатындай, бәлкім, бірден-бір әдісті көрсетті. Конституцияны бұзу, диктатура, абсолютизмге қайта оралу, *regis voluntas suprema lex!** Батыл болындар, мырзалар, бұл арада мылжынды қою керек, бұл арада қимыл керек!

Бірақ естерінде болсын, барлық ұсақ мемлекеттер тәріздес және жалпы қазіргі кездегі мемлекеттің бәрі тәріздес Германия империясы да — *шарттың жемісі*: біріншіден, патшалар арасындағы шарттың, ал, екіншіден, патшалар мен халықтың арасындағы шарттың жемісі. Егер шартты бір жағы бұзса, онда бүтін шарт күшін жояды, сөйтіп екінші жағы да міндеттемелерінен босайды. Мұны бізге 1866 жылы Бисмарк шебер көрсетті. Демек, егер сіздер империялық конституцияны бұзсаңыздар, онда социал-демократия да өз міндеттемелерінен босайды және сіздерге қалай қараудың қалауы өзінде болады. Ал сонда социал-демократия дәл не істемек,— бұл құпиясын сіздерге қазір, сірә, аша қоймаса керек**.

Бұдан 1600 жылдай бұрын Рим империясында да қауіпті төңкеріс партиясы болды. Ол дінді және мемлекеттің барлық негізін шайқалтты, ол, императордың ыркы — ең жоғарғы заң дегенді тікелей теріске шығарды, оның отаны болған жоқ, ол интернационалдық болды: ол партия империяның Галлиядан бастап Азияға дейін барлық провинцияларына тарады және оның шегінен тыс жерлерге де жетті. Ол ұзақ уақыт бойына жасырын болды, құпия жұмыс жүргізді, әйтсе де көптен бері-ақ ашықтан-ашық бой көрсетуге күшіміз жеткілікті деп білді. Христиан деп аталып белгілі болған осы төңкеріс партиясының әскер арасында да жақтастары көп болды; тұтас-тұтас христиандық легиондар болды. Сол кезде үстем болған мәжуси шіркеуінің салтанатына қатысып, әскери құрмет көрсетуге жіберілгенде төңкеріс партиясын жақтаушы солдаттар наразылық белгісі ретінде шлемдеріне

* — корольдің ыркы — ең жоғарғы заң. *Ред.*

** «Die Neue Zeit»-тегі және «Франциядағы тап күресі» деген еңбектің 1895 жылы жеке басылуындағы тексте бұл абзацтың соңғы үш сөз тіркесі түсіні қалған. *Ред.*

қасқана ерекше белгі — крест қадап барған. Тіпті бастықтарының солдаттарды казармада әдеттегі қуғындауы нәтижесіз қалып отырды. Император Диоклетиан әскерлерінің арасында бойсұну мен тәртіптің өте нашарлап бара жатқанына енді жайбаракат қарап отыра алмады. Уақытын өткізбей батыл шаралар қолданды. Ол социалистерге, яғни христиандарға қарсы заң шығарды. Төңкерісшілердің жиналысына тыйым салынды, олардың жиналыс жасайтын орындары жабылды немесе тіпті қиратылды. Саксонияда қызыл қол орамалға тыйым салынғаны сияқты, христиандық белгілерге — крестерге, тағы сондайларға тыйым салынды. Христиандарды мемлекет қызметінде болу правосынан айырды, олар керек десе ефрейтор да бола алмайтын етілді. «Сүйкімді көрінуге» баулынған соттар, мемлекеттік төңкеріске жол бермеу туралы фон Келлер мырза ұсынған заң жобасында⁹⁵ көзделген соттар ол кезде әлі жоқ болғандықтан, христиандардың сот арқылы ақталуына өзінен өзі құрсау салулы еді. Бірақ бұл төтенше заң да нәтижесіз қалды. Христиандар мазак қылып, қабырғаларға жапсырылған заң текстін жұлып тастайтын, тіпті ішінде император отырған Никомедидағы сарайды өртеп жіберді деседі. Сонда император біздің жыл санауымыздың 303 жылында христиандарды топтап қуғынға салып, өшін алыпты. Бұл осындай қуғындаудың ең соңғысы болды. Ал бұл қуғындау өте күшті әсер еткендігі сонша, 17 жылдан кейін армияның басым көпшілігі христиандардан болды, ал бұдан кейінгі болған бүкіл Рим империясын билеген, поптар ұлы адам деп атаған Константин патша христиан дінін мемлекеттік дін деп жариялады.

Лондон, 6 март 1895 ж.

Ф. Энгельс

„Die Neue Zeit“ журналында (қысқартылып) Bd. 2, №№ 27, 28, 1894—1895 жылдары және мына кітапта басылған: *Karl Marx*,

K. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 529—548-беттер

„Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850“. Berlin, 1895

ФРАНЦИЯДАҒЫ 1848 ЖЫЛДАН 1850 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТАП КҮРЕСІ⁷⁷

1848 ден 1849 жылға дейінгі революция жылнамасының шамалы ғана тарауларынан басқа әрбір азды-көпті елеулі бөліміне: *революцияның жеңілуі!*— деген тақырып қойылған.

Бірақ бұл жеңілістерде мерт болған революция емес. Революцияға дейінгі дәстүрлердің қалдықтары, ушыққан таптық қарама-қарсылықтар дәрежесіне жете әлі шиеленіспеген қоғамдық қатынастардың нәтижелері мерт болды, адамдар, жалған үміттер, ұғымдар, жобалар мерт болды, ал февраль революциясына дейін революциялық партия бұлардан сау болмайтын, оны бұлардан *февраль жеңісі* емес, тек талай рет *жеңілушілік* құтқарды.

Бір сөзбен айтқанда, революция өзінің тікелей қайғылы — комедиялық жеңістері арқылы емес, қайта, оның керісінше, берік топтасқан, күшті контрреволюция туғызу, жауын туғызу арқылы алға басып, өзіне жол ашты, төңкеріс партиясы тек осы жауға қарсы күресте нағыз революциялық партияға айналды.

Ұсынылып отырған мақалалардың міндеті — осыны дәлелдеу.

I

1848 ЖЫЛҒЫ ИЮНЬДЕГІ ЖЕҢІЛІС

Либералшыл банкир Лаффит июль революциясынан кейін қалалық басқарма үйіне салтанатпен бара жатқан, өзінің соп-реге*, герцог Орлеанскийге⁹⁶ еріп келе жатып: «Бұдан былай банкирлер үстемдік ететін болады» деген сөзді айтып салды. Лаффит революцияның құпиясын айтып қойды.

Луи-Филипптің тұсында үстемдік еткен француз буржуазиясы емес, тек оның бір фракциясы: банкирлер, биржа мен темір жол корольдері, көмір кендері, темір рудниктері мен орман-тоғай иелері, бұлармен байланысты жер иелерінің бір бөлегі — *финанс аристократиясы* дейтіндер болды. Таққа отырған, палаталарда заң бұйырған, министрдің қызметінен бастап, қазыналық темекі дүкендеріне дейін мемлекеттік түсімді қызмет орындарын үлестірген солар болды.

Өнеркәсіптік буржуазияның өзі де ресми оппозицияның бір бөлегі болды, яғни палаталарда тек азшылық тобына жататын. Финанс аристократиясының самодержавиясы өзінің дамуында неғұрлым айқын формаға еніп, ол 1832, 1834 және 1839⁹⁷ жылдарда қанға боялып жанышталған көтерілістерден кейін жұмысшы табына үстемдігіміз бекінді деп дардиган сайын өнеркәсіптік буржуазияның оппозициясы соғұрлым өрши түсті. Құрылтай, Заң шығаратын ұлттық жиналыстарда буржуазиялық реакцияның барып тұрған фанатигі Руан фабриканты *Гранден* депутаттар палатасында Гизоның ең қас дұшпаны болды. Француз контрреволюциясын жақтаушы Гизоның роліне дейін көтерілмек болып дәрменсіз күшеңуі арқылы кейін аты шыққан *Леон Фоше* Луи-Филипп патшалық еткен дәуірдің ақырғы кезінде өнеркәсіпті жақтап, жалдаптыққа және оның құйыршығы — үкіметке қарсы қағаз жүзінде соғыс ашты. Үстемдік етуші системаға қарсы Бордо және барлық француз шарапшыларының атынан *Бастиа* үгіт жүргізді.

* «Сопреге» — «ашына» және «әзәзілдікке қатысушы» деген екі мағына беретін ойнақы сөз. *Ред.*

Ұсақ буржуазия, оның барлық топтары, сонымен бірге шаруалар саяси өкіметке қатысудан мүлде аулақталды. Ақырында, аталған таптардың *идеологиялық* өкілдері мен қорғаушылары, оқымыстылары, адвокаттары, дәрігерлері және тағы сондайлары, қысқасы, олардың «*таланттар*» деп аталатындары ресми оппозицияның қатарында болды немесе *paus légal**-дан мүлде тыс қалды.

Финанс мұқтаждығы Июль монархиясы⁹⁸ әуелден-ақ буржуазияның жоғарғы тобына тәуелді етті, ал буржуазияның жоғарғы тобына тәуелділігі, өз кезегінше, бірден бірге өсе берген финансы мұқтаждығының сарқылмас бұлағы болды. Бюджеттегі тепе-теңдікті, мемлекеттік шығыстар мен кірістердің арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтірмейінше, мемлекеттік басқаруды ұлт өндірісінің мүддесіне бағындыруға болмайды. Мемлекеттік шығындарды қысқартпайтынша, яғни үстем режимнің дәкейлерінің мүдделерін бұзбайынша және салық жүйесін өзгертпейінше, яғни салықтың ауыр салмағының едәуірін буржуазияның жоғарғы тобының мойнына артпайынша, бұл тепе-теңдік қалай қалпына келтірілмек?

Ол ол ма, мемлекет борышкерлігі буржуазияның палаталар арқылы үстемдік етіп, заң шығарып отырған фракциясының мүддесіне *тікелей сай* келді. Оның қулық-сұмдық жасайтын және баюының аса манызды көзі де дәл осы мемлекеттік *дефицит* болды. Әрбір жыл өткен сайын — дефицит. Әрбір төрт немесе бес жыл өткен сайын — жаңа заем. Ал әрбір жаңа заем финансы аристократиясы мемлекетті тонауына қолайлы жаңа жағдай туғызып отырды, банкрот болу шегіне жеткізілген мемлекет банкирлерден өте қолайсыз шарттар арқылы заем алуға тиіс болды. Оның үстіне әрбір жаңа заем капиталын проценттік мемлекет қағаздарына айналдырған жұртты биржа операциялары арқылы тонауға қосымша мүмкіншілік берді, ал биржа операцияларының құпиясын үкімет пен парламент көпшілігі біліп отырды. Жалпы алғанда, мемлекеттік кредит жағдайының тұрақсыздығы және мемлекеттік құпияны білушілік банкирлерге және олардың палаталар мен тақта отырған сыбайластарына мемлекеттік құнды қағаздардың күрсінде кенет төтенше ауытқулар туғызуға мүмкіншілік берді; бұл ауытқулар толып жатқан төмендеу деген капиталистерді сөзсіз әрдайым күйретіп, ірі биржашыларды ғажап тез байытып отырды. Луи-Филипп патшалық етуінің соңғы жылдарында мемлекеттік *төтенше* шығындар Наполеон тұсындағыдан екі есе артып кеткен себебі мемлекет дефициті буржуазияның үстем фракциясының мүдделеріне сай келетіндіктен болды; бұл жыл сайын 400 миллиондай франкті жұтып отырды, ал Францияның бүкіл шетке шығаратыны орта есеппен жылына

* — сайлау правосымен пайдаланған адамдардың тобы, *Ред.*

750 миллион франкке әрең жететін. Осылайша, мемлекет қолынан өтіп отырған орасан көп сомалар мұның үстіне алаяқтық подряд, біреуді сатып алушылық, ұрлық және әртүрлі арамзалық болуына қолайлы жағдай туғызды. Заемдар кезінде мемлекет қаржысын көтере ұрлаушылық болса, қазыналық подрядта оның орнын жекелей ұрлау басты. Палата мен үкімет арасындағы катынаста болғанның бәрі жеке ведомстволар мен жске кәсіпкерлер арасындағы қатынастарда көптеп қайталанып отырды.

Жалпы мемлекеттік шығындар мен мемлекеттік заемдарды пайдаланғаны сияқты, үстем тап *темір жолдар құрылысын да* пайдаланды. Палаталар шығынның ауыр салмағын мемлекетке артып, жалдаптық жасаған финанс аристократиясының алтын жеміс теруін қамтамасыз етті. Көпшіліктің барлық депутаттары, оның ішінде министрлердің бір бөлегі темір жол құрылыстарына акционерлер ретінде мүдделі болғаны, заң шығарушылар ретінде кейін оны мемлекет есебінен салдырғаны кездейсоқ ашылып қалғанда депутаттар палатасында болған ұрыс-керіс жұрттың бәрінің есінде.

Ал мұның керісінше, ең болмашы финанс реформасы банкирлер қарсылығына тап болып, талқандалып отырды. Мысалы, *почта реформасы*. Ротшильд қарсы шықты. Өзінің бірден-бірге өсіп бара жатқан борышына процент төлеуге түсетін табыс көзіп тарылтуға мемлекеттің қалай батылы барсын?

Июль монархиясы француз ұлт байлығын пайдаланатын акционерлік компания болды, басқа түк те емес; оның дивиденттері министрлер, палаталар, 240 000 сайлаушы мен олардың құйыршықтары арасында бөлініп отырды. Луи-Филипп осы компанияның директоры такта отырған Робер Макер болды. Бұл система саудаға, өнеркәсіпке, егіншілікке, кеме қатынасына, июль күндерінде туына: *gouvernement à bon marché* — арзан үкімет болсын деген серт жазған өнеркәсіп буржуазиясының мүдделеріне ылғи қауіп төндіріп, зиян келтірді.

Финанс аристократиясы заңдар шығарып, мемлекетті басқарып, ұйымдасқан бүкіл қоғамдық өкіметті билеп отырғандықтан үстемдік етумен және баспасөздің көмегімен қоғам пікірін өзіне бағындырып алғандықтан, король сарайынан бастап *cafe borgne** дейін жезөкшелік, баяғы арсыз алдаушылық, өндіру жолымен емес, бөтеннің дайын байлығын жылпостықпен иемдену жолымен баюға құмарлық дәуірледі. Тап сол буржуазияның жоғарғы тобында қадам басқан сайын тіпті буржуазиялық заңдарға қайшы келіп отырған азғын, бұзық ындықұмарлық жүгенсіз кеткен түрінде, осы жалдаптықпен құралған байлық табиғатына сай қанағат табуын тілейтін түрінде жарыққа шықты, мұндайда ләззаттану азғындыққа айналады, ал ақша, ылас пен

* — ең төмен сатыдағы притондарға. *Ред.*

қан бір арнаға құйып жатады. Өзінің баю тәсілі жағынан да; ләззаттану сипаты жағынан да финанс аристократиясы — буржуазия қоғамының жоғарғы топтарында люмпен-пролетариат шығуының дәл өзі болып табылады.

Француз буржуазиясының өкіметке қатыспаған фракциясындағылар: «*Коррупция!*» деп шулады. 1847 жылы буржуазия қоғамының ең биік шыңында бәз-баяғы әдетте люмпен-пролетариатты азғындық үйшігіне, құдайханаға және жындылар үйіне, сотқа тартылуға, қаторғаға және дарға асылуға апарып соғатын сұмдықтар жұрт алдында істеліп жатқан кезде халық: «*A bas les grands voleurs! A bas les assassins!*»* деп шулады. Өнеркәсіптік буржуазия өз мүдделеріне қатер туды деп білді, ұсақ буржуазия намыстана ызаланды, халықтың ойы қатты ашынды. Парижді «*La dynastie Rothschild*»**, «*Les juifs rois de l'époque*»*** деген және басқа памфлеттер қаптады, онда бірде күшті, бірде осал тапқырлықпен финанс аристократиясының үстемдігі айыпталып, қарғы таңбасы басылды.

Биржа қуларының Франциясы өздерінің туларына: *Rien pour la gloire!***** Данқ ешбір пайда келтірмейді! *La paix partout et toujours!****** Соғыс үш-төрт проценттік қағаздардың бағасын түсіреді!— деген ұрандар жазды. Сондықтан оның сыртқы саясаты сан рет француздардың ұлттық намысын қорлауға айналды. Краковты Австрияға қосу⁵⁷, Польшаны талау осымен аяқталды, Зондербундтың⁹⁹ швейцариялық соғысында қаспәтті одақты⁷² Гизоның белсене жақтауы олардың ұлттық намысын ерекше қатты ашындырды. Швейцария либералдарының осы мардымсыз соғыста жеңіп шығуы Франциядағы буржуазиялық фракцияның өзіне деген мақтаныш сезімін көтерді, ал Палермодағы қан төгілген халықтық көтеріліс еңсесі түскен халық бұқарасына электр қуатындай әсер етті, сөйтіп оның ұлы революциялық істерін есіне түсіріп, жігерін тасытты*****.

Ақырында, *дүние жүзілік маңызы бар экономикалық екі оқиғаның* арқасында жаппай наразылық бүрк ете түсуі тездетіліп, кішінушілік енді көтеріліске айналды.

1845 және 1846 жылдардағы картоп індеті және егіннің шықпай қалуы халық ішінде жаппай қобалжушылықты күшейтті. Францияда, бүкіл континентте 1847 жылғы қымбатшылық қан-

* — «Жойылсын, дөкей ұрылар! Жойылсын, кісі өлтіргіштер!» Ред.

** «Ротшильдтер әулеті». Ред.

*** — «Өсімқорлар — заманымыздың корольдері». Ред.

**** — Данқ жолына кара бақыр берілмесін! Ред.

***** — Қалай да бейбітшілік орнасын! Ред.

***** Россия мен Пруссияның келісім беруі бойынша 1846 ж. 11 ноябрьде Австрияның Краковты аннексиялауы.— Зондербундтың 1847 жылғы ноябрьдің 4-нен 28-не дейінгі швейцариялық соғысы.— 1848 жылы 12 январьда Палермода болған көтеріліс; январьдың аяғында неаполитандардың қаланы тоғыз күн бойы бомбылауы. (1895 жылғы басылуына Энгельстің жазған ескертуі).

төгіс соқтығыстар туғызды. Финанс аристократиясының ұятсыз сауық-сайрандарымен қатар халықтың өмір сүруге ең қажетті заттар үшін күресі! Бюансте ашаршылық бүлігіне¹⁰⁰ қатысқандар өлім жазасына тартылса, Парижде король семьясы әбден тойынған алаяқтарды соттан құтқарып жатты!

Революцияның бұрқ етуін тездеткен екінші бір экономикалық ірі оқиға — Англиядағы *сауда мен өнеркәсіптің жаппай дағдарысы* болды. Бұл дағдарысты 1845 жылдың күзінде-ақ темір жол акциялары мен жалдаптық жасайтындардың жаппай банкрот болуы сездірген еді. 1846 жылы оны болашақта астық баж салығы жойылмақшы деген сияқты бірсыпыра кездейсоқ жағдайлар бөгеді, ақырында, ол 1847 жылдың күзінде Лондонның отарлық товарлар сататын ірі саудагерлерінің банкротқа ұшырауы түрінде лап ете түсті, бұған іле-шала егіншілік банктер күйреді және Англияның өнеркәсіптік округтерінде фабрикалар жабыла бастады. Бұл дағдарыстың бүкіл зардабы континентте түгелдей көрініс таппай жатып, февраль революциясы бұрқ ете түсті.

Сауда мен өнеркәсіпті жайлаған экономикалық індет финанс аристократиясының самодержавиесін бұрынғыдан бетер төзгісіз етті. Оппозициялық буржуазия палата көпшілігін өзіне қаратып, биржа министрлігін құлатуға жол ашарлықтай *сайлау реформасы* пайдасына бүкіл Францияда *банкет науқанын* жүргізді. Өнеркәсіп дағдарысының Парижде тағы бір зардабы болды: сол кездегі жағдайлар себебінен өз істерін енді шетелдік рыноктарда жүргізуге шамасы келмеген толып жатқан фабриканттар мен ірі саудагерлер ішкі рынокқа ентелеуге мәжбүр болды. Олар ірі фирмалар ашты, бұлардың конкуренциясы ұсақ бақалшылар мен дүкеншілерді топ-тобымен күйретті. Париж буржуазиясының бұл бөлсінде банкротқа ұшырау өте көп болуының және оның мінез-құлқы февраль күндерінде революцияшыл болуының себебі осыған байланысты. Гизо мен палаталар реформа жасау ұсынысына ашық қарсы шыққаны, Луи-Филипп Барро министрлігін тағайындауға бел байлағаны, бірақ бұл тым кеш істелгені, істің жайы халық пен армия соқтығысуына дейін барғаны, ұлттық гвардия⁸⁷ селкостық жасауы нәтижесінде армия қарусыздандырылғаны, ал Июль монархиясы орнын уақытша үкіметке беруге тиісті болғаны баршаға мәлім.

Февраль баррикадаларында туған *уақытша үкімет* өзінің құрамы жағынан сөз жоқ, жеңістің жемістерін өзара бөліскен түрлі партиялардың көрінісі болды. Ол үкімет күш қосып Июль монархиясын құлатқан, бірақ бірінің мүддесі бірінікіне қайшы *әртүрлі таптар арасындағы мәмлелесудің* дәл өзі болып шықпауы мүмкін емес еді. Үкіметтің *едәуір көпшілігі буржуазияның* өкілдері болды. Ледрю-Роллен мен Флокон республикашыл ұсақ буржуазияның өкілдері болды, республикашыл буржуазияның атынан «National!»¹⁰¹ адамдары, династиялық оппозиция

атынан — Кремьё, Дюпон де л'Эро, тағы тағылар өкілдік етті. Жұмысшы табының тек екі-ақ өкілі Луи Блан мен Альбер болды. Ақырында, Ламартин уақытша үкіметте белгілі бір нақты мүддені, белгілі бір тапты жақтаушы болған жоқ; ол нақ февраль революциясының бейнесі болды, жалған үмітті, поэзиялы, жорамал мазмұнды, сылдыр сөзді жаппай көтерілістің бейнесі болды. Айтпақшы, февраль революциясының бұл өкілі өзінің алатын орны, көзқарасы жағынан *буржуазияның* адамы болды.

Егер Париж саяси орталықтануының арқасында Францияға үстемдік етсе, жұмысшылар революциялық сілкіністер кездерінде Парижге үстемдік етті. Уақытша үкіметтің бірінші қадамы — табысқа мас болған Парижден парасатты Францияға сүйену арқылы осы басым ықпалдан құтылу әрекеті болды. Ламартин баррикада жауынгерлерімен республика жариялау правосына таласты. Мұны француз ұлтының көпшілігі ғана істей алады, оның дауыс беруін күту керек. Париж пролетариаты өзінің жеңісін узурпациямен былғамауы керек, — деді ол. Буржуазия пролетариатқа тек *бір-ақ* узурпация — күрес узурпациясын жасауға рұқсат етеді.

25 февраль күні түсте республика әлі жарияланбаған еді, ал мұның есесіне министр портфельдері уақытша үкіметтің буржуазиялық элементтері арасында да, және «National» төңірегіне топтасқан генералдар, банкирлер және адвокаттар арасында да түгелдей бөлініп үлгірген еді. Ал жұмысшылар бұл жолы 1830 жылғы июльдегідей алдамшылыққа жол бермеуге бел байлады. Олар күресті қайта бастауға, республиканы қарудың күшімен орнатуға дайын тұрды. Мұны мәлімдеу үшін *Распайль* ратушаға тартты. Ол Париж пролетариаты атынан уақытша үкіметке республика жариялауды *бұйырды*; егер халықтың бұл жарлығы екі сағат ішінде орындалмаса, онда 200 000 адамды бастап қайта келемін деді. Қаза тапқан күрескерлердің денесі әлі суынып үлгірмеген, баррикадалар әлі жиналмаған, жұмысшылар әлі қарусызданбаған еді, ал жұмысшыларға қарсы қоюға болатын бірден-бір күш — ұлттық гвардия еді. Осындай жағдайда уақытша үкіметтің мемлекеттік парасаттылығы мен заңшыл тыраштығы табанда жоқ болды. Екі сағат мерзім өтпей-ақ Париждің барлық қабырғаларында:

Republique frangaise! Liberté, Egalité, Fraternite!* деген тарихи ұлы сөздер көз тартты.

Жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде республика жарияланған соң буржуазияны февраль революциясына итермелеген өрісі тар мақсаттар мен желеулерді еске түсірудің өзі де жойылды. Буржуазияның азын-аулақ кейбір жеке фракцияларының орнына француз қоғамының барлық таптары бірден саяси өкі-

* Француз республикасы! Бостандық, Теңдік, Туысқандық! *Ред.*

метке қатысып кетті, олар ложаларын, партерлерін және галереясын тастап, қатысты адамдар есебінде революциялық сахнаға шығуға мәжбүр болды. Конституциялық монархиямен бірге мемлекеттің буржуазия қоғамынан тәуелсіз болып көрінуі де жоғалды, ал мұнымен бірге осы жалған елестен туған толып жатқан болымсыз соқтығысулар да жоғалды!

Республиканы қабылдауға уақытша үкіметті, ал ол арқылы бүкіл Францияны мәжбүр етіп, пролетариат дербес партия ретінде дереу бірінші қатарға шықты, бірақ ол сонымен бірге бүкіл буржуазиялық Францияны өзіне қарсы күреске шығарды. Ол тек революциялық жолмен бостандық алу жолындағы күресі үшін негіз ғана жасады, ал дәл бостандықтың өзіне жете алған жоқ.

Ал февраль республикасы бәрінен бұрын *буржуазия үстемдігінің неғұрлым толық етуге* тиіс еді: республиканың арқасында финанс аристократиясымен қатар саяси өкіметке *барлық дәулетті таптар* қатысатын болды. Республика ірі жер иелерінің көпшілігін, легитимистерді⁵³ Июль монархиясы кіріптар еткен саяси кемтарлықтан құтқарды. Оппозиция газеттерімен бірге «Gazette de France»¹⁰² үгіт жүргізгені тегін емес, депутаттар палатасының 24 февральдағы мәжілісінде Ларошжаклен революция жағына шыққанын жариялағаны тегін емес. Жалпыға бірдей сайлау правосы Францияның тағдырын француз халқының орасан көпшілігі болып отырған шын меншік иелеріне — *шаруалардың* қолына берді. Ақырында, февраль республикасы капитал бүркеніш еткен тақты қиратып, буржуазияны ашықтан-ашық үстемдік құруға жеткізді.

Жұмысшылар июль күндерінде *буржуазиялық монархияны* жеңіспен орнатқаны сияқты, енді олар февраль күндерінде *буржуазиялық республиканы* орнатты. Июль монархиясы лажсыз өзін *республикалық мекемелер жасақтаған монархия* деп жарияласа, сол сияқты февраль республикасы да өзін *элеуметтік мекемелер жасақтаған республика* деп жариялауға мәжбүр болды. Париж пролетариаты бұл жеңілдікті де *күшпен алды*.

Жорық, жұмысшылар зорлап декрет жазғызды, онда жаңа ғана құрылған уақытша үкімет жұмысшылардың еңбек арқылы күнелтуін қамтамасыз етуге, барлық азаматтарға жұмыс тауып беруге, т. т. міндетті болды. Ал бірнеше күннен кейін үкімет өзі берген уәдені ұмытып, пролетариатты мүлде есінен шығарған тәрізді болған кезде 20 000 жұмысшы: *Еңбек ұйымдастырылсын! Арнаулы еңбек министрлігі ұйымдастырылсын!* деп ұрандап, ратушаға қарай жөңкіді. Уақытша үкімет ұзақ жарыс сөзден кейін амалсыздан арнаулы тұрақты комиссия тағайындап, оған еңбекші таптардың тұрмыс жағдайын жақсартуға керекті қаражат *табуды* тапсырды. Бұл комиссия Париждің колөнершілер корпорациясы өкілдерінен құралды, оны Луи Блан мен Альбер басқарды. Комиссияның мәжіліс құруына Люксембург сарайы берілді.

Сөйтіп жұмысшы табының өкілдері уақытша үкімет мәжіліс құратын үйден қуылды, сөйтіп үкіметтің буржуазиялық бөлегі нағыз мемлекеттік өкімет пен басқару тізгінін бірыңғай өз қолына алды. Финанс, сауда және қоғамдық жұмыс министрліктерімен *қатар*, банк және биржалармен *қатар социалистік синагога* орнады. Оның алғашқы священниктері — Луи Блан мен Альбер жерұйық ашып, жаңа інжіл жариялауға және Париж пролетариатына жұмыс тауып беруге міндетті еді. Әдеттегі мемлекеттік өкімет атаулыдан бұлардың айырмашылығы сол, мұнда ешқандай бюджет, ешқандай атқару билігі болған жоқ. Олар буржуазиялық құрылыстың тіректерін өз шекесімен қиратуға тиіс болды. Люксембург сарайында философиялық асыл тас ізделіп жатқанда, ратушада айырбаста жүрген ақша жасалып жатты.

Алайда, айта кету керек, Париж пролетариатының талаптары буржуазиялық республиканың шеңберінен шығып кеткендіктен, ол Люксембург комиссиясының бұлдыр формасында болмаса, басқаша түрде шынында да іске аса алмайтын еді.

Жұмысшылар февраль революциясын буржуазиямен бірігіп жасады; олар енді өз мүдделерін буржуазиямен *қатар* отырып қорғауға тырысты, өйткені буржуазиялық көпшілікпен *қатар* уақытша үкіметтің өзіне бір жұмысшыны отырғызды ғой. *Еңбек ұйымдастырылсын!* Бірақ жалдама еңбек дегеніміз сол кезде-ақ буржуазиялық жолмен ұйымдастырылған еңбектің дәл өзі еді. Мұнсыз капитал да, буржуазия да, буржуазиялық қоғам да болмақ емес. *Арнаулы еңбек министрлігі болсын!* Ал финанс, сауда және қоғамдық жұмыс министрліктері *буржуазиялық* еңбек министрліктері емес пе? Бұлармен *қатар* тұрған *пролетарлық* еңбек министрлігі тек дәрменсіздік министрлігі, ізгі тілек министрлігі, Люксембург комиссиясы ғана болып шығар еді. Буржуазиямен тізелес отырып бостандық аламыз деп сенген жұмысшылар сонымен қатар өзінің пролетарлық революциясын басқа буржуазиялық ұлттармен тізелес отырып, Францияның ұлттық шеңберінде жүзеге асырамыз деп те дәмеленді. Бірақ Францияның өндірістік қатынастары оның сыртқы саудасына, оның дүние жүзілік рыноктағы жағдайына және осы рыноктың заңдарына байланысты еді. Дүние жүзілік рынокта әмірші болып отырған Англияға қатты әсер ететін европалық революциялық соғыс туғызбайынша, Франция бұларды бұза алар ма еді?

Қоғамның революциялық мүдделері қолына шоғырланған тап көтеріліс жасаса, ол өзінің революциялық әрекетіне керекті мазмұн мен материалды нақ өз жағдайынан тауып алады: ол жауларын жояды, күрестің мүдделері талап еткен шараларды қолданады, ал өз қимылдарының нәтижелері оны бұдан да әрі итермелей түседі. Ол өз міндеттерінің жайын ойша зерттеу ісімен алданбайды. Француз жұмысшы табы мұндай жағдайда

болған жоқ, ол өз революциясын жүзеге асыруға әлі қабілетсіз болды.

Жалпы алғанда өнеркәсіп пролетариатының дамуы өнеркәсіп буржуазиясының дамуына байланысты. Өнеркәсіп пролетариаты өнеркәсіп буржуазиясының үстемдігі тұсында ғана ұлттық көлемде, революциясын ұлттық революция дәрежесіне көтерерлік көлемде кең өмір сүреді, ол өндіріс құрал-жабдықтарын тек осы буржуазияның үстемдігі тұсында ғана жасайды. Бұл сонымен бірге пролетариаттың революциялық жолмен азаттық алуына да құрал болады. Тек осы буржуазияның үстемдігі ғана феодалдық құрылыстың материалдық тамырын жұлады және пролетариат революциясына бірден-бір мүмкіншілік туғызатын жағдай жасайды. Француздың өнеркәсібі — бүкіл континентте ең дамыған өнеркәсіп, ал француз буржуазиясы — ең революцияшыл буржуазия. Ал февраль революциясы тура финанс аристократиясына қарсы бағытталған жоқ па еді? Бұл факт өнеркәсіп буржуазиясы Францияда үстем болмағанын көрсетті. Өнеркәсіп буржуазиясының үстемдігі меншіктілік қатынастардың бәрін қазіргі заманғы өнеркәсіп өзінше қайта құрған жерде ғана орнай алады; ал мұндай күшею дәрежесіне өнеркәсіп тек дүние жүзілік рынокты бағындырғанда ғана жете алады, өйткені ұлттық шеңбер оның дамуына жеткіліксіз болады. Ал француз өнеркәсібі тіпті ішкі рыноктың өзін тыйым баж салығының азды-көпті өзгертілген жүйесі арқасында ғана ұстап отыр. Сондықтан француз пролетариаты революция кезінде Парижде шамасынан асыра, әрі итермелейтін шынайы күш пен ықпалға ие болса, тек жекелеген, бытыраңқы өнеркәсіп орталықтарында шоғырланғандықтан, ол Францияның қалған жерлерінде шаруалар мен ұсақ буржуазияның басым көпшілігі арасында жоғалып кетеді дерліктей еді. Капиталға қарсы қазіргі заман формасындағы, дамыған, ең жоғарғы фазаға жеткен күрес, өнеркәсіптік жалдама жұмысшының өнеркәсіптік буржуаға қарсы күресі Францияда барлық жерді қамтыған жоқ. Дегенмен бұл күрестің февраль күндерінен кейін революцияға жалпы ұлттық мазмұн беруіне мүмкіншілігі бар еді, капиталистік қанаудың екінші дәрежелі тәсілдеріне қарсы күрес — шаруаның өсімқорлық пен ипотекаға қарсы күресі, ұсақ буржуазияның ірі саудагерге, банкирге және фабрикантқа, қысқасы, банкроттыққа қарсы күрес — финанс аристократиясына қарсы жаппай көтерілістің тасасында әлі жасырын жатты. Сондықтан Париж пролетариатының өз мүдделерін бүкіл қоғамның революциялық мүддесі ретінде көтеру орнына буржуазиялық мүдделермен қатар қойып жақтауға тырысқандығы таңырқарлық нәрсе емес; оның қызыл туды үш түсті тудың¹⁰³ алдына әкеп игені де таңқаларлық нәрсе емес. Революцияның барысы пролетариат пен буржуазияның арасын-

да тұрған ұлт бұқарасын, шаруалар мен ұсақ буржуазияны қашан буржуазиялық құрылысқа, капитал үстемдігіне қарсы көтергенге дейін, сөйтіп оларды пролетариатқа қосылуға, пролетариатты өзінің алдыңғы саптағы күресшісі деп тануға мәжбүр еткенге дейін француз жұмысшылары бір қадам да алға баса алмады, буржуазиялық құрылысты титтей де тенселте алмады. Жұмысшылар бұл жеңіске тек июньдегі сұмдық жеңілістің⁴¹ арқасында ғана қолы жетті.

Париж жұмысшылары құрған Люксембург комиссиясының сіңірген еңбегі: ол еуропалық трибуна биігінен ХІХ ғасыр революциясының жасырын сырын — *пролетариаттың азаттыққа жететінін* ашты. Сол күнге дейін социалистердің күмәнді шығармаларында көміліп келген және буржуазияға қайдағы бір алыс ертегі тәрізді көрінген жартылай қорқынышты, жартылай күлкілі болып, анда-санда бір естілген «жабайы сандырақтарды» ресми түрде насихаттауға тура келгені «Moniteur»¹⁰⁴-ні қатты ұялтты. Таңқалған Европа буржуазиялық шала-шарпы қалғуынан кенет оянды. Сөйтіп, финанс аристократиясын жалпы буржуазиямен шатастырған пролетарлардың түсінігіне; таптардың өмір сүруінің өзін бекер деген немесе оларды ең әрі кеткенде конституциялық монархияның салдары деп есептеген республикашыл аңқаулардың жорамалына; буржуазияның бұрын биліктен қағылып келген топтарының екіжүзді сөздеріне қарағанда, — республиканың орнауымен бірге *буржуазия үстемдігі* жойылған болып шықты. Ол кезде роялистердің бәрі республикашылдарға, ал Париждің барлық миллионерлері — жұмысшыларға айналды. Тап катынастары жойылды деген осы жорамалға сәйкес келген сөз: *fraternité* — жаппай бауырласу және туысқандық деген сөз болды. Осылай таптық қайшылықтарды тәтті қиялмен жою, осылай қарама-қарсы таптық мүдделерді жарастыру көңілшектігі, осылай қиялға салынып тап күресінен жоғары тұру, бір сөзбен айтқанда, *fraternité*, — февраль революциясының шын ұраны, міне, осы болды. Қоғамды таптарға бөлген тек жай *түсініспеушілік* делінді, әне сондықтан 24 февральда Ламартин уақытша үкіметке «*un gouvernement qui suspende ce malentendu terrible qui existe entre les differentes classes*»* деп ат қойып, айдар тақты. Париж пролетариаты осындай жаппай туысқандықтың асқан шабытына мээ болды.

Өз кезегінен, республика жариялауға мәжбүр болған уақытша үкімет оны буржуазия үшін де, провинциялар үшін де қолайлы етуге барлық күшін салып бақты. Ол саяси қылмыс үшін өлім жазасын қолдануды жойып, бірінші француз республикасының қанды сұмдықтарынан бас тартты; баспасөзде барлық

*—«*әртүрлі таптар арасында орын тепкен масқара түсініспеушілікті жарастыратын үкімет*». Ред.

көзқарастарды еркін жақтауға болатын болды; армия, сот, администрация — біразынан басқаларды бұрынғы сановниктердің қолында қалды; Июль монархиясының ірі-ірі қылмыстыларының бірде-біреуі жауапқа тартылмады. «National»-дың буржуазиялық республикашылдары монархиялық есімдері мен костюмдерін ескі республикалық түрге ауыстырып мээ-майрам болысты. Олар үшін республика тек ескі буржуазиялық қоғам сауық кешке киетін жаңа костюм ғана болды. Жас республика өзінің мақсатын — ешкімді қорқытпау, қайта, барлығынан өзі қорқып, көңіштік және қарсыласпау арқылы өзінің өмір сүруін қорғап, жауларды жуасыту деп білді. Ол ел ішіндегі пұрсатты таптарға және басқа елдердегі озбырлық державаларға өзінің бейбітшілікті сүйетіндігін ескерткен болып жатты: өзін де тыныш бол, өзгеге де тыныштық бер — республиканың ұраны, міне, осы дегендей болды. Нақ сол кезде, февраль революциясынан кейін іле-шала немістер, поляктар, австриялықтар, венгерлер, итальяндар көтеріліс жасады, — әрбір халық өз халдерінің ерекше жағдайларына сай көтерілді. Россия мен Англия дайын болмай шықты, қозғалыс Англияның өзінде де болды, ал Россия қозғалыстан қатты шошынды. Сонымен, республика өз жолында бірде-бір *жалпы ұлттық* жау кездестірген жоқ. Демек, жігер қоздыратын, революциялық процесті тездететін, уақытша үкіметті алға итермелеп немесе оны сыртқа теуіп тастайтын сыртқы ірі шиеленістер болмай шықты. Париж пролетариаты республиканы өз перзентім деп біліп, әрине, уақытша үкіметтің буржуазия қоғамында өз жағдайын нығайтуына көмектескен әрбір адамын құттықтап отырды. Ол Париждегі меншіктерді қорғау жөнінде Коссидьерге бар ықыласымен полициялық қызмет етті және жұмысшылар мен қожайындар арасындағы жалақы жөніндегі таластарды жайғастыру ісін Луи Бланнның билігіне берді. Ол Европа алдында республиканың буржуазиялық абыройын кіршіксіз сақтауды өзі үшін *d'honneur** деп есептеді.

Республика сырттан да, іштен де ешқандай қарсылық кездестірген жоқ. Мұның өзі оны бейқам етті. Енді оның міндеті қоғамды революциялық жолмен қайта құру емес, қайта буржуазиялық қоғамның жағдайларына өзін бейімдеу болды. Уақытша үкіметтің бұл міндетті орындауға қандайлық фанатизммен кіріскенін алдымен оның *финанс жөніндегі шаралары* жақсы көрсетеді.

Мемлекеттік кредит пен жеке кредит, әрине, бүлінген болатын. *Мемлекеттік кредит* — мемлекет өсімқор-финансистердің қанауына көнеді деген сенімге сүйенеді. Бірақ ескі мемлекеттің қарасы өшті, ал революция бәрінен бұрын финансист аристократиясына қарсы бағытталды. Европалық соңғы сауда

* — абырой мәселесі. *Ред.*

дағдарысының ұстамасы әлі басыла қойған жоқ. Бір банкрот үстіне екіншісі болып жатты.

Сонымен, *жеке кредит* тұралады, товар айналымы қиындады, өндіріс февраль революциясы басталмай тұрып-ақ әлсіреген болатын. Революциялық дағдарыс сауда дағдарысын күшейтті. Егер жеке кредит буржуазиялық өндірістік қатынастардың бүкіл комплексі, бүкіл буржуазиялық құрылыс сол күйінде сақталады, оған ешкім қол сұқпайды деген сенімге сүйенетін болса, сонда буржуазиялық өндіріс негізінің өзіне, пролетариаттың экономикалық құлдықта болуына қауіп туғызған революция,— Люксембург сфинксін биржаға қарсы қойып отырған революция бұл кредитке қандай әсер етуге тиісті еді? Пролетариаттың азаттық алуы — буржуазиялық кредитті жоюмен бара-бар, өйткені пролетариаттың азаттық алуы — буржуазиялық өндіріс пен буржуазиялық құрылысты жою болып табылады. Мемлекеттік кредит пен жеке кредит — революцияның қауыртығын көрсететін экономикалық термометр. *Кредиттің кему мөлшеріне қарай революцияның шарықтауы көтеріліп, оның творчестволық күші өсе береді.*

Уақытша үкімет республиканың антибуржуазиялық пердесін сыпырып тастағысы келді. Бұл үшін бәрінен бұрын мемлекеттік жана форманың *айырбас құнын*, оның биржалық *курсын* қамтамасыз ету керек болды. Республикаға биржа котировкасымен бірге жеке кредит қайтадан көтерілуі қажет болды.

Республика монархиядан мұра ретінде алған міндеттерін орындағысы келмейді немесе орындай алмайды дегендей *шұбәланушылықтың* өзін болдырмау үшін, республиканың буржуазиялық ар-абыройына және төлем төлеуге қабілеттілігіне жұртты сендіру үшін уақытша үкімет әрі абыройсыз, әрі балалық мактанға барды. Ол заңды мерзімі *жетпей тұрып* мемлекет кредиторларына 5-, 4¹/₂ және 4 проценттік құнды қағаздар бойынша процент төледі. Сенімін асып-сасып тез сатып алуға ұмтылуын көрген капиталистер бүкіл буржуазиялық менмендігі мен мардамсуына бірден-ақ қайта басты.

Қолындағы ақша қорын тауысқан бұл жағымпаздық әрекет уақытша үкіметтің ақша жөніндегі қиыншылықтарын, әрине, азайтқан жоқ. Ақша мұқтаждығын ұзақ уақыт бойы жасырып отыруға болмайтын болып шықты, сондықтан мемлекет кредиторларына жасалған жақсылық үшін *ұсақ буржуазияның, үй қызметшісі мен жұмысшылардың* өз қалтасынан төлеуіне тура келді.

Сақтық кассаларының книжкалары бойынша нақтылай 100 франктен артық ақша берілмейді деп жарияланды. Сақтық кассаларына салынған сомалар конфискеленді және үкіметтің декреті бойынша төленуге жатпайтын мемлекеттік борышқа айналдырылды. Мұның өзі онсыз да қысылыңқы күйде отырған

ұсақ буржуазияны республикаға қарсы өшіктірді. Сақтық книжкасы орнына мемлекеттік борыш міндеттемелерін алған ұсақ буржуазия бұларды биржада сатуға, сөйтіп февраль революциясы қарсы шыққан бәз-баяғы алпауыт өсімқорлардың қолына түсуге мәжбүр болды.

Банк Июль монархиясында үстемдік еткен финанс аристократиясының храмы болды. Биржа мемлекеттік кредитті қолында қалай ұстаса, банк *сауда кредитін* нақ осылай басқарады.

Февраль революциясы банктің үстемдігіне ғана емес, сонымен бірге оның өмір сүруінің өзіне тікелей қауіп төндірді, сондықтан банк кредит бере алмаушылықты жаппай жағдайға айналдырып, әуелден-ақ республиканың беделін түсіруге тырысты. Ол банкирлерге, фабриканттарға және көпестерге кредит беруді кенет жауып тастады. Бұл айла дереу контрреволюция туғыза алмай, сөз жоқ, банктің өзіне соққы болып тиді. Банктің подвалдарында сақтаулы жатқан ақшаларын капиталистер қайтып алды. Банкнот нелері оны алтын мен күміске айырбастап алу үшін банктің кассасына жүгірді.

Уақытша үкімет әбден заңды түрде, күш жұмсап араласпай-ақ банкті *банкрот болуға* мәжбүр ете алатын еді; оған тек селқос қарап, банкті өз тағдырының еркіне жіберу керек болды. *Банктің банкрот болуы* — Июль монархиясының алтын тірегі, республиканың ең күшті және ең қауіпті жауы болған финанс аристократиясынан француз топырағын қас қаққанша тазартатын тасқын болар еді. Егер банк банкрот болған күнде үкіметтің ұлттық банк құрып, ұлт кредитін ұлт бақылауына бағындырса, мұны буржуазияның өзі де аман қалудың ақырғы жанталас әрекеті деп тануға тиісті болар еді.

Бірақ мұны істеудің орнына уақытша үкімет зорлап, *банкнот құрсын* белгіледі. Ол ол ма. Ол барлық провинциялық банктерді француз банкінің филиал бөлімшелеріне айналдырды, сөйтіп оған торын бүкіл Францияға жаюға мүмкіншілік берді. Кейін ол банктен заем алып, кепілдік ретінде банкке *мемлекеттік орман-тоғайларды* ұстатты. Сонымен, февраль революциясы баяғы өзі құлатуға тиіс болған банк билігін тікелей нығайтып, әрі ұлғайтты.

Оның бер жағында өсіп келе жатқан дефициттің салмағынан уақытша үкімет барған сайын майыса түсті. Үкімет патриоттық жылу сұрап, босқа тіленді. Оған садақа тастаған тек жұмысшылар ғана болды. Тәуекел тәсіліне жармасуға — *жаңадан салық* салуға тура келді. Ал оны кімге салу керек? Биржа бөрілеріне, банк корольдеріне, мемлекет кредиторларына, рантиеге, өнеркәсіп нелеріне салу керек пе? Бірақ бұл жолмен республиканы буржуазияға жақсы көрінішті ете алмайсын. Мұның өзі бір қолмен мемлекеттік және сауда кредитіне соншама қорланды-

ратын құрбандықтар жасалса, екінші қолмен оны күйрету болған болар еді. Бірақ әйтеуір біреу қалтасын қақтауы керек қой. Сонда буржуазия кредитінің құрбандығына шалынған кім болды? Jacques Bonhomme*, шаруа болды.

Уақытша үкімет төрт тура салықтың төртеуі бойынша әрбір франкке 45 сантиммен қосымша салық салды. Үкімет баспасөзі бұл салық ең алдымен ірі жер иелігіне, Реставрация сыйлаған миллиард¹⁰⁵ иелеріне салынады, деп Париж пролетариатын алдап бакты. Ал шынында бұл салық ең алдымен шаруаларға, яғни француз халқының орасан көпшілігіне салынды. *Февраль революциясының шығындарын шаруалардың көтеруіне тура келді*,— сөйтіп олар контрреволюцияның басты армиясы болып шықты. 45 сантимдік салық француз шаруасы үшін өмір мәселесі болды, ал бұл мәселені шаруа, өз кезегімен, республика үшін өмір мен өлім мәселесі етті. Осы кезеңнен бастап француз шаруасына *республика 45 сантимдік салық* болып көрінді, ал Париж пролетариаты шаруаның есесіне шайқақтаған ысырапқор болып көрінді.

1789 жылғы революция шаруаларды феодалдық міндеттердің ауыртпалығынан құтқарудан бастаған болса, 1848 жылғы революция капиталға зиянын тигізбеу үшін және оның мемлекеттік машинасының қарымын қамтамасыз ету үшін өз ісін село халқына жана салық салудан бастады.

Бұл қиыншылықтардың барлығын жою үшін және мемлекетті ескі жолдан шығару үшін уақытша үкіметтің тек бір ғана жолы болды, атап айтқанда, ол *мемлекеттің банкрот болғанын жариялау* еді. Биржа өсімқоры, қазір француздың финансы министрі болып отырған Фульдтің осы тәрізді ұсынысын жақсылық ойлаған ашумен теріске шығардым деп Ледрю-Ролленнің Ұлттық жиналыстың алдында көкігені жұрттың бәрінің есінде. Асылында, Фульдтің оған берген ақылы өзезілдің ақылы еді.

Ескі буржуазиялық қоғамның мемлекетке берген вексельдерін мойындап, уақытша үкімет оған бағынышты болып шықты. Революцияның ескі борыштарын өндіруші айбынды кредитор болып келудің орнына ол буржуазиялық қоғамның шатасқан борышкері халіне түсті. Тек буржуазиялық қатынастар шеңберінде ғана орындалатын міндеттемелерді атқару үшін ол әлсіреген осы қатынастарды нығайтуға тиісті болды. Кредит оның өмір сүруінің қажетті шартына айналды, ал пролетариатқа жасаған жеңілдіктер мен оған берген уәделер — *бұғауға* айналды, оны қайткен күнде де талқандау *керек* болды. Жұмысшыларды азат ету — тіпті оны тек сөз қылудың өзі — жана республика үшін төзгісіз қауіпке айналды, өйткені мұның өзі кредитті қайтадан қапына келтіруге ылғи қарсы қойылып

* — Ашық ауыз-Жақ (кпіркенішті ат, Францияда дворяндар шаруаларды осылай атаған). *Ред.*

келген талап еді, ал кредит өмір сүріп отырған экономикалық таптық қатынастарды мызғымастай берік мойындауға негізделген. Сондықтан *жұмысшылардың жайын табу керек болды*.

Февраль революциясы армияны Парижден айдап шықты. Бірден-бір әскери күш — ұлттық гвардия, яғни буржуазияның алуан түрлі топтары болды, бірақ ол пролетариаттың жайын табуға күшім әбден жетеді деп сенбеді. Оның үстіне қатты қарсыласудан кейін, жүздеген түрлі кедергілер жасаудан кейін ол өз қатарына аз-аздап, біртіндеп қарулы пролетарлар енуіне жол ашуға мәжбүр болды. Сонымен тек бір-ақ жол: *пролетарлардың бір бөлегін екіншісіне қарсы қою қалды*.

Осы мақсатты көздеп уақытша үкімет 15 тен 20 жасқа дейінгі жастардан *24 жедел гвардия* батальонын құрды, әрбір батальонда мың адамнан болды. Бұлардың көпшілігі *люмпен-пролетариат* еді, ал люмпен-пролетариат үлкен қалалардың бәрінен табылады және оның өнеркәсіп пролетариатынан үлкен айырмашылығы бар. Түрлі ұрылар мен қылмыстылар шығатын бұл топ — қоғам дастарханынан қалған қалдықтармен күнелтетіндерден, нақтылы жұмысы жоқ адамдардан, қаңғыбастардан — *gens sans feu et sans aveu*-ден құралды; олар бір-бірінен өз ұлтының мәдениет дәрежесіне байланысты ерекшеленеді, бірақ олар қай жерде болса да және қашан да болса лаццарондар¹⁰⁶ кейлінде болады. Уақытша үкімет ақыл тоқтатпаған кезінде жастай әскерге алған тұста олар асқан ерлік көрсетуге және жанын құрбан етуге қабілетті болды, бірақ сонымен бірге нағыз онбаған қарақшылық істер істеуге де, нағыз былғанышты сатқындыққа да бейім тұрды. Уақытша үкімет оларға күніне 1 франк 50 сантим төледі, яғни сатып алды. Үкімет оларға ерекше мундир кигізді, яғни сырт көрінісін блузниктерден өзгешеледі. Бұларға командирлердің бір бөлегін тұрақты әскер офицерлерінен берді, екінші бөлегін буржуазияның отан үшін өлу, республикаға шын берілу дегендей көпірме сөздері ұйытып алған жас жігіттерін өздері сайлап алатын болды.

Сөйтіп, Париж пролетариатына оның өз ішінен жиналған 24 000 жас, мықты өжет адамдардан құрылған армия қарсы тұрды. Жедел гвардияны Париж көшелерінде пролетариат дүрілдете *«уралаған»* айқаймен қарсы алды. Бұл ол гвардияны баррикадаларда алдыңғы сапта болатын күрескерлеріміз деп білді. Ол мұны буржуазияның ұлттық гвардиясынан бөле қарап, *пролетарлық* гвардия деп есептеді. Оның бұл қатесі кешірерлік кате еді.

Үкімет жедел гвардиямен қатар өнеркәсіптік жұмысшылар армиясын өз төңірегінде ұстамақ болды. Министр Мари дағдарыс пен революция нәтижесінде көшеге қуылған жүз мың жұмысшыны ұлттық шеберхана дейтіндерге енгізді. Бұл даурықпа атақтың астарында жалақысына 23 су беріп, жұмысшыларды

мезі қылатын, бір сарынды, өнімсіз *жер қазу* жұмысына пайдалану сыры жатыр еді. Бұл ұлттық шеберхана дейтіндер — *ашық даладағы ағылшын жұмыс үйлері*¹⁰⁷ тәріздес еді. Уақытша үкімет бұдан *жұмысшылардың өздеріне қарсы тұратын пролетарлық екінші бір армия* таптым деп түйді. Жұмысшылар жедел гвардия жөнінде қандай қателескен болса, бұл жолы буржуазия ұлттық шеберханалар жөнінде де нақ сондай қателесті. Ол *бүлік армиясын* құрған еді.

Бірақ *бір* мақсат орындалды.

Луи Блан Люксембург сарайында уағыздаған халық шеберханалары — *ұлттық шеберханалар* деп аталатын. Маридың шеберханалары люксембург жоспарларына тура *қарама-қарсы* келетін жоспар бойынша құрылды, бірақ таққан белгілері бірдей болғандықтан, олар үй қызметшілерінің қулық-сұмдықтарын көрсететін испан комедиясындағыша қателер қақтығысын туғызуға себепші болды. Осы ұлттық шеберханаларды шығарған Луи Блан деп уақытша үкіметтің өзі жасырын сыбыс таратты, ал мұның шындыққа жанас көрінетін бір себепсі: ұлттық шеберханалардың пірі болған Луи Блан уақытша үкіметтің мүшесі болатын. Екі нәрсені жартылай аңқаулықпен және жартылай әдейі шатастырған Париж буржуазиясы үшін, Франция мен Европаның қолдан боялған қоғамдық пікірі үшін бұл жұмыс үйлері социализмді жүзеге асырудың бірінші қадамы болып көрінді, сөйтіп бұлармен қосақталып социализм масқаралау бағанасына танылды.

Ұлттық шеберханалар өзінің мазмұны жағынан болмағанымен, аты жағынан пролетариаттың буржуазиялық өнеркәсіпке, буржуазиялық кредитке және буржуазиялық республикаға қарсы наразылығының тұлғасы болды. Сондықтан буржуазияның бүкіл әшпенділігі осы шеберханаларға төнді; буржуазия февраль елестінен ашықтан ашық қол үзерліктей болып нығайысымен өз соққысын жұмсайтын пункт осы шеберханалар деп білді. *Ұсақ буржуалар да* бүкіл наразылығын, бүкіл ренішін ұлттық шеберханаларға жапты, көзделетін жалпы нысанасы солар болды. Өз халдері күн санап төзгісіз ауырлап отырған ұсақ буржуа арамтамақ-жұмысшылар каншама ақшаны жалмап жатқанын тістене-тістене есептеді. Социализм дегеніміз — алдамшы жұмысқа мемлекеттік пенсия беру екен ғой! — деп кішінді олар ішінен. Олар өз халінің нашарлау себебін ұлттық шеберханалардан, Люксембург декларацияларынан, Париж жұмысшыларының көше демонстрацияларынан көрді. Сондықтан коммунистердің айласы дейтінге қарсы күресте өмірден күдер үзген, банкрот болудың табалдырығында тұрған ұсақ буржуадай қанына қарайған ешкім болған жоқ.

Сонымен, буржуазия мен пролетариат арасындағы болашақ айқасуда артықшылықтың бәрі, ең маңызды позициялардың

бәрі, қоғамның орта жіктерінің бәрі буржуазияның қолында болды. Ал нақ осы кезде февраль революциясының толқыны континентте аспанға шапшып жатты, почта келген сайын не Италиядан, не Германиядан, не Европаның шеткі оңтүстік-шығысынан революциялық хабарлар жетіп жатты, сөйтіп бұл жеңістің соны дәлелдерін әкеліп, халықтың жаппай кенелуіне дем берді, ал бұл жеңістердің жемісі халықтың қолынан сол кездің өзінде-ақ шыға бастаған болатын.

17 март пен 16 апрель буржуазиялық республиканы бүркеніп жатқан ұлы тап күресінің алғашқы шайқастары болды.

17 мартта пролетариаттың ешқандай үзілді-кесілді қимыл жасауына жол бермеген екі ұшты жағдайы ашылды. Пролетариат демонстрациясының алғашқы мақсаты — уақытша үкіметті революция жолына қайта салу, керек болған ретте оны өз арасынан буржуазиялық мүшелерді шығаруға және Ұлттық жиналыс пен ұлттық гвардияны сайлайтын күнді кейінге қалдыруға мәжбүр ету болды. Бірақ ұлттық гвардиядағы буржуазия 16 мартта уақытша үкіметке қарсы демонстрация жасады. Олар «à bas Lehu-Rollin!»* — деп айқайлап, ратушаға қарай беттеді. Мұның өзі халықты 17 мартта: «Ледрю-Роллен жасасын! Уақытша үкімет жасасын!» — деп ұрандауға мәжбүр етті. Буржуазияға тойтарыс беру үшін халық буржуазиялық республиканы арашалауына тура келді, оған қатер төнді деп білді. Халық уақытша үкіметті өзіне бағындыру орнына оның халін нығайта түсті. 17 март күйкі көрініспен аяқталды. Рас, бұл күні Париж пролетариаты өзінің алып күшін тағы да көрсетті, бірақ мұның өзі тек уақытша үкіметтің ішіндегі және онан тысқарғы буржуазияның пролетариатты күйрету керек деген шешімін нығайта түсті.

16 апрель — буржуазиямен одақтаса отырып, уақытша үкімет туғызған түсініспеушілік болды. Ұлттық гвардияның бас штабының болашақ сайлауын талқылау үшін Марс алаңы мен ипподромға қыруар жұмысшы жиналды. Кенеттен бүкіл Париждің бір шетінен екінші шетіне Луи Блан, Бланки, Кабе мен Распайль бастаған жұмысшылардың қаруланған топтары Марс алаңына жиналыпты-мыс, ниеттері сонан ратушаға лап беріп, уақытша үкіметті құлату, сөйтіп коммунистік үкімет орнату көрінеді деген лақап таралды. Жаппай жиналу дабылы қағылды, — кейін Ледрю-Роллен, Марраст және Ламартин өзара осыны бастаушы болу даңқына таласты, — сөйтіп бір сағаттан кейін 100 000 адам қаруланып дайын тұрды, ратушаны ұлттық гвардия қоршап алды, бүкіл Парижді: «Коммунистер жойылсын! Луи Блан, Бланки, Распайль және Кабе жойылсын!» — деген дауыстар күңгірлетіп жатты. Уақытша үкіметке шын берілгендігін білдіріп, отан мен қоғамды сақтауға дайынбыз деп сансыз депутациялар келді. Ақырында, жұмысшылар Марс

* — «Ледрю-Роллен жойылсын!» Ред.

алаңында патриоттық жылу жинаудан түскен акшаны уақытша үкіметке тапсыру үшін ратушаның алдына келгенде олар буржуазиялық Париж асқан сақтықпен жүргізілген ойша күреспен жаңа ғана жұмысшылардың көлеңкесін жөңіп шыққанын есітіп, таң-тамаша қалды. 16 апрельде болған сұмдық қастандық *армияны Парижге қайтаруға*, — бұл өрескел комедияның мақсатының өзі нақ осы болатын, — және провинцияда реакцияшыл федералистік демонстрациялар жасауға желеу болды.

4 майда *төте және жалпыға бірдей* сайлаудан туған *Ұлттық жиналыс* шақырылды*. Жалпыға бірдей сайлау правосы ескі үлгідегі республикашылдар дәмеленгендей күдіретті күш болмай шықты. Олар бүкіл Франциядағылар немесе, ең берісі француздардың көпшілігі мүдделері бір, көзқарастары, т. т. бір «*citoyens*»** деп білді. Олардың мұнысы *халықты қасиет тұту* тәрізді бір нәрсе еді. Бірақ сайлау олардың *қиялындағы* халықтың орнына *шын* халықты, яғни халық бөлінген түрлі таптардың өкілдерін көрсетті. Шаруалар мен ұсақ буржуазия сайлауда көкіректей құлшынған буржуазия мен реставрацияшы көкесген ірі жер иелерінің соңына не себепті ергенін біз бұрыннан білеміз. Алайда жалпыға бірдей сайлау правосы аңқау республикашылдар күткендей сыйқыр таяқ болып шықпағанымен, оның басқа бір анағұрлым мықты жағы болды: ол тап күресіне жол ашты, буржуазия қоғамының әртүрлі орташа топтарын жалған үміттер мен түнілістерінен тез арылуға мәжбүр етті; ол қанаушы таптың барлық фракцияларын бірдей мемлекет шыңына шығарды, сөйтіп олардың жалған бүркенішін сыпырып тастады, ал цензалы монархия болса, ол буржуазияның тек белгілі бір фракцияларын ғана қаралап, басқаларының тасада қалуына жол берген және оларды жалпы оппозиция деп мәпелеген болатын.

4 майда ашылған Ұлттық құрылтай жиналысында *буржуазиялық республикашылдар*, «National» республикашылдары басым болды. Тіпті легитимистер мен орлеанистер⁸² де әуелгі кезде тек буржуазиялық республиканизмін бетке ұстап сөйлейтін болды. Пролетариатқа қарсы күресті тек республика үшін деген желеумен бастауға болатын еді.

Республиканың, яғни француз халқы таныған *республиканың басталуын 25 февральдан емес, 4 майдан есептеу керек*; бұл Париж пролетариаты уақытша үкіметке күштеп таңған республика емес, әлеуметтік мекемелері бар республика емес, бұл сонау баррикада жауынгерлерінің көзіне елестеген арман емес. Ұлттық жиналыс жариялаған бірден бір заңды республи-

* Бұл жерде және бұдан әрі 254-бетке дейін Ұлттық жиналыс деген сөзді 1848 жылғы 4 майдан 1849 жылдың майына дейін мәжіліс құрған Ұлттық құрылтай жиналысы (Конституанта) деп түсіну керек. *Ред.*

** — азаматтар. *Ред.*

ка буржуазиялық құрылысқа қарсы революциялық қару болған жоқ, қайта, оның саяси жағынан қайта құрылуы — буржуазия қоғамының саяси жағынан жаңаша нығайтылуы, бір сөзбен айтқанда, *буржуазиялық республика* болды. Бұл тұжырым Ұлттық жиналыстың трибунасынан айтылды және бұған республикашыл және республикаға қарсы буржуазиялық баспасөздің бәрі үн қосты.

Сонымен бір февраль республикасы шынында *буржуазиялық республика* болғанын және оған басқаша болмауға тиістігін көрдік, бірақ пролетариаттың тікелей қысымымен уақытша үкімет лажсыз оны *әлеуметтік мекемелері бар республика* деп жариялағанын, Париж пролетариаты өзінің *арманында, ойлауында* ғана болмаса, басқалай буржуазиялық республиканың шеңберінен шыға қоюға әлі дәрменсіз болғанын, ол қимыл керек болған жердің бәрінде соның пайдасына қимылдағанын көрдік; пролетариатқа берілген уәделердің жаңа республика үшін төзгісіз қатерге айналғанын және уақытша үкіметтің бүкіл өмірі пролетариаттың талаптарына қарсы үздіксіз күреске айналғанын көрдік.

Ұлттық жиналыс арқылы Париж пролетариатына бүкіл Франция судья болды. Жиналыс февраль революциясының әлеуметтік жалған үміттерінің бәрінен дереу қол үзді, сөйтіп турадан-тура *буржуазиялық республика*, тек қана буржуазиясынан пролетариаттың өкілдерін — Луи Блан мен Альберді шығаруға асықты; ол ерекше еңбек министрлігі құрылсын деген ұсынысын қабылдамай тастады, еңбек министрі Трельдің: «Қазір әңгіме тек *еңбекті бұрынғы күйіне қайта түсіру* туралы ғана болып отыр» деген сөзін жығыла қуаттады.

Бірақ мұның бәрі әлі жеткіліксіз еді. Февраль республикасын буржуазияның селқос көмегімен жұмысшылар жеңіп алған болатын. Февраль күресінде пролетарлар өздерін жеңушілерміз дегені және жеңушінің өктем талаптарын қойғаны әбден орынды еді. Оларды көше күресінде жеңу керек болды, оларға буржуазиямен *одақтаспай, оған қарсы шайқасса*, онда әрқашан сөзсіз жеңілетіндігін көрсету керек болды. Социализмге жеңілдіктер беретін февраль республикасын орнату үшін өз кезінде пролетариаттың буржуазиямен бірлесіп, монархияға қарсы шайқасуы керек болды; енді республиканы социализмге жасаған жеңілдіктерінен босату үшін, *буржуазиялық республиканың* үстемдігін ресми түрде орнықтыру үшін екінші шайқас керек болды. Буржуазия пролетариаттың талаптарын қару қолданып тойтаруға тиісті болды. Буржуазиялық республиканың шынайы бесігі — *февраль жеңісі* емес, қайта *июнь жеңілісі* болды.

Пролетариат 15 майда ұлттық жиналысқа баса-көктеп кіріп барып, бұрынғы революцияшыл ықпалын қайта жүргізуге

босқа әрекеттеніп, түйін шешілуін тездетті, оның қолы жеткені тек жігерлі көсемдері буржуазия түрмешілерінің қолына түскені болды¹⁰⁸. *Il faut en finir!* Мұны тоқтату керек! Бұл ұлттық жиналыс пролетариатты үзілді-кесілді күреске мәжбүр етуге берік бел байлағанын аңғартатын ұрандар еді. Атқару комиссиясы бірталай арандатпа декреттер шығарды, мысалы, халықтың топталып жиналуына, т. т. тыйым салу, Ұлттық құрылтай жиналысының трибунасынан ашықтан ашық тиіспе сөздер, жұмысшыларды қорлау, балағаттау айтылып жатты. Бірақ, жоғарыда көрдік, шабуыл үшін басты пункт — *ұлттық шеберханалар* болды. Құрылтай жиналысы Атқару комиссиясына соларды нұсқап, әмір етті, ал Атқару комиссиясының күткені де осы жоспарын Ұлттық жиналыстың бұйрық түрінде бекітуі еді.

Атқару комиссиясы істі мынадан бастады: ұлттық шеберханаларға түсуді қиындатты, күндік ақыны істегеніне қарай төленетін ақымен ауыстырды және жер қазу жұмысы жүріп жатыр деген сылтаумен Парижде туып-өспеген жұмысшылардың барлығын Солоньға қуды. Бұл жер жұмысы деген тек жұмысшылардың қуылғанын бүркемелеуге арналған сұлу сөз еді, Солоньнан түңіліп қайтқан жұмысшылар жолдастарына осыны айтты. Ақырында, «Moniteur»-ді 21 июньде бойдақ жұмысшылар түгел ұлттық шеберханалардан күшпен қуылсын немесе армияға алынсын деп бұйырған декрет жарияланды.

Жұмысшылардың басқа лажы қалмады: олар не аштан өлуге, не күрес бастауға тиіс болды. Олар 22 июньде орасан зор көтеріліс жасап, қазіргі қоғам бөлініп отырған екі таптың арасындағы бірінші ұлы шайқаспен жауап берді. Мұның өзі *буржуазиялық* құрылысты сақтап қалу немесе оны жою жолындағы күрес болды. Республиканы бүркеген жамылғы жыртылды.

Көсемдері жоқ, шайқасудың жаппай жоспары жоқ, қаражаты жоқ, көбінде қаруға мұқтаж бола тұрса да, жұмысшылар армияға, жедел гвардияшыларға, Париждің ұлттық гвардиясына және провинциялардан келген ұлттық гвардияшыларға бақандай бес күн бойы соншама теңдесі жоқ ерлікпен, шеберлікпен қарсы тұрғаны барша жұртқа мәлім. Буржуазия басынан кешкен өлердей қорқыныш үшін сұмдық каталдық жасап, 3 000-нан аса тұтқынды қырып, кегін алғаны да жұртқа мәлім.

Француз демократиясының ресми өкілдері республика идеологиясының күшті ықпалында болғаны сонша, олар июнь шайқасының маңызын бірнеше апта өткеннен кейін ғана түсіне бастады. Олар керемет деген республикасын жоқ қылған дәрі түтінінен түк көрмес көр болғандай еді.

Июнь жеңілісі бізге қандай тікелей әсер еткенін «*Neue Rheinische Zeitung*»⁶² сөздерімен айтуымызға оқушы қарсы болмас деп білеміз:

«Февраль революциясының ақырғы ресми сарқыншағы —

Атқару комиссиясы — қаһарлы оқиғаларға тап болып, елес сияқты ғайып болды; Ламартиннің фейерверкі Кавеньяктың тұтанбалы ракетасына айналды. Бірін екінші бірі қанаушы, біріне бірі қарсы таптардың туысқандығы — *fraternite* деген, міне, осы. Бұл сонау февральда жарияланып, үлкен әріптермен Париждың маңдайшаларына, әрбір түрмеге, әрбір қазармаға жазылған туысқандық, *fraternite*. Оның жасанды емес, шын, іс жүзіндегі көрінісі — *азамат соғысы* болды, бұл барынша сұмдық кейпіндегі азамат соғысы — еңбек пен капитал соғысы. Бұл бауырластық 25 июнның кешінде Париж үйлерінің барлық терезелері алдында лаулап жатты, онда буржуазия Парижі иллюминация жасады, ал пролетариат Парижі отқа жанып, қанға тұншығып, зар илеп жатты. Бауырластық буржуазияның мүдделері пролетариаттың мүдделерімен үйлескен тұста ғана өмір сүрді.

1793 жылғы ескі республикалық дәстүрлердің тақуалары; пролетар арыстанын жұбату керек болып тұрғанда халыққа буржуазиядан садақа алып беруші болған және ұзын-сонар уағыздар айтып, ар-абыройдан айрылуға еркіндік алған социалистік доктринерлер; буржуазиялық бүкіл ескі тәртіпті көкесп, тек таж киген басшы болмасын дейтін республикашылдар; министрлікті ауыстыру орнына жағдайдың әуенімен династияның апатқа ұшырауына кездескен династиялық оппозицияшылдар; үстіндегі салтанатты киімін тастамай, тек оның сыртқы түрін ғана өзгертуге тырысқан легитимистер, — өзінің февраль революциясын жасағанда халықтың одақтастары, міне, осылар болған еді...

Февраль революциясы *әсем* революция, жалпы жұрт ұнатқан революция болды, өйткені ол кезде король өкіметіне қарсы ашық көрінген қайшылықтар әлі *жетілмеген күйінде*, тып-тыныш, қатарма-қатар қалғып жатқан болатын, өйткені бұл қайшылықтардың өзегі болып табылатын әлеуметтік күрес әлі тек елес ретінде өмір сүру, сылдыр сөйлем, сөз жүзінде өмір сүру сатысына ғана жеткен еді. Мұның керісінше, *июнь революциясы* — *жексұрын*, жиіркенішті революция болды, неге десеңіз құрғақ сөздердің орнына іс келіп шықты, неге десеңіз республика қорғап, бүркеп тұрған тажын сыпырып тастап, тажалдың басын жалаңаштады. — *Тәртіп!* — Гизоның аттаныс ұраны осы болды. *Тәртіп!* деп даурықты Варшаваны орыстар алғанда гизошыл Себастиани. Француздың Ұлттық жиналысы мен республикашыл буржуазияның дәрекі жанғырығы болған Кавеньяк та — *Тәртіп!* деп айқай салды. — *Тәртіп!* деп дүрілдеді оның пролетариатты жайратқан снарядтары. Француз буржуазиясының 1789 жылдан бергі сансыз көп революцияларының бірде бір тәртіпке қарсы оқталған жоқ, өйткені олардың барлығы да тап үстемдігін, жұмысшылардың құлдығын, *буржуазиялық* тәртіпті сол

күйінде қалдырды, бұл үстемдік пен бұл құлдықтың саяси формасы қандай жиі ауысса да солай бола берді. Июнь осы тәртіпке қарсы оқталды. Сорлы Июнь!» («Neue Rheinische Zeitung», 29 июнь, 1848 ж.)*.

Сорлы Июнь! — деп үн қосты Европа жаңғырығы.

Буржуазия Париж пролетариатына июнь көтерілісін күштеп жасатты. Тек осы жағдайдың бір өзі сол пролетариатты сәтсіздікке көгенделі. Буржуазияны күшпен құлату жөніндегі бұл әрекетке пролетариатты итермелеген тікелей, санаға құйылған қажеттілік емес еді; бұл міндетті орындауға оның әлі күші де жетпейтін. Оған «Moniteur» ресми түрде мынаны мәлімдеуге тиіс болды: республика сенің жалған үмітіңмен санасу керек деп ташқан уақыт өтті, буржуазиялық республиканың шеңберінде халінді титтей де болса оңалтпак ниетің утопия болып қала береді және жүзеге асыруға ұмтылған алғашқы әрекетте-ақ бұл утопия қылмысқа айналады, бұл ақиқатты саған тек жеңілісің ашып көрсетті. Оне сонда пролетариат февраль республикасына зорлап орындатпак болған талаптардың, түр жағынан шектен шыққан, мәні жағынан ұсақ және әлі тіпті буржуазиялық талаптардың орнына: *Буржуазия құлатылсын! Жұмысшы табының диктатурасы орнасын!* — деген батыл, революциялық жауынгер ұран тасталды.

Пролетариат өзінің көрін буржуазиялық республиканың бөсігіне айналдырды, сөйтіп буржуазиялық республиканы өзінің таза күйінде, атқармақ міндеті — капиталдың үстемдігі мен сәбек құлдығын мәңгілік сту болған мемлекет ретінде көрінуге мәжбүр етті. Тырықтан сау жері жоқ, бітіспес, жеңілмес дұшпаны, жеңілмейтін себебі оның өмір сүруі буржуазияның өзінің өмірлік қажеті болып табылатын дұшпаны көлденең тұрғанын көргені себепті бұғау біткеннен босанған буржуазия үстемдігі дереу *буржуазия терроризміне* айналуға тиіс болды. Пролетариат уақытша сахнадан түсіп, буржуазия диктатурасы ресми түрде танылғаннан кейін буржуазия қоғамының орта топтары — ұсақ буржуазия мен шаруалар — халінің нашарлауына қарай және олар мен буржуазияның арасындағы антагонизмнің шиеленісуіне қарай пролетариатпен бірден-бірге тығыз жақындасуға тиісті болды. Бұрын олар өздерінің нашар халге ұшырауының себебін пролетариаттың күшеюінен көрген болса, енді мұның себебін пролетариаттың жеңілуінен көруге тиісті болды.

Егер июнь көтерілісі континенттің сенімін барлық жерінде буржуазияның өз халін сезуін күшейтіп, халыққа қарсы феодалдық монархиямен ашық одақ жасауына себепші болған болса, сонда бұл одақтың бірінші құрбаны кім болды? Контин-

* К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 138—140-беттер. Ред.

неңтегі буржуазияның өзі болды. Июнь жеңілісі оған өз үстемдігін нығайтуға және халықты жартылай қанағаттандырып, жартылай түңілдіріп, буржуазиялық революцияның ең төменгі сатысында ұстауына бөгет жасады.

Ақырында, июнь жеңілісі Европаның озбырлық державаларына мынадай жасырын сырды: өз үйінде азамат соғысын жүргізе алатындай болу үшін Францияның қайткен күнде де көршілес елдермен бейбітшілік сақтауы қажет екендігін ашып берді. Мұның өзі өздерінің ұлттық тәуелсіздігі үшін күресе бастаған халықтарды Россияның, Австрияның және Пруссияның билігіне берді, бірақ сонымен бірге осы ұлттық революциялардың тағдыры пролетариат революциясының тағдырына байланысты жағдайға қойылды, олардың әлеуметтік ұлы төңкерістен аулақ болып көрінетін дербестігі мен тәуелсіздігі жойылды. Жұмысшы құл күйінде қалып отырғанда венгер де, поляк та, итальян да азат болмақ емес!

Ақырында, Қасиетті одақтың жеңістері Европада сондай өзгерістер жасады, онан мынадай жорамал жасауға болады: Франциядағы жаңа пролетарлық көтерілістің қандайы болса да *дүние жүзілік соғысқа* бұлтартпай соқтырады. Жаңадан болатын француз революциясы дереу ұлттық шеңберден шығып, *Еуропа майданын қамтып алуға* мәжбүр болады, XIX ғасырдың әлеуметтік революциясы тек сол майданда ғана жүзеге аспак.

Сөйтіп, европалық революцияның *инициативасын* Францияның қолына әперетін жағдайдың бәрін тек июнь жеңілісі жасады. Үш түсті ту июнь көтерілісшілерінің қанына боялғаннан кейін ғана Еуропа революциясының туына — *қызыл туға* айналды!

Ендеше біз: *Революция өшті, революция — жасасын!* — деп ұрандаймыз.

II

1849 ЖЫЛҒЫ 13 ИЮНЬ

1848 жылғы 25 февраль Францияға *республика* берді, ал 25 июнь оған *революцияны* әкеп таңды. Ал февральға дейінгі революция — *мемлекеттік форманы құлату* болса, июньнен кейінгі революция — *буржуазиялық қоғамды құлату* болды.

Июнь күресін буржуазияның *республикашыл* фракциясы басқарды, жеңіс өкіметті, эрине, осы Францияның қолына берді. Қоршау жағдайы аяқ-қолы байланған, қарсыласуға шамасы жоқ Парижді оның табанына әкеп салды, ал провинцияларда қоршау жағдайының рухы, жеңіске масайраған буржуазияның айбарлы, өрескел тәкаппарлығы және шаруалардың жүгенсіз кеткен жеке меншікшіл фанатизмі дәуірледі. Сөйтіп, төменнен төнген ешқандай қауіп-қатер жоқ!

Жұмысшылардың революциялық күшімен бірге *демократиялық*, яғни ұсақ *буржуазиялық республикашылдардың* саяси ықпалының да талқаны шықты, бұлардың өкілдері: Атқару комиссиясында — Ледрю-Роллен, Ұлттық құрылтай жиналысында — Гора партиясы, прессада — «Réforme»⁵⁶ болатын. Олар буржуазиялық республикашылдармен қосылып, 16 апрельде¹⁰⁹ пролетариатқа қарсы заговорда болды, июнь күндерінде де солармен қосылып пролетариатқа қарсы күресті. Сөйтіп, олар өз партиясы сүйенген негізді өздері күйретті, өйткені ұсақ буржуазия артында пролетариат тұрған кезде ғана буржуазияға қарсы революциялық позицияда тұра алады. Олар орнынан тайды. Буржуазиялық республикашылдар ұсақ буржуазиямен жасаған алдамыш одақты ашық түрде бұзды, мұны олармен уақытша үкімет пен Атқару комиссиясы тұсында еріксіз және арам оймен жасаған болатын. Одақтастар ретінде жиіркенсе аласталған демократияшыл республикашылдар үш түсті республикашылдардың сақшы нөкері роліне дейін құлдырады, оның бер жағында олардан бірде-бір жеңілдік ала алмады, алайда, өзіне және сонымен қатар республикаға буржуазияның антиреспубликалық фракциялары тарапынан қауіп төнген тәрізді көрінген кезде әрқашан олардың үстемдігін қорғауға тиісті болды. Ақырында, бұл фракциялар, орлеанистер мен легитимистер Ұлттық Құрылтай жиналысында әуел бастан-ақ азшылық болды. Июнь күндеріне дейін, буржуазиялық республиканизмнің пердесін жамылмайынша, олар тіпті бой көрсетуге де бата алмады; июнь жеңісі бүкіл буржуазиялық Францияны қас қаққанша Кавеньяктің төңірегіне топтастырды, ол Кавеньякті өзінің құтқарушысы деп құттықтады, ал антиреспубликалық партия июнь күндерінен кейін көп ұзамай-ақ қайтадан дербес қимылдаған кезінде әскери диктатура және Парижде болған қоршау жағдайы оған тырнағын абайлап және сақтықпен шығара бастауына ғана мүмкіндік берді.

Буржуазиялық республикашылдар фракциясы өзінің жазушылары, шешендері мен таланттары арқылы, атақ құмарлары, депутаттары, генералдары, банкирлері мен адвокаттары арқылы 1830 жылдан бастап Париждегі «National» газетінің төңірегіне топталды. Провинцияларда «National» —дың филиал газеттері болды. «National» дөксейлері *үш түсті республиканың династиясы* болды. Ол мемлекеттік қызмет орындарының барлығын — министрліктерді, полиция префектурасын, почта дирекциясын, префектілік орындарды және армиядағы бос тұрған офицерлік жоғары орындарды дереу қолына алды. Атқару өкіметінің басында оның генералы — *Кавеньяк* болды, оның бас редакторы — Марраст Ұлттық құрылтай жиналысының ауыспас председателі болды. Сонымен бірге ол церемониймейстер ретінде

өз қабылдауларында «саликалы» республика атынан меймап-достық міндет атқарды.

Тіпті республикалық дәстүрді өзінше кастерлеген болып француздың революцияшыл жазушыларының өзі Ұлттық құрылтай жиналысында роялистер үстемдік етеді-міс деген жалған пікірді бекіндірді. Мұның керісінше, июнь күндерінен бастап Құрылтай жиналысы *бірыңғай буржуазиялық республиканизмнің* өкілі болып қала берді, сөйтіп ол Жиналыстан тысқары жерде үштүсті республикашылдардың ықпалы неғұрлым төмендеген сайын республиканизмін соғұрлым батыл жақтады. Буржуазиялық республиканың *формасын* сақтау сөз болған кезде ол демократиялық республикашылдардың дауыстарын өзіне тартты; ал республиканың *мазмұнын* сақтау сөз болған кезде бұл Жиналыстың тіпті сөз сарыны жағынан да буржуазияның роялистік фракцияларынан айырмасы болған жоқ, неге десеңіз буржуазияның нағыз мүдделері, оның таптық үстемдігі мен таптық қанауының материалдық жағдайлары буржуазиялық республиканың мазмұны болып табылады.

Сөйтіп, бұл Құрылтай жиналысының өмірі мен ісінде роялизм емес, буржуазиялық республиканизм тұрғанды, ол сайып келгенде, өлген де өлтірілген де жоқ, тек іріп-шіріп бітті.

Құрылтай жиналысы үстемдік еткен уақыттың өнбойына ол сахна алдында аса құрметті жұртқа жалпақдан жатқан кезде сахнаның түңірінде ұдайы құрбандық шалынып жатты — июнь көтерілісшілерінің тұтқынға алынғандарына әскери-дала соттары ұшы-қиыры жоқ үкімдер шығарып немесе олар сотсыз жер аударылып жатты. Құрылтай жиналысы әдептілік көрсетіп, июнь көтерілісіне қатысушыларды қылмыстылар ретінде соттамай, жаулар ретінде жойып жатқанын мойындады.

Ұлттық құрылтай жиналысының бірінші ісі — июнь күндері мен 15 майда болған оқиғалар және оған социалистік партия мен демократиялық партиялар көсемдерінің қатысуы жөнінде *тергеу комиссиясын* құру болды. Тергеу ісі тікелей Луи Бланга, Ледрю-Ролленге және Коссидьерге қарсы бағытталды. Буржуазиялық республикашылдар бұл бәсекелестерінен құтылғанша асықты. Олар кек алуды іске асырту үшін династиялық оппозицияның бұрынғы көсемі *Одилон Барро* мырзадан қолайлы шабарман таппады. Либерализм сүйегіне сіңген, осы бір pullite grave*, оралымсыз көке мылжың тек династия үшін кек алып қоймай, оның үстіне премьер-министр болудан айрылып қалғаны үшін революционерлерді жауапқа тартуға жанын салды. Оның қаныпезерлігінің сенімді кепілі осы! Дәл осы Барро тергеу комиссиясының председателі болып тағайындалды, ал ол февраль революциясына қарсы нағыз соттау ісін ұйымдастыр-

* — ісіп-кепкен пасық. *Ред.*

ды, онысы мынаған тірелді: 17 мартта — *манifestация*, 16 апрельде — *заговор*. 15 майда — *қастандық*, 23 июньде — *азамат соғысы!* Ол өзінің ғылыми криминалистік зерттеу жұмысын 24 февральға дейін неге жеткізбеді? «Journal des Débats»¹¹⁰ бұған жауап берді: 24 февраль өзінше бір *Рим орнатылған күн*. Мемлекеттердің шығуы аңызға айналып, құрдым табады, оған сену керек, талқылауға болмайды, Луи Блан мен Коссидьер сотқа берілді. Ұлттық жиналыс 15 майда басталған өзін тазалау ісін аяқтады.

Уақытша үкімет белгілеген, тағы да баяғы Гудшо ұсынған жоспарды — ипотека салығы түрінде капиталға салық салу жоспарын Құрылтай жиналысы қабылдамады; жұмыс күнін он сағатқа түсірген заң жойылды; борыш үшін түрмеге отырғызу заңы қайта енгізілді; Франция халқының едәуір бөлегі болған сауатсыздар бітістіруші сотқа қатыстырылмайтын болды. Сонымен бірге олардың сайлау правосын неге жоймасқа? Газет үшін кепілдік беру қайта енгізілді, одақтар правосы тежелді.

Бірақ ескі буржуазиялық қатынастарға ескі кепілдіктерін қайта орнатып, революция толқыны калдырған із атаулының барлығын жоюға асығуы арқылы буржуазиялық республикашылар күтпеген қауіп туғызатын қарсылыққа кездесті.

Июнь күндерінде өз меншігінен айрылмау және кредитті қалпына келтіру үшін Париждің ұсақ буржуазиясындай — кафе мен ресторан ұстаушылардай, *matchands de vin**, ұсақ алыпсатарлардай, дүкеншілердей, ұсақ шеберхана иелеріндей және сондайлардай жанын сала күрескендер болған жоқ, дүкендегі жұрт абыр-жыды, сөйтіп дүкенге көшесінен келетін жолды ашу үшін баррикадаға лап қойды. Ал баррикаданың арғы бетіндегілер дүкеншінің зат алушылары мен борышқорлары, ал, баррикаданың алдындағылар — оның кредиторлары еді. Баррикаданың арғы бетіндегілер қиратылып, жұмысшылар жеңіліп, дүкеншілер жеңіске масайрап, дүкендеріне қайта жүгіргенде олардың алдын меншікті қорғаушы, кредиттің ресми агенті баррикадалан алған болып шықты, ол дүкеншілерге айбарлы шақыру қағазын көлденең тартты. Вексельдің уақыты өтіп кеткен! Пәтер ақы төлеу уақыты өтіп кеткен! Борыш төлеу қолхатының уақыты өтіп кеткен! Дүкен құрылды! Дүкеншілер құрылды!

Меншікті қорғау! Бірақ тұрған үйлері олардың меншігі емес еді; сауда жасан тұрған дүкендері олардың меншігі емес еді; өткізіп тұрған товарлары олардың меншігі емес еді. Дүкені де, ас құятын табағы да, ұйықтайтын кровати да енді олардыкі болмай шықты. Олар өздеріне өздері қарсы тұрып, дәл *осы меншікті қорғап қалуға* тиісті болды, — үйлерін жалға берген үй иелері үшін, вексельдерін есептеген банкир үшін, ақшалай қарыз

* — шарап қоймаларының иелері. *Ред.*

берген капиталист үшін, сату үшін дүкеншілерге товарларын сеніп тапсырған фабрикант үшін, ұсақ шеберханалардың иелеріне шикізатты несиеге берген көтерме саудашылар үшін қорғауға тиісті болды. *Кредитті қалпына келтіру!* Бірақ қайтадан нығайтып алған кредит тірі әрі кекшіл күдірет екенін көрсетті.

Мұны ең алдымен төлеуге шамасы келмейтін борышқорды отырған үйінен қуып шығу, бала-шағасымен қуып шығу, алдамшы мүлкін капиталға беріп, ал өзін июнь көтерілісшілерінің мүддесінің үстіне қайта орнатылған қаһарлы борыш түрмесіне салу арқылы көрсетті.

Ұсақ буржуазияда үрей қалмады, жұмысшыларды жеңу арқылы кредиторларының қолына өзін өзі тұяқ серіппей байлап бергенін түсінді. Оның февральдан бергі үздіксіз созылып келген және мән берілмеуінен болып отырғандай көрінген банкроттығы енді июньнен кейін ресми түрде жарияланды.

Ұсақ буржуазияны *меншік үшін күреске* айдап салу керек болып отырғанда оның *номиналдық меншігіне* қол сұғылған жоқ. Пролетариатпен үлкен есеп айырысқаннан кейін енді дүкеншімен де ұсақ-түйек есеп айырысудың жөні келді. Парижде мерзімі өткен вексельдер сомасы 21 миллион франктен, провинцияларда — 11 миллион франктен астам еді. Париждегі 7000-нан астам сауда орындарының иелері февральдан бері жалдаған үй ақысын төлемеген.

Ұлттық жиналыс *саяси қылмыс туралы* тергеу жүргізілуін февральдан бастап тағайындаған болса, ұсақ буржуазия өз тарапынан 24 февральға дейінгі *азаматтық борыштар туралы* тергеу жүргізуді талап етті. Ұсақ буржуазия біржаның залына көптеп жиналып, зілді талаптарын айтты: тек іске революция туғызған тоқырау салдарынан банкрот болғанын және 24 февральда істерінің жақсы халде болғанын дәлелдеген әрбір алыпсатар коммерциялық сот арқылы борышының мерзімін ұзарттыратын болсын, ал кредитор шағын процент алып, сотқа берген ісін жоюға міндетті болсын. Бұл мәселе *«concordats à l'amiable»** туралы заң жобасы формасында ұлттық жиналыста талқыланды. Жиналыс қобалжып қалды; оған кенеттен нақ сол мезгілде көтерілісшілердің мыңдаған әйелдері мен балалары Сен-Дени қақпасының алдында кешірім сұрау туралы петиция дайындап жатыр деген хабар жетті.

Июнь елссінің қайта тірілгенін көрген ұсақ буржуазия қатты састы, ал Жиналыс қайратына қайта мінді. Кредитор мен борышқордың арасында жасалмақшы жарастықты келісімдердің — *concordats à l'amiable* — ең мәнді пункттері қабылданбай тасталды.

* — «жарастықты келісімдер». *Ред.*

Сонымен, буржуазияның Ұлттық жиналыстағы республикашыл өкілдері ұсақ буржуазияның демократияшыл өкілдерін әлдеқашан сыртқа тепкеннен кейін парламенттік осы ажырасу буржуазиялық, нақты экономикалық мағына алды: борышқор ұсақ буржуа кредитор-буржуаның талауына берілді. Бұл борышқордың едәуір бөлегі әбден күйреді, қалғандарына капиталға бүтіндей құл ететін шарттармен істерін жүргізе беруге рұқсат етілді. 1848 жылы 22 августа Ұлттық жиналыс *concordats à l'amiable*-ні қабылдамай тастады, ал 1848 жылы 19 сентябрьде, қоршаудағы жағдай өршіп тұрған кезде принц Луи Бонапарт пен Венсен тұтқыны, коммунист Распайль Париждің өкілдері болып сайланды. Ал буржуазия еврей банкир және орлеанист Фульдті сайлады. Сөйтіп, Ұлттық құрылтай жиналысына, буржуазиялық республиканизмге және Кавеньякке бірден түс-тұстан ашық соғыс жарияланды.

Париждің ұсақ буржуазиясы топ-тобымен банкроттыққа ұшырауы тікелей зәбірленгендерден гөрі анағұрлым көп адамдарды қамтуға, сөйтіп буржуазияның товар айналымын қайтадан шайқалтуға тиіс болғандығы өзінен өзі түсінікті, ал оның бер жағында июнь көтерілісінің шығындары мемлекет дефицитін бұрынғыдан бетер көбейтті, ал мемлекеттің табыстары өндірістегі тоқыраудың салдарынан, тұтыну және сырттан әкелінетін зат азаюы салдарынан барған сайын құлдырай түсті. Кавеньяк пен Ұлттық жиналыс бұдан құтылудың амалын тек жаңа заемнан іздеуге тиіс болды, бұл финанс аристократиясының бұларға салған бұғауын бұрынғыдан да қатайта түсті.

Егер июнь жеңісінен ұсақ буржуаның көргені тек банкроттық және ашық сату болса, Кавеньяктің янычарлары — *жедел гвардия* жеңіл мінезді әйелдердің жылы құшағында болып, не «көргенді» республиканың қонақшыл қожасының, сауықшысының ролін қатар атқарған, үш түсті тудың рыцары Маррастың салонында олар «қоғамның жас қорғаушылары» деген құттықтау сөздерге кенелді. Бірақ қоғамның жедел гвардияшыларға мұндай құрмет көрсетуі және олардың жалақысы шамадан тыс жоғары болуы *армияны* өшіктірді; сонымен бірге буржуазиялық республиканизмнің өзінің «National» газетінің көмегі арқылы Луи-Филипптің тұсында армия мен шаруалардың бір бөлегін тәуелді ете білген ұлттық жалған үміттерінің барлығы жойылды. Англиямен бірігіп, Австрияға сатып кеткен *Солтүстік Италияда* Кавеньяк пен Ұлттық жиналыс атқарған делдалдық роль, осы бір күн өкімет басында отырудың өзі «National»-дың 18 жыл оппозициясының нәтижесін жоқ қылды. «National» үкіметіндей бірде-бір ұлттығы жұтаң үкімет болып көрген смес, Англияда дәл осындай тәуелді бір де үкімет болған жоқ, ал оның бер жағында Луи-Филипптің тұсында «National» Катонның

Carthaginem esse delendam* деген сөздерін күн сайын айтумен өмір сүрді, Қасиетті одақтың алдында осындай болып бір де үкімет бас ұрған жоқ, ал «National» қайдағы бір Гизодан Вена трактаттарынан безуді талап етті. Тарихтың мазағы «National»-дың сыртқы істер бөлімінің бұрынғы редакторы Бастиді әрбір мақаласын әрбір жазба баяндамасында теріске шығарып отыру үшін Францияның сыртқы істер министрі етті.

Бір мезет армия мен шаруалар әскери диктатура Франция үшін сыртқы соғыс пен «даңқ» мәселесін күн тәртібіне қояды деп сенді. Бірақ Кавеньяк буржуазия қоғамына төнген семсер диктатурасы емес, қайта семсерге сүйенген буржуазия диктатурасы болды. Солдат енді тек жандармның ролінде керек болды. Баяғы замандағы республиканың кішіпейілділік пердесін мықтап жамылып алып, Кавеньяк өзінің буржуазиялық қызметінің намысқа тиетін шарттарына бағынышты пасықтығын жасырды. L'argent n' a pas de maître! Ақшада қожа жоқ! Кавеньяк, тіпті Құрылтай жиналысының өзі үшінші сословиенің осы ескі ұранын асыра дәріптеп, оны буржуазияда король жоқ, оның үстемдік етуінің шынайы формасы — республика деген сөздермен саяси тілге аударды.

Бұл *форманы* дайындап, республикалық конституция жазу — Ұлттық құрылтай жиналысының «табиғи ұлы еңбегі» де осы болуға тиісті еді. Христиандық календарды республикалық календарь, Варфоломей әулиені Робеспьер әулиесі деп қайта атағаннан күн райы өзгермейтін болса, мына конституцияның буржуазиялық қоғамды өзгерткені де немесе өзгертпегені де соған ұқсас еді. Мәселе *костюмді ауыстырудан* әрі кеткен ретте конституция протоколға тек *қазіргі бар* фактілерді тіркеумен болды. Ол, мысалы, республика орнағанын, жалпыға бірдей сайлау правосы енгізілгенін, конституциялық екі палатаның орнына суверенді біртұтас Ұлттық жиналыс орнағанын үлкен салтанатпен тіркеді. Осылайша ол Кавеньяктың диктатурасын тіркеп, оны заңды етті, тұрақты, жауапсыз, мұралық король өкіметін ауыспалы, жауапты және сайланатын корольдік өкіметпен — төрт жылдық президенттікпен алмастырылғанын айтты. Сонсоң, ол 15 май мен 25 июндегі сұрапыл жағдайлардан кейін Ұлттық жиналыс қауіп-қатерден аман болу мүддесін көздеп, өз председателіне алдын ала берген төтенше билікті негізгі заңға айналдыруды да кідірткен жоқ. Конституциядағының өзгесі терминологияға тән іс болды. Ескі монархияның механизмінсн роялистік айдарлар жұлынып, орнына республикалық айдарлар тағылды. «National»-дың бұрынғы бас редакторы, қазір конституцияның бас редакторы Марраст осы академиялық міндетті шебер орындап шықты.

* — Карфаген ойрандалуға тиіс. *Ред.*

Құрылтай жиналысы Чилидің бір чиновнигіне ұқсайтын еді, ол чиновник аяқ басып тұрған жерін кейін жұлып әкеткен жанар тау дүрсілі естіліп жатқан мезетте жер меншігінің шегін дәл көрсету үшін шекара белгілетіп соғуға кіріскен екен. Теория жүзінде буржуазия үстемдігінің республикалық тұлғасының дәл формасын белгілей отырып, Құрылтай жиналысы шындығында формула атаулыны бекерге шығарып, ылғи *sans phrase** күшке, *қоршау жағдайының* көмегіне ғана сүйенді. Ол конституцияны дайындауға кірісуден екі күн бұрын қоршау жағдайының мерзімін ұзартты. Бұрынғы уақыттарда конституциялар қоғамдық төңкеріс процесінде тепе-теңдікке қол жеткен кезде, жана таптық қатынастар нығая бастаған кезде және үстем таптың күресуші фракциялары мәмлелесуге, өзара күресе беруіне және сонымен қатар шаршап-шалдыққан халық бұқарасын күрестен кетіруге мүмкіндік беретін мәмлелесуге келген кезде жасалып, қабылданып еді. Ал мына конституция ешбір әлеуметтік революцияны қуаттаған жоқ; ол ескі қоғамның революцияны уақытша жеңгендігін қуаттады.

Конституцияның июнь күндеріне дейін жасалған бірінші жобасында¹¹¹ *«droit au travail»* — еңбек ету правосы аталған еді, мұның өзі пролетариаттың революциялық талаптарын түйіндеген икемсіз бірінші формула болды. Енді бұл формула *droit à l'assistance*** — қоғамдық жәрдем правосына айналды, — ал өздерінің қайыршыларын өйтіп-бүйтіп қазіргі мемлекеттің қайсысы асырамайды? Еңбек ету правосы буржуазиялық мағынада алғанда — мағынасыздық, түкке тұрғысыз ізгі тілек, бірақ еңбек ету правосының астарында капиталды билеу жатыр, ал капиталды билеу астарында өндіріс құрал-жабдықтарын немдену, оларды ұйымдасқан жұмысшы табына бағындыру, демек, жалдама еңбекті, капиталды және бұлардың ара қатынастарын жою жатыр. *«Еңбек ету правосын»* июнь көтерілісі жақтады. Революцияшыл пролетариатты іс жүзінде *hors la loi*, заңнан тыс шығарған Құрылтай жиналысы *оның* формуласын осы заңдар заңнан, конституциядан атымен шығарып тастауға, сөйтіп «еңбек ету правосына» лағнет айтуға тиіс болды. Бірақ ол мұнымен тоқтаған жоқ. Платон өз республикасынан ақындарды қуғанындай, Құрылтай жиналысы да республикасынан *үдемелі табыс салығын* мәңгілікке дәл солай қуып шықты. Ал оның бер жағында бұл салық қазіргі өндірістік қатынастар шеңберінде азды-көпті мөлшерде жүзеге асырылатын буржуазиялық шара ғана емес, сонымен қатар бұл салық буржуазиялық қоғамның орта топтарын «көргенді» республикаға қосақтап, мемлекеттік борышты азай-

* — жалаң күшке. *Ред.*

** — көмек алу правосы. *Ред.*

тып, буржуазияның республикаға қарсы көпшілігіне тойтарыс берудің бірден-бір құралы болды.

Үш түсті республикашылар *concordats à l'amiable** мәселесіне келгенде ұсақ буржуазияны ірі буржуазияның пайдасына іс жүзінде құрбан етті. Үдемелі табыс салығына тыйым салуды заң формасында өткізіп, олар бұл жеке фактіні принципке айналдырды. Олар буржуазиялық реформаны пролетарлық революциямен қатар қойды. Сонда олардың республикасының тірегі болып қалған тап қайсы? Ірі буржуазия. Бірақ оның көпшілігі республикаға қарсылар болды. Ол бұрынғы экономикалық тіршіліктің жағдайларын қайтадан жөнге салу үшін «National»-дың республикашыларын пайдаланса, екінші жағынан, бұрынғы қоғамдық қатынастардың жөнге қойылуын, ол соған сәйкес саяси формаларды қалпына келтіру үшін пайдалануға тырысты. Октябрьдің басында-ақ Кавеньяк өз партиясындағы мисыз пуритандардың айкай-шуына қарамастан, Луи-Филипптің бұрынғы министрлері Дюфор мен Вивьенді республиканың министрлері етіп тағайындауға мәжбүр болғандығын сезді.

Ұсақ буржуазиямен арадағы мәмлелесу атаулыны жойып және мемлекеттік жаңа формаға ешқандай жаңа қоғамдық элементтерді қосақтай алмаған үш түсті конституция мұның есесіне ескі құрылыстың нағыз жанқияр, нағыз фанатик қорғаушысы болған корпорацияға қол сұғылмайтын дәстүрді қайта орнатуға асықты. Ол *соттар ауыстырылмауын* негізгі заң дәрежесіне көтерді, ал уақытша үкімет мұны жоюға оқталған еді. Ол құлатқан бір король заңдылықты ауыстырылмайтын осы инквизиторлары түрінде мың рет қайта тірілді.

Француз баспасөзі Марраст мырза конституциясының толып жатқан қайшылықтарын ашты, мысалы, екі суверен — Ұлттық жиналыс пен президенттің қатар өмір сүруі және сондайлар.

Бірақ бұл конституцияның басты қайшылығы мынау еді: ол мәңгі-бақи әлеуметтік құлдықта ұстауға тиісті болған таптарға — пролетариатқа, шаруаларға және ұсақ буржуазияға саяси билік береді. Ал ол ескі әлеуметтік билігін өзі қуаттап отырған тапты — буржуазияны — бұл биліктің саяси кеңілдіктерінен айырады. Ол буржуазияның саяси үстемдігін демократиялық шеңберлерге тықты, бұл буржуазия жауларының жеңіп шығуына қадам басқан сайын көмектеседі, сөйтіп буржуазиялық қоғамның негіздерінің өзіне қатер төндіреді. Ол біреулерден саяси бостандықтан озып, әлеуметтік бостандыққа қарай ұмтылмауды, екінші біреулерден — әлеуметтік реставрациядан кейін шегініп, саяси реставрацияға бармауды талап етеді.

Буржуазиялық республикашылардың бұл қайшылықтарда жұмысы аз болды. Олар *қажет* болудан қалған себепті, — ал олар

* — жарастықты келісімдер. *Ред.*

ескі қоғамның революцияшыл пролетариатқа қарсы күресінде авангард есебінде ғана қажет болған еді,— жеңіп шыққан соң бірнеше аптадан кейін *партия* болудан қалып, бір шөкім *сыбайлас топ* халіне түсті. Олар үшін конституция үлкен *әзәзілдік* болды. Конституция бәрінен бұрын олардың кішкене тобының үстемдігін орнатуға тиіс. Президент болып Кавеньяк қалуға тиіс. Заң шығару жиналысы Құрылтай жиналысының жалғасы болуға тиіс. Олар халық бұқарасының саяси билігін жалған нәрсеге айналдырамыз деп сенді; тіпті осы жалған нәрсені ойыншыққа оп-оңай айналдырамыз және июнь күндерінің: не «*National*» үстемдігі, не *анархия үстемдігі* деген қалауын алдарына қойып, буржуазияның көпшілігін үнемі қорқынышта ұстаймыз деп есептеді.

4 сентябрьде басталған конституция дайындау ісі 23 октябрьде аяқталды, 2 сентябрьде Құрылтай жиналысы конституцияны толықтыратын, сонымен үйдес заңдар шыққанға дейін мәжіліс жасай береміз деп шешті. Солай бола тұрса да, ол өзінің бел баласы — президентті 10 декабрьден бастап-ақ өзінің нақтылы өмір сүруі бітуден көп бұрын жарыққа шығаруға тәуекел етті. Онда конституцияның қалқатайы өз анасының адал ұлы болғанын құттықтаймыз деген сенім берік болды. Сақтық үшін былай шешілді: егер кандидаттардың бірде-бірі екі миллион дауыс алмаса, онда сайлау правосы ұлттан Құрылтай жиналысына көшеді.

Босқа жасаған сақтық! Конституция қолданылған бірінші күн — Конституанта үстемдігінің ақырғы күні болды. Сайлау урнасының түбінде оны өлім жазасына бұйырған үкім жатты. Онын іздегені «анасының ұлы» еді, оның орнына «өз ағасының немересіне» тап болды. Саул-Кавеньяк *бір* миллион, Давид-Наполеон — *алты* миллион дауыс алды. Саул-Кавеньяк алты есе күйреді¹¹².

1848 жылғы 10 декабрь *шаруалар көтерілісінің* күні болды. Франция шаруалары үшін февраль тек осы күннен басталды. Олардың революциялық қозғалысқа кірісуін бейнелеген символы — сасық қуақылық, арамза аңқаулық, кейіпсіз кесірлік, есепті жоққа сенушілік, жылмаңдаған ерсілік, білгір сорақы ескішілдік, бүкіл дүниенің сайқы мазағы, цивилизация адамына жұмбақ иероглиф — міне, бұл символ цивилизация ішіндегі жабайылықтың өкілі болған таптың ашық белгісі еді. Республика өмір сүріп отырғандығын оған *салық жинаушы* тұлғасы арқылы көрсетті, ал ол республикаға өзінің өмір сүріп отырғандығын *императордың* тұлғасы арқылы көрсетті. 1789 жылы жаңадан құрылған шаруалар табының мүдделері мен қиялдарын толық бейнелеген бірден-бір адам — Наполеон болды. Наполеонның есімін республиканың маңдайшасына жазып, шаруалар мұнысымен шетел мемлекеттеріне соғыс жариялады және ел ішінде таптық мүдделері үшін күрес жариялады. Наполеон шаруалар үшін

жеке адам емес, программа болды. Олар сайлау урналарына қолдарына ту ұстап, музыка ойнап, «Plus d'impôts, à bas les riches à bas la république vive l'Empereur!»—«Салықтар жойылсын, байлар жойылсын, республика жойылсын, император жасасын!» деп ұрандап барды. Императордың тасасында шаруа соғысы тұрды. Шаруалар дауыс бермей қойған республика — *байлар республикасы* еді.

10 декабрь шаруалар өмір сүріп отырған үкіметті құлатқан *сoup d'état** болды. Осы күннен бастап, шаруалар Францияны бір үкіметінен айырып, екінші бір үкіметті берген күннен бастап олар ылғи Парижге көз тігумен болды. Олар бір мезет революциялық драманың ойнаушылары болып көрінді де, енді бұдан кейін оларды хорда тек қосылушы бол, жасық роль атқар деп зорлауға жол қалмады.

Қалған таптар шаруалардың сайлаудағы жеңісін аяқтап шығуға көмектесті. *Пролетариат* үшін Наполеон сайланғаны — Кавеньяктің орнынан түскені, Құрылтай жиналысының құлағаны, буржуазиялық республиканизмнің жойылғаны, июнь жеңісінің құрығаны болды. *Ұсақ буржуазия* үшін Наполеонның сайланғаны борыштылардың кредиторларға үстемдік құруы болды. *Ірі буржуазияның* көпшілігі үшін Наполеонның сайланғаны осы көпшілік революцияға қарсы уақытша пайдалануға мәжбүр болған және уақытша сипатта болғандарды конституцияда баянды етпекші болысымен аяғына оралғы болған фракциямен ашықтан ашық ажырасу болды. Кавеньяктің орнына Наполеонның келгені — *ірі буржуазияның* көпшілігі үшін республиканың орнына монархияның келгені, роялистік реставрацияның басталуы, герцог Орлеанский жағына қымсына ым қағу, лилияны¹¹³ фиалканың басып кеткені болып табылды. Ақырында, *армия* Наполеонды сайлап, жедел гвардияға қарсы, бейбітшілік мамырақанына қарсы, соғысты жақтап дауыс берді.

Сонымен, «*Neue Rheinische Zeitung*» айтқандай, Францияның ең саяз адамы ең жан-жақты** қасиетке ие болды.¹¹⁴ Түкке тұрғысыз болғандықтан да, ол тек өзі былай қалды да, өзгенің бәрі болды. Алайда Наполеонның есімі түрлі таптардың аузында түрліше мағынада айтылғанымен, бұл таптардың барлығы Наполеонның есімімен бірге сайлау бюллетеніне: ««*National*» партиясы жойылсын, Кавеньяк жойылсын, Конституант жойылсын, буржуазиялық республика жойылсын!» дегенді жазды. Министр Дюфор мұны Құрылтай жиналысында: «10 декабрь — екінші рет болған 24 февраль» деп ашық айтты.

Ұсақ буржуазия мен пролетариаттың *en bloc**** Наполеон

* — мемлекеттік төңкеріс. *Ред.*

** Ойнақы сөз: «*einfältig*» — «саяз», «*vielfältig*» — «жан-жақты». *Ред.*

*** — көпшілігі. *Ред.*

үшін дауыс берді, ондағы мақсаты — Кавеньякке қарсы дауыс беру және барлық дауысты бір кандидатқа беріп, Конституантқа мәселені біржолата шешуге мүмкіншілік бермеу болды. Алайда осы екі таптың неғұрлым алдыңғы қатарлы бөлегі өз кандидаттарын ұсынды. Наполеон буржуазиялық республикаға қарсы біріккен барлық партиялардың жалпы есімі болды, Ледрю-Роллен мен Распайль жалқы есімдер болды, біріншісі — демократияшыл ұсақ буржуазияның есімі, екіншісі — революцияшыл пролетариаттың есімі болды. Распайльге берілген дауыстар — тек қыр көрсету сипатында болды, жұмысшылар және олардың социалистік көсемдері мұны бүкіл жұртқа естірге жариялады; мұның өзі президент атаулыға қарсы, яғни конституцияның дәл өзіне қарсы жасалған бұқаралық наразылық еді, сонымен бірге мұның өзі Ледрю-Ролленге қарсы дауыс беру болды; мұның өзі демократиялық партиядан пролетариаттың өз алдына дербес саяси партия ретінде бөлінгенін көрсеткен бірінші әрекет болды. Мұның керісінше, осы соңғы партия — демократияшыл ұсақ буржуазия және оның парламенттегі өкілі Гора Ледрю-Ролленнің кандидатурасына барынша салтанатты салмақтылықпен қарады, оның өзін өзі осылай ақымақ қылатыны — ежелгі әдеті. Асылында, мұның өзі оның пролетариатқа қарсы өз алдына дербес партия болуға тырысқан соңғы әрекеті еді. 10 декабрьде республикашыл буржуазия партиясы ғана емес, сонымен бірге Горасымен қоса қабат демократияшыл ұсақ буржуазия да талқан болды.

Францияда енді *Горамен* қатар *Наполеон* болды — міне, бұл олардың кеуі де өздері есіміне не болған тарихи ұлы құбылыстардың тек жансыз карикатурасы екендігінің айғағы еді. Демagogияға бейім және 1793 жылдан жұққан құрғақ сөзді Гора бұрынғы Гораның қандай мазағы болса, императорлық бүркіт белгілі және үш бұрыш қалпақты мүсәпір Луи Наполеон да бұрынғы Наполеонның нақ осындай мазағы болды. Сонымен, Наполеон жөніндегі дәстүрлі жоққа сенушіліктің күйреуімен қатар 1793 жыл жөніндегі дәстүрлі жоққа сенушілік те қабат күйреуі аяқталды. Революция *өзіндік, түпнұсқасындағы* есіміне не болғаннан кейін ғана өз кейпіне енді, ал бұған оның алғы шебіне баса көктеп революцияшыл жаңа тап — өнеркәсіп пролетариаты шыққан кезде ғана мүмкіншілік туды. 10 декабрь Гора партиясын есеңгіретіп, тауын қайтарған себебі — шаруалар қыршаңқы әзілмен сықақтап, ескі революциямен салыстыру салтын үзіп тастағандығынан деуге болады.

20 декабрьде Кавеньяк орнынан түсті де, Құрылтай жиналысы Луи-Наполеонды республиканың президенті деп жариялады. Құрылтай жиналысы жеке-дара билеп-төстетуінің ең соңғы күні — 19 декабрьде июнь көтерілісшілеріне кешірім беру жөніндегі ұсынысты қабылдамай тастады. Оның 15 000 көтерілісшіні

сотсыз айдау жазасына бұйырған 27 июндегі декреттен безуі — июнь қырғынының өзінен безу болып шыкпай ма?

Луи-Филипптің ең төменгі министрі болған Одилон Барро Луи-Наполеонның бірінші министрі болды. Өз өкіметінің басталуын 10 декабрьден санамай, сенаттың 1804 жылғы қаулысынан бастап санайтын Луи-Наполеон өзіне ұқсас, министрлігін 20 декабрьден санамай, корольдің 24 февральдағы декретінен бастап санайтын премьер-министр тауын алды. Луи-Филипптің заңды мұрагері есебінде Луи-Наполеон тоза қоюға әлі уақыты болмаған, өйткені әлі жарыққа шығып үлгіре алмаған ескі министрлікті қозғамай, басқару ауысуын оңайлатты.

Оған осы жолға түсуді буржуазияның роялистік фракцияларының көсемдері үйретті. «National» республикашылдарына қарай өтуші басқыш болғанын білмей қызмет еткен ескі династия оппозициясының басшысы буржуазиялық республикадан монархияға өтудің баспалдағы екенін біліп қызмет етуге әбден лайықты бола қойды.

Одидон Барро қаншама тырысса да министрлік қызметке қолы жетпеген, бірақ әлі де беделінен біржолата айрылып үлгірмеген бірден-бір ескі оппозициялық партияның көсемі болды. Бұрынғы оппозициялық партиялар іс жүзінде ғана емес, сонымен бірге сөз жүзінде де бұрынғы бөспесінен айнып, безуге мәжбүр болсын және, ақыр аяғында, халық олардың барлығын қосып, түгелінен сасық қоңыс ретінде тарих қоқсығы тасталатын орға төңкерсін десе керек, революция бұрынғы оппозициялық партиялардың барлығын бірінен соң бірін мемлекеттің шыңына тез шығарып жатты. Ал буржуазиялық либерализмнің тұлғасы болған, ішкі арамдығы мен бос кеуделілігін әлдекімсіп, кекірею арқылы он сегіз жыл бойына жасырумен келген Барро да опасыздықтың бірде-бір сатысын құр жіберген жоқ. Егер ол қазіргі тар жол тайғақ пен өткендегі дақтың арасындағы тым үлкен айырмадан оқта-текте шошынған болса, айнаға барып қарасак-ақ болғаны — министр байсалдылығы мен өзін өзі ұнату пендешілігі қалпына түсе қоятын. Айнада жарқырап Гизоның әлпеті тұрады, бұл кәдімгі өзі ерқашан қызығатын, мұны шәкіртіндей жазғыратын Гизо, сол Гизоның дәл өзі, бірақ мынаған Одилонның асқақ маңдайы біткен. Бірақ ол тек өзіндегі бір-ақ нәрсені — Мидастың¹¹⁵ құлағы бар екенін байқамайтын.

24 февральдағы Барро тек 20 декабрьдегі Барродан айқын көрінді; орлеанист, вольтершіл болған бұған дін министрі ретінде легитимист және иезуит Фаллу қосылды.

Бірнеше күн өткеннен кейін ішкі істер министрлігі малътусшы Леон Фошеге берілді. Право, дін, саяси экономика! Барроның министрлігінде осының бәрі болды және мұның үстіне ол легитимистер мен орлеанистерді біріктірді. Тек бонапартист қана болмады. Бонапарт Наполеонның ролін алғысы келетіндігін әзірге

жасырын ұстады, өйткені *Сулук* әзірше Туссен-Лувертюрге айнала қоймаған еді.

«National» партиясы бұрын алып үлгірген жоғарғы орындардың барлығынан табанда қуылды. Полиция префектурасы, почта дирекциясы, бас прокуратура, Париждің мэриясы — осының барлығы монархия қойған бұрынғы адамдарға берілді. Легитимист Шангарнье Сена департаментінің ұлттық гвардиясының, жедел гвардияның және бірінші армия дивизиясының линиялық әскерінің командованнесін түгел өз қолына алды; орлеанист Бюжо Альп армиясының командашысы болып тағайындалды. Қызмет орнындағы адамдардың бұл сияқты ауысуы Барро министрлігінің тұсында үздіксіз болып тұрды. Барро министрлігінің бірінші әрекеті роялистік ескі администрацияны жаңғырту болды. Кірпік қакқанша бүкіл ресми сахна өзгерді — перделер, костюмдер, тіл, актерлер, фигурашылар, қосалқышылар, суфлерлер, партиялардың позициялары, драманың қозғауыш күштері, оқиға желісінің мәні, бүкіл жағдай өзгерді. Тек сілікпесі шыққан Құрылтай жиналысы ғана әзірше өз орнында қалды. Бірақ жиналыс Бонапартты, Бонапарт — Барроны, ал Барро — Шангарнье-ні қызмет орнына отырғызғаннан кейін Франция республика құру дәуірінен құрылған республика дәуіріне көшті. Ал құрылып болған республикада осы Құрылтай жиналысының не қажеті бар еді? Жер жаратылып болғаннан кейін, оны жаратушыға аспанға қашудан басқа жол қалмапты деседі. Құрылтай жиналысы оның үлгісіне ермеуге берік бел байлады. Ол буржуазиялық республикашылар партиясының ең ақырғы панасы болды. Одан атқару билігінің барлық тіректері тартып алынған болса да, қолында әлі құрылтайлық биліктің құдіретті күші қалған жоқ па? Оның бірінші ойы қалай да жоғары билік орнынан айрылмау және айрылып қалған позицияларын соның көмегімен қайтарып алу болды. Барро министрлігін құлатып, оны «National» министрлігімен ауыстырса болғаны, роялистік чиновниктер қызмет орындарын дереу тазартуға тиісті болады да, үш түсті персонал салтанатпен қайта келеді. Ұлттық жиналыс министрлікті құлатуға ұйғарды, ал министрлік оның шабуыл жасауына өзі жағдай тугызды, ондай қолайлы желеуді жиналыс ойлап та таба алмаған болар еді.

Шаруалар үшін Лун-Бонапарттың мәні — салықтар жойылысын! — деуде болғанын еске түсірейік. Ол президент орындығында алты күн отырды, ал жетінші күні, 27 декабрьде оның министрлігі уақытша үкіметтің декретімен жойылған *тұз салығын жоймауды* ұсынды. Әсіресе село халқының көз алдында Францияның бұрынғы финанс системасының атаған құрбан тоқтысы болу абыройы *тұз салығы мен шарап салығы бөлісті*. Шаруалар қалаулысының сайлаушыларына Барро министрлігі *тұз салығын қайта салу* дегеннен артық зәрлі эпиграмма таба алмады. Тұз

салығымен бірге Бонапарт өзінің революциялық тұзын жоғалтты, — шаруалар көтерілісінің Наполеоны тұманды елес сияқты жоқ болды, тек буржуазияның роялистік эээзілдігінің жұмбақ бейнесі ғана қалды. Ал Барро министрлігі жалған үмітті дәрекі түрде талқандаудың осы әдепсіз әрекетін қасақана президенттің бірінші үкіметтік әрекеті етті.

Өз тарапынан, Конституант екі бірдей мүмкіншілікке қуана жабысты, министрлікті құлатпак, өзіне шаруалардың мүддесін қорғаушы ролін танып, шаруалар қалаулысына қарсы шықпак болды. Ол финанс министрінің ұсынысын қабылдамады, тұз салығын бұрынғы мөлшерінің үштен біріне дейін азайтты, сөйтіп 560 миллиондық мемлекет дефицитін бұрынғысынан 60 миллион көбейтті, ал үкіметке осындай *сенбеушілік білдіргеннен* кейін министрліктің орнынан түсуін жайбарақат күтіп отыра берді. Ол өзін қоршаған жаңа дүниені және өзгерген хал-жағдайын сондайлық нашар түсінді. Министрліктің артында президент, ал президенттің артында алты миллион сайлаушы тұр, бұл сайлаушының әрқайсысы сайлау урнасына Конституантқа сенбеушілік білдіру қағазын салған. Конституантқа ұлтқа сенбеушілік қағазын қайырып берді. Кісі күлерлік айырбас! Конституант өзінің сенбеушілігі зорлық күшін жоғалтқандығын ұмытты. Ол тұз салығын қабылдамау арқылы Бонапарттың және оның министрлерінің Конституантаны «*жою*» керек деген шешімін тек қана нығайта түсті. Ұзаққа созылған жекпе-жек күресі басталды, бұл Конституант өмір сүруінің бүкіл соңғы жарты кезеңін қамтыды. 29 январь, 21 март, 8 май күндері бұл дағдарыстың елеулі күндері, 13 июньнің хабаршысы болды.

Француздар — мәселен Луи Блан — 29 январьды былай түсінді: жалпыға бірдей сайлау правосы туғызған, суверенді, таратылуға жатпайтын Ұлттық жиналыс пен Жиналыс алдында қағаз жүзінде жауапты, ал шындығында Жиналыстың дәл өзі сияқты жаппай дауыс беру арқылы бекітілген, — тіпті ол ол ма, Ұлттық жиналыстың жеке мүшелеріне бөлініп, жүз қайтара бөлшектеніп жүрген дауыстардың барлығын бір өзі біріктіріп отырған президенттің арасындағы конституциялық қайшылықтардың көрінісі деп білді, ал оның үстіне бүкіл атқару өкіметі президенттің қолында болды. Ұлттық жиналыс бұл билік үстінде моральдық күш ретінде ғана қалықтап жүрді. 29 январьдағы оқиғаларды бұлай түсіну күрестің шын мазмұнын оның парламенттегі, баспасөздегі, клубтардағы сөздік формасымен шатастырады, Луи Бонапарт пен Ұлттық құрылтай жиналысы бірыңғай конституциялық өкіметтің жеке, бір-біріне қарсы тұрған сыңаржақ органдары болып көрген жоқ. Бонапарт заң шығарушы өкіметке қарсы тұрған атқару өкіметі болған жоқ. Бонапарт — соның өзінде-ақ құрылып болған буржуазиялық республиканың нақ өзі болды, бұл республика өзін құрған құралдарға

карсы, буржуазияның революцияшыл фракциясының атаққу мар эээліліктері мен идеологиялық талаптарына карсы тұрды; буржуазияның революцияшыл фракциясы республиканы орнатқан болатын, ал енді өзі орнатқан республиканың нағыз реставрацияланған монархия сияқты болып кеткендігін көріп таңданды, сөйтіп енді ол ерекше жағдайлары, елестері, арнаулы тілі және кейпкерлері бар орнату дәуірін күштен ұзартуға тырысты, иісің-жеткен буржуазиялық республика өзінің толық, дербес сипаты күйінде жарыққа шығуына бөгет жасамақ болды. Ұлттық құрылтай жиналысының ортасына қайта келіп құлаған Кавеньяктің өкілі болса, Бонапарт өзінен әлі де бөлініп кете қоймаған Заң шығарушы ұлттық жиналыстың, яғни орнап болған буржуазиялық республиканың Ұлттық жиналысының өкілі болып бой көрсетті.

Бонапарттың сайлануы *бір* есім орнына есімі көп мағыналы болғаннан кейін ғана, бұл сайлану жаңа Ұлттық жиналыстың сайлауында қайталанғаннан кейін ғана түсінікті болуға тиіс еді. Бұрынғының мандаты 10 декабрьде күшін жойды. Сонымен, 29 январьда *бас-аяғы бір* республиканың президенті мен Ұлттық жиналысы соқтығысқан жоқ, қайта, бұл соқтығысқан, бір жағынан, орнап келе жатқан республиканың Ұлттық жиналысы, екінші жағынан — орнап болған республиканың президенті болды, республиканың өмірлік процесіндегі мейлінше екібасқа дәурді бейнелеген екі өкімет соқтығысты. Бір лагерьде республикашыл буржуазияның азғантай фракциясы болды, — республика жариялау, көше күресі мен террор арқылы оны пролетариаттың қолынан жұлып алу, сөйтіп оның конституцияда мінсіз нұсқаларын белгілеу қолынан келетін бірден-бір фракция тек сол еді; екінші лагерьде — буржуазияның бүкіл роялистік бұқарасы болды, — осы орнап болған буржуазиялық республикада үстемдік ету, конституцияның идеологиялық жамылғысын алып тастау, сөйтіп заң шығаратын және әкімшілік орындары арқылы пролетариатты құлдануға керекті жағдайларды шын жүзеге асыру қолынан келетін бірден-бір бұқара тек сол еді.

29 январьда соққан сұрапыл дауыл бүкіл ай бойы дайындалды. Конституант Барро министрлігіне сенімсіздік білдіру арқылы оны орнынан түсуге мәжбүр еткенші болды. Бірақ Барро министрлігі, өз тарапынан, бұған жауап ретінде Конституантаға өзіне өзі біржолата сенімсіздік білдір, өзінді-өзің өлтіру үкімін шығар, *өзіңді өзің тарату* декретін шығар деді. Министрліктің жел беруі арқылы өте қораш депутаттардың бірі Рато 6 январьда Конституантаға, баяғы конституцияны толықтыратын бірсыпыра табиғи заңдар шығарғанға дейін өзін таратпауға августа қаулы шығарған Конституантаға осындай ұсыныс жасады. Министрлікті жақтаушы Фульд турасынан қойып, жиналысты тарату *«әлсіреген кредитті бұрынғы қалпына түсіру үшін»* қа-

жеттігін айтты. Шынында да, ол уақытша халді созып және Барро арқылы Бонапартқа, ал Бонапарт арқылы — орнатылып болған республикаға қатер тігіп, кредитті әлсіреткен жоқ па? Салмақты Барро ақыр аяғында қолы жеткен премьер-министрлік орынды, бір кезде республикашылар бүтін бір «десенниум», яғни он ай күтуге мәжбүр етіп әрең жеткен орынды екі аптадай да қызығын көрсетпей тартып алмасын деген оймен кәріне мінген Орландоға айналды. Сөйтіп осы мүсәпір Жиналыс жөнінде Барро озбырдың озбыры болды. Оның ең жылы сөзі: «Онымен бірге ешқандай болашақ мүмкін емес» болды. Ал шынында да, Жиналыс енді тек өткендегінің елесі еді. Барро кекесіндеп: «Онда республикашы өзін бекіндіруге қажетті мекемелер жасақтарлық қабілет жоқ» деді. Расы тап осылай. Жиналыстың пролетариат жөніндегі ерекше антагонизмі өршуімен қабат буржуазиялық жігері де сынды, ал роялистер жөніндегі антагонизмімен қабат оның республикалық жігері қайта тірілді. Сонымен, Жиналыс буржуазиялық республиканы тиісті мекемелермен нығайтуға екі жақтан бірдей қабілетсіз болды, республиканы ол енді түсінуден қалды.

Ратонның ұсынысының көмегімен министрлік бүкіл елде *петицияны қардай боратты*; Францияның барлық түкпірінен күн сайын *billets-doux** топ-тобымен Конституантаның үстінен кұйылып жатты, онда жіңішкелеп немесе ашық түрінде оған үзілді-кесілді қолқа салынды: өзінді *тарат*, өсиетінді жаз деді. Ал Конституанта өз тарапынан қарсы петициялар ұйымдастырды, бұларда онап өмір сүріп тұра беруі талап етілген. Наполеон мен Кавеньяктің арасындағы сайлау күресі Жиналысты тарату немесе таратпау керек деген петициялар түрінде қайта басталды. Петициялар 10 декабрьге қосымша түсіндірме болуға тиіс еді. Бұл үгіт бүкіл январь айына созылды.

Конституанта президентпен екі арадағы жанжалында жалпыға бірдей сайлау правосының ұрпағымын деуге сүйене алмады, өйткені мұқатушылары бұған қарсы дәл сол жалпыға бірдей сайлау правосына жүгінді. Ол ешқандай заңды өкіметке сүйене алмады, өйткені іс заңды өкіметке қарсы күресу туралы болды. Жиналыс сонау 6 және 26 январьда жасаған сенімсіздік білдіру әрекетімен министрлікті құлата алмады, өйткені министрлік оның сеніміне мұқтаж да емес еді. Оған тек *бір-ақ жол — көтеріліс жасау* жолы қалды. Көтерілістің жауынгерлік күші — *ұлттық гвардияның республикашыл бөлегі, жедел гвардия*** және республикашыл пролетариаттың орталықтары *клубтар* болды. *Ұлттық шеберханалар**** июньге дейін революцияшыл пролетариаттың ұйымдасқан жауынгер күші болғаны тәрізді июнь

* — жарастықты жолдамалар. *Ред.*

** Осы томды қараныз. 222—223-беттер. *Ред.*

*** Осы томды қараныз. 223—224-беттер. *Ред.*

күндерінің батырлары — жедел гвардияшылар декабрьде буржуазияның республикашыл фракциясының нақ сондай ұйымдасқан жауынгер күші болды. Конституантаның Атқару комиссиясы өзіне төзімсіз болып шыққан пролетариат талаптарын жоюға бел байлап, ұлттық шеберханаларға өрескел бас салғаны тәрізді Бонапарттың министрлігі де буржуазияның республикашыл фракциясының енді төзгісіз талаптарын жоюға бел байлап, жедел гвардияға бас салды. Министрлік *жедел гвардияны таратуға* қаулы алды. Оның жартысы қызметтен шығарылып, көшеге тасталды; екінші жартысы — демократиялық ұйымның орнына жаңадан монархиялық ұйым болып құрылды, ал оның жалақысы жаяу әскерлердің дағдылы жалақысының мөлшеріне дейін төмендетілді. Жедел гвардия июнь көтерілісшілерінің халіне түсті, ал газеттерде жедел гвардияшылардың *халық алдында өкініп жазғандары* күнде шығып жатты, олар мұнда июньде жіберген кінәсын мойындап, пролетариаттан кешірім өтінді.

Ал *клубтар ше?* Құрылтай жиналысы Барроға, ол арқылы президентке, ал президент арқылы орнап болған буржуазиялық республикаға, орнап болған буржуазиялық республика арқылы — жалпы буржуазиялық республика біткенге сенімсіздік білдірген кезден бастап қажет болған себепті февраль республикасының орнатушы элементтерінің күллісі, партиялардың күллісі — өмір сүріп отырған республиканы құлатып, бұрынғы қалпына күшпен қайта келтіруді, оны өздерінің таптық мүдделері мен принциптерін жақтайтын республикаға айналдыруды көздегендер жиналыс маңына топталып, тығыз ынтымақ құрды. Болған оқиғалар болмаған тәрізді көрінді; революциялық қозғалыс сұрыптаған жіктер қайта былықты, күрес февраль күндеріндегі белгісіз, әрбір партия құрылымымен өздерінше түсінген республика үшін қайтадан жүргізілді. Партиялар аз уақыт бойына бұрынғы февральдағы позицияларына қайта түсті, бірақ февральдағы жоққа сенушіліктерді жақтаған жоқ. «National»-дың үш түсті республикашылдары «Réforme»-нің демократиялық республикашылдарына қайтадан қол артты, оларды бастаушы етіп парламенттік күрес сахнасының алдына қайта шығарды. Демократиялық республикашылдар қайтадан социалистік республикашылдарға сүйене бастады (халық алдында жарияланған манифест 27 январьда олардың жарасып, біріккендігін хабарлады) және үкіметке қарсы көтерілу күресіне клубтарда негіз дайындады. Министрлік баспасөздің «National»-дың үш түсті республикашылдарын қайта тірілген июнь көтерілісшілері дегені әділ сөз еді. Буржуазиялық республиканы басқарушы болып қалу үшін олар буржуазиялық республиканың өзіне қатер төндірді. Министр Фоше 26 январьда одақтар правосы туралы заң ұсынды, оның бірінші параграфында: *«Клубтарға рұқсат жоқ»* делінген. Ол осы заң жобасын дереу талқылай бастауды ұсынды, ке-

йінге қалдыруға болмайды деді. Конституанта оны шұғыл қарау мәселесін қабылдамады, ал 27 январьда Ледрю-Роллен конституцияны бұзғандығы үшін министрлікті сотқа беру керек деп 230 депутат қол қойған ұсыныс енгізді. Мұндай кезде министрлікті сотқа беру — не судьялардың, яғни палата көпшілігінің дәрменсіздігін әдепсіз әшкерелеу, не айыптаушының осы көпшіліктің өзіне қарсы жасаған дәрменсіз қарсылығы болар еді, — Гора-мұрагерсымақтар сол уақыттан бастап дағдарыстың шешуші кезеңінің барлық реттерінде қолданып келген ұлы революциялық козырь, міне, осы. Өз есімінің салмағына жаншылған сорлы Гора!

Бланки, Барбес, Распайль және басқалары 15 майда Париж пролетариатын бастап Құрылтай жиналысының мәжіліс залына басып кіріп, оны қуып жіберуге әрекеттенді. Барро бұл Жиналысқа 15 майды моральдық жағынан қайта туғызбақ болды, оны өзін-өзі таратуға көндіріп, мәжіліс залын жабуға тырысты. Нақ сол Жиналыс май оқиғасының айыптыларына қарсы тергеу жұмысын бастауды кезінде сол Барроға тапсырған еді; ал енді, Барро Жиналыс жөнінде роялист Бланкидің ролін атқарған кезде, ал Жиналыс Барроға қарсы одақтарды клубтардан, революцияшыл пролетариаттан, Бланкидің партиясынан іздеген кезде, — міне, осындай кезде қатігез Барро май тұтқындарын бітістіруші соттан алып, «National» партиясы шығарған жоғарғы сотқа — haute cour-ге беру жөнінде ұсыныс жасап, Жиналысты қинай бастады. Министрлік портфельден айрылу қаупінен келіп біздің Барроның басынан Бомаршеге лайықты өткір ой қоңысы шыққаны қандай тамаша! Көп уақыт толқығаннан кейін Жиналыс оның ұсынысын қабылдады. Май көтерілісшілері жөнінде қайтадан Жиналыс өзінің қалыпты күйіне түсті.

Президент пен министрлерге қарсы күресте Конституанта көтеріліс жасау жолына түсуге мәжбүр болса, өз кезегімен Конституантаға қарсы күресте президент пен министрлер мемлекеттік төңкеріс жасау жолына түсуге мәжбүр болды, өйткені оны таратып жіберуге ешқандай заңды мүмкіншілігі болмады. Бірақ Конституанта конституцияның анасы, ал конституция — президенттің анасы болды. Президент мемлекеттік төңкеріс арқылы конституцияны жойса-ақ, ол сонымен бірге өзінің республикалық правосық негізін жояды. Онда ендігі қалғаны өзінің императорлық правосын жарыққа шығару болды, бірақ императорлық право орлеанистік праволарды туғызды, ал мұның екеуі де легитимистік праволардан қатты қысылды. Заңды республиканың құлауы өзіне қарсылар салтанат құрып, легитимистік монархияны жеңіске жеткізуі ықтимал еді, өйткені бұл кезде орлеанистер февраль күндерінде жеңілгендер ғана еді, ал Бонапарт 10 декабрьде жеңуші ғана болды, сондықтан бұл екі партия республика узурпациясына өздерінің дәл сондай монархиядан узурпация-

лаган праволарын ғана қарсы қоя алатын еді. Легитимистер істің жағдайы өздеріне қолайлы екенін біліп, тапа-тал түсте-ақ конспирация жасады. Олар генерал Шангарньені өздерінің *Монкасы* етеміз деп сенді. *Қызыл республиканың* жақындап қалғандығы пролетариаттың клубтарында қандай ашық хабарланса, *ақ монархияның* жақындап қалғандығы да легитимистердің клубтарында нақ сондай ашық хабарланды.

Көтеріліс сәтті тұншықтырылса, бұл министрлікті барлық қиыншылықтан құтқарған болар еді. «Заңдылық бізді құртып жатқан!»— деп шамданды Одилон Барро. Көтеріліс *salut public** деген сылтаумен Конституантаны таратуға, конституцияның өзіне бола конституцияны бұзуға мүмкіншілік берген болар еді. Одилон Барроның Ұлттық жиналыста өрескел сөйлеуі, клубтарды жабу туралы ұсыныс, үш түсті 50 префект қызметтен безіп ел құлағын елеңдеткені және олардың орына роялистер келуі, жедел гвардияның таратылуы, оның бастықтарына Шангарнье асқақ қарауы, сонау Гизоның кезінде-ақ қолайсыз танылған профессор Лерминьеге кафедраны қайырып беру, легитимистердің қылықтарына шыдампаздық жасау — міне, осының бәрінде көзделген мақсат көтеріліс тугызу болды. Бірақ көтерілістің үні шықпады. Ол министрліктен емес, Конституантадан дабыл күтті.

Ақырында, 29 январь болды, бұл күн Матье де ла Дромның Рато жасаған ұсынысы мүлде қабылданбасын деген ұсынысы талқылануға тиісті күн еді. Легитимистер, орлеанистер, бонапартистер, жедел гвардия, Гора, клубтар — міне, осылардың бәрі бұл күні конспирация жасады, мұны жалған жауына қарсы қалай қолданса, жалған одақтасына да солай қолданды. Бонапарт атқа мініп, Келісім алаңында әскер бөлімдерін қарап шықты. Шангарнье әсерлі зорығу стратегиялық маневрлер жасап, актерлік етті, Конституанта өзінің мәжіліс жасайтын үйін әскер қоршап алғанын көрді. Айқыш-ұйқыш үміттің, қорқыныш, зарығу, дағдарыс, қысылыс, заговорлардың барлығының орталығы болған арыстандай айбынды Құрылтай жиналысы өзі үшін осы қашандағыдан болса да күрделі әрі бүкіл дүние жүзілік-тарихи кезеңде бір минут та толқыған жоқ. Ол баяғы ұрысқа өз қаруын жұмсаудан қорқып қана қоймай, сонымен қатар жауының қаруын да сындырмай, бүтін сақтауға міндеттімін дейтін сайыскердің кербін киді. Ол өлімге жиіркенсе қарап, өзін өлім жазасына бұйырған үкімге қол қойды, Ратоның ұсынысы мүлде қабылданбасын деген ұсынысты қостамады. Ол қоршаудағы жағдайға өзі түсіп, құрылтайшылық ісіне шек қойды, Париждің қоршау жағдайы бұл істің қажетті әшекей жиегі болды. Оның кек алуы өзінің өресіне сай болды: ол келесі күні 29 январьда министрлік үрейін ұшырған қорқыныш жөнінен тергеу тағайындады. Арбау-алдаудың осы ұлы комедиясында Гора өзін жаршы ретінде «National»

* — қоғамды қорғау. *Ред.*

партиясы пайдалануына көніп, революциялық жігері мен саяси мәнінің жетімсіздігін көрсетті. «National» партиясы мынау орнап болған буржуазиялық республикадағы өкімет монополиясын, сонау республика құрыла бастағанда уысына іліккен монополияны қолдан шығармаудың ақырғы әрекетін жасады. Бірақ ол бүтіндей сәтсіздікке ұшырады.

Егер январь дағдарысында мәселе Конституантаның өмір сүруі туралы болса, 21 марттағы дағдарыста мәселе конституцияның өмір сүруі туралы қойылды; бірінші ретте мәселе «National» партиясының қызметкерлері туралы болса, екінші ретте — оның мұраты туралы болды. Әрине, «көргенді», республикашылдар аспандағы идеологиясын жер үстіндегі үкімет билігін менгеруден гөрі арзанырақ сатты.

21 мартта ұлттық жиналыстың күн тәртібінде Фошпен одақтар правосына қарсы бағытталған заң жобасы: *клубтарды күштеп жено* жөніндегі заң жобасы тұрды. Конституцияның 8-статьясында барлық француздардың одақтар құру правосына кепілдік беріледі. Демек, клубтарға тыйым салу конституцияны ашықтан-ашық бұзу болды, сөйтін Конституанта өзінің қасиет тұтқан конституциясын масқаралаушылықты мақұлдауы керек болды. Бірақ клубтар революцияшыл пролетариаттың жиналатын пункті, жасырын жұмыстарын жүргізетін жері ғой. Жұмысшылардың өз буржуазына қарсы коалиция жасауына Ұлттық жиналыстың өзі тыйым салған болатын. Ал клубтар бүкіл жұмысшы табының бүкіл буржуазия табына қарсы жасаған коалициясы, буржуазия мемлекетіне қарсы бағытталған ерекше жұмысшы мемлекеті ұйымының өзі емес пе? Ал соның бәрі пролетариаттың құрылтай жиналыстары болған жоқ па, солардың бәрі көтеріліс армиясының ұрысқа дайын тұрған отрядтары болған жоқ па? Конституция ең алдымен буржуазия үстемдігін заңды етуге тиіс болды; демек, анығында конституция одақ жасау правосы дегенде буржуазия үстемдігімен, яғни буржуазиялық құрылыспен сыйыса алатын одақтарды ғана түсінетін болса керек. Егер конституция теориялық жағынан әдеп сақтап, жалпы формуланы қолданған болса, конституцияны талқылап түсіндіретін және оны жеке реттерде қолданатын үкімет пен Ұлттық жиналыс бар емес пе? Ал егер республиканың ең алғашқы дәуірінің өзінде қоршаудағы жағдайға сүйеніп, клубтарға іс жүзінде тыйым салынған болса, тәртіптелген, орнап болған республикада оларға заң негізінде тыйым салуға неге болмайды? Үш түсті республикашылдар конституцияны осылай жайбарақат талқылаушылыққа конституция жөніндегі көпірме құрғақ сөздерін ғана қарсы қойды. Олардың бір бөлегі Паньер, Дюклер және басқалары министрлікті жақтап дауыс берді, сөйтін оны көпшілік дауысты етті. Архангел Кавеньяк пен шіркеудің атасы Марраст бастаған екінші бөлегі клубтарға тыйым салу туралы статьяларды қабылдағаннан кейін

Ледрю-Ролленмен және Горамен бірге комиссиялардың бірінің бөлмесіне барып, «кеңес құрды», Ұлттық жиналыс әлсіреді, онда енді дауыс саны шешім қабылдауға заң бойынша белгіленген қажетті мөлшерден кем болып қалды. Бұл арада Кремьё мырза комиссия үйінде отырып: осы арадан жол тұп-тура көшеге тартады, қазір 1848 жылғы февраль емес, 1849 жылғы март дегенді дер кезінде еске салды. «National» партиясы кенеттен көзі ашылып, Ұлттық жиналыстың мәжіліс залына қайтып келді, ал оның артынан ақымақ болған Гора қоса келді. Гораны ұдайы кинап келген нәрсе — революция толғақтары болды, бірақ оның конституциялық жол іздеуі де мұнан кем соққан жоқ; ол солай бола тұрса да әрқашан: революцияшыл пролетариаттың алдында жүруден гөрі буржуазиялық республикашылдардың артында жүрген жайлы деп түйді. Бұл комедия осылайша аяқталды. Конституцияның текстін бұзу оның мағынасын бірден-бір дұрыс түсіндіру болып табылады деп, Конституантаның өзі қаулы шығарды.

Тағы бір пунктті: құрылған республиканың еуропалық революцияға көзқарасын, оның *сыртқы саясатын* реттеу қалды. 1849 жылғы 8 майда өмір сүруінің ақырғы күндерін басынан кешіріп отырған Құрылтай жиналысында әдеттен тыс қызғын дүрмек болды. Күн тәртібінде: француз армиясының Римге шабуыл жасағаны, оны римляндар тойтарып тастағаны, оның саяси жағынан масқара болғаны және оның соғыста күйрегені, Француз республикасының Рим республикасын сатқындық жасап өлтіргені, екінші Бонапарттың бірінші италиян жорығы болды. Гора өзінің басты қозырін тағы жұмсады: Ледрю-Роллен конституцияны бұзғандығы жөнінде қозғалған іс бойынша министрлікке және бұл жолы Бонапартқа да қарсы бағытталған әрқашанғы айыптау актісін әкеліп президенттің столына лақтырды.

8 майдың желеуі кейіннен 13 июньнің желеуінде қайталанды. Осы Рим экспедициясының қандай болғанын қарастырып көрелік.

Кавеньяк 1848 жылғы ноябрьдің орта шешінде-ақ: папаны қорғап, оны кемеге мінгізіп, Францияға алып кел деген тапсырмамен Чивита-Веккиюге әскери флот жіберді. Папа* «көргенді» республикаға батасын беруге және Кавеньяктің президент болып сайлануын қамтамасыз етуге тиіс еді. Кавеньяк папамен бірге поптарды, поптармен бірге— шаруаларды, ал шаруалармен бірге — президенттікті қармаққа түсірмек болды. Кавеньяктің экспедициясының таяу мақсаты сайлау рекламасы болу еді, ол сонымен бірге Рим революциясына қарсы жасалған наразылық пен қатер болды. Папаның пайдасына бола Францияның интервенция жасауының бастамасы осы экспедиция болды.

Австриямен және Неапольмен одақтасып, папаның пайдасы

* — IX Пий. *Ред.*

үшін және Рим республикасына қарсы жасалған осы интервенция Бонапарттың министрлер советінің бірінші мәжілісінде 23 декабрьде шешілді. Министрліктегі Фаллу — Римдегі папа, оның үстіне папалық Римдегі папа еді. Бонапарт шаруалардың президенті болу үшін енді папаға мұқтаж болған жоқ, бірақ шаруаларды өз жағында ұстау үшін ол папа өкіметінің сақталуына мұқтаж болды. Шаруалардың сенімпаздығы оны президент етті. Олар дінмен қоса сенімпаздығын, ал папамен қоса — дінін жойды. Ал егер Бонапарттың атынан үстемдік еткен біріккен орлеанистер мен легитимистерге келетін болсақ, онда, корольді қайта орнатудан бұрын, корольдерді әулие тұтатын өкіметті қайта орнату керек қой. Мәселе олардың роялизмінде ғана емес, — тегі папаның қауымдық өкіметіне бағынған ескі Римсіз папа жоқ, папасыз католицизм жоқ, католицизмсіз француз діні жоқ қой, ал дін болмаса ескі француз қоғамы не болар еді? Шаруаның о дүниедегі молшылыққа деген бодауы буржуаның шаруалар жеріне деген бодауының кепілі болып табылады. Демек, июнь революциясы меншікке, буржуазиялық тәртіпке қандай қорқынышты қол сұғу болса, Рим революциясы да дәл сондай болды. Францияда қайта орнаған буржуазия үстемдігі Римде папа өкіметінің қайта орнатылуын талап етті. Ақырында, Рим революционерлеріне берілген соққы француз революционерлерінің одақтастарын соққылау болды; құрылып болған Француз республикасындағы контрреволюциялық топтардың одағы Француз республикасы Қасиетті одақпен, Неапольмен және Австриямен одақ жасауы арқылы табиғи жалғасын тапты. Министрлер Советінің 23 декабрьдегі шешімі Конституантаға құпия емес еді. Ледрю-Роллен 8 январьда-ақ министрліктен бұл туралы түсінік сұраған, Министрлік онан танған, сөйтіп Жиналыс кезектегі істерге көшкен. Жиналыс министрліктің сөзіне сенді ме? Жиналыстың бүкіл январь бойы министрлікке сенімсіздік білдірумен әуреленгенін біз жақсы білеміз. Ал егер министрліктің роліне өтірік айту кірген болса, Жиналыстың роліне республиканың сырт көрінісін сақтаған осы өтірікке мүләйімсіп сенушілік кірді.

Бұл екі арада Пьемонттың тас-талқаны шағарылды: Карл-Альберт тақтан тайды, Австрия армиясы Францияның қақпасын қақты, Ледрю-Роллен батыл сұраулар қойды. Бірақ министрлік Солтүстік Италияда тек Кавеньяктің саясатын жалғастырып отырғанын дәлелдеді, ал Кавеньяк өз тұсынан уақытша үкіметтің, яғни Ледрю-Ролленнің саясатын жүргізді. Бұл жолы министрлік керек десе Ұлттық жиналыстың сеніміне ие болды және Солтүстік Италияда қолайлы пунктке уақытша орнығуға өкілдік алды, бұл бекіну Сардиния иеліктерін бөлуге болмайтындығы және Рим мәселесі туралы Австриямен келіссөздерді мығым етуге тиісті болды. Италияның тағдырын Солтүстік Италиядағы ұрыстар шешетіндігі белгілі. Сондықтан не Ломбардия мен Пье-

монттан кейін іле-шала Римнің де құлауына көну керек немесе Австрияға қарсы, ал сонымен бірге Европа контрреволюциясына қарсы соғыс жариялау керек болды. Қалай, сонда Ұлттық жиналыс кенеттен Барро министрлігін бұрынғы Қоғамдық құтқару комитетіне балағаны ма? Әлде өзін-өзі Конвентке балағаны ма? Француз әскерлеріне Солтүстік Италияда қайдағы бір пунктті алудың не қажеті бар еді? Рим экспедициясы осы бәрі көрініп тұрған жұқа жамылғымен бүркелді.

14 апрельде 14 000 солдат Удиноның басшылығымен Чивита-Веккиоге кемемен жүріп кетті; интервенция жасауға арналған эскадраны Жерорта теңізінде үш ай бойы дайындап ұстап тұру үшін Ұлттық жиналыс 16 апрельде министрлікке 1 200 000 франк кредит бөлуге дауыс берді. Сонымен, ол Римге қарсы интервенция жасау үшін министрлікке керекті құралдардың барлығын берді, ол министрлікті Австрияға қарсы шығуға мәжбүр еткен сияқты болып көрінуге тырысты. Ол министрліктің не істеп жатқанын көрген жоқ, тек айтқанын ғана есітті. Мұндай сенімді Израильден де таба алмайсың. Құрылтай жиналысы сондай халге түсті, — ол құрылып болған республиканың не істеу керек екендігін білуге де бата алмады.

Ақырында, 8 майда комедияның ең соңғы көрінісі ойналды. Конституанта министрліктен дереу италиян экспедициясын алдына қойылған мақсатқа кірістіру үшін шарасын қолдануды талап етті. Бонапарт дәл сол кеште «Mopiteur»-де өзінің хатын жариялады, онда Удиноға өте риза екенін білдірді. 11 майда Ұлттық жиналыс осы Бонапартқа және оның министрлеріне жасалған айыптау актісін қабылдамады. Ал Гора осы өтіріктің торын талқандау орнына парламенттік комедияны трагедияға айналдырды, сөйтіп бұл комедияда Фукье-Тенвильдің ролін өзі атқармақ болды, бірақ Конвенттен уақытша пайдалануға алған арыстан терісінің астында тұрған өзінің ұсақ буржуазиялық бұзау терісін көрсетіп алды!

Конституанта өмірінің екінші жартысы мынадай болды: 29 январьда ол өзі құрған республикада табиғи қожайын буржуазияның роялистік фракциялары екенін мойындады, 21 мартта — конституцияның бұзылуы оның жүзеге асуы болып табылады дегенді мойындады, ал 11 майда Француз республикасының азаттық үшін күресіп жатқан европалық халықтармен депіре жарияланған снжар одағы Европа контрреволюциясымен белсене одақтасу екенін мойындады.

Осы мүсәпір Жиналыс сахнадан түсер алдында, өмір сүруінің жылдығынан екі күн бұрын, 4 майда тағы бір кенелді — июнь көтерілісшілеріне кешірім беру ұсынысын қабылдамай тастады. Бүкіл билігінен айрылған, халық өлердей жек көрген, буржуазия өрескел шетке қағып, арасынан жирене аластап шығарған, бұрын сол буржуазияның құралы болған, өмірінің екінші

жартысында өмірінің бірінші жартысынан безуге мәжбүр болған, республикалық жоққа сенулерінен айрылған, өткенде істеген ұлы ісі жоқ, келешектен үміті жоқ, тірідей біртелеп шіріген Құрылтай жиналысының тек өз өлекесін қолдан тірілтуге ғана мұршасы жетті, июнь жеңісінің елесі ұдайы оның көз алдынан кетпеді, оны қайтадан басынан кешіріп, жазаланғандарды қайта-қайта жазалады, сөйтіп осындай жол арқылы өзінің әлі өлмегенінің куәсі болды. Июнь көтерілісшілерінің қанын сімірген жалмауыз!

Ол артында бұрынғы мемлекеттік дефицитті қалдырды, ол дефицитке июнь күндерінің шығындары, тұз салығының жойылуы, негрлердің құлдыққа болуын жойғаны үшін плантаторларға берген сыйлықтар, Рим экспедициясының шығындары, ақырында, шарап салығының жойылуы қосылып, асқынған болатын; Құрылтай жиналысы бұл салықты нақ өлер алдында жойды, сөйтіп баяғы бақытты мұрагеріне ұятты намыс борышын таңғанына қуанатын қатыгез қарт сияқты болды.

Марттың алғашқы күндерінде *Ұлттық заң шығару жиналысының* сайлау науқаны басталды. Бұл науқанда екі негізгі топ бір-біріне қарсы шықты: *тәртіп партиясы*¹¹⁶ мен *демократиялық-социалистік*, немесе *қызыл партия*; бұлардың арасында *«конституция достары»* тұрды, — «National»-дың үш түсті республикашылары осы атты пайдаланып, дербес партия болуға тырысты. *Тәртіп партиясы* июнь күндерінен соң іле-шала құрылды, бірақ оның өмір сүруінің жасырын сыры тек 10 декабрь оған «National» тобынан, буржуазиялық республикашылар тобынан ажырасуға мүмкіндік бергеннен кейін ғана ашылды: *орлеанистер мен легитимистердің бір партия болған коалиция екені* ашылды. Буржуазия табы екі үлкен фракцияға бөлінді, бұлар өкімет монополиясын кезек менгеріп отырды: *Реставрация*¹¹⁷ дәуірінде *ірі жер иелері* менгерді, *Июль монархиясы* дәуірінде *финанс аристократиясы* мен *өнеркәсіп буржуазиясы* менгерді. *Бурбон* — бір фракцияның мүдделері басым болуына керек король есімі осы болды; *Орлеан* — екінші фракцияның мүддесі басым болуына керек король есімі болды; өкіметті тең негізде билеп, бәсекесін тоқтатпай жүргізе отырып, бұл екі фракция тек *есімсіз республика үстемдігі* жағдайында ғана ортақ таптық мүдделерін қорғай алатын еді. Егер буржуазиялық республика бүкіл буржуазия табы үстемдігінің таза және әбден орнығып болған формасының дәл өзі болған болса, онда енді бұл легитимистермен толықтырылған орлеанистердің, орлеанистермен толықтырылған легитимистердің үстемдігі *Реставрация* мен *Июль монархиясының* қосындысы болмағанда не болмақ? «National»-дың буржуазиялық республикашыларды өз табының пәлендей экономикалық негізге сүйенген ірі фракциясының өкілі болған жоқ. Олардың маңызы мен тарихи мағынасы мынау ғана болды: монархия дәуірінде

әрқайсысы тек өзінің *ерекше* режимін ғана білетін буржуазиялық екі фракцияның екеуіне де қарама-қарсы талапты — буржуазия табының ортақ режимін, *есімсіз республика үстемдігін* қуаттады, оны атам заманының өрнектерімен әшекейлеп, асыра дәріптеді, бірақ олар, әрине, бәрінен бұрын онда өз тобының үстемдік етуін құттықтады. Егер «National» партиясы өзі орнатқан республиканың шыңында біріккен роялистер отырғанын көріп шатасқан болса, онда өзінің бірігіп үстемдік ету фактісі жөнінен роялистер де нақ сондай дәрежеде адасты. Егер өз фракцияларының әрқайсысы жекелеп алғанда роялистік фракция болатын болса, олардың химия жолымен біріккендегі жемісі қажетті түрде *республикалық* жеміс болуға тиісті екендігін олар түсінбеді; олар үш түсті республикада ақ монархия мен көгілдір монархия бейтараптануға тиісті болғандығын түсінбеді. Революцияшыл пролетариатпен және өзінің кіндік орталығы ретінде пролетариатқа барған сайын жақындай түскен өтпелі таптармен антагонизмде болуы тәртіп партиясының екі фракциясының екеуін де бүкіл біріккен күштерін сарқа пайдалануға және бұл біріккен күш ұйымынан айрылмауға мәжбүр етті; бұл фракциялардың әрқайсысы екінші біреуінің реставрациялық және жығыла түйілген ниеттеріне бірігіп үстемдік етуді, яғни буржуазиялық үстемдіктің *республикалық формасын* қарсы қоюға тиісті болды. Сонымен біз бастапқы кезде реставрация дереу болады деп сенген, кейін аузынан көбік атып, қарғап-сілеп республикалық форманы сақтаған осы роялистер, ақыр аяғында, тек республикада ғана сыйыса алатынын мойындағанын, сөйтіп реставрацияны белгісіз уақытқа кейін қалдырғанын көріп отырмыз. Бірігіп үстемдік ету *өз-өзінен* осы екі фракцияның екеуін де күшейтті және оның әрқайсысын екінші біреуіне бағынуға, яғни монархияны реставрациялауға бұрынғыдан да қабілетсіз, бұрынғыдан да қырсыз етті.

Тәртіп партиясы сайлау программасында буржуазия табының үстемдігін, яғни оның үстемдік етуінің өмірлік жағдайларын ашық жариялады, онысы: *меншік, семья, дін, тәртіп!* Әрине, буржуазияның таптық үстемдігін және бұл таптық үстемдіктің жағдайларын ол цивилизация үстемдігі және материалдық өндірістің, сондай-ақ бұл өндірістен туатын айналымның қоғамдық қатынастарының қажетті жағдайлары деп бояп көрсетті. Тәртіп партиясының ақша қаражаты орасан көп болды, ол бүкіл Францияда өзінің бөлімшелерін ұйымдастырды, ескі құрылыс идеологтарының барлығын жалақымен ұстады, өмір сүріп отырған үкіметтік биліктің бүкіл ықпалын пайдаланды, революциялық қозғалыстан әлі аулақ жатқан, жеке меншіктің сановник өкілдерін өздерінің ұсақ меншіктері мен ұсақ соқыр сенімдерін әбден қорғаушы деп білген ұсақ буржуа мен шаруалардың бүкіл бұ-

қарасының ішінде тегін вассалдық әскер ұстады. Сансыз көп кішкене корольдер арқылы бүкіл елге танылған тәртіп партиясы өзінің кандидаттарын қабылдамағанның бәрін бүлікшілер ретінде жазалай алатын болды, бүлікшіл жұмысшыларды, тіл алмайтын батырақтарды, малайларды, приказчиктерді, темір жол чиновниктерін, писарьларды, азаматтық өмірде өзіне бағыныштылардың бәрін қызметтен шығарып тастай алатын болды. Ақырында, тәртіп партиясы 10 декабрьде қалап сайланған Бонапарттың керемет күштерін жарыққа шығаруына республикалық Конституанта бөгет жасапты-мыс деген ертегіні кейбір жерлерде демеп қоятын болды. Біз тәртіп партиясын сөз қылғанда, айтып отырғанымыз бонапартистер емес. Олар буржуазия табының елеулі фракциясы болған жоқ, — олар бұрынғы діншіл мүгедектер мен дінге сенбейтін жас авантюристердің қосындысы болды. Тәртіп партиясы сайлауда жеңіп, Заң шығару жиналысына орасап көп өкілін жіберді.

Контрреволюциялық буржуазияның коалициясын көрген ұсақ буржуазия мен шаруалардың революцияшылданып үлгірген барлық элементтері революциялық мүдделердің негізгі жақтаушысы — революцияшыл пролетариатпен бірлесуге тиісті болғаны табиғи іс еді. Біз парламенттік жеңілістер ұсақ буржуазияның парламенттегі демократияшыл көсемдерін, яғни Гораны пролетариаттың социалистік көсемдерімен одақ жасауға қалай итермелегенін және *concordats à l'amiable** қабылданбауы, буржуазиялық мүдделерді дәрекі жақтаушылық пен банкроттық парламенттен тысқарғы нағыз ұсақ буржуазияны нағыз пролетарлармен жақындасуға қалай итермелегендігін көріп өттік. 27 январьда Гора мен социалистер өздерінің татуласқанын мейрамдады; олар осы бірігуін 1849 жылғы февральда болған үлкен банкетте тағы қуаттады. Әлеуметтік және демократиялық партиялар, жұмысшылар партиясы мен ұсақ буржуалар партиясы *әлеуметтік-демократиялық*, яғни *қызыл партия* болып бірікті.

Июнь күндерінен соңғы жанталасудан кейін бір мезет дәрменсіз болған Француз республикасы қоршаудағы жағдай тоқталғаннан, 19 октябрьден бастап толассыз талай қызғын сілкіністерді басынан кешірді. Әуелі президенттік үшін күрес; онан президенттің Конституантамен күресі; клубтар үшін күрес; Буржеде болған процесс¹¹⁸, онда президенттің, біріккен роялистердің, «көргенді» республикашылдардың, демократияшыл Гораның және пролетариаттың социалистік доктринерлерінің ұсақ фигураларының қасында бұл процестің нағыз шын революционерлері ерте заманның асқан алыбындай көрінді, оларды қоғамның бетінде тек дүние жүзілік топан қалдырғандар немесе қоғамдық топаннан бұрынғы жерде ғана кездесетіндер дерлік еді; сайлау алдындағы үгіт; Бреаны¹¹⁹ өлтіргендердің өлім

* — жарастықты келісімдер. *Ред.*

жазасына тартылуы; баспасөз ісі жөніндегі толассыз процестер; үкіметтің банкеттерге полициялық күш жұмсап, қол сұғуы; роялистердің өрескел арандатушылықтары; Луи Блан мен Коссидьердің суреттері маскаралау бағанасына ілінуі; Құрылтай жиналысы мен оның өзі құрған республикасының арасындағы толассыз күрес, революцияны өзінің шыққан пунктіне әрқашан да қайтарып әкеліп отырған, жеңушіні әрқашан жеңілушіге, жеңілушіні — жеңушіге айналдырып отырған, партиялар мен таптардың жағдайын, олардың айрылысуы мен бірігуін кірпік қаққанша өзгертіп отырған күрес; европалық контрреволюция барысының тездеуі; венгерлердің даңқты күресі; неміс көтерілістері; Рим экспедициясы; француз армиясының Рим қақпасының алдында масқара болып жеңілуі — қозғалыстың міне, осы дауылында, тарихи толқулардың осы азабында, революциялық тілектердің, үміттер мен түнілушіліктердің осы драмалық тасуы мен серпіліп кейін тебуінде француз қоғамының әр түрлі таптары бұрын жарты ғасырлап есептелген даму дәуірлерін апталап есептеуге тиісті болды. Шаруалар мен провинциялардың едәуір бөлегі революцияшылданды. Олар Наполеоннан түңіліп қана қойған жоқ, — қызылдар партиясы оларды есім орнына мазмұн береміз, салық төлеуден құтылу сағымының орнына легитимистерге төленген миллиардты қайтартамыз, ипотекаларды ретке салып, өсімқорлықты жоямыз деп үміттендірді.

Революция дүрбелеңі тіпті армияға да тарады. Армия Бонапартқа жеңіс үшін дауыс берді, ал Бонапарт армияны жеңіліске ұшыратты. Армия революцияның бүркеулі ұлы қолбасшысы деп кішкене қапталға дауыс берді, ал ол армияға маңғаз генералдарды қайта таңды, олары бүркенген қара табан қаптал болып шықты. Қызыл партия, яғни біріккен демократиялық партия жеңістің өзіне жете қоймаған күнде де ірі жеңістерге жетуге тиісті болғандығы талассыз: Париж, армия, провинциялардың едәуір бөлегі оған дауыс беруге тиіс еді. Гораның көсемі *Ледрю-Ролленді* бес департамент сайлады; тәртіп партиясының бірде-бір көсемі, нағыз жұмысшы партиясының қатарындағылардан бірде-бір адамның есімі мұндай жеңіске жеткен жоқ. Бұл сайлану бізге демократиялық-социалистік партияның құпиясын ашып берді. Бір жағынан, демократияшыл ұсақ буржуазияның парламенттік авангарды болған Гора пролетариаттың социалистік доктринерлерімен бірігуге мәжбүр болды, ал июньде материалдық жағынан өте сұрапыл жеңіліске ұшыраған пролетариат жападан әрлеуге жету жолын ақыл-ой жеңісінен іздеуге мәжбүр болды; басқа таптардың даму дәрежесі революциялық диктатораны күшпен алуға әлі мүмкіншілік бермегендіктен, пролетариат өз азаттығының доктринерлерінің, социалистік секталарды құрушылардың құшағына кіруге тиіс болды. Екінші жағынан, революцияшыл шаруалар, армия, провинциялар Гора жағына

шықты. Сонымен, революциялық біріккен күштерді басқару ісі Гораға көшті, ал оның социалистермен келісімге келуі революциялық лагерьде болатын жікке бөлінудің қандайын болса да жойды. Конституганта өмір сүруінің екінші жартысында Гора оның республикалық шабытының тұлғасы болды, оны уақытша үкімет, Атқару комиссиясы және июнь күндері кезінде жасаған күнәларын ұмытуға мәжбүр етті, «National» партиясы өзінің жартымпаз жаратылысына сәйкес бірте-бірте өзін роялистік министрліктің жаныштауына қаншалық мүмкіншілік берген болса, «National» партиясының күдіреті жүріп тұрған кезде сахнадан тайған Гора партиясы енді соншалық жоғары көтеріліп, революцияның парламенттегі өкілі ретінде маңыз алды. Шынында да «National» партиясы роялистік басқа фракцияларға атаққұмар жандар мен идеалистік мылжың сөздерден басқа ешнәрсені қарсы қоя алмады. Гора партиясы, мұның керісінше, буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқыған бұқараның өкілі болды, бұл бұқараның материалдық мүдделері демократиялық мекемелердің болуын талап етті. Кавеньяк пен Маррастқа қарсы күресте Ледрю-Роллен мен Гора қалтқысыз революция жолын ұстады, ал осы маңызды ролін сезу олардың батылдығын күшейткені сонша, революциялық жігердің көрінісі парламенттік бой көрсетуден, айыптау актілерін жасаудан, қоқан-лоққыдан, даусын көтеруден, қырып-жоймақ болған сөздерден, аяғы бос сөзбен тынатын құлшыну әрекеттерінен әрі кетпеді. Шаруалар ұсақ буржуалармен шамалас халде болды, олардың әлеуметтік талаптары да сондай шамалас еді. Сондықтан қоғамның революциялық қозғалыс қамтыған орта топтарының барлығы Ледрю-Ролленді батырымыз деп білуге тиіс болды. Ледрю-Роллен демократияшыл ұсақ буржуазияның басты кейіпкері болды. Тәртіп партиясына қарсы күресте ең алдымен жартылай консервативтік, жартылай революцияшыл және осы тәріздес бүтіндей утопиялық реформаторлар бірінші орынға шығуға тиіс болды.

«National» партиясы, «quand même* — конституцияның достары», republicains purs et simples** сайлауда тұралай күйреді. Олардың болмашы азшылығы заң шығаратын палатаға кірді; олардың неғұрлым әйгілі көсемдері сахнадан тайды, мұның ішінде керек десе «көргенді» республиканың бас редакторы және Орфейі Марраст та бар.

28 майда Заң шығару жиналысы ашылды, 11 июньде 8 майдағы соқтығыс қайта басталды. Конституцияны бұзды, Римді бомбылатты деп айыптап, Гораның атынан Ледрю-Роллен президент пен министрлікке қарсы айыптау актісін тапсырды. Бұл айыптау актісін 11 майда Құрылтай жиналысының қабылдамай

* — қалай дегенмен, еш нәрседен тайыпбас. *Ред.*

** — таза республикашылдар. *Ред.*

тастағаны сияқты, оны 12 июньде Заң шығару жиналысы да қабылдамай тастады, бірақ пролетариат бұл жолы Гораны көшеге шығуға мәжбүр етті,— рас, Гора көше күресі үшін емес, көшеде бой көрсету үшін шықты. Бұл қозғалыстың күшпен басылғанын және 1849 жылғы июнь оқиғасы 1848 жылғы июньнің әрі күлкілі, әрі сонша бишаралық әжуасы болғанын түсіну үшін қозғалысты Гора бастағанын айтсақ та жеткілікті, 13 июньдегі ұлы шегіністен асып түскен нәрсе тек Шангарнье соғыс жөнінде жасаған бұдан да гөрі ұлы есеп болса керек, тәртіп партиясы ол сабазды қолма-қол ұлы адамдар санатына қосты. Әрбір қоғамдық заман өздерінің ұлы адамдары болуына мұқтаж, ал егер ондай адамдар жоқ болса, Гельвеций айтқандай, оларды заман ойдан жаратады.

Буржуазиялық республика орнатқаннан 20 декабрьде қалғаны жартысы ғана — президент қана болды, 28 майда бұл республика өзінің екінші жартысымен — *Заң шығару жиналысымен* толықты. Құрылып жатқан буржуазиялық республика пролетариатқа қарсы бұрынды-соңды болып көрмеген шайқас түрінде 1848 жылғы июньде тарихтың метрика кітабына тіркелді; құрылып болған буржуазиялық республика ол ұсақ буржуазиямен жасаған адам айтқысыз комедиясы түрінде 1849 жылғы июньде тағы сол кітапқа тіркелді. 1849 жылғы июнь — 1848 жылғы июнь үшін өш алған Немезида болды. 1849 жылғы июньде жеңілген жұмысшылар емес, бұл жолы күйреген жұмысшылар мен революцияның екі арасында тұрған ұсақ буржуа болды. 1849 жылғы июнь — жалдама еңбек пен капитал арасындағы қанды трагедия емес, бұл жолы борышқор мен кредитордың арасында ойналған, түрме қатеріне ұласқан күйкі пьеса болды. Тәртіп партиясы жеңді, оның құдіреті күшті болып алды, енді ол өзінің мәнін көрсетуге тиісті болды.

III

1849 ЖЫЛҒЫ 13 ИЮНЬНІҢ САЛДАРЫ

Конституциялық республика 20 декабрьде Янус басының тек бір-ақ бетін, Луи Бонапарттың ұсқынсыз, сұмпайы пішінді атқарушылық бетін көрсетті. 1849 жылғы 28 майда ол өзінің екінші бетін, тілім-тілім тыртық қаптаған *заң шығару* бетін көрсетті, бұл тыртықты Реставрация мен Июль монархиясының жын-ойнағы қалдырған болатын. Ұлттық заң шығару жиналысы *конституциялық республикасын*, яғни мемлекеттің республикалық формасын құру аяқталғанын бейнеледі, бұл формада буржуазия табының үстемдігі заңды етілді, демек, француз буржуазиясын бейнелейтін роялистік екі үлкен фракцияның біріккен үстемдігі,

легитимистер мен орлеанистердің, *тәртіп партиясының* үстемдігі заңды етілді. Сонымен Француз республикасы роялистік партиялар коалициясының меншігі болған тұста контрреволюциялық державалардың европалық коалициясы марттағы революциялардың ақырғы баспанасына қарсы жаппай күрес жорығын жасады. Россия Венгрияға басып енді, пруссия әскерлері империя конституциясын жақтаушылар армиясына қарсы аттанды, ал Удино Римді бомбалады. Европа дағдарысы шешуші бет бұрыс пунктке жақындай түсті, бүкіл Европаның назары Парижге, ал бүкіл Париждің назары — *Заң шығару жиналысына* аударылды.

11 июнде Ледрю-Роллен Жиналыстың мінбесіне шықты. Ол сөз сөйлеген жоқ, ол тек министрлерге қарсы айыптауды тұжырымдады, мұнысы жалаң, бояусыз, нақты, қысқа, ауыр айыптау болды.

Римге шабуыл жасау — конституцияға шабуыл жасау, Рим республикасына шабуыл жасау — Француз республикасына шабуыл жасау болып табылады. Конституцияның V статьясында былай делінген: «Француз республикасы өзінің әскери күштерін ешқандай халықтың бостандығына қарсы ешқашан жұмсамайды», ал президент француз әскерлерін Римнің бостандығына қарсы жұмсап отыр. Конституцияның 54-статьясы Ұлттық жиналыстың келісімінсіз атқару өкіметіне ешқандай соғыс жариялауға рұқсат етпейді.* Конституантаның 8 майдағы қаулысы министрлерге Рим экспедициясын алғашқы мақсатына мүмкіндігінше тезірек қайтаруды үзілді-кесілді бұйырады, демек, бұл қаулы Римге қарсы соғысқа да үзілді-кесілді тыйым салады, ал Удино болса, Римді бомбалады. Сонымен, Ледрю-Роллен Бонапартты және оның министрлерін айыптауға конституцияның өзін куәға шақырды. Ол, конституцияның трибуны, Ұлттық жиналыстың роялистік көпшілігіне мынадай ауыр сөздер айтты: «Республикашылдар барлық тәсілді қолданып, тіпті керек болса қарудың күшімен конституцияны сыйлауға мәжбүр ете алады!» — Гораның *«Қарудың күшімен!»* — деген сөзінің жаңғырығы жүз рет қайталанды. Көпшілік керемет шу көтерді; Ұлттық жиналыстың председатели Ледрю-Ролленді тәртіпке шақырды; Ледрю-Роллен делебе қоздыратын сөзін қайталап айтты, сөйтіп қорытындысында Бонапартты және оның министрлерін сотқа беру жөніндегі ұсынысты председателдің столына апарып қойды. Ұлттық жиналыс Римді бомбалау жөніндегі мәселе бойынша 203 дауысқа қарсы 361 көпшілік дауыс беріп, кезектегі істерге жайдан-жай көше барды.

* Бұл жерде және бұдан әрі осы еңбектің аяғына дейін Ұлттық жиналыс деген сөзді 1849 жылғы 28 майдан 1851 жылғы декабрьге дейін істеген Ұлттық заң шығару жиналысы (Легислатива) деп түсіну керек. *Ред.*

Қалай, сонда Ледрю-Роллен конституцияның көмегімен Ұлттық жиналысқа, Ұлттық жиналыстың көмегімен президентке соққы беремін деп сенген бе?

Әрине, конституция басқа елдегі халықтардың бостандығына қарсы шабуыл жасаудың қандайына болса да тыйым салды, бірақ министрліктің айтуына қарағанда француз армиясы Римде «бостандыққа» емес, «анархия деспотизміне» шабуыл жасады. Конституцияны түсіндіру оны жазғандардың еркінде емес, оны қабылдағандардың ғана еркінде екендігін Құрылтай жиналысындағы бүкіл тәжірибесіне қарамастан, Гора сонда да түсінбегені ме? Конституцияның текстің ол өмірге қабілетті болу мағынасында түсіндіру керектігін, ал конституцияның өмірге бірден-бір қабілеттілік мағынасы — буржуазиялық мағына екендігін түсінбегені ме? Інжілдің түп түсіндірушісі — поп, заңның түп түсіндірушісі — судья болса, Бонапарт пен Ұлттық жиналыстың роялистік көпшілігі конституцияның нақ осындай түп түсіндірушісі екенін түсінбегені ме? Конституантаның тірі кезінің өзінде Одилон Барро сияқты адам оның еркіне көнбеген болса, жалпыға бірдей сайлаудың қойнынан жаңа ғана шығып отырған Ұлттық жиналыс сол мүрдем қатқан Конституантаның өсиетін құрметтеп, қол байламақ па? Ледрю-Роллен Конституантаның 8 майдағы шешіміне сүйенгенде өзінің Бонапартты, оның министрлерін сотқа беру жөнінде жасаған бірінші ұсынысын нақ осы Конституантаның 11 майда қабылдамай тастағанын, Конституантаның президент пен министрлерді ақтағанын, сөйтіп Римді бомбалауды «конституциялық» деп мақұлдағанын, асылында тек шығарылып қойған үкімге қарсы жалынып отырғанын, оның үстіне республикалық Конституанта атынан роялистік Легислативаға жалынып отырғанын ұмытқаны ма? Конституция ерекше статьяда әрбір азаматты конституцияны қорғауға үндеп, көтерілісті көмекке өзі шақырады. Ледрю-Роллен осы статьяға сүйенді. Бірақ, екінші жағынан, тегінде қоғамдық өкімет дегендер конституцияны қорғау үшін құрылмай ма, тегінде конституцияны бұзу дегеніміз конституциялық өкіметтердің біреуі екінші біреуіне қарсы шыққан кезден ғана басталмай ма? Оның бер жағында республиканың президенті, республиканың министрлері, республиканың Ұлттық жиналысы өзара нағыз тату-тәтті күйде болды.

Гораның 11 июньдегі әрекеті — «таза ақыл-ой шеңберіндегі көтеріліс», яғни таза парламенттік көтеріліс болды. Халық бұқарасының қарулы көтерілісінің перспективасынан қорыққан Жиналыс көпшілігі Бонапартты және оның министрлерін жою арқылы өзінің өкіметі мен сайлаудың маңызын жояды деп дәмеленді — Гора. Конституанта Барро — Фаллу министрлігінің орнынан түсуін қатты талап етіп, тап осы жолмен Бонапарттың сайлануын жоюға тырысқан жоқ па еді?

Парламенттік көтерілістер көпшілік пен азшылық арасындағы қатынастарда кенеттен түбірлі төңкеріс жасауда Конвент заманынан қалған өнегелер баршылық емес пе еді? қарт Гораның істегенін жас Гора неге істей алмайды?— мұндай іске уақыт жағдайлары да қолайлы тәрізді еді ғой. Парижде халықтың дүрлігуі қорқыныш туғызатындай дәрежеге жетті; сайлауда дауыс беруге қарағанда армия үкімет жағында болған жоқ, ұйымдаса қоюға Заң шығару жиналысының көпшілігі өте жас болды, оның үстіне ескі адамдардан құралды. Егер Гора парламенттік көтеріліс жасай алса, басқару тізгіні тікелей соның қолына көшкен болар еді. Демократияшыл ұсақ буржуа өз тарапынан әрқашанғы әдетімен күрестің өзінен аулақ жерде, бұлттың ішінде, парламент мүшелері көлеңкесінің арасында болуынан басқа ешнәрсені де құмарта тілеген жоқ. Ақырында, парламенттік көтеріліс арқылы демократияшыл ұсақ буржуа да, оның өкілі Гора да ұлы мақсатына жеткен болар еді: пролетариаттың қолын шешіп жібермей-ақ, жақындатпай, алыстан қарасын көрсетумен-ақ буржуазияның күшін қиратқан болар еді; пролетариат қауіпті болмай-ақ пайдаланылған болар еді.

Ұлттық жиналыстың 11 июньдегі дауыс беру қорытындысынан кейін Гораның бірнеше мүшесі жасырын жұмысшы қоғамдарының делегаттарымен жолығысты. Жұмысшы делегаттары көтерілісті нақ сол күні кешке бастауды қатты талап етті. Гора бұл жоспарға үзілді-кесілді қарсы болды. Ол қалай да болса қозғалысты басқару ісін өз қолынан шығарғысы келмеді; ол өзінің жауларына қандай жиіркене қараса, одақтастарына да солай қарады, ал оның мұнысы дұрыс та еді. 1848 жылғы июньді еске түсіру Париж пролетариатын еш уақытта нақ осындай серпе толқытқан емес. Сөйте тұрса да, ол Горамен одақтасып, қолы байланды. Гора парламентте департаменттердің көпшілігі болды, ол армияға ықпалып күшейтті, Ұлттық гвардияның демократиялық бөлегі қарамағында болды, ақырында, дүкеншілердің моральдық көмегіне сүйенді. Гораның еркімен санаспай көтеріліс бастау — пролетариат үшін 1848 жылғы июнь күндерін босқа қайталау, ондағы жанталаса күресуге интермелеген жағдайлар жоқ кезде қайталау болатын еді, оның үстіне пролетариаттың қатарын оба мен жұмыссыздық сиретіп кетті, жұмыссыздық пролетариаттың бірсыпыра бұқарасын Парижден қуды. Жұмысшы делегаттары бірден-бір ақылға сыйымды іс істеді. Олар егер өзінің айыптау актісі қабылданбаса, Гораны *жаманатты* болуға, яғни парламенттік күрестің шегінен шығуға міндеттеді. 13 июньнің өн бойына пролетариат сол шүбәшіл-бақылаушылық позицияда болды және демократияшыл ұлттық гвардия мен армияның арасында күрделі, қайрылмастай қатты айқас болуын күтті, ондағы көздегені күреске түсу және революцияны ұсақ-буржуазиялық мақсаттан әрі қарай итермелеу болды.

Жене қалған күнге деп пролетариат коммунасы ұйымдастырылды, ол коммуна ресми үкіметпен қатар қимыл жасауға тиіс болды. Париж жұмысшыларын 1848 жылғы июньнің қанды мектебі баулыған болатын.

Айыптау актісін дереу талқылауға көшу керек деген ұсынысты Заң шығару жиналысына 12 июньде министр Лакростың өзі енгізді. Үкімет бір түннің ішінде қорғаныс пен шабуыл жасаудың барлық шарасын қолданды; Ұлттық жиналыстың көпшілігі бүлікшіл азшылықты көшеге шығуға мәжбүр етуге бел байлады, азшылықтың енді кейін шегінуіне болмай қалды, жеребе тасталып қойған; 8 дауысқа 377 дауыс қарсы шығып айыптау актіні қабылдамады; дауыс беруден бас тартқан Гора қатты ызаланып, «бейбітшіл демократияның» насихат залына, «Democratie pacifique»¹²⁰ газетінің редакциясына жүгірді.

Алып Антейдің жерден, өзінің анасынан аяғы көтеріліп кетіп, күшінен айрылғаны сияқты, парламент үйінен қуылған Гора да күшінен айрылды. Заң шығару жиналысының үйінде самсондар болған монтаньярлар* «бейбітшіл демократияның» залдарында қара табан филистерге айналды. Ұзаққа созылған, айқай-шулы, басқа айтыстар қызу жүріп жатты. Гора *«тек қару жұмсаудан басқа»* құралдың қандайын болса да қолдана отырып, конституцияны қадірлеуге мәжбүр етуге берік бел байлады. Оның мұнысын «конституция достарының» манифесі¹²¹ мен депутациялары қолдады. «National»-дың, буржуазиялық республикашылдар партиясы тобының қалдықтары өздерін «конституция достары» деп атады. Бұл партияның аман қалған өкілдерінің алтауы парламентте *қарсы* дауыс беріп, қалғандарының бәрі айыптау актіні қабылдамауды *жақтап* дауыс бергенін көріп, *Кавеньяк* қылышын тәртіп партиясының қолына ұстатқанын көріп, бұл топтың парламенттен тысқарғы жердегі неғұрлым көбірек бөлегі өзінің саяси құқықсыздар жағдайынан құтылуына және демократиялық партия қатарына қыстырылып енуіне кезеңі келіп тұрған осы жағдайға ентелеп жабыса түсті. Шынында да, олар осы партияның қалқанының, *принципінің, конституцияның* тасасына тығылған табиғи түрдегі сойылын соғушылары болған жоқ па?

«Гораны» таң атқанша толғақ қинады. Оның толғақтанда тұғаны — *«халыққа арналған үндеу»* болды, бұл үндеу 13 июньде таңертең социалистік екі газеттің¹²² жұпыны бұрыштарында азы-көпті көлемде басылып шықты. Бұл үндеу президентті, министрлерді және Заң шығару жиналысының көпшілігін *«конституциядан тысқары»* (hors la Constitution) деп жариялап, ұлттық гвардияны, армияны және ақырында халықты да «көтерілуге» шақырды. *«Конституция жасасын!»* деген ұран оның паролі болды, — бұл пароль *«революция жойылсын!»* дегенмен тең еді.

* — Гораны жақтаушылар («montagne»—«тау» деген сөзден шыққан). *Ред.*

Гораның конституциялық үндеуіне ұсақ буржуаның 13 июньде жасаған *бейбіт демонстрация* дейтіні дәлме-дәл үндес келді. Мұның өзі Шато-д'О -дан бастап бульварларды аралап көшеде бой көрсету болды; көпшілігі ұлттық гвардияшылардан жиналған 30 000 адам қарусыз, күшия жұмысшы секцияларының мүшелерімен қосылып, бульварларда жүріп: «*Конституция жасасын!*» деп жамырасты. Бұл ұранды демонстранттардың өздері шын жүректен емес, жүрдім-бардым, селқос айқайлады. Сөйтіп, күндей күркіреп күшейе түсудің орнына бұл дауыстар тротуарларды қаптаған халықтың кекесініне ұшырады. Көп дауысты әнде көкіректі жарып шыққан үн жетіспеді. Бой көрсету «конституция достарының» мәжіліс үйінің қатарына келіп, конституцияның жалдама герольды сол үйдің маңдайына шығып, клакерлік қалпағын пәрменіше сілтеп, өкпесін керемет керней түсіп, «*конституция жасасын*» деген айқайды бой көрсетушілердің үстіне жаңбырдай жаудырғанын көргенде, — жағдайларының мүлде адам күлерлік халде екендігін процессияға қатысушылардың өздері де сезгендей болды. Шангарньенің атты әскерлері мен жаяу әскерлері процессия де ла Пе көшесінің бұрышы мен бульварларға жеткенде оған парламенттік қабылдауға әсте жуыспайтын қандайлық қабылдау дайындағаны, бой көрсетуге қатысушылардың кірпік қаққанша бет-бетімен бытырап зытқаны, парламенттің 11 июньде көтеріліске шақыруын орындамақ болып, зытып бара жатқанда ғана «қаруланьндар!» деп мінгірлегені баршаға мәлім.

Бейбіт процессияның күшпен қуылуы, бульварларда қарусыз адамдарды өлтіріп жатыр деген ызың дыбыстар, бірден-бірге күшейген көше абыржуы — міне, осының барлығы көтерілістің жақындап қалғандығын хабарлағандай болған сәтте Гораның Азар көшесіне жиналған мүшелерінің көпшілігі қашып кетті. Депутаттардың азғана тобын бастаған *Ледрю-Роллен* Гораның абыройын жапты. Пале-Национальға орналасқан Париж артиллериясының қорғауымен олар өнер және қолөнері музейіне қарай беттеді, бұл жерге ұлттық гвардияның 5-ші және 6-шы легиондары келуге тиіс еді. Бірақ монтаньярлар 5-ші және 6-шы легиондарды босқа күтті: бұл сақ гвардияшылар өз өкілдерін қорғамай тастап кетті, халықтың баррикада құруына Париж артиллериясының өзі бөгет жасады, былық және абыржушылық ешқандай шешімге келуге мүмкіншілік бермеді, жаяу әскерлер мылтық найзаларын кезеп қарсы шықты, депутаттардың бір бөлегі қолға түсіп, бір бөлегі қашып құтылды. 13 июнь осылайша аяқталды.

Егер 1848 жылғы 23 июнь революцияшыл пролетариат көтерілісінің күні болса, 1849 жылғы 13 июнь демократияшыл ұсақ буржуа көтерілісінің күні болды; бұл көтерілістердің әрқайсысы оны көтерген таптың *мінсіз таза* көрінісі болды.

Тек Лионда ғана іс табан тірескен, қанды соқтығысуға дейін барды. Мұнда өнеркәсіптік буржуазия мен өнеркәсіп пролетариа-

ты біріне-бірі тікелей бетпе-бет тұрады, жұмысшы қозғалысы Париждегідей жаппай қозғалыстың шеңберінде болмады, сөйтіп онымен тізгінделген жоқ; сондықтан 13 июнь мұндағы болған көрінісінде өзінің алғашқы сипатын жойды. Провинциялардың 13 июньге үн қосқан басқа жерлерінде ол ешнәрсені қыздыра алған жоқ,— мұның өзі *суынған жай оғы* болды.

1849 жылғы 28 майдан, Заң шығару жиналысы ашылуынан бастап қалыпты тіршілікке кіріскен *конституциялық республиканың өмір сүруінің алғашқы кезеңі* 13 июньде аяқталды. Бүкіл осы кезіспе кезең тәртіп партиясы мен Гораның арасында, буржуазия мен ұсақ буржуазияның арасында болған қызу күреспен өтті; ұсақ буржуазия буржуазиялық республиканың орнауына қарсыласып босқа арам тер болды, ал осы республиканың пайдасы үшін уақытша үкімет пен Атқару комиссиясында ұсақ буржуазияның өзі үздіксіз конспирация жасап, июнь күндерінде тағы соның өзі осы республика үшін пролетариатқа қарсы жанталаса күрескен болатын. 13 июнь оның қарсылығын күйретіп, біріккен роялистердің *заң шығаратын диктатурасын* болары болған іске айналдырды. Осы уақыттан бастап Ұлттық жиналыс *тәртіп партиясының қоғамдық құтқару комитеті ғана* болып қалды.

Париж президентті, министрлерді және Ұлттық жиналыстың көпшілігін *«айыпкердің халіне»* түсірді; ал бұлар Париж *«қоршау жағдайында»* деп жариялады. Гора Заң шығару жиналысының көпшілігін *«конституциядан тыс»* деп жариялады, көпшілік өз тарапынан конституцияны бұзды деп Гораны Жоғарғы сотқа берді және бұл партияның іске неғұрлым жарамдыларының барлығын саяси қылмыстылар деп жариялады. Гораның басы жоқ, жүрегі жоқ құр кеудесі қалды. Азшылық *парламенттік көтеріліс* жасау әрекетіне дейін барды, көпшілік өзінің *парламенттік озбырлығын* заңға айналдырды. Көпшілік парламенттік жаңа регламент белгілеп, декрет шығарды, бұл регламент трибуна еркіндігін жойып, Ұлттық жиналыстың председателіне тәртіпті бұзған депутаттарға сөгіс беру, ақшалай айып салу, жалақысынан айыру, мәжілістен уақытша шығарып жіберу, тұтқынға алу арқылы жаза колдануға право берді. Ол Гораның кеудесінің үстіне қылыш орнына шыбық ілді. Ар-намыс борышы Гораны аман қалған депутаттарынан қыр көрсетіп, өкілдіктен безуін талап еткен болар еді. Бұл әрекет тәртіп партиясының быт-шыт болуын тездеткен болар еді. Қарсыласудың тіпті көленкесінің өзі біріктіріп отырған бұл партия сол қарсыласу тоқтаған мезетінде-ақ бастапқы құрамды бөлшектеріне бөлініп, ыдырауға тиіс болар еді.

Демократияшыл ұсақ буржуазияның *парламенттік* күшімен қатар *қарулы* күші де тартып алынды; Париж артиллериясы және ұлттық гвардияның 8-ші, 9-шы, 12-ші легиондары таратылды. Ал финанс аристократиясының 13 июньде Буле мен Рудың баспа-

ханасына шабуыл жасап, баспахана станоктарын қиратқан, республикалық газеттердің редакцияларын талқандаған, редакторларын, әріп терушілерін, баспашыларын, экспедиторларын, хат тасушыларын заңсыз тұтқынға алған легионы Ұлттық жиналыстың трибунасынан мақтау алды. Республикаға іш тартады деп күдіктелген ұлттық гвардияшыларды осылайша таратып жіберу бүкіл Францияда қайталанды.

Баспасөз туралы жаңа заң, одақтар туралы жаңа заң, қоршау жағдайы туралы жаңа заң, Париж түрмелерінің лық толуы, саяси эмигранттарды қуып жіберу, «National»-дан әрі асып түсетін газеттердің барлығын тоқтатып тастау, Лионды және көршілес бес департаментті солдаттық өрескел деспотизмге бағындыру, барлық жерді тіміскілеген прокурор бақылауы, чиновниктердің талай рет тазартылған армиясын қайтадан тазалау — міне, жеңімпаз реакцияда болмай қоймайтын, үнемі қайталанатын *трафарет тәсілдер* осындай, бұлардың июнь қырғыны мен июньде болған қуғын-сүргіндерге жалғас еске алынатын бірден-бір себебі: бұл жолы олар тек Парижге ғана емес, сонымен қатар департаменттерге де қарсы бағытталды, пролетариатқа ғана емес, сонымен қатар бәрінен бұрын орта таптарға қарсы бағытталды.

Ұлттық жиналыстың бүкіл заң шығару қызметі июнь, июль және август айлары бойына ылғи жазалау заңдарын шығару болды, бұл заңдар үкіметке қоршау жағдайын жариялау правосын берді, баспасөздің аузына бұрынғыдан да қатты қақпақ салып, одақтардың правосын жойды.

Бірақта бұл дәуірді сипаттайтын нәрсе — жеңісті *іс жүзінде* пайдалану емес, *принцип* жүзінде пайдалану, Ұлттық жиналыстың шешімдері емес, осы шешімдердің дәлелдемелері, істелген іс емес, құрғақ бос сөздер, тіпті құрғақ сөз де емес, құрғақ сөзді құбылтатын екпін мен шұлғу болды. *Роялистік сенімге ұйығанын* беті былш етпей сілтеу, республиканы қомсынып, жиіркене балағаттау, тәлімсіген ұшқалақ сөздермен реставрациялық максаттарды айтып салу, қысқасы *республиканың әдеп-ізеттерін* көкірек қаға бұзу, — бұл дәуірге ерекше сарын беріп, таңба салған, міне, осылар болды. «Конституция жасасын!» — деген сөз 13 июньде *жеңілгендердің* жауынгер ұраны болды. Мұның өзі *жеңушілерді* конституциялық, яғни республикалық тілдің екіжүзділігінен құтқарды. Контрреволюция Венгрияны, Италияны және Германияны жеңді, сөйтіп олар реставрация Францияның қақпасының алдында тұр деп білді. Тәртіп партиясы фракцияларының көсемдерінің арасында бояусыз бәсеке орын тепті; олар бірімен бірі таласа «Moniteur» арқылы өздерінің роялизмін документпен дәлелдеуге тырысты, монархия кезінде істеген кейбір либералдық күнәларын мойындауға, оған өкінуге, ол үшін құдайдан да, адам-

дардан да кешірім өтініп, жалбарынуға шұлғынды. Ұлттық жиналыстың мінбесінен февраль революциясы қоғамдық апат болды деп жарияланбаған, қайдағы бір түкпірде жатқан легитимистік помешик салтанатты түрде мен республиканы ешуақытта мойындаған жоқпын деген, Июль монархиясының су жүрек қашқындары мен сатқындарының біреуі өзінің кенже қалған ерлік ниеттерін шұбырта айтпаған, оны жүзеге асыруға тек Луи-Филипптің адамға көңілшектігі ғана немесе басқа бір түсініспеушілік қана бөгет жасағаны айтылмаған бірде-бір күн болған жоқ. Сөйтіп февраль күндеріндегі таңдануға тұрарлықтай нәрсе жеңімпаз халықтың кішіпейілдігі емес, қайта өзін халықтың жеңуіне жол берген роялистердің өзін-өзі құрбан етіп, жуастық жасағандығы сияқты болып көрінді. Халық өкілдерінің бірі февраль күндерінде жараланғандарға жәрдемге бөлінген ақшаның бір бөлегін февраль күндерінде отанға бірден-бір қызмет еткен *муниципалдық гвардияшыларға* беруді ұсынды. Екінші біреуі Карусель алаңына герцог Орлеанскийдің ат үстінде тұрған мүсінін орнатуды ұсынды. Тьер конституцияны қоқсық қағаздың жыртындысы деп атады. Орлеанистер легитимистік монархияға қарсы арамдық істегендеріне өкініш айту үшін, ал легитимистер легитимистік емес монархияға қарсылық көрсеткеніміз жалпы монархияның құлауын тездетті деп өздерін кінәлау үшін кезек-кезек трибунаға шықты. Моленін ізін баққанына Тьер өкінді, Гизоның ізін баққанына Моле өкінді, осы үшеуінің де ізін баққанына Барро өкінді. «Әлеуметтік-демократиялық республика жасасын!» деген үндеу конституцияға қарсы деп жарияланды; «Республика жасасын!» деген үндеу социалистік-демократиялық үндеу ретінде қудаланды. Ватерлоодағы⁹³ ұрыстың жылдығында депутаттардың біреуі: «Мен пруссактардың басып енуінен гөрі Францияға революцияшыл эмигранттар келуінен қатты шошимын» дегенді айтты. Лионда және көршілес департаменттерде ұйымдастырылған террорға қарсы шағымға жауап ретінде Барге д'Илье былай деді: «Мен қызыл террордан ақ террорды артық көремін» («J'aime mieux la terreur blanche que la terreur rouge»). Сөйтіп, Жиналыс өзінің шешендері республикаға қарсы, революцияға қарсы, конституцияға қарсы шығып, монархияны жақтап, Қасиетті одақты жақтап эпиграмма айтқан сайын ес-түсі қалмай қол шапалақтап отырды. Республиканың сң болмашы формальды тәртібін бұзудың өзі, мысалы, депутаттарға «Citoyens»* деп сөйлесудің өзі тәртіп рыцарьларын өлердей қуанытып отырды.

Пролетариаттың едәуір бөлегінің дауыс беруден қалыс қалып, қоршау жағдайына арқа сүйеп, Парижде 8 июльде өткізілген қосымша сайлау, француз армиясының Римді алуы, Римге

* —«Азаматтар». Ред.

қызыл діншілер¹²³ келіп кіруі, ал олардың нөкерлерінің ішінде — монахтардың инквизициясы мен террорының келуі, — міне, мұның бәрі июнь жеңісіне жаңа жеңіс қосты, мұның бәрі тәртіп партиясының мәзденуін өршіте түсті.

Ақырында, августтың орта шешінде роялистер Ұлттық жиналыстың мәжілісіне екі ай үзіліс жасау жөнінде декрет шығарды — бұған себеп, бір жағынан, жаңа ғана жиналып отырған департаменттік советтерге қатынасу, екінші жағынан, көп айлар бойы өзінің роялизмін тойлап қатты шаршағандық болды. Олар ашықтан ашық келемеж етіп, Ұлттық жиналыстың орынбасарлары ретінде, *республиканың сақшылары* ретінде жиырма бес депутаттан құралған комиссия, легитимистік және орлеанистік партияның Моле, Шангарнье және басқалары сияқты бетке шығарларып қалдырды. Келемеждің тамыры олардың ойлағанынан гөрі тереңірек еді. Тарих үкім кесіп, оларды өздері жақсы көретін монархияны құлатуға себепші етсе, енді өздері жек көретін республикаға сақшы етіп қойды.

Заң шығару жиналысы мәжілісіне *үзіліс жариялауымен бірге конституциялық республиканың өміріндегі екінші кезең, оның роялистік құтырыну кезеңі аяқталды.*

Париждің қоршау жағдайы қайта жойылды, баспасөз қайтадан қызмет істей бастады. Социалистік-демократиялық газеттерді тоқтатқан кезде, жазалау шаралары мен роялистік жүгенсіздік болып тұрған дәуірде *монархиялық-конституциялық ұсақ буржуазияның* ескі әдебиеттік өкілі «Siècle»¹²⁴ республикаға бет бұрды, *буржуазиялық реформаторлардың* ескі органы «Presse»¹²⁵ демократизмге бет бұрды, ал *буржуазиялық республикашылдардың* ескі классикалық органы «National» социализмге бет бұрды.

Жария клубтарға мүмкіндік қалмауына қарай, *жасырын қоғамдар* көбейіп, күшейе түсті. Таза коммерциялық қоғам ретінде ғана жол беріліп келген және экономикалық ешқандай маңызы болмаған *жұмысшылардың* өндіргіш *серіктіктері* саяси жағынан протелариат үшін байланыс буындары ролін атқарды. 13 июнь әртүрлі жартылай революциялық партиялардың ресми жоғарғы топтарын жұлып әкетті, бірақ оның есесіне аман қалған бұқараның өз санасы өсті. Тәртіптің рыцарьлары қызыл республика орнаса сұмдық болады деп қорқытты, бірақ Венгриядағы, Бадендегі, Римдегі жеңімпаз контрреволюцияның оңбаған айуандығы мен жойқын сұрапылы «*қызыл республиканы*» аппақ етіп жуып шықты. Сондықтан француз қоғамының наразы болған аралық таптары іс жүзінде үміт қалмаған қызыл монархияның сұрапыл сұмдықтарынан гөрі шүбәлі сұрапыл-сұмдықтары бар қызыл республиканың уәделерін артық көре бастады. Революциялық насихатқа ешбір социалист Францияда

Гайнаудан артық еңбек сіңірген жоқ. *A chaque sarcasme selon ses oeuvres!**

Оның бер жағында Луи Бонапарт Ұлттық жиналыстың каникулын провинцияларға мәртебелі сапар шегуге пайдаланды, легитимистердің ең қызғындары Людовик¹²⁶ әулие ұрпағының алдында бас ию үшін Эмске кетті, ал тәртіп партиясының толып жатқан депутаттары жаңа ғана жиналған департаменттік советтерде эзезілдікпен шұғылданды. Ұлттық жиналыстың көпшілігі айтуға әлі де бата алмаған сөзін советтерге айтқызу керек болды, оларға *конституцияның дереу қайта қаралуын талап еткізу* керек болды. Конституция бойынша мұндай қайта қарау тек 1852 жылы ғана осы мақсат үшін арналып шақырылған Ұлттық жиналыста істелуге тиіс еді. Ал егер департаменттік советтердің көпшілігі конституция қайта қаралсын деп отырса, сонда Францияның бұл тілегі Ұлттық жиналысты зорлап, конституцияның қаймағын бұздырмай ма? Вольтердің «Генриадасындағы» монашқалар пандурлардан нені күткен болса, Ұлттық жиналыс осы провинциялық жиналыстардан дәл соны күтті. Бірақ Ұлттық жиналыстың Пентефрилері провинциялардың ілуде бірінен басқасында саны өздерінен кем түспейтін Иосифтерге кездесті. Мазаны алған қолқалау ызынын басым көпшілік ұққысы келмеді. Конституцияны қайта-қайта қаратады деп үміт артқан құрал: департаменттік советтердің дауыс беруі — міне, осы құрал конституцияның қайта қаралуына бөгет болды. Франция, Франция болғанда буржуазиялық Франция өз сөзін айтты, айтқанда конституцияның қайта қаралуына қарсы болды.

Ұлттық заң шығару жиналысы октябрьдің бас кезінде мәжілістерін қайта бастады — *tantum mutatus ab illo!*** Оның кейпі мүлде өзгерді. Департаменттік советтер конституцияны қайта қарау жөніндегі ұсынысты ойда жоқ жерде қабылдамай тастағаны Заң шығару жиналысын конституцияның шегіне қайта түсіріп, жиналыстың өмір сүретін шегін есіне салды. Легитимистердің сыйыну үшін Эмске сапар шегуі орлеанистерге күдік туғызды, орлеанистердің Лондонмен¹²⁷ қарым-қатынас жасауы легитимистердің мазасын кетірді, екі фракцияның газеттерінің екеуі де отты үрлей түсті және дәмегөйлерінің өзара талаптарын таразыға салды. Орлеанистер легитимистермен бірге бонапартистердің тіміскі әрекеттеріне кіжінді, бұл тіміскі әрекеттер президенттің мәртебелі сапар шегуінен байқалды, оның конституция салған ауыздықты жұлып тастамақ болған азды-көпті айқын талаптары бонапартистік газеттердің тақаппар сөздерінен байқалды; Луи Бонапарт, өз тарапынан, конспирация жасауға легитимистер мен орлеанистердің ғана правосы бар деп тапқан

* — Әрбір дарын ісіне қарап бағаланады! (Маркс бұл жерде Сен-Симонның белгілі формуласын ұтымды келтірген). *Ред.*

** алайда ол қаншама өзгерген десенізіші! (*Вергилий, «Энеида»*). *Ред.*

Ұлттық жиналысқа және осы Ұлттық жиналысты жақтап, үнемі опасыздық жасаған министрлікке кіжінді. Ақырында, Рим саясаты жөнінде және министр *Пасси* ұсынған *табыс салығы* жөнінде министрліктің өзінде жік туды, оны консерваторлар социалистік салық деп балағаттады.

Барро министрлігінің қайтадан жиналған Заң шығару жиналысына жасаған алғашқы ұсыныстарының бірі *герцогина Орлеанскаяға* жесірлік пенсия төлеуге 300 000 франк кредит талап ету болды. Ұлттық жиналыс бұған көніп, француз ұлтының борыш тізіміне 7 миллион франк сомасын қосты. Оның бер жағында Луи-Филипп «*rauvre honteux*»— ұялшақ қайыршының ролін ойдағыдай атқара берді, Жиналысқа Бонапарттың шығынына жұмсалатын ақшаны көбейту жөнінде ұсыныс жасауға министрліктің батылы бармады, ал Жиналыстың бұл қосымша ақшаны беруге ниеті жоқ сияқты көрінді, сөйтіп Луи Бонапарт әрқашанғы әдетімен баяғыдай екінің бірің қалауға тағы тап болды: *Aut Caesar, aut Clichy!**

Рим экспедициясына шыққан шығынды өтеуге 9 миллион франк сұрап екінші рет талап қою, бір жағынан, Бонапарттың, екінші жағынан, министрлер мен Ұлттық жиналыстың арасындағы шиыр жағдайды бұрынғыдан бетер асқындыра түсті. Луи Бонапарт өз адъютанты Эдгар Нейге жазған хатын «*Moniteur*»-де жұртқа жариялады. Онда папа үкіметінің конституциялық кепілдіктермен байланыстылығы айтылады. Папа да «*motu proprio*»¹²⁸ деген үндеу басып шығарды, онда қайта орнаған өкіметіне шек қоюдың қандайының болса да терістігін айтқан Бонапарттың қасақана шіреніп жазған хаты оның кабинетінің пердесін ашты, оны галерканың көзіне ізгі адам, дегенмен тіпті өз елі де сыйламайтын, аяқ-қолы шырмалған данышпандық етіп көрсетті. Оның «еркін жаны қаққан қанатының астынан» қылымси арбағаны жалғыз бұл емес**. Комиссияның баяндамашысы *Тьер* Бонапарттың қанат қағысына мүлде елең қылмай, папаның үндеуін француз тіліне аударумен ғана тынды. Президентті арашалап алуға әрекет жасаған министрлік емес, *Виктор Гюго* болды. Ол Ұлттық жиналысқа Наполеонның хатын қуаттау керек деп ұсыныс енгізді. Көпшілік Гюгоның бұл ұсынысын «*Allons donc! Allons donc!*»*** деп ибасыз-дегбіріз жамырап, аяқсыз қалдырды. Президенттің саясаты? Президенттің хаты? Президенттің өзі! «*Allons donc! Allons donc!*» Бонапарт мырза кімге шікәра? Сіз, Виктор Гюго мырза, президентке сенемін дегеніңізге бізді сенсе қояды дейсіз бе? «*Allons donc! Allons donc!*»

* — Иә Цезарь, нә Клиши! (Клиши — Париждегі борыш түрмесі). (Әмбеге белгілі «*Aut Caesar, aut nihil*» — «Иә Цезарь, нә түк жоқ» деген сөз өзгертіліп алынған). *Ред.*

** *Гервег, Г.* — «Таудан». *Ред.*

*** — «Қойыңыз! Қойыңыз!» *Ред.*

Ақырында, *Орлеандар мен Бурбондарды елге қайтару* туралы жоба жөнінде болған жарыс сөздер Бонапарт пен Ұлттық жиналыстың ажырасуын тездетті. Палатаға бұл ұсынысты министрлік жоқ болған себепті президенттің бөлесі, Вестфалияның* бұрынғы королінің ұлы енгізді, ондағы мақсаты — легитимистік және орлеанистік дәмегөйлерді бонапартистік дәмегөймен бір дәрежеге қою немесе, дұрысырақ айтқанда, онан төмен қою болды, өйткені ол, не дегенмен де, іс жүзінде мемлекеттік өкіметтің шыңында тұрған адам.

Қуылған король тұқымдарын қайтару мен июнь көтерілісшілеріне кешірім беру ісін бір ұсынысқа қосып, Наполеон Бонапарт тым өрескел кетті. Көпшілік ашуға мінді, қасиетті мен қарғыс атқанды, король тұқымы мен пролетар құзғындарды, қоғамның мызғымас жұлдыздары мен оның батпақта қылаңдаған жылтырағын арсыз түрде бұлай араластырушылықты дереу қайтып алуға оны мәжбүр етті, сөйтіп бұл екі ұсыныстың әрқайсысы өзінің тиісті орнына қойылды. Корольдің тұқымдарын елге қайта шақырып алу жобасын көпшілік үзілді-кесілді қабылдамай тастады, ал легитимистердің Демосфені, *Берье* де бұл қабылдамаудың мәні жөнінде ешқандай күдік қалдырған жоқ. Бонапарттың мақсаты — дәмегөйлерді қарапайым азаматтың қатарына түсіру! Олардың қасиетті даңқын, бойында қалған ең соңғы даңқын, *айдауда жүру даңқын жою!* Өзінің шыққан тегі жоғарылығын ұмытып, — деді шамданып Берье, — *бейтарап* адам ретінде тұру үшін Францияға қайта келген дәмегөйлер туралы жұрт не демек? Ел ішінде тұрғанымен Бонапарттың ешнәрсе де ұта алмағандығын, ал егер оның мұнда *бейтарап адам* ретінде, президенттің креслосында отырғаны біріккен роялистерге керек болып отырса, онда тақта отыруға нағыз дәмегөйлер айдалу тұманы астында хабарсыз жұрттан бүркене тұрғаны жөндігін Бонапартқа бұдан айқын аңғарту мүмкін емес еді.

Луи Бонапарт 1 ноябрьде Заң шығару жиналысына жіберген жолдамасымен жауап берді, онысында Барро министрлігі орнынан түсіп, жаңа министрлік құрылғанын мейлінше ауыр сөздермен хабарлады. Барро — Фаллу министрлігі роялистік коалицияның министрлігі еді, Опульдің министрлігі — Бонапарттың министрлігі, президенттің Заң шығару жиналысына қарсы құралы, *приказчиктер министрлігі* болды.

Бонапарт енді 1848 жылғы 10 декабрьде *бейтарап адамы* ға-на емес еді. Атқару өкіметінің басшысы ретінде ол белгілі мүдделердің кіндігі болды, анархияға қарсы күрес тәртіп партиясының өзін Бонапарттың ықпалын күшейтуге мәжбүр етті, ал егер ол соның өзінде беделін жоғалтып отырса, онда жалпы тәртіп партиясында бедел жоқ болғаны. Тегінде, оның бір жағынан, орлеанистер мен легитимистердің бәсекелесуі, екінші жағынан,

* — Наполеон Жозеф Бонапарт, Жером Бонапарттың баласы. *Ред.*

әйтеуір бір монархиялық реставрацияның қажеттігі осы екі фракцияның екеуін де *бейтарап дәмегөйшіні* қалауға мәжбүр етеді деп сенуінің жөні бар емес пе еді?

1849 жылғы 1 ноябрьден конституциялық республика өмірінің үшінші, 1850 жылы 10 мартта аяқталған кезеңі басталды. Конституциялық мекемелердің әдеттегі қақпақылы, яғни атқару өкіметі мен заң шығаратын өкіметтің арасындағы кіржің басталады, бұған Гизо мээ-мейрам болады. Бірақ іс мұнымен бітпеді. Біріккен орлеанистер мен легитимистердің реставрацияшыл ындынына қарсы Бонапарт өзінің қолындағы өкіметінің заңдық негізін — республиканы қорғайды; Бонапарттың реставрацияшыл ындынына қарсы тәртіп партиясы өзінің бірігіп үстемдік етуінің заңдық негізін — республиканы қорғайды; легитимистер орлеанистерге қарсы, орлеанистер легитимистерге қарсы *status quo** республиканы қорғайды. Тәртіп партиясының бұл фракцияларының әрқайсысының *in petto*** өз королі және өз реставрациясы бар, бұлардың әрқайсысы күндестерінің зорлықшыл, бүлікшіл ындынына буржуазияның жалпы үстемдігін, өздерінің жеке талаптарының барлығы өзара бейтарапталып, әрі сақталып отыратын форманы — *республиканы* қарсы қояды.

Кантша айтсақ, республика бірден-бір қолайлы мемлекеттік форма ретінде практикалық парасаттың постулатына айналса, ол өзі ешқашан жүзеге аспайтын, бірақ оны жүзеге асыру әрқашан біздің нысанамыз әрі ниетіміздің арқауы болуға тиіс болса,— мына роялистердің постулаты *монархия* болды.

Сөйтіп, буржуазиялық республикашылдардың қолынан идеологиялық бос формула ғана болып шыққан конституциялық республика біріккен роялистердің қолында мағынасы толық, өміршең формаға айналды. Тьер өзінің «Біз, роялистер, конституциялық республиканың шын тірегі боламыз» дегенде қандай шындықты айтқанын ол өзі де сезген жоқ.

Коалиция министрлігі құлап, приказчиктер министрлігінің сахнаға шығуының тағы бір мәні болды. Жаңа кабинеттегі финанс министрінің есімі *Фульд* екен. Фульдті финанс министрі ету — француздың ұлттық байлығын ресми түрде биржаның қолына беру, мемлекеттік дәулетті биржа арқылы және соның мүддесіне сай басқару деген сөз еді. Фульдті тағайындаумен бірге финанс аристократиясы «*Moniteur*»-де өздерінің реставрацияланатынын жариялады. Бұл реставрация басқа реставрациялардың барлығын да қажетті түрде толықтырды және солармен бірге конституциялық республика шынжырының бір буыны болды.

Нағыз *lour-cervier*-ді*** финанс министрі етіп қоюға Луи-Фи-

* — қалыптасқан жағдай, қалыптасқан тәртіп. *Ред.*

** — көкейінде. *Ред.*

*** — биржа бөрісін. *Ред.*

липптің ешқашан батылы барған жоқ. Оның монархиясы ірі буржуазияның үстемдік етуіне мінсіз атақ болғаны сияқты, оның министрліктерінде де артықша мүдделер бұл өз қамын көздеу еместігін дәлелдеуге идеологиялық есімдермен аталуға тиісті болды. Әртүрлі монархияның — легитимистік және орлеанистік монархияның түкпірге тыққандары буржуазиялық республикада қайда болмасын сахна алдына шықты. Олар көкке көтергенді буржуазиялық республика жерге түсірді. Қасиетті есімдер орнына ол үстемдік етуші тап мүдделерінің өзіне тән буржуазиялық есімдер қойды.

Республика өзінің өмір сүруінің бірінші күнінен бастап финансистар аристократиясының үстемдігін жоймағаны былай тұрсын, қайта оны қалай нығайта түскендігін біздің бүкіл баяндауымыз көрсетіп берді. Бірақ республика оған еркімен көнген жоқ, тағдыр мойындатты. Ал Фульдпен бірге үкіметтік инициатива финансистар аристократиясының қолына қайта келді.

Луи-Филипптің тұсында өкімет орнынан қуылған немесе буржуазияның басқа топтарына бағынышты болған финансистар аристократиясының үстемдігіне буржуазия коалициясы қалайша көніп, қалай шыдады деген сұрақ қойылуы мүмкін.

Мұның жауабы оп-оңай.

Ең алдымен, финансистар аристократиясының өзі роялистік коалицияның, республика деп аталатын жалпы үкімет билігі коалициясының ішіндегі елеулі басшы топ болды. Орлеанистердің шешендері мен «таланттылары» финансистар аристократиясының бұрынғы одақтастары мен сыбайластары болған жоқ па? Финансистар аристократиясының өзі орлеанистердің алтын қорғанышы болған жоқ па? Ал легитимистерге келетін болсақ, олар Луи-Филипптің тұсында-ақ биржа, кен және темір жолдың барлық жын-ойнақтарына іс жүзінде қатысып отырды. Жалпы алғанда ірі жер иелігінің финансистар аристократиясымен одақтасуы *қалыпты құбылыс* болып табылады. Бұған дәлел — *Англия*, бұған тіпті *Австрия* да дәлел.

Ұлттық өндірісі мемлекеттік борыштың мөлшеріне сәйкеспей, төмен сатыда тұрған, мемлекеттік рента жалдаптықтың өте маңызды саласы және өндіріссіз өскісі келетін капиталды жұмсайтын басты рынок биржа болып отырған Франция сияқты елде міне, мұндай елде барлық буржуазиялық және жартылай буржуазиялық таптардың сансыз көп адамдары мемлекеттік борышқа, биржалық ойынға, финансистар мүдделі болуға тиіс. Дәл сол мүдделердің өкілі, бірақ оны орасан зор көлемде, бүтіндей және жалпы қамтитын өкілі болып отырған фракцияны буржуазиялық ойынның осы екінші дәрежеде қатысушыларының күллісі табиғи таянышым, басшым деп танып отырған жоқ па?

Мемлекет дәулеті финансистар аристократиясының қолына көшуі-

не не себеп болады? Мемлекет борышының үнемі өсе беруі себеп болады. Ал мемлекеттің мұндай борышқа батуына не себеп болады? Мұның себебі — мемлекеттің кірісінен шығысының үнемі артып түсіп отыруы болады; мұның өзі, өз кезегінше, мемлекеттік заем жүйесінің әрі себебі, әрі салдары болып табылады.

Бұл борыштан құтылу үшін мемлекет не шығынын азайтуы керек, яғни үкімет организмін ықшамдап, қысқартуы керек, мүмкіндігінше басқару ісін азайтуы керек, чиновниктерді мүмкіндігінше аз ұстауы керек, азаматтық қоғамның ісіне мүмкіндігінше аз араласуы керек. Тәртіп партиясы бұл жолмен кете алмады; үстемдігіне және өз табының өмір сүру жағдайларына жан-жақтан қатер туғызған қауіптер өскен сайын ол жазалау шараларын, мемлекет атынан ресми түрде іске қол сұғуын, мемлекеттік органдар арқылы барлық жерді қадағалауын барынша күшейтуге тиіс болды. Адамның жеке басына және меншікке қарсы қылмыс көбейіп отырғанда жандармерияның құрамын азайтуға болмайды.

Не мемлекет борышсыз тұру әрекетін жасауға тиіс, халықтың ең ауқатты таптарының мойнына *төтенше салық* салу жолымен уақытша болса да бюджетті теңдестіруге тиіс. Бірақ тәртіп партиясы ұлт байлығын биржалық қанаудан құтқарамын деп өз байлығын отанның жолына құрбан етуге тиіс пе? *Pas si bete!**

Қысқасы, француз мемлекетінде негізінен төңкеріс жасамайынша, Францияның мемлекеттік финансында төңкеріс жасау ақылға сыймайтын іс. Ал мемлекеттің борышы осы мемлекеттік финанса етене байланысты, ал мемлекеттің борышына — мемлекет борыштарымен жалдаптық жасау үстемдігі, мемлекеттік кредиторлардың, банкирлердің, ақшамен сауда жасайтындардың, биржа бөрілерінің үстемдігі байланысты. Тәртіп партиясының тек бір фракциясы ғана финанс аристократиясының құлауына тікелей мүдделі болды, бұл фракция — *фабриканттар* еді. Біздің айтып отырғанымыз орташа және ұсақ өнеркәсіпшілер емес, Луи-Филипптің тұсында династиялық оппозицияның кең базисі болған өнеркәсіпші алпауыттар. Олардың мүдделері, күмән жоқ, өндірістің шығынын азайтуды, демек — өндіріс шығынына кіретін салықтарды азайтуды проценттері осы салықтарға кіретін мемлекеттік борыштарды азайтуды талап етті, — басқаша айтқанда, олардың мүдделері финанс аристократиясының құлауын талап етті.

Біз Англиядан — ал Францияның ең ірі фабриканттары ағылшындық бәсекелестерімен салыстырғанда ұсақ буржуалар болып табылады — шынында Кобден немесе Брайт дейтіндердің

* — Ол оншалық есуас емес! *Ред.*

бастауымен банк пен биржа аристократиясына қарсы крест жорығын жүргізген фабриканттарды көреміз. Мұның Францияда болмауының себебі не? Мұның себебі — Англияда өнеркәсіп басым, ал Францияда егіншілік басым. Англияда өнеркәсіп free trade* мұқтаж, Францияда өнеркәсіп — қамқорлық баж салықтарына мұқтаж, басқа монополиялармен қатар ұлттық монополияға мұқтаж. Француз өнеркәсібі француз өндірісіне үстемдік етпейді, сондықтан француз фабриканттары француз буржуазиясына үстемдік етпейді. Өз мүдделерін буржуазияның басқа фракцияларынан қорғау үшін олар ағылшындар сияқты қозғалысқа бастаушы бола алмайды, сөйтіп өздерінің таптық мүдделерін бірінші орынға қоя алмайды; олар революцияның артында жүруге және өз табының жалпы мүдделеріне қарама-қарсы мүдделерге қызмет етуге тиісті болады. Февральда олар өз жағдайын түсінбеді, бірақ февраль оларға ақыл үйретті. Ал жұмысшылар тарапынан болатын қауіп-қатер алдымен жұмыс беретіндерге, өнеркәсіптік капиталиске төнбегенде кімге төнбек? Сондықтан Францияда фабрикант тәртіп партиясының ең фанатиктеріне қол артуға мұқтаж болады. Рас, финанс алпауыттары фабриканттың пайдасын кемітеді, бірақ мұның өзі пайданы пролетариаттың толық жойып жіберуімен салыстырғанда түкке тұрғысыз емес пе?

Әдетте өнеркәсіптік буржуазияның істеуге тиісті ісін Францияда ұсақ буржуа орындайды; әдетте ұсақ буржуаның міндеті болуға тиісті істі жұмысшылар орындайды; сонда жұмысшының міндетін кім шешеді? Ешкім шешпейді. Ол Францияда шешілмейді, мұнда ол тек жарияланады. Бұл міндет ұлттық шекараның ішінде ешбір жерде шешілмек емес¹³, француз қоғамының ішіндегі таптардың соғысы ұлттар арасындағы дүние жүзілік соғысқа айналады. Дүние жүзілік соғыс дүние жүзілік рынокқа үстемдік ететін ұлтқа Англияны бас етіп пролетариат басшылық еткен кезде ғана бұл міндетті шешу басталады. Бірақ бұл арада өзінің аяқталуын емес, тек ұйымдастыру жағынан басталуын ғана табатын революция қысқа мерзімді революция болмайды. Қазіргі ұрпақтар шөл жапаннан Моисей бастап өткізген еврейлерді еске түсіреді. Бұл ұрпақ жаңа дүниеге жетіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа дүние үшін пісіп жеткен адамдарға орын беріп, сахнадан таяуға тиіс.

Фульдке қайта оралайық.

1849 жылы 14 ноябрьде Фульд Ұлттық жиналыстың трибунасына шығып, өзінің финанс жүйесін баяндады: бұрынғы салық жүйесін мақтау! Шарап салығын сақтау! Пассидің табыс салығынан безу!

Пасси де революционер болған жоқ, ол Луи-Филипптің ескі

* — сауда еркіндігіне. *Ред.*

министрі болатын. Ол Дюфор тұрпатындағы пуритандарға жататын және Июль монархиясының құрбандығы болған Тесттің ең жақын достарына жататын*. Пасси де бұрынғы салық системасын мақтаған, шарап салығын сақтауды ол да ұсынған, бірақ ол сонымен бірге мемлекеттік дефициттің пердесін жұлған. Ол жаңа салықтың — табыс салығының көмегі арқылы ғана мемлекетті банкроттықтан құтқаруға болады деген. Бір кезде Ледрю-Ролленге мемлекеттік банкротты ұсынған Фульд енді Заң шығару жиналысына мемлекеттік дефицитті ұсынды. Ол қаржыны үнемдеуге уәде берді, ал мұның сыры кейін ашылды: мысалы, шығын 60 миллиондай азайды, ал күнделікті борыш 200 миллиондай көбейді — бұл өзі цифрларды топтастырудың, есептеудің күдікті айналасы, мұның өзі ақыр аяғында жаңа заемдарға әкеп соқты.

Буржуазияның бәсекелес басқа фракцияларымен қатарлас қойылған финанс аристократиясы, әрине, Фульдтің тұсында сонау Луи-Филипптің тұсындағысындай мұншалық арсыз пайдакүнемдігін көрсеткен жоқ. Бірақ жүйе сол бұрынғы күйінде қалды: мемлекеттік борыш бұрынғыдай өсе берді, бүркемеленген дефицит бұрынғысынша қала берді. Ал белгілі уақыт өткеннен кейін биржаның байырғы алаяқтығы ашық шыға бастады. Дәлелдер: Авиньон темір жолы жөніндегі заң, бір кезде бүкіл Парижде қызу мәселе болған мемлекеттік қағаздардың құпия түрде ауытқуы, ақырында, Фульд пен Бонапарттың 10 мартта болған сайлауда іске аспай қалған жалдаптықтары.

Финанс аристократиясы ресми түрде реставрациялануымен бірге француз халқы көп кешікпей-ақ тағы 24 февральға кездесуге тиіс болды.

Мұрагерін өлердей жек көрген Конституанта 1850 жылға шарап салығын жойды. Бұрынғы салықтарды жою жаңа борыштарды өтеуге қаржы бермеді. Тәртіп партиясының милауларының бірі болған *Кретон* Заң шығару жиналысы мәжілісінің үзілісінен бұрын-ақ шарап салығын жоймау керек деп ұсыныс жасады. Фульд бұл ұсынысты бонапарттық министрліктің атынан қабыл алды, сөйтіп Бонапарттың президент болуына бір жыл толған күні, 1849 жылы 20 декабрьде, Ұлттық жиналыс *шарап салығын қайта енгізу* декретін шығарды.

Шарап салығын қайта енгізу адвокаты финансист емес, қайта иезуиттердің көсемі *Монталамбер* болды. Оның келтірген дә-

* 1847 жылы 8 июльде Парижде пэрлер палатасында түз концессиясын алу мақсатымен чиновниктерге пара берді деп айыпталған Пармантье мен генерал Кюбьерге қарсы және солардан пара алды деп айыпталған сол кездегі қоғамдық жұмыс министрі Тестке қарсы процесс басталды. Тест процесс кезінде өзін-өзі өлтіруге оқталды. Бұлардың барлығына да ақшалай көп айып салынды. Мұның үстіне Тест үш жыл абақтыға кесілді. (1895 ж. басылуына *Энгельстің жазған ескертпесі*).

лелі ғажап қарапайым дәлел болды. Салық — үкіметті асырап отырған ана емшегі; үкімет — жазалау құралы, ол бедел органдары, ол армия, ол полиция, ол чиновниктер, судьялар, министрлер, ол *священниктер*. Салыққа қарсы оқталу — буржуазиялық қоғамның материалдық және рухани өндірісін пролетарлық вандалдардың қол сұғуынан қорғап отырған тәртіп сақшыларына қарсы анархистік оқталу. Салық — меншікпен, семьямен, тәртіппен және дінмен қатар тұрған бесінші құдай. Ал шарап салығы — даусыз салық, оның үстіне әншейін жай салық емес, баяғыдан келе жатқан, монархизмді жақтайтын ардақты салық. *Vive l'impôt des boissons! Three cheers and one more**.

Француз шаруасы шайтан қандай болатынын білгісі келсе, ол шайтанды осы салық жинаушыға ұқсас болар деп түйеді. Монталамбер салықты құдай деп жариялағаннан бері шаруа құдайға сенбейтін атеист болды, сөйтіп шайтанның — *социализмнің* құшағына кірді. Жеңілтек қарап, тәртіп діні құдайдан айрылды, онан Иезуиттер айрылды, онан Бонапарт айрылды. 1849 жылғы 20 декабрь 1848 жылғы 20 декабрьдің абыройын біржола түсірді. «Өз ағасының немересі» өз семьясында бірінші болған жоқ, оның түбіне шарап салығы жетті, Монталамберше айтсақ, революциялық дауыл исі аңқып тұрған салық жетті. Ұлы Наполеонның өзі қасиетті Елена аралында жатып: менің құлауыма бәрінен де гөрі себепші болған шарап салығын қайта енгізу болды, өйткені бұл салық Оңтүстік Францияның шаруалары менен бездірді деген болатын. Сонау XIV Людовиктің тұсында ақ халықты ең қатты өшіктірген осы салық болды (Буагильбер мен Вобанның шығармаларын қараңыз). Бірінші революция бұл салықты жойды, ал Наполеон оны біраз өзгертіп, 1808 жылы қайтадан енгізді. Францияға реставрация аяқ басқанда оған жол ашқан тек атты казактар емес, сонымен бірге шарап салығын жою жөнінде берілген уәде болды. Әрине, *gentilhomme** gens taillable à merci et miséricorde**** берген сөзінде тұруға міндетті емес еді. 1830 жыл шарап салығын жоюға уәде берді. Бірақ айтқанды істеу, істегенді айту бұл жылдың сипатына жатпайтын еді. Бәрін де істеймін деп уәде бергені сияқты 1848 жыл шарап салығын жоюға да уәде берді. Ақырында, ешнәрсеге уәде бермеген Конституант өзінің өсиетінде шарап салығы 1850 жылдың 1 январынан бастап жойылсын деді, мұны біз жоғарыда айтып өттік. Бірақ 1850 жылдың 1 январына тура он күн қалғанда Заң шығару жиналысы бұл салықты қайтадан енгізді. Сонымен француз халқы бұл салықты жоямын деп босқа әуре болды: халық есіктен шығарып тастаса, ол терезеден қайта кіріп отырды.

* — Шарап салығы жасасын! Үш мәртебе ура және тағы ура! *Ред.*

** — дворяндар. *Ред.*

*** — правосыз төменгі сословиеге. *Ред.*

Шарап салығы халықтың өшігуіне себеп болуы тегін емес: француздың салық жүйесінің барлық жексұрын жақтары осы салықта бас қосты. Оны жинау тәсілі жексұрын, бөлу тәсілі аристократиялық болды, өйткені бұл салықтың проценттік нарқы ең жай шарапқа да, ең қымбат шарапқа да бірдей болды; демек, бұл салық тұтынушылар мүлкінің азаюына қарай геометриялық прогрессияда көбейіп отырады; — бұл — кері мағынадағы прогрестік салық. Мұның өзі шарапты алдамыш, жалған жасауға берілген сыйлық және еңбекші таптарды үнемі уландыру болып табылады. Мұның өзі 4000 адамнан астам халқы бар қаланың әрқайсысының қақпасының алдына акциза күзетін қою және мұндай қалалардың әрқайсысын француз шарабынан қамқорлық баж салықтарымен қорғалған бөтен елге айналдыру арқылы тұтынуды азайтады. Шараппен ірі сауда жасайтындар және олардан да гөрі шараптың тұтынушынан бүтіндей тәуелді болған ұсақ, *marchands de vin* делінетіндер шарап қоймаларының иелері — міне осылардың барлығы шарап салығының қас жаулары. Ақырында, шарап салығы тұтынуды азайта отырып, өнім өткізу рыногын тарылтады. Шарап салығы қала жұмысшыларын шарап сатып алу мүмкіншілігінен айыра отырып, шарап жасайтын шаруалардың шарап сату мүмкіншілігін жояды. Ал Францияда 12 миллион шамасы шарап жасаушылар бар. Сондықтан шарап салығына бүкіл халықтың өш болатын себебі, әсіресе шаруалардың оған жойқын қарсы шығуы түсінікті. Оның үстіне шаруалар шарап салығын қайтадан қалпына келтіруді жеке дара, азды-көпті кездейсоқ оқиға деп білген жоқ. Шаруалардың әкеден балаға көшіп отыратын ерекше тарихи дәстүрлері бар, міне, осы тарихи мектепте: қай үкімет болса да шаруаларды алдағысы келгенде шарап салығын жоямыз деп уәде береді, ал шаруаларды алдап болысымен, шарап салығын сол күйінде қалдырады немесе оны қайтадан қалпына келтіреді деген сенім орнаған. Шаруа шарап салығынан үкіметтің әуселесін, беталысын байқай алады. 20 декабрьде шарап салығын қайтадан қалпына келтіру: *басқалар қандай болса, Луи Бонапарт та сондай дегенмен тең еді*. Бірақ Луи Бонапарт басқалардай емес, ол шаруалар тапқан шығарған адам болды, ал шаруалар «өз ағасының немересіне» бір жыл бұрын берген дауыстарын салыққа қарсы жазылып, миллиондаған адам қол қойған петициялар арқылы қайтып алды.

Бүкіл француз халқының үштен екісінен астамы село халқы, ол көбінесе ерікті *жер иелері* деп аталатындардан құралады. 1789 жылғы революция феодалдық міндеттерден ешбір төлемсіз азат еткен бірінші ұрпақ жерді тегін алған болатын. Бірақ олардан кейінгі ұрпақтары жартылай крепостной ата-бабаларының рента, десятина, барщина, т. с. ретінде төлегендерін *жер бағасы* ретінде төледі. Бір жағынан, халықтың саны неғұрлым

өсіп, екінші жағынан, жердің бөлшектенуі неғұрлым көбейген сайын ұсақ жер учаскелерінің бағасы соғұрлым қымбаттай бастады, өйткені бұл парцеллалар неғұрлым кішірейген сайын оған соғұрлым сұраныс көбейді. Ал шаруалар парцеллаларының бағасы қанша өссе, *шаруаның борышы да* қажетті түрде сонша өсті, яғни *ипотека өсті*,— бұл парцелланы тікелей сатып алды ма немесе мұрагерлесінен капитал ретінде алды ма,— оған байланысты емес. Жерге байланысты борыш міндеттемесі — ипотека, жер үшін салынған кепілдік деп аталады. Орта ғасырлық жер учаскелеріне айрықшалық қалай *жамалып* отырған болса, қазіргі парцеллаларда *ипотека* сондай жамалып отыр.— Екінші жағынан парцелла жүйесі тұсында жер оның иесі үшін жай ғана *өндіріс құралы* болып табылады. Ал жер неғұрлым бөлшектенген сайын оның құнарлылығы соғұрлым төмендейді. Жерді өңдеуге машиналар қолдану, еңбек бөлінісі, мелиорациялық ірі жұмыстар, атап айтқанда: су жіберетін және жер суаратын каналдар, т. с.— жасау барған сайын қол жетпейтін нәрсеге айналды, ал осы өндіріс құралының өзі қанша бөлшектенсе, жерді ұқсатуға жұмсалатын *өнім бермейтін шығындар* да сонша өседі. Мұның барлығы парцелла иесінің капиталының бар-жоғына байланысты емес. Ал жердің бөлшектену процесі неғұрлым артқан сайын соғұрлым парцеллашы шаруаның бүкіл капиталы өңдеу құралы өте нашар жер учаскесіне айналады, жерге капитал жұмсау мүмкіндігі соғұрлым азая бастайды, аса кедей шаруаның [Kotsass] жерге, ақшаға және агрономия табыстарын пайдалануға қажетті білімге ділгерлігі соғұрлым күшейе түседі, жерді ұқсату соғұрлым нашарлай түседі. Ақырында, *жалпы тұтыну* артуының мөлшері қандай болса, шаруаның меншігі қандай мөлшерде болса, ол сонда да бүкіл семьясын қамтамасыз ете алмайтын болса, семьясының барлығын басқа кәсіппен айналысуға жібермейтін болса, *таза табыс* сондай мөлшерде азайып отырады.

Сөйтіп, халықтың көбеюі мен жердің бөлшектенуі қандай мөлшерде болса, *өндіріс құралы*, жер сондай мөлшерде *қымбаттайды* және *жердің құнарлылығы кемиді*, сондай мөлшерде *егіншілік құлдырап, шаруалардың борыштары өседі*. Сөйтіп бұрын салдар болған нәрсе өз кезегінше себепке айналады. Әрбір ұрпақ келесі ұрпаққа борышты бірден бірге көп қалдырады, әрбір жаңа ұрпақ өмір сүруін неғұрлым ауыр және неғұрлым қолайсыз жағдайларда бастайды, ипотека борышы жаңадан жаңа ипотекалық борыш туғызады, ал шаруа өзінің алақандай жерін жаңа борыштар үшін қайтадан кепілге салуға, яғни алақандай жеріне жаңа ипотекалар ауыртпалығын артуға халі келмейтін болған кезде ол турадан-тура *өсімқордың* уысына түседі, сөйтіп соғұрлым *өсімқорлық проценттер* өсе түседі.

Сонымен, француз шаруасы жерге жамалған *ипотеканың проценттері* ретінде, *өсімқордан алынған ипотекасыз қарыздарының* проценттері ретінде капиталистерге жер рентасын ғана, өнеркәсіптік пайданы ғана, бір сөзбен айтқанда — *бүкіл таза табысты* беріп қана қоймай, тіпті *өзінің жалақысының бір бөлегін* береді; сөйтіп, ол *Ирландия арендаторының* дәрежесіне дейін төмендейді, осының бәрі *жеке меншікші* ретінде істеледі.

Бұл процесті Францияда *салықтардың* бірден бірге өсе берген *ауыртпалығы* және *соттық шығындар* тездетті, бұл сот шығындарын бір жағынан жерге меншіктілікті матап қойған француз заңдарының өзі туғызды, бір жағынан барлық жерде бір-бірімен түйісіп, айқыш-ұйқыш жатқан парцеллалардың иелерінің арасындағы сансыз дау-жанжалдар туғызды, тағы бір жағынан шаруаларға тән айтыс құмарлық туғызды, шаруалар үшін жеке меншіктің барлық рахаты — қиялдағы меншікті, *меншіктік правоны* өлердей қорғау болып табылады.

1840 жылғы статистикалық есеп бойынша француз егіншілігінің жалпы өнімі 5 237 178 000 франк болды. Бұл сомадан жерді ұқсатуға жұмсалған 3 552 000 000 франкті шығарып тастау керек, бұған егіншілердің тұтынғаны да кіреді. Сонда 1 685 178 000 франк таза өнім қалады, мұның 550 миллионын ипотекалар процентіне, 100 миллионын сот чиновниктеріне, 350 миллионын салыққа және 107 миллионын нотариалдық, гербтік алымға, ипотскалардан алынатын баж салығына, тағы сондайларға шығарып тастау керек. Сонда таза өнімнің үштен бір бөлегі — 538 000 000 қалады; халықтың жан басына шаққанда таза табыс 25 франктен де келмейді.¹²⁹ Бұл есепке, әрине, ипотекадан тыс өсімқорлық та, адвокаттарға, т. т. жұмсалатын шығындар да кірмеген.

Француз шаруаларының бұрынғы ауыртпалығына республика жаңа ауырлықтар әкеп қосқан кезде олардың халінің қандай болғандығы енді түсінікті. Шаруаларды қанаудың өнеркәсіп пролетариатын қанаудан *форма* жағынан ғана айырмасы бар екені айдан анық. Қанаушы сол баяғы *капиталдың* өзі. Жеке капиталистер жеке шаруаларды *ипотека* мен *өсімқорлық* арқылы қанайды; капиталистер табы шаруалар табын *мемлекеттік салықтар* арқылы қанайды. Шаруаның меншік правосы капитал шаруаларды осы уақытқа дейін өз билігінде ұстауына көмектесіп келген дұғалық, капитал оларды өнеркәсіп пролетариатына қарсы өшіктіруге пайдаланатын желеу болып табылады. Тек капитал құлағанда ғана шаруа еңсесін көтереді, шаруаның экономикалық қайыршылығы мен қоғамдық құлдырауын антикапиталистік, пролетарлық үкімет қана жоя алады. *Конституциялық республика* дегеніміз — шаруаның біріккен қанаушыларының диктатурасы; *элеуметтік-демократиялық, қызыл республика* дегеніміз — оның одақтастарының диктатурасы. Сондықтан

таразы табағының басуы немесе баспауы — шаруаның сайлау урнасына салған дауыстарына байланысты. Ол өз тағдырын өзі шешуге тиіс.— Памфлеттерде, альманахтарда, календарьларда, әр түрлі листовкаларда социалистер осылай деп келді. Тәртіп партиясының айтысқа толы шығармаларының арқасында бұл идеялар шаруаға бұрынғыдан да түсінікті болды; тәртіп партиясы да шаруаларға сөз салды, социалистік идеялар мен ниеттерді дәрекі түрде асыра көрсетіп, арсыз түрде бұрмалаулары арқылы нағыз шаруалар әуеніне дәл тиіп, тыйым салынған жеміске олардың ынтығын арттырды. Ал шаруалар табының сайлау правосын пайдаланған кезде алған тәжірибенің тілі, революцияның екпіндеп дамуында шаруаның үстіне бірінен соң бірі құйылған түңілушіліктер тілі бәрінен де гөрі түсінікті сөйледі. *Революциялар — тарихтың локомотивтері.*

Шаруалардың көңіл-ауанындағы біртіндеп болған төңкеріс түрлі белгілерден көрініп отырды. Ол Заң шығару жиналысын сайлау кезінде-ақ байқалды, Лион манындағы бес департаментте қоршау жағдайы жариялануынан байқалды. 13 июньнен соң бірнеше ай өткеннен кейін «тендесі жоқ палатаның» [chambre introuvable]* бұрынғы председателінің орнына Жиронда департаменті монтаньярды сайлауынан байқалды, Гар¹³⁰ департаменті өлген легитимистік депутаттың орнына қызыл депутатты сайлаған 1849 жылы 20 декабрьде байқалды, Гар департаменті легитимистердің бәсірелі елі болды, 1794 және 1795 жылдарда республикашылдарды жан түршігерліктей қырғындау майданы болды, либералдар мен протестанттарды ашықтан ашық өлтірген 1815 жылғы *terreur blanche*** -нің басты ошағы болды. Ең қозғалмайтын таптың осындай революцияшылдануы бәрінен де гөрі шарап салығын қайта қалпына келтіргеннен кейін анық байқалды. Үкіметтің қолданған шаралары және 1850 жылы январь мен февральда шығарған заңдары түгелдей дерлік *департаменттер мен шаруаларға* қарсы бағытталды, мұның өзі олардың оянғанының ең айқын дәлелі болып табылады.

Префект, супрефект және бәрінен бұрын мэр жөнінде жандармды инквизитор жағдайына қойған, ең түкпірде жатқан деревнялардың меңіреу түкпіріне дейін шпионаж жүйесін ұйымдастырған *Опудьдің нұсқауы; мектеп мұғалімдеріне қарсы заң*, мұғалімдерді, шаруа табының рухани көсемдерін, тәрбиешілерін, идеологтары мен кеңесшілерін префектінің озбырлығына бағындырған заң, мұғалімдерді, ғалымдар табының пролетарларын бір деревнядан екінші деревняға, соңынан

* Наполеон екінші рет тақтан түскеннен кейін іле-шала 1815 жылы сайланған мейлінше әсіре роялистік және реакцияшыл депутаттар палатасы тарихта осындай атакпен мәлім болған. (*Энгельстің 1895 жылғы басылуына жазған ескертпесі*). *Ред.*

** — ак террордың. *Ред.*

қалмай қудалаған заң; *мэрлерге қарсы* заң жобасы, мэрлердің басына орнынан түсудің үнемі қаупін төндірген және оларды, шаруа қауымдарының президенттерін республика президенті мен тәртіп партиясына әрдайым қарсы қойған заң жобасы; Францияның 17 әскери округін төрт пашалыққа¹³¹ айналдырған және казарма мен әскер жататын ашық алаңдарды француздардың ұлттық салонына айналдырған *указ*; *ағарту ісі туралы заң*, заң болғанда тәртіп партиясы надандық және Францияны зорлап топастандыру жалпыға бірдей сайлау правосы тұсына өзінің өмір сүруінің қажетті шарты деп жариялаған заң — осы заңдар мен шаралардың барлығы не айтатын еді? Бұлар тәртіп партиясына департаменттерді және департаменттердің шаруаларын қайтадан бағындыруға жасаған жанталас әрекеттер еді.

Жаза ретінде бұлар нысанаға тимей, лағып кеткен жұтаң тәсілдер болды. Шарап салығы мен 45 сантиметрлік салықты жоймау сияқты ірі шаралар, шаруалардың миллиардты қайырып бер деген петицияларын қорлап аяқсыз қалдыру, тағысын тағылар — міне, шаруалар табын орталықтан бірден, тұтасымен жайратқан тек осы қаһарлы да қатерлі заңдар болды. Ал жоғарыда аталған заңдар мен шаралар шабуыл жасауға да, қарсылық көрсетуге де *жалпылама* сипат берді, оларды әрбір лашықта сөйленген сөздердің тақырыбы етті, олар әрбір деревняға революция таратты, олар *революцияны жергілікті жерлерге таратып, шаруа революциясына айналдырды*.

Екінші жағынан, Бонапарттың бұл жобалары және оларды Ұлттық жиналыстың қабылдауы конституциялық республиканың екі өкіметінің де анархияны, яғни буржуазия диктатурасына қарсы көтерілген таптардың барлығын жаныштау мәселесіне келгенде шүйіркелесе кететіндігін дәлелдемей ме? *Сулук* өзінің дөрекі жолдамасын¹³² жібере салып, оның артынан *Карльенің*¹³³ іле-шала жазған жолдамасында тәртіп ісіне шын берілгенмін деп Заң шығару жиналысын сендірген жоқ па еді? Луи Бонапарттың өзі Наполеонның айқын карикатурасы болғаны сияқты, Карлье де Фушенің әрі лас, әрі топас карикатурасы болған жоқ па?

Ағарту ісі туралы заң бізге жас католиктер мен кәрі вольтершілердің одақтастығын көрсетеді. Біріккен буржуазияның үстемдігі, — бұл иезуиттерге дос Реставрацияның және еркіндікті саудаға салған Июль монархиясының біріккен деспотизмінен басқа не болмақ еді? Жоғарғы өкімет үшін өзара біріне-бірі қарсы күрескенде буржуазиялық фракциялар әрқайсысы халыққа қару берген, — халық олардың біріккен диктатурасына қарсы шыққаннан кейін енді олар сол қаруды халықтың қолынан қайта жұлып алуға тиісті емес пе? Париж дүкеншісін ең қатты ашындырған мына *иезуитизммен* қылмындасып көлендеушілік

болды, оған тіпті *concordats à l'amiable** туралы заңды қабылдамау да мұнша қатты тимеген еді.

Оның бер жағында Ұлттық жиналыс пен Бонапарттың арасында, сондай-ақ тәртіп партиясының түрлі фракцияларының арасында соқтығысулар өз кезегінше жүріп жатты. Бонапарт өзінің *coup d'état* кейін, бонапартшыл министрлігін тағайындағаннан кейін іле-шала монархияның жаңадан префектілікке қойылған мүгедектерін шақырып алып, қызмет еткілерін келсе, менің екінші рет президент болып сайлануым үшін үгіт жүргізіндер деп, конституция тыйым салған шартты қоюы Ұлттық жиналысқа ұнамады; Карлье өзі тағайындалысымен легитимистік бір клубты жапқаны да ұнамады; Бонапарт «Napoléon»¹³⁴ деген өз газетін шығарғаны ұнамады, бұл газет президенттің құпия ниетін жұртқа паш етті, бұл министрлер осы ниеттен Заң шығару жиналысының алдында безуге тиіс болып жатқан кез еді; қаншама сенімсіздік білдіргеніне қарамастан, Бонапарт министрлерін қарысып қызметтен шығармағаны да жиналысқа ұнамады; унтер-офицерлердің күнделік жалақысына төрт су ақша қосып, олардың көңілін аулау әрекеті және Ежен Сюдің «Париж құпияларынан» алынған плагиат арқылы — «намыс қарызы банкі» ашу арқылы пролетариаттың көңілін ауламақ болған әрекеті ұнамады; ақырында, Июль көтерілісшілерінің аман қалғандары Алжирге қуылсын деп Бонапарттың министрлері ұсыныс түсірген арызы, бұл Заң шығару жиналысының беделін *en gros*** түсіру үшін істелгені, ал президент болса, ол кейбір кешірім актілерімен өзінің беделін *en détail**** қамтамасыз етіп отырғаны ұнамады; *Тьер* «*coup d'état*» және «*coups de tête*****» туралы зілді сөздер айтты, ал Заң шығару жиналысы Бонапарттан өшін алды, оның өз басының мүдделерін көздеп ұсынған заң жобасының қандайын болса да қабылдамады және оның жалпы мүдделерді көздеп ұсынған заң жобасының қандайын болса да шөк келтіріп, күдіктене зерттеді, атқару өкіметін күшейтуді сылтау етіп, осы жоба арқылы Бонапарт жеке басының билігін күшейтуді көздеп отырған жоқ па деп күдіктенді. Бір сөзбен айтқанда, *Жиналыс келеке заговору арқылы өш алды.*

Өз кезегімен легитимистер партиясын ызаландырған нәрсе, неғұрлым епті орлеанистердің мемлекеттік қызмет орындарын түгел дерлік қайтадан қолына алғандығы болды, *орталықтанудың* күшеюі ызаландырды, өйткені олар *бөлшектену* арқылы ісіміз оңалады деп күткен болатын. Шынында да, контрреволюция

* — жарастықты келісім. *Ред.*

** — көтерме саудамен. *Ред.*

*** — бөлшек саудамен. *Ред.*

**** Ойнақы сөз: «*coup d'état*» — «мемлекеттік төңкеріс», «*coups de tête*» — «ағат қылық». *Ред.*

орталықтануды күштеп жүргізді, яғни революцияның механизмін дайындады. Контрреволюция банк билеттеріне міндетті курс белгілеп, Францияның тіпті алтыны мен күмісін де Париж банкіне жинақтады, сөйтіп революцияның дайын тұрған соғыс казынасын құрды.

Ақырында, орлеанистерді ызаландырған нәрсе, олардың жаңа династиялық принципіне легитимизмнің қайтадан қалқыл шыққан принципінің қарсы қойылуы болды, дворянның буржуазиядан алған әйелін қорлағаны сияқты бұларды үнемі тұқыртып, қорлап отырушылық болды.

Біз шаруалар, ұсақ буржуа, қоғамның жалпы орта топтары пролетариат жағына қалай шыққандығын, ресми республика жөнінде ашықтан ашық антагонизмге қалай келгендігін және ресми республиканың оларға жау деп қарағандығын рет ретімен қарап өттік. *Буржуазия диктатурасына қарсы ашыну, қоғамды қайта құру қажеттігі, осындай қайта құрудың құралы ретінде демократиялық-республикалық мекемелерді сақтау, шешуші революциялық күш болған пролетариаттың маңына топталу — әлеуметтік демократия партиясы деп аталатын партияны, қызыл республика партиясын* сипаттайтын жалпы белгілер, міне, осындай болды. Жаулары «анархия партиясы» деп айдар таққан бұл партия *тәртіп партиясы* сияқты әртүрлі мүдделердің коалициясы болды. Ескі қоғамдық тәртіпсіздіктің болмашы реформасынан ескі қоғамдық тәртіпті құлатуға дейін, буржуазиялық либерализмнен революциялық терроризмге дейін бару — «анархия партиясының» бастама пункті мен ақырғы пункті болып табылатын шектердің арасы, міне, осындай алшақ еді.

Қамқорлық баж салығын жою — социализм! өйткені ол тәртіп партиясының өнеркәсіптік фракциясының монополиясына қол сұғады. Мемлекеттік шаруашылықты тәртіпке келтіру — социализм! өйткені ол тәртіп партиясының *финанстық* фракциясының монополиясына нұқсан келтіреді. Шетелдік астық пен етті еркін әкелу — социализм! өйткені ол тәртіп партиясының үшінші фракциясының *ірі жер иелігі* фракциясының монополиясын бұзады. Сыртқы сауда бостандығын жақтайтын ағылшын буржуазиясының неғұрлым прогресшіл партиясының талаптары Францияда бүтіндей социалистік талаптар болып шығады. Вольтершілдік — социализм! өйткені ол тәртіп партиясының төртінші фракциясына — *католиктік* фракциясына шабуыл жасайды. Баспасөз бостандығы, одақтар бостандығы, жалпыға бірдей халықтық оқу — бұл социализм үстіне социализм! Өйткені мұның барлығы да тәртіп партиясының жалпы монополиясына оқталу!

Революцияның барысында жағдайдың тез пісіп жеткендігі сонша, түрліше реформалардың достары да, ең кіші-гірім тілектері бар орта таптар да төңкерістің ең өткір партиясы туының төңірегіне, *қызыл тудың* төңірегіне жиналуға мәжбүр болды.

Бірақ экономикалық жағдайларға қарай және белгілі бір таптың немесе тап фракциясының бұл жағдайлардан туатын жалпы революциялық тілектеріне қарай «анархия партиясының» басты құрамдас элементтерінің *социализмі* қаншалық әртүрлі болғанымен,— бір пунктте бәрі бір жерден шықты: ол өзін *пролетариатты азат етудің құралы* деп жариялады және бұл азат ету — түп *мақсаты* екенін айтты. Біреулері біле тұра алдады, екіншілері өздерін өздері алдады, өйткені олар өз тілегімізге сәйкестіріліп қайта құрылған дүние — жұрттың барлығы үшін жақсы дүние болып табылады, мұндай дүние барлық революциялық талаптарды орындайды және революциялық дау-жанжалдардың барлығын жояды деп білді.

«*Анархия партиясының*» азды-көпті бірдей болып естілген жалпы социалистік жел сөздерінің астарында, біріншіден, «National», «Presse», «Siècle» газеттерінің *социализмі* бүркеулі жатты, бұл социализм финанс аристократиясының үстемдігін құлатуға және өнеркәсіп пен сауданы ескі бұғаудан азат етуге азды-көпті болсын дәйекті әрекет жасады. Бұл — өнеркәсіп, сауда мен егіншілік социализмі, тәртіп партиясына кіретін билеушілер бұлардың мүдделерін құрбан етеді, өйткені бұл мүдделер енді өздерінің жеке меншіктенетін монополияларына сай келмейтін болып қалды. Социализмнің басқа да әрбір түрлері сияқты, жұмысшылар мен ұсақ буржуазияның белгілі бір бөлегін өзіне тартатын осы *буржуазиялық социализмнен* нағыз *ұсақ буржуазиялық социализмнің*, *par excellence** социализмнің айырмасы бар. Бұл ұсақ буржуазия табын капитал ен алдымен *кредитор* ретінде тонайды, сондықтан бұл тап *кредиттік мекемелерді* талап етеді; капитал оны өзінің *конкуренциясы* арқылы жаныштайды, сондықтан ол мемлекет қолдап отыратын *ассоциацияларды* талап етеді; капитал оны *шоғырландыру* арқылы жеңеді, сондықтан ол *үдемелі салықтарды*, мұрагерлік правоға шек коюды, ірі-ірі жұмыстарды мемлекет атқаруын және *капиталдың өсуін күшпен тоқтататын* басқа да шаралардың қолданылуын талап етеді. Ол өзінің социализмін бейбітшілік жолымен жүзеге асыруды арман етеді — әрі кетсе қысқа мерзімді екінші февраль революциясы тәрізді нәрсеге ғана жол берілсе дейді, ендеше, оның болашақ тарихи процесті әлеуметшіл теоретиктер топтасып немесе жеке-жеке ойларынан шығарған немесе шығарып қойған *системалардың жүзеге асуы* деп түсінетіндігі табиғи нәрсе. Сонымен, бұл социалистер эклектиктерге немесе қолда бар социалистік *системаларды* жақтаушыларға, пролетариат өзінің ерікті тарихи қозғалысына өсіп-жетілмей тұрған кезде ғана пролетариаттың теориялық көрінісі болған *доктринерлік социализмді* жақтаушыларға айналып кетеді.

* — көбінесе сөздің шын мағынасындағы. *Ред.*

Бұл утопия, бұл доктринерлік социализм бүкіл қозғалысты тұтасымен оның бір ғана кезеңіне бағындырады, жалпы қоғамдық өндірісті жеке педанттың ми еңбегімен алмастырады, ең бастысы таптардың революциялық күресін, оның бүкіл қажетті көріністерін азын-аулақ фокустар мен толып жатқан жылымшы сөздер арқылы өз қиялында жойып жібереді, міне, бұл доктринерлік социализм асылында тек қазіргі қоғамды асыра дәріптейді, оның көленкелі жағы жоқ бейнесін суреттейді және осы қоғамның шындығымен санаспай, өз мұратын іске асыруға тырысады. Ал бұл социализмді пролетариат ұсақ буржуазияға беріп отырған тұста, түрлі социалистік көсемдердің арасындағы күрес системалар деп аталатындардың қай-қайсысы болсын әлеуметтік төңкерістің өтпелі кезеңдерінің біреуін қасақана екінші біреуіне қарсы баса көрсету болып табылатындығын ашып беріп отырған тұста — *пролетариат революциялық социализмнің төңірегінде, буржуазияның өзі Бланкидің есімімен атаған коммунизмнің төңірегінде барған сайын топтаса түседі. Бұл социализм — үздіксіз революция жариялау, пролетариаттың таптық диктатурасы* болып табылады, бұл жалпы таптық айырмашылықтарды жоюға, осы айырмашылықтар негізделген өндірістік қатынастардың барлығын жоюға, осы өндірістік қатынастарға сәйкес келетін қоғамдық қатынастардың барлығын жоюға, осы қоғамдық қатынастардан туатын идеялардың барлығында да төңкеріс жасауға қажетті өтпелі баспалдақ ретіндегі диктатура болып табылады.

Баяндауымыздың көлемі бұл мәселеге толығырақ тоқталуға мүмкіндік бермейді.

Біз мыналарды көрдік: *тәртіп* партиясында істің басында сөзсіз *финанс аристократиясы* болса, *«анархия* партиясында» — *пролетариат* болады. Революциялық лигаға біріккен түрлі таптар пролетариаттың төңірегінде топталып жатқанда, департаменттер барған сайын сенімсіз бола бастап, Заң шығару жиналысының өзі француз Сулукінің* талаптарына барған сайын күнкілдей қарап жатқанда, — 13 июньде қуылған монтаньярлардың орнына қосымша сайлау, көп уақыт кейінге қалдырылып, кешіккен сайлау келіп жетті.

Жаулары жирене жек көріп, жалған достары кадам басқан сайын сөгіп, қорлаған үкімет осы төзгісіз және солқылдақ халден құтылудың тек *бір* ғана жолы бар — ол *бүлік шығуы* деп білді. Парижде бүлік шықса, бұл Париж бен департаменттерде қоршау жағдайын жариялауға, сөйтіп сайлау ісін өзі басқаруына сылтау болар еді. Екінші жағынан, тәртіптің достары анархияны жеңген үкіметке кеңшілік жасауға тиіс болар еді, өйтпе-

* — III Наполеон. Ред.

ген күнде олардың өздері анархистердің ролінде қалған болар еді.

Үкімет жұмысқа кірісті. Ол 1850 жылғы февральдың бас кезінде бостандық ағаштарын¹³⁵ кесіп, халықты арандатты. Бос әуре! Бостандық ағаштары орындарын жоғалтқан болса, үкімет басын жоғалтты, сөйтіп ол зәресі ұшып, өз арандатуынан өзі безді. Құтылу жөнінде жасаған Бонапарттың бұл қолайсыз әрекетін Ұлттық жиналыс мұздай суық сенімсіздік қалыппен қарсы алды. Июль колоннасынан бетке ұстарларын¹³⁶ қуу да көп табысқа жеткізген жоқ. Мұның өзі армияның бір бөлегінде революциялық демонстрациялар туғызды, сөйтіп Ұлттық жиналыстың министрлікке азды-көпті жасырын сенімсіздік білдіруіне сылтау-болды. Үкімет прессасының жалпыға бірдей сайлау правосын жоямыз және казактар басып кіреді деп қорқытуынан түк шықпады. Опуль Заң шығару жиналысында солшылдардың мүшелеріне ашықтан-ашық қыр көрсетті, оның бұларды көшеге шақыруы, сендерді мықтап қарсы алуға үкімет дайын деуі де босқа әурелену болды. Опуль ештеңе шығара алмады, қайта председатель оның өзін тәртіпке шақырды, ал тәртіп партиясы бұған іштей қуанып, ын-тынсыз солшылдардың бір депутатына Бонапарттың узурпаторлық қылығын мазақ еткізді. Ақырында, үкіметтің 24 февральда революция болады деп болжауынан да түк шықпады. Үкіметтің қолы жеткені сол, халық 24 февральда қыр еткен жоқ.

Пролетариат бүлік жасау арандатуына бармады, ол революция жасау ниетінде болды.

Үкіметтің арандату әрекеттері қазіргі тәртіпке жаппай наразылықты тек қана күшейтіп, бүтіндей жұмысшылардың ықпалында болған сайлау комитетінің Париж үшін үш кандидат: *Дефлотты*, *Видадьді* және *Карноны* ұсынуына бөгет жасай алмады. *Дефлот* июньде жер аударылып, даңққа бола істелген бонапарттық қылықтардың бірі нәтижесінде кешірім алған болатын; ол Бланкидің досы болды және 15 майдағы аттанысқа қатысты. *Видадь* коммунист жазушысы ретінде, «Байлықты бөлу туралы» деген кітаптың авторы ретінде белгілі болған; ол Люксембург комиссиясында Луи Бланның хатшысы болды. *Карно* жеңісті ұйымдастырған Конвент мүшесінің перзенті, «National» партиясының жаманатқа ең аз ілінген мүшесі, уақытша үкімет пен Атқару комиссиясы тұсында оқу министрі, ағарту ісі туралы демократиялық заң жобасының арқасында иезуниттердің ағарту ісі заңдарына қарсы ашық наразылық білдіруші болды. Бұл үш кандидат өзара одақтасқан үш таптың өкілдері болды: басшысы — июнь көтерілісшісі, революцияшыл пролетариаттың өкілі; оның қатарында тұрған — доктринер-социалист, социалистік ұсақ буржуазияның өкілі; ақырында, үшінші кандидат — буржуазиялық республикашылдардың өкілі, бұл партияның демо-

кратиялық формулалары тәртіп партиясымен соқтығысуда социалистік мағына алып, өзіне тән маңызын алдақашан жойған болатын. Мұның өзі *баяғы февральдағыдай буржуазия мен үкіметке қарсы жаппай коалиция* болды. Бірақ бұл жолы *революциялық лиганы пролетариат басқарды*.

Қарсы жақтың жанын сала қимылдауларына қарамастан, социалистік кандидаттар жеңді. Тіпті армияның өзі июнь көтерілісшісіне дауыс берді, ал өзінің әскери адамына, министр *Лаитқа* қарсы дауыс берді. Тәртіп партиясы төбесінен жай түскендей есеңгіреді. Департамент сайлауы да оны жұбата алмады: бұл сайлауда монтаньярлар көпшілік дауыс алды.

1850 жылғы 10 марттағы сайлау! Мұның өзі *1848 жылғы июньді бұзу болды*: июнь көтерілісшілерін жер аударып, өлтіргендер Ұлттық жиналысқа қайтып келді, бірақ бұл келгенде имендеп, жер аударылғандармен бірге, солардың принциптерін айта келді. *Мұның өзі 1849 жылғы 13 июньді бұзу болды*: Ұлттық жиналыс қуып жіберген Гора Ұлттық жиналысқа қайтып келді, бірақ ол енді революцияның командирі ретінде емес, революцияның алдыңғы кернейшісі ретінде келді. *Мұның өзі 10 декабрьді бұзу болды*: Наполеон өзінің министрі Лаит арқылы мерт болды. Францияның парламенттік тарихы бұған ұқсас тек бір-ақ оқиғаны біледі: ол — X Қарлдың министрі Оссенің 1830 жылғы мерт болуы. Ақырында, 1850 жылы 10 мартта болған сайлау тәртіп партиясына көпшілік дауыс әперген 13 майдағы сайлауды бұзу болды. 10 марттағы сайлау 13 майдағы көпшілікке қарсы наразылық болды. 10 мартта революция болды. Сайлау бюллетеньдерінің артында көше тастары тығулы жатты.

Тәртіп партиясының ең қызба мүшелерінің бірі Сегюр д'Агессо: «10 марттағы дауыс беру — бұл соғыс» деп дүрлікті.

Конституциялық республика 1850 жылғы 10 марттан бастап жаңа фазаға, *іріп-шіру фазасына* енді. Көпшіліктің түрлі фракциялары бір бірімен және Бонапартпен қайта бірікті; олар тәртіпті тағы да арашалады; Бонапарт олардың тағы да *бейтарап адамы* болды. Егер олар өздерінің роялизмін еске түсіретін болса, оның себебі тек буржуазиялық республиканың болу мүмкіншілігінен түңілгендігінде жатыр; егер ол өзінің дәмгөйлігін еске түсіретін болса, оның себебі тек президент болып қала беру мүмкіншілігінен түңілгендігінде жатыр.

Июнь көтерілісшісі *Дефлоттың* сайлануына Бонапарт тәртіп партиясының әмірі бойынша ішкі істер министрі қызметіне *Баршты* тағайындаумен жауап берді, — бұл баяғы Бланки мен Барбесті, Ледрю-Роллен мен Гинарды айыптаушы болған Барош. *Карноның* сайлануына Заң шығару жиналысы ағарту ісі туралы заң қабылдаумен, *Видальдің* сайлануына — социалистік баспасөзді тұншықтырумен жауап берді. Тәртіп партиясы өзінің үрейленуін өз баспасөзінің аттандаған даурықпасымен бүркеуге

тырысты. Оның органдарының бірі «Қылыш киелі» деп лепірді. Енді бір органы «тәртіпті қорғаушылар қызылдар партиясына шабуыл жасауға тиіс» деді. «Социализм мен қоғамның арасында өліспей беріспейтін жекпе-жек, үздіксіз, аяусыз соғыс болып отыр; осы жанталас соғыста екеуінің бірі өшуге тиіс; егер қоғам социализмді жоймайтын болса, социализм қоғамды жояды»— деп тәртіптің үшінші бір қоразы шақырды. Тәртіп баррикадаларын, дін баррикадаларын, семья баррикадаларын орнатындар! 127 000 Париж сайлаушысын құрту керек!¹³⁷ Социалистерге Варфоломейдің қара түні тусын!— десгі. Сөйтіп тәртіп партиясы бір мезет жеңу дәмесіне шынымен сенді.

Тәртіп партиясының органдары бәрінен де гөрі «Париж дүкеншілеріне» қадала шүйлікті. Париж дүкеншілері июнь көтерілісшісін өз өкілі етіп сайлады! Бұл — 1848 жылғы июнь екінші рет болуы мүмкін емес деген сөз; бұл — 1849 жылғы 13 июнь екінші рет болуы мүмкін емес деген сөз; бұл — капиталдың моральдық ықпалы қирады, буржуазиялық Жиналыс буржуазияның ғана өкілі деген сөз; бұл — ірі меншік құрыды, өйткені бұл меншіктің құйыршығы — ұсақ меншік меншіктен айрылғандардың лагерінен жансауға іздеді деген сөз.

Тәртіп партиясы, әрине, өзінің даусыз *трафарет тәсілін* қолданды: «*Жазаны көбейту керек!*», «*Жазаны он есе көбейту керек!*»— деп шынғырды ол. Бірақ қарсылық көрсету жүз есе артып, әлгі партияның жазалау күші он есе азайған еді. Жазалаудың ең басты құралы болып табылатын армияның өзі жазалау ісіне мұқтаж емес пе? Сөйтіп тәртіп партиясы өзінің соңғы сөзін айтты: «Бізді тұншықтырып отырған жариялылықтың темір қоршауын талқандау керек. *Конституциялық республикаға жол жоқ.* Біз өзіміздің шын құралымызбен күресуіміз керек; 1848 жылғы февральдан бастап біз революцияға қарсы *оның өз құралымен және оның өз негізінде күрестік, оның мекемелерін қабылдадық; конституция дегеніміз — қоршауда қалғандарды емес, қоршап алғандарды қорғайтын қамал! Троя атының құрсағына тығылып, біз қасиетті Илионға кірдік, бірақ біз бұрынғы гректерше** жаудың қаласын ала алмадық, қайта өзіміз тұтқынға түстік».

Конституцияның негізі — *жалпыға бірдей сайлау правосы. Жалпыға бірдей сайлау правосын жою керек* — тәртіп партиясының соңғы сөзі, буржуазия диктатурасының соңғы сөзі, міне, осы болды.

Жалпыға бірдей сайлау правосы 1848 жылғы 4 майда, 1848 жылғы 20 декабрьде, 1849 жылғы 13 майда, 1849 жылғы 8 июльде буржуазияның осы диктатураға правосы бар деп таныды.

* Ойнақы сөз: «grecs»—«гректер», сонымен бірге «алдампаздар». (1895 жылғы басылуына Энгельстің жазған ескертпесі).

Жалпыға бірдей сайлау правосы 1850 жылғы 10 мартта өзін өзі айыптап шықты. Буржуазиялық конституцияның мағынасы — буржуазия үстемдігін жалпыға бірдей сайлау правосының қорытындысы мен нәтижесі, халықтың суверенді еркінің тұжырымды актісі деп түсіндіру. Бірақ бұл сайлау правосының, халықтың бұл суверенді еркінің мазмұны бұдан былай буржуазия үстемдігі болудан қалып отырса, сонда конституцияның қандай мағынасы болмақ? Сайлау правосын ақылға сыйымды, яғни буржуазияның үстемдігін тілейтіндей етіп реттеу буржуазияның тікелей міндеті емес пе? Жалпыға бірдей сайлау правосы әрбір ретте өмір сүріп отырған мемлекеттік өкіметті жойып, әрбір ретте өз ішінен сол өкіметті қайта құра отырып, осынысымен ол тұрақтылық атаулының бәрін жоймай ма, өмір сүріп отырған өкіметтің барлығын минут сайын қыл үстіне қойып отырмай ма, беделін түсірмей ме, анархияның өзін беделге айналдыру қаупін туғызбай ма? 1850 жылғы 10 марттан кейін бұған кім шүбәланбақ?

Буржуазия осы уақытқа дейін бүркеніп, өзінің күдіретті күшіне нәр алып келген жалпыға бірдей сайлау правосынан безе отырып: «*Біздің диктатурамыз осы уақытқа дейін халықтың еркі бойынша өмір сүріп келді, бұдан былайғы жерде диктатурамыз халықтың еркіне қарсы нығаймақ*» дегенді ашық мойындайды. Сондықтан ол енді өзіне тіренішті Франциядан іздемей, тысқарғы жерден, шет елден, шапқыншылықтан іздесе, мұнысы әбден жүйелі.

Шапқыншылыққа шақырумен қабат нақ Францияның өзін резиденция етіп алған осы екінші Қобленц¹³⁸ бүкіл ұлттық қызбалықты өзіне қарсы қояды. Жалпыға бірдей сайлау правосына шабуыл жасап, ол жаңа революцияға жалпыға ортақ сылтау тауып береді, ал революцияға тап сондай сылтау керек. Жеке сылтаулардың қай қайсысы болса да революциялық лиганың фракцияларын ажыратып, олардың айырмашылықтарын сыртқа шығуға мәжбүр еткен болар еді. Ал жалпыға ортақ сылтау жартылай революциялық таптарды есінен тандырады, болашақ революцияның нақтылы сипаты жөнінде, өз әрекетінің салдары жөнінде өздерін өздері алдауына мүмкіндік береді. Революцияның қандайы болса да банкеттік мәселеге мұқтаж болады. Жаңа революцияның банкеттік мәселесі — ал жалпыға бірдей сайлау правосы.

Бірақ өзінің біріккен өкіметінің бірден-бір мүмкін формасынан, өзінің таптық үстемдігінің ең күдіретті және ең толық формасынан, конституциялық республикадан безіп, сөйтіп кейін қарай, төменгі, толық емес, неғұрлым әлсіз формаға — монархияға қарай ұмтылып, буржуазияның біріккен фракциялары өздеріне өздері үкім шығарды. Олар — баяғы бір өзін қайта жасартқысы келіп, бала күніндегі киімдерін шығарып, қаусаған кәрі денесіне кигізбекші болып әрекеттенген шалды еске түсіреді. Олардың

республикасының сіңірген бар еңбегі — революция үшін теплиця болғандығы.

1850 жылғы 10 мартта мынадай жазуы бар:

*Après moi le déluge**.

IV

1850 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ САЙЛАУ ПРАВОСЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ

(Мұның алдындағы үш тараудың жалғасы «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue»⁷⁹ журналының соңғы 5—6 қос номерінде басылған «Шолудан» алынды. Онда әуелі 1847 жылы Англияда болған үлкен сауда дағдарысы сипатталған; континенттегі саяси шиеленістер және олардың 1848 жылғы февраль мен мартта болған революцияға ұласуы осы дағдарыстың европалық континентке әсер етуінен деп түсіндіріледі, ал онан кейін 1848 жылдың өзінде-ақ басталып, 1849 жылы онан да күшейе түскен сауда мен өнеркәсіптің гүлденуінің революциялық өрлеуді қалай күрмегені, сонымен бірге реакцияның жеңуіне қалай мүмкіншілік туғызғандығы көрсетіледі. Сонан кейін Францияның өзі туралы мыналар айтылған:)**

Нақ осындай белгілер *Францияда* 1849 жылдан, әсіресе 1850 жылдың бас шенінен байқала бастады. Париж өнеркәсібі барынша қызып жатты, Англиядағы сияқты шикізат бағасының қымбаттығы мұнда да кедергі жасағанымен, Руан мен Мюльхаузендегі мақта-мата фабрикалары да жұмысты өте жақсы істеді. Сонымен қатар Франциядағы гүлденудің дамуына, әсіресе Испаниядағы таможнялық кең реформа мен Мексикада әртүрлі сән-салтанат заттарына баж салығының азайтылуы көмектесті. Француз товарларының осы екі рынокқа шығарылуы өте көбейді. Капиталдың өсуі Францияда толып жатқан жалдаптық кәсіптер орын тебуіне әкеп соқты, бұған Калифорнияның алтын кендерінің кең көлемде пайдаланылуы себеп болды. Өздерінің ұсақ акциялары және социализм түріне боялған жоба-жосықтары арқылы ұсақ буржуалар мен жұмысшылардың қалтасына тікелей қол артқан толып жатқан қоғамдар шықты, ал бұл қоғамдар жалпы алғанда тек француздар мен қытайларға ғана тән нағыз алаяқтық алдау еді. Бұл қоғамдардың біреуі тіпті үкіметтің тікелей қамқорлық көмегін пайдаланды. Францияда 1848 жылдың алғашқы тоғыз айында шеттен әкелінетін товардан

* — Өзімнен соң мейлі топан суы қаптасын. (XV Людовик айтқан екен дейтін сөздер). *Ред.*

** Бұл кіріспе абзацты 1895 жылғы басылуына арнап Энгельс жазған. *Ред.*

алынған баж салығы 63 миллион франк, 1849 жылдың тоғыз айында — 95 миллион франк, ал 1850 жылдың тоғыз айында — 93 миллион франк болды. Оның бер жағында, баж салықтары 1849 жылдың сентябрімен салыстырғанда 1850 жылғы сентябрьде бір миллионнан аса көбейді. 1849 жылы шетелге шығарылу көбейді, ал 1850 жылы мұнан да көбейді.

1850 жылғы 6 августағы заң бойынша Француз банкінің ақшалай төлеуді қайта бастағаны жанадан гүлдену басталғанының ең мықты айғағы болып табылады. Ақшалай төлеуді тоқтатуға банк 1848 жылы 15 мартта право алды. Айналымда болған банкноттардың саны, провинциялық банктерді қосып есептегенде, ол кезде 373 миллион франк (14 920 000 фунт стерлинг) болды. 1849 жылы 2 ноябрьде айналымда 482 миллион франк немесе 19 280 000 ф. стерлинг болды, бұл 4 360 000 ф. стерлинг көбейгендігін көрсетеді, ал 1850 жылы 2 сентябрьде — 496 миллион франк немесе 19 840 000 ф. стерлинг болды, яғни шамамен 5 миллион ф. стерлинг көбейді. Мұнымен қатар банкноттың бағасы түсуі байқалған жоқ; қайта банкнот айналымының көбеюі алтын мен күмістің банк подвалына барған сайын көп жиналуымен қоса қабат болып отырды, сөйтіп 1850 жылдың жазында металл қоры шамамен 14 миллион ф. стерлингке, Францияда бұрын болып көрмеген сомаға жетті. Сонымен банк өз билеттерінің айналуын және сонымен бірге актив капиталын 123 миллион франк, яғни 5 миллион ф. стерлинг көбейтуге шамасы жеткені, міне, бұл жағдай журналдың өткен номерлерінің бірінде* біздің: революция нәтижесінде финанс аристократиясы қиратылмағаны былай тұрсын, қайта ол бұрынғыдан да нығая түсті, деген қорытындымыздың өте дұрыс болғандығын тамаша дәлелдейді. Бұл нәтиже банктер туралы соңғы жылдардың ішінде шыққан француз заңдарына жасалған төмендегі шолудан одан бетер айқындала түседі. 1847 жылы 10 июньде банк 200 франктік билеттер шығаруға право алды. Бұл уақытқа дейін банкноттың ең төмен мөлшері 500 франк болған еді. 1848 жылғы 15 марттағы декрет Француз банкінің билеттерін төлемнің заңды құралы деп жариялады, сөйтіп, банк билеттерді алтын-күміс ақшаға айырбастау міндетінен құтылды. Банктің билеттер шығару правосы 350 миллион франкпен шектелді. Сонымен бірге ол 100 франктік билет шығаруға право алды. 27 апрельдегі декрет департаменттік банктерді Француз банкімен қосуды бұйырды; 1848 жылғы 2 майдағы басқа бір декрет бойынша банктің билеттер шығаруды 442 миллион франкке дейін көбейтуіне рұқсат етілді. 1849 жылғы 22 декабрьдегі декрет бойынша банкнот шығарылу шегі 525 миллион франкке жеткізілді. Ақырында, 1850 жылғы 6 августағы заң банкноттарды ақшаға айырбастау правосын қайтадан белгіледі.

* Осы томның 273—277-беттерін қараңыз. *Ред.*

Бұл фактілер — банкноттар айналымының үздіксіз артуы, бүкіл француз кредиті банктің қолына жиналуы және француз алтыны мен күмісінің банк подвалдарына жиналуы — Прудон мырзаны енді банк өзінің бұрынғы жылан терісін тастап, Прудонның халықтық банкіне айналуға тиіс деген қорытындыға әкеліп тіреді. Ал шынында буржуазиялық қоғамның тарихынан өзі бұрын естімеген бұл сияқты фактінің буржуазиялық өте қалыпты құбылыстан басқа ештеңе емес екендігін, бұл құбылыстың тек Францияда ғана бірінші рет болып отырғанын көру үшін Прудонға 1797 жылдан 1819 жылға дейін Англияда банктердің правосына тежеу салу¹³⁹ жөніндегі тарихпен таныс болудың тіпті керегі де жоқ еді, бұл үшін каналдың арғы бетіне көз жіберсе де жетіп жатыр еді. Уақытша үкіметтен кейін Парижде ықпалы жүріп тұрған жалған-революцияшыл теоретиктер де қолданылған шаралардың сипаты мен нәтижелері жөніндегі мәселеде нақ уақытша үкіметтегі мырзалар тәрізді надан болғанын көреміз.

Қазір Францияда болып отырған өнеркәсіп пен сауданың гүлденуіне қарамастан, қалың бұқара, 25 миллион шаруа күшті депрессиядан жапа шегіп отыр. Соңғы жылдарда егіннің жақсы шығуы астық бағасын Англиядан гөрі Францияда көп төмендетті, сондықтан борышқа батқан, өсімқорлардан жүдеп-жадаған және салықтың ауыртпалығы түскен шаруалардың халін тіпті де жақсы деуге болмайды. Бірақ халықтың бұл табы революциялық бастамаға мүлде қабілетсіз, мұны соңғы үш жылдың тарихы өте айқын көрсетті.

Дағдарыс дәуірі де, гүлдену дәуірі де Англияға қарағанда континентте кешігіп басталады. Ең бастапқы процесс кашанда Англияда болады; Англия буржуазиялық космостың демиургі болып табылады. Буржуазиялық қоғам үнемі қайталап өтіп отыратын циклдың түрлі фазалары континентте екінші және үшінші формада көрініп отырады. Біріншіден, континент басқа елдердің қай-қайсысынан болса да Англияға товарды өлшеусіз көп апарды. Бірақ Англияға апару ісі, өз кезегімен, Англияның жағдайына, әсіресе мұхиттың арғы бетіндегі рыноктардағы жағдайына байланысты. Сонан соң, мұхиттың арғы бетіндегі елдерге Англия бүкіл континенттің апаратынан өлшеусіз көп апарды, сондықтан бұл елдерге апарылатын континенттік экспорттың мөлшері әруақытта Англияның мұхиттың арғы бетіне апару мөлшеріне бағынышты болып отырады. Сондықтан егер дағдарыстар революцияны бәрінен бұрын континентте туғызатын болса, мұның түп тамыры әрқашан Англияда жатады. Күйреу апаты буржуазиялық организмнің жүрегінен гөрі қол-аяқ жақтарында, әрине, бұрын басталуға тиіс, өйткені жүрек жақта жетігу мүмкіндігі көбірек болады. Екінші жағынан, континенттік революциялардың Англияға әсер етуінің дәрежесі сонымен бірге бұл революциялар буржуазиялық құрылыстың негіздерін күй-

рету-күйретпеуі қандай мөлшерде болатынын және олар буржуазиялық қоғамның тек саяси құрылысын қаншалықты қамтитынын көрсететін барометр болып табылады.

Жалпы алғанда буржуазиялық қатынастардың шеңберінде буржуазиялық қоғамның өндіргіш күштері қаншалықты дамуға мүмкін болса, соншалықты гүлдене дамып отырған бұл сияқты жаппай гүлдену кезінде нағыз революция туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұндай революция *осы екі фактордың екеуі — қазіргі өндіргіш күштер мен буржуазиялық өндіріс формалары өзара қайшылыққа келген кездерде ғана болуы мүмкін. Континенттік тәртіп партиясының жеке фракциялары өкілдерінің өзара бірінің бірі беделін түсіріп, қазіргідей бітпес қиян-кескі болуы тіпті де жаңа революцияларға апара алмайды; қайта, бұл қиян-кескінің мүмкін болып отырған бірден-бір себебі — қазіргі кезеңде қоғамдық қатынастардың негізі өте берік және өте буржуазиялық негіз екендігінде, мұны реакция білмейді. Демократтардың барлық іштей ашынған наразылықтары мен барлық жалынды прокламациялары сияқты, буржуазиялық дамуды бөгемек болған реакциялық әрекеттердің барлығы да сөзсіз осы негізге соғылып, күл-талқан болады. Жаңа революция тек жаңа дағдарыстан кейін іле-шала болуы мүмкін. Ал дағдарыстың болатындығы қандай сөзсіз болса, революцияның болатындығы да сондай сөзсіз.*

Енді Францияға келейік.

28 апрельде жаңа сайлау жүргізуге мәжбүр етіп, халық өзінің ұсақ буржуазиямен одақтаса отырып 10 марттағы сайлауда қолы жеткен жеңісін өзі жойды. Видадь тек Парижде ғана емес, сонымен қатар Төменгі Рейнде де сайланды. Гора мен ұсақ буржуазия өкілдері басым болған Париж комитеті оны төменгі рейндік мандат алуға итермеледі. 10 марттағы жеңіс өзінің шешуші маңызын жоғалтты; мәселенің біржолата шешілуі тағы да кейінге қалдырылды, халықтың тегеуріні бәсеңдей бастады, халық революциялық салтанат орнына жария салтанатқа үйрене бастады. Ақырында, жылымшы-мещан, социал-қиялшыл Эжен Сюдің кандидатурасы 10 марттың революциялық мағынасын — июнь көтерілісінің ақталуын мүлде жойып жіберді; пролетариат мұны ең жақсы дегенде гризеткаларға бола жасалған қалжың деп түсінді. Өзіне қарсы адамдардың солқылдақтық жасауы батыл еткен тәртіп партиясы бұл ізгі ниетті кандидатқа июнь жеңісінің тұлғасы болуға тиісті кандидатты қарсы қойды. Бұл кісі күлерлік кандидат — семьяның тақуа әкесі болған Леклер еді, бірақ та, пресса оның үстіндегі батырлық сауыт-сайманын біртіндеп жыртып, быт-шытын шығарды, сөйтіп ол сайлауда тамаша жеңіліске жетті. 28 апрель сайлауындағы жаңа жеңіс Гора мен ұсақ буржуазияны рухтандырды. Гора пролетариатты тағы да алға шығаратын жаңа революция туғызбай-ақ, мақ-

сатыма таза жария жолмен жете аламын деп ішінен қуана бастады; ол 1852 жылғы жаңа сайлаудың кезінде жалпыға бірдей сайлау правосының көмегімен Ледрю-Роллен мырзаны президенттік орынға отырғызып, Жиналыста Гора көпшілік болуын қамтамасыз етемін деп дәмеленді. Гора мен ұсақ буржуазияның барлық жағдайда да жайбаракат қалыпта болуға бел байлағанына жаңа сайлаудан, Сюдін кандидатурасынан және Гора мен ұсақ буржуазияның пиғылынан көзі жеткен тәртіп партиясы екі сайлаудың жеңісіне де жалпыға бірдей сайлау правосын жоятын *сайлау заңын* шығарумен жауап берді.

Үкіметтің сақ болғандығы сонша, бұл заң жобасын өзінің жауапкершілігіне алған жоқ. Үкімет бұл жобаны дайындауды көпшіліктің басшыларына, он жеті бургграфқа¹⁴⁰ беріп, көпшілікке бояма кеншілік жасады. Сонымен, жалпыға бірдей сайлау правосын жоюды Ұлттық жиналысқа үкімет ұсынған жоқ, қайта Жиналыстың көпшілігі өзіне өзі ұсынды.

8 майда бұл жоба палатаға қойылды. Бүкіл социал-демократиялық баспасөз бір ауыздан халықты өздерінді жақсы ұстандар, *salme majestueux** болындар, ештеңеге кіріспендер және өкілдеріне сенендер, деп арбай бастады. Бұл газеттердің әрбір мақаласы — революция бәрінен бұрын революциялық деп аталатын баспасөзді жояды, ал, олай болса, енді мәселе бұл баспасөздің өзін-өзі қорғауы туралы болып отыр, дегенді мойындау болды. Жалған-революцияшыл баспасөз өз құпиясын өзі ашты. Ол өзін өлімге бұйырған үкімге қол қойды.

Гора 21 майда мәселені алдын ала талқылауға салып, бүкіл заң жобасын қабылдамауды талап етті, өйткені ол конституцияны бұзады деді. Бұған тәртіп партиясы былай деп жауап берді: керек болған кезде конституция бұзылады, қазір мұның керегі жоқ, себебі конституцияны қалай тілесе, солай түсіндіруге болады, қандай түсіндірудің дұрыс екендігін шешу тек көпшіліктің ғана билігінде. Тьер мен Монталамбердің жүгенсіз, айуандық тиісулерін Гора көрегенділікпен және мәдени адамгершілікпен қарсы алды. Гора право негізіне сүйенді; тәртіп партиясы оған право шығатын негізді — буржуазиялық меншікті көрсетті. Гора: жұрт шынымен-ақ қайткен күнде де революция туғызғысы келе ме? — деп жалбарынды. Тәртіп партиясы: революцияға біз дайынбыз деп жауап берді.

22 майда 462 көпшілік және 227 қарсы дауыспен мәселені алдын ала талқылау бітті. Ұлттық жиналыс және әрбір депутат өздеріне өкілдік берген халықтан безісімен өз өкілдігінен де безеді, деп соншама салтанатпен және соншама терең дәлелдеп жүрген адамдар орындарында табжылмай отыра берді және өздері қимылдаудың орнына, кенеттен, қимылдауды елге ұсынды,

* — мейлінше салмақты. *Ред.*

атап айтқанда, петиция түсіріндер деді; ал 31 майда заң ойдағыдай өтіп кеткен кезде де олар тапжылған жоқ. Олар наразылық арқылы өш алуға әрекеттенді, онда конституцияға зорлық жасаушылыққа өздерінің қатысы жоқ екендігін жазды, бірақ бұл наразылықты да ашық айтпады, тек жасырын апарып председателдің қалтасына тыға салды.

Париждегі жүз елу мың армия, мәселені біржолата шешуді қайта-қайта кейінге қалдыру, баспасөздің тыныштыққа шақыруы, Гора мен жаңа сайланған депутаттардың жігерсіздігі, ұсақ буржуазияның кекірейе салмактануы, әсіресе сауда мен өнеркәсіптің өрлеуі пролетариат тарапынан болатын революциялық талаптың қандайына болса да бөгет жасады.

Жалпыға бірдей сайлау правосы өз міндетін орындады. Халықтың көпшілігі оның оқу мектебінен өтті, ал бұл мектептің ролін революциялық заманда жалпыға бірдей сайлау правосы ғана атқара алады. Оны не революция, не реакция жоюға тиіс болды.

Гора көп кешікпей болған бір дау-жанжалда бұрынғыдан бетер жігер көрсетті. Соғыс министрі Опуль Жиналыс трибунасында тұрып февраль революциясын көлденеңнен тап болған апат деп атады. Өздерінің іштей ашынған наразылығын әрқашанғы әдетімен даурыға білдірген Гораның шешендеріне президент Дюпен сөз бермей қойды. Жирарден Гораға залдан түгелдей дереу шығып кетіндер деді. Нәтиже: Гора орнында қала берді де, ал Жирарден жарамсыз адам ретінде оның арасынан қуылды.

Сайлау заңы тағы бір қосымшаға, *баспасөз туралы жаңа заңға* мұқтаж болды. Жаңа заңды көп күтуге тура келген жоқ. Тәртіп партиясының көп пункттерге енгізген түзетулері бұрынғысынан да қатаң өткен үкіметтің заң жобасы кепілге салу дегендерді көбейтті, газеттерде басылатын романдарға ерекше штемпель алымын белгіледі (Эжен Сюдің сайлануына жауап), аптасына, айына шығып тұратын барлық шығармаларға баспа табақ мөлшеріне қарай салық салды және, ақырында, газеттегі әрбір мақалаға автордың қолы қойылуға тиіс деп белгіледі. Кепілдер жөніндегі қаулылар революциялық деп аталатын баспасөзді күртты; бұл баспасөздің құруына халық жалпыға бірдей сайлау правосы жойылуының өшін алу деп қарады. Бірақ жаңа заңның тенденциясы мен қырсығы баспасөздің тек осы бөлегімен ғана тынған жоқ. Күнделікті баспасөз аноним болып тұрған кезде ол кең және есімсіз қоғамдық пікір органы болды; ол мемлекет ішінде үшінші өкімет болды. Әрбір мақалаға қол қою газетті азды-көпті белгілі адамдардың әдеби шығармаларының жай жинағына айналдырды. Әрбір мақала газеттегі хабарландырудың дәрежесіне дейін төмендеді. Газеттер осы уақытқа дейін қоғамдық пікірдің қағаз ақшасы ретінде жүріп келді, енді олар

бір кісі қол қойған азды-көпті күдікті вексельдерге айналды, олардың сапалы және өтімді болуы вексель берушінің кредитіне ғана емес, сонымен қатар оны өткізушінің кредитіне де тәуелді болды. Тәртіп партиясының баспасөзі жалпыға бірдей сайлау правосын жоюды ғана үгіттеп қоймай, сонымен қатар «жаман» баспасөзге қарсы ең қатал шаралар қолдануды үгіттеді. Бірақ та тіпті үрейлі анонимі бар «жақсы» баспасөз де тәртіп партиясына, әсіресе оның провинциялық кейбір өкілдеріне ұнамады. Тәртіп партиясы сатылғыш жазушымен ғана істес болғысы келді, оның аты-жөнін, тұратын орнын және түр-түсін білгісі келді. «Жақсы» баспасөз сіңірген еңбегіме жамандық жасаумен жауап берілді деп босқа жылады. Заң қабылданды, ал қол қойылуын талап ету бәрінен бұрын «жақсы» баспасөздің өзіне соққы болып тиді. Республикашыл публицистердің есімдері едәуір әйгілі еді, бірақ «Journal des Débats», «Assemblée nationale»¹⁴¹, «Constitutionnel»¹⁴² т. т. және т. с. сияқты қадірмен фирмалар өздері кенінен дәріптеп жүрген мемлекеттік кеменгерлігімен қоса әбден масқара болды, себебі кенеттен бұл құпия тобырдың бәрі таза ақша алса бүкіл өмір бойына нені болса да талғамай қорғап келген Гранье де Кассаньяк сияқты сатылғыш қазық аяқ реппу-а-липерс* болып шықты немесе мемлекеттік адамдармыз деп келген Қапфиг сияқты ескі қоқыстар немесе «Débats»-тағы Лемуан мырза сияқты жылмандаған шатпақшы болып шықты.

Баспасөз туралы заң талқыланған кезде Гора моральдық жағынан жығылып құлдырағаны сондай, луи-филиппшілердің ескі атақты адамы Виктор Гюго мырзаның тамаша тирадасына қол шапалақтаумен ғана тынуға тиіс болды.

Сайлау заңы мен баспасөз заңы қабылдануымен қатар революцияшыл және демократияшыл партия ресми сахнадан тайды. Гораның екі фракциясы — социалистік демократтар мен демократияшыл социалистер — сессия біткеннен кейін біраздан соң, үйлеріне қайтудың алдында екі манифест, екі testimonia pauper-tatis** жазып шығарды, олар мұнда: егер күш пен табыс еш уақытта да біздің жағымызда болмағанымен, біз әрқашан мәңгілік право және басқадай барлық мәңгілік ақиқаттар жағында болдық, деп дәлелдеуге тырысты.

Енді тәртіп партиясына келейік. «Neue Rheinische Zeitung» журналы 3-номерінің 16-бетінде былай деп жазды: «Біріккен орлеанистер мен легитимистердің реставрацияшыл ындынына қарсы Бонапарт өзінің қолындағы өкіметінің заңдық негізін — республиканы қорғайды; Бонапарттың реставрацияшыл ындынына қарсы тәртіп партиясы өзінің біріккен үстемдік етуінің заңдық негізін — республиканы қорғайды; легитимистер орлеанистерге қарсы, орлеанистер легитимистерге қарсы status

* — шимайшылар. *Ред.*

** — кедейлік туралы күәлік. *Ред.*

quo — республиканы қорғайды. Тәртіп партиясының бұл фракцияларының әрқайсысының көкейінде өз королі және өз реставрациясы бар, бұлардың әрқайсысы өздерінің күндестерінің зорлықшылдық және бүлікшілдік ындынына буржуазияның жалпы үстемдігін қарсы қойды, олардың жеке талаптарының барлығы өзара бейтарапталып әрі сақталып отыратын форманы — *республиканы* қарсы қойды... Тьер өзінің: «Біз, роялистер, конституциялық республиканың шын тірегі боламыз», деген сөздерінде қандай шындық жатқанын сезген де жоқ»*.

Бұл *républicains malgré eux*** комедиясы, *stafus guo****-ға қарсыласу комедиясы және оның тоқтаусыз нығая беруі; Бонапарттың Ұлттық жиналыспен үнемі шекісе беруі; тәртіп партиясына өзінің құрамды бөлшектеріне бөліну қаупінің үнемі жаңғыра түнуі және оның фракцияларының үнемі жаңадан топтасуы; бұл фракциялардың әрқайсысының жалпы жауды жеңудің қандайын болса да өздерінің уақытша одақтастарының жеңілуіне айналдыруға әрекеттенуі; бірін-бірі көре алмаушылық, арамдық жасау және бір-біріне күн көрсетпеу, үнемі қылышын жалаңдату, ал мұның нәтижесінде кашан да — *baiser Lamourette*¹⁴³—кәтелердің осындай бүкіл пасық комедиясы соңғы алғы айдың ішінде бұрын еш уақытта болып көрмеген дәрежеде керемет өріс тепті.

Тәртіп партиясы сайлау заңын сонымен бірге Бонапартты жеңу деп қарады. Бонапарттың үкіметі өзінің заң жобасының редакциялауды және оған жауапкершілікті он жеті адамнан құралған Комиссияға беру арқылы өкіметтен безген жоқ па? Бонапарттың Жиналысқа қарсы сүйенетін басты тірегі алты миллионның сайлаған адамы болғандығы емес пе?— Бонапарт өз тарапынан сайлау заңына Жиналысқа жасалған кеңшілік деп қарады, бұл арқылы ол атқару өкіметі мен заң шығару өкіметінің арасын жарастыруды сатып алды. Пасық авантюрист осыны істегендігі үшін сыйлыққа өзіне заң бойынша белгіленген сомаға үш миллион қосуды талап етті. Ұлттық жиналыс өзі француз халқының орасан көпшілігін заңнан тыс деп жариялап отырғанда атқару өкіметімен дауласа алатын ба еді? Ол қатты ашуланды; ол ең қатал шара қолдануға бел байлаған тәрізденді; оның комиссиясы ұсынысты қабылдамады; бонапарттық баспасөз де тоналған, сайлау правосынан айрылған халықты көрсетіп, айбат шекті. Келісімге келу жөнінде талай даурықпа әрекеттер де болды; ақыр аяғында Жиналыс іс жүзінде кеңшілік жасады, бірақ сонымен бірге принцип жүзінде өшін алды. Ақшалай берілетін соманы жыл сайын үш миллион көбейтуді түп-

* Осы томның 273-бетін қараңыз. *Ред.*

** — еріксіз республикашылдар. (Мольердің «Еріксіз дәрігері» комедиясына мезгеу). *Ред.*

*** — қазіргі бар тәртіп. *Ред.*

кілікті принцип етудің орнына Ұлттық жиналыс Бонапартқа тек бір рет қана 2 160 000 франк көмек беруге ұйғарды. Мұнымен қанағаттанбастан, Ұлттық жиналыс осы кеңшіліктің өзін де тәртіп партиясының генералы және Бонапарттың шақырусыз жабысқан қамқоры Шангарнье айтқан соң барып қана жасады. Сонымен бұл 2 миллионды беру жөніндегі дауыс шынында Бонапартқа емес, Шангарньеге берілді.

Бұл *de mauvaise grâse** тасталған садақаны Бонапарт нағыз сыйлық беруші рухында қабылдады. Бонапарттық баспасөз Ұлттық жиналысқа шабуыл жасауын қайта бастады, ал баспасөз туралы заң талқыланғанда авторлардың атын көрсету жөнінде ең алдымен екінші дәрежедегі газеттерге қарсы бағытталған түзетулер енгізілген кезде Бонапарттың жеке басының мүдделерін қорғайтын бонапарттық негізгі орган — «*Pouvoir*»¹⁴⁴ Ұлттық жиналысқа ышқына, шабалана шабуыл жасады, министрлерге бұл газеттен Жиналыс алдында безуге тура келді; «*Pouvoir*»-дің жауапты редакторы Ұлттық жиналыстың алдында жауап беруге шақырылып, ақшалай айыптың ең жоғарғы мөлшері 5 000 франк айып салынды. Келесі күні «*Pouvoir*» Жиналысқа қарсы бұрынғыдан да бетер дәрекі мақала басып шығарды, ал үкімет конституцияны бұзды деп, өш алу ретінде бірнеше легитимистік газетке қарсы сот арқылы қудалау жүргізді.

Ақырында, палатаның мәжілісін кейінге қалдыру туралы мәселе қойылды. Бонапартқа мәжілісті кейінге қалдыру Жиналыс тарапынан ешқандай бөгетсіз әрекет жасауға керек болды. Тәртіп партиясына бұл бір жағынан өзінің фракциялық қырқылжыңы үшін, бір жағынан кейбір депутаттардың жеке бастарының мүдделері үшін керек болды. Олардың екеуіне де бұл кейінге қалдыру реакцияның провинциядағы жеңістерін нығайтып, ұлғайта түсу үшін керек болды. Сондықтан Жиналыс өз мәжілістерін 11 августан 11 ноябрьге дейін кейінге қалдырды. Бірақ Бонапарт Ұлттық жиналыстың ауыр бақылауынан құтылуға тырысатындығын ешбір жасырмағандықтан, Жиналыс президентке сенім білдіруіне сенбеушілік білдіру сипатын берді. Каникул кезінде республиканың ізгілігін күзетуге қалған жиырма сегіз адамнан құрылған тұрақты комиссияға¹⁴⁵ бірдебір бонапартист кірген жоқ. Көпшіліктің конституциялық республиканы қостайтынын президентке айқын көрсету үшін тіпті бонапартистердің орнына «*Siècle*» мен «*National*»-дан бірнеше республикашыл сайланды.

Палатаның мәжілістерін кейінге қалдырардың аз-ақ алдында, әсіресе оған іле-шала тәртіп партиясының екі үлкен фракциясы да — орлеанистер мен легитимистер корольдік екі фамилияны, туы астында өздері күресіп келген екі фамилияны қосу негізінде татуласуға дайын болған сияқтанды. Газеттердің

* — ықылассыз. Ред.

беті татуласу жорамаларына лық толды, бұл жорамалар Сент-Леонардста ауырып жатқан Луи-Филипптің төсегінің жанында талқыланды; бірақ Луи-Филипптің өлімі жағдайды кенет жеңілдетті, Луи-Филипп зорлықшыл адам болды, ол V Генрихты тонады, V Генрихтың баласы болмағандықтан, граф Парижский оның заңды мұрагері болып шықты. Енді екі династияның мүдделерін біріктіруге қарсы қоятын сылтаулардың қандайы болса да жоғалды. Бірақ ақырында, буржуазияның екі фракциясы өздерін бөліп келген корольдік фамилияның біреуіне жалпақтай жабысу емес, қайта өздерінің әртүрлі таптық мүдделері екі династияны бір-бірінен бөліп келгендігін енді ғана түсінді. Орлеанистік бәсекелестері Сент-Леонардсқа барса, легитимистер V Генрихқа сәлем беру үшін Висбаденге барды, Луи-Филипптің өлгендігін сонда есітті. Олар сол сағатында *in partibus infidelium*⁸¹ министрлігін¹⁴⁶ ұйымдастырды, бұл министрлікке көбінесе республиканың ізгілігін күзетуші жоғарыда айтылған комиссиясының мүшелері енді, ал бұл министрлік партия ішінде болған бір жанжал жөнінде право құдайдың рақымы дегенді ашықтан ашық дереу дәріптеп шықты. Осы манифестке¹⁴⁷ байланысты баспасөз жүзінде бедел түсіретін жанжал шыққанына орлеанистер мээ-мейрам болды, сөйтіп легитимистерге ашық жаулығын ешбір жасырмады.

Ұлттық жиналыс мәжілістерінің үзілісі кезінде департаменттердің өкілдік жиналыстары мәжілістерін бастады. Бұлардың көпшілігі азды-көпті ескертулерін айта келіп, конституцияны қайта қарауды жақтады, яғни неғұрлым дәл ашып айтпағанымен, монархиялық реставрацияны жақтады, «*мәселенің шешілуін*» жақтады, сонымен бірге өзінің бұл мәселені шешуге онша құзыры жетпейтінін және онша жүрегі батпайтынын мойындады. Қайта қарау жөніндегі бұл ниетті бонапарттық фракция Бонапарттың президенттік өкілдігін ұзарту мағынасында түсіндіруге асықты.

Үстем тап істің заңды түрде конституция арқылы шешілуіне — Бонапарттың 1852 жылы майда орнынан түсуіне, сонымен бірге елдегі барлық сайлаушылар жаңа президент сайлауына және жаңа президенттің алғашқы айларында ерекше арналып сайланған палата конституцияны қайта қарап шығуына жол бере алмады. Жаңа президентті сайлау күні барлық өшпендес партиялар: легитимистер, орлеанистер, буржуазиялық республикашылдар, революционерлер тоқайласқан күн болар еді. Осының салдарынан түрлі фракциялар арасында сөз жоқ сойқанды соқтығыстар болар еді. Егер тіпті тәртіп партиясы династиялық фамилиялардан тысқары бір бейтарап кандидат жөнінде біріге қалған күнде де оған Бонапарт қарсы шыққан болар еді. Тәртіп партиясы халыққа қарсы күресінде атқару өкіметінің күшін ұдайы арттырып отыруға мәжбүр болды. Атқару өкіметін кү-

шейтудің қандайы болса да сол өкіметтің тұлғасы болып отырған Бонапартты күшейтеді. Сондықтан тәртіп партиясының өзінің жалпы күшін арттыру үшін жасаған әрбір қадамы Бонапарттың жауынгер құралдарын, династиялық дәмесін күшейтеді, үзілді-кесілді кезеңде істің конституция арқылы шешілуіне Бонапарттың күшпен бөгет жасау мүмкіншілігін арттырады. Онда Бонапарт тәртіп партиясына қарсы күресінде конституция негіздерінің бірін бұзудан тайынбайды, тәртіп партиясы халыққа қарсы күресінде жалпыға бірдей сайлау правосын жою арқылы конституцияның екінші бір негізін дәл осылай бұзудан тайынбағанын алдына келтіреді. Істің жалпы беталысына қарағанда, Бонапарт тіпті Жиналысқа қарсы шығып, жалпыға бірдей сайлау правосына қол артқан болар еді. Бір сөзбен айтқанда, конституциялық шешім бүкіл саяси status quo-ны екі талай қатерлі жағдайға қояды, ал буржуа status quo шайқалса, оның аяғы астан-кестен, анархия, азамат соғысына ұласады, деп үрейленеді. Буржуаға 1852 жылғы майдың бірінші жексенбісі болысымен-ақ сату мен алу жөніндегі бүкіл мәмлелері, вексельдері, неке шарттары, нотариалдық актілері, ипотекалары, жер ренталары, пәтер ақылары, пайдалары, барлық алыс-беріс шарттары мен табыс негіздері екі талай қатерлі жағдайға қойлатын сияқты болып елестейді,— ал буржуа өзін бұл сияқты қатерге қоя алмайды. Саяси status quo шайқалса, бүкіл буржуазиялық қоғамға апат қаупі төнеді. Буржуазия үшін бірден-бір мүмкін шешім — сол шешімді кейінге қалдыру. Буржуазия конституциялық республиканы конституцияны бұзу арқылы ғана, президенттің өкіметін ұзарту арқылы ғана аман сақтайды. Бас советтердің бітісімен тәртіп партиясының баспасөзі кіріскен ұзақ әрі мықты айтыстардың бәрінен кейін оның ақырғы айтқан сөзі, міне, осы болды. Сонымен күдіреті күшті тәртіп партиясы, ұят болса да, адам күлерлік, оңбаған және жексұрын жалған Бонапарттың қара басымен қатты санасуға мәжбүр болғандығын көрді.

Бұл пасық адамда барған сайын өзіне қажетті адамның ролі неге тигендігінің шын себептері жөнінен қателесті. Бонапарттың партиясы оның маңызы артып отырғанын қалыптасқан жағдайдан деп біліп, істің жайын айқын түсінді, ал оның өзі мұндай дәрежеге жетуімнің себебі — есімімнің ғажап әсер етуінде және Наполеонға еліктеуімде деп білді. Оның айлакерлігі күн санап өсе берді. Висбаден мен Сент-Леонардқа сыйынуға барушылыққа ол Францияны аралап сапар шегумен жауап берді. Бонапартшылар оның қара басының керемет әсер етуіне сене бермейтіні сонша, артынан барлық жерлерге мадақтаушылар, 10 декабрь қоғамының* — Париж люмпен-пролетариаты ұйымының мүшелерін жіберіп, темір жол поездары мен почтаның кісі таси-

* Осы томның 456—459-беттерін қараңыз. *Ред.*

тын арбаларын осындайлармен лық толтырды. Олар жанды қуыршақтың аузына түрлі сөздер салды, бұл сөздерде президентті қай қалада қалай қабылдауына қарай, президент саясатының ұраны ретінде не республикашыл момын, не сабырлы және қайтпас қажырлы болу ниеті аңғарылды. Қаншама айла-шарғы жасалғанына қарамастан, бұл сапар салтанатты шеруге ұқсап ондырған жоқ.

Бонапарт осы жолмен халықты рухтандырдым деп ойлап, енді армия арасында үгіт жүргізуге кірісті. Ол Версаль манындағы Сатори жазығында үлкен әскери байқаулар өткізді, онда солдаттарға сарымсақты шұжық, шампан шарабын және сигарлар беріп, сатып алуға тырысты. Егер шын Наполеон шапқыншылық жорықтарындағы қиыншылықтардан шаршаған солдаттарды кенеттен патриархтық кішейгенсу арқылы көңілдендіре білген болса, мына жалған Наполеон емексіп, әскерлердің «Vive Napoléon, vive le saucisson!»*, яғни «Жасасын шұжық, жасасын сүмелек!»** деп шуласқанын өзіне айтылып жатқан алғысқа балады.

Бұл байқау, бір жағынан, Бонапарт пен әскери министр Опульдің, екінші жағынан, Шангарньенің арасындағы ұзақ уақыт жасырын келген келіспеушіліктің жарыққа шығуына әкеліп соқты. Шангарнье тәртіп партиясы үшін өз алдына династиялық дәмесі жоқ шын бейтарап адам болып шықты. Тәртіп партиясы оны Бонапарттың мұрагері етіп белгіледі. Оның үстіне Шангарнье 1849 жылғы 29 январь мен 13 июньдегі мінез-құлқымен тәртіп партиясының ұлы қолбасшысы болды, жасқаншақ буржуаның ойынша, дөрекі түрде қол сұғып, революцияның Гордий түйінін шауып тастаған жаңа Александр болды. Шынында, ол дәл Бонапарт сияқты түкке тұрғысыз адам болса да, осындай өте оңай тәсілмен күшті кісіге айналды және Ұлттық жиналыс оны президенттің ізін бағуға тағайындады. Ол, мәселен, президенттің жалақысы туралы айтыста Бонапарттың қамқоршысы ролін атқарғансып қылымсыды және Бонапарт пен министрлерге көкіректей қарайтын болды. Жаңа сайлау заңымен байланысты көтеріліс шығуы кәдік деп отырған тұста ол өз офицерлеріне әскери министрден немесе президенттен ешқандай бұйрық қабылдамауды міндеттеді. Шангарньенің даңқын көтеруге өз тарапынан баспасөз де көмектесті. Азды-көпті үздік шыққан адамдары болмағандықтан, тәртіп партиясы бір адамды өзінің бүкіл табында жоқ құдіретке бояп, оны қайдағы бір алып етіп қопиуға жармасты. Шангарнье «қоғамның тірегі» дейтін ертегі осылайша шықты. Шангарньені бүкіл дүние жүзін жалғыз өзі арқалағандай пандандырған арсыз шарлатандық, шіміркенбей шіренушілік Саторидегі байқауға және онан кейінгі оқиғаларға

* — «Жасасын Наполеон, жасасын шұжық!» *Ред.*

** Ойнақы сөздер. «Wurst» — «шұжық», «Hanswurst» — «сүмелек». *Ред.*

мейлінше қайшы мазақ көрініс болды. Бұл оқиғалар мынаны даусыз дәлелдеген еді: титтей қауқары жоқ дейтін Бонапарт бір рет қалам тартса, буржуазияның үйрейленуі туғызған керемет дәкей дейтін Шангарнье жетесіз қара табанның дәрежесіне түседі, қоғамның тұтқасы деген батырың пенсияға кеткен генералға айналады.

Бонапарт әскери министрің қолайсыз қамқоршысымен тәртіп жөнінен соқтығыстыру арқылы Шангарньеден бір рет өш алып үлгірген болатын. Сатори даласында болған соңғы байқау ақыры келіп ескі өшпенділікті ашықтан ашық қоздырды. Атты әскер полктары Бонапарттың алдынан өтіп жатып: «Vive l'empereur!»* деген антиконституциялық ұран тастағанда Шангарньені кернеген конституциялық ашу мейлінше шексіз болды. Палатаның болашақ сессиясында бұл ұрандар жайлы қолайсыз жарыс сөздерден қашу үшін Бонапарт әскери министрі Опульді босатып, Алжирге губернатор етіп тағайындады. Оның орнына империя уақытындағы әбден сенімді қарт генералды қойды, бұл генерал дәрекілігі жағынан Шангарньеден ешбір қалыспайтын адам еді. Ал Опульді орнынан түсіру Шангарньеден сескену болып көрінбес үшін Бонапарт сонымен бірге қоғамның ұлы тұтқасының оң қолы болған генерал Неймейерді Парижден Нантқа ауыстырды. Неймейердің кінәсы — кейінгі байқауда жаяу әскерлер Наполеонның мұрагерінің жанынан жұмған аузын ашпай өтті. Неймейерді ауыстыру қытығына тиген Шангарнье наразылық жасады, зілді сөздер айтты. Бос әуре! Екі күндей келіссөз жүргізгеннен кейін «Moniteur»-де Неймейерді Нантқа ауыстыру туралы декрет басылып шықты, сөйтіп тәртіптің батырына не тәртіпке бағыну, не орнынан түсуден басқа жол қалмады.

Бонапарттың Шангарньеге қарсы күресі тәртіп партиясына қарсы күресінің жалғасы еді. Сондықтан Ұлттық жиналыстың жаңа сессиясы 11 ноябрьде қауіп-қатердің ұшығы шығып тұрған жағдайда ашылмақ. Бірақ бұл тек стакандағы судың дауылы болмақ. Қысқасы бұрынғы ойыншық қайталанбақ. Тәртіп партиясының көпшілігі түрлі фракциялардың принципін сақтаушылардың байбаламына қарамастан, президенттің өкілдігін ұзартуға мәжбүр болмақ. Ақша жетімсіздігінің өзінен жуасыған Бонапарт өз кезегінде билігін бұлай ұзартуды, бұрынғы наразылықтарының бәріне қарамастан, Ұлттық жиналыстың қолынан алған жай өкілдік ретінде қабылдамақ. Сонымен, мәселенің шешілуі кейінге қалдырылып, status quo сақталады: тәртіп партиясы фракцияларының әрқайсысы екінші фракцияның беделін түсіріп, әлсіретеді, өмір сүру мүмкіншілігін жояды; жалпы жауға, ұлт бұқарасына қарсы жазалау шаралары күшейе береді және ақыр аяғында құрып бітеді, қашан ақырында, экономика-

* — «Жасасын император!» Ред.

лық қатынастардың өзі қайтадан сондай даму сатысына жетіп, жана шайқалыс осы бірімен бірі қырқысқан партиялардың конституциялық республикасымен қоса қабат күл-талқанын шығарғанға дейін осылай болмақ.

Айтпақшы, буржуаны жұбату ретінде мынаны қоса айту керек. Бонапарт пен тәртіп партиясының арасындағы күрес биржада көптеген ұсақ капиталистердің күйреуіне әкеліп соқты, сөйтіп бұлардың капиталы биржаның ірі бөрілерінің қалтасына көшті.

*К. Маркс 1850 жылы январьда
— 1 ноябрьде жазған
"Neue Rheinische Zeitung. Politisch-
ökonomische Revue" журналының
1850 жылғы 1, 2, 3, 5—6 номерлерінде
басылған
Қол қойған: К а р л М а р к с*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының
нның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 7-том, 5—110-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

ГЕРМАНИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ МЕН КОНТРЕВОЛЮЦИЯ¹⁴⁸

I

ГЕРМАНИЯ РЕВОЛЮЦИЯ ҚАРСАҢЫНДА

Европа континентіндегі революциялық драманың бірінші әкiсi аяқталды. 1848 жылғы дауылға дейiн болған «бұрынғы өкiметтер» қайтадан «қазiр бар өкiметтерге» айналып, азды-көптi танымал өткiншi билеп-төстөушiлер, уақытша әкiмдер, триумвирлер, диктаторлар сондарынан шұбалған күллi шұбыртпаларымен — депутаттар, азаматтық комиссарлар, әскери комиссарлары, префектiлер, судьялар, генералдар, офицерлер және солдаттарымен қоса жат жағалауға лақтырылып, «теңiздiң арғы бетiнс», Англияға немесе Америкаға «қуылып тасталған» болып шықты. Онда барып бұлар жаңа үкiметтер «in partibus infidelium»⁸¹ европалық комитеттер, орталық комитеттер, ұлттық комитеттер ұйымдастыра бастады, өздерiнiң пайда болғандығын салтанаттылығы жағынан қолында билiгi барлардың прокламацияларынан бiр де кем түспейтiн прокламациялар арқылы жария ете бастады.

Революциялық партия немесе, дәлiрек айтқанда, континенттiң революциялық партиялары майдан шебiнiң барлық пункттерiнде душар болған жеңiлiстен гәрi iрiрек жеңiлiс болар деп ойлау да қиын. Бiрақ онда тұрған не бар? Ағылшын буржуазиясының қоғамдық және саяси билiк үшiн күресi қырық сегiз жыл, ал француз буржуазиясының күресi қырық жыл бойы теңдесi жоқ ұрыстар жүргiзудi қажет еткен жоқ па едi? Қайта жаңғыртылған монархия өз жағдайын бұрын-сонды дәл мұншама мығым болып көрген жоқ деп есептеген шағында буржуазия өзiнiң жеңiс салтанатына өте-мөте таяу қалған жоқ па едi? Революцияның шығуын ат төбелiндей үгiтшiлердiң бұзық пиғылынан дегенге таңатын ырымшылдық көзқарас үстем болған шақ әлдеқашан өткен. Қазiргi уақытта революциялық сiлкiнiс қай арада болса да, оның ар жағында қанағаттандырылуына күнi өткен мекемелер кедергi жасайтын белгiлi бiр қоғамдық мұқтаждықтар тұратынын әркiм-ақ бiледi. Осынау мұқтаждықты сезiнудiң тiкелей табысқа жетудi қамтамасыз етерлiктей әлi соншалық күштi, соншалық жалпыға тән сезiм болмауы мүмкiн; бiрақ бұл мұқ-

таждықты зорлықпен басу әрекеттерінің қай-қайсысы болмасын оны қашан өз бұғауларын талқандап шыққанша үдей беретін қарсылық көрсетуге мәжбүр етеді. Сондықтан біз жеңіліп қалсақ та, басынан қайта бастаудан басқа амалымыз жоқ. Ал қозғалыстың бірінші актісінің аяғы мен екінші актісінің басы арасындағы бізге берілген, бәлкім, өте қысқа тыныштық, бағымызға қарай өте-мөте қажетті істі тындыруға уақыт береді: таяуда ғана болған революциялық дүмпумен бірге революцияның жеңіліске ұшырауына сөзсіз әкеліп соққан себептерлі зерттеуге, себептер болғанда кейбір көсемдердің кездейсоқ талаптануынан, касиеттерінен, кемшіліктерінен, қателіктерінен немесе сатқындық әрекеттерінен емес, күйзелісті басынан өткерген әр ұлттың жалпы әлеуметтік құрылысы мен тұрмыс жағдайларынан іздеу керек болатын себептерді зерттеуге уақыт береді. 1848 жылдың февралі мен мартында кенеттен бұрқ еткен қозғалыстар жеке адамдардың ісі емес, халықтардың қажеттіктері мен мұқтаждарының — әр елдің әр түрлі таптарының санасына бірде анық, бірде көмескі жеткенімен, олар әжептәуір айқын сезінген мұқтаждықтарының — жеңілмейтін, стихиялық көрінісі болғандығын қазір жұрттың бәрі де мойындайды. Әйтсе де контрреволюцияның табысқа жету себептерін ашуға кіріссең-ақ болғаны, қайда барсаң да мәселе халықты «сатып кеткен» А мырзада немесе Б азаматта дегендей дайын жауапқа тап боласың. Бұл жауап жағдайға қарай дұрыс та, бұрыс та болуы мүмкін, бірақ қай жағдайда болса да ол «халық» өзін сатуға қалай көнді дегенді түсіндіре де алмайды, тіпті көрсете де алмайды. Бар байлығы пәлендей азаматқа сенуге болмайтындығын білу ғана болса, ондай саяси партияның көрсер күні де қаран болар.

Оның үстіне, революциялық күйзелістің де, революцияны басудың да себептерін зерттеп, баяндап берудің тарихи жағынан да айырықша маңызы бар. Осынау барлық майда-шүйде бас араздықтар мен бірін-бірі кінәлаушылықтардың, дәл Марраст, немесе Ледрю-Роллен, немесе Луи Блан, немесе уақытша үкіметтің басқа бір мүшесі, немесе солардың бәрін қоса алғанда олар революцияны су астындағы жартастарға соқтырып, сонда апарып қиратқан кемеші-міс деп, осынау бір-біріне кереғар дәлелдеулердің барлығының, — осының бәрінің қаншалық қажеттілігі болмақ, осынау қозғалыстардың бәрін оқиғалардың егжей-тегжейіне жете алмастай тым шалғайдан бақылаған американдыққа немесе ағылшынға мұның ұқтырары не болмақ? Он бір адам*, оның үстіне көпшілігі қолдарынан жақсылық та, жамандық та келмейтін тым ортақол он бір адам отыз алты миллиондық ұлтты айналасы үш айдың ішінде құрта алды дегенге есі дұрыс адам ешқашан сенбес еді, егер әлгі отыз алты миллион адам сол он бір

* — француз уақытша үкіметінің мүшелері. *Ред.*

адам секілді қайда баратынын білмейтін болмаса. Мәселенің өзі де дәл мынада болып отыр: белгілі бір дәрежеде қараңғыны қармалап жүрген дәл сол отыз алты миллионның кенет өз бетімен өз жолын белгілеуге қалайша бейім бола қалуында; және соның артынша олардың өз жолынан қалайша мүлде адасып, олардың ескі әкімдерінің бірсыпыра уақытқа дейін өздерінің басшылық жағдайын қайтадан қалай басып алғандығында.

Сонымен егер біз «Трибуле»¹⁴⁹-нің оқушыларына 1848 жылғы герман революциясын қажет қылып қана қоймай, сонымен бірге оның 1849 және 1850 жылдары уақытша жанышталуын да дәл сондай бұлтарғысыз шартқа айналдырған себептерді түсіндіріп беруге талаптанатын болсақ, онда бізден Германияда болған оқиғалардың тарихи толық суреттемесін күтудің орны жоқ. Бір-бірімен байланысы жоқ және кереғар, кездейсоқ сияқты болып көрінетін шым-шытырық фактілер шоғырынан нақ қайсысы дүние жүзілік тарихқа құрамды бөлек ретінде енуге тиіс екенін шешуге кейінгі оқиғалар мен келер ұрпақтардың кесімі мүмкіндік бермек. Бұл міндетті шешетін шақ әлі туған жоқ. Біз мүмкіндік шеңберін сағалай тұруға тиіспіз, және егер аса маңызды оқиғаларды, қозғалыстың басты-басты бетбұрыс кезеңдерін түсіндіріп беретін және, бәлкім, онша алыс емес, таяуда ғана болуға тиіс дүмпудің герман халқын қай бағытқа түсіретінін анықтаудың кілті боларлық даусыз фактілерден туатын рационалды себептерді ашып бере алсақ, еңбегіміз жанды деп есептей аламыз.

Сөйтіп, бәрінен бұрын, революциялық дүмпу болардағы Германияның жағдайы қандай еді?

Қандай да болмасын саяси ұйымның негізін құрайтын халықтың әртүрлі таптарының тоғысуы Германияда қай елдегіден болсын күрделірек еді. Англия мен Францияда үлкен-үлкен қалаларда, және әсіресе астанада шоғырланған қуатты және бай буржуазия феодализмді мүлде жойған болса, немесе, қалай дегенде де, Англиядағыдай аз ғана болмашы сарқыншаққа айналдырған болса, Германияда феодал дворяндар өздерінің ежелгі артықшылықтарының едәуірін сақтап қалды. Феодалдық жер иелену жүйесі барлық жерде дерлік үстем қалпында қалды. Жер иеленушілердің қолында тіпті тәуелді шаруаларға сот құру правосы да сақталып қалды. Өздерінің саяси артықшылықтарынан — патшаларды бақылау праволарынан — айрылғанымен, олар өздерінің поместьелеріндегі шаруаларына жүргізетін орта ғасырлық билігін, сондай-ақ алым-салықтан босатылатын азаттығын толық дерлік қол сұқкызбай сақтап қалды. Феодализм кей жерлерде басқалардан күштірек болғанымен, Рейннің сол жақ жағасынан басқа ешбір жерде ол толық жойылған жоқ. Ол кезде өте-мөте саны да көп және ішінара аса ауқатты бұл феодалдық дворяндар ресми түрде елдегі бірінші «сословие»

болып есептелетін. Үкіметтің жоғары дәрежелі чиновниктері солардан болатын, ол армияны офицер құрамымен жалғыз өзі дерлік қамтамасыз ететін.

Германиядағы буржуазия Франциядағыдай немесе Англиядағыдай бай және ұйымшыл болудан әлі алыс еді. Ертеден келе жатқан герман өнеркәсібінің салалары бұдың іске қосылуына және ағылшын өнеркәсібі үстемдігінің барған сайын кең тарауына байланысты күйзелген болатын. Елдің басқа жерлерінде құрылып, Наполеонның континенттік системасы¹⁴ тұсында дами бастаған неғұрлым бергі заманғы өнеркәсіп салалары көне салалардың шығынын өтей алмады және өнеркәсіптің үкіметті өз мұқтаждықтарымен есептесуге мәжбүр етерліктей біршама берік ықпалы болуын қамтамасыз ете алмады, оның үстіне, үкіметтер дворян еместердің байлығы мен күшінің молаюының қайсысына болсын қызғанышпен қарады. Егер Франция өзінің жібек өнеркәсібін революциялар мен соғыстар болған 50 жыл ішіндегі барлық сындарынан жеңіспен өткізген болса, ал Германия осы мерзімнің ішінде өзінің ежелгі мата өнеркәсібінен түгел дерлік айрылды. Оның үстіне, өнеркәсіп аудандары аз болды және олар бір-бірінен шалғай болатын. Елдің түпкірінде орналасқандықтан олар өнімді шығару мен әкелу үшін көбінесе шетелдік — голландиялық және бельгиялық — гаваньдарды пайдаланды, сондықтан Солтүстік немесе Балтық теңіздеріндегі ірі-ірі портты қалалармен мүделестігі аз болды немесе тіпті болмады; бірақ, ең бастысы, Париж бен Лион, Лондон мен Манчестер сияқты ірі өнеркәсіп және сауда орталықтарын жасау қолдарынан келмеді. Герман өнеркәсібінің бұлай артта қалуына себеп көп еді, бірақ оның мәнісін түсіндіру үшін, солардың екеуін ғана атап өтсе жеткілікті: елдің географиялық жағдайының қолайсыздығы, оның дүние жүзілік үлкен сауда жолына айналған Атлант мұхитынан алыстығы, және Германияны қамтып, XVI ғасырдан бастап соңғы кезге дейін соның жерінде жүргізілген үздіксіз соғыстар. Санының аздығы және әсіресе қандай бір болса да шоғырланудың болмауы — неміс буржуазиясына ағылшын буржуазиясының 1688 жылдан бері-ақ пайдаланып келе жатқаны және француз буржуазиясының 1789 жылы жеңіп алғаны сияқты саяси үстемдікке жетуге қол байлау болғандар, міне, осылар. Солай бола тұрса да, 1815 жылдан бастап Германияда буржуазияның дәулеті, ал дәулетімен қоса саяси салмағы да үздіксіз өсе берді. Ықтиярсыз болса да, үкіметтер буржуазияның, ең болмағанда оның нағыз көкейкесті материалдық мүдделерімен есептесуге мәжбүр болды. Ұсақ мемлекеттердің конституцияларында беріліп, кейіннен 1815—1830 және 1832—1840 жылдардағы саяси реакция кезеңдерінде қайтып алынған саяси ықпалдарының жоғалған әрбір түйірі үшін буржуазия одан гөрі құндырақ нақты олжаны сыйға алып отырды деп бүкпесіз айтуға

болады. Буржуазия әрбір саяси жеңілісінен кейін ізінше сауда заңы саласында жеңіске жетіп отырды. Сондықтан да, әрине, Германияның көпестері мен өнеркәсіп иелері үшін қайсы бір алақандай герцогтықтың палатасында бұлардың вотумдарына мнығынан күліп қана қоятын министрлерге сенімсіздік көрсету сияқты күмәнді праводан гөрі 1818 жылғы пруссиялық қамқорлық тарифы¹⁵⁰ мен Таможня одағының¹⁵¹ құрылуы әлдеқайда құндырақ болды. Сөйтіп дәулеті молаіып, саудасы ұлғайған сайын буржуазия өзінің ең маңызды, барған сайын өсіп келе жатқан мұқтаждарының қанағаттандырылуына елдің саяси құрылысының бөгет болып отырғанына, саяси құрылыс болғанда елдің талап-тілектері мен дарақылықтары бір-біріне қарама-қарсы келетін отыз алты мемлекетке қисынсыз бөлшектенуінің; ауыл шаруашылығына және онымен байланысты саудаға қол байлау болып отырған феодалдық езгінің; буржуазияның әрбір алыс-берісіне менменсіген, топас бюрократия жасап отырған беймаза бақылаудың — бөгет болып отырғанына көзі жете бастаған дәрежеге тез көтерілді. Солай бола тұрса да, Таможня одағының кеңейтілуі мен нығайтылуы, барлық жерде де бумен жүретін транспорттың енгізілуі, ішкі рынокта бәскенін өсуі — осылардың бәрі түрлі мемлекеттер мен провинциялардың сауда-өнеркәсіптік таптарының өзара жақындасуына әкеліп, олардың мүдделерін бірыңғай етіп, күштерін бір орталыққа шоғырландырды. Олардың түгелімен либералдық оппозиция лагеріне көшуі, сөйтіп неміс буржуазиясының саяси үстемдік үшін алғашқы елеулі күресте ұтып шығуы осының табиғи нәтижесі болды. Мұндай бетбұрыстың басы деп 1840 жылды, прусс буржуазиясы герман буржуазиясының қозғалысын басқаруды өз қолына алған кезді есептсуге болады. 1840—1847 жылдардағы либералдық-оппозициялық бұл қозғалысқа біз кейінірек тағы ораламыз.

Дворяндарға да, буржуазияға да жатпайтын ұлттың негізгі бөлегі қалаларда ұсақ қолөнершілер мен саудагерлер тобынан және жұмысшы халықтан, ал деревняда — шаруалардан тұратын.

Германияда ірі капиталистер мен өнеркәсіп иелері табының нашар дамуының салдарынан бұл елде ұсақ қолөнершілер мен саудагерлер табы өте көп. Ол неғұрлым ірілеу қалаларда халықтың басым көпшілігі деуге болады, ал кіші-гірім қалаларда ықпал таластыратын дәулеттірек бәсекелестері болмағандықтан халықтың көпшілігі осы тап. Осы заманғы барлық мемлекеттер мен осы заманғы барлық революцияларда барынша маңызды роль атқаратын бұл таптың Германияда өте-өте маңызы зор, мұнда ол таяуда болған күрес кезінде әдетте шешуші роль атқарды. Оның сипаты — оның жағдайының неғұрлым ірі капиталистер табы мен, — саудагерлер және өнеркәсіп иелерімен, тұрасын айтқанда, буржуазиямен, — пролетариат табының немесе

өнеркәсіп жұмысшылары табының аралығында болуына байланысты белгіленеді. Ол алғашқысының жағдайына жетуге тырысады, бірақ тағдырдың азғантай болса да қолайсыз жаққа жалт беруі бұл таптың өкілдерін соңғылар қатарына аударып тастап кетеді. Монархиялық және феодалдық елдерде ұсақ қолөнершілер мен саудагерлер табы өзінің күн көрісі үшін сарай мен аристократияның заказдарына мұқтаж; осы заказшыларынан айрылса, бұл таптың көпшілігі күйзеліске ұшырайды. Неғұрлым шағын қалаларда оның әл-ауқатына көбінесе әскери гарнизон, жергілікті басқару орны, сот палатасы мен оның жандайшаптары арқау болады,— соның бәрін жойсаңыз болды,— ұсақ дүкеншілердің, тігіншілердің, етікшілердің, ағаш шеберлерінің де құрығаны. Сөйтіп ол неғұрлым дәулетті таптың қатарына көтерілу үміті мен пролетарлық немесе тіпті қайыршылық жағдайға түсіп қалу қаупінің екі аралығында, қоғамдық іс басқаруға араласу үлесіне ие болып, өз мүдделерін қамтамасыз ету үміті мен оның ең тәуір заказшыларын алып қою үкіметтің қолында болғандықтан, өзінің күн көрісі соған байланысты болған соң, орынсыз оппозициямен үкіметтің қаһарына ұшырау қаупінің аралығында қашан да толқып жүреді. Оның қолындағы қаржысы тым аз, оны қолда ұстаудың тұрақсыздығы қаржының көлеміне кері пропорцияда. Соның бәрінің салдарынан бұл таптың көзқарасы өте мөте тұрақсыздығымен көзге түседі. Феодалдық немесе монархиялық күшті үкімет алдында моп-момақан және малайша құлдық ұрып тұрады да, буржуазия дәуірлеген кезде ол либерализм жағына шыға келеді; буржуазияның үстемдікке қолы жетісімен, оның өршеленген демократизм дерті ұстайды, бірақ өзінен төменгі тұрған тап пролетариат өз бетімен қандай да болсын қимыл жасауға айналса, өлердей болып зәре-құты қашады. Германиядағы бұл таптың осынау екі жағдайға кезек-кезек қалай ауытқығанын баяндауымыздың барысында көреміз.

Неміс буржуазиясы Англия мен Францияның буржуазиясынан қаншалықты артта қалса, Германияның жұмысшы табы ол елдердің жұмысшы табынан өзінің әлеуметтік және саяси дамуы жөнінен соншалық артта қалды. Мырзасына қарай малайы. Саны көп, күшті, ұйымшыл және саналы пролетариаттың тіршілігіне қажетті жағдайлардың дамуы саны көп, дәулетті, ұйымшыл және күдіретті буржуазияның тіршілігіне қажетті жағдайлардың дамуымен қоян-қолтық жүреді. Буржуазияның алуан-түрлі барлық фракциялары және әсіресе оның неғұрлым прогресшіл бөлегі — ірі өнеркәсіп иелері саяси билікті жеңіп алып, мемлекетті өзінің керегіне қарай қайта құрғанға дейін жұмысшы табының қозғалысы еш уақытта да өз бетінше дербес бола алмайды, нағыз пролетарлық сипатқа ие бола алмайды. Дегенмен мәселе осыған жетер жетпесте-ақ кәсіп иесі мен жалдамалы жұмысшы арасында сөзсіз болуға тиісті қақтығыс күн

тәртібіне қойылады да, оны одан әрі кейінге қалдыруға болмай қалады; онда жұмысшыларды еш уақытта да орындалмайтын жалған үміт, бос уәдемен одан әрі алдандыра беруге болмайды; сол кезде барып, ақыры, XIX ғасырдың ұлы проблемасы — пролетариатты тарату проблемасы бар пәрменімен және мейлінше айқын алға қойылады. Германияда жалдамалы жұмысшылардың көпшілігі жұмысты Великобританияда соншалық ғаламат үлгілері бар осы заман тұрғысындағы өнеркәсіп шонжарларынан емес, бүкіл өндіріс жүйесі орта ғасырлықтың қарапайым сарқыншағы болып табылатын ұсақ қолөнершілерден алып отырды. Сондықтан бір жағынан ірі мақта-мата өнеркәсібі бар лордпен майдагер етікші-қожайынсымақ немесе тігінші арасында орасан зор айырмашылық болатыны сияқты, екінші жағынан осы күнгі өнеркәсіп Вавилондарының зерек те өжет фабрика жұмысшысы да кіші-гірім провинциялық қалашықтағы тігінші шебердің момын көмекшісінен немесе ағаш ұстасының шәкіртінен мүлде өзгеше, ал мұндай қалашықта адамдардың осындай категориясының тұрмыс халі мен еңбек жағдайы осыдан бес ғасыр бұрынғысынан сәл ғана өзгерген. Осы заманғы тұрмыс жағдайы, осы заманғы өнеркәсіп өндірісі түрлерінің жалпы жоқтығына осы заманғы идеялардың да еш жерде жалпы дерлік болмауына ұласқандығы белгілі; сондықтан революцияның бас кезінде жұмысшылардың едәуір бөлегінің цехтар мен орта ғасырлық артықшылықтары бар қолөнер корпорацияларын дереу қалпына келтіруді талап еткеніне таңданатын ештеңе жоқ. Әйтсе де осы заманғы өндіріс әдісі үстем болған өнеркәсіп округтарының ықпал жасауы арқасында, көптеген жұмысшылардың кезбелік тұрмыс қалпының ықпалымен қарым-қатынастың оңайлауының және ой-сананың дамуының арқасында олардың арасында күшті ұйтқы топ құрылды, оның өз табын азат ету туралы идеялары әлдеқайда зор айқындығымен көзге түсті және нақты фактілер мен тарихи талаптарға анағұрлым сай келді. Бірақ бұл жұмысшылар ат төбеліндей ғана еді. Егер буржуазияның белсенді әрекет ете бастағанын 1840 жыл десек, жұмысшы табының қозғалысы 1844 жылғы Силезия мен Богемиядағы* жұмысшылар көтерілісінен¹⁵² басталды. Бұл қозғалыстың бастан өткерген түрлі-түрлі кезеңдеріне шолу жасауымызға жуырда сәті түседі.

Ең сонында, өзінің қосалқысы — ауыл шаруашылық жұмысшыларымен бірге бүкіл ұлттың басым көпшілігін құрайтын селодағы ұсақ село қожайындардың, шаруалардың орасан зор табы болды. Бірақ бұл таптың өзі тағы да әртүрлі топтарға бөлінеді. Біз мұнда, біріншіден, Германияда — Cross — және Mittelbauern** деп аталатын ауқатты шаруаларды көреміз, — олардың

* — Чехиядағы. *Ред.*

** — ірі және орта шаруалар. *Ред.*

әрқайсысының азды-көпті кең жер учаскесі бар және бірнеше ауыл шаруашылық жұмысшысының еңбегімен пайдаланады. Алым-салық төлемейтін ірі феодалдық жер иеленушілер мен ұсақ шаруалардың және ауыл шаруашылық жұмысшыларының аралығында тұрған бұл тап үшін нағыз табиғи саясат, бесенеден белгілі себептер бойынша, антифеодалдық қала буржуазиясымен одақтасу болатын. Екіншіден, біз ұлы француз революциясының қуатты соққыларынан феодализм күйреген Рейн облысында басым көпшілік болып табылатын басы бос ұсақ шаруаларды көреміз. Дәл осындай тәуелсіз ұсақ шаруалар басқа облыстардың кей жерлерінде де кездесетін, мұнда олар өздерінің жер учаскелеріне бұрыннан түскен феодалдық міндеткерліктерінен ақы төлеп құтылып шыққан болатын. Бірақ бұл таптың азат жеке меншік иелерінің табы деген аты ғана, оның әдетте дүниемүлкінің кепілге беріліп қойғаны және оны өтеу шарттарының ауырлығы сонша, тіпті ол жердің шын қожасы шаруа емес, қарызға ақша берген өсімқор болып табылатын. Үшіншіден, біз өз учаскелерінен қуып шығу оңайға түспейтін, бірақ помещикке тұрақты рента төлеп тұруға немесе тұрақты түрде оның белгілі бір жұмысын істеп беріп тұруға міндетті феодалдық-тәуелді шаруаларды кездестіреміз. Ең соңында, ауыл шаруашылық жұмысшылары болды, олардың көптеген ірі шаруашылықтардағы жағдайы Англиядағы дәл осы таптың жағдайынан айнымайтын және олар аш-жалаңаш, өлместің күнін көріп, қожайындарының құлы болды, өмірбақи кедейшілікте өмір сүріп, жоқшылықта өлетін болды. Село халқының осынау соңғы үш табы — басы бос ұсақ шаруалар, феодалдық-тәуелді шаруалар және ауыл шаруашылық жұмысшылары — революцияға дейін еш уақытта да саясатты ойлап басын қатырмайтын; бірақ революцияның оларға нағыз тамаша мүмкіндіктерге толы жаңа өріс ашып беруге тиіс екені айдан анық еді. Революция олардың әрқайсысына пайдалы болатын болды, сондықтан да қозғалыс қанатын толық жайысымен олардың бәрі бірінен соң бірі оған келіп қосылады деп күтуге әбден болатын еді. Солай бола тұрса да, кең жерде бытырап жатқандықтан және өз арасында азды-көпті едәуір бөлегінің бірауызды болуға жетуінің қиындығынан, село халқының еш уақытта да өз бетімен ойдағыдай қозғалыс жасай алмайтындығы айдан анық еді және мұның өзі осы заманғы барлық елдердің тарихында одан кем дәлелденген жоқ. Шаруалар неғұрлым ұйымшыл, неғұрлым көзі ашық және неғұрлым пысық қала халқының пәрменді ықпал жасауына мұқтаж.

Жақында болған қозғалыс бұрқ ете түскен кезде бәрі жиылып неміс ұлтын құрап тұрған басты-басты таптардың осы арада келтірілген қысқаша сипаттамасының өзі-ақ бұл қозғалыста етек алған бүкіл дәйексіздік, үйлесімсіздік және көрнеу кереғарлық атаулының басым көпшілігін түсіндіріп беруге жеткілікті.

Егер осыншама ала-құла, осыншама кереғар және өзара шымшытырық шырмалып жатқан мүдделер кескілескен қақтығысқа келген болса; егер өзара қырқысқан бұл мүдделер әр түрлі округтарда, әр түрлі провинцияларда, әр түрлі пропорцияда араласқан болса; егер, ең маңыздысы, елде өзінің беделді шешімдерімен бағзы бір дауды жер-жердің бәрінде қайта-қайта күреспен шешу қажеттігінен халықты құтқара алатын бірде-бірі орталығы, не Лондоны, не Парижі болмаса,— бүкіл осы жағдайда күрестің қан да, күш те, қаржы да орасан мол төгілетін, бірақ соның бәріне қарамастан, ешқандай кесімді нәтиже бере алмайтын, бір-бірімен байланысы жоқ сансыз көп қақтығыстар болып бытырауынан басқа не күтуге болатын еді?

Германияның азды-көпті елеулі 36 мемлекетке саяси бөлінуі де неміс ұлтын құрайтын және елдің әрбір бөлегінде өз алдына өзгешелігі бар элементтерінің дәл осындай қым-қуыт көп буындылығының салдарынан. Ортақ мүдде жоқ жерде, қимыл-бірлігін айтпағанның өзінде, максат бірлігі де болмайды. Рас, Герман одағын⁸⁵ мәңгі-бақи мызғымайды деп жар салды, бірақ, соған қарамастан, Одақ және оның органы — Одақтық сейм¹⁵³ еш уақытта да Германия бірлігінің өкілдері болып көрген емес. Германияны бір орталыққа бағындырудың бұрын-сонды көтерілген шырқау биігі Таможня одағының құрылуы болды. Мұның өзі Австрия таможнялық срекше тыйым тарифімен оқшаулануын қоймай отырғанында, Солтүстік теңізінің бойындағы мемлекеттерді де өзіндік оңаша таможня ұйымына¹⁵⁴ бірігуге мәжбүр етті. Сөйтіп Германия өзінің бүкіл нақты міндеттерін атқаруы үшін осы алтының орнына енді дербес үш держава болып бөлінгенін қанағат қылды. Орыс патшасының* 1814 жылы орнаған үстемдігі, әрине, бұдан ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.

Өз тұжырымдарымыздың осындай алғашқы қорытындыларын шығарып алғаннан кейін, біз өзіміздің келесі мақаламызда неміс халқының жоғарыда айтылған әр түрлі таптарының бірінен соң біріне қалай қозғау салынғанын және 1848 жылғы француз революциясы бұрқ ете түскеннен кейін бұл қозғалыстың сипаты қандай болғанын көреміз.

Лондон, сентябрь 1851 ж.

II

ПРУССИЯ МЕМЛЕКЕТИ

Германиядағы орташа таптың, немесе буржуазияның саяси қозғалысының басталған шағын 1840 жыл деуге болады. Оның алдында бұл елде капитал мен өнеркәсіпке жоға болған таптың

* — I Александрдың. Ред.

жетілгені сонша, енді ол жартылай феодалдық, жартылай бюрократтық монархияның езгісіне бұдан былай енжар қарап, көнбістік жасай алмайтындығының белгісі байқалған болатын. Германияның біршама ұсақтау әміршілері бірінен соң бірі өз қол астындағыларға азды-көпті либералдық сипаттағы конституцияларды сыйға тартты — ондағы ішінара мақсаттары Австрия мен Пруссияның гегемониясына қарсы немесе өз мемлекеттеріндегі дворяндардың ықпалына қарсы өзінің бұрынғыдан да зор тәуелсіздігін қамтамасыз ету, ішінара тағы бір мақсаты — Вена конгресі¹⁵⁵ олардың қол астына жинап берген бытыраңқы облыстарды біртұтас етіп біріктіру еді. Одан оларға келіп-кетер қауіп жоқ болатын: егер Австрия мен Пруссияның қолжаулығы болып табылатын Одақтық сейм суверенді патша болып отырған өздерінің тәуелсіздігіне қол сұғуға әрекет жасаса, сеймнің бұйрықтарына өздерінің жасайтын қарсылықтарын жұртшылық пікірі мен палаталардың қолдайтынын олар білетін, ал егер, оның керісінше, палаталар тым күшті болып кетсе, онда қандай да болмасын оппозицияны тойтару үшін Одақтық сеймнің өкімін пайдалану оп-онай екенін де олар білетін. Мұндай жағдайда Баварияның, Вюртембергтің, Баденнің немесе Ганновердің конституциялық мекемелері саяси билік үшін елеулі күреске қозғау сала алмайтын. Сондықтан, жалпы алғанда, неміс буржуазиясының негізгі бұқарасы Германияның екі ірі державасының саясаты мен мемлекеттік құрылысында түбірлі өзгерістер болмайынша, екінші дәрежедегі ұмтылыстар мен жеңістерден ештеңе шықпайтынын жақсы біліп, ұсақ мемлекеттердің заң шығарушы жиналыстарында туындап жататын ұсақ-түйек ұрыс-керістен өзін аулақ ұстайды. Бірақ солай бола тұрса да, осынау ұсақ жиналыстардан либерал юристердің, оппозицияның профессионал өкілдерінің тұтас бір ұрпағы — азды-көпті атышулы болғанымен, әмәнда нәтижесіз болған жиырма жылдық оппозициядан кейін 1848 жылғы революция тасқынында өкімет билігінің шыңынан бір-ақ шыққан және соның артынан өздерінің қабілет дегеннен құралақан мүсәпірлер екенін көрсетіп алып, қас қағымда құлатылған ұлы «халық қайраткерлері» (Volksmänner), — күллі сол Роттектер, Велькерлер, Рёмерлер, Йордандар, Штювелер, Эйзенмандар өсіп шықты. Бұлар профессионал саясатшылар мен оппозиционерлердің герман топырағындағы алғашқы нұсқалары еді; өздерінің сөздері мен жазулары арқылы олар неміс құлағын конституционализм тіліне жаттықтырды және олардың дәурен сүру фактісінің өзі осынау мылжын адвокаттар мен профессорлар шын мағынасын өздері де оншама түсінбей айта беруге әдеттеніп кеткен саяси сөздерді буржуазия ұғынып алып, оған өзінің шын мағынасын беретін уақыттың жақындағанын паш етті.

Неміс әдебиеті де 1830 жылғы оқиғалардың¹⁵⁶ арқасында бүкіл Европаны жайлаған саяси елеуреу ықпалын басынан өткерді.

Ол кездегі жазушылардың бәрі дерлік шикі конституционализмді немесе одан да жасаң республиканизмді уағыздады. Олардың ішінде, әсіресе неғұрлым майда-шүйдс әдебиетшілер арасында өз шығармаларында дарын тапшылығын бұқараның назарын аудараларлықтай саяси тұспалдармен толықтыру әдеті барған сайын салтқа айнала берді. Өлеңдер, романдар, рецензиялар, драмалар,— бір сөзбен айтқанда, әдсби творчествоның барлық түрлері де «тенденция» деп аталғанға, яғни үкіметке қарсы рухтағы азды-көпті жасқаншақ пікірлерге толы болатын. Германияда 1830 жылдан кейін етек алған идеялар былығын әбден шатастыру үшін, саяси оппозицияның бұл элементтері неміс философиясы туралы нашар қорытылған университеттік естеліктермен және теріс ұғынылған француз социализмінің, әсіресе сен-симонизмнің үзінділерімен араластырылды. Осынау ала-құла идеялар қойыртпағын таратушы жазушылардың тобыры өздерін өздері дәріптеп «Жас Германия» немесе «Қазіргі заман мектебі»¹⁵⁷ деп атады. Кейіннен олар өздерінің жас кездегі күнәсына өкінгенімен, өздерінің әдеби стилін сәл де болса жетілдірген жоқ.

Ақырында, Гегель өзінің «Право философиясында» конституциялық монархияны ел басқарудың ең жоғары, ең кемелденген түрі деп жариялағанда, немістің ой-санасы дамуының осынау ең күрделі, сонымен қатар ең сенімді көрсеткіші болып табылатын неміс философиясы да буржуазияның жағына шыға келді. Басқаша айтқанда, ол отандық буржуазияның жақында өкімет басына келетінін паш етті. Гегель өлгеннен кейін оның мектебі мұнымен тоқтаған жоқ. Оның ізбасарларының неғұрлым радикалдық қанаты, бір жағынан, кандай да болмасын діни нанымды қатал сынның отына салып сынады да, мұның өзі христиандықтың ежелгі сарайының ірге тасына дейін қақыратып жіберді, ал, екіншіден, ол оған дейін неміс құлағына шалынған саяси принциптерге қарағанда анағұрлым батыл саяси принциптер ұсынды және бірінші француз революциясы қаһармандарының даңқты есімдерін қастерлеуге тырысты. Бұл идеяларды айтқан бұлыңғыр философиялық тіл әрі автордың да, әрі оқушылардың да ақыл-ойын бұлдыр тұманға салғаны рас, бірақ, оның есесіне, ол цензорлардың да көзін байлады, сондықтан да «жас гегелші»— жазушылар әдебиеттің басқа салаларының ешқайсысының түсіне де кірмейтін баспасөз еркіндігімен пайдаланды.

Сонымен Германияның жұртшылық пікірінде үлкен өзгеріс болып жатқаны айқын еді. Білімі немесе тұрмыс жағдайы арқасында тіпті абсолюттік монархия тұсына да азды-көпті саяси білім алып, өз алдына бірлі-жарым дербес саяси сенімге келуге мүмкіндік алған таптардың басым көпшілігі үстемдік етіп отырған тәртіпке қарсы оппозицияның, бірте-бірте бірегей қуатты тобына бірікті. Германиядағы саяси дамудың шабандығы жайында өз пікірін айтқанда, білімнің барлық қайнар көздері үкіметке

бағындырылған, кедейлерге арналған мектептер мен жексенбілік мектептерден бастап, ең аяғы газеттер мен университеттерге дейін, ешбір салада ештеңе де алдын ала ресми рұқсатсыз айтылмайтын, оқытылмайтын, басылмайтын және жарияланбайтын елде қандай да болмасын мәселе жөнінде дұрыс ұғымға келу қаншалықты қиын екенін ешкім де естен шығармауға тиіс. Мысалға Венаны алайық. Еңбекке және өнеркәсіп өндірісіне қабілеті жағынан, бәлкім, Германияда ешкімнен кем түспейтін, ал ақыл-ойының алғырлығы, ерлігі мен революциялық жігері жөнінен бәрінен де едәуір басым екенін көрсеткен Вена тұрғындары осыған қарамастан өздерінің шын мүдделерін түсінуге келгенде тоғасырақ болып шықты да, революция кезінде қателікті басқа кімнен болса да көп жасады. Мұның өзі көбіне-көп Меттерних үкіметінің халықты ең қарапайым саяси мәселелердің де түгіне дерлік түсінбейтін қараңғы етіп ұстауынан болды.

Осындай тәртіп тұсында саяси білімдердің қоғамның сол білімдерді ақы төлеп ел ішіне астыртын әкелтуге шамасы келетін таптарының ғана, әсіресе мүдделері өз тұсындағы болмысқа бәрінен гөрі байланысты болған таптардың, атап айтқанда, өнеркәсіп және сауда таптарының ғана қолы жететін дерлік болу себебін одан әрі түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Сондықтан олар азды-көпті бүркеншік жамылған абсолютизмді одан әрі сақтап қалуға тұңғыш рет күш біріктіріп қарсы шықты және олардың оппозиция қатарына қосылған уақытын Германиядағы шын мәнісіндегі революциялық қозғалыстың басы деп септеген жөн.

Неміс буржуазиясының оппозициялық төңкеріс кезін 1840 жыл деп — 1815 жылғы Қасиетті одақтың⁷² негізін салушылардың тірі қалған соңғысы бұрынғы прусс королінің* өлген жылы деп бейнелеуге болады. Жаңа король жайында жұрттың білгені — оның өз әкесінің сипаты жағынан көбінесе бюрократтық және милитаристік болып табылатын монархиялық системасын жақтаушы емес екендігі болатын. Өз заманында француз буржуазиясының XVI Людовик таққа отырысымен жетеміз деп үміттенгенін неміс буржуазиясы белгілі бір дәрежде пруссиялық IV Фридрих-Вильгельм өз қолымен ұстата салады деп дәмеленді. Ескі система іріп-шіріп, сәтсіздікке ұшырады, сондықтан, оның қарасын өшіру керек дегенге бәрі де келісті; кәрі корольдің тұсында үнсіз төзген нәрселерін енді төзуге болмайтын нәрсе деп жар салысты.

Бірақ егер XVI Людовик, «Сүйікті Людовик» өз басының мүсәпірлігін ішінара мойындаған, күй таңдамайтын жай бір аңқау, белгілі бір идеясы жоқ, көбіне шәкірт кезіндегі жиған-терген әдеттері бойынша ғана жүретін адам болса, «Сүйікті

* — III Фридрих-Вильгельмнің. *Ред.*

Фридрих-Вильгельм» жаратылысы мүлде басқаша адам еді. Көңілшектігі жөнінен өзінің француздық нұсқасынан асып түсетіні сөзсіз, бірақ оның өз дәмесі мен өз пікірлері де болатын. Ол ғылымдардың көпшілігімен жүрдім-бардым танысты да, қай мәселе жөнінде болса да өз пікірін үзілді-кесілді үкім деп есептеу үшін жеткілікті білімдармын деп маңғазсыды. Ол өзін майталман шешенмін деген сенімде болды, сондықтан құнсыз әзілқойлық пен сарқылмас сөзуарлық жөнінен Берлинде одан өткен делдал табылмайтыны даусыз еді. Алайда, Бруссен маңыздысы, оның, әйтеуір, өз алдына пікірі болатын. Ол Пруссия монархиясының бюрократтық элементін жаратпай, жек көретін, бірақ онысы тек феодалдық элементтерді жақсы көргендіктен ғана еді. Тарихи мектеп¹⁵⁸ деп аталатын (Бональдтың, Де Местрдің және француз легитимистерінің⁵³ алғашқы буындағы басқа да жазушылардың идеяларынан пәр алған мектептің), «*Berliner politisches Wochenblatt*»¹⁵⁹ негізін салушылары мен бас қайраткерлерінің бірі болғандықтан, ол дворяндардың қоғамдағы үстемдік дәрежесін қолдан келгенінше толық қалпына келтіруге тырысып бақты. Король — өз корольдігіндегі бірінші дворянин; бәрінен бұрын, оны қоршаған тамаша сарай адамдары — күдіретті вассалдары, князьдары, герцогтары және графтары, одан қалды, сансыз көп және дәулетті төменгі дворяндары бар. Әрқайсысының айрықша артықшылығы бар және басқалардан тумыс тектілігі немесе мызғымас берік қоғамдық орны жан өткізбес қорған боп оқшаулауға тиіс қоғамдық дәрежелер мен касталардың қалыптасқан иерархиясының басшысы ретінде ол өзінің құлдық ұрған қала тұрғындары мен шаруаларына өз қалауынша өмірін жүргізеді; сонымен қатар осынау касталар немесе «корольдіктің сословиелері» өз күші мен ықпалы жағынан король қашан да өз дегенін істеткізетіндей болу үшін бірін-бірі соншалық дәлме-дәл толықтырып отыруға тиіс. IV Фридрих-Вильгельмнің жүзеге асыруға қолға алған және қазіргі уақытта жүзеге асыруға қайтадан әрекеттеніп жатқан *beau idéal** осындай еді.

Теориялық мәселеде тіс қақпаған прус буржуазиясы корольдің шын пиғылының қандай екенін ұғынғанынша біраз уақыт керек болды. Бірақ буржуазия корольдің буржуазияның болсын дегеніне қарама-қарсы нәрселерді ұнататынын лезде-ақ аңғарды. Әкесінің өлімі «тіліне еркіндік берісімен» жаңа король өзінің сансыз сөздерінде өз пиғылын жария ете бастады. Оның сөйлеген әрбір сөзі, әрбір әрекеті буржуазияның көңілін барған сайын қалдыра берді. Егер өзінің ақындық князын бұзған қатал да қатерлі бірер факті болмағанда, ол бұған көңіл аудармас та еді. Әттен, романтика арифметикаға келгенде тым шорқақ қой, феодализм де Қон-Кихот заманынан бері әмәнда есебінен жаңылып-

* — әсем мұраты. *Ред.*

ақ келеді! IV Фридрих-Вильгельм бағы заманнан бері крестоносцтер ұрпақтарының атадан балаға мирас болып келе жатқан ізгі қасиеті болып табылатын ақшаның сынғырына деген жиренішті бойына тым жақсы сіңірген еді. Таққа отырарында ол, сараң қолмен ұйымдастырылғанымен, қымбатқа түсетін үкімет жүйесіне және қонторғайлау толтырылған мемлекеттік қазынаға кезікті. Екі жылдан кейін басы артық қаржының бәрі сарайдағы сауық-сайранға, жоғары мәртебелі саяхаттарға, сый-сияпатқа, жұпыны болып жұтаған ашқарак дворяндарға, т. б. жұмсалып, із-түзсіз жоқ болды. Сарайдың да, үкіметтің де мұқтаждарын өтеуге ендігі жерде әдепкі алым-салықтар жетпейтін болды. Сөйтіп ұлы мәртебелі тақсыр көп ұзамай көрнеу тапшылық пен 1820 жылғы заңның қыспағында қалды, бұл заң бойынша «болашақ халық өкілдігінің» келісімінсіз қандай да болсын жаңа заем шығару және салынып жүрген салықтардың мөлшерін қандай да болсын ұлғайту заңсыз деп жарияланған-ды. Бұл халық өкілдігі әлі жоқ-ты; жаңа король оны құрғысы келмеуі жөнінен әкесінен де асып түсті, оны құру ниеті болған күннің өзінде де ол таққа отырғаннан бері жұртшылық пікірінің адам танданарлықтай өзгергенін оның білмеуі мүмкін емес еді.

Шынында да буржуазия жаңа король дереу конституцияны сыйға тартады, баспасөз бостандығын жариялайды, қосшылары болатын соттар енгізеді т. т. және т. б. деп — бір сөзбен айтқанда, саяси билікке жету үшін буржуазияға қажет болған бейбіт революцияны ол өзі басқарады деп ішінара үміттенген еді, — ол буржуазия өзінің адасқандығын түсінді де, корольге өршелене қарсы болды. Рейн провинциясында, сондай-ақ азды-көпті дәрежеде бүкіл Пруссияда оның ашу-ызасының күшті болғаны сонша, тіпті буржуазия өз ортасында өзінің баспасөздегі өкілі етуге жарарлық адамдардың жетпейтіндігін көре тұрса да, біз жоғарыда әңгімеленген әсіре философиялық бағытпен одақтасуға дейін барды. Бұл одақтың жемісі Кёльнде шығып тұрған «Rheinische Zeitung»¹⁶⁰ болды. Негізі салынғаннан кейін он бес айдан соң жауып тасталса да, соған қарамастан, ол Германиядағы осы күнгі мерзімдік баспасөздің бастауы болды деп есептеуге болады. Бұл 1842 жылы болған еді.

Орта ғасырлыққа бейім ниетін қаражаттың тапшылығы тәлкек еткен сорлы король әлдеқашан ұмыт болған 1813 және 1815 жылдардың уәдесінен қалған ақырғы жұрнақ ретінде 1820 жылғы заңда жазылған «халық өкілдігі» туралы жалпы жұрттың талабын майда-шүйдемен аз да болса қанағаттандырмаса, одан әрі патшалық құру мүмкін емес екенін көп ұзамай көрді. Король осынау қолайсыз заңның ережесін жүзеге асыру әдістерінің ішінде іліп алуға жарайтыны провинциялық ландтагтардың тұрақты комиссияларын шақыру деп есептеді. Провинциялық ландтагтар 1823 жылы құрылған болатын. Корольдіктегі сегіз провинцияның

эрқайсысында олар: 1) басшылары тумысынан сословиелік жиналыстың мүшесі болуға праволы Германия империясының бір кезде суверенді фамилиялары болған жоғары дәрежелі дворяндардан; 2) рыцарьлардың, немесе төменгі дворяндардың өкілдерінен; 3) қалалардың өкілдерінен; 4) шаруалардың, немесе селолық ұсақ қожайындар табының депутаттарынан құрылған болатын. Бәрі де әрбір провинцияда дворяндардың екі категориясының екеуі де әр уақытта ландтагта көпшілік дауысқа ие болатындай етіп ұйымдастырылған еді. Осынау провинциялық сегіз ландтагтың әрқайсысы комиссия сайлайтын да, аңсай күткен замды бекітуге тиіс өкілетті жиналыс құру үшін ендігі жерде сол сегіз комиссия Берлинге шақырылған болатын. Мемлекеттің қазынасы толып тұр, ал заем ағымдағы мұқтаждықтарға жұмсауға қажет емес, мемлекеттік темір жол салуға қажет деп мәлімделді. Бірақ Құрама комиссиялар¹⁶¹ халық өкілдігі ретінде қимыл жасауға біздің хақымыз жоқ деп жариялап, корольдің тілегін орындаудан үзілді-кесілді бас тартты да, ұлы мәртебеліден әкесінің Наполеонға қарсы соғыста халықтың көмегіне зәру болған кезде өкілдік құрылысты енгізем деген уәдесін орындауын талап етті.

Құрама комиссияның сессиясы оппозиция рухы ендігі жерде тек буржуазияны ғана қамтып қоймағанын көрсетті. Буржуазияға шаруалардың біраз бөлегі қосылды; өз помещьелерінде өздері ірі шаруашылық жүргізіп, астық, жүн, спирт және зығырмен сауда жасайтын, сондықтан да абсолютизм, бюрократия және феодализмді қайта жаңғыртушылық болмайды деген кепілдікке жұрттан кем мұқтаж болмаған көптеген дворяндар да үкіметке қарсы пікірлерін айтып, өкілдік құрылыс болсын деген талапқа қосылды. Корольдің жоспары түгел күйреді. Король көк тиын да ала алмады және оппозицияны күшейтіп жіберді. Соның артынан іле-шала өткізілген провинциялық ландтагтардың өздерінің сессиялары король үшін одан да қолайсыз болып өтті. Ландтагтардың бәрі де реформа жасауды, 1813 және 1815 жылдардағы уәделердің орындалуын, конституцияның және баспасөз бостандығының енгізілуін талап етті; олардың кейбіреулерінің тиісті қарарлары оншама әдепті сөздермен жазылмаған еді; өзін өзі ұстай алмаған корольдің ашулы жауаптары істі одан сайын асқындырып жіберді.

Сөйтіп жүргенде үкіметтің қаражат жөніндегі қиындықтары көбейе берді. Әртүрлі мемлекеттік ведомстволарға қаржы бөлуді қысқарту, және жауапкершілігін мемлекет көтереді деп, мемлекет есебінен алыпсатарлық және сауда жүргізіп, әлдеқашаннан бері оның қаражат жөніндегі делдалы болып алған «See-handlung»¹⁶² коммерция орнымен жымысқы операциялар жасау арқылы аз уақытқа төлем қабілеті бар деп көрсете тұрудың сәті түсті. Мемлекеттік кредит билеттерінің көптеп шығарылуы біраз

демеу болды, және жалпы айтқанда, финанс жағдайының күпиясы әжептәуір жақсы сақталды. Дегенмен осынау айла-шарғылар жасау мүмкіндігі де тез арада-ақ сарқылып бітті. Содан соң басқа бір жолды сынап көруге — капиталының біраз бөлегі мемлекет қаржысынан, біразы жеке меншік акционерлердің жарнасынан құралатын банк ашуға әрекет жасалды; оның бас басқармасы мемлекет қолында болуға тиіс болды, яғни бұл банктің қорынан үкімет көп қаржы алып тұруына болатындай, сөйтіп: «Secundhandlung» тарапына бұдан былай жасай алмайтын жымсықы операциятарын осында қайталауына мүмкіндік беретіндей болып ұйымдастырылуға тиіс болды. Бірақ, әрине, мұндай шартпен өз ақшасын бергісі келетін бірде-бір капиталист табылмады. Банктің уставын қайта жасауға, ең болмаса бір акцияға жазылу өткенінше акционердің меншігіне қазынаның қол сұқпайтындығына кепілдік беруге тура келді. Сөйтіп, енді бұл жоспар да быт-шыт болғаннан кейін, заем алуға тырысудан басқа амал қалмады, — әрине, сол бір беймағлұм «болашақ халық өкілдігінің» келісімі мен кепілдігінсіз-ақ өз ақшасын қарызға беретін капиталистер табыла қалса ғана ғой. Ротшильдке айтып көріп еді, бірақ ол: егер анау «халық өкілдігі» оған кепілдеме беретін болса, заемды көзді ашып-жұмғанша жасап беретіндігің; ал егер олай болмаған күнде, бұл іске жалпы жолағысы келмейтінін айтты.

Ақша табу жөніндегі үміт атаулы осылай кесілді де, енді қатерлі «халық өкілдігінсіз» ешбір қадам жасауға болмайтын болып қалды. Ротшильдтің бас тартқандығы 1846 ж. күзде белгілі болды, ал келесі жылдың февралында король сегіз провинциялық ландтагтың бәрін Берлинге шақырып, олардан біртұтас «Құрама ландтаг»¹⁶³ құрмақ болды. Бұл ландтагтың міндеті қажет болған жағдайда 1820 жылғы заңның айтқанын орындау, атап айтқанда: заемдар мен жаңа салықтарды бекіту болатын, бірақ содан басқа оның ешқандай правосы болуға тиіс емес еді. Жалпы заң шығару мәселелерінде оның дауы тек қана кенесші дауыс болуға тиісті еді; ол белгілі бір мерзімде шақырылып тұрмай, корольдің құзыры түскенде ғана шақырылуға тиіс болды: ол үкіметтің оған талқыға бергісі келген істерді ғана талқылай алатын еді. Әрине, өздеріне берілген роль ландтаг депутаттарын онша қанағаттандырған жоқ. Олар провинциялардағы сессияларда өздері айтқан тілектерін тағы да қайталап айтты; олар мен үкіметтің арасындағы қарым-қатынас көп ұзамай өте-мөте шиеленісті, сондықтан — тағы да темір жол салуға қажет болып отыр-мыс деп заемға келісулерін талап еткенде, олар бұдан тағы да бас тартты.

Бұл дауыс беру көп ұзамай ландтаг сессиясының жабылуына әкеп соқты. Ашу-ызаға булыққан король депутаттарға көңілі толмағанын айтып, сессияны таратып жіберді, бірақ сөйте тұра

ол бұрынғысынша акшасыз қалды. Шынында да, буржуазия бастаған және төменгі дворяндардың едауір бөлегі мен төменгі сословиелердің әртүрлі топтарында көбейіп кеткен әр алуан наразы элементтерді қамтыған либералдық партияны, сол либералдық партияның өзінің көздеген мақсатына жетуге бел байлағанын көзімен көргендіктен, корольдің жағдайым қалай болып кетеді деп қауіптенетін жөні әбден бар еді. Корольдің Құрама ландтагы ашарда сөйлеген сөзінде осы күнгі мағынасындағы конституцияны өмірімде ешқашан сыйға тарта қоймаспын деп ант-су ішуі де бос әуре болды. Либералдық партия дәл осы заманғы антифеодалдық өкілдік конституциялық құрылыстың бүкіл салдарымен бірге — баспасөз бостандығы, қосшылар соттары т. б. қоса орнауын талап етіп, осылар қолға тигенінше, қарызға көк тиын да бермейтін сынай білдірді. Жалғыз-ақ айқын нәрсе: мұндай жағдай ұзаққа созылмауға тиіс, не бір жағы айтқанға көнеді, немесе іс насырға шауып, ажырасуға, қантөгіс күреске дейін барады. Буржуазия революция қарсаңында тұрғанын білді де, оған дайындалып та жатты. Қолдан келетін амалдың бәрін жасап, ол өзін қалалардағы жұмысшы табы мен селолық округтардағы шаруалардың қолдауын қамтамасыз етуге тырысты. 1847 жылдың аяқ шенінде буржуазияның ішінен пролетариатқа жақсы көріну үшін өзін «социалист» етіп көрсетпеген бірде-бір көрнекті саяси қайраткерді іздеп табу қиын болғаны жақсы мәлім. Біз бұл «социалистерді» көп ұзамай іс үстінде көреміз.

Алдыңғы қатарлы буржуазияның өз қозғалысын сырттай болса да социализмге ұқсас етуге жанталаса тырысуы Германия жұмысшы табында болған орасан зор өзгерістерден туған еді. Неміс жұмысшыларының Франция мен Швейцарияда болып қайтқан бөлегі 1840 жылдан былай қарай ол кезде француз жұмысшыларының арасында таралған шикілі-пісілі социалистік немесе коммунистік көзқарастарға азды-көпті бой ұра бастаған болатын. 1840 жылдан бастап Францияда осындай идеяларға күштарлықтың күшеюі социализм мен коммунизмді Германияда да сәнге айналдырды, сөйтіп 1843 жылдан бастап-ақ газет атаулының беттерінде әлеуметтік мәселелерді ұшы-қиырсыз талқылау басталды. Көп ұзамай Германияда идеялары жаңалығынан гөрі буалдырлығымен көзге түскен социалистік мектеп пайда болды. Оның басты қызметі фурьелік, сен-симондық және басқа теорияларды француз тілінен неміс философиясының түсініксіз тіліне¹⁶⁴ аудару болды. Бұл сектаға мүлде ұқсамайтын немістік коммунистік мектебі де шамамен дәл сол кезде құрылды.

1844 жылы Силезия тоқымашыларының, іле-шала Прага сиса тоқу фабрикалары жұмысшыларының көтерілісі болды. Қаталдықпен жаншылған бұл көтерілістер, — жұмысшылардың үкіметке қарсы емес, кәсіп иелеріне қарсы бағытталған көтерілістері, — терең әсер етті, әрі жұмысшылар арасындағы социалистік және

коммунистік насихатқа жана серпін тұғызды. Ашаршылық болған 1847 жылғы нан бүліншіліктері де осылайша әсер еткен еді. Қысқасын айтқанда, ауқатты таптардың (жер иеленуші ірі феодалдардан басқалары) негізгі бұқарасы конституциялық оппозиция туының төңірегіне топтасқанындай, үлкен қалалардың жұмысшы табы да — баспасөз жөніндегі сол кездегі заңдар жағдайында жұмысшы табын онымен таныстыру мүмкіндігі тек өте болмашы дәрежеде бола тұрса да — өз азаттығының құралын социалистік және коммунистік ілімнен іздеді. Әлбетте, жұмысшы табының өз қажеттері жайлы барынша айқын түсінігі болады деп күтудің де жолы жоқ еді: олардың білетіні тек конституциялық буржуазия программасының бұларға қажеттінің бәрін қамтымайтындығы және өз көздегендерінің конституционализм идеясының шеңберіне өсте сыймайтындығы еді.

Ол кезде Германияда айрықша республикалық партия жоқ болатын. Немістер не конституциялық монархистер, не азды-көпті анық қалыптасқан социалистер мен коммунистер болған еді.

Осындай элементтердің болуы жағдайында болмашы қактығыстың өзі елеулі революцияға әкелуі тиіс еді. Өмір сүріп отырған системаның бірден-бір сенімді тірегі — жоғарғы дворян қауымы, жоғарғы чиновниктер мен офицерлер ғана болып отырған кезде; төменгі дворян қауымы, сауда-өнеркәсіп буржуазиясы, университеттер, барлық дәрежедегі мектеп мұғалімдері және тіпті төменгі разрядтағы бюрократия мен офицерлер қауымының бір бөлегі де — осылардың бәрі үкіметке қарсы күш біріктірген кезде; олардың ту сыртында шаруалар мен ірі қалалардағы пролетариаттың наразы бұқарасы тұрғанда және осынау көпшіліктің либерал оппозицияны әзірше жақтағанымен, істі өз қолына алу ниетін ерекше бір әуенмен білдіре бастаған кезде; буржуазия — өкіметті құлатуға, ал пролетариат соның ізінше буржуазияның өзін құлатуға дайын тұрған кезде — үкімет қалайда қактығысқа апармай қоймайтын жолмен қасарыса жүріп келді. 1848 жылдың басында Германия революция табалдырығында тұрды, және тіпті Франциядағы февраль революциясы мұның басталуын тездетпеген күннің өзінде де бұл революция сөзсіз бұрқ ете түсер еді.

Осы Париж революциясының Германияға қандай әсер еткенін біз келесі мақаладан көреміз.

Лондон, сентябрь 1851 ж.

III

БАСҚА ДА НЕМІС МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Соңғы мақаламызда біз 1840 жылдан 1848 жылға дейінгі герман қозғалысында сөзсіз аса маңызды роль атқарған мемлекетпен — атап айтқанда Пруссиямен ғана дерлік шектелген едік.

Алайда, біздің сол кездегі басқа да герман мемлекеттеріне үстірт те болса көз салғанымыз жөн болар.

Ұсақ мемлекеттер жайына келсек, бұлар 1830 жылғы революциялық қозғалыстар кезінен бері Одақтық сейм диктатурасына, яғни Австрия мен Пруссияға толық бағынышты болып қалды. Түрлі конституциялар — өзінен ірілеу мемлекеттердің зорлық-зомбылығынан қорғанудың амалы ретінде енгізілген, сондай-ақ бұлардың тәж киген авторларының есімдерін елге жария ету және Вена конгресі ешқандай жетекші принципсіз құрған алуан түрлі қырық құрау провинцияларды біріктіру мақсатымен енгізілген осынау конституциялар каншама алдамшы болғанымен, 1830—1831 жылдардағы дүрбелең кезеңде ұсақ монархтар өкіметі үшін қатерлі болып шықты. Олар түгелдей дерлік таратылды да. Ал олардың мүсіркеушілікпен қалдырылған жұрнағын соның көлеңкесі деп айтудың өзі қиын еді, және осынау құрдай жорғалайтын ұнамсыз әдетпен астасып жатқан жарамсақ оппозициядан қандай да болмасын бір нәтиже шығады-ау деп үміттену үшін тек бүкіл осы Велькерлер, Роттектер және Дальмандар тәрізділердің мылжың токмейілсушілігі қажет болды, ал мұны оларға осы ұсақ мемлекеттердің түк билігі жоқ палаталарында ғана даурықтыруға рұқсат етілген-ді.

Осынау ұсақ мемлекеттердегі буржуазияның неғұрлым жігерлі деген бөлігі 1840 жылдан кейін көп ұзамай-ақ өздерінің Австрия мен Пруссияның шылауындағы осы шағын мемлекеттерде басқарудың парламенттік формасы өркен жаяды деген бұрынғы үміттерінің бәрін мұлде бас тартты. Ал Пруссия буржуазиясының оған қосылған таптармен бірге Пруссияда парламенттік тәртіп орнату үшін күресуге шын бел байлағанын аңғарулары мұң екен, оған Австрияны қоспағанда бүкіл Германиядағы конституциялық қозғалыстың көсемінің ролі берілді. Орталық Германияның, кейін франкфурттық Ұлттық жиналыстан шығып, өздерінің сеператтық жиналыстары өткен жерге орай Гота партиясы¹⁶⁵ атанған конституционалистердің ұйтқысы кейін 1849 жылы сәл өзгертіп бүкіл Германия өкілдеріне ұсынған жоспарын 1848 жылдан көп бұрын-ақ әлгілердің талқылағандығы қазіргі кезде еш күмән тудырмайтын факті болып отыр. Олар Австрияны Герман одағынан толық шығаруды, жаңа конституциясы мен одақтық парламенті бар Пруссия ықпалындағы жаңа одақ құруды және ұсақ мемлекеттерді ірірек мемлекеттерге біріктіруді көздейді. Мұның бәрі Пруссия конституциялық монархиялар санатына еніп, баспасөз бостандығын енгізген, Россия мен Австриядан тәуелсіз саясат жүргізе бастаған шақтан және сөйтіп ұсақ мемлекеттер конституционалистері үшін өз үкіметтеріне шын мәнінде бақылау коюға мүмкіндік ашылған сәттен бастап қана жүзеге асырылуы тиіс еді. Бұл жоспарды ойлап тапқан Гейдсельбергтік (Баден) профессор Гервинус болды. Со-

нымен, пруссия буржуазиясын тәуелсіздендіру жалпы Германиядағы буржуазияға кеңшілік әперудің және Россияға да, сондай-ақ Австрияға да қарсы шабуыл, әрі қорғаныс одағын құрудың дабылы болуға тиіс еді, өйткені, қазір көргелі отырғанымыздан, олар Австрияны мүлде тағы ел санайтын, оның үстіне ол жайында жұрт өте аз білетін, ал азын-аулақ білетіндерінің өзі оның халқы үшін жағымды жәйттер емес-ті. Сондықтан да Австрия Германияның елсулі құрамды бөлегі деп есептелмейтін.

Ұсақ мемлекеттердегі қоғамның басқа таптарының жайына келсек, олар өздерінің Пруссиядағы бауырластарының ізіне біршама тез түсті. Ұсақ буржуалардың өз үкіметтеріне, салықтың көбеюіне, Австрия мен Пруссиядағы «деспотизм құлдарымен» салыстырып төс қағамақтан ететін елес тәрізді саяси праволарына шек қойылуына байланысты туган наразылығы барған сайын күшейе түсті. Бірақ, бұлардың оппозициясында әзірше ірі буржуазияның конституциялық партиясынан өзгеше, дербес партия ретінде бөліп қарарлықтай жеткілікті дәрежеде айқындалған ештеңе байқалмайтын. Шаруалар арасында да наразылық өсе берді, бірақ тыныштық пен бейбітшілік кезінде халықтың бұл бөлегінің, жалпыға бірдей сайлау правосу енгізілген елдерде болмаса басқа елдерде өз мүдделерін ешуақытта алға тартпайтындығы және жеке тап ретіндегі роліне таласпайтындығы белгілі. Қалалардағы өнеркәсіп орындары жұмысшылары социализм және коммунизм «уымен» улана бастады. Бірақ, Пруссиядан тыс жерлерде маңызы ірі қалалардың аздығынан және өнеркәсіп округтарының одан да аз болуынан, соған орай қызмет ету және насихат орталықтарының жоқтығынан осы таптың ұсақ мемлекеттердегі қозғалысы мейлінше баяу дамыды.

Саяси оппозицияның қандай да болмасын көрінісі жолында тұрған келергілер Пруссияда да, сол сияқты ұсақ мемлекеттерде де неміс католицизмі мен Еркін қауымдар¹⁶⁶ қозғалыстарының қатар дамуы түріне негізделген өзінше бір діни оппозиция тудырды. Тарих бізге, мемлекеттік шіркеудің панасынан рахат тапқан және саяси мәселелерді талқылау тым қиындатылған елдерде қарапайым бұқараның ақсүйектер өкіметіне қарсы құрған тәуекелдік оппозициясының рухани озбырлыққа қарсы негүрлым тақуалық және сырттай қарағанда дүние мүддесінен анагүрлым алыс болып көрінетін күресімен бүркемеленетіндігі жайлы шешіме сан мысалдар қалдырып отыр. Қандай да болмасын өз әрекетін жұрттың талқыға салуына өсте көнбейтін көптеген үкіметтер діни азапкерлердің қатарын көбейтуден және бұқараның діни фанатизмін қоздырудан сақтанады. Германияда 1845 жылы әрбір мемлекетте не римдік-католиктік, не протестанттық дін, не бір мезгілде осы екеуі де мемлекеттік құрылыстың ажырамас құрамды бөлігі деп есептелді. Сол мемлекеттердің әрқайсысында осы дін жолының біреуін немесе екеуін ұстанған дін басыла-

ры бюрократтық үкімет системасының маңызды элементі болып келді. Сол себепті де католиктік немесе протестанттық бағыттағыларға тиісу, дін басыларына тиісу үкіметтің өзіне жасырын жолмен шабуыл жасағанмен бірдей еді. Неміс католиктеріне келер болсақ, олардың өмір сүру фактісінің өзі-ақ Германияның, әсіресе Австрия мен Баварияның католиктік үкіметтеріне шабуыл жасағандықты білдірді. Мұны тиісті үкіметтер шынында да тап осылай бағалады. Еркін қауымдардың мүшелері, ағылшын және американ унитариндеріне¹⁶⁷ ұқсастау протестант — диссиденттер прусс королінің және оның сүйіктісі — дін мен оқу істері жөніндегі министр Эйххорн мырзаның клерикальдық және қатал ортодоксальдық бағытына қарсы екендіктерін ашықтан ашық мәлімдеді. Біріншісі католиктік, екіншісі протестанттық мемлекеттерде бір кезде тез тараған екі жаңа сектаның бір бірінен айырмашылығы тек шығу тегі жағынан ғана еді. Олардың іліміне келсек, белгіленген догмалар негізсіз деп танылатын аса маңызды пунктке келгенде толық ұштасатын. Олардың шын мәнін құрайтын да сәл осындай еш нақтылықтың болмауы еді. Олардың айтуына қарағанда, бұлар саясында бүкіл неміс атаулы біріге алатын ұлы ғимарат салып жатыр-мыс. Демек, олар екінші бір көкейтесті саяси идеяны — Германия бірлігі идеясын діни формада білдірді. Сөйте тұра олар өзді-өзі еш келісімге келе алмай-ақ қойды.

Жоғарыда аталған секталар ең болмағанда дінге сүйеніп жүзеге асырмақ болған Герман бірлігінің идеясы, барлық неміс атаулыға жарамды және солардың талғамына, әдет-ғұрпы мен әуестігіне орай әдейі ойлап шығарылған ортақ дін жасау арқылы жүзеге асырмақ болған бұл идея шынында да, әсіресе ұсақ мемлекеттерде кең өріс тапты. Наполеон Герман империясын жойып жібергеннен кейін¹⁶⁸, Германияның бүкіл *disjecta membra** біртұтас етіп қайта қосып біріктіру ұраны үстемдік етіп отырған тәртіпке, ең алдымен ұсақ мемлекеттердегі үстемдік етіп отырған тәртіпке наразылық білдірудің жалпы көрінісіне айналды, ал бұларда сарайды, басқару орындарын, армияны ұстауға жұмсалатын орасан көп шығындар — бір сөзбен айтқанда, бүкіл алым-салықтың өлі ауыртпалығы — мемлекеттің әлсіздігі мен түкке тұрғысыз көлеміне қарама-қарсы өсіп отырған-ды. Бірақ, Германияның бұл бірлігі дегеніміз, егер ол жүзеге асырыла қалған жағдайда, қандай болмақ керек дегенге келгенде партиялардың бұл жөніндегі пікірлері бір-бірінен алшақ жатты. Елеулі революциялық сілкіністер болуын қаламайтын буржуазия өзі «нақты жүзеге асырылу мүмкін» санайтын және біз онымен жоғарыда танысқан, атап айтқанда, Пруссияның конституциялық үкіметінің қол астында Австрияны есептемегенде бүкіл Герма-

* — бытырап жатқан мүшелерін. *Ред.*

нияны қамтитын одақ құру жөніндегі талабын қайталаумен ғана қанағаттанды. Сөз жоқ, ол кезде қатерлі дауыл шақырмас үшін, бұдан артық ештеңе істеуге болмас та еді. Ұсақ буржуа мен шаруалар, ал шаруалар мұндай мәселелермен жалпы айналысып жүргендіктен, кейін өздері соншама шу көтеріп талап еткен герман бірлігі дегеннің не екенін есшуақытта, ешқандай да анықтама бере алмады; кейбір қиялшылдар, негізінен феодалдық реакционерлер, Герман империясы қалпына келеді деп үміттенді; радикалдар *soi-disant** надандар тобы — Швейцария мекемелері алдында бас иетін, бірақ өздері ол кезде іс жүзінде әлі танысып үлгермеген, ал кейін танысқан кезде кісі күлерліктей болып түңілген осынау топ — федерациялық республика болсын деді. Тек ең шеткері партияның ғана ол кезде бөлінбейтін біртұтас Германия болсын деуге батылы барды¹⁶⁹. Сөйтіп, герман бірлігі деген мәселенің өзі алауыздық, талас-тартыс және белгілі бір жағдайда тіпті азамат соғысын тудыру қаупі бар мәселе болды.

Қорытынды жасайық. Пруссиядағы және Германияның ұсақ мемлекеттеріндегі 1847 жылдың аяқ шеніндегі жағдай төмендегідей еді. Буржуазия бойындағы күшін сезінді де, өзінің сауда істерін, өзінің өнеркәсіптік қызметін, өзінің тап ретіндегі бірлескен қимылдарын тежеп келген феодалдық және бюрократиялық деспотизм бұғауына бұдан былай төзбеуге бекінді; село дворяндарының бір бөлгінің тек қана рынокқа арналған өнімдерді өндірушіге айналғаны соншалық, өз мүддесі буржуазия мүддесімен бірдей болғандықтан буржуазияға барып қосылды; ұсақ қолөнершілер мен саудагерлер табы наразы еді, олар салыққа, өз ісін жүргізуді қиындататын түрлі кедергілерге байланысты күнкіл көтеріп жүрді, бірақ оның қоғамдағы және мемлекеттегі өз орнын қамтамасыз етерліктей реформалардың белгілі бір программасы болмады; шаруалар болса бір жерде феодалдық ауыр салықтардан езілсе, екінші жерде қарыз берушілерден, өсімқорлардан, заң қызметкерлерінен зәбір көрді; қаладағы жұмысшыларда жалпы наразылық жайылды, олар үкіметті де және ірі өнеркәсіптік капиталистерді де бірдей жек көрді, әрі әсерлі социалистік және коммунистік идеяларға ден қоя бастады. Бір сөзбен айтқанда, әртүрлі мүдде итермелеген, бірақ жалпы және тұтас алғанда, буржуазия басқарған, алғы сапында Пруссия буржуазиясы мен өте-өте Рейн провинциясының буржуазиясы жүрген әр тектес оппозициялық элементтер бұқарасы болды. Біз бұларға қарама-қарсы жақтан өз араларында көптеген мәселелер бойынша келіспеушілік жайлаған үкіметтерді көреміз, бұлар бір-біріне сенбеді, және осы қорғар деп үміттенуге тура келсе де, ең алдымен Пруссия үкіметіне сенбеді. Пруссиядағы үкімет — ко-

* — деп аталатын. *Ред.*

гамдық пікір мансұқ еткен, тіпті дворяндардың бір бөлегі тастап кеткен үкімет, оппозициялық буржуазия идеяларына күннен күнге көбірек ден қойып барған сайын солардың ықпалына ере бастаған — армия мен бюрократияға арқа сүйеген үкімет, тіпті басқасын былай қойғанда, қалтасында шын мәнісінде көгерген көк тиыны жоқ үкімет, үздіксіз өсіп отырған қаржы тапшылығын толтырайын десе буржуазиялық оппозицияға мойын ұсынбайынша бір тиын да ала алмай отырған үкімет болатын. Өмір сүріп отырған үкіметтен билікті тартып алу үшін күрескенде басқа елдердің буржуазиялық партияларының бұдан асқан позициясы бұрын-сонды болды ма екен?

Лондон, сентябрь 1851 ж.

IV

АВСТРИЯ

Енді біз Австриямен танысуға тиіспіз, Англиямен соңғы соғысқа¹⁷⁰ дейінгі Қытай тәрізді, бұл ел 1848 жылғы мартқа дейін шетелдіктер назарын маңайлатпай келген ел болды.

Әлбетте, біз бұл арада Австрияның немістер жақ бөлігін ғана қарастыра аламыз. Австрияның поляк, венгер және итальян тұрғындарына қатысты істер біздің тақырыбымызға кірмейді, ал олардың 1848 жылдан бастап австриялық немістердің тағдырына қандайлық ықпалын тигізгеніне қарай олар туралы кейінірек айта кетуге тура келер.

Князь Меттернихтың үкіметі екі принципті басшылыққа алатын: біріншіден, австриялық үстемдікке бағынышты түрлі ұлттардың әрқайсысын өздері де сондай жағдайда өмір сүріп отырған қалған басқа ұлттардың көмегімен тізгіндеп ұстау; екіншіден, екі тапқа: феодалдық жер иеленушілер мен ақшалы шонжарларға арқа сүйеу — жалпы абсолюттік монархиялардың бәрінің басты принципі осындай — соның өзінде өстіп үкіметтің өз дегенін еркін жүргізуі үшін, осы таптардың әрқайсысының ықпалы мен күшін басқасының ықпалы мен күші арқылы теңестіріп отырады. Барлық табысы неше түрлі феодалдық салықтардан құралатын, шаруаларды тонау арқылы өмір сүріп отырған жер иеленуші дворяндардың езілген крепостной шаруалар табына қарсы бірден бір қорғаны болып табылатын үкіметті жақта-масына болмайтын еді. Ал, егер осы дворяндардың кедейлеу бөлегі 1846 жылғы Галициядағы тәрізді үкіметке қарсы оппозиция құра қалғандай болса, онда Меттерних, өздерін тікелей қанаушылардан қаталдықпен өш алу үшін туған жәйтті барынша пайдаланып қалуға тырысатын осынау крепостнойларды солар-

ға қарсы дереу айдап салып отырды¹⁷¹. Екінші жағынан, мемлекеттік қағаздарға орасан көп қаржы жұмсаған ірі капиталист-биржашылар Меттерних үкіметіне еріксіз көгендеулі еді. 1815 жылы барлық күшімен қалпына келген, 1820 жылдан бастап Италиядағы абсолюттік монархияны қалпына келтірген және қолдап отырған, 1810 жылы банкрот болудың нәтижесінде өз қарызының бір бөлігінен құтылған Австрия, бітім жасалғаннан кейін көп ұзамай-ақ Европаның ірі ақша рыноктарындағы өз кредитін қалпына келтірді және осы кредит қаншалықты өскен сайын оны пайдалануы да соншалықты арта берді. Сондықтан да Европаның финанс шонжарларының бәрі өз капиталдарының едәуір бөлігін Австрияның мемлекеттік қағаздарына салды. Олардың бәрі осы елдің кредитін қолдауға мүдделі болды, ал Австрияның мемлекеттік кредитін қолдау ұдайы жаңа заемдар талап ететіндіктен, әрі өздері ақшаларын өткізіп қойған борыш қол хатына деген жұрт сенімін сақтап қалу үшін оларға мезгіл-мезгіл қарызға жаңадан капитал беріп тұруларына тура келді. 1815 жылдан кейін орнаған ұзақ тыныштық және Австрия тәрізді мың жылдық монархияның құлау мүмкіндігінің кншы болып көрінуі Меттерних үкіметінің кредитін айрықша көбейтті және оны тіпті Вена банкілері мен биржалық алып-сатарлардан да тәуелсіз етті: өйткені Меттерних Франкфурт пен Амстердамнан қашанға шейін қажетінше ақша алып тұра алатын болса, әлбетте, соған дейін австриялық капиталистерді аяғына жығып қойып отыруына мүмкіндік жасалатыны түсінікті еді. Айтсада, басқа да барлық жағдайлар жөнінен де олар мұның білігінде болатын. Банкирлер, биржа алып-сатарлары мен мемлекеттік жабдықтаушылардың абсолюттік монархияның арқасында ұдайы табатын орасан көп пайдасының есесі олардың жеке басы мен мал-мүлкіне үкімет тарапынан шексіз билік жүргізілуімен қайтып отырды. Сол себепті де олар тарапынан оппозициялықтың өзі түгіл көлеңкесін күту де мүмкін емес-ті. Сөйтіп, Меттернихке өзін империяның ең білікті де ықпалды екі табының қолдайтындығына толық сенуге болатын еді, ал оның үстіне мұның қарамағында абсолютизм мақсаттарына мейлінше сай құрылған — армиясы мен бюрократиясы бар болатын. Азаматтық қызметтегі чиновниктер және австриялық әскери офицерлер адамдардың айрықша ұрпағын құрайды: олардың әкелері императорға қызмет еткен, енді олардың ұлдары да соған қызмет етбек. Олар екі басты самұрықтың қанатының астына біріккен сан түрлі ұлттардың бір де біріне жатпайды. Оларды әрдайым империяның бір шетінен екінші шетіне — Польшадан Италияға, неміс облыстарынан Трансильванияға дамылсыз көшірумен келді және көшіріп те отыр; олар венгрге, полякка, неміске, румынға, итальянға, хорватқа, тағы басқаларына, қысқасы «императорлық-корольдік» қызметтегі лауазымдық белгісі жоқтардың

немесе айрықша ұлттық мінез аңғартқандардың бәріне де бірдей менсінбей қарайды. Олардың өзіндік ұлты жоқ, немесе, дұрысын айтқанда, нағыз австрия ұлтын құрайтындар тек осылар ғана. Ақылды да жігерлі әміршінің қолында болса осындай азаматтық және әскери иерархияның қаншалықты тіл алғыш және оның үстіне аса қуатты құралға айналуы мүмкін екендігі түсінікті.

Халықтың басқа таптарына келсек, *Metternich ancien régime** рухындағы мемлекет қайраткері ретінде олардың қолдауын аса көп қажетсінбейтін. Бұларға дегенде ол бір ғана саясатты білді: олардан салық түрінде қаржыны негүрлым мол сығып алу қажет және сөйте тұра олардың арасында тыныштық сақтай білу керек. Австрияда өнеркәсіп және сауда буржуазиясы өте баяу дамыды. Дунай бойындағы сауда шамалы болды: елде бір ғана порт — Триест болды және оның да сауда айналымы біршама мардымсыз еді. Өнеркәсіп иелеріне келсек, олар көп жағдайда шетелдік бәсеке атаулыны мүлде дерлік болдырмауға шейін барған кең көлемде жүргізіліп отырған қамқорлық системасын пайдаланатын. Бірақ, оларға бұл артықшылық салық төлеуші ретінде, солардың төлем қабілетін арттыру мақсатында жасалатын және өнеркәсіпте іштей қойылатын шектеулерге байланысты оның өзі жоққа шығарылатын, цехтар мен басқа да феодалдық корпорацияларға берілген артықшылықтар олар үкіметтің ойлаған ойы мен көздеген мақсатына кедергі келтірмейтін жағдайға шейін ғана мұқият қорғалатын. Ұсақ қолөнершілер осынау ортағасырлық цехтардың тар шеңберіне күштеп құрсауланды, ал бұлар болса жекелеген кәсіпшіліктер арасында үстемдік үшін толастамайтын бақталастық шайқастарды сақтап келді, сөйте тұра зордың күшімен құралатын осындай бірлестіктердің құрамына мұрагерлік тұрақтылық сипат беретін де, жұмысшы табы өкілдерінің әлеуметтік жағынан бір саты болса да көтерілуіне ешқандай мүмкіндік қалдырмайтын. Ең соңында шаруа мен жұмысшыға алым-салық алынатын объекті ретінде ғана қарайтын; оларға деп жасалатын қамқорлықтың жалғыз түрі — сол кездегі тұрмыс жағдайы қандай болса, яғни бір кездегі ата-бабаларының тұрмыс дәрежесі қандай күйде болса, оларды шама келгенше сол күйінде сақтап қалу болатын. Осы мақсатпен, айталық, мемлекеттік өкімет билігі қаншалықты дәрежеде қорғалса, ежелден қалыптасқан, берік орнаған, мұрагерлік билік атаулының қандайы болса да соншалық дәрежеде қорғалды. Үкімет помещиктің — феодалдық-тәуелді ұсақ шаруаларға, фабриканттың — фабрика жұмысшыларына, қолөнер шеберінің — өз жәрдемшілері мен шәкірттеріне, әкенің — балаға деген үстемдігін әр кез қатаң қорғады және тіл алмау-

* — ескі тәртіп. *Ред.*

шылықтың қандай түрі болмасын заңды бұзушылық ретінде Австрияның әділ сотының әмбебап құралы — таяқтың күшімен жазаланатын.

Ақыр соңында, жасанды тұрақтылық орнатуды көздеген осынау әрекеттерді жалпыға бірдей тұтас жүйеге біріктіру үшін, халыққа рұқсат етілетін рухани нәр аса бір мұқият сақтықпен іріктеліп алынып, мейлінше сараңдықпен там-тұмдап қана берілетін. Барлық жерде тәрбие мәселесі католиктік дін басыларының қолында болды, ал олардың басшылары да жер иеленуші ірі феодалдар тәрізді сол кездегі үстемдік етуші системаның сақталуына жанын салатын еді. Университеттер тек тәуір дегенде білімнің алуан түрлі арнаулы бір саласы бойынша ғана азды-көпті табысқа жете алған мамандар даярлап шығара алатын болып ұйымдастырылды, бірақ олар еш уақытта басқа университеттерде алуға болады-ау деп жорамалданатын еркін де жан-жақты білімді мүлдем бермейтін. Венгриядан басқасында мерзімді баспасөз деген атымен болған жоқ, ал венгер газеттерінің монархияның басқа түкпірлеріне тарауына тыйым салынған болатын. Жалпы мазмұндағы әдебиетке келер болсақ, оның ықпал өрісі жүз жыл бойы ешбір кеңіген емес; II Иосиф өлгеннен кейін ол қайтадан тарыла түсті. Австрия облыстары шектесетін кез келген цивилизациялы елдер шекараларының бәріне де таможня чиновниктері тосқауылына қосымша әдеби цензорлар тосқауылы қойылды, ал олар екі-үш қайтара мұқият тексеріп шықпайынша және олардың уақыт рухының зиянды әсерінен ада екендігіне өз көздерін жеткізбейінше Австрияға шекарадан бір де бір кітап, бір де бір газет номерін өткізбеді.

1815 жылдан бастап, отыз жылдай дерлік, осынау система ғажайып табысты өмір сүріп келді. Австриядағылардың Европаны мүлде дерлік білмейтіні тәрізді Европадағылар да Австрияны мүлде дерлік білмеді. Халықтың жекелеген таптарының қоғамдық жағдайы да, тұтас алғанда бүкіл халықтың жағдайы да ешқандай өзгеріске ұшырамаған тәрізді еді. Жәке таптар арасындағы өшпенділік қаншалықты күшті болғанымен — ал мұндай өшпенділіктің болып тұруы Меттернихтың ел билеуінің басты шарты еді, ол тіпті үстем таптарды үкіметтің халықты сүліктей соруының құралына айналдыратын да, сөйтіп халық өшпендігін соларға қарсы аударып салу арқылы араларындағы өшпенділікті өршіте түсетін, ал халық мемлекеттің төменгі чиновниктерін қанша жек көргенімен жалпы айтқанда, орталық үкіметке деген наразылық жоқ дерлік немесе мүлдем байқалмайтын. Императорды қадірлейтін және фактілер I Франц шалдың бірде осы системаның мықтылығына шүбә келтіре отырып, іле жайбарақат түрде: «қайткен күнде де бұл мені мен Меттернихқа әлі жетеді» деген сөзін растайтындай еді.

Солай бола тұрса да елде баяу, үстіңгі жақтан байқалмайтын

козғалыс туып келе жатты, ол Меттернихтың бүкіл харекетін жоққа шығарды. Өнеркәсіп пен сауда буржуазиясының байлығы мен ықпалы күшейіп келе жатты. Өнеркәсіпте машинаның енгізілуі және бу күшінің пайдаланылуы, баска да жерлердегі сияқты Австрияда да қоғамның тұтас таптарының бұрыннан қалыптасқан бүкіл тұрмысы мен қарым-қатынас жағдайларына төңкеріс жасады; ол крепостнойларды — ерікті адамдарға, ұсақ егіншілерді — өнеркәсіп жұмысшыларына айналдырды; ол байырғы феодалдық колөнер корпорацияларын күйретті және олардың көпшілігінің күн көріс құралдарына дейін жойып жіберді. Жаңа сауда және өнеркәсіп жұртшылығы барлық жерлерде ежелгі феодалдық мекемелермен қақтығысқа ұшырап отырды. Шаруа қамымен шетелдерге барған сайын жиірек шығуға мәжбүр буржуа, ол жақтан қайтқанда, империяның таможнялық тосқауылының ар жағындағы цивилизациялы елдер туралы ғажайып ертегідей болып естілетін кейбір хабарлар әкеле бастады; ең ақыры темір жолдың енгізілуі елдің өнеркәсіптік сондай-ақ рухани жағынан да дамуын тездетті. Оның үстіне Австрия мемлекеттік сарайының аса қауіпті бір құрамды бөлегі болатын, атап айтқанда, ол парламенттік айтыс-тартысы бар, үкіметке және оның одақтастары — шонжарларға қарсы күреске шыққан, кедейленіп, енді оппозицияға айналған дворяндар бұқарасы бар венгер феодалдық конституциясы еді. Сейм резиденциясы Пресбург* — Вена қақпасына тиіп тұрған-ды. Осынау элементтердің барлығы қала буржуазиясы арасында шын мәнісіндегі оппозиция рухын тудырмағанымен, өйткені оппозицияның тууына әзірше жағдай жоқ еді, бері айтқанда, наразылық рухының, реформалар, оның өзінде конституциялық сипаттағыдан гөрі, көбінесе әкімшілік сипаттағы реформалар жасауға деген жаппай ұмтылыстың тууына ықпал етті. Пруссиядағы тәрізді мұнда да бюрократияның бір бөлігі буржуазияға қосылды. Чиновниктердің осынау мұрагерлік тегі арасында II Иосиф дәстүрлері әлі ұмытыла қойған жоқ-ты. Үкімет чиновниктерінің арасындағы білімдіректері, кейде жасалуы мүмкін реформаларды өздері де армандай тұра, Меттернихтың «әкелік» катал деспотизмінен гөрі жаңағы императордың прогрессивті және оқымысты деспотизмін батылырақ жақтайтын. Дворяндардың неғұрлым кедей бөлігі де буржуазия жағына шықты, ал үкіметтің өзіне тікелей болмағанымен жоғарғы таптарға әркез наразылық білдіруге негізі бар халықтың төменгі таптары көп жағдайларда буржуазияның реформалар болсын деген ниетіне қосылмай қала алмайтын еді.

Шамамен, тап осы кезеңде, 1843 немесе 1844 жылдарда, Германияда, осынау өзгерістердің жаңғырығы іспетті, әдебиеттің айрықша бір түрінің негізі қаланды. Бірінен бірі асыл жатқан

* Словактар қойған аты: Братислава. *Ред.*

түгі жоқ өншен қонторғай талантты, бірақ оның есесіне еврей нәсіліне ғана тән айрықша бір тапқырлық қасиеттері бар австриялық бірнеше жазушы-беллетристер, әдебиет сыншылары, ақынсымақтар — Лейпцигке және немістердің Австриядан тыс басқа да қалаларына орналасып алып, осы арада, Меттернихтың құрығы жетпес жерде, олар Австриядағы жағдай жайлы бірқатар кітаптар мен кітапшалар шығарды. Олардың өздері де, сол сияқты баспа иелері де осы товарды «қызу саудаға» салды. Бүкіл Германия «европалық Қытай» саясатының құпияларын білуге ынтығулы еді. Осы басылымдарды Богемия* шекарасы арқылы контрабандалық жолмен жаппай ала бастаған австриялықтардың өздерінің де бұған деген ынтықтығы бәрінен күшті болатын. Әлбетте, бұл басылымдарда әшкереленетін құпиялардың онша зор маңызы бола қоймайтын, ал ізгі ойлы авторлардың өздері ойлап шығарған реформалар жоспарынан саяси жағынан пәк кіршіксіздікпен астасқан кінәсіздіқтың ізі аңғарылатын. Бұларда конституция мен баспасөз бостандығы Австрия үшін қол жетпес деп қаралды. Әкімшілік реформалар, провинциялық сословиелік жиналыстардың праволарын кеңейту, шетелдік кітаптар мен газеттердің әкелінуіне рұқсат ету және цензорлық бақылауды жеңілдету — міне, бұл ізгі австриялықтар өздерінің шын құлшындық және мүләйім тілектерінде осылардан әрі аса алған жоқ-ты.

Қалай дегенмен де, Австрияның Германияның басқа жерлерімен, ал Германия арқылы бүкіл дүние жүзімен әдеби қатынас жасауына кедергі қою барған сайын қиындай берді және осы жағдай үкіметке дұшпан қоғамдық пікірдің өрбуіне аз есер сткен жоқ; осының арқасында австрия халқының бір бөлігінің саяси жағынан аз да болса хабардар болуына мүмкіндік туды. Сол себепті 1847 жылдың аяқ шенінде Австрияны, рас, басқаларымен салыстырғанда шамалылау десек те, — сол кездегі бүкіл Германияға тараған саяси және саяси-дінн үгіт жайлай бастағанды. Австриядағы табысы мейлінше аз болды дегенмен сол үгіт өзінің ықпалына көнетіндей революциялық элементтерді қажетінше таба білді. Олар мыналар еді: помещиктер мен үкіметтің алым-салығынан сзілген крепостной немесе феодалдарға тәуелді шаруа; одан соң фабриканттар полицей таяғының күшімен оны қандай жағдайда ұстағысы келсе, сол жағдайда тіршілік етуге мәжбүр фабрика жұмысшысы; содан кейін өз саласында дербес жағдайым болса деген үмітіне цехтық заңдар мүмкіндік бермей қойған қолөнерші ұсақ шебер; өз ісін жүргізуде аяғын аттап басса кінәсіз кедергіге ұшырайтын саудагер; өз үстемдігін қызғанышпен қорғайтын қолөнер цехтарымен және сараң да беймаза чиновниктермен ұдайы арпалысуға мәжбүр

* — чех. Ред.

фабрикант; ақыр соңында арсыз да надан дін басылары мен топас та есрсоқ басшыларға қарсы босқа күресуге мәжбүр, мектеп мұғалімі, ғалым, өзгелерінен гөрі білімді чиновник. Қысқасы бір де бір тап үкіметке риза емес еді, өйткені үкімет андасанда жасауға тура келетін ұсақ-түйек жеңілдіктің өзін өз есебінен емес, — мемлекет қазынасы мұндай ауыртпалықты көтере алмас та еді, — жоғарғы дворяндар мен дін басылары есебінен жасайтын. Ал, ең соңында, ірі банкирлер мен мемлекеттік қағаздарды ұстаушыларға келер болсақ, Италиядағы соңғы оқиғалар, венгер сеймінің күшейе түскен оппозициясы, бүкіл империяның түкпір-түкпірінен айқын сезіле бастаған әдеттен тыс наразылық рухы және реформалар талап ету олардың Австрия монархиясының беріктігі мен төлемдік қабілетіне деген сенімін нығайта алатындай жағдайлар емес еді.

Сөйтіп, Австрия да ірі өзгерістерге ұшырауға баяу да болса дұрыс бағытта жақындап келе жатыр еді, кенет Францияда болған оқиғалар онсыз да таяп қалған дауылды дүр еткізді де, Франц қарияның бір кездегі бұл мемлекет сарайы өзінің және Меттернихтың өмірінің ақырына дейін шыдайды деген тұжырымын жоққа шығарды.

Лондон, сентябрь 1851 ж.

V

ВЕНАДАҒЫ КӨТЕРІЛІС

1848 жылғы 24 февральда Лун-Филипп Парижден қуылды да Француз республикасы жарияланды. Соған ілесе веналықтар 13 мартта князь Меттернихтың үкіметін талқандады да оны елден масқарашылықпен қашып кетуге мәжбүр етті. 18 мартта берлиндіктер қолдарына қару алып көтеріліске шықты да 18 сағатқа созылған табан тірескен шайқастан соң олар халықтың қайырымына мойын ұсынған корольдің тізе бүгуін қанағаттанғандық сезіммен тамашалауға мүмкіндік алды. Дәл осы кезеңде Германияның неғұрлым ұсақтау мемлекеттерінің астаналарында да үлкенді-кішілі осындай дүмпүлер болып, олардың барлығы да осы тәрізді жемісті аяқталды. Егер, герман халқы өзінің тұңғыш революциясын аяғына дейін жеткізе алмаса да ол қалай болғанда да революциялық жолға ашық түсті.

Біз бұл арада әртүрлі көтерілістердің қалайша өткенін егжей-тегжейлі қарастыра алмаймыз. Біз тек солардың сипатын және халықтың әртүрлі таптарының соларға байланысты ұстаған позициясын ғана анықтамақпыз.

Венадаға революция халықтың бірауыздылығымен дерлік

жасалды деуге болады. Банкирлер мен биржа алып-сатарларынан басқа бүкіл буржуазия, ұсақ колөнершілер мен саудагерлер, жұмысшылар — бәрі бірден бір адамдай болып жұмылып, бүкіл жұртқа жек көрінішті үкіметке қарсы көтерілді. Бұл үкіметтің өзіне қарсы жаппай өшпенділік туғызғаны соншалық, оны қолдаған дворяндар мен ақшалы шонжарлардың үркердей ғана тобы шабуылдың алғашқы дүмпуіне-ақ шыдай алмай қашып-пысуға мәжбүр болды. Меттернихтың буржуазияны саяси топас етіп ұстағаны соншалық, ол үшін анархия үстемдігі, социализм мен террор туралы, сол сияқты капиталистер табы мен жұмысшы табы арасындағы болашақ шайқастар туралы Парижден үсті-үстіне келіп жатқан хабарлардың төркіні мүлдем түсініксіз болды. Буржуазия өзінің саяси күнасыздығынан бұл хабарларға ешқандай мән бермеді немесе оларды Меттернихтың бұларды қорқытып, қайтадан бағындыру үшін жасаған эээзіл айла-шарғысы деп түсінді. Оның үстіне буржуазия жұмысшылардың тап ретінде әрекет етуін және өзінің айрықша таптық мүдделері үшін күреске шыққанын еш уақытта көрген емес еді. Өткендегі тәжірибесі тұрғысынан қарайтындықтан ол, жана ғана бәріне бірдей жек көрінішті үкіметті құлатуда ерекше бір әсерлі бірлік көрсеткен осынау таптар арасында кенет қандай да бір қарама-қайшылық тууы мүмкін деп ойламады. Ол жұмысшылардың барлық пункттер бойынша: конституция, қосшы соты, баспасөз бостандығы, тағы басқалары жөнінен өздерімен сөзсіз келісетіндігін көрді. Сондықтан да — ең болмағанда сол 1848 жылдың мартында — буржуазия бұл қозғалысқа жан-тәнімен берілді: екінші жағынан, бұл қозғалыс әу бастан-ақ буржуазияны (ең болмағанда теория жағынан) мемлекеттегі үстем тап етті.

Бірақ, белгілі бір дәрежеге дейін әрбір революцияның алғы шарты болып табылатын таптар бірлігінің ұзаққа бармайтындығы бүкіл революция атаулының тағдырына тән нәрсе. Ортақ жауды жеңісімен-ақ жеңгендер ауыз бірлігінен айрылады да, әртүрлі лагерьге бөлініп, бір-біріне қарсы қару кезенеді. Көне де күрделі әлеуметтік организм жағдайында революцияны қоғамдық және саяси прогрестің аса қуатты қозғаушы күшіне айналдыратын да тек қана осынау шапшаң да қауырт өрбитін — тап қайшылығы; үкімет басына бірінен соң бірі келетін партиялардың үздіксіз туындауы және жаңа партиялардың тез өсуі жанағыдай күштеп сілкіндіру кезеңінде ұлтты жайшылықта жүз жыл бойы жүріп өте алмайтын жолын бас-аяғы бір бес жылдың ішінде жүріп өтуіне мәжбүр етеді.

Венадағы революция буржуазияны теориялық жағынан үстем тап етті. Бұл дегеніңіз, егер үкіметтен күшпен алған жеңілдіктер жүзеге асырыла бастаса және ол белгілі бір мерзім ішінде өзінің күшінде қалар болса, буржуазияның үстемдігін

калайда қамтамасыз еткен болар еді. Бірақ, шындығына келгенде бұл таптың үстемдігін орнатудың ауылы әлі алыста жатқан-ды. Рас, ұлттық гвардия құрылғандықтан және мұның өзі буржуазия мен ұсақ буржуазияның қолына қару бергендіктен буржуазияның күші мен ықпалы артты; рас, өзінше бір революциялық үкімет іспетті «Қауіпсіздік комитетінің» құрылуы және оның ешкімнің алдында жауапкер болмауы, әрі оның құрамында буржуазияның басым болуы нәтижесінде буржуазия биліктің бәрін алды. Бірақ, сол кездің өзінде жұмысшылардың да бір бөлігі қолына қару алды; күрес бола қалған шақта оның бүкіл ауыртпалығын көтеретін де осы жұмысшылар мен студенттер еді; революциялық армияның өзегі және оның негізгі күшін құраған студенттер болды, жақсы қаруланған және ұлттық гвардияға қарағанда әлдеқайда тәртіпті бұлардың құрамында 4000-ға жуық адам болатын, және олар Қауіпсіздік комитетінің қарапайым қаруы ретінде ғана қызмет етуді әсте қаламайтын. Студенттер Қауіпсіздік комитетін мойындағанымен және оны ең қызу қолдайтын жақтасы бола тұра өзінше бір дербес және мейлінше мазасыз ұйым еді. Акт залында өз алдына жиналыстар өткізіп жататын, буржуазия мен жұмысшылар арасында аралық позиция ұстайтын, өздерінің қызбалығымен олар өмірдің ескі, үйреншікті сүрлеуіне қайта түсуіне тосқауыл жасайтын және екінші бірінде Қауіпсіздік комитетін өз шешіміне көндіретін. Екінші жағынан барлығы дерлік еңбек акыдан айрылған жұмысшыларға мемлекет есебінен қоғамдық жұмыс атқаруға мүмкіндік жасауға тура келді, ал бұған қажетті қаржыны, әлбетте, салық төлеушілердің қалтасынан немесе Венаның қалалық кассасынан алуға тура келетін-ді. Міне, мұның бәрі Вена саудагерлері мен колөнершілеріне барынша қолайсыз болмай қоймайтын еді. Ұлан-ғайыр елдің бай да аристократ үйлерінің қажетін жабдықтауға қызмет ететін Вена өнеркәсіп орындары революция салдарынан, аристократия мен сарай адамдарының қашып кетуі салдарынан, әлбетте, жұмысты мүлдем тоқтатты; сауда да тоқтады, ал студенттер мен жұмысшылар тарапынан ұдайы болып тұратын толқулар мен дүмпулер, әрине, сол кездегі сөз саптауда салт болғандай «сенімді қалпына келтіруге» себін тигізе алмайтын еді. Сол себепті де көп ұзамай-ақ, бір жағынан буржуазия және екінші жағынан мазасыз студенттер мен жұмысшылардың аралары алыстай бастады, ал егер ол көп уақытқа шейін неліктен ашық жаулыққа ұштаспай десек, мұның сыры мынада: министрлік және әсіресе ордадағы адамдар ескі тәртіпті қайта орнатқанша асығамыз деп өз қылығымен неғұрлым революцияшыл партиялардың қауіптенуіне және айқай-шу көтеруіне түрткі болды және олардың — тіпті буржуазияның да көз алдына — ескі меттернихтық деспотизм елесін қайта-қайта елестете берді. Міне сөйтіп, жана ғана жеңіс-

пен қол жеткен бостандықтың қайсыбіріне үкіметтің шек қоюға немесе, тіпті, жойып жіберуге тырысуына байланысты 15 майда, ал одан кейін тағы бір рет, 26 майда, Венадағы барлық таптардың жана көтерілістері болды. Осы екі жағдайда да ұлттық гвардияның немесе қарулы буржуазияның, студенттер мен жұмысшылардың арасындағы одақ аз мерзімге болса да қайта нығайды.

Халықтың басқа таптарына келер болсақ, аристократия мен ақшалы шонжарлар көзден ғайып болды, ал шаруалар болса барлық жерде де феодализмді соңғы қалдықтарына дейін батыл талқандап жатты. Италиядағы соғыс¹⁷², сол сияқты Вена мен Венгрияның ордаға ауыртпалық салуы салдарынан шаруалар не істеймін десе де ерікті болды да, азаттық жолында олар Германияның басқа қандай да болмасын аймақтарынан гөрі Австрияда елеулі табысқа жетіп үлгерді. Австрия рейхстагына осыдан көп ұзамай-ақ шаруалар жүзеге асырып үлгерген шараларды тек мақұлдау ғана қалды және князь Шварценберг үкіметіне ескі тәртіптің өзге қайсыбірін қалпына келтірудің сәті түссе де енді қайтып феодалдардың шаруаларды қанаушылығын қайыра қалпына келтіру мүмкін бола қоймас. Егер қазіргі кезеңде Австрияда қайтадан біршама тыныштық орнады және олар бұрынғысынша қуатты елге айналды десек, оның ең басты себебі мынада: халықтың басым көпшілігі — шаруалардың — революцияны өздеріне шын мәнісінде тиімді пайдаланғандығы, бұған қоса қалпына келген үкіметтің басқа қай салаға да болсын сұқтанғанымен, шаруалардың жеңіспен жеткен осы елеулі материалдық пайдасына қол сұға алмай отырғандығы.

Лондон, октябрь 1851 ж.

VI

БЕРЛИНДЕГІ КӨТЕРІЛІС

Революциялық қозғалыстың екінші орталығы Берлин болды. Осының алдындағы мақалаларда айтылған пікірлерден кейін. Берлиндегі революциялық қимылдардың дәл Венадағыдай халықтың барлық таптарының дерлік бірауызды қолдауындай қолдау таба алмаған себебін түсіну қиын болмаса керек. Пруссиядағы буржуазия сол кездің өзінде үкіметке қарсы күреске шын мәнісінде қамтылған еді. «Құрама ландтаг» сессиясының нәтижесінде олардың арасы ажырады. Буржуазиялық революция таяп қалды, бұл революция да өзінің алғашқы дүмпүйінде Венадағы тәрізді бірауызды болуы мүмкін еді, егер осының алдында Парижде февраль революциясы болмаса. Бұл оқиға бәрін дереу тездетті; сонымен қатар оның көтерген туы Пруссия

буржуазиясының өз үкіметіне қарсы жорықта көтермек болған туынан мүлде өзгеше болатын. Пруссия буржуазиясының өз елінде орнатпақ болған басқару формасын, дәл осы форманы Февраль революциясы Францияда талқандаған еді. Февраль революциясы өзін жұмысшы табының буржуазияға қарсы революциясы ретінде жариялады; ол буржуазиялық үкіметті құлату және жұмысшыларды азат ету ұранын ту етіп көтерді. Оның үстіне жұмысшы табының толқуы осыдан аз-ақ уақыт бұрын Пруссия буржуазиясына оның өз елінде де аз әбігерлік туғызған жоқ. Силезиядағы көтеріліс тудырған алғашқы үрей тараған сәтте, ол осы толқуды өз мүддесіне пайдаланбақ та болып көрді. Бірақ оның санасында революциялық социализм мен коммунизмнен сақтану үрейі мәңгі орнап қалған еді. Сондықтан да, Париж үкіметінің басына бұларға жеке меншіктің, тәртіптің, діннің, семьяның және осы заманғы буржуаның басқа да қадірлі қасиеттерінің аса қауіпті жаулары болып көрінген адамдардың келуін көрген сәтте-ақ ол өзінің революциялық шабытының біршама суи бастағанын аңғарды. Ол қолайлы сәтті пайдаланып қалу қажеттігін және жұмысшылар бұқарасының көмегінсіз жеңіліске ұшырайтынын білді, солай бола тұрса да осылай етуге батылы жетпеді. Сол себепті де провинциялардағы жекелеген алғашқы толқулар кезінде-ақ ол үкімет жағына шыға келді және бес күн бойы король сарайының алдына топ-тобымен жиылып алып, жаңалықтарды талқыға салған және үкіметтің алмасуын талап еткен Берлин халқын тыныш қалыпта ұстауға тырысты. Ақыры, Меттернихтің құлағаны және корольдің* кейбір болмашы жеңілдіктер жасағаны белгілі болысымен-ақ буржуазия революцияны аяқталды деп тауып, өз халқының барлық тілектерін орындағаны үшін жоғары мәртебеліге алғыс айтуға асықты. Бірақ, осыған ілесе әскерлердің жиылған топқа тап беруі, баррикадалар құрылуы, күрес және монархияның құлауы келіп ұласты. Содан кейін бәрі өзгерді. Буржуазия соңғы шепте ұстауға тырысқан жұмысшы табы енді алғы шепке шықты. Шайқасып, жеңіске жеткен жұмысшылар кенеттен өз күштерін айқын сезінді. Сайлау правосын, баспасөз бостандығын, қосшы сот болу правосын, жиналыс өткізу правосын шектеулер,— буржуазиядан төмен тұрған таптарға ғана қатысты болғандықтан буржуазияға барынша жағымды болатын шектеулер,— бұдан былай мүмкін болмай қалды. Парижді «анархия» жайлаған кездегі оқиғалардың қайталану қаупі туды. Осы қауіптің алдында бұрынғы ырын-жырынның барлығы сап тиылды. Өзінің төл мүдделері жолында әлі ешқандай айрықша талап қоймаса да жеңімпаз жұмысшыға қарсы байырғы достар мен жаулар бірігіп тізе қосты, Берлиндегі баррикадалардың өзінде-

* — IV Фридрих-Вильгельм. *Ред.*

ақ буржуазия мен құлатылған системаны жақтаушылар арасында осы одақ жасалған еді. Қажетті жерінде ымыраға келуге, бірақ онда да қашсаң құтыла алмайтын жағдайларда ғана ымыраға баруға тура келді; Құрама ландтагтағы оппозиция көсемдерінен министрлік құруға тура келді, оның король тәжін сақтап қалудағы қызметі үшін оған сый ретінде ескі тәртіптің барлық арыстарының: феодалдық аристократияның, бюрократияның, армияның қолдауы қамтамасыз етілетін болды. Кампгаузен және Ганземаан мырзалардың кабинет құруға кірісерде қойған шарттары осындай болды.

Жаңа министрлердің көтерілген бұқарадан үрейленгені соншалық, оларға қиюы қашқан өкіметтің іргесін орнықтырады-ау деген амал-айтаның қай-қайсысы да жақсы болып көрінді. Кісі жиренерлік осы адамдар шатасып жүріп ескі тәртіп қайтып орнайтындай ешқандай қауіп енді жоқ деп есептеді де, «тәртіпті» қайта орнату үшін ескі мемлекеттік машинаны түгел пайдалана бастады. Бір де бір чиновник, бір де бір офицер орнынан алынбады. Мемлекетті басқарудың ежелгі бюрократтық жүйесінде сәл де болса бір өзгеріс жасалған жоқ. Осы бір өнегелі конституцияшыл, әрі жауапты министрлер тіпті бюрократтық озбырлық тұсындағы бұрынғы ерліктері үшін халық өзінің алғашқы революциялық дүмпуімен қуып шыққан чиновниктерді өз орындарына қайта қойды. Пруссияда министр қызметінде болған адамдардан басқа ештеңе де өзгермеді. Тіпті түрлі ведомстволардағы қызметшілер құрамы сол күйінде қалдырылды, жаңа болған бастықтардың жанында биліктен, шен-шекпеннен дәмеленіп бәйек болып жүрген конституцияшыл мансапқорларға ел ішінде қалыпты жағдайды қайта орнату әзірге чиновниктердің құрамына өзгеріс енгізуге мүмкіндік бермей тұрғандықтан және мұндай өзгеріс қазіргі жағдайда қауіпсіз де болмағандықтан шыдай тұрған жөн деген сынай білдірілді.

18 марттағы көтерілістен кейін мүлде ұнжұрғасы түсіп кеткен король өзінің әлгі «либерал» министрлерге қандай қажетті болса, олардың өзіне сондай қажет екенін тез-ақ аңғарды. Король тағы көтерілістен аман қалды; тақ «анархияның» жайылуына бөгеу болған ең соңғы тосқауыл болды: сондықтан да либерал буржуазияның және оның бұл кезде министрліктен барып бір-ақ шыққан көсемдерінің корольмен тым тәуір қарымқатынас жасауына толық негіз бар болатын. Бұл жағдайды король мен оның төңірегіндегі реакцияшыл тобыр тез түсініп, оны министрліктің окта-текте жүзеге асыруға ниет қылған болмашы реформаларының өзіне бөгет жасауға пайдаланып қалды.

Министрліктің алғашқы қадамы таяуда күшпен енгізілген өзгерістерге біршама заңды түр берудің қамын жасау болды. Халық бұқарасының қарсы болғанына қарамастан Құрама ландтаг мәжілісі шақырылды, халықтың бейне бір заңды, әрі

конституциялық органы ретінде ол жиналысты сайлауға қажетті жаңа сайлау заңын бекітуге, ал жиналыс жаңа конституцияға байланысты корольмен келісімге келуге тиіс болды. Сайлау жанама сайлау түрінде өтуге, атап айтқанда, сайлаушылар бұқарасы белгілі мөлшерде дауыс берушілерді, ал бұлар содан соң ғана өз тарапынан депутаттар сайлауға тиіс болды. Көпшіліктің қарсылығына қарамастан бұл екі сатылы сайлау системасы мақұлданды. Осыдан кейін Құрама ландтагтан жиырма бес миллион долларға тең сомаға заем жиюға рұқсат сұралды; халық партиясы заемға қарсы шықты, бірақ ландтаг оған да дауыс берді.

Министрліктің бұл қадамдары, енді өздерін демократиялық партия деп атаған халық партиясының өтс-мөте тез көтерілуіне жағдай жасады. Ұсақ колёнёршілер мен саудагерлер табы бастаған және өз туының астына революцияның бас кезінде жұмысшылардың басым көпшілігін біріктірген бұл партия Францияда енгізілгендей төте және жалпыға бірдей сайлау правосын, бір палаталы заң шығаратын жиналысты, 18 марттағы революцияны басқарудың жаңа жүйесінің негізі деп толығынан және жария тануды талап етті. Бұл партияның біршама баяу қанаты жаңағыдай «демократияланған» монархияны қанағат етуге бар еді; ал партияның одан гөрі прогресшіл қанаты түптеп келгенде республика орнатылуын талап етті. Екі қанаттың екеуі де Франкфурттағы герман Ұлттық жиналысын елдегі ең жоғарғы өкімет деп танып бір жерден шықты, ал конституцияшылар мен реакционерлерге келетін болсақ, олар бұл Жиналыстың суверенитеті алдында зәре-құты қалмай қатты қорықты, өздерінің мәлімдегендеріне қарағанда оны шектен шыққан революцияшыл деп есептеді.

Жұмысшы табының дербес қозғалысын революция уақытша бөліп кетті. Қозғалыстың тікелей талап-тілектері мен шарттары пролетарлық партияның айрықша талаптарын бірінші кезекке шығаруға мүмкіндік бермеді. Шынында да, жұмысшылардың дербес әрекет етуі үшін негіз әзірленбей тұрғанда, төте және жалпыға бірдей сайлау правосы енгізілмей отырған кезде, ірілі-ұсақты отыз алты мемлекет бұрынғыдай Германияны тоз-тоз қылып бөлшектеп отырған шақта, пролетарлық партия өзі үшін айрықша маңызы бар Париж қозғалысын қадағаламағанда, ұсақ буржуамен бірлесіп, кейіннен өзінің төл ісі үшін күресу мүмкіндігіне жол ашатын праволарға ие болу жолында күреспегенде, басқа не істей алатын еді?

Сол кезде өзінің саяси қызметінде пролетарлық партияның ұсақ колёнёршілер мен саудагерлер табының партиясынан, яғни, сөзді тура мағынасында айтқанда демократиялық партия дейтіннен үш-ақ айырмашылығы болды. Біріншіден, ол француз қозғалысын басқаша бағалады: демократтар Париждегі

шеткері партияға қарсы шықты, ал пролетарлық революционерлер оны қорғады. Екіншіден, ол біртұтас, бөлінбейтін Герман республикасын орнату қажет деп жариялады, ал шектен шыққан демократ дегендердің өздері бар болғаны федерациялық республика болғанын көкседі. Үшіншіден, пролетарлық партия оңтайлы келген әрбір сәтте — ұсақ буржуа бастаған және басым көпшілігі солардан құралған партия әр уақыт жұрдай болып отырған қасиетті — революциялық ерлік пен қимылға әзірлікті айқын көрсетті.

Пролетарлық, яғни шын мәніндегі революциялық, партия революцияның бас кезінде демократтардың сонынан салпақтаған жұмысшылар бұқарасын сол демократтардың ықпалынан тек бірте-бірте ғана шығара алды. Бірақ екі дайға келгенде демократияшыл көсемдердің табансыздығы, болбырлығы мен қорқақтығы істің түбіне жетті, енді жұмысшы табы азды-көпті бұқаралық сипатта шоғырланды-ау деген жерлердің барлығында ол 1848 және 1849 жылдарда өзін ұдайы қателіктер мен сәтсіздіктерге ұрындырып келген жоғарыда айтылған демократиялық ықпалдан құлан-таза айығуы соңғы жылдардағы шайқалыстардың басты нәтижелерінің бірі болды деп айтуға болады. Бірақ ілгері кетіп асықпайық: осы екі жылдағы оқиғалар демократ мырзалардың істе қандай екенін көруге толық мүмкіндік береді.

Пруссиядағы шаруалар дәл Австриядағы сияқты, революцияны феодалдық бұғау атаулыны бірден лақтырып тастауға пайдаланды, алайда мұнда шаруалардың қимылы біршама баяу болды, неге десеніз, жалпы алғанда Пруссиядағы феодализмнің тізесі оған онша бата қойған жоқ еді. Бірақ прусс буржуазиясы — жоғарыда айтылған себептерден — салған бетте өзінің ең ежелгі, өзіне ең қажетті одақтасына бірден қарсы шықты. Жеке меншік мүддесіне қол сұғады дегеннен буржуадан кем қорықпаған демократтар да оларды қолдамады, енді, міне, бостандыққа қол жеткен соң үш айдан кейін, әсіресе Силезиядағы қанды қақтығыстар мен қарулы жазалаулардан соң феодализм күні кешеге дейін феодализмге қарсы күрескеп нақ сол буржуазияның өз қолымен қайтадан қалпына келтірілді. Буржуазияны айыптайтын бұдан артық маскара фактіні келтіруге болмайтын шығар. Тарихта бұдан бұрын бірде-бір партия өзінің ең тәуір одақтастарына, өз-өзіне мұндай опасыздық жасаған емес; сондықтан бұл буржуазиялық партия алдағы уақытта қандай қорлық пен қарғысқа ұшыраса да, мұның бәрі жалғыз әлгі жағдайдың-ақ сазайы болады.

Лондон, октябрь 1851 ж.

VII

ФРАНКФУРТ ҰЛТТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ

Мұның алдындағы алты мақаламызда халықтың 13 мартта Венадағы және 18 мартта Берлиндегі екі ұлы жеңісіне дейінгі Германиядағы революциялық қозғалысты шолып өткеніміз оқушының есінде шығар. Австрияда да, сондай-ақ Пруссияда да конституциялық үкіметтер құрылып, либерализм принциптері, немесе буржуазия принциптері болашақтағы бүкіл саясаттың жетекшілік бастамасы деп жарияланғанын біз көрдік; қозғалыстың осы екі ірі орталығының арасындағы жалғыз ғана елеулі айырмашылық мынада: Пруссияда басқару тізгінін екі бай көпес Кампгаузен мен Ганзман мырзалар бастаған либерал буржуазия тікелей өз қолына қаратып алды, ал буржуазия саяси жағынан анағұрлым нашар дамыған Австрияда өкімет басына буржуазияның сенім білдіруі бойынша басқарып отырмыз деп ашықтан ашық мәлімдеген либерал бюрократия келді. Одан кейінгі көргеніміз, сол уақытқа дейін ескі үкіметке қарсы жалпы оппозицияға бірігіп келген партиялар мен қоғамдық таптардың жеңістен кейін немесе, тіпті, күрес кезінде-ақ жан-жаққа бытырап кеткенін, жеңістің пайдасын тек жалғыз өзі ғана көрген сол либерал буржуазия өздерінің кешегі одақтастарына табан астында қарсы шыққанын, неғұрлым алдыңғы қатардағы таптар мен партиялардың бәріне қастандық позиция ұстанып, жеңілген феодалдық және бюрократтық элементтермен одақ құрғанын көрдік. Шын мәнінде либералдық буржуазияның неғұрлым батылырақ халықтық партиялардың көмегіне сүйенгенде ғана жеңілген, бірақ жойылмаған феодалдық және бюрократтық партияларға қарсы тұра алатыны, ал екінші жақтан оның осы неғұрлым батылырақ бұқараның тегеурініне қарсы феодалдық дворяндар мен бюрократияның көмегіне мұқтаж болатыны революциялық драманың ең басында-ақ белгілі болғанды. Сонымен Австрия мен Пруссияда буржуазияның өкіметті өз қолында ұстап қалу және мемлекеттік мекемелерді өзінің мұқтаждары мен мұраттарына бейімдеу үшін жеткілікті күші болмағаны анық еді. Либералдық буржуазиялық министрлік өтпелі саты ғана болды, ел осы өтпелі сатыдан оқиғалардың қалай өзгеруіне қарай не біртұтас республикаға жетіп, неғұрлым жоғары сатыға көтерілуге тиіс еді, немесе ескі клерикалдық-феодалдық және бюрократтық тәртіпке қарай қайта құлдырауға тиіс еді. Қалай болғанда да, нағыз, батыл күрес әлі алда еді, март оқиғалары шайқастың тек басталуы ғана болатын.

Австрия мен Пруссия Германиядағы екі басқарушы мемлекет болғандықтан, Венадағы немесе Берлиндегі революцияның

кандай болмасын батыл жеңісінің бүкіл Германия үшін шешуші маңызы болар еді. Расында да 1848 жылғы мартта осы екі қаладағы оқиғалардың дамуы Германиядағы істің барысын анықтап берді де. Сондықтан ұсақ мемлекеттерде болған қозғалыстарға тоқталу артық болар еді, егер осы ұсақ мемлекеттердің болуы мынадай мекемені — өзінің тек өмір сүру фактісімен-ақ Германияның қолайсыз жағдайының және жуырда болған революцияның шалағайлығының сөзсіз дәлелі болған мекемені, — өзінің жағдайы жағынан соншалықты сиықсыз, соншалықты оғаш, және, алайда, өзінің мәні жөнінде тарих мұндайды, бәлкім, еш уақытта да енді жасай алмас деген дәрежеде масаттанған сезімге бөккен мекемені жалғанның жарығына әкелмеген болса, онда біз шынында тек бір ғана Австрия мен Пруссия істерін қараумен тынып қояр едік. Бұл Майндағы Франкфурттағы *герман Ұлттық жиналысы* деп аталатын мекеме болатын.

Халықтың Вена мен Берлиндегі жеңісінен кейін, әрине, бүкіл Германия үшін өкілетті жиналыс шақыру туралы мәселе қойылды. Сөйтіп бұл Жиналыс сайланды да, Франкфуртта ескі Одақ сөймімен қатар ашылды. Халық Германияның Ұлттық жиналысынан ол барлық даулы мәселелерді шешеді және бүкіл Германия одағы үшін заң шығаратын өкіметтің жоғарғы органы ретінде қызмет етеді деп күтті. Бірақ сол уақыттың өзінде Жиналысты шақырған Одақтық сөйм оның уәкілдігін ешқандай дәрежеде анықтаған жоқ. Оның қаулыларының заң күші болатынын, болмайтынын немесе олар Одақтық сөймнің бекітуіне немесе жеке үкіметтердің бекітуіне жататынын ешкім білген жоқ. Осындай бытысқан жағдайда жиналыс егер оның сәл де болса қайрат-жігері болғанда, ол Германиядағы ең беделсіз корпорациялық мекемені — Одақтық сөймді дереу таратылды деп жариялап, оны өздерінің меншікті мүшелерінен сайланған одақтық үкіметпен ауыстыруға тиіс еді. Жиналыс өзін герман халқының суверенді еркін заңды түрде бірден-бір білдіруші деп жариялап, сонымен өзінің барлық қаулыларына заң күшін беруге тиіс еді. Бірақ, бәрінен бұрын ол елде өзіне үкіметтердің қандай болмасын қарсылығын тойтару үшін жеткілікті, ұйымдасқан қарулы күшпен қамтамасыз етуі тиіс еді. Революцияның бастапқы кезеңінде осының бәрін жасау оңай, өте оңай болатын еді. Бірақ Франкфурт Жиналысының бұған қабілеті жетеді деп ойлау оған шамадан тыс көп нәрсе күту болар еді, өйткені Жиналыстың көпшілігі либерал адвокаттар мен доктринер профессорлардан құралған болатын, ол неміс ақыл-ойы мен неміс ғылымының ең таңдаулы өкілдерінің шоғыры боламын деп дәмеленсе де, шынында қартайған, дәурені өткен саяси қайраткерлерге өздерінің кісі күлерлік бүкіл абайсыз жағдайын және ойлаумен қимыл жасауға өзінің мейлінше қабілетсіздігін бүкіл Германия көрсін деп қойған мінбе ғана болатын. Бұл кәрі қатындардың

жиналысы өзінің өмір сүруінің алғашқы күнінен бастап бүкіл неміс үкіметтерінің реакциялық заговорларының бәрінен гөрі ең баяу халық қозғалысынан көбірек үрейленді. Ол мәжілістерін Одақтық сеймнің бақылауымен өткізетін, ол аз дегендей Жиналыстың алғашқы шешімдерін осы жек көрінішті мекеме жариялауға тиісті дегенге сүйеніп Жиналыс өзінің қаулыларын Одақтық сеймнің бекітуін жалынардай болып өтінетін болды. Өзінің меншікті суверенитетін нығайтудың орнына, ол осы соншалықты қауіпті мәселені талқылаудан мұқият жалтарып отырды. Өз төңірегіне халықтық қарулы күштерді топтастырудың орнына Жиналыс үкіметтердің жасап отырған барлық зорлық-зомбылықтарына көз жұмып қарап, кезектегі істерге кірісе берді. Оның көз алдында Майнцте қоршау жағдайы енгізілді, қала тұрғындары қарусыздандырылды, ал Ұлттық жиналыс шөп басын да сындырмады. Кейінірек ол Австрияның эрцгерцогы Иоганнды Германияның регенті етіп сайлады да өзінің барлық қаулыларының заң күші бар деп жариялады. Бірақ эрцгерцог Иоганн өзінің жаңа дәрежесіне тек барлық үкіметтер келісім бергеннен кейін ғана көтерілді және оны Жиналыстың қолынан емес, Одақтық сеймнің қолынан алды. Жиналыс қаулыларының заңдылық күшін алатын болсақ онда ірі мемлекеттердің үкіметтері бұл пунктті мойындамай қойды, ал Ұлттық жиналыс өз дегенін істетпеді, сөйтіп бұл мәселе ашық қалды. Қысқасы, біздің алдымызда ұлы және суверенді ұлттың бірден-бір заңды өкілі болуға тілек білдірген, бірақ еш уақытта өзінің талаптарын мойындатарлықтай не жігері, не күші болмаған Жиналыстың таңырқарлық көрінісі болды. Бұл Жиналыстың іске асарлық нәтиже бермеген айтыстарының тіпті ешқандай теориялық құны да болған жоқ, өйткені оларда ескірген философиялық және юристік мектептердің әбден жауыр болған кағидалары әшейін қайта ежіктелді. Осы Жиналыста айтылған немесе дұрысын айтқанда міндірлей айтылған ереже атаулының бәрі баспасөзде әлдеқашан сансыз рет, оның үстіне әлдеқайда жақсы баяндалған болатын.

Сөйтіп, Германияда жаңа орталық өкімет боламын деп дәлелденген бұл мекеме барлығын өзі келген кездегідей бұрынғы күйінде қалдырды. Германияның көптен бері күткен бірлігін жүзеге асырудан аулақ болған ол Германияда үкімін жүргізіп келген монархтардың бірде-біреуін, тіпті түкке тұрғысыз деген біреуін де қуа алмады; ол оның бытыраңқы провинциялары арасындағы байланысты нығайтпады; ол Ганноверді Пруссиядан және Пруссияны Австриядан бөліп тұрған баж тосқауылдарын қирату үшін ештеңе істеген жоқ; ол Пруссияда өзен кеме жүрісіне барлық жерде бөгет жасап отырған жексұрын баж салығын жоюға тіпті әлсіз де болса әрекет жасаған жоқ. Бірақ Ұлттық жиналыстың тындырғаны неғұрлым аз болса, аяқай-шуы соғұр-

лым көп болды. Ол герман флотын жасады, бірақ онысы қағаз жүзінде ғана болды; ол Польша мен Шлезвигті әкеліп қосты; ол немістік австрияның Италияға қарсы соғыс жүргізуіне рұқсат берді, бірақ италияндықтардың Австрия әскерлері үшін сенімді баспана болып отырған герман территориясында австриялықтарға қуғын жасауына тыйым салды. Ол Француз республикасының атына дүркін-дүркін құттықтаулар жіберіп даурығумен болды және венгер елшіліктерін қабылдап тұрды, олардың Германия жөніндегі сапарға шыққанға дейінгі түсініктері үйлеріне ораларда бұрынғыдан да көмескілене түсті.

Бұл Жиналыс революцияның басында барлық герман үкіметтері үшін құбыжық болды. Жиналыс атқаратын міндеттер туралы мәселені мүлдем белгісіз етіп қалдыруға ұйғарылуына байланысты үкіметтер одан мейлінше диктаторлық және революциялық қимылдар күткен еді. Жұрттың үрейін ұшырған осы мекеменің ықпалын бәсеңдету үшін, үкіметтер қастандық жасаудың өте кең торын жайды. Бірақ олардың көрегендігінен гөрі жолы болғыштығы асып түсті, өйткені расында бұл Жиналыс үкіметтердің ісін олардың өздерінен де асырып орындады. Үкіметтердің қулық-сұмдықтарының басты құралы жергілікті заң шығару жиналыстарын шақыру болды; осыған сәйкес тек ұсақ мемлекеттер ғана өздерінің палаталарын шақырып қойған жоқ, сонымен бірге Пруссия мен Австрия да өздерінде құрылтай жиналыстарын шақырды. Франкфурт парламентіндегі сияқты осы жиналыстарда да либерал буржуазия немесе оның одақтастары — либерал адвокаттар мен чиновниктер көпшілік болды; олардың әрқайсысында істің жағдайы бір қалыпта дерлік болды. Жалғыз айырмашылығы герман Ұлттық Жиналысының қайдағы бір қиялдағы елдің парламенті болғандығында ғана еді, өйткені ол біріккен Германияны құрудан, яғни өзінің өмір сүруінің бірінші шарты болғанның нақ өзінен бас тартты; жалғыз айырмашылығы оның өзі қиялында құрған үкіметтің жүзеге асыруға ешқандай мүмкіндік жоқ қиялдағы шараларын талқылағаны болды және ешкімге керегі жоқ қиялдағы қаулыларды қабылдағаны болды. Керісінше, Австрия мен Пруссиядағы құрылтай жиналыстары қайткенмен де нағыз парламенттер болды; олар нағыз министрлерді орнынан алып, тағайындап отырды және өздері қарсы күрес жүргізуге тура келген монархтарға өздерінің қаулыларын уақытша болса да орындауға күштеді. Олар да қорқақтығымен көзге түсті, оларда да революциялық шараларды айқын түсіну жағы жетіспей жатты, олар да халыққа сатқындық жасап, өкімет билігін феодалдық, бюрократтық және әскери деспотизмнің қолына қайтып берді. Бірақ жағдай оларды ең болмағанда тікелей назар аударатын практикалық мәселелерді талқылауға және басқа да ажалды пенделердің арасында өмір сүруге мәжбүр етті, ал Франкфурт мылжындары

болса «im Luftreich des Traums» «қиял дүниесіндегі әуе патшалығында» қалықтап жүргенде ғана бақытқа кенелгендей болатын. Сондықтан Берлин мен Вена құрылтай жиналыстарындағы айтыстар герман революциясы тарихының маңызды бөлігі болып табылады, ал жұртқа күлкі болған Франкфурт коллегиясындағы шешенсіген тыраштанулар тек әдеби және антикварлық оғаштықтарды жинаушының ғана назарын аударуы мүмкін.

Ұлттың шоғырлы күшін ыдыратып жоққа шығарған жексұрын территориялық бытыраңқылықты жою қажеттілігін терең сезінген неміс халқы Франкфурт Ұлттық жиналысы жаңа заманның бастамасын жасайды деп біраз уақыт күтті. Бірақ ғұламасыған отағасылар тобырының балаша ұшқалақтығы ұлттық ынта-жігерді тез суытты. Мәльмеде (1848 ж. сентябрь) жасалған уақытша бітімге¹⁷³ байланысты олардың маскара болған әрекеттері осы Жиналысқа қарсы халықтың ашуын бұрқеткізді, жұрт Жиналыстан ұлттың тіршілік-харекеті үшін еркін өріс ашылуын қамтамасыз етеді деп күткен болатын, бірақ ол мұның орнына құлақ естімеген қорқақтық жасап, қазіргі контрреволюциялық системаның негізі болған тірсуелердің бұрынғы беріктігін қалпына келтірумен ғана тынды.

Лондон, январь 1852 ж.

VIII

ПОЛЯКТАР, ЧЕХТАР ЖӘНЕ НЕМІСТЕР

Мұның алдындағы мақалаларда баяндалғандардың өзінен ақ айқын болғаны, 1848 жылғы март революциясына ілесе жаңа революция болмаған екен, Германияның осы оқиғаның алдындағы жағдайға қайта оралуға сөзсіз тиіс болғандығы еді. Алайда біз мән-жайын біраз түсіндіргіміз келіп отырған тарихи проблеманың өзінің сипаты жағынан күрделі екені соншалық, герман революциясының халықаралық қарым-қатынастары деп нені атауға болатынын еске алмай, одан кейін болған оқиғалардың қыр-сырын түгел түсініп болмайды. Ал бұл халықаралық қарым-қатынастар елдегі ішкі істер сияқты шатасқан сипатымен көзге түсетін.

Германияның Эльбаға, Заале мен Богема Орманына** дейінгі бүкіл шығыс жақ жартысы соңғы мың жылдың ішінде славян текті жаулап алушылардан тартып алынғаны жұртқа жақсы

* Гейне. «Германия. Қысқы ертегі». VII тарау. Ред.

** — Чех Орманы. Ред.

мәлім. Бұл территорияның көпшілік бөлігі германдандыруға ұшырады, осының салдарынан онда славян ұлты мен тілі бұдан бірнеше жүз жыл бұрын-ақ мүлде жойылып кетті. Сондықтан егер бәрі қосылғанда жүз мың жанға жетпейтін (Помераниядағы кашубтар, Лужицтегі вендалар немесе сорбалар) мүлде оқшауланған аздаған қалдықтарды қоспасақ, онда мұндағы тұрғындар — қай жағынан алсаң да немістер. Бұрынғы Польшамен шекараның өне бойында және чех тілі елдерінде, Богемия мен Моравияда істің жайы басқаша. Мұнда әрбір округта екі ұлт араласып кеткен: қалаларда жалпы алғанда немістер көпшілік болып келеді, ал деревняларда болса славян элементі мұнда да бірте-бірте бытырап, неміс ықпалының үздіксіз өсуі ығыстырылып отырғанына қарамастан мұнда славян элементі басым болып келеді.

Мұндай жағдайдың себебі мынада болып отыр. Ұлы Қарл заманынан бері немістер Еуропаның шығысын жаулап алуға, колониялауға немесе, ең болмағанда цивилизациялауға мейлінше үздіксіз, мейлінше тырысқан күш-жігерін салып келді. Эльба мен Одер арасында феодал дворяндар жаулап алған жерлер және Пруссия мен Ливониядағы әскери рыцарьлық ордендердің феодалдық колониялары сауда және өнеркәсіп буржуазиясының қатысуымен болған әлдеқайда кең, жүйелі де пәрменді германдандыру үшін жол салу ғана болды, ал бұл буржуазияның әлеуметтік және саяси маңызы XV ғасырдан бастап Батыс Еуропаның басқа елдерінде қалай өссе, Германияда да солай өсті. Славяндар, соның ішінде батыс славяндар — поляктар мен чехтар, — көбінесе егіншілер болып келеді; сауда мен өнеркәсіп оларда ешқашан да үлкен құрметке бөленген емес. Осының салдарынан халықтың көбейіп, қалалардың пайда болуымен барлық өнеркәсіп товарларының өндірісі бұл елдерде неміс иммигранттарының қолына тиді, ал бұл товарларды ауыл шаруашылық товарларына айырбастау кілең еврейлердің монополиясына айналды, еврейлер, егер олар жалпы алғанда қандай бір ұлтқа жататын болса, бұл елдерде славяндар болғаннан гөрі немістер болатыны күмәнсыз. Аз дәрежеде болғанмен, Еуропаның бүкіл Шығысында да осындай болды. Петербургте, Пештте, Яссыда және тіпті Константинопольде колөнерші, ұсақ саудагер, ұсақ фабрикант осы күнге дейін неміс болып жүр; керісінше, өсімқор, трактиршы, таратушы — халқы сирек бұл елдерде мейлінше маңғаз жандар — дайым дерлік еврей, оның ана тілі — бүтіндей бұрмаланған неміс тілі. Шекаралық славян облыстарында қалалардың, сауда мен өнеркәсіптің өсуімен үздіксіз артып отырған неміс элементінің маңызы Германиядан рухани мәдениеттің барлық дерлік элементтерін әкелу қажеттігі анықталғанда бұрынғыдан бетер күшейе түсті. Неміс көпесі мен колөнершілерін іле-шала славян жеріне неміс пасторы, неміс

мектеп мұғалімі, неміс ғалымы ірге теуіп орнықты. Сөйтіп ақырында жаулап алушы армиялардың мығым алға басуы немесе дипломатияның сак, мұқият ойластырылған басқыншылық актілері әлеуметтік даму ықпалымен өтіп жатқан денационализациялаудың баяу, бірақ нақты процесіне ілесіп қана қойған жоқ, екінші бірінде бұл процестен озып та кетті. Мәселен, неміс колонистеріне мемлекеттік жерлерді сату және тегін беру, осы аралас облыстарда өнеркәсіп орындарын құруға неміс капиталистерін ынталандыру т. б. арқылы, сондай-ақ елдің поляк халқына қарсы көбіне нағыз өктемдік шаралар қолдану арқылы Польшаны алғашқы бөліске салғаннан кейін Батыс Пруссия мен Познаньның едәуір бөлігі немістендірілді.

Сонымен соңғы 70 жыл ішінде неміс және поляк ұлттарының арасындағы шекара межесі мүлдем ауысты. 1848 жылғы революция барлық езілген ұлттардың тарапынан тәуелсіз өмір сүру мен өзінің жеке істерін дербес шешу правосы талабын бірден тудырды; сондықтан да поляктардың 1772 жылға дейінгі ескі Польша республикасының шекараларында өз елін қалпына келтіруді жедел талап етуі әбден табиғи іс еді. Рас, бұл шекара, егер мұны неміс және поляк ұлттарының арасындағы айқын шекара деп алсақ, сол кездің өзінде-ақ ескіріп кеткен еді, әрі германдандыру процесінің алға басуына қарай әр жыл сайын бұрынғыдан да гөрі ескіріп бара жатқан еді. Алайда немістер Польшаны қалпына келтіруді жақтап өзеурегені соншалық, олар өздерінің іштартуының шынайылығының бірінші дәлелі ретінде өздері тонаудан түскен олжасының өз бөлісінен бас тартуды сұрайды деп күтуге тиіс болды. Бірақ, екінші жағынан, көбіне немістер мекендеген бүтін облыстарды, әрі түгелінен немістер тұратын үлкен қалаларды беру,— бергенде де село халқын басыбайлы етуге негізделген феодализм күйінен шығуға өзінің қабілеттілігін осы уақытқа дейін бір де бір рет дәлелдей алмаған халыққа беру шынымен-ақ керек пе еді? Мәселе барынша күрделі еді. Мұның бірден бір мүмкін боларлық шешімі Россияға қарсы соғыс болатын. Сонда революция қамтыған түрлі ұлттардың арасындағы межелену мәселесі ортақ жауға қарсы мықты шекара орнату туралы — басты мәселемен салыстырғанда екінші дәрежелі мәселе болып қалған болар еді. Поляктар шығыста кең жер алғаннан кейін, батыстағы өзінің талаптарында біраз икемге көнгіш, біршама жуас болған болар еді; түптеп келгенде Рига мен Митава* олар үшін маңызы жағынан Данциг пен Эльбингтен** гөрі кем соқпас еді. Сондықтан да Россияға қарсы соғысты континенттегі қозғалысқа қолдау жасау үшін қажетті деп санап, әрі Польшаның бір бөлігінің ғана болса да

* Латынша аты: Елгава. *Ред.*

** Полякша аты: Гданьск мен Эльблонг. *Ред.*

ұлттық тәуелсіздігін қалпына келтіру қайткен күнде де осы соғысқа әкеп соғатындығына көзі жете отырып, Германиядағы алдыңғы қатарлы партия поляктарды қолдады. Керісінше, билік жүргізуші либерал буржуазиялық партия үшін Россияға қарсы ұлттық соғыс мұның өзінің ұшып түсуіне әкеп соғатындығы айқын еді, өйткені мұндай соғыс өкімет басына неғұрлым белсенді де жігерлі адамдарды шығарып қоятын еді; сондықтан да ол, неміс ұлтының тарауының мұрындығы болғансып, поляк революциялық толқуының басты ошағы — Пруссия Польшасын болашақ герман империясының ажырамас құрамды бөлігі деп жариялады. Алғашқы дүрлігу күндерінде поляктарға берілген уәделер арсыздықпен бұзылды; үкіметтің келісімімен ұйымдас-тырылған поляк қарулы отрядтары бытырап прус артиллериясының сокқысына ұшырады, сөйтіп 1848 жылы апрельде-ақ Берлин революциясынан кейін не бары алты апта өткен соң поляк қозғалысы түпшықтырылды да немістер мен поляктардың арасындағы ескі ұлттық өшпенділік қайтадан қозды. Россия патшасына осындай орасан зор да баға жетпес қызмет еткен либерал коммерсант-министрлер Кампгаузен мен Ганземан болды. Поляк науқанының сол Пруссия армиясын қайта құрып, оған қайтадан сондай ерлік қасиет беру үшін бірінші құрал болғанын қоса айтқан жөн, бұл армия кейін либерал партияны биліктен тайдырды және Кампгаузен мен Ганземан мырзалар қозғау саламыз деп соншалық әлектенген қозғалысты басты. «Қолмен істегенді мойынмен көтересің». Ледрю-Ролленнен Шангарньесге дейін және Кампгаузеннен Гайнауға дейінгі 1848 және 1849 жылдардағы мансапқорлардың тағдыры жалпы алғанда осындай болды.

Ұлт мәселесі Богемияда да күреске желеу болды. Екі миллион неміс пен чехша сөйлейтін үш миллион славян мекендеген бұл елдің түгелдей дерлік чехтардың басым болған жағдайымен байланысты ұлы тарихи естеліктері бар еді. Бірақ, славян халықтарының бұл үрім бұтағының қуаты XV ғасырдағы гус соғыстары¹⁷⁴ заманынан бері әлсіреп қалған болатын, чех тілі елдері бөлшектеніп кетті: бір бөлігі Богемия корольдігі, екінші бөлігі — Моравия князьдігі болып кеткен еді, үшінші, словактардың Карпат тауларындағы елі Венгрия құрамына кірді. Сол кезден бері өз тілін едәуір дәрежеде сақтағанымен моравандар мен словактар ұлттық сана мен ұлттық тіршілік қабілетінің қандай да болсын із-түзін әлдеқашан жоғалтқан еді. Богемияны үш жағынан әбден неміс болып кеткен облыстар қоршап жатты. Неміс элементі оның өз территориясында үлкен табыстарға жетті: тіпті астанада, Прагада екі ұлт сан жағынан теңге жуық болды, ал капитал, сауда, өнеркәсіп пен рухани мәдениет барлық жерде де немістердің қолында болды. Чех ұлты жолындағы басты күрескер профессор Палацкний дегеніміз бар болға-

ны есі ауысқан ғалым неміс еді; ол тіпті осы уақытқа дейін чехша шетелдік акцентсіз дұрыс сөйлей алмайды. Бірақ, бұл жиі болатындай, өліп бара жатқан — соңғы төрт жүз жылдық тарихтан белгілі барлық фактілерге қарағанда өліп бара жатқан чех ұлты, — 1848 жылы өзінің бұрынғы тіршілік қабілетіне қайта жету үшін ақырғы рет әрекет жасады, ал бұл әрекеттің күйреуі, барлық революциялық пайымдауларды былай қойғанда, тіпті, оның тұрғындарының бір бөлігі бірнеше ғасырлар бойына әлі де болса неміс тілінен басқа тілде сөйлейтін болса да Богемия болашақта Германияның құрамды бөлігі ретінде ғана өмір сүре алатындығын дәлелдеуге тиіс еді¹⁷⁵.

Лондон, февраль 1852 ж.

ІХ

ПАНСЛАВИЗМ. ШЛЕЗВИГ-ГОЛЬШТЕЙН СОҒЫСЫ

Богемия мен Хорватия (славян үрім-бұтағының бытыраған мүшелерінің тағы да біреуі немістер тарапынан Богемия қандай ықпалға ұшыраса, венгерлер тарапынан бұл да сондай ықпалға ұшыраған) Европа континентінде «панславизм» деп аталғанның отаны болды. Дербес ұлт ретінде өмір сүрерліктей күш Богемияда да, Хорватияда да жеткіліксіз еді. Неғұрлым жігерлі халықтарға сіңіп кетуге сөзсіз әкеліп соғатын тарихи себептердің ықпалы бірте-бірте әлсіреткен осы екі ұлт тек басқа славян ұлттарымен одақтасқан жағдайда ғана белгілі бір дербестікті қалпына келтірем деп үміттенсе алатын еді. 22 миллион поляк, 45 миллион орыс, 8 миллион серб пен болгар бар; шақырылмаған қонақтарды, қасиетті славян жеріне басып кірген түріктерді, венгерлерді және ең алдымен жек көрінішті бірақ сөйте тұра қажетті Niemetz, немістерді ығыстыру немесе құртып жіберу үшін барлық 80 миллион славяндардың қуатты конфедерациясын неге құрмасқа! Бірнеше славян тарихшы-дилетанттарының кабинеттерінде осы бір қисынсыз, тарихқа қарсы қозғалыс осылай келіп туды, бұл қозғалыс өздерінің алдына артық-кемі жоқ цивилизациялы Батысты варвар Шығысқа, қаланы — деревняға, сауданы, өнеркәсіпті, рухани мәдениетті басыбайлы славяндардың мешесу егіншілігіне бағындыруды мақсат етіп қойды. Бірақ осы қисынсыз теорияның ту сыртында тұрған қаһарлы шындық *Россия империясы* болды — бүкіл Европаны славян тайпасының, және әсіресе оның бірден-бір жігерлі бөлігі орыстардың мүлкі деп қарағысы келген дәмесі басқан әр қадамынан аңғарылатын империя болды; екі астанасы — Москва

мен Петербург бола тұра, «патша қаласы» (Константинополь — орысша патша қаласы, Царьград) кез келген орыс шаруасы өз діні мен өз ұлтының шынайы орталығы деп санайтын қала орыс императорының орын тепкен ордасы болмайынша өзінің өзекті орталығы әлі күнге болмай отырған империя; соңғы 150 жыл ішінде өз территориясынан бір жолы да айрылмаған, бірақ өзі бастаған әрбір соғыс сайын дайым оны кеңіте түскен империя болды. Орыс саясатының жаңа піскен панславизм теориясын қолдап отырған қулық-сұмдықтарын Орталық Еуропа жақсы білсді, ал бұл теорияны ойлап шығару әлгі саясаттың мақсаттарына әбден сай келеді. Сөйтіп чех және хорват панславистері біреулері әдейі, енді біреулері мұны түсінбей тұра Россияның мүдделеріне сай әрекет істеді; олар ұлт елесі үшін революция ісін сатып кетті, ол ең мықтағанда орыс үстемдігіне бағынған поляк ұлтының тағдырына тап болар еді. Алайда абырой болғанда поляктардың панславистік бұл қармаққа еш уақытта да жөнделп түспегенін атап өткен жөн, ал поляк ақ сүйектерінің кейбіреулері әккі панславистерге айналса, онда олар өздерінің меншікті шаруаларының көтерілісінен гөрі орыс езгісі астында болса аз ұтылатындарын білді.

Чехтар мен хорваттар жалпыға бірдей славян одағын¹⁷⁶ даярлау үшін Прагада жалпы славяндық съезд шақырды. Тіпті Австрия әскерлері араласпаса да бұл съезд бәрі бір күйрейтін еді. Кейбір славян тілдері бірінсіз бірі ағылшын, неміс және швед тілдері сияқты дәрежеде айрықша келеді; сондықтан да жарыссөз ашқанда айтысқа қатынасушылардың барлығына түсінікті боларлықтай ортақ славян тілінің жоқтығы анықталды. Французша сөйлеп көрген еді, бірақ көпшілігі бұл тілді де түсінбеді, сөйтіп енді, бірден бір ортақ сезімі өздерінің немістерге деген ортақ өшпенділігі ғана болған сорлы славян энтузиастары түптеп келгенде жиналғандардың бәріне бірден бір түсінікті тіл — жек көрінішті неміс тілінде түсінісуге мәжбүр болды! Бірақ нақ осы кезде Прагада басқа бір тектегі славян съезі — Галиция уландары, хорват пен словак гренадерлері және чех артиллеристері мен кирасирлері съезі жиналып жатты, сөйтіп Виндишгрец бастаған осы шынайы, қаруланған славян съезі жиырма төрт сағатқа толмайтын уақыттың ішінде славян гегемониясының қиялдағы негізін қалаушыларды қаладан қуып шықты да оларды жан-жаққа бытыратып жіберді.

Австрия Құрылтай рейхстагының чех, морав, далмат депутаттары мен поляк депутаттарының (ақсүйектер) бір бөлігі мұнда неміс элементіне қарсы үнемі күрес жүргізіп келді. Немістер мен поляктардың бір бөлігі (азып-тозған ақсүйектер) осы рейхстапта революциялық прогрестің басты тірегі болды. Бұларға оппозицияда болған славян депутаттарының көпшілігі тұтас алғанда өздерінің бүкіл қозғалысының реакциялық тенденция-

ларының осындай ашық көрінісімен ғана тынып қойған жоқ: бұл депутаттардың құлдырағаны соншалық, қулық-сұмдыққа барып өздерінің Прагадағы жиналысын қуып жіберген Австрия үкіметінің өзімен астыртын мәмлеге келе бастады. Сөйтіп, олар өздерінің маскара кылығына лайықты жазасын алды да. Славян депутаттары 1848 жылғы октябрь көтерілісі кезінде үкіметті қолдағаннан кейін үкімет, сайып келгенде, олардың Құрылтай рейхстагында көпшілік болуын қамтамасыз етті, осы — қазір енді өңкей дерлік славяндық болған — рейхстагты Прага съезі секілдендіріп Австрия солдаттары қуып жіберді, тағы да қозғаламыз деп ойласаңдар түрмеге қамаймыз деп панславистерді қорқытып қойды. Сөйтіп олардың жеткені мынадай ғана жағдай болды: славян ұлты енді барлық жерде Австрияның орталықтануымен мүжілуге айналды — осылардың бәріне олар өздерінің фанатизмі мен кеуде соқырлығының салдарынан душар болды.

Егер Венгрия мен Германия шекараларында күдік келтірерліктей бірер себеп болса, мұнда да жанжал сөзсіз лап ете түскен болар еді. Бірақ сәті келгенде бұған ешбір сылтау бола қоймады, сөйтіп мүдделері тығыз байланысты болған екі ұлт та бірыңғай ортақ жауға қарсы — австриялық үкімет пен панславистік фанатизмге қарсы күрес жүргізді. Игі келісім мұнда қай сәтте болса да бұзылған жоқ. Алайда итальяндық революцияның нәтижесінде, ең болмағанда Германияның бір бөлігі өзара соғысқа араласып кетті, және бұл жерде — меттерниктық системаның қоғамдық сана-сезімнің дамуына қаншалықты кедергі жасай алғанын дәлелдейтін мына жәйтті атап өту қажет. — 1848 жылдың алғашқы алты айы бойы Венадағы баррикадаларда шайқасқан адамдардың нақ өздері енді итальяндық патриоттарға қарсы соғысып жатқан армия қатарына өз ынтасымен барып қосылды. Бірақ бұл өкінішті адасушылық ұзаққа созылған жоқ.

Ақырында, Шлезвиг пен Гольштейн үшін Даниямен соғыс жүріп жатты. Ұлты, тілі мен халқының ниеттестігі жағынан сөзсіз немістік бұл облыстар сонымен бірге әскери, теңіз және сауда тұрғысынан да Германияға қажет болды. Бұл облыстардың тұрғындары соңғы үш жыл бойы даниялықтардың басқыншылығына қарсы табанды күрес жүргізді. Сонымен қатар, шарттарға негізделген право да осылардың жағында болды. Март революциясы оларды даниялықтармен ашықтан-ашық жанжалға қиліктірді де Германия оларды қолдады. Бірақ ол кезде Польшада, Италияда, Богемияда, ал кейіннен Венгрияда соғыс операциялары мейлінше қауырт жүргізілсе, бірден-бір жұртшылық қолдаған, аздап болса да революциялық бұл соғыста пайдасыз маршруттар мен контрмарштар жүйесі қолданылды, бұған тіпті шет елдер дипломатиясының араласуына жол берілді, мұның өзі көптеген ерлік шайқастардан кейін барлық істі нағыз мүшкіл

халге апарып соқтырды. Осы соғыс кезінде неміс үкіметтері әрбір оңтайы келгенде Шлезвиг — Гольштейннің революциялық армиясын сатып кетіп отырды, сөйтіп, оның армиясы бейқамдық жасап немесе бөлшектеніп қалған шақта даниялықтарды оны жойып жіберуіне қасақана мүмкіндік беріп жүрді. Неміс волонтерлер отрядтарына да тап осындай зобалаң туғызылды.

Алайда неміс есімі жаппай жек көрінішті болудан басқа ештеңе таппаған осындай кезде немістің конституциялық және либералдық үкіметтері қуана құлшынып отырды. Оларға поляктар мен чехтардың қозғалысын басудың сәті түсті. Олар барлық жерде де осы кезге шейін немістердің, поляктардың және италияндықтардың қандай бір болса да келісімге келіп, бірлесіп қимыл-әрекет етуіне кедергі жасап келген ескі ұлттық өшпенділікті қоздырды. Олар жұртшылықтың бойын азамат соғысының оқиғаларына, әскерлердің қуғын-сүргініне үйретіп тастады. Пруссия армиясы Польшада және Австрия армиясы Прагада өз күштеріне сенімін қайтадан күшейтті. Шамадан тыс патриоттық шабыт билеген («die patriotische Überkraft» — Гейненің айтқанындай*) революцияшыл, бірақ алды-артын аңдамайтын жастарды жау оғына ұшырып құрбан ету үшін Шлезвиг пен Ломбардияға жөнелтті, — дәл осы кезде Австрияның да, Пруссияның да нақты құралы болған тұрақты армияларға жат жұртты жеңіп, жұртшылықтың көзіне түсуіне мүмкіндік берді. Бірақ, қайталап айтарымыз: неғұрлым батыл партияға қарсы құрал ретінде пайдаланбақ болып, либералдар күшейткен әлгі армиялар өз күштері мен тәртібіне сенімдерін біршама қалпына келтірісімен-ақ қаруларын сол либералдардың өздеріне қарсы кезеп, өкімет билігін ескі системаның өкілдеріне қайырып берді. Радецкий Адидже өзені тұсындағы өз лагерінде Венадағы «жауапты министрлердің» алғашқы бұйрықтарын алған шағында былай деп таңданды: «Бұл министрлер кімдер? Бұл австриялық үкімет емес! Австрия енді менің лагерімде ғана өмір сүруде; мен және менің армиям — Австрия міне осы; италияндарды талқандағаннан кейін, императорға империяны жаулап алып береміз!» Радецкий шалдың айтқаны дұрыс еді. Алайда Венадағы мисыз — «жауапты» министрлер оған көңіл аудармады.

Лондон, февраль 1852 ж.

* Гейне. «Түнгі күзетшінің Парижге келуіне» («Осы заманғы жырлар» циклынан). Ред.

X

ПАРИЖ КӨТЕРІЛІСІ.
ФРАНКФУРТ ЖИНАЛЫСЫ

1848 жылғы апрельдің басында-ақ революциялық тасқын бүкіл Европа континентінде қоғамның алғашқы жеңістерден пайда тапқан таптарының жеңілгендермен дерсу жасасқан одағы арқылы тоқтатылды. Францияда ұсақ буржуазия мен буржуазияның республикалық фракциясы пролетариатқа қарсы монархиялық буржуазиямен бірікті. Германия мен Италияда жеңіп шыққан буржуазия халық бұқарасы мен ұсақ буржуазияға қарсы феодалдық дворяндардың, мемлекеттік бюрократия мен армияның қолдауына жетуге тырысты. Бірлескен консервативтік және контрреволюциялық партиялар көп кешікпей қайтадан үстемдік алды. Англияда мезгілсіз болған және нашар дайындалған халық демонстрациясы (10 апрельдегі) қозғалыс партиясының толық және күйрей жеңілуімен аяқталды¹⁷⁷. Франциядағы осындай екі көтеріліс те (16 апрельдегі¹⁰⁹ және 15 майдағы¹⁰⁸) сәтсіздікпен аяқталды. Италияда король-бомба* 15 майда бір соққымен өзінің билігін қалпына келтірді¹⁷⁸. Германияда буржуазиялық әр түрлі жаңа үкіметтер мен олардың құрылтай жиналыстары өз жағдайларын нығайтып алды, оқиғаларға бай 15 май күні Венада халықтың жеңісімен аяқталғанымен де Венадағы бұл оқиғаның екінші дәрежелі ғана маңызы болды және ол халық жігерінің соңғы рет ойдағыдай бұрқ етуі болып саналмақ. Венгриядағы қозғалыс заңдылықтың мүлтіксіз сақталуымен қалыпты арнасына түскен сияктанса, ал поляктар қозғалысы, бұдан бұрынғы бір мақаламызда атап өткендей, жана бастала бергенде-ақ прусс найзасымен басылып тасталған-ды. Алайда, мұның бәрі істің жайы ақыр аяғында қалай айналып соғатынын алдын ала тиянақты шешіп бере алмады, революциялық партиялардың әр елде айрылып жатқан әр қадам жері тек оларды батыл қимыл жасау үшін өз қатарын тығызырақ топтастыруға итермеледі.

Ондай батыл қимылдар жақындап келе жатты. Оның Францияның бір өзінде ғана лап беруі мүмкін еді: Шынында да, Англия әзірше революциялық күреске қатыспай тұрғанда, ал Германия бөлшектелген күйі қалғанда, Франция өзінің ұлттық дербестігі, цивилизациясы мен орталықтануы аркасында айналасындағы елдерді қуатты дүмпулер жасауға итермелейтін бірден-бір ел болды. Сондықтан да, 1848 жылғы 23 июньде⁴¹ Парижде қанды күрес басталған шақта телеграф немесе почта арқылы берілген әрбір жаңа хабар бұл күресті бір жағынан жү-

* — II Фердинанд. *Ред.*

мысшылар бұқарасы, екінші жағынан армияның қолдауымен Париж жұртшылығының барлық басқа таптары өзара жүргізіп жатқан факті екенін Еуропаның көз алдында барған сайын айқын ашып көрсетті; осы заманғы азамат соғыстарының тарихында естілмеген кескілескен шайқастар екі жақтағы лагерге де ешқандай елеулі табыссыз бірнеше күнге созылған кезде мұның өзі егер көтеріліс жеңетін болса бүкіл континентті революцияның жаңа толқынымен шарпитын, ал көтеріліс жеңілген жағдайда кем дегенде контрреволюциялық тәртіптің уақытша қалпына келтірілуіне әкеп соқтыратын ұлы, шешуші шайқас екені кімге болса да айқын болды.

Париж пролетарларының талқандалып, қансырағаны, жаншылып тасталғаны соншалықты, тіпті олар қазірдің өзінде де сокқыдан есін жиған жоқ. Осының ізінше бүкіл Еуропада жаңа және ескі консерваторлар мен контрреволюционерлердің арсыздықпен бас көтергені соншалықты, мұның өзі олардың болып өткен оқиғаның маңызын қаншалықты жақсы түсінгенін дәлелдеп берген арсыздық болды. Барлық жерде де баспасөз қуғынға ұшырады, жиналыстар өткізу мен одақтар құру праволарына шек қойылды; қайсы бір провинциялық шағын қалашықта болған әрбір болмашы оқиғаны халықты қарусыздандырып, қоршау жағдайын жариялау үшін, сөйтіп әскерлерді Кавеньяк ұсынған жаңа маневрлер мен тәсілдерге үйрету үшін сылтау ретінде пайдалана бастады. Сонымен бірге, февральдан бергі уақыт ішінде үлкен қалада халық көтерілісі жеңілмейді дегеннің бос қиял екендігі тұңғыш рет дәлелденді; армияның абыройы қалпына келтірілді; бұған дейін көше бойындағы азды-көпті елеулі ұрыстардың қай-қайсысында болсын әрқашанда жеңіліп қалатын әскерлердің мына тәріздес күрес жүргізу де қолынан келетініне сенімі қайтадан артты.

Германияның ескі феодалдық-бюрократтық партиясының алғашқы нақты қадамдары мен айқын жоспарларының өзі Париж жұмысшыларының осы жеңілісі кезінен басталады, ал бұл қадамдар мен жоспарлар, тіпті, партияның уақытша одақтасы — буржуазиядан құтылып, март оқиғаларына дейін Германияда болып келген жағдайды қалпына келтіруге бағытталды. Армия тағы да мемлекеттегі шешуші күшке айналды және армия буржуазияның емес, нақ осы партияның қолында болды. Тіпті 1848 жылдың қарсаңында төменгі офицерлердің бір бөлігі арасында конституциялық тәртіпке іш тарту күшті болған Пруссияның өзінде армия ішіне революция әкелген тәртіпсіздік пікір таластыруға бейім тұратын жас жігіттерді қайтадан әскери борыштарын адал атқаратын етті. Қатардағы солдаттар тарапынан офицерлерге қарсы сәл де болса еркін мінез байқала қалуы мұн екен, офицерлер тәртіптің және сөзсіз бағынудың қажеттігін бірден айқын сезді. Жеңілген дворяндар мен бюрократтар не істеу

қажеттігін енді түсіне бастады. Қай кездегіден болса да анағұрлым топтасқан, ұсақ көтерілістерді басу кезінде, сол сияқты шет елдердегі соғыс қимылдары кезінде жеңістерге мерейленген армияны, француз солдатсымақтарының жуырда ғана қолы жеткен зор даңқ секілді даңққа жетуге құмар армияны халықпен ұсақ жанжалдарға ұдайы киліктіріп отыру ғана керек болды, ал бұл армия шешуші минутта күшті бір соққымен революционерлерді жойып жіберіп, буржуазиялық парламентарийлердің асқақтаушылығына тыйым сала алатын еді. Осындай шешуші соққы беру үшін қолайлы сәт көп кешікпей түсті де.

Біз Германияның әртүрлі партиялары жаз бойы әуестенген кейде ынта қоярлықтай, бірақ көбінесе іш пыстырарлық болып келетін парламенттік айтыстар мен жергілікті жанжалдарды есепке алмаймыз. Буржуазиялық мүдделерді қорғаушылардың көпшілігі бірде-біреуі ешқандай практикалық нәтиже бермеген көптеген парламенттік жеңістеріне қарамастан, жалпы алғанда қарама-қарсы партиялар аралығындағы өз жағдайларының барған сайын тұрақсызданып бара жатқанын сезе бастағанын айту жеткілікті; сондықтан олар бүгін реакционерлермен одақтасуға, ертеңіне неғұрлым демократияшыл партияларды өзіне тілектес ету үшін оларға жауақтауға мәжбүр болды. Осындай үнемі ауытқушылық қоғамдық пікірдің көз алдында олардың беделін біржолата түсірді, содан істің одан әрі өріс алуына қарай, олардың өздерін өздері жұртқа жек көрінішті етуі осы сәтте ең алдымен бюрократтар мен феодалдарға тиімді болды.

Күзге таман әртүрлі партиялар арасындағы қарым-қатынас шегіне жете шнеленісті және оның ұшқыны соншалықты, батыл шайқастың басталуы сөзсіз болып қалды. Демократияшыл және революцияшыл бұқараның армияға қарсы осы соғысындағы алғашқы шайқас Франкфуртта болды. Бұл қақтығыс онша маңызды болмаса да, әскери күш мұнда көтерілістен тұңғыш рет азды-көпті елеулі басымдығын көрсетті, мұның өзі моральдық жағынан орасан зор әсер етті. Пруссия толық түсінікті себептермен Франкфурт Ұлттық жиналысы құрған желеу үкіметтің Даниямен бітім жасауына мүмкіндік берді, бұл бітім шлезвигтік немістерді даниялықтардың өш алуына беріп қана қоймай, сонымен қатар жалпы ұғымға сәйкес Даниямен соғыстың негізі болып саналатын азды-көпті революциялық принциптерді толығымен жоққа шығару болды. Франкфурт жиналысы екі не үш дауыс басымдықпен ол келісімді бекітпей тастады. Осы дауыс беруден кейін оған министрлік дағдарысының комедиясы ұласты, бірақ содан үш күннен кейін Жиналыс өз шешімін қайта қарап, оны іс жүзінде бұзуға, келісімді тануға мәжбүр болды. Бұл сорақы әрекет халық арасында ашу-ыза тудырды. Баррикадалар құрылды, алайда Франкфуртка бұл кезде жеткілікті әскер әкеліп қойылған еді, сондықтан алты сағатқа созылған шайқас-

тан кейін көтеріліс басылды. Осы оқиғаға байланысты бұдан маңызы кемдеу болса да осындай толқулар Германияның басқа да бөліктерінде (Баденде, Кельнде) болды, бірақ олардың барлығы да нақ сол тәрізді басып тасталды.

Алдын ала болған бұл қактығыс контрреволюциялық партияға аса зор бір пайда келтірді, оның мәнісі ең болмағанда сырттай қарағанда болсын түгелдей халықтық сайлаудан шыққан бірден-бір үкімет,— атап айтқанда Франкфурттағы империя үкіметі, тап сол сияқты франкфурттық Ұлттық жиналыста халықтың көз алдында бедел дегеннің бәрінен жүрдай болды. Бұл үкімет және әлгі Жиналыс өз еркін білдірген халыққа қарсы солдат найзасын жұмсауға мәжбүр болды. Олар беделден айрылды, және сыйлауға тұрарлық правосы осы уақытқа дейін қанша аз болса да өзі шыққан тегінен осы бас тартуы, халыққа дұшпан үкіметтермен олардың әскерлеріне осыншалық тәуелді болуы енді императорлық регентті, оның министрлері мен депутаттарын мүлдем жоққа шығарды. Осы қауқарсыз қиялышылдар тобыры тарапынан тараған әрбір бұйрықты, әр өтініш пен депутаттар өкілдігін алғашында Австрия, оның соңынан Пруссия, содан кейін ұсақ мемлекеттер де қандай жиіркенішпен қарсы алғанын көп кешікпей көреміз.

Біз қазір Германияда француздардың июнь шайқасы тудырған қуатты үнге жақындап келеміз, Франция үшін Париждегі пролетарлық күрестің маңызы қандай болса Германия үшін шешуші маңызы сондай болған оқиғаға жақындап келеміз. Біз көтерілісті және одан кейін 1848 жылғы октябрьдегі Венада болған штурмдарды айтып отырмыз. Бірақ ол күрестің маңызы зор болғаны соншалық, ал екінші жағынан оның аяқталуына неғұрлым тікелей ықпалын тигізген әртүрлі жағдайларды түсіндіру «Тribune»-де көп орын керек ететіндігі соншалық біз бұл тақырыпты баяндауға жеке мақала арнауға мәжбүр болдық.

Лондон, февраль 1852 ж.

XI

ВЕНА КӨТЕРІЛІСІ

Біз қазір шешуші оқиғаға жақындап келеміз, Германиядағы бұл революциялық оқиға Париждегі июнь көтерілісіне тұспа-тұс болды, оның өзі бір соққымен таразының басын контрреволюциялық партия жағына: 1848 жылғы октябрьдегі Вена көтерілісіне бұрды.

Біз 13 марттағы жеңістен кейін Венадағы әртүрлі таптардың позициялары қандай болғанын көрдік. Сол сияқты біз немістік Австриядағы қозғалыстың Австрияның неміс емес провинцияларындағы оқиғалармен қалай астасқанын және олардың қозғалысқа қалай бөгет жасағанын көрдік. Демек, енді бізге неміс-

тік Австрияда соңғы және ең қаһарлы көтеріліске апарып соқтырған себептерге қысқаша шолу жасау ғана қалып отыр.

Меттернихтық тәртіптің ресми емес басты тірегі болған жоғары мәртебелі дворяндар мен финанс буржуазиясы, тіпті март оқиғасынан кейін де үкіметке баяғыша шешуші ықпал жүргізе берді, мұнда олар сарайды, армия мен бюрократияны ғана емес, сонымен бірге буржуазия арасында тез тараған «анархия» алдында туған үрейді де көбіне көп пайдаланып қалды. Олар аушайды байқау үшін көп кешікпей баспасөз туралы заң¹⁷⁹, аристократтық буалдыр конституция¹⁸⁰ мен «элеуметтік текке» ежелгі бөлуді негізге алған сайлау заңы¹⁸¹ сияқты бірнеше заң шығарып көрді. Қорқақ әрі қолынан іс келмейтін жартылай либерал бюрократтардан құралған конституциялық министрлік деп аталатынның тіпті 14 майда ұлттық гвардия мен Академиялық легионның¹⁸² делегаттарынан құрылған Орталық Комитетті таратып, үкіметті бақылау үшін және қажет бола қалған шақта халық күшін оған қарсы көтеру үшін әдейі құрылған осы ұйымды таратып жіберіп, бұқараның революциялық ұйымдарына тікелей шабуыл жасауға батылы барды. Бірақ бұл әрекет 15 май көтерілісін тугызды, ол көтеріліс үкіметті Комитетті тануға, Конституция мен сайлау заңын жоюға, жаңа негізгі заң жасау уәкілдігін Құрылтай рейхстагына беруге мәжбүр етті, ал Құрылтай рейхстагы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайлануға тиіс болды. Осының бәрі императордың ертеңінде жарияланған прокламациясында тұжырымдалды. Алайда министрлікте өз өкілдері болған реакциялық партия көп ұзамай «либералшыл» әріптестерін желіктіріп халықтың жеңісіне жаңадан қол сұқтырды. Академиялық легион қозғалыс партиясының тірегі, ұдайы жүргізілетін үгіттің орталығы болды, міне, сондықтан да оны Венаның самарқау бюргерлері жек көрді. 26 майда министрліктің бұйрығымен ол таратылып жіберілді. Егер бұйрықтың орындалуы ұлттық гвардия бөлімдеріне ғана тапсырылса бұл соққының жеңіске жетуі ықтимал еді, бірақ бұл гвардияға да сенбеген үкімет әскерді ұрысқа қосты, ал ұлттық гвардия бірден жалт бұрылып, Академиялық легионға қосылды да сонымен министрліктің жоспарын бұзып жіберді.

Ал бұл екі арада император*, тіпті, 16 майда-ақ өзінің сарайымен Венаны тастап, Инсбрукке қашқан-ды. Мұнда өз елдеріне сардиниялық-ломбардиялық армияның басып кіруі қаупінің ықпалымен адал бағынышты сезімдері жаңа күшпен оянған фанатик тирольдықтардың ортасына келіп Инсбруктен зенбірек оғы жетерліктей жақын маңда тұрған Радецкийдің армиясына сүйенген контрреволюциялық партия өзіне баспана тапты, бақылау мен қадағалау атаулыдан, қауіп атаулыдан құтылған ол осы жерде өзінің бытырап кеткен күшін жинап, бүкіл елді өзі құр-

* — I Фердинанд. *Ред.*

ған қулық, сұмдық торына шырмай алатын еді. Радецкиймен, Елачичпен және Виндишгрецпен, сол сияқты түрлі провинциялардың әкімшілік қызметтерінің сенімді адамдарымен байланыс қалпына келтірілді, славяндардың көсемдерін алдап-арбау басталды; сөйтіп контрреволюцияшыл сұрқиялардың қолына шынайы күш жиналып қалды, ал Венадағы дәрменсіз министрлер бұл кезде өздерінің қысқа мерзімді және болмашы беделін революцияшыл бұқарамен үнемі шайқасуға, Құрылтай рейхстагының алдағы айтыстарына қатысуға жұмсап азайтып алуға мәжбүр болды. Сонымен астанадағы қозғалыстың уақытша өз бетімен өрістеуіне мүмкіндік беретін саясат, орталықтанған және бір текті Франция тәрізді елде қозғалыс партиясын орасан қуатты ететін саясат,— мұнда, Австрияда, саяси жағынан қырық құрау болып жатқан жерде, реакцияшыл күштерді қайта құру үшін ең дұрыс құралдардың бірі болды.

Венада сарай қатарынан үш мәртебе жеңіліске ұшырағаннан кейін және жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде тіршілік етіп отырған Құрылтай рейхстагы тұрғанда енді сарай партиясы сияқты жаудан қауіптенбесек те болады деп сенген буржуазия күшті күйзелістен кейін және соның зардабынан күнделікті тіршілікке берекесіздік кіргеннен кейін әрқашанда бұл тапты жайлайтын шаршағандық пен енжарлыққа бой ұруға, тәртіп пен тыныштықты аңсаған мәңгі құштарлыққа барған сайын неғұрлым беріле түсті. Австрия астанасының өнеркәсібі сәндік бұйымдар шығарумен ғана шектелді десе болады, ал революция кезеңінен бастап және сарай иелері қашқаннан кейін оларды қажетсіну, әрине, күрт азайып кетті. Басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесін қалпына түсіруге және сарай иелерін қайтып оралуға шақырған әуен енді буржуазияны түгел қамтыған әуенге айналды,— осының екеуі де сауданы қайтадан өркендетер деген үміт болды. Июльде Құрылтай рейхстагының ашылуы революциялық дәуірдің ақыры ретінде қуанышпен қарсы алынды. Сарайдың қайтып оралуы да тап осылай құттықталды, ол Радецкийдің Италиядағы жеңістерінен кейін және өкімет басына Добльхофтың реакцияшыл министрлігі келгеннен кейін халық тегеурінінен қорықпайтындай күшім бар деп сезінді, сонымен қатар, сарай рейхстагта көпшілік болып отырған славяндарды алдап-арбай бастауын ақырына дейін жеткізу үшін өзінің Венада болуын қажет деп есептеді. Құрылтай рейхстагы шаруаларды феодалдық бұғаудан және дворяндарға зорлықпен еңбек етуден босату туралы заңдарды талқылап жатқан кезде сарай айлалы маневрді ойдағыдай жүзеге асырды. Императорға 19 августа ұлттық гвардияға байқау өткізу ұсынылды: императордың туыстары, сарай адамдары, генералдар қарулы бюргерлерді дәріптеу жағынан бір-бірімен бәсекеге түсті, ал бюргерлер өздерін мемлекеттегі шешуші күштердің бірі есебінде жұртшы-

лық алдында әйгіліміз деп онсыз да дандайсып жүрген-ді. Осыдан кейін дереу кабинеттегі бірден-бір беделді министр Шварцер мырза қол қойған бұйрық шықты, бұл бұйрық жұмыссыздарды бұған дейін алып келген мемлекеттік жәрдемнен айырды. Айла сәтті болды. Жұмысшылар демонстрация жасады; буржуазиялық ұлттық гвардия өз министрінің бұйрығын қостады; ұлттық гвардияшылар «анархистерге» тап берді; олар 23 августа еш қарсылық көрсетпеген қарусыз жұмысшыларға жолбарыша бас салып олардың көпшілігін жұсатып салды. Революциялық жауынгер күштердің бірлігі мен қуаты осылай тойтарылды. Сөйтіп Венадағы буржуазия мен пролетариаттың арасындағы тап күресі де қанды шайқасқа келіп қилікті, контрреволюцияшыл сұрқиялар өздерінің шешуші соққы беретін күнінің жақын қалғанын сезді.

Венгриядағы жағдай көп ұзамай-ақ контрреволюцияшыл сұрқиялардың өз қимыл-әрекеттерінде басшылыққа алмақ болып отырған принциптерін ашық жариялауға сылтау болды. 5 октябрьде ресми «Wiener Zeitung»-те жарияланған, Венгрияның бірде-бір жауапты министрінің қолы қойылмаған император указы венгер сеймінің таратылғанын және Венгрияның азаматтық әрі әскери губернаторы болып оңтүстік славян реакциясының көсемі, Венгрияның заңды өкіметімен ашық соғыс жүргізіп келген адамның, хорват шонжары Елачичтің тағайындалғанын жариялады. Дәл сол кезде Венада тұрған әскерлер жорыққа шығуға және Елачич өкіметінің тірегі болуға тиіс болған армияға қосылуға бұйрық алды. Бірақ бұл олардың қара ниеттерін мейлінше айқын көрсетуді; Венгрияға қарсы соғыстың конституциялық басқару принциптеріне де қарсы соғыс екенін Венадың әрбір тұрғыны жақсы білді. Ол принцип осы указдың өзімен-ақ аяққа басылды, өйткені император жауапты министрдің қолы қойылып бекітілмеген өз жарлығына заңды күш бермек болды. 6 октябрьде Венадың халқы, Академиялық легионы мен ұлттық гвардиясы жаппай көтеріліс жасап, әскерлерді аттандыруға қарсылық білдірді. Кейбір гренадерлер халық жағына шықты; халықтың жауынгер күштері мен әскерлер арасында қысқа қақтығыстар болып қалды; халық соғыс министрі Латурды өлтірді және кешке қарай жеңіске жетті. Ал бұл екі арада Штульвейсенбург* түбінде Перцельден талқаны шығып жеңілген бан Елачич Венаға таяу неміс-австрия территориясына қашты. Оған көмекке келуге тиіс болған Вена гарнизоны оның орнына жаулығын ашық көрсетіп, қорғанысқа дайындалды; император мен сарай тағы да қашуға мәжбүр болды, бұл жолы жартылай славян жері Ольмюцке** барып паналады.

Бірақ сарай Инсбруктегідей емес Ольмюцте мүлдем басқа

* Венгерше аты: Секешфехервар. *Ред.*

** Чехша аты: Оломоуц. *Ред.*

жағдайда болды. Енді оның революцияға қарсы тікелей жорық бастауына мүмкіндігі бар еді. Оның айналасына Ольмюцке топ-тобымен ағылған Құрылтай рейхстагының славян депутаттары мен монархияның жер-жерінен келген энгузнастары жиналды. Олардың ойынша, соғыс жорығы славяндықты қайта қалпына келтіру соғысына және өздері славяндардікі деп есептеп жүрген елге басып кірген келімсектердің екеуіне де — немістер мен мадьярларға қарсы қырғын соғысқа айналуға тиісті-тін. Праганы жаулап алушы, ал қазір Вена маңына жинақталған армияның қолбасшысы Виндишгрец бірден славяндардың ұлттық батыры болып шыға келді. Оның армиясы жан-жақтан ағылып келгендер есебінен өз күшін шапшаң топтастырып жатты. Елачичтің әскері мен Венаның бұрынғы гарнизонына қосылу үшін Богемиядан, Моравиядан, Штириядан, Жоғарғы Австрия мен Италиядан бір полктан соң бір полк Вена бағытына қарай үсті-үстіне ағылды. Сонымен октябрьдің аяғына қарай 60 мыңнан астам адам жиналды, көп ұзамай олар империя астанасын жан-жақтан қоршауға ала бастады, ақыры, 30 октябрьге дейін олардың алға жылжығандары сондай, енді шешуші шабуылға батылдық етуге болатын еді.

Ал бұл кезде Венаны үрей мен абыржу жайлаған еді. Жеміске ие болған соң-ақ буржуазияны «анархистік» жұмысшы табына деген бұрынғы сенімсіздік қайта биледі. Жұмысшылар соның алдында алты апта ғана бұрын қаруланған буржуаның өздерін қалай алдап соққанын және олардың саясатта бүтіндей тайсақ тұрақсыздығын жақсы білгендіктен қаланы қорғауды оларға сеніп тапсырғысы келмеді. Сондықтан жұмысшылар өздеріне қару беруді, дербес әскери ұйымын құруды талап етті. Императорлық деспотизмге қарсы күреске құлшынған Академиялық легион екі таптың өзара келіспеушілігінің шынайы себептерін түсінуге мүлдем қабілетсіз болды және жалпы қалыптасқан жағдайдан туындаған талаптарды ұғып түсіне алмады. Халық арасында да және басшы топтар арасында да айқын ұғым болмады. Рейхстагтың қалдықтары: неміс депутаттары мен бірнеше славяндар — бұлардың революцияшыл поляк депутаттарынан басқалары өздерінің ольмюцтік достарының пайдасына шпиондықпен айналысты — үздіксіз мәжілістер өткізе бастады. Бірақ батыл қимыл жасау орнына олар өздерінің бар уақытын конституциялық заң шеңберінен шықпай-ақ император армиясына тойтарыс беруге бола ма деген мәселе төңірегінде босқа айтысумен өткізді. Рас, Венадағы демократиялық ұйымдардың барлығының дерлік өкілдерінен құрылған Қауіпсіздік комитеті қарсылық көрсетуге әзір еді, бірақ онда комитетті еш уақытта да батыл, жігерлі қимылға жібермейтін бюргерлерден және ұсақ қолөнершілер мен саудагерлерден құралған көпшілік жетекші роль атқарды. Академиялық легион Комитеті қаһар-

мандық қарарлар қабылдап жатты, бірақ жетекшілік ролге тіпті де қабілетті емес еді. Айнала сенімсіздік пиғылмен қоршалған, қарусыз, ұйымдаспаған, ескі тәртіп душар еткен рухани құлдықтан жаңа ғана құтылып келе жатқан, өзінің қоғамдық жағдайын, өзіне қолайлы саясатты әлі ұғына алмайтын, тек соқыр сезіммен аңғаратындай болып енді-енді ғана оянған жұмысшылар өздерін даңғаза демонстрацияларда ғана көрсете алатын еді; оларды қазіргі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңе алады деп күтуге болмайтын еді. Бірақ, революция кезіндегі Германияның барлық жеріндегі сияқты, олар қолына қару тисе-ақ болды, ақырына дейін шайқасуға әзір еді.

Венадағы жағдай осындай болатын. Венаның сыртында — қайта құрылған, Радецкийдің Италиядағы жеңістерімен жігерленген, жақсы қаруланып, жақсы ұйымдасқан, қолбасшыларының қандай кемшіліктері болса да, әйтеуір командирлері бар 60—70 мың адамдай Австрия армиясы тұрды. Венапың өз ішін берекесіздік, таптық қайшылықтар, ұйымсыздық жайлады: ұлттық гвардияның бір бөлегі шайқасқа мүлде қатыспауға ұйғарды, ал екінші бір бөлегі солқылдақтық білдіріп, тек бір шөкім азғантай ғана шоғыры соғысуға әзір болды; пролетарлық бұқара сан жағынан күшті болғанмен, көсемдерінен айрылып қалған, ешқандай саяси әзірлігі жоқ, үрейге де, ешбір себепсіз ашу-ызаға да бірдей бейім, кез-келген жалған лақапқа еретін, соғысқа жүлқынып тұрғанымен, қалай болғанда да алғашқы кезде қарусыз, тек ақыр аяғында ғана оны соғысқа апара жатқанда сәл ғана қаруланып, ештеп ұйымдасқан болған бұқара болатын; дәрменсіз рейхстаг, үйінің төбесін өрт шалып жатқанда, нәзік теориялық мәселелер жөнінде әлі айтысумен күн өткізіп жатты; жетекші Комитетте жігер деген де, қайрат деген де болмады. Март пен май күндерінен бері барлық жағдай өзгеріп кетті, ол кезде контрреволюция лагерін берекесіздік әбден жайлаған еді, ол кездегі бірден-бір ұйымдасқан күш — революция құрған күш болатын. Күрестің қандай нәтижемен аяқталарында ешқандай күмән жоқ болатын, ал енді әлдеқандай бір күмән болса, оны 30,31 октябрь мен 1 ноябрьдегі оқиғалар сөйлітп жіберген еді.

Лондон, март 1852 ж.

ХІІ

ВЕНАҒА ШАБУЫЛ.

ВЕНА ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН САТҚЫНДЫҚ

Ақырында, Виндишгрец армиясы бір жерге шоғырланып алып, Венаға шабуыл жасаған кезде, қорғаныс үшін қарсы қоятын күш бұл мақсатқа мүлде жеткіліксіз болып шықты. Ұлт-

тық гвардияның біраз бөлегін ғана окопқа жіберуге болатын еді. Рас, ақыр-соңында шұғыл түрде пролетарлық гвардия құрылды, бірақ халықтың осынау неғұрлым көп, өжет те жігерлі бөлегін пайдалану әрекеті тым кеш жасалғандықтан, ол ойдағыдай қарсылық көрсету үшін қаруды да, тәртіптің алғашқы нышандарын да жеткілікті игере алмады. Сөйтіп, жақсы жаттыққан, белгілі дәрежеде тәртіпті, ер жүрек және қайрат-жігерге толы 3—4 мың адамдай Академиялық легион, әскери жағынан алып қарағанда, өз ролін ойдағыдай атқара аларлық бірден-бір әскери бөлім болды. Бірақ ұлттық гвардияның азғантай ғана сенімді бөлегімен және қаруланған пролетарлардың бейберекет бұқарасымен қосылғанда, ол не бітіретін еді, Виндишгрецтің саны бұлардан әлдеқайда басым тұрақты әскерлерімен салыстырғанда ол не күш болып жарытатын еді, ал енді бір үйден кейін бір үйді, бір көшеден кейін бір көшені алуға тура келетін бұл тұрғылас соғыс қимылдары үшін өздерінің өмір бойғы дағдысымен өте пайдалы болған Елачичтің қарақшы тобырларын айтпай-ақ қояйық. Виндишгрец аяусыз онды-солды қолданған, өзі көп, әрі не қажеттің бәрімен тамаша жабдықталған артиллерияға жарамсыз болып қалған, жөні бүтін лафеттері мен дұрыс қызметкерлері де жоқ бірнеше ескі зеңбіректер басқа көтерілісшілер қандай қаруын қарсы қоя алатын еді?

Қауіп неғұрлым жақындап төне түскен сайын, Венадағы абыржушылық соғұрлым күшейе түсті. Астанадан не бары бірнеше миль жерде тұрған Перцельдің венгер армиясын көмекке шақыруға Рейхстаг ең соңғы сәтке дейін тәуексел ете алмады. Қауіпсіздік комитеті* өзінің қайрат-жігерінің тасуына немесе, керісінше, бәсеңдеуіне қарай біріне-бірі қайшы келетін қарарлар қабылдап жатты; ал енді оның да, қарулы халық бұқарасының да қайрат-жігерінің бұлайша тасуы не бәсеңдеуі әртүрлі қайшылықты лақаптардың күшеюіне не бәсеңдеуіне байланысты еді. Барлығының ортақ келісімге келген бір ғана пункті — меншікті құрметтеудің зор көлемде етек алғаны сондай, сол кездің жағдайында тіпті күлкілі халге жетті деуге болады. Қорғаныс жоспарын біржола жасап бекіту үшін онша мардымды жұмыс істелмеді. Егер сол кезде Венаны құтқара алатын бір кісі сірә болса, сондай бірден-бір адам, бұған дейін ешкімге мәлім бола қоймаған шетелдік, шыққан тегі славян Бем өзіне көрсетілген жаппай сенімсіздік таукіметінің әсерімен бұл міндеттен бас тартып шықты. Егер ол менікі дұрыс деп тұрып алса, оны опасыз деп жазаға тартулары да мүмкін еді. Көтерілісшілер күшіне қолбасшылық еткен Мессенхаузер, тіпті төмен дәрежелі офицерден де гөрі романист жазушылық қабілеті басымырақ бол-

* Қараңыз, осы том, 336-бет. *Ред.*

гандықтан, өзінің бұл роліне жарамады. Сөйте тұра, халықтық партия революциялық күрестің сегіз айы өткеннен кейін де одан гөрі қабілеттірек әскер басыны өз ортасынан да шығарған жоқ, сырттан да тартқан жоқ. Осындай жағдайда ұрыс басталып кетті. Веналықтардың қорғаныс құралдарының мүлде жеткіліксіздігін және әскери әзірлік пен ұйымның мүлде жоқтығын еске алатын болсақ, олар асқан ерлікпен қарсылық көрсетті. Бемнің қолбасшы кезінде берген: «Позиция бір адам қалғанша қорғалсын» деген бұйрығы көп жерде қалтқысыз орындалды. Бірақ күш жеңді. Императордың артиллериясы ұзын және кең көшелерде, қала шетінің басты-басты күре тамырларында бекінген баррикадаларды бірінен соң біріп талқандап, шайкастың екінші күнінің кешінде-ақ хорваттар Ескі қала қамалының қарсысындағы бірсыпыра үйлерді басып алды. Венгер армиясының әлсіз де берекесіз шабуылы толық сәтсіздікпен аяқталды. Уақытша бітім кезінде, Ескі қаладағы кейбір бөлімдер беріліп, енді бір бөлімдер әрі-сәрі күйде айналаға үрей таратып, ал енді Академиялық легионның қалдықтары жаңа бекіністер әзірлеп жатқан кезде, уақытша бітімнің мерзімі бітпей жатып-ақ, император әскерлері баса-көктеп кірді де, жұрттың жаппай абыржуын пайдаланып, Ескі қаланы лап қойып алды.

Бұл жеңістің ең алғашқы зардаптары: соғыс кезінің заңдары бойынша жасалған аюандықтар, ату-асу жазалары, Венаға айдап салған славян тобырларының адам естімеген қаталдығы мен жауыздығы — мұның бәрі жалпыға аян, сондықтан оны бұл жерде толық баяндап жату қажет емес. Одан кейінгі зардаптары — Вена революциясы жеңілгеннен кейінгі жерде мүлде басқаша бағыт алған герман істері төменде баяндалады. Енді Вена шабуылымен байланысты тағы бір екі пунктті қарап өту қалады. Бұл қаланың екі одақтасы болды — венгрлер мен неміс халқы. Осынау қиын-қыстау сағатта олар қайда еді?

Веналықтар жаңа ғана азаттық алған халықтың кең пейілділігін білдіріп, көтеріліске шыққанын, ал бірақ олардың жоқтап отырғаны — түбінде өздерінің ісі болғанымен, дәл қазіргі кезде ең алдымен және негізінде венгрлердің ісі екендігін біз көрдік. Веналықтар Австрия әскерлерін Венгрияға қарай өткізіп жібергенше, олардың алғашқы, ең тегеурінді шабуылына өздері төтеп беруді артық көрді. Ал енді бұлар осындай ізгілікпен жорыққа аттанып, өз одақтастарына көмек көрсетуге шыққанда, Елачичке қарсы сәтті қимыл көрсеткен венгрлер оны Венаға қарай қуып тастады; сөйтіп өзінің жеңісімен осы қалаға шабуыл жасайтын әскерлерді күшейтіп жіберді. Мұндай жағдайда Венгрияның ақиқат борышы — дереу қолындағы бар күшімен Венада мәжіліс құрып жатқан рейхстагқа емес, Қауіпсіздік комитетіне емес, Венаның басқа қайсы бір ресми органына да емес, *Вена революциясына* көмек көрсету еді. Венаның

Венгрия үшін ең бірінші болып шайқасқа шыққанын Венгрия ұмытып кеткен күннің өзінде, ол өз қауіпсіздігінің мүддесі үшін де мынаны ұмытпауға тиіс болатын: Вена Венгрия тәуелсіздігінің бірден-бір тірек қамалы еді, сондықтан Вена құлағаннан кейін император әскерлерінің Венгрияға шабуылын енді ешнәрсе ұстап тұра алмайтын еді. Венаны қоршап, шабуылдау кезіндегі өздерінің қол қусырып қарап отырғанын ақтау үшін венгрлердің дәлел етпек болған және дәлел еткен де сылтауларының бәрін біз жақсы білеміз: олардың өздерінің де жауынгерлік күші қанағаттанғысыз жағдайда болыпты, Венадағы рейхстаг және басқа барлық ресми органдар оларды көмекке шақырудан бас тартыпты, конституцияның ауқымынан шықпай, орталық герман өкіметімен шиеленіске бармау қажет болыпты. Венгер армиясының қанағаттанғысыз жағдайына келетін болсақ, оның жайы мынадай: Венада революция басталғаннан кейінгі және Елачич келгеннен кейінгі алғашқы күндерде тұрақты әскерсіз де амалдауға әбден болатын еді, өйткені Австрияның тұрақты армиясы бір жерге шоғырланудан тіпті алыс жатыр еді; веналықтармен байланыс жасап, Австрия әскерлерінің шоғырлануын алты ай кешіктіру үшін, Елачичті алғашқы жеңгеннен кейін, сол жеңісті, тіпті, Штульвейсенбург түбінде шайқасып жатқан халық жасағының күшімен болса да батыл түрде тоқтаусыз дамыта берудің өзі жеткілікті еді. Соғыста, әсіресе революциялық соғыста, белгілі бір шешуші жеңіске қол жеткенше шұғыл қимылдап қалу негізгі ереже болып табылады; Перцель веналықтармен кездескенге дейін тоқтамауға тиіс еді деп, біз *таза әскери пікір* негізінде ешбір ойланбастан, кесіп айта аламыз. Әрине, мұның өзі белгілі дәрежеде қатерлі де еді, ал бірақ ешбір қатерге тәуекел етпей, кім қай уақытта қандай шайқаста жеңіске жеткен екен? Он екі миллион венгрлерді бағындыру үшін жасақталған әскери күшті өзіне қарай аударғанда, Венаның төрт жүз мың халқы қатерге басын байламап па екен? Венгрлердің анысын андайтын позиция ұстап, австриялық әскерлердің басы қосылғанша күтіп отырғаны, содан кейін Швехат түбінде солқылдақ демонстрация жасап, күткендей-ақ, маскара жеңіліске ұшыраған әскери қатесі,— осы бір ғана әскери қатенің өзі сілікпесі шыққан Елачич қаракшыларына қарсы Венаға батыл шабуыл жасаудан әлдеқайда қатерлі екені сөзсіз еді.

Бірақ венгрлердің мұндай шабуылы белгілі бір ресми органның тарапынан мақұлдау таппаған жағдайда герман территориясына қол сұққандық болатын еді де, Франкфурттағы орталық өкіметпен арада шиеленіс туғызатын еді және, ең алдымен, венгрлер өздерінің қозғалысына күш беріп отырған жария, конституциялық саясаттан бас тартқан болып шығатын еді, деушілер бар. Ал бірақ Венадағы ресми органдарда қуыс қурайдай қауқар жоқ еді ғой! Рейхстаг немесе басқа қайсы бір

демократиялық комитеттер Венгрияны қорғауға көтерілді ме? Венгрияның тәуелсіздігі жолында ең алғашқы шайқасқа шығу үшін қолына қару алған жалғыз Венаның халқы ғана емес пе еді? Әңгіме Венадағы белгілі бір ресми органға көмек көрсету қажеттігі жайында болған жоқ: бұл органдардың барлығы революцияның даму барысында тоңқалаң асуы ықтимал еді және көп ұзамай солай болды да,— жоқ, әңгіме тек қана революцияның өзін өрге бастыра беру туралы, халықтық қозғалысты үздіксіз өрістете беру туралы болды; Венгрияны жаудың басқып-шымығынан құтқара алатын тек сол ғана еді. Вена мен жалпы немістік Австрия ортақ жауға қарсы күресте венгрлердің одақтасы болып отырғанда, әлгі революциялық қозғалыс болашақта қандай формаларда болуы мүмкін деген мәселе венгрлерге емес, веналықтардың өзіне ғана қатысты мәселе еді. Бірақ осы жерден бір сұрақ туады: венгер үкіметінің әлде қандай бір жалған жария санкция алуға мұншалықты құштар болған тілегін өте бір күдікті заңдылықтан дәмеленудің алғашқы айқын белгісі деп ұғуға болмас па екен; мұндай дәмелену, рас, Венгрияны құтқарып қалмағанымен, оның есесіне, кейінірек кезде, не қылғанмен де, ағылшынның буржуазия қауымына едәуір жап-жақсы әсер етіп қалды.

Әрі қарай, Франкфурттағы орталық неміс өкіметімен жанжалға келіп қалуымыз ықтимал еді деген дәлел де мүлдем негізсіз еді. Венада контрреволюция жеңгеннен кейін Франкфурт билеушілері іс жүзінде құлатылған болатын; ал енді революция өз жауларына соққы беру үшін ол жерден қажетті көмек таба алған күнде де олар құлатылатын еді. Ақырында, Венгрия заң мен конституцияның ауқымынан шықпауға тиісті еді деген сорақы дәлел, әрине, британ фритредерлеріне¹⁸³ өте ұнауы мүмкін, бірақ тарих оны еш уақытта қанағаттанарлық деп таппайды. Айталық, 13 март және 6 октябрь күндері веналықтар «заңды, конституциялық» құралдарды қолданды дейік. Сонда «заң мен конституция» ауқымындағы қозғалыстың тағдыры, цивилизациялы дүниенің назарын тұңғыш рет Венгрияға аударған даңқты шайқастардың нәтижесі не болатын еді? Венгрлердің айтуынша, олар 1848 және 1849 жылдары тапжылмастан берік ұстадық дейтін заңды, конституциялық негіз 13 мартта Вена халқының нақ сондай барып тұрған заңсыз, конституцияға жатпайтын көтерілісі арқылы жеңіп алынған болатын. Бұл жерде венгер революциясының тарихын қарастырып жату біздің міндетімізге кірмейді, бірақ мынаны атап өткеніміз жөн сияқты: мұндай тақуалықты келемеж ететін жауға қарсы күрестің тек заңды құралдарын ғана қолдану тіпті де дұрыс емес, сонан соң осындай заңдылыққа қашаннан бергі әуестік болмаса, соны Гёргей пайдаланып кетіп, Венгер үкіметінің өзіне қарсы қолданбаған болса, Гёргей армиясының өз генералына

бағынуы мен Вилагош түбіндегі маскара апат¹⁸⁴ мүмкін болмаған болар еді. Сонсоң 1848 жылғы октябрьдің соңғы күндерінде венгрлер өздерінің намысын қорғау үшін, ақыр аяғында, Лейтадан кешіп өткенде, мұның өзі де нақ сол дереу, батыл шабуыл сияқты заңсыз қимыл емес пе еді?

Бізде Венгрияға ешқандай өш-қасты сезім жоқ екені мәлім. Күрес кезінде біз оны жақтап шықтық; венгрлердің ісі Германияда көпке мәлім болуы үшін біздің газет «Neue Rheinische Zeitung»⁶², басқалардың қай-қайсысынан болса да көбірек ықпал етті деп айтуға біздің толық хақымыз бар; біздің газет мадьярлар мен славяндардың арасындағы күрестің сипатын түсіндірді, венгер соғысына сериялы мақаламен үн қосты; ал бұл мақалалар осы тақырыпқа жазылған кейінгі кітаптардың барлығында, оның ішінде венгрлердің өздері мен «көзімен көргендердің» снбектерінде де түгелдей қайталанып шықты. Болашақта Европа континентінде қандай сілкініс бола қалса да Венгрия Германияның табиғи және қажетті одақтасы болады деген пікірді біз қазірде де қуаттаймыз. Бірақ біз өз отандастарымыз жөнінде барынша қатаң болғандықтан, өзіміздің көршілестеріміз жөнінде де өз пірікімізді еркін білдіруге хақылымыз. Сонымен қатар, бұл арада фактілерді тарихшының әділдігімен тізбектей келіп, мынаны айтуға тиістіміз: осынау некен-саяқ жағдайда Вена халқының кеңпейіл ерлігі венгер үкіметінің кібіртік жалтақтығынан анағұрлым ізгілікті ғана емес, әлдеқайда көреген де болып шықты. Әрі қарай, біз, немістер, былай деп мәлімдесек, ешкім теріс дей алмас: Венгрияның осындай ұлы істер тындыра аларлық армия құруына уақыт берген өз отандастарымыздың — веналықтардың стихиялық түрде туған, томаға тұйық көтерілісі мен қаһармандық қарсылығын біз венгер науқанының жарқылдақ жеңістері мен даңқты шайқастарының бәріне айырбастамас едік.

Венаның екінші одақтасы неміс халқы еді. Бірақ ол барлық жерде де веналықтар сияқты күреске тартылған болатын. Франкфурт, Баден, Кёльн соның алдында ғана жеңіліске ұшырап, қарусыздандырылды. Берлин мен Бреславльде* халық пен әскер бірімен бірі әбден жауығып алып, бүгін-ертең ашық қақтығысқа түскендей жағдайда отыр еді. Қозғалыстың жергілікті орталықтарының барлығында да жағдай осындай болатын. Тек қарудың күшімен ғана шешілетін мәселелер барлық жерде бірдей ашық қалды. Міне дәл осы тұста Германияның ескі бытыраңқылығы мен бір орталыққа бағындырылмай келгендігінің кесепатты салдары алғаш рет барынша айқын көрінді. Сан алуан мәселелер әрбір мемлекетте, әрбір провинцияда, әрбір қалада шындығына келгенде бірдей болды; бірақ әр жерде олар әртүрлі

* Полякша аты: Вроцлав. *Ред.*

формада, әртүрлі жағдайда көрініп, әр жерде әртүрлі дәрежеге жетіп отырды. Сондықтан, Венадағы оқиғалардың шешуші маңызы бар екені барлық жерде де сезілгенімен, веналықтарға көмегі тиерліктей слеулі соққы беруге немесе соларға пайда келтірерліктей диверсия жасауға ешбір жерде мүмкіндік болмады. Сөйтіп, Франкфурттағы парламент пен орталық өкіметтен басқа ешкім көмектесе алмады. Жұрттың бәрі соларға жалбарынды. Ал сонда олар не істеді?

Франкфурт парламенті және оның ескі Одақтық сейммен қылмысты байланысынан дүниеге келген орталық өкімет атты жетесіз Вена қозғалысын пайдаланамыз деп, өздерінің мейлінше дәрменсіздігін көрсетіп алды. Бұл жексұрын Жиналыс, біздің көргеніміздей, өзінің пәктік тазалығын баяғыда-ақ құрбан еткен болатын және, уыздай балғын жастығына қарамастан, сөзуар, жалған дипломатиялық жезөкшеліктің барлық кулық-сұмдығына әбден төселіп, сонымен шашын ағартып үлгірген еді. Германияның күш-қуаты жөніндегі, оның қайта өрлеуі және бірігуі жөніндегі Жиналыстың өмір сүре бастаған алғашқы күндерінде бойын билеген барлық қиял-армандардан ендігі бар қалғаны: оңтайлы келген жерде-ақ қайталана берген тевтондық даурықпа сөзбен әрбір жеке депутаттың өз қара басының қадір-қасиетінің молдығына, ал қалың қауымның нанғыштығына кәміл сенімі ғана еді. Алғашқы анқаулық сейілді; герман халқының өкілдері епті адамдар болып алды, басқаша айтқанда, олар өздері іспен неғұрлым азырақ айналысып, неғұрлым көбірек мылжыңдайтын болса, Германияның тағдырын шешуші ретіндегі өз жағдайлары соғұрлым мықты болады деген сенімге келді. Әрине, бұдан олар өз мәжілістерін мүлде керексіз деп есептеді деген мағына тумайтын еді — қайта бұған керісінше болды. Бірақ олар мынадай жаңалық ашты: шын мәнісіндегі ірі мәселелердің барлығы — бұлар үшін тыйым салынған сала екен, сондықтан ол саладан аулағырақ болған дұрыс екен. Міне сондықтан олар цивилизациялы дүниенің барлық бөліктерінде әлдеқашан орныққан теориялық догмаларды немесе іс жүзінде ешқашан ешқандай нәтиже бере алмайтын соншалықты келеңсіз практикалық мәселелерді баяғы құлдырау заманындағы Империяның византиялық оқымыстылар тобыры секілді, ақыраяғында өздері душар болған жағдайға әбден лайықты маңғаздықпен, ыждағатпен талқылады. Сөйтіп, Жиналыс өзінше бір ланкастер мектебі¹⁸⁵ сияқты бірдене болып шыққандықтан, ал енді ондағы депутаттардың бірін-бірі оқытуы үшін мұның өзі өте маңызды болғандықтан, әлгі депутаттар Жиналыстың істеп отырған ісі неміс халқының күткенінен әлдеқайда маңызды деген кәміл сенімде болды, сондықтан да Жиналыстан қандай бір нәтижеге жетуді талап еткен ұятсыздардың барлығын олар отанның опасыздары деп есептеді.

Вена көтерілісі бұрқ ете қалған кезде, ол толып жатқан сұрақтар, жарыссөздер, ұсыныстар мен түзетулер туғызды, бірақ олардың бірде-бірі, әлбетте, ешқандай нәтиже берген жоқ. Сондықтан Орталық өкімет араласуға тиісті еді. Ол Венаға екі комиссарын — бұрынғы либерал Велькер мырза мен Мосле мырзаны жіберді. Герман бірлігін жоқтап шыққан бұл екі жинангез серінің қаһармандық ерліктері мен таңғажайып хикаяларының қасында Дон-Кихот пен Санчо Пансаның бастан кешкендері нағыз одиссея болып көрінеді. Бұл екі мырза Венаға аттануға бата алмады. Виндишгрецтен сазайларын алып шыққан оларды жарымес император* таңдана қарсы алды, ал министр Стадион нағыз барып тұрған найсаптықпен ақымақ қылды. Олардың жолдама мен хат-хабарлары, бәлкім, Франкфурт протоколдарының ішіндегі неміс әдебиетінен белгілі бір орын алатын бірден-бір бөлігі болар: бұл өзі барлық ереже бойынша жазылған тамаша сатиралық роман және Франкфурт Ұлттық жиналысы мен оның үкіметінің масқаралығына мәңгі ескерткіш бола алады.

Ұлттық жиналыстың сол қанаты⁷⁴ да Венада өз беделін көтеру үшін екі комиссарын, Фрёбель мен Роберт Блюм мырзаларды жіберді. Қатер таянып келе жатқан кезде Блюм герман революциясының шешуші шайқасы осы тұста болатынын дәл аңғарды да, ешбір ойланбастан, өз басын тәуекелге тікті. Ал енді Фрёбель Франкфурттағы лауазымында маңызды міндеттер атқару үшін өз кара басын сақтап қалуды борыш көретіндей пікірде болды. Блюм Франкфурт жиналысындағы ең ділмар шешендердің бірі деп есептелетін; оның беделі де сөзсіз артық еді. Оның ділмарлығы қайсы бір әккі парламенттің талаптарына сай келмеуі мүмкін, ол немістің уағызшы сектанты рухындағы жарқылдақ бос сөздерге тым әуес болатын да, оның келтірген дәлелдеріне философиялық тапқырлық та, істің практикалық жағынан хабардарлық та жетіспей жататын. Саясатшы ретінде ол «ұстамды демократияға» жататын — бұл өзі нақ сол принцип жағынан айқындығы жоқ болғандықтан да абыройға ие болып жүрген барынша әредік бағыт болатын. Алайда дәл солай бола тұра, Роберт Блюм, бетінің жылтырақтығына карамастан, нағыз барып тұрған плебей мінезді адам еді, сондықтан екі талай кезеңде оның плебейлік соқыр сезімі мен плебейлік қайрат-жігері оның әредік және әредік болғандықтан да ылғи солқылдап тұратын саяси сенімдері мен көзқарастарынан басым түсіп отыратын. Ондай кезеңдерде ол өзінің әдепкі денгейінен едәуір жоғары көтерілетін.

Сонымен, ол Венаға келгеннен кейін, өз елінің тағдыры Франкфурттағы жалған сыпайы айтыстарда емес, нақ осы жер-

* — I Фердинанд. *Ред.*

де шешілетінін бірден түсіне қойды. Ол дереу шешімге келді де, шегініс туралы ойдың барлығын серпіп тастап, революциялық армиядағы қолбасшылық қызметті өз қолына алды және барынша салқын қандылық, табандылық көрсетті. Қаланы едәуір уақыт бойы құлаудан аман ұстап тұрған, Дунайдан тартылған Табор көпірін өртеп жіберіп, қаланың бір жағында шабуылға тосқауыл болған нақ сол еді. Вена қауырт шабуылмен алынғаннан кейін ол тұтқындалып, әскери сотқа тартылғаны, сонсоң атылғаны жұрттың бәріне мәлім. Ол батырларша өлді. Ал енді Франкфурт жиналысының зәрссі зәр түбіне кете тұра, бұл қанды қорлықты жасанды байсалдылықпен қабылдады. Оның шығарған қарары өзінің жұмсақтығы және дипломатиялық ұстамдылығы жағынан алғанда Австрияға қарғыс айтудан гөрі шәһит болған азап құрбанының бейітін қорлауға көбірек ұқсайтын еді. Бірақ бұл жексұрын Жиналысты өзінің бір мүшесін, әсіресе сол қанатының бір көсемін өлтірді екен деп, сол үшін қаһарланады деп күтуге сірә да болар ма еді?

Лондон, март 1852 ж.

ХІІІ

ПРУССИЯНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ. ҰЛТТЫҚ ЖИНАЛЫС

1 ноябрьде Вена құлады, ал сол айдың 9-ы күні Берлинде Құрылтай жиналысының таратылуы бұл оқиғаның бүкіл Германияда контрреволюциялық партияның рухын қаншалықты көтеріп, оны күшейтіп жібергенін көрсетті.

Пруссияда 1848 жылдың жазында болған оқиғаларды айтып шығу қиын емес. Құрылтай жиналысы, немесе, дұрысырағы, «Конституция жөнінде тәжбен келісім жасасу мақсатымен сайланған Жиналыс» және буржуазия өкілдерінен құралған оның көпшілігі қоғам алдында барлық абыройдан баяғыда-ақ жұрдай болды, өйткені бұл Жиналыс халықтың жігерлірек элементтерінен қорқып, сарайдың барлық айла-шарғысына жол беріп келді. Жиналыс жек көрінішті феодалдық артықшылықты қосады немесе дұрысында, қалпына келтірді, сөйтіп, шаруалардың бостандығы мен мүдделеріне опасыздық жасады. Ол конституция жасауға да, тіпті ең болмағанда жалпы заңдылықты біршама жақсартуға да қабілетсіз болып шықты. Ол бірыңғай ғана дерлік нәзік теориялық анықтаулар белгілеумен, бос формальдылықпен және конституциялық этикет мәселелерімен шұғылданды. Жиналыс халық мүддесіне тіпті аз да болса сай келе алатын мекеме болудың орнына шын мәнінде өз мүшелері үшін парламенттік *savoir vivre* * мектебі болып кетті. Сонымен қа-

* — дүнияуи даналық. *Ред.*

тар, Жиналыста онша-мұнша тұрақты көпшілік болмады, онда қай жақтың басым болуы әр уақытта дерлік жасық «орталыққа» байланысты еді; ал «орталық» біресе солға, біресе оңға қарай ауытқып, әулі Кампгаузен министрлігін, одап кейін Ауэрсвальд — Ганземан министрлігін құлатты. Ал бірақ мұндағы либералдар, басқа жерлердің бәріндегі сияқты, қолға тиген мүмкіндіктерден айрылып қалып жатқанда, сарай дворяндар мен село халқының ең артта қалған бөлегінен, сондай-ақ армия мен бюрократиядан құралған өз күштерін қайта құрып алды. Ганземан құлағаннан кейін бюрократтар мен әскери адамдардан, өңкей барып тұрған реакционерлерден министрлік құрылды, алайда бұл министрлік парламенттің талаптарымен санасатындай ыңғай білдірді. Ал енді «адамына қарама, қадамына қара» деген оңтайлы принципті ұстанған Жиналыс өзін соншалықты ақымақ етуге жол беріп, осы министрлікке қол соқты; сөйте тұра, ол, әлбетте, сөйткен министрліктің контрреволюциялық күштерді ашықтан ашық түрде дерлік бір жерге шоғырландырып, ұйымдастырып жатқанына ешқандай назар аудармады. Ақырында, Венаның құлауы дабыл белгісіндей естілген кезде, король* әлгі министрлерді орнынан алып тастады да, оларды қазіргі министр-президент Мантөйфель бастаған «іскер адамдармен» алмастырды. Сонда барып ұйқылы-ояу Жиналыс қауіпті сезіп, ұйқысын ашты. Ол кабинетке сенімсіздік вотумын шығарды, ал оған жауап ретінде дереу указ жарияланып, палатаның мәжілістері жанжал туа қалған жағдайда палата бұқараның қолдауына сүйене алатын Берлиннен түгелдей үкіметтің билігінде отырған кішкентай провинциялық қала Бранденбургке көшірілді. Алайда Жиналыс өз келісімінсіз оның мәжілістерін кейінге қалдыруға да, басқа жерге көшіруге де, оны таратуға да болмайды деп мәлімдеді. Сол екі арада қырық мыңдай әскерін бастап Берлинге генерал Врангель кірді. Қаланың өкімет орындары мен ұлттық гвардия офицерлерінің жиналысы қарсылық көрсетпеуге қаулы алды. Міне енді, Құрылтай жиналысы мен оның сыртында тұрған либерал буржуазия біріккен реакциялық партияның барлық маңызды позицияларды менгеріп әкетуіне және қорғаныстың барлық құралдарын түгелдей дерлік өз қолдарынан тартып алуына мүмкіндік беріп қойғаннан кейін, «баяу жария қарсылықтың» адам айтқысыз комедиясы басталды; бұл қарсылық, оны бастаушылардың ойынша, Гемпденнің үлгісіне және тәуелсіздік үшін күрес кезіндегі американдардың алғашқы қимылдарына¹⁸⁶ тамаша еліктеу болып шығуға тиіс еді. Берлин қоршаудағы жағдайда деп жарияланды, бірақ Берлин қайткенде де абыржыған жоқ; үкімет ұлттық

* — IV Фридрих-Вильгельм. Ред.

гвардияны таратып жіберіп еді, ол асқан мұқияттылық көрсетіп, өзінің қаруын қолдан тапсырды. Жиналыстың мәжілісін екі апта бойы бір жерден екінші жерге айдап, соның бәрінде де оны әскер күшімен қуып таратып отырғанда, Жиналыс депутаттары азаматтарға тыныштық сақтандар деп жалынумен жүрді. Ақырында, үкімет Жиналысты таратылды деп жариялаған кезде, Жиналыс салық салуды заңсыз деп жариялауға қаулы шығарып жатты, ал оның мүшелері жұртты салық төлеуден бас тартуға ұйымдастыру үшін ел ішіне тарады. Сөйтсе, олар құрал түрін таңдағанда мықтап қателесіпті. Үрей үстінде өткен бірнеше аптадан кейін үкіметтің оппозицияға қарсы қатал шаралары басталып кетті, ең болмаса өзін өзі қорғауға ерлігі жетпеген жаңағы иманды болғыр Жиналыстың айтуымен салық төлеуден бас тартпак болған жұрттың бәрі ол ойларынан айнып шықты.

1848 жылғы ноябрьдің бас кезінде қарулы қарсылық көрсету тым кеш болып қалды ма, әлде, керісінше, әжептәуір қарсылық көрсетілген жағдайда армияның біразы Жиналыстың жағына шығатын ба еді, сөйтіп, істі соның пайдасына шешетін бе еді,— бұл, тегінде, еш уақытта жауабы табылмайтын сұрақ болса керек. Бірақ, дәл соғыстағы сияқты, революция кезінде де жауды әрдайым бетпе-бет келіп батылдықпен қарсы алу керек, шабуылға шыққан жақ әрдайым қолайлырақ жағдайда болады; дәл соғыстағы сияқты, революция кезінде де, алдағы үміттің қандай болатынына қарамастан ең шешуші кезінде қолдағының бәрін тәуекелге тігу мейлінше қажет болады. Осы ақиқаттың дұрыстығын дәлелдемеген бірде-бір жеңімпаз революцияны тарих білген емес. 1848 жылдың ноябрінде прус революциясы үшін нақ осындай шешуші кезең туған еді; ресми түрде бүкіл революциялық қозғалысқа бас болып отырған Пруссияның Құрылтай жиналысы жауға жігерлі тойтарыс бермегені былай тұрсын, қайта, керісінше, ол ілгері басқан сайын тайсақтап кейін шегіне берді; ол тіпті қорғанудың өзін қажет деп есептемегеннен кейін, шабуылға одан бетер қабілетсіз болып шықты. Сөйтіп енді шешуші кезең жеткен кезде, қырық мың солдатты бастаған Врангель Берлиннің қақпасын келіп қаққан кезде, оның өзі де, офицерлері де мүлде ойламаған жерден, көше бойларын кесе көлденең бекітіп тастаған баррикадалар мен жағалай атыс ұясына айналып кеткен терезелердің орнына айқара ашылған қақпаны көрді, аяқтарына оралғы болатын бірден-бір кедергі ретінде, көшеде топырлаған Берлиннің бейбіт бюргерлерін көрді, бұлар қол-аяғын матап өздерін өздері қолға түсірген қулықтарымен солдаттарды аң-таң қылғандарына мәз болып қуанды. Рас, егер жиналыс пен халық қарсылық көрсетсе, олардың талқан болуы мүмкін еді; Берлиннің бомбалануы мүмкін еді, жүздеген адамның өмірі құрбан болар еді, онымен де король

партиясының түпкі салтанат құруына кедергі бола алмас еді. Бірақ соның өзі де дереу қаруды тастай салу үшін ешқандай негіз бола алмайтын еді. Тіресе шайқасып барып жеңілгеннің революциялық маңызы оңай жеткен жеңістен бір де кем емес. 1848 жылы Париждегі июнь жеңілісі мен Венадағы октябрь жеңілісі осы екі қаладағы халықтың ақыл-ойын революцияландыру үшін қалай болғанда да февраль мен марттағы жеңістерден әлдеқайда маңызды болып шықты. Бәлкім, Құрылтай жиналысы мен Берлиннің халқы осы айтылған екі қаланың аяғын құшуы ықтимал еді, бірақ олар құласа да даңққа бөленіп барып құлайтын еді, сөйтіп, өздерінен кейін тірі қалған адамдар санасында кек құштарлығын қалдыратын еді, ал мұның өзі революциялық кезеңдерде жігерлі, қызу қимылға бастайтын аса қуатты кепілдіктердің бірі болып табылады. Сөз жоқ, қандай шайқаста болса да белдесуге бірінші тіленіп шыққан адам тәуекелге бел байлайды, бірақ содан қорқып, күні бұрын жеңілдім деп байбалам салуға, қылышты қыпаптан суырмастан құлдыққа мойын ұсынуға бола ма?

Революцияда шешуші позицияға ие болып отырып, жауды үрдіс шабуылға бел байлауға мәжбүр етудің орнына, сол позициясын беріп қойған адам әр уақытта опасыз деген атқа лайық.

Пруссия королінің Құрылтай жиналысын таратқан указы жаңа конституцияны да жариялады; бұл конституция Жиналыс комиссиясы жасаған жобаға негізделген болатын. Бірақ бұл конституция кейбір пункттерінде тәждің уәкілдігін кеңейтсе, енді бір пункттерінде парламенттің уәкілдігіне күмән туғызды. Бұл конституцияға сәйкес екі палата құрылды, олар таяу уақыттың ішінде шақырылып, жаңағы конституцияны қарауға және бекітуге тиісті еді.

Пруссия конституционалистерінің «жария және бейбіт» күресі кезінде герман Ұлттық жиналысы қайда қалды деген мәселені енді көтеріп жату қажет бола қояр ма екен. Ұлттық жиналыстың бар бітіргені, Франкфуртта әдетке айналғанындай, Пруссия үкіметінің қимылын жазғыратын тым момақан қарарлар қабылдаумен болды да, «бүкіл халықтың дәрекі күшке қарсы көрсеткен бейтарап, жария және бірауызды қарсылығының тамаша көрінісіне» масаттанды. Орталық үкімет министрлік пен жиналыс арасында делдал болу үшін Берлинге комиссарларын жіберген еді. Бірақ олар өздерінен бұрынғы Ольмюкке барған өкілдердің кебін киді: оларды сыпайылап қана қуып шығарды. Ұлттық жиналыстың сол қанаты, радикал деп аталатын партия да өз комиссарларын жіберген болатын, бірақ олар Берлин жиналысының мүлде дәрменсіздігіне әбден көздерін жеткізіп және өздерінің де одан кем соқпайтын дәрменсіздігін мойындап, өздерінің табыстарын, берлиндіктердің мадақтауға тұрарлық бейбіт қылығына куә болғандарын баяндау үшін Франкфуртқа қай-

тып келді. Ол ол ма, орталық үкімет комиссарларының бірі Бассерман мырза Пруссия министрлерінің таяуда қолданған қатал шаралары негізсіз емес екенін, өйткені соңғы кездерде Берлин көшелерінде қаңғырып түрлерінен кісі қаймыққандай бір адамдардың жүретінін, мұндай адамдар әрқашан анархистік қозғалыстар қарсаңында пайда болатынын (содан бері олар «бассермандық адамдар» деп аталып кетті) хабарлаған кезде, жаңағы сол қанаттың инабатты депутаттары мен революцияның жігерлі қорғаушылары бұл сияқты нәрсе атымен болған жоқ — деп ант-су ішіп дәлелдеу үшін отырған орындарынан ұшып-ұшып түрегелді. Сөйтіп, Франкфурт жиналысының мүлде дәрменсіздігі екі айдың ішінде әбден дәлелденді. Бұл мекеменің өзіне жүктелген міндетті орындауға, тіпті, шамасы келмейтініне, оның бұл міндеттен ешқандай хабары жоқ екеніне бұдан айқын дәлелді ойлап табуға да болмайтын еді. Бір ғана факті — революция тағдырының Вена мен Берлинде шешілгендігі, ең маңызды, ең өмірлік мәселелер осы екі астанада шешіліп жатқанда бейне бір Франкфурттағы Жиналыс мүлде болмағандай-ақ елеусіз қалғандығы — тек осы жалғыз фактінің өзі-ақ Жиналыстың ашық ауыз аңқаулар тобырынан құралған жай ғана айтыс клубы болғанын айқын дәлелдеу үшін жетіп жатыр. Олар өздерін үкіметтердің ұсақ мемлекеттер мен ұсақ қалалардағы дүкеншілер мен ұсақ қолөнершілерді өздері қажет деп есептеген кезде алдастыра тұру үшін парламенттік қуыршақтар ретінде жаңағы жұртқа көз қылып, ойыншық етуіне ырық берді. Үкіметтердің мұны қай уақытқа дейін осылай істеу қажет деп есептегенін біз көп ұзамай көреміз. Бірақ назар аударуға тұрарлық бір факт: осы Жиналыстағы «аса көрнекті» адамдардың ішінде үкіметтердің өздеріне қандай роль атқарғызып қойғаны жайында аз да болса хабары бар бірде-бір адам табылмады, тіпті күні осы уақытқа дейін Франкфурт клубының бұрынғы мүшелері олардың тек өздеріне ғана тән тарихи түйсік органдарын өзгеріссіз қаз қалпында сақтап қалып отыр.

Лондон, март 1852 ж.

XIV

ТӘРТПІТІҢ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУ. РЕЙХСТАГ ЖӘНЕ ПАЛАТА

Пруссия мен Австрияның үкіметтері 1849 жылдың алғашқы айларын сонау 1848 жылдың октябрі мен ноябрінде қол жеткен табыстарының жемістерін жинау үшін пайдаланды. Венаны алғаннан бергі уақытта Австрия рейхстагы Моравияның шағын ғана провинциялық қалашығы Кремзирде* әйтеуір бар деген аты-

* Чехтар қойған аты: Кромержиж. *Ред.*

мен ғана тіршілік етті. Онда өздерін жолдаушылармен бірге австрия үкіметінің басты құралы болып, оның мүлде дәрменсіздік халден шығуына көмектескен славян депутаттары Европa революциясына жасаған опасыздығының сазайын тартты. Үкімет өз күшін қалпына келтіріп алғаннан кейін-ақ рейхстагқа да, оның славяндық көпшілігіне де керемет бір жиіркеніш білдіре бастады, ал енді император қаруының алғашқы жеңістері венгр соғысының көп ұзамай бітетінін білдірген кезде, үкімет 4 март күні рейхстагты таратып, депутаттарды әскер күшімен қуып салды. Тек осы тұста ғана славяндар, ақырында, өздерінің ақымақ болғанын біліп «Франкфуртқа қарай аттанамыз да, сонда барып оппозиция ісін жалғастырамыз, әйтпесе мұнда оған біз үшін мүмкіндік қалмады!»— деген шешімдерін жариялады. Бірақ оған тым кеш еді, сондықтан олардың не бұл етпей тыныштық сақтауға, немесе дәрменсіз Франкфурт жиналысына барып қосылуға мәжбүр болған фактісінің өзі — бір ғана осы фактінің өзі олардың мейлінше дәрменсіздігін айқын көрсететін еді.

Германия славяндарының дербес ұлттық өмірді қалпына келтіру әрекеттері қазіргі кезде және бұл мәңгі-бақи болуы да ықтимал, осылай аяқталды. Ұлттығы мен саяси өмір қабілеті баяғыда сөніп біткен, сондықтан мың жылдай уақыт бойы өздерін бағындырып алған күшті ұлттың соңынан еруге мәжбүр болып Англиядағы валлилердің, испаниядағы баскілердің, Франциядағы төменгі бретондардың, ал бергі жаңа заманда — Солтүстік Американың таяуда ағылшын-американ нәсілі басып алған бөліктеріндегі испан, француз креолдарының кебін киген көптеген ұлттардың бытыранды тамтықтары — міне, осындай өлуге айналған ұлттар: чехтар, каринттер, далматтар, т. б. біздің заманымыздың 800 жылдарындағы өздерінің саяси status quo-сын қайта қалпына келтіру үшін 1848 жылғы жаппай дүрбелеңді пайдаланып қалмақ болған еді. Содан бері өткен мың жылдың тарихы оларға бұл сияқты кейінге қайтып оралудың мүмкін еместігін көрсетуге тиіс еді; егерде Эльба мен Зааленің шығыс жағындағы бүкіл территорияны бір кезде бауырлас бір топ славян халықтары мекендеген болса, бұл фактінің өзі тек тарихи тенденцияны ғана және сонымен қатар неміс ұлтының шығыстағы ежелгі көршілерін басып алып бағындыруға, сіңіріп алып, өзіне қосып жіберуге күші де, парасаты да жететінін көрсетеді; бұл факті сонымен бірге немістердің басқа ұлттарды сіңіріп алу тенденциясы әр уақытта және қазірде де Батыс Европа цивилизациясының біздің құрылықтың шығысына қарай таралуына көмектесетін аса қуатты құралдардың бірі болып келе жатқанын көрсетеді және бұл тенденция германдандыру процесі ірі, топтасқан, бөлшектенбеген дербес ұлттық өмір сүруге қабілетті, мәселен, венгрлер, белгілі бір дәрежеде поляктар сияқты ұлттардың шекарасына жеткен кезде ғана бір-ақ тоқтай-

тынын көрсетеді, демек, әлгі өлуге айналған ұлттардың қашып құтылмайтын табиғи тағдыры — өзінен күштірек көршілердің ыдырату, сіңіріп алу процесінің жеріне жете аяқталуына көну болып табылады. Әрине, мұның өзі чехтармен оңтүстік славяндардың бір бөлегіне қозғау сала алған панславист қиялшылдардың ұлттық намысына онша жағымды болашақ емес. Бірақ олар өздері мекендеген территорияның қай бөлегінде тұрса да, немістермен араласып, солардың қалың ортасына түсіп кеткен өздері атам заманнан бері қарай цивилизацияның барлық қажеттері үшін неміс тілінен басқа тіл бар деп білмеген, өздерінде ұлттық дербес өмірдің ең бірінші шарттары: жеткілікті адам саны мен тұтас территория жоқ азып бара жатқан болмашы бір азғантай топ адамдарға бола тарих мың жылға кейін шегінеді деп қалайша ойлай алады? Германия мен Венгрияның барлық славян облыстарында толып жатқан осы ұсақ ұлттардың бәрінің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіру талабына бүркеншік болып келген панславизм толқыны барлық жерде де Европаның революциялық қозғалыстарымен түйісіп қалып жүргені және, славяндар, өздерін бостандық жолындағы күрескерлерміз деп сөйлегенімен шетінен (поляктардың демократияшыл бөлегінен өзгелері) ылғи деспотизм мен реакция жағында болып келгені таң қаларлық нәрсе емес. Германияда, Венгрияда және тіпті Түркияның кейбір жерлерінде дәл осылай болды. Халық ісіне опасыздық етіп, Австрия үкіметінің айла-шарғыларын қорғап, соған басты тірек болып келген олар барлық революцияшыл ұлттардың көз алдында өздерін аласталғандардың жағдайына қойды. Славян халқының көпшілік бұқарасы панславизм көсемдері ұйтқытқан ұсақ-түйек ұлттық талас-тартыстарға қатынаспай келгенімен, мейлінше надан болғандығынан да — қатынаспай келгенімен, тіпті солай бола тұрса да, — тең жартысы неміс болып табылатын Прага қаласында топырлаған славян фанатиктерінің: «Неміс бостандығынан орыстың қамшысы артық!» деп даурыға айқайлағанын еш уақытта ұмытуға болмайды. Олардың 1848 жылғы алғашқы сәтсіз әрекетінен және оларға Австрия үкіметінің берген сабағынан кейін, олардың реті келіп қалған жерде, тағы да сондай әрекет жасауы неғайбыл нәрсе. Ал бірақ олар тағы да осындай сылтауларды желеу қылып контрреволюциялық күштермен одақтаспақ болса, онда Германияның атқаратын міндеті айдан анық болады. Революция жағдайында отырған және сыртқы жаумен соғысқа киліккен бірде-бір ел өз жүрегіне қадалған Вандеяға¹⁸⁷ төзіп отыра алмайды.

Императордың* рейхстагты тарата отырып жариялаған конституциясына біздің қайта оралып жатуымыздың қажеті жоқ,

* — I Франц-Иосиф. *Ред.*

өйткені ол іс жүзінде еш уақытта күшіне еніп көрген емес, ал қазір мүлде жойылды. 1849 жылғы 4 марттан бастап Австрияда абсолютизм барлық жағынан бірдей толық қалпына келтірілді.

Пруссияда король жариялаған жаңа конституциялық хартияны карап, бекіту үшін палаталар февральда жиналды. Олар алты аптадай мәжіліс құрды, өздерін үкімет жөнінде өте момақан, жуас ұстады, бірақ король мен оның министрлері ойлағандай онша алысқа баруға жеткілікті әзірлене алмаған еді. Сондықтан да палаталар бір сәті келгенде-ақ таратып жіберілді.

Сөйтіп,— Австрия да, Пруссия да парламенттік бақылаудың тұсауынан уақытша құтылып шықты. Үкіметтер барлық өкімет билігін енді өз қолдарына шоғырландырып алып, өздеріне ең қажет деген жерлерге: Австрия — Венгрия мен Италияға қарсы, Пруссия — Германияға қарсы қолдана алатын болды. Өйткені ұсақ мемлекеттерде «тәртіп» орнату үшін Пруссия да жорыққа әзірленіп жатқан-ды.

Қазір, Германиядағы қозғалыстың екі үлкен орталығында, Вена мен Берлинде, контрреволюция жеңіске жетіп отырғанда, күрес нәтижесі әлі толық анықтала қоймаған кіші-гірім мемлекеттер ғана қалды, бірақ олардың өздерінде де таразының ауыр басы барған сайын революцияның пайдасына қарсы жаққа қарай ауа берді. Біздің жоғарыда айтқанымыздай, бұл ұсақ мемлекеттер Франкфурттың Ұлттық жиналысын өздеріне ортақ кіндік етіп отыр. Осынау Ұлттық жиналыс дейтіннің реакцияшылдық сипаты баяғыда-ақ айдан айқын болғандығы соншалық, тіпті Франкфурт халқының оған қару алып қарсы шыққандығына қарамастан, қалай болғанда да оның алғашқы пайда болуында азды-көпті революцияшылдық бар еді. Январда бұл Жиналыс бұрын ұстанып дағдыланбаған революциялық позиция ұстанды; оның билік көлемі еш уақытта айқындалмаған еді, енді келіп ақыр-аяғында ол өзінің қаулыларында заңның күші бар деген шешімге келді,— бірақ оның бұл шешімін ірірек мемлекеттер еш уақытта таныған емес. Осындай жағдайда келіп, есін жинап алған абсолютизм жақтастары конституциялық-монархиялық партияны тұғырынан ұшырып түсірген кезде, бүкіл Германияның дерлік либералдық-монархиялық буржуазиясы өзінің ең соңғы үмітін осы Жиналыстың көпшілігіне жүктесе, ал демократиялық партияның ұйтқысы ұсақ буржуазияның өкілдері асқына түскен қиындықтардың қысымымен, Жиналыстың азшылығы — шын мәнісінде де демократияның ең соңғы парламенттік тас түйін сарқыны болып отырған азшылық төңірегіне топтасып жатса, оған тандануға болмайды. Екіншіден, неғұрлым ірірек мемлекеттердің үкіметтері, әсіресе Пруссия министрлігі бұл сияқты сайланатын әдеттен тыс мекеменің Германияда қайта орнаған монархиялық тәртіппен сныспайтындығын барған сайын айқын түсінді, ал енді олар бұл Жиналысты дереу таратып жіберуді

талап етпесе, ондағы себебі — тек оған әлі уақыт жетпегендіктен ғана, Пруссияның Жиналысты өзінің өзімшілдік мақсаттарына алдын-ала пайдаланып қалмақ болған есебінен ғана еді.

Бұл екі арада осы бейшара Жиналыстың өзі барған сайын абыржи бастады. Венада да, Берлинде де оның депутациялары мен комиссарлары мейлінше жек көрінішті болып алды; оның бір мүшесі*, өзінің парламенттік қорғаныш правосына қарамас-тан, Венада кәдімгі жай бүлікші ретінде жазаланып, өлтірілді. Жиналыстың қаулыларымен еш жерде есептеспеді. Үлкенірек державалар оларды жалпы сөз қыла қалса Жиналыстың өз үкіметтерін міндеттейтін заңдар мен қаулылар қабылдау правосына дау айтып наразылық білдірген ноталарында ғана сөз қылды. Жиналыстың өкілі, орталық атқару өкіметі, Германияның барлық кабинеттерімен бірдей дерлік дипломатиялық қырқысқа түсті де, не Жиналыс, не орталық үкімет қаншама күш салса да, Австрия мен Пруссияны өздерінің түптеп келгенде ниеттері, жоспарлары, талаптары қандай екенін мәлімдеуге көндіре алмады. Ақыр-аяғында келіп, Жиналыс, өзгені былай қойғанда, билік атаулыдан айрылып қалғанын, өзі түгелдей Австрия мен Пруссияның қайырымына тәуелді болып қалғанын, ал енді өзінің сырағысында Германияға жалпы одақтық конституция берердей ниеті болса, онда дереу істі мықтап қолға алуы керек екенін түсіне бастады. Сондай-ақ толқын жүрген депутаттардың көпшілігі де үкіметтер өздерін әбден ақымақ еткенін айқын көрді. Бірақ олар өздерінің бейшаралық халінде енді не істей алатын еді? Оларды құтқара алатын бірден-бір жол батыл және шұғыл түрде халықтың жағына шығу еді; алайда осы қадамның өзінің де табысты бола қоюы өте неғайбыл көрінді. Біріне бірі қайшы қауесеттер мен дипломатиялық ноталардан ылғи құлағы тұнып жүргенде, біз — елдің ең таңдаулы, ең ұлы, ең кеменгер адамдарымыз, Германияны тек біз ғана құтқара аламыз деп қайта-қайта қақсап, өздерін өздері осылай жұбатып, демеп жүрген ынжық, топас, керенау мақұлықтардың осынау бір дәрменсіз тобырының ішінен нағыз адамдар табыла да қояр ма екен? Парламенттік өмірдің бір-ақ жылы ішінде әбден миғұла болып шыққан бұл бейшара жандардың арасынан тіпті жігерлі де дәйекті қимылды былай қойғанда, белгілі бір шұғыл шешім қабылдай алатын адам табыла қояр ма еді?

Австрия үкіметі ақыр-аяғында бет пердесін жұлып тастады. Өзінің 4 марттағы конституциясында ол Австрияны ортақ финансы, біртұтас баж салығы жүйесі, біртұтас әскери ұйымы бар бөлінбейтін монархия деп жариялап, сонысымен неміс және неміс емес провинциялар арасындағы шекара атаулының бәрін жойып жіберді. Мұның өзі Франкфурт жиналысының қарарлары мен

* — Роберт Блюм. *Ред.*

жобаланған жалпы одақтық конституцияның өздері қабылдап қойған статьяларына кесе-көлденең қабылданды. Бұл енді Австрияның бетпе-бет атой салғаны еді, бейшара Жиналыстың оны қабыл етуден басқа лажы болмай қалды. Және ол мұның өзін соншалықты даурықтырып істеп еді, өзінің күшін, Жиналыстың мүлде түкке тұрғысыз екендігін сезінген Австрия оған селт етіп назар аударған жоқ. Мінекей енді, осы қорлығы үшін Австриядан кек алмақ болған неміс халқының аса құрметті өкілдігі, ол өзін-өзі көтермелеп осылай атаушы еді, басқа ештене ойлап таппағаннан кейін өзінің аяқ-қолын өзі байлап, барды да Пруссия үкіметінің аяғына жығылды. Қаншалықты адам сенбестей көрінсе де, анығы сол — ол өзі конституцияға қарсы, халыққа жат деп даттап, орындарынан түсуін әуре болып талап етіп жүрген нақ сол министрлердің алдына барып, тізе бүкті. Бұл маскара мәмлениң және одан кейін болған күлкі мен қасірет аралас оқиғаның егжей-тегжейі біздің келесі мақаламыздың тақырыбы болмақ.

Лондон, апрель 1852 ж.

XV

ПРУССИЯНЫҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ

Біз енді герман революциясының тарихындағы соңғы тарауға: Ұлттық жиналыстың әртүрлі мемлекеттердің үкіметтерімен, әсіресе Пруссияның үкіметімен соқтығысуына, Оңтүстік және Батыс Германиядағы көтеріліске және Пруссияның оны біржолата тұншықтыруына таянып келдік.

Франкфурттағы Ұлттық жиналыстың жұмыс үстіндегі халін біз көргенбіз. Оны Австрияның қалай тепкілегенін, Пруссияның қалай жәбірленгенін, ұсақ мемлекеттердің оған бағынудан қалай бас тартқанын, оны өзінің дәрменсіз орталық «үкіметі» қалай ақымақ еткенін және, осыған орай, бұл «үкіметті» де ел билеушілердің бәрі-бәрінің қалай ақымақ еткенін біз көргенбіз. Ақыр-аяғында істің жайы осынау бір әлсіз, солқылдақ, бейшара өкімет мекемесі үшін тіпті қатерге айнала бастады. Ол «герман бірлігінің жоғары идеясын жүзеге асыруға қауіп төніп тұр» деген қорытынды жасауға мәжбүр болды; мұның мәнісі — артық-кемі жоқ, Франкфурт жиналысын да, оның тындырған және тындырмақ болып отырған істерінің де енді, тегінде, із-түзсіз ғайып болатын сынайы бар деген сөз еді. Сондықтан ол өзінің ұлы туындысын — «империялық конституцияны» неғұрлым тез аяқтау үшін барынша байсалдылықпен іске кірісті.

Бірақ осы жерде бір қиыншылық туды. Атқарушы өкімет қандай болуға тиісті еді? Оның орнында атқару советі болуға тиісті ме еді? Жоқ, деп түйді ғұлама Жиналыс, мұның мәнісі

Германияны республикаға айналдыру болар еді. «Президент ше?» Бірақ бұл да жаңағы болып шығады ғой. Демек, бұрынғы император мәртебесін қайта қалпына келтіру қажет. Ал бірақ император болғанда, әлбетте, монархтардың біреуі болуға тиісті болса, сонда нақ кім император болмақшы? Сірә, бірде-бір діі тіпогит *gentium** Рейс-Грейц-Шлейц-Лобенштейн-Эберсдорф князьдан** бастап, Бавария короліне*** дейінгілердің ешқайсысы бола алмайды — Австрия да, Пруссия да оған жол бермес еді. Сонымен, әңгіме Австрия немесе Пруссия жайында ғана бола алатын еді. Бірақ сол екеуінің қайсысы? Сөз жоқ, өзгеше бір қолайлы жағдайда бұл мәртебелі Жиналыс күні бүгінге дейін мәжіліс құрып, осынау бір маңызды екі талай мәселені талқылап, белгілі бір шешімге келе алмай қиналып жатқан болар еді, дес бергенде, Австрия үкіметі келді де, шатақ түйінді шорт кесіп, Жиналысты әуреден құтқарды.

Австрия мына жағдайды өте жақсы түсінді: ол өзінің барлық провинцияларын бағындырып, Европаның көз алдында қайтадан аса қуатты европалық держава ретінде көрінген күннен бастап, саяси тартылыс заңының күші қалған Германияны мұның ықпал ауқымына өз-өзінен-ақ алып келеді, сонда бұған Франкфурт жиналысының қолынан алатын император тәжінің беделі мүлде керексіз болып қалады. Австрия нақты маңызынан ада болған герман императорларының тәжін — Германияның ішінде де, сыртында да иенің жасуындай күш қоспайтын, қайта, мұның дербес саясатына кедергі болатын бұл тәжді лақтырып тастағаннан кейін бұрынғыдан әлдеқайда күшейді, өзінің іс-әрекетінде өзін әлдеқайда еркін сезінді. Егерде Австрия өзінің Италия мен Венгриядағы позицияларын сақтауға қабілетсіз болып қалса, онда ол Германиядағы салмағынан да түгел айрылар еді, оның ықпалы жоққа тән болар еді, міне сонда оның күш-қуаты кемеліне келіп тұрған кезде қолынан шығып кеткен тәжден енді қайтып дәмелене алмайтын болып қалар еді. Сондықтан Австрия император өкіметінің қандайын болса да қайта қалпына келтіруге бірден қарсы шығып, сонау 1815 жылдың трактаттарында айтылған, соларда танылған Германияның бірден-бір орталық үкіметі — Одақтық сеймді қалпына келтіруді тура талап етті. Ал 1849 жылғы 4 март күні ол конституция жариялады; бұл конституцияның жариялануы Австрияны Франкфурт жиналысы әлі қайта құрмақшы болып жатқан Германиядан да мүлде бөлек, тұтас, орталықтанған және дербес монархия деп жариялау деген сөз еді.

Бұлайша ашық соғыс жарияланғаннан кейін Франкфурт да-

* — тура мағынасында: кіші құдайлар; бейнелі мағынасында: екінші дәрежелі тұлғалар. *Ред.*

** — LXXII Генрих. *Ред.*

*** — II Максимилиан. *Ред.*

нышпандарында Австрияны Германиядан шығарып тастап, елдің қалған бөлегінен өзінше бір Шығыс Рим империясын³³ — «кішкентай Германияны» құрудан басқа лаж қалмады; ал мұның біршама жұпыны императорлық мантиясы мәртебелі прус королінің иығына жабылуға тиіс болды. Еске сала кетейік, мұның өзі бұдан алты — сегіз жыл бұрын оңтүстік герман және орта герман либерал доктринерлерінің партиясы көксеген бір ескі жобаны қайта тірілкендік болды; ал ол доктринерлер өздерінің ескі ермегін енді отанды құтқаратын «ең соны шахмат жүрісі» ретінде тағы да алдынғы орынға шығарған қорлық жағдайды құдіреттің бір кереметі деп ұқты.

Осыған сәйкес 1849 жылдың февралі мен мартында Жиналыс империя конституциясын, сондай-ақ праволар декларациясы мен империялық сайлау заңын талқылауды аяқтады; бұл тұста өте көп пункттер бойынша біріне-бірі мүлде қайшы жеңілдіктер беруге тура келді, өйткені бұл жеңілдіктер бірде консервативтік яғни, дұрысырағы, реакцияшыл партияға, ал енді бірде Жиналыстың біршама озық фракциясына берілді. Бұрынырақта оң жақ канат пен оңшыл орталықтың (консерваторлар мен реакционерлердің) қолында болып келген жетекшілік роль енді, баяу болса да, бірте-бірте Жиналыстың солшыл яғни демократияшыл бөлегіне көше бастағаны айқын болды. Австриялық депутаттардың өз елін Германиядан шығарып тастағаннан кейін де сол Жиналыста қалып, дауыс берулеріне рұқсат етілген кездегі мейлінше екі ұшты позициясы да Жиналыстағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер етті. Сөйтіп, февральдың аяқ кезінде-ақ солшыл орталық пен сол жақ канат австриялықтар дауысының көмегімен өте жиі көпшілік болып отырды, бірақ кей-кейде австриялықтардың консервативтік фракциясы кенеттен қызық үшін күтпеген жерден оңшылдармен бірлесе дауыс беріп, таразының басын тағы екінші жаққа бұрып отырды. Жиналысты мұншалықты күтпеген жерде құбылқандағы олардың ойы Жиналысты жұртқа жек көрінішті ету болатын, бірақ оның ешқандай қажеті жоқ еді, өйткені Франкфурт жақтан шықанның бәрі бос, пайдасыз нәрсе екеніне халық бұқарасының баяғыдан-ақ көзі жеткенді. Осындай біресе олай, біресе бұлай ауытқып тұрған кезде жасалған конституцияның не түрде болғанын көзге елестету онша қиын емес.

Өзін революциялық Германияның көркі мен мақтанышы деп есептеп келген Жиналыстың сол қанаты австриялық деспотизмнің айдап салуымен және соның мүддесін көздеп әрекет еткен австриялық бірнеше саясатшының ізгілік немесе, дұрысырағы зымыяндық пиғылы арқасында қолдары жеткен там-тұм табыстарына мүлде мастанып кетті. Бұл демократтар, өздерінің ешқандай айқындығы жоқ принциптеріне сәл ғана ұқсас бірдеңелер — тіпті болар-болмас мысқал көлемінде — Франкфурт

жиналысының санкциясы сияқты бірдеңеге ие болса-ақ, біз отан мен халықты құтқарып қалдық деп даурыға жөнелетін болды. Бұл байғұс, нақұрыс жандардың мүлде сүренсіз өткен өмірлерінде жеңіске сәл ғана ұқсастығы бар бірдененің дәмін татып дағдыланбағаны соншалық, екі не үш дауыс артық түсіп қабылданған қауқарсыз түзетулері сіді Европаның бүкіл бет-бейнесін өзгертіп жібереді деп шынымен-ақ сенді. Өздерінің заңжарғылық мансаптарының ең басынан бастап олар дауасыз дертке — *парламенттік кретинизмге* Жиналыстың өзге бөліктерінен гөрі күштірек шалдықты; ал енді бұл науқастың құрбаны болған бейшара жандар өздері қай өкілдікті мекемеге мүше болып, құрмет көрсетсе, күллі дүние жүзіне, оның өткен тарихы мен бүкіл болашағына нақ сол өкілдікті мекеменің көпшілік дауысы бағыт сілтеп, жол көрсетіп отырмақ деген салтанатты сенімге бой алдырып алады. Олар осы үйдің төрт қабырғасынан сырт жерде болып жатқан оқиғалардың бәрі: соғыстар, революциялар, темір жол құрылыстары, тұтас бір жаңа құрылықтардың отарлануы, Калифорнияда алтын кендерінің ашылуы, Орталық Американың каналдары, орыс әскерлері — қысқасы, адамзат тағдырына қандай бір мөлшерде сәл ғана болса да ықпал ете алады деген оқиға атаулы түп-түгел — дәл осы сәтте өздерінің мәртебелі палаталарында сөз болып отырған маңызды мәселенің шешіміне байланысты ешбір теңдесі жоқ оқиғалармен салыстырғанда түк емес, — деп кәміл сенеді. Сонымен, Жиналыстың демократиялық партиясы, өз ұсыныстарының кейбіреуін «империялық конституцияға» астыртын өткізе алған себепті ғана, бұл конституцияның әрбір маңызды пункті өзінің қайта-қайта жариялап келген принциптеріне қайшы екендігіне қарамастан, соны жұрттан бұрын жақтап шығуға міндеттімін деп есептеді. Тіпті, ақыр-аяғында, осы бір арамза туған шығарманың басты авторларының өзі оны тәркі қылып, демократиялық партияға сырғыта салған кезде де, бұл демократиялық партия сол мұраны қабыл алып, осы *монархиялық* конституцияны шыр-пыры шыға қорғаштай бастады, олар енді *ана жолы* өзінің *республикалық* принциптерін жариялаған адамдарға да қарсы шықты.

Бірақ бұл тұрғыдан келгенде қайшылық жай елес қана еді. Империялық конституцияның көмескі, іштей қайшылықты, дүмбілез сипаты осы демократ мырзалардың өздерінің дүмбілез, шатасқан бір-біріне қайшы саяси идеяларының көрінісі болатын. Тіпті, бұл жәйт олардың өз айтқандары мен жазғандары арқылы — олардың қолынан әйтеуір жазу келетіні анық — жеткілікті дәлелденбеген күннің өзінде олардың ісі арқылы әбден дәлелденетін еді. Есі дұрыс жұрт арасында өзінен өзі түсінікті нәрсе: адамды сөзіне қарай емес, ісіне қарай; өзім деп өзеурегеніне қарай емес, өз қолымен тындырған жұмысына, болмысындағы қара басының қасиетіне қарай бағалау ғой. Ал енді неміс демо-

кратиясының бұл батырларын өздерінің ісі қалай мықтап әйгілеп беретінін біз ілгеріде көрсеміз. Қалай болғанмен де империялық конституция өзінің барлық қосымша үстемелерімен біржола қабылданды да 28 март күні Пруссия королі — 248 депутат қалып, 200 депутат келмей қалған жағдайда 290 дауыспен — Германияның императоры болып сайланды, бұған Австрия кірмей қалды. Тарихтың әжуасы әбден асқынған шегіне жетті: 1848 жылғы 18 март революциясынан кейін үш күн өткен соң таңтамаша қалған Берлиннің көшесінде Фридрих-Вильгельм IV көрсеткен императорлық ерсі әрекет¹⁸⁸ — ал енді дәл сол кездегі жағдайы үшін король басқа бір жерде болса Мэн штатының ішкілікке қарсы заңына ұрынып қалған болар еді, — осынау бір жексұрын ерсі әрекет дәл бір жылдан кейін бүкіл Германияның өкілдікті жиналысы деп бекітілді. Неміс революциясының нәтижесі, міне, осындай болды!

Лондон, июль 1852 ж.

XVI

ҰЛТТЫҚ ЖИНАЛЫС ЖӘНЕ ҮКІМЕТТЕР

Пруссия королін Германия (Австриясыз) императоры етіп сайлағаннан кейін, Франкфурт Ұлттық жиналысы Фридрих-Вильгельмге тәж ұсыну үшін Берлинге депутация жіберіп, бұдан соң өзінің мәжілісін кейінге қалдырды. 3 апрель күні Фридрих-Вильгельм депутаттарды қабылдады. Ол бұларға халық өкілдерінің дауыс беруі нәтижесінде Германияның өзге монархтарынан үстем болып отырған бұл правоны қабылдай тұра, өзінің осы үстемдігін және оған осындай праволар беретін империялық конституцияны өзге монархтар мойындайтынына көзі жеткенге дейін императорлық тәжді қабылдай алмайтынын мәлімдеді. Бұл конституцияны бекітуге болатын-болмайтынын қарау, деді ол тағы да, герман үкіметтерінің ісі. Қалай болғанда да, деп аяқтады ол сөзін, мен император болайын-болмайын, ал енді сыртқы немесе ішкі жауға қарсы қылышымды қынаптан суыруға әрдайым әзірмін. Оның өз уәдесін ұлттық жиналыс үшін мүлде күтпестік жағдайда орындап шыққанын көреміз.

Дипломатиялық жолмен егжей-тегжейлеп тексеріп шықаннан кейін Франкфурт данышпандары, ақырында, бұл жауап тәжден бас тартумен бірдей деген қорытындыға келді. Сондықтан олар былай деп қаулы шығарды (12 апрельде): империялық конституция елдің заңы болып табылады, сондықтан оны қорғау керек; ал бірақ та бұдан әрі не істейтіндерін мүлде білмегендіктен, олар отыз мүшеден комиссия сайлады; бұл комиссия осы консти-

туцияны қандай жолмен жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге тиіс болды.

Осы қаулы ендігі жерде Франкфурт жиналысы мен неміс үкіметтерінің арасында бұрқ ете түскен жанжалға түрткі болды.

Буржуазия және әсіресе ұсақ буржуазия, жаңа Франкфурт конституциясын бірден жақтап шықты. Олар «революцияның нәтижелі тынымы» боларлық сәтті бұдан әрі күте алмайтын еді. Австрия мен Пруссияда бұл кезде қарулы күштің араласуы арқылы революция жойылған болатын. Жоғарыда аталған таптар бұл шараны жүзеге асырудың зорлық неғұрлым кемірек болатын әдісін қолдануды артық-ақ көрер еді, бірақ оған ылаждары болмады. Болар іс болып қалды, сондықтан оған көнуге тура келеді — олардың салған жерден қабылдап, барынша табандылықпен орындаған шешімдері осындай еді. Істің жайы біршама сәтті жүріп отырған ұсақ мемлекеттерде буржуазия өз рухына өте сай келетін, сырт қарағанда әсерлі-ақ, бірақ ешқандай күшке сүйенбегендіктен мүлде жеміссіз парламенттік үгітпен баяғыда-ақ шектеліп қалған болатын. Сонымен, әрбір неміс мемлекеті, жекелеп алғанда, жаңа бір түпкілікті формаға келген сияқты болды да, мұның өзі, олардың ойынша, бұдан былай қарай солардың барлығының бейбіт конституциялық даму жолына түсуіне мүмкіндік туғызбақшы еді. Жалғыз-ақ Герман одағының жаңа саяси ұйымы туралы мәселенің басы ашық қалды. Әлі де қатерлі сияқты көрінген осы бір жалғыз мәселені дереу шешу қажет десіп жүрді. Буржуазияның Франкфурт жиналысына қысым жасап, конституцияны қайткенде де тезірек жасауға көндірмек болғаны сондықтан еді; ірі және ұсақ буржуазияның дереу тұрақты тәртіп орнату үшін, осы конституция қандай болса да, оны қабылдап, қолдайық деген шешімге келгені сондықтан еді. Қысқасы, империялық конституцияны қолдау бағытындағы қозғалыс әу бастан-ақ реакцияшылдық сезімнен туған еді және революциядан баяғыда-ақ қажыған таптар тарапынан байқалған болатын.

Бірақ бұған қоса істің тағы бір жағы бар еді. Болашақ герман конституциясының алғашқы және негізгі принциптері революцияның алғашқы айларында, 1848 жылдың көктемі мен жазында, халықтық қозғалыстың әлі өрлеп тұрған кезінде қабылданған болатын. Ондағы қабылданған қаулылар *сол кез үшін* мейлінше реакциялық болғанымен, ендігі жерде Австрия мен Пруссия үкіметтерінің озбырлық қылықтарынан кейін, тым либералшыл және тіпті демократияшыл болып көрінді. Оларға өлшеу болған өлшемнің өзі өзгеріп кетті. Өзін-өзі моральдық жағынан өлтірмей тұрып, Франкфурт жиналысы өзі бір рет қабылдап қойған бұл қаулыларды сызып тастай да алмады, империялық конституцияны Австрия мен Пруссия қылыштарын жалаңдатып тұрып жазғызған конституциялардың үлгісімен өзгерте де алма-

ды. Сонымен қатар, өзіміз көргендей, бұл Жиналыста көпшілік басқа жаққа ойысып, либералдық және демократиялық партиялардың ықпалы барған сайын арта берді. Сөйтіп, империялық конституцияның ерекшелігі оның шығу тегінің сырт қарағанда түп-түгел демократиялық сипаты сияқты болып көрінгендігі ғана емес еді: сонымен бірге, ол, өзінің толып жатқан қайшылықтарына қарамастан, не қылған күнде де бүкіл Германиядағы неғұрлым либералдық конституция болып еді. Оның өте үлкен бір кемшілігі — өз ережелерін жүзеге асыру үшін ешқандай күші болмай, бір жапырақ жай қағаз болып қана қалғандығы еді.

Осындай жағдайларда демократиялық партия дейтіннің, яғни ұсақ буржуазия бұқарасының империялық конституцияға жармасуы табиғи нәрсе еді. Бұл тап өзінің талаптарында конституцияшыл-монархияшыл либерал буржуазиядан әрдайым асып түсіп отырды; ол үлкен қайсарлық көрсетті, жиі-жиі қарулы қарсылық білдіруге ұмтылды, бостандық жолындағы күресте қанын да, жанын да құрбан етпек болып уәде беруге де сараңдық жасаған жоқ; алайда қауіпті кезең туғанда әрдайым көрінбей қалатынын, әсіресе ойсырай жеңіліп, бәрінен айрылған күннің ертеңіне оның көңілі өте хош болатынын, не болса да әйтеуір енді болары болды ғой деп өзін-өзі жұбата алатынын ол қазірдің өзінде талай рет дәлелдеді. Сондықтан ірі банкирлер, фабриканттар мен көпестер Франкфурт конституциясын жақтағанда едәуір сабырлылық көрсетіп, соны қостағандай жай ғана емеуірін білдірсе, — тікелей солардың астында тұрған қоғамдық тап, біздің ер жүрек демократияшыл ұсақ буржуа соншалықты бір маңғаздықпен ілгері ентелеп, өздерінің әдетінше, империялық конституцияның күйреуіне көнгенше, өздерінің ақтық қанын төгуге әзір екенін мәлімдеді.

Осы екі партияның — конституциялық монархияның буржуазияшыл жақтаушылары мен азды-көпті демократияшыл ұсақ буржуаның қолдауына сүйеніп, империялық конституцияны дереу енгізуді жақтаған қозғалыс тез қанат жайды; ол, әсіресе жеке мемлекеттердің парламенттерінде қызу қолдау тапты. Пруссия, Ганновер, Саксония, Баден, Вюртемберг палаталары осы конституцияны жақтап шықты. Үкіметтер мен Франкфурт жиналысы арасындағы күрес қауіпті сипат алды.

Алайда үкіметтер жіті қимылдады. Пруссия палаталары конституцияға қарсы жолмен таратып жіберілді, өйткені олар әлі Пруссияның конституциясын қарап, бекітуге тиіс еді; Берлинде үкіметтің әдейілеп арандатуымен толқулар болды, ал келесі күні, 28 апрельде, Пруссия министрлігі нұсқау нота шығарып, онда империялық конституцияны барып тұрған анархиялық және революциялық документ деп жариялады, сондықтан оны неміс үкіметтері қайта қарап, былғаныштан тазартуға тиіс болды. Сөйтіп, Франкфурт данышпандарының ылғи мақ-

таныш етіп келген, бірақ ақыры еш уақытта орната алмай-ақ кеткен суверенді құрылтай өкіметін Пруссия о жарлықпен ысырып тастады. Бұдан бұрын заң деп жарияланып қойған конституцияны талқылау үшін монархтардың конгресі¹⁸⁹— жаңартылған ескі Одақтық сейм шақырылды. Сонымен қатар Пруссия Франкфурттан үш күндік жердегі Крейцнахқа әскерін шоғырландыра бастады және ұсақ мемлекеттердің, егер өз палаталары Франкфурт жиналысына қосылмақшы болса Пруссияның үлгісімен әрекет етіп оларды таратып жіберуді ұсынды. Ганновер мен Саксония дереу осылай істеді.

Күрестің нәтижесі тек қарудың күшімен ғана шешілетіні айқын болды. Үкіметтердің жауығып алғандығы және халықтың қобалжуы күннен күнге айқын біліне бастады. Демократияшылық пиғылдағы азаматтар барлық жерде әскерлерді азғыруға тырысты — ал Оңтүстік Германияда мұның өзі өте сәтті болды. Барлық жерлерде бұқаралық кең жиналыстар өткізіліп, империялық конституция мен Ұлттық жиналыстар қажет болған күнде қару күшімен де қолдау туралы қарарлар қабылданды. Кёльнде осы мақсатпен Рейн Пруссиясының барлық қауымдық советтерінен депутаттар жиналысы шақырылды. Пфальцте, Берг округында, Фульдте, Нюрнбергте, Оденвальдта шаруалар топ-топ болып қаптап жиналып, асқан толқу үстінде болды. Дәл осы тұста Францияда Құрылтай жиналысы таратып жіберілді және барлық жерлерде орасан зор өрлеу үстінде жаңа сайлауға әзірлік жүргізіліп жатты, ал енді Германияның шығыс шекарасында венгрлер бірқатар тамаша жеңістердің нәтижесінде австриялықтардың тасқынды басқыншылығын бір айға жетпейтін уақыттың ішінде Тиссадан Лейтаға қарай лақтырып тастады; олар сол екпінімен бүгін болмаса ертең Венаны алады деп күтісіп жүрді. Қысқасы, барлық жерлерде халықтың қиялы мейлінше шарқ ұрып, үкіметтердің содырлы саясаты барған сайын айқын бой көрсете бастағандықтан, қарулы қақтығыс қайткенде де болмай қоймайтын еді, ал енді күрес бейбіт жолмен аяқталады деп тек қоян жүрек топастар ғана үміттеніп алатын еді. Бірақ та Франкфурт жиналысында бәрінен гөрі нақ осындай қоян жүрек топастар басымдау болатын.

Лондон, июль 1852 ж.

XVII

КӨТЕРІЛІС

Франкфурт Ұлттық жиналысы мен неміс мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы болмай қоймайтын жанжал, ақыр-аяғында, 1849 жылғы майдың алғашқы күндерінде ашық жауласқан әрекет түрінде бүрк ете қалды. Австриялық депутаттар, солшыл

немесе демократиялық партияның аздаған мүшелерінен басқалары, өз үкіметінің кері шақыруымен Жиналысты тастап кетіп қалған болатын. Консервативтік депутаттардың басым көпшілігі, істің бет алысын көргеннен кейін, тіпті өздерінің үкіметтері талап етпестен бұрын-ақ, Жиналыстан кетіп қалды. Сонымен, солшыл партияның ықпалын күшейтерліктей мұның алдындағы мақалаларда көрсетілген себептерді былай қойғанда бұрынғы азшылықты Жиналыстың көпшілігіне айналдыру үшін оншыл депутаттардың қашып кетуінің өзі де жетіп жатыр еді. Мұндай бақытты өңі түгіл түсінде де көрмеген жаңа көпшіліктің өкілдері мұның алдында бұрынғы көпшіліктің және оның империялық үкіметтерінің әлсіздігі, солқылдақтығы, самарқаулығы туралы көпіріп сөйлеу үшін өздерінің оппозициядағы орындарын пайдаланатын. Енді келіп, ойда жоқта сол бұрынғы көпшіліктің орнына *олардың өздері* отыруына тура келді. Енді *олар* қолдарынан қандай іс келетінін көрсетуге тиісті болды. Әлбетте, *олардың* қызметі жігерліліктің, батылдықтың, белсенділіктің үлгісі болуға тиіс. Германияның бетке шығарлары — *олар* қаусаған империялық регент пен оның жалтақ министрлерін тез арада-ақ ширата алады, ал егер бұған мүмкіндік болмаса, онда — бұған ешкім күмәнданбай-ақ қойсын! — халықтық суверенитеттің күшін пайдалана отырып, *олар* бұл қабілетсіз үкіметті жұлып тастайды да, оның орнына қажымайтын іскер, тыңғылықты өкіметті қояды, ал ол Германияны құтқарып қалуды камтамасыз етеді. Бейшаралар-ай! *Олардың* жүргізген билігі — егер өзіне ешкім бағынбаған кезді біреудің билік жүргізген дәуірі деп айтуға болатын болса, — өздерінен бұрынғылардың билігінен де сорақы күлкі болып шықты.

Жаңа көпшілік барлық кедергілерге қарамастан империялық конституцияны жүзеге асыру керек және *дереу* жүзеге асыру керек, 15 июльде халық жаңа өкілдер палатасына депутаттар сайлауға тиіс, ал бұл палата 22 августа Франкфуртта шақырылуға тиіс деп жариялады. Ал енді мұның өзі империялық конституцияны мойындамаған үкіметтерге, ең алдымен Германияның үш ширегінен астамын өзіне қаратып отырған Пруссияға, Австрияға, Баварияға тікелей соғыс жариялағандық еді, — ол соғысты бұл үкіметтер *дереу* қабыл алды. Пруссия мен Бавария да өз территорияларынан Франкфуртка жіберілген депутаттарды кері шақыртып алып, Ұлттық жиналысқа қарсы соғыс камын жеделдете бастады. Екінші жағынан, демократиялық партияның империялық конституцияны және Ұлттық жиналысты жақтаған демонстрациялары (парламенттен тыс) барған сайын өрістеп, өрши түсті, ал енді бірбеткей көзқарастағы партияның жақтастары бастаған жұмысшы бұқарасы бұл істі қолына қару алып қорғауға әзір екендігін көрсетті; рас, бұл іс жұмысшылардың өз ісі емес еді, бірақ ол, ең жоқ дегенде, Германияны ескі монар-

хиялық құрсаудан азат етіп, жұмысшылардың өз мақсаттарының жүзеге асуына аздап жақындай түсуіне мүмкіндік ашатын еді. Сөйтіп, осы негізде барлық жерде халық пен үкімет бір-бірімен қып-қызыл жанжалға түсті; бір жерден бұрқ етіп жарыламай қоймайтын жағдайға жетті; құрулы тұрған минаның гүрс етіп жарылуы үшін жылт еткен бір от ұшқыны жеткілікті еді. Саксонияда палатаның таратылуы, Пруссияда ландвердің (әскери резервтің) шақырылуы, үкіметтердің империялық конституцияға тікелей қарсы әрекет етуі дәл осындай ұшқын болды; сол ұшқын ұшып түсті де, бүкіл ел ішін ә дегенше от-жалын шарпыды. Дрезденде 4 май күні халық қаланы жеңіспен өзіне қаратып алып, корольді* қуып шықты; маңайдағы барлық округтар көтерілісшілерге көмек жіберді. Рейн бойындағы Пруссия мен Вестфалияда ландвер соғыстан бас тартып, арсеналдарды басып алды да, империялық конституцияны қорғау үшін қаруланды. Пфальцте халық Баварияның үкімет чиновниктерін тұтқындап, казначей мекемесін басып алды, Қорғаныс комитетін құрды; бұл комитет провинцияны Ұлттық жиналыстың қорғауында деп жариялады. Вюртембергте халық корольді** империялық конституцияны тануға мәжбүр етті, ал Баденде армия халықпен одақтасып, ұлы герцогты*** қуып жіберді де, уақытша үкімет құрды. Германияның басқа бөліктерінде де халық қолына қару ұстап бас көтеріп, Ұлттық жиналыстың қарауына көшу үшін одан тек тиянақты дабыл белгісін күтіп отырды.

Ұлттық жиналыстың өткендегі абыройсыздығына қарағанда жағдайы анағұрлым тәуір болып шықты. Германияның батыс жақ жартысы Жиналысты қорғау үшін қолдарына қару алып шықты; барлық жерде әскерлер арасына толқу кірді; ұсақ мемлекеттерде олар қозғалыс жағына ашық бейімделе бастады. Венгрияның жеңісті шабуылы Австрияны әбден титықтатты, ал енді неміс үкіметтерінің тың тұрған тірегі — Россия мадьяр әскерлеріне қарсы соғыста барлық күшін салып Австрияны қолдады. Енді тек Пруссияны жеңу қалды, ал енді бұл елде революцияны жақтаушылар болғандықтан бұл мақсатқа жету әбден ықтимал нәрсе еді. Қысқасы, барлық жағдай Жиналыстың өзін өзі қалай ұстайтынына байланысты болды.

Соғыс сияқты, өнердің басқа түрлері сияқты, көтеріліс те өнер. Ол өзі белгілі бір ережелерге бағынады, ал енді ол ережелер өзен шығарылса, соны орындамай кінәлі болған партия опат болады. Партиялардың мәнінен, мұндай реттерде кездесетін жағдайлардың мәнінен туатын логикалық салдар есебіндегі бұл ережелердің айқындығы, қарапайымдылығы соншалық,

* Фридрих-Августі. *Ред.*

** I Вильгельмді. *Ред.*

*** Леопольдті. *Ред.*

1848 жылдың қысқа тәжірибесі немістерді бұл ережелермен жете таныстырды. Біріншіден, егер ақыр-аяғына дейін жетеміз деген берік шешім болмаса, еш уақытта көтеріліспен ойнауға болмайды. Көтеріліс деген нәрсе қадірі күн сайын өзгеріп отыратын мейлінше беймағұлым күштерден құрылған теңеу. Қарсы соғысуға тура келетін әскери күштердің жағында түп-түгел ұйымшылдық, тәртіп және дәстүрлі бедел артықшылығы бар; егер көтерілісшілер, өз жауына қарсы одан басым күш жинап алмаса, онда дұшпан бұлардың өздерін талқандап, құртып жібереді. Екіншіден, көтеріліс бір басталған екен, онда барынша батылдықпен қимылдап, шабуылға көшу керек. Қорғаныс қандай да қарулы көтеріліс үшін өлім деген сөз; қорғанатын болса ол дұшпанмен күш сынасып үлгірмей жатып өледі. Дұшпан әскері бытырап жатқан кезде оны тұтқиылдан басып қалу керек; күн сайын жаңа, аз да болса бір жеңіске жетіп отыру керек; көтерілісшілердің алғашқы тегеуірінді қимылында қол жеткен моральдық басымдылықты сақтау керек; әруақытта кім күштірек болса соның сонынан еретін, әр уақытта кім сенімдірек болса соны жақтап шығатын солқылдақ элементтерді өз жағыңа тарту керек; жауды өзіңе қарсы әскерін жинап үлгіргенше кейін шегінуге мәжбүр етуің керек; қысқасы, осы күнге дейін мәлім болған революциялық тактика шеберлерінің ішіндегі асқан ұлысы Дантонның: *de l'audace, de l'audace, encore de l'audace!** деген сөзі бойынша қимылда.

Сонымен, өзіне тікелей төніп тұрған қатерден құтылу үшін Франкфурт Ұлттық жиналысының не істеуі керек еді? Ол біріншіден, өзінің жағдайын айқын ұғынып, үкіметтерге сөзсіз бағынуы керек пе, немесе, солқылдақтық атаулының бәрін кейін ысырып тастап, қарулы көтеріліске қосылуы керек пе, ендігі жерде өзінің алдында одан басқа таңдау жоқ екеніне көз жеткізуге тиіс еді. Екіншіден, ол бұрқ етіп көрінген көтерілістердің бәрін ашық мойындауға, халықты жер-жердің бәрінде қолына қару алып, ұлттық өкілдікті қорғауға шақыруға, өз уәкілдерін жіберген суверенді халыққа қарсылық көрсетпек болған монархтардың, министрлердің бәрін және басқа адамдарды заңнан тыс деп жариялауға тиіс еді. Үшіншіден, Ұлттық жиналыс герман империялық регентін дереу орнынан түсіруге, күшті, іскер, *еш нәрседен қаймығып шегінбейтін* атқару өкіметін құруға, өзін тікелей қорғау үшін көтерілісшілердің қарулы күшін Франкфуртқа шақыртып алуға, сөйтіп, көтерілістің кең қанат жаюына жол-жөнекей заңды дәлел жасауға, өзінің қарауындағы барлық жауынгерлік күштерді біртұтас мықты қол етіп біріктіруге — қысқасы, өз позициясын нығайтып, жаулары-

* — батылдық, батылдық және тағы да батылдық! Ред.

ның позициясын әлсірету үшін мүмкін болған құралдардың барлығын ойлап-толғанбастан тез пайдалануға тиіс еді.

Франкфурт жиналысының ақпейілсінген демократтары барлық істе бұған дәл керісінше әрекет жасады. Істі өз бетімен жібергені былай тұрсын, ол аз болғандай, бұл инабатты мырзалар өздерінің қарсы әрекеттерімен әр жерде әзірленіп жатқан көтерілісшіл қозғалыстарды тура тұншықтыруға дейін барды. Мысалы, Нюрнбергте Карл Фогт мырза дәл осылай істеді. Олар Саксониядағы, Рейн Пруссиясындағы, Вестфалиядағы көтеріліске ешқандай көмек көрсетпей, сол көтерілістердің тынышталуына жол беріп алып, олар қырғынға ұшырағаннан кейін, Пруссия үкіметінің аяусыз қаталдығына қарсы сезімтал наразылық білдірген болды. Олар оңтүстік герман көтерілістерімен астыртын дипломатиялық қатынастар жасай отырып, оларды ашық түрде тану жолымен бірде-бір көмек көрсеткен жоқ. Олар империялық регенттің үкіметтерді жақтайтынын білді, бірақ сөйте тұра, *оны* сол үкіметтердің қулық-сұмдықтарына қарсы әрекет жасауға шақырумен болды, ал регент болса мұны құлағына да ілген жоқ. Империя министрлері, ескі консерваторлар осы дәрменсіз Жиналысты мәжіліс сайын келеке қылғанына Жиналыс төзіп отырды. Ал енді силезиялық депутат, «*Neue Rheinische Zeitung*» редакторларының бірі Вильгельм Вольф Жиналыстың империялық регентті* заңнан тыс деп жариялауын талап еткенде, Вольф регентті империяны ең алдымен сатқан асқан опасыз деп өте дұрыс айтқанда, сол бір демократияшыл революционерлер бірауыздан ақпейілсінген наразылық білдіріп, Вольфтің үнін өшіріп тастады! Қысқасы, олар ертеден кара кешке дейін мылжындап, наразылық білдірумен, жар салумен әлде нені жариялаумен болды, бірақ еш уақытта оларда қимыл жасайтын қайрат та, ақыл да болған емес, ал оларға жау үкімет әскерлері болса бірте-бірте жақындай берді, олардың өздерінің атқарушы өкіметі — империялық регент — неше түрлі қулық-сұмдық жасады, неміс мемлекеттері билеушілерімен бірігіп алып, оларды тез құрту амалып ойластырып жатты. Сөйтіп, бұл жексұрын Жиналыс өз беделінің ең ақырғы тамтығынан да айрылып қалды; оны қорғау үшін көтеріліске шыққандар енді оның тағдырын ойламайтын болды; ал енді, ақыр-аяғында іс маскара болып тынып, Жиналыс жан тапсырған кезде, оның осындай абыройсыздықтан ғайып болғанына ешкім де назар аудармағанын біз соңырақ көреміз.

Лондон, август 1852 ж.

* — Иоганнды. *Ред.*

XVIII

ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯ

Соңғы мақаламызда біз былай деп көрсеткен едік: бір жағынан, неміс үкіметтері, екінші жағынан, Франкфурт парламенті арасындағы күрестің ақыр-аяғында әбден шиеленіскені соншалық, майдың алғашқы күндерінде Германияның бірсыпыра жерлерінде: әуелі Дрезденде, сонсоң бавариялық Пфальцте, Рейн Пруссиясының бір бөлегінде, ақырында келіп Баденде ашық көтерілістер бұрқ ете түсті.

Барлық жерде де көтерілісшілердің *шын мәніндегі жауынгерлік* күштері қала жұмысшыларынан жасақталды, ең алдымен қолдарына қару алып, әскерге қарсы шайқасқа түскен солар болды. Село халқының ең келей топтары бір бөлігі — батырақтар мен ұсақ шаруалар — жұмысшыларға, әдетте, жанжал басталғаннан кейін ғана келіп қосылды. Капиталистер табынан төмен тұрған таптардың жас адамдарының көбі қалай болғанда да уақытша көтерілісшілер армиясының қатарында болды, бірақ істің беті қиыға айналысымен-ақ жастардың осынау алақұла тобыры тез ыдырай бастады. Атап айтқанда, студенттер, өздерін өздері «интеллект өкілдері» деп атауға құмар осы жастар, өздерінің туларын жұрттан бұрын тастап қашты; оларды тек офицер атағын беріп қана ұстауға тұра келді, ал бұған олардың, әлбетте, ілуде біреуі ғана қабілетті болатын.

Жұмысшы табы не өзінің саяси үстемдік пен әлеуметтік революцияға барар жолындағы кейбір кедергілерді жояды-ау деп немесе, ең болмағанда, ықпалы күшті, бірақ табансыздау қоғамдық таптарды қазіргісінен гөрі неғұрлым батыл да революцияшыл бағыт ұстауға итермелейді-ау деп үміттендіретін көтеріліс атаулыға қалай қатынасса, бұл көтеріліске де солай қатынасты. Жұмысшы табы бұл көтерілістің тікелей мақсаты жағынан өз күресі емес екенін айқын біле тұра қолына қару алды. Бірақ ол өзі үшін бірден-бір дұрыс тактика ұстады: өзінің иығына шығып алып бой көтерген бірде-бір тапқа (1848 ж. буржуазияның істегеніндей), егер ел жұмысшы табының өз мүдделері үшін күресуіне, ең болмағанда, ашық кеңістік қалдырмайтын болса, оның таптық үстемдігін орнатуына жол бергісі келмеді. Қалай болғанда да, жұмысшы табы істің жағдайын ұлтты революциялық жолға біржола және түпкілікті еліктіріп әкелетіндей не болмаса революцияға дейінгі status quo-ны барынша толық қалпына келтіретіндей, сөйтіп, жаңа революцияны болғызбай қоймайтындай дағдарысқа жеткізуге тырысты. Осы жағдайлардың қай-қайсысында болса да жұмысшы табы тұтас алғандағы күллі ұлттың шын мәнісіндегі, дұрыс түсінілген мүдделерін білдірді: ол цивилизациялы Европаның ескі қоғамдары

үшін бұл күнде тарихи қажеттікке айналған революцияның барысын шама-шарқынша тездетті; ал енді мұндай революциясыз әлгі қоғамдардың берде-бірі болашақта өз күштерін неғұрлым бір қалыпты және жүйелі түрде дамытамын деп ойлай да алмайтын еді.

Ал енді көтеріліске қосылған село халқына келетін болсақ, ол, негізінде, бір жағы шамадан тыс салық ауыртпалығынан, енді бір жағы өздерін басыр қылған феодалдық міндеткерліктердің көптігінен революцияшыл партияның құшағына келіп орала кетті. Өзінде ешқандай инициатива болмағандықтан, ол жұмысшылар мен ұсақ қолөнершілер, саудагерлер табының екі ортасында әрі-сәрі болып, көтеріліске қосылған басқа таптардың ең соңында жүрді. Әркімнің қай жаққа қарай ауытқуын әр уақытта дерлік оның жеке басының әлеуметтік жағдайы шешті. Село батырағы әдетте қала жұмысшыларына қосылды; жеке меншікті ұсақ шаруа буржуамен қоян-қолтық жүруге бейімдік білдірді.

Зор маңызы мен ықпалын біз бұрын талай рет атап көрсеткен бұл ұсақ буржуа табын 1849 жылғы май көтерілісінің басшы табы деп есептеуге болады. Бұл жолы қозғалыс орталықтарының ішінде Германияның бірде бір ірі қаласы болмағандықтан, қашанда орташа және ұсақ қалаларда басым келетін ұсақ буржуазия қозғалыстың билігін өз қолына алып алды. Сонымен қатар, империялық конституция жолындағы және герман парламентінің праволары жолындағы күресте нақ осы таптың мүдделері бәйгеге тігілгенін көрдік. Көтеріліс болған облыстарда құрылған уақытша үкіметтердің барлығында да халықтың нақ осы бөлегінің өкілдері көпшілік болды, сондықтан солардың қызмет көлеміне қарай-ақ немістің ұсақ буржуазиясының жалпы не нәрсеге қабілетті екенін білуге болатын еді. Оның өзіне сеніп тапсырылған қозғалыс атаулының бәрін тұншықтырып алуға ғана қабілетті екенін біз әлі көреміз.

Мақтанға келгенде алдына жан салмайтын ұсақ буржуазия қарекетке мүлде қабілетсіз де, бір нәрсеге тәуекел етуге зәреқұты қалмай қорқады. Оның саудагерлік мәмлелері мен кредиттік операцияларының майдагерлік табиғаты оның бүкіл сипатына мықтап әсер етеді де, қайрат-жігер мен қаракетшілдіктен мүлде ада қылады; сондықтан оның саяси қызметінен де осындай қасиеттер байқалары белгілі еді. Шынында да, ұсақ буржуазия жылтырақ сөздермен, өзі әлі жасамақ болып жүрген ерлікті жөнсіз әспеттеумен көтерілісті қолпаштап отырды; оның тілегіне мүлде қарамастан — көтеріліс бұрқ ете қалған кезде, ол өкіметті басып алуға барынша жанталасты; бірақ бұл өкімет билігін көтерілістің жеңістерін жоққа шығару үшін ғана пайдаланды. Қарулы қақтығыс елеулі дағдарыс туғызған жерлердің барлығында ұсақ буржуалар өздері үшін қауіпті жағдайды көріп

зәрелері зәр түбіне кетті: олар өздерінің бөспелікпен қаруға шақырған ұранын шын көріп қалған халықтан қорықты, өздерінің қолына тиген өкімет билігінен қорықты және әсіресе өздері қилігуге тура келген саясаттың зардаптарынан — өздерінің жеке бастарына, сондай-ақ өздерінің қоғамдық жағдайы мен меншігіне тиетін зардаптарынан қорықты. Олардың әдетте айтып жүрген: көтеріліс үшін «малды да, жанды да» тәуекелге тіктік деген сөзін біреулер шын көріп қалмады ма екен? Олар көтерілісте ресми орын алуға мәжбүр болып қалған жоқ па және, демек, жеңіле қалған жағдайда өз капиталдарынан айрылып қалатындай жағдайға ұшырамады ма? Ал енді жеңе қалған жағдайда да өздерінің жауынгерлік күштері қатарында негізгі көпшілік болып отырған жеңімпаз пролетарлар бұларды орындарынан қуып жіберіп, бұлардың саясатын түбірімен өзгертеді деген сенімнен басқа бұларда қандай болашақ бар еді? Сөйтіп, өзін жан-жағынан қоршаған қарама-қарсы қауіптердің арасында қалған ұсақ буржуазия өз қолындағы өкімет билігін бар дүниені тағдырдың талқысына тастап кету үшін ғана пайдаланды, соның салдарынан, әлбетте, әлі де жеңістен үміт күттіретіндей азғантай мүмкіндіктің өзі қолдан шығып кетті де, көтеріліс бір-жола күйреуге душар болды. Ұсақ буржуазияның тактикасы немесе дұрысын айтқанда, онда ешқандай тактиканың жоқтығы барлық жерде бірдей еді, сондықтан да 1849 жылдың майындағы көтерілістер Германияның барлық бөліктерінде бейне бір қалыптан шыққандай болды.

Дрезденде көше соғысы төрт күнге созылды. Дрезденнің ұсақ буржуалары, «қалалық гвардия», күреске қатыспағаны былай тұрсын, тіпті көптеген реттерде көтерілісшілерге қарсы соғысқан әскерлердің қимылын қолдады. Көтерілісшілер бұл жерде де түгелдей дерлік маңайдағы өнеркәсіп округтарының жұмысшыларынан ғана құралды. Олар *орыс эмигранты Михаил Бакуниннің сынды қабілетті және салқын қанды командир* тауып алды; ол кейін тұтқынға түсіп қалып, қазіргі кезде Венгриядағы Мункач* қамалында бұғауда отыр. Қалың қол прус әскерлерінің араласуы нәтижесінде бұл көтеріліс тұншықтырылды.

Рейн Пруссиясында іс болмашы жағаласудан әрі асқан жоқ. Үлкен қалалардың барлығы тас бекінген тұйық қамал болғандықтан, көтерілісшілердің қимылы жекелеген айқастармен ғана шектеліп қалды. Әскерлер жеткілікті мөлшерде шоғырланғаннан кейін-ақ қарулы қарсылық жойылды.

Пфальц пен Баденде, керісінше, көтерілісшілер жері шұрайлы, бай өлкені, сондай-ақ тұтас бір мемлекетті басып алды. Бұл жерде: ақша, қару-жарақ, солдаттар, әскери жабдық запастары — бәрі солардың қол астында болды. Тұрақты армияның

* Украинша аты: Мукачево. Ред.

солдаттары көтерілісшілерге өздері келіп қосылды; ол тұрсын, Баденде олар, тіпті, алдыңғы сапта жүрді. Оңтүстік герман қозғалысын ұйымдастыруға уақыт беру үшін Саксония мен Рейн Пруссиясындағы көтерілістер өздерін құрбандыққа берді. Провинция көлеміндегі жергілікті көтеріліс үшін дәл мұндай қолайлы жағдайлар бұрын еш уақытта болып көрген жоқ еді. Парижде революция енді-енді болғалы тұр еді; венгрлер Венаның қақпасына келіп тәніп тұрды; орталық Германияның барлық мемлекеттерінде халық қана емес, әскерлер де көтеріліс жағына қарай анық бейімделіп, соған ашық қосылу үшін қолайлы жағдайды күтіп қана отырды. Бірақ сөйте тұра, ұсақ буржуазияның қолына тап болған қозғалыс әуел бастан-ақ жеңіліске ұшырауға тиіс еді. Ұсақ буржуазиялық әміршілер, әсіресе Бадендегі билеушілер — және солардың бәрін бастаған Брентано мырза - «занды» сувереннің, ұлы герцогтың дәрежесі мен билігін тартып алсақ, мемлекетке опасыздық жасағанымыз ғой деген ойдан арыла алмай-ақ қойды. Олар министрдің креслосында отыруын отырғанмен, іштей өздерін қылмысты санады. Бұл сияқты су жүректерден не күтуге болатын еді? Олар көтерілісті жан-жаққа бытыратып, өзінің стихиялық ауанына жіберіп және соның салдарынан нәтижесіз қалдырып қана қоймай, сонымен бірге бұл қозғалыстың барлық қайрат-жігерін мұқалтуға, оны титықтатып апарып, мүлде құртуға шамаларынан келгенше тырысып бақты. Брентано секілді бірнеше жылпос субъектілердің жетегіне еріп, өздерін шынымен-ақ «отанды құтқарушыға» санап жүрген терең ойшыл саясатшылар, ұсақ буржуазияның «демократияшыл» батырлары тобының жанталаса қолдауы арқасында олар осы мақсаттарына жетті де.

Ал енді істің әскери жағына келетін болсақ, бұрын еш уақытта ешкім соғыс операцияларына дәл Баденнің бас қолбасшысы, тұрақты армияның бұрынғы лейтенанты Зигельдей салдыр-салақ, дәл сондай біліксіз басшылық етпеген болар. Барлық істі берекесіздік жайлап ең қолайлы жағдайлардың бәрі босқа өткізілді, ең қымбат сәттердің бәрі керемет, бірақ еш уақытта жүзеге асырылмайтын жоспарларды ойластырумен өтті, сөйтіп, ақыр-аяғында, қолбасшылықты дарынды поляк Мерославский алған кезде, армияның мүлде берекесі кетіп, талқандалған, жабдықтау жағы нашарлаған, күші өзінен төрт есе басым жаудан сағы обден сынған шағы еді. Басқа ешбір шарасы қалмаған Мерославский Вагхейзель түбінде айта қалғандай бір шайқас берді, онысы сәтсіздікпен аяқталғаннан кейін асқан шеберлікпен кейін шегініп, Раштатт камалының аузында ең ақырғы үмітсіз ұрысқа қилікті де, қолбасшылықтан бас тартты. Тәжірибелі солдаттар мен жаттықпаған жаңадан алынғаулардың қойыртпағынан әскер жасақтайтын көтерілісшілер соғысының қай-қайсысындағыдай, мұнда да революциялық армия көп қа-

Һармандық көрсетті, бірақ сонымен бірге солдаттарға жараспайтын, кейде, тіпті, ақылға сыймайтын үрейшілдікке де көп бой алдырды. Бірақ өзінің соншалықты ылажсыз жетімсіздіктері бола тұра, бұл армияның канағат сезіміне лайық бола алатын бір жері — мұны біржола тасталқан етіп қиратып жіберу үшін жауға өз күшінің төрт есе басым болуы жеткіліксіз болып көрінді, және шайқас кезінде тұрақты жүз мың әскері бар жау жиырма мың көтерілісшінің алдында бейне бір Наполеонның ескі гвардиясының алдында тұрғандай қалтырады.

Көтеріліс майда бұрқ етіп басталды да, 1849 жылғы июльдің орта кезінде түгел тұншықтырылды. Бірінші герман революциясы аяқталды.

ХІХ

КӨТЕРІЛІСТІҢ АҚЫРЫ

Германияның оңтүстігі мен батысында ашық көтеріліс қаулап тұрған кезде және Дрездендегі соғыс қимылдары басталғаннан бастап Раштаттағы тізе бүгуге дейін үкіметтерге тұңғыш герман революциясының осы соңғы ұшқынын тұншықтыру үшін он аптадан астам уақыт қажет болған кезде, Ұлттық жиналыс саяси сахнадан жоғалып кетті және бұл екі арада оның жоғалғанын ешкім байқаған да жоқ.

Біз Франкфурттағы бұл дәрежелі мекеменің абыржу жағдайын айтқан күйі қалдырған едік, бұл жағдайға Ұлттық жиналыс үкіметтердің өз мәртебесіне о жарлықпен қол сұғуы, оның өзі құрған өкіметінің дәрменсіздігі мен опасыз шарасыздығы, өзін қорғауға аттанған ұсақ буржуазияның көтерілістері және неғұрлым революцияшыл түпкі мақсаттарды көздеген жұмысшы табының көтерілістері нәтижесінде душар болды. Жиналыс мүшелерінің арасында адам айтқысыз абдыраушылық пен торығушылық үстем болды; оқиғалардың бірден-ақ айқын да батыл бағыт алғаны соншалық, осынау оқымысты заң иелерінің өздерінің шынайы күші мен ықпалы жөніндегі барлық дәмелері бірнеше күннің ішінде-ақ мүлде тас-талқан болды. Консерваторлар өз үкіметтерінің нұсқауымен Жиналысты тастап кеткен болатын; сондықтан оның бұдан былайғы өмір сүруінің қай түрі болса да заңды өкімет орындарына тікелей қарсылық деп қана бағалануы мүмкін еді. Мейлінше саскалақтаған либералдар істі біржола сәтсіздікке ұшырады деп есептеді; сонымен қатар олар өздерінің депутаттық уәкілдіктерінен де арылып шықты. Инабатты мырзалар жүз-жүздеп қашып жатты. Әуел баста олар 800-ден 900-ге дейін жетіп еді, енді олардың саны құлдырап азайғаны соншалықты, тіпті көп ұзамай кворум үшін жүз елу, ал енді бірнеше

күннен кейін — жүз депутаттың да қатынасуы жеткілікті деп танылды. Бүкіл демократиялық партия әлі де Жиналыста түгел қатысып отырғанына қарамастан, тіпті, осы кворумның өзін жинап алу қиынға айналды.

Парламент қалдығының не істеуі керек екені әбден айқын еді. Ол ашық және батыл түрде көтеріліске қосылуы керек еді, сөйтіп оны заңдылық жүзінде қал-қадырынша күшейтуге тиіс еді; сонымен бірге парламенттің қалдығы осы арқылы өзін қорғайтын армияға да бірден ие болатын еді. Ол орталық өкіметтен барлық соғыс қимылдарын дереу тоқтаттыруды талап етуі керек еді, ал енді алдын-ала болжағандағыдай болып, ол өкімет мұны істей алмаған немесе істегісі келмеген күнде, парламент дереу оны орнынан түсіріп, басқа бір жігерлірек үкіметпен алмастыруға тиіс еді. Егер көтерілісшілер әскерін Франкфуртқа енгізуге мүмкіндік болмай қалса (алғашында, герман мемлекеттерінің үкіметтері күреске әлі онша әзірлене алмаған, әлі де солқылдақтық жасап тұрған кезде мұны жүзеге асыру қиын да емес еді), Жиналыс уақыт ұтқызбай, өзінің тұрағын көтерілісті бастаған облыстың дәл орталығына көшіруге тиіс еді. Егерде осының барлығы бірден, ешбір толқусыз майдың ортасынан немесе аяғынан қалдырмай істелген болса, онда көтерілістің де, Ұлттық жиналыстың да жеңістен үмітін үзбеуіне болатын еді.

Бірақ неміс тоғышарлығының өкілдерінен мұндай батыл қимылдар күтуге ешбір болмайтын еді. Осынау атақ құмар мемлекет отағасылары өздерінің қысыр дәмесінен тіпті қайтқан жоқ. Парламенттің күші мен пәрменділігіне сеніп қалып, ол қате сенімдерінен арылған мүшелері кетіп қалған-ды; ал енді мұнда қалған демократтарды өкімет билігі мен биік мәртебе жайында өздерінің жыл бойы ақыл-ойларын билеген жалаң қиялдан бас тартқызу оңайға түскен жоқ. Олар өздерінің алғашқы ұстаған бағытынан бір таймай, ақыр-аяғында, жеңіске жетудің барлық үміті және тіпті абыроймен өлудің де барлық мүмкіндігі жойылып біткенге дейін батыл қимыл атаулыдан ат-тондарын ала қашып отырды. Тек қана көз қылу үшін абыр-сабыр әрекет еткен болып, ол әрекеттен түк шықпайтындығы даурықпа дәмелермен ұштаса, жұрттың аянышы мен мысқылын туғызып отырғанына қарамастан, олар империя регенті мен министрлерге үсті-үстіне тоғытып қарарлар, хаттар мен сауалдар жіберіп жатты; регент бұларға пысықырып та қараған жоқ, ал министрлер болса, жаумен ашық түрде одақтасып кетті. Ал енді, ақыр-аяғында, Штригаудан* сайланған депутат және «Neue Rheinische Zeitung» редакторларының бірі, бүкіл Жиналыстағы бірден бір революционер *Вильгельм Вольф*: егер сіздер өз сөздеріңізді құндайтын болсаңыздар, бос мылжындауды тоқтатып, елдің ең басты опа-

* Полякша аты: Стшегом. *Ред.*

сыз жауы — империялық регентті дереу заңнан тыс деп жариялау керек,— деп мәлімдеген кезде, жаңағы парламентші мырзалардың көптен булығып келген игі ниетті ашу-ыза-сы кенет бұрқ ете қалды; олар тіпті империялық үкімет өздерін үсті-үстіне жөбірлеп жатқанда да мұндайға атымен бармайтын. Мұнын өзі осылай болуға тиісті де еді, өйткені *Вольфтің* ұсынысы қасиетті Павел соборының¹⁹⁰ қабырғасында айтылған ең алғашқы лұғатты сөз болатын; өйткені, ол нағыз істелуі қажет нәрсені талап етті; ал енді асылында тек өздерінің жалтақ мінезіне ғана жалтақтық қылмайтын және өздері кимыл жасауға мейлінше су жүрек болғандықтан, шарасыздықты шара қолданудың ең қолайлы түрі деп біржола ұғынған сезімтал жандарға бұл сияқты әр нәрсені өзінің атымен атайтын ашық сөз тек қорлық болып қана көрінуі мүмкін еді. Олардың өздері миларын әдейі торлап отырған қалың тұманды жай отындай жарқ еткізіп тіліп түскен әрбір сөз, олардың өздері қайтсек ұзағырақ бас сауғалап отыра тұрамыз деген тас қамау тұйықтан суырып алып шығарлықтай әрбір өктем ұсыныс, істің шын жағдайын жазбай түсінетін әрбір айқын көзқарас — міне, осының бәрі, әлбетте, осынау суверенді Жиналыстың биік мәртебесін қорлайтын нәрселер еді.

Барлық қарарларға, үндеулерге, сауалдар мен ұрандарға қарамастан, Франкфурттағы инабатты депутат мырзалардың позициясын одан әрі қорғау мүмкін болмай қалғаннан кейін-ақ ілешала олар тайып тұрды; бірақ көтеріліс бастаған облыстарға барған жоқ, өйткені бұл тым батыл қадам болар еді. Олар Штутгартқа аттанды, мұндағы Вюртемберг үкіметі өзінше бір әліптің артын күтіп бейтараптық сақтап отырғанды. Осында келгеннен кейін олар, ақыр-аяғында, империя регентін құлады деп жариялап, өз орталарынан бес мүшесі бар регенттік сайлады. Бұл регенттік салған жерден әскери жасақ туралы заң қабылдады да, тиісті формальдылық ережелерді түгел сақтап отырып, оны Германияның барлық үкіметтеріне жолдап жіберді. Оларға, Жиналыстың нағыз қасеки жауларына, соның өзін қорғау үшін күш жинау керек деген бұйрық берілді! Ұлттық жиналысты қорғайтын армия — әлбетте, қағаз жүзінде — осылай құрылды. Дивизиялар, бригадалар, полктар, батареялар — бәрі-бәрі түгел ескеріліп, түгел қамтылды. Нақты шындықтан өзге ешқандай кемшілік болған жоқ, өйткені бұл армия, әрине, еш уақытта дүниеге келген жоқ еді.

Тағы бір, соңғы жоспар Ұлттық жиналыстың қолына өзі келіп түскендей еді. Елдің жер-жерлерінен демократияшыл халық өздерін парламенттің қарауына беріп, оны батыл кимылдарға итермелеу үшін депутациялар жіберіп жатты. Вюртемберг үкіметінің шын ниетін білген халық осы үкіметті көршілері бастаған көтеріліске ашық та белсене қатысуға көндіруді Ұлттық жиналыстан жалынып өтінді. Бірақ нәтиже болмады. Штутгартқа

көшіп келгеннен кейін Ұлттық жиналыс Вюртемберг үкіметінің ыркына көнді. Депутаттар мұны түсінді де, сол себептен халық арасындағы үгітке қарсы әрекет етті. Осының салдарынан келіп олар өздері әлі де сақтай алады деген ықпалдың ең соңғы жұрнағынан айрылып қалды. Олар халықтың орынды жиіркенішіне душар болды, сөйтіп Пруссия мен империялық регенттің талап етуімен Вюртемберг үкіметі демократиялық ойыншықты біржола тыйды: 1849 жылғы 18 июнь күні ол парламенттің мәжіліс залын бекітіп, регенттік мүшелерінің елден кетуіне бұйрық берді.

Сонда барып олар Баденге, көтерілісшілер лагеріне аттанды, бірақ енді бұлар ол жақта керексіз болып қалған еді. Оларға ешкім назар аударған жоқ. Соған қарамастан, регенттік суверенді герман халқының атынан өз бетінше әрекет қылып, отанды қорғап қалуға күш салып жатты. Ол қалаған адамға *паспорт* үлестіріп, өзін шетелдік державаларға танытпақ болды. Осыдан сәл бұрын, уақыт әлі өтіп кетпей тұрғанда, белсенді көмегін керексінбеген Вюртемберг облыстарында көтеріліс туғызу үшін ұрандар басып шығарып, комиссарлар жіберді, бірақ мұның бәрі, әлбетте, нәтижесіз болды. Қазір біздің алдымызда регенттікке оның комиссарларының бірі Реслер мырза (Эльсдан* депутат) жіберген хабарламаның түп нұсқасы жатыр; мазмұны өте сипатты. Оған мынадай белгі соғылған: Штутгарт, 1849 жылғы 30 июнь. Ақша іздеп, босқа әуре-сарсаң болған өзі сияқты бесалты комиссардың бастан кешкен хикаяларын баяндай келіп, Реслер мырза өзінің тағайынды жерге әлі жете алмай отырғандығына бірнеше дәлелдер келтіреді; содан кейін ол Пруссия, Австрия, Бавария және Вюртемберг араларында болып қалуы ықтимал кикілжің туралы және оның ықтимал салдары туралы өзінше бір керемет мәнді болжамдарын айтып кетеді. Осылардың барлығын ежіктей қарастырып келіп, ол қайткенде де үміт артар ештеңе жоқ деген қорытындыға келеді. Одан әрі Реслер сенімді адамдардан хабар жеткізіп тұру қызметін ұйымдастыруды және Вюртемберг министрлігінің ниет-пиғылдарын ашып, әскерлердің жылжуы жөнінде мәлімет алып тұру үшін шпionage жүйесін құруды ұсынады. Бұл хат иесіне жетпеген, өйткені ол жазылып жатқан кезде «регенттік» түгелдей «сыртқы істер ведомствосына», яғни Швейцарияға көшіп кеткен болатын. Байғұс Реслер мырза азған корольдіктің залым министрлігінің жоспарлары қандай деп басын қатырып отырғанда, жүз мың прус, бавар және гессен солдаттары Раштатт түбіндегі соңғы соғыста барлық істі тындырып та қойған еді.

Герман парламенті, ал онымен бірге герман революциясының алғашқы және соңғы туындысы осылай ғайып болды. Парламенттің шақырылуы Германияда революция шын *болды* деген

* Полякша аты: Олесница. *Ред.*

фактінің заң жүзіндегі алғашқы дәлелдемесі еді; және ол қазіргі заманғы осынау тұңғыш герман революциясы жойылғанға дейін өмір сүрді. Капиталистер табының ықпалымен бытыранды, бірікпеген, көпшілігі феодалдық меңіреуліктен жана ғана оянған село халқы сайлаған бұл парламент 1820—1848 жылдар арасындағы дәуірде атағы шыққан ірі адамдардың барлығын саяси аренада бір жерге жинап алып, сонсоң оларды біржола құртып жіберу мақсатына қызмет етті. Бұл жерге буржуазиялық либерализмнің барлық атақтылары жиналған еді. Буржуазияның күткені бір керемет еді, тапқаны — өзін де, өзінің өкілдерін де маскараға душар етті. Германияның өнеркәсіп және сауда капиталистерінің табы басқа елдердің қай-қайсысынан болса да ауыр жеңіліске ұшырады. Әуелі ол Германияның барлық жеке мемлекеттерінде жеңіліп, күйреп, барлық мемлекеттік лауазымдардан қуылды да, ал сонсоң орталық герман парламентінде тас-талқан болып қиратылды, абыройдан айрылып, жұртқа күлкі болды. Мемлекеттік өкімет билігінің монархиялық түрінде болсын немесе республикалық түрінде болсын, саяси либерализм Германияда біржола жүзеге асырылмайтын болды.

Өз өмірінің соңғы дәуірінде герман парламенті 1848 жылдың мартынан бері ресми оппозицияны бастап келген партияны — демократтар партиясын осы ұсақ қолөнершілер мен саудагерлер және ішінара шаруалар табының мүдделерін қорғайтын өкілдерді — біржола маскаралау мақсатына қызмет етті. 1849 жылдың майы мен июнінде бұл тап Германияда тұрақты үкімет құруға өзінің қабілетті екенін көрсетерлік мүмкіндік алды. Оның қандай сәтсіздікке ұшырағанын біз көрдік — бұл сәтсіздіктер жағдайдың қолайсыздығынан емес, революцияның басынан бастап, барлық шешуші қимылдарда ылғи көрініп отырған өзінің көрінеу су жүректігінен болған еді; ол өзінің сауда операцияларына тән топастықты, парасатсыздық пен батылсыздықты саясатта да көрсеткендіктен сәтсіздікке ұшырады. 1848 жылғы майда осындай қылығының салдарынан ол Европадағы барлық көтерілістердің шын мәнісіндегі айбынды күші — жұмысшы табының сенімінен айрылып қалды. Бірақ әлі де оның жеңіске жетуіне қолайлы нышандар бар еді. Реакционерлер мен либералдар тайқып кеткеннен былай қарай герман парламенті түгелдей соның қолында қалды. Село халқы соның жағында болды. Істің жайын айқын түсініп алып, соған лайықты батылдықпен, табандылықпен қимыл жасай бастаса, ұсақ мемлекеттердегі армияның үштен екісі, прус армиясының үштен бірі, прус ландверінің (резерв немесе жасақ) көпшілігі бұған келіп қосылуға әзір еді. Бірақ бұл таптың басында тұрған саясатшылардың көрегендігі өздерінің соңынан ерген ұсақ буржуа бұқарасынан артық болмады. Олар либералдардан да бетер көзсіз болып шықты, өздері ойдан шығарған бос дәмелерге олардан бетер жармасқыш, олардан өткен

анкау, фактілермен берік санасуға олардан бетер қабілетсіз болып шықты. Олардың саяси маңызы да құнсызданып құлдырап кетті. Бірақ олар өздерінің қарадүрсін принциптерін әлі жүзеге асыра қоймағандықтан, өте қолайлы жағдайларда олар аз уақытқа болса да қайтадан тіріле алатын еді, бірақ олардың әріптестері, Франциядағы «таза демократтар» сияқты *Луи Бонапарттың* мемлекеттік төңкерісі бұлардың да осы соңғы үкіметін қағып әкетті.

Оңтүстік-Батыс Германиядағы көтерілістің жанышталуымен және герман парламентінің қуылуымен бірінші герман революциясының тарихы аяқталады. Енді бізге қалғаны контрреволюциялық одақтың жеңімпаз мүшелеріне ақтық рет көз салу ғана. Мұны біз өзіміздің келесі мақаламызда¹⁹¹ істейміз.

Лондон, 24 сентябрь 1852 ж.

Ф. Энгельс 1851 жылдың августында — 1852 жылдың сентябрінде жазған „New-York Daily Tribune“ газетінде 1851 ж. 25, 28 октябрьде, 6, 7, 12 және 28 ноябрьде; 1852 ж. 27 февральда, 5, 15, 18 және 19 мартта, 9, 17 және 24 апрельде, 27 июльде, 19 августа, 18 сентябрьде, 2, 23 октябрьде басылған
Қол қойған: К а р л М а р к с

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 8-том, 3—113-беттер

Ф. ЭНГЕЛЬС

КЁЛЬНДЕ ТАЯУДА БОЛҒАН ПРОЦЕСС

Лондон, 1852 жылғы 1 декабрь, сәрсенбі.

Пруссиядағы коммунистерге қарсы Кёльнде болған процесс-монстр⁴⁶ туралы және оның немен тынғаны туралы европалық баспасөздегі көптеген есептерді Сіз, бәлкім, көрген де боларсыз. Алайда бұл есептердің бірде-бірінде фактілер шамалап болса да дұрысырақ баяндалмағандықтан және ол фактілер Европа континентін қандай саяси құралдардың көмегімен құрсауда ұстап отырғанын айқын көрсететіндіктен мен бұл процеске қайта оралу қажет деп есептеймін.

Одақтар құру және жиналыстар өткізу правосының жойылуы салдарынан, дәл басқа партиялар сияқты, коммунистік, яғни пролетарлық, партия да, континентте өзінің жария ұйымын құру мүмкіндігінен айрылды. Бұған қоса, оның көсемдері өздерінің елдерінен қуылды. Бірақ бірде бір саяси партия ұйымсыз өмір сүре алмақ емес; егер де, демократияшыл ұсақ буржуазия сияқты, либерал буржуазияның да әлеуметтік жағдайы мен материалдық артықшылықтары және оның мүшелері арасындағы ертеден қалыптасқан күнделікті қарым-қатынас белгілі бір дәрежеде мұндай ұйымның орнына жүре алса, пролетариаттың мұндай қоғамдық жағдайы мен ақша қаражаты жоқ еді, сол себепті ол мұндай ұйымды астыртын бірлестіктерден іздеуге мәжбүр болды. Міне, сондықтан да Францияда, сондай-ақ Германияда, көптеген астыртын қоғамдар пайда болды; 1849 жылдан бастап бірінен соң бірін әшкерелеп, полиция оларды заговоршылардың ұйымдары ретінде қудалады. Бұл қоғамдардың көбісі шынында да заговорлық ұйымдар еді, олар шынында да сол кездегі үкіметтерді құлату мақсатымен құрылғанды, — белгілі бір жағдайларда заговор ұйымдастырмаған кісі нағыз қорқақтың өзі болар еді де, ал басқа бір жағдайларда мұны істеу ақымақтыққа жатар еді. Бірақ мұнымен бірге алдарына анағұрлым кең көлемді, анағұрлым биік мақсаттар қойған басқа қоғамдар да болды; олар сол кездегі үкіметтерді құлату алдағы ұлы күрестің өтпелі кезеңі ғана екенін білген, өздерінің төңірегіне партияны, өздері ұйтқысы болып отырған партияны топтастыруға, сөйтіп

оны ерте ме, кеш пе, Европада «тирандардың», «озбырлардың», «зорлықшылардың» үстемдігін ғана емес, сонымен бірге одан да күшті, зымиян үстемдікті: капиталдың еңбекке үстемдігін мәңгі-бақи жоюға тиісті ең соңғы батыл шайқасқа әзірлуге тырысқан қоғамдар еді.

Германиядағы алдыңғы қатарлы коммунистік партияның ұйымы³⁸ осындай ұйым болатын. Оз «Манифесінің» (1848 ж. жарияланған) принциптеріне және «New-Vork Daily Tribune»-де¹⁴⁹ жарияланған «Германиядағы революция және контрреволюция»* атты мақалалар сериясында дамытылған қағидаларға сәйкес, бұл партия оның идеяларын практика жүзінде іске асыруға тиісті революцияны қашан болса да және қалай қаласа да жасай алады-мыс деп өзін өзі еш уақытта алдаған емес. Ол 1848 жылғы революциялық қозғалыстарды тудырған себептерді және оларды күйреліске әкеп соқтырған себептерді зерттеді. Қандай саяси күрестің болмасын түпкі негізінде таптардың қоғамдық антагонизмі жатады деп есептеп, ол бір қоғамдық тап ұлт мүдделерінің жиынтығын бейнелей алатын және бейнелеуге тиісті, демек, оны саяси басқаруға тиісті болатын жағдайларды зерттеуге кірісті. Орта ғасырлардағы жер иеленуші аристократияның ізінше алғашқы капиталистердің ақша байлығы қалай өскенін, бұдан кейін олардың билікті қалай қолға алғанын, сонан соң капиталистердің бұл финанс фракциясының қоғамдық ықпалы мен саяси үстемдігін *өнеркәсіп* капиталистерінің өсе түскен, — бу қолданыла бастаған уақыттан бері, — қуаты қалай ығыстырғанын, ал қазіргі кезде тағы да екі тап — ұсақ буржуа табы мен өнеркәсіп жұмысшылары табы үстемдікке талпынып отырғанын тарих коммунистік партияға көрсетіп береді. 1848—1849 жылдардың практика жүзіндегі революциялық тәжірибесі коммунистік жұмысшы табы ұдайы күреспен өзінің өкіметін орнатуға және оны буржуазияның езгісінде ұстайтып жалдама құлдық системасын жоюға үміттенбестен бұрын, алдымен ұсақ буржуазиялық демократияның кезегі келуге тиіс деген қорытынды шығаратын теориялық пайымдамаларды дәлелдеді. Демек, коммунистердің астыртын ұйымы Германиядағы сол кездегі үкіметтерді құлату мақсатын тікелей алға қою мүмкін емес. Ол бұл үкіметтерді емес, ал ерте ме, кеш пе, солардың орнына келетін инсуррекциялық үкіметті құлату үшін құрылған-ды. Ұйымның мүшелері, әрқайсысы жеке-жеке, өз кезінде *status quo*-ға** қарсы революциялық қозғалысты белсене қолдай алатындай еді және сөзсіз қолдайтын да еді. Бірақ мұндай қозғалысты бұқара арасында коммунистік идеяларды астыртын таратудан басқа, өзгеше әдіспен *әзірлеу* Коммунистер одағының міндетіне жатуы мүм-

* Осы томның 306—400-беттерін қараңыз. *Ред.*

** — сол кездегі орпаған тәртіпті, сол кездегі нақты жағдайды. *Ред.*

кін емес. Бұл қоғам мүшелерінің көбісі оның түпкі негізінде жатқан принциптерді жақсы түсінгені соншалық, қоғамның кейбір мүшелерінің атақ құмарлығы мен мансапқорлығы революцияны *ex tempore** жасау үшін Одақты заговоршылық ұйымға айналдыруға тырысушылыққа әкеп соқтырғанда, ондай мүшелер Одақтан тез-ақ қуылды.

Мұндай одақты мемлекетке опасыздық жасау мақсатында құрылған заговоршылық ұйым, астыртын бірлестік деп атау үшін дүние жүзінде ешқандай заң негіз тауып бере алмас еді. Егер ол заговор болғанның өзінде де, сол кездегі бар үкіметке қарсы заговор емес, ал оның ықтимал ізбасарына қарсы заговор болатын. Пруссияның үкіметі мұны білді де. Он бір айыпкерді он сегіз ай бойы жеке-жеке қамауда ұстап, бұл уақытты өкімет орындарының заңдағы қулық-сұмдықты жасап қалу үшін пайдалануының себебі де осында. Ойлап қараңызшы, сегіз ай қамауда ұстағаннан кейін «қандай бір қылмыс жасағандарын мойындататын дәлелдердің жоқтығынан» тергеуді одан әрі жүргізу үшін тұтқындарды тағы бірнеше ай түрмеде ұстады! Ал, ақырында, айыпкерлерді бітістірушілер сотына апарғанда, мемлекетке опасыздық жасады дерліктей бірде бір әрекетті оларға айып ретінде таға алмады. Сөйтсе де олар сотқа тартылды, сіздер мұның қалай істелгенін қазір көресіздер.

1851 жылғы майда Одақтың эмиссарларының бірі** тұтқындалған болатын, сөйтіп оны тінткенде табылған документтер негізінде тағы да тұтқындау әрекеттері жүргізілді. Пруссияның полицейлік чиновниктерінің бірі, *Штибер* деген біреу, Лондондағы жалған заговордың тармақтарын табу жөнінде жедел жарлық алды. Ол Одақтан шығарылғаннан кейін Париж бен Лондонда шынында да заговор ұйымдастырған, жоғарыда аталған сілімтіктердің кейбір документтерін таба алды. Бұл қағаздар бір қылмыстың үстіне екінші қылмыс жасау жолымен табылды. Рейтер деген біреуді ақшаға сатып алыпты, ол осы қоғам секретарының*** жазу столын бұзып, ондағы документтерді ұрлапты. Бірақ бұл істің бастамасы ғана еді. Бұл ұрлықтың ақыры Париждегі неміс-француз заговоры¹⁹² деп аталатынның әшкереленіп, оған қатысушылардың сотталуына әкеп соқтырды, әйтсе де ол үлкен Коммунистер одағының кілтің ұстата алған жоқ. Айтпақшы, Париждегі заговорды Лондондағы бірнеше атақ құмар ақымақтар мен саяси *chevaliers d'industrie***** және подлог жасағаны үшін бұрын сотқа тартылған, Парижде полицияның тыңшысы***** ретінде әрекет жасаған бір субъект басқарды. Солар-

* — экспромтпен, ешбір әзірліксіз. *Ред.*

** — Нотьюнг. *Ред.*

*** — О. Дицтің. *Ред.*

**** — алаяқтардың. *Ред.*

***** — Шерваль. *Ред.*

дың қармағына түсіп, ақымақ болған ашықауыз немелер өздерінің әбден шегіне жеткен саяси мүсәпірлігінің есесін долданған декламациялармен, қан құмарлық лепірме сөздермен толтырды.

Сонымен, пруссиялық полицияға басқа бір жаңалықтар ашудың жолын іздестіруге тура келді. Пруссияның Лондондағы елшілігінде ол астыртын полицияның нағыз бөлімшесін құрды. Грейф деген полицейлік агент елшіліктің атташесі деген атақты жамылып жүріп, өзінің пасық кәсібімен айналысты,— бұл, шындығында, Пруссияның бүкіл елшілігін халықаралық праводан тысқары қоюға жетерліктей тәсіл еді, оны қолдануға тіпті австриялықтардың да әлі батылы жете қойған жоқ. Оның басшылығымен Флөри деген біреу жұмыс істеді, лондондық Ситидегі бұл көпес, басына азын-аулақ дәулет біткен және әжептәуір маңғазсыған топтарда байланысы бар бұл кісі жауыздыққа тұмысынан бейім тұратындығынан пасықтық істейтін жексұрны мақұлықтардың бірі болатын. Екінші бір агент Гирш атты сауда қызметшісі еді, алайда ол Лондонға келіп түскенде-ақ шпиондық жасады деген күдік туғызған болатын. Ол Лондондағы бірнеше неміс эмигрант-коммунистің арасына кіріп алды, ал оның шын мәнінде кім екеніне көздерін жеткізу үшін олар бірсыпыра уақыт бойы оның өз араларында болғанына төзді. Оның полициямен байланысының дәлелдері көп ұзамай алынды, осыдан кейін Гирш мырза тайып отырды. Алайда, өзіне ақы төленетін мағлұматтарды алып тұрудың барлық мүмкіндігінен осылайша айрылып қалғанмен, ол мүлдем әрекетсіз жатып алған жоқ. Кенсингтонға барып бой тасалаған ол жоғарыда аталған коммунистердің бірде-бірін бір рет те кездестірген жоқ, бірақ пруссиялық полиция ұстай алмай жүрген нақ сол заговоршылық ұйымның жорымалы орталық комитетінің жалған мәжілістері туралы өтірік есептерді күн сайын қарша боратып жатты. Бұл есептердің мазмұны барып тұрған сандырақ еді. Бірде бір кісінің аты шындыққа жанаспады, бірде бір фамилия дұрыс жазылмаған, адамдардың біреуіне таңылған бірде бір сөз сол адамның аузынан шықты деуге аздап болса да ұқсаған жоқ. Бұл жалған есептерді әзірлеуде Гиршке жәрдемдескен оның ұстазы Флөри болды, бұл пасық іске «атташе» Грейфтің де араласпағандығы әлі мүлде дәлелденбеген нәрсе. Илану қиын, бірақ пруссиялық үкімет осы ақылға сыймайтын былықпаны қасиетті ақиқат деп таныды, бітістірушілер сотына табыс етілген айыптау материалын бұл секілді куәліктердің қалай шатастырғанын осыдан түсіне берініз. Сот процесі басталғанда, жоғарыда аталған полицейлік чиновник Штибер мырза куәлар отыратын орындыққа өзі барып отырып, әлгі шылқыған өтіріктің бәрін ант беріп растады, оның астыртын агенттерінің бірі осы масқара заговордың басты ұйымдастырушылары ретінде қаралуға тиісті Лондондағы адамдар-

мен өте жақын қарым-қатынаста деп аузы-мұрны қисаймастан сендірді. Бұл астыртын агенттің шынында да аса құпия сыры бар-ды, өйткені ол сегіз ай бойына Кенсингтоннан сыртқа тұмсық сұққан да жоқ, мені заговорға қатысушылардың нағыз жасырын ойларын, айтқан сөздері мен істеген істерін апта сайын хабарлап отыр-мыс деп санайды, солардың біреуін шынымен-ақ кездестіріп қалмасам жарар еді деп қорықты.

Алайда Гирш пен Флэри мырзалар тағы бір өнерін сақтап қалып еді. Өздері ойдан шығарып жазған есептердің барлығын олар астыртын жоғарғы комитет мәжілістері «протоколдарының нағыз кітабы» етіп қайта өңдеді; ал мұндай комитет бар деп көрсетуді пруссиялық полиция талап етті. Ал Штибер мырза, өзі осы кісілерден алған есептермен бұл кітап ғажап үйлесіп тұр деп тапқандықтан, кітапты дереу бітістіруші соттарға табыс етті де, мұқият зерттегеннен соң кітаптың түпнұсқа екеніне көзі кәміл жеткендігін тағы да ант беріп растады. Гирш хабарлап тұрған ақылға қонымсыз өтіріктердің көбісі нақ сонда жарияланған болатын. Бұл астыртын комитеттің жорымалы мүшелері олар туралы оған дейін өздерінің ойына да кіріп шықпаған нәрселердің хабарланғанын естігенде қалай қайран қалғаны түсінікті. Вильгельм деп азан айтып ат қойылған кісі мұнда Людвиг немесе Карл деп аталады; енді біреулер Англияның басқа бір шетінде жүрген уақытта Лондонда сөз сөйлеген болып шығыпты; ал үшінші біреулер еш уақытта қолына ұстамаған хаттарды оқыды деп хабарланған; олар бейсенбі сайын үнемі жиналыстар өткізіп тұрды деп көрсетілді, ал шындығында бұл дос-жарандардың апта сайын сәрсенбі күні жай бас қосатын салты ғана болатын; шала-шарпы жаза білетін жұмысшы протоколдарды жазушылардың бірі болыпты-мыс және протоколға солай деп қол да қойыпты-мыс; олардың барлығын Пруссияның полицейлік учаскесіндегілерше сөйлеуге мәжбүр еткен, ал мүшелерінің көпшілігі өз елдерінде жақсы мәлім әдебиетшілер болып саналатын қоғамда әсте бұлайша сөйлемейді. Осының бәріне қоса, протоколдардың кітабы үшін жалған документ жасаушылар ойдан шығарылған орталық комитеттің жалған секретарына бейне берілді делінген ақша үшін жалған қол хат жазылды. Алайда осы жалған секретарьдың жер басып жүргендігі бейшара Гиршті зұлымдық ойлаған бір коммунист душар етті деген адасушылыққа ғана негізделді.

Бұл жалған документ тым жанжалды іс еді, ол жетпек болған мақсатқа тікелей қарама-қарсы әсер етпей қалмады. Айыпкерлердің лондондық достарында істің мән-жайымен бітістіруші соттарды таныстыруға ешбір мүмкіндік болмаса да, олардың қорғаушыларға жолдаған хаттарын почтада алып қойып отырса да, олар қайткенмен де осы адвокаттарға жеткізе алған

документтер мен ант беріп жазбаша әзірлеген куәліктер сотта қажетті дәлелдемелер ретінде қабылданбаса да, осылай бола тұрса да, жалпы наразылық, тіпті, мемлекеттік айыптаушылардың өзін, осы протоколдар кітабының нағыз түпнұсқа екенін ант беріп растаған Штибер мырзаның өзін де оның жалғандығын мойындауға мәжбүр етті.

Алайда бұл қолдан жасалған документ полиция кінәлы деп табылған мұндай жалғыз ғана әрекет емес еді. Процесс кезінде тағы да екі ме әлде үш пе факті анықталды. Полиция қосымша сөздер қыстырып жазу жолымен Рейтер ұрлаған документтерді бұрмалаған, сөйтіп олардың мәнін бұзған. Ешбір қисынсыз сандыраққа толы бір документ д-р Маркстің жазу мәнеріне ұқсатып жазылған, ақырында, айыптаушы жақ мұның қолдан жасалғанын мойындауға мәжбүр болғанға дейін біраз уақыт бойына ол нақ соның жазғаны деп есептеліп те келді. Бірақ полицияның әшкереленген әрбір жауыздығының орнына жаңадан бес немесе алты жауыздық шыға келіп отырды, оларды дереу әшкерелеуге мүмкіндік болмады, өйткені қорғаушыларды қапы соқтыруға тырысты, дәлелдерді Лондоннан іздеп табуға тура келді, ал қорғаушылардың лондондық эмигрант-коммунистермен хат жазушының қандайы болсын сотта жалған заговорға қатысқанмен тең деп қаралды!

Грейф пен Флөридің шынында да дәл жоғарыда бейнеленгендей екенін Штибер мырзаның өзі куә ретіндегі жауабында растап берді. Ал Гиршти алатын болсақ, жалған «протоколдар кітабын» ол Флөридің бұйрығы бойынша және соның жәрдемімен істегенін, сонан соң қылмыскер ретінде жауапқа тартылудан құтылу үшін Англияда бой тасалағанын Лондондағы полициялық судьяның алдында мойындады.

Процесс кезіндегі мұншама масқара әшкерелеулер үкіметті мүлде қиын жағдайға қойды. Оның бұл процестегі бітістіруші соттарының құрамы бұған дейін Рейн провинциясында болып көрмеген құрам еді: алты дворян — барып тұрған реакционерлер, төрт ақшалы алпауыт және екі үкімет чиновнигі. Айыпкерлер қасиетті нәрсенің бәрін: меншікті, семьяны, дінді, тәртіпті, үкіметтер мен заңдарды жою мақсатын көздеген қатерлі коммунистік заговордың басшылары деген сөздер жатса-тұрса құлақтарын шулатқан жағдайда өздерінің алдына алты апта бойы үйіп-төгілген жауаптардың шытырман шиырын зер сала зерттеуге бұл кісілер оншама ықылас білдіре қойған жоқ! Солай бола тұрса да, егер бұл процестегі ақтау бітістірушілер сотын ажыратуға берілген белгі болатынын, сөйтіп ол тікелей саяси демонстрация ретінде, буржуазиялық-либералдық оппозицияның тіпті ең батыл пікірдегі революционерлермен одақтасуға да әзір екендігінің дәлелі ретінде ұғылатынын үкімет артықшылығы бар

топтарға дәл сол кезде сездіре қоймаған болса,— қайткенмен де ақтаған үкім шығарылатын еді. Қалай болғанмен де, үкімет кері қолданылатын күші бар дейтін заң ретінде пруссиялық жаңа қылмыс заңын қолдану арқылы тұтқындалғандардың жетеуін соттай алды, ал төртеуі ғана ақталды. Сотталғандар үш жылдан алты жылға дейін әртүрлі мерзімге түрмеде отыруға кесілді, бұл туралы хабар Сізге жеткенде, Сіз ол жайында кезінде, сөзсіз, хабарлаған болатынсыз.

*Ф. Энгельс 1852 ж. 29 ноябрьде жазған
„New-York Daily Tribune“ газетінде
басылған, № 3645, 1852 ж. 22 декабрь
Қол қойған: К а р л М а р к с*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 8-том, 415—422-беттер*

К. МАРКС

ЛУИ БОНАПАРТТЫҢ
ОН СЕГІЗІНШІ БРЮМЕРІ¹⁹³1869 ЖЫЛҒЫ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА
К. МАРКСИҢ ЖАЗҒАН АЛҒЫ СӨЗІ

Менің мезгілсіз қайтыс болған досым *Иосиф Вейдемейер** Нью-Йоркте 1852 жылғы 1 январьдан бастап саяси апталық шығармақ болды. Ол менен осы журналға арнап *сour d'etat*** -тың тарихын жазып беруді өтінді. Осы өтініш бойынша мен февральдің орта шеніне дейін апта сайын ол журнал үшін: «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген жалпы тақырыппен мақалалар жаздым. Оның бер жағында, Вейдемейердің бастапқы жоспары іске аспай қалды. Оның есесіне ол 1852 жылдың көктемінде «*Die Revolution*» айлық журналын шығара бастады; менің «Он сегізінші брюмер» деген еңбегім осы журналдың бірінші кітабында басылды. Бұл шығарманың бірнеше жүз данасы сол кезде Германияға өтті, алайда нағыз кітап рыногына түспеді. Барып тұрған радикал болғансып жүрген бір неміс кітап сатушысына менің шығармамды өткізу ісін өзінің міндетіне алуды ұсынғанды, ол мұндай «мезгілсіз әлекке» шынымен-ақ жаны тітірей жауап берді.

Бұл айтылғандардан ұсынылып отырған шығарма оқиғалардың тікелей әсерімен жазылғандығы және ондағы тарихи материал февральдан (1852 жылғы) әрі аспайтындығы көрінеді. Бұл шығарманың осы жолғы қайта басылуына ішінара кітап рыногының керексінуі, ішінара Германиядағы менің достарымның талап етуі себеп болды.

Менің шығармаммен шамасы *бір мезгілде* шыққан және сол мәселеге арналған шығармалардың ішінде тек екеуі ғана көңіл бөлерлік: *Виктор Гюгоның «Кіші Наполеоны»* және *Прудонның «Мемлекеттік төңкерісі»*.

Виктор Гюго мемлекеттік төңкерісті жасаушы басты авторға

* Америкадағы Азамат соғысы кезінде Сент-Луис округының әскер бастығы қызметін атқарды.

** — мемлекеттік төңкерістің. *Ред.*

қарсы зілді және өткір сөздер айтумен тынады. Ал оқиғаның өзін ол бұлт жоқта күн күркіреген тәрізді етіп суреттейді. Мұны жалғыз адамның зорлықпен істеген ісі ғана деп таниды. Ол мынаны байқамайды: жеке адам инициативасының бүкіл дүние жүзілік тарихта тендесі жоқ құдіретті күшін осы бір жұпыны адамға әкеп таңып, оны мүлдем асыра дәріптейді. Прудон өз тарапынан мемлекеттік төңкерісті бұдан бұрынғы тарихи дамудың нәтижесі деп көрсетуге тырысады. Бірақ мемлекеттік төңкерістің тарихи құрылымы оның еңбегінде байқаусыз түрде бұл төңкерістің батырын тарихи мадақтауға айналады. Сөйтіп, ол біздің *объективті* тарихшылар дейтіндердің қатесіне ұрынады. Мен, мұның керісінше, бұл күйікті де күлкілі кейіпкерге батырдың ролін атқаруға мүмкіндік берген шарттар мен жағдайларды Франциядағы *тап күресінің* қалай туғызғанын көрсетіп отырмын.

Ұсынылып отырған шығарманы қайта өңдеу оны ерекше өңінен айыар еді. Сондықтан мен баспа қателерін түзетіп, енді түсініксіз болған тұспалдарды тазартумен ғана тындым.

Менің шығармамның: «Ал егер императорлық шапан, сайып келгенде, Луи Бонапарттың иығына жамылынатын болса, онда Наполеонның қола статуясы Вандом колоннасының биігінен құлап түседі» деген қорытынды сөздері — қазірдің өзінде расқа шықты*.

Полковник Шаррас өзінің 1815 жылғы жорық туралы шығармасында Наполеонның жеке басына табынушылыққа шабуыл бастады. Сонан бері, әсіресе соңғы жылдар ішінде, француз әдебиеті тарихи зерттеу, сын, сықақ және өткір сөз қаруын жұмсап, Наполеон туралы ертегілерді біржолата жойды. Халықтың санасындағы дәстүрлі сенімнен бұл қатты ажырасудың өзі, бұл орасан зор рухани революция Франциядан тыс жерлерде жұрттың назарын аз аударды және онан да кем ұғынылды.

Қорытындысында, менің шығармам қазір — әсіресе Германияда — көп тарап жүрген *цезаризм* дейтін туралы жаттанды сөздерді жоюға себепші болатындығына сенім білдіремін. Бұл үстірт тарихи теңеу жасағанда басты нәрсені — Ертедегі Римде тап күресі тек артықшылығы бар азшылық ішінде, ерікті байлар мен ерікті кедейлер арасында болғанын, ал халықтың орасан көп өндіруші бұқарасы, құлдар, осы күресушілердің тек енжар тұғыры болып қызмет еткенін ұмытады. *Сисмондидің* мына дәлдеп айтқан ескертпесін ұмытады: рим пролетариаты қоғам есебінен тіршілік еткен еді, ал осы күнгі қоғам пролетариат есебінен тіршілік етеді. Таптардың көне замандағы және осы замандағы күресінің материалдық, экономикалық жағдайлары арасында осындай түбірлі айырмашылық болып отырғанда, осы күрес ту-

* Осы томның 503-бетін қараңыз. *Ред.*

ғызған саяси тұлғалар арасында Кентерберий архиепископы мен алғашқы имам Самуил арасындағыдан артық ұқсастық болуы мүмкін емес.

Карл Маркс

Лондон, 23 июнь 1869 ж.

К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінің 1869 ж. Гамбургте шыққан екінші басылуында жарияланған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 374—376-беттер

НЕМІС ТІЛІНДЕ 1885 ЖЫЛҒЫ ҮШІНШІ БАСЫЛУЫНА Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ ЖАЗҒАН АЛҒЫ СӨЗІ

«Он сегізінші брюмердің» алғашқы шығуынан отыз үш жылдан кейін оны жаңадан бастырудың қажет болуы бұл шығарманың өз маңызын осы күнге дейін ешбір жоймағанын дәлелдейді.

Ал шынында мұның өзі данышпандық шығарма еді. Дәл бұлт жоқта күн күркірегендей, бүкіл саяси дүниені тандандырған, біреулер ызалы жан ашуымен дауыстап қарғаған, ал екінші біреулер революциядан құтылудың жолы деп, оның адасқаны үшін берілген жаза деп қабылдаған оқиғадан, алайда, жұрттың бәрінде тек таңырқаушылық қана туғызған және ешкім ұғынбаған оқиғадан кейін іле-шала — міне осы оқиғадан кейін іле-шала — Маркс тұжырымды, эпиграммалық шығарма жазып, онда февраль күндерінен бастап француз тарихының бүкіл барысын ішкі байланысы бойынша баяндап берді және 2 декабрьдегі¹⁹⁶ керемет осы байланыстың табиғи, қажетті нәтижесі екенін ашты; оның бер жағында, бұл үшін оған мемлекеттік төңкерістің геройына, әбден орынды жек көргендіктен басқаша қараудың тіпті де қажеті болған жоқ. Маркстің мән-жайды шеберлікпен суреттегені сонша — кейіннен жасалған әрбір жаңа әшкерелеу ол суреттеуде шындықтың қандай дұрыс көрсетілгендігіне тек жаңа дәлелдемелер қосып отырды. Өз тұсындағы нақты тарихты мұндай тамаша ұғынғандықтың, оқиғалардың мәнісін сол болып жатқан кезінде мұндай айқын ұғудың мысалы шынында да болған емес.

Бірақ мұның үшін француз тарихын Маркстің білгеніндей терең білу керек еді. Франция мынадай ел: бұл елде таптардың тарихи күресі әрдайым басқа елдердегіден артығырақ үзілді-кесілді шегіне жетіп жүрді. Франция өзгеріп отыратын саяси формалар неғұрлым айқын түрде белгіленді, ал осы формалардың ішінде әлгі тап күресі алға басып, оның нәтижелері сол саяси формалардан көрініп отырды. Орта ғасырларда феодализмнің ұйтқысы, Ренессанс кезінен бері біртұтас сословиелік монархияның үлгісі болған Франция ұлы революция кезінде феодализмді талқандап, бірде бір басқа европалық елде болмаған тамаша

айқындықпен буржуазияның толық үстемдігін орнатты. Бас көтеріп келе жатқан пролетариаттың үстемдік жүргізуші буржуазияға қарсы күресі де мұнда, басқа елдерде болып көрмеген, шиеленіскен түрде болып отырды. Сол себепті Маркс Францияның өткен тарихын ғана ерекше зор құрметпен зерттеп қоймай, мұнымен бірге оның қазіргі тарихын да барлық егжей-тегжейлеріне жете байқап отырды, келешекте пайдалануға керекті материал жинады. Сондықтан оқиғалар оны қапы соқтырған емес.

Бұған тағы бір басқа жағдай қосылды. Тарихтың алға басыуының ұлы заңын алғаш рет нақ Маркс ашты; бұл заң бойынша, қандай да болсын тарихи күрес — ол қай салада, саяси, діни, философиялық немесе басқа бір идеологиялық салада жүргізілсе де — шындығында, қоғамдық таптар күресінің азды-көпті айқын көрінісі ғана болып табылады, ал бұл таптардың өмір сүруі және мұнымен бірге өзара соқтығысуы да олардың экономикалық даму дәрежесіне, өндірістің және ол белгілейтін айырбастың сипаты мен тәсіліне байланысты болып отырады. Энергияның өзгеру заңының жаратылыс таңу үшін қандай маңызы болса, тарих үшін сондай маңызы бар бұл заң Маркске осы ретте де француздың Екінші республикасының тарихын ұғынудың кілті болды. Бұл еңбегінде ол өзі ашқан заңның дұрыстығын осы тарих бойынша тексерді, ал бұл сынаудың тамаша нәтижелер бергенін тіпті отыз үш жыл өткеннен кейін де әлі де болса мойындауға тура келеді.

Ф. Э.

1885 ж. жазылған

*Менің кітапта басылған: Karl Marx
„Der Achtzehnte Brumaire des Louis
Bonaparte“, Hamburg, 1885*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 21-том, 258—259-беттер*

ЛУИ БОНАПАРТТЫҢ ОН СЕГІЗІНШІ БРЮМЕРІ¹⁹⁷

I

Гегель бір сөзінде: бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы оқиғалар мен тарихи адамдардың бәрі, былайша айтқанда, дүниеге екі рет келеді дейді. Бірақ ол мынаны: бірінші рет қайғылы түрде, екінші рет ерсі түрде келетінін қосып айтуды ұмытты. Дантонның орнына Коссидьер, Робеспьердің орнына Луи Блан, 1793—1795 жылдардағы Гораның орнына 1848—1851 жылдардағы Гора, ағасының орнына немере інісі келді. Он сегізінші брюмер¹⁹⁷ екінші рет жасалғанда нақ сондай адам күлерлік жағдай болды!

Адамдар өз тарихын өздері жасайды, бірақ оны өз ойлағанынша жасамайды, қайта өздері таңдамаған, сол кездегі тікелей бар, өздеріне беріліп отырған және өткеннен қалған жағдайларда жасайды. Барлық өлген ұрпақтардың дәстүрлері тірілердің ақыл-ойын қара түнектей басып тұрады. Адамдар өздерін, айналасындағыны қайта құрып, бұрын болып көрмеген бір нәрсені жасаумен ғана шұғылданып жүрген сияқты кезеңде, революциялық дағдарыстардың нақ осындай дәуірлерінде, олар өткен ұрпақтардың аруағын көмекке шақырып, соларға сыйына бастайды, солардың есімдерін, жауынгерлік ұрандарын алады, солардың киімдерін киеді, сөйтіп көне заман қасиеттеген осы киіммен, солардың тілімен бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа оқиғасын сахнадағыдай ойлап бермекші болады. Мысалы, Лютер апостол Павел болып киініп шықты, 1789—1814 жылдардағы революция кезекпен біресе Рим республикасының костюмымен, біресе Рим империясының костюмымен безенді, ал 1848 жылғы революция біресе 1789 жылдың, біресе 1793—1795 жылдардың революциялық дәстүрлеріне еліктеуден артық ешнәрсе таппады. Мысалы, шет тілді жаңа үйренген адам осылайша әрдайым оны іштей өзінің ана тіліне аударалы; ал ол іштей аудармай сөйлей алатын, жаңа тілде сөйлегенде өзінің ана тілін ұмытып кететіндей болғанға дейін бұл жаңа тілдің рухын меңгере алмайды, бұл тілде еркін сөйлей алмайды.

Өлгендерге қол артқан бұл бүкіл дүние жүзілік-тарихи сыйынуларды қарастырғанда, олардың арасындағы үлкен айырмала-

шылық бірден көзге ұрады. Батырлар ретінде Камилль Демулен, Дантон, Робеспьер, Сен-Жюст, Наполеон да, сондай-ақ ескі француз революциясының партиялары мен халық бұқарасы да өз заманының міндетін — бұғаулардан босанып, *қазіргі буржуазиялық* қоғамды орнатуды — Рим костюмын кие жүріп, Рим сөздерін айта жүріп жүзеге асырды. Біреулері феодализмнің негіздерін түк қалдырмай талқандап, оның тамырынан өсіп шыққан феодалдық бастарды қыркып тастады. Екінші біреулері Францияның ішінде еркін бәсекенің дамуына, бөлшектенген жер меншігін пайдалануға, ұлттың бұғаудан босатылған өнеркәсіптік өндіргіш күштерін қолдануға мүмкіндік туғызған жағдайлар жасады, ал Франциядан тыс жерлердің бәрінде феодалдық формаларды талқандап отырды, өйткені Франциядағы буржуазиялық қоғам үшін европалық континентте лайықты, замана талабына сай келетін жағдай жасау үшін осылай істеу қажет болды. Бірақ жаңа қоғамдық формация қалыптасысымен-ақ, атам заманғы алыптар мен қайта тірілген бүкіл римдік ескілік — бұл Бруттардың, Гракхтардың, Публиколдардың, трибундардың, сенаторлардың бәрі және Цезарьдың өзі де солармен бірге ғайып болды. Өз ісіне мығым буржуазиялық қоғам өзінің нағыз уағыздаушылары мен жаршыларын Сэйлерден, Кузендерден, Руайе-Колларлардан, Бенжамен Констандардан және Гизолардан тапты; оның нағыз қолбасылары коммерция конторларында отырды, ал саяси басшысы майлы бас XVIII Людовик болды. Байлық жинау мен бейбіт бәсеке күресіне түгелдей құныққан бұл қоғам өзінің бесігін ескі римдік елестердің күзеткенін енді есіне де алмады. Алайда, буржуазиялық қоғамның қаһармандығы қаншама аз болса да, оның дүниеге келуі үшін қаһармандық, жанқиярлық террор, азамат соғысы және халықтардың шайқасуы керек болды. Буржуазиялық қоғамның гладиаторлары Рим республикасының тамаша мүлтіксіз дәстүрлерінен өздерінің күресінің буржуазиялық-шағын мазмұнын өздерінен жасыруға, өздерінің шабытын ұлы тарихи трагедия дәрежесінде сақтауға қажетті идеалдар мен көркемдік формалар, қиялдар тапты. Мысалы, онан бір ғасыр бұрын, дамудың басқа сатысында, Кромвель мен ағылшын халқы өздерінің буржуазиялық революциясы үшін Ескі шарифаттан алынған тілді, ынтаны және қиялдарды пайдаланды. Ал көздеген мақсатқа жетіп, ағылшын қоғамы буржуазиялық негізде қайта құрылғаннан кейін Локк Аввакум пайғамбарды ығыстырып шығарды.

Сөйтіп, бұл революцияларда өлгендерді тірілту ескі күреске еліктеу үшін емес, жаңа күресті мадақтау үшін қызмет етті, ондағы міндетті, шынында, орындаудан жалтару үшін емес, ол міндеттің қиялдағы маңызын көтеру үшін қызмет етті, — революцияның елесін тағы да кездіру үшін емес, оның рухын жаңадан табу үшін қызмет етті.

1848—1851 жылдарда, қарт Байяның костюмін киген, геруб-licain en gants jaunes* Маррастан бастап, онбағандық-жексұрын кескінін өлі Наполсонның темір маскасымен жасыратын авантюристке дейін, ескі революция елесі ғана кезіп жүрді. Революция арқылы өзінің тарихи дамуының алға басуын тездеттім деп ойлаған тұтас бір халық кенет кері өшкен заманға шегіндірілген болып шықты; ал бұған күмәнданудың қандайын болса да жою үшін, көптен-ақ антикварлық ғалымдықтың игілігіне айналған сияқты болған ескі даталарды, ескі жыл есесін, ескі есімдерді, ескі эдиктерді және ескі, әлдеқашан шіріп біткендей болған жандармдарды қайтадан қалпына келтіруде. Өзін ерте заман перғауындарының замандасы деп ойлайтын, Эфиопияның алтын рудниктерінде, жер астындағы оны қамаған осы түрмеде, басына қондырып алған шамның күнгірт жарығымен, құлдардың ұзын шыбыртқылы бақылаушысының және, бәрі де әртүрлі тілде сөйлейтін болғандықтан, қаторжниктердің айтқанына да, бір-бірінің айтқанына да түсінбейтін, есік алдындағы топырлаған варвар-солдаттардың бақылауымен атқаратын ауыр еңбегін айтып күн сайын зарлапатын, Бедламдағы¹⁹⁸ алжасқан ағылшын өз жайын қалай сезетін болса, ұлт та солай сезеді. «Ерте заман перғауындарына алтын шығару үшін,— деп күрсінеді алжасқан ағылшын — маған, ерікті туган бриттке, осының бәріне төзуге тура келеді». «Бонапарт семьясының борышын өтеу үшін»,— деп күрсінеді француз ұлты. Ағылшын есі дұрыс кезінде алтын шығарудың жабысқақ идеясынан құтыла алмады. Француздар революциямен шұғылданып жүргенде Наполеонды еске түсіруден арыла алмады; мұны 10 декабрьдегі¹⁹⁹ сайлау дәлелдеді. Олар революцияның қаупінен Египеттің ет толы қазандарына²⁰⁰ қарай кері тартты, ал 1851 жылғы 2 декабрь¹⁹⁶ мұның жауабы болды. Олар қарт Наполеонның карикатурасын ғана алып қоймады,— олар карикатуралық түрдегі қарт Наполеонның өзін алды, ол XIX ғасырдың ортасында қандай болып көрінуге тиіс болса, оны сондай түрінде алды.

XIX ғасырдың әлеуметтік революциясы өзінің поэзиясын өткеннен емес, тек келешектен ала алады. Ол ескілікті соқыр сеніммен құрметтеудің қандайын болса да жоймай тұрып, өзінің меншікті міндетін жүзеге асыруға кірісе алмайды. Бұрынғы революциялар, өздерінің мазмұны жайында өздерін алдау үшін, өткен заманның бүкіл дүние жүзілік-тарихи оқиғалары туралы естеліктерді керек қылды. XIX ғасырдың революциясы, өзінің мазмұнын өзі анықтап алу үшін, өздерінің өлгендерін жерлеуді өліктердің өз еркіне беруге тиіс. Онда құрғақ сөз мазмұннан жоғары болды, мұнда мазмұн құрғақ сөзден жоғары.

* — жұмсақ қолғапты республикашыл. *Ред.*

Февраль революциясы ескі қоғам үшін *күтпеген* оқиға болды, ол бұл қоғамға қапылыста келіп қалды, сондықтан халық бұл батыл *соққыны* жаңа заманды бастайтын бүкіл дүние жүзілік-тарихи оқиға деп жариялады. Февраль революциясы 2 декабрьде айлакер алдауыштың қолында ғайып болды, сөйтіп, мұның нәтижесінде монархияның өзі емес, ғасырлық күресте онан тартып алынған либералдық жеңілдіктер жойылған болып шықты. *Қоғамның* өзіне жаңа мазмұнды өзі жеңіп алуы орнына, *мемлекет* тек өзінің ең ерте замандағы формасына, семсер мен рясаның арсыз тұрпайы үстемдігіне қайтып келген болып шықты. 1848 жылғы февральдағы *coup de main** 1851 жылғы декабрьдегі *coup de tête*** жауап берді. Не ексе, соны орды. Алайда, бұл оқиғалар арасындағы уақыт босқа өтпеді. 1848—1851 жылдар ішінде француз қоғамы, дамудың дұрыс, былайша айтқанда, бір қалыпты барысында, февраль революциясы үстіңгі қабатты жай ғана шайқалтудан гөрі елеулік нәрсе болған болса, бұл революциядан бұрын болуға тиісті сабақтар мен тәжірибені тездетілген әдіспен, — өйткені бұл революциялық әдіс болды, — еселеп игерді. Ал енді қоғам өзінің бастаған жерінен кейін шегініп қалған сияқты; ал шынында оған өз революциясының алғы шарттарын енді ғана жасауға, осы заманғы революцияның елеулі сипат алуына мүмкіндік бере алатын жағдайды, қатынастарды, шарттарды туғызуға тура келіп отыр.

Мысалы, XVIII ғасырдың революциялары сияқты буржуазиялық революциялар табыстан табысқа тез жетеді, олардағы керемет нәтижелер бірінен бірі асып түседі, адамдар мен заттар бенгаль отымен сәулеленгендей болады, күн сайын шексіз шаттықтың лебі еседі, бірақ олар тым тез өтеді, өзінің шарықтау шегіне тез жетеді, сөйтіп қоғам өзінің дауылды және тегеуірінді дәуірінің нәтижелерін ақылға салып ұғынғанша ұзақ уақыт меңзең халге түседі. Мұның керісінше, XIX ғасырдың революциялары, пролетарлық революциялар, өздерін өздері үнемі сынап отырады, әлсін-әлі жүрісінен тоқталады, орындалған сияқты ісіне оны тағы жаңадан бастау үшін қайтып оралады, өздерінің алғашқы әрекеттерінің жартыкештігін, әлсіз жақтарын және жарамсыздығын қатал түрде барынша келекелейді, өздерінің жауын тек бейне бір жерден соны күштерді қосып алып, бұрынғысынан да гөрі күштірек бойын жазсын дегендей оны жыға салады, шегінудің қандай да болсын жолын кесетін жағдай туғанға дейін, өмірдің өзі өктем түрде:

Hic Rhodus, hic salta!

Мына жерде роза, бұл жерде биле!²⁰¹ дегенге дейін өз мақсаттарының белгісіз орасан зорлығынан қайта-қайта шегінеді.

* — тұтқиыл соққы, батыл әрекет. *Ред.*

** — ұшқалақтық әрекет, арсыздық іс. *Ред.*

Тегінде, қандай да болсын азды-көпті байқай білетін адам, тіпті, ол Франциядағы оқиғалардың даму барысын қадам басқан сайын қадағалап отырмаған болса да, революцияның құлақ есітпеген маскаралыққа ұшырайтынын алдын ала сезуге тиісті еді. Мұның үшін 1852 жылғы май айының екінші жексенбісінен²⁰² күтілген игілікті нәтижелермен бірін-бірі құттықтаған демократ мырзалардың менменсіген жеңіс әуенді шәуілін тыңдаудың өзі жеткілікті еді. Христостың екінші рет келіп, хилиастардың²⁰³ мың жылдық патшалық құру дәурені басталатын күн сияқты, 1852 жылғы май айының екінші жексенбісі олардың мыйына орнығып алған идея, догмат болып алды. Әлсіздік әрдайым кереметке сенумен жан сақтайды; егер ол жауын өз қиялында дуамен жеңсе, оны жеңілгенге есептейтін және өзін күтіп тұрған болашақты, өзі істемек болған, бірақ жұртқа дабыралауды әзірше мезгілсіз деп есептейтін ерлік істерді әрекетсіздікпен көкке көтере дәріптеуі себепті қандай да болсын реалдылықты сезуден айырылатын. Өздерінің фактылармен дәлелденген дарынсыздығы туралы пікірді өздерінің бір біріне тілектестік білдіруімен және срекше топ болып бірігуімен бекерге шығаруға тырысатын бұл сабадар қазірдің өзінде өздерінің тапқан-таянғанын жинастырған еді және, өздерінің даңқ таждарын күні бұрын ала шығып, *in partibus*⁸¹ республикаларының құнын биржада есепке алуға дәл жүргелі жатқан еді, ал бұл республикалардың үкімет қызметкерлері тобын олар жасырын, өздеріне тән талғаусыздықпен, күн ілгері ұйымдастырған еді, 2 декабрь оларды бұлт жоқта күн күржірегендей таңдандырды. Ал қорғалақтаған шағында өздерінің ішкі қорқынышын басу үшін барып тұрған айқайшы даурықпаларға ынтамен құлақ түретін халықтардың да қаздардың қаңқылы Капитоллийді²⁰⁴ құтқара алған замандар өткендігіне бұл жолы көздері жеткен болса керек.

† Конституция, Ұлттық жиналыс, династиялық партиялар, көк және қызыл республикашылдар, африкандық геройлар, трибуна дабылы, баспасөздің думаны, бүкіл әдебиет, саяси есімдер мен ғылыми атақтар, азаматтық заң мен қылмысты істер заңы, *liberté, égalité, fraternité** және 1852 жылғы май айының екінші жексенбісі — мұның бәрі, жаулары да жәдігөй деп танымайтын адамның сиқырлы формуласы алдында сағымдай ғайып болды. Жаңалыға бірдей сайлау правосы әлі де сәл уақыт жан сақтағандай болды, онда да тек бүкіл дүние жүзінің көзі алдында өзінің өсиетін өз қолымен жазып, халықтың өзі атынан: «Дүниеге келетіндердің бәрі де өлмек»** деу үшін жан сақтай тұрды. †

Француздарды мысалға алып, олардың ұлты қапылыс қалды деу жеткіліксіз. Кез келген авантюрист зорлық жасай қалғанда абыржып қалу жағдайы әйелге қалай кешірілмесе, ұлтқа да

* — бостандық, теңдік, туысқандық. *Ред.*

** *Гёте*. «Фауст», I бөлім, үшінші сахна («Фаусттың кабинеті»). *Ред.*

солай кешірілмейді. Ондай сөздер жұмбақтың шешімін таппайды, тек оны басқаша тұжырымдайды. Үш сұрқияның қалайша 36 миллиондық ұлтты қапылыста басып қалып, қарсылықсыз тұтқынға ала алатынын әлі түсіндіру керек.

1848 жылғы 24 февральдан 1851 жылғы декабрьге дейін француз революциясы өткен кезеңдерді жалпы түрде қорытайық.

Құмәнсыз басты-басты үш дәуір мыналар: *февраль дәуірі*; 1848 жылғы 4 майдан 1849 жылғы 28 майға дейін — *республиканың құрылуының* немесе *Ұлттық құрылтай жиналыстың дәуірі*; 1849 жылғы 28 майдан 1851 жылғы 2 декабрьге дейін — *конституциялық республиканың*, немесе *Заң шығарушы ұлттық жиналыстың дәуірі*.

Бірінші дәуірді, 24 февральдан, яғни Луи-Филипптің құлауынан, 1848 ж. 4 майға яғни Құрылтай жиналысы мәжілістерінің ашылуына дейін, — сөздің шын мәнісінде *февраль дәуірін*, — революцияның *бастамасы* деп атауға болады. Бұл дәуірдің сипаты ресми түрде мынадан: оның асығыс құрған үкіметінің өзін *уақытша* деп жариялауынан көрінді. Сол үкімет сияқты, бұл дәуірде басталғанның, байқап қаралғанның және айтылғанның бәрі де өздерін тек *уақытша* бір нәрсе деп көрсетті. Өздерінің өмір сүруге және тыңғылықты іс істеуге правосы барлығын тануға ешкімнің, ешнәрсенің батылы бармады. Революцияны әзірлеген немесе белгілеген элементтердің бәрі: династиялық оппозиция, республикашыл буржуазия, демократияшыл-республикашыл ұсақ буржуазия, социалистік-демократияшыл жұмысшылар — бұл элементтердің бәрі де февраль *үкіметіндегі* орынды уақытша алды.

Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Февраль күндері алғашында, дәулетті таптардың өз ішіндегі саяси артықшылығы барлардың тобын кеңейтіп, финанс аристократиясының ерекше үстемдігін құлататын сайлау реформасын жасау мақсатын көздеді. Бірақ іс шын мәнісіндегі соқтығысқа жеткенде, халық баррикадаларға тұра ұмтылғанда, ұлттық гвардия қимыл жасаудан бас тартып, армия ешқандай елеулі қарсылық көрсетпей, король қашқан кезде, республиканы құру өзінен өзі керекті сияқты көріне бастады. Әрбір партия оны өзінше түсінді. Республиканы қолындағы қаруымен жеңіп алған пролетариат, оған өзінше сипат беріп, оны *элеуметтік республика* деп жариялады. Қазіргі революцияның жалпы мазмұны — мазмұн болғанда, бірден, қолма-қол, осы материалдан, бұқараның қолы жеткен даму дәрежесі, осы жағдайлар мен қарым-қатынастар тұсында жасауға болатындардың бәріне нағыз таң қаларлықтай қайшы келген мазмұн осылайша белгіленді. Екінші жағынан, февраль революциясының табысты болуына көмектескен басқа элементтердің бәрінің талаптары оларға үкіметтен үлкен сыбаға беру арқылы қанағаттандырылды. Міне, сондықтан да, лепірме сөздер мен іс

жүзіндегі сенбеушіліктің және дәрменсіздіктің, шаттанған жаңашылдық іздеушілік пен ескі кертартпалықтың берік үстемдігінің, бүкіл қоғамның жарасты көрінуімен оның элементтерінің бірін бірі қатты жатыркауының мұндай ала-құла қойыртпағын басқа ешқандай дәуірден табу мүмкін емес. Париж пролетариаты өзінің алдынан ашылған кең өріске мәз болып, әлеуметтік проблемалар бойынша айтысқа беріліп жүргенде, ескі қоғамдық күштер топтасып, бас қосып, есін жинап, ойда жоқта ұлт бұқарасынан — Июль монархиясының⁹⁸ кедергілері құлағаннан кейін жабыла саяси майданға ұмтылған шаруалар мен ұсақ буржуадан өзіне тірек тапты.

Екінші дәуір — 1848 жылғы 4 майдан 1849 жылғы майдың аяғына дейін — *буржуазиялық республиканың құрылу, орнатылу дәуірі*. Февраль күндерінің артынша династиялық оппозицияны республикашылдар, ал республикашылдарды социалистер қапылыста басып қалып қойған жоқ, сонымен бірге бүкіл Францияны Париж қапылыста басып қалды. Ұлт сайлаған, 1848 жылғы 4 майда өзінің мәжілістерін бастаған Ұлттық жиналыс ұлт атынан өкілдік етті. Бұл Жиналыс февраль күндерінің талаптарына қарсы нақты наразылық белгісі еді, сөйтіп ол революцияның нәтижелерін буржуазиялық шеңберге түсіруге тиісті болды. Бұл Ұлттық жиналыстың сипатын бірден аңғарған Париж пролетариаты, оның ашылуынан бірнеше күн өткен соң 15 майда¹⁰⁸, бұл жиналыстың өмір сүруін күшпен тоқтатуға, оны қуып таратуға, ұлттың реакцияшылдық әрекет жасаушы рухының өзіне қауіп туғызған органикалық формасын қайтадан құрамды бөлшектерге айырып таратуға босқа тырысты. 15 май күні, жұртқа мәлім болғанындай, Бланки мен оның пікірлестерінің, яғни пролетарлық партияның нағыз көсемдерінің сөз болып отырған бүкіл дәуір бойына қоғамдық аренадан шеттетілуіне ғана әкеп соқтырды.

Луи-Филипптің *буржуазиялық монархиясынан* кейін тек *буржуазиялық республика* келуі мүмкін, яғни егер король атағын бетке ұстап буржуазияның болмашы бір бөлегі үстемдік жүргізсе, енді халық атынан бүкіл буржуазия үстемдік жүргізеді. Париж пролетариатының талаптары дегеніміз — қисынсыз қиял, оны біржолата жою керек. Құрылтай ұлттық жиналыстың бұл мәлімдемесіне Париж пролетариаты европалық азамат соғыстарының тарихындағы орасан зор оқиғамен — *июнь көтерілісімен*⁴¹ жауап берді. Буржуазиялық республика жеңіп шықты. Оның жағында финанс аристократиясы, өнеркәсіптік буржуазия, орта топтар, ұсақ буржуалар, армия, жедел гвардияға ұйымдасқан люмпен-пролетариат*, интеллигенция, поптар және село халқы болды. Париж пролетариаты жағында тек оның өзі ғана болды.

* Осы томның 223—224-беттерін қараңыз. *Ред.*

Оны жеңгеннен кейін үш мыңнан астам көтерілісші өлтірілді, он бес мыңы сотсыз айдауға жіберілді. Бұл жеңілістен бастап пролетариат революциялық майданның *кейінгі жағына* шегіне берді. Ол қозғалыста жаңа өрлеу туған сияқты болған кездерде әрдайым қайтадан алға өтуге әрекеттенді, бірақ бұл әрекеттер барған сайын нашарлап, сәтсіз бола берді. Онан жоғары тұрған қоғамдық топтардың қандайында болсын революциялық толқу басталса-ақ пролетариат онымен одақ жасады, сөйтіп, әртүрлі, партиялар бірінен соң бірі ұшыраған жеңілістердің бәріне ортақтасып отырды. Бірақ бұл кейінгі соққылар қоғамның беткі қабатын неғұрлым кең қамтыған сайын бұл соққылар бәсеңдей берді. Пролетариаттың Жиналыс пен баспасөздегі неғұрлым көрнекті көсемдері бірінен соң бірі соттың құрбандығы болып, олардың орнына неғұрлым екі жүзді адамдар келе берді. Пролетариаттың бір бөлегі *доктринерлік эксперименттерге, айырбас* банктері мен жұмысшы ассоциацияларын құруға бой ұрды,— басқаша айтқанда, қозғалыстың пролетариат, ескі дүниенің өзіндегі қуатты құралдардың жиынтығынан пайдалана отырып, ескі дүниеде төңкеріс жасау ниетінен бас тартатын, мұның орнына өзінің азаттығын қоғамнан аулақ, дербес жолмен, өзінің өмір сүруінің тежеулі жағдайлары шеңберінде, яғни сөзсіз күйреуге байыттын жолмен жүзеге асыруға *тырысатын формаларына бой ұрды*. Пролетариаттың, сірә, өзі июнде күрескен *барлық таптар да*, ақыр-аяғында, оның өзіндей құлатылғанға дейін, өзінің бұрынғы революциялық данқына жетуге де, жаңадан жасалған одақтардан жаңа жігер алуға да шамасы келмейтін болса керек. Бірақ пролетариат, қайткенде де, бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы күреске лайықты абыроймен құлады; июндегі жер сілкінісінен Франция ғана емес, бүкіл Европа қалтырап отыр, ал жоғары тұрған таптардың кейінгі жеңілістерінің арзанға түсетіндігі сонша — жеңген партияға, ол жеңілістерге жалпы алғанда оқиға сипатын беру үшін, арысздықпен оларды асыра көрсетуге тура келеді, мұның өзінде жеңілген партия пролетарлық партиядан неғұрлым қашық болса, ол жеңілістер соғұрлым масқара жеңілістер болады.

Ғас, июнь көтерілісшілерінің жеңілісі буржуазиялық республиканың орнауына негіз әзірледі, орын тазартты, ал мұнымен бірге ол Европада істің мәнісі «республика ма әлде монархия ма» деген дауда емес, басқа бір нәрседі болып отырғанын көрсетті. Бұл жеңіліс *буржуазиялық республика* бір таптың басқа таптарға шексіз деспоттық үстемдік жүргізуі болып табылатынын ашып берді. Бұл жеңіліс мынаны көрсетті: дамыған таптық құрылысы, осы күнгі өндіріс жағдайлары бар, мұраға қалған идеялардың бәрін ғасырлық жұмыс арқасында ерітіп жіберген рухани санасы бар ескі цивилизациялы елдерде, мұндай елдерде *республика жалпы алғанда буржуазиялық қоғам төңкерісінің*

тек саяси формасы болады, ал оның өмір сүруінің консервативтік формасы болмайды, мәселен, Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағыдай болмайды, себебі — онда таптар қазірдің өзінде болғанымен, олар әлі орныкпаған және үздіксіз қозғалу үстінде өздерінің құрамдық бөлшектерін өзгертіп, бір-біріне ауыстырып отырады, онда өндірістің осы күнгі құрал-жабдықтары халықтың үнемі артуына дөп келмеуі былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, ой мен қол күшіндегі біршама тапшылықтың орнын толтырып отырады және онда, ақыр-аяғында, жаңа дүниені игеруге тиісті материалдық өндірістің жеткіншек тың күштері басым екпінді қозғалысы елестердің ескі дүниесін біржолата жоюға уақыт та бермеді, оның кезін де келтірмеді.

Барлық таптар мен партиялар июнь күндерінде жұмысшы табына — *анархия партиясына*, социализмге, коммунизмге қарсы *тәртіп партиясына* бірікті. Олар қоғамды «қоғамның жауларынан» құтқарды. Олар ескі қоғамның: «*Меншік, семья, дін, тәртіп*» деген ұраны өз әскерлерінің паролі етіп алып, контрреволюцияшыл крест жорықшыларын: «Осымен женесізі!»²⁰⁵ деген сөздермен желіктірді. Сол кезден бастап, бұл тудың астында июнь көтерілісшілеріне қарсы топтасқан көптеген партиялардың біреуі өз табының мүдделері үшін революциялық аренада тұрақтап қалуға әрекеттенсе болғаны-ақ, ол «Меншік, семья, дін, тәртіп!» ұранынан жеңіле беретін болды. Үстемдік жүргізушілердің тобы кішірейіп, неғұрлым шеңбері тар мүдделер неғұрлым ортақ мүдделерді женген сайын қоғам құтқарыла беретін болды. Ең қарапайым буржуазиялық финанс реформасын, нағыз шаблонды либерализмді, ең формальдық республиканизмді, нағыз дөрекі демократизмді талап етудің қандай болса да «қоғамға қастандық» деп жазаланып, «социализм» деп таңбаланатын болды. Ақыр-аяғында «дін мен тәртіп» жолын қуғандардың өздерін Пифия тұғырынан түйгіштеп қуатын, түн ішінде төсегінен сүйреп түсіретін, оларды тұтқындар қаретасына қамап, түрмеге жабатын немесе айдауға жіберетін, олардың ғибадатханасын жермен-жексен етіп, үнін өшіретін, олардың қаламдарын сындырып, заңын жыртып тастайтын болды — мұның бәрі дін, меншік, семья және тәртіп үшін. Мас солдаттар тобыры өз балкондарында тұрған буржуа — тәртіп фанатиктерін атып, олардың семьялары қасиеттейтін нәрсені қорлайтын, олардың үйлерін ермек үшін бомбалайтын болды — мұның бәрі меншік, семья, дін және тәртіп үшін. Қорытындысында буржуазиялық қоғамның сілімтіктері *қасиетті тәртіп фалангасын* құрды; сөйтіп сабаз Крапулинский* «қоғамның құтқарушысы» болып Тюльерня сарайына кірді.

* — Луи Бонапарт. *Ред.*

II

Баяндауымыздың үзілген желісіне қайтып оралайық.

Июнь күндерінен бастап *Ұлттық құрылтай жиналысының* тарихы — *буржуазияның республикашыл фракциясының*, үш түсті республикашылдар, таза республикашылдар, саяси республикашылдар, формалдық республикашылдар және тағы сондай деген атпен мәлім болған фракцияның *үстемдік ету және ыдырау тарихы*.

Бұл фракция Луи-Филипптің буржуазиялық монархиясы тұсында ресми республикалық *оппозиция* болды және солай болғандықтан сол кездегі саяси дүниенің жұрт таныған құрамды бір бөлегі саналды. Оның палаталарда өз өкілдері болды және баспасөзде едәуір беделі бар еді. Оның Париждегі органы «National»¹⁰¹, «Journal des Débats»¹¹⁰ секілді, өзінше бір құрметті орган деп есептелді. Бұл фракцияның конституциялық монархия тұсындағы мұндай жағдайына оның сипаты да сай келді. Ол пәлендей-бір зор ортақ мүдделермен біріккен және өндірістің ерекше жағдайларымен оқшауланған бір буржуазия фракциясы болмады. Ол республикашылдық пікірдегі буржуадан, жазушылардан, адвокаттардан, офицерлерден және чиновниктерден құралған топ болды, оның ықпалы елдің Луи-Филипптің өз басына өшпенділігіне, бірінші республика туралы естеліктерге, бір топ қиялшылдардың республикашылдық сеніміне, ең алдымен — *француз ұлтшылдығына* сүйенді, бұл топ оның Вена трактаттарына²⁰⁶ және Англиямен одаққа өшпенділігін ешқашан бәсеңсітпеді. Луи-Филипп тұсында «National» газеті өзінің жақтастарының едәуір бөлегін астыртын империализмі аркасында тапты; сондықтан да бұл империализм кейіннен, республика тұсында, Луи Бонапартты шығарып, женбей қоймайтын бәсекелес ретінде, «National»-дың өзіне қарсы шақты. Басқа бүкіл буржуазиялық оппозиция сияқты, «National»-да финанс аристократиясына қарсы күресті. Францияда финанс аристократиясына қарсы күреспен бүтіндей дөп келген бюджетке қарсы айтыс тым арзан бедел әперді және пуритандық leading articles*-терге тым көп материал берді, сондықтан бұл айтысты пайдаланбасқа болмады. Өнеркәсіптік буржуазия француздық қамқорлық жүйені малайлықпен қорғағаны үшін «National»-ға алғыс айтты, бұл жүйені мақұлдағанда «National», айтқандайын, саяси-экономикалық ниеттен гөрі ұлттық ниетпен мақұлдады; ал тұтасынан алғанда бүкіл буржуазия оған коммунизм мен социализмге өшпенділікпен жала жапқаны үшін алғыс айтты. Жалпы алғанда, «National» партиясы *таза республикалық* партия болды, яғни ол буржуазиялық үстемдікке монархиялық форма орнына рес-

* — бас мақалаларға. *Ред.*

публикалық форма беруді талап етті және бұл үстемдікке қатысқанда ең алдымен өзіне үлкен үлес беруді талап етті. Бұл саяси өзгерістің шарттары туралы оның түсінігі өте көмескі еді. Оның ессесіне ол демократияшыл ұсақ буржуа арасында, әсіресе революцияшыл пролетариат арасында өзінің беделсіз екенін айдан анық сезді — мұның өзі Луи-Филипптің патшалық құруының аяқ шенінде реформа құрметіне жасалған банкеттерде де анық көрінді. Бұл таза республикашылдар өздерінің неғұрлым көрнекті өкілдеріне уақытша үкіметтен орын берген февраль революциясы лап берген кезде, әуелі герцогиня Орлеанскаяның регенттігімен қанағаттануға да әзір болды; мұның өзі таза республикашылдарға лайық та еді. Олар, әлбетте, әуел бастан-ақ буржуазияның сеніміне ие болды және Ұлттық құрылтай жиналысында көпшілік болды. Ашылған кезінде Ұлттық жиналыс құрған Атқару комиссиясынан Уақытша үкіметтің *социалистік* элементтері дереу шығарылды; ал «National» партиясы *Атқару комиссиясының* өзін де орнынан түсіру үшін, сөйтіп өзінің ең таяу бәсекелестерінен, *ұсақ буржуазиялық* немесе *демократиялық республикашылдардан* (Ледрю-Ролленнен және басқаларынан) құтылу үшін июнь көтерілісінің дүмпуін пайдаланды. Июнь қырғынын басқарған, буржуазиялық-республикалық партияның генералы Кавеньяк өзінше бір диктаторлық өкімет билігін алып, Атқару комиссиясының орнын басты. «National»-дың бұрынғы бас редакторы Марраст Ұлттық құрылтай жиналысының ауыспайтын председателі болып алды; министрлік лауазымдар, басқа ең маңызды қызмет орындарының бәрі сияқты, таза республикашылдарға тиді.

Сонымен, шындық өздерін ежелден июль монархиясының заңды мұрагері деп есептеген буржуазиялық республикашылдар фракциясының ең батыл үмітінен де асып түсті. Бірақ бұл фракция үстемдікке өзінің Луи-Филипп тұсында арман еткеніндей, буржуазияның таққа қарсы либералдық бүлігі арқылы емес, картеш оғының көмегімен талқандалған пролетариаттың капиталға қарсы көтерілісінің нәтижесінде жетті. Өзіне *нағыз революциялық* оқиға болып көрінген нәрсе, шындығында *нағыз контрреволюциялық* оқиға болып шықты. Жеміс оның аяғының астына құлап түсті, бірақ ол өмір ағашының жемісі емес, ғайыптан келіп түскендей еді.

«*Буржуазиялық республикашылдардың* ерекше үстемдігі тек 1848 жылғы 24 июньнен 10 декабрьге дейін созылды. Оның қорытындысында *республикалық конституция жасалып, Париж қоршау жағдайында деп жарияланды.*

Жаңа *конституция* шын мәнісінде 1830 жылғы конституциялық хартияның²⁰⁷ республикалық өң беріліп қайта шығарылуы ғана болды. Буржуазияның өзінің, тіпті, едәуір бөлегін саяси биліктен шеттеткен Июль монархиясының жоғары сайлау цензі

буржуазиялық республиканың өмір сүруімен сыйыспады. Февраль революциясы дереу бұл цензінің орнына жалпыға бірдей тікелей сайлау правосын жариялады. Буржуазиялық республикашылдар бұл оқиғаны жоққа шығара алмады. Оларға шағын қосымша пунктпен қанағаттануға тура келді, бұл пункт бойынша, сайлаушыдан сайлау болатын жерде 6 ай тұруы талап етілді. Басқарманың, муниципалитеттердің, соттың, армияның және т. б. ескі ұйымдастырылу тәртібі сол қалпында қалды: конституция енгізген кейбір өзгерістердің мазмұнына емес, тізіп шығуға, заттың өзіне емес, атына ғана қатысы болды.

Бас бостандығын, баспасөз, сөз, одақ, жиналыс, оқыту, ұждан бостандығын және т. т.— 1848 жылғы бостандықтардың сөзсіз болып отыратын бас штабын алсақ, бұл бостандықтарға конституциялық мундир кигізілді, бұл оларды пәле-жаладан құтқарды. Бұл бостандықтардың әрқайсысы француз азаматының *бұлжымайтын* правосы деп жарияланды, бірақ оған үнемі: бұл бостандық *«басқалардың бірдей праволарымен және қоғамдық қауіпсіздікпен»* тежелмегендіктен, немесе дербес бостандықтардың бір-бірімен және қоғамдық қауіпсіздікпен бұл жарастылығын нақ белгілеп отыруға тиісті «зандармен» тежелмегендіктен, шексіз делінген ескертпе қосылып отырды. Мысалы: «Азаматтар одақтарға бірігуге, бейбіт түрде және қарусыз жиналуға, петициялар беруге және баспасөз арқылы болсын немесе қандай да басқа бір жолмен болсын өздерінің пікірін білдіруге праволы. Бұл праволарды пайдалануға басқалардың бірдей праволары мен қоғамдық қауіпсіздіктен басқа бөтен тежеу болмайды». (Француз конституциясының II тарауы, 8-статья.)—«Оқыту ерікті. Оқыту еркіндігімен заң белгілеген шарттар бойынша және мемлекеттің жоғарғы бақылауымен пайдалануға болады». (Бұл да сонда, 9-статья).—«Әрбір азаматтың тұрғын үйіне ешкімнің қол сұғуына болмайды. Мұны тек заң белгілеген формаларды бұлжытпай орындағанда ғана бұзуға болады». (II тарау, 3-статья.) Тағысын-тағылар.— Сондықтан конституция барлық жерде болашақ *туынды* заңдарға сүйенеді; бұл заңдар ол ескертпелерді толық түсіндіріп, бұл тежеусіз бостандықтардың бәрін пайдалануды, олар бір-бірімен де, қоғамдық қауіпсіздікпен де соқтықпайтындай етіп, тәртіптеп отыруға тиіс. Одан арғы жерде бұл туынды заңдарды тәртіптің достары шығарды, сөйтіп, бұл бостандықтардың бәрі буржуазия басқа таптардың тең праволарынан ешқандай кедергіге кездеспей-ақ, еркін пайдалана алатындай етіп тәртіптелді. Буржуазия «басқаларға» бұл бостандықтарды мүлде бермей қойған немесе әр ретінде полицияның құрған тұзағы болған шарттармен пайдалануға рұқсат еткен жерлерде, мұның өзі әрқашан да тек, конституцияның көрсеткеніндей, *«қоғамдық қауіпсіздіктің»*, яғни буржуазияның қауіпсіздігінің мүдделері үшін істелді. Сондықтан кейіннен екі жағы да:

бұл бостандықтардың бәрін жойған тәртіптің достары да, бұл бостандықтардың бәрін қайтаруды талап еткен демократтар да конституцияға толық правомен сүйенді. Конституцияның әрбір параграфының өзінде оның өзіне қарама-қарсылық болды, оның өзінің жоғарғы және төменгі палатасы болды: жалпы сөзде — бостандық, ескертпеде — бостандықты жойғандық болды. Демек, бостандық *есімі* құрметке бөленіп, оның шын мәнісінде жүзеге асырылуына тек кедергі қойылып отырғанда, — әлбетте, заңды негізде болып отырғанда, бұл бостандықтың өмір сүруі *кунделікті* шындықта қаншама мұқият жойылса да, оның конституцияда өмір сүруіне нұсқан келтірілмеді, қол сұғылмады.

Мұндай айлалы амалмен қол сұғылмайтындай етілген бұл конституцияның, алайда, Ахиллес сияқты, бір әлсіз жері болды, бірақ ол өкшесінде емес, басында немесе, дұрысырақ айтсақ, оның бүкіл сарайды қамти орнатылған екі басында болды, бұл бір жағынан — *Заң шығарушы жиналыс*, екінші жағынан — *президент* еді. Президенттің Заң шығарушы жиналысқа қатынасын анықтайтын параграфтардың ғана бұлжымайтынын, тыңғылықты, қайшылықтары жоқ екенін, теріс түсіну атаулының жоқ екенін көру үшін конституцияға көз жүгіртіп өтсе болғаны. Бұл арада буржуазиялық республикашылдар үшін әңгіме олардың өздеріне өздері сенімді позиция жасауы туралы болды ғой. Конституцияның 45—70-статьяларының жасалуы мынадай: Ұлттық жиналыс президентті конституциялық жолмен орнынан түсіре алады, ал президент Ұлттық жиналысты тек конституциялық емес жолмен, конституцияның өзін жою арқылы тарата алады. Бұл арада, демек, конституция өзін зорлықпен жоюға өзі шақырады. Конституция 1830 жылғы хартияның үлгісімен, өкімет билігін бөлісуді заңды етіп қана қоймай, бұл бөлісуді төзгісіз қайшылыққа дейін жеткізеді. *Конституциялық күштердің ойыны*, — заң шығарушы өкімет пен атқарушы өкімет арасындағы парламенттік қырқысты Гизо осылай деп атады, — 1848 жылғы конституцияның өзі белгілеген өліспей беріспейтін бұл қырқыс бір толастаған емес. Бір жағынан — жалпы дауыс беру жолымен сайланған және қайта сайлану правосын пайдаланатын 750 халық өкілі бақылаусыз, таратуға болмайтын, бөлінбейтін Ұлттық жиналысты құрады; бұл жиналысқа шексіз заң шығару билігі берілген, ол соғыс, бітім және сауда шарттары туралы мәселелерді біржолата шешеді, кешірім жасау правосына бір өзі иелік етеді және өзінің мәжілістерінің үздіксіз өткізіліп отыруы арқасында үнемі саяси майданның алдыңғы шебінде болып отырады. Екінші жағынан — президент, онда корольдік өкімет билігінің барлық белгілері бар, ол Ұлттық жиналыспен келіспей-ақ өз министрлерін тағайындауға және орнынан алуға правосы, барлық қызмет орындарын үлестіріп отыратын атқарушы өкіметтің барлық құралдарын қолында ұстайды, сөйтіп Францияда кемін-

де бір жарым миллион адамның тағдырына билік етеді, өйткені нақ осыншама адам жарты миллион чиновник пен барлық дәрежедегі офицерлерге материалдық жағынан тәуелді. Оған ұлттың бүкіл қарулы күштері бағынады. Оның жеке қылмыстыларға кешірім жасайтын, Ұлттық гвардияның бөлімдерін тарататын және — Мемлекеттік советтің келісуі бойынша — азаматтардың өздері сайлаған бас, кантондық және коммуналық советтерді орнынан түсіре алатын артықшылықтары бар. Оған шет державалармен шарттар жасауда бастамашы және басшы болу ролі де берілген. Жиналыс үнемі жұрттың алдында болып, күнбе-күн сынға түсіп отырғанда, президент Елисей алаңында көзден таса жасырын өмір сүреді, алайда, конституцияның 45-статьясы оның көз алдында және жүрегінде болып, күн сайын оған мынаны ескертіп отырады: «*frère, il faut mourir!*»* Сенің билігің президенттігіңнің төртінші жылында, тамаша май айының екінші жексенбісінде аяқталады! Сонда сенің ұлы мәртебең бітеді: бұл пьеса екінші рет қойылмайды, ал егер сенің борыштарың болса, оны конституция бойынша өзіне арналған 600 мың франк жаалақидан мезгілінде төлеп қалуға тырыс, әйтпесе саған тамаша май айының екінші дүйсенбісінде Клишиге²⁰⁸ баруға тура келеді!— Егер конституция, осылайша, президентке іс жүзіндегі өкімет билігін беріп отырса, ол мұның есесіне Ұлттық жиналыстың моральдық күші болуын қамтамасыз етуге тырысады. Бірақ моральдық күшті заңның параграфтарымен жасауға болмайтынын айтпағанның өзінде, конституция президентті барлық француздар тікелей дауыс беру жолымен сайлайды деп белгілеп, бұл ретте де өзіне өзі қарсы келеді. Ұлттық жиналыстың 750 мүшесі арасында бөлінген ұлттық дауыстары бұл ретте, керісінше, бір адамға беріледі. Әрбір жеке депутат тек белгілі бір партияның, белгілі бір қаланың, белгілі бір пункттің өкілі болып отырса немесе тіпті депутаттың өз басына және сайлаудың өзіне оншама көңіл қоймайынша, 750 депутаттың әйтеуір біреуін сайлау керектігін көрсететін болса,— президент ұлттың сайлаған адамы, ал президентті сайлау суверенді халықтың төрт жылда бір рет пайдаланатын құралы болып табылады. Сайлаулы Ұлттық жиналыс ұлтпен дерексіз байланысты, ал сайлаулы президент онымен тікелей байланысты. Рас, Ұлттық жиналыс өзінің жеке өкілдері арқылы ұлттық рухтың әртүрлі жақтарын көрсетеді, ал президент болса ұлттық рухтың жанды бейнесі есепті. Ұлттық жиналыспен салыстырғанда президент бір құдайда ғана бар правоның иесі сияқты: ол — халық рахымшылығының басқарушысы.

Теңіз құдайы Фетида Ахиллеске оның уылжыған жас шағында өлетінін болжап айтыпты. Ахиллес сияқты, өзінің әлсіз жері бар конституция, сол Ахиллестей, мезгілінен бұрын қаза табаты-

* —«Туысқан, өлімге әзірлен!»— католиктік траппистер монахтық орденінің мүшелері бір-бірімен кездескенде осылай сәлемдесетін болған. *Ред.*

ның алдын ала сезді. Республиканы құрушыларға, таза республикашылдарға бұл сырды ашу үшін Фетиданың өз теңізінен кетуінің қажеті болмады; роялистердің, бонапартистердің, демократтардың, коммунистердің о жарлығы мен беделінің жоқтығы күн санап,— олар өздерінің заң шығарушылық асқан шеберлігінің шегіне жетуге жақындаған сайын,— өсіп келе жатқанын көруі үшін оларға өздерінің кіршіксіз республикасының аспанға өрлеген биігінен құналы жерді бір шолып өткеннің өзі жетіп жатты. Олар конституциялық айламен, конституцияның 111-статьясы арқылы тағдырды алдап соғуға тырысты, бұл статья бойынша *конституцияны қайта қараудың* қандай да болсын жобасы, ара-арасында бір ай уақыт өткізіліп, үш дүркін айтысқа салынуға тиіс және әрдайым кемінде төрттен үш бөлегіндей дауыспен қабылдануға тиіс, оның үстіне Ұлттық жиналыстың кемінде 500 мүшесі дауыс беретін болуы керек. Бірақ мұның бәрі өздері сәуегейлікпен болжаған, парламентте азшылық болып қалған жағдайда оларды жақтайтын күштің болуын — парламенттік көпшілік және үкімет билігінің барлық құралдары өздерінде болып отырған кезде де олардың әлсіз қолдарынан барған сайын сусып шығып бара жатқан күштің сақталуын қамтамасыз етуге тырысқан дәрменсіз әрекет қана болды.

Сайып келгенде, алдыңғы статьяларының бірінде «қырағылар» мен «патриоттарды» өзі әдейі ойлап шығарған «haute cour»-дың, Жоғарғы соттың, қылмыс жөніндегі бейне бір мейірімді камкорлығына сеніп тапсырған соң, конституция ерекше мелодрамалық параграфта өзін «бүкіл француз халқының және жеке алғанда әрбір француздың қырағылығы мен патриотизміне» сеніп тапсырды.

1848 жылғы конституция осындай болды, бұл конституция 1851 жылғы 2 декабрьде адамның басымен емес, тек қалпағының тиіп кетуімен ғана құлатылды, рас, ол қалпақ Наполеонның үш бұрышты қалпағы еді.

Буржуазиялық республикашылдар Жиналыста бұл конституцияны ойдан шығарып, талқылап, дауысқа қойып жатқанда, Кавеньяк Жиналыстан тыс жүріп-ақ *Парижді қоршау жағдайында* ұстады. Париждің қоршау жағдайы Құрылтай жиналысының республика туардағы толғақ азабын жеңілдетуші ақушер болды. Егер конституция кейіннен найзаның ұшымен ол дүниеге жіберілген болса, соның өзінде халыққа қарсы кезелген бұл найза конституцияны тіпті анасының құрсағында жатқанда күзетуге және оның дүниеге келуіне де жәрдемдесуге тиісті болғанын ұмытпау керек. «Әдепті республикашылдардың» ата-бабалары өздерінің символы — үш түсті тумен бүкіл Европаны аралап өтті. «Әдепті республикашылдар» өз тарапынан континенттің барлық елдеріне өтуге өзіне өзі жол ашқан, бірақ, сайып келгенде, француз департаменттерінің жартысында азамат-

тық правоға ие болғанға дейін, бәсенсімейтін сүйіспеншілікпен Францияға қайтып орала берген бір өнертабыс жасады. Бұл өнертабыс — *қоршау жағдайы*. Француз революциясының барысында бірінен соң бірі келіп отырған дағдарыстардың әрқайсысында дүркін-дүркін қолданыла беретін тамаша өнертабыс. Бірақ француз қоғамын жаныштап, жуасыту үшін ауыртпалығын осылайша дүркін-дүркін осы қоғамға түсіре берген казарма мен бивуак; сот құруға және басқаруға, қамқорлық жасауға және цензуралауға, полицейдің және түнгі күзетшінің қызметін атқаруға дүркін-дүркін ерік алып отырған қылыш пен мушкет; дүркін-дүркін қоғамның ең жоғары даналығы және оның ұстаздары деп жарияланып отырған әскери мұрт пен солдат мундирі — осы казарма мен бивуак, қылыш пен мушкет, әскери мұрт пен солдат мундирі, ақыр-аяғында: мұнанда өз режимін саяси режимнің ең жоғарғы формасы деп жариялап, буржуазиялық қоғамды өзін өзі басқарудың әурешілігінен мүлдем босатып, қоғамды біржолата құтқарған артық деген қорытындыға қалайша келмесін! Казарма мен бивуактың, қылыш пен мушкеттің, әскери мұрт пен солдат мундирінің мұндай қорытындыға онан да бетер келуге тиісті болған себебі: олар бұлай еткенде өздерінің мұндай елеулі еңбегіне қолма-қол жақсырақ ақы төленуіне үміттенуге праволы болды, ал буржуазияның белгілі бір фракциясының бұйрығы бойынша дүркін-дүркін қоршау жағдайын қолданып, қоғамды уақытша құтқарғанда, бірнеше өлген және жараланған адамнан басқа, буржуаның тыржия жымығанынан басқа олардың сыбағасына айтарлықтай еш нәрсе тимейтін. Олай болса, әскерге, ақыраяғында, неге өз мүдделері мен өз пайдасы үшін қоршау жағдайын қолданып байқамасқа, мұнымен бірге неге азаматтардың қалталарын қақпасқа? Оның бержағында, — жол-жөнекей айта кетейік, — *полковник Бернар*, Кавеньяк тұсында 15 000 көтерілісшіні сотсыз айдауға жіберген, әскери комиссиялардың председателі болған сол Бернар қазіргі сәтте тағы да Парижде әрекет жасаушы әскери комиссияларды басқарып отырғанын ұмытпау керек.

Егер «әдепті», таза республикашылдар Парижді қоршау жағдайында қалды деп жариялап, бұл арқылы кейіннен 1851 жылғы 2 декабрьдің преториандары²⁰⁹ өсіп шыққан питомник орнатқан болса, онда олар, Луи-Филипп тұсында істегеніндей, ұлттық сезімді қоздыру орнына, енді, ұлттың бүкіл күші өздерінің карамағына көшкен кезде, шет державаларға жағымпазданып отырғанын және, Италияны азат етудің орнына австриялықтар мен неапольдіктерге²¹⁰ оны қайтадан құлдыққа салуға ерік беріп отырғанын мойындамасқа болмайды. 1848 жылғы 10 декабрьде Луи Бонапарттың президент болып сайлануы Кавеньяктың диктатурасы мен Құрылтай жиналысын біржолата жойды.

Конституцияның 44-статьясында былай делінген: «Бір кезде өзінің француз азаматы атағынан айырылған адам француз республикасының президенті бола алмайды». Француз республикасының бірінші президенті, Луи-Наполеон Бонапарт, француз азаматы атағынан айырылып қана қоймай, Англиядағы арнаулы полицей чиновнигі болып қана қоймай, — ол тіпті сіңісіп кеткен швейцарлық²¹¹ болды.

10 декабрьдегі сайлаудың маңызы туралы мен басқа жерде* толық айттым. Бұл арада мен оған қайтып оралғым келмейді. Бұл сайлау февраль революциясының шығындарын көтеруге мәжбүр болған шаруалардың ұлттың басқа таптарына қарсы әрекеті — деревняның қалаға қарсы әрекеті болды дегенді айтса да жеткілікті. Бұл сайлау «National»-дың республикашылдарынан даңқ та, жалақыға қосымша да ала алмаған армия ішінде, Бонапартты монархияға өтудің сатысы деп құттықтаған ірі буржуазия арасында, оны Кавеньяк үшін берілген жаза деп құттықтаған пролетарлар мен ұсақ буржуа арасында зор тілектестік тапты. Төменде маған шаруалардың француз революциясына көзқарасы жайында толығырақ тоқталуға тура келеді.

1848 жылғы 20 декабрьден 1849 жылғы майда Құрылтай жиналысының таратылуына дейінгі уақыт буржуазиялық республикашылдардың күйреуінің тарихын қамтиды. Буржуазия үшін республика орнатып, революцияшыл пролетариатты ұрыс майданынан қуып, демократияшыл ұсақ буржуазияның уақытша үнін өшіргеннен кейін буржуазияның көпшілігі олардың өздерін тайдырды; бұл көпшілік республиканы өзінің меншігі ретінде толық немденіп алды. Бірақ бұл буржуазиялық көпшілік роялистік буржуазия еді. Оның бір бөлегі — ірі жер иелері — *Рестаuration*¹¹⁷ кезінде үстемдік жүргізді, сондықтан легитимистік буржуазия болды. Екінші бөлегі — финанс шонжарлары мен ірі өнеркәсіп иелері — Июль монархиясы тұсында үстемдік жүргізді, сондықтан *орлеанистік*⁸² буржуазия болды. Армияның университеттердің, шіркеудің, адвокатураның, академияның және баспасөздің мәртебелі ұлықтары әртүрлі пропорцияда болса да, осы екеуінің арасында бөлінді. Буржуазияның бұл екі бөлегінің екеуі де *Бурбондардың* есімімен де емес, *Орлеандардың* есімімен де емес, *Капиталдың* есімімен аталған осы буржуазиялық республикадан өздеріне *бірлесіп* үстемдік жүргізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік форманы тапты. Июнь көтерілісінің өзі оларды «тәртіп партиясына»¹¹⁶ біріктірді. Енді Ұлттық жиналыста әлі де үстем болып отырған буржуазиялық республикашылдар тобын шеттететін уақыт жетті. Таза республикашылдар халыққа қаншалықты айуандықпен кара күш жұмсаған болса, енді, атқарушы өкімет пен роялис-

* Осы томның 240—242-беттерін қараңыз. *Ред.*

терге қарсы өздерінің республиканизмін, өздерінің заң шығарушылар ретіндегі правосын қорғау керек болғанда, олар күрестен соншалықты қорқақтықпен, жалтақтықпен, табансыздықпен, дәрменсіздікпен бас тартты. Олардың азғындауының маскаралық тарихын бұл арада айтып жатуымның қажеті де жоқ. Олар құрыған жоқ, гайып болды. Олар өздерінің ролін біржола атқарды. Келесі дәуірде олар Жиналыста да және онан тысқары да өткендегінің көлеңкесі ретінде ғана — республиканың бір ғана аты сөз болғанда ғана және революциялық жанжалдың мүлдем құлдырап кету қаупі туған сайын жандануға әзір тұратын көлеңкелер болып шығады. Сөз арасында айта кетелік, бұл партияға өзінің атын берген «National» газеті келесі дәуірде социализм жағына шықты.

Бұл дәуірмен қоштаспас бұрын біз 1848 жылғы 20 декабрьден Құрылтай жиналысының аяғына дейін некелес одақта болған және 1851 жылғы 2 декабрьде біріншісі құртқан екінші күшті тағы да кейінге көз жіберу арқылы шолып өтуге тиістіміз. Мен, бір жағынан, Луи Бонапартты және, екінші жағынан, біріккен роялистер партиясын, тәртіп партиясын, ірі буржуазияның партиясын айтып отырмын. Президенттік міндетін атқаруға кіріскен соң-ақ Бонапарт тәртіп партиясынан Одилон Барро бастаған, — байқап қалыңыз, парламенттік буржуазияның ең либералдық фракциясының қарт көсемі бастаған, — министрлік құрды. Барро мырза, сөйтіп ақыр-аяғында, 1830 жылдан бері өзіне елестеп келген министрлік лауазымды, — ол ол ма, премьер-министр лауазымын қолға түсірді. Бірақ ол бұған, Луи-Филипп тұсында арман еткеніндей, парламенттік оппозицияның ең алдыңғы қатардағы жетекшісі ретінде жеткен жоқ, өзінің барлық қас жауларының, иезуиттер мен легитимистердің одақтасы болып, оның үстіне парламентті көрге тығу міндетін алға қойып жетті. Ол, ақыр-аяғында, қалыңдығын некелетуге апарды, бірақ қалыңдығы абыройынан айрылғаннан кейін апарды. Бонапарттың өзі мүлде қаймығып қалғандай болды. Ол үшін тәртіп партиясы әрекет жасады.

Министрлер советінің бірінші мәжілісінде-ақ Римге экспедиция жіберуге ұйғарылды, ұйғарғанда, мұны Ұлттық жиналыстан тыс істеуге, ал қаржыны онан жалған сылтаумен алуға сөз байласты. Сөйтіп, министрлік өзінің қызметін Ұлттық жиналысты алдаудан және революциялық Рим республикасына қарсы абсолюттік шет державалармен астыртын заговор жасаудан бастады. Бонапарт роялистік Заң шығарушы жиналысқа және оның конституциялық республикасына қарсы өзінің 2 декабрьдегі төңкерісін осындай әдіспен және осындай тәсілдердің көмегімен әзірледі. 1848 жылғы 20 декабрьде бонапарттық министрлікті құрған партияның нақ өзі 1851 жылғы 2 декабрьде Заң шығару жиналысының көпшілігі болғанын ұмытпайық.

Августа Құрылтай жиналысы конституцияны толықтыратын бірсыпыра туынды заңдар шығарылып, жарияланғанға дейін таралмауға қаулы алды. 1849 жылғы 6 январьда тәртіп партиясы депутат Рато арқылы Жиналысқа туынды заңдарды қозғамай, онан да *өзін өзі тарату* туралы шешім шығаруды ұсынды. Одилон Барро мырза бастаған министрлік қана емес, Ұлттық жиналыстың барлық роялист депутаттары да енді Жиналысқа әмір ету түрінде: оны таратудың өзі кредитті қалпына келтіру үшін, тәртіпті нығайту үшін, тұрлаусыз уақытша жағдайды жойып, түпкілікті бір нәрсе орнату үшін керек болып отыр; Жиналыс жаңа үкіметтің жемісті жұмыс істеуіне бөгет жасайды және ол тек қасарысқандықтан ғана онан әрі өмір сүргісі келеді, ол елді жалықтырып болды дей берді. Заң шығару өкіметіне қарсы бұл тиісулерді Бонапарт есіне түйіп, жаттап алды да, 1851 жылғы 2 декабрьде парламенттік роялистерге өзінің олардан бірденені үйренгенін көрсетіп те берді. Ол роялистердің өз ұрандарын олардың өздеріне қарсы жұмсады.

Барроның министрлігі мен тәртіп партиясы онан да асып түсті. Олар бүкіл Францияда *Ұлттық жиналысқа петициялар тапсыру* қозғалысын әдейі ұйымдастырып, бұл петицияларда онан өзі таратып, ғайып болуды сыпайыгерлікпен өгінді. Сөйтіп, олар халық еркінің конституциялық тұрғыдан ұйымдасқан белгісі — Ұлттық жиналысқа қарсы ұрысқа ұйымдаспаған халық бұқарасын бастап шықты. Олар Бонапартқа парламенттік жиналыстарға қарсы күресте халыққа қол артуды үйретті. 1849 жылғы 29 январьда, ақыр-аяғында, Құрылтай жиналысына өзін өзі тарату туралы мәселені шешуге тура келген күн туды. Бұл күні оның мәжілістері өткізіліп жатқан үйді әскер бөлімдері басып алды; тәртіп партиясының генералы, ұлттық гвардияның және шекаралық әскерлердің бас командашысы Шангарнье, бейнебір шайқас алдындағыдай, Парижде әскерлердің үлкен байқауын өткізді, ал біріккен роялистер Жиналысты мәмлешілдік көрсетпесең күш жұмсаймыз деп қорқытты. Жиналыс мәмлешіл болып шықты, ол өзіне тек қысқа мерзімге мәулет сұрап алды. 29 январь дегеніміз роялистер Бонапартпен одақтасып алып республикалық Ұлттық жиналысқа қарсы жасаған, 1851 жылғы 2 декабрьдегі *coup d'état** емей немене? Бонапарт әскерлердің бір бөлегін Тюильрия сарайы жанында өзінің алдынан салтанатпен өткізу үшін 1849 жылғы 29 январьдағы оқиғаларды пайдаланғанын, Калигуланы²¹² еске салу үшін ол парламентке қарсы күресте әскер күшіне осы алғаш рет ашықтан ашық қол артуға жанталаса жармасқанын роялистер байқамады немесе байқағысы келмеді. Олар, әлбетте, өздерінің Шангарньесін ғана көрді.

Тәртіп партиясын Ұлттық жиналыстың өмірін күшпен қысқар-

* — мемлекеттік төңкеріс. *Ред.*

туға өте-мөте ұмтылдырған себептердің бірі конституцияны толықтыратын *туынды* заңдарда — мектептер туралы заңда, дін ұстау туралы заңда және басқаларында болды. Біріккен роялистер үшін бұл заңдарды олардың өздері жасауының аса зор маңызы болды, олар сенбейтін болып алған республикашылдарды ол заңдарды шығаруға қатыстырғысы келмеді. Алайда бұл туынды заңдардың ішінде республика президентінің жауапкершілігі туралы заң да болды. 1851 жылы Заң шығару жиналысы нақ осындай заңды шығарумен шұғылданып жатқан кезде Бонапарт бұл соыр-ты* өзінің 2 декабрьдегі соыр-ымен алдын-ала тойтарды. Президенттің жауапкершілігі туралы даяр заңға, оның үстіне ешкімге сенбейтін, дұшпандық ниеттегі республикалық Жиналыс шығарған заңға ие болу үшін біріккен роялистер өздерінің 1851 жылғы қысқы парламенттік науқаны кезінде ешнәрсені аяп қалмас еді ғой!

Құрылтай жиналысы 1849 жылғы 29 январьда өзінің ақырғы қаруын өзі сындырғаннан кейін Барроның министрлігі мен тәртіп достары оны рақымсыз қудалауға кірісті. Бұлар оны қорлау үшін қолдан келген әрекеттің бәрін істеді, сөйтіп әлсіреген, өзінен өзі торыққан Жиналысқа қоғам тарапынан оған деген сыйлаушылықтың ақырғы тамшысындай қалдығынан да айыратын заңдарды қабылдаттырды. Өзінің наполеондық жабысқақ идеясымен шұғылданған Бонапарттың парламенттік өкіметтің бұл көрген қорлығын жұрт алдында пайдаланып қалуға арыздығы жетті. Шынында да, Ұлттық жиналыс 1849 жылғы 8 майда министрлікке генерал Удиноның Чивита-Веккияны** басып алғаны үшін сөгіс беріп, Рим экспедициясын оның бейнебір бастапқы мақсатына қайтаруға бұйырғанда, Бонапарт сол күні кешке «Mopiteug»-де¹⁰⁴ Удиноға хат жариялап, бұл хатта ол генералды ерлік істерімен құттықтап, қағаз былғаушы парламентарийлерге қарама-қарсы, сонда-ақ армияның қайырымды қамқоршысы болғансыды. Роялистер бұған күле қарады: олар оны ақымақ етеміз деп сенді. Ақырында, Құрылтай жиналысының председателі Марраст Жиналыстың қауіпсіздігіне бір сәтке болса да күманданып, конституция бойынша бір полковникті полкімен шақырғанда, ол тәртіпті сылтауратып, келуден бас тартты, сөйтіп Маррастқа Шангарньені шақыруды ұсынды, ал ол зәрлі тілмен өзінің *baïonnettes intelligentes**** сүймейтінін байкатып, Маррасстың өтінішін қабылдамады. 1851 жылғы ноябрьде біріккен роялистер Бонапартқа қарсы батыл күрес бастауға әзірлене отырып, өздерінің атышұқы *квесторлар*²¹³ заң *жобасында* Ұлттық жиналыс председателінің әскерді тікелей шақыруы принципін өткізгісі келді. Олардың генералдарының бірі, Лефло, заң жобасы-

* — соккы, батыл әрекет. *Ред.*

** Осы томның 252—254-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** — ақыл-ойлы штыктарды. *Ред.*

на қол қойды. Бірақ оны жақтап дауыс беріп Шангарнье босқа әлектенді, марқұм болған Құрылтай жиналысының сақтық даналығын дәріптеп Тьер де босқа әлектенді. Шангарнье Маррастка қандай жауап қайтарған болса, *соғыс министрі Сент-Арно* оған сондай жауап қайтарды, ал оның жауабын Гора қол шапалақтап қостады!

Осылайша *тәртіп партиясы*, Ұлттық жиналыс емес, тек министрлік болып тұрғанның өзінде-ақ *парламенттік режимді* өзі маскаралады. Сөйте тұрып ол 1851 жылғы 2 декабрьдегі төңкеріс бұл режимді Франциядан аластағанда, даурығып айқай салды.

Қайырлы сапар тілейік оған!

III

Заң шығарушы ұлттық жиналыс өзінің мәжілістерін 1849 жылғы 28 майда бастады, 1851 жылғы 2 декабрьде ол таратылды. Бұл дәуір *конституциялық, немесе парламенттік, республиканың* өмір сүрген уақытын қамтиды.

Бірінші француз революциясында *конституционалистердің* үстемдігінен кейін *жирондистердің* үстемдігі болды, *жирондистердің* үстемдігінен кейін *якобиншілдердің* үстемдігі орнады. Бұл партиялардың әрқайсысы неғұрлым алдыңғы қатарлы партияға сүйенеді. Белгілі бір партия революцияны соншама ілгерілетіп жіберіп, енді оған өзі ілесе алмайтындай, әсіресе, оны бастай да алмайтындай халге жеткен кезде, — бұл партияны оның сыртында тұрған неғұрлым батыл одақтасы шеттетеді де, гильотинаға жөнелтеді. Революция сөйтіп жоғары өрлейді.

1848 жылғы революцияда мұның керісінше болды. Пролетарлық партия ұсақ буржуазиялық демократиялық партияның шылауы болды. Бұл соңғысы пролетарлық партияға опасыздық жасап, оның 16 апрельде¹⁰⁹, 15 майда және июнь күндерінде жеңілуіне көмектеседі. Демократиялық партия, айналып келгенде, буржуазиялық-республикалық партияға арқа сүйейді. Буржуазиялық республикашылдар аяғынан тік тұрып үлгірместен мазасыз жолдастарын нықтарынан лақтырып тастап, өздері тәртіп партиясын сүйеніш етуге асығады. Тәртіп партиясы иығын сілкіп, буржуазиялық республикашылдарды лақтырып тастайды, сөйтіп өзі қарулы күштің иығына артылады. Ол әлі осы қарулы күштің иығында отырмын деп ойлап жүргенде, бір күні таңертең бұл иықтың штыктерге айналғанын көреді. Әрбір партия артқы жағынан өзін итермелеп келе жатқан партияны тебеді де, алдыңғы жағынан шегіншектеген партияға сүйенеді. Ал оның осы адам күлерлік қалыпта ауытқып кетіп құлауы, құлағанда амалсыздан түсін бұзып, бұлқан-талқан болуы таңданарлық нәрсе емес. Революция сөйтіп төмен құлдырайды. Ол мұндай

шегіншектеу қозғалысына ақырғы февраль баррикадасы алынбай және бірінші революциялық өкімет орнатылмай тұрып түсті.

Біз айтып отырған дәуірде барып тұрған сорақы қайшылықтардың ең ала-құла қойыртпағы болды: біздің алдымызда — конституцияға қарсы заговорларды ашық ұйымдастырған конституционалистер, конституцияны шын ниетімен жақтаушы революционерлер, құдіретті болғысы келетін және өзін мәңгі-бақи парламентше ұстайтын Ұлттық жиналыс; өзінің міндетін төзімділікте деп білетін және келешектегі жеңістерін қазір болжап айтуымен өзінің жеңілістерінен қорғанатын Гора; республиканың *partes conscripti** ролінде шығатын, жағдайға сәйкес, шетелдерде — өздері жақтайтын, бір бірімен жауыққан корольдік династияларды, ал Францияда — өздері жек көретін республиканы амалсыз қолдайтын роялистер, өзінің әлсіздігін — күштілік, жұртқа жексұрындығын құрметтілік деп танытын атқару өкіметі; империя деген атакты бетке ұстап, екі монархияның, Реставрация мен Июль монархиясының, барып тұрған оңбағандық жақтарының ұштасуының нақ өзі болып отырған республика; бөлшектенуге негізделген одақтар; істі ақырына дейін жеткізбеуді өзіне негізгі заң етіп алған күрес; тыныштық үшін жүргізілетін бейпіл, мазмұнсыз үгіт, революция үшін жүргізілетін — тыныштыққа шақырған ләспірме уағыз; ақиқаттығы жоқ құмарлық; құмарлығы жоқ ақиқат; ерлігі жоқ батырлар; оқиғасыз тарих; баяғы бір өрлеулер мен төмендеулерді жалықтырғанша мәңгі қайталай беретін календарь, сірә, бірден бір қозғаушы күші болып табылатын даму; шешімін таппағандықтан, мұқалып, өзінен өзі жойылып кетуді тілегендей, дүркін-дүркін ең жоғарғы шегіне жететін қарама-қарсылықтар; дүниені құтқарушылар, өзінің бейкамдығымен қиямет сотына Фронда²¹⁴ заманынан гөрі азырақ ұқсайтын, барып тұрған ұсақшылдық дау-жанжалмен сарай диуаналығына беріліп кеткен кезде, төніп келе жатқан ақыр заман алдындағы әсірелеп көрсетілетін әрекет және мешандық қорқыныш; жалғыз адамның залымдық топастығы алдында масқара болған бүкіл Францияның ресми жиынтық даналығы; жалпы дауыс беру жолымен білдірген сайын бұқара мүдделерінің қас жаулары арқылы өзінің лайықты көрінуін әрқашан іздейтін, ақыр-аяғында, мұны бір сұрқияның өзімшілдігінен тапқанға дейін іздейтін, ұлттың бүкіл жалпы еркі. Егер тарихтың қандай да болсын бір беті түгел сұр бояумен жазылған болса, ол бет нақ осы. Адамдар мен оқиғалар өңі айналдырылған Шлемильдер — денссінен айрылған көлеңкелер сияқты көрінеді. Революция өзінің иелерін өзі жансыздандырып, тек өзінің дұшпандарына ғана зорлық-зомбылықтың жалынды жігерін береді. Егер контрреволюционерлер үнемі шақырып, сиқырлайтын «қызыл елес»

* — сенаторлары. *Ред.*

ақырында келетін болса, ол анархистік фригийлік қалпақпен емес, тәртіп мундирін, *қызыл шалбарын* киіп келеді.

Біз Бонапарттың өзі көкке көтерілген күні, 1848 жылғы 20 декабрьде, құрған министрлігі, тәртіп партиясының министрлігі, легитимистік және орлеанистік коалицияның министрлігі болғанын көрдік. Республикалық Құрылтай жиналысының өмірін күшпен азды-көпті қысқартқан бұл Барро — Фаллу министрлігі одан кейін де өмір сүріп, әлі өкімет басында болды. Біріккен роялистердің генералы Шангарнье әлі де болса бірінші армиялық дивизияның бас командашысы мен Париждің ұлттық гвардиясының бас командашысы міндеттерін қоса атқарып отырды. Сайып келгенде, жалпы сайлау тәртіп партиясының Заң шығару жиналысында орасан көпшілік болуын қамтамасыз етті. Мұнда Луи — Филипптің депутаттары мен пэрлері легитимистердің қасиетті фалангасымен келісті; ұлттың толып жатқан сайлау бюллетеньдері бұлар үшін саяси сахнаға кіру билеттеріне айналды. Бонапарттық депутаттар дербес парламенттік партия құру үшін тым аз болды. Олар тәртіп партиясының *mauvaise queue-si** ғана болды. Сөйтіп, тәртіп партиясының қолында үкімет билігі, армия және заң шығару корпусы, — қысқасы, бүкіл мемлекеттік өкімет болды; бұл өкіметтің үстемдігін халық еркінің белгісі деп көрсеткен жалпы сайлау және контрреволюцияның бүкіл европалық континентте бір мезгілде жеңуі оған моральдық демеу болды.

Бұрынды-сонды ешбір партия күресті мұндай пәрменді құралдармен және мұндай неғұрлым қолайлы жағдай туғалы тұрған кезде бастаған емес.

Күйреген *таза республикашылдардан* Заң шығаратын ұлттық жиналыста африкалық генералдар Кавеньяк, Ламорисьер және Бедо бастаған 50 адамдай бір кішкене топ жан сауғалап қалды. Ал үлкен оппозициялық партия Гора болды — *социал-демократиялық* партия өзін осылай парламенттік атпен атады. Ұлттық жиналыстағы 750 орыннан екі жүзден астам орын осы партияда болды, сөйтіп оның күші жеке алғанда тәртіп партиясының үш фракциясының қайсысының күшінен болса да кем болған жоқ. Бүкіл роялистік коалициямен салыстырғанда оның аз болып отырғандығын ерекше жағдайлар теңгеретін сияқты көрінді. Оның село халқы арасында едәуір беделге ие болғанын департаменттік сайлау ғана көрсетіп қойған жоқ. Париж депутаттарының бәрі дерлік оның қатарында болды; армия өзінің үш унтер-офицерін сайлап, өзінің демократиялық сенімін көрсетті, ал Гораның көсемі Ледрю-Роллен — тәртіп партиясының барлық өкілдерінен ерекше шығып — өзіне дауыс берген бес департаментте сайлануымен парламенттік қасиетке ие болды. Сөйтіп, 1849 жылғы 28 майда — роялистердің өздері арасында және бұ-

* — жексұрын құйыршығы. *Ред.*

кіл тәртіп партиясы мен Бонапарт арасында соқтығыстар болмай қоймайтын жағдайда — Гораның табысқа жетуге барлық мүмкіндіктері бар сияқты еді. Екі аптадан кейін ол бәрінен, оның ішінде абыройынан да айрылды.

Парламенттік тарихты онан әрі баяндаудан бұрын біз сөз қылып отырған заманның жалпы сипатына баға бергенде әдетте болатын қателерге ұшырамау үшін кейбір ескертпелер жасау қажет. Демократтардың көзқарасынша, Құрылтай жиналысы дәуірінде де, Заң шығаратын ұлттық жиналыс дәуірінде де әңгіме бәз-баяғы бір мәселе: республикашылдар мен роялистер арасындағы жай күрес жөнінде болды. Ал қозғалыстың өзі олар үшін «реакция» деген бір сөзбен қорытылатын еді; ол түн еді, бұл түнде мысықтардың бәрі сұр көрінеді және бұл түнде демократтардың түнгі күзетшіге лайығынша аузына келгенін тоқтаусыз соға беруіне болатын еді. Әрине, бірден қарағанда тәртіп партиясы әртүрлі роялистік фракциялардың шумағы секілді көрінді, бұл фракциялар өздерінің дәмелі адамын таққа отырғызып, қарсы жақтың дәмелі адамын тайдыру үшін бір бірімен жанжалдасып қана қойған жоқ, сонымен бірге «республикаға» деген жалпы өшпенділікте және оған қарсы ортақ күресте бір бірімен бірігіп те кетті. Бұл роялистік заговоршыларға қарама-қарсы, Гора «республиканың» қорғаушысы сияқты көрінеді. Тәртіп партиясы, сірә, дәл Пруссиядағыдай, баспасөзге, одақтар бостандығына, т. с. қарсы бағытталған және, тағы да Пруссиядағыдай, бюрократияның, жандармерияның және соттың полициялық дәрекі қол сұғуымен жүзеге асырылатын «реакциямен» үнемі шұғылданып отырған сияқты. Соңғы жүз елу жыл бойында қандай да болсын халықтық партия дейтіннің азды-көпті істеп келгеніндей, Гора өз тарапынан бұл шабуылдарды тойтарумен, «адамның мәңгілік праволарын» қорғаумен сондай үздіксіз шұғылданған. Алайда жағдайларды және партияларды неғұрлым мұқият талдап қарағанда, *тап күресін* және бұл дәуірдің өзіне тән кескінін жасыратын бұл алдауыш бүркеншік ғайып болады.

Легитимистер мен орлеанистер, жоғарыда айтылғанындай, тәртіп партиясының екі үлкен фракциясын құрады. Бұл фракцияларды өздерінің талапкерлеріне не нәрсе байлап қойды және оларды бір бірінен не нәрсе бөлді? Шынында да, тек лилиялар¹¹³ мен үш түсті ту, Бурбондардың әулеті мен Орлеандардың әулеті, роялизмнің әртүрлі сарындары немесе жалпы алғанда олардың роялистік дін жолы ғана болғаны ма? Бурбондар тұсында өзінің поптарымен және малайларымен бірге *ірі жер иеленушілік*, Орлеандар тұсында өзінің адвокаттар, профессорлар және тілмарлар тобымен бірге финанс аристократиясы, ірі өнеркәсіп, ірі сауда, яғни *капитал* билік жүргізді. Июль монархиясы буржуазиялық мансапқорлардың зорлықшыл өкіметінің саяси көрінісі ғана болғаны сияқты, легитимистік монархия тек жер иеленушілердің

мұралық билігінің саяси көрінісі ғана болды. Сонымен, бұл фракцияларды тіпті де принцип деп аталатындар бөлген жоқ, ал олардың өмір сүруінің материалдық жағдайлары, меншіктің әртүрлі скі түрі, қала мен деревня арасындағы ескі қарама-қарсылық, капитал мен жер иеленуші арасындағы бәсеке бөлді. Сонымен бірге оларды белгілі бір династия мен көне естеліктер, жеке бастарының өшпенділігі, қауіптенушілік пен үміткерлік, соқыр сенімдер мен жалған елестер, тілектестік пен дұшпандық, сенімдер, наным белгілері мен принциптер байланыстырғанын,— мұны кім бекерге шығарады? Меншіктің әртүрлі формалары, тіршіліктің әлеуметтік жағдайлары үстінде әртүрлі және ерекше сезімдердің, жалған елестердің, ой бейнелерінің және дүниеге көзқарастардың тұтас бір қондырмасы бар. Бүкіл тап мұның бәрін өзінің материалдық жағдайлары және оған сәйкес қоғамдық қатынастары негізінде жасап, қалыптастырады. Жеке адам бұл сезімдер мен көзқарастарды дәстүрлер арқылы және тәрбие нәтижесінде ала отырып, өз қызметінің шын себептері мен бастамасы да осыдан туады деп ойлай алады. Егер орлеанистер, легитимистер, әрбір фракция, оларды бір бірінен бөлетін нәрсе — әртүрлі екі династияға байланыстылық деп өздерін және басқаларды сендіруге тырысса, мұның керісінше, олардың мүдделерінің қарама-қарсылығы екі династияның бір бірімен қосылып кетуіне мүмкіндік бермегенін кейіннен фактілер дәлелдеді. Күнбе-күнгі өмірде адамның өзі туралы не ойлайтыны және не айтатыны мен оның іс жүзінде қандай екені және не істеп жүргені арасында айырмашылық жасалатыны сияқты, тарихи шайқастарда да партиялардың құрғақ сөздер мен жалған елестері және олардың шын мәнісіндегі ұйымы, олардың шын мәнісіндегі мүдделері арасында, олардың өздері туралы түсінігі мен олардың шын мәніндегі сипаты арасында онан да үлкенірек айырмашылық жасау керек болады. Орлеанистер мен легитимистер өздерінің алдына бірдей мақсаттар қойып, республикада қатар орын алды. Егер бір жағы, екінші жақтың мүдделеріне қарама-қарсы, *өзінің* династиясын *жаңғыртуға* тырысса, онда мұның өзі тек *буржуазияны екіге бөлген ірі фракциялардың* әрқайсысы — жер иеленушілік пен финанскapиталы — *өзінің* үстем жағдайын жаңғыртып, екіншісін бағынышты етуге тырысқанын көрсетті. Біз буржуазияның екі фракциясы туралы айтып отырмыз, өйткені ірі жер иемденушілік өзінің феодализмге әуестігіне және өзінің ата-тегімен менменсігеніне қарамастан, осы күнгі қоғамдық дамудың әсерімен түгелінен буржуазияланды. Мысалы, ағылшын торилері ұзақ уақыт бойына өздерін корольдік өкіметке, шіркеуге және ескі ағылшындық конституцияның кереметтеріне ынтық деп ойлады, олардың: бір ғана *жер рентасына* ынтықтығын мойындатқан қысылшаң шақ туғанға дейін осылай ойлап келді.

Біріккен роялистер баспасөзде, Эмсте¹²⁶, Клэрмонтта¹²⁷ парламенттен тыс бір біріне қарсы дау салып келді. Ал тасада олар тағы да өздерінің ескі орлеанистік және легитимистік шапандарын киіп, өздерінің ежелгі сайыстарын қайтадан бастап жүрді. Бірақ көпшілік алдында, аса құрметті жұртқа арнаған көріністерінде, үлкен парламенттік партияның ролінде олар өздерінің династияларынан бір ғана бас izeумен құтылып, монархияны жаңғыртуды *in infinitum** кейінге қалдырып келді. Олар өздерінің нағыз ісімен *тәртіп партиясы* ретінде шұғылданды, яғни *саяси* ту астында емес, *әлеуметтік* ту астында, ел кезген принцессалардың рыцарьлары ретінде емес, буржуазиялық құрылыстың өкілдері ретінде, республикашылдарға қарама-қарсы роялистер ретінде емес, басқа таптарға қарсы буржуазиялық тап ретінде шұғылданды. Ал тәртіп партиясы ретінде басқа қоғамдық таптарға олар бұрынғы, Жаңғырту немесе Июль монархиясы тұсындағыларының бәрінен де гөрі, шек қойылмаған және берік өкімет билігін пайдаланып келді; мұндай өкімет, тегі, парламенттік республикада ғана мүмкін болды, өйткені француз буржуазиясының екі үлкен фракциясы тек осы мемлекеттік форма тұсында ғана бірігіп, мұның арқасында бұл таптың артық жағдайға қойылған бір фракциясының үстемдігі орнына өз табының үстемдігін күн тәртібіне қоя алды. Егер олар, дегенмен де, тәртіп партиясы ретінде республиканы балағаттап, өздерінің оны жек көретінін жасырмай отырса, онда мұның өзі тек роялистік естеліктерден ғана болып отырған жоқ. Олардың саяси үстемдігін жүзеге асырған республика мұнымен бірге оның әлеуметтік негізіне ор қазатынын оларға инстинкт көрсетті, өйткені енді оларға, тақтың тасасына жасырынуға немесе бір бірімен және корольдік өкіметке қарсы екінші дәрежелі күрес жүргізумен ұлттың назарын басқа жаққа аударуға мүмкіндік болмағандықтан, құлдыққа салынған таптармен тікелей, бетпе-бет күресуге тура келді. Әлсіздіктің сезілуі оларды өздерінің таптық үстемдігінің ашық жағдайларынан амалсыз шегінуге, таптық үстемдіктің толық емес, жетілмеген, нақ сондықтан неғұрлым қауіпсіздеу формаларына кері қайтуға ұмтылуға мәжбүр етті. Мұның керісінше, біріккен роялистер өздерінің бәріне жау талапкермен, Бонапартпен, соқтығысып қалған сайын, олар атқару өкіметі тарапынан өздерінің парламенттік күдіреттілігіне болатын қастандықтардан қауіптенген сайын, демек, оларға өздерінің үстемдігінің саяси праволылығын ең алға қоюға тура келген кездерде, — республика туралы мәселе оларды бәрінен де аз ойландыратынын Ұлттық жиналыстың есіне салатын орлеанист Тьерден бастап 1851 жылғы 2 декабрьде үш түсті шарфпен белін шандып, шешен ролінде, оныншы округтің мэриясы алдына жиналған жұртқа республика

* — ұшы-қырсыз. *Ред.*

атынан сөз сөйлейтін легитимист Берьеге дейін, — олар *роялистер* ретінде емес, *республикашылдар* ретінде бой көрсетеді. Рас, оған келекелі жаңғырық жауап береді: *Henri V! Henri V!**

Буржуазиялық коалицияға қарама-қарсы, ұсақ буржуалар мен жұмысшылардың *социал-демократиялық* партия деп аталатын коалициясы құрылды. 1848 жылғы июнь күндерінен кейін ұсақ буржуазия өзінің алданғанын көрді; оның материалдық мүдделеріне нұқсан келтірілді, ал оның бұл мүдделерді қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті болған демократиялық кепілдіктерді контрреволюция екіталай мәселеге айналдырды. Сондықтан ол жұмысшылармен жақындасты. Екінші жағынан, оның парламенттегі өкілі, буржуазиялық республикашылдардың диктатурасы кезінде кейінге ығыстырылған *Гора* Құрылтай жиналысының өмір сүруінің екінші жартысында, Бонапартқа және роялистік министрлікке қарсы күресуі арқасында бұрынғы айрылған беделіне қайтадан ие болды. Гора социалистік көсемдермен одақ жасады. Бұл татуласуды 1849 жылғы февральда банкет жасап мерекеледі. Одақтастар ортақ программа жасады, ортақ сайлау комитеттерін құрды және ортақ кандидаттар ұсынды. Пролетариаттың әлеуметтік талаптары өзінің революциялық өткірлігінен айрылып, демократиялық өң алды, ал ұсақ буржуазияның демократиялық талаптары бұрынғы таза саяси формасынан айрылып, социалистік өң алды. *Әлеуметтік-демократиялық партия* осылайша туды. Бұл келісудің нәтижесі — жана *Гораның* құрамында, жұмысшы табынан шыққан бірнеше статисті және бірнеше социалистік сектантты есептемегенде, бәз-баяғы, ескі Горадағы элементтер болды, тек олардың саны көп болды. Бірақ уақыт өте келе ол өзі өкілі болып табылатын таппен бірге өзгерді. Әлеуметтік-демократиялық партияның ерекше сипаты мынадан көрінеді: ол демократиялық-республикалық мекемелерді құруды талап еткенде, ең шеткері екі жақты — капитал мен жалдама еңбекті жою үшін емес, олардың арасындағы антагонизмді бәсеңдетіп, жарастылыққа айналдыру үшін талап етеді. Бұл мақсатқа жету үшін қандай шаралар ұсынылса да, мақсаттың өзі азды-көпті революциялық түске қаншама боялса да, мұның мәні бәз-баяғы күйінше қалады: қоғамды демократиялық жолмен қайта құру, бірақ қайта құрғанда ұсақ буржуазиялық шеңберде қалатындай етіп қайта құру болады. Тек ұсақ буржуазия өзінің менмендік таптық мүдделерін жүзеге асыруға принципті түрде ұмтылып отыр-мыс деп ойлап, мұндай ұшқары түсінікке бой ұрмау керек. Мұның керісінше, ол өзінің азат етілуінің *арнаулы* жағдайлары — сонымен бірге осы күнгі қоғамды құтқарып, тап күресін жоюға тек өзі ғана мүмкіндік беретін *жалпы* жағдайлар болып табылатындығына сенеді. Сондай-ақ демократияның бар-

* — V Генрих! V Генрих! *Ред.*

лық өкілдері шынына келгенде алаяқтар немесе алаяқтардың бас июшілері деп ойлауға да болмайды. Өздерінің білімі мен дербес жағдайы жағынан алғанда бұлар олардан көктің жерден алыстығындай, қашық болуы мүмкін. Оларды мына жағдай ұсақ буржуаның өкілдері етіп отыр: олардың ой-пікірі ұсақ буржуаның тіршілігі шегінен асып кете алмайды, сондықтан олар теория жағынан алғанда ұсақ буржуаның материалдық мүдделері мен қоғамдық жағдайы іс жүзінде әкеп соқтыратын міндеттер мен шешімдерге келіп тоқталады. Қандай да болсын таптың *саяси және әдеби өкілдері* мен олар өкілдік ететін тап арасындағы қатынас жалпы алғанда осындай.

Осы айтылғандардан кейін өзінен өзі мына жағдай айқындалады: Гора республика үшін және адамның праволары деп аталатындар үшін тәртіп партиясына қарсы үздіксіз күрес жүргізгенде, республика да, адамның праволары да оның түпкі мақсаты болып табылмайды; мұның өзі қарусыздандыруға ұйғарылған армияның қарсылық көрсеткенде және ұрысқа шыққанда мұны тек өз қаруын сақтау үшін істемейтіні сияқты.

Ұлттық жиналыс ашылысымен тәртіп партиясы Гораны арандата бастады. Буржуазияның бұдан бір жыл бұрын революцияшыл пролетариатты құрту қажет деп сезгені сияқты, енді ол демократиялық ұсақ буржуазияны құртуды да қажет деп сезді. Бірақ бұл жолы қарсы жақтың жағдайы басқаша еді. Пролетарлық партияның күші көшеде болды, ұсақ буржуазияның күші Ұлттық жиналыстың өзінде еді. Демек, оны Ұлттық жиналыстан алдап көшеге шығару керек болды және оның парламенттік күшін уақыт пен жағдай баянды етпей тұрып, бұл күшті оның өзіне жойғызу керек болды. Гора құрылған тұзаққа өршеленіп өзі ұмтылды.

Француз әскерлерінің Римді бомбалауы* оны адастыру болды. Бұл бомбалаудың өзі конституцияның: Француз республикасына өзінің әскери күштерін басқа халықтың бостандығына қарсы жұмсауға тыйым салатын V статьясын бұзды. Оның үстіне, 54-статья атқарушы өкіметке Ұлттық жиналыстың келісімінсіз соғыс жариялауға тыйым салады, ал Құрылтай жиналысы өзінің 8 майдағы шешімінде Римге жорық жасауға қарсылық білдірді. Осының негізінде Ледрю-Роллен 1849 жылғы 11 июньде Бонапартқа және оның министрлеріне қарсы айыптау актісін тапсырды. Тьердің түйрегеніне ызаланған ол конституцияны барлық құралдармен, тіпті қолға қару алып қорғайтынын білдіріп, кокан-локкы жасауға дейін барды. Гора бір кісідей өре түрекеліп қарулануға шақырған бұл үндеуді тағы да қайталады. 12 июньде Ұлттық жиналыс айыптау актісін қабылдамады, сөйтіп Гора парламентті тастап шықты. 13 июньдегі оқиғалар жұртқа

* Осы томның 252—254-беттерін қараңыз. *Ред.*

мәлім: Гораның бір бөлегі Бонапартты және оның министрлерін «конституциядан тысқары» деп жариялап прокламация шығарды, демократиялық ұлттық гвардияшылар көшеде топталып қыр көрсетті, олар қару-жарақсыз келіп, Шангарньенің әскерлерімен кездескенде қашып кетті және тағы тағылар. Гораның бір бөлегі шет елдерге қашты, екінші бөлегі Буржедегі¹¹⁸ Жоғарғы сотқа тартылды, ал Гораның қалдықтары, тентек болған мектеп оқушыларындай, парламенттік тәртіп бойынша, Ұлттық жиналыс председателінің ұсақ-түйек бақылауына берілді. Париж қайтадан қоршау жағдайында деп жарияланды, ал Париждың Ұлттық гвардиясының демократиялық бөлегі таратылды. Гораның парламенттегі ықпалы және ұсақ буржуазияның Париждегі күші осылайша жойылды.

13 июнь оқиғалары жұмысшылардың қантөгіс көтерілісіне дабыл болған Лион да іргелес бес департаментпен бірге қоршау жағдайында деп жарияланды. Онда қоршау жағдайы осы уақытқа дейін күшінде болып келеді.

Гораның басым көпшілігі прокламацияға қол қоюдан бас тартып, өзінің авангардына опасыздық етті. Баспасөз де бойын аулақ салды; бұл прунунциаментоны жариялауға тек екі газеттің ғана батылы барды. Ұсақ буржуа өзінің өкілдеріне опасыздық жасады: ұлттық гвардияшылар келмеді, келген жерлердің өзінде баррикадалар жасауға бөгет болды. Өкілдер ұсақ буржуаны алдады: армиядағы жалған одақтастар еш жерде көрінбеді. Ақырында, демократиялық партия өзіне керек күшті пролетариаттан алудың орнына оған өзінің дәрменсіздігін таратты, сөйтіп демократтардың барлық ұлы істерінде осылай болатынындай, көсемдер өздерін өздері жұбату үшін өз «халқын» опасыздық жасады деп айыптай алатын, ал халық өзін өзі жұбату үшін өзінің көсемдерін алдап кетті деп айыптай алатын болды.

Гораның алдағы жорығындай үлкен думанмен хабарланған қандай да болсын іс сирек кездеседі; демократияның сөзсіз жеңетіндігі туралы мұндағыдай зор сеніммен және мұндай мезгілі жетпей жар салу сирек болады. Иерихон дуалдарын құлатқан керней дауысының күшіне демократтардың сенетіндігі күмәнсіз. Сондықтан олар деспотизмнің дуалы алдына келіп тоқтаған сайын осы кереметті қайталауға тырысады. Егер Гора парламентте жеңгісі келсе, онда оған қолға қару алуға шақырудың қажеті жоқ еді. Егер ол парламентте қолға қару алуға шақырса, оған өзін көшеде парламенттегіше ұстаудың қажеті жоқ еді. Егер ол бейбіт демонстрация жасауды шынымен ойласа, бұл демонстрацияны соғыстағыша қарсы алатынын алдан болжамау есуастық болар еді. Егер ол шын мәнісіндегі күресті ойласа, бұл күресте керекті қаруды жинап қою танданарлық жағдай болар еді. Бірақ іс мынада: ұсақ буржуаның және оның демократиялық өкілдерінің революциялық айбарлары — дүш-

панды қорқытпақ болған әрекеттен басқа ешнәрсе емес. Ал егер олар тұйыққа кездессе, егер олар өздерінің айбарларын орындауға амалсыз кірісетіндей болып сонша ұзап кетсе,— олар мақсатқа бастайтын құралдардан бәрінен де көбірек қашып және жеңілуге сылтау іздеп, мұны екі ұштылықпен істейді. Күресуге жар салған даурықпа увертюра іс күресті бастауға таянса-ақ болғаны, қорғалақтаған күбірге айналады; актерлер шындап ойнауды тоқтатады да, ойын басылып, инемен тескен жел қуықтай семіп қалады.

Бірде бір партия өзінің құралдарын демократиялық партиядай әсірелемейді, туған жағдай жайында мұншама ұшқалақтықпен алданбайды. Армияның бір бөлегі Гораны жақтап дауыс берген еді, Гора енді армия оны жақтап бүлік жасайды деп сеніп қалды. Бірақ қандай дәлелмен сенді? Армияның тұрғысынан бір ғана мәнісі болған дәлелмен — атап айтқанда, революционерлердің француз солдаттарына қарсы Рим солдаттары жағына шыққандығына қарап сенді. Екінші жағынан, 1848 жылғы июнь күндері әлі тіпті де ұмытылған жоқ еді, сондықтан пролетариат ұлттық гвардияны мейлінше жек көрді, астыртын қоғамдардың көсемдері демократиялық көсемдерге мүлде сенбеді. Бұл қайшылықтарды жуып-шаю үшін қатер төніп тұрған елеулі мүдделердің ортақтағыы керек болды. Конституцияның пәлендей бір дерексіз параграфының бұзылуы мұндай мүдделілік туғыза алмайтын еді. Конституция, демократтардың өздері айтқандай-ақ, соның өзінде сан рет бұзылған жоқ па? Барып тұрған беделді газеттердің өздері бүкіл конституцияны — контрреволюционерлердің істеген ісі деп масқаралаған жоқ па? Бірақ демократ ұсақ буржуазияның, яғни екі таптың мүдделерін бір-бірімен соқтығыстыратын *өтпелі таптың* өкілі, сол себепті өзін, тегі, таптық антагонизмнен жоғары тұрмын деп ойлайды. Демократтар өздеріне пұрсатты тап қарсы тұр, бірақ ұлттың басқа жіктерінің бәрімен қосылып, олар *халық* болып табылады деп ойлайды. Олардың қорғайтыны *халықтың правосы*, олардың мүдделі нәрсесі *халықтың мүддесі* деп жарияланады. Сондықтан болашақ күрес алдында әртүрлі таптардың мүдделері мен жағдайын зерттеп жатудың оларға қажеті жоқ. Оларға өздерінің құралдарын тым қатаң салмақтап жатудың да қажеті жоқ. Олар белгі берсе-ақ болғаны — *халық* өзінің сарқылмас барлық құралдарын қолға алып, *езушілерге* тап береді. Бірақ іс жүзінде демократтарды мүдделері қызықтырмайтын болса, олардың күші — дәрменсіздік болып шықса, онда бұған не *біртұтас халықты* бір біріне дұшпан әртүрлі лагерьлерге бөлген қасақы софистер айыпты, не армия тым қаталданған, демократияның таза мақсаттарындағы игілігін көрмейтіндей тым соқыр болған, не орындаудың қандай да болсын бір кемістігіне бола істің бәрі күйреген, не, ақыр-аяғында, ойда жоқ кездейсоқтық бұл жолы сәтсіздікке бастаған. Қалай

болғанда да демократ барып тұрған масқаралық халге қаншалықты жазықсыз түссе, онан соншалықты кір жұқтырмай шығады, оның өзі жеңуге тиіс, оның өзі және партиясы ескі көзқарасты тастауға тиіс емес, қайта жағдай оның дәрежесіне өсіп жетуге тиіс деген орныққан сеніммен шығады.

Сондықтан жаңа парламенттік тәртіп сиреткен, мойытқан және қорлаған Гораны тым бақытсыз деп ойлауға болмайды. Егер 13 июнь оның көсемдерін тайдырса, сол күн, екінші жағынан, екінші дәрежелі «таланттарға» орын әзірледі, бұл жаңа орын оларды қызықтырды. Егер олардың парламенттегі дәрменсіздігіне мұнан әрі күмәндануға болмаса, олар енді өздерінің қызметін адамгершілік тұрғысынан наразылық туғызумен және даурықпа декламациямен шектеуге праволы еді. Егер тәртіп партиясы оларды революцияның соңғы ресми өкілдері ретінде, анархияның барлық сұмдық азаптарының бейнесі ретінде көрсетсе, онда олар іс жүзінде онан да пасық және тартыншақ бола алатын еді. Ал 13 июньдегі жеңіліс жайында олар өздерін мынадай терең мағыналы көтеріңкі сөздермен жұбатты: «Жалпыға бірдей сайлау правосына қол тигізуге тек батылдық етіп көрсін, тек істеп көрсін! Біз онда өзіміздің кім екенімізді көрсетеміз! Nous verrons*!»

Шетелдерге қашқан монтаньярларды алатын болсақ, онда бұл жерде мынаны көрсетудің өзі жеткілікті: өзі бастаған қуатты партияны небәрі екі аптаның ішінде қайтып тұрмастай етіп құртуға амалы жеткен Ледрю-Роллен мұнан кейін өзін француздың *in partibus*⁸¹ үкіметін құруға міндетті деп санады; революцияның дәрежесі төмендеп, ресми Францияның ресми дәкейлері барған сайын кішірейіп, қораштана түскен сайын, онын алыстағы, күрес майданынан аулақ тұрған тұлғасы жоғарылап өсе бергендей болды; ол алдағы 1852 жылғы сайлауда республикалық басшы болуға дәмеленіп шыға алды, ол октын-октын валахтарға және басқа халықтарға нұсқаулар таратып, онда континенттік озбырларды өзінің ерлік істерімен және өзінің одақтастарының ерлік істерімен қорқытпақ болды. Прудон бұл мырзаларға: «Vous n'êtes que des blagueurs!»^{**?} дегенде, оның бұл айтқаны түгелінен теріс болды ма?

13 июньде тәртіп партиясы Гораның күшін мұқалтып қана қоймай, мұнымен бірге конституцияны Ұлттық жиналыс көпшілігінің шешімдеріне бағындыру принципін өткізді. Ол республиканы былайынша түсінді: республикада буржуазия парламенттік формаларда үстемдік етеді, монархияда орын алып отырғанындай, оны атқарушы өкіметтің тыйым салу правосы да, бұл өкіметтің парламентті тарату правосы да тежемейді. Тьердің анық-

* — Жарайды, көрерміз! *Ред.*

** — «Сіздер мылжыңсыздар — онан басқа түк те емессіздер!» *Ред.*

тауынша, *парламенттік республика* осындай. Бірақ буржуазия 13 июньде парламент ішінде өзінің тежеусіз өкімет билігін қамтамасыз еткенмен, ол неғұрлым беделді депутаттарды парламенттен шығарып, бұл ісімен парламенттің өзін атқарушы өкімет пен халық алдында нашарлатып, оған қирата соққы берген жоқ па? Көптеген депутаттарды ешқандай әдеп сақтамай-ақ сотқа беріп, ол өзінің парламенттік қол сұқпау правосын өзі жойды, Ол Гораның депутаттарын кісіні қорлайтын тәртіпке бағындырды; бұл тәртіп халықтың әрбір жеке өкіліні қаншалықты қорласа, республиканың президентін соншалықты асыра мадақтады. Конституцияны қорғаған көтерілісті қоғамды құлатуға тырысқан анархиялық әрекет деп маскаралауы арқылы ол, атқарушы өкімет конституцияны бұған қарсы қолдануға ниеттенген күнде, өзінің көтеріліске қол арту мүмкіндігін өзі жойды. Тарихтың тәлкегі қандай болды десеңіші! 1851 жылғы 2 декабрьде тәртіп партиясы Бонапарттың тапсыруы бойынша Римді бомбалаған, сөйтіп 13 июньдегі конституциялық бүлікке тікелей себеп болған генерал *Удиноны* халыққа конституцияны Бонапарттан қорғаушы генерал ретінде көз жасымен ұсынса да мұнысынан ешнәрсе шығара алмады. 13 июньнің екінші сойқаны, финанс аристократиясы тобынан шыққан ұлттық гвардияшылар шайқасын бастап, демократиялық газеттердің үйлерінде жасаған бейбастақтығы үшін Ұлттық жиналыстың трибунасынан мақтау сөз естіген *Виейра*,— міне, осы Виейраның өзі Бонапарттың заговору жайды білді, сөйтіп Ұлттық жиналыстың өмір сүруінің ақырғы күндерінде оның ұлттық гвардиядан қандай да болсын көмек алу жолын кесуге едәуір дәрежеде көмектесті.

13 июньнің тағы бір мәнісі болды. Гора Бонапартты сотқа беруге тырысты. Оның жеңілуі, демек, Бонапарттың тікелей жеңуі, оның өз басының демократиялық дұшпандарын жеңуі болды. Тәртіп партиясы бұл жеңіске жетті — Бонапартқа тек оны өзінің есебіне жазу ғана қалды. Ол осылай істеді де, 14 июньде Париждегі үйлердің қабырғаларына прокламация жапсырылды, онда президент, өзі бейнебір тілемегенсіп, тек оқиғалардың дүмпуімен өзінің монастырьдағы аулақ мекенінен шығады, жұрт танымаған қайырым иесінің үнімен өзінің дұшпандарының жала жапқананы айтып шағынады және өз басын тәртіп ісімен бірге санағансып, шынында тәртіп ісін өз басының ісіне балады. Оның үстіне, Ұлттық жиналыс Рим жорығына кейіннен рұқсат ете тұрса да, бұл жорықтың бастаушысы Бонапарт болатын. Ватиканда бірінші священник Самуилдің билігін қайта орнатқаннан кейін Бонапарт Тюильриге²¹⁵ король Давид болып кіре алатындығына сене алатын еді. Ол поптарды өз жағына тартты.

13 июньдегі бүлік, жоғарыда көргеніміздей, топ құрап көшеден бейбіт өтумен тынды. Демек, оған қарсы күрестегі соғыс

даңқтары туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Солай бола тұрса да, батырлары мен оқиғалары аз болған бұл уақытта тәртіп партиясы бұл қантөгіссіз ұрысты екінші Аустерлицке²¹⁶ айналдырды. Трибунадан және баспасөзде армияны анархияның дәрменсіздігін көрсететін халық бұқарасына қарсы бағытталған тәртіп күші деп дәріптеді, ал Шангарньені «қоғамның тірегі» деп мақтады, — бұл жалған мақтауға, ақыр-аяғында, оның өзі де сенді. Оның үстіне, күдікті көрінген әскер бөлімдері Парижден астыртын шығарылды; сайлауда өздерінің ең күшті демократиялық ниеттерін көрсеткен полктар Франциядан Алжирге жіберілді; солдаттар арасындағы мазасыз элементтер тәртіп батальондарына берілді; ақыр-аяғында, баспасөз казармадан, ал казарма азаматтық қоғамнан үнемі бөлектелді.

Біз енді француз ұлттық гвардиясының тарихындағы батыл бет бұрыс кезеңге жеттік. 1830 жылы ұлттық гвардия Реставрацияның тағдырын шешті. Егер ұлттық гвардия әскерлермен бірге қимыл жасағандай болса, Луи-Филипп тұсында әрбір бүлік сәтсіздікпен аяқтала берді. 1848 жылғы февраль күндерінде ол көтеріліске енжар қарап, Луи-Филиппке екіұшты қараған кезде, Луи-Филипп өзін құрығанға есептеді және шынында да құрыды. Революция ұлттық гвардиясыз жеңе алмайды, ал ұлттық гвардия қарсы шыққанда оны армия жеңе алмайды деген сенім нақ осылайша орнықты. Жай халықтың күдіреттілігіне армияның соқыр сенімі осындай болды. 1848 жылғы июнь күндері, бүкіл ұлттық гвардия шекаралық әскерлермен бірге көтерілісті басқан күндер, бұл соқыр сенімді орнықтырды. Бонапарт президент болғаннан кейін, конституцияға қайшы келіп, ұлттық гвардияның бастығы және бірінші әскер дивизиясының бастығы лауазымын қосып, Шангарньенің қолына беру себепті ұлттық гвардияның манызы біраз төмендеді.

Ұлттық гвардия командованиесінің бұл ретте әскери командованиенің белгісіне айналғаны сияқты, оның өзі де тек шекаралық әскерлердің шылауына айналды. Ақырында, 13 июньде ұлттық гвардия біржолата күйретілді — күйретілгенде, сол күннен бастап, оны Францияның тұс-тұсының бәрінде, оның ұшығы ғана қалғанға дейін, бірте-бірте бөлшектеп тарата бастағандықтан ғана күйреген жоқ. 13 июньдегі демонстрация ең алдымен ұлттық гвардияның демократияшыл бөлегінің демонстрациясы болды. Рас, ол армияға өзінің қаруын емес, өзінің мундирін ғана қарсы қойды; бірақ гәп нақ осы мундирде болды. Қандай да болсын басқа мундир сияқты, бұл мундирдің де сондай жүн шүберек екеніне армияның көзі жетті. Сиқыр атаулы ғайып болды. 1848 жылғы июнь күндерінде буржуазия мен ұсақ буржуазия ұлттық гвардия арқылы пролетариатқа қарсы армиямен бірікті. 1849 жылғы 13 июньде буржуазия армияның көмегімен

ұсақ буржуазиялық ұлттық гвардияны қуып таратты, 1851 жылғы 2 декабрьде буржуазиялық ұлттық гвардия жойылды, сөйтіп Бонапарт кейіннен оны тарату туралы декретке қол қойғанда тек болған істі ғана көрсетті. Осылайша буржуазия өзінің армияға қарсы қолданатын ақырғы құралын өзі қиратты, бірақ ол бұл қаруды ұсақ буржуазия оның алдына бағынышты вассал емес, бүлікші болып шыққан кезден бастап қиратуға тиісті еді. Жалпы, өзі самодержавиелік билік иесі болысымен-ақ, буржуазия өзінің самодержавиеге қарсы қорғанатын құралдарының бәрін амалсыздан өз қолымен қиратуға тиісті болды.

Бұл кезде тәртіп партиясы 1848 жылы қолынан шығарып алған өкімет билігінің өзіне қайтып келуін мерекелеген еді, мерекелегенде — республика мен конституцияны қорлау, барлық болашақ, қазіргі және өткендегі революцияларды, оның ішінде өзінің көсемдері жасаған революцияны қарғап-сілеу, ақырында, баспасөзді бұғаулайтын, одақтар бостандығын жоятын және қоршау жағдайын қалыпты деп танып бекітетін заңдар шығару жолымен мерекеледі; ол бұл өкімет билігінен оны 1849 жылы ешқандай шырмаусыз күйінде қайтып алайын дегендей айрылған секілді көрінді. Мұнан кейін Ұлттық жиналыс өзінің мәжілістерін августын ортасынан октябрьдің ортасына дейін тоқтатып, өзі жоқ уақытта жұмыс атқаруға тұрақты комиссия тағайындады. Бұл каникул кезінде легитимистер Эмспен, орлеанистер Клэрмонтпен, Бонапарт — патшаларша салтанатты сапарлар жасау арқылы, ал департаменттік советтер — кенестерде конституцияны қайта қарау жайында дауласты.— Ұлттық жиналыстың дүркін-дүркін каникулдары кезінде үнемі қайталанып отыратын фактілер осындай. Мен бұларға олар оқиға сипатын алған кезде ғана толығырақ тоқталамын. Бұл жерде тек мынаны көрсетіп өту қажет: Ұлттық жиналыс сонша ұзақ уақыт бойына сахнадан кетіп, республиканы басқаруға, жұрттың бәрінің көз алдында ұсқынсыз болса да, жалғыз Луи Бонапарттың өзін ғана қалдырып, саяси қате істеді, ал тәртіп партиясы өздерінің реставраторлық ниеттерімен бір-біріне дұшпан болып отырған өзінің роалистік құрамды бөліктеріне бытырап, жұртты дүрліктірді. Бұл каникулдар кезінде *парламенттің* даурыққан айқай-шуы басылып, оның өзі ұлтқа сіңісіп кеткен сайын шын түрінде көрінуі үшін бұл республикаға бір ғана нәрсе жетпейтіні — *парламенттік* каникулдарды үздіксіз жасап, *өзінің*: Liberté, égalité fraternité* деген ұранын Infanterie, Cavalerie, Artillerie!** мағынасы айқын сөздермен ауыстырудың жетіспейтіні анық сезіліп, көрініп отырды.

* — Бостандық, теңдік, туысқандық. *Ред.*

** — Жаяу әскер. Атты әскер, Артиллерия! *Ред.*

IV

1849 жылғы октябрьдің орта шенінде Ұлттық жиналыс өзінің мәжілістерін қайтадан бастады. 1 ноябрьде Бонапарт Барро — Фаллу министрлігінің таратылуы және жаңа министрліктің құрылуы туралы арнаулы хат жолдап, Жиналысты таңдандырды. Бонапарттың өз министрлерін қуғанындай етіп, малайды да қызметтен мұндай беталды қумады. Ұлттық жиналысқа арналған тепкілер Барроның және оның сыбайластарының сыбағасына тиді.

Барроның министрлігі, біздің жоғарыда көргеніміздей, легитимистер мен орлеанистерден құрылған еді. Бұл тәртіп партиясының министрлігі еді. Бонапартқа мұндай министрлік республикалық Құрылтай жиналысын тарату үшін, Римге қарсы жорықты жасақтау үшін және демократиялық партияның күшін мұқалту үшін керек болған-ды. Ол кезде Бонапарт бұл министрліктің сыртына тасаланғандай болып еді, үкіметтік билікті тәртіп партиясына беріп, өзі Парижде Луи-Филипп тұсында газеттердің жауапты басшылары киген, *homme de paille** киетін жұпыны масканы киген еді. Енді ол өзінің кескінін жасыруға мүмкіндік берген жеңіл пердеден оның өзінің бетін көрсетуіне бөгет жасайтын темір маскаға айналған бұл масканы лақтырып тастады. Ол тәртіп партиясының атынан республикалық Ұлттық жиналысты қуып тарату үшін Барро министрлігін өкімет басына қойды; енді өзінің есімін бұл тәртіп партиясының Ұлттық жиналысына тәуелсіз деп жариялау үшін бұл министрлікті таратты.

Оны таратуға келтірілген сыпайы сылтаулар аз болған жоқ. Барроның министрлігі Ұлттық жиналыспен қатар өмір сүріп отырған өкімет ретіндегі республика президенті жөнінде сақтауға тиісті әдептілік ережелерді де елемеді. Парламенттік каникул кезінде Бонапарт Эдгар Нейге жазылған хатты жариялады; мұнда ол, Құрылтай жиналысына қайшы келіп, Удиноны Рим республикасына** шабуыл жасағаны үшін мақтап хат жариялағаны сияқты, папаның*** либералдық емес сөздеріне наразы секілді болды. Ұлттық жиналыс Рим жорығының бюджетін мақұлдап дауыс бергеннен кейін Виктор Гюго либерализмнің көрсетпек болып, бұл хат туралы мәселе көтерді. Тәртіп партиясы Бонапарттың есуастығының пәлендей бір саяси маңызы болуы мүмкін деген ойдың өзін жек көргендік үнмен көрге көмді. Сонда Бонапартқа тасталған қолғапты министрлердің ешқайсысы көтермеді. Екінші бір ретте Барро өзіне тән құрғақ лепірмемен трибунадан, оның айтуынша, президенттің ең жақын тобы ішінде болған «жексұрындық әрекеттер» туралы ызалы сөз сөйледі.

* — біреу қойған адамның. *Ред.*

** Осы томның 253—254-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** — IX Пий. *Ред.*

Ақырында Ұлттық жиналыстан герцогиня Орлеанскаяға жесірлік пенсия сұрап алған министрлік президентке жұмсалатын қаржыны көбейтуді ұсынудан үзілді-кесілді бас тартты. Ал императорлық тажға дәмеленуші Бонапарттың күйзелген авантюристікпен біте қайнасқандығы сонша, империяны қайта орнату міндеті оған жүктеліп отырғаны туралы ұлы идеяны ол әрқашан екінші бір ұлы идеямен — француз халқы оның борыштарын төлеуге тиістілігі туралы идеямен толықтырып отырды.

Барро — Фаллу министрлігі Бонапарт құрған бірінші және соңғы *парламенттік министрлік* болды. Сондықтан оның таратылуы шешуші бұрылыс кезең болып табылады. Оған қоса тәртіп партиясы парламенттік режимді сақтауға керекті тіректен — атқарушы өкіметке басшылық етуден біржолата айрылды. Ал атқарушы өкімет өзінің қарамағында жарты миллионнан астам чиновниктер армиясына ие болып отырған, яғни орасан көп мүдделер мен жеке адамдарды өзіне үнемі және нағыз сөзсіз түрде тәуелді етіп ұстап отырған Франция сияқты елде, мемлекет азаматтық қоғам өмірінің ең ірі көріністерінен бастап, ең кішкене көріністеріне дейін, оның өмір сүруінің ең жалпы формаларынан бастап, жеке адамдардың жеке өміріне дейін бұл азаматтық қоғамды шырмап, бақылап, бағыттап, өзінің қадағалауында ұстап, қамқорлық көрсетіп отырған елде, шектен тыс орталықтануы себепті бұл паразиттік организм барлық іске араласып, барлығына жетекші болып, шын мәнісіндегі қоғамдық организмнің дәрменсіз тәуелділігіне, былжырлығына және формасыздығына ғана үйлесетін күшті икемділік және ыңғайлылық алған елде, — міне, мұндай елде Ұлттық жиналыс, егер ол мұнымен қатар мемлекеттік басқарманы ықшамдап, чиновниктер армиясын азайтпаса, ақырында, азаматтық қоғамға және жұртшылық пікіріне өздерінің, үкімет билігіне тәуелсіз, органдарын құруға мүмкіндік бермесе, оның министрлік лауазымдарды тарату правосымен бірге қандай да болсын шын мәнісіндегі ықпалынан айрылатыны өзінен өзі айқын. Бірақ француз буржуазиясының *материалдық мүддесі* бұл кең жайылған және кең тармақталған мемлекеттік машинаны сақтаумен мейлінше тығыз байланысты болып отырады. Ол өзінің артылған адамдарын осында жібереді және өзінің пайда, процент, рента және қаламақы түрінде ала алмағанын қазналық жалақы формасында алып толықтырады. Екінші жағынан, буржуазияның *саяси мүдделері* оны өзінің қудалау шараларын күн санап күшейтуге, яғни мемлекеттік өкіметтің құралдары мен қызметкерлер құрамын күн сайын көбейте беруге, мұнымен бірге жұртшылық пікіріне қарсы үздіксіз соғыс жүргізуге және қоғамдық қозғалыстың дербес органдарын өзі оңай құртып жібере алмаған күнде, бұл органдарға сенбегендіктен оларды қудалауға, жарымжан етуге, әлсіретуге ұмтылдырды. Сонымен, француз буржуазиясының таптық жағ-

дайы оны, бір жағынан, қандай да болсын парламенттік өкімет атаулының, демек, өзінің де парламенттік өкіметінің тамырларын қырқуға, екінші жағынан өзіне дұшпан атқарушы өкіметті жеңдірмейтін құдіретті етуге ұмтылды.

Жаңа министрлік д'Опульдің министрлігі деп аталды. Мұнан тіпті де генерал д'Опуль премьер лауазымын алды деген мағына тумайды. Барроның орнына түсуімен бірге Бонапарт бұл лауазымды — республиканың президентін іс жүзінде конституциялық корольдің, бірақ тақсыз және тәжсіз, скипетрсіз және семсерсіз, ешкім қол сұқпайтын пұрсаты жоқ, жоғарғы мемлекеттік мәртебені мұраға алу правосы жоқ және ең жаманы — цивильдік листісіз конституциялық корольдің заң бойынша белгіленген бейшаралық ролін атқаруға душар еткен лауазымды — тіпті жойып та жіберді. Д'Опульдің министрлігінде парламенттік есімі бар бір ғана адам, финансист аристократиясының ең масқараланған мүшесінің бірі — өсімкөр Фульд болды. Оған финансистрінің лауазымы тиді. 1849 жылғы 1 ноябрьден бастап француз құнды қағаздары Бонапарттың акцияларымен бірге көтеріліп және төмендеп отыратынына көз жету үшін Париж биржасының курс бюллетеньдеріне көз жіберудің өзі жеткілікті. Биржада өзіне одақтас тапқаннан кейін Бонапарт мұнымен бірге Карльсені Париж полициясының префекті етіп тағайындап, полицияны да өз қолына алды.

Алайда министрлікті ауыстырудың нәтижелері тек оқиғалардың онан әрі даму барысында ғана көріне алды. Бонапарт өзінің онан да айқын кері шегіндіріліп тасталуы үшін әзірге бір қадам ғана ілгеріледі. Оның дәрекі хаты жолдануының соңынан Ұлттық жиналысқа барынша жалбарына бас игісі келетіні білдірілді. Министрлер оның өз басының өрескел қылықтарына заң жобаларының формасын беруге қорғалақтап әрекеттенуге бағылдық еткен сайын олар тек өздерінің қызмет бабымен, ынтысыз, еш нәтиже шықпайтындығына өздері күн ілгері сенген күлдіргі тапсырмаларды орындаған сияқты болды. Бонапарт министрлердің сыртынан өз ниеттерін айтып алып, өзінің «idées paroléoniennes»²¹⁷-мен ойнаған сайын оның өз министрлері әрдайым Ұлттық жиналыстың трибунасы арқылы онан безіп шығатын болды. Оның озбырлық әрекеттері тек оған қарсылардың табалаған күлкісінің басылмауы үшін айтылған сияқты еді. Бүкіл дүние жүзі оны аңқауға есептесе де, ол жұрт танымаған данышпан болып көрінуге тырысты. Ол барлық таптардың мейлінше жексұрын көруіне бұл дәуірдегідей әлі ешуақытта ұшырамаған еді. Буржуазия әлі ешуақытта мұндай сөзсіз үстемдік жүргізбеген еді; ол өзінің үстемдігінің белгілерін мұндай зор менмендікпен әлі ешуақытта көрсетпеген еді.

Бұл дәуірде екі заңмен: *шарап салығын* қайтадан шығаратын заңмен және дінге сенбеуді жоятын *мектептер туралы заңмен*

аяқталатын буржуазияның заң шығару қызметінің тарихын жазу бұл жерде менің міндетіме жатпайды. Француздардың шарап ішуін қиындатып, буржуазия оларды тақуалық өмір суының онан да мол келуінен бақытты етті. Шарап салығын шығарумен ескі, жексұрын салық жүйесінің бұзылмайтынын жариялап, буржуазия мектептер туралы заңмен бұқара арасында оларға бұл салық жүйесіне төзуге мүмкіндік берген ескі ақыл-ой қалпын сақтауға тырысты. Орлеанистер, либерал буржуа-вольтершілдіктің және эклектикалық философияның бұл ежелгі апостолдары — француздарға рухани басшылықты өздерінің ежелгі жаулары иезуиттерге сеніп тапсыратындығына жұрт таңданады. Мұнда таңданатын ешнәрсе жоқ: тәжге дәмеленуші туралы мәселеге орлеанистер мен легитимистердің келісе алмауы мүмкін, бірақ олар өздерінің бірлесіп үстемдік жүргізуі екі заманның езушілік құралдарын біріктіруді талап еткенін, Июль монархиясының халықты құлдыққа салу құралдарын Реставрацияның құлдыққа салу құралдарымен толықтырып, күшейту керек болғанын түсінді.

Департаменттерде өздерінің барлық үміттері жөнінде алданған, бір жағынан, астық бағасының төмендеуінен, екінші жағынан, салықтардың және ипотекалық борыштың өскен ауыртпалығынан қай уақыттағыдан болса да көп азап шеккен шаруалар қозғалды. Оларға мектеп мұғалімдерін қудалап, бұларды дін-басшыларына бағындырып, мэрлерді қудалап, бұларды префектерге бағындырып, ақыр аяғында, шпиондық жүйе жасап, оған бәрі бағындырып жауап берді. Парижде және үлкен қалаларда өз заманының белгісін реакцияның өзі-ақ танытады, оның жаныштағанынан гөрі ызаландырғаны көбірек болды. Деревняда ол пасық, арамза, ұсақшыл, жалықтырғыш, мазасыз, қысқасын айтқанда, — жандарм болды. Поптың режимі батасын берген жандармның үш жылдық режимі есеймеген бұқараны қаншама аздыруға тиісті болғаны түсінікті.

Ұлттық жиналыстың трибунасынан тәртіп партиясының азшылыққа қарсы қолданған барлық шабыттылығы мен ділмарлығына карамастан, оның сөзі, иә-иә, жок-жок! деуге тиісті болған христианиннің сөзі сияқты жұпыны болып қала берді. Трибунада да, баспасөзде де жұпыны; шешімі күн ілгері мәлім жұмбақтай қисынсыз. Әңгіме петиция беру правосы туралы немесе шарап салығы туралы болса да, баспасөз бостандығы туралы немесе сауда бостандығы туралы болса да, клубтар немесе муниципалитеттік устав туралы, адамның өз басының бостандығын қамтамасыз ету туралы немесе мемлекеттік бюджетті реттеу туралы болса да, — бәз-баяғы бір пароль үнемі естіле берді, тақырып әрдайым бәз-баяғы бір тақырып болып қала берді, үкім әрдайым әзір тұрды және ол үнемі: «Социализм!» деу болды. Тіпті буржуазиялық либерализм де *социализм* деп, буржуазиялық ағар-

тушылық та — социализм, буржуазиялық финанс реформасы да — социализм деп жарияланды. Қазірдің өзінде канал бар жерде темір жол салу — социализм, шпагамен шабуыл жасаушыдан таяқпен қорғану — социализм болды.

Мұның өзі жалаң сөз, салт, партиялық күрестегі тәсіл ғана болған жоқ. Өзі феодализмге қарсы шыңдаған қарудың барлық түрлері өзіне қарсы жұмсалып отырғанын, өзі жасаған ағартушылық құралдарының бәрі өзінің цивилизациясына қарсы шығып отырғанын, өзі жасаған құдайлардың бәрі онан безгенін буржуазия дұрыс түсінді. Азаматтық бостандықтар және прогресс органдары дейтіндердің бәрі оның *таптық үстемдігіне* қол сұққанын және бұл үстемдікке әлеуметтік негізі жағынан да, саяси жоғарғы тобы жағынан да қауіп туғызып отырғанын, демек, «социалистік» болып алғанын буржуазия түсінді. Бұл қауіпте және бұл қол сұғуда социализмнің ішкі сыры бар деп буржуазия дұрыс сезді, сөйтіп, оның мағынасы мен беталысына социализм дейтіннің өзіне өзі беретін бағасынан дұрысырақ баға берді; социализм осы себепті, — ол адамзаттың азабын елжіреткенсіп қайғырса да, христиандық мынжылдық дәуренді және тусықандық жалпы сүйіспеншілікті ұағыздаса да, рух, білім, бостандық туралы адамгершілісініп мылжындаса да немесе барлық таптардың татуласуы және игілігі жүйесін еш қисынсыз ойлап шығарса да бәрібір — буржуазияның не себепті қасарысып одан сырт айнала беретінін ол түсіне алмайды. Буржуазия бір ғана нәрсені — дәйектілікпен байыптағанда, өзінің *парламенттік режимі*, өзінің жалпы *саяси үстемдігі* де *социалистік* сипаттағы нәрсе деп айыпталуға тиісті екенін түсінбеді. Буржуазияның үстемдігі әбден ұйымдаспаған, өзінің таза саяси көрінісін таппаған кезде, басқа таптар мен буржуазия арасындағы антагонизм де таза түрінде көріне алмады, ал көрінген жерде ол мемлекеттік өкіметке қарсы қандай да болсын күресті капиталға қарсы күреске айналдыратын қауіпті форма ала алмады. Егер буржуазия қоғамдық өмірдің әрбір көрінісін «тыныштыққа» төнген қауіп деп білсе, — онда буржуазия *тынышсыздық режимін*, өзінің *режимін*, *парламенттік режимді* — өз шешендерінің біреуі айтқандай — күресте және күрес арқылы өмір сүретін режимді қоғамды басқаруда сақтап қалуды қалайша тілей алды? Айтыстармен өмір сүретін парламенттік режим айтысқа қалай тыйым сала алады? Мұнда әрбір мүдде, әрбір қоғамдық шара ортақ идеяға айналып, идея ретінде түсіндіріледі, — мұндай жағдайларда пәлендей бір мүдде, пәлендей бір шара қалайша ақыл-ойдан жоғары қойылып, наным белгісі ретінде зорлықпен танылады? Шешендердің трибунадағы күресі газет шимайшыларының күресін туғызады, парламенттің дискуссиялық клубы салондар мен трактирлердегі дискуссия клубтарымен қажетті түрде толықтырылады; әрдайым халықтың пікіріне жүгінетін депутаттар мұны-

сы арқылы халықтың пікіріне петицияларда өзінің шын пікірін білдіруге право береді. Парламенттік тәртіп мәселенің бәрін көпшіліктің шешуіне береді — олай болса, парламенттен тысқары орасан зор көпшілік те қалайша шешімдер шығаруды тілемесін? Егер сіз мемлекеттің мұнарасында скрипка тартып тұрсаңыз, онда төмендегілердің билеуіне таңдана аласыз ба?

Сонымен, бұрын өзінің «либерализм» деп дәріптегенін енді «социализм» деп айыптап, буржуазия мынаны мойындайды: егер ол өз мүдделерін қорғағысы келсе, «өзінің басқаруындағы қауіптен өзін құтқаруы керек; елде қайтадан тыныштық орнату үшін ең алдымен оның буржуазиялық парламентін тыныштандыру керек; елдің әлеуметтік өкіметінің бүтіндігін сақтау үшін оның саяси өкіметі күйретілуге тиіс; жеке буржуалардың басқа таптарды онан әрі қанап, меншіктің, семьяның, діннің және тәртіптің игіліктерімен шімірікпей пайдалана беруіне болады, бірақ бұл үшін басқа таптар саяси бейшаралыққа қалай душар етілсе, ол да солармен бірдей душар етілуі керек; оның ақшалы әмиянын құтқару үшін оның басындағы тәж жұлып алынуға тиіс, ал оны қорғаушы семсер сонымен бірге, бейнебір Дамокль семсеріндей, оның өзі басына төніп тұруы қажет.

Жалпы мүдделер саласында Ұлттық жиналыстың қабілетсіз болғандығы сонша, — мәселен, Париж бен Авиньон арасында темір жол салу туралы 1850 жылдың қысында басталған айтыс 1851 жылғы 2 декабрьде ақырына жеткізілмеді. Жиналыс езбеген, реакцияшылдықпен әрекет жасамаған жерде ол нәтижесіздік атты айықпас ауруға ұшырады.

Бонапарттың министрлігі ішінара тәртіп партиясының рухындағы заңдардың бастаушысы болған, ішінара практикада бұл заңдардың езгісін әлі де күшейткен кезде, Бонапарт өз тарапынан, Ұлттық жиналысқа өзінің дұшпандығын айқын көрсетіп және қайдағы бір жасырын қойманы тұспалдап, ондағы қазынаны француз халқына ашуға әзірше тек жағдайлар бөгет жасап отыр дегенді сездіріп, балалық қисынсыз жобаларымен беделге не болуға тырысты. Унтер-офицерлердің жалақысын күніне төрт су мөлшерінде көбейту жөніндегі ұсыныс және жұмысшыларға қарыз беретін «адалдық банкі» ашу жобасы оның сондай әрекеттеріне жатады. Ақшалай сыйлықтар және ақшалай қарыз — оның бұқараны қызықтырмақ болғандағы қолданған тәсілі осындай. Сыйлық беру және қарыз алу — атақты және атаксыз люмпен-пролетариаттың бүкіл финанстық шеберлігі осында. Бонапарт тек осы қозғауыштарды ғана іске қоса білді. Әлі еш уақытта тактан дәмелі адамның бірде бірі тобырдың талғаусыздығын мұндай оңбағандықпен пайдаланған емес.

Қарыз берушілер айдап салып отырған және сақтауға тұрарлықтай беделге эсте не болып көрмеген бұл авантюристің қандай да болсын жанталасқан әрекетке ұмтылу қаупі күшейе тү-

сіп отырған жағдайда Бонапарттың Ұлттық жиналыс есебінен беделге ие болуға мұндай ашық әрекет жасауына Ұлттық жиналыс талай рет қатты ызаланды. Күтпеген оқиға президентті қайтадан кешірім сұратып, тәртіп партиясының құшағына ұмтылуға мәжбүр етті, әйтпесе бұл екеуінің арасындағы шиеленіскен қатынас аса қатерлі сыйпат алғалы тұр еді. Біз *1850 жылғы 10 марттағы қосымша сайлауды* айтып отырмыз. Бұл сайлау 13 июньнен кейін түрмеге жабылған немесе айдауға жіберілген депутаттардың орнын толтыру үшін өткізілді. Париж тек социал-демократиялық партияның кандидаттарын сайлады. Ол ол ма: Париж июнь көтерілісіне қатысқан Дефлотқа неғұрлым көп дауыс берді. Пролетариатпен біріккен Париждің ұсақ буржуазиясы 1849 жылғы 13 июньдегі жеңілісі үшін осылайша кек алды. Ұсақ буржуазия қауіпті сәтте күрес майданынан кеткенде, қолайлы жағдайда оған көп жауынгерлік күштерімен және неғұрлым батыл жауынгерлік ұранмен қайтып келу үшін ғана кеткендей болды. Бір жағдай бұл сайлаудағы жеңістің қауіптілігін онан да қатерлі еткен сияқты болды: армия Парижде Бонапарттың министрі Лантке қарсы, июнь көтерілісін жақтап дауыс берді, ал департаменттерде көбінесе монтаньярларды жақтап дауыс берді; Париждегідей батыл болмағанмен, монтаньярлар мұнда да өзіне қарсы жақты жеңіп шықты.

Бонапарт өзінің тағы да революциямен бетпе-бет келіп қалғанын кенет көрді. 1849 жылғы 29 январьдағыдай, 1849 жылғы 13 июньдегідей, 1850 жылғы 10 мартта да, ол тәртіп партиясының тасасына жасырынды. Ол жуасыды, қорқақтықпен кешірім сұрады, парламенттік көпшіліктің бұйрығы бойынша қандай да болсын министрлік құруға әзір екенін білдірді, ол ол ма: орлеанистік және легитимистік басшылардан — Тьерлерден, Берьерлерден, Брольярлардан, Молелерден — қысқасы, бургграфтар¹⁴⁰ дейтіндерден, өздігінен барып мемлекеттің басына отыруды жалынып өтінді. Тәртіп партиясы қайтып келмейтін осы бір сәтті пайдалана білмеді. Ұсынылған өкіметке батыл ие болудың орнына, тәртіп партиясы тіпті Бонапартқа 1 ноябрьде ол қуған министрлікті де қайтарттырмады; тәртіп партиясы оны өзінің кешірімімен қорлап, д'Опульдің министрлігіне *Барош* мырзаны енгізумен қанағаттанды. Бұл Барош жоғарғы соттың жанындағы прокурор кезінде Буржде 15 майдың революционерлеріне қарсы және 13 июньнің демократтарына қарсы ойран салып, мұның екеуінде де оларды Ұлттық жиналысқа қастандық жасады деп айыптаған болатын. Бонапарттың министрлерінің бірде біреуі кейіннен Ұлттық жиналысты қорлау үшін Бароштан асырып ешнәрсе істеген емес, ал 1851 жылғы 2 декабрьден кейін біз оны жоғары дәрежелі және көп жалақылы сенаттың вице-президенті лауазымында кездестіреміз. Ол Бонапартқа ішкізу үшін революционерлердің сорпасына түкірді.

Социал-демократиялық партия өзінің жеңісін қатерлі жағдайға ұшыратып, оның маңызын кеміту үшін тек қолайлы кезенді күткен сияқты болды. Париждің жаңадан сайланған депутаттарының бірі — Видаль мұнымен бірге Страсбургте де сайланды. Страсбургтік мандаттың пайдасына париждік мандаттан бас тартуға оны үгіттеп көндірді. Сонымен, өзінің сайлаудағы жеңісіне түпкілікті жеңіс сыйпатын беріп, тәртіп партиясын парламентте дереу күреске шақыру орнына, халықтың жігері тасып, армияның көңіл-күйі де қолайлы кезде дұшпанды күреске мәжбүр етудің орнына, демократиялық партия март және апрель бойына Парижді жаңа сайлау үгітімен жалықтырды, сөйтіп халықтың өршіген шабытын бұл жаңа уақытша сайлау ойынымен бәсеңдетті, революциялық жігерді конституциялық табыстармен булықтырды, оны ұсақ жанжалдарға, құрғақ декларацияға және қозғалыстың сырт көрінісіне ысырап етіп, буржуазияға өзінің есін жинап, өзінің шараларын қолдануға уақыт берді, ақырында, қосымша апрель сайлауының сентиментальді түсінігімен — Эжен Сюді сайлап, март сайлауының маңызын кемітті. Қысқасы, ол бірінші апрельдік эзілді 10 марттың басына келтірді.

Парламенттік көпшілік өз дұшпанының әлсіздігін түсінді. Тәртіп партиясының он жеті бургграфы — өйткені Бонапарт басшылықты және шабуылға жауаптылықты осы партияға жүктеді — жаңа сайлау заңын жасады, оның баяндамашысы болып Фоше мырза сайланды; ол бұл абыройды өзіне сұрап алды. 8 майда Фоше заңды ұсынды; бұл заң жалпыға бірдей сайлау правосын жойды, сайлаушылардан сайлау болатын жерде үш жыл бойына тұрақтап тұруды талап етті, оның бер жағында, жұмысшылардың сайлау болатын жерде тұрған мерзімін анықтау жұмыс берушілердің куәлігіне байланысты етілді.

Конституциялық сайлау күресі кезінде революцияшыл түрде сонша абыржыған және желіккен демократтар енді, қолға қару алып, өздерінің сайлаудағы жеңісінің елеулі маңызын дәлелдеуге тиісті болған кезде, тәртіпті, салтанатты тыныштықты (*calme majestueux*), әрекеттердің заңды түрін, яғни, өзін заң деп атаған контрреволюцияның еркіне беталды бағынуды соншалықты конституцияшылдықпен уағыздады. Айтыс кезінде Гора, заңды негізде қалатын адал тоғышардың құштарсыздығын тәртіп партиясының революциялық құштарлығына қарсы қойып, оны революциялық әрекеттер жайында жер-жебіріне жете қатты кінәлап, бұл партияны ұялтуға тырысты. Жаңадан сайланған депутаттардың өздері де оларды анархистер деп сөгудің және олардың сайлануын революцияның жеңісі деп түсіндірудің қаншалықты әділетсіз болғанын өздерінің сыпайы, байсалды мінез-құлқымен көрсетуге тырысты. 31 майда жаңа сайлау заңы өткізілді. Гора өзінің наразылығын президенттің қолына үнсіз ұс-

тата салумен қанағаттанды. Сайлау заңынан кейін баспасөз туралы заң шығарылды; бұл заң революциялық баспасөзді²¹⁸ біржолата жойды. Ол мұндай халге ұшыратылуға лайықты болды. Оны талқандаудан кейін буржуазиялық екі газет: «National» және «Presse»¹²⁵ революцияның ең мықты қамалы болып қалды.

8 майдан кейін Париж халқын нағыз күрестен қалдыру үшін барлық шараларды қолданғаны сияқты, оны енді жалған күреске тарту үшін де демократиялық көсемдер март пен апрельде барлық шараларды қолданғанын біз жоғарыда көрдік. Оның үстіне, 1850 жыл өнеркәсіп пен сауданың өте сирек кездесетін дәрежеде өркендеген кезі болғанын, сол себепті Париж пролетариатына жұмыс молынан жеткенін ұмытпау керек. Бірақ 1850 жылғы 31 майдағы сайлау заңы пролетариатты саяси өкіметке қандай да болсын қатысудан шеттетіп, оның тіпті ұрыс майданына шығу жолын да кесті. Бұл заң жұмысшыларды февраль революциясына дейінгі парилер халіне қайтадан түсірді. Осындай оқиғалар кезінде өздерінің тағдырын демократиялық көсемдерге сеніп тапсырып, болмашы игілікке алданып, өз табының революциялық мүдделерін ұмытып, олар жеңіп алушы күш болу абыройынан бас тартты, өздерінің тағдырына көнді, 1848 жылғы июньдегі жеңіліс өздерін ұзақ жылдарға әлсіреткенін, тарихи процесс ең таяу уақытта өздерінен тыс жасалуға тиісті екенін көрсетті. 13 июньде: «Жалпыға бірдей сайлау правосына қол тигізуге тек батылдық етіп көрсін, тек істеп көрсін!» деп даурыққан ұсақ буржуазиялық демократияны алатын болсақ, енді ол контрреволюционерлердің оған берген сокқысын — тіпті де сокқы емес деп, ал 31 майдағы заңды — тіпті де заң емес деп жұбаныш етті. 1852 жылғы май айының екінші жексенбісі күні әрбір француз бір қолында сайлау бюллетенін, екінші қолында семсерін ұстап, сайлау урнасының алдына келеді. Ол бұл сәуегейлікпен өзін өзі жұбатты. Ақырында, армияны оның бастықтары, 1849 жылғы 28 майдағы сайлау үшін жазалағаны сияқты, 1850 жылғы март және апрель сайлауы үшін де жазалады. Бірақ бұл жолы армия: «Үшінші ретінде революция бізді алдай алмайды!» деп өзіне өзі кесіп айтты.

1850 жылғы 31 май заңы буржуазияның мемлекеттік төңкерісі болды. Оның революцияны жеңген бұрынғы жеңістерінің бәрінің тек уақытшалық сипаты бар еді. Кезіндегі Ұлттық жиналыс майданнан кетісімен бұл жеңістер күманды болып шыға берді. Бұл жеңістер жаңа жалпы сайлаулардың кездейсоқ жағдайларына байланысты болды, ал буржуазияның іс жүзіндегі өкімет билігі нығайған сайын, оның халық бұқарасына моральдық билігі нашарлай бергенін 1848 жылдан бергі сайлаулардың тарихы даусыз дәлелдеді. Жалпыға бірдей сайлау правосы 10 мартта буржуазияның үстемдігіне қарсылықты ашық білдірді, — буржуазия оған жалпыға бірдей сайлау правосын жойып

жауап берді. Демек, 31 майдағы заң тап күресінің қажетті көріністерінің бірі болды. Екінші жағынан, республика президентінің сайлауын күшінде деп тану үшін конституция ең кемінде екі миллион дауыс болуын талап етті. Егер дауыстардың бұл ең аз мөлшерін кандидаттардың бірде-біреуі алмаса, Ұлттық жиналысқа неғұрлым көп дауыс алған бес кандидаттың біреуін президент етіп сайлауға право берілді. Құрылтай жиналысы бұл заңды жасаған кезде, сайлау тізімдерінде 10 миллион сайлаушы болды. Демек, бұл заңның мағынасы бойынша, президенттік сайлауды күшінде деп тану үшін сайлау правосын пайдаланушылардың бестен бір бөлегі жеткілікті еді. 31 майдағы заң кемінде үш миллион дауысты сайлау тізімінен шығарып тастап, сайлаушылардың санын 7 миллионға дейін азайтты, бірақ солай бола тұрса да, президентті сайлау үшін ең кемі 2 миллион дауыс берілуі керек дегенді күшінде қалдырды. Сонымен, заңды минимум барлық сайлаушы дауыстардың бестен бір бөлегінен үстің бір бөлегіне дейін дерлік арттырылды. Басқаша айтқанда, бұл заң президент сайлауын астыртын жолмен халықтың қолынан Ұлттық жиналыстың қолына беру үшін барлық шараларды қолданды. Сонымен, тәртіп партиясы Ұлттық жиналыс депутаттарын сайлауды және республика президентін сайлауды қоғамның консерваторлық бөлегінің қолына беріп, 31 майдағы сайлау заңы арқылы өзінің өкімет билігін екі есе нығайтқандай болды.

V

Революциялық дағдарыс өтіп, жалпыға бірдей сайлау правосы жойылысымен Ұлттық жиналыс пен Бонапарт арасындағы күрес қайтадан бұрқ етті.

Конституция Бонапартқа 600 000 франк жалақы тағайындады. Президент қызметіне кіріскен соң жарты жыл өтпей-ақ ол бұл соманы екі есе көбейте алды. Одилон Барро Құрылтай жиналысынан өкілдік шығындары дейтіндерге жылма-жыл 600 000 франк қостыртты. 13 июньнен кейін Бонапарт тағы да сондай талаптар қойды, алайда Барро бұл жолы оны қостамады. Енді, 31 майдан кейін, Бонапарт қолайлы кезенді дереу пайдаланып, өзінің министрлері арқылы Ұлттық жиналыстан жылына 3 миллион франк жалақы талап етті. Авантюристің ұзақ тентіреген өмірі оны буржуадан ақша талап етіп алуға болатын қиын-қыстау кезендерді байқайтын өте жымсықылық сезгіштікке үйреткен еді. Ол нағыз қоқан-лоққы жасады. Ұлттық жиналыс оның көмегімен және оның мақұлдауымен халықтың суверенитетін қорлады. Егер Жиналыс қалтасын қағып, оның үндемеуін жылына 3 миллион франкке сатып алмаса, ол бұл қылмыс туралы халыққа білдірмек болып қорқытты. Жиналыс 3 миллион француздың дауыс беру правосын тартып алды — ол саяси құнсыз-

данған әрбір француз үшін толық құнды 1 франк, барлығы 3 миллион франк төленуін талап етті. Ол, 6 миллион халықтың сайлаған адамы, өзінен кейініректе қайтып алынған дауыстар үшін ақша талап етті. Ұлттық жиналыстың комиссиясы бұл арсыздың талабын қабылдамады. Бонапарттық баспасөз қорқыта бастады. Мұндай қиын-қыстау кезеңде, Ұлттық жиналыс өзі ұлттың бұқарасымен принципті түрде және біржолата ажырасып отырғанда, президентпен ажыраса алатын ба еді? Рас, ол жылма-жылдық жалақыны мақұлдамады, бірақ оның есесіне 2 160 000 франк бір жолғы соманы қостап дауыс берді. Ақша беруге ризалығын білдіріп, бірақ мұнымен бірге, амалсыздан осылай істеп отырғанын өзінің кейістігімен көрсетіп, Жиналыс өзінің екі есе дәрменсіздігін ашып берді. Бонапартқа бұл ақшаның неге керек болғанын біз кейіннен көрерміз. Жалпыға бірдей сайлау правосы жойылуының ізінше болған бұл қыпжыларлық эпилогтан кейін, Бонапарт өзінің зорлықшыл парламентке март және апрель дағдарысы кезіндегі жуасыған әуенін дандайсыған арсыздық әуенмен ауыстырған кездегі осы оқиғадан кейін, Ұлттық жиналыс өзінің мәжілістерін үш айға, 11 августан 11 ноябрьге дейін тоқтатты. Ол өзінің орнына 28 мүшеден құралған тұрақты комиссияны қалдырды, бұл мүшелердің қатарында бірде бір бонапартист болған жоқ, оның есесіне бірнеше жаяу республикашылар болды. 1849 жылғы тұрақты комиссия кілең тәртіп партиясының өкілдері мен бонапартистерден құралған еді. Бірақ ол кезде тәртіп партиясы өзін революцияға үнемі қарсы жақ деп жариялаған еді, снді парламенттік республика өзін президентке үнемі қарсы жақ деп жариялады. 31 майдағы заңнан кейін тәртіп партиясы осы өзіне қарсы жақпен ғана есептесуге тиісті болды.

Ұлттық жиналыс 1850 жылғы ноябрьде қайта жиналған кезде, жағдай парламент пен президент арасындағы бұрынғы ұсақтүйек соқтығыстар орнына енді екі өкіметтің ірі шайқасы, өліспей бітіспейтін аяусыз күресі сөзсіз басталатындай болды.

1849 жылғыдай, бұл жолы да парламенттік демалыс кезінде тәртіп партиясы жеке фракцияларға бөлінді, олардың әрқайсысы өзінің реставраторлық жанжалдарымен шұғылданды; Луи Филипп қайтыс болған соң, бұл жанжалдар жаңадан өрши түсті. Легитимистердің королі, V Генрих, тіпті нағыз министрлік те құрды, ол Парижде тұрды және оның құрамына тұрақты комиссияның кейбір мүшелері енгізілді. Демек, Бонапарт француз департаменттерін аралауға және, оның келуімен мәз болған қаланың көңілауанына қарай, өзінің реставраторлық жоспарларын азды-көпті ашып айтуға, сөйтіп өз пайдасына дауыстар жинауға праволы болды. Үлкен ресми хабаршы «*Moniteur*» және Бонапарттың жеке меншікті кішкене хабаршылары, әлбетте, салтанатты шеру ретінде дәріптеген бұл сапарлар кезінде оған бар-

лық жерде 10 декабрь Қоғамының мүшелері еріп жүрді. Бұл қоғам 1849 жылы құрылды. Игілікті істер қоғамы бүркеншігін бетке ұстап, Париж люмпен-пролетариаты астыртын секцияларға ұйымдасты, ол секцияларды Бонапарттың агенттері басқарды, ал олардың барлығын басқарған бонапарттық генерал болды. Ата-тегі күманды және күнкөріс қаражаты да күдікті, батын шашып-төгіп бітірген майрампаздармен қатар, буржуазия ішінен шыққан арсыз авантюристермен қатар бұл қоғамда қаңғыбастар, қызметтен босаған солдаттар, босатып жіберілген қылмыстылар, қашқан каторжниктер, зымияндар, алдампаздар, лаццарониер¹⁰⁶, қалта андитын ұрылар, көзбояушылар, ойын құмарлар, жеңгетайлар, жезөкше үйлерінің иелері, зембілшілер, шимайшылар, шарманщиктер, ескі-құсқышылар, пышақ қайраушылар, зат бояушылар, қайыршылар — қысқасы, жағдайға қарай бір жақтан екінші жаққа ауытқи беретін, француздар *la bohème** деп атайтын тұрлаусыз, ала-құла тобырдың бәрі кездеседі. Бонапарт 10 декабрь Қоғамының, «игілікті істер қоғамының», ұйтқысын өзіне туыстас осы элементтерден құрды, өйткені оның мүшелерінің бәрі, Бонапарт сияқты, өздерін ұлттың еңбекші бұқарасы есебінен жарылқау керектігін сезді. *Люмпен-пролетариатқа бас* болған, өзінің жеке мүдделерінің бейнесін тек осыдан тапқан, барлық таптардың бұл азғындарын, бұл қалдықтарын, бұл сілімтіктерін — өзі сөзсіз сүйене алатын бірден бір тап деп таныған Бонапарт — шын Бонапарт, *sans phrase*** Бонапарт, міне, осындай. Көпті көрген сұрқия болған соң да, ол халықтардың тарихи өмірін және оның бастан кешірген драмаларын — нағыз оңбағандық мағынадағы комедия деп, сәнді киім, жел сөздер мен жылтыраған беттер тек ең пасық сұрқиялықты бүркейтін перде ғана болып табылатын маскара деп таниды. Мысалы, Страсбургке жорықта ұйретілген швейцарлық лашын наполеондық қыранның ролін атқарды. Булонға келіп түскенінде ол бірнеше лондондық малайларға француз мундирін кигізді, олар армия²¹⁹ болып көрінді. Тоқымашы Основаның арыстан болып көрінгісі келгені сияқты, Бонапарт та өзінің 10 декабрь Қоғамына 10 000 жатып ішерді жинады. Буржуазия француздың драмалық этикетінің педанттық ережелерінің бірде біреуін бұзбастан, барып тұрған шын комедияны шын пішінмен ойнаған кезде, жартылай алданған, жартылай сенген ол өзінің екі жүзділігінің салтанатына өзі нанған кезде, — міне осындай кезде, комедияны тек комедия деп таныған авантюрист жеңуге тиісті болды. Ол өзінің қоқиған дұшпанын жеңген соң және наполеондық масканы кигенге өзін шын Наполеонмын деп есептеп, өзінің императорлық ролін шын көргеннен кейін — тек сонда ғана ол өзінің дүниеге көзқарасының құрбандығы болады, енді бүкіл

* — богема. *Ред.*

** — бояусыз. *Ред.*

дүние жүзілік тарихты комедия деп есептемей, өз басының комедиясын бүкіл дүние жүзілік тарих деп есептейтін шын күлдіргішке айналады. Социалистік жұмысшылар үшін ұлттық шеберханалар*, буржуазиялық республикашылар үшін жедел гвардия** не болса, Бонапарт үшін 10 декабрь Қоғамы да сол болды; бұл оған тән партиялық жауынгерлік күш еді. Темір жол станцияларына бөліп-бөліп орналастырылған бұл Қоғамның мүшелері оның елді аралаған сапары кезінде жасанды жұртшылық болып қызмет етуге, халықтың энтузиазмін білдіруші болуға, «Vive l'Empereur!»*** деп бақыруға, республикашыларды қорлап, сабауға тиісті болды — мұның бәрі, әлбетте, полицияның қамқорлығымен істелді. Ол Парижге қайтқанда бұлар авангард құрауға, дұшпандық демонстрацияларды болдырмауға немесе қуып таратуға тиісті болды. 10 декабрь Қоғамы оныкі, оның жасағаны, оның нағыз меншікті идеясы еді. Басқасының бәрінде оның өзінікі деп жүргені оның қолына жағдайлардың себебінен тиді, оның істейтінін ол үшін жағдайлар істейді немесе ол басқалардың істеріне еліктеумен қанағаттанады; бірақ буржуа алдында тәртіп, дін, семья, меншік туралы ресми құрғақ сөздерді ашықтан ашық жаудыруға, ал астыртын түрде Шуфтерле мен Шпигельбергтердің қоғамына, тәртіпсіздік, жезөкшелік және ұрлық қоғамына сүйенуге келгенде, — мұнда Бонапарт нағыздың өзі, ал 10 декабрь Қоғамының тарихы — оның өз тарихы. Бір ретінде тіпті мынадай сирек оқиға да болды: тәртіп партиясының бірнеше депутаты Қоғам мүшелерінің таяғы астына түсті. Ол ғана емес. Ұлттық жиналыстың қауіпсіздігін қорғау тапсырылған полиция комиссары Ион, Але деген біреудің жауабы бойынша, Қоғамның секцияларының бірі 10 декабрьде генерал Шангарньені және Ұлттық жиналыстың председателі Дюпенді өлтіруге қаулы алғанын және өлтіруші адамдарды белгілеп те қойғанын тұрақты комиссияға хабарлады. Дюпен мырзаның қалай қорыққанын түсінуге болады. Парламенттің 10 декабрь Қоғамын тексеруі, яғни бонапарттық құпия дүниені әшкерелеуі сөзсіз сияқты еді. Міне, Ұлттық жиналыстың нақ ашылуы алдында Бонапарт алдын-ала сақтық істеп, өзінің Қоғамын таратты, бірақ, әлбетте, тек қағаз жүзінде таратты, өйткені 1851 жылдың аяғында-ақ полиция префекті Карлье егжей-тегжейлі баяндама хатта оны Қоғамның мүшелерін шын мәнінде қуып таратуға көндірмек болып, босқа әлектенді.

Бонапарт мемлекеттік армияны 10 декабрь Қоғамына айналдырғанға дейін 10 декабрь Қоғамы Бонапарттың жеке өзінің армиясы болып қалуға тиісті болды. Бұл бағыттағы алғашқы әрекетті Бонапарт Ұлттық жиналыс мәжілістерінің жабылуынан

* Осы томның 223—224-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Осы томның 222—223-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** — «Жасасын император!». *Ред.*

кейін көп ұзамай және оның өзінен қоярда-қоймай алынған ақшамен жасады. Фаталист болғандықтан ол: адам, әсіресе солдат, қарсы тұра алмайтын қайдағы бір жоғарғы күштер бар дегенге сенді. Ол бұл күштерге ең алдымен, сигаралар мен шампан шарабын, тоңазыған құс еті мен сарымсақ қосқан шұжықты жатқызды. Сондықтан ол істі Елисей сарайының залдарында офицерлер мен унтер-офицерлерді сигаралармен, шампан шарабымен, тоңазыған құс етімен және сарымсақ қосылған шұжықпен сыйлаудан бастады. 3 октябрьде ол Сен-Мордегі байқауда әскерлерге осы айланы тағы қолданды, ал 10 октябрьде Саторидегі үлкен байқауда бұл айланы онан да кең көлемде қолданды. Александрдың Азиядағы соғыс жорықтарын ағасы еске түсірсе, Ваххтың сол елдегі жаулап алу жорықтарын інісі еске түсірді. Рас, Александр жарты құдай болса, Вахх нағыз құдай, оның үстіне 10 декабрь Қоғамының қамқоршы-құдайы болды емес пе!

3 октябрьдегі байқаудан кейін тұрақты комиссия әскери министр д'Опульді жауапқа тартты. Ол тәртіпті мұндай бұзушылық енді қайталанбайды деп уәде берді. Бонапарттың д'Опуль берген уәдені 10 октябрьде қалай орындағаны мәлім. Бұл байқаулардың екеуінде де Париж әскерлерінің командашысы ретінде Шангарнье басқарды. Тұрақты комиссияның мүшесі, ұлттық гвардияның бастығы, 29 январьдың және 13 июньнің «құтқарушысы», «қоғамның тірегі», тәртіп партиясының президенттікке кандидаты, екі монархияның ұйғарылған Монкі саналған осы Шангарнье бұған дейін ешуақытта өзін соғыс министріне бағынышты деп танымай, әрдайым республикалық конституцияны ашықтан ашық қорлады, Бонапартты екіұшты-тәкаппар қамқорлығымен құдалап келді. Ал енді ол соғыс министріне қарсы келіп, тәртіптілікті қорғауға, Бонапартқа қарсы келіп, конституцияны қызу қорғауға шықты. 10 октябрьде атты әскердің бір бөлегі: «Vive Napoléon!» «Vivent les saucissons!»* деп айқайлап жатқанда, Шангарнье ең болмағанда өзінің досы Неймейердің басқаруындағы жаяу әскер үнсіз қалатындай етіп бұйрық берді. Бонапарттың айтуымен, әскери министр генерал Неймейерді 14-және 15-дивизиялардың командашысы етіп тағайындау сылтауымен жаза ретінде оны Париждегі лауазымынан айырды. Неймейер лауазымын өзгертуден бас тартып, орнынан түсуге тиісті болды. Шангарнье 2 ноябрьде бұйрық шығарды; бұл бұйрық әскерлердің сапта қандай да болсын саяси үн шығаруына және қыр көрсетуіне тыйым салды. Елисей газеттері²²⁰ Шангарньеге, тәртіп партиясының газеттері Бонапартқа шүйілді, тұрақты комиссия үсті-үстіне жабық мәжілістер өткізді, оларда отанға қауіп төніп тұр деп жариялау ұсынысы қайта-

* —«Жасасын Наполеон! Жасасын шұжық!» Ред.

қайта қаралды; армия бір біріне дұшпан екі лагерьге бөлінгендей, оларды бір біріне дұшпан екі бас штаб басқарғандай еді; бұлардың бірі Елисей сарайында — Бонапарттың резиденциясында, екіншісі Тюильриде — Шангарньенің резиденциясында мәжілістер өткізді. Ұлттық жиналыстың ашылуы, сірә, ашық күреске белгі беруге тиісті еді. Жағдайды:

«Францияның саяси қызметшілері революцияның қызған лавасын ескі сыпырғыштармен сыпырып шығара жүріп, өзара балағаттасады»

деп сипаттаған ағылшын журналисі Бонапарт пен Шангарнье арасындағы бұл соқтығыстарға қандай баға берсе, француз жұртшылығы да сондай баға берді.

Бұл кезде Бонапарт әскери министр д'Опульді орнынан алып, оны дереу Алжирге жіберуге, оның орнына генерал Шраммды әскери министр етіп тағайындауға жанталасты. 12 ноябрьде ол Ұлттық жиналысқа америкаандарша шұбатылған, ұсақ-түйсктермен толтырылған, тәртіп иісі аңқыған, татуласуға ынтыққан, конституцияға бағынуды көкसेген, күн тәртібіндегі questions brûlantes*-тен басқаның бірін қалдырмастан қамтыған арнаулы хат жолдады. Сөз арасында ескерткендей болып, конституцияның дәл мағынасы бойынша, армияға билік ету тек президенттің еркіне екенін байқатты. Арнаулы хат мынадай салтанатты сөздермен аяқталды:

«Франция ең алдымен тыныштықты талап етеді... Мен бір өзім ғана ант бергенмін, мен өзіме сол ант қосқан тар шеңберде боламын... Мені алатын болсақ, мен, өзімді халық сайлағандықтан және өзімнің өкімет билігім бір ғана соған борышты болғандықтан, әрдайым оның заңды түрде білдірген еркіне бағынамын. Егер сіздер бұл сессияда конституцияны қайта қарау туралы шешім қабылдасаңыздар,— онда Құрылтай жиналысы атқарушы өкіметтің жайын реттейді. Егер мұны істемесеңіздер — халық 1852 жылы өзінің шешімін салтанатпен жариялайды. Бірақ келешектегі шешімдер қандай болса да, күштарлық, күтілмеген оқиғалар немесе зорлық кемеңгер ұлттың тағдырын еш уақытта билемейтін болуы үшін өзара келісейік... Мен, ең алдымен, 1852 жылы Францияны кімнің билейтіндігіне емес, өзімнің қарамағымдағы уақытты өтпелі дәуірдің толқусыз және абыржусыз өтуіне жұмсауға көңіл бөлемін. Мен сіздердің алдыңызда өзімнің жүрегімді шын ниетіммен ашып отырмын. Сіздер менің бұл шын пейіліме өздеріңіздің сеніміңізбен, менің игілікті талаптарыма өздеріңіздің көмегіңізбен жауап берерсіздер, ал басқасына құдайдың өзі қамқорлық жасайды».

Буржуазияның ізгі сыпайы, екіжүзді-баяу, ізгі-ескірген тілі 10 декабрь Қоғамының озбыр басшысының және Сен-Море мен Саторидегі пикниктердің геройының лебізінде өзінің аса терең мағынасын білдіреді.

Тәртіп партиясының бургграфтары жүректен шыққан бұл сөздерге қаншалықты сенуге болатындығы жайында бір минут та қателескен жоқ. Анттар оларды әлдеқашан тойдырды,— олардың қатарында саяси антты бұзудың ежелгі сабаздары, асқан

* — толғағы жеткен мәселелерден. *Ред.*

шеберлері көп еді, ал армияға қатысы бар сөздер олардың назарына түспей қалмады. Жақын арада шығарылған заңдарды шұбатып санап шыққан арнаулы хатта бұл заңдардың ең маңыздысы — сайлау заңы туралы әдейі түк айтылмағанын олар ызаланғандықпен байқады; ол ол ма: ескі конституцияны қайта қараудан бас тартқан күнде бұл арнаулы хат 1852 жылы президент сайлауды халыққа беретін болды. Сайлау заңы тәртіп партиясының аяғына байланған, оның жүруіне, әсіресе шабуыл жасауына бөгет жасаған зіл қаратас болды! Оның үстіне Бонапарт 10 декабрь Қоғамын ресми түрде таратып, әскери министр д'Опульді қызметтен шығарып, отан жолына өз қолымен шалған құрбандықтарын бастан-құлақ садақа деді. Ол күтілген соқтығыстың ең қиын-қыстау пунктін жойды. Ақыр аяғында, тәртіп партиясының өзі атқарушы өкіметпен қатаң жанжалды орағытуға, бәсеңдетуге жуып-шаюға барынша тырысты. Революцияға қарсы күресте жеңіп алғандарынан айрылып қалам деп қорыққандықтан, тәртіп партиясы өзіне қарсы жаққа өзінің жеңіспен жеткен бұл табыстарының жемісін немденуге мүмкіндік берді. «Франция ең алдымен тыныштықты талап етеді», — тәртіп партиясы февральдан* бастап революцияға осылай деп айқайлады, енді Бонапарт өзінің арнаулы хатында тәртіп партиясына: «Франция ең алдымен тыныштықты талап етеді» деп айқайлады. Бонапарт та озбырлыққа бастайтын істер істеді, бірақ тәртіп партиясы осы істерге бола шу көтеріп және оларды бойкүйездікпен түсіндіріп, «тынышсыздықтың» тууына айыпты болды. Саторилік шұжықтар, егер олар туралы ешкім сөз қылмаса, балық сияқты мылқау болды. «Франция ең алдымен тыныштықты талап етеді»; сондықтан Бонапарт оған өзінің ісін тыныштықпен тындыра беруге ерік берілуін талап етті, ал парламенттік партия екі бірдей қорқыныштан дәрменсізденіп қалды — қайтадан революциялық тынышсыздық туғызу қорқынышы мен өз табының көз алдында, буржуазияның көз алдында сол тынышсыздықтың тууына айыпты болу қорқынышы оны дәрменсіз етті. Франция ең алдымен тыныштықты талап еткендіктен, тәртіп партиясы бонапарттық арнаулы хаттың «бітіміне» «соғыспен» жауап беруге бата алмады. Ұлттық жиналыстың ашылуында үлкен жанжалдар шығуын күткен жұрттың бұл үміті ақталмады. Тұрақты комиссияның октябрь оқиғалары жайындағы протоколдарды тапсыруын талап еткен оппозициялық депутаттардың талабын көпшілік қабылдамады. Жиналыс толқу туғызу мүмкін қандай да болсын айтыстардан принципті түрде бойын аулақ салды. 1850 жылғы ноябрь мен декабрьде Ұлттық жиналыс жұмысының қызығы қалмады.

Тек декабрьдің аяғында ғана парламенттің жеке ерекше

* — 1848 жылғы. *Ред.*

праволарына бола бірсыпыра ұсақ соқтығыстар басталды. Буржуазия жалпыға бірдей сайлау правосын жойып, таяу уақытқа тап күресінен құтылғаннан бастап қозғалыс ұсақтап, екі өкіметтің ерекше праволары үшін жүргізілген мәнсіз дау-жанжалға айналды.

Бір депутатқа, Могенге, борыштары үшін сот үкімі шығарылды. Сот председателінің сұрағына берген жауабында юстиция министрі Руэ: онан әрі көлтектетпей борыштыны қамауға алу туралы бұйрық шығару керек деді, сөйтіп Моген борыштылар түрмесіне қамалды. Ұлттық жиналыс депутаттардың ешкім тимеу правосының мұндай бұзылғанын естіп, қатты ызаланды. Ол тұтқынға алынған адамды тезінен босату туралы қаулы алып қана қоймай, сол кеште өзінің приставы арқылы оны Қлиши²⁰⁸ түрмесінен шығарды. Бірақ, екінші жағынан, жеке меншіктің касиеттілігіне өзінің сенетінін дәлелдеу үшін, сол сияқты, қажет болған күнде, мазасыз монтажьярларға даяр баспана болсын деген оймен Жиналыс: өзінен алдын ала ризалық сұрап алғаннан кейін депутаттарды борышы үшін тұтқынға алуға болады деп жариялады. Ол борышы үшін президенттің де түрмеге жабылуы мүмкіндігін декрет бойынша белгілеуді ұмытып кетті. Ұлттық жиналыс өз мүшелеріне ешкім тимеушілігінің ақырғы ишаратын жойды.

Жоғарыда айтылғанындай, полиция комиссары Йон, Але деген біреудің жауабы бойынша, 10 декабрь Қоғамы секцияларының бірі Дюпен мен Шангарньені өлтірмек болатынын хабарлады. Сол себепті квесторлар алғашқы мәжілістің өзінде-ақ шығыны Ұлттық жиналыстың ерекше бюджетінің қаржысынан төленетін және полиция префектіне мүлде тәуелсіз болатын ерекше парламенттік полиция құруды ұсынды. Ішкі істер министрі Барош өзінің ведомствосына мұндай қол сұғылуына қарсы наразылық білдірді. Мұнан кейін бишаралық келісім жасалды; бұл келісім бойынша, парламенттің полиция комиссарының шығыны парламенттің бюджет қаржысынан төленетін, оны парламенттік квесторлар ішкі істер министрімен алдын-ала келісіп алып, тағайындайтын және орнына түсіретін болды. Бұл кезде үкімет Алены сотқа тартты, сөйтіп, мұнда оның жауаптарын жалған деп жариялау және прокурордың лебізімен Дюпенді, Шангарньені, Йонды және бүкіл Ұлттық жиналысты кісі күлерлік күйде көрсету оңай еді. Мұнан кейін, 29 декабрьде, министр Барош Дюпенге хат жазып, Йонды орнына алуды талап етті. Ұлттық жиналыстың бюросы Йонды қызметінде қалдыруға ұйғарды, бірақ іс атқарушы өкіметке өзі берген әрбір соққыдан кейін оған екі соққы жеуге дағдыланған жиналыс, өзінің Моген ісіндегі әрекеттерінің зорлықшылдық түрінен қорқып, бұл шешімді бекітпеді. Жиналыс Йонға қызметтегі ынталылығы үшін награда есбінде отставка беріп, өзін күндіз істейтін ісін түнде ойластырмайтын, қайта

өзінің ниеттерін күндіз ойластырып, түнде іске асыратын адаммен істес болуға тура келгенде аса қажет парламенттік ерекше паводан айырды.

Ұлттық жиналыс ноябрь мен декабрь бойына елеулі әрі шұғыл себептер бола тұрса да, атқарушы өкіметпен күресуден бойын аулақ салып, барынша кашқақтағанын біз жоғарыда көрдік. Енді біз оның мүлде болмашы сылтаулар бойынша амалсыздан ұрысқа шығуға тиісті болғанын көріп отырмыз. Могеннің ісінде ол депутаттарды борышы үшін тұтқынға алуға принцип тұрғысынан рұқсат етіп, бұл принципті тек жеккөрінішті депутаттарға қолдану мүмкіндігін өз еркінде қалдырды, сөйтіп осы масқаралық іс үшін юстиция министрімен айтысқа түсті. Дюпон мен Шангарньені өлтіруге бейнебір әзірлік жасалуы туралы хабарды пайдаланып, 10 декабрь Қоғамының жұмысын тексеруді талап ету және Бонапартты Франция мен Европа алдында біржолата әшкерелеп, оның Париж люмпен-пролетариатының басшысы ретіндегі шын бет бейнесін ашық көрсету орнына, Жиналыс жанжалды полиция комиссарын тағайындау және орнынан түсіру правосының кімге тиістілігі туралы мәселе бойынша ішкі істер министрімен екі арадағы дауға айналдырды. Сонымен, біз тәртіп партиясының бүкіл осы дәуір бойына, өз жағдайының екіұшты болуы себепті, өзінің атқарушы өкіметке қарсы күресін амалсыздан міндеттің шегі туралы ұсақ-түйек дауға, өсек-жалаға, шек айыру туралы таласқа айналдырғанын және жалаң формалдылық мәселелерін өз қызметінің мазмұнына айналдырғанын көреміз. Күрестің принциптік маңызы болған кезде, атқарушы өкімет шын мәнісінде өзінің беделін түсірген кезде, Ұлттық жиналыс ісі ұлттық іс болатын кезде тәртіп партиясы ұрысқа шығуға бата алмады: бұған батылдығы жетсе, тәртіп партиясы ұлтқа бой көрсету белгісін берген болар еді ғой, бірақ ол ұлтты қозғалысқа келтіруден өлердей қорқады. Сондықтан мұндай ретте ол Гораның ұсыныстарын қабылдамай, кезекті істерге көшеді. Тәртіп партиясы зор көлемдегі күрестен бас тартқаннан кейін іс атқарушы өкімет оның бұл күресті ұсақ, болмашы себеппен, мәселенің, былайша айтқанда, парламенттік, жергілікті маңызы болған кезде қайтадан бастайтын кезін тыныш күтіп отырады. Сонда тәртіп партиясының іштегі ыза сыртқа теуіп шығады, сонда ол шымылдықты көтеріп, президенттің бүркешігін жұлады, республикаға қауіп төніп тұр деп жариялайды, бірақ онда тәртіп партиясының кіжінуі қисынсыз, күреске шығу себебі екіжүзділік сылтау немесе күресуге тұрмайтын болып көрінеді. Парламенттік дауыл бір стакан судағы дауыл, күрес — астыртын әрекет, жанжал — ұрыс-керіс болып шығады. Революцияшыл таптар Ұлттық жиналыстың қорлануына табалағандықпен көз жіберіп отырғанда, — өйткені бұлар, Жиналыстың қоғамдық бостандықтарды кәдірлейтініндей, оның

парламенттік праволарын өзіне жақын тұтады,— парламенттен тысқары буржуазия парламенттегі буржуазияның мұндай ұсақ дау-жанжалдарға уақытты қалай зая кетіре алатынын, президентке қарсы мұндай бишаралық бәсекемен тыныштықтың беделін қалай түсіре алатынын түсінбейді. Жұрттың бәрі соғысты күткенде бітім жасалатын, жұрттың бәрі бітім жасалды деп ойлағанда, шабуыл басталатын мұндай стратегия бұл буржуазияны жаңылыстырып болды.

20 декабрьде Паскаль Дюпра сом алтын лотереясы жайында ішкі істер министріне сұрақ қойды. Бұл лотерея «Элизиумның перзенті»²²¹ болды. Бонапарт өзінің итаршыларымен бірге оны жұртқа сыйға тартты, француз заңдарының игілікті мақсатты көздейтін лотереядан басқа қандай да болсын лотереяларға тыйым салатындығына қарамастан, полиция префекті Карлье оны өзінің ресми қамқорлығына алды. Әрқайсысы бір франкіден жеті миллион билет шығарылды, ал таза кіріс Париж тентіренділерін Калифорнияға жіберуге жұмсалады-мыс делінді. Бір жағынан, Париж пролетариатының социалистік армандарын алтын табу арманымен, еңбек етудің доктринерлік правосын үлкен ұтыстың қызықтырғыш үмітімен ығыстырып шығару көзделді. Калифорнияның жарқыраған сом алтыны деп жүргендері өздерінің қалтасынан қағып алынған кескінсіз франктер екенін Париж жұмысшылары, әрине, білмеді. Жалпы бұл лотерея кәдімгі зымияндық еді. Парижде отырып, Калифорниядағы алтын рудниктерін ашқысы келген тентіренділер — Бонапарттың өзі және оның борышқа батқан нөкерлері болды. Ұлттық жиналыс мақұлдаған 3 миллион енді жұмсалып біткен-ді,— енді қаңырап қалған қассаны қандай жолмен болса да қайтадан толтыру керек еді. Бонапарт *cités ouvrières** дейтінді жасау үшін ұлттық жәрдемге жазылуды бастап, жәрдем берушілер тізімінің басында өзі көп сомаға жазылып босқа әлектенді. Тас жүрек буржуа өзі жазылған соманың оған төленуін сенбесе де күтті, ал бұл сома, әлбетте, төленбегендіктен, социалистік ұжмақты уәде еткен жалдаптық түкке де аспады. Сом алтындар көбірек табыс келтірді. Бонапарт және оның сыбайластары таза кірістің бір бөлегін өздерінің қалтасына салумен қанағаттанбады; олар жалған лотерея билеттерін шығарды, бір номермен он, он бес және жиырмаға дейін билет шығарды — нағыз 10 декабрь Қоғамы рухындағы финанстық әрекет емес пе бұл! Мұнда Ұлттық жиналыс алдында республиканың жалған президенті емес, нағыз, тірі Бонапарттың өзі тұрды. Мұнда Ұлттық жиналыс оны қылмыстың, конституцияға қарсы қылмыстың емес, *Code pénal***-ға қарсы қылмыстың үстінде ұстай алатын еді. Егер Жина-

* — жұмысшы поселкелері. *Ред.*

** — Қылмыстық кодекс. *Ред.*

лыс Дюпраның сұрағына кезекті істерге көшіп жауап берсе, ол мұны Жирарденнің өзін «қанағаттанды» деп жариялау туралы ұсынысы тәртіп партиясына оның өзінің үнемі қолданып отырған паракорлығын еске салғандықтан ғана істеген жоқ. Буржуа, әсіресе мемлекеттік қайраткерлер дәрежесіне көтерілген буржуа, өзінің практикадағы азғындығын теориядағы менмендігімен толықтырады. Мемлекет қайраткері ретінде ол, өзіне қарсы тұрған мемлекеттік өкімет сияқты оған қарсы тек қасиетті, салтанатты түрде ғана күресуге болатын көктен түскен бірдене бола қалады.

Богеманың перзенті ретінде, патша люмпен-пролетар ретінде буржуазиялық жылпостардан артықшылығы болған, өйткені күресті пасықтық құралдарымен жүргізе алатын Бонапарт енді,— Жиналыс оған әскери банкеттердің, байқаулардың, 10 декабрь Қоғамының және, ақырында, Code répal-дың тайғақ мұзынан аман өтуге өз қолымен көмектескеннен кейін,— өзінің жалған қорғаныстан шабуылға көше алатын сәті туғанын көрді. Юстиция министрінің, соғыс министрінің, теңіз министрінің, финанс министрінің ол кездегі кішкене жеңілістері,— Ұлттық жиналыс өзінің күнкіл наразылығын білдіргендегі жеңілістер,— оны оншама қынжылтпады. Ол министрлердің орнынан түсуіне, сөйтіп атқарушы өкіметтің парламентке бағыныштылығын мойындауына бөгет жасап қана қойған жоқ. Ол енді Ұлттық жиналыстың каникулы кезінде өзінің бастағанын — соғыс өкіметін парламенттен бөлектеуді аяқтай алатын болды: ол *Шангарньени орнынан* түсірді.

Бір елисейлік газет май айында бірінші дивизия бойынша шығарылды-мыс делінген бұйрықты — демек, Шангарнье шығарған бұйрықты,— жариялады; онда офицерлерге, бүлік шыға қалған күнде, өздерінің қатарындағы сатқындарға рақымшылық етпей оларды дереу ату және Ұлттық жиналыстың талабы бойынша әскерді жібермеу ұсынылады. 1851 жылғы 3 январьда министрлер кабинетіне бұл бұйрық жайында сұрақ қойылды. Министрлер кабинеті істі тексеру үшін әуелі үш ай, онан кейін бір апта, ақырында, не бары жиырма төрт сағат уақыт талап етті. Жиналыс тезінен түсінік берілуін талап етті. Шангарнье орнынан тұрды да, мұндай бұйрық ешуақытта болған жоқ деп мәлімдеді. Ол Ұлттық жиналыстың талабын орындауға әрдайым әзір екенін, жанжал шыққан күнде оның өзіне сенуіне болатынын қосып айтты. Жиналыс бұл мәлімдемені ұзақ қол шапалақтап қарсы алып, Шангарньеге заң жүзінде сенім білдірді. Өзін генералдың жеке қамқорлығына беріп, парламент өкімет билігінен бас тартты, өзінің дәрменсіздігін және армияның күдіреттілігін заң бойынша қуәландырды; бірақ өзі Бонапарттан тек дербес пайдалануға ғана алған күшті Бонапартқа қарсы парламенттің билігіне беріп және оның тарапынан қорғаныш тіле-

ген парламенттен өзі қорғаныш күтіп генерал қателеседі. Алайда, Шангарнье 1849 жылғы 29 январьдан бастап өзіне буржуазия берген керемет күшке сенеді. Ол өзін басқа екі мемлекеттік өкіметпен қатар үшінші өкімет деп есептейді. Ол осы дәуірдің басқа геройларының немесе, дұрысырақ айтқанда, ізгілерінің кебіне ұшырайды; ал олардың ұлылығы мынада: бұлар өздері туралы өздерінің партиялары тарататын жоғарғы пікірге құмар келеді, ал жағдай өздерінен керемет көрсетуді талап етсе-ақ, болымсыз тұлғалар болып шығады. Тегі сенбеушілік дегеніңіз бұл жалған геройлар мен шын ізгілердің қас жауы. Олардың жігерсіз қуақылар мен келекешілдерге қарсы өзімшілдік-моральдық ызасы осыдан туады.

Сол кеште министрлер Елисей сарайына шақырылды. Бонапарт Шангарньені орнынан түсіруді талап етеді, бес министр бұған қол қоядан бас тартады. «Mopiteur» министрлік дағдарыстың туғанын жариялайды, ал тәртіп партиясының баспасөзі Шангарнье басқаратын парламенттік армияның құрылатынын айтып қорқытады. Тәртіп партиясының мұны істеуге конституция бойынша правосы болды. Ол тек Шангарньені Ұлттық жиналыстың председателі етіп сайлап, өзінің қауіпсіздігі үшін қанша тілесе, сонша әскер шақырса болғаны еді. Шангарнье әлі де армияның және Париждің ұлттық гвардиясының шын мәнісінде бастығы болып, өзінің армиясымен бірге Ұлттық жиналысқа көмекке шақырылуын күтіп отырғандықтан, тәртіп партиясы мұны тыныш отырып істей алатын еді. Бонапарттық баспасөз Ұлттық жиналыстың әскерді тікелей шақырту правосына қарсы дауласуға да әлі батылдығы жетпеген еді — бұл жағдайда заңға сүйенетін күдікшілдік ешқандай нәтиже бермейтін еді. Бонапарттың екі генералды — Шангарньені қызметтен шығару туралы бұйрыққа қол қоюға ризалық білдірген Бараге д'Илье мен Сен-Жан д'Анжелиді — Парижден тек бір аптадан кейін азар тапқанын еске алсақ, армияның Ұлттық жиналыстың бұйрықтарына бағынатындығы, сірә, өте ықтимал еді. Бірақ тәртіп партиясы өз қатарында және парламентте мұндай шешім шығаруға жеткілікті дауысты таба алатын ба еді, — егер бір аптадан кейін онан 286 депутат бөлініп шыққанын, Гора осындай ұсынысты тіпті 1851 жылғы декабрьде, ақырғы шешуші сәтте қабылдамағанын ескерсек, мұндай дауысты табу өте құманды еді. Алайда бургграфтар ол сәтте, мүмкін, өз партиясының көпшілігін ерлік іске — самсаған штыктардың тасасына жасырынып, бұл партияның лагеріне қашып шыққан армияның қызметімен пайдалануға аттандыра алар ма еді, қайтер еді. Бірақ мұның орнына бургграф мырзалар, Бонапартты дипломатиялық тәсілдермен және дәлелдермен Шангарньені орнынан түсіру ниетінен қайтаруға дәмеленіп, 6 январьдың кешіне Елисей сарайына барды. Көндірмек болған кісің осалдығынды сезсе дегенін істейтін әде-

ті емес пе, Бургграфтардың бұл әрекеті дем берген Бонапарт 12 январьда жаңа министрлік құрды, ескі министрліктің басшылары — Фульд пен Барош оның құрамында қалды. Сен-Жан д'Анжели әскери министр болды. «Moniteur» Шангарньенің орнынан түсірілуі туралы декретті жариялады; оның қызметі бірінші армиялық дивизияны алған Бараге д'Илье мен ұлттық гвардияны алған Перроға бөліп берілді. «Қоғамның тірегі» орнынан түсетін болды, мұнан үйдің төбесінен бірде бір тас құлап түспенгенмен, оның есесіне биржада баға көтеріледі.

Шангарнье арқылы өзінің билігіне берілетін армияны өзінен аулақтатып, осылайша оны президентке біржолата беріп, тәртіп партиясы бұл ісімен буржуазияның үстемдік жүргізу қабілетінен айрылғанын дәлелдеді. Парламенттік министрлік енді жоқ еді. Ал енді, тәртіп партиясы армияға және ұлттық гвардияға билігінен айрылғаннан кейін, — онда әрі парламенттің халыққа жүргізетін озбырлық өкіметін, әрі парламенттің конституциялық өкіметін президенттің қол сұғуынан қорғап қаларлық тағы қандай күш қалды? Ешқандай күш қалған жоқ. Оған енді өзінің еркін әрекет етуі үшін өзі әрдайым үшінші біреулерге белгілеп беретін, жалпы ережелер ғана деп таныған дәрменсіз принциптерді көмекке шақыру ғана қалды. Біз сөз қылып отырған дәуірдің, тәртіп партиясы мен атқарушы өкімет арасындағы күрес дәуірінің бірінші бөлегі Шангарньенің орнынан түсіп, әскери өкіметтің Бонапарт қолына көшуімен аяқталады. Енді ескі өкімет арасында соғыс жарияланып, ашықтан ашық жүргізілді, бірақ тек тәртіп партиясы қаруынан да, солдаттарынан да айрылғаннан кейін жүргізілді. Министрліксіз, армиясыз, халықсыз қалған, жұртшылық пікірінен айрылған, 31 майдағы сайлау заңы шыққаннан бері ерікті ұлттың өкілі болудан қалған, көзсіз, құлақсыз, тіссіз қалған, бәрінен жүрдай болған Ұлттық жиналыс бірте-бірте, әрекет жасауды түгелдей үкіметке беріп, өзі *post festum** күңкіл шегіншектеумен қанағаттанатын, *ескі француздық парламентке*²²² айналды.

Тәртіп партиясы жаңа министрлікті қатты ызаланып қарсы алды. Генерал Бедо тұрақты комиссияның демалыс бойына мөмин болғанын және оның өзінің протоколдарын жариялаудан тым сыпайылықпен бас тартқанын еске салды. Бұл арада ішкі істер министрінің өзі осы протоколдарды жариялауды талап етті; олар енді, әлбетте, ағынсыз судай дәмінен айрылған еді, бірде бір жаңа фактіні әшкерелемейтін және әбден жалыққан жұртқа ешқандай әсер етпейтін еді. Ремюздің ұсынысы бойынша, Ұлттық жиналыс әуелі комиссияларда талқылағаннан соң «Төтенше шаралар комитетін» құрды. Париж өзінің дағдылы тіршілік арнасынан тіпті де шықпайтын болды, өйткені бұл кез-

* — мерекеден кейін, яғни оқиға болған соң, кейіннен. *Ред.*

де сауда өркендеді, өнеркәсіп орындары жұмыс істеп жатты, нан бағасы төмендеді, азық-түлік мол болды, жинақ кассаларына күн сайын жаңа ақша келіп түсіп жатты. Парламент соншама думандата хабарлаған «төтенше шаралар» 18 январьда министрлерге сенбеушілік білдіріп дауыс берумен аяқталды, ал генерал Шангарньен туралы сөз де болған жоқ. Тәртіп партиясы өзінің сенбеуін республикашылдардың дауыстарын өз жағында сақтайтындай етіп тұжырымдауға мәжбүр болды; республикашылдар министрліктің барлық шараларының бірін ғана — Шангарньені орнынан түсіруді ғана мақұлдағанды, оның бер жағында тәртіп партиясы министрлікке өзінің айтуымен істеткен басқа шараларды шынында сөге алмайтын еді.

18 январьда сенбеушілік білдіру 286 дауысқа қарсы 415 дауыспен қабылданды, — демек, барып тұрған легитимистердің және орлеанистердің таза республикашылдармен және Горамен *коалиция* жасауы арқасында ғана қабылданды. Мұның өзі тәртіп партиясының министрліктен ғана емес, армиядан ғана емес, оның үстіне — Бонапартпен жанжалында — өзінің дербес парламенттік көпшілігінен де айрылғанын дәлелдеді; сондықтан депутаттардың бір бөлегі — ымыраласуға әлердей бейімділігі, күрестен қорқуы, шаршағандығы, дәмін татып қалған мемлекеттік жалақылардан семья болып айрылғысы келмеуі, босап калатын министрлік орынға ие болуға (Одилон Барро) дәмеленуі, тоғышар буржуаны өз басының белгілі бір мүддесі үшін өз табының ортақ мүдделерін құрбандық етуге әрдайым ұмтылдыратын оңбағандық өзімшілдігі себепті тәртіп партиясының лагерінен қашты. Бонапарттық депутаттар әуел бастан-ақ тәртіп партиясымен тек революцияға қарсы күресте ғана бірге болды. Католиктер партиясының басшысы, Монталамбер, сол кездің өзінде-ақ өз басының ықпалын Бонапарттың таразысына салды, өйткені ол парламенттік партияның өмірге қабілеттілігіне сенімін жойды. Ақырында келіп бұл партияның жетекшілері, орлеанист Тьер мен легитимист Берье, амалсыздан өздерін республикашылдар деп ашық жариялауға, өздері жүрек сезімінде монархистер бола тұрса да, ақылға салғанда республикашылдар екенін, парламенттік республика — жалпы буржуазияның үстемдік жүргізуінің бірден бір мүмкін формасы екенін мойындауға тиісті болды. Қысқасы, олар парламенттен тыс өздері дамылсыз жұмыс жүргізіп, жүзеге асырмақ болған реставраторлық жоспарларды — қаншама мағынасыз болса, соншама қауіпті жанжал деп танып, буржуазия табының өзінің көз алдында амалсыздан масқаралауға тиісті болды.

18 январьдағы сенбеушілік білдіріп дауыс беру президентке емес, министрлікке берілген соккы еді. Бірақ Шангарньені министрлік емес, президент орнынан түсірді ғой. Тәртіп партиясы

Бонапарттың өзін оның реставраторлық ниеттері үшін жауапқа тартуға тиісті емес пе еді? Бірақ оның бұл ниеті тәртіп партиясының өзінің реставраторлық ниетін тек толықтыра түсті. Ал оның әскери байқаулардағы және 10 декабрь Қоғамындағы заговоршылық әрекеттері үшін ше? Бірақ тәртіп партиясы бұл мәселелерді күнбе-күнгі кезекті істердің қокысы астында әлдеқашан жылы жауып қалдырды ғой. 29 январь мен 13 июньнің геройын, 1850 жылғы майда, бунт шыға қалған күнде, Парижді төрт жағынан өртемек болып қорқытқан адамды қызметтен шығарғаны үшін ше? Бірақ тәртіп партиясының Горадағы одақтас-тары мен Кавеньяк оған мерт болған «қоғамның тірегі» ресми тілектестік білдіріп, қолдауға да рұқсат етпеді емес пе. Оның өзі конституция бойынша президентке берілген генералды орнынан түсіру правосына қарсы дауласа алмады. Тәртіп партиясы ашуланғанда тек президент өзінің конституциялық правосын парламентке қарсы қолданғаны үшін ғана ашуланды. Бірақ оның өзі де, әсіресе жалпыға бірдей сайлау правосын жойғанда, өзінің парламенттік тежеусіз правосын үнемі конституцияға қарсы қолданған жоқ па? Демек, оған өзін парламенттік шеңберде қатаң ұстаудан басқа ешнәрсе қалмады. Парламенттік күштің барлық шарттарын өз қолымен жойған және өзінің басқа таптарға қарсы күресінде жоюға тиісті болған тәртіп партиясының әлі де өзінің парламенттік жеңістерін — жеңістер деп есептеп, президенттің министрлеріне соққы бергенде, сол арқылы президентті қираттым деп ойлауы тек 1848 жылдан бастап бүкіл континентті жайлаған ерекше дерттен — бұл дертке ұшырағандарды қиялдағы дүниенің тұтқынында ұстап, қандай да болсын ақылынан, қандай да болсын есінен, дөрекі сыртқы дүниені қандай да болсын ұғыну қабілетінен айыратын *парламенттік кретинизмнен* — тек осы парламенттік кретинизмнен ғана болып отыр. Бұл ісімен тәртіп партиясы тек президентке Ұлттық жиналысты ұлттың көзі алдында тағы да қорлауға себеп тауып берді. 20 январьда «Moniteur» бүкіл министрліктің орнынан түсуі қабылданды деп хабарлады. Гораның роалистермен одақтасуының жемісі — 18 январьдағы дауысқа қоюдың дәлелдегеніндей, қазір бірде-бір парламенттік партия көпшілік емес, сондықтан жаңа көпшіліктің құралуын күту керек деген сылтаумен Бонапарт өгпелі министрлік дейтінді құрды; бұл министрліктің қатарында парламенттің бірде бір мүшесі болмады, ол ылғи мәлімсіз, бейшара адамдардан құралды — тек қана приказчиктер мен шимайшылардан құралған министрлік еді. Тәртіп партиясы енді өзінің күшін осы қуыршақтармен әлектенуге жұмсай алатын болды, — ал атқарушы өкімет Ұлттық жиналыста өзінің елеулі уәкілдігі болуына енді ешқандай маңыз берген жоқ. Өзінің министрлері неғұрлым жай статистерге айналған сайын Бонапарт бүкіл атқарушы өкімет билігін соғұрлым өз қо-

лына ашықтан ашық жинады, бұл өкіметті өзінің мақсаттарына соғұрлым оңай пайдалана алатын болды.

Тәртіп партиясы Горамен одактасып, өш алу мақсатымен, президентке 1 800 000 франк дотация беру туралы ұсынысты қабылдамады; ол 10 декабрь Қоғамы бастығының бұйрығы бойынша оның приказчик-министрлері енгізген ұсыныс болатын. Бұл жолы мәселе не бары 102 дауыс көпшілікпен шешілді, — демек, 18 январьдан бері тәртіп партиясы тағы да 27 дауыстан айрылды: оның ыдырауы өсе түсті. Солай бола тұрса да, өзінің Горамен одақ жасауының мәнісі жайында ешқандай күмәннің тууына жол бермеу үшін тәртіп партиясы Гораның 189 мүшесі қол қойған — саяси қылмыстыларға жалпы саяси кешірім беру туралы ұсыныс жайында тіпті айтыс ашуды да тілемеді. Ішкі істер министрі Ваис деген біреудің: тыныштық — тек жалған нәрсе, астыртын түрде күшті үгіт жүргізілуде, барлық жерде құния қоғамдар құрылуда, демократиялық газеттер қайтадан жарыққа шығуға әзірленуде, департаменттерден қолайсыз хабарлар алынып отыр, заговорды басқарып отырған Женевадағы эмигранттар, бұл заговордың тамыры Лион арқылы бүкіл оңтүстік Францияға жайылып отыр, Франция өнеркәсіп пен сауда дағдарысына ұшырағалы тұр, Рубе қаласының фабриканттары жұмыс уақытын қысқартты. Бель-Ильдегі²²³ тұтқындар бүлік шығарды деп мәлімдеуі-ақ мұң екен, қайдағы бір Ваистың қызыл елесті шақыруы-ақ мұң екен, тәртіп партиясы Ұлттық жиналысқа сөзсіз орасан зор бедел әперіп, Бонапартты қайтадан оның құшағына ұмтылдыратын ұсынысты айтысқа да салмай, қабылдамай тастады. Атқарушы өкімет суреттеген жаңа толқу мүмкіншіліктерінен қорқудың орнына тәртіп партиясы тап күресіне біраз өріс беруге, сөйтіп атқарушы өкіметті өзіне бағындырып ұстауға тиісті еді. Бірақ ол өзінде мұндай отпен ойнайтын міндетті атқарарлық күш бар деп сезбеді.

Оның бер жағында өтпелі министрлік дейтін апрельдің ортасына дейін сүйретіліп келді. Бонапарт Ұлттық жиналысты барған сайын министрлікті жанадан өзгерте беру арқылы жалықтырып, алдап келді. Ол біресе Ламаргин мен Бийо бастаған республикалық министрлік, біресе алдауға оңай түсетін ашықауыз керек болған жерде есімі аталмай қоймайтын Одилон Барро бастаған парламенттік министрлік, біресе Ватимениль мен Бенуа д'Ази бастаған легитимистік министрлік, біресе Мальвиль бастаған орлеанистік министрлік құру ниетін білдірді. Осындай әдістермен тәртіп партиясының әртүрлі фракцияларын бір-біріне қарсы айдап салып, бүкіл тәртіп партиясын республикалық министрлік құрылу және тұған сөзсіз байланысты жалпыға бірдей сайлау правосының қалпына келтірілу мүмкіндігімен қорқытып, Бонапарт мұнымен бірге өзінің парламенттік министрлік құрмақ болған шын талабы роялистік фракциялар-

дың ымырасыздығына кездесіп іске аспай отыр деп буржуазияны сендірмек болды. Ал төніп келе жатқандай көрінген жалпы сауда дағдарысы социализмге жақтастарды қалалардан, ал астықтың күйзелтетін төмен бағасы оған жақтастарды деревнядан неғұрлым көп жинаған сайын буржуазия «күшті үкімет» құруды соғұрлым қатты талап етті, Францияны «әкімшіліксіз» қалдыруды соғұрлым кешірілместік деп таныды. Саудадағы тоқырау күн санап күшейе берді, жұмыссыз адамдардың саны едәуір көбейді, Парижде кемінде 10 000 жұмысшы нансыз отырды, Руанда, Мюльгаузенде*, Лионда, Рубеде, Туркуэнде, Сент-Этьенде, Эльбёфте және басқа жерлерде сансыз көп фабрикалар жұмысты тоқтатты. Мұндай жағдайда Бонапарт 11 апрельде, Руэ, Фульд, Барош мырзаларға және басқаларына Құрылтай жиналысы өзінің соңғы мәжілістерінің бірінде жарланған хабарлар таратқаны үшін сенбеушілік білдіріп, бес министрдің даусын қоспағанда, бірауыздан масқаралаған Леон Фоше мырзаны қосып, 18 январьдың министрлігін қайта құруға батылдық істеді. Сөйтіп, Ұлттық жиналыс 18 январьда министрлікті жеңіп шықты және Фульд пен Бароштың 11 апрельде өздерінің министрлік одағына үшінші мүше етіп пуританин Фошені қабылдай алуы үшін ғана Бонапартқа қарсы үш ай бойы күрес жүргізді.

1849 жылғы ноябрьде Бонапарт парламенттік емес министрлікпен, 1851 жылғы январьда парламенттен тыс министрлікпен қанағаттанған еді, енді 11 апрельде ол екі жиналыстың екеуінің де — Құрылтай және Заң шығарушы, республикалық және роялистік жиналыстардың — сенбеушілік білдіріп дауыс беруін үйлесімді біріктіретін парламентке қарсы министрлік құруға өзінде жеткілікті күш бар екенін сезді. Министрліктердің бұл азғындауы парламенттің тіршілік температурасының бірте-бірте төмендеуін көрсеткен термометр болды. Апрельдің аяғында бұл температураның төмендегені сонша, Персиньни жай әңгімеде Шангарньеге президент жағына шығуды ұсынды. Бонапарт, деп сендірмек болған ол, Ұлттық жиналыстың ықпалы біржолата жойылды деп есептейді, әбден ойластырылған, бірақ кездейсоқ себеппен тағы да кейінге қалдырылған *сюр д'э́та́т*-тан кейін жарияланатын даяр прокламация бар. Шангарнье тәртіп партиясының басшыларына бұл өлім жазасына кескен үкімді хабарлады. Бірақ қандаланың шаққаны адамды өлтірседі дегенге кім сенеді? Парламент мүлдем дәрменсіз бола тұрса да, мүлдем іріп-шіріп отырса да, ақырғы жан тапсыру халінде дерлік бола тұрса да, әлі де болса 10 декабрь Қоғамының келемеж басшысымен өзінің айқасында қандаламен жекпе-жекпен басқа бір нәрсе бар деп өзін сендіре алмады. Бірақ Бонапарт тәртіп партиясы-

* — Мюлузе. Ред.

на: «Мен саған құмырсқа сияқты көрінемін, бірақ менің арыстан болар күнім туар»²²⁴ деп Агиселайдың Агису патшаға берген жауабындай жауап қайтарды.

VI

Әскери өкімет билігін өзінде сақтап қалуға және атқарушы өкіметке басшылығын қайтадан қалпына келтіруге тырысқан дәрменсіз әрекетінде тәртіп партиясының амалсыздан Горамен және таза республикашылдармен жасаған олағы,— бұл одақ тәртіп партиясының *парламентте* дербес *көпшілік* болудан қалғанын даусыз дәлелдеді. Күн артынан өткен күндер, сағаттың тілі 28 майда оның біржолата іріп-шіруіне белгі берді. 28 майда Ұлттық жиналыс өмірінің ақырғы жылы басталды. Оған енді конституцияны өзгертпей қалдыру немесе оны қайта қарау мәселесін шешуге тура келді. Бірақ конституцияны қайта қарау — буржуазияның үстемдігі мен ұсақ буржуазиялық демократияның үстемдігінің біреуін, демократия мен пролетарлық анархияның біреуін, парламенттік республиканы немесе Бонапартты қалау ғана емес, сонымен бірге не Орлеанды, не Бурбонды тандап алу болатын еді. Сөйтіп, парламенттің өзінің нақ ортасына алауыздық алмасы келіп түсті, енді осының салдарынан тәртіп партиясын бір-біріне дұшпан фракцияларға бөлген мүдделердің күресі ашықтан-ашық өршуге тиісті еді. Тәртіп партиясы әртекті қоғамдық элементтердің қоспасы болды. Конституцияны қайта қарау туралы мәселе саяси қызу жағдай туғызды, бұл қызу жағдайдың әсерінен ол қоспа өзінің бастапқы құрамды бөлшектеріне ыдырап кетті.

Бонапартистердің конституцияны қайта қарауға мүдделі болуының себебі түсінікті еді. Олар ең алдымен Бонапарттың екінші рет сайлануына және оның өкімет билігінің мерзімін ұзартуға тыйым салатын 45-статьяны жойғысы келді. Республикашылдардың позициясы да сондай түсінікті еді. Олар конституцияны қандай да болсын қайта қарауды республикаға қарсы жалпы заговор деп танып, үзілді-кесілді қабылдамады. Өйткені Ұлттық жиналыс *дауыстарының төрттен бірінен көбі* оларда еді, ал конституция бойынша қайта қарау туралы күшіне кіретін шешім шығару үшін және ол үшін жиналыс шақыруға барлық дауыстардың төрттен үш бөлегі керек болды, сондықтан олар өздерінің жеңетіндігіне сенуі үшін өз дауыстарын санаса болғаны еді. Сол себепті олар өздерінің жеңетіндігіне сенді де.

Бұл айқын позицияларға қарама-қарсы тәртіп партиясы шешілмейтін қайшылықтарға шырмалды. Қайта қарауды қабылдамау арқылы ол сол кездегі тәртіпке қауіп туғызды, өйткені Бонапартқа бір ғана жол — зорлық жолын қалдырып, Францияны шешуші кезеңде, 1852 жылғы май айының екінші жексен-

бісінде, өкімет билігінен айрылған президентімен, көптен өкімет билігі жоқ парламентімен, өкіметті қайтадан жеңіп алуға ниеттенген халқымен бірге революциялық анархияның озбырлығына беретін болды. Конституция бойынша қайта қарауды қостап дауыс бере отырып, ол босқа дауыс беретінін, өзінің дауыс беруі, конституция бойынша, республикашылдардың ветосына соқтығып талканы шығатынын білді. Конституцияға қайшы келіп, дауыстардың жай көпшілігін жеткілікті деп жариялай отырып, бұл партия өзі атқарушы өкіметке толық бағынғанда ғана революцияны жеңуіне сене алатын еді; бұл ісімен ол конституцияны, оны қайта қарауды және өзін Бонапарттың билігіне беретін еді. Президенттің өкімет билігінің мерзімін ұзартуды көздеген ішінара қайта қарау бонапарттық озбырлыққа негіз әзірлейтін еді. Республиканың өмірін қысқартуды көздеген жалпы қайта қарау династиялық дәмелердің өзара соқтығысуына сөзсіз бастайтын еді, өйткені бурбондық реставрация шарттары да, орлеандық реставрация шарттары да әртүрлі болып қана қоймай, бір біріне мүмкіндік қалдырмайтын еді.

Парламенттік республика француз буржуазиясының екі фракциясына, легитимистер мен орлеанистерге, ірі жер меншігі мен өнеркәсіп қатарласып, тең правомен билік жүргізуге мүмкіндік беретін бейтарап негізден гөрі зорырақ бір нәрсе болды. Ол бұлардың *бірлесіп* үстемдік жүргізуінің қажетті шарты, олардың ортақ таптық мүдделері буржуазияның жеке фракцияларының дәмелеріне де, сол сияқты барлық басқа таптарға да үстемдік жүргізетін бірден бір мемлекеттік форма болды. Роялистер ретінде олар өздерінің ескі антагонизміне, жер иелігі мен ақша арасындағы әрқайсысы өзінің үстем болуын көздейтін күреске бой ұрды, ал олардың корольдері, олардың династиялары бұл антагонизмнің ең жоғарғы белгісі, оның бейнесі болды. Тәртіп партиясының *Бурбондарды қайтаруға* қарсылық көрсетуінің себебі осыдан.

Орлеанист және депутат Кретон 1849, 1850 және 1851 жылдарда корольдік семьяларды қуу туралы декретті жою жайында дүркін-дүркін ұсыныстар енгізді. Парламент те өзінің қуылған корольдерінің отанға қайтуының жолын осыншама кесе берген роялистік жиналысқа дүркін-дүркін ұқсады да отырды. III Ричард VI Генрихті өлтірді, өлтірерде: сен бұл дүниеге сыймайтын өте жақсысың, сенің орның көкте деп өлтірді. Роялистер Францияны өте жаман, ол қуылған корольдерін қайтаруға тұрмайды деп таныды. Оларды республикашыл болуға, сөйтіп өздерінің корольдерін Франциядан қудырған халықтың шешімін сан рет қайталап мақұлдауға көндірген жағдайдың өзі болды.

Конституцияны қайта қарау,— ал жағдай бұл мәселені талқылауға қойдыртты,— республикамен бірге буржуазияның екі фракциясының біріккен үстемдігіне де қауіп туғызатын және

монархияның мүмкіндігімен бірге көбінесе монархия кезектесіп жақтаған мүдделердің таласын қайта туғызатын, буржуазияның екі фракциясы арасындағы әрқайсысы өзі үстем болуды кездеген күресті қайта туғызатын болды. Тәртіп партиясының дипломаттары күресті жайғастырғанда екі династияны біріктіру жолымен, роялистік партияларды және олардың корольдік әулеттерін «қосу» дейтін жолмен күресті жайғастыруға сенді. Реставрация мен Июль монархиясының шын мәнісіндегі қосылуы парламенттік республика болды; бұл республикада орлеанистік және легитимистік бояулар шайылып, буржуаның әртүрлері жалпы буржуа ішінде, туыстас буржуа ішінде жоқ болып кетті. Ендігі жерде орлеанист легитимистке, легитимист орлеанистке айналуы керек. Олардың антагонизмінің бейнесі болған монархия енді олардың бірлігін бейнелеуге тиісті болды; олардың біріне бірі қарама-қарсы фракциялық мүдделерінің белгісі олардың ортақ таптық мүдделерінің белгісі болуға тиіс болды; монархия екі монархияны жою арқылы ғана республика орындай алатын және орындаған істі орындауға тиіс болды. Тәртіп партиясының алхимиктері таппақ болып басын қатырған философиялық тас осындай еді. Легитимдік монархия бір кезде өнеркәсіптік буржуаның монархиясы немесе буржуазиялық монархия мұрагер жер иелері аристократиясының монархиясы бола алатын сияқты болды. Тәж бір адамның ғана басын, ағасының немесе інісінің басын, безендіре алатын болса, жер меншігі мен өнеркәсіп бейнебір *бір* тәждің астында бейбіт сыйысып отыратын сияқты көрінді. Жер меншігі өзі өнеркәсіптік меншік болуға ұйғарғанға дейін жалпы өнеркәсіп бейнебір жер меншігімен сыйыса алатын сияқты еді. Ертең V Генрих өлсе, граф Парижский сонда да легитимистердің королі бола алмас еді, — тек ол орлеанистердің королі болудан қалса ғана бола алар еді. Конституцияны қайта қарау туралы мәселе неғұрлым алға қойылған сайын, солғұрлым өздерінің даусын көтере түскен, «Assemblée nationale»¹⁴¹ газетінен өздерінің ресми күнделік органын жасаған және біз осы минуттың өзінде (1852 жылғы февральда) жұмыстың үстінде тағы да көріп отырған, қосылудың философтары қиыншылықтардың бәрі екі династияның қарсылығынан және бақталастығынан туып отыр деп түсіндірді. Сөйтіп, Луи-Филипптің қайтыс болуынан басталған, бірақ барлық басқа династиялық жанжалдар сияқты, ұлттық жиналыстың каникулы кезінде, антрактар кезінде, онашада ғана жүргізілетін, елеулі істен гөрі ескі соқыр сенімге қылымси тәлімсігендік болып табылатын әрекеттер — орлеандар әулетін V Генрихпен татуластыру әрекеттері қазір тәртіп партиясының бұған дейінгідей өнерпаздық спектакілі ретінде емес, жұрт алдында сахнада ойнайтын салтанатты екіжүзділік ойынына айналды. Курьерлер әлсін-әлі Парижден Венецияға²²⁵, Венециядан Клермонтқа,

Клэрмонттан Парижге кетіп жатты. Граф Шамбор манифест шығарды, мұнда ол «өз семьясының барлық мүшелерінің көмегімен» өзіндік емес, «ұлттық» реставрация жариялады. Орлеанист Сальванди V Генрихтің аяғына жығылды. Легитимистердің басшылары Берье, Бенуа д'Ази, Сен-Прист орлеандарды көндіру үшін Клэрмонтқа сапар шекті, бірақ бұл істе жолы болмады. Қосылуды жақтаушылар кешігіп барып: буржуазияның екі фракциясының мүдделері семьялық мүдделер, корольдік екі әулеттің мүдделері формасында шиеленісе отырып, мұнан ерекшелігі кемірек, кеңшілігі көбірек мүдделер бола алмайды деген сенімге келді. Айталық, V Генрих граф Парижскийді өзінің мұрагері деп таныды дедік,— ал бұл қосылуды жақтаушылардың мықтағанда күте алатын бірден-бір табысы,— сонда Орлеандар әулеті мұнан, V Генрихтің перзентсіздігінің қамтамасыз еткенінен басқа ешнәрсе ұтпаған болар еді, қайта өзіне июль революциясы берген барлық праволардан айрылар еді. Бұл әулет өзінің ежелгі талаптарынан, жүз жылдық дерлік күресте Бурбондардың аға нәсілінен өзі жеңіп алған барлық праволардан бас тартар еді, ата-тегінің праволарына бола өзінің тарихи правосынан, қазіргі монархия жөніндегі правосынан бас тартар еді. Қосылу, демек, Орлеандар әулетінің бұл праволардан өз еркімен бас тартуы, оның легитимизмге бағынуы, кінәсын мойындап, саяси протестантизмнен саяси католицизмге көшуі болар еді, мұның өзі Орлеандарға тіпті айырылған тағын емес, тақтың өздері туған бір сатысын ғана берер еді. Қосылу ісін жақтау үшін өздері де Клэрмонтқа баруға ұмтылған, қарт орлеантистік министрлер Гизо, Дюшатель және басқалары іс жүзінде июль революциясынан кейінгі ес жинағандықты, буржуазиялық монархиядан және буржуазияның монархиясынан түңілгендікті, анархиядан құтқаратын ақырғы бойтұмардай легитимистік алдында соқыр сеніммен бас июді білдірушілер ғана болды. Өздерін Орлеандар мен Бурбондар арасындағы бітістірушілер деп ойлаған олар іс жүзінде жолдан тайған орлеанистер ғана болды, принц Жуанвиль оларды осындай орлеанистер ретінде қабылдады. Оның есесіне, орлеанистердің өмірге қабылетті, жауынгер бөлегі, Тьер, Баз және басқалары, қандай да болсын тікелей монархиялық реставрация екі династияның қосылуын керек қылатындықтан, ал осындай қосылудың бәрі де Орлеандар әулетінің өз праволарынан бас тартуын керек қылатындықтан,— оқиғалар президенттің орындығын таққа айналдыруға мүмкіндік бергенге дейін республиканы уақытша тану, күте тұру оның семьялық дәстүрлеріне үйлесетіндігіне Луи-Филипптің семьясын соғұрлым оңай сендірді. Әуелі Жуанвильдің республика президенттігіне кандидатурасы туралы лақап таратылды, сөйтіп жұрт дүрліктірілді, ал бірнеше айдан кейін, сентябрьде,

конституцияны қайта қарау қабылданбаған кезде, бұл кандидатура ашық жарияланды.

Сонымен, орлеанистер мен легитимистерді қосудың роялистік әрекеті күйреп қана қоймай, ол бұларды біріктірудің республикалық формасы *парламенттік қосылуды* да бұзды. сөйтіп тәртіп партиясын оның бастапқы құрамды элементтеріне бөлді. Алайда Клермонт пен Венеция арасындағы жатырқаушылық неғұрлым өскен сайын, олардың қатынасы ажырасуға неғұрлым жақындап, Жуанвильді жақтаған үгіт неғұрлым күшейген сайын Бонапарттың министрі Фоше мен легитимистер арасындағы келіс сөздер соғұрлым шұғыл, шындап жүргізілді.

Тәртіп партиясының ыдырауы оның негізгі элементтеріне бөлшектенуімен тоқталған жоқ. Екі үлкен фракцияның әрқайсысы өз тарапынан онан әрі ыдырады. Екі лагердің әрқайсысының ішінде, легитимистік, сол сияқты орлеанистік лагерьде, бір кезде өзара күрескен ескі бағыттардың бәрі, құраған инфузориялардың суға түскеннен кейін жанданатыны секілді, қайтадан жанданып, қарама-қарсы дербес мүдделері бар жеке топтар құруға жеткілікті өмірлік жігерді қайтадан алғандай болды. Легитимистер кейінге, Тюильрий сарайы мен Марсан павильоны арасында, Виллель мен Полиньяк²²⁶ арасында дау болған уақытқа ой жіберді. Орлеанистер Гизо, Моле, Брольи, Тьер және Одилон Барро арасындағы сайыстардың дәуірлеген заманына тағы да бастан өткізгендей болды.

Конституцияны қайта қарауды жақтаған, бірақ қайта қараудың шегі туралы көзқараста келісе алмаған, бір жағынан, Берье мен Фаллудың басқаруындағы, екінші жағынан, Ларош-жакленнің басқаруындағы легитимистерден және Молениң, Брольидің, Монталамбердің және Одилон Барронның басқаруындағы күрестен қажыған орлеанистерден құралған тәртіп партиясының бір бөлегі көмескі әрі кең көлемді мынадай ұсыныс негізінде бонапартистік өкілдермен келісті:

«Төменде қол қойған депутаттар, ұлтқа өзінің суверенитетін толық жүзеге асыру мүмкіндігін қайтару мақсатын көздеп, конституцияны қайта қарауды сынады».

Бірақ мұнымен бірге олар өздерінің баяндамашысы Токвиль арқылы Ұлттық жиналыс *республиканы жою* туралы ұсыныс енгізуге праволы емес, ондай право конституцияны қайта қарау үшін шақырылған палатада ғана бар деп бір ауыздан мәлімдеді. Оның үстіне,— деп мәлімдеді олар,— конституцияны тек *«заңды» негізде*, яғни конституция бойынша белгіленгеніндей, оны қайта қарауды барлық дауыстың төрттен үш бөлегіндей көпшілігі қостағанда ғана қайта қарауға болады. Алты күнге созылған күшті айтыстардан кейін 19 июльде қайта қарау, жұрттың күткеніндей, қабылданбады. Қайта қарауды жақтап 446 депутат

дауыс берді, 278 депутат қарсы болды. Әсіре орлеанистер, Тьер, Шангарнье және басқалары, республикашылдармен және Горамен бірге дауыс берді.

Сонымен, парламенттің көпшілігі конституцияға қарсы дауыс берді, ал конституцияның өзі азшылықты, оның шешімінің міндеттілігін жақтады. Ал тәртіп партиясы 1850 жылғы 31 майда да, 1849 жылғы 13 июньде де парламенттік көпшілікті конституциядан жоғары қойған жоқ па? Оның бүкіл бұрынғы саясаты конституцияның статьяларын парламенттік көпшіліктің шешімдеріне бағындыруға негізделген жоқ па? Тәртіп партиясы заңның әрпіне ескірген ежелгі соқыр сеніммен бағынуды демократтарға берген жоқ па, ол демократтарды бұл соқыр сенім үшін жазалаған жоқ па? Бірақ бұл кезеңде конституцияны қайта қарау президенттік өкіметтің мерзімін ұзартқандықтан басқа ешнәрсе болмайтын еді де, ал конституцияның мерзімін ұзарту Бонапартты құлатқандықтан басқа ешнәрсе болмайтын еді. Парламент Бонапартты жақтады, бірақ конституция парламентке қарсы шықты. Демек, Бонапарт конституцияны бұзып-жарып парламент рухында әрекет қылса, парламентті таратып, конституция рухында әрекет жасады.

Парламент конституцияны, ал онымен бірге өзінің үстемдігін «көпшіліктен тысқары» деп жариялады; өзінің шешімімен ол конституцияны жойып, президент өкіметінің мерзімін ұзартты және мұнымен бірге өзі өмір сүріп тұрғанда конституцияның өлуі де мүмкін емес, президенттік өкіметтің өмір сүруі де мүмкін емес деп жариялады. Оның келешектегі көр қазушылары есіктің алдында тұрды. Парламент конституцияны қайта қарау туралы мәселе бойынша айтысып жатқанда Бонапарт қорғалақтық көрсеткен генерал Бараге д'Ильені бірінші армия дивизиясының бастығы қызметінен босатып, оның орнына өзінің қалаулы адамдарының бірі, Лионда жеңуші, декабрь күндерінің геройы, Луи-Филипп тұсында-ақ Булон жорығына байланысты бонапартшылдығымен өзінің беделін азды-көпті түсірген генерал Маньянды тағайындады.

Конституцияны қайта қарау туралы шешімімен тәртіп партиясы өзінің билік жүргізуге де, бағынуға да, өмір сүруге де, өлуге де, республиканы мойындауға да, оны құлатуға да, конституцияны қол сұғушылықтан сақтап қалуға да, оны жоюға да, президентпен ынтымақтасып іс істеуге де, онымен ажырасуға да шамасы келмейтінін көрсетті. Сонда ол барлық қайшылықтарды шешуді кімнен күтті? Қалендарьдан, оқиғалардың барысынан күтті. Ол өзін оқиғаларға билігін жүргізеді деп танудан тоқталды. Сөйтіп, ол өзін оқиғалардың билігіне берді, яғни өзінің халыққа қарсы күресінде өкімет билігінің құралдарын бір-бірлеп беріп, сол күштің алдында өзі биліксіз қалғанға дейін берген күштің билігіне берді. Атқарушы өкіметтің басшысына оған қар-

сы күрестің жоспарын неғұрлым бөгетсіз ойластырып алып, өзінің шабуыл құралдарын күшейтуге, өзінің қаруларын сайлап алуға, өзінің позицияларын нығайтуға мүмкіндік беру үшін тәртіп партиясы бұл қысылшаң кезеңде сахнадан кетуге, палатаның мәжілістерін үш айға, 10 августан 4 ноябрьге дейін, тоқтатуға ұйғарды.

Парламенттік партия өзінің екі үлкен фракциясына бөлінуі былай тұрсын, бұл фракциялардың әрқайсысының өз тарапынан онан әрі бөлінуі былай тұрсын, оның үстіне — парламенттегі тәртіп партиясы парламенттен *тысқары* тәртіп партиясымен ажырасты. Буржуазияның шешендері мен жазушылары, оның трибунасы мен баспасөзі, — қысқасы, буржуазияның идеологтары және буржуазияның өзі, өкілдік етушілер мен өкілдік берушілер бір біріне жат болып, бірін бірі ұғынудан қалды.

Провинциядағы ой-өрісі тар, жігері шексіз легитимистер өздерінің парламенттік көсемдерін, Берье мен Фаллуды, бонапарттық лагерге қашып, V Генрихке опасыздық жасады деп айыптады. Олардың бурбондық лилиялар секілді нәзік ақылы күнәкарлыққа нанды, бірақ дипломатияға сенбеді.

Сауда буржуазиясының өзінің саясатшыларымен ажырасуы анағұрлым қатерлі және батыл болды. Легитимистер өздерінің саясатшыларын принципке опасыздық жасады деп кінәлағанда, сауда буржуазиясы, мұның керісінше, өзінің саясатшыларын пайдасыз болып шыққан принциптерден айнымайды деп кінәлады.

Сауда буржуазиясының Луи-Филипп тұсында өкімет билігінен үлкен үлес алған бір бөлегі, *финанс аристократиясы*, Фульдтің министрлікке өтуінен бастап бонапарттистік болғанын мен мұнан бұрын көрсеттім. Фульд биржада Бонапарттың мүдделерін қорғап қана қоймай, ол Бонапарт алдында биржаның да мүдделерін қорғады. Финанс аристократиясының позициясын оның европалық органы, лондондық «Economist»²²⁷-тен алынған үзінді бәрінен де жақсы сипаттайды. 1851 жылғы 1 февральдағы номерінде бұл журнал Парижден алынған мынадай корреспонденцияны басты:

«Франция ең алдымен тыныштықты талап етеді деген мәлімдемелер қазір барлық жақтап келуде. Президент бұл туралы өзінің Заң шығарушы жиналысқа жолдаған арнаулы хатында мәлімдеп отыр, ұлттық шешендік трибунадан да бұл жаңғырық болып естіледі, газеттер де осыны қақсайды, шіркеу мінбесінен де сол уағыздалады, мемлекеттік құнды қағаздардың тыныштық үшін титтей қауіпке сезімталдығы, олардың атқарушы өкімет жеңген сайын тұрақталуы осыны дәлелдейді».

1851 жылғы 29 ноябрьдегі номерінде «Economist» өз атынан былай деп мәлімдеді:

«Европалық биржалардың бәрінде президент қазір тәртіптің сақшысы деп танылды».

Демек, финанс аристократиясы тәртіп партиясының атқарушы өкіметпен парламенттік күресін — *тәртіпті бұзғандық* деп айыптап, президенттің оны, былай қарағанда, өзінің өкілдері жөніндегі әрбір жеңісін — *тәртіптің жеңісі* деп құттықтады. Мұнда финанс аристократиясы деп мемлекеттік зағдар жөніндегі ірі алаяқтар мен мемлекеттік қағаздарды саудаға салатын жалдаптарды ғана түсінбеу керек, олардың мүдделері, әбден түсінікті себептер бойынша, мемлекеттік өкіметтің мүдделерімен үйлеседі. Осы күнгі бүкіл ақша ісі, осы күнгі бүкіл банк шаруашылығы мемлекеттік кредитпен тығыз байланысты. Банк капиталының бір бөлегі, қажетінше, оңай өткізілетін мемлекеттік өсімді қағаздарға салынады. Банкке салынған ақшалар, банктерге берілетін және банктердің көпестер мен өнеркәсіп иелеріне бөлетін капиталдары өздерінің кірісінің бір бөлегін мемлекеттік кредиторлардың дивиденттерінен алады. Егер қай заманда болмасын мемлекеттік өкіметтің тұрақтылығы бүкіл ақша рыногының және бұл рынок серілері үшін қасиетті нәрсе болған болса, қазір, қандай да болсын тасқын ескі мемлекеттермен бірге ескі мемлекеттік борыштарды да ағызып әкету қаупін туғызып отырғанда, қалайынша басқаша болмақ?

Тәртіпті фанатиктерше көксейтін *өнеркәсіптік буржуазия* да парламенттік тәртіп партиясының атқарушы өкіметпен араздасуына ызаланды. Шангарньенің орнынан түсірілуіне байланысты 18 январьдағы дауыс беруден кейін Тьер, Англес, Сент-Бёв және басқалары өздерінің сайлаушыларынан, оның үстіне дәл өнеркәсіп округтері сайлаушыларынан жұрт алдында сөгіс алды; бұл сөгісте олардың Горамен одақ жасауы — тәртіп ісіне опасыздық еткендік деп ерекше қатты айыпталды. Егер, біздің жоғарыда көргеніміздей, тәртіп партиясының президентке қарсы күресі мақтаншақтық мазақтаудан, ұсақтық дау-жанжалдан әрі аспаса және онан артық бағалауға лайықты болмаса, екінші жағынан, буржуазияның бұл бөлегі, өзінің өкілдерінен соғыс күшін өз парламентінің қолынан дәмелі-авантюристің қолына сөзге келмей беруді талап еткен бөлегі, тіпті оның мүдделері жөнінде болған сол дау-жанжалдарға да тұрмады. Ол өзінің *қоғамдық* мүдделері, өзінің *таптық мүдделері* үшін, өзінің *саяси өкімет билігі* үшін жүргізілген күрес өзінің жеке іссымақтарына бөгет болып, тынышын ғана алып, оны ызаландыратынын көрсетті.

Департаменттік қалалардың буржуазиялық шонжарлары, муниципалитет кеңесшілері, коммерция соттарының мүшелері және т. с. барлық жерде түгел дерлік елді аралаған сапары кезінде, тіпті ол Ұлттық жиналысқа және әсіресе тәртіп партиясына аяусыз тиіскен Дижонда да, — Бонапартты барып тұрған жалбарынышпен қарсы алды.

1851 жылдың бас кезіндегідей, сауда жақсы жүріп тұрғанда,

сауда буржуазиясы парламенттік күрестің қандайына болса да батыл қарсы болды; ол бұл күрестің саудаға зияны тие ме деп қауіптенді. Сауда нашар жүріп тұрғанда,— ал мұның өзі 1851 жылғы февральдің аяғынан бастап үнемі болып тұратын нәрсеге айналды,— сауда буржуазиясы парламенттік күрес сауданың тұралауына себеп болып отыр деп зарланып, сауданы жандандыру мүдделері үшін бұл күресті тоқтатуды талап етті. Конституцияны қайта қарау туралы айтыс нақ осы жаман уақытта өткізілді. Бұл жерде әңгіме қазіргі мемлекеттік тәртіптің не өмір сүруі, не өлуі туралы болып отырғандықтан буржуазия өзінің өкілдерінен бұл қиын-қыстау өтпелі жағдайды тоқтатуды және мұнымен бірге қазіргі тәртіпті сақтауды талап етуге өзін солғұрлым праволы деп есептеді. Мұнда ешқандай қайшылық болған жоқ еді. Өтпелі жағдайды тоқтату деп буржуазия осы жағдайды онан әрі созуды, түпкілікті шешімді ұзақ уақыт кейінге қалдыруды түсінді. Қазіргі тәртіпті тек екі түрлі жолмен: Бонапарттың өкілдігі мерзімін ұзарту жолымен немесе оны конституция негізінде орнынан түсіріп, Кавеньяқты сайлау жолымен сақтауға болатын еді. Буржуазияның бір бөлегі соңғы шешімді қабылдауға бейім болды, бірақ өзінің өкілдеріне көкейтесті мәселені жылы жауып қалдырудан артық ешқандай кеңес бере алмады. Егер өзінің өкілдері ешнәрсе айтпаса, Бонапарт та әрекет жасамайды деп ойлады. Ол байқалмай қалу үшін басын құмға тығатын страустардың парламенті болуын тіледі. Буржуазияның екінші бөлегі, Бонапарт президенттік орынға бір отырып қалған соң, істің бәрін бұрынғысынша қалдыру үшін, оны сол орында қалдырғысы келді. Бұл бөлегі парламенттің конституцияны ашықтан-ашық бұзуды және қиқылжынсыз өкімет билігінен бас тартуды тілемейтіндігіне қатты ызаланды.

Ұлттық жиналыстың каникулы кезінде, 25 августан бастап, мәжіліс жасаған департаменттік бас советтер — ірі буржуазияның бұл провинциялық өкілдігі — бірауыздан дерлік конституцияны қайта қарауды қостады, яғни Бонапартты жақтап, парламентке қарсы шықты.

Буржуазия өзінің әдеби өкілдеріне және өзінің баспасөзіне қатты ызаланғандығын *парламенттік өкілдерімен* ажырасқандағысынан да айқын көрсетті. Бонапарттың озбырлық ниеттеріне буржуазиялық журналистердің қандай да болса шабуылын буржуазияның саяси праволарын атқарушы өкіметтен қорғамақ болған баспасөздің қандай да болсын әрекетін жазалағанда буржуазиялық соттардың шектен тыс ақшалай айып салуына және ұятсыздықпен ұзақ мерзімге түрмеде ұстау жазасына кесуіне Франция ғана емес, бүкіл Европа таңырқанды.

Егер, менің жоғарыда көрсеткенімдей, *парламенттік тәртіп партиясы* өзінің тыныштық сақтау керек деген байбаламымен өзін өзі әрекетсіздікке ұшыратса, егер ол басқа қоғамдық тап-

тарға қарсы күресте өз режимінің, парламенттік режимнің, барлық шарттарын өз қолымен жоя отырып, буржуазияның саяси үстемдігін буржуазияның қауіпсіздігімен және өмір сүруімен сыйыспайды деп жарияласа, ал *парламенттен тысқары буржуазия көпшілігі* өзінің президентке жалбарыныштылығы арқылы, парламентті бәлағаттауы арқылы, өзінің баспасөзіне айуандық істеуі арқылы Бонапартты оның сөйлеуші және жазушы бөлегін, оның саясатшылары мен әдебиетшілерін, оның шешендік трибунасы мен баспасөзін жаныштап, жоюға шақырды,— мұның бәрін ол күшті және тежеусіз үкіметтің қолдауымен өзінің жеке басының істерін емін-еркін тындыра беруі үшін істеді. Үстемдік жүргізуге байланысты қиыншылықтар мен қауіптерден құтылу үшін өзінің саяси үстемдігінен құтылуға өте құштарлығын ол ашық мәлімдеді.

Өз табының үстемдігі үшін тіпті таза парламенттік және әдеби күрес жүргізілуіне де ызаланған және бұл күрестің көсемдеріне опасыздық еткен осы, парламенттен тысқары буржуазия — бұл буржуазия енді пролетариатты мезгілі өткен соң ол үшін, буржуазия үшін қанды күреске, өліспей бітіспейтін күреске шықпады деп айыптауға батылдық етеді! Ең өрісі тар, ең панық жеке мүдделері үшін өзінің жалпы таптық мүдделерін, яғни өзінің саяси мүдделерін минут сайын құрбандық еткен және өзінің өкілдерінен де осындай құрбандықты талап еткен буржуазия енді келіп пролетариат оның мінсіз саяси мүдделерін өзінің материалдық мүдделері жолына құрбандық етті деп байбалам салады. Ол өзін социалистердің алдауына түскен пролетариат түсінбеген және шешуші кезеңде тастап кеткен қайдағы бір аңқау бейбақтар етіп көрсетеді. Ал оның байбаламына бүкіл буржуазиялық дүние үн қосады. Мен бұл жерде, әлбетте, немістің ұсақ-түйекшіл саясатқұмарлары мен шалағайларын айтып отырған жоқпын. Мен, мәселен, 1851 жылғы 29 ноябрьдің өзінде, яғни мемлекеттік төңкерістен төрт күн бұрын, Бонапартты «тәртіптің күзетшісі» деп, ал Тьерлер мен Берьерлерді — «анархистер» деп жариялаған және 1851 жылғы 27 декабрьдің өзінде-ақ, Бонапарт бұл «анархистерді» көндіктіргеннен кейін, «надан, топас, тәрбиесіз пролетарлық бұқара орта және жоғары қоғамдық топтардың дарындылығына, біліміне, тәртібіне, рухани ықпалына, ақыл-ой ресурстарына және моральдық беделіне опасыздық жасады» деп даурыққан «Economist» журналын айтып отырмын. Топас, надан және оңбаған бұқара нақ буржуазиялық бұқараның өзі болды.

Рас, 1851 жылы Франция кішкене сауда дағдарысы секілді бір нәрсені бастан өткізді. Февральдың аяғында шетке зат шығарудың 1850 жылғыдан азайғаны байқалды, мартта сауда төмендеп, фабрикалар жабыла бастады, апрельде өнеркәсіпті департаменттердің жайы, февраль күндерінен кейінгідей, өте ауыр

сияқты көрінді, майда істің жайы әлі жөнделмеді, 28 июньнің өзінде банкке салынған ақша орасан мықтап өскен және есепке алу операциялары сондай мықтап азайған Француз банкінің портфелі өндірісте тоқырау бар екенін дәлелдеді, сөйтіп тек октябрьдің ортасында ғана істің жайы бірте-бірте түзеле бастады. Француз буржуазиясы саудадағы бұл тоқырауды тек саяси себептерден, парламент пен атқарушы өкімет арасындағы күрестен, ел басқарудың уақытша формасының тұрақсыздығынан, 1852 жылғы майдың екінші жексенбісінің қорқынышты келешегінен болды деп түсіндірді. Бұл жағдайлардың бәрі Парижде және департаменттерде өнеркәсіптің кейбір салаларының төмендеуіне әсер еткенін мен бекер демеймін. Бірақ қайткенде де саяси жағдайдың бұл әсері тек жергілікті сипатта және шамалы ғана болды. Сауданың нақ октябрьдің ортасында, яғни саяси жағдай нашарлап, саяси саланы бұлт басып, Елисей сарайынан нажағай соғуын минут сайын күтуге болғандай кезде жөнделе бастауы мұны бәрінен де айқын дәлелдейді. «Дарындылығы, білімі, көрегендігі және ақыл-ой ресурстары» иегінің астынан әрі аспайтын француз буржуазиясы, дегенмен, өзінің сауда қырсықтарының себебін Лондонның өнеркәсіп көрмесінің²²⁸ өн бойында айқын көргендей болды. Францияда фабрикалар жабылып жатқанда, Англияда сауданың банкротқа ұшырауы басталып кетті. Егер Францияда апрельде және майда өнеркәсіптегі абыржу ең күшті шегіне жетсе, Англияда апрельде және майда саудадағы абыржу ең күшті шегіне жетті. Жүн өндірісі, жібек өнеркәсібі Францияда да, Англияда да зиян көрді. Англияның мақта-мата фабрикалары жұмыс істеп жатты, бірақ олар 1849 және 1850 жылдардағыдай пайда түсіре алмады. Барлық айырмашылық тек мынада болды: Францияда өнеркәсіп дағдарысы, ал Англияда сауда дағдарысы болды, Францияда фабрикалар жабылып жатты, ал Англияда олар өздерінің өндірісін кеңейтті, бірақ бұрынғы жылдардағыдан қолайсыз жағдайда кеңейтті, Францияда шетке зат шығару, Англияда шеттен зат әкелу көбірек зиян шекті. Әрине, бұл жағдайдың Францияның саясат саласы маңынан іздеудің қажеті жоқ жалпы себебі көзге көрініп тұрды. 1849 және 1850 жылдар материалдық жағынан өркендеудің және артық өндірудің ең жоғарылаған жылдары болды; мұның нәтижелері тек 1851 жылы көрінді. Бұл жылдың басындағы артық өндіру әсіресе ашылғалы тұрған өнеркәсіп көрмесі себепті ерекше күшейді. Бұған тағы мынадай ерекше жағдайлар қосылды: әуелі 1850 және 1851 жылдарда мақтаның шықпауы, ал онан кейін мақта өнімінің күткендегіден гөрі жақсы болуына сенгендік, мақта бағасының әуелі өрлеуі, ал онан кейін кенет төмендеуі,— қысқасы, мақта бағасының құбылуы. Өңделмеген жібектің түсімі, атап айтқанда, Францияда орташадан төмен болды. Ақырында, жүн өнеркәсібінің 1848 жылдан

бастап өскендігі сонша, жүн өндіру оған ілесе алмады, сөйтіп өңделмеген жүннің бағасы, жүн бұйымдардың бағасымен салыстырғанда, әлдеқайда жоғарылады. Сонымен, біз осының өзінде өнеркәсіптің дүние жүзілік үш саласына керекті шикізатта сауданың тоқырауының үш түрлі себебі болғанын көріп отырмыз. Ал бұл ерекше жағдайлардан тыс 1851 жылғы дағдарыс көрінісі тоқталыстан басқа ешнәрсе болған жоқ; барлық күшті аянбай жұмсап, циклдың соңғы бөлегін жанталасқандықпен өтуден бұрын, өзінің басталған жеріне, *жалпы сауда дағдарысына* қайтып оралмас бұрын артық өндіру және шектен тыс жалдаптық әрдайым өнеркәсіп айналымы бойына осындай тоқталыс туғызып отырады. Сауда тарихының мұндай аралықтарында Англияда сауда банкроттығы болып тұрады, ал Францияда өнеркәсіптің өзі тоқтап қалып отырады, тоқтағанда ішінара ағылшындардың бәсекесі оны барлық рыноктардан ығыстырып шығаруы, оның бұған сол кездің өзінде-ақ төтеп бере алмауы себепті, ішінара сән-салтанат заттарын өндіретін өнеркәсіп болғандықтан, оның саудадағы қандай да болсын тұралауды өте сезгіш келетіндігі себепті тоқталады. Сонымен, Франция жалпы дағдарыстардан басқа тағы өзінің, ұлттық сауда дағдарыстарын бастан өткізеді, алайда, бұл дағдарыстар жергілікті француздық жағдайлардан гөрі дүние жүзілік рыноктың жалпы жайына қарай көрініп, сонан туады. Ағылшын буржуазиясының пайымдауын француз буржуазиясының соқыр сеніміне қарсы қоюдың белгілі мәні бар. Ливерпульдің ең ірі фирмаларының бірі өзінің 1851 жылғы жылдық сауда есебінде былай деп жазады:

«Алғашында өзінен күтілген үмітті өткен жылдан көбірек ақтамайтын жыл сирек. Жалпы жұрт күткен күшті өркендеу орнына бұл жыл соңғы жиырма бес жыл бойына неғұрлым түңілдірген жылдардың бірі болып шықты. Бұл, әрине, өнеркәсіп таптарына емес, тек сауда таптарына жатады. Алайда бұл жылдың басында оған қарама-қарсы нәтижені күтуге дәлелдің жеткілікті болғаны күмәнсіз: товар қорлары аз, капитал мол, тамақ заттары арзан болды, егіннен мол өнім алынатындығына үміт бар еді; континентте бейбітшілікті ешнәрсе бұзған жоқ және елде ешқандай саяси немесе финанс қиыншылықтары болмады,— шынында да, сауда өзінің қанатын қашанғысынан болса да кең жая алатын секілді көрінді... Сонда қолайсыз нәтижені неден көруге болады? Біздің ойымызша, әрі шеттен әкелінетін заттар, әрі шетке шығаратын заттар *саудасының шамадан тыс ұлғаюынан* көруге болады. Егер біздің көпестеріміз өздерінің қызметін неғұрлым тар шеңберге түсірмесе, әр үш жылда болып тұратын абыржудан басқа ешнәрсе бізді теле-тең жағдайда ұстай алмайды».

Мемлекеттік төңкерістер мен жалпыға бірдей сайлау правосының қайта енгізілуі туралы лақаптар, парламент пен атқарушы өкімет арасындағы күрес, орлеанистер мен легитимистердің дау-жанжалдары, Оңтүстік Франциядағы коммунистік заговорлар, Ньевра мен Шер департаменттеріндегі қайдағы бір шаруалар көтерілістері, президенттікке ұсынылатын әртүрлі кандидаттардың жарнамалары, газеттердің даурыққан ұрандары, республикашылардың конституцияны және жалпыға бірдей сайлау

правосын қару күшімен қорғамақ болған айбары, эмиграцияға кеткен *in partibus*⁸¹ геройларының 1852 жылғы майдың екінші жексенбісінде ақыр заманның боларын хабарлаған үндеулері үнемі азаптап, жұлмалап, құлағын тұндырған, коммерциядан ақыл-ойы шатасқан француз буржуасының осы сауда үрейі ортасында қандай халде болатынын ойлап қарасақ,— сонда осы қосылудан, қайта қараудан, ұзартудан, конституциядан, конспирациядан, одақтасудан, эмиграциядан, озбырлықтан және революциядан құралған адам айтқысыз, асқынған, былық ішінде тұншыққан буржуазияның не себепті ақылынан адасып, өзінің парламенттік республикасына: «*Бітпейтін сұмдықтан бітіп тынған сұмдық артық!*» деп айқайлайтынын түсінеміз.

Бонапарт бұл айқайды түсінді. Кредиторлардың төзімсіздігі өскен сайын оның түсінгіштігі де күшейе түсті; күн батып, таң атып, президенттіктің ақырғы күні, 1852 жылғы майдың екінші жексенбісі жақындаған сайын олар аспандағы жұлдыздардың қозғалысы өздерінің жердегі вексельдерін іске асырмай тастайтынын көргендей болды. Олар нағыз астрологтарға айналды. Ұлттық жиналыс Бонапартты оның өкіметі мерзімін конституция бойынша ұзарту үмітінен айырды; принц Жуанвильдің кандидатурасы онан әрі қобалжуға жол бермеді.

Егер болатын оқиға өзінің басталуынан көп бұрын алға қарай өзінің көлеңкесін түсірген болса, бұл оқиға Бонапарттың мемлекеттік төңкерісі. 1849 жылғы 29 январьда-ақ өзінің сайлануынан небары бір айдан соң Бонапарт Шангарньеге осы мағынада ұсыныс жасады. Оның өзінің премьер-министрі Одилон Барро 1849 жылдың жазында бүркемеленген түрде, ал Тьер 1850 жылдың қысында мүлде ашықтан-ашық мемлекеттік төңкеріс саясатын сөз қылды. 1851 жылғы майда Персиньи Шангарньенің төңкерісті қолдайтын уәдесін алуға тағы да әрекеттенді, ал «*Messenger de l'Assamblee*»²²⁹ бұл келіс сөздерді дабыралап қойды. Бонапартшыл газеттер әрбір парламенттік дауыл тұсында мемлекеттік төңкеріспен қорқытты; сөйтіп, дағдарыс неғұрлым жақындаған сайын олардың үні де солғұрлым батыл шықты. Бонапарттың сәнқой ерск-әйел алаяқтармен күн сайын жасаған түнгі ойнақтарында, түн ортасы болып, ағыл-тегіл ішкілік тілге ерік берген, қиялды шарықтатқан кездерде, таңертең мемлекеттік төңкеріс жасау тағайындалып отырды. Қылыштар қынабынан суырылды, стакандар сынғырлады, депутаттар терезеден лақтырылды, императордың шапаны Бонапарттың иығына жабылды; таң сазы елестерді сейілтіп, таңданған Париж аузы жеңіл весталкалар мен әдепсіз паладиндерден өзінің төнген қауіптен тағы да аман құтылғанын білгенге дейін осылай болып отырды. Сентябрь мен октябрьде *сour d'etat** туралы лақаптар

* — мемлекеттік төңкеріс. *Ред.*

бір сәтке де басылмады. Көленке енді түрлі түсті суреттей боялды. Сентябрь мен октябрь ішіндегі европалық газеттерді аударыстырсақ болғаны, олардан дәл мынадай мазмұнды хабарларды табамыз: «Мемлекеттік төңкеріс туралы лақаптар Парижде кең жайылды. Түнде астананы әскер басып алады, ал таңертен, Ұлттық жиналысты тарататын, Сена департаментін қоршау жағдайында деп жариялайтын, жалпыға бірдей сайлау правосын қайта енгізетін, халыққа жүгінетін декреттер шығарылады деседі. Бонапарт бұл заңсыз декреттерді іске асыру үшін министрлер іздеп жүр деседі». Бұл хабарлар әрдайым «*Кейінге қалдырылды*» деген қатерлі сөзбен аяқталады. Мемлекеттік төңкеріс әрдайым Бонапарттың көкейінен кетпеген идея болды. Бұл идеямен ол Францияға қайтып оралды. Оның бұл идеяға берілгендігі сонша, ол мұны үнемі жариялап, айтып қойып жүрді. Оның әлсіздігі сонша, ол өзінің жоспарынап соншама үнемі бас тартып отырды. Париждіктердің болғалы тұрған мемлекеттік төңкерістің көленкесіне бойы үйренгендігі сонша, бұл төңкеріс, ақырында, нақпа-нақ төніп келгенде олар бұған напғысы келмеді. Сонымен, мемлекеттік төңкерістің сәті түскен себебі тіпті де 10 декабрь Қоғамы бастығының өте құпиялық сақтағандығынан, Ұлттық жиналыстың қапы қалғандығынан емес. Ол Бонапарттың мылжындығына және *Жиналыстың* мән-жайға толық хабардар болып отырғанына қарамастан, оқиғалардың оған дейінгі барысының сөзсіз, қажетті нәтижесі ретінде сәтті болып шықты.

10 октябрьде Бонапарт министрлерге өзінің жалпыға бірдей сайлау правосын қайтадан енгізуге ұйғарғанын мәлімдеді, 16 октябрьде министрлер орнынан түсті, 26 октябрьде Париж Торинь министрлігінің құрылғанын естіді. Бұл кезде полиция префекті Карльенің орнына Мопа тағайындалды, ал бірінші армиялық дивизияның бастығы Маньян ең сенімді полктерді астанаға жинады. 4 ноябрьде Ұлттық жиналыс өзінің мәжілістерін қайтадан бастады. Жиналысқа өткен сабақты қысқаша, жинақы конспект бойынша қайталап, өзінің тек өлгеннен кейін көрге көмілгенін дәлелдеуден басқа ешнәрсе қалмады.

Атқарушы өкіметпен күресте Жиналыстың айрылған алғашқы позициясы министрлік болды. Оған бұл жөнінде Ториньидің мүлде жалған министрлігін толық танып, салтанатпен қол қоюға тура келді. Тұрақты комиссия жаңа кабинет атынан келіп өзін таныстырған Жиро мырзаны күлкі етіп қарсы алды. Жалпыға бірдей сайлау правосын қайтадан енгізу сияқты күшті шараны жүзеге асыру үшін мұндай дәрменсіз министрлік болар ма! Бірақ істің бәрі нақ осыған, парламент *арқылы* ешнәрсе істемей, істің бәрін парламентке *қайшы* келіп істеуге сайды.

Ұлттық жиналыс ашылған күні ол Бонапарттың арнаулы хатын алды; мұнда ол жалпыға бірдей сайлау правосын қайтадан

енгізуді және 1850 жылғы 31 майдағы заңды жоюды талап етті. Дәл сол күні оның министрлері осы мағынада декрет ұсынды. Жиналыс министрлердің декретті кейінге қалдыруға болмайды деген ұсынысын енгізген бойда-ақ қабылдамай тастады, ал заңның өзін 13 ноябрьде 348 дауысқа қарсы 355 дауыспен қабылдамай қалдырды. Сонымен, ол өзінің мандатын тағы да жыртып, өзінің ерікті түрде сайлаған халық өкілдігінен бір таптың озбырлық парламентіне айналғанын тағы да дәлелдеді, парламенттік басты ұлттың денесімен біріктіретін бұлшық етті өзінің шорт кескенін тағы да мойындады.

Егер атқарушы өкімет жалпыға бірдей сайлау правосын қайтадан енгізуді ұсынып, Ұлттық жиналыстың үстінен халыққа арыз етсе, заң шығарушы өкімет квесторлардың заң жобасын ұсынып, халық үстінен армияға арыз етті. Бұл заң жобасы бойынша Ұлттық жиналыс өзінің әскерді тікелей шақыру, парламенттік армия құру правосын біржолата бекітіп алуды көздеді. Сонымен, армияны өзі мен халық арасындағы, өзі мен Бонапарт арасындағы келістіруші судья етіп тағайындап, армияны мемлекеттегі шешуші күш деп танып, Ұлттық жиналыс, екінші жағынан, өзінің бұл күшке үстемдік жүргізу правосынан әлдеқашан бас тартқанын растауға тиісті болды. Әскерді дереу шақыру орнына өзінің бұл правосын айтысқа салып, Ұлттық жиналыс өз күшіне өзі күмәнданатынын көрсетті. Квесторлардың заң жобасын қабылдамай, ол өзінің дәрменсіздігін ашық мойындады. Бұл заң 108 дауыс азшылық алып, өтпей қалды: Гора оның тағдырын шешті. Гора буридандық есектің кебін киді, бар айырмашылығы сол — оған екі құшақ азды-көпті қызықтыратын пішеннің қайсысын таңдауға емес, азды-көпті қатты тиетін екі сыбаға жұдырықтың бірін таңдап алуға тура келді. Бір жағынан, Шангарньеден қорқады, екінші жағынан, Бонапарттан қорқады: мұндай халдің тіпті де батырдың халі болмағанын мойындау қажет.

Тәртіп партиясының өзі ұсынған коммуналдық сайлау туралы заңға 18 ноябрьде түзету енгізілді; бұл түзету бойынша, коммуналдық сайлаушылардан олардың сайлау болатын жерде үш жыл тұруы орнына небары бір жыл тұруы талап етілді. Бұл түзету небары бір дауыс көпшілікпен өткізілмей қалдырылды, бірақ осы жалғыз дауыстың өзі де, дереу анықталғанындай, қате есептелген болып шықты. Бір біріне дұшпан фракцияларға бөлінген тәртіп партиясы парламентте дербес көпшілік болудан әлдеқашан қалған-ды. Енді ол парламентте, тегі, ешқандай көпшілік жоқ екенін көрсетті. Ұлттық жиналыс *шешімдер қабылдау қабілетінен айрылды*. Оны құраған атомдарды енді ешқандай ілінісу күші байланыстырмайтын болды, ол ақырғы демін шығарды, ол өлікке айналды.

Ақырында, буржуазияның парламенттен тысқары көпшілік

бөлігіне апаттан бірнеше күн бұрын өзінің парламенттік буржуазиямен ажырасқанын тағы да салтанатпен дәлелдеуге тура келді. Парламенттік герой болғандықтан, жазылмайтын парламенттік кретинизм дертінен ерекше қатты азап шеккен Тьер парламент өлгеннен кейін Мемлекеттік советпен жаңа парламенттік жанжалды — президентті конституция шеңберінде ұстау мақсатын көздейтін жауаптылық туралы заңды ойлап шығарды. Квесторлар заң жобасын енгізгеннен кейін Елисей сарайында өзі сыйлаған лейтенанттарды сүйсіндіргені сияқты, 15 сентябрьде, Парижде жаңадан жабық рыноктың іргесін қалау құрметіне, рынок бәйбішелерін, балық сататын әйелдерді Мазаньеллодан кем тандандырмаған Бонапарт, — рас, балық сатушы бір әйел өзінің нақты күші жағынан он жеті бургграфқа тен келетін еді, — сол Бонапарт енді, 25 ноябрьде, оның қолынан лондондық өнеркәсіп көрмесі үшін медальдар алуға циркке жиналған өнеркәсіптік буржуазияны өзіне ертіп әкетті. Оның «Journal des Débats»-тегі сөзінің мұны сыйпаттайтын бір бөлегін келтірейін:

«Мұндай кенет табыстар маған мынаны қайталап айтуға право береді: егер Француз республикасына, бір жағынан, демагогтар, екінші жағынан, монархистік елестер туғызып отырған тынышсыздықтан үздіксіз зиян көре беру орнына өзінің нақты мүдделеріне қамқорлық жасауға және өзінің мекемелерін қайта құруға мүмкіндік берілген болса, бұл республика қандай ұлылыққа жеткен болар еді. (Амфитеатрдың тұс-тұсынан қатты, ду ұзақ қол шапалақтау.) Монархистік елестер қандай да болсын прогреске және өнеркәсіптің барлық елеулі салаларына бөгет жасайды. Прогресс орнына тек қана күрес болмақ. Корольдік өкіметті және корольдік праволарды бұрын мейлінше беріліп қорғаған адамдар жалпыға бірдей сайлау правосынан туған өкіметті нашарлату үшін ғана Конвент рухында өрекет жасайтынын біз көріп отырмыз. (Қатты және ұзақ қол шапалақтау.) Революциядан бәрінен де көп зиян көрген және оның үстінен бәрінен де көп арыз еткен адамдар жаңа революцияны туғызуға арандататынын біз көріп отырмыз, ал осының бәрі тек ұлттың еркін бұғаулау үшін істеледі... Мен сіздерге келешекте тыныштық орнатуға уәде беремін... және басқалар, және басқалар. («Бәрекелді, бәрекелді» деген дауыстар, «Бәрекелді» деген айқайлар).

Сөйтіп, 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске, парламенттің жойылуына, өз үстемдігінің құруына, Бонапарттың диктатурасына өнеркәсіптік буржуазия осылайша құлшылықпен қол шапалақтады. 25 ноябрьдегі ду қол шапалақтаған дауысқа 4 декабрьдегі гүрсілдеген зеңбірек дауысы жауап берді, сөйтіп, бәрінен де қатты қол шапалақтаған Салландруз мырзаның үйіне бәрінен де көп снаряд түсіп, жайпап кетті.

Кромвель Ұзақ парламентті²³⁰ таратқанда мәжіліс залына жалғыз өзі келіп, парламенттің белгіленген мерзімнен артық бір минут та өмір сүруіне мүмкіндік бермеу үшін қалтасынан сағатын алып қарап тұрып, парламенттің әрбір мүшесін сықақ күлкімен шығарып салған еді. Өзінің бұл алғы типінен ұсағырақ Наполеон, дегенмен, 18 брюмерде Заң шығарушы жиналысқа

барып, оған — рас, үзіліп-үзіліп шыққан дауыспен — оны өлім жазасына кескен үкімді оқыды. Кромвельдің немесе Наполеонның қарамағында болғанынан мүлде басқаша атқарушы үкіметі бар екінші Бонапарт өзіне үлгі боларлық тұлғаны бүкіл дүние жүзілік тарихтың шежірелерінен іздемей, 10 декабрь Қоғамының шежірелерінен, қылмысты істер сотының шежірелерінен іздеді. Ол Француз банкінен 25 миллион франк ақшаны ұрлап, генерал Маньянды бір миллионға, солдаттардың әрбіреуін 15 франкке арағын қоса беріп сатып алды, түн жамылған ұрыдай астыртын өзінің сыбайластарымен кездесті, неғұрлым қауіпті парламенттік көсемдердің үйлеріне басып кіруге, Кавеньяқты, Ламорисьерді, Лефлонь, Шангарньені, Шаррасты, Тьерді, Базды және басқаларды төсектерінен сүйреп түсіріп, түрмеге әкелуге, Париждің басты-басты пункттерін және парламент үйін әскер күшімен басып алуға және таңертең ертемен бүкіл астанада Ұлттық жиналыс пен Мемлекеттік советтің таратылғанын, жалпыға бірдей сайлау правосының қайтадан енгізілгенін және Сена департаменті қоршау жағдайында деп жарияланғанын хабарлайтын жарнама плакаттар жабыстыруға бұйрық берді. Ал онан біраз уақыт өткен соң ол «Moniteur»-де өзінің төңіргіне бірсыпыра беделді парламенттік қайраткерлер топтасыптымыс, олар төтенше Мемлекеттік совет құрыпты-мыс дейтін жалған документ бастырды.

Парламенттің қалдықтары, көбінесе легитимистер мен орлеанистер, оныншы округ мэриясының үйіне жиналып, қайта-қайта «Республика жасасын!» деп ұран салған дауыспен Бонапартты орнынан түсіруге дауыс берді, парламенттің үйі алдында таңырқап тұрған анқау жұртты көмекке шақырып әлектенді, ақырында, оларды африкан атқыштарына айдатып, Орсе казармасына әкетті, ал онан тұтқын кареталарымен түрмеге — Мазасқа, Гамге және Венсенге жөнелтті. Тәртіп партиясының, Заң шығарушы жиналыстың және февраль революциясының ақыры осындай болды.

Қорытындыға көшуден бұрын февраль революциясы тарихының қысқаша схемасын жасайық.

I. *Бірінші дәуір.* 1848 жылғы 24 февральдан 4 майға дейін. Февраль дәуірі. Пролог. Жалпы бауырласу комедиясы.

II. *Екінші дәуір.* Республиканың және Ұлттық құрылтай жиналысының құрылу дәуірі.

1) 1848 жылғы 4 майдан 25 июньге дейін. Барлық таптардың пролетариатқа қарсы күресі. Июнь күндерінде пролетариаттың жеңілуі.

2) 1848 жылғы 25 июньнен 10 декабрьге дейін. Нағыз буржуазиялық республикашылдардың диктатурасы. Конституцияның жасалуы. Париждің қоршау жағдайында деп жариялануы.

Бонапарттың 10 декабрьде президент болып сайланып, буржуазиялық диктатураның жойылуы.

3) 1848 жылғы 20 декабрьден 1849 жылғы 28 майға дейін. Құрылтай жиналысының Бонапартқа және оған қосылған тәртіп партиясына қарсы күресі. Құрылтай жиналысының құруы. Республикашыл буржуазияның жеңілуі.

III. *Үшінші дәуір. Конституциялық республиканың және Заң шығарушы ұлттық жиналыстың дәуірі.*

1) 1849 жылғы 28 майдан 1849 жылғы 13 июньге дейін. Ұсақ буржуазияның буржуазиямен және Бонапартпен күресі. Ұсақ буржуазиялық демократияның жеңілуі.

2) 1849 жылғы 13 июньнен 1850 жылғы 31 майға дейін. Тәртіп партиясының парламенттік диктатурасы. Тәртіп партиясы жалпыға бірдей сайлау правосын жойып, өзінің үстемдігін аяқтайды, бірақ парламенттік министрліктен айрылады.

3) 1850 жылғы 31 майдан 1851 жылғы 2 декабрьге дейін. Парламенттік буржуазия мен Бонапарт арасындағы күрес.

а) 1850 жылғы 31 майдан 1851 жылғы 12 январьға дейін. Парламент армияға бас командашылығынан айрылады.

в) 1851 жылғы 12 январьдан 11 апрельге дейін. Парламент әкімшілік өкіметті қайтадан өзіне бағындыру әрекеттерінде жеңіліске ұшырайды. Тәртіп партиясы дербес парламенттік көпшілігінен айрылады. Ол республикашылдармен және Горамен одақ жасайды.

с) 1851 жылғы 11 апрельден 9 октябрьге дейін. Қайта қарау, қосу, өкілдікті ұзарту әрекеттері. Тәртіп партиясы өзінің жеке құрамды бөлшектеріне ыдырап кетеді. Буржуазиялық парламенттің және буржуазиялық баспасөздің буржуазиялық көпшіліктен біржолата ажырасуы.

д) 1851 жылғы 9 октябрьден 2 декабрьге дейін. Парламент пен атқарушы өкіметтің арасындағы ашық ажырасу. Парламент өлуге айналады, өзінің табы, армиясы, барлық басқа таптар тастап кеткен парламент құлайды. Парламенттік режимнің және буржуазия өкіметінің құруы. Бонапарттың жеңуі. Империяны жаңғырту келекесі.

VII

Әлеуметтік республика февраль революциясының табалдырығындағы бос сөз, сәуегейлік болды. 1848 жылғы июнь күндерінде ол *Париж пролетариатының* қанына тұншықтырылды, бірақ елес түрінде ол драманың келесі актыларында шығып тұрды. Сахнаға *демократиялық республика* шықты. Ол 1849 жылғы 13 июньде өзінің бет-бетіне қашып кеткен *ұсақ буржуаларымен* бірге ғайып болды, бірақ қашқанда, ол нағыз даурықпа жарнамаларын өзінің артына тарата қашты. *Парламенттік*

республика буржуазиямен бірге бүкіл сахнаны билеп алды, мейлінше кең құлаш жайды, бірақ 1851 жылғы 2 декабрьде оны біріккен роялистердің: «Республика жасасын!» деп жан түршіккен даусымен көрге көмді.

Француз буржуазиясы еңбекші пролетариаттың үстемдігіне қарсылық көрсетті — ол өкімет билігін 10 декабрь Қоғамының жетекшісі бастаған люмпен-пролетариатқа әкеліп берді. Буржуазия Францияға қызыл анархияның төніп келе жатқан сұмдығы қорқынышынан есін жинауға мүмкіндік бермеді — Бонапарт бұл келешекті күні бұрын есепке алды, арақтың қызуымен желіккен тәртіп армиясы, оның бұйрығы бойынша, 4 декабрьде өздерінің терезелері алдында тұрған, Монмартр мен Италиян бульварының атакы буржуаларына оқ жаудырды. Ол семсерге табынды — семсер оған үстемдік жүргізді. Ол революциялық баспасөзді жойды — оның өз баспасөзі жойылды. Ол халық жиналыстарын полицияның бақылауына берді — оның салондары полицияның бақылауында болды. Ол демократиялық ұлттық гвардияны таратты — оның өзінің ұлттық гвардиясы таратылды. Ол қоршау жағдайын енгізді — қоршау жағдайы оған қарсы енгізілді. Ол присяжныйлар сотын әскери комиссияларымен ауыстырды — оның присяжныйлар соты әскери комиссияларымен ауыстырылды. Ол халық мектебін поптардың билігіне берді — поптар оның өзінің мектебіне билік жүргізетін болды. Ол сотсыз айдауға жіберді — оның өзін сотсыз айдауға жіберетін болды. Ол қоғамның қандай да болсын қозғалысын мемлекеттік күшпен басты — мемлекеттік күш оның қоғамының қандай да болсын қозғалысын басатын болды. Ол өзінің ақшаға құмарлығынан өзінің саясатшылары мен жазушыларына қарсы бүлік шығарды — оның саясатшылары мен жазушылары қуылды, ал оның үнін өшіріп, оның қаламын сындырғаннан кейін оның ақшасы талауға ұшырады. Қаснетті Арсенийдің христиандарға айқайлағаны сияқты, буржуазия революцияға тынбастан: «Fuge, tace, quiesce! — Қаш, үніңді өшір, тыныштал!» деп айқай салды, — Бонапарт буржуазияға: «Fuge, tace, quiesce! — Қаш, үніңді өшір, тыныштал!» деп айқай салады.

Француз буржуазиясы Наполеонның: «Dans cinquante ans, l'Europe sera republicaine ou cosaque»* деген таңдауын әлдеқашан шешті. Ол мұны «gêpublique cosaque»** түрінде шешті. Буржуазиялық республиканың асылын ұсқынсыз албастыға айналдыру үшін Цирцеяның зымиян сыйқырларының қажеті болмады. Бұл республика сыртқы сыпайылығынан басқа ешнәрсесін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі Франция*** парламенттік

* — «Елу жылдан кейін Европа республикалық немесе казактік болады». *Ред.*

** — «казактік республика». *Ред.*

*** — яғни 1851 жылғы мемлекеттік төңкерістен кейінгі Франция. *Ред.*

республика ішінде әзір тұрды. Желқуықтың жарылып, албастының көз алдына келіп көрінуі үшін штыкпен бір шаншудың өзі жеткілікті болды.

Париж пролетариаты 2 декабрьден кейін неге көтеріліс жасамады?

Буржуазияның құлатылуы әзірге тек декреттелді, бірақ декрет әлі орындалмаған еді. Пролетариаттың қандай да болсын елеулі көтерілісі буржуазияны дереу қайтадан жандандырып, оны армиямен татуластыратын және жұмысшыларға екінші рет июньдік жеңілісті әзірлейтін еді.

4 декабрьде буржуа мен дүкеншілер пролетариатты күреске айдап салды. Сол күні кешке ұлттық гвардияның бірнеше легионы қолдарына қару алып, мундир киіп, ұрыс майданына келуге уәде берді. Іс мынада еді: буржуа мен дүкеншілер Бонапарт өзінің 2 декабрьдегі декреттерінің бірінде жасырын дауыс беруді жойып, оларға сайлаушылардың ресми тізімдерінде, өздерінің есімдері қатарына «мақұл» немесе «жоқ» деп жазуды бұйырғанын білген еді. 4 декабрьдегі қарсылық Бонапартты үрейлендірді. Түнде, оның бұйрығы бойынша, бүкіл Парижде жасырын дауыс берудің қайта енгізілгенін хабарлаған плакаттар жапсырылды. Буржуа мен дүкеншілер өздерінің мақсатына жеттік деп ойлады. Келесі күні таңертең нақ осы дүкеншілер мен буржуа өздерінің үйлерінде отырып қалды.

Декабрьдің 1-нен 2-не қараған түнде Бонапарт тұтқиыл шабуыл жасап, Париж пролетариатын оның көсемдерінен, оның баррикада командирлерінен айырды. Офицерлерсіз армия болып қалған, 1848 және 1849 жылдардағы июнь күндерінен, 1850 жылғы май күндерінен кейін Гораның туы астында күресуге ешқандай ынтасы болмаған пролетариат өзінің авангардына, астыртын қоғамдарға, Париждің көтерілісшілік намысын құтқаруға мүмкіндік берді; буржуазияның бұл намысты солдаттардың озбырлығына тіл қатпай тастап кеткендігі сонша,— Бонапарт кейіннен ұлттық гвардияны зәрлі сылтаумен: анархистер гвардияның қаруын оның өзіне қарсы жұмсауынан қауіптенемін деген сылтаумен қарусыздандыра алды!

«C'est le triomphe complet et définitif du socialisme!»*— Гизо 2 декабрьдегі төңкерісті осылайша сипаттады. Ал егер парламенттік республиканың тумай жатып құлатылуы пролетариат революциясының салтанат құруы болса, онда *Бонапарттың парламентті жеңуі, атқарушы өкіметтің заң шығарушы өкіметті жеңуі, құрғақ сөзбен бүркелмеген күштің құрғақ сөз күшін жеңуі* оның ең таяу сезілетін нәтижесі болды. Парламентте ұлт өзінің жалпыға бірдей еркін заңға айналдырды, яғни үстемдік жүргізуші таптың заңын өзінің жалпыға бірдей еркі дәрежесіне

* — «Бұл — социализмнің толық және біржолата салтанат құруы!» Ред.

жеткізді. Атқарушы өкімет алдында ол қандай да болсын өз еркінен бас тартып, басқаның еркі бұйрығына, беделіне бағынды. Заң шығарушы өкіметке қарама-қарсы атқарушы өкімет ұлттың автономиясына қарама-қарсы оның гетерономиясын білдіреді. Сонымен, Франция тұтас бір таптың деспотизмінен құтылғанда, бір адамның деспотизміне, оның үстіне ешқандай беделі жоқ жеке адамның беделіне бағыну үшін құтылғандай болды. Күрес мылтықтың құндағы алдында барлық таптардың бірдей дәрменсіздікпен және бірдей үнсіз тізе бүгуімен аяқталғандай болды.

Бірақ революция дәйекті. Ол әлі де тазартқыш арқылы тазарту жолында. Ол өзінің ісін жүйелеп орындайды. 1851 жылғы 2 декабрьге дейін ол өзінің әзірлік жұмысының жартысын аяқтады, енді ол екінші жартысын аяқтауда. Әуелі ол парламенттік өкіметті құлатуға мүмкіндік алу үшін оны кемеліне келтірді. Енді, бұған жеткеннен кейін, ол *атқарушы өкіметті* кемеліне жеткізеді, оны оның ең таза белгісіне жеткізеді, оны оқшаулайды, өзінің барлық қирату күштерін оған қарсы шоғырландыру үшін оны өзіне қарсы бірден бір объект етіп қояды. Ал революция өзінің алдын ала жүргізетін жұмысының бұл екінші жартысын аяқтағанда Европа өзінің орнынан көтеріліп, салтанатты түрде: сен жақсы қазасын, кәрі көртышқан!* деп айтатын болады.

Орасан зор бюрократтық және әскери ұйымы, көп буынды әрі жасанды мемлекеттік машинасы бар, жарты миллион армиямен қатар тағы да жарты миллион адам осы чиновниктер әскері бар бұл атқарушы өкімет, француз қоғамының денесін бейне тормен орап алған және оның тынысының бәрін бітейтін бұл сұмдық паразит-организм самодержавиелік монархия заманында, феодализм құлаған, оның тез құлауына бұл организм көмектескен кезде туды. Жер иелері мен қалалардың сеньорлық артықшылықтары мемлекеттік өкіметтің сондай көп белгілеріне, феодалдық ұлықтар — жалақы алатын чиновниктерге, ал товар үлгісімақтарының жиыны сияқты, айқыш-ұйқыш ұштасып жатқан орта ғасырлық суверендік праволардың ала-құла картасы мемлекеттік өкіметтің дәлме-дәл белгіленген жоспарына айналды, мұнда да фабрикадағыдай еңбек бөлінісі, сондағыдай орталықтану үстемдік етеді. Ұлттың азаматтық бірлігін жасау үшін барлық жергілікті, территориялық, қалалық және провинциялық ерекше өкіметтерді жоюды өзінің міндеті етіп алға қойған бірінші француз революциясы самодержавиелік монархия бастағанды — орталықтандыруды онан әрі дамытуға тиісті болды, бірақ мұнымен бірге ол үкімет билігінің көлемін кеңейтті,

* Шекспир. «Гамлет», I акт, бесінші көрініс. *Ред.*

белгілері мен көмекшілері санын көбейтті. Наполеон бұл мемлекеттік машинаны құруды аяқтап шықты. Легитимдік және Июль монархиялары зор еңбек бөлінісінен басқа ешқандай жаңалық қоспады; ал буржуазиялық қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі мүдделердің жаңа топтарын, демек, мемлекеттік басқарудың жаңа объектілерін жасаған сайын еңбек бөлінісі де көбейе берді. Қандай да болсын *ортақ* мүдде дереу қоғамнан бөлініп, жоғары, *жалпыға бірдей* мүдде ретінде оған қарсы қойылды, қоғам мүшелерінің өздігінен істеушілік саласынан шықты, сөйтіп, пәлендей бір селолық қауымның көпірінен, мектеп үйінен және коммуналдық мүлкінен бастап, темір жолдарға дейін, Францияның ұлттық мүлкі мен мемлекеттік университеттеріне дейін үкімет қызметінің шұғылданатын ісіне айналды. Ақырында, парламенттік республика революцияға қарсы өзінің күресінде амалсыздан, қудалау шараларымен бірге, үкімет билігінің құралдары мен орталықтануын күшейтуге мәжбүр болды. Барлық төңкерістер бұл машинаны қирату орнына оны жетілдіре берді. Бірін бірі ауыстыра отырып, үстемдік үшін күрескен партиялар бұл орасан зор мемлекеттік сарайды басып алуды өздерінің жеңісінің ең үлкен олжасы деп таныды.

Бірақ абсолюттік монархия тұсында, бірінші революция кезінде, Наполеонның тұсында, бюрократия тек буржуазияның таптық үстемдігін әзірлеудің құралы ғана болды. Реставрация кезінде, Луи-Филипп тұсында, парламенттік республика тұсында, бюрократия, өзінің дербес билік жүргізуге ұмтылуына қарамастан, үстем таптың құралы болды.

Тек екінші Бонапарт тұсында ғана мемлекет толық дербес болғандай еді. Мемлекеттік машинаның азаматтық қоғам жөнінде өзінің жағдайын нығайтқандығы сонша,— ол енді шетелден келген бір сұрқияны, арақпен және шұжықпен сатып алған және қайта-қайта шұжықпен көңілін тауып тұратын маскүнем солдаттар оны қалқанына отырғызып көтерген сұрқияны 10 декабрь Қоғамы шефінің бастығы етіп қойды. Қорқақтық торығу, адам айтқысыз қорлық сезімі — Францияның тынысын тарылтып, оған еркін дем алуға мүмкіндік бермей отырған қорлық сезімі осыдан туып отыр. Ол өзін масқаралағандай сезіп отыр.

Солай бола тұрса да мемлекеттік өкімет әуеде асылынып тұрған жоқ. Бонапарт — таптың өкілі, оның үстіне, француз қоғамының ең саны көп табының, *парцелльді шаруалардың* өкілі.

Бурбондар ірі жер иелігінің династиясы, ал Орлеандар ақшаның династиясы болғаны сияқты, Бонапарттар шаруалардың, яғни француз халық бұқарасының династиясы болып табылады. Шаруалардың қалағаны — буржуазиялық парламентке бағынған Бонапарт емес, буржуазиялық парламентті қуып таратқан Бонапарт. Қалалар үш жыл бойына 10 декабрьдегі сайлаудың мәнісін бұрмалап, шаруалардың империяны қайта орнату үмі-

тін алдай алды. 1848 жылғы 10 декабрьдегі сайлау өзінің шын бейнесін 1851 жылғы 2 декабрьдегі төңкерістен ғана тапты.

Парцелльді шаруалар орасан көп бұқара, оның мүшелері бірдей жағдайда өмір сүреді, бірақ бір бірімен әртүрлі қатынас жасамайды. Олардың өндіріс әдісі олардың өзара қатынасын туғызу орнына оларды бір-бірінен оқшаулатады. Францияның қатынас жолдарының нашарлығы және шаруалардың кедейлігі себепті бұл оқшаулану онан сайын күшейе түседі. Олардың өндіріс танабы, парцелла, егін еккенде ешқандай еңбек бөлінісіне, ғылымды қандай да болсын қолдануға, демек, дамудың ешқандай әр түрлілігіне, таланттардың ешқандай айырмашылығына, қоғамдық қатынастардың ешқандай көптігіне мүмкіндік бермейді. Әрбір жеке шаруа семьясы толығынан дерлік өзімен өзі болады, тұтынатынының көбін тікелей өзі өндіреді, сөйтін өзінің өмір сүру жабдықтарын қоғаммен қатынастан гөрі табиғатпен айырбастан көбірек алады. Парцелла, шаруа және семья, оның қатарында екінші парцелла, екінші шаруа және екінші семья. Бұлардың бір тобы деревня болып, деревнялардың бір тобы департамент болып құралады. Сонымен, француз ұлтының орасан көп бұқарасы, бір қапшық картоп түйнектерінің бір қапшық картоп болатыны сияқты, француз ұлтының орасан көп бұқарасы біртекті жандардың жай қосылуы жолымен құралады. Миллиондаған семьялар өздерінің тұрмыс қалпын, мүдделерін және білімін басқа таптардың тұрмыс қалпынан, мүдделерінен және білімінен өзгеше ететін және оған дұшпандықпен қарсы қоятын экономикалық жағдайларда өмір сүретіндіктен, олар тап болып құралады. Парцелльді шаруалар арасында тек жергілікті байланыс болып отыратындықтан, олардың мүдделерінің бірдейлігі олардың арасында ешқандай бірлік, ешқандай ұлттық байланыс, ешқандай саяси ұйым туғызбайтындықтан, олар тап болып құралмайды. Сондықтан олар өздерінің таптық мүдделерін парламент арқылы немесе конвент арқылы болсын өз атынан қорғай алмайды. Олар өздеріне өздері өкілдік ете алмайды, олар атынан басқалар өкілдік етуге тиіс. Сонымен бірге олардың өкілі олардың қожайыны, оларды басқа таптардан қорғайтын, оларға аспаннан жауын мен күн сәулесін жіберетін тежеусіз үкімет билігі түріндегі, олардан жоғары бедел иесі болуға тиіс. Парцелльді шаруаның саяси ықпалы, сайып келгенде, атқарушы өкіметтің қоғамды өзіне бағындыруынан көрінеді.

Тарихи дәстүр француз шаруаларында: Наполсон деп аталатын адам біз айрылған игіліктердің бәрін өзімізге қайтарады деген мистикалық сенім туғызды. Міне, енді тек — Code Napoleonның: «La recherche de la paternité est interdite»* дейтін статьясы

*— Наполеондық кодекстің: «Әкені іздеуге тыйым салынады». *Ред.*

негізінде — Наполеон есімімен аталатындығы себепті ғана өзін сондай адам деп көрсеткен біреу табыла кетті. Жиырма жылдық төңіреуден және толып жатқан ерсі оқиғалардан кейін сәуегейлік орындалып, бұл адам француздардың императоры бола кетті. Немере інінің жабысып қалмайтын идеясы жүзеге асты, өйткені бұл идея француз қоғамының ең саны көп табының жабысып қалмайтын идеясымен үйлесті.

Бірақ бұл арада маған қарсы былай делінуі мүмкін: Францияның тең жартысында болған шаруалар көтерілістері ше, армияның шаруаларды камалап ұстауы ше, шаруаларды жаппай тұтқынға алуы, жаппай айдауға жіберуі ше?

XIV Людовиктің заманынан бері Франция шаруалардың «демагогтік қастандық үшін» мұндай қудаланылуын білген емес.

Бірақ менің айтқанымды ұғынуды өтінемін. Бонапарттың династиясы революцияшыл емес, консерватор шаруаның өкілі; парцеллаға байланысты өмір сүруінің элеуметтік жағдайларынан құтылуға ұмтылатын шаруаның емес, бұл жағдайларды және бұл парцелланы баянды еткісі келетін шаруаның өкілі, қалаларға қосылуға және ескі тәртіпті өз жігерінің күшімен құлатуға ұмтылатын село халқының емес, мұның керісінше, бұл ескі тәртіпке тұйықталып, империяның елесінен оның өзін және өзінің парцелласын құтқаруды, өзіне артықшылық жағдай берілуін күтетін село халқының өкілі. Бонапарттың династиясы көзі ашық шаруаның емес, қайта жоққа сенетін надан шаруаның өкілі, оның ақыл-ойының емес, оның соқыр сенімінің өкілі, оның болашағының емес, өткендегісінің өкілі, оның осы күнгі Севенысының ²³¹ емес, осы күнгі Вандеясының ¹⁸⁷ өкілі.

Парламенттік республиканың үш жылдық қатал үстемдігі француз шаруаларының бір бөлегін наполосондық жалған үміттен құтқарып, революцияшылдандырды — рас, әзірге үстірт қана революцияшылдандырды; бірақ олар қозғала бастаған сайын буржуазия оларды күшпен шегеріп тастап отырды. Парламенттік республика тұсында француз шаруасының санасында жаңа идеялар мен дәстүр арасында күрес жүріп жатты; бұл процесс село мұғалімдерінің поптарға қарсы үздіксіз күресі формасында өтті — буржуазия мұғалімдерді басып отырды. Шаруалар өкіметтік қызмет жөнінде дербес позиция ұстауға алғаш рет күш салды; мұның өзі мэрлер мен префектер арасындағы үздіксіз соқтығыстарда көрінді — буржуазия мэрлерді орнынан түсірді. Ақырында, Францияның әр жерлерінде шаруалар парламенттік республика дәуірінде өздерінен туғандарға қарсы, армияға қарсы көтеріліс жасады, — буржуазия оларды қоршау жағдайын жариялау және азаптау арқылы жазалады. Міне, енді осы буржуазия оны Бонапартқа бейнебір сатып кеткен бұқараның, бұл

vile multitude-нің* топастығын айтып зарланады. Шаруалар табының империяны жақтауын оның өзі зорлықпен нығайтты, бұл шаруалар дінін туғызған негізді жасайтын жағдайды оның өзі бар ықыласымен сақтады. Рас, буржуазия бұқара консерватор болып отырғанда оның ақмақтығынан да, бұқара революцияшыл болысымен оның санасынан да бірдей қорқуға тиіс.

Coup d'etat-тан** кейін басталған көтерілістерде француз шаруаларының бір бөлегі қолдарына қару алып, өзінің 1848 жылғы 10 декабрьде дауыс берген шешіміне қарсы наразылық білдірді; 1848 жылдан бастап өткен мектебі оларға көп сабақ болды. Бірақ олар өздерінің жанын тарихтың тозағы тәңірілеріне сатып жіберді, тарих оларды сөзден ұстады, сондықтан көпшіліктің әлі санасыз болғандығы сонша, — нақ қызыл департаменттерде шаруалар Бонапартты жақтап ашық дауыс берді. Олардың пікірінше, Ұлттық жиналыс Бонапарттың әрекет қылуына бөгет жасады. Бонапарт қалалардың деревня еркін матаған бұғауларын енді ғана қиратты. Кей жерлерде шаруалардың конвентті Наполеонмен қатар қою керек деген мүлде қисынсыз ойы да болды.

Бірінші революция жартылай крепостной шаруаларды ерікті жер иелеріне айналдырғаннан кейін Наполеон шаруалардың өздеріне жаңа ғана тиген француз жерін бөгетсіз пайдалануына және өздерінің меншікке деген жастық құштарлығын қанағаттандыруына мүмкіндік беретін жағдайларды баянды етіп, ретке келтірді. Бірақ француз шаруасының қазіргі күйзелуінің себебі — мұның өзі нақ оның парцелласы, жер иелігінің бөлшектенуі, Францияда Наполеон орнықтырған меншік формасы. Мұның өзі — атап айтқанда, француздың феодалдық шаруасын парцелланың меншік иесі еткен, ал Наполеонды император еткен материалдық жағдайлар. Болмай қоймайтын нәтижеге — егіншіліктің барған сайын нашарлауына және егінші борышының барған сайын көбеюіне әкеп соқтыру үшін екі ұрпақтың өмірі жеткілікті болды. XIX ғасырдың басында Францияның село халқының азат етілуінің және баюының шарты болған меншіктің «наполеондық» формасы бұл ғасырдың ішінде оның құлдығының және қайыршылығының заңына айналды. Міне, нақ осы заң — екінші Бонапарттың қорғауына тура келіп отырған «idées napoléoniennes»*** біріншісі. Егер ол, шаруалар сияқты, шаруалардың күйзелуінің себебін парцеллалық меншіктің өзімен емес, онан тыс, екінші дәрежелі жағдайлардың әсерінен іздеу керек дейтін жалған сенімді әлі де жақтайтын болса, онда оның эксперименттері өндірістік қатынастарға соқтыққанда сабынның көбігіндей жарылады.

* — жексұрын тобырдың. *Ред.*

** — мемлекеттік төңкерістен. *Ред.*

*** — «Наполеондық идеялардың». *Ред.*

Парцеллалық меншіктің экономикалық дамуы шаруалардың басқа қоғамдық таптарға қатынасын түбірінен өзгертті. Наполеон тұсында деревнядағы жер меншігінің бөлшектенуі қалалардағы еркін бәсекені және онда туып жатқан ірі өнеркәсіпті толықтырды. Шаруалар табы жаңа ғана құлатылған жерлі аристократияға қарсы барлық жердегі наразылық болды. Парцеллалық меншіктің француз жеріне жайған тамыры феодализмді қандай да болсын қоректі нәрден айырды. Парцелланың меже белгілері буржуазияның өзінің бұрынғы қожайындарының қандай да болсын шабуылына қарсы табиғи қамалы еді. Бірақ ХІХ ғасырдың ішінде феодалдың орнын қалалық өсімқор басты, жерге ауыртпалық түсірген феодалдық салықтардың орнын ипотекалар алды, аристократиялық жер меншігінің орнын буржуазиялық капитал алды. Шаруаның парцелласы — капиталистке жерден пайда, өсім және рента алуға мүмкіндік беретін сылтау ғана болып, жер иесіне өзінің жалақысын өзінің тілегінше табуға ерік береді. Француз жеріне ауыртпалық түсіріп отырған ипотекалық борыш француз шаруаларына Англияға берешек бүкіл мемлекеттік борыштың жылма-жылғы өсімдерінің сомасына тең келетін өсім жүктейді. Капитал сондай дәрежеде құлдыққа түсірген ұсақ жер меншігі, — ал оның дамуы мұндай құлдыққа түсіруге бастамай қоймайды, — француз ұлтының көпшілігін жабайы етіп жіберді. 16 миллион шаруа (әйелдер мен балаларды қосып есептегенде) үнгірлерде тұрады, бұл үнгірлердің көбінің сығырайған бір ғана терезесі, қалғанының екі терезесі, ал ең мықтағанда үш терезесі бар. Ал үйдегі терезелер — бастың сезім органдарымен бірдей нәрсе. Бұл ғасырдың бас кезінде мемлекетті жаңа ғана туған парцеллаға сақшы етіп қойған және оны даңққа бөлеген буржуазиялық құрылыс оның жүрегінің қанын, басының мыйын сорып, өзін капиталдың алхимиялық ретортасына тастайтын қансорғышқа айналды. Code Napoléon қазір соттың шешімдерін орындаудың, мүлікке тоқтам салып, оны бағаны көп бергенге сатудың заңдар жинағынан басқа ешнәрсе емес. Ресми есептегі төрт миллион (балаларды және т. б. қосып есептегенде) қайыршылардан, тентіренділерден, қылмыстылардан және жезөкшелерден басқа Францияда өлім халіне жеткен, не деревняның өзінде тұратын, не өздерінің ескі-құсқысымен және балаларымен бірге деревнядан қалаға, қаладан деревняға үнемі көшіп жүретін бес миллион адам бар. Қысқасы, шаруалардың мүдделері енді, Наполеонның тұсындағыдай, буржуазияның мүдделерімен, капиталмен жарасып отырған жоқ, олармен ымыраға келмейтін қайшылықта болып отыр. Сондықтан шаруалар өздерінің табиғи одақтасын және көсемін, буржуазиялық тәртіпті құлатуға тиісті қалалық пролетариаттан табады. Бірақ күшті және тежеусіз үкі-

мет,— мұның өзі де екінші Наполеон жүзеге асырмақ болған екінші «*idée napoléonienne*»,— бұл «материалдық» тәртіпті күшпен қорғауға тиіс. Сол себепті де Бонапарттың бүлікшіл шаруаларға қарсы прокламацияларының бәріндегі басты дәлел осы «*ordre matériel*»* болып отырады.

Капиталистке төленетін ипотекалық борыштан басқа парцеллаға салық тағы да ауыртпалық түсіреді. Салық дегеніміз — бюрократияның, армияның, поптардың және сарайдың — қысқасы атқарушы өкіметтің бүкіл аппаратының күнелту негізі. Күшті үкімет пен көп салық — бірдей ұғымдар. Парцеллалық жер меншігі өзінің жаратылысында құдіретті және сансыз көп бюрократия үшін негіз болып табылады. Бұл меншік бүкіл елде қатынастар мен адамдардың дәрежесін біркелкі етеді. Сондықтан ол осы бірынғай бұқараның барлық бөліктеріне жоғары бір орталықтан біркелкі эср етіп отыруға мүмкіндік туғызады. Ол халық бұқарасы мен мемлекеттік өкімет арасындағы аристократиялық аралық сатыларды жояды. Сондықтан ол мемлекеттік өкіметтің және оның тікелей органдарының барлық істерге жан-жақты тікелей араласуын туғызады. Ақырында, ол деревняда да, қалада да өзіне орын таба алмайтын, сол себепті, өзінше бір құрметті садақа ретінде мемлекеттік қызметтерге жармасатын жұмыссыз басы артық халықты туғызады, сөйтіп мемлекеттік қызметтердің санын көбейттіреді. Ал Наполеон өзі зорлап салған салықты өзі штықтың күшімен ашқан жаңа рыноктар арқылы, континентті талау арқылы еселеп қайтарды. Наполеондық салық шаруалардың кәсіпшіліктеріне жағдай туғызудың құралы болды, ал қазір салық шаруаларды ақырғы ресурстарынан, қайыршылыққа қарсылық көрсетудің ақырғы мүмкіндігінен айырады. Ал аламыш оқалармен сәнделген және қарны тоқ көптеген бюрократия, бұл — екінші Бонапарттың жүрегіне неғұрлым жақын тұрған «*idée napoléonienne*». Бонапарт қоғамның нағыз таптарымен қатар жасанды каста құруға амалсыздан тиісті болып отырғанда, бұл каста үшін оның режимін сақтау — күн көрудің мәселесі болып отырғанда, қалайынша басқаша болуы мүмкін еді? Сондықтан да оның алғашқы финанс шараларының бірі чиновниктердің өмірлік секілді болған жалақысын бұрынғы мөлшерге жеткізіп, ақысы көп, жұмысы аз жаңа лауазымдар жасауды көздеді.

Тағы бір «*idée napoléonienne*» болды, ол — үкіметтің құралы ретіндегі *поптардың* үстемдігі. Бірақ жаңа ғана туған парцелла қоғаммен жарасты бола отырып, табиғаттың күштеріне тәуелді бола отырып және өзін қорғаушы жоғарғы өкіметке бағыныштылықпен қарай отырып, әлбетте, діншіл болса, онда айнала

* —«материалдық тәртіп». Ред.

борышты болған, қоғаммен және өкіметпен ажырасқан, өзінің тұйықтығының шегінен шығуға мәжбүр болған парцелла, әлбетте, дінге қарсы болады. Аспан, әсіресе ауа райын жасайтын болғандықтан да, жаңа ғана иемденілген ұлтарактай жерге жаман қосымша болған жоқ; бірақ аспан парцелланың есесіне зорлап таңатын болғаннан кейін, ол қорлағандыққа айналады. Осыдан кейін поп жер бетіндегі полицияның тәңір берген тыншысына айналады — бұл да «*idée paroléonienne*». Римге қарсы жорық ендігі жолы Францияның өзінде, тек Монталамбер мырзаның ойлайтынына қарама-қарсы мағынада қолданылады.

Ақырында, «*idées paroléoniennes*» ең шегіне жеткені, бұл — *армияның* басым маңызы. Армия парцелльді шаруалардың *point d'honneur** болды: ол бұлардан батырлар жасады; олар өздерінің жана меншігін сыртқы жаулардан қорғады, жаңа ғана өздері жеткен ұлттық бірліктің даңқын асырды, дүниені талады және революцияшылдандырды. Әскери мундир — олардың салтанат костюмі, соғыс — олардың поэзиясы, қиялдағы үп-үлкен, жып-жинақы парцелла — отаны, ал патриотизм — меншік сезімінің мінсіз формасы болды. Бірақ француз шаруасының енді өзінің меншігін қорғауға тура келгенде, қарсы шығатын жаулары — казактар емес, сот приставтары мен салық жинаушылар. Парцелла енді отан дейтінде емес, ипотекалық кітапта кепілге салынған. Армияның өзі енді шаруа жастарының көркі емес, шаруалық люмпен-пролетариаттың батпаққа біткен жасық шөбі. Ол көбінесе жасанды рекруттардан, орынбасарлардан құралады, бұл екінші Бонапарттың өзі — тек жасанды адам, Наполеонның орынбасары ғана болғаны сияқты. Ол батырлық істерді қазір шаруаларды қамалап ұстау, жандармдық міндеттерді орындау кезінде көрсетеді; ал егер 10 декабрь Қоғамының шефі системасының ішкі қайшылықтары оны Франциядан қуса, армия бірнеше бандиттік әрекеттен кейін даңққа ие болмайды, таяқ жейді.

Сонымен, біз мынаны көріп отырмыз: «*idées paroléoniennes*»-тің бәрі — *есеймеген, жас жігітше пысықсыған парцелланың идеялары*; күні өткен парцелла үшін олар — мағынасыздық, оның өлер алдында жанталасқандағы елестері, мылжынға айналған сөздер, елеске айналған рухтар ғана. Бірақ империяны келекелейтін пародия француз ұлтының бұқарасын дәстүрдің езгісінен құтқарып, мемлекеттік өкімет пен қоғам арасындағы карама-қарсылықты шын бейнесінде ашу үшін керек болды. Ұсақ жер меншігінің барған сайын бұзылуымен бірге оған негізделген мемлекет сарайы да қирады. Осы күнгі қоғам керек ететін мемлекеттік орталықтандыру тек феодализмге қарсы күресте шың-

* — абырой алатын ісі, ерекше мақтан ететіні. *Ред.*

далған әскери-бюрократиялық үкімет механизмінің қираған орнында туа алады*.

Зандарды қабылдау үшін емес, шығару үшін екінші Бонапартты Синай тауына көтерген *20 және 21 декабрьдегі жалпы сайлау жұмбағының* шешімі француз шаруаларының жағдайында жатыр.

Буржуазияның енді, сірә, Бонапартқа дауыс беруден басқа қалауы болмаса керек. Констанца шіркеуінде²³² мінез-құлық тазалығын жақтаушылар папалардың азғындық тұрмысын айтып арыз еткенде және мінез-құлыққа реформа жасаудың қажеттігін көрсетіп зарланғанда, кардинал Пьер д'Айн оларға жауабында: «Католиктер шіркеуін әлі де тек сайтан құтқара алады, ал сіздер періштелерді талап етесіздер!» деп жекірген еді. Сол секілді француз буржуазиясы да мемлекеттік төңкерістен кейін: буржуазиялық қоғамды әлі де тек 10 декабрь Қоғамының шефі ғана құтқара алады! Тек ұрлық қана — меншікті, анттан безгендік — дінді, некесіз туғандық — семьяны, тәртіпсіздік — тәртіпті әлі де құтқара алады! — деп даурықты.

Дербес күшке айналған атқарушы өкімет ретінде Бонапарт өзін «буржуазиялық тәртіпті» қамтамасыз етуге тиіс деп есептейді. Ал бұл буржуазиялық тәртіптің күші — орташа тапта. Ол сол себепті өзін орташа таптың өкілі деп есептеп, тиісті декреттер шығарады. Бірақ, екінші жағынан, ол мұндай бір нәрсе болғанда, сол орташа таптың саяси қуатын қиратқаны және күн сайын қайтадан қиратып отырғаны себепті ғана болды. Сондықтан ол өзін орташа таптың саяси және әдеби күшінің жауы деп есептейді. Бірақ бұл таптың материалдық күшін сақтай отырып, ол бұл ісімен ол таптың саяси қуатын қайтадан жарыққа шығарады. Сондықтан себепті сақтап, көрінген жердің бәрінде салдарды жоқ қылу керек болады. Бірақ себепті салдармен біраз араластырмайынша іс бітпейді, өйткені себеп пен салдар өзара әрекетінде өздерінің әрекетшілік белгілерін жояды. Шекаралық межені жоятын жаңа декреттер шығарылды. Мұнымен бірге Бонапарт өзін — шаруалар мен жалпы халықтың буржуазияға қарсы өкілі, халықтың төменгі таптарын буржуазиялық қоғам шеңберінде бақытты етуді тілейтін өкілі деп есептейді. «Ақиқат социалистердің»¹⁶⁴ үкіметтік даналығын күні бұрын ұрлаған жаңа декреттер шығарылды. Бірақ Бона-

* 1852 жылғы басылуында бұл абзац мынадай жолдармен аяқталады: «Мемлекеттік машинаны қирату орталықтандыруға ешқандай қауіп туғызбайды. Бюрократия дегеніміз — орталықтандырудың тек төменгі және дөрекі формасы ғана; бұл форма әлі өзінің қарама-қарсылығының, феодализмнің ауыртпалығына душар болып отыр. Наполеондық реставрациядан түңілген француз шаруасы өзінің парцелласына сенуден де қалады; бұл парцеллаға негізделген мемлекеттік құрылыс құлайды, сөйтіп пролетарлық революция өзіне керекті хорға ие болады: бұл хорсыз оның жалғыз салған әні барлық шаруалық елдерде аққудың өлердегі зарына айналады». Ред.

парт өзін ең алдымен 10 декабрь Қоғамының шефі, люмпен-пролетариаттың өкілі деп сезеді; оның өзі, оның жақын жүрген адамдары, оның үкіметі және оның армиясы осы люмпен-пролетариаттың қатарына қосылады, ал бұл люмпен-пролетариат ең алдымен рақат өмір сүріп, қазына сандығынан калифорниялық ұтыстарды суырып ала беруді көздейді. Сондықтан ол декреттер арқылы, декреттерсіз және декреттерге қайшы келіп те өзінің 10 декабрь Қоғамының шефі атағын ақтайды.

Кібіртіктеп, қармалап ілгерілей отырып, не бұл тапты, не ол тапты біресе өзіне тартуға, біресе кемсітуге тырысатын және барлық таптарды бірдей өзіне қарсы ызаландыратын оның үкіметінің — өзінің практикадағы сенбеушілігі, ағасының указдарынан құлшылықпен көшіріп алынған үкімет актілерінің пәрменді, үзілді-кесілді стиліне адам күлерліктей қайшы келетін бұл үкіметтің — бір-біріне қайшы істері бұл адамның мұндай қайшылықтар кернеген міндетінен туады.

Өнеркәсіп пен сауда, яғни орташа таптың істері күшті үкімет тұсында теплицадағы өсімдіктердей гүлдене беруге тиіс. Сансыз көп темір жол концессиялары таратылып берілді. Бірақ бонапарттық люмпен-пролетариат баюға тиіс. Темір жол концессияларының сырын күн ілгері білген адамдардың биржадағы алаяқтық ойыны басталады. Алайда темір жолдарға керекті капиталдар жоқ болып шықты. Банкке темір жол акцияларының кепіліне қарызға ақша беру бұйрылады. Бірақ банкті мұнымен бірге Бонапарттың өзі пайдалануға тиіс, — олай болса, банкті мәшелеу керек. Банк апталық есебін жариялау міндеткерлігінен босатылады, ол үкіметпен сыбағаның көбін өзі алатын келісім жасасады. Халыққа жұмыс тауып беру керек. Қоғамдық жұмыстар жүргізіле бастайды. Бірақ бұл жұмыстар халықтың салық ауыртпалығын ұлғайтады. Демек, 5 проценттік рентаны 4,5 проценттік рентаға айырбастау жолымен рантәнің кірісіне қол сұғып, салықтарды азайту керек. Әйтседе буржуазияға берілетін дәріні тағы да тәттірек ету керек болады; сондықтан еп detail* сатып алатын халық үшін шарап салығы екі есе көбейтіледі де, еп gros** ішетін орташа тап үшін екі есе азайтылады. Қазіргі жұмысшы ассоциациялары таратылады, бірақ оның есесіне үкімет келешекте ассоциацияның кереметтерін көрсетуге уәде береді. Шаруаларға көмектесу керек болады. Шаруалардың борыштануын, меншіктің шоғырлануын күшейтетін ипотекалық банктер ашылады. Бірақ бұл банктерді пайдаланғанда, Орлеандардың конфискеленген иениелерінен ақша өндіріп алу үшін пайдалану керек болады. Алайда декретте жоқ соңғы шартқа бірде бір капиталист көнбейді,— сөйтіп

* — шөлмектеп. *Ред.*

** — көтере. *Ред.*

ипотекалық банк тек декрет жүзінде қалып қояды және тағы сондай.

Бонапарт барлық таптардың патриарх қамқоры ролін атқарғысы келеді. Бірақ ол басқа таптан алмайынша, бірде бір тапқа ешнәрсе бере алмайды. Өзінің барлық имениелерін жақтастарының өзіне беретін борыш міндеттемелеріне айналдырғаны себепті, Францияда Фронда кезінде ең керекті адам деген данқы шыққан герцог Гизо сияқты, Бонапарт та Франциядағы ең керекті адам болып, Францияның бүкіл меншігін, бүкіл еңбегін өзіне берілетін борыш міндеттемесіне айналдыруды тілер еді. Францияны Францияның өзіне сыйға тарту үшін немесе, дұрысырақ айтқанда, 10 декабрь Қоғамының шефі ретінде оның меншігіне тиесіліні сатып алуға тиісті болғандықтан, Францияны кейіннен француз ақшасына сатып алу үшін ол бүкіл Францияны ұрлағысы келеді. Сөйтіп, барлық мемлекеттік мекемелер, сенат, Мемлекеттік совет, Заң шығарушы корпус, Құрметті легион ордені, солдаттық медаль, кір жуатын орындар, қоғамдық жұмыстар, темір жолдар, қатардағы солдаттарсыз ұлттық гвардияның бас штабы, Орлеандардың конфискеленген имениелері саудаға түседі. Армия мен мемлекеттік машинадағы орын атаулының бәрі алдап сатып алу құралы етіледі. Бірақ бұл процестегі ең маңызды нәрсе — Францияны оның өзіне сыйға тарту үшін басып алатындық — бұл айналым кезінде 10 декабрь Қоғамы шефінің және мүшелерінің қалтасына түсетін өсімдер. Де Морни мырзаның көңілдегі әйелі графиня Л.-дің Орлеандар имениелерінің конфискеленуі жайында айтқан: «Бұл қыранның алғашқы рет ұшып шығуы» («C'est le premier vol de l'aigle»)* деген бір ауыз өткір сөзін, көбінесе қарғаға ұқсайтын бұл қыранның әрбір ұшуына қолдануға болады. Ол және оның жақтаушылары бір картезиандық италиян монахының, өзіне әлі көп жылдарға жетуге тиіс байлықтарын мақтанышпен санап көрсеткен бір сараңға айтқан сөздерін күн сайын өздеріне айтып отырады: «Tu fai conto sopra i beni, bisogna prima far il conto sopra gli anni»**. Жыл есебімен жаңылмау үшін олар минуттарды санайды. Сарайға, министрліктерге, әкімшілік пен армияның шынына топ-топ бұзықтар өткізіледі, олардың ең жақсы дегені туралы: қайдан келгені мәлімсіз, Сулуктың ұлықтары секілді, оқалы мундирлерін адам күлерлік манғаздықпен керіле жамылған, думанды, күдікті, жыртқыш богема деп айтуға тура келеді. Егер *Верон-Кревель**** оның әдеп сақтаушы-

* «Vo!» деген сөз ұшу және ұрық мағынасын береді.

** «Сен өзіңнің байлықтарыңды санайсың; оған гөрі әуелі өзіңнің қалған ұмырыңды санауың жөн болар еді».

*** Өзінің «Кузина Бетта» деген романында Бальзак «Constitutionnel» газетінің редакторы Вероннан алын жазылған Кревельді Париждің ең азғын филлистері етіп көрсетеді.

ды, ал *Гранье де Кассаньяк* — оның ойшылы болғанын еске алсақ, 10 декабрь Қоғамының бұл жоғарғы тобы туралы айқын түсінік атуға болады. Гизо өзінің министрлігі кезінде, бір сатқын газетте бұл Граньені династиялық оппозицияға қарсы құрал етіп пайдаланғанда, әдетте, мынадай мақтаулы баға беретін: «C'est le roi des droles», «Бұл мағрампаздардың королі». Луи-Бонапарттың сарайын және оның тобын регенттік²³³ немесе XV Людовик уақыттарымен салыстыру әділетсіздік болар еді. Өйткені Франция метрестердің ел басқаруын осыған дейін талай рет бастан өткізді, бірақ альфонстардың басқаруын әлі ешуақытта бастан өткізген жоқ»*.

Өз жайының бір біріне қайшы талаптары қысып, қатты қиналған, оның үстіне қонет ойлап тапқан жаңа істермен өзіне, — Наполеонның орыбасарына — жұрттың назарын барған сайын аударып отыруға, басқаша айтқанда, күн сайын кішкене мемлекеттік төңкеріс жасауға мәжбүр болған фокусник ролінде болған Бонапарт бүкіл буржуазиялық шаруашылықты жаппай лайсаңға батыра береді, 1848 жылғы революцияда ешкім тимейтін сияқты көрінгенінің бәріне қол сұғады, біреулерді революцияға селкос қарауға үйретеді, ал екінші біреулерді революцияға ұмтылдырады, тәртіп үшін нағыз анархия туғызады, мұнымен бірге мемлекеттік машинаның қасиетті тапқын жояды, оны қорлайды, оны бір мезгілде әрі жексұрын, әрі күлкі етеді. Ол Трирдегі қасиетті хитонның²³⁴ әруағына өдіктеп, Парижде наполеондық императорлық мантияның әруағын көтереді. Бірақ егер императорлық мантия сайып келгенде, Луи Бонапарттың нығына жамылатын болса, Наполеонның қолда мүсіні Вандом колоннасының¹⁹⁴ биігінен құлап түседі.

* К. Маркс 1851 ж. декабрьде — 1852 ж. мартта *революция және журналдың бірінші шығарымы* туралы басылған. *„Die Revolution“*. New-York. 1872. 2-басылым. 8-том. 115—217-беттер.

К. Маркс пен Ф. Энгельс *Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр.* 2-басылым. 8-том, 115—217-беттер.

* де Жирарден ханымының сөздері

К. МАРКС

ҮНДІСТАНДАҒЫ БРИТАНИЯ БИЛІГІ²³⁵

...Үндістан — бұл азиялық көлемдегі Италия. Гималай таулары — Альпа тауларына, Бенгалия жазықтары — Ломбардия жазықтарына, Декан жотасы Апенин жоталарына, ал Цейлон аралы — Сицилия аралына сәйкес келеді. Жер байлығы да, жерден алынатын игіліктің әр түрлілігі де, саяси құрылысының бытыраңқылығы да нақ сондай, Италияда жаулаушының семсері әртүрлі ұлт бұқараларын дүркін-дүркін зорлап қана біріктіргені сияқты, біз нақ осындайды Үндістанда да көреміз, — ол мұсылмандардың, немесе моголдардың²³⁶ немесе британдықтардың езгісіне түспеген дәуірлерде, біз оның қанша қаласы немесе тіпті қанша деревнясы болса, сонша тәуелсіз және өзара жауласып жататын мемлекеттерге бөлінген Үндістанды көреміз. Алайда әлеуметтік тұрғыдан алғанда Италия сияқты емес, Шығыстың Ирландиясына ұқсайды. Италия мен Ирландияның, қызық құмарлық дүниесі мен мұң дүниесінің осы таңғажайып ұштасуы Үндістан дінінің ежелгі дәстүрлерінде күні бұрын болжанғандай еді. Бұл дін осымен қатар кемерінен шыққан нәзік сезімге берілу діні және тәнді жансыздандыратын аскетизмнің діні, Лингам діні²³⁷ де және Джаггернаут діні де, монах діні мен баядерка діні²³⁸ де болып табылады.

Мен Үндістанда алтын заманның болғандығына сенетін адамдардың пікіріне қосыла алмаймын; бірақ өзімнің көзқарасымды дәлелдеу үшін, Чарлз Вуд мырза сияқты, Кули-хан үстемдік еткен дәуірге сілтеп те жатпаймын. Алайда мысал үшін Аурангзеб заманын алыңыз; немесе моголдар солтүстікте, ал португалиялықтар оңтүстікте пайда болған кездегі заманды, немесе мұсылмандардың баса-көктеп кіру дәуірін және Оңтүстік Үндістандағы гептархия дәуірін²³⁹ немесе, егер сіз тіпті әрірекке, сонау ерте заманғы дәуірді алғыңыз келсе, онда брахмандардың²⁴⁰ мифологиялық хронологиясын алыңыз; бұл мифологиялық хронология Индияның күйзеле бастауын өте әрідегі заманға, тіпті христиан діні дүниенің жаратылған дәуірі дейтін дәуірден де әріректегі заманға жатқызады.

Бірақ британдардың Үндістанға салған ойраны мәні жағынан Үндістанның басынан кешірген бұрынғы қысталаңдарының бәрінен әлдеқайда басқаша әрі өлшеусіз терең екендігіне күмәндануға болмайды. Мен бұл арада британдық Ост-Инд компаниясының²⁴¹ азиялық деспотизм негізінде өсіріп шығарған еуропалық деспотизмі туралы айтып отырғаным жоқ; бұл деспотизмдердің ұштасуы нәтижесінде біздің зәремізді ұшырататын Сальсетта ғибадатханасындағы²⁴² қаснетті сұмдықтардан да гөрі сұмпайы сұмдықтарды туғызады. Мұндай ұштасу отарларды басқарудың ағылшындық системасының өзгешелік белгісі емес, тек қана голландиялық системаға еліктеушілік болып табылады, ал мұның дұрыс екендігі соншалықты, тіпті британдық Ост-Инд компаниясының іс-әрекетін сипаттау үшін Явадағы *ағылшын* губернаторы Стамфорд Рафлс мырзаның, ескі голландиялық Ост-Инд компаниясы туралы айтқан мына бір сөзін түгелдей қайталаудың өзі-ақ жеткілікті болады:

«Тек қана баю ниетін көздеген, өз қол астындағыларына рақымсыздығын кезінде Вест-Инділік плантатордың өз плантациясында жұмыс істейтін құлдар тобырына дегендегі рақымсыздығынан да асып түскен голландиялық компания,— ал бұлай болатын себебі біріншісі өз меншігі етіп алған адамдар үшін ақша төледі, соңғысы болса түк те төлеген жоқ,— міне осы компания халықтың ең ақырғы тиындарын салықпен сығып алу үшін оны әбден титықтағанға дейін жұмыс істету үшін деспотизмнің қазіргі бар аппаратын түгелдей пайдаланды. Сөйтіп ол өзінің іс-әрекетінде саясатшының бүкіл практикалық өнерін көпестің бүкіл монополистік өзімшілдігімен ұштастыра отырып, құбылмалы және жартылай варварлық үкіметтің елге тигізетін кесепатын бұрынғысынан да асқындырып жіберді».

Азамат соғыстары, баса-көктеп кірушіліктер, төңкерістер, жаулап алушылықтар, ашаршылық жылдары — бірінің орнын бірі алып келген барлық осы апаттардың Үндістанға деген әсері қаншама күрделі, қауырт та күйзелтерлік болып көрінгенімен де оған тек жеңіл-желпі ғана әсер етті, ал Англия Үндістан қоғамының түп негізін күйретті, ол қоғамды қайта құруға осы күнге дейін әрекет жасаған жоқ. Жаңа дүниеге қол жетпей тұрып, ескі дүниеден айрылу Үндістанды мекендеуші халықтың қазіргі апатын есеңгіретерлік апат қылып Британия басқарып отырған Үндістанның өзінің ежелгі дәстүрлерінің бәрінен, өзінің өткен тарихының бәрінен байланысын үзеді.

Азияда сонау ерте заманнан бері басқарудың, әдетте, тек үш қана саласы болатын: финанс ведомствосы, немесе өзінің халқын тонау жөніндегі ведомство, әскери ведомство, немесе басқа халықтарды тонау жөніндегі ведомство, және ақырында, қоғамдық жұмыстар ведомствосы ғана болатын. Қлимат жағдайлары және жер бедерінің ерекшеліктері, әсіресе Сахарадан басталып Аравия, Персия, Үндістан және Татария арқылы өтіп азиялық қырқалардың негүрлым таулы жерлеріне дейін созылып жатқан орасан үлкен шөл далалардың болуы каналдар мен ирригация-

лин құрылыстардың жәрдемімен жерді қолдан суару жүйесін шығыстық егіншіліктің негізі етті. Египет пен Үндістанда, сол сияқты Месопотамияда, Персияда және басқа елдерде де су тасқындарын егістік даланы тыңайту үшін пайдаланады: суды жоғарғы деңгейге көтерілуін суарма каналдарын сумен толтыру үшін пайдаланады. Суды үнемдеп және бірлесіп пайдаланудың қарапайым қажеттілігі. Батыста жеке кәсіпкерлерді Фландрия мен Италиядағы сияқты ерікті ассоциацияларға бірігуге мәжбүр еткен осы қажеттілік. Шығыста, — ерікті ассоциациялар құрылуына цивилизациясы тым төмен дәрежеде болған және жері ұланғайыр шығыста — үкіметтің орталықтандырғыш күшінің бұл іске араласуын қатты керек етті. Міне осыдан келіп азиялық үкіметтердің бәрі орындауға мәжбүр болған экономикалық қызмет, атап айтқанда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қызметі туды. Жердің құнарлылығын қолдан арттырудың орталық үкіметтің қолына қараған және бұл үкімет қырсыз қараса болса, оны құлдырай күйзелетін осындай жүйесінен деп түсіндірмесе мөселен Пальмир, Пётр жерлері, Йеменнің орны, Египеттің, Персия мен Үндістанның кең байтақ провинциялары секілді бір көздерде бабы жарасып мәуелі болған жерлердің қазір тұсырап жатқан шөлге айналғанын басқа неден деп түсіндіруге болады. Сонымен қатар жойқын бір соғыстың бір елді ғасырлар бойына ұмытып қалдыра алатын және оны бүкіл цивилизациясынан айыратын фактісін де осымен түсіндіруге болады.

Міне Ост-Индиядағы британдықтар өздерінен бұрынғылардан финансы ведомствосы мен әскери ведомствоны қабылдады, бірақ олар қоғамдық жұмыстар ведомствосына мүлде мән бермеді. Міне осының салдарынан ерікті бәсекенің британдық принципіне — *laissez faire, laissez aller** принципіне — сәйкес дами алмайтын егіншілік құлдырап кетті. Алайда, әдетте болатын сияқты, азиялық мемлекеттерде егіншілік бір үкіметтің тұсында құлдырап кетеді де, ал қайсы бір екінші үкіметтің тұсында қайтадан өркендей бастайды. Мұнда егіннің шығымдылығы, Еуропада жақсы немесе нашар ауа райына байланысты болатыны сияқты, тәуір немесе оңбаған үкіметке байланысты болады. Сондықтан да, өз алдына алып қарағанда егіншілікке тигізген зиян және оған мән бермеушілік қаншалықты қырсық болса да, дегенмен егер осының бәрі бүкіл азиялық дүниенің жылнамасында жаңалық бірдене болып табылатын анағұрлым күрделі жағдайлармен ұштасып жүргізілмеген болса британ басқыншысының Үндістан қоғамын біржола күйреткен соққысы нақ осы болды деп есептеуге келмес еді. Үндістанның бұрын басынан

* — еркін қимылдауға ерік беріндер (сауда еркіндігін және экономикалық қатынастар саласына мемлекеттің араласпауын жақтайтын буржуазияшыл экономистер-фритредерлердің формуласы). *Ред.*

көшірген саяси өзгерістері қаншалықты елеулі бола тұрса да, оның әлеуметтік жағдайлары сонау ерте заманнан бастап ХІХ ғасырдың бірінші онжылдығына дейін өзгеріссіз қалып келді. Сансыз көп пірушілер мен тоқымашылардың армиясын тудыраған тоқыма қол станоктары мен қол ұршықтары Үндістан қоғамының құрылымында ең басты арқау болды. Есте жоқ ерте заманнан бері Европа тамаша маталарды — Үндістан еңбегінің өнімдерін — алып тұрды да оның орнына өзінің қымбат бағалы металдарын жөнелтіп отырды. Осы арқылы жергілікті алтын зергерлерін, Үндістан қоғамының осы қажетті мүшесін материалмен жабдықтады; ал ол қоғамның сәнді жылтыраққа құмарлығы сонша, тіпті төменгі таптың кнерге ештеңесі жоқ өкілдерінің өзінде әдетте қос алтын сырғасы мен мойынға тағатын біртеуір бір алтын бұйымы болады. Сол сияқты бармақ пен башпайға салатын сақиналар да жаппай тарады. Әйелдер де, балалар да қол-аяқтарына көбінесе алтыннан немесе күмістен жасалған сом білезіктер салып жүрді, ал құдайлардың алтыннан немесе күмістен жасалған мүсіншелері ұсақ-түйек үй бұйымдарына араласып жүрді. Британдық басқыншы Үндістанның тоқыма қол станогын жойып, қол ұршығын қиратты. Англия әуелі үндістандық мақта-мата бұйымдарды европалық рыноктардан ығыстырып тастады, содан кейін Үндістанға пірілген жиптаси бастады, түптеп келгенде, мақта-мата бұйымдарының алғаш шыққан жеріне мақта-мата товарларын қаптатып жіберумен тынды. 1818 жыл мен 1836 жылдың арасында Великобританияның Үндістанға шығарған жібегінің экспорты 1-дің 5200-ге қатынасындай болып өсті. 1824 ж. ағылшын муслинін Үндістанға шығару 1 000 000 ярдка әзер жетсе, ал 1837 жылы ол 64 000 000 ярдтан асын түсті. Бірақ нақ осы дәуірдің ішінде Дакканың халқы 150 000 адамнан 20 000 адамға дейін кеміді. Бұрын өзінің бұйымдарымен даңқы шыққан Үндістан қалаларының осы құлдырауын, алайда, ағылшын үстемдігінің ең нашар нәтижесі деп есептеуге болмайды. Британ бу қуаты мен британ ғылымы Үндістанның бүкіл территориясында ауыл шаруашылығы мен қолөнер өндірісінің арасындағы байланысты біржола жойды.

Осы екі жағдай — бір жағынан, бүкіл шығыс халықтары сияқты, Үндістан халықтарының егіншілігі мен саудасының негізгі шарты болып табылағын қоғамдық ірі жұмыстардың қамын ойлауды орталық үкіметке жүктейтіндігі, екінші жағынан, елдің бүкіл территориясына бытырай орналасқан Үндістан халқының шағын орталықтарға шоғырланғанда егіншілік пен қолөнер еңбегінің арасындағы патриархаттық байланыстың нәтижесінде шоғырланатыны, — осы екі жағдай ең ежелгі заманнан бері *селолық қауым системасы* деп аталатын ерекше әлеуметтік системаны дүниеге келтірді, бұл система осы шағын одақтардың әрқайсысына тәуелсіздік сипат берді және оны оқ-

шау өмір сүруге душар етті. Үндістандағы істің жайы туралы ағылшын қауымдар палатасының ескі бір ресми есебінде айтылған төмендегі сипаттама бізді осы системаның өзіне тән ерекшелік белгілерімен таныстырады:

«Географиялық жағынан алғанда село бірнеше жүз әлде мың акр ұқсатылған және бос жатқан жерді алып жатқан кеңістік; саяси жағынан ол корпорацияға немесе қалалық қауымға ұқсайды. Әдетте оның қызмет адамдары мен қызметкерлерінің штаты мынадай болады: *патель*, немесе староста, село істерінің бәрін бақылап отырады, оның тұрғындарының арасындағы дау-жанжалдарды бітістіреді, полициялық билігі болады, село ішінде салық жинаушының міндетін атқарады, өз кара басының ықпалы жағынан және адамдардың хал-жағдайларымен жете таныс болғандықтан бұл міндетті атқаруға ол ең қолайлы адам болып табылады; *карнам* егіншіліктің жай-күйін бақылап, соған қатыстының бәрін есепке алып отырады. Одан соң *талвари* мен *тоти* келеді: біріншісінің міндеті — қылмыстар мен жөнсіздіктер жөнінде мәліметтер жинау, бір селодан екінші селоға көшетін адамдармен бірге жүріп оларды қорғау; ал екіншісінің атқаратын міндеті, сірә, село көлемімен біршама шектелетінге ұқсайды, басқа істермен қатар, оған егістікті қорғау және оны есепке алуға көмектесу міндеті жүктеледі. *Шекаралық күзетші* селоның шекарасын қорғайды немесе дау шыға қалған жағдайда шекара жөнінде күзлік жауаптар береді. Су қоймалары мен су айырымдарын бақылайтын адам егістіктің керегіне су бөліп тұрады. Ерекше брахман селода діни істерді басқарады. Одан әрі мектеп мұғалімі келеді, селода оның балаларды оқуға үйретіп, құмға жаздырып жатқанын көруге болады, штатта календарды қадағалаушы брахман немесе астролог және басқалар болады. Осы лауазым адамдары мен қызметкерлер селоның әкімшілігі болып саналады, бірақ елдің кейбір жерлерінде олардың саны азырақ, өйткені жоғарыда айтылған міндеттер мен қызметтердің кейбіреулері біріктіріліп, бір адам атқаратын болады, ал кейбір жерлерде, оның керісінше, олардың саны жоғарыда айтылған адамдардан көп болады. Қауымдық басқарудың осы қарапайым формасымен халық сонау ерте заманнан бері өмір сүріп келеді. Селолардың шекаралары некен-саяқ қана өзгерді, соғыстың, аштықтың, аурудың салдарынан селолардың өздері кейбір кезде ауыр апаттарға ұшырағанына, тіпті қаңырап қалғанына қарамастан — баяғы аты, баяғы шекарасы, баяғы мүддесі, тіпті баяғы семьялар ғасырлар бойына өмір сүре берді. Бұл селолардың тұрғындары бүтіндей бір монархиялардың күйрегеніне және бөлініп тоз-тоз болғандығына қынжыла қоймады, өздерінің селолары басы аман, бауыры бүтін тұрғанда өздерінің қандай державаның қол астына көшкендігі және өздерінің қандай патша ағзамға бағынатындығы олардың көңілін онша алаң қыла қойған жоқ, өйткені олардың ішкі шаруашылық тұрмысы баяғы қалпынан өзгермейді. Патель қауымының старостасы болып қала берді, селода бітістіруші сот және салықтарды жинап беруші не оны өзі қамына жаратушы болып қала берді».

Әлеуметтік организмнің осы сияқты шағын қашанда бір қалыпты формалары британдық салық жинаушы чиновник пен британ солдаттарының дәрекі қол сұғуының салдарынан дегеннен бері көбіне-көп ағылшын бу машинасы мен ағылшын сауда еркіндігі әрекетінің нәтижесінде күйреп, біржола жойылып бара жатыр. Тұқым қуа ұйымдасқан осы қауымдар үй өнеркәсібіне сүйенді, қолдан тоқу, қолмен иіру және жерді қолмен ұқсату тәсілінің өзінше бір тоғысуына сүйенді — ал бұлайша тоғысуда олардың өз қамы өздерінде болатын. Англияның араласуы — мұның нәтижесінде жіп иірушілер Ланкаширге, ал тоқымашы-

лар Бенгалияға жиналды, немесе индиялық ирушілер де, индиялық тоқымашылар да, жалпы алғанда жер бетінен өшірілді — мұндай араласу осы жартылай варвар, жартылай цивилизациялы кішкене қауымдарды күйретті, олардың экономикалық базисін жойды, сөйтіп Азия бұрын-соңды басынан өткеріп көрмеген орасан зор және, шындықты айту керек, бірден-бір *элеуметтік* революция жасады.

Алайда адамшылық сезім тұрғысынан ғана алып қарағанда, осы сансыз көп еңбек сүйгіш, патриархаттық момыи элеуметтік ұйымдардың күйреуі мен ыдырауының көрінісі қаншалықты аянышты болса да, олардың қайғы-қасірет үйіріміне тап болғанын, ал олардың әрбір мүшесінің осымен қатар өз цивилизациясының ескі формаларынан, сол сияқты өз күн көрісінің байырғы көздерінен айырылғанын көру қаншалықты қайғылы болса да, біз қалай да мынаны ұмытпауға тиістіміз: қаншалықты бейкүнә болып көрінгенімен бұл бей-жай селолық қауымдар, әркезде соқыр сенімнің құлақ кесті құралына айналдырып, оны дәстүрлі қағидалардың құлдық шынжырымен матап, ұлылық атаулыдан тарихи инициатива атаулыдан мақрұм етіп, адамның ақыл-ойын ең бір тар шеңберлермен тежеп отырды. Біз варварлардың өзімшілдігін де ұмытпауға тиіспіз, олар бар мүддесін сала ұлтарақтай мардымсыз жерге шұқшынып, ірі-ірі империялардың қалай күйреп жатқанына, адам айтқысыз қаталдықтардың қалай жасалғанына, үлкен қалалар халқының қалай қырылғанына ешбір селт етпестен қарап отырды, — табиғат құбылыстарына қалай қараса осының бәріне де солай ғана қарап отырды, сондықтан олар өздері назарына іліккен әрбір басқыншының дәременсіз жеміне айналды. Біз мынаны ұмытпауға тиістіміз: адамгершіліктен ада болған, қатып-семген қызықсыз өмір, күн көрудің осы селсоқ формасы, екінші жағынан, өзіне қарама-қарсы күйретудің тағы, тежеусіз дүлей күштерін тудырды және кісі өлтірудің өзін Үндістанда діни ғұрып етті. Біз мынаны да ұмытпауға тиістіміз: осы кішкентай қауымдардың өзінде касталық айырмашылықтар мен құлдықтың таңбасы болды, бұлар адамды сыртқы жағдайларды өз ырқына бағындырарлық дәрежеге көтерудің орнына, адамды сыртқы жағдайларға бағынышты етіп отырды, бұлар өздігінен дамып отыратын қоғамдық жағдайды семіп қалған күні бұрын белгіленген табиғи тағдырға айналдырды, сөйтіп табиғатқа тәңірдей табыну ғұрпын туғызды: мұның қорлық екені әсіресе мына фактіден, адамның, табиғаттың осы қожасының Хануман маймылға және Сабала сиырға тізе бүгіп жалбарыну фактісінен ерекше айқын көрінеді.

Үндістанда элеуметтік революцияға түрткі болған Англия, шынында, ең пасық мақсаттарын көздеді және осы пасық мақсаттарына жету үшін қолданған тәсілдерінде топастық көрсет-

ті. Бірақ мәселе мұнда емес. Мәселе Азияның әлеуметтік жағдайларына түбірлі революция жасамайынша адамзат өзінің міндетін атқара алатын-алмайтындығында болып отыр. Егер атқара алмайтын болса, онда Англия, өзінің істеген барлық қылмыстарына қарамастан, осы революцияға қозғау салып тарихтын тек санасыз құралы болды. Бірақ мұндай жағдайда көне дүниенің күйреу көрінісі біздің жеке сезіміміз үшін қаншалықты аянышты болғанымен, тарих тұрғысынан алғанда, біз Гётемен бірге былай деп жар салуға хақымыз бар:

«Sollte diese Qual uns quälen
Da sie unsre Lust vermehrt,
Hat nicht Myriaden Seelen
Timur's Herrschaft aufgezehrt?»*

К. Маркс 1853 жылы 10 июльде жазған
„New-York Daily Tribune“
газетінің 3804-номерінде басылған,
25 июль 1853 ж.
Қол қойған: К а р л М а р к с

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 9-том, 130—136-беттер

* — «Таппасаң кілтін рахаттын,
Қажеті бар ма азаптын?
Өксіген жөк па сан ғұмыр,
Темірлан жаққан тозақта?»
(«Зылихаға» деген өлеңнен, «Батыс-Шығыс Диуаны» деген шикідан). Ред.

К. МАРКС

ҮНДИСТАНДАҒЫ БРИТАНИЯ БИЛІГІНІҢ БОЛАШАҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Лондон, жұмыс, 22 шоль 1853 ж.

Бұл мақалада мен өзімнің Үндістан туралы ескертпелеріме қорытынды жасамақпын.

Ағылшын өктемдігі Үндістанға қалай орнады? Ұлы Моголдың²⁴³ жоғарғы өкіметін оның орнын басқандар құлатты. Ал бұлардың құдіретін маратхамдар²⁴⁴ күйретті. Маратхамдардың құдіретін аугандар күйретті, сөйтіп, бәрі бір-біріне қарсы соғысып жатқан кезде, британдықтар кенеттен бас салды да, барлығын бағындырып алды. Тек мұсылмандар мен индустардың арасында ғана емес, оның үстіне бір тайпаның екінші тайпамен, бір кастаның екінші кастамен арасында тартыс-керіс бар ел; бүкіл негізі жаппай өзара бірінен-бірі безушіліктен және өзінің барлық мүшелерінің ежелгі оқшауланушылығынан туған өзінше бір тепе-теңдікке негізделген қоғам, — осындай елдің және осындай қоғамның жаулап алушының жемі болудан басқа нендей амалы болмақ? Егер біз тіпті Үндістанның ертедегі тарихы туралы ештеңе білмеген күннің өзінде Англияның тіпті қазіргі уақытта Үндістанды, Үндістанның бар қаражатын өзі көтеріп отырған үндістандық армияның жәрдемімен құлдықта ұстап отырғандығын көрсететін — маңызды да даусыз фактінің өзі-ақ бізге жеткілікті болмас па еді? Сонымен, Үндістан жаудың қолына қарау тақсіретінен құтыла алмады, ал оның өткендегі бүкіл тарихы, егер солай деп атасак, Үндістан душар болған бірінен соң бірі жаулап алушылықтардың тарихы болып табылады. Үндістан қоғамының тарихы жоқ, қалай болғанда да бізге белгісіз. Ал біздің оның тарихы деп жүргеніміз — бірінің орнын бірі басып отырған жаулап алушылардың тарихы ғана, ал олар өздерінің империясын ешбір қарсылық көрсетпеген осы сылбыр қоғамның сүлесок базисіне негіздеді. Сондықтан мәселе Англияның Үндістанды жаулап алатын хақысы болды ма дегенде емес, мәселе Үндістанды британдықтар емес, түріктердің, парсылардың, орыстардың жаулап алуын біз артық көрер ме едік дегенде болып отыр.

Англияның алдында Үндістанда екі міндет: қирату және жаңадан жасау міндетін,— бір жағынан, азиялық ескі қоғамды қирату, ал екінші жағынан, Азияда батыс қоғамының материалдық негізін салу міндеті тұр.

Үндістанды бірінен кейін бірі жаулап алып отырған арабтар, түріктер, татарлар, моголдар жергілікті халықтармен тез *араласып сіңісіп кетті*. Тарихтың бұлжымас заңы бойынша, жаулап алушы варварлар өздері бағындырып алған халықтардың неғұрлым жоғары цивилизациясының қармауына өзі түсіп отырды. Британдықтар жаулап алушылардың ішінде дамудың неғұрлым жоғарғы сатысында тұрған бірінші жаулап алушылар болды, міне сондықтан олар индус цивилизациясының әсеріне бағынып кетпеді. Олар жергілікті қауымдарды талқандап, байырғы өнеркәсіптің түгін қалдырмай күйзелтіп және Үндістан қоғамындағы ұлы дегеннің, еңселі дегеннің бәрін тегістеп Үндістан цивилизациясын құртты. Ағылшындардың Үндістандағы үстемдік етуі тарихының беттерінен қиратудан басқа ештеңені көруге бола қояр ма екен; олардың жаңадан жасау жұмысы элем-тапырық күйретуден зорға дегенде көрінеді. Осылай дегенмен осы жаңадан жасау жұмысы басталды.

Үлкен көлемде бірігуімен көзге түсетін және Ұлы Моголдар тұсындағыдан гөрі барынша кең территорияны қамтитын Үндістанның саяси бірлігі оның қайта тууының бірінші алғы шарты болды. Ағылшын қылышымен орнатылған осы бірлік енді нығайтылады да, электр телеграфымен мәңгілік болып бекітіледі. Британ сержанты ұйымдастырып жіптіктей етіп үйреткен индиялық армия Үндістанның өз күшімен бостандық алып, кез-келген шетел басқыншысының жемі болмауының *sine qua non** болып табылды. Азиялық қоғамға тұнғыш рет енгізілген және көбінесе европалықтар мен индустардың некелесуінен туғандар басқарып отырған еркін баспасөз оны қайта құрудың жаңа әрі қуатты факторы болып табылады. Тіпті заминдари мен райятвари жүйелерінің²⁴⁵ өзі қаншама жексұрын болып көрінгенімен де, жерді жеке меншіктенудің әр түрлі екі формасы яғни азиялық қоғам аңсап отырған жерді жеке меншіктенудің әртүрлі екі формасы болып табылады. Калькуттада ағылшын бақылауымен ықпалсыз және болмашы ғана білім берілетін Үндістанның байырғы тұрғындарының ішінен елді басқару үшін қажетті білімі бар және европалық ғылымға жанаса бастаған жаңа адамдар тобы өсіп, жетіліп келеді. Бу қуаты Үндістан мен Европа арасында тұрақты және тез қатынас орнатуға мүмкіндік берді, Үндістанның басты-басты порттарын оңтүстік және шығыс теңіздердің барлық порттарымен байланыстырды, сөйтіп Үндістанды осы елді жайлаған тоқыраушылықтың басты негізі болған

* — *conditio sine qua non* — сөзсіз шарты. *Ред.*

оқшаулық жағдайынан шығарды. Темір жолдар мен пароход сапарлары ұштасуының арқасында Англия мен Үндістан арасындағы біраз күндік жолдың сегіз күнге дейін қысқартатын күні енді алыс болмас, сөйтіп бір кезде ертегі болып жүретін ел батыс дүниесіне шын мәнінде қосылатын болады.

Великобританияның үстем таптары осы кезге дейін Үндістанды дамытуға тек анда-санда, уақытша және ілуде бір ғана мүдделі болып келді. Аристократия оны бағындырып алуды тіледі, плутократия оны тонағысы келді, ал өнеркәсіп шонжарлары оны өз товарының арзандығымен бағындырып алуға ұмтылды. Бірақ қазір жағдай өзгерді. Өнеркәсіп шонжарлары өзінің өмірлік мүдделері Үндістанның өндіруші елге айналдыруды керек ететіндігін және осы мақсат үшін ең алдымен Үндістанды ирригациялық құрылыстармен және ішкі қатынас жолдарымен жабдықтау керек екендігін түсінді. Өнеркәсіпшілер қазір Үндістанда темір жолдарды көбейтпек болып отыр. Олар мұны істейді де, ал мұның өзі баға жетпес нәтижелер беруге тиіс.

Үндістанның әртүрлі өнімдерін тасу және айырбастау үшін қажетті транспорт құралдарының мүлдем жоқтығы оның өндіргіш күштеріне кесел болып келгені мәлім, Үндістандағыдай табиғат байлығы молшылығының ортасында отырып, қоғамның мұндай жоқшылық халде болуын дүниенің ешбір жерінен кездестіруге болмайды, ал бұл айырбастың жеткілікті құралдарының жоқтығынан туады. 1848 жылы Англияның қауымдар палатасының комитетінде мынадай жағдай анықталды:

«Хандеште бидайдың кварталі 6-дан 8 шиллингке дейін бағамен сатылып жатқан кезде, Пуната бидайдың кварталі 64-тен 70 шиллингке дейін бағамен сатылды, ал онда адамдар Хандештен азық-түлік әкелуге мүмкіндік болмағандықтан көшелерде аштан өліп жатты, өйткені сазды жолдардан жүруге мүмкін болмады».

Темір жолдардың салынуын ауыл шаруашылық мақсаттарына, атап айтқанда темір жол табанын төсеу кезінде топырағы қазылып алынған жерлерде су қоймаларын жасау үшін, сондай-ақ темір жол бойындағы жерлерді сумен жабдықтау үшін пайдалануға болады. Осындай жолмен Шығыста егіншіліктің сипе қиа поп болып табылатын қолдан суару жүйесін мейлінше кеңейтуге және судың жеткіліксіздігінен жергілікті жерлерде жиі болып тұратын ашаршылықты болдырмауға болады. Егер аумағы бірдей суарылмайтын жерлерге қарағанда тіпті Гат тау жоталарына жапсарлас аудандардың өзінде суармалы жерлер үшін салықтың үш есе артық төленетінін, ол жерлерде істейтін адамдардың саны он-он екі есе артық болатынын және пайданы он екі — он бес есе артық келтіретінін еске алсақ, онда осы тұрғыдан қарағанда темір жолдардың сан-салалы маңыздылығы өзінен өзі айқын болады.

Темір жолдар әскери аппаратты және оны ұстауға жұмсала-

тын шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Форт-Уильямның бастығы полковник Уоррен қауымдар палатасының арнаулы комиссиясында өз пікірін мына тұрғыда айтты:

«Елдің алыс жатқан жерлерінен хабар алу үшін қазір қанша күн, тіпті қанша апта кетсе сонша сағатта хабар алу мүмкіндігінің, неғұрлым аз уақыттың ішінде әскерлермен, азық-түлікпен бірге нұсқаулар жіберу мүмкіндігінің маңызын — осы мәнді жағдайлардың маңызын — асыра бағалауға бола қоймас. Гарнизондарды бір-бірінен қазіргіден гөрі қашығырақ және тәуір жерлерге орналастыруға болар еді, сөйтіп осы арқылы қазір аурудан қырылып жатқан көп адамдардың өмірін сақтап қалуға болар еді. Әртүрлі қоймаларда қорларды азырақ сақтауға болар еді, сөйтіп шіруден және ауа райы салдарынан бүлінуден болатын шығындарды болдырмауға болар еді. Әскерлердің санын тиісінше мөлшерде азайтуға болар еді де олардың тиімділігі сонша мөлшерде артар еді».

Селолық қауымдардың өзін өзі басқаруға негізделген ұйымы мен экономикалық тірегі қиратылғаны мәлім, бірақ олардың ең жаман белгісі, атап айтқанда қоғамның бір тектес, бірақ өзара байланысы жоқ атомдарға бөлінуі қауымдардан кейін де қала берді. Селолық қауымдардың окшаулылығы Үндістанда жолдардың салынбауына себеп болса, ал жолдардың болмауы қауымдардың окшаулануын тұрақтандыра түсті. Мұндай жағдайда қауым басқа қауымдармен жөнді қарым-қатынас жасамай, әлеуметтік прогреске ешбір ұмтылушылық ниет көрсетпей және бұл үшін ешқандай қажетті күш жұмсамай өмірдің баяғы төмен дәрежесінде тіршілік ете берді. Қазір, британдықтар селолық қауымдардың өз қамы өзінде болатын *орнын* талқандағаннан кейін темір жолдар қарым-қатынас пен айырбас жасауға деген жаңа қажетсіну туғыза береді. Мұның үстіне,

«темір жол жүйесі нәтижелерінің бірі мынадай болады: ол өзі бағытын дағы әрбір селоға басқа елдерде енгізілген жетілдіру ісін үйреніп білуді, практикада икемделушілікті енгізетін болады және оларды басқалардан үйреніп алуды жеңілдететіні соншалық бұл Үндістанның селолық қауымдар ақы төлеп тұратын байырғы қолөнершілеріне біріншіден, өздерінің қабілетін толық көрсетуге, ал, екіншіден, өздерінің кемістіктерін толықтыруға мүмкіндік береді» (*Чапмен, «Үндістанның мақтасы мен саудасы»*).

Ағылшын өнеркәсіп шонжарлары Үндістанда темір жолдарды көбейтпек болуы тек қана өздерінің фабрикаларына қажетті мақтаны және басқа шикізатты тасуды арзандатқысы келгендіктен екенін мен білемін. Бірақ сіздер темірі мен көмірі бар елге жүріс-тұрыс құралы ретінде машиналарды енгізген екенсіздер, онда сіздер сол елдің осындай машиналарды өзі жасауына кедергі бола алмайсыздар. Темір жол қатынасының тікелей және күнделікті керектерін қанағаттандыру үшін қажетті өндіріс процестерін бұл елде ұйымдастырмай тұрып, ұлан-байтақ елде темір жол тарауларын сіздер сақтай алмайсыздар, ал мұның өзі темір жолдармен тікелей байланысы жоқ өнеркәсіп салаларында да машиналарды қолдануды керек етеді. Сондықтан

темір жолдар Үндістанда қазіргі өнеркәсіптің шын мәніндегі алғашқы хабаршысы болады. Мұның әбден дұрыс болатын тағы бір себебі Үндістан халқы, ағылшын өкімет орындарының өздерінің мойындауы бойынша, еңбектің мүлде жаңа түрлеріне бейімделуге және машинаны басқару үшін қажетті білімді игеруге ерекше қабілетті. Калькуттадағы монета сарайының бу машиналарында көп жылдардан бері жұмыс істеп келген индиялық механиктер көрсеткен қабілеттілік пен істің жөнін білетіндік, сол сияқты Хардвардың көмір шығаратын аудандарындағы әртүрлі бу машиналарында жұмыс істейтін жергілікті халықтың еңбегі және тағы басқа мысалдар осы фактінің айқын дәлелдемесі болып табылады. Қэмпбелл мырза Ост-Инд компаниясының²⁴¹ соқыр сенімдеріне қаншама шалдыққанымен оның өзі былай деп мойындауға мәжбүр болды:

«Үндістан халқының қалың бұқарасының үлкен өнеркәсіптік жігер-күші бар, капитал жинауға әжептәуір қабілетті, математикаға ойынның жүйріктігімен, есептеп шығарумен дәл ғылымдарға ерекше қабілетімен көзге түседі». «Олардың интеллекті»,— дейді ол,— «өте тамаша»²⁴⁶.

Темір жолдардың салынуының нәтижесі болатын қазіргі кезгі өнеркәсіп еңбек бөлінісінің мұрагерлік жүйесін ыдыратуға әкеп соғады, ал индиялық касталарға тірек болған бұл жүйе — Үндістанның прогресс жасап, қуаты күшті болу жолындағы негізгі кедергі болатын.

Англия буржуазиясының Үндістанда жүзеге асыруға, сірә, мәжбүр болатындарының бәрі халық бұқарасына бостандық әкелмейді және олардың әлеуметтік жағдайын пәлендей жақсартпайды, өйткені бұлардың қай-қайсысы да өндіріс күштердің дамуына ғана байланысты емес, сонымен қатар олардың халықтың қолында болу-болмауымен де байланысты. Бірақ, буржуазияның сөзсіз істейтіні — бұл міндеттердің қай-қайсысының да жүзеге асуына материалдық алғы шарттар жасау. Буржуазия бұдан артықты қашан істеп көріп еді? Жеке адамдарды, сол сияқты тұтас бір халықтарды қан мен қоксықтың, жоқшылық пен қорлықтың азапты жолымен жүргізбей ол қай уақытта прогреске жетіп еді?

Великобританияның өзінде қазір әмірін жүргізіп отырған таптарды өнеркәсіп пролетариаты ығыстырып тастағанға дейін немесе үнділердің өздерінің ағылшын бұғауын қиратып біржолата лақтырып тастауға әбден күші жеткенге дейін Үндістан халқы өздерінің арасына британ буржуазиясы сепкен қоғамның жаңа элементтерінің игілігін көре алмайды. Қалай дегенмен де біз осы ұлы және тамаша ел алыс не жақын болашақта қайта өркендейді деп сеніммен күте аламыз, ал бұл елдің ізгі халқы тіпті өзінің ең төменгі таптарында да, князь Салтыковтың сөзімен айтқанда, «sont plus fins et plus adroits que les

italiens»* — халқы типті өзінің бағыныштылығын да әйтеуір бір салмақты ізгілікпен теңестіреді және табиғи сылбырлығына карамастан, өзінің қаһармандығымен ағылшын офицерлерін таңқалдырған ел, — осы ел біздің тілдеріміздің, біздің діндеріміздің бесігі болып табылады және осы ел джатта²⁴⁸ — ескі германдықтардың типін, ал брахман²⁴⁰ арқылы — ескі гректердің типін бізге көрсетіп отыр.

Мен кейбір қорытынды ескертпелер жасамайынша, Үндістан туралы тақырыппен қоштаса алар емеспін.

Біз осы цивилизацияны маңғазсынған формада көрінетін үйімізде емес, ешбір бүркеусіз ашық формасында көрінетін отарлардан байқаған кезде, буржуазиялық цивилизацияның барып тұрған екіжүзділігі мен оған тән варварлық ашықтан-ашық көрінеді. Буржуазия өзін меншіктің қорғаушысы етіп көрсетеді, бірақ қандай революцияшыл партия нақ Бенгалиядағыдай, Мадрас пен Бомбейдегідей аграрлық революцияны қашан жасап көріп еді? Өзінің тонаушылық мақсаттарына жету үшін жай сатып алушылық жеткіліксіз болған жерде, ол Индияда — лорд Клайвтың, осы барып тұрған жыртқыштың, өз сөзімен айтқанда, — жан түршігерлік зорлап алушылыққа барған жоқ па еді? Өзі Европада мемлекеттік борыштың мызғымас қасиеттілігі туралы мылжындап жүрген кезде, Компанияның өзінің акциясына өздерінің жеке қаржыларын салып жүрген радждардың дивиденттерін Үндістанда ол конфискулеп алған жоқ па еді? Ол «өзіміздің қасиетті дінімізді» қорғаймыз деген желеумен француз революциясына қарсы ұрысқан кезде, ол Үндістанда христиан дінінің тарауына тыйым салған жоқ па еді және ол пирадарлардың Орисса мен Бенгалия ғибадатханаларына тауап етушілігінен пайда табу мақсатымен Джаггернаут ғибадатхана-сында кісі өлтірушілік пен жезөкшелікті кәсіпке айналдырған жоқ па еді?²³⁸ «Меншікті, тәртіпті, семьяны және дінді бұл қорғаушылар, міне, осындай!»

Үндістанды — өзінің көлемі жағынан Европадан кем емес және 150 миллион ақр территориясы бар елді — ойрандаған ағылшын өнеркәсібінің әрекеті айдан анық және барып тұрған сұмдық. Бірақ біз бұл әрекеттің қазіргі бүкіл өндіріс жүйесінің өзектес нәтижесі ғана екенін ұмытпауымыз керек. Бұл өндіріс капиталдың күдіретті өктемдігіне негізделген. Капиталдың орталықтануы капиталдың тәуелсіз күш ретінде өмір сүруіне әбден қажет. Осы орталықтанудың барлық елдердің рыноктарына жасайтын бүлдіргіш ықпалы тек қана саяси экономияның ішкі органикалық заңдарын орасан зор көлемде көрсетеді, бұл заңдар қазір әрбір мәдениетті калалардың бәрінде әрекет жасауда. Тарихтың буржуазиялық дәуірі жаңа дүниенің материал-

* — «итальяндықтардан анағұрлым биязы, анағұрлым шебер»²⁴⁷. *Ред.*

дық базисін жасауға тиісті: бір жағынан — бүкіл адамзаттын өзара байланысына негізделген дүние жүзілік қарым-қатынасты, сонымен қатар осы қарым-қатынастардың құралдарын дамытуға тиіс; екінші жағынан — адамның өндіргіш күштерін дамытуға және ғылымның жәрдемімен материалдық өндірістің табиғат күштеріне үстемдік етуін қамтамасыз етуге тиіс. Геологиялық революциялар жердің қыртысын жасағаны сияқты, буржуазиялық өнеркәсіп пен сауда жаңа дүниенің осы материалдық жағдайларын жасайды. Тек ұлы әлеуметтік революция буржуазиялық дәуірдің жетістіктерін, дүние жүзілік рынокты және қазіргі өндіргіш күштерді игеріп алғаннан кейін, сөйтіп оларды неғұрлым алдыңғы қатарлы халықтардың жалпы бақылауына бағындырғаннан кейін ғана, — тек сонда ғана адамзат прогресі шәрбәтті басқамен емес, тек өлтірілген адамның бас сүйегімен ғана ішсем дейтін мәжусидің жексұрын пұтына ұқсауын қояды.

*К. Маркс 1853 ж. 22 июльде жазған
„New-York Daily Tribune“
газетінің 3840-номерінде басылған,
8 август 1853 ж.
Қол қойған: Карл Маркс*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 9-том, 224—230-беттер*

К. МАРКС

«THE PEOPLE'S PAPER» МЕРЕКЕСІНДЕ

1856 ЖЫЛЫ 14 АПРЕЛЬДЕ ЛОНДОНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ⁴⁹

1848 жылғы революциялар деп аталатындар европалық қоғамның берік қабатында тек кішкентай эпизодтар, болмашы жарықшақтар мен саңылаулар ғана болды. Бірақ олар оның астында түпсіз шыңыраудың бар екендігін көрсетті. Олар берік болып көрінген қабаттың астында үйіріліп жатқан мұхиттың барлығын көрсетті, берік құз-шыңдардап құрылған тұтас материктерді паршалап бөлшектеу үшін ол мұхиттың қимылға келуінің өзі-ақ жеткілікті еді. Ол революциялар пролетариатты азат етуді — XIX ғасырдың осы сырын және бұл ғасырдың революцияларының сырын — айқай-шумен және бейберекет жариялады.

Рас, бұл әлеуметтік революция 1848 жылы ойлап шығарылған жаңалық емес. Бу қуаты, электр және сельфактор дегендеріңіз Барбес, Распайль және Бланки азаматтардан гөрі әлдеқайда қауіпті революционерлер болды. Бірақ өзіміз тіршілік етіп тұрған атмосфера біздің әрқайсымызды 20 000 қадақтық ауырлықпен басып тұрса да сіздер оны сезесіздер ме? Европалық қоғам 1848 жылға дейін өзін қоршап тұрған және өзіне жан-жағынан қысым жасай бастаған революциялық атмосфераны болмашы сезгені сияқты ғана аз сезесіздер.

Біздің алдымызда XIX ғасырымызға тән ұлы факт тұр, мұны бекерге шығаруға ешбір партияның батылы бармайды. Бір жағынан, адам баласы тарихының бұрын өткен дәуірлерінің ешқайсысында осылар бар-ау деп ойға да келмеген өнеркәсіптік және ғылыми күштер жарық көруге ұмтылды. Ал екінші жағынан, Рим империясының соңғы кездерінде болған тарихқа белгілі жан түршігерлік сұмдықтардың бәрінен әлдеқайда асып түсетін құлдыраудың белгілері біліне бастады.

Біздің заманымызда әрбір зат өзінің қарама-қарсылығына толы сияқты. Адам еңбегін қысқартатын және өнімді ететін ке-

ремет күшті машинаның аштыққа, адамның дымын құртып шаршатуға әкеп соғатынын біз көріп отырмыз. Байлықтың жаңа, осы күнге дейін беймәлім болып келген көздері бір ғажайып, түсініксіз тылсым арқылы жоқшылықтың көздеріне айналып отыр. Техниканың жеңуі моральдық азғындауға сатылып алынған сияқты. Адам баласы табиғатты өзіне бағындыра берген сайын бір адам екінші адамдарға құл болып, немесе өз басының пасықтығына құл болып бара жатқан тәрізді. Тіпті ғылымның таза сәулесі тек надандық түнегінде ғана болмаса, басқаша жарқырай алмайтын сияқты. Біздің ашқан жаңалықтарымыздың бәрі, біздің бүкіл прогресіміз: материалдық күштерге интеллектуалды өмір беріп, ал өзінің интеллектуалдық қырынан айрылған адам өмірін топас материалдық күштердің дәрежесіне дейін төмендетуге бастап әкеле жатқандай. Бір жағынан, қазіргі өнеркәсіп пен ғылымның және, екінші жағынан, қазіргі қайыршылық пен құлдыраудың арасындағы бұл антагонизм, біздің дәуіріміздегі өндіргіш күштер мен қоғамдық қатынастардың арасындағы осы антагонизм — сезіліп тұрған, сөзсіз, даусыз факт. Кейбір партиялар бұған қайғырады; ал екінші бір партиялар қазіргі кезгі талас-тартыстардан құтылу үшін қазіргі техникадан құтылуды тілейді; үшінші бір партиялар өнеркәсіптің осыншалықты елеулі прогресі саясатта соншалықты елеулі регреспен қалайда толықтырылуға тиіс деп есептейді. Біз, өз тарапымыздан, осы қайшылықтардан үнемі көрініп отыратын бұл айла-шарғылы рухтың жаратылысы жөнінде шатаса қоймаймыз. Біз қоғамның жаңа күштерінің тиісінше әрекет істеуі үшін тек бір нәрсеге мұқтаж екендігін білеміз, бұларды жаңа адамдар меңгеруге тиіс екендігін, ал бұл жаңа адамдар — жұмысшылар екенін білеміз. Жұмысшылар — машиналар сияқты қазіргі заманның жемісі. Буржуазияны, аристократияны және кертартпалықтың кесепатты көріпкелдерін абыржытқан құбылыстардан біз өзіміздің ізгі досымызды, өзіміздің Робин Гудфеллоуды, жердің астын мейлінше тез қазатын кәрі тарлан көртышқанды, даңқты мина құрушыны — революцияны көреміз. Ағылшын жұмысшылары — қазіргі өнеркәсіптің тұңғышы. Сондықтан олар осы өнеркәсіп тудырған әлеуметтік революцияға көмекке, әрине, сонғылардың бірі болып келмейді — бұл революция олардың өз табын бүкіл дүние жүзінде азат ету болып табылады және капиталдың үстемдігі мен жалдама субъектінің құлдығы қандай жаппай сипатта болса, бұл революцияда сондай жалпыға бірдей сипатта болады. Мен ағылшын жұмысшыларының өткен ғасырдың орта кезінен бастап қандай қаһармандық күрес жүргізгенін білемін, буржуазиялық тарихшылар бұл күресті елеусіз қалдырып, ол туралы жұмған аузын ашпағанымен бұдан оның даңқы кемімейді. Орта ғасыр-

ларда Германияда билеп-төстеуші таптардың зұлымдықтары үшін кек алу «Vehmgericht»* деп аталатын құпия сот болатын. Егер бір үйдің қабырғасына қызыл крест сызылған болса, онда жұрттың бәрі осы үйдің несін «Vehm» соттағанын түсінетін. Қазір Еуропаның барлық үйлеріне құпия қызыл крест сызылған. Қазір тарихтың өзі сот, ал оның үкімін орындаушы — пролетариат.

The People's Paper-дің
207-номерінде басылған, 19 апрель
1856 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 12-том, 3—5-беттер

* — «Фема соты». Ред.

К. МАРКС

САЯСИ ЭКОНОМИЯ СЫНЫНА²⁶⁰

АЛҒЫ СӨЗ

Мен буржуазиялық экономиканың системасын төменгі ретпен қараймын: *капитал, жер меншігі, жалдама еңбек, мемлекет, сыртқы сауда, дүние жүзілік рынок*. Алғашқы үш тарау бойынша мен қазіргі буржуазиялық қоғамдағы үш ірі таптың өмірінің экономикалық жағдайларын зерттеймін; басқа үш тараудың өзара байланысы өз өзінен түсінікті. Бірінші кітаптың капитал туралы баяндайтын бірінші бөлімі төмендегі тараулардан тұрады: 1) товар; 2) ақша немесе жай айналым; 3) жалпы капитал. Алғашқы екі тарау осы кітаптың мазмұны болып табылады. Менің қолымдағы бүкіл материал монографиялар формасында, арасына үлкен үзілістер салып әртүрлі кезеңдерде баспасөз үшін жазылмай, мәселелерді өзім анықтап алу үшін жазылған еді; бұл монографияларды көрсетілген жоспар бойынша дәйекті түрде өңдеу сыртқы жағдайларға байланысты болады.

Өзім нобайын жасап та қойған жалпы кіріспені²⁵¹ кіргізбей отырмын, өйткені тереңірек ойластырып қарағанымда мынадай шешімге келдім: тек енді ғана дәлелденуі керек қорытындыларды алдын ала айтып қоюдың қандайы болса да кедергі жасауы мүмкін, ал маған ергісі келген оқырман жекеден жалпыға қарай өрлеуге бел байлауға тиіс. Алайда менің өзімнің саяси-экономикалық қызметімнің барысы туралы кейбір ескертпелер жасау бұл жерде маған орынды сияқты көрінеді.

Менің арнайы пәнім заң ғылымы болатын, бірақ мен оны философиямен және тарихпен қатар, тек бағынышты пән ретінде ғана зерттеген едім. 1842—1843 ж. ж. маған, «*Rheinische Zeitung*»¹⁶⁰ редакторы ретінде тұңғыш рет материалдық мүдделер дейтіндер туралы пікір айтуға тура келді, ал мұның өзі мені қиын жағдайға душар етті. Рейн ландтагында орман ағаштарының ұрлануы және жер меншігінің бөлшектенуі туралы мәселелердің талқылануы, мөселдық шаруалардың жағдайы туралы мәселе жөнінде Рейн провинциясының сол кездегі обер-президенті фон Шапер мырзаның «*Rheinische Zeitung*»-пен ресми айтысқа түсуі, ақырында, сауда еркіндігі мен қамқорлық баж

салығы туралы айтыстар менің экономикалық мәселелермен айналысуыма алғашқы түрткі болды. Екінші жағынан, бұл кезде, «ілгері басу» деген ізгі тілек пәнді білуден сан есе басым болып жүрген кезде, «Rheinische Zeitung»-те француз социализмі мен коммунизмнің жаңғырығы әлсіз философиялық өнмен естіліп жүрді. Мен бұл дилетанттыққа қарсы пікір айттым, бірақ сонымен қатар аугсбургтік «Allgemeine Zeitung»-пен²⁵² айтыста менің ол кездегі білімім француздық бағыттардың нақ мазмұны туралы қандай да бір пікір айтуға маған мүмкіндік бермеді деп ашық мойындадым. Сондықтан да газетті неғұрлым баяу жүргізу арқылы оған шығарылып қойған өлім үкімінен құтылуға болады деп үміттенген «Rheinische Zeitung» басшыларының жалған үміттерін мен қоғамдық арнадан оқу бөлмесіне кету үшін бар ынтамен пайдаландым.

Мені мендеген күдіктердің байыбына баруға арналып жазылған бірінші еңбек — гегельдік право философиясын* сыни тұрғыдан талдау еді; бұл еңбекке жазылған кіріспе** 1844 жылы Парижде шыққан «Deutsch-Französische Jahrbücher»¹²-де басылды. Менің зерттеулерім мені мынадай нәтижеге жеткізді: праволық қатынастарды, дәл сол сияқты мемлекеттің формаларын да өзінен өзі де, адам рухының жалпы дамуы дейтіннен де түсініп болмайды, олар керісінше, материалдық өмірлік қатынастарға негізделеді, бұл қатынастардың жиынтығын Гегель XVIII ғасырдағы ағылшын мен француз жазушыларының үлгісі бойынша, «азаматтық қоғам» деп атайды, сондықтан азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономикадан іздеу керек. Саяси экономияны Парижде бастаған зерттеуімді мен Брюссельде жалғастырдым, бұл жерге мен Гизо мырзаның мені Парижден айдап жіберу туралы бұйрығының нәтижесінде көшіп барғанмын. Өзім анықтаған және кейін өзімнің бұдан былайғы зерттеулерімде басшылық арқау болған жалпы нәтижені қысқаша төмендегі түрде тұжырымдауға болады. Өз өміріндегі қоғамдық өндірісте адамдар өздерінің дегендеріне қарамайтын, белгілі бір, қажетті қатынастарда — өндірістік қатынастарда болады, бұл қатынастар олардың материалдық өндіргіш күштері дамуының белгілі бір сатысына сай келеді. Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, осыған келіп заңдық және саяси қондырма орнайды және бұған қоғамдық сананың белгілі бір формалары сай келеді. Материалдық өмірдің өндіріс әдісі жалпы

* К. Маркс. «Гегельдік право философиясына сын жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-т., 219—368-беттер). Ред.

** К. Маркс. «Гегельдік право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 414—429-беттер). Ред.

өмірдегі әлеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызады. Адамдардың санасы олардың болмысын билемейді, қайта, керісінше, олардың қоғамдық болмысы олардың санасын билейді. Қоғамның материалдық өндіргіш күштері өз дамуының белгілі сатысында сол кездегі өндірістік қатынастарға, немесе осы күнге дейін өздері ішінде өркендеп келген — өндірістік қатынастардың заңдық жағынан алғандағы бейнесі ғана болып табылатын меншіктік қатынастарға қайшы келеді. Өндіргіш күштердің даму формалары болған бұл қатынастар енді олардың бұғауына айналады. Сол кезде барып әлеуметтік революция заманы басталады. Экономикалық негіздің өзгеруімен бірге аздықөпті қысқа уақыт ішінде бүкіл зор қондырмада төңкеріс жасалады. Мұндай төңкерістерді талдап қараған кезде өндірістің экономикалық жағдайларында табиғи-ғылыми жағынан дәл шығып отырған материалдық төңкерісті заңдық, саяси, діни, көркем әдебиеттік немесе философиялық формалардан, қысқасы идеологиялық формалардан әрқашан айыра білу қажет, адамдар осы идеологиялық формаларда бұл жанжалды ұғынып, оны шешу жолында күреседі. Жеке адамға сол адамның өзі туралы ойы тұрғысынан қарауға болмайтыны сияқты, мұндай төңкеріс заманына да сондағы сананың тұрғысынан қарауға болмайды. Керісінше, бұл сананы материалдық өмірдің қайшылықтарының, қоғамдық өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасында болып отырған жанжалдың нәтижесі деп түсіну керек. Бірде-бір қоғамдық формация өркендеуі үшін өзі өріс ашып беретін өндіргіш күштердің бәрі кемеліне келместен бұрын жойылмайды, ал жаңа неғұрлым жоғары өндірістік қатынастар ескі қоғамның өз ішінде өздерінің өмір сүруіне материалдық жағдайлар пісіп жетілместен бұрын ешқашанда пайда болмайды. Сондықтан адамзат өзінің алдына әрқашан тек өзі шеше алатын міндеттерді ғана қояды, өйткені анықтап қарағанда әрқашан да міндеттің өзі тек оны шешуге қажетті материалдық жағдайлар болып отырған кезде ғана немесе, ең болмағанда, болып келе жатқан кезде ғана туады. Жалпы алғанда, азиялық, арғызамандық, феодалдық және қазіргі, буржуазиялық өндіріс әдістерін экономикалық қоғамдық формацияның прогресшіл замандары деп айтуға болады. Буржуазиялық өндірістік қатынастар — қоғамдық өндіріс процесінің соңғы антагонистік формасы, антагонистік болғанда жеке антагонизм мағынасында емес, жеке адамдардың өмірінің қоғамдық жағдайларынан өсіп шығатын антагонизм мағынасындағы; бірақ буржуазиялық қоғамның қойнауында дамитын өндіргіш күштер сонымен бірге бұл антагонизмді шешу үшін материалдық жағдайлар жасайтын антагонистік формасы. Сондықтан адамзат қоғамының алғы тарихы буржуазиялық қоғамдық формациямен аяқталады.

Фридрих Энгельс те — оның экономикалық категорияларға

жасаған сынының данышпандық жобасы* жарыққа шыққаннан бері («Deutsch-Französische Jahrbücher») мен онымен хат арқылы үнемі пікір алысып тұрдым — басқа жолмен мен келген нәтижеге келді (оның «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегімен салыстырыңыз**); ал 1845 ж. көктемде ол да Брюссельге келіп орналасқаннан кейін, біз неміс философиясының идеологиялық көзқарастарына қарама-қарсы өзіміздің көзқарастарымызды бірігіп жасауға, шынына келгенде өзіміздің бұрынғы философиялық ұжданымызбен есеп айырысуға келістік. Бұл ниетіміз Гегельден кейінгі философияны сынау формасында орындалды***. Қолжазба — табақ қағаздың сегізден бір бөлегіне жазылған екі қалың том көлемінде — басылатын орны Вестфалиға әлдеқашан жеткен болатын, сол кезде өзгерген жағдайлар оның басылуын мүмкін етпей отыр деп, бізге хабар келді. Біз оған қынжылмастан қолжазбаны тышқандардың кеміруші сынына беріп қойдық, өйткені біздің басты мақсатымыз — істің жайын өзіміз үшін анықтап алу мақсаты орындалды. Ол кезде өзіміздің көзқарастарымызды түрлі жағынан жұртқа баяндаған жеке еңбектерден мен тек Энгельс екеуіміз бірігіп жазған «Коммунистік партияның манифесін»**** және өзім жариялаған «Сауда еркіндігі туралы сөзді»***** ғана атап өтемін. Біздің көзқарастарымыздың шешуші пункттері тұңғыш рет, тек айтыс формасында ғана болса да, 1847 ж. басылып шыққан және Прудонға қарсы бағытталған «Философия қайыршылығы»***** деген менің еңбегімде баяндалған болатын. Февраль революциясы және оған байланысты менің Бельгиядан зорлықпен кетуім себепті неміс тілінде жазылған «Жалдама еңбек» туралы еңбектің басылуы тоқталды*****, — бұған мен неміс жұмысшыларының Брюссельдік одағында⁶³ оқыған лекцияларымды жинаған едім.

1848 және 1849 жж. «Neue Rheinische Zeitung»⁶²-ті шығарып тұру және одан кейінгі оқиғалар менің экономикалық мәселелермен шұғылдануымда үзіліс жасады, сондықтан мен оларды тек 1850 ж. Лондонда ғана қайтадан бастай алдым. Саяси экономияның тарихы жөнінен Британия музейінде жиналған аса көп материал, буржуазиялық қоғамды зерттеу үшін Лондонның

* Ф. Энгельс. «Саяси экономия сынының жобалары» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-бас., 1-том, 544—571-беттер). *Ред.*

** К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 231—517 беттер. *Ред.*

*** К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Неміс идеологиясы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 7—544-беттер). *Ред.*

**** Осы томның 106—137-беттерін қараңыз. *Ред.*

***** Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404—418-беттер. *Ред.*

***** Қараңыз: бұл да сонда, 65—185-беттер. *Ред.*

***** Осы томның 152—177-беттерін қараңыз. *Ред.*

қолайлы бақылау пункті болып табылу жағдайы, ақырында, дамудың жаңа сатысы — буржуазиялық қоғам бұл сатыға калифорниялық және австралиялық алтынның ашылуымен енген болар, — осының бәрі мені тағы да істі ең басынан бастап, жаңа материалды сын көзбен қайта қарап шығуға итермеледі. Бұл қызметтер бір жағынан өзінен-өзі мынадай мәселелерге — тосыннан қарағанда, пәнге мүлде қатысы жоқ сияқты көрінген және менің азды-көпті ұзақ уақыт бөгелуіме тура келген мәселелерге алып келді. Бірақ мендегі уақыт күнкөріс үшін табыс табудың аса қажеттігінен өте-мөте қысқарды. Менің қазірдің өзінде-ақ «New-York Daily Tribune»¹⁴⁹, тұңғыш ағылшын-американдық газетке (тегінде газет хабарларының өзін мен ілуде бір ғана жазамын), сегіз жылға толған қатысып тұруым менің ғылыми қызметімде үзілістердің тым жиі болуын қажет етті. Алайда Англия мен континенттегі аса көрнекті экономикалық оқиғалар туралы мақалалар менің газет үшін істейтін жұмысымның соншалық көбін алғандықтан, мен шын мағынадағы саяси экономия ғылымынан тыс жатқан практикалық мәселелермен жақынарық танысуға мәжбүр болдым.

Саяси экономия саласындағы менің қызметтерімнің барысы туралы бұл ескертпелер тек мынаны ғана көрсетуге тиіс: менің көзқарастарым — бұлар туралы жұрт не ойласа да және бұлар үстем таптардың өзіншілдік соқыр сенімдерімен қалайда үйлеспесе де — адал және көп жылдық зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Ал ғылым табалдырығын аттарда, тамық табалдырығындағыдай, мынадай талап қойылуға тиіс:

«Qui si convien lasciare ogni sospetto;
Ogni viltà convien che qui sia morta»*

Карл Маркс

Лондон, январь 1859 ж.

Алғаш рет мына кітапта жарияланған:
„Zur Kritik der politischen Oekonomie
von Karl Marx“. Erstes Heft,
Berlin, 1859

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 13-том, 5—9-беттер

* — «Мұнда жанынның берік болғаны керек;
Мұнда үрей өз ақылын айтпауға тиіс».
(Данте. «Күдайшылық комедия»). Ред.

Ф. ЭНГЕЛЬС

КАРЛ МАРКС. «САЯСИ ЭКОНОМИЯ СЫНЫНА»

БІРІНШІ БАСЫЛУЫ, БЕРЛИН, ФРАНЦ ДУНКЕР, 1859²⁵³

I

Немістер ғылымның барлық салаларында өздерінің басқа цивилизациялы ұлттармен тең екенін, ал бұл салалардың көпшілігінде тіпті олардан асып түсетінін әлдеқашан-ақ дәлелдеді. Тек бір ғана ғылым — саяси экономия — ғұламаларының арасында бірде-бір неміс есімі жоқ еді. Мұның себебі түсінікті. Саяси экономия дегеніміз қазіргі буржуазиялық қоғамға жасалған теориялық талдау, сондықтан да оған дамыған буржуазиялық қатынастардың болғаны керек, ал мұндай қатынастар ғасырлар бойы, Реформация соғыстары мен Шаруа соғыстарынан бергі кезде, әсіресе Отызжылдық соғыстан²⁵⁴ бергі кезде, Германияда туа алмады, Голландияның империядан бөлінуі²⁵⁵ Германияны дүние жүзілік саудадан ығыстырып шығарды және әуел бастан-ақ оның өнеркәсіптік дамуын мардымсыз мөлшерге түсірді; ал немістер азамат соғыстарының ойрандарынан соншалық киналып, соншалық баяу арылып келе жатқан кезде, өзінің ешуақытта да онша зор болмаған бүкіл азаматтық күшжігерін таможнялық шекараларға және сорақы сауда ережелеріне — әрбір ұсақ князьсымақ пен империялық барон өз қол астындағылардың өнеркәсібін бағындырып қойған осы ережелерге қарсы жеміссіз күреске жұмсап жатқан кезде, ұсақ цехтық пен патрициандық менмендік жағдайында империялық қалалар құлдырай түсіп отырған кезде, — міне, осы кезде Голландия, Англия және Франция дүние жүзілік саудада бірінші орындарды жеңіп алып жатты, бір отардан соң бір отарды басып алып жатты және мануфактуралық өнеркәсіпті кемеліне келтіре дамытты, ал ақырында Англия өзінің жер қойнауындағы көмірі мен темірінің бағалылығын тұнғыш рет көтерген бу күшінің арқасында қазіргі заманғы буржуазиялық дамудың төріне шықты. Ал ортағасырлықтың кісі күлерлік ескі қалдықтарына, 1830 жылға дейін Германияның материалдық буржуазиялық дамуын тежеген қалдықтарына қарсы күрес жүргізуге тура келгенге дейін, нақ сол кезге дейін неміс саяси экономиясы мүмкін болмады. Тек Таможнялық одақтың¹⁵¹ құрылуына байланысты ғана немістер

саяси экономияны тегі ұғына аларлық халге жетті. Осы уақыттан бастап ағылшын және француз саяси экономиясының неміс буржуазиясының керегіне шын мәнісіндегі импорты басталды. Көп ұзамай-ақ ғалым ағайындар мен бюрократия импорт материалын меңгеріп алды да, оны «неміс рухына» оншама абырой бермейтін әдіспен өндеген болды. Жүрдім-бардым жазғыштап жүрген алаяқтар, көпестер, мектеп жетекшілері және бюрократтардың ала-кұла компаниясы сол кезде немістің экономикалық әдебиетін жазды, бұл әдебиет өзінің пасықтығы, үстірттігі, айтар ойының жоқтығы, мылжындығы және өзгенің ой-пікірін ұрлауы жағынан тек неміс романдарымен ғана туыстас болады. Практикалық бағыттағы адамдардың арасында алдымен протекционист-өнеркәсіпшілер мектебі құрылды; ал бұл мектеп бедел тұтқан Лист, неміс буржуазиялық экономикалық әдебиеті жасағандарының ішінен осы күнге дейін ең тәуірі болып табылады, бірақ оның да аты шулы шығармасы континенттік системаның¹⁴ теориялық негізін салушы француз Ферьеден түгелдей көшіріп алынған. Бұл бағытқа қарама-қарсы 40-жылдары Балтық бойындағы провинциялардың көпестері арасынан еркін сауда мектебі пайда болды, бұл көпестер балалық анкаулығы болғанымен риясыз сеніммен ағылшын фритредерлерінің¹⁸³ дәлелдемелерін қайталаумен болды. Ақырында, ғылымның теориялық жағымен айналысқан мектеп жетекшілері мен бюрократтар арасында фактілерді талғамай жинаған қатып семген Рау мырза сияқтылар, Штейн мырза сияқты, шетелдік авторлардың қағидаларын өздері түсінбеген Гегель тіліне аударып ақылдымсыған спекулятивтік философтар немесе, Риль мырза сияқты, «мәдениет тарихы» майданында көр-жерді тізіп ділмарсушылар пайда болды. Осылардың бәрінен, түптеп келгенде, камералистика²⁵⁶, эклектикалық-экономикалық тұздық құйылған көр-жерден жасалған ботқа, — үкімет орындарындағы чиновник лауазымына мемлекеттік емтихан тапсырушының білуі қажет нәрселер пайда болды.

Ал Германияда буржуазия, мектеп жетекшілері және бюрократтар ағылшын-француз саяси экономиясының негіздеріне шүбә келтіруге болмайтын догма деп қарап, жаттап алып, тым болмаса бұлардан бірдеңе ұғуға әлі де әлектеніп жатқан кезде, немістің пролетарлық партиясы пайда болды. Оның теориясының бүкіл мазмұны саяси экономияны зерттеу негізінде туды; ғылыми, дербес *неміс саяси экономиясы* да осы партияның пайда болу кезінен басталады. Бұл неміс саяси экономиясы шынына келгенде *тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге* негізделеді, бұл түсінудің негізгі сипаттары талданып отырған шығарманың алғы сөзінде* қысқаша баяндалған. Бұл алғы сөз негізінен алғанда

* Осы томның 521—525-беттерін қараңыз. *Ред.*

«Das Volk»²³⁷ бұрын басылған болатын, сондықтан біз оқушыны соған сілтейміз. Бір ғана саяси экономия үшін емес, барлық тарихи ғылымдар үшін (ал тарихи ғылымдар дегеніміз жаратылыс туралы ғылымдардан басқа ғылымдар) мына қағида революцияландырушы жаңалық ашу болып табылды: «материалдық өмірдің өндіріс әдісі жалпы өмірдегі элеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызады», тарихта болатын барлық қоғамдық және мемлекеттік қатынастар, барлық діни және праволық системалар, барлық теориялық көзқарастар тек әрбір тиісті заман өмірінің материалдық жағдайлары түсінілген кезде және басқаларының бәрін осы материалдық жағдайлардан қорытып шығарған кезде ғана түсінілуі мүмкін. «Адамдардың санасы олардың болмысын билемейді, қайта, олардың қоғамдық болмысы санасын билейді». Бұл қағиданың түсініктілігі соншалық, мұның өзі идеалистік алдауға түсіп қалмаған әрбір адамға өзінен өзі түсінікті болуға тиіс. Алайда бұдан тек теория үшін ғана емес, сонымен қатар практика үшін де нағыз революциялық қорытындылар туады: «Қоғамның материалдық өндіргіш күштері өз дамуының белгілі сатысында сол кездегі өндірістік қатынастарға, немесе осы күнге дейін өздері ішінде өркендеп келген — өндірістік қатынастардың заңдық жағынан алғандағы бейнесі ғана болып табылатын меншіктік қатынастарға қайшы келеді. Өндіргіш күштердің даму формалары болған бұл қатынастар енді олардың бұғауына айналады. Сол кезде барып *элеуметтік революция* заманы басталады. Экономикалық негіздің өзгеруімен бірге азды-көпті қысқа уақыт ішінде бүкіл зор қондырмада төңкеріс жасалады... Буржуазиялық өндірістік қатынастар — қоғамдық өндіріс процесінің соңғы антагонистік формасы, антагонистік болғанда жеке антагонизм мағынасында емес, жеке адамдардың өмірінің қоғамдық жағдайларынан өсіп шығатын антагонизм мағынасындағы; бірақ буржуазиялық қоғамның қойнауында дамытын өндіргіш күштер сонымен бірге бұл антагонизмді шешу үшін материалдық жағдайлар жасайтын антагонистік формасы»*. Сонымен, біздің материалистік тезісімізді одан әрі дамытқанда және оны қазіргі заманға қолданған кезде бізге барлық заман революцияларының ішіндегі ең ұлы, асқан ұлы революцияның перспективасы бірден ашылады.

Адамдардың санасы олардың болмысына байланысты, бірақ керісінше емес деген қағида қарапайым-ақ қағида сияқты; алайда, анықтап қарасақ бұл қағида өзінің алғашқы қорытындыларында-ақ идеализм атаулыға, тіпті нағыз жасырын идеализмге де өлтіре соққы береді. Бұл қағида арқылы барлық тарихи нәрсе атаулы жөніндегі мұра болып келе жатқан және әдетке айналған көзқарастардың бәрі де бекерге шығарылады. Саяси ойлаудың

* Осы томның 523—524-беттерін қараңыз. *Ред.*

бүкіл дәстүрлік әдісі қирайды; мұншалықты күпірлік көзқарасқа патриоттық көңілшектік ашынып қарсы тұрады. Сондықтан дүниеге жаңа көзқарас тек буржуазия өкілдерінің тарапынан ғана емес, сонымен қатар дүниені *liberté, égalité, fraternité** деген сиқырлы формуланың жәрдемімен қайта құруды тілеуші француз социалистері көпшілігінің тарапынан да қарсылыққа кездеспей қоймайды. Бірақ бұл теория неміс тұрпайы-демократиялық даурықпалардың арасында өте-мөте ерекше зор ашыну туғызды. Бірақ солай бола тұрса да олар жаңа идеяларды плагиаттық жолмен пайдалануға жандарын сала тырысты, рас, бұл жерде оларды сирек кездесетін түсінбеушілігін байқатып алды.

Бір ғана тарихи мысалмен болса да материалистік түсінікті дамыту жылдар бойы тыныш еңбектенуді керек ететін ғылыми жұмыс болды, өйткені бұл арада құр сөзбен ешнәрсе істей алмайсың; тек сын көзімен тексерілген, жете ұғылған үлкен тарихи материал ғана мұндай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ал февраль революциясы біздің партияны саяси майданға шығарды да, оның таза ғылыми мақсаттардың ғана соңына түсіне мүмкіндік бермеді. Солай болса да негізгі көзқарас партияның барлық әдеби шығармаларында бастан-аяқ арқау болып отырады. Бұлардың барлық жерінде, әрбір жеке ретте саяси қимыл материалдық қозғаушы себептерге ілеспелі сөздерден емес, әрқашан тікелей сол материалдық қозғаушы себептерден қалай туатындығы керісінше, саяси қимыл мен оның нәтижелері сияқты, саяси және заң жөніндегі сөздер де қалайша материалдық қозғаушы себептерден туатындығы көрсетіледі.

1848—1849 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін Германияға шетелден әсер ету мүмкіндігі бірте-бірте кемі берген кезең туды; сол кезде біздің партия эмигранттық бақастық жағын тұрпайы демократияға беріп қойды, өйткені бақастық бірден бір мүмкін қимыл болып қалды. Ал тұрпайы демократия осы бақастықпен армансыз-ақ айналысып, бүгін төбелесіп, ертең қайта табысып, ал келесі күні өздерінің былғанған киімдерін бүкіл дүние жүзі алдында қайтадан жуып жатқан кезде, бұл тұрпайы демократия бүкіл Америкада тілемсектеніп өзіне ақша жинап, оның артынша осындай жолмен табылған бірнеше талерді бөлу жөнінде жаңа жанжал шығарып жатқан кезде,— біздің партия ғылыми қызметтермен айналысу үшін жаңадан біраз тыныштық тапқанына қуанышты болды. Оның аса зор артықшылығы теориялық негіз ретінде партияның дүниеге жаңа ғылыми көзқарасы болғандығында еді, ал бұл көзқарасты талдап белгілеу партияның бар уақытын алды. Жалғыз осы себептің өзінен-ақ партия эмиграцияның «ұлы отағасылары» құлдырағандай, төмен құлдыраған жоқ.

* — бостандық, теңдік, туысқандық. *Ред.*

Бұл зерттеулердің алғашқы жемісі біздің алдымызда жатқан кітап болып табылады.

II

Біздің алдымызда жатқан шығарма сияқты шығармада саяси экономияның жеке, бір-бірінен бөлініп алынған қағидаларын әшейін жәй сынау туралы, белгілі бір экономикалық даулы мәселелерді окшау алып қарау туралы әңгіме де болуы мүмкін емес. Керісінше, бұл шығарма әуелден-ақ экономикалық ғылымдардың бүкіл комплексін жүйелі түрде қамтуға, буржуазиялық өндіріс пен буржуазиялық айырбастың заңдарын байланысты түрде баяндауға негізделіп құрылған. Ал экономистер бұл заңдардың түсіндірушісі және апологеттері болатындықтан бұл баяндау сонымен қатар бүкіл экономикалық әдебиетке жасалған сын болып табылады.

Гегель қайтыс болғаннан бері белгілі бір ғылымды оның өзіне тән ішкі байланысында алып дамыту жөнінде сірә тым болмаса бір әрекет жасала қойды ма екен. Ресми гегельдік мектеп ұстазының диалектикасынан тек ең қарапайым тәсілдермен айла-шарғы жасауды ғана ұққан, бұл тәсілдерді ол кез келген жердің бәрінде қолданады және оның үстіне көбінесе адам күлерліктей ебедейсіз қолданады. Гегельдің барлық мұрасы бұл мектеп үшін жәй ғана үлгі болумен тынды — мұның жәрдемімен кез келген тақырып жасалатын болды — және ой-пікір мен дұрыс білім жетпеген жерде бұлардың орнына дер кезінде қоя салуға жарамды сөздер мен сөйлемшелердің тізімі болумен тынды. Сөйтіп, бонндық бір профессордың айтқанындай, бұл гегельшілдер «жоқ нәрседен» бірдеңе ойлап шығарады да, кез келген нәрселердің «бәрі» жөнінде жаза беретін болған. Мұның өзі, әрине, солай болған да. Алайда бұл мырзаларда, олардың өзін-өзі дәріптеушілігінің бәріне қарамастан, өздерінің әлсіздіктерін сезу жағы күшті болғаны соншалық, олар үлкен міндеттерден мүмкіндігінше аулақ болуға тырысып отырды; ескі, кертартпа ғылым өзінің позицияларын пайдалы білімдер жағынан басымдылығы арқасында сақтап келді. Тек Фейербах ойдан шығарылған идеяны тиянақсыз деп жариялаған кезде гегельшілдік бірте-бірте сөне бастады, сөйтіп ғылымда қайтадан ескі метафизиканың өзінің қозғалмайтын категорияларымен үстемдік ету дәуірі басталған сияқты болды.

Бұл құбылыстың өзінің табиғи себебі болды. Жалаң сөздердің үстемдігін туғызған гегельдік диалогтардың²³⁸ режимінен кейін ғылымның дұрыс мазмұны оның формальдық жағынан қайтадан басым болатын заман табиғи түрде келіп туды. Бұл кезде Германия асқан зор жігермен жаратылыс тану ғылымда-

рына бой ұрды, мұның өзі оның 1848 жылдан бергі кездегі күшті буржуазиялық дамуына сай келді; спекулятивтік бағыт ешқашан пәлендей маңызды роль атқармаған бұл ғылымдар сәнге айнала бастаған сайын, ойлаудың ескі метафизикалық түрі де, барып тұрған вольфтік пасықтыққа дейін, қайта тарала бастады. Гегель ұмытылды, жаңа табиғи-ғылыми материализм өріс алды, мұның теориялық жағынан XVIII ғасыр материализмінен айырмашылығы мүлдем дерлік болмады, тек одан бар артықшылығы қарамағында анағұрлым бай табиғи-ғылыми, әсіресе химиялық және физиологиялық материал болғандығы болды. Біз канттық дәуірге дейінгі ойлаудың бұл топас филистерлік тәсілін барынша таяз қайта жаңғыртуды Бюхнер мен Фогтан көреміз; тіпті Фейербахтың атымен ант-су ішіп жүрген Молешотт та әрбір минут сайын ең қарапайым деген категорияларға келгенде адам күлерліктей болып шатасады. Әдеттегі буржуазиялық соқыр сезімнің шабан торысы, әрине, мәнді құбылыстан, себепті салдардан айырып жатқан айырыққа келгенде жан-жағына жалтақтап тұрып қалады. Бірақ абстракты ойлаудың тым ойлы-қырлы даласында тазылармен аң аулауға шыққанда шабан торыға мінуге тіпті де болмайды.

Сонымен, бұл арада саяси экономияның өзіне қатынасы жоқ басқа мәселені шешу керек еді. Ғылыми зерттеудің қандай әдісін таңдап алу керек? Бір жағынан, Гегель өзінен кейін қалдырған күйіндегі мүлде абстрактылы, «спекулятивтік» түрдегі гегельдік диалектика болды; екінші жағынан, кәдімгі, қазір тағы да сәнге айналған көбіне көп вольфтік-метафизикалық әдіс болды, буржуазияның экономистері өздерінің байланыссыз қалың кітаптарын жазғанда осыған еріп жазды. Бұл соңғы әдісті Канттың, әсіресе Гегельдің теория жағынан талқандағаны соншалық, оның мұнан былайғы практикалық өмір сүруін тек керенаулық қана, өзге бір *қарапайым* әдістің жоқтығы ғана мүмкін етті. Екінші жағынан, гегельдік әдіс оның *қазіргі* формасында мүлдем жарамсыз болды. Ол шын мәнінде идеалистік әдіс болды, ал бұл арада бұған дейінгі барлық көзқарастарға қарағанда анағұрлым материалистік көзқарастың дамытылуы керек болды. Гегельдік әдіс таза ойлауға ғана сүйенді, ал бұл жерде нағыз мойын бұлтартпас фактілерге сүйену керек еді. Гегельдің өзі мойындағанындай «жоқтан бастап жоқ арқылы жокқа алып келген»²⁵⁹ әдіс бұл күйінде бұл жерде мүлде орынсыз еді. Дегенмен қолда бар барлық логикалық материалдан ол қалайда пайдалануға болатын бірден-бір материал болды. Бұл әдіс сынға түспеді, оны ешкім теріске шығармады, ұлы диалектиктің қарсыластарынан ешкім де бұл әдістің зәулім үйіне жарықшақ сала алмады; бұл әдістің ұмытылған себебі — гегельдік мектеп мұнымен не істерін білмеді. Сондықтан ең алдымен гегельдік әдісті мықтап сынға алу керек болды.

Ойлаудың гегельдік әдісі басқа философтардың бәрінің ойлау әдісінен аса зор тарихи түйсінуімен өзгеше, бұл түйсіну оның негізі болып табылады. Формасы тым абстрактылы әрі идеалистік болса да, дегенмен оның ойларының дамулары әрқашан бүкіл дүние жүзілік тарихтың дамуымен қатар жүріп отырды, сөйтіп, соңғысы, шынында, біріншісінің тек дәлелдемесі болып қызмет етуге тиіс болды. Егер шын мәнісіндегі арақатынас төңкеріліп, аяғын аспаннан келтіріп қойылған болса, онда дегенмен реалдық мазмұн барлық жерде де философияға енді, оның реті де бар, өйткені Гегельдің өз шәкірттерінен өзгешелігі: ол шәкірттері сияқты, надандықты ізгілік деп білген жоқ, қайта барлық замандарда болған ең білімді адамдардың бірі болды. Ол тұңғыш рет тарихтың дамуын, ішкі байланысын көрсетуге тырысты, оның тарих философиясында көп нәрсе бізге қазір қаншалықты ерсі көрінсе де, дегенмен оның негізгі көзқарастарының заңғарлығы әсіресе егер оны одан бұрын болған дармен немесе одан кейін тарих туралы жалпы сөз етуге батылдық жасағандармен салыстырсақ тіпті қазіргі кезде де тандандырады. «Феноменологияда», «Эстетикада», «Философия тарихында» — барлық жерде тарихты осындай аса терең түсіну барынша айқын көрінеді және барлық жерде материал тарихи тұрғыдан қаралады, тарихпен белгілі бір абстрактылы, бұрмаланған байланыс болса да, тарихпен біршама байланыстыра қаралады. Тарихты өзінше бір заман жасаған бұл түсінушілік жана материалистік көзқарастың тура теориялық алғы шарты болды, міне осының арқасында логикалық әдіс үшін де бастама негіз берілді. Егер осы ұмыт болған диалектика, тіпті «таза ойлау» тұрғысынан да, осындай нәтижелерге алып келсе, егер ол оның үстіне барлық бұрынғы логика мен метафизиканы ойнай отырып жеңсе, онда, демек, бұл диалектикада жай софистика мен схоластикалық бұрмалаулардан асып түсетін бірдененің болғаны. Бірақ бұл әдісті сынау онай міндет болған жоқ; бүкіл ресми философия бұл міндетке кіріспеуден қорықты және әлі де қорқалды.

Маркс гегельдік логикадан бұл салада Гегель ашқан шын жаңалықтарды қамтитын дәнін аршып алу және идеалистік қауыздардан арылған диалектикалық әдісті ой-пікір дамуының бірден-бір дұрыс формасына айналатын жәй түрінде қайтадан қалпына келтіру ісін өз міндетіне ала білген бірден бір адам болды және солай болып қала береді. Саяси экономияны сынаған маркстік сынның негізі болған әдісті талдап жасауды біз өзінің маңызы жағынан материалистік негізгі көзқарастан кем түсе қоймайтын нәтиже деп білеміз.

Саяси экономияны сынау ісін тіпті үйреншікті әдіс бойынша да екі жолмен: тарихи немесе логикалық жолмен жүргізуге болар еді. Тарихта да оның әдебиеттік көрінісіндегі сияқты, даму

жалпы және тұтас алғанда ең қарапайым қатынастардан неғұрлым күрделі қатынастарға қарай жүріп отыратындықтан саяси-экономикалық әдебиеттің тарихи дамуы сынның басшылыққа алып отыруына болғандай табиғи желі тартып берді; мұнда экономикалық категориялар да жалпы және тұтас алғанда бұл жерде логикалық дамудағы сияқты дәйектілікпен келер еді. Бұл форманың тосыннан қарағанда аса айқындылық жағынан артықшылығы бар, өйткені мұнда *шын мәнісіндегі* даму ізі аңғарылады, бірақ іс жүзінде мұндай форма ең жақсы дегенде тек неғұрлым түсінікті ғана форма болған болар еді. Тарих екінің бірінде күрт өзгерістермен, бұраң жолдармен жүріп отырады, сондықтан барлық жерде де міндетті түрде оған еріп отыру керек болса, онда маңызы шамалы көптеген материалды тек ақтарып қана қоймай, сонымен қатар ойлардың барысына жиі-жиі үзіліс жасап отыруға да тура келген болар еді. Оның үстіне саяси экономияның тарихын буржуазиялық қоғамның тарихынсыз жазуға болмайды, ал мұның өзі таусылмайтын көп жұмысқа апарып соқтырар еді, өйткені даярлық жұмыс атымен болған жоқ қой. Сөйтіп, зерттеудің логикалық әдісі бірден бір орынды әдіс болды. Бірақ шын мәніне келгенде бұл әдіс нақ сол тарихи әдіс, тек оның тарихи формасынан және кедергі болар кездейсоқтардан арылған әдіс. Тарих неден бастаса, ой барысы да содан басталуға тиіс, сондықтан оның одан арғы барысы тарихи процесстің абстракт және теориялық жағынан дәйекті формадағы көрінісі ғана болып табылады; оның үстіне түзетілген көрініс, бірақ тиісті заңдарға сәйкес түзетілген көрініс, бұл заңдардың өзін шын тарихи процесс шығарып отырады, оның бер жағында әр кезең оның дамуының процесс әбден кемелденген және классикалық формасына жеткен жерінде қаралуға тиіс.

Бұл әдіс бойынша біз ең бірінші және анағұрлым қарапайым қатынасты бастау етіп аламыз, мұның өзі тарихи тұрғыдан, іс жүзінде біздің алдымызда тұр, демек, бұл ретте өзіміз тауып отырған бірінші экономикалық қатынасты бастау етіп аламыз. Бұл қатынасты біз талдаймыз. Мұның өзі *қатынас* екенін көрсететін фактінің өзі-ақ онда *бір-біріне қатысты* екі жақтың бар екенін көрсетеді. Бұл екі жақтың әрқайсысын біз өз алдына қараймыз; бұдан олардың бір-біріне қатынасының сипаты, олардың өзара әсері көрінеді. Бұл арада шешілуін керек ететін қайшылықтар ашылады. Бірақ бұл жерде біз тек біздің басымызда ғана болатын ойлаудың абстракт процесін емес, бұрынсонды болған немесе әлі де болып жатқан шын процессті қарастырып отырғандықтан бұл қайшылықтар да практикада дамиды және, сірә, өзінің шешімін тапқан қайшылықтар болар. Біз бұл қайшылықтардың қалай шешілгенін қадағалаймыз, сөйтіп мұның өзі жаңа қатынас орнату арқылы шешілгенін көреміз,

енді бізге бұл жаңа қатынастың карама-қарсы екі жағын дамыту керек болады, т. т.

Саяси экономия *товардан*, өнімдерді бір біріне жеке адамдардың немесе алғашқы қауымдардың айырбастауынан бастайды. Айырбасқа түсетін өнім товар болып табылады. Бірақ оның товар болатын себебі — бұл *зат* арқылы, осы өнім арқылы екі адам, немесе қауым арасында қатынас орнайды, бұл жерде енді бір адамның өзі бола алмайтын өндіруші мен тұтынушы арасында қатынас орнайды. Бұл жерде біз бірден бүкіл саяси экономияда болатын және буржуазиялық экономистердің басын шым-шытырық шатастыратын өзіндік бір үлгідегі құбылыстың мысалын көріп отырмыз: саяси экономия заттармен шұғылданбайды, адамдардың арасындағы, түптеп келгенде таптардың арасындағы қатынастармен шұғылданады, бірақ бұл қатынастар қашанда *заттармен байланысты* және *заттар ретінде* көрінеді. Кей-кейде кейбір экономистер тек шамалап қана байқаған бұл байланысты Маркс тұңғыш рет оның саяси экономия үшін барлық маңызымен қоса ашты және осының арқасында оның ең қиын мәселелерді қарапайым да түсінікті еткені соншалық енді оларды тіпті буржуазиялық экономистердің де түсінуіне болады.

Егер біз товарды оның түрлі жақтарынан және бұған қоса оның әлі алғашқы екі қауым арасындағы алғашқы айырбас саудасында аса қиыншылықпен дамыған күйінде емес, әбден дамыған күйінде қарастыратын болсақ, онда ол бізге екі тұрғыдан: тұтыну құны және айырбас құны тұрғысынан келіп көрінеді. Ал бұл арада біз бірден экономикалық таластар саласына келіп кіреміз. Кімде-кім темір жолдар орта ғасырлардағы транспорттық құралдардан қаншалық артық болса, немістің диалектикалық әдісінің өз дамуының қазіргі сатысында ескі, пасық-мылжың метафизикалық әдісінен ең кемінде соншалық артық екендігінің айқын мысалын білгісі келсе, онда ол Адам Смиттен немесе кез келген аты шыққан басқа ресми экономистен бұл мырзаларға айырбас құны мен тұтыну құнының қандай қиыншылық туғызып жүргенін, бірінен бірін айқын айырып қарау және әрқайсысының өзінше бір үлгідегі айқындығын түсіну қаншалықты қиын екенін оқып көрсін, ол содан кейін осының бәрін Маркстің бұл мәселені айқын, қарапайым баяндауымен салыстырып көрсін.

Тұтыну мен айырбас құны талданғаннан кейін, товар жаңағы екеуінің тікелей бірлігі ретінде, *айырбас процесінде* болатын түрінде көрінеді. Бұл арада қандай қайшылықтар туатынын оқушы 20—21-беттерден * таба алады. Мынаны ғана ескерте

* К. Маркс. «Саяси экономия сынына» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 29—31-беттер). *Ред.*

кетеміз: бұл қайшылықтар, абстракт, теориялық жағынан ғана көңіл аудармайды, бұлар сонымен қатар тікелей айырбас қатынасының жаратылысынан, жәй айырбас саудасынан туатын қиыншылықтарды да көрсетеді, айырбастың бұл бірінші дәрекі формасы сөзсіз кездесетін мүмкін еместіктерді де көрсетеді. Бұл мүмкін еместіктердің шешілуі барлық басқа товардың айырбас құны болатын қасиетінің арнаулы товарға — *ақшаға* ауыстырылуында. Ақша немесе қарапайым айналыс кейін екінші тарауда қаралады, атап айтқанда: 1) ақша құн өлшемі ретінде, оның бер жағында бұл арада ақшамен өлшенетін құн, *баға*, өзінің неғұрлым жақын анықтамасын алады, 2) *айналыс құралы* ретінде және 3) екі анықтаманың бірлігі ретінде, *реалдық ақша* ретінде, бүкіл материалдық буржуазиялық байлықтың өкілі ретінде қаралады. Осымен бірінші кітаптың баяндалуы аяқталады, ал ақшаның капиталға айналуы екінші кітапқа қалдырылады.

Біз бұл әдісте логикалық дамудың тек таза абстракт салада ғана болуға тегі міндетті емес екенін көреміз. Керісінше, оның өзі тарихи дәлелдермен сипатталуын, өмір шындығымен үнемі қабысып отыруын керек етеді. Сондықтан бұл жерде қоғамдық дамудың әртүрлі сатысында істің шын тарихи барысына сілтеу ретінде де, сондай-ақ экономикалық қатынастардың айқын анықтамаларын жасау процесін ең басынан бастап қадағалау мақсатымен экономикалық әдебиетке сілтеу ретінде де көптеген әралуан мысалдар келтіріледі. Жеке, азды-көпті, бір жақты немесе шатастырылған көзқарастарды сынау негізінен алғанда логикалық дамудың өзінде берілген болатын және қысқаша баяндалуы мүмкін.

Үшінші мақалада біз кітаптың өзінің экономикалық мазмұнына көшеміз ²⁵³.

Ф. Энгельс 1859 жылғы 3—15 августа жазған «*Das Volk*» газетінің 14 және 16 номерлерінде 1859 жылғы 6 және 20 августа басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы, 13-том, 489—499-беттер

К. МАРКС

ХАТТАР

МАРКС — ПАВЕЛ ВАСИЛЬЕВИЧ АННЕНКОВҚА

ПАРИЖГЕ

Брюссель, 28 декабрь [1846 ж.]

Ардақты Анненков мырза!

Егерде менің кітап сатушым маған Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясы» деген кітабын жіберуді өткен аптаға дейін кешеуілдетпегенде, Сіз 1 ноябрьдегі өзіңіздің хатыңызға менің жауабымды әлдеқашан алған болар едіңіз. Менің Сізге өз пікірімді дереу хабарлауға мүмкіндігім болу үшін, мен ол кітапты екі күн ішінде жүгіртіп оқып шықтым. Өзім кітапты тым жүгіртіп оқып шыққандықтан, мен егжей-тегжейіне тоқтала алмаймын. Мен кітаптың өзіме тигізген жалпы әсері туралы ғана айта аламын. Егер қаласаңыз мен ол кітап туралы келесі хатта толығырақ жазуыма болады.

Ашығын айтайын, мен бұл кітапты жалпы алғанда нашар, өте нашар кітап деп санаймын. Прудон мырза осы кейіпсіз, дәмегөйлік шығармасымен мақтаныш ететін «неміс философиясының бір пұшпағы» жөнінде Сіз өзіңіз де хатыңызда келеке етесіз, алайда Сіз философия уы оның экономикалық зерттеулерін уландырған жоқ деп санайсыз. Прудон мырзаның экономикалық зерттеулеріндегі қателердің себебі оның философиясы болды деп есептеуден мен де аулақпын. Прудон мырзаның бізге саяси экономия жөнінде жалған сын беруі оның кісі күлерлік философияның иесі болғандығынан емес, оның біздің алдымызға кісі күлерлік философияны тартуының себебі — оның қазіргі заманғы қоғамдық құрылысты бұл құрылыстың тізбегінде [engrènement], егер басқа да көптеген адамдар сияқты Прудон мырза да Фурьеден алып қолданатын осы сөзді қолдансақ, осы тізбегінде түсінбеген.

Құдай туралы, жалпылама ақыл-ой туралы, адамзаттың ешқашан да қателеспейтін, әрқашан да өзіне өзі барабар болған, ақиқатқа жету үшін ол туралы өзің тек қана дұрыс ұғым жасауың керек болатын иесі жоқ ақыл-ойы туралы Прудон мырза неліктен айтады? Өзін терең ойшыла етіп көрсету үшін ол үстірт ұғынған гегельшілдікке неге ұмтылады?

Жұмбақты шешудің кілтін бізге ол өзі беріп отыр. Прудон мырза тарихты қоғамдық эволюциялардың белгілі бір тізбегі деп біледі. Ол тарихты прогрестің жүзеге асырылуы деп біледі. Ақырында, ол жеке кісілер ретінде алынған адамдар өздерінің не істегендерін білмеді, олар өздерінің қозғалысын қате түсінді, яғни, тосыннан қарағанда, олардың қоғамдық дамуы ерекше, жеке алынған, өздерінің жеке дамуына байланысы жоқ нәрсе сияқты болып көрінеді деп біледі. Оның бұл фактілерді түсіндіруге шамасы келмейді, дәл осы арада келіп өзін өзі көрсететін жалпылама ақыл-ой туралы гипотеза шығады. Дұрыс ақыл-парасат жетпеген жағдайларда мистикалық себептерді, яғни желсөздерді ойлап шығарудан онай ештеңе жоқ.

Бірақ Прудон мырза адамзаттың тарихи дамуын өзінің мүлде түсінбейтіндігін мойындай отырып,— ал ол мұны жалпылама ақыл-ой туралы, құдай туралы, т. с. туралы даурықпа сөздерге салынған кезде мойындайды,— ол осынысы арқылы өзінің *экономикалық дамуды* да түсінуге қабілетсіз екендігін де лажсыз мойындап отырған жоқ па?

Ал өзінің формасы қандай болса да қоғам дегеніміз не? Адамдардың өзара әрекетінің жемісі. Адамдар белгілі бір қоғамдық форманы таңдап алуға ерікті ме? Тіпті де ерікті емес. Адамдардың өндіргіш күштері дамуының белгілі бір сатысын алсаңыз, сіз айырбас [commerce] пен тұтынудың белгілі бір формасын көресіз. Өндірістің, айырбас пен тұтынудың дамуының белгілі бір сатысын алсаңыз, сіз белгілі бір қоғамдық құрылысты, семьяның, сословиелердің немесе таптардың белгілі бір ұйымын,— қысқасы, белгілі бір азаматтық қоғамды көресіз. Белгілі бір азаматтық қоғамды алсаңыз, сіз азаматтық қоғамның тек ресми көрінісі ғана болып табылатын белгілі бір саяси құрылысты көресіз. Прудон мырзаның ешқашан да түсінбейтін нәрсесі міне осы, өйткені ол мемлекеттен азаматтық қоғамға, яғни қоғамға ресми қорытынды жасаудан ресми қоғамға барып жүгінген кезде бір ұлы нәрсе істедім деп қиялдайды.

Бұған адамдар өздерінің бүкіл тарихының негізін жасайтын *өз өндіргіш күштерін* таңдап алуға ерікті емес, деп қосып айтудың қажеті жоқ: өйткені өндіргіш күш атаулының бәрі жүре жасалған күш, өткендегі іс-әрекетінің жемісі. Сонымен, өндіргіш күштер дегеніміз адамдардың практикалық күш-қуатының нәтижесі, бірақ бұл күш-қуаттың өзі адамдар өмір сүріп отырған жағдайлардан, бұрыннан-ақ жасалған өндіргіш күштерден, осы адамдарға дейін болған, бұл адамдар жасамаған, бұрынғы ұрпақтар жасаған қоғамдық формадан туады. Әрбір келесі ұрпақ мұның алдындағы ұрпақ жасаған өндіргіш күштерге не болатын және бұл өндіргіш күштер сол кейінгі ұрпақ үшін жаңа өндірістің шикі материалы болып табылатын қарапайым фактінің нәтижесінде — осы фактінің нәтижесінде адамзат тарихында байла-

ныс жасалады, адамзат тарихы жасалады, бұл тарих адамдардың өндіргіш күштері, ал олай болса, олардың қоғамдық қатынастары да неғұрлым көп дамыған болса, соғұрлым зор дәрежеде адамзат тарихы болып шығады. Бұдан шығатын қажетті қорытынды: адамдардың қоғамдық тарихы дегеніміз әрқашанда олардың жеке дамуының тарихы ғана, олар мұны ұғына ма, ұғынбай ма, мұның бәрібір. Олардың материалдық қатынастары олардың барлық қатынастарының негізін жасайды. Бұл материалдық қатынастар адамдардың материалдық және жеке іс-әрекеті жүзеге асырылып отыратын қажетті формалар ғана.

Прудон мырза идеялар мен заттарды шатастырып алады. Адамдар өздері не болған нәрседен ешқашан да бас тартпайды, бірақ бұл — адамдар өздері белгілі бір өндіргіш күштерге не болған қоғамдық формадан бас тартпайды деген сөз емес. Керісінше, қол жеткен нәтижеден айрылып қалмау үшін, цивилизация жемістерінен айрылып қалмау үшін адамдар өздеріне мұраға қалған қоғамдық формалардың бәрін өздерінің қатынас [commerce] әдісі қолдарындағы өндіргіш күштерге бұдан былайғы жерде сай келмейтін кезеңде өзгертуге мәжбүр болады.— «Commerce» деген сөз немісше қандай кең мағынада қолданылса, мен бұл арада «Verkehr» деген сөзді сондай нағыз кең мағынада қолданып отырмын. Мысалы: артықшылықтар, цехтар мен корпорациялардың құрылуы, орта ғасырлық регламентацияның бүкіл режимі не болған өндіргіш күштерге және сол мекемелердің өздері шыққан бұрынғы қоғамдық құрылысқа бірден бір сай келген қоғамдық қатынастар болды. Цехтық регламентация тәртібінің қорғалуымен капиталдар қорланды, теңіз саудасы дамыды, отарлар құрылды, ал егер адамдар бұл жемістер қорғауында пісіп жетілген формаларды сақтап қалғысы келсе, онда олар осының бәрінің жемісінен айрылған болар еді. Сондықтан күдіретті екі соққы — 1640 және 1688 жылдардың революциясы келіп туды. Ескі экономикалық формалардың бәрі, оларға сай келген қоғамдық қатынастар, ескі азаматтық қоғамның ресми көрінісі болған саяси құрылыс,— осының бәрі Англияда талқандалды. Сонымен, өзінің тұсында адамдар өнім өндіретін, тұтынатын, айырбас жасайтын экономикалық формалар *өткінші және тарихи* формалар болып табылады. Жана өндіргіш күштерге не болуымен қатар адамдар өздерінің өндіріс әдісін өзгертеді, ал өндіріс әдісін өзгертуімен бірге олар сол, белгілі бір өндіріс әдісінің ғана қажетті қатынастары болған экономикалық қатынастардың бәрін де өзгертеді.

Прудон мырза мұны түсінбеген, сондықтан дәлелдей алмаған. Тарихтың шын барысын қадағалап отыруға шамасы келмей, Прудон мырза мұның орнына біздің алдымызға диалектикалық бос сандырақ болудан дәмеленетін бос сандырағын тартады. Ол XVII, XVIII және XIX ғасырлар туралы айтудың қажеттігін сез-

бейді, өйткені оның айтып отырған тарихы княлдың жеті қабат шынында жасалып, уақыт пен кеңістіктің шеңберінен тыс жоғары шарықтайды. Қысқасы, бұл — гегельдік коқсық; бұл тарих емес, әдеттегі тарих емес — адамдардың тарихы емес, қасиетті тарих — идеялардың тарихы. Оның көзқарасынша адам дегеніміз — идея немесе мәңгілік ақыл-ой өзінің дамуы үшін пайдаланатын құрал ғана. Прудон мырза айтып отырған *эволюциялардың* өзі — абсолюттік идеяның мистикалық аясында жасалатын эволюциялар. Егер сіз осы мистикалық желсөздің жамылғысын сыпырып алсаңыз, сонда сіз Прудон мырзаның сізге суреттеп беріп отырған тәртібі: экономикалық категориялар оның өз басына орналасатын тәртіп екенін көрессіз. Бұл тәртіптің — өте шатасқан бастың тәртібі екенін сізге дәлелдеу үшін маған көп қиналып жатудың керегі жоқ.

Прудон мырза өзінің кітабын *құн* туралы өзінің тәуір көретін сарынында пікірлер айтудан бастайды. Мен бұл жолы ол пікірлерді талдап жатпаймын.

Мәңгілік ақыл-ойдың экономикалық эволюцияларының қатары *еңбек бөлінісінен* басталады. Прудон мырза үшін еңбек бөлінісі — мүлде қарапайым нәрсес. Бірақ қасталық құрылыс еңбек бөлінісінің белгілі бір түрі болған жоқ па еді? Цехтық құрылыс еңбек бөлінісінің екінші бір түрі болмап па еді? Ал Англияда XVII ғасырдың ортасында басталып, XVIII ғасырдың екінші жартысында аяқталған мануфактуралық дәуірдегі еңбек бөлінісі ірі өнеркәсіптегі, қазіргі заманғы өнеркәсіптегі еңбек бөлінісінен тіпті мүлде өзгеше емес пе?

Прудон мырзаның істің мәнін нашар түсінетіндігі соншалық, тіпті қарапайым экономистер ұмытпайтын нәрсені де есінен шығарып алады. Еңбек бөлінісі туралы айтқанда ол дүние жүзілік *рынок* туралы айту керек екендігін есте сезбейді. Япырау десенізіші! Ал XIV және XV ғасырлардағы, отарлар әлі де болмаған кездегі, Америка Еуропаға әлі белгісіз кездегі, ал Шығыс Азиямен тек Константинополь арқылы ғана қатынас жасалған кездегі еңбек бөлінісі XVII ғасырдағы, толық дамыған отарлар бар кездегі еңбек бөлінісінен мүлде өзгеше болуға тиіс емес пе еді?

Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Халықтардың бүкіл ішкі ұйымы, олардың барлық халықаралық қатынастары еңбек бөлінісінің белгілі бір түрінің көрінісі болып табылмай ма? Осының бәрі еңбек бөлінісінің өзгеруімен бірге өзгеруге тиіс емес пе?

Прудон мырзаның еңбек бөлінісі туралы мәселені түсінуден алыс жатқандығы соншалық, — ол тіпті қаланың деревнядан бөлінуін есіне де алмайды, бұл бөліну мысалы Германияда IX—XII ғасырларда жүзеге асты. Сондықтан Прудон мырза үшін бұл бөліну мәңгілік заң, өйткені ол бұл бөлінудің неден шыққанын да, оның дамуын да білмейді. Өзінің кітабының өңе бойында ол: белгілі бір өндіріс әдісінің осы жемісі заман ақырына дейін бола бе-

реді екен деп пайымдайды. Прудон мырзаның еңбек бөлінісі туралы айтқанының бәрі қорытындыдан артық ештеңе емес және оның үстіне Адам Смит пен көптеген басқа адамдардың Прудонға дейін айтқандарының өте үстірт, шала-шарпы қорытындысы ғана.

Екінші эволюция — бұл *машиналар*. Прудон мырзада еңбек бөлінісі мен машиналар арасындағы байланыс мүлде мистикалық байланыс. Еңбек бөлінісінің әрбір түрінің тұсында өзіне тән ерекше өндіріс құралдары болды. Мәселен, XVII ғасырдың ортасынан бастап XVIII ғасырдың ортасына дейін адамдар жұмыстың бәрін бірдей қолмен істеген жоқ. Оларда құрал-саймандар болды, тіпті станоктар, кемелер, рычагтар, т. т. және т. с. сияқты өте күрделі құрал-саймандар болды.

Сонымен, машиналардың пайда болуын жалпы еңбек бөлінісінің нәтижесі деп қарау мүлде сорақылық.

Сөз арасында ескерте кетейін, Прудон мырза машиналардың пайда болу тарихы сияқты, олардың даму тарихын да жөнді түсінбеген, 1825 жылға дейін — бірінші жаппай дағдарыстың заманына дейін — тұтыну мұқтажықтары тегінде өндірістен гөрі тезірек өсті, сондықтан машиналардың дамуы рынок қажеттерінің сөзсіз нәтижесі болды деуге болады. 1825 жылдан бастап машиналарды ойлап шығару және қолдану кәсіп иелері мен жұмысшылардың арасындағы тартыстың нәтижесі ғана болды. Бірақ бұл тек Англия үшін ғана солай болды. Ал европалық ұлттарға келсек, онда оларды машиналар қолдануға мәжбүр еткен нәрсе — олардың өздерінің ішкі рыногындағы, сондай-ақ дүние жүзілік рыноктағы Англиямен арадағы бәсеке болды. Ақырында Солтүстік Америкада машиналарды енгізу басқа халықтармен арадағы бәсекеден, сондай-ақ жұмысшы күшінің жетіспеуінен, яғни Солтүстік Американың өнеркәсіптік қажеттері мен оның халқының арасындағы сәйкессіздіктен туды. Бәсеке елесін үшінші эволюция деп, машиналардың антитезасы деп отырған Прудон мырзаның қандай көрегендік байқатып отырғанын Сіздің осы фактілерден білуіңізге болады.

Ақырында, еңбек бөлінісімен, бәсекемен, кредитпен және т. т. қатар *машиналарды* экономикалық категорияға жатқызу тегінде ақылға сыйымсыз нәрсе.

Соқаға жегілетін өгіздің экономикалық категория болмайтыны сияқты, машинаның да экономикалық категория болуы шамалы. Машиналардың қазіргі замандағы *қолданылуы* біздің қазіргі экономикалық құрылысымыздың қатынастарының бірі, бірақ машиналарды пайдалану әдісі мүлдем бір басқа да, ал машиналардың өзі екінші басқа. Оқ-дәрі адамды жаралау үшін қолданыла ма немесе нақ сол адамның жарасын жазу үшін қолданыла ма, бәрібір ол оқ-дәрі болып қала береді.

Прудон мырза өзінің басында бәсекені, монополияны, салықты немесе полицияны, сауда балансын, кредитті және меншікті — бұларды өзінің басында менің қазір атап өткен ретімдей нақ сол ретпен жасап, өзінен өзі асып түсіп отыр. Англияда кредит мекемелерінің бәрі дерлік XVIII ғасырдың бас кезінде, машиналарды ойлап шығарғанға дейін-ақ дами бастады. Мемлекеттік кредит салықтарды арттырудың және буржуазия тағының өкімет басына келуіне байланысты туған жаңа қажеттерді қанағаттандырудың жаңа әдісі ғана болды.

Ақырында, Прудон мырзаның системасында *меншік* соңғы категория болып отыр. Шын өмірде бұған керісінше, Прудон мырзаның еңбек бөлінісі мен барлық басқа да категориялары дегендерініз қоғамдық қатынастар, ал бұлардың жиынтығы қазіргі кезде *меншік* деп аталып жүргенді құрайды; бұл қатынастардан тыс алғанда буржуазиялық меншік дегеніміз метафизикалық және зандылық елестен басқа ештеңе де емес. Екінші бір заманның меншігі, феодалдық меншік, мүлде басқа қоғамдық қатынастардың тұсында дамиды. Меншікті тәуелсіз қатынас деп санай отырып, Прудон мырза методологиялық қатеден де бетер бірдеңе жасап отыр: ол *буржуазиялық* өндірістің барлық формаларын біріктіретін байланысты өзінің түсінбейтіндігін көрсетіп отыр; ол белгілі бір заманның өндіріс формаларының *тарихи* және *өткініші* сипатын түсінбейтіндігін көрсетіп отыр. Біздің қоғамдық институттарымыз тарихи дамудың жемістері болып табылатындығын көрмей, олардың пайда болуын да, олардың дамуын да түсінбей, Прудон мырза оларды догмалық түрде ғана сынап алады.

Дамуды түсіндіру үшін Прудон мырза *фигцияға* жармасуға мәжбүр болады. Ол еңбек бөлінісі, кредит, машиналар, т.т. өзінің басынан шықпай қойған идеясына — теңдік идеясына қызмет ету үшін ойлап шығарылған деп қиялдайды. Оның түсіндіруі тым аңғырт. Осылардың бәрі теңдік үшін ойлап шығарылған, бірақ, сорға қарай, бұлар теңдікке қарсы шығып отыр. Оның пікірлерінің бәрі, міне осында, яғни ол негізсіз гипотезаны алып отыр, ал шын даму оның фикциясына қадам басқан сайын қайшы келіп отырғандықтан, ол бұдан қайшылық дегенің, міне, осы деген қорытынды жасайды. Ал қайшылық дегенінің өзі оның басынан шықпай қойған идеялары мен шын қозғалыстың арасында ғана болып отырғанын ол жасырады.

Сонымен, өзінің тарихи білімдері болмағандығы себепті ең алдымен Прудон мырза мынаны түсінбеген: адамдар өздерінің өндіргіш күштерін дамыта отырып, яғни өмір сүре отырып, бір біріне деген белгілі бір қатынастарды дамытады және бұл қатынастардың сипаты осы өндіргіш күштердің өзгеруімен және өсуімен бірге сөзсіз өзгеріп отырады. Ол *экономикалық категориялар* осы шын қатынастардың *абстракциялары* ғана екенді-

гін және осы қатынастар болғандықтан ғана ол категориялардың ақиқат болатынын түсінбеді. Сөйтіп ол осы экономикалық категорияларды тарихи заңдар емес, — тарихи дамудың белгілі бір сатысы үшін ғана, өндіргіш күштер дамуының белгілі бір сатысы үшін ғана жарамды заңдар емес, мәңгілік заңдар деп қарайтын буржуазиялық экономистердің қатесіне ұрынып отыр. Демек, саяси-экономикалық категорияларды шын, өткінші тарихи қоғамдық қатынастардың абстракциялары деп қараудың орнына Прудон мырза, мәселені мистикалық түрде бұрмалай отырып, шын қатынастарды әлгі абстракциялардың жүзеге асуы ғана деп біледі. Ол үшін, бұл абстракциялардың өзі сонау дүние жаратылғаннан бері әке құдайдың аясында ұйықтап жатқан формулалар болып табылады.

Осы араға келгенде біздің мархабатты Прудон мырза өзінің ақыл-ойын қатты азапқа салады. Егер осы экономикалық категориялардың бәрі құдай жүрегінің эманациясы болса, егер олар адамдардың бүркемелі және мәңгілік өмірі болып табылатын болса, онда, біріншіден, дамудың болуы нәліктен және, екіншіден, Прудон мырзаның консерватор болмауы нәліктен? Осы айқын қайшылықтарды ол антагонизмдердің бүтін бір системасы арқылы түсіндіреді.

Антагонизмдердің осы системасын баяндау үшін мысал алайық.

Монополия жақсы, өйткені бұл — экономикалық категория, ал, олай болса, құдайдың эманациясы екен. Бәсеке жақсы, өйткені бұл да экономикалық категория екен. Ал енді жаман нәрсе не, жаман нәрсе — шындықтағы монополия мен шындықтағы бәсеке. Монополия мен бәсекенің өзара бірін бірі жалмап қоюы онан бетер жаман нәрсе. Енді қайтпек керек? Құдайдың осы мәңгілік екі ойы біріне бірі қайшы келіп отырғандықтан, Прудон мырзаға құдайдың аясында сондай-ақ осы екі ойдың синтезі де бар екені, бұл синтезде монополияның қырсығы бәсекемен теңгерілетіні және *vice versa** болатыны айқын сияқты болып көрінеді. Екі идеяның арасындағы күрестің нәтижесі сол — олардың тек жақсы жақтары ғана сыртқа шығатын болады. Құдайдан осы құпия ойды қағып алып, сонсоң оны қолдану керек, сонда бәрі де жақсы болады. Адамзаттың несі жоқ ақыл-ойының түнегінде жасырын жатқан синтетикалық формуланы табу керек. Прудон мырза, бір минут та қобалжымастан, осы құпияны ашып отырған адам ретінде сөйлейді.

Бірақ бір сәт шын өмірге көз салып көрейік. Қазіргі экономикалық өмірден сіз тек бәсеке мен монополияны ғана емес, сонымен қатар олардың, *формула* емес, *қозғалыс* болып табылатын синтезін де табасыз. Монополия бәсекені туғызады, бәсеке

* — керісінше. *Ред.*

монополияны туғызады. Алайда, бұл теңгерме, буржуазиялық экономистердің қиялдайтынындай қазіргі жағдайдың қиындығын жоймастан, өзінің нәтижесінде онан бетер қиын және онан бетер шатасқан жағдай туғызады. Сонымен, қазіргі экономикалық қатынастар тірек етіп отырған негізді өзгертіп, қазіргі өндіріс әдісін жойғаныңызда, Сіз бәсекені, монополияны және олардың антагонизмін ғана жойып қоймайсыз, сонымен қатар олардың бірлігін де, олардың синтезін де — бәсеке мен монополияны шын мәнісінде теңестіретін қозғалысты да жоясыз.

Енді мен Сізге Прудон мырзаның диалектикасының үлгісін мысалға келтірейін.

Бостандық пен құлдық антагонизм жасайды. Менің бостандықтың жақсы жақтары туралы да, жаман жақтары туралы да айтып жатуымның қажеті жоқ. Ал құлдыққа келсек, оның жаман жақтары туралы айтудың да қажеті жоқ. Түсіндіру керек болатын бірден бір нәрсе — құлдықтың жақсы жағы. Әңгіме жанама құлдық туралы, пролетардың құлдығы туралы болып отырған жоқ. Әңгіме тікелей құлдық туралы, Суринамадағы, Бразилиядағы, Солтүстік Американың оңтүстік облыстарындағы қара нәсілдердің құлдығы туралы болып отыр.

Тікелей құлдық біздің қазіргі заманғы өнеркәсібіміздің нақ машиналар, кредит, т.т. сияқты негізі болып табылады. Құлдықсыз мақта жоқ, мақтасыз қазіргі заманғы өнеркәсіп те болмайды. Құлдық отарларды бағалы нәрсе етті, отарлар дүние жүзілік сауданы туғызды, ал дүние жүзілік сауда — машиналы ірі өнеркәсіптің қажетті шарты. Негрлерді саудаға салғанға дейін отарлар ескі дүниеге өнімдерді өте аз берді және дүниенің тұлғасын онша-мұнша көзге түсерліктей өзгерткен жоқ. Сонымен, құлдық дегеніміз орасан зор мәні бар экономикалық категория. Құлдық болмаса Солтүстік Америка — ең прогресшіл ел — патриархатты елге айналған болар еді. Солтүстік Американы дүние жүзі картасынан сызып тастасаныз-ақ Сіз анархияны көресіз, сауда мен қазіргі заман цивилизациясының толық құлдырағанын көресіз. Бірақ құлдықты жою Америка дүние жүзі картасынан өшіріледі деген сөз болар еді. Сонымен, құлдық экономикалық категория болып табылатындықтан, нақ осы себепті ол барлық халықтарда дүние жаратылғаннан бері кездеседі. Қазіргі замандағы халықтар өздеріндегі құлдықты бүркемелей ғана алды және оны Жаңа Дүниеге ашықтан ашық енгізе алды. Құлдық туралы осы ойлардан кейін аса мархабатты Прудон мырза не істер екен? Ол бостандық пен құлдықтың синтезін, нағыз тең ортаны іздейтін болады, басқаша айтқанда құлдық пен бостандықтың арасындағы тепе-теңдікті іздейтін болады.

Прудон мырза адамдардың шұға, кенеп, жібек маталар шығаратынын өте жақсы түсінген, ал мұндай ұсақ-түйектерді түсіну онша мақтанарлық нәрсе емес. Ал Прудон мырзаның түсінібе-

гені не десек, ол — адамдардың өздерінің өндіргіш күштеріне сәйкес қоғамдық қатынастарды да өндіретіндігі, олар шұға мен кенепті осы қатынастарда өндіреді. Өздерінің материалдық өндірісіне сәйкес қоғамдық қатынастарды жасайтын адамдар мұнымен бірге *идеялар мен категорияларды* да, яғни нақ сол қоғамдық қатынастардың дерексіз, идеялық көріністерін де жасайтындығын Прудон мырза онан бетер нашар түсінген. Сонымен, қатынастардың мәңгілік еместігі сияқты, өздері сол қатынастардың көрінісі болып табылатын категориялар да ешқандай мәңгілік емес. Олар — тарихи және өткінші жемістер. Ал Прудон мырза үшін мүлде керісінше, ол үшін бастапқы себеп — абстракциялар, категориялар. Оның ойынша тарихты жасайтындар адамдар емес, осы абстракциялар, категориялар. *Абстракция, категория өзінен-өзін алғанда*, яғни адамдардан және олардың материалдық іс-әрекетінен бөліп бөлек алынғанда әрине, өшпейтін, өзгермейтін, қозғалмайтын нәрсе болып табылады. Ол таза ақыл-ойдың туындысы ғана болып табылады, мұның өзі бар болғаны әшейін абстракция өзінен-өзін алғанда абстрақтылы деген сөз болып шығады. Бір айтқанды қайталай беру осындай-ақ болар!

Сонымен, категориялар формасында қаралып отырған экономикалық қатынастар Прудон мырза үшін тууы да жоқ, дамуы да жоқ мәңгілік формулалар болып табылады.

Басқа сөзбен айтқанда: Прудон мырза *буржуазиялық өмір* мен үшін *мәңгілік ақиқат* болып табылады деп тура айтпайды. Ол мұны идеялар формасында буржуазиялық қатынастарды білдіретін категорияларды керемет санап, жанамалап айтып отыр. Буржуазиялық қоғамның жемістері оған категориялар, идеялар формасында көрінетіндіктен, Прудон оларды өзінен-өзі туатын, өз алдына өмірі бар мәңгілік нәрселер деп қарайды. Сөйтіп, ол буржуазиялық өреден әрі аса алмай отыр. Ол буржуазиялық идеяларды әңгіме етіп, оларды мәңгілік ақиқат деп есептеп отырғандықтан, ол осы идеялардың синтезін, олардың тепе-теңдігін іздейді, сөйтіп оларды теңестірудің қазіргі әдісі бірден-бір мүмкін әдіс екенін көрмейді.

Асылына келгенде ол барлық мархабатты буржуалар не істейтін болса соны істеп отыр. Олардың бәрі де Сізге бәсеке, монополия, т. т. принципінде, яғни егер оларды дерексіз ұғымдар ретінде алсақ, тіршіліктің бірден-бір негіздері болып табылады, бірақ практикада олар әлі де көп жақсартуды керек етеді дейді. Олардың бәрі бәсекелер бәсекелердің кесепатты зардаптарыңсыз болса екен дейді. Олардың бәрі мүмкін емес нәрсені тілейді, яғни буржуазиялық өмірдің жағдайлары осы жағдайлардың сөзсіз тигізетін зардаптарыңсыз болса екен дейді. Олардың бәрі феодалдық форманың тарихи және өткінші форма болғаны сияқты буржуазиялық өндіріс әдісінің тарихи және өткінші форма

екендігін түсінбейді. Бұл қателіктің болу себебі: олар үшін буржуа-адам қоғам атаулының бірден бір негізі болып табылады, олар адамның буржуа болмайтын қоғамдық құрылысы болады екен деп түсінбейді.

Сондықтан Прудон мырза сөзсіз *доктринер* болып табылады. Қазіргі дүниеде төңкеріс жасайтын тарихи қозғалыс оның ойынша буржуазиялық екі ойдың дұрыс тепе-теңдігін, синтезін ашу міндетіне келіп тіреледі. Сонымен, айла-шарғыға салып бұл епті жігітін құдайдың жасырып ойын, жеке-жеке екі ойдың бірлігін ашып отыр, бұлардың жеке ой болған себебі тек мынадан ғана: Прудон мырза ол ойларды практикалық өмірден, осы ойлар арқылы білдірілген шындықтардың қабысуы болып табылатын қазіргі заманғы өндірістен бөліп алып отыр. Адамдардың не болып отырған өндіргіш күштері мен олардың осы өндіргіш күштерге бұдан былай сай келмейтін қоғамдық қатынастары арасындағы тартыстан туатын ұлы тарихи қозғалыстың орнына; бір ұлттың түрлі таптарының арасында және түрлі ұлттардың арасында әзірленіп жатқан сұмдық соғыстардың орнына; осы қактығыстарды шешу бір өзінің ғана қолынан келетін бұқараның практикалық және революциялық іс-әрекетінің орнына,— осы кең, ұзақ және күрделі қозғалыстың орнына Прудон мырза өз басында болып жататын мардымсыз қозғалысты [mouvement casadauphin] қойып отыр. Сонымен тарихты ғалымдар, құдайдан оның тыққыштап жүрген ойын ұрлап алуға қабілетті адамдар ғана жасайды екен. Ал қарапайым халық олардың ашқандарын практикада қолдануға ғана тиіс екен.

Прудон мырзаның саяси қозғалыс атаулының қаскөй жауы болатыны неліктен екенін Сіз енді түсінерсіз. Ол үшін қазіргі заманғы мәселелердің шешімі қоғамдық қимылда емес, оның өзінің басында жасалатын диалектикалық шым-шытырықтарда болып шығады. Ол үшін категориялар қозғауыш күштер болып табылатындықтан, категорияларды өзгерту үшін практикалық өмірді өзгертудің еш қажеті жоқ. Мүлде керісінше. Категорияларды өзгерту керек, сонда мұның нәтижесі қазіргі қоғамның өзгеруі болады.

Қайшылықтарды ымырластырғысы келіп, Прудон мырза осы қайшылықтардың негізінің өзін құрту керек емес пе екен?— деген мәселеге мүлде соқпайды. Ол қоғамдық өмірдің құрамды бөліктері ретінде, мәңгілік категориялар ретінде корольді де, депутаттар палатасын да, пэрлер палатасын да сақтағысы келетін саяси доктринерге барлық жағынан ұқсайды. Ол осы күштерді теңестіру үшін жаңа формула іздеумен ғана болады, ал олардың тепе-теңдігі осы күштердің біреуі не жеңуші болатын, не екіншісінің құлы болатын нақ сол өздерінің қазіргі қозғалысында болып отыр. Мысалы, XVIII ғасырда ой-өрісі біртоға адамдардың көпшілігі қоғамдық сословиелерді, дворяндарды, ко-

рольді, парламенттерді т. т. теңестіру үшін ақиқат формуланы іздеп табуға тырысты, ал екінші күні король де, парламенттер де, дворяндар да жоқ болып шықты. Бұл антагонизмді теңестірудің ақиқат әдісі — осы феодалдық орныққан тәртіптерге негіз болған және осы феодалдық орныққан тәртіптердің антагонизміне негіз болған қоғамдық қатынастардың бәрін құлату болатын.

Прудон мырза бір жағына мәңгілік идеяларды, таза ақыл-ойдың категорияларын, ал екінші жағына — адамдарды және оның ойынша, әлгі категориялардың қолданылуы болып табылатын адамдардың практикалық өмірін қойып отырғандықтан, Сіз онан ең басынан бастап-ақ өмір мен идеялар арасындағы, жан мен тән арасындағы *дуализмді* — әртүрлі формаларда қайталанып отыратын дуализмді кездестіресіз. Сіз енді бұл антагонизм — Прудон мырзаның өзі құдайдай көріп отырған категориялардың әдепкі тарихы мен пайда болуын түсінуге қабілетсіздігі ғана екендігін көріп отырсыз.

Менің хатым тым созылып кетті, сондықтан мен енді Прудон мырзаның коммунизмге таққан кісі күлерлік кіналарына тоқтала алмаймын. Қоғамның қазіргі күйін түсінбеген адам осы қоғамды талқандауға ұмтылатын қозғалысты және осы революциялық қозғалыстың әдеби бейнеленуін түсінуге онан бетер қабілетсіз десем Сіз әзірге менімен келісерсіз.

Прудон мырзамен менің келісетін *жалғыз ғана пунктім* — оның социалистік көлгірсушілікке жиренішпен қарауы. Оған дейін мен момақан, көлгірсіген, утопиялық социализмді келеке етуіммен өзіме қарсы көптеген өшпенділік туғызған едім. Ал бірақ, Прудон мырза өзінің ұсақ буржуазиялық көлгірсушілігін, — мен оның үй-іші, от басы туралы, ерлі-зайыптылық махаббат туралы декламацияларын және оның бүкіл құнсыз сөздерін айтып отырмын, — біздің мархабатты Прудон мырзаның дөмегөй пасықтығынан гөрі мысалы, Фурьеде әлдеқайда терең жатқан социалистік көлгірсушілікке қарама-қарсы қойып, өзіне ғажап елестер туғызып отырған жоқ па? Ол өзінің дәлелдерінің түкке тұрғысыздығын, осы нәрселердің бәрі туралы пікір айтуға өзінің толық қабілетсіз екендігін жақсы сезетіндігі соншалық — ол кенет, есінен танып, долданып, — *igne hominis probi*,* зарлай бастайды, еліріп, балағаттайды, маскараалап, қарғайды, өзін өзі кеудеге ұрып мен социалистік онбағандықтардан тазамын деп, құдай алдында, жұрт алдында мақтанады! Ол социалистік көлгірсушілікті немесе өзінің көлгірсушілік деп есептейтін нәрсесін сынамайды. Ол әулие адам сияқты, папа сияқты, күнәкер сорлыларға лагнет жаудырады да, ұсақ буржуазияның және от басының махаббаттық, партриархаттық сорлы елестерін мадақтайды. Мұ-

* — ізгі ашу-ызаға түсіу. *Ред.*

ның өзі кездейсоқ емес. Прудон мырза бақайшағына дейін ұсақ буржуазияның философы, экономисі. Дамыған қоғамдағы ұсақ буржуа, өзінің хал-қадарына байланысты, бір жағынан, социалист болады, ал екінші жағынан, экономист болады, яғни ірі буржуазияның кереметтігіне көзі тұнады әрі халықтың қасіретіне жаны ашиды. Ол әрі буржуа, әрі халық бола кетеді. Ол, өзін әділмін деп, тең ортадан ерекше болуға талабы бар ақиқат тепендікті таптым деп шын көңілімен мақтаныш етеді. Мұндай ұсақ буржуа қайшылықты құдайдай көреді, өйткені қайшылық — оның өмір сүруінің тірегі. Оның өзі қоғамдық қайшылықтан соғылып шыққан адам, басқа ештеңе емес. Ол өзінің практика жүзінде кім екендігін теорияда ақтауға тиіс, сөйтіп француздың ұсақ буржуазиясының ғылыми жаршысы болуға сіңірген еңбек Прудон мырзаның үлесіне тиіп жатыр; мұның өзі — шын сіңірген еңбек, өйткені ұсақ буржуазия болашақ әлеуметтік революциялардың бәрінің өзекті бір бөлегі болады.

Мен Сізге осы хатпен бірге саяси экономия туралы өзімнің кітабымды²⁶⁰ жіберуге мүмкіншілігім болса екен деп едім, бірақ осы уақытқа дейін бұл еңбегімді де, герман философтары мен социалистері жөніндегі өзім Сізге Брюссельде айтқан сынды* да басып шығарудың сәті түспеді. Мұндай кітапты басып шығару ісі Германияда, біріншіден, полиция тарапынан, екіншіден, өзім шабуыл жасап отырған барлық бағыттардың мүдделі өкілдері болып отырған баспа иелері тарапынан қандай қиындықтар кездестіріп отырғанын тіпті айтып жеткізе алмайсыз. Ал біздің өз партиямызға келсек, ол тек кедей ғана емес, сонымен қатар, мұның үстіне, неміс коммунистік партиясы мүшелерінің едәуір бөлегі өздерінің утопиялары мен декламацияларына қарсы шыққаным үшін маған ашуланып жүр...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр.
2-басылуы, 27-том, 401—412-беттер*

МАРКС — ИОСИФ ВЕЙДЕМЕЙЕРГЕ

НЬЮ-Йоркке

Лондон, 5 март, 1852 ж.

...Ал енді маған келсеңіз, қазіргі қоғамда таптар барлығын ашу да, олардың арасындағы күресін ашу да менің сіңірген еңбегім емес. Буржуазия тарихшылары осы таптар күресінің тарихи дамуын, ал буржуазия экономистері таптардың экономикалық

* К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Неміс идеологиясы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 7—544-беттер). *Ред.*

анатомиясын менен көп бұрын баяндап жазған-ды. Менің жаңадан жасағаным — мыналарды дәлелдеп көрсеткендігім болды: 1) *таптардың болуы өндіріс дамуының белгілі бір тарихи фазасына ғана байланысты*, 2) тап күресі сөзсіз *пролетариат диктатурасына* бастайды, 3) бұл диктатураның өзі *тап атаулының бәрі жойылып, таптар болмайтын қоғамға* жетудегі өткел ғана болады...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы, 28-том, 424—427-беттер

МАРКС — ЭНГЕЛЬСКЕ

МАНЧЕСТЕРГЕ

Лондон, 16 апрель [1856 ж.]

...Бұрнағы күні «People's Paper»-дің²⁴⁹ жылдығына байланысты шағын банкет болды. Бұл жолы мен шақыруды қабыл алдым, өйткені уақыт осыны керек етіп отырған сияқты болып көрінді, оның үстіне, бүкіл эмиграциядан *жалғыз* мен ғана шақырылыпшын (бұл туралы «Paper»-де жарияланды) және бірінші тост та маған берілді, атап айтқанда мен тосты барлық елдерде пролетариаттың үстемдік етуіне арнап көтеруге тиіс болдым. Мен ағылшын тілінде біраз сөз сөйледім*, бірақ оны баспаға бермеймін. Менің алдыма қойған мақсатым орындалды. Кіру билетін 2½ шиллингке сатып алуға тура келген Таландые мырзаның, бүкіл байлығы француздық және басқа да эмигрант банданың мына жайға көзі жетті: біз чартистердің бірден-бір «сырлас» одақтастарымыз екендігіне және біз жұртшылық алдында бой көрсетуден тартынып отырсақ та, чартизммен ашықтан ашық аужайласуды француздардың еркіне беріп қойсақ та, дегенмен тарихи жағынан бұрыннан бізге тиісті орынды кез-келген уақытта қайтадан алу біздің билігімізде екендігіне көзі жетті. Мұның әсіресе қажет болатын себебі — Пианың председателдігімен өткен 25 февральдағы митингіде неміс кешесі *Шерцер* (кәрі алаяқ) сөз сөйлеп, неміс «ғалымдарын», «ой қызметкерлерін» бізді (кешелерді) тағдыр талқасына тастап кетті, сөйтіп бізді басқа ұлттардың алдында мақсара болуға мәжбүр етті деп айыптап сұмдық цехтық тарөрістілік рухында сөйледі. Сен *Шерцерді* Парижде жүрген кезден білесің ғой. Мен *Шаннер* доспен тағы да бірнеше рет кездестім және оның райынан әбден қайтқан күнәкардай қалпын көрдім. Оның екі жыл бойы жападан жалғыз

* Осы томның 518—520-беттерін қараңыз. *Ред.*

жүруі, сірә, оның ақыл-ой қабілетіне едәуір ізгі әсер еткен болуы керек. Керек болған күнде бұл адамның біздің жанымызда болуының, оның үстіне — оны Виллихтың ықпалынан шығарып алудың әрқашанда жақсы екендігін сен түсінетін шығарсың. Қазірде Шаппер У [индмилладан]²⁶¹ шыққан кешелерге қатты ашулы.

Сенің Штеффенге жазған хатыңды жеткізіп беремін. Л.*-дың хатын сен өзінде қалдыруың керек еді. Мен қайтарып бер деп сұрамаған хаттардың бәрін заты солай істегейсің. Олар почтадан неғұрлым аз өтсе, соғұрлым жақсы. Мен сенің Рейн провинциясы жөніндегі көзқарасыңа толық қосыламын. Біз үшін жақсы болмайтын бір жері болашаққа көз салғанда мен онда «отанға опасыздық» деген сияқты бірдеңе бар екенін көріп отырмын. Ескі революцияда Майнц клубшылары²⁶² душар болған жағдайға біздің де ұшырамауымыз Берлиндегі істердің қандай беталыс алуына едәуір дәрежеде байланысты болады. Ондай жағдай оңай болмайды. Рейннің ар жағындағы өтімді бауырларымыздың неге тұратынын біз жақсы білеміз ғой! Германиядағы істің бәрі пролетарлық революцияны Шаруалар соғысының қандай бір түрде қайталануымен қолдау мүмкіншілігіне байланысты. Онда істеріміз тамаша алға басар еді.

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр,
2-басылуы 29-том, 34—37-беттер*

МАРКС — ЭНГЕЛЬСКЕ

РАЙДКА

[Лондон], 25 сентябрь 1857 ж.

...Сенің «Армиян»^{**} өте жақсы шыққан; тек оның көлемі мені таңдандырды, өйткені мұншалық көп жұмыс істеу саған зиянды. Егер мен сенің бүйтіп түн бойлары жұмыс істейтінінді білгенімде, мен бұл ойдың бәрін жылы жауып қойған болар едім.

Өндіргіш күштер мен қоғамдық қатынастардың байланысы жөніндегі біздің көзқарасымыздың дұрыстығын *армияның тарихы* бәрінен де айқын дәлелдейді. Заты экономикалық дамуда армия маңызды роль атқарады. Мәселен, жалақы ең алдымен ерте заманғылардың армиясында үлкен орын алды. Дәл сол сияқты римдіктерде *peculium cartense*^{***} қозғалмалы меншікті иелену семья әкесі орнында болмайтын адамдарға жатады деп мойындау бірінші праволық форма болды. Сондай-ақ цехтық құрылыс

* — Левн. *Ред.*

** Караныз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 14-том, 5—30-беттер. Ред.*

*** — лагерь мүлкі (ежелгі римдіктердің лагерінде солдаттардың жеке мүліктерін белгілеу). *Ред.*

та алғаш рет *fabri** корпорацияларында пайда болды. Машиналарды зор көлемде алғаш қолдану да осында басталған. Тіпті металдардың ерекше құндылығы және оларды ақша есебінде қолдану алғаш рет, сірә, гриммдік тас заманы өтісімен-ақ металдардың соғыстық маңызына негізделген болу керек. Өндірістің бір саласы *ішіндегі* еңбек бөлінісі де алғаш рет армияларда жүзеге асырылды. Оның бер жағында, азаматтық қоғамның бүкіл тарихы армиялар тарихында тамаша айқын айтылады. Егер сенің азды-көпті уақытың болса, сен мәселені осы тұрғыдан талдап шешуге тиіссің.

Менің ойымша, сенің баяндауыңда қалып қойған бірден-бір пункттер мыналар: 1) карфагендіктерде жаллама әскерлердің — қалыптасқан формасында, көптеп және бірден — алғаш пайда болуы; (мен Карфаген әскерлері туралы бір берлиндіктің** шығармасын біздің өзіміздің пайдалануымыз үшін қарап шығамын, мен ол шығарма туралы осы жуырда ғана білдім); 2) XV ғасырда және XVI ғасырдың бас кезінде Италияда соғыс ісінің дамуы. Қалай дегенмен тактикалық әдістер осында жасалды. Сонымен қатар, Макиавеллидің Флоренция тарихында кондотьерлердің²⁶³ шайқаста қолданған әдістерін суреттегені өте қызық. (Мен одан саған керекті нәрселерді көшіріп аламын). Алайда, егер мен Брайтонға саған барсам — бірақ қашан? мен Макиавеллидің томын өзіммен-ақ ала барайын. Оның Флоренция тарихы — тамаша шығарма. Ақырында, 3) алғаш рет парсыларда пайда болған түрінде азиялық соғыс системасы; кейіннен бұл система қатты өзгертілген күйінде болса да, айтайық, монғолдарда, түріктерде пайда болды.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 29-том, 154-бет

*— әскерде болатын жұмысшы командаларының, ежелгі римдіктерде әскери қолөнершілердің. *Ред.*

**— В. Бёттихердің. *Ред.*

ЕСКЕРТУЛЕР
КӨРСЕТКІШТЕР

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ «Фейербах туралы тезистерді» К. Маркс 1845 жылдың көктемінде Брюссельде өзінің тарихтың материалистік теориясын дамытуды басты-басты белгілері бойынша аяқтап, адам қоғамын танып-білуде материализмді қолданған кезде жазып бітірді. Энгельстің айтуы бойынша, мұның өзі — дүниеге жаңа көзқарастың данышпандық ұрығын баяндаған тұңғыш документ (қараңыз: осы басылуының 3-томы, «Людвиг Фейербах» кітабына алғы сөз).

«Фейербах туралы тезистерде» К. Маркс Фейербахтың да, сондай-ақ бүкіл бұдан бұрынғы материализмнің де түбегейлі кемшілігін — оның енжар пайымдау сипатын, адамның революциялық, «практикалық-сыншыл» қызметінің мәнін түсінбейтінін ашын береді. Маркс дүниені танып-білуде және қайта өзгертуде революциялық практиканың шешуші роль атқаратынын атап көрсетеді.

«Фейербах туралы тезистер» Маркстің 1844—1847 жылдардағы «Койын дәптерінде» сақталып, «Фейербахқа» деп аталған. Энгельс «Тезистерді» 1888 жылы бастырылған Маркс баспасөзге арнамаған бұл документті оқушыларға неғұрлым түсінікті ету үшін оларға кейбір редакциялық өзгерістер енгізді. Бұл басылуында да, К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылуындағы сияқты, «Тезистер» Энгельс жариялаған түрінде, Маркстің қолжазбасы негізінде, 1888 жылғы басылуында жоқ курсивтер мен тырнақшалар енгізілген қосымшалармен беріліп отыр. «Фейербах туралы тезистер» деп тақырып қойған Марксизм-ленинизм институты. — 7.

² «Неміс идеологиясы. Өкілдері Фейербах, Б. Бауэр мен Штирнер болған немістің ең жаңа философиясын және өкілдері әртүрлі әулиелер болған неміс социализмін сынау» — К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірігін жазған шығармасы, оны олар 1845—1846 жылдары Брюссельде жазды. «Неміс идеологиясында» Маркс пен Энгельс тұңғыш рет ғылыми коммунизм теориясының философиялық негізі ретінде тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді жап-жақты талдап берді.

«Неміс идеологиясының» қолжазбасы екі том болды, оның бірінші томында Гегельден кейінгі философияға, ал екінші томында — «ақиқат социализмге» сын айтылды.

Бірінші томның I тарауында бүкіл еңбектің негізгі құнды мазмұны баяндалған. Сондықтан да «Неміс идеологиясының» I тарауы бүкіл шығарманың аса маңызды тарауы болып табылады әрі оның дербес мәні бар.

Бірінші тараудың қолжазбасы алғашқы қолжазбаның үш бөлімінен және тараудың бас жағындағы екі таза қолжазбадан құралады. Осыған сәйкес тараудың тексті төрт бөлімге бөлінеді.

Тараудың I бөлімі бірінші нұсқаның екінші нұсқада пайдаланылмаған жағы қосылған таза қолжазбаның екінші нұсқасы. II бөлімі бүкіл тараудың алғашқы негізі болып табылады. III және IV бөлімі — Штирнер туралы тараудан (I томның III тарауы) көшірілген теориялық шегініс. Төрт бөлімнің әрқайсысының жалпы мазмұнын былай тұжырымдауға болады. I бөлім: Кіріспе, немістің Гегельден кейінгі философиясындағы идеализмге жалпы сипаттама. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің алғы шарттары, мәні және жалпы көрінісі. II бөлім: Тарихи процестің материалистік концепциясы және тарихты

материалистік тұрғыдан түсінуден шығатын қорытындылар. Жалпы алғанда тарихты идеалистік тұрғыдан түсінуге сын, әсіресе жас гегельшілдер мен Фейербахты сынау. III бөлім: Тарихты идеалистік тұрғыдан түсіну қалай пайда болды. IV бөлім: Өндіріс күштердің дамуы, еңбек бөлінісі және меншік формаларының бөлінісі. Қоғамның таптық құрылымы. Саяси қондырма. Қоғамдық санаының формалары.

Барлық редакциялық тақырыптар мен қажетті редакциялық қосымшалар квадрат жақшаға алынған. Сондай-ақ қолжазба беттерінің номерлері де квадратты жақшада көрсетілген. Негізгі, екінші таза жазбаның Маркс пен Энгельс номерлеген беттері «п» әрпімен және [п. 1] және т. с. с. цифрмен көрсетілген. Бірінші таза жазбаның беттерінде авторлық номерлеулер жоқ, олар «б» әрпімен және [б. 1] және т. с. с. цифрмен көрсетілген. Қолжазбаның алғашқы үш бөлімінің Маркс номерлеген беттері жәй гана цифрмен (1) және т. с. с. көрсетілген.—10.

³ Бұл арада Д. Ф. Штраустың дінді философиялық тұрғыдан сынаудың және гегельдік мектептің карт гегельшілдер мен жас гегельшілдерге бөлінуінің бастамасы болған «Иустың өмірі» деген негізгі шығармасы айтылып отыр. (D. F. Strauß. «Das Leben Jesu». Bd. 1—2, Tübingen, 1835—1836).—10.

⁴ *Диадоктар* — Александр Македонскийдің ол өлгеннен кейін өкімет билігі үшін бірі-бірімен қатты қырқысып күрескен қолбасшылары. Бұл күрестің барысында (біздің заманымызға дейінгі IV ғасырдың аяғы — III ғасырдың басы) тұрақсыз әскери-әкімшілік бірлестігі болған Александр монархиясы бірқатар жеке мемлекеттерге бөлініп ыдырап кетті.—10.

⁵ «*Dunneni дүр сілкіндірген ойлар*»—«Wigand's Vierteljahrsschrift» журналының 1845 жылғы IV томының 327-бетінде басылған жасырын атпен жазылған бір мақаладағы сөз. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 86-бет.

«*Wigand's Vierteljahrsschrift*» («Вигандтың үш айлығы») — жас гегельшілдердің философиялық журналы; О. Виганд 1844—1845 жылдары Лейпцигте шығарып тұрды. Журналға Б. Бауэр, М. Штирнер, Л. Фейербах және басқалар қатынасты.—13.

⁶ «Неміс идеологиясында» «Verkehr» деген терминнің өте кең мағынасы бар. Бұл термин және индивидтердің, әлеуметтік топтар мен бүтіндей бір елдердің материалдық және рухани қарым-қатынасын қамтиды. Маркс пен Энгельс өздерінің еңбегінде материалдық қарым-қатынас, және бәрінен де бұрын адамдардың өндіріс процесіндегі қарым-қатынасы басқа қандай да болсын қарым-қатынастың негізі болып табылатынын көрсетеді. «Неміс идеологиясында» қолданылатын «Verkehrsform», «Verkehrsweise», «Verkehrsverhältnisse», «Produktions und Verkehrsverhältnisse», («қарым-қатынас формасы», «қарым-қатынас әдісі», «қарым-қатынастың жағдайлары», «өндіріс пен қарым-қатынас қатыстары») деген терминдер осы кезде Маркс пен Энгельсте қалыптаса бастаған өндірістік қатынастар деген ұғымды білдіреді.—15.

⁷ «Неміс идеологиясында» «тайпа» деп аударылып алынған «Stamm» деген термин XIX ғасырдың 40-жылдарында тарих ғылымында қазіргі кездегісінен әлдеқайда кең мағынада алынған-ды. Ол жалпы бір атадан тараған адамдардың жиынтығын білдірген әрі қазіргі «ру» (Gens) және «тайпа» (Stamm) деген ұғымдарды қамтыған. Бұл ұғымдардың дәл анықтамасы мен айырмашылығы тұңғыш рет Л. Г. Морганның «Көне қоғам» деген кітабында берілген (1877). Аса көрнекті америкн этнографы мен тарихшысының осы басты шығармасында рудың алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі ұясы ретіндегі мәні тұңғыш рет анықталды, сөйтіп алғашқы қауымдық қоғамның бүкіл тарихы үшін ғылыми негіз қаланды. Морганның зерттеулерінің нәтижелі-

рін талдап қорыта келіп, Энгельс өзінің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (1884) деген шығармасында «ру» және «тайпа» деген ұғымдардың мазмұнын жан-жақты ашып көрсетіп берді (осы басылуының 3-томын қараңыз).—16.

⁹ Римнің халық трибундары Лициний мен Секстийдің плебейлердің патрицийлерге қарсы күресі нәтижесінде біздің заманымызға дейінгі 367 жылы қабылдаған аграрлық заңы рим азаматтарына мемлекеттік жер қорынан (ager publicus) 500 югерден (125 гектар шамасы) артық жер иеленуге тыйым салды.—16.

⁹ Бұл арада Б. Бауэрдің «Wigand's Vierteljahrsschrift» журналының 1845 жылғы III томының 86—146-беттерінде жарияланған «Людвиг Фейербахтың сипаттамасы» деген мақаласы айтылып отыр.—36.

¹⁰ Қараңыз: Гегель. «Тарих философиясы», Кіріспе, Бүкіл дүние жүзілік тарихтың географиялық негізі.—25.

¹¹ Б. Бауэрдің «Людвиг Фейербахтың сипаттамасы» деген мақаласындағы пікірі туралы айтылып отыр («Wigand's Vierteljahrsschrift», 1845 ж. III том, 130-бет). Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 79 және 89-беттер.—25.

¹² «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-француз жылнамасы») К. Маркс пен А. Ругенің редакциялауымен Парижде неміс тілінде шығып тұрды. Тек бірінші, қосыл басылғаны ғана 1844 жылдың февралында жарық көрді. Онда К. Маркстің «Еврей мәселесіне» және «Гегельдің право философиясы сынына. Кіріспе» деген шығармалары, сондай-ақ Ф. Энгельстің «Саяси экономия сынына арналған нұсқалар» және Англияның жағдайы. Томас Карлейль», «Өткендегі және қазіргі жағдай» деген шығармалары жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 382—413, 414—429, 544—571, 572—597-беттер). Бұл еңбектер Маркс пен Энгельстің материализм мен коммунизмге біржолата көшкенін көрсетеді. Журналдың шығуын тоқтатуға негізгі себеп Маркстің буржуазияшыл радикал Рүгемен принципті алауыздығы болды.—30, 522.

¹³ Энгельстің «Коммунизм принциптері» деген еңбегінде (1847) негүрлым айқын тұжырымын танқан пролетарлық революцияның тек алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде бір мезгілде жеңу мүмкіндігі туралы, демек, революцияның жеке бір елде жеңуі мүмкін еместігі туралы қорытынды (осы томның 89-бетін қараңыз) монополистік капитализмге дейінгі капитализм дәуірі үшін дұрыс болды. Тарихи жаңа жағдайларда, монополистік капитализм дәуірінде, В. И. Ленин империализм заманында капитализмнің экономикалық және саяси жағынан әркілкі дамуы туралы өзі ашқан заңға сүйеніп, социалистік революция әуелі бірнеше елде немесе тіпті жеке алған бір елде жеңуі мүмкін деген және революция барлық елдерде немесе көптеген елдерде бір мезгілде жеңіп шығуы мүмкін емес деген жаңа қорытындыға келді. Бұл жаңа қорытынды тұңғыш рет В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» мақаласында тұжырымдалды (1915).—32, 89, 276.

¹⁴ *Континенттік система*, немесе континенттік қоршау — 1806 жылы I Наполеон енгізген Европа континентіндегі елдерге Англиямен сауда жүргізуге салынған тыйым. Континенттік қоршау Наполеон Россияда жеңіліске ұшырағаннан кейін күйреді.—34, 309, 527.

¹⁵ «Марсельеза», «Карманьола», «Ça ira»—XVIII ғасырдың аяғындағы Франциядағы буржуазиялық революция кезіндегі революциялық әндер. Соңғы әннің қайырмасы былай болған: «Ah! ça ira, ça ira, ça ira. Les aristocrates à la lanterne» («Ісіміз оңға басады. Ақсүйектер фонарьға асылсын!»).—37.

¹⁶ М. Штирнердің «Бірден бір және оның меншігі» (M. Stirner «Der Einzige und sein Eigentum». Leipzig, 1845) деген кітабынан алынған сөз. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 143—149-беттер.— 37.

¹⁷ Бұл сөз Б. Бауэрдің «Людвиг Фейербахтың сипаттамасы» деген мақаласынан алынған (қараңыз: «Wigand's Vierteljahrsschrift» журналы, 1845 жыл, III том, 139-бет).— 40.

¹⁸ М. Штирнердің «Бірден бір және оның меншігі» деген кітабынан алынған сөз. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 115—121 және 150—157-беттер.— 40.

¹⁹ «Hallische Jahrbücher» және «Deutsche Jahrbücher»-- жас гегельшілдердің әдеби-философиялық журналының қысқартылып алынған аты, ол Лейпцигте 1838 жылдың январынан 1841 жылдың июніне дейін «Hallische Jahrbücher für deutsche Wissenschaft und Kunst» («Неміс ғылымы мен өнері мәселелері жөніндегі Галле жылнамасы») деген атпен, ал 1841 жылдың июлінен 1843 жылдың январына дейін «Deutsche Jahrbücher für Wissenschaft und Kunst» («Ғылым мен өнер мәселесі жөніндегі неміс жылнамасы») деген атпен күн сайын листок ретінде шығып тұрған. 1843 жылғы январьда журналға үкімет тыйым салған.— 40.

²⁰ В. Bauer. «Geschichte der Politik, Cultur und Aufklärung des achtzehnten Jahrhunderts». Bd. 1—2, Charlottenburg, 1843—1845 (Б. Бауэр. «Он сегізінші ғасырдағы саясаттың, мәдениет пен оқудың тарихы», 1—2-томдар, Шарлоттенбург, 1843—1845).— 41.

²¹ *Рейн жыры* — немістің ұсақ буржуазияшыл ақыны Н. Беккердің ұлтшылдар кең пайдаланған «Неміс Рейні» деген өлеңі; бұл өлең 1840 жылы жазылған және содан бері талай рет музыкаға түсірілген.— 41.

²² Бұл арада әңгіме 1845 жылғы «Wigand's Vierteljahrsschrift» журналында «Бірден-бір және оның меншігіне» байланысты Л. Фейербахтың «Христиан дінінің мәні» туралы» деген мақаласы жайлы болып отыр, II том, 193—205-беттер. Мақала былай аяқталады: «Ендеше [Фейербахты] материалист деп те, идеалист деп те, барабар философ деп те атауға болмайды екен. Сонда оның кім болғаны? Ол шындықта қандай болса, ойда да сол, тәнде қандай болса, рухта да сондай, өзінің тұрған бойындағы тіршілігінде: ол адам, немесе, ең дұрысы.— өйткені адам пендесін Ф. тек қоғамшыл деп біледі.— ол қоғамдық адам, коммунист» (Л. Фейербах. Таңдамалы философиялық шығармалары, II-том, М., 1955, 420-бет).— 41.

²³ L. Feuerbach. «Grundsätze der Philosophie der Zukunft». Zürich und Winterthur, 1843, S. 47 (Л. Фейербах. «Болашақ философиясының негізгі қағидалары». Цюрих және Винтертур, 1843, 47-бет).

Өзінің «Фейербах» деп аталған және, сірә, «Неміс философиясының» бірінші томының I тарауына арналған заметкаларында Энгельс Фейербах кітабының мына көрсетілген жерінен цитат алып, оған талдау жасайды:

«Болмыс жалылама заттардан бөлін алып қарайтын ұғым емес. Ол сол бар нәрсемен біртұтас... Болмыс дегеніміз мәнді ұғыну. *Менің мәнім қандай болса болмысым да сондай.* Балық суда өмір сүреді, бірақ бұл болмыстың оның мәнін бөліп алып қарауға болмайды. Қазірде тіл болмыс пен мәнді бірдей деп саяды. Тек адам өмірінде ғана, *оның өзінде де әдеттен тыс, бақытсыздық жағдайларда ғана*, болмыс шындықтан бөліп алынады, бұл арада адамның мәні ол өзі өмір сүретін жерде пайда болмайтын жағдай болады, бірақ тап осы бөлінудің нәтижесінде ол шын мағынасында өзінің жаны мен өз тәні тұрған

жерде пайда бола қалмайды. Өз жүрегін қай жерде болса *Өзің де соя жерде боласың*. Бірақ барлық заттар — *табиғаттан тыс жағдайлардан басқа* — өздері бар жерде пайда болады және өздері не болса ризалығымен сол болып қалады» (47-бет).

Дүниеде бардың тамаша мысалы. Табиғилықтан тыс жәйттерді, кейбір әдеттен тыс жәйттерді қоспағанда, Сенің өміріңнің жетінші жылында көмір шахтасында өз қалауыңмен қақпа күзетуші боласың, он төрт сағаттан жападан жалғыз қараңғы қапаста өткізесің, Сенің болмысыңның өзі осындай болған соң Сенің мәнің де осындай болғаны. Сельфактордың жіп кептірушісі де тап осындай. Сен еңбектің қандай да болсын бір саласына бағынышты болуың керек деген Сенің «мәнінің» өзі де осындай» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Неміс идеологиясы», М., 1956, 577-бет). — 42.

²⁴ Маркс пен Энгельстың айтып отырғаны «Неміс идеологиясының» бірінші томының III тарауы (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 161—163-беттер). Тараудың Фейербах туралы осы бөлімі алғашында осы III тарауға кірген және тура осы арада Маркс пен Энгельс айтып отырған текстен кейін келген. III тараудың айтылып отырған жерінде Маркс пен Энгельс Гегельдің «Тарих философиясы» деген және басқа да шығармаларынан цитат келтіреді. — 45.

²⁵ *Астық заңдарына қарсы лига* — ағылшын өнеркәсіп буржуазиясының ұйымы. 1838 жылы Манчестер фабриканттары Кобден мен Брайт негізін қалаған. Астық заңдары дейтіндер шетелдерден астық тасуға шек қоюға немесе тыйым салуға бағытталып, Англияда ірі жер иелері — лендлордтардың мүддесіне қарай енгізілді. Саудаға толық еркіндік берілсін деген талап қойып, Лига жұмысшылардың жалақысын төмендету және жер аристократиясының экономикалық және саяси позицияларын әлсірету мақсатында астық заңдарын жоюға күш салды. Осы күрестің нәтижесінде 1846 жылы астық заңдарын жою туралы заң жобасы қабылданды, бұл өнеркәсіп буржуазиясының жер аристократиясын жеңіп шыққандығын көрсетті. — 48.

²⁶ «*Одақ*» («Verein»). Штирнердің айтуы бойынша — өзіміздердің ерікті бірлестігі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 387—418-беттер). — 49.

²⁷ I. Aikin. «A Description of the Country from thirty Miles round Manchester». London, 1795 (Дж. Эйкин. «Манчестердің аумағы отыз — қырық мильдік төңірегінің сипаттамасы!». Лондон, 1795). — 56.

²⁸ И. Пинтоның «Traité de la Circulation et du Crédit». Amsterdam, 1771 («Айналым және кредит туралы трактат». Амстердам, 1771) деген кітабындағы «Lettre sur la Jalousie du Commerce»-ден («Саудадағы бәсеке туралы хат») цитат, 234 және 283-беттер. — 56.

²⁹ A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». London, 1776 (А Смит. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу». Лондон, 1776). — 56.

³⁰ Ж. Ж. Руссоның «Du Contract social; ou, Principes du droit politique» («Қоғамдық шарт, немесе саяси право Принциптері туралы») деген кітабын қараңыз, 1762 жылы Амстердамда шыққан. — 64.

³¹ М. Штирнердің 1845 жылы «Wigand's Vierteljahrsschrift» журналының III томының 187-бетінде жарияланған «Штирнердің рецензенттері» деген мақаласындағы ой-толғаулары айтылып отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 80—81-беттер. — 66.

³² Англияны нормандар 1066 жылы, Неапольді — 1130 жылы жаулап алды.— 68.

³³ *Шығыс Рим империясы* — 395 жылы құл иеленуші Рим империясынан бөлініп шыққан, орталығы Константинопольде болған мемлекет, кейінірек Византия деп аталды: 1453 жылы түріктер жаулап алғанша өмір сүрді — 68, 381.

³⁴ Италияның Амальфи қаласы X—XI ғасырларда гүлденген сауда орталығы болды. Амальфи қаласының теңіздік правосу (*Tabula Amaliphitana*) бүкіл Италияда күшінде болып, Жерорта теңізі бойындағы елдерге кеңінен тарайды.— 75.

³⁵ *«Коммунизмнің принциптері»* деген еңбек Коммунистер одағы программасының Париждегі округтік комитетінің тапсыруы бойынша Ф. Энгельс жазған жобасы. Оны алғашқы жоба деп санап, Энгельс 1847 жылғы 23—24 ноябрьде Маркске жазған хатында катехизис формасынан бас тартуды және Коммунистер одағының программасын «Коммунистік манифест» түрінде құрастыруды ұсынады. Коммунистер одағының екінші конгресінде (29 ноябрь — 8 декабрь) Маркс пен Энгельстің көзқарастары толық мақұлданды; оларға Одақтың программасын — «Коммунистік партияның манифесін» жазып шығу тапсырылды. «Манифесті» жазу үстінде марксизмнің негізін қалаушылар «Коммунизмнің принциптерінде» айтылған көптеген қағидаларды пайдаланды.

«Коммунизм принциптері» деген сөзінде Энгельс пролетарлық партияның кейбір аса маңызды программалық және тактикалық принциптерін теориялық жағынан негіздеді, өкімет билігін жеңіп алған пролетариат капитализмнен социализмге өтуді әзірлейтін шараларды көрсетіп берді.— 78.

³⁶ Қолжазбада 22-сұраққа, сондай-ақ мұнан кейінгі, 23-сұраққа жауаптың орнына «қалады» деген сөз тұр. Сірә, бұл сөз жауап Коммунистер одағы программасының бізге жетпеген алғашқы жобаларының бірінде қалап тұжырымдалған болса, сол күйінде қалуы керек дегенді білдірсе керек.— 92.

³⁷ *«Коммунистік партияның манифесі»* — ғылыми коммунизмнің Маркс пен Энгельстің ұлы ілімінің негіздерін тұтасымен және сындарлы баяндайтын тұңғыш программалық документі. «Бұл шығармада дүниеге жаңа көзқарас, әлеуметтік өмір саласын да қамтитын дәйекті материализм, даму тұрасындағы ең ортарапты және терең ілім болып табылатын диалектика, тап күресі туралы және жаңа, коммунистік қоғамның жасаушысы — пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік-тарихи революциялық ролі туралы теория данышпандықпен ашық, айқын суреттелген» (В. И. Ленин, Шығармалар 21-том, 36-бет.).

«Коммунистік партияның манифесі» пролетариатты капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігінің және пролетарлық революцияның салтанат құратындығының ғылыми дәлелімен қаруландырды, революциялық пролетарлық қозғалыстың міндеттері мен мақсаттарын белгілеп берді.

Маркс пен Энгельс Коммунистер одағының программасы ретінде жазған «Манифест» тұңғыш рет Лондонда 1848 жылғы февральда басылып шықты. Бұл басылымға, субъекті өзiнен басқа, барлық басылымдарға жазылған алғы сөздер енгізілген, олардың ішінде тек 1888 жылы жарық көрген ағылшынша басылымының алғы сөзі ғана жоқ, себебі онда айтылған ойлар басқа алғы сөздерде, атап айтқанда 1890 жылғы немісше басылымындағы алғы сөзде айтылады. Ағылшынша басылымына алғы сөзді К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылуының 21-томынан, 362—369-беттерден қараңыз.— 95, 106.

³⁸ *Коммунистер одағы* — пролетариаттың Маркс пен Энгельс құрған тұңғыш халықаралық коммунистік ұйымы, ол 1847—1852 жылдары өмір сүрді.

Ф. Энгельстің «Коммунистер одағының тарихына» деген мақаласын қараңыз (осы басылуы, 3-том).— 95, 178, 402.

³⁹ Франциядағы 1848 жылғы февраль революциясы айтылып отыр.— 95.

⁴⁰ «*The Red Republikan*» («Қызыл республикашы») — чартистік апталық. Дж. Гарни Лондонда 1850 жылғы июнь — ноябрьде шығарып тұрған. «Манифест» мұнда 1850 жылғы ноябрьде № 21—24 номерлерде қысқарған түрінде басылып шықты.— 95.

⁴¹ *Июнь көтерілісі* — Париж жұмысшыларының 1848 жылғы 23—26 шілдесіндегі қаһармандық көтерілісі, оны француз буржуазиясы асқан қатаңдықпен басты. Көтеріліс пролетариат пен буржуазия арасындағы тарихтағы тұңғыш ұлы азамат соғысы болды.— 95, 99, 218, 354, 418.

⁴² «*Le Socialiste*» («Социалист») — апталық газет, Нью-Йоркте 1871 жылғы октябрден 1873 жылғы майға дейін француз тілінде шығып тұрды; Интернационалдың Солтүстік американдық федерациясында француз секцияларының органы болды; Гаага конгресінен кейін Интернационалдан қол үзді.

«Коммунистік партияның манифесінің» жоғарыда айтылған французша аудармасы «*Le Socialiste*» газетінде 1872 жылғы январь — мартта жарияланды.— 95.

⁴³ Бұл арада әңгіме «Коммунистік партияның манифесінің» 1869 жылы Женевада Бакуининнің аудармасында орысша тұңғыш басылымы туралы болып отыр. Бакуинин өз аудармасының біраз жерінде «Манифесттің» мазмұнын бұрмалап жіберді. Бірінші басылымның кемшіліктері 1882 жылы Женевада Плехановтың аудармасында жарық көрген басылымда түзетілді. Плехановтың аудармасы «Манифест» идеяларының Россияда кеңінен тарауына жол ашты.— 95, 96.

⁴⁴ Бұл арада әңгіме А. И. Герцен мен Н. П. Огарев шығарған революциялық демократиялық «Колокол» газеті басылған «Орыстың ерікті баспаханасы» туралы болып отыр. Герцен ұйымдастырған баспахана 1865 жылға дейін Лондонда болды, кейін Женеваға қоныс аударды. Осы баспаханда 1869 жылы «Манифесттің» жоғарыда айтылған басылымы басылып шықты. 43-ескертуді қараңыз.— 96.

⁴⁵ Маркс пен Энгельс халық ерікшілерінің 1881 жылы 1 мартта император II Александрды өлтіргеннен кейін такка отырған III Александрдың «Халық еркін» құпия Атқару Комитетінің жаңа террорлық акт жасауы мүмкін деп қорқып, Гатчинада тығылып отырған кездегі жағдайды айтып отыр.— 97.

⁴⁶ *Кёльнде коммунистерге болған процесс* (1852 жылғы 4 октябрь—12 ноябрь) — Коммунистер одағының II мүшесіне қарсы Пруссия үкіметі ұйымдастырған арандату процесі. Жалған документтер мен жалған куәлардың көрсетуі негізінде мемлекетке опасыздық жасады деп қіле тағылып, сотталғандардың жетеуі 3 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге абақтыда отыру жазасына кесілді. Пруссияның полицейлік үкіметі халықаралық жұмысшы қозғалысына қарсы жүргізген опасыз арандатушылық әдістерді Маркс пен Энгельс әшкерелеп берді (осы томның 401—407 беттерінен Энгельстің «Кёльнде болған таяудағы процесс» деген мақаласын және Маркстің «Коммунистердің Кёльн процесі туралы әшкерелеулер» деген памфлетін қараңыз. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 423—491-беттер).— 99, 401.

⁴⁷ Бұл теориялық қағиданы Маркс пен Энгельс өздерінің көптеген еңбектерінде XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап айтқан; бұл күйінде ол Жұмыс-

шылардың Халықаралық Серіктігінің Уставында алынған (қараңыз: осы басылуы, 2-том, 14-бет).— 101.

⁴⁸ Бұл алғы сөзді Энгельс 1890 жылғы 1 майда, II Интернационалдың Париж конгресінің шешімі бойынша (1889 жылғы июль) Еврона мен Американың бірқатар елдерінде жұмысшылардың 8 сағаттық жұмыс күнін және конгрестің басқа да қаулыларының орындалуын талап еткен көп адам қатысқан демонстрациялары, ереуілдері мен митингітері өткен күні жазды. Сол кезден бері 1 май күнін жыл сайын барлық елдердің жұмысшылары пролетариаттың революциялық күші мен халықаралық ынтымағына жауынгерлік байқау күні етіп атап өте бастады.— 101.

⁴⁹ *Конгрестік Польша* — 1814—1815 жылдардағы Вена конгресінің шешімі бойынша Поляк Патшалығы деген ресми атпен Россияға берілген Польша жерінің бір бөлігі осылай аталған.— 102.

⁵⁰ Энгельс бұл ескертуді тек соңғы сөзін алып тастап, «Коммунистік партияның манифесінің» 1890 жылғы нөміше басылымына да енгізді.— 107.

⁵¹ Кейінірек кездердегі еңбектерінде Маркс пен Энгельс «еңбектің құны», «еңбектің бағасы» деген ұғымдардың орнына Маркс енгізген «жұмыс күшінің құны», «жұмыс күшінің бағасы» деген дәлірек ұғымдарды қолданды (осыған орай Маркстің «Жалдама еңбек және капитал» деген еңбегіне Энгельстің кірісесін қараңыз, осы томда, 143—151-беттер).— 113.

⁵² Бұл арада әңгіме сайлау правосына реформа жасау жолындағы қозғалыс туралы болып отыр, ол реформаны халық бұқарасының қатты талап етуімен ағылшынның қауымдар палатасы 1831 жылы қабылдап, лордтар палатасы 1832 жылы июньде түбегейлі бекіткен. Реформа жер және финанс аристократиясының саяси монополиясына қарсы бағытталған және өнеркәсіп буржуазиясының өкілдеріне парламентке кіруге жол ашқан болатын. Реформа жолындағы күресте негізгі күш болған пролетариат пен ұсақ буржуазия либерал буржуазияға алданып қалды және сайлау правосын ала алмады.— 127.

⁵³ *Легитимистер* — мұрагерлік ірі жер иелері мүдделерін қорғаған. 1830 жылы құлатылған Бурбондар әулетінің «легитимді» («заңды») жақтаушылары. Финанс аристократиясы мен ірі буржуазияға арқа сүйеген, билігін жүргізіп тұрған Орлеандар әулетіне (1830—1848) қарсы күресте легитимистердің бір бөлігі өздерін еңбекшілерді қанаушы-буржуадан қорғаушылармыз деп көрсетіп, көп жағдайда әлеуметтік бос сөзділікке салынды.— 127, 215, 318.

⁵⁴ «*Жас Англия*» — ағылшынның торн партиясындағы саяси қайраткерлері мен әдебиетшілерінің тобы; XIX ғасырдың 40-жылдарында құрылды. Буржуазияның экономикалық және саяси қуатының күшеюіне жер аристократиясының наразылығын білдіріп, «Жас Англия» қайраткерлері жұмысшы табын өз ырқына көндіру және оны өзінің буржуазияға қарсы күресінде пайдалану үшін демагогиялық әдістер қолданды.— 127.

⁵⁵ Бұл арада әңгіме ұсақ буржуазияшыл демократ-республикашылар және ұсақ буржуазияшыл социалистер — француздың «Реформа» («La Réforme») деген газетінің жақтаушылары туралы болып отыр (бұл газет Парижде 1843 жылдан 1850 жылға дейін шығып тұрды), олар республика орнату мен демократиялық және әлеуметтік реформалар жасау жолында күресті.— 136.

⁵⁶ «La Réforme» газеті туралы 55 ескертуді қараңыз.— 136, 232.

⁵⁷ 1846 жылғы февральда поляк жерлерінде Польшаны ұлттық азат ету мақсатында көтеріліс әзірленді. Көтерілістің негізгі инициаторлары поляктың революцияшыл демократтары (Дембовский және басқалары) болды. Бірақ шляхтист элементтер тарапынан болған сатқындықтан және Пруссия полициясының көтеріліс басшыларын тұтқынға алу салдарынан жалпы көтеріліс жасалмай қалды, тек жекелеген революциялық қақтығыстар ғана болды. Тек 1815 жылдан бастап Австрияның, Россия мен Пруссияның бірлескен бақылауына бағындырылған Краковта ғана көтерілісшілер 22 февральда жеңіске жете алды және феодалдық бағыныштылықты жою туралы манифест шығарған Ұлттық үкімет құрды. Краковтағы көтеріліс 1846 жылғы марттың бас кезінде басып тасталды. 1846 жылғы ноябрьде Австрия, Пруссия және Россия Краковты Австрия империясына қосу туралы шартқа қол қойды. — 136, 212.

⁵⁸ Бұл мақала К. Маркстің 1848 жылы декабрьде жазылған «*Буржуазия және контрреволюция*» деген еңбегінің бір бөлігі болып табылады. Бұл еңбегінде Маркс Пруссияда контрреволюцияның жеңу себебін тарихи материализм тұрғысынан қарайды. Германиядағы март революциясының сипаты мен ерекшеліктерін ашып көрсетеді. — 138.

⁵⁹ Бұл арада әңгіме Пруссияның барлық провинциалдық ландтагының өкілдерінен құрылған сословиелік орган жайында болып отыр. Бұл жерде Маркс 1848 жылғы 2 апрельде Кампгаузен министрлігі жанынан шақырылған *Екінші Құрама ландтагы* айтып отыр. Ол Пруссияның Ұлттық жиналысын сайлау туралы заң қабылдады және Құрама ландтаг 1847 жылы үкіметке бермей қойған қарыз беруге келісті. Осыдан кейін ландтаг 1848 жылғы 10 апрельде таратылып жіберілді. — 138.

⁶⁰ Бұл арада әңгіме Испания державасының құрамына кірген Нидерландыда (қазіргі Бельгия мен Голландия) 1566—1609 жылдардағы буржуазиялық революция жайында болып отыр; революция буржуазия мен халық бұқарасының феодализмге қарсы күресін Испанияның билеп-тестеушілігіне қарсы ұлт-азаттық соғысымен біріктірді. Талай рет жеңіліске ұшырағаннан кейін 1609 жылы Испания буржуазиялық Голландия республикасының тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. Нидерландының XVI ғасырдағы буржуазиялық революциясы Европада жеңімпаз буржуазиялық революциялар дәуірін бастап берді. Қазіргі Бельгия территориясы 1714 жылға дейін испандықтардың қол астында болып келді. — 139.

⁶¹ «*Жалдама еңбек және капиталды*» жариялап Маркс капиталистік қоғамда тап күресінің материалдық негізін құрайтын экономикалық қатынастарды көпшілікке түсінікті формада көрсетіп беруді мақсат етіп қойды. Ол пролетариатқа теориялық қару — капиталистік қоғамда буржуазияның таптық үстемдігі мен жұмысшылардың жалданып құл болуының себебі не екеніне терең ғылыми түсінік беруге тырысты. Өзінің қосымша құн теориясының негізгі қағидаларын дамыта отырып, Маркс капитализм тұсында жұмысшы табының относительді және абсолютті қайырышылануы туралы тезисті жалпылама түрінде баяндайды.

Бұл еңбек осы басылымда К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылуының 6-томындағы текст бойынша, 1891 жылғы басылымына Энгельс енгізген өзгерістер ескеріліп жарияланып отыр. — 143, 152.

⁶² «*Neue Rheinische Zeitung. Organ der Demokratie*» («*Жаңа Рейн газеті. Демократия органы*») — Маркстің редакторлығымен Кельнде 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылдың 19 майына дейін күн сайын шығып тұрды, редакция құрамында Энгельс те болды. — 143, 189, 228, 367, 524.

⁶³ *Неміс жұмысшы қоғамын* Маркс пен Энгельс Брюссельде 1847 жылы августтың аяғында Бельгияда тұратын неміс жұмысшыларына саяси білім беру 23—925

және олардың арасында ғылыми коммунизм идеяларын тарату мақсатында құрды. Маркс пен Энгельстің және олардың серіктерінің басшылығымен қоғам Бельгияда немістің революцияшыл пролетарларын біріктірудің ашық орталығына айналды. Қоғамның таңдаулы өкілдері Коммунистер одағының Брюссельдік қауымына кірді. Брюссельдегі неміс жұмысшы қоғамының қызметі Франциядағы 1848 жылғы февральдағы буржуазиялық революциядан кейін-ақ көп кешікпей оның мүшелерін Бельгия полициясы тұтқынға алып, жер аударуына байланысты тоқтап қалды.— 143, 524.

⁶⁴ Патша әскерлерінің венгер буржуазиялық революциясын басып-жаншу және австриялық Габсбургтердің өктемдігін қалпына келтіру мақсатында 1849 жылы Венгрияға интервенция жасауы туралы айтылып отыр.— 143.

⁶⁵ Бұл арада әңгіме 1849 жылғы май-июльде Германияда халық бұқарасының империялық конституцияны қорғау жолындағы көтерілістері туралы болып отыр (бұл конституцияны Франкфурттың Ұлттық жиналысы 1849 жылы 28 мартта қабылдаған, бірақ бірқатар неміс мемлекеті оны қабылдамай тастаған). Бұл көтерілістер шашыранды, стихиялық сипатта болды және оларды 1849 жылы июльдің орта кезінде басып тастады.— 143, 179.

⁶⁶ Кейінірек Маркстің қолжазба қорынан жалдама еңбек және капитал туралы тақырыпқа соңғы немесе бірнеше соңғы лекцияларының «Жалақы» деп тақырып қойылған және мұқабасына «Брюссель, декабрь 1847 ж.», деген белгі салынған әзірлік нұсқалары табылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-том, 579—602-беттер). Өзінің мазмұны жағынан бұл қолжазба Маркстің «Жалдама еңбек және капитал» деген аяқталмаған еңбегін біршама толықтырады. Бірақ «Жалдама еңбек және капитал» деген еңбектің баспаға әзірленген соңғы бөлімдері Маркстің қолжазбалары арасынан табылған жоқ.— 143.

⁶⁷ Маркс «Капиталда» былай дап жазған: «Классикалық саяси экономия деп мен У. Петтиден бергі буржуазиялық өндірістік қатынастардың ішкі байланыстарын зерттейтін бүкіл саяси экономияны атаймын» (қараңыз: К. Маркс, «Капитал», 1-том, 97-бет. Қаз. мемл. баспасы, 1963). Англияда классикалық саяси экономияның аса ірі өкілдері А. Смит пен Д. Рикардо болды.— 144.

⁶⁸ Ф. Энгельс «Анти-Дюринг» деген еңбегінде былай деп жазады: «саяси экономия, неғұрлым тар мағынада алғанда, данышпан адамдардың бастарында XVII ғасырдың аяғында туғанмен де, физиократтар мен Адам Смиттің нақтылап тұжырымдауы жағынан алғанда шындығында XVIII ғасырдың перзенті болып табылады» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы. 20-том, 155-бет).— 145.

⁶⁹ Энгельс 1891 жылы Бірінші майды мерекелеуді айтып отыр. Кейбір елдерде (Англия, Германия) Бірінші май мерекесі 1 майдан кейін келетін ең таяу жексенбіде мерекеленген, ол 1891 жылы 3 майда болған.— 151.

⁷⁰ Энгельс көрсеткендей (осы томның 143-бетін қараңыз), бұл еңбек аяқталмай қалған. Мақалалардың басылуы Маркстің Қёльннен уақытша кетуіне байланысты, сонан соң Германиядағы саяси жағдайдың шиеленісуі және «Neue Rheinische Zeitung»-тің шығуы тоқтатылуына байланысты үзілген. Сондай-ақ 66-ескертуді қараңыз.— 177.

⁷¹ «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуін» Маркс пен Энгельс 1850 жылғы марттың аяқ кезінде, олар революцияның жаңа өрлеуіне әлі де үміткер болып жүргенде жазды. Пролетариаттың алдағы болашақ революциядағы теориясы мен тактикасын жасай отырып, Маркс пен Энгельс «Үндеу-

де» әсіресе дербес пролетарлық партия құру, ұсақ буржуазияшыл демократтардан іргені аулақ салу қажеттігін атап көрсетті. Марксизмнің негізін қалаушылар «Үндеуде» тұжырымдаған басшылыққа алатын негізгі идея — жеке меншікті, таптарды жоюға, жаңа қоғам құруға жеткізуге тиісті үздіксіз революция туралы идея болып табылады.

«Орталық комитеттің үндеуі» Коммунистер одағы мүшелерінің арасында құпия таратылды. 1851 жылы Пруссия полициясы Коммунистер одағының тұтқындалған кейбір мүшелерінен тауып алған бұл документ немістің буржуазиялық газеттерінде әрі Вермут және Штибер деген екі полиция чиновнигінің кітабында жарияланды.— 178.

⁷² *Қасиетті одақ* — 1815 жылы патшалық Россия, Австрия және Пруссия жекелеген елдердегі революциялық қозғалыстарды басу және оларда феодалдық-монархиялық тәртіптерді сақтау үшін құрған европалық монархтардың реакцияшыл бірлестігі.— 180, 212, 317.

⁷³ XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кеңінен бастап революция орталығы саналған Франция астанасы — Париж туралы айтылып отыр.— 180.

⁷⁴ *Франкфурт жиналысының солшылдары* — Ұлттық жиналыстың ұсақ буржуазиялық сол қанаты, ол жиналыс Германиядағы март революциясынан кейін шақырылды және өз мәжілістерін 1848 жылы 18 майда Майндағы Франкфуртта бастады. Жиналыстың негізгі мақсаты Германияның саяси бөлшектенуін жою және жалпы герман конституциясын жасау болды. Бірақ оның либерал көпшілігінің қорқақтығы мен солқылдақтығы, сол қанатының батылсыздығы мен дәйексіздігі себебінен Жиналыс елдегі жоғары өкімет билігін өз қолына алудан тайсалды және 1848—1849 жылдардағы герман революциясындағы негізгі мәселелерде табанды позиция ұстай алмады. 1849 жылғы 30 майда Жиналыс өзінің қонысын Штутгартқа көшіруге мәжбүр болды. 1849 жылғы 18 июньде оны әскер қуып таратты.— 180, 369.

⁷⁵ «*Neue Oder-Zeitung*» («Жаңа Одер газеті») — немістің күн сайынғы буржуазиялық-демократиялық газеті, осы атпен ол 1849—1855 жылдары Бреславльде (Вроцлавта) шығып тұрды. 1855 жылы Маркс бұл газеттің Лондондағы тілшісі болды.— 183.

⁷⁶ Бұл жерде айтылып отырған жер мәселесі жөніндегі көзқарастар революцияның өрістеу перспективасына 40—50-жылдары Маркс пен Энгельс берген жалпы бағамен тығыз байланысты. Марксизмнің негізін қалаушылар осы кезде, Ленин атап көрсеткендей, капитализм тозып бітті, ал социализм жақындап қалды деп есептеді. Осы тұрғыдан Маркс пен Энгельс «Үндеуде» помещиктерден конфискеленген жерді шаруаларға беруге қарсы шығып, оны мемлекет меншігіне айналдырып, ассоциацияланған село пролетариатының жұмысшы колонияларының қарамағына беруді қолдайды.

Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесіне, сондай-ақ басқа елдердегі революциялық қозғалыстың тәжірибесіне сүйеніп, Ленин жер мәселесіне маркстік көзқарасты онан әрі дамытты. Алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде пролетарлық революциядан кейін ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарын басымдық сақтап қалуды дұрыс көріп, ол былай деп жазды: «Алайда бұл ережені асыра бағалау немесе шаблонға айналдыру және экспроприаторлардан экспроприациялап алған жердің *бір бөлегін* төңіректегі ұсақ шаруаларға, ал кейде орта шаруаларға да тегін беруге ешбір жол бермеу аса зор қате болған болар еді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 153-бет).—186.

⁷⁷ К. Маркстің «*Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі*» деген еңбегі «1848 жылдан 1849 жылға дейін» деген жалпы бір тақырыппен 23*

берілген мақалалар сериясы болып табылады. Бұл еңбекте француз тарихының түгел бір кезеңіне материалистік анықтама берілген және пролетариаттың революциялық тактикасының аса маңызды қағидалары жасалған. Бұқараның революциялық күресінің практикалық күресі негізінде Маркс «Франциядағы тап күресінде» өзінің революция және пролетариат диктатурасы теориясын онан әрі дамытты. Жұмысшы табы саяси өкімет билігін жеңіп алуы қажеттігін дәлелдей келіп, Маркс мұнда «пролетариат диктатурасы» деген терминді тұңғыш рет қолданады және осы диктатураның саяси, экономикалық және идеологиялық міндеттерін ашып көрсетеді. Бұл еңбегінде Маркс жұмысшы табының басшылық ролі жағдайында жұмысшы табы мен шаруаларды одақтастыру идеясын тұжырымдайды. «Франциядағы тап күресі» еңбегінің алғашқы жұмыс жоспарында мынадай 4 мақала болған: «1848 жылғы июньдегі жеңіліс», «1849 жылғы 13 июнь», «13 июньнің құрлықтағы зардаптары» және «Англиядағы қазіргі жағдай». Бірақ үш-ақ мақала жарық көрді. 1849 жылғы июнь оқиғаларының құрлықтағы ықпалы туралы және Англиядағы жағдай туралы мәселелер журналдағы басқа материалдарда, атап айтқанда Маркс пен Энгельс бірігіп жазған халықаралық шолуларда айтылды. Маркстің еңбегін 1895 жылы басып шығарарда Энгельс қосымша төртінші тарауды енгізді, оған «Үшінші халықаралық шолудың» француз оқиғаларына арналған бөлімдері енді (караныз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 464—467 және 473—483-беттер). Бұл тарауды Энгельс «1850 жылы жалпыға бірдей сайлау правосының жойылуы» деп атады. Осы томда, Шығармалардағы сияқты, алғашқы үш тараудың тақырыптары журналдағы тект бойынша, төртінші тараудың тақырыбы 1895 жылғы басылымына сәйкес беріліп отыр.— 189, 208.

⁷⁸ Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне кіріспені Энгельс еңбектің 1895 жылы Берлинде жарық көрген жеке басылымына арнап жазған болатын.

Маркстің еңбегінде келтірілген 1848—1849 жылдардағы революцияның барысы мен сабақтарына жасалған талдаудың бүкіл маңызын көрсете келіп, Энгельс өз кіріспесінің едәуір бөлігін пролетариаттың тап күресінің, ең алдымен Германиядағы тап күресінің мұнан былайғы тәжірибесін талдап, жинақтауға арнайды. Энгельс өз еңбегінде жария құралдардың бәрін пролетариатты социалистік революцияға даярлау, демократия жолындағы күресті социалистік революция жолындағы күреспен шебер ұштастырып, бірінші міндетті екінші міндетке бағындыру мүддесіне революциялық жолмен пайдалану қажеттігін атап көрсетеді. Энгельс өзінің кіріспесінде марксизмнің күрестің тактикалық әдістері мен формаларын талдаудың нақты тарихи жағдайға байланысты болатындығы туралы, егер реакцияшыл үстем тап тарапынан күшпен зорлық жасалған жағдайда революциялық қызметтің пролетариат дұрыс көретін бейбіт формасын бейбіт емес формасымен ауыстыру қажеттігі туралы негізгі қағидасын тағы да дәлелдей түседі.

Кіріспені басып шығарарда Германияның Социал-демократиялық партиясының Басқармасы Энгельстен еңбектің Басқарманың пікірі бойынша өте революциялық сарының жұмсартынқырауды және оған барынша саяқты формасын беруді қатты сұрады. Энгельс партия басшылығының солкылдақтық позициясын, оның «заң шеңберінен шықпай қимыл жасауға» тырысатынын сынға алды. Алайда Басқарманың пікірімен санасуға мәжбүр болған Энгельс коркентурадан біраз жерлерін қысқартуға және кейбір тұжырымдарды өзгертуге келісті. (Бұл өзгертулер мен қысқартуларға жолдың астынан белгі қойылған. Осы өзгертулер жасалған гранкалар және кіріспенің қолжазбасы алғашқы тексті толық қалпына келтіруге мүмкіндік береді).

Солан бола тұрса да социал-демократияның кейбір көсемдері тарапынан Энгельсті осы еңбегі негізінде қандай жағдайда болса да өкімет билігі жұмысшы табының қолына тек қана бейбіт жолмен көшуін жақтаушы етіп, Энгельс «қайткенде де заңды» жақтаушы-мыс деп көрсетуге тырысты. Қатты ыза болған Энгельс өзінің кіріспесі «Neue Zeit» журналында жариялануын талап етті. Алайда бұл жерде де ол кіріспе автор жоғарыда аталған жеке басылымда

жасауға тура келген қысқартулармен жарияланды. Бірақ тіпті қысқартулармен жарияланғанның өзінде де кіріспе өзінің революциялық сипатын толық сақтап қалды.

Тұңғыш рет Энгельс кіріспесінің толық тексті СССР-де 1930 жылы К. Маркстің «Франциядағы тап күресі. 1848—1850» деген кітапта жарияланды.— 189.

⁷⁹ «*Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue*». («Жана Рейн газеті. Саяси-экономикалық шолу») — Маркс пен Энгельс 1849 жылы декабрьде ұйымдастырған және олар 1850 жылғы ноябрьге дейін шығарып тұрған журнал; Коммунистер одағының теориялық және саяси органы Гамбургте басылған. Журналдың 6 номері шықты. Германияда полициялық қысымның салдарынан және материалдық қаржының жоқтығынан шығуын тоқтатты.— 190, 292.

⁸⁰ Энгельстің Бисмарктың Гамбург маңындағы Саксенвальдтегі (Саксония орманы), өзіне I Вильгельм сыйға тартқан именовінің атымен мысқылдап атап кеткен үкімет дотациясы айтылып отыр.— 192.

⁸¹ *In partibus infidelium* (сөзбе-сөз алғанда: «дінсіздер елінде») — христиан емес елдерде епископтардың таза номиналдық қызметіне тағайындалған католик епископтарының лауазымына қосылып айтылады. Бұл сөзді Маркс пен Энгельс елдің ішіндегі шын жағдайды ешқандай ескерместен шетелдерде құрылған әртүрлі эмигрант үкіметтерін айтқанда жиі қолданады.— 192, 301, 306, 416, 442, 484.

⁸² Бұл арада әңгіме XIX ғасырдың бірінші жартысындағы француз буржуазиясының екі монархиялық партиясы — легитимистер (53-ескертуді қараңыз) мен орлеанистер туралы болып отыр.

Орлеанистер — 1830 жылғы Июль революциясынан бері үкімет басында болған және 1848 жылғы революция төңкеріп тастаған Бурбондар әулетінің кіші ұрпағы — герцогтар Орлеанскийлерді жақтаушылар, олар финанс аристократиясы мен ірі буржуазияның мүдделерін қорғады.

Екінші республика кезінде (1848—1851) монархиялық скі топ біріккен консервативті «тәртіп партиясының» негізін құрды.— 195, 226, 428.

⁸³ III Наполеон кезінде Франция Қырым соғысына (1854—1855) қатысты, Италия үшін Австриямен соғыс жүргізді (1859), Англиямен бірлесіп Қытайға қарсы соғыстарға қатынасты (1856—1858 және 1860), Үндіқытайды жаулап алуды бастады (1860—1861), Сирияға (1860—1861) және Мексикаға (1862—1867) қарулы интервенция ұйымдастырды, ақыр аяғында Пруссияға қарсы соғыс жүргізді (1870—1871).— 196.

⁸⁴ Ф. Энгельс бонапартистік Екінші империяның (1852—1870) билеуші топтарының сыртқы саясат принциптерінің бірін білдірген терминді айтып отыр. Осы бір «ұлттар принципі» деп аталатын терминді ірі мемлекеттердің билеуші топтары өздерінің басқыншылық жоспарлары мен сыртқы саяси авантюраларына идеологиялық бүркеме ретінде кеңінен пайдаланды. Ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауға ешқандай қатысы болмаған «ұлттар принципі» ұлттық алауыздықтарды қоздыруға, ұлттық қозғалысты, әсіресе аз халықтың қозғалысын өзара бәсекелес ірі мемлекеттердің контрреволюциялық саясатының қолшоқпары етуге бағытталды.— 196.

⁸⁵ *Герман одағын* 1815 жылы 8 июньде Вена конгресі құрып, ол герман мемлекеттерінің феодалдық-абсолюттік бірлестігі болды және Германияның саяси-экономикалық шашырандылығын күшейтті.— 196, 314.

⁸⁶ Франция-Пруссия соғысы кезінде (1870—1871) Францияны жеңудің нә-

тижесінде Герман империясы пайда болды, бірақ одан Австрия шығарылып тасталды — «*Кіші герман империясы*» аталуының да себебі осы. III Наполеонның жеңілді Францияда Луи Бонапартты құлатқан және 1870 жылы 4 сеп-тябрьде республиканың орнауына жеткізген революцияға түрткі болды.— 196, 381.

⁸⁷ *Ұлттық гвардия* — Францияда және Батыс Еуропаның басқа да елдерін де болған, командованнесі сайланып қойылатын азаматтық еріктілердің қару-лы жасағы. Тұңғыш рет Францияда 1789 жылы буржуазиялық революцияның бас кезінде құрылды, арасына үзіліс салып 1871 жылға дейін болды. 1870—1871 жылдары Франция-Пруссия соғысы кезінде қатарына демократияшыл қалың бұқара келіп қосылған Париждің ұлттық гвардиясы зор революциялық роль атқарды. Ұлттық гвардияның 1871 жылы февральда құрылған Орталық комитеті 1871 жылғы 18 мартта пролетарлар көтерілісіне басшылық жасады және 1871 жылғы Париж Коммунасының алғашқы кезеңінде (28 мартқа дейін) тарихтағы тұңғыш пролетарлар үкіметінің қызметін атқарды. Париж Коммунасы басып-жаншылғаннан кейін ұлттық гвардия таратылып жіберілді.— 196, 213.

⁸⁸ 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысында жеңілгеннен кейін Франция Германияға 5 миллиард франк контрибуция төледі.— 197.

⁸⁹ *Социалистерге қарсы ерекше заң* Германияда 1878 жылы 21 октябрьде енгізілді. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, жұмысшылардың бұқаралық ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеденді, социал-демократтар қуғындалды. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының күшімен заң 1890 жылы 1 октябрьде жойылды.— 197.

⁹⁰ Жалпыға бірдей сайлау правосын Бисмарк 1866 жылы Солтүстік Германия рейхстағын сайлау үшін және 1871 жылы біріккен Герман империясының рейхстағын сайлау үшін енгізді.— 198.

⁹¹ Энгельс француз Жұмысшы партиясының 1880 жылы Гаврадағы съезде қабылданған программасына Маркс жазған теориялық кіріспеден цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 246-бет).— 198.

⁹² *1870 жылы 4 сентябрьде* Францияда халық бұқарасының революциялық күресінің арқасында Луи Бонапарттың үкіметі құлатылып, республика жарияланды. *1870 жылы 31 октябрьде* бланкистердің ұлттық қорғаныс үкіметіне қарсы көтеріліс жасаймыз деген әрекеті сәтсіз аяқталды.— 202.

⁹³ *Ваграма* маңындағы шайқас 1809 жылы Австрия-Франция соғысы кезінде 1809 жылғы 5—6 июльде болды. Осы шайқаста I Наполеон басқарған француз әскерлері эригерцог Карлдың австриялық армиясын жеңіп шықты. *Ватерлоо* (Бельгия) маңындағы шайқас 1815 жылы 18 июньде болды. Наполеонның армиясы күл-талқаны шығып жеңілді. Ватерлоо маңындағы шайқас 1815 жылғы науқанда шешуші роль атқарды, ол еуропалық державалардың Наполеонға қарсы одағының түбегейлі жеңіп шығатынын және I Наполеон империясының күйрейтінін күні бұрын шешті.— 203, 268.

⁹⁴ Энгельс Мекленбург-Шверин және Мекленбург-Стрелиц герцоктіктеріндегі герцог өкіметі мен дворяндар арасындағы 1755 жылы Ростокта дворяндардың мұрагерлік праволары туралы конституциялық шартқа қол қойылуымен аяқталған ұзақ күресті айтып отыр. Шарт олардың бұрынғы еркіндіктері мен артықшылықтарын сақтап қалды, олардың сословнелік ландтагтардағы басшылық жағдайларын қалпында қалдырды; олардың жерлерінің жартысын

салықтан босатты; сауда мен кәсіпшілікке салынатын салық мөлшерін, сондай-ақ ол салықтардың мемлекет шығынындағы үлесін белгіледі.— 204.

⁹⁵ 1894 жылы 5 декабрьде герман рейхстагінде социалистерге қарсы жана заң жобасы қаралды. Бұл жоба 1895 жылы 11 майда қабылданбай тасталды.— 207.

⁹⁶ Герцог Орлеанский Луи Филипп деген атпен француз тағына отырды.— 209.

⁹⁷ 1832 жылы 5—6 июньде Парижде көтеріліс болды. Оған қатынасқан жұмысшылар көптеген баррикадалар жасап, асқан ерлікпен және табандылықпен қорғанды.

1834 жылғы апрельде Лионда жұмысшылар көтерілісі болды, бұл француз пролетариатының тұңғыш бұқаралық бой көрсетулерінің бірі еді. Көптеген басқа қалаларда, әсіресе Парижде республикашылдар қолдаған көтеріліс айуандықпен басып тасталды.

1839 жылы 12 майда Парижде болған, басты рольді бұл жолы да революцияшыл жұмысшылар атқарған көтерілісті О. Бланки мен А. Барбестің басшылығымен жыл мезгілдерінің құпия республикашыл-социалистік Қоғамы әзірледі, көтерілісті әскер мен ұлттық гвардия талқандады.— 209.

⁹⁸ *Июль монархиясы* — Луи-Филипптің патшалығы (1830—1848), ол июль революциясына байланысты осылай аталған.— 210, 418.

⁹⁹ *Зондербунд* — Швейцариядағы прогресшіл буржуазиялық қайта құрылысқа қарсылық көрсету және шіркеулер мен иезуиттердің артықшылықтарын қорғау мақсатында экономикалық жағынан артта қалған католиктік швейцарлық жеті кантонның 1843 жылы жасалған сепаратты одағы. Швейцария сеймінің 1847 жылғы июльдегі Зондербундты таратып жіберу туралы қаулысы Зондербундтың ноябрьдің бас кезінде қалған кантондарға қарсы соғыс қимылдарын бастауына себеп болды. 1847 жылы 23 ноябрьде федеральдық үкіметтің әскерлері Зондербунд армиясының талқанын шығарды. Зондербунд соғысы кезінде бұрын Қаснетті одаққа кірген реакцияшыл батыс-европалық державалар — Австрия мен Пруссия — Зондербунд пайдасына Швейцария ісіне араласуға тырысты. Гизо Зондербундты қорғап, іс жүзінде бұл державаларды қолдау жағында болды.— 212.

¹⁰⁰ Бюзансте (Эндр департаменті) 1847 жылдың көктемінде ашыққан жұмысшылардың, төңіректегі деревнялар тұрғындарының инициативасы бойынша жалдаптардың азық-түлік қоймаларына шабуыл жасалды; бұл халықтың әскерлермен қантөгіс қақтығысына әкелді. Бюзанстегі оқиғалар үкімет тарапынан қатаң жазалау шараларын туғызды: оқиғаларға тікелей қатысқан төрт адам 1847 жылғы 16 апрельде жазаланып өлтірілді, көптеген басқалары жер аудару жазасына кесілді.— 213.

¹⁰¹ «*Le National*» («Ұлттық газет») — француздың күн сайынғы газеті, 1830 жылдан 1851 жылға дейін Парижде шығып тұрған; байыпты буржуазиялық республикашылдардың органы. Уақытша үкіметтің құрамына кірген бұл бағыттағы ең көрнекті өкілдер — Марраст, Бастид және Гарнье-Пажес болды.— 213, 421.

¹⁰² «*La Gazette de France*» («Франция газеті») — күн сайынғы газет, 1631 жылдан Парижде шығып тұрды, XIX ғасырдың 40-жылдарында легитимистердің, Бурбондар әулетін қалпына келтіруді жақтаушылардың органы.— 215.

¹⁰³ Француз республикасы өмір сүре бастаған алғашқы күндерде мемлекеттік туды таңдап алу туралы мәселе қойылды. Париждің революцияшыл жұмысшылары мемлекеттік ту етіп 1832 жылғы июнь көтерілісі кезінде Париждің жұмысшылар тұратын аймақтарында көтерілген қызыл туды алуды талап етті. Буржуазия өкілдері үш түсті (көк — ақ — қызыл) туды алу керек деді, ол ту XVIII ғасырдың аяғындағы буржуазиялық революция кезінде және I Наполсон империясы кезінде Францияның туы болған еді. Бұл ту тіпті 1848 жылғы революцияға дейін «National» газетінің төңірегіне топтасқан буржуазияшыл республикашылдардың эмблемасы болған. Жұмысшылар өкілдері Француз республикасының мемлекеттік туын үш түсті ту деп жариялауға келісуге мәжбүр болды. Бірақ тудың сабына матадан қызыл гүл қалды.— 217, 426.

¹⁰⁴ «Le Moniteur universel» («Жалпы хабаршы») — француздың күн сайынғы газеті, ресми үкімет органы, 1789 жылдан 1901 жылға дейін Парижде шығып тұрды. «Moniteur» беттерінде міндетті түрде үкімет заңдары, парламент есептері және басқа да ресми материалдар басылды, 1848 жылы газетте Люксембург комиссиясының мәжілістері туралы есептер де басылды.— 218, 431.

¹⁰⁵ Бұл арада әңгіме 1825 жылы француздың корольдік өкіметі мүліктері XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезінде конфискаленген аристократтарға төлеу үшін бөлінген қаржының мөлшері туралы болып отыр.— 222.

¹⁰⁶ *Лаццарони* — Италиядағы таптығынан айрылған люмпен-пролетарлық элементтерге тағылған ат; лаццарониді реакцияшыл-монархияшыл топтар либералдық және демократиялық қозғалысқа қарсы күресте талай рет пайдаланды.— 223, 457.

¹⁰⁷ Англияның 1834 жылы қабылданған «кедейлер туралы заңы» бойынша кедейлерге көмектің тек бір-ақ түрі — оларды түрме-тұтқындық тәртіптегі жұмыс үйлеріне салу түрі ғана қолданылды; жұмысшылар ол үйлерде өнімсіз, бірқалыпты және азапты жұмыс істеді, бұл жұмыс үйлерін халық «кедейлер түрмесі» деп атады.— 224.

¹⁰⁸ *1848 жылы 15 майда* халық демонстрациясы кезінде Париж жұмысшылары мен қолөнершілері Құрылтай жиналысының мәжілістері өтетін залға басып кіріп, жиналысты таратылды деп жариялады, революциялық үкімет құрды. Бірақ демонстранттарды кешікпей келіп жеткен ұлттық гвардия мен әскерлер қуып жіберді. Жұмысшылардың көсемдері (Бланки Барбес, Альбер, Распайль, Собрине және басқалар) тұтқынға алынды.— 228, 354, 418.

¹⁰⁹ *1848 жылы 16 апрельде* Парижде жұмысшылардың уақытша үкіметке «еңбекті ұйымдастыру» және «адамды адамның қанауып жою» туралы петиция апара жатқан бейбіт демонстрациясын әдейі шақырылған буржуазиялық ұлттық гвардия тоқтатып тастады — 232, 354, 432.

¹¹⁰ «Journal des Débats»-тың 1848 жылғы 28 августағы бас мақаласы айтылып отыр. «Journal des Débats politiques et littéraires» («Саяси және әдеби айтыстар газеті») — француз буржуазиясының 1789 жылы Парижде құрылған күн сайынғы газеті. Июль монархиясы кезінде — үкімет газеті, орлеанистік буржуазияның органы болды. 1848 жылғы революция кезінде газет тәртіп партиясы деп аталатын контрреволюцияшыл буржуазияның көзқарасын білдірді.— 234, 421.

¹¹¹ Конституцияның алғашқы жобасы Ұлттық жиналысқа 1848 жылы 19 июньде тапсырылды.— 238.

¹¹² Инжіл аңыз бойынша, еврей патшалығының тұңғыш патшасы Саул филистимляндармен соғыста өзінің мың жауын жеңген, ал оның қаруын алып жүретін көмекшісі, Саул дем беріп отырған Давид ондаған мың жауын жеңген. Саул өлгеннен кейін Давид еврей патшалығының патшасы болған.— 240.

¹¹³ *Лилия гүлі* — Бурбондар монархиясының айрықша белгісі, *фиалка гүлі* — бонапартистердің эмблемасы.— 241, 435.

¹¹⁴ Маркс 18 декабрьде Парижден келген хабарды айтып отыр, ол хабарға «*Neue Rheinische Zeitung*» 1848 жылғы 21 декабрьдегі № 174 санында Фердинанд Вольфтің тілшілік белгісі қойылған. Көрсетіліп отырған сөздердің Маркстің өз сөздері болуы да мүмкін, себебі ол газеттің бүкіл материалын мұқият редакциялап шыққан.— 241.

¹¹⁵ *Мидастың құлағы* — есектің құлағы, ертедегі аңыздар бойынша ол құлақты Аполлон Фригия патшасы Мидасқа сыйға тартқан.— 243.

¹¹⁶ *Тәртін партиясы* — 1848 жылы пайда болған ірі консервативтік буржуазияның партиясы, Францияның монархиялық екі фракциясының: легитимистер мен орлеанистердің (53 және 82-ескертулерді қараңыз) одағы болды; 1849 жылдан 1851 жылғы 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске дейін Екінші империяның заң шығарушы жиналысында жетекші жағдайда болды.— 255, 428.

¹¹⁷ *Рестаурация* — 1814—1830 жылдары Бурбондар әулетінің Францияда екінші рет билік жүргізген кезі. Дворяндар мен клерикалдардың мүдделерін қорғаған Бурбондардың реакцияшыл тәртібін 1830 жылғы июль революциясы жойды.— 255, 428.

¹¹⁸ *Буржеде* 1849 жылы 7 март — 3 апрельде 1848 жылғы 15 майдағы оқиғаларға қатысушылардың ісі тыңдалды (108-ескертуді қараңыз). Барбес өмір бойы тұтқында болу, Бланки — 10 жыл түрмеде отыру жазасына кесілді. Альбер, Дефлотт, Собрие, Распайль және басқалар — әртүрлі мерзімде түрмеде отыру және отарларда болу жазасына кесілді.— 257, 440.

¹¹⁹ Париж пролетариатының июнь көтерілісін басуда әскер бөлімін басқарған генерал Бреаны инсургенттер 1848 жылы 25 июньде Фонтенбло заставасы алдында өлтірді. Осыған байланысты көтеріліске қатысқан екі адам жазаланып өлтірілді.— 257.

¹²⁰ «*La Democratie pacifique*» («Бейбіт демократия») — фурьешілдердің күн сайынғы газеті, 1843—1851 жылдары Парижде В. Консидеранның редакциясымен шығып тұрды.

1849 жылғы 12 июньнің кешінде газет редакциясының үйінде Гора партиясы депутаттарының жиналысы болды. Жиналысқа қатынасшылар қару қолданудан бас тартып, бейбіт демонстрациямен шектелуді ұйғарды.— 264.

¹²¹ «*Le Peuple*» («Халық») газетінің 1849 жылғы 13 июньдегі № 206 санында жарияланған «Конституция достарының демократияшыл ассоциациясы» деген манифест париждік азаматтарды атқарушы өкіметтің «қатты талабына» қарсы наразылық білдіру үшін бейбіт демонстрацияға шығуға шақырды.— 264.

¹²² Гора прокламациясы «*Reforme*»-де және «*Demokratie-pacifique*»-де, сондай-ақ Прудонның «*Peuple*» газетінде 1849 жылы 13 июньде жарияланды.— 264.

¹²³ Маркс папа ІХ Пийдің үш кардиналдан құрылған комиссиясын айтып отыр, ол комиссия француз армиясының қолдауына сүйеніп Рим республика-

сы құлатылғаннан кейін Римде реакцияшыл тәртіпті қалпына келтірді. Кардиналдар қызыл киім киіп жүрген.— 269.

¹²⁴ «*Le Siècle*» («Ғасыр») француздың күн сайынғы газеті, 1836 жылдан 1939 жылға дейін Парижде шығып тұрды; XIX ғасырдың 40-жылдарында ұсақ буржуазияның байыпты конституциялық реформаларды талап етумен шектелген бөлігінің көзқарастарын білдірді, 50-жылдары — байыпты республикалық газет.— 269.

¹²⁵ «*La Presse*» («Пресса») — 1836 жылдан Парижде шығып тұрған күн сайынғы газет, Июль монархиясы кезінде оппозициялық сипатта болды; 1848—1849 жылдары буржуазияшыл республикашылардың органы, кейінірек — бонапартистер органы болды.— 269, 454.

¹²⁶ Бурбондар әулетінің үлкен бұтағынан француз тағына дәмелі болған граф Шамборды (өзін V Генрих деп атаған) айтып отыр. Шамбордың Батыс Германиядағы тұрақты резиденцияларының бірі Висбаден қаласымен бірге Эмс қаласы да болды.— 270, 437.

¹²⁷ Лондон төңірегіндегі Клермонтта 1848 жылғы февраль революциясынан кейін Франциядан қашып кеткен Луи-Филипп тұрған.— 270, 437.

¹²⁸ «*Motu proprio*» («жеке өзімнің құдіретіммен») — кардиналдармен келіспестен және әдетте Папа облысының ішкі саяси әрі әкімшілік істеріне байланысты қабылданған папаның ерекше хаттарының алғашқы сөздері. Бұл арада әңгіме папа IX Пийдің 1849 жылғы 12 сентябрьдегі үндеуі туралы болып отыр.— 271.

¹²⁹ Қорытынды дұрыс емес: 538 000 000 емес, 578 178 000 болуы керек, сірә, цифрларда қате кетсе керек. Бұл, бірақ, жалпы қорытындыға әсер етпейді, қалай болған күнде де жан басына 25 франктен кем таза пайда келеді.— 281.

¹³⁰ Гар департаментінде легитимист-депутат де Бонның қайтыс болуына байланысты қосымша сайлау өткізілді. 36 мың дауыстан 20 мың дауыс алып, көпшілік болып Гораны жақтаушылардың кандидаты Фавол сайланды.— 282.

¹³¹ 1850 жылы үкімет Францияның территориясын ірі-ірі бес әскери округке бөлді, соның нәтижесінде Париж және оған таяу департаменттер басшылығына ең барып тұрған реакционерлер қойылған қалған төрт округтің қоршауында қалып қойды. Бұл реакцияшыл генералдардың шектен асқан озбырлығы мен түрік пашаларының деспоттық өктемдігі арасындағы ұқсастықты атап көрсетіп, республикалық баспасөз бұл округтарды пашалықтар деп атады.— 283.

¹³² Президент Луи Бонапарттың Заң шығарушы жиналысқа 1849 жылғы 31 октябрьде жолдаған хаты айтылып отыр, ол онда Барронның министрлігін орнынан алғанын және жаңа министрлік құрғанын хабарлады.— 283.

¹³³ 1849 жылы 10 ноябрьдегі хатында полицияның жаңадан тағайындалған париждік префектісі Карлье «дінді, еібекті, семьяны, меншікті, ізгі пиғылдықты» қорғау үшін «социализмге қарсы әлеуметтік лига» құруға шақырды.— 283.

¹³⁴ «*Le Napoléon*» («Наполеон») — 1850 жылғы 6 январьдан 19 майға дейін Парижде шығып тұрған күн сайынғы газет.— 284.

¹³⁵ *Бостандық ағаштары* Париж көшелеріне 1848 жылғы февраль революциясының жеңісінен кейін отырғызылды. Бостандық ағаштарын — әдетте емен

мен терек — отырғызу XVIII ғасырдың аяғындағы буржуазиялық революция кезінде-ақ дәстүрге айналған және оны кезінде Конвент қаулысымен бекіткен болатын.— 288.

¹³⁶ *Июль колоннасы* Парижде 1840 жылы Бастилия алаңында 1830 жылғы Июль революциясында қаза болғандарға ескерткіш ретінде орнатылып, 1848 жылғы февраль революциясы кезінен *иммортель* (мәңгі өлмес) гүлдерінің шоқтарымен безендіріліп тұрған.— 288.

¹³⁷ Дефлотт, Бланкиді жақтаушы және Париждің революцияшыл пролетариатының өкілі, 1850 жылғы 15 марттағы сайлауда 126643 дауыс алды.— 290.

¹³⁸ *Кобленц* — Батыс Германиядағы қала; XVIII ғасырдың аяғындағы француздың буржуазиялық революциясы кезінде контрреволюцияшыл эмиграцияның орталығы болды.— 291.

¹³⁹ 1797 жылы ағылшын үкіметі банк рестрикциясы (шек қою) туралы арнаулы акт шығарды, ол ақшаның нарқын зорлықпен қойып, ақшаны алтынға айырбастауға тыйым салды. Ақшаны алтынға айырбастау тек 1819 жылы ғана қайтадан қалпына келтірілді.— 294.

¹⁴⁰ *Бургграфтар* деп өздерінің ешбір дәлелсіз өкімет басына талпынғаны және реакцияшыл мақсаттары үшін Заң шығарушы жиналыстың жаңа сайлау заңының жобасын жасау жөніндегі комиссиясына кірген орлеанистер мен легитимистердің 17 басшысын атаған. Бұл атақ Виктор Гюгоның орта ғасырлық Германияның өмірінен жазған осы аттас тарихи драмасынан алынған. Германияда қалалар мен округтардың император тағайындаған басшыларын да бургграфтар деп атаған.— 296, 452.

¹⁴¹ *«L'Assemblée nationale»* («Ұлттық жиналыс») — француздың күн сайынғы монархиялық-легитимистік бағыттағы газеті, 1848 жылдан 1857 жылға дейін Парижде шығып тұрған. 1848—1851 жылдары династиялы екі партия — легитимистер мен орлеанистер партияларының бірігуін жақтаушылардың көзқарастарын білдірген.— 298, 474.

¹⁴² *«Le Constitutionnel»* («Конституционалдық газет») — француздың күн сайынғы буржуазиялық газеті; 1815 жылдан 1870 жылға дейін Парижде шығып тұрды, 40-жылдары — орлеанистердің байыпты бөлігінің органы. 1848 жылғы революция кезінде Тьердің төңірегіне топтасқан контрреволюцияшыл буржуазияның көзқарасын білдірді, 1851 жылғы декабрьдегі мемлекеттік төңкерістен кейін — бонапартистер газеті болды.— 298.

¹⁴³ *«Baiser Lamourette»* («Ламуреттің сүйісі») — XVIII ғасырдың аяғындағы француздың буржуазиялық революциясы кезінде болған белгілі бір оқиға тұспалдап айтылып отыр. 1792 жылы 7 июльде Заң шығарушы жиналыстың депутаты Ламурет барлық партиялық айтыстарды туысқандықпен сүйісумен бітіруге шақырды. Оның шақыруы бойынша өзара қас партиялардың өкілдері бір-бірімен құшақтасуға ұмтылды, бірақ, күткендей, келесі күні-ақ бұл жалған «туысқандық сүйісу» ұмытылып қалды.— 299.

¹⁴⁴ *«Le Pouvoir»* («Өкімет») — 1849 жылы Парижде құрылған бонапартистік газет осы атпен 1850 жылғы июньнен 1851 жылғы январьға дейін шығып тұрды.— 300.

¹⁴⁵ Француз республикасы конституциясының 32-статьясына сәйкес Заң шығарушы жиналыстың мәжілістеріндегі үзіліс кезінде сайланып қойылатын 25 мүшеден және Жиналыс бюросынан тұратын тұрақты комиссия құру көз-

деледі. Комиссияның қажет болған жағдайда Заң шығарушы жиналысты шақыруға правосы болған. 1850 жылы бұл комиссия негізінен 39 адамнан: 11 бюро мүшесінен, 3 квестордан және сайланған 25 мүшеден тұрды.— 300.

¹⁴⁶ Бұл арада әңгіме егер өкімет басына граф Шамбор келгендей болса деп легитимистер белгілеген, құрамында де Левис, Сен-Прист, Берье, Пастор және Д' Эскар бар министрлер кабинеті туралы болып отыр.— 301.

¹⁴⁷ 1850 жылы 30 августа Висбаденде граф Шамбордың тапсыруы бойынша Заң шығарушы жиналыстағы легитимистік фракцияның секретары Де Бартель құрастырған «висбадендік манифест» деген нұсқау хат туралы айтылып отыр. Бұл нұсқау хатта өкімет басына келе қалғандай жағдайдағы легитимистердің саясаты белгіленген; граф Шамбор «халыққа қандай да болсын үндеу тастауға ресми және үздік-кесілді тыйым саламын, себебі мұндай үндеу мұра боп келе жатқан монархияның ұлттық ұлы принциптерінен бас тартуды білдіреді» деп мәлімдеді. Бұл мәлімдеме депутат Ларошжаклен бастаған бірқатар монархистердің наразылығына байланысты баспасөзде айтыс туғызды.— 301.

¹⁴⁸ Энгельстің «Германиядағы революция және контрреволюция» деген еңбегінде 1848—1849 жылдардағы герман революциясының қорытындылары шығарылған және ол революцияның себептеріне, дамуының негізгі кезеңдеріне, әртүрлі таптар мен партиялардың позицияларына тарихи материализм тұрғысынан терең талдау жасалған. Бұл еңбекте пролетариаттың революциялық күресінің тактикалық принциптері дамытылып, қарулы көтеріліс туралы маркстік ілімнің негіздері қаланған.

«Германиядағы революция және контрреволюция» деген мақалалар сериясы 1851—1852 жылдары «New-York Daily Tribune»-де басылды және оны ол кезде экономикалық зерттеулермен шұғылданып жүрген Маркстің сұрауы бойынша Энгельс жазды. «Tribune»-де ол газеттің ресми тілшісі болған Маркстің қолымен жарияланды; тек 1913 жылы ғана, Маркс пен Энгельстің өзара жазысқан хаттарының басылып шығуына байланысты бұл еңбекті Энгельстің жазғаны белгілі болды.— 306.

¹⁴⁹ «Tribune»— прогресшіл буржуазиялық «New-York Daily Tribune» («Нью-Йорктің күн сайынғы трибунасы») газетінің қысқартылып алынған аты, 1841 жылдан 1924 жылға дейін шығып тұрды. 1851 жылғы августан 1862 жылғы мартқа дейін газетке Маркс пен Энгельс қатысып тұрды.— 308, 402, 525.

¹⁵⁰ 1818 жылғы қамқорлық тарифы — Пруссия территориясында ішкі салықтың жойылуы.— 310.

¹⁵¹ Таможня одағы, 1834 жылы Пруссияның бастауымен құрылып, герман мемлекеттерін түгел дерлік қатыстырған: жалпы таможня шекарасын белгілеп, ол бара-бара Германияның саяси бірігуіне көмектесті.— 310, 526.

¹⁵² Силезия тоқымашыларының 1844 жылғы 4—6 июньдегі көтерілісі — пролетариат пен буржуазияның арасында Германияда болған тұңғыш ірі тап шайқасы мен 1844 жылғы июньнің екінші жартысындағы чех жұмысшыларының көтерілісі үкімет әскерлерінің күшімен аяусыз басып тасталды.— 312.

¹⁵³ Одақтық сейм — Майндағы Франкфуртта орналасқан Герман одағының орталық органы, герман үкіметтерінің реакцияшыл саясатының құралы болды.— 314.

¹⁵⁴ Салық одағы (Steuerverein) дейтін бұл ұйым 1834 жылы майда құрылды, оның құрамына неміс мемлекеттері: Ганновер, Брауншвейг, Ольден-

бург және Шаумбург-Липпе кірді, бұлар Англиямен сауда-саттық жасауға мүдделі болды. 1854 жылы бұл сепараттық одақ ыдырап кетті, ал оған қатысушылар Таможня одағына барып қосылды (151-ескертуді қараңыз).— 314.

¹⁵³ 1814—1815 жылдардағы Вена конгресінде Европадағы реакцияны басқарған Австрия, Англия және патшалық Россия «занды» монархияны қайтадан қалпына келтіру мақсатында халықтардың ұлттық бірігуі мен тәуелсіздігі мүдделерін аяққа басып, Европа картасын қайта пішіп, кесті.— 315.

¹⁵⁶ 1830 жылғы июльде Францияда буржуазиялық революция болды, одан кейін Европаның бірқатар елдерінде: Бельгияда, Польшада, Германияда және Италияда көтерілістер жасалды.— 315.

¹⁵⁷ «Жас Германия»— 30-жылдары пайда болған әдебиетшілер тобы; олар өздерінің көркем әдеби және публицистикалық шығармаларында ұсақ буржуазияның оппозициялық пиғылдарын көрсетті, адам ары мен баспасөз бостандығын қорғады.— 316.

¹⁵⁸ *Правоның тарихи мектебі*— Германияда XVIII ғасырдың аяғында пайда болған тарих пен право ғылымындағы реакциялық бағыт.— 318.

¹⁵⁹ «*Berliner politisches Wochenblatt*» («Берлиннің саяси апталығы») — барып тұрған реакцияшыл орган, 1831 жылдан 1841 жылға дейін правоның тарихи мектебінің бірқатар өкілдерінің қатысуымен шығарылып тұрды.— 318.

¹⁶⁰ «*Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe*» («Саясат, сауда және өнеркәсіп мәселелері жөніндегі Рейн газеті») — Кёльнде 1842 жылғы 1 январьдан 1843 жылғы 31 мартқа дейін шығып тұрған күн сайынғы газет. 1842 жылғы апрельден бастап газетке Маркс қатысып тұрды, ал сол жылдың октябрінен бастап ол осы газет редакторларының бірі болды.— 319.

¹⁶¹ *Құрама комиссиялар* — Пруссиядағы провинциялық ландтагтар өз құрамынан сайлайтын кеңесші сословиелік органдар.— 320.

¹⁶² *Seehandlung* (Теңіз саудасы) — Пруссияда 1772 жылы құрылған сауда-кредит қоғамы, оның көптеген маңызды мемлекеттік праволары болған және үкіметке ірі несие қаржы беріп тұрған.— 320.

¹⁶³ *Құрама ландтаг* — корольге шетелдерден қарыз алып тұруға кепілдік беру үшін 1847 жылы апрельде Берлинде шақырылған сословиелік провинциялық ландтагтардың біріккен жиналысы. Корольдің ландтагтағы буржуазиялық көпшіліктің ең шағын саяси талаптарын қанағаттандырудан бас тартқаны үшін ол көпшілік қарыз кепілдемесін бермей қойды, осынысы үшін сол жылғы июньде оны король таратып жіберді.— 321.

¹⁶⁴ XIX ғасырдың 40-жылдарында Германияда, әсіресе, ұсақ буржуазияшыл интеллигенцияның арасында көп тараған реакциялық бағыттағы неміс немесе «аккқат» социализм өкілдерінің шығармалары тұспалдап айтылып отыр.— 322, 500.

¹⁶⁵ *Гота партиясын* 1849 жылғы июньде контрреволюцияшыл ірі буржуазияның өкілдері, оңшыл либералдар құрған, ол Австрияны қоспай, гогенцоллерндік Пруссияны бас қылып, бүкіл Германияны біріктіруді мақсат етті.— 324.

¹⁶⁶ «*Неміс католицизмі*» — 1844 жылы пайда болған, орта және ұсақ буржуазияның біраз бөлегін қамтыған діни қозғалыс: ол католик шіркеуіндегі

мистицизм мен надандықтың шектен асқан көріністеріне қарсы бағытталған. Рим папасының және католик шіркеуінің көптеген догмалары мен әдег-ғұрыптарының басымдығын мойындамай, «неміс католиктері» католицизмді неміс буржуазиясының мұң-мұқтажына бейімдеуге тырысты.

«*Еркін қауымдар*»— ресми протестанттық шіркеуден 1846 жылы бөлініп шыққан қауымдар. Бұл діни оппозиция XIX ғасырдың 40-жылдарындағы неміс буржуазиясының Германиядағы реакциялық тәртіптерге наразылығын білдірудің бір формасы болды. 1859 жылы «Еркін қауымдар» «неміс католиктерінің» қауымдарымен қосылды.— 325.

¹⁶⁷ *Унитариелер*, немесе антитринитариялар— XVI ғасырда Германияда пайда болған және халық бұқарасы мен буржуазияның радикалдық бөлегінің феодалдық құрылыс пен феодалдық шіркеуге қарсы күресін білдірген діни ағымның өкілдері. Унитаризм Англия мен Америкаға XVII ғасырда тарады. XIX ғасырдағы унитаризмнің доктринасы діндегі моральдық-этикалық жәйттерді бірінші кезекке қойды, оның сыртқы, ғұрыптық жақтарына қарсы шықты.— 326.

¹⁶⁸ 1806 жылғы августқа дейін Германия герман ұлтының Қаснетті Рим империясы деп аталғанның құрамына кірді, ол империя X ғасырда құрылған және императордың жоғарғы өкіметін мойындаған феодалдық князьдіктер мен ерікті қалалардың бірлестігі болған.— 326.

¹⁶⁹ Біртұтас және бөлінбейтін Герман республикасының ұранын тіпті республика қарсаңында-ақ Маркс пен Энгельс ұсынған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 316-бет және 5-том, 1-бет).— 327.

¹⁷⁰ Бұл арада әңгіме *бірінші апын соғысы* деп аталған (1839—1842)— Англияның Қытайға қарсы басқыншылық соғысы туралы болып отыр, бұл соғыс Қытайды жартылай отар елге айналдыра бастады.— 328.

¹⁷¹ 1846 жылғы февраль-мартта Краковте болған ұлт-азаттық көтерілісімен бір кезде Галицияда да шаруалардың ірі көтерілісі бұрқ етті, оны австриялық өкімет орындары шляхтылардың ереуіл қозғалыстарын басып-жаншу үшін пайдаланды, Краковтегі көтерілісті жанышқан австриялық үкімет сондай-ақ Галициядағы шаруалар көтерілісін де басып тастады.— 329.

¹⁷² Италия халқының Австрия өктемдігіне қарсы 1848—1849 жылдардағы ұлт-азаттық соғысы айтылып отыр. Италия революциялық жолмен бірігіп кетеді деп қорыққан Италияның билеуші таптарының опасыздық қылдығы Австриямен күресте жеңіліске ұшыратты.— 337.

¹⁷³ 1848 жылы 26 августа Мальмёде Дания мен Пруссия арасында келісім жасалды, халық бұқарасының қысымымен Пруссия Данияның билеп-төстеушілеріне қарсы Германиямен бірігу жолында күресіп жатқан Шлезвиг пен Гольштейн көтерілісшілері жағында соғысқа қатысуға мәжбүр болды. Данияға қарсы соғысқан түр көрсетіп, Пруссия онымен 7 айға масқара келісім жасады, оны сентябрьде Франкфурттың Ұлттық жиналысы бекітті. Соғыс 1849 жылғы мартта қайта басталды. Бірақ 1850 жылғы июльде Пруссия Даниямен бітім шартын жасасты, бұл Данияға көтерілісшілерді талқандауға мүмкіндік берді.— 346.

¹⁷⁴ *Гусит соғыстары*— чех халқының 1419—1437 жылдары неміс феодалдары мен католик шіркеулеріне қарсы жүргізген ұлт-азаттық соғыстары, ол соғыстар чех Реформациясының көсемі— Ян Густың (1369—1415) есімімен аталған.— 349.

¹⁷⁵ Бұл мақаласында Энгельс сол кезде Австрия империясының құрамына кірген халықтардың (чехтардың, словактардың, хорваттардың және басқалардың) ұлттық қозғалысы туралы мәселе қозғайды. Ұлт мәселесін әрқашанда революция мүддесі тұрғысынан қараған Маркс пен Энгельс онда революциялық-демократиялық тенденциялар күшті болғанда, ол күреске қызу жанашырлықпен қарады. Ал осы қозғалыста оншыл буржуазияшыл-помещикшіл элементтер басым болып, реакцияшыл монархиялық күштер бұл халықтардың ұлттық қозғалысын герман және венгер революцияларына қарсы пайдаланып кеткенде Маркс пен Энгельс оған өздерінің көзқарастарын өзгертті. «Сондықтан, тек сондықтан Маркс пен Энгельс чехтар мен оңтүстік славяндардың ұлттық қозғалыстарына қарсы болды»,— деп жазды В. И. Ленин (қараңыз: Шығармалар, 22-том, 360-бет).

Энгельстің ойында 1848—1849 жылдардағы нақты жағдайларда Австрияның славян халықтарының ұлттық қозғалыстарының объективті роліне дұрыс баға берілуімен бірге осы халықтардың тарихи тағдырларына байланысты кейбір қате тұжырымдар да бар. Энгельс бұл халықтар өз беттерімен ұлт болып өмір сүруге қабілетсіз және оларды күші басым көршілері жұтып қояды деген ойын онан әрі дамыта түседі. Энгельстің бұл тұжырымы негізінен аз халықтардың тарихи тағдырлары туралы онда сол кезде қалыптасқан жалпы көзқарасқа байланысты болды. Негізгі тенденциясы капитализм кезінде орталықтану, ірі мемлекеттер құру болып табылатын тарихи дамудың барысы ірі ұлттардың аз халықтарды жұтып жіберуіне әкеліп жеткізеді деп есептеді Энгельс. Капитализмге тән орталықтану, іргелі мемлекеттер құру тенденциясын дұрыс байқаса да Энгельс тағы бір тенденцияны — аз халықтардың өз тәуелсіздігі жолындағы, ұлттық езгіге қарсы күресін, олардың өз мемлекеттерін құруға ұмтылуын ескермеді. Халықтың қалың бұқарасы ұлт-азаттық қозғалысына тартылған сайын, олардың санасы мен ұйымшылдығы өскен сайын аз халықтардың, оның ішінде Австрияның славян халықтарының да, ұлт-азаттық қозғалысы нағыз демократияшыл, прогресшіл сипат алып, революциялық күрес майданын да өрістете берді. Тарих көрсеткеніндей, бұрын Австрия империясының құрамына кірген аз славян халықтары да өз бетінше ұлттық дамуға, өзіндік мемлекетін құруға қабілеттілігін танытып қана қойған жоқ, сондай-ақ ең озық қоғамдық құрылысты жасаушылар қатарына дейін өсті.— 350.

¹⁷⁶ *Славян съезі* 1848 жылы 2 июньде Прагада болды, ол Габсбургтер империясының езгісінде болып келген славян халықтарының ұлттық қозғалысында екі ағымның бар екенін көрсетті. Ол съезд ұлт мәселесін шешуге бір көзқарас туғыза алмады. Съезд делегаттарының радикал қанаттағы және 1848 жылғы июньде Прага көтерілісіне белсене қатысқан бір бөлігі қатты қуғынға ұшырады. Байсалды-либерал қанаттың Прагада қалған өкілдері 16 июньде съезд мәжілістерін белгісіз мерзімге кейінге қалдырылды деп жариялады.— 351.

¹⁷⁷ Халықтық хартияны қабылдау туралы петицияны парламентке тапсыру үшін чартистер 1848 жылдың 10 апреліне Лондонда болады деп белгіленген бұқаралық демонстрация оны ұйымдастырушылардың табансыздығы мен солқылдақтығы салдарынан сәтсіз аяқталды. Демонстрацияның сәтсіздігін реакция күштері жұмысшыларға қарсы шабуылды үдету және чартистерді қуғындау үшін пайдаланды.— 354.

¹⁷⁸ *1848 жылғы 15 майда* Неаполитан королі II Фердинанд халық көтерілісін басып тастады, ұлттық гвардияны таратып жіберді, парламентті құды және 1848 жылы халық бұқарасының қысымымен қабылданған реформаларды жойды.— 354.

¹⁷⁹ *Австрия үкіметі 1848 жылы 1 апрельде жариялаған баспасөз туралы*

уақытша ереже газет шығаруға право алу үшін ақшалай көп кепіл салуды талап етті.— 358.

¹⁸⁰ 1848 жылғы 25 апрельдегі Конституция рейхстагты сайларда жоғары мүлік цензисін және отырықшылық цензисін белгіледі, екі палата — төменгі палата және сенат құрды, провинциялық сословиелік өкілдіктер мекемелерін сақтап қалды және императорға палаталар қабылдаған заңдарды бұзуга право берді.— 358.

¹⁸¹ 1848 жылғы 8 майдағы сайлау заңы жұмысшыларды, уақытша жұмыстағыларды және үй қызметіндегі адамдарды сайлау правосынан айырды. Сенаторлардың біразын император тағайындады, қалғандары ақшалай көп салық төлеген адамдардан екі сатылы сайлау өткізу негізінде сайланды. Төменгі палатаға сайлау да екі сатыда жүргізілді.— 358.

¹⁸² Академиялық легион — Вена университетінің батыл пиғылдағы студенттерінен тұратын азаматтық әскери ұйым.— 358.

¹⁸³ Фритредерлер — еркін сауданы және мемлекеттің экономикалық өмірге араласпауын жақтаушылар. XIX ғасырдың 40—50-жылдарында фритредерлер кейін либералдық партияға кірген ерекше саяси топ болды.— 366, 527.

¹⁸⁴ Вилагош түбінде 1849 жылғы 13 августа Гёргей басқарған венгер армиясы Венгриядағы көтерілісті басуға жіберілген патша әскерлеріне берілді.— 367.

¹⁸⁵ Ланкастер мектептері — кедей ата-аналардың балаларына арналған бастауыш мектептер, оларда өзара екі жақты оқыту жүйесі қолданылды, ол мектептер ағылшын педагогы Джозеф Ланкастердің (1778—1831) атымен аталды.— 368.

¹⁸⁶ 1636 жылы кейін XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революцияның көрнекті қайраткерлерінің бірі болған Джон Гемпден қауымдар палатасы бекітпеген «кеме ақшасы» деген салықты төлеуден бас тартты. Оған болған сот процесі ағылшын қоғамындағы абсолютизмге қарсы оппозицияның өсуіне себепші болды.

Англияның Солтүстік Америкадағы отарларының тәуелсіздігі жолындағы соғыстың басталуына (1775—1783) американдардың 1766 жылы ағылшын үкіметі енгізген герб салығын төлеуден бас тартуы және XVIII ғасырдың 70-жылдарының бас кезінде ағылшын товарларына бойкот жариялау тактикасы себеп болды.— 371.

¹⁸⁷ Вандейде (Францияның батыс провинциясы) 1793 жылы осы провинцияның артта қалған шаруаларын француз революциясына қарсы күреске пайдаланған француз роялистері шығарған контрреволюциялық бүлік айтылып отыр.— 376, 495.

¹⁸⁸ 1848 жылғы 21 мартта Пруссияның буржуазиялық министрлерінің инициативасымен Берлинде корольдің салтанатты келуі ұйымдастырылды, ол Германияны біріктіру пайдасына жасалған манифестациямен ұштастырылды. IV Фридрих-Вильгельм қарына Германияның бірлігінің символы — қара-қызыл-сары мата байлап, Барлин көшелерімен жүріп өтті және жалған патриоттық сөздер сөйледі.— 383.

¹⁸⁹ Империя конституциясы деп аталатынды қайта қарау үшін шақырылған конференция айтылып отыр. Конференцияның нәтижесінде 1849 жылы 26 майда Пруссияның, Саксонияның және Ганновердің корольдері арасында ке-

лісім («үш корольдің униясы») жасалды. «Уния» Пруссия монархиясының Германияда басымдылыққа жетуге деген үмітімен жасалған, себебі империяның билеушісі Пруссия королі болуы керек болды. Бірақ Австрия мен Россияның қысымымен Пруссия бетінен қайтуға мәжбүр болды және 1850 жылғы ноябрьде «униядан» бас тартты.— 386.

¹⁹⁰ Майндағы Франкфуртта *Павел әулиең соборында* 1848 жылғы 18 майдан 1849 жылғы 30 майға дейін жалпыгерманиялық Ұлттық жиыналыстың мәжілістері өтті.— 397.

¹⁹¹ Бұл сериядағы соңғы мақала «New-York Daiby Tribune»-де басылған жоқ. Маркстің қызы Элеонора Маркс-Эвелинг баспаға әзірлеген 1896 жылғы ағылшынша басылымында, сондай-ақ бірқатар мұнан кейінгі басылымдарда да соңғы мақала ретінде Энгельстің бұл серияға кірмейтін «Кельнде таяуда болған процесс» деген еңбегі жарияланды. (Осы томды қараңыз: 401—407-беттер).— 400.

¹⁹² 1851 жылғы сентябрьде Францияда Коммунистер одағынан 1850 жылы сентябрьде бөлініп кеткен Виллих — Шаппер фракциясына кіретін жергілікті қауымдардың мүшелері арасында тұтқындау шаралары жүргізілді. Осы фракция қабылдаған ұсақ буржуазиялық қастандық тактикасы француз және пруссия полициясына париждік қауымдардың біреуін басқаратын арандатушы Шервальдың көмегімен неміс-француз қастандығы дейтін қылмысты істі бастауға мүмкіндік берді. 1852 жылы февральда тұтқынға алынғандар мемлекеттік төңкеріс жасауға әзірлік жүргізді деген айып тағылып, сотталды. Пруссия полициясының Маркс пен Энгельс басқарған Коммунистер одағына неміс-француз қастандығына қатысты деп айып тауға тырысканынан ештеңе шықпады.— 403.

¹⁹³ Маркстің «*Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері*» деген еңбегі марксизмнің Франциядағы 1848—1851 жылдардағы революциялық оқиғаларға нақты талдау жасау негізінде жазылған аса маңызды шығармаларының бірі. Бұл еңбекте тарихи материализмнің барлық негізгі қағидалары: тап күресі және пролетарлық революция теориясы, мемлекет және пролетариат диктатурасы туралы ілім онан әрі дамытылды. Маркстің пролетариаттың буржуазиялық мемлекетке көзқарасы туралы мәселе жөнінде жасаған тұжырымының өте ерекше маңызы бар. «Барлық төңкерістер бұл машинаны қирату орнына.— деп көрсетті ол,— оны жетілдіре берді» (493-бет). Ленин бұл тұжырымды марксизмнің мемлекет туралы іліміндегі ең басты, негізгі тұжырымдардың бірі деп атады (қараңыз: 25-том, 420-бет).

«Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» еңбегінде болашақ революцияда жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалар туралы мәселе онан әрі дамытылды, саяси партиялардың қоғамдық өмірдегі ролі көрсетілді, бонапартизмнің мәніне терең сипаттама берілді.— 408, 412.

¹⁹⁴ *Вандом колоннасы* 1806 — 1810 жылы Парижде наполеондық Францияның жеңісіне ескерткіш ретінде жасалды, ол жау жағының зеңбіректерінің қоласынан құйылып, үстіне Наполеонның мүсіні орнатылды. 1871 жылы 16 майда Париж Коммунасының қаулысы бойынша Вандом колоннасы алынып тасталды; 1875 жылы оны реакция қайта орнатты.— 409, 503.

¹⁹⁵ J. C. L. Simonde de Sismondi. «*Études sur l'économie politique*». T. I. Paris, 1837 p. 35 (Ж. Ш. Л. Симонд де Сисмонди. «Саяси экономия очерктері». I-том. Париж. 1837, 35-бет).— 409.

¹⁹⁶ *1851 жылғы 2 декабрь* — Францияда Луи Бонапарт және оның жақтастары жасаған контрреволюциялық мемлекеттік төңкеріс болған күн.— 410, 414.

¹⁹⁷ *Брюмер* — Француз республикасы календарындағы ай аты. 1799 жылғы 18 *брюмерде* (9 ноябрьде) Наполеон Бонапарт мемлекеттік төңкеріс жасап, әскери диктатура орнатты. «18 *брюмердің* екінші басылымы» деп Маркк 1851 жылғы 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті айтып отыр. — 412.

¹⁹⁸ *Бедлам* — Лондондағы ақылы адасқандар үйі. — 414.

¹⁹⁹ 1848 жылғы 10 декабрьде жалпыға бірдей сайлаудың нәтижесінде Луи Бонапарт Француз республикасының президенті болып сайланды. — 414.

²⁰⁰ «*Египеттің ет толы қазандарын аңсау*» деген сөз інжіл аңыздарынан: еврейлер Египет тұтқынынан қашып бара жатқанда олардың ішіндегі әлсіздері жолдың қиындығы мен аштықтың әсерімен ең құрығанда қарындары тоқ жүрген тұтқындағы күндерін аңсаған. — 414.

²⁰¹ *Hic Rhodus, hic salta!* (Осында Родос, осында секір!) — Көрген куәлар бар деп бір күні өзінің Родоста тамаша секіргенін айтып бөккен бір мақтаншақ туралы Эзоптың мысалынан алынған сөздер; оған жұрт: «Куәларды қайтесің, осында Родос, осында секір» деген. Астарлан айтқанда: негізгісі осында, осында дәлелде деген сөз.

Осында роза, осында биле! — жоғарыдағы цитаттың өзгерген түрі («Родос — грекше аралдың аты, сондай-ақ «роза» деген сөз), оны Гегель «Право философиясы» деген кітабының алғы сөзінде келтірген. — 415.

²⁰² 1848 жылғы француз конституциясы бойынша президент сайлауы әрбір төрт жылда май айының екінші жексенбісінде өткізілуге тиісті болған. 1852 жылғы майда Луи Бонапарттың президенттік өкілдігі өтіп бара жатқанды. — 416.

²⁰³ *Хилиастар* (грекше «хилиас» — мың деген сөзден шыққан) — Иса пайғамбардың бұл дүниеге екінші рет қайтып келуі және жер бетінде әділеттіктің, жалпыға бірдей теңдік пен рахат өмірдің «мың жылдық патшалығы» орнауы туралы діни-мистикалық ілімді уағыздаушылар. — 416.

²⁰⁴ *Капитолий* — Римдегі Юпитер, Юнона және басқалардың сарайлары салынған, мықты қорған болған төбе. Аңызда айтылғанындай, біздің заманымызға дейінгі 390 жылы галлдардың шабуылы кезінде Юнона сарайынан қаңқылдай шулап, Капитолийдің ұйықтап қалған күзетшілерін оятып жіберген қаздардың арқасында Рим аман қалған. — 416.

²⁰⁵ Рим тарихшысы Е. Кесарийскийдің айтуынша, император I Константин 312 жылы, Максенийді жеңердің қарсаңында аспаннан «Осымен жеңесіз» деген жазуы бар крест көріпті-міс. — 420.

²⁰⁶ *Вена трактаттары* — Наполеон соғыстарына қатысушы мемлекеттердің арасында 1815 жылы май-июньде Венада жасалған шарттар (155-ескертуді қараңыз). — 421.

²⁰⁷ *Конституциялық хартия* Францияда 1830 жылғы буржуазиялық революциядан кейін қабылданып, Июль монархиясының негізгі заңы болды. Хартия корольдің билігін біршама ықшамдап, ұлттың суверенді правосын формальды түрде жариялады. — 422.

²⁰⁸ *Клиши* — Париждегі 1826—1867 жылдардағы қарыздарлар түрмесі. — 425, 462.

²⁰⁹ *Преторианецтер* деп Көне Римде қолбасшының немесе императордың мол артықшылығы бар жеке гвардиясын айтқан; преторианецтер ішкі бүлікке үзбей қатысып, өз өкілдерін таққа жиі қойып отырған. Бұл арада 10 декабрьдегі Қоғамды айтып отыр (ол туралы осы томның 457—459-беттерін қараңыз).— 427.

²¹⁰ Неаполитан корольдігі мен Австрияның 1849 жылғы май-июльде Рим республикасына қарсы интервенцияға бірігіп қатысқаны айтылып отыр.— 427.

²¹¹ Марк Луи Бонапарттың өмірбаянындағы мына фактіні айтып отыр: 1832 жылы Луи Бонапарт Тургау кантонында Швейцария азаматтығын қабылдады; 1848 жылы Англияда болғанда Луи Бонапарт арнаулы констебельдер қатарына өз еркімен кірді (Англияда — қатардағы азаматтардан құралған полицейлік резерв осылай аталған).— 428.

²¹² Рим императоры Калигуланы (37—41) таққа преториандық гвардия отырғызған.— 430.

²¹³ *Квесторлар* деп Заң шығарушы жиналыста шаруашылық, финанс жағын басқаратын және оның қауіпсіздігін қорғайтын өкілдерді айтқан (көне Рим квесторлары сияқты). Ұлттық жиналыстың председателіне әскер шақыруға право беру туралы Заңның жобасын 1851 жылы 6 ноябрьде квестор-роялистер Леффо, Баз және Пан енгізген, ол қатты айтыстардан кейін 17 ноябрьде қабылданбай тасталған.— 431.

²¹⁴ *Фронда* — Франциядағы 1648—1653 жылдардағы абсолютизмге қарсы дворяндық-буржуазиялық қозғалыс. Қозғалыстың дворяндық көсемдері өз көкерлері мен шетелдік әскерлерге сүйеніп, осы кездерде болып жатқан шаруалар көтерілісі мен қалалардағы демократиялық қозғалысты өз мүдделері үшін пайдаланды.— 433.

²¹⁵ Рим папасы IX Пийдің қолынан француз тәжін алам деп ойлаған Луи Бонапарттың жоспарын айтып отыр. Инжіл анызы бойынша, көне еврей патшасы Давидты патша болуға Самуил әулие жазған.— 443.

²¹⁶ *Аустерлиц түбіндегі* (Моравия) 1805 жылғы 2 декабрьдегі (20 ноябрьдегі) шайқас I Наполеонның орыс-австрия әскерлерін жеңуімен аяқталды.— 444

²¹⁷ Луи Бонапарттың 1839 жылы Парижде шыққан «Наполеон идеялары» («Des idées napoléoniennes») деген кітабы айтылып отыр.— 448.

²¹⁸ 1850 жылы июльде Заң шығарушы жиналыс қабылдаған баспасөз туралы заң бойынша газет шығарушылар төлеуге міндетті ақшалай кепілдің мөлшері едәуір көбейді, кітапшаларға да қатысы бар штемпель салығы да енгізілді.— 454.

²¹⁹ Луи Бонапарттың өмірінде болған мынадай екі факт айтылып отыр: ол 1836 жылы 30 октябрьде екі артиллериялық полктың көмегімен Страсбургте бүлік шығаруға тырысты; бүлікшілер қарусыздандырылды, ал Луи Бонапарттың өзі тұтқынға алынып, Америкаға жер аударылды. 1840 жылғы 6 августа ол тағы да жергілікті Булони гарнизонының әскерлері арасында бүлік шығаруға тырысты, ол бүліктен ештеңе шықпай, ол өмір бойы түрмеде отыру жазасына кесілді, бірақ 1846 жылы Англияға қашып кетті.— 457.

²²⁰ Бонапартистік бағыттағы газеттерді айтып отыр; ол газеттердің аттары Луи Бонапарттың президент болып тұрған кезіндегі Париждегі резиденциясы — Елисей сарайына байланысты алынған.— 459.

²²¹ Маркс бұл арада сөзді ойнату үшін Шиллердің «Қуанышқа» деген өлеңінің бір жолын пайдаланған, ақын бұл өлеңінде қызы Элизинумның немесе Елисей далаларының (көне замандағы авторларда жұмақтың синонимі болған) қуанышын жырлайды. Елисей далалары — бұл да Париждегі Луи Бонапарттың резиденциясы тұрған проспектінің аты.— 464.

²²² *Парламенттер* — XVIII ғасырдың аяғындағы буржуазиялық революцияға дейінгі Франциядағы жоғары сот мекемелері. Парламенттер корольдің указдарын тіркеп отырған және олардың ремонстрация дейтінге де правосы болған, яғни елдің әдет-ғұрпы мен заңдарына сай келмейтін указдарға наразылық білдіруге де правосы болған.— 467.

²²³ *Бель-Иль* — Бискай шығанағындағы арал, саяси тұтқындарды қамайтын жер.— 470.

²²⁴ Маркс бұл жерде, онша дәл болмаса да, көне замандағы жазушы Антеңейдің (II—III ғасырлар) «Гұлама ғалымдардың дастархан басындағы әңгімелері» («*Deipnosophistae*») деген кітабында айтылған мынадай эпизодты пайдаланған. Египет фараоны Тахос өзіне әскерін алып көмекке келген спартандық патша Агесилайдың бойынның кішкентайлығына тигізіп, былай депті: «Тау жүкті еді. Зевс қорқып кетті. Бірақ тау толғатып, тышқан тапты». Оған Агесилай: «Мен саған тышқан ғұрлы көрініп тұрған шығармын, бірақ кезі келгенде мен саған әлі арыстандай да боп көрінермін».— 472.

²²⁵ Венеция XIX ғасырдың 50-жылдарында француз тағына дөмеленіп жүрген легитимистграф Шамбордың тұрағы болған.— 474.

²²⁶ Реставрация дәуіріндегі легитимистер лагерінде болған тактикалық алауыздықтар айтылып отыр. Виллель (XVIII Людовикті жақтаушы) реакциялық шараларды мұқият жүргізу керек деген; Полиньяк (граф д' Артуаны жақтаушы, 1824 жылдан — король X Карл) революцияға дейінгі тәртіптерді толық қалпына келтіруді жақтады.

Тюильрий сарайы — XVIII Людовиктің Париждегі резиденциясы; *Марсан павильоны* — сол сарайдың бір үйі. Реставрация дәуірінде граф д' Артуаның резиденциясы болған.— 476.

²²⁷ «*The Economist*» («Экономист») — ағылшынның экономика мен саясат мәселелері жөніндегі апталық журналы, ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы. Лондонда 1843 жылдан шығып тұрады.— 478.

²²⁸ *Лондон өнеркәсіп көрмесі* — тұңғыш дүние жүзілік сауда-өнеркәсіп көрмесі; 1851 жылғы май — октябрьде болған.— 482.

²²⁹ «*Le Messaget de l' Assemblée*» («Жиналыс хабаршысы») — француздың бонапартизмге қарсы бағыттағы күн сайынғы газеті; Парижде 1851 жылы 16 февральдан 2 декабрьге дейін шығып тұрған.— 484.

²³⁰ *Ұзақ парламент* (1640—1653) — жаңа басталған буржуазиялық революция жағдайында король I Карл шақырған, кейін сол революцияның заң шығарушы органына айналған ағылшын парламенті. 1649 жылы парламент I Карлді өлім жазасына кесіп, Англияны республика деп жариялады, оны Кромвель 653 жылы таратып жіберді.— 487.

²³¹ *Севенны* — Францияның Лангедок провинциясындағы таулы аудан, онда 1702—1705 жылдары протестанттар қуғынының себебінен басталған шаруалар көтерілісі нағыз антифеодалдық сипат алды.— 495.

²³² *Констанца соборы* (1414—1418) католик шіркеуінің жаңа басталған реформациялық қозғалыс жағдайында біраз шайқалған күйін нығайту мақсатында шақырылды.— 500.

²³³ Францияда 1715—1723 жылдары XV Людовиктің жас кезіндегі Филипп Орлеанскийдің регенттігі айтылып отыр.— 503.

²³⁴ *Трирдің қасиетті хитоны* — Трир соборында сақталып келген католиктік реликвия, ол Иса пайғамбарды жазалау кезінде оның үстінен шешіп алынған киім-міс. Трирдің қасиетті хитонына дінге сенушілер тағзым етіп тұратын болған.— 503.

²³⁵ Маркстің «*Үндістандағы Британия билігі*» және «*Үндістандағы Британия билігінің болашақ нәтижелері*» деген мақалалары Маркстің ұлт-отар мәселесі жөніндегі таңдаулы шығармаларына жатады. Маркс бұл мақалаларында срасан зор табиғи байлықтары және ерте заманнан келе жатқан цивилизациясы бар Үндістанға британ өктемдігін мысалға келтіріп, капиталистік мемлекеттердің Шығыстың экономикалық жағынан арта қалған елдеріне отарлық билік жүргізу системасына тән ерекшеліктерді ашып көрсетеді. Ағылшындардың Үндістанды жаулап алуының және отарлық құлдыққа салуының маңызды кезеңдерін мұқият қадағалай отырып, Маркс отаршылардың Үндістанда жүргізген талап-таражы мен жаулап алушылығының баудың және Англияның өзінде жер шонжарлары мен ақшалы алаяқтардың олигархиясын күшейтудің көзі болғанын атап көрсетеді. Ол Үндістанды азат етуге Англияда пролетарлық революция жасау жолымен немесе Үндістан халқының өзінің отаршылардың өктемдігіне қарсы азаттық күресі арқылы жетуге болады деген революциялық тұжырымға келеді.— 504.

²³⁶ *Моголдар* — түрік тектес басқыншылар, олар XVI ғасырдың бас кезінде Орта Азияның шығыс жағынан шығып, Үндістанға басып кірді, 1526 жылы Солтүстік Үндістанда — Ұлы Моголдар империясының (бұл империяның билік жүргізген әулетін осылай атаған) негізін құрды, ол империя үздіксіз өзара ұрыс-қағыстың және феодалдық-сепаратистік тенденциялардың күшеюі себепті XVIII ғасырдың бірінші жартысында ыдырап кетті.— 504.

²³⁷ *Лингам діні* — оңтүстік үндістандық лингайттар (Шиваның эмблемасы — «ленгилерден» шыққан) секталары арасында тараған Шиваның құдіретін дәріптеу, ол касталардың айырмашылығын мойындамаған және ораза ұстауды, құрбандық шалу мен тауап етушілікті қабылдамаған.— 504.

²³⁸ *Джаггернаут* (Джаганнатх) — үнділердің Вишну деген құдайының бір бейнесі. Джаггернаут храмының пірадарлары жаппай бас июден ірі табыс тапқан (әрі храмда тұратын әйелдер — байдеркалардың жезөкшелікпен шұғылданыуы қостау тапқан). Джаггернаутқа бас ию дәстүрі асқан салтанатты, сондай-ақ өте діни фанатизм жағдайында өткендігі сонша, тіпті дінге сенушілер өзін-өзі қинап, өзін өзі өлтіруге дейін барған. Үлкен мереке күндерінде олардың кейбіреулері тіпті Вишну-Джаггернауттың суретін алып келе жатқан арбаның астына да құлайтын болған.— 504, 516.

²³⁹ *Гептархия* (жеті өкімет) — ертедегі орта ғасырда, ел жеті ағылшын-саксы корольдігіне бөлінген кездегі (VI—VIII ғасырда) Англиядағы саяси құрылысты белгілеу үшін ағылшын тарих ғылымында қабылданған термин; Маркс бұл арада осы терминді мұсылмандар жаулап алғанға дейінгі Деканның (Орталық және Оңтүстік Үндістан) феодалдық бөлшектенуін белгілеу үшін алып отыр.— 504.

²⁴⁰ *Брахмандар* — алғашында негізінен артықшылықпен пайдаланатын ға-

лымдар сословиесі кірген Үндістандағы көне төрт кастаның бірі; кейінірек оған Үндістанның басқа касталары сияқты, пірәдардан басқа әр түрлі мамандықтағы және әлеуметтік жағдайдағы адамдар да, кедей шаруалар мен колөнершілер де кірген.— 504, 516.

²⁴¹ *Ост-Инд компаниясы* — Үндістанда, Қытайда және Азияның басқа да елдерінде Англияның отарлық саясатының құралы болған ағылшын сауда компаниясы. 1600 жылы құрылған. 1853 жылы қабылданған хартия туралы Заң компанияның Үндістанды басқаруға монополиялық правосын қысқартып тастады. Компания 1858 жылы біржола жойылды.— 505, 515.

²⁴² Бомбейдің солтүстік жағына қарай орналасқан Сальсетта аралы өзінің үңгірде жасалған 109 будда храмымен әйгілі болған.— 505.

²⁴³ *Ұлы Могол* — Могол империясының (236-ескертуді қараңыз) өздерін падишахтармыз деп атаған билеушілеріне европалықтар берген атақ.— 511.

²⁴⁴ *Маратхи* — Деканның солтүстік-батыс жағындағы территорияны мекендейтін үнділік аз халық. XVII ғасырдың орта кезінде Ұлы Моголдар империясына елеулі соққы беріп және оның ыдырауына себеп болып, маратхилер тәуелсіз мемлекет құрды, ол мемлекеттің феодалдық басшылары кешікпей басқыншылық соғыс жолына түсті. XVIII ғасырдың аяғында маратхилер мемлекеті феодалдық өзара ішкі ұрыс-қағыстар себебінен әлсіреп қалды. Үндістанға үстемдігін жүргізу жолындағы күреске қатысудан және өз ішіндегі алауыздықтан титығы шыққан маратхи князьдіктері өздерін 1803—1805 жылдардағы ағылшын-маратхи соғысының нәтижесінде бағындырып алған Ост-Инд компаниясының жемтігі болып қалды.— 511.

²⁴⁵ *Заминдари және райятвари жүйелері* — ағылшынның өкімет орындары Үндістанда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында енгізген жерден салық алудың екі жүйесі.— 512.

²⁴⁶ G. Campbell. «Modern India: a Sketch of the System of Civil Government». London, 1852, p. 59—60 (Дж. Кампбелл. «Қазіргі Үндістан. Азаматтық басқару жүйесінің очерктері». Лондон, 1852, 59—60-беттер).— 515.

²⁴⁷ Маркс А. Д. Салтыковтың «Lettres sur J.' Inde». Paris, 1843, p. 61 («Үндістан туралы хаттар». Париж, 1848, 61-бет) деген кітабынан цитат алып отыр. Орысша басылымы Москвада 1851 жылы шықты.— 516.

²⁴⁸ *Джаты* — Солтүстік Үндістандағы каста тобы, оның негізгі құрамы жер өңдеуші шаруалар болды, оған сондай-ақ әскери-феодалдық сословиенің өкілдері де кірген.— 516.

²⁴⁹ 1856 жылы 14 апрельде чартистік «People's Paper» газетінің төрт жылдығы құрметіне ұйымдастырылған банкетте Маркс өзіне бірінші болып сөйлеуге берілген правоны пайдаланып, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік тарихи ролі туралы сөз сөйледі. Маркстің «People's Paper»-дің мерекесіне қатысуы ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың ағылшын чартистерімен байланысының, Маркс пен Энгельстің ағылшын пролетариатына идеялық ықпал жасап, Англияда жұмысшы қозғалысын жаңа, социалистік негізде қайта қалпына келтіру мақсатында чартизм көсемдерін қолдауға тырысандықтарының жарқын көрінісі болды.

«The People's Paper» («Халық газеті») — чартистердің апталық газеті. 1852 жылғы майдан 1858 жылғы июньге дейін Лондонда шығып тұрды; 1852 жылдың октябрінен 1856 жылғы декабрьге дейін газет жұмысына Маркс пен

Энгельс қатысып, сондай-ақ оны редакциялауға көмектескен. 1858 жылғы июньде газет буржуазияшыл іскер топтың қолына көшті.— 518, 548.

²⁵⁰ К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген шығармасы Маркстің саяси экономияны жасаудағы маңызды кезең болды. Бұл кітапты жазардың алдында Маркс он бес жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, бұл жұмыстардың барысында ол орасан көп әдебиеттерді зерттей оқып, өзінің экономикалық ілімінің негізін жасады. Бұл жұмыстардың нәтижелерін Маркс экономикалық үлкен еңбекте баяндап беруді ойластырды. 1857 жылы август — сентябрьде ол өзі жинаған материалдарды жүйелеуге кірісіп, бұл шығарманың алғашқы жобасын жасайды. Бұдан кейінгі бірнеше ай бойы Маркс өз жоспарын нақтылап, қолға алған бұл еңбегін бөліп-бөліп жеке басылымдар етіп шығаруды ұйғарады. Берлиндегі баспа иесі Ф. Дункермен күні бұрын шарт жасасып қойып, ол бірінші басылуын жазуға кірісті, ол 1859 жылы июньде жарыққа шықты.

Бірінші басылуы шығысымен Маркс бірден капиталдың проблемалары айтылуға тиісті екінші басылымын шығаруды ойлады. Бірақ мұнан былайғы зерттеу жұмыстары Марксті өзінің үлкен еңбегінің бастапқы жоспарын өзгертуге итермеледі. Екінші және онан кейінгі басылымдардың орнына Маркс «Капиталды» әзірледі, оған өзгертіліп қайта жазылған түрде «Саяси экономия сынына» кітабының да негізгі қағидаларын енгізді.— 521.

²⁵¹ Бұл арада аяқталмай қалған «Кіріспе» айтылып отыр, оны Маркс үлкен экономикалық шығармасына арнаған еді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 12-том, 709—738-беттер).— 521.

²⁵² «Allgemeine Zeitung» («Жалпы газет») — немістің күн сайын шығып тұрған, реакцияшыл газеті, 1798 жылы құрылған; 1810 жылдан 1882 жылға дейін Аугсбургте шығып тұрды. 1842 жылы утопиялық коммунизм мен социализм идеяларын бұрмалады, оны Маркс өзінің «Коммунизм және аугсбургтік «Allgemeine Zeitung»» деген мақаласында ашкереледі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 114—118-беттер).— 522.

²⁵³ Энгельстің бұл мақаласы К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген кітабына рецензия болып табылады. Энгельс бұл кітапты пролетарлық партияның асқан ғылыми табысы және пролетариаттың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру ісіндегі маңызды кезең деп сипаттады. Рецензия аяқталмай қалған. Тек алғашқы екі бөлегі ғана жарияланған. Энгельс кітаптың экономикалық мазмұнын талқылауды ойластырған үшінші бөлігі газеттің шығуына тыйым салынғандықтан баспасөз бетінде жарияланбай қалған; оның қолжазбасы табылған жоқ.— 526, 535.

²⁵⁴ *Отыз жылдық соғыс* (1618—1648) — протестанттар мен католиктердің арасындағы күрестен туған жалпы европалық соғыс. Германия бұл күрестің негізгі орталығы, соғыстың талан-таражының және соғысқа қатысушы елдердің басқыншылық жасайтын объектісі болды.— 526.

²⁵⁵ 1477 жылдан 1555 жылға дейін Голландия герман ұлтының Қасиетті Рим империясының құрамына кірді, бұл империя бөлінгеннен кейін ол Испанияның қол астында қалды. XVI ғасырдағы буржуазиялық революцияның аяғына таман Голландия испандық өктемдіктен азат болып, тәуелсіз буржуазиялық республика болды.— 526.

²⁵⁶ *Камералистика* (немесе *камеральды ғылымдар*) — әкімшілік, финансы экономикалық және басқа да пәндерден құралған біртұтас курс, ол орта ғасырлардағы, ал кейінірек сондай-ақ европалық бірқатар елдердің буржуазиялық университеттерінде оқытылған.— 527.

²⁵⁷ «*Das Volk*» («Халық») — апта сайынғы газет; 1859 жылдың 7 майынан 20 августына дейін Маркстің тікелей қатысуымен Лондонда неміс тілінде шығып тұрған; июльдің басынан бастап ол оның тікелей редакторы болды.— 528.

²⁵⁸ Бұл арада XIX ғасырдың 30—40-жылдарында неміс университеттеріндегі көптеген кафедраларды алып қойып, өздерінің жағдайын философиядағы барып тұрған батыл бағыттың өкілдеріне шабуыл жасау үшін пайдаланған оншыл гегельшілдер мысқылмен айтылып отыр. *Диадоктар* туралы 4-ескертуді қараңыз.— 530.

²⁵⁹ Қараңыз: Г. В. Ф. Гегель. «Логика ғылымы», I тарау, 2-бөлім.— 531.

²⁶⁰ Маркс жазам деп ойлаған «Саясатқа және саяси экономияға сын» деген еңбек айтылып отыр.— 547.

²⁶¹ *Неміс жұмысшыларының Лондондағы Ағарту қоғамы* айтылып отыр, ол XIX ғасырдың 50-жылдарында Грей-Уиндмилл-стритте болған. Бұл қоғамды 1840 жылғы февральда К. Шаппер, И. Молль және Әділеттілер одағының басқа да қайраткерлері құрған. Оның жұмысына 1849—1850 жылдары Маркс пен Энгельс белсене қатысқан. 1850 жылғы 17 сентябрьде Маркс пен Энгельс және оларды жақтаушылардың біразы Қоғамнан шығып кетті, оған себеп оның біраз бөлегінің Виллих — Шаппердің сектанттық-авантюристік фракциясы жағына шыққандығы болды. 1864 жылы Интернационалдың құрылуына байланысты Қоғам Халықаралық Серіктіктің Лондондағы неміс секциясы болды. Лондонның Ағарту қоғамы ағылшын үкіметі жауып тастағанша, 1918 жылға дейін өмір сүрді.— 549.

²⁶² Революцияшыл француз армиясы Майнцты алғаннан кейін немістің демократ-республикашылдары 1792 жылы октябрьде қалада тендік пен туысқандық достарының клубы дегенді ұйымдастырды. Майнц клубының мүшелері ескі феодалдық тәртіптерді жою, республикалық құрылыс орнату және Рейннің сол жақ жағалауын революцияшыл Францияға қосу жолында үгіт жүргізді. Бұлардың көзқарастарын қала халқы да, шаруалар да қостаған жоқ. 1793 жылы июльде Майнцты пруссиялықтар басып алғаннан кейін Майнц клубы мүшелерінің жұмысы тоқтап қалды.— 549.

²⁶³ *Кондотьерлер* — Италиядағы XIV—XV ғасырлардағы әскери жалдамалы отрядтарды басқарушылар.— 550.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

- Август* (біздің заманымызға дейінгі 63 — біздің заманымыздың 14 жылы) — Римнің тұңғыш императоры (б. з. дейінгі 27 — б. з. 14). — 23.
- Агесилай* (б. з. дейінгі 442 ж. шамасы — 358 ж. шамасы) — спартан патшасы (б. з. дейінгі 399 шамасы — 358 ж. шамасы). — 472.
- I Агис* (б. з. дейінгі 399 ж. шамасы өлген) — спартан патшасы (б. з. дейінгі 426 шамасы — 399 шамасы). — 472.
- Айи* (Ailly), Пьер д' (1350—1420 немесе 1425 ж. өлген) — француз кардиналы; Констанда соборында көрнекті роль атқарған. — 500.
- Але* (Allais), Луи Пьер Констан (1821 ж. шамасы туған) — француз полиция агенті. — 458, 462.
- I Александр* (1777—1825) — орыс императоры (1801—1825) — 314.
- III Александр* (1845—1894) — орыс императоры (1881—1894) — 97.
- Александр* Македонский (б. з. дейінгі 356—323) ерте дүниенің атақты қолбасшысы және мемлекет қайраткері. — 51, 158, 303, 459.
- Альберт* (Albert) (шын есімі Александр *Мартен*) (1815—1895) — француз жұмысшысы, социалист, 1848 ж. уақытша үкімет мүшесі болған. — 214, 216, 227.
- Англес* (Anglès), Франсуа Эрнест (1807—1861) — француз жер иесі, Заң шығару жиналысының депутаты (1850—1851), тәртіп партиясының өкілі. — 479.
- Анненков*, Павел Васильевич (1812—1887) — орыстың либерал помещигі, әдебиетші. — 536—547.
- Аурангзеб* (1618—1707) падишах

- (1658—1707) Үндістанның Ұлы моголдар әулетінен. — 501.
- Ауэрсвальд* (Auerswald), Родольф (1795—1866) — Пруссияның мемлекет қайраткері, министр-президенті және сыртқы істер министрі (1848 ж. июнь — сентябрь). — 371.

Б

- Бабёф* (Babeuf), Гракх (шын есімі Франсуа *Ноэль*) (1760—1797) француз революционері, утопиялық теңгермелі коммунизмнің көрнекті өкілі, «теңшілдер» қастандығын ұйымдастырушы. — 133.
- Баз* (Baze), Жан Дидье (1800—1881) — француз адвокаты және саяси қайраткер, орлеанист. — 475, 488.
- Байи* (Baillly), Жан Сильвен (1736—1793) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының қайраткері, либералдық конституцияшыл буржуазия басшыларының бірі. — 414.
- Бакунин*, Михаил Александрович (1814—1876) орыс демократы, публицист, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; анархизм идеологтарының бірі, I Интернационалда марксизмнің қас жауы ретінде әрекет етті; жікшілдік әрекеті үшін 1872 жылғы Гаага конгресінде I Интернационалдан шығарылған. — 96, 100, 393.
- Бальзак* (Balzac), Онопере *де* (1799—1850) — француздың ұлы реалист жазушысы. — 502.
- Барраге д'Илье* (Baraguay d'Hilliers), Ашиль (1795—1878) — француз ге-

- нералы; Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, 1851 ж. Париж гарнизонының командашысы, бонапартшыл. — 268, 466, 477.
- Барбес** (Barbes), Арман (1809—1870)— француз революционері, ұсақ буржуазиялық демократ; 1848 жылғы революцияның белсенді қайраткері, 1848 ж. 15 майдағы оқиғаларға қатысқаны үшін өмір бойы түрмеге қамауға үкім етілген, 1854 жылы кешірім жасалған.— 249, 289, 518.
- Бароч** (Baroche), Пьер Жюль (1802—1870)— француздың саяси және мемлекеттік қайраткері, тәртіп партиясының өкілі, одан кейін бонапартшыл 1849 ж. шағым сотының бас прокуроры.— 289, 452, 462, 467, 471.
- Баро** (Barrot), Одилон (1791—1873)— француздың буржуазияшыл саяси қайраткері, 1848 жылғы февральға дейін либералдық династиялық оппозицияның басшысы; 1848 ж. декабрь — 1849 ж. октябрьде тәртіп партиясына сүйенген министрлікті басқарған.— 205, 213, 233, 243—250, 254, 262, 268, 271, 272, 429—431, 434, 446—448, 455, 468, 470, 476, 484.
- Бассерман** (Bassermann), Фридрих Даниель (1811—1855)— немістің буржуазияшыл саяси қайраткері, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оңшыл орталық жағында болды.— 374.
- Бастиа** (Bastiat), Фредерик (1801—1850)— француз тұрпайы экономисі.— 209.
- Бастид** (Bastide), Жюль (1800—1879)— француздың буржуазияшыл саяси қайраткері және публицисі; «National» газеті редакторларының бірі (1836—1846); сыртқы істер министрі (1848 ж. май—декабрь).— 237.
- Бауэр** (Bauer), Бруно (1809—1882)— немістің идеалист философы, көрнекті жас гегельшілдердің бірі, буржуазияшыл радикал; 1866 жылдан кейін ұлттық либерал.— 12, 13, 23, 24, 25, 35—37, 39—42.
- Бebelь** (Bebel), Август (1840—1913)— халықаралық және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, 1867 ж. бастап Неміс жұмысшылар қоғамы одағын басқарды, I Интернационалдың мүшесі, 1867 жылдан рейхстаг депутаты, неміс социал-демократиясының негізін салушылар мен көсемдерінің бірі, Маркс пен Энгельстің досы және серігі; II Интернационал қайраткері.— 198.
- Бедо** (Bedeau), Мари Альфонс (1804—1863)— француз генералы және саяси қайраткері, біртоға буржуазиялық республикашыл; Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының вице-президенті.— 434, 467.
- Бем** (Bem), Юзеф (1795—1850)— поляк генералы, 1830—1831 жылдардағы көтеріліске қатысушы; 1848 ж. Венадағы революциялық күреске қатысқан; Венгриядағы революциялық армия басшыларының бірі.— 363.
- Бенуа д'Ази** (Benoit d' Azy), Дени (1796—1880)— француз саяси қайраткері, финансист; Заң шығару жиналысының вице-президенті (1849—1851), легитимист.— 470, 475.
- Бернар** (Bernard)— француз полковнигі, 1848 жылы Парижде болған июнь көтерілісіне қатысушыларды жазалау ісін жүзеге асырған әскери комиссияларды басқарған; 1851 жылғы 2 декабрьде болған мемлекеттік төңкерістен кейін антибонапарттық республикашылдарға сот құғындарын ұйымдастырушылардың бірі.— 427.
- Берье** (Beryer), Пьер Антуан (1790—1868)— француз адвокаты және саяси қайраткері, легитимист.— 272, 438, 452, 468, 475, 476, 478, 481.
- Беттихер** (Boetticher), Карл Вильгельм (1868 ж. өлген)— Пруссия чиновнигі, 30-жылдарда Пруссия провинциясының обер-президенті.— 550.
- Бивен** (Bevan), У.— Сүонси қаласы тред-юниондары Советінің председателі, 1887 ж. осы қалада өткен тред-юниондар конгресінің председателі болған.— 100.
- Бийо** (Billault), Огюст Адольф Мари (1805—1863)— француз саяси қайраткері, орлеанист, 1849 жылдан бонапартшыл, Құрылтай жиналы-

- сынын мүшесі (1848—1849); ішкі істер министрі (1854—1858).— 470.
- Бисмарк** (Bismarck), Отто, князь (1815—1898)— Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері және дипломаты, Пруссия юнкерлігінің өкілі; Пруссияның президент-министрі (1862—1871), Германия империясының канцлері (1871—1890).— 103, 193, 196, 198, 206.
- Блан** (Blanc), Луи (1811—1882)— француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы; 1848 ж. уақытша үкімет мүшесі және Люксембург комиссиясының председатели; 1848 жылғы августан бастап Лондондағы ұсақ буржуазиялық эмиграция басшыларының бірі.— 136, 214, 215, 219, 224, 225, 227, 233, 234, 245, 258, 288, 307, 412.
- Бланки** (Blanqui), Луи Огюст (1805—1881)— француз революционері, утопист-коммунист, 1848 ж. революция кезінде Франциядағы демократиялық және пролетарлық қозғалыстың ең солшыл қанатында болды; талай рет түрмеге қамалды.— 225, 249, 287, 288, 289, 413, 518.
- Блум** (Blum), Роберт (1807—1848)— немістің ұсақ буржуазиялық демократы, Франкфурт Ұлттық жиналысында солшыл қанатты басқарды; 1848 ж. октябрьде Венаны қорғауға қатысты, қаланы контрреволюцияшыл әскерлер алғаннан кейін атылған.— 369, 378.
- Богуславский** (Boguslawski), Альберт (1834—1905)— неміс генералы және әскери жазушы.— 204, 206.
- Бомарше** (Beaumarchais), Пьер Огюстен (1732—1799)— аса көрнекті француз драматургі.— 249.
- Бональд** (Bonald) Луи Габриель Амбруз (1754—1840)— француз саяси қайраткері әрі публицисі, монархист.— 318.
- Бонапарт**— III Наполеонды қараңыз.
- Бонапарт** (Bonaparte), Жером (1784—1860) I Наполеонның інісі, Вестфалияның королі (1807—1813).— 272.
- Бонапарт** (Bonaparte), Наполеон Жозеф Шарль Поль (1822—1891)— Жером Бонапарттың баласы, Луи Бонапарттың немере туысы, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— 272.
- Бонапарттар**— Францияда болған императорлар әулеті (1804—1814, 1815, 1852—1870).— 493, 495.
- Брайт** (Bright), Джон (1811—1889)— ағылшын фабриканты, астық заңдарына қарсы лиганың негізін салушылардың бірі; 60-жылдардың аяғында либералдар партиясы басшыларының бірі; либералдар басқарған кабинеттерде бірқатар министрлік қызметтерде болды.— 275.
- Бранденбург** (Brandenburg), Фридрих Вильгельм, граф (1792—1850)— Пруссия генералы және мемлекет қайраткері, контрреволюцияшыл министрліктің басшысы (1848 ж. ноябрь—1850 ж. ноябрь).— 138.
- Бреа** (Bréa), Жан Батист Фидель (1790—1848)— француз генералы, реакционер, 1848 жылғы июнь көтерілісін басуға қатысқан, көтерілісшілер атып тастаған.— 257.
- Брентано** (Brentano), Лоренц (1813—1891)— Баден ұсақ буржуазияшыл демократы, 1848 ж. Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, жиналыстың солшыл қанатында болды; 1849 жылы Баден уақытша үкіметін басқарды, көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін эмиграцияға кетті.— 394.
- Брольо** (Broglie), Ашиль Шарль (1785—1870)— француз мемлекет қайраткері, премьер-министр (1835—1836), Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851), орлеанист.— 452, 479.
- Брут** (Марк Юний Брут) (б. з. дейінгі 85—42 ж. шамасы)— Римнің саяси қайраткері, Юлий Цезарьға қарсы қастандықтың басшысы.— 413.
- Буагильбер** (Boisguillebert), Пьер (1646—1714)— француз экономисі, физиократтарға жол салушы, Франциядағы классикалық буржуазиялық саяси экономияның негізін салушы.— 278.
- Бурбондар**— Франциядағы корольдер әулеті (1589—1792, 1814—1815 және 1815—1830).— 255, 272, 428, 435, 472, 473, 475, 478, 493.
- Бюжо де ла Пиконри** (Bugeaud de la Piconnerie), Тома Робер (1784—1849)— француз маршалы; Июль

монархиясы кезінде депутаттар палатасының мүшесі, орлеанист, 1848—1849 жылдары альпі армиясының бас қолбасшысы, Заң шығару жиналысының депутаты.— 244.
Бюхнер (Büchner), Людвиг (1824—1899)— немістің буржуазияшыл физиологы және философы,— тұрпайы материализмнің өкілі.— 531.

В

Вайс (Vaisse), Клод Марнус (1799—1864)— француздың мемлекет қайраткері, бонапартшыл; ішкі істер министрі (1851 ж. январь — апрель).— 470.

Ватименль (Valiménil), Антуан (1789—1860)— француз саяси қайраткері, легитимист; Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851).— 470.

Вейдемейер (Weidemeier), Иосиф (1818—1866)— неміс және американдық жұмысшы қозғалысының қайраткері, Коммунистер одағының мүшесі, 1848—1849 жылдардағы Германияда болған революцияға және АҚШ-тағы Азамат соғысына солтүстікшілер жағында қатысушы; АҚШ-та марксизмді насихаттау ісінің негізін салушы; Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— 408, 547—548.

Вейтлинг (Weitling), Вильгельм (1808—1871)— Германияда жұмысшы қозғалысының туу кезінде оның көрнекті қайраткері, теңгермешіл утопиялық коммунизмнің көрнекті теоретиктерінің бірі.— 101.

Велькер (Welcker), Карл Теодор (1790—1869)— неміс юрисі, 1848—1849 жылдары Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оңшыл орталық тобында болды.— 315, 324, 369.

Венедей (Venedey), Якоб (1805—1871)— немістің радикал публицисі және саяси қайраткері, либерал.— 41.

Вергилий (Публий Вергилий Марон) (б. з. дейінгі 70—19 жылдар)— Римнің аса көрнекті ақыны.— 270.

Верон (Véron), Луи Дезире (1798—1867)— француз журналисі және саяси қайраткері, бонапартшыл;

«Constitutionnel» газетінің иесі.— 502.

Вивьен (Vivien), Александр Франсуа (1799—1854)— француз адвокаты және саяси қайраткері, орлеанист; 1848 ж. Кавеньяк үкіметінде қоғамдық жұмыс министрі.— 239.

Видаль (Vidal), Франсуа (1814—1872)— француз экономисі, ұсақ буржуазияшыл социалист, 1848 ж. Люксембург комиссиясының секретары, Заң шығарушы жиналыстың депутаты (1850—1851).— 288, 289, 295, 453.

Виейра (Vieira)— француз полковнигі, бонапартшыл, 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске белсене қатысушы.— 413.

Виллель (Villèle), Жан Батист Серафен Жозеф (1773—1854)— француздың мемлекет қайраткері, легитимист, премьер-министр (1822—1828).— 476.

Виллих (Willich), Август (1810—1878)— Пруссия офицері, Коммунистер одағының мүшесі, 1849 жылғы баден-пфальц көтерілісіне қатысушы; 1850 ж. Коммунистер одағынан бөлініп шыққан сектанттық-авантюралық фракция басшыларының бірі; 1853 ж. АҚШ-қа эмиграцияға кетті, солтүстікшілердің жағында Азамат соғысына қатысушы.— 549.

I Вильгельм (1781—1864)— Вюртембергтің королі (1816—1864).— 388.

I Вильгельм (1797—1888)— Пруссия принці, Пруссия королі (1861—1888), герман императоры (1871—1888).— 196.

Виндизгрец (Windischgrätz), Альфред, князь (1787—1862)— Австрия фельдмаршалы; 1848—1849 жылдары Прагадағы Венадағы көтерілістерді және Венгриядағы революцияны басып-жаншуды басқарды.— 351, 359, 361, 362, 369.

Вобан (Vauban), Себастьян ле Претр (1633—1707)— француз маршалы, әскери инженер және жазушы.— 278.

Вольтер (Voltaire), Франсуа Мари (шын фамилиясы Аруэ) (1694—1778)— француздың аса көрнекті ағартушысы, философ-деист, сатирик-жазушы, тарихшы.— 270.

Вольф (Wolff), Вильгельм (1809—1864)—немістің пролетар революционері, 1848 жылғы марттаң Коммунистер одағы Орталық Комитетінің мүшесі, 1848—1849 жылдары «Neue Rheinische Zeitung» редакторларының бірі, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты; Англиядағы эмигрант, Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— 390, 396, 397.

Вольф (Wolff), Христиан (1679—1754)—немістің идеалист-философы, метафизик.— 531.

Врангель (Wrangel), Фридрих Генрих Эрнст (1784—1877)—Пруссия генералы.— 371, 372.

Вуд (Wood), Чарльз (1800—1885)—ағылшынның мемлекеттік қайраткері, виг, Үндістан істері жөніндегі Бақылау советінің председатели (1852—1855) және Үндістан істері жөніндегі министр (1859—1866).— 504.

Г

Гайнау (Haunau), Юлиус Якоб (1786—1853)—1848—1849 жылдардағы Италия мен Венгрияда болған революциялық қозғалысты қатал басқан Австрия генералы.— 270, 349.

Гакстаузен (Haxthausen), Август (1792—1866)—Пруссия чиновнигі және жазушысы. Россияның жер қатынастарындағы қауымдық құрылыстың қалдықтарын суреттеуге арналған еңбектің авторы.— 107.

Ганзман (Hansmann), Давид (1790—1864)—ірі капиталист. Рейн либерал буржуазиясы басшыларының бірі; 1848 ж. март—сентябрьде Пруссияның финансы министрі.— 138, 139, 339, 349, 371.

Гегель (Hegel), Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831)—немістің классикалық философиясының аса ірі өкілі. объективтік идеалист.— 10, 11, 12, 13, 25, 39, 40, 43, 45, 316, 412, 522, 527, 530—532, 539.

Гейне (Heine), Генрих (1797—1856)—немістің революцияшыл ұлы ақыны.— 346, 353.

Гельвеций (Helvetius). Клод Адриан (1715—1771)— француздың аса

көрнекті философы, механикалық материализмнің өкілі, атеист.— 260.
Гемпден (Hampton), Джон (1594—1643)—XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткері, буржуазия мен буржуазияланған дворяндардың мүддесін көксеген.— 371.

II Генрих Лотарингский, герцог *Гиз* (1614—1664)—Фронда қайраткерлерінің бірі.— 502.

V Генрих—Шамбор, Анри Шарльді қараңыз.

VI Генрих (1421—1471)—ағылшын королі (1422—1461).— 473.

VIII Генрих (1491—1547)—ағылшын королі (1509—1547).— 53.

LXXII Генрих Рейс-Лобештейн-Эберсдорф (1797—1853). Рейсгың кіші буынының шағын неміс мемлекетінің билеуші князі (1822—1848).— 380.

Гервег (Herwegh), Георг (1817—1875)—белгілі неміс ақыны, ұсақ буржуазияшыл демократ.— 271.

Гервинус (Gervinus), Георг Готфрид (1805—1871)—немістің буржуазияшыл тарихшысы, либерал; 1848 ж. Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты.— 324.

Горгей (Görgey) Артур (1818—1916)—1848—1849 жылдардағы венгер революциясының әскери қайраткері венгер армиясының бас қолбасшысы (1849 апрель—июнь).— 366.

Гёте (Goethe), Иоганн Вольфганг (1749—1832)—немістің ұлы жазушысы және ойшылы.— 23, 416, 510.

Гиз, герцог—*II Генрих Лотарингскийді* қараңыз.

Гизо (Guizot), Франсуа Пьер Гийом (1787—1874)—француздың буржуазияшыл тарихшысы және мемлекеттік қайраткері, 1840 жылдан 1848 жылға дейін іс жүзінде Францияның ішкі және сыртқы саясатын басқарды.— 106, 209, 212, 213, 229, 237, 243, 250, 268, 273, 413, 424, 475, 476, 491, 503, 522.

Гинар (Guinard), Огюст Жозеф (1799—1874)—француздың ұсақ буржуазияшыл демократы, 1849 ж. 13 июндегі Гора партиясы аттанысына белсене қатысушы.— 289.

Гирш (Hirsch), Вильгельм—Гамбургтік приказчик, XIX ғасырдың

- 50-жылдарының бас кезінде Лондонда Пруссияның полициялық агенті болған.— 404—406.
- Грахтар**, ағайынды Гай Семпроний (б. з. дейінгі 153—121 ж.) және Тиберий Семпроний (б. з. дейінгі 163—133 ж.)— Ертедегі Римнің халық шешендері, шаруалардың мүддесі үшін жер жөнінде заңдар шығарып жүзеге асыру жолында күрескен.— 205, 413.
- Гранден** (Grandin), Виктор (1797—1849)— француз фабриканты, депутаттар палатасының мүшесі (1839—1848); Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, негүрлым кертартпа бағыт ұстаған.— 209.
- Гранье де Кассаньяк** (Granier de Cassagnas), Адольф (1806—1880)— француз журналисі, принципсіз саясатшы, 1848 ж. дейін орлеанист, онан кейін бонапартишыл; Екінші империя кезінде Заң шығару корпусының депутаты.— 298, 503.
- Грейф** (Greif)— Пруссия полициясының офицері, XIX ғасырдың 50 жылдары бас кезінде Лондондағы Пруссия агентурасы басшыларының бірі.— 404—406.
- Грюн** (Grün), Карл (1817—1887)— немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, 40 жылдардың орта кезінде «ақиқат социализмнің» басты өкілдерінің бірі.— 132.
- Гудшо** (Goudchaux), Мишель (1797—1862)— француз банкирі, буржуазиялық республикашы, 1848 ж. уақытша үкімет құрамында Финанс министрі.— 234.
- Гюго** (Hugo), Виктор (1802—1885)— француздың ұлы жазушысы, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— 271, 298, 408, 446.
- Д**
- Дальман** (Dahlmann), Фридрих Христоф (1785—1860)— неміс тарихшысы және саяси қайраткері, либерал, 1848—1849 ж. ж. Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оңшыл орталық жағында болды.— 324.
- Данте Алигьери** (Данте Alighieri) (1265—1321)— ұлы итальян ақыны.— 105, 525.
- Дантон** (Danton), Жорж Жак (1759—1794)— XVIII ғасырдың аяғында болған буржуазиялық француз революциясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, якобиншілердің оңшыл қанатының көсемі.— 389, 412, 413.
- Дарвин** (Darwin), Чарлз Роберт (1809—1882)— ағылшынның ұлы табиғат зерттеушісі, ғылыми эволюциялық биологиялық негізін салушы.— 98.
- Де Местр** (De Maister), Жозеф (1753—1821)— француз жазушысы, аристократиялық және клерикалдық реакция идеологтарының бірі, XVIII ғасыр аяғында болған француз буржуазиялық революциясының қас жауы.— 318.
- Демосфен** (б. з. дейінгі 384—322)— аса көрнекті ежелгі грек шешені және саяси қайраткері.— 272.
- Демулен** (Desmoulins), Камилль (1760—1794)— француз публицисі, XVIII ғасыр аяғында болған француз буржуазиялық революциясының қайраткері, оңшыл якобинші.— 413.
- Дефлотт** (Deflotte), Поль (1817—1860)— француздың теңіз офицері, Бланкидің жолын қуушы, 1848 ж. 15 майда Парижде болған оқиғалар мен июнь көтерілісіне белсене қатысушы, Заң шығару жиналысының депутаты (1850—1851).— 288, 289, 452.
- Диоклетиан** (245—313 ж. ж. шамасы)— Рим императоры (284—305).— 207.
- Диц** (Dietz), Освальд (1824—1864 жылдар шамасы)— неміс архитекторы, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, Лондонда эмигрант, Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, Одақ жіктелгеннен кейін Виллих-Шаппердің секташыл-авантюристтік фракция жағында болды, кейін солтүстікшілер жағында АҚШ-тағы Азамат соғысына қатысты.— 403.
- Добльхофф** (Dobihoff), Антон (1800—1872)— Австрияның мемлекеттік қайраткері, біртоға либерал, 1848 ж. сауда министрі (май) және ішкі іс-

- тер министрі (июль — октябрь).— 359.
- Дункер* (Dunker), Франц (1822—1888)— немістің буржуазияшыл саяси қайраткері және кітап бастырып шығарушы.— 526.
- Дюклер* (Duclerc), Шарль Теодор Эжен (1812—1888)— француздың саяси қайраткері; «National» газеті редакциясының мүшесі (1840—1846).— 251.
- Дюпен* (Dupin), Андре Мари Жан Жак (1783—1865)— француз юриси және саяси қайраткері, орлеанист, Заң шығару жиналысының председателі (1849—1851), одан кейін бонапартишыл.— 297, 458, 462, 463.
- Дюпон де л'Эр* (Dupont de L'Eucre), Жак Шарль (1767—1855)— француздың саяси қайраткері, либерал; XVIII ғасыр аяғында болған буржуазиялық революцияға және 1830 ж. революцияға қатысушы; 1848 ж. уақытша үкіметтің председателі.— 214.
- Дюпра* (Duprat), Паскаль (1815—1885)— француз журналисі, буржуазиялық республикашыл; Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, Луи Бонапартқа қарсы шыққан.— 464, 465.
- Дюфор* (Dufoige), Жюль Арман Станисла (1798—1881)— француздың буржуазияшыл саяси қайраткері, орлеанист; 1848 ж. Құрылтай жиналысының депутаты, 1848 ж. октябрь — декабрьде Кавеньяк үкіметінде ішкі істер министрі.— 239, 241, 277.
- Дюшатель* (Ducha'tel), Шарль (1803—1867)— француздың мемлекет қайраткері, орлеанист, ішкі істер министрі (1839—1840, 1840—1848 ж. февраль).— 475.

Е

- Елачич* (Jelazuh), Иосип, граф (1801—1859)— Австрия генералы, Хорватия, Далмация және Славонияның билеушісі (1848—1859), Венгрия мен Австриядағы 1848—1849 жылдары революцияны басуға белсене қатысушы.— 359, 360, 361, 363, 364, 365.

Ж

- Жирарден* (Girardin), Дельфина де (1804—1855)— француздың жазушы әйелі, Эмиль де Жирарденнің зайыбы.— 503.
- Жирарден* (Girardin) Эмиль де (1806—1881)— француздың буржуазияшыл публицисі және саяси қайраткері, «Presse» газетінің редакторы; 1848 ж. революция алдында Газо үкіметіне қарсы оппозицияда болды, революция кезінде — буржуазиялық республикашыл, Заң шығару жиналысының депутаты (1850—1851); кейінірек бонапартишыл болды.— 297, 465.
- Жиро* (Giraud), Шарль Жозеф Бартелеми (1802—1881)— француз юриси, монархист, оқу министрі (1851).— 485.
- Жуанвиль* (Joinville), Франсуа Фердинан Филипп Луи Мари, Орлеан герцогы, принц (1818—1900)— Луи Филипптың баласы, 1848 ж. февраль революциясы жеңгеннен кейін Англияға эмиграцияға кетті.— 475, 484.

З

- Зигель* (Sigel), Франц (1824—1902)— Баден офицері, ұсақ буржуазияшыл демократ, 1849 ж. Баден — пфальц көтерілісі кезінде Баден революциялық армиясының бас қолбасшысы, одан кейін бас қолбасшының орынбасары; 1852 жылы АҚШ-қа кетті, солтүстікшілер жағында Азамат соғысына белсене қатысушы.— 394.

И

- Иоганн* (1782—1859)— Австрияның эрцгерцогы, 1848 ж. июньнен 1949 ж. декабрьге дейін Германияның империялық регенті.— 344, 390, 396, 397.
- И Исиф* (1741—1790)— қасиетті Рим империясы деп аталатын империяның императоры (1765—1790).— 331, 332.

И

- Ион* (Von)— 1850 ж. Заң шығару жиналысын қорғау ісін басқарған француздың полиция комиссары.— 458, 462.
- Иордан* (Jordan), Сильвестр (1792—

1861) — неміс юриси және саяси қайраткері, 1848—1849 жылдары Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты. — 315.

К

- Кабе** (Cabet), Этьенн (1788—1856) — француз публицисі, пролетарнаттың 30—40 жылдардағы саяси қозғалысына қатысушы, бейбіт утопиялық коммунизмнің көрнекті өкілі, «Икаррияға саясат» деген кітаптың авторы. — 101, 135, 225.
- Кавеньяк** (Cavaignac), Луи Эжен (1802—1857) — француз генералы және саяси қайраткері, біртоға буржуазиялық республикашыл; 1848 ж. май айынан бастап әскери министрі, Париж жұмысшыларының июнь көтерілісін асқан қатаңдықпен басып жаныштады; атқару өкіметінің басшысы (1848 ж. июнь — декабрь). — 229, 232, 236, 237, 239—242, 246, 247, 251—253, 259, 264, 355, 422, 426—428, 434, 469, 480, 488.
- Калигула** (12—41) — Рим императоры (37—41). — 430.
- Кампаузен** (Camphausen), Людольф (1803—1890) — неміс банкирі, Рейн либералдық буржуазиясы басшыларының бірі; 1848 ж. март — июньде Пруссияның президент-министрі болған. — 139, 339, 342, 349, 371.
- Кант** (Kant), Иммануил (1724—1804) — аса көрнекті неміс философы, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің негізін салушы. — 273, 531.
- Карфиг** (Caréfigue), Жан Батист Оноре Ремон (1802—1872) — француз публицисі және тарихшысы, монархист. — 298.
- X Карл** (1757—1836) — француз королі (1824—1830). — 289.
- Карл-Альберт** (1798—1849) — Пьемонт королі (1831—1849). — 253.
- Ұлы Карл** (742—884 ж. ж. шамасы) — Франкия королі (768—800) және императоры (800—814). — 69, 347.
- Карлье** (Carlier), Пьер (1799—1858) — Париж полициясының бастығы (1849—1851), бонапартшыл. — 283, 284, 418, 458, 464, 485.
- Карно** (Carnot), Лазар Ипполит (1801—1888) — француз публицисі және саяси қайраткері, буржуазиялық республикашыл; уақытша үкімет мүшесі (1848); Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, 1851 жылдан кейін бонапартшыл тәртіпке қарсы республикалық оппозиция басшыларының бірі. — 288—289.
- Карно** (Carnat), Лазар Никола (1753—1823) — француз математигі және физигі, саяси және әскери қайраткер, буржуазиялық республикашыл; XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француз буржуазиялық революциясы кезінде яacobиншілерге қосылды, Европа мемлекеттері одағына қарсы Францияны қорғауды ұйымдастырушылардың бірі. — 288.
- Катон** (Марк Порций Улькен Катон) (б. з. дейінгі 234—149) — Римнің саяси қайраткері және жазушысы. — 236.
- Кёллер** (Koller), Эрнст Маттиас (1841—1928) Германияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, рейхстаг депутаты (1881—1888), 1894—1895 ж. ж. Пруссияның ішкі істер министрі; социал-демократиялық партияны қудалау саясатын жүргізді. — 207.
- Клайв** (Clive), Роберт (1725—1774) — Бенгалияның губернаторы (1757—1760 және 1765—1767). Үндістандағы британ отаршылдық үстемдігінің жыртқыштық әдісін кеңінен қолданудың негізін салушы. — 516.
- Кобден** (Cobden), Ричард (1804—1865) — ағылшын фабриканты, буржуазияшыл саяси қайраткер, фритредерлер басшыларының және Астық заңдарына қарсы лиганың негізін салушылардың бірі. — 275.
- Констан** (Constant), Бенжамен (1767—1830) — француз жазушысы, либерал саяси қайраткер. — 413.
- Константин** (274—337 ж. шамасы) — Рим императоры (306—337). — 207.
- Коссидьер** (Coussidiere), Марк (1808—1861) — француздың ұсақ буржуазияшыл демократы. 1834 ж. Лион көтерілісіне қатысушы; 1848 ж. февраль — июньде Париж полициясының басшысы болды, Құрылтай жиналысының депутаты, 1848 жылғы июньде Англияға эмиграцияға кетті. — 219, 233, 234, 258, 412.

Кремиэ (Crémieux), Адольф (1796—1886)— француз адвокаты және саяси қайраткері, 40-жылдарда буржуазияшыл либерал.— 214, 252.

Кретен (Creton), Николай Жозеф (1798—1864)— француз адвокаты; Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, орлеанист.— 277, 473.

Кромвель (Cromwell), Оливер (1599—1658)— XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде буржуазия мен буржуазияландыған дворяндардың көсемі, 1653 ж. бастап Англияның, Шотландияның және Ирландияның Лорд-протекторы.— 413, 487, 488.

Кузен (Cousin), Виктор (1792—1867)— француздың идеалист философы, эклектик.— 413.

Кули-хан — *Надир-шахты* қараңыз.

Кембелл (Campbell), Джорж (1824—1892)— Үндістандағы ағылшынның отаршы чиновнигі. Үндістан туралы бірқатар еңбектердің авторы; парламент мүшесі, либерал.— 515.

Кюбьер (Cubieres), Амеде Луи (1786—1853)— француз генералы және мемлекет қайраткері, орлеанист; 1847 ж. пара алғаны және киянат жасағаны үшін шені төмендетілген.— 277.

Л

Лаит (La Hitte), Жан Эрнест (1789—1878)— француз генералы, бонапартшы, Заң шығару жиналысының депутаты (1850—1851), сыртқы істер министрі (1849—1851).— 289, 452.

Лакрос (Lacrosse), Бертран Теобальд Жозеф (1796—1865)— француз саяси қайраткері; орлеанист, қоғамдық жұмыс министрі; 1850 жылдан бонапартшы.— 264.

Ламартин (Lamartine), Альфонс (1790—1869)— француз ақыны, тарихшы және саяси қайраткер; 1848 ж. сыртқы істер министрі және уақытша үкіметтің іс жүзіндегі басшысы.— 214, 218, 225, 229, 470.

Ламорисьер (Lamoricière), Кристоф Луи Леон (1806—1865)— француз генералы, біртоға буржуазиялық республикашыл, 1848 ж. июнь көте-

рілісін басуға белсене қатысты, одан кейін Кавеньяк үкіметінің әскери министрі (июнь — декабрь).— 434, 488.

Ларошжаклеин (La Rochejaquelein), Анри Огюст Жорж, маркиз (1805—1867)— француз саяси қайраткері, легитимистер партиясы басшыларының бірі, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— 215, 476.

Лассаль (Lassalle), Фердинанд (1825—1864)— немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, адвокат, 1848—1849 жылдары Рейн провинциясындағы демократиялық қозғалысқа қатысты, 60-жылдардың бас кезінде жұмысшы қозғалысына қосылып, Жалпы герман жұмысшы одағының негізін салушылардың бірі болды (1863); Пруссияның басшылығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады, герман жұмысшы қозғалысында оппортунистік бақытқа жол салушы.— 99, 198.

Латур (Latour), Теодор, граф (1780—1848)— Австрияның мемлекет қайраткері, монархист; 1848 ж. әскери министр; 1848 ж. октябрде Вена-ның көтерілісшілері өлтірген.— 360.

Лаффит (Laffitte), Жак (1767—1844)— француздың ірі банкирі және саяси қайраткері, орлеанист.— 209.

Леви (Lewy), Густав — неміс социалисі, Жалпы герман жұмысшы одағының белсенді қайраткерлерінің бірі.— 549.

Ледру-Роллен (Ledru-Rollin), Александр Огюст (1807—1874)— француз публицисі, ұсақ буржуазияшыл демократтар көсемдерінің бірі, «Reforme» газетінің редакторы; Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, мұнда Гора партиясын басқарды, бұдан кейін эмигрант.— 136, 213, 222, 225, 232, 233, 242, 249, 252—253, 258, 261, 262, 265, 277, 289, 296, 307, 349, 422, 434, 439, 442.

Леkler (Leclere), Александр— Париж алысатары, тәртіп партиясын жақтаушы, 1848 ж. жұмысшылардың июнь көтерілісін басуға қатысушы.— 295.

Лемуан (Lemoigne), Джон (1814—

- 1892) — «Journal des Débats» газетінің ағылшындық тілшісі. — 298.
- Леопольд** (1790—1852) — Баденнің ұлы герцоғі (1830—1852). — 388.
- Лерминье** (Lerminier), Жан Луи Эжен 1803—1857) — француз публицисі, орлеанист, «Collège de France»-де салыстыру правосының профессоры (1831—1839); студенттердің наравылық білдіруі нәтижесінде кафедрадан кетті. — 250.
- Лефло** (Le Flo), Адольф Эммануэль Шарль (1804—1887) — француз генералы және саяси қайраткері; тәртіп партиясының өкілі, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты. — 431, 488.
- Лист** (List), Фридрих (1789—1846) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, әсіре протекционизмді уағыздаушы. — 527.
- Лициний** (Ган Лициний Столон) — б. з. дейінгі IV ғасырдың бірінші жартысындағы Римнің мемлекет қайраткері; халық шешені болған кезінде Секстимен бірге плебейлердің мүддесін қорғайтын заңды қабылдатты. — 16.
- Локк** (Лос Ке), Джон (1632—1704) — ағылшынның аса көрнекті дуалист-философы, сенсуалист. — 413.
- Луи Бонапарт** — III Наполеонды қараңыз.
- Луи-Наполеон** — III Наполеонды қараңыз.
- Луи-Филипп** (1773—1850) — Орлеан герцоғі, француз королі (1830—1848). — 209—211, 213, 236, 239, 241, 243, 268, 271, 273—274, 277, 301, 334, 417, 418, 421—422, 427, 429, 434, 444, 446, 456, 474, 475, 477, 478, 493.
- Луи-Филипп** — Альбер Орлеанский, Париж графы (1838—1894) — король Луи Филипптің немересі, француз тағының үміткері. — 301, 474.
- IX Людовик «Касиетті»** (1215—1270) — француз королі (1226—1270). — 270.
- XIV Людовик** (1638—1715) — француз королі (1643—1715). — 278, 495.
- XV Людовик** (1710—1774) — француз королі (1715—1774). — 292, 503.
- XVI Людовик** (1754—1793) — француз королі (1774—1792), XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясы кезінде жарға асылған. — 317.
- XVIII Людовик** (1755—1824) — француз королі (1814—1815 және 1815—1824). — 413.
- Лютер** (Lutber), Мартин (1483—1546) — Реформацияның көрнекті қайраткері, Германиядағы протестантизмнің (лютершілдіктің) негізін салушы; неміс бюргерлерінің идеологы. — 412.

М

- Мазаньелло** (Masaniello) (жалған аты Томазо *Аньелло*) (1620—1647) — балықшы, испан үстемдігіне қарсы 1647 жылы Неапольде болған халық көтерілісінің көсемі. — 187.
- Макиавелли** (Machiavelli), Никколо (1469—1527) — итальян саяси қайраткері, тарихшы және жазушы. — 550.
- Мак-Магон** (Mac-Mahon), Мари Эдм Патрис Морис (1808—1893) — француздың реакцияшыл әскери және саяси қайраткері, бонапартшыл, Париж Коммунасы жеңдеттерінің бірі; Үшінші республиканың президенті (1873—1879). — 196.
- II Максимилиан** (1811—1864) — Бавария королі (1848—1864). — 380.
- Макфарлин** (Macfarlane), Элен — 1849—1850 ж. ж. чартистер газеттерінің белсенді қызметкері, «Коммунистік партияның манифесін» ағылшын тіліне аударушы. — 95.
- Мальвиль** (Maleville), Леон (1803—1879) — француз саяси қайраткері, орлеанист, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, ішкі істер министрі (1848 ж. декабрдің екінші жартысы). — 470.
- Мантёйфель** (Manteuffel), Отто Теодор, барон (1805—1882) — Пруссияның мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі (1848—1850), министр-президент (1850—1858). — 371.
- Маньян** (Magnan), Бернар Пьер (1791—1865) — француз маршалы, бонапартшыл, 1851 жылғы 2 декабрдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі. — 477, 485, 488.
- Мари** (Marie), Александр (1795—1870) — француздың саяси қайрат-

- кері, біртоға буржуазиялық республикашыл; 1848 ж. қоғамдық жұмыс министрі, одан кейін Кавеньяк үкіметінде заң министрі болған.— 223.
- Маркс** (Marx), Карл (1818—1883) (өмірбаян деректері).— 98—101, 104, 143—145, 148, 189—191, 197, 406, 408—411, 521, 522, 524, 525, 532—536, 547—550.
- Марраст** (Marrast), Арман (1801—1852)— француз публицисі, біртоға буржуазиялық республикашылдар басшыларының бірі, «National» газетінің редакторы; 1848 ж. уақытша үкімет мүшесі және Париждің мэрі, Құрылтай жиналысының председателі (1848—1849).— 225, 232, 237, 239, 251, 259, 307, 414, 422, 431, 432.
- Марш** (Marche)— уақытша үкіметтің әркімнің еңбек ету правосын жариялауын 1848 ж. халықтың атынан талап еткен француз жұмысшысы.— 215.
- Матье де ла Дром** (Mathieu de la Drôme), Филипп Антуан (1808—1865)— француздың ұсақ буржуазияшыл демократы, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, мұнда Гора партиясына қосылды; 1850 жылдан бастап эмигрант.— 250.
- Маурер** (Maurer) Георг Людвиг (1790—1872)— немістің көрнекті буржуазияшыл тарихшысы, ертедегі және орта ғасырдағы Германияның қоғамдық құрылысын зерттеуші.— 107.
- Мейснер** (Meissner), Отто Карл (1819—1902)— Гамбург кітап бастырушысы, «Капиталды» және Маркс пен Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерін басып шығарды.— 191.
- Мерославский** (Mieroslawski), Людвик (1814—1878)— поляктың саяси және әскер қайраткері, 1830—1831 жылдардағы поляк көтерілісіне қатысушы; 1848 ж. Познаньдағы көтерілісті басқарды, онан кейін Сицилиядағы көтерілісшілердің күресіне басшылық етті; 1849 жылғы Баден-пфальц көтерілісі кезінде революциялық армияны басқарды; 1863 ж. поляк көтерілісі кезінде диктатор деп жарияланды, көтеріліс жеңіліс
- ке ұшырағаннан кейін Францияға эмиграцияға кетті.— 394.
- Мессенхаузер** (Messenhauser), Цезарь Винцель (1813—1848)— Австрия офицері, 1848 жылғы октябрь көтеріліс кезінде ұлттық гвардияның командирі және Венаның коменданты контрреволюцияшыл әскерлер қаланы алғаннан кейін атылған.— 363.
- Меттерних** (Metternich), Клеменс, князь (1773—1859)— Австрияның реакцияшыл мемлекет қайраткері; сыртқы істер министрі (1809—1821) және канцлер (1821—1848), Касиетті одақты ұйымдастырушылардың бірі.— 106, 317, 328—330, 331—332, 334, 335.
- Моген** (Mouguin), Франсуа (1785—1854)— француз юрисі, 1848 ж. дейін династиялық либералдық оппозиция көсемдерінің бірі; Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— 462, 463.
- Моле** (Molé), Луи Матье, граф (1781—1855)— француздың мемлекет қайраткері, орлеанист, премьер-министр (1836—1837, 1837—1839), Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— 268, 269, 452, 476.
- Мошотт** (Moleschott), Якоб (1822—1893)— буржуазияшыл физиолог және философ, тұрпайы материализмнің өкілі; Германияның, Швейцарияның және Италияның оқу орындарында сабақ берген.— 531.
- Моль** (Moll), Иосиф (1813—1849)— неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Әділетшілер одағы басшыларының бірі, Коммунистер одағы Орталық Комитетінің мүшесі, 1849 ж. Баден-пфальц көтерілісіне қатысушы, Мургтегі ұрыс кезінде қаза тапқан.— 179.
- Мольер** (Molière), Жан Батист (шын фамилиясы Поклен) (1622—1673)— француздың ұлы драматургы.— 299.
- Монк** (Monk), Джордж (1608—1670)— ағылшын генералы; 1660 ж. Англияда монархияны қалпына келтіруге белсене көмектесті.— 250, 459.

Манталамбер (Montalembert), Шарль (1810—1870)— француз публицисі, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, орлеанист, католиктер партиясының басшысы.— 278, 296, 468, 476, 499.

Мона (Mouras), Шарлемань Эмиль (1818—1888), француз адвокаты, бонапартшыл, Париж полициясының бастығы (1851), 1851 жылғы 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі, полиция министрі (1852—1853).— 485.

Морган (Morgan), Льюис Генри (1818—1881)— аса көрнекті американдық ғалымы, алғашқы қоғам тарихшысы, стихиялы материалист.— 107.

Морни (Morag), Шарль Огюст Луи Жозеф, граф де (1811—1865)— француздың саяси қайраткері, бонапартшыл, Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851), 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі, ішкі істер министрі (1851 ж. декабрь—1852 ж. январь).— 502.

Мосле (Mosle), Иоганн Людвиг (1794—1877) — неміс офицері; 1848 ж. империя комиссары ретінде Венаға жіберілген.— 369.

Н

Надир-Шах (Кули-хан) (1688—1747)— Иран шахы (1736—1747); 1738—1739 жылдарда Үндістанға тонаушылық жорық жасаған.— 504.

I Наполеон Бонапарт (1769—1821)— француз императоры (1804—1814 және 1815).— 34, 187, 210, 241, 242, 243—244, 278, 279, 282, 283, 302—303, 304, 309, 320, 326, 395, 409, 412—414, 426, 458, 459, 487, 488, 493—499, 503.

III Наполеон (Луи-Наполеон Бонапарт) (1808—1873)— I Наполеонның жиені, Екінші республиканың президенті (1848—1851), француз императоры (1852—1870).— 103, 191, 195, 196, 236, 240, 241—248, 249, 250, 252, 254, 257, 258, 260—262, 270—273, 277—279, 283, 284, 287—289, 299—305, 400, 408, 409, 412, 414, 420, 421, 428—431, 434,

435, 437, 439—440, 443—448, 451—453, 455—461, 463—473, 476, 477—481, 484—491, 493, 495, 496, 498—503.

Ней (Neu), Эдгар (1812—1882)— француз офицері, бонапартшыл, президент Луи Бонапарттың адъютанты.— 271, 446.

Неймeyer (Neumayer), Максимильтен Жорж Жозеф (1789—1866)— француз генералы, тәртіп партиясын жақтаушы.— 304, 459.

II Николай (1868—1918)— орыс императоры (1894—1917)— 204.

Нотьюнг (Nothjung), Петер (1821—1866)— неміс тігіншісі, Кёльн жұмысшы одағының мүшесі, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде сотталғандардың бірі (1852).— 403.

Ньютон (Newton), Исаак (1642—1727) ағылшынның ұлы физигі, астроном және математик, классикалық механиканың негізін салушы.— 57.

О

Опуль (Hautpoul), Альфонс Анри (1789—1865)— француз генералы, легитимист, онан кейін бонапартшыл; әскери министр (1849—1850).— 279, 282, 288, 297, 303, 304, 448, 452, 459—461.

Орлеанская, Елена, Мекленбургте туған, герцогиня (1814—1858)— Луи-Филипптің үлкен ұлының, Фердинандтың жесірі.— 271, 422, 447.

Орлеанский, герцог — Луи-Филиппті қараңыз.

Орлеандар — Франциядағы корольдер әулеті (1830—1848).— 255, 272, 428, 435, 436, 472, 474, 475, 493, 501.

Оссе (Haussez), Шарль (1778—1854)— француздың саяси қайраткері, реакционер, 1829 ж. теңіз министрі.— 289.

Оуэн (Owen), Роберт (1771—1858)— ағылшынның ұлы утопист-социалисті.— 8, 134, 135.

П

Палацкий (Palacky), Франтишек (1798—1876) — чехтың ірі тарихшы-

сы, буржуазияшыл саяси қайраткер, либерал; Габсбург монархиясын сақтауға бағытталған саясат жүргізді.— 349.

Паньер (Pagnerre), Лоран Антуан (1805—1854)— француздың кітап шығарушысы, буржуазиялық республикашыл, 1848 ж. Құрылтай жиналысының депутаты.— 251.

Парижский, граф *Луи-Филипп-Альбердi* қараныз.

Пасси (Passy), Ипполит Филлбер (1793—1880)— француз экономисі, орлеанист, Июль монархиясы кезінде бірнеше рет үкімет құрамына енді, Екінші республика кезінде финанс министрі.— 271, 277.

Перро (Perrot), Бенжамен Пьер (1791—1865)— француз генералы, 1848 ж. июнь көтерілісін басуға қатысты, 1849 ж. Парижде ұлттық гвардияны басқарды.— 467.

Персиньи (Persigny), Жан Жильбер Виктор, граф (1808—1872)— француздың мемлекет қайраткері, бонапартшыл, Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851), 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі, ішкі істер министрі (1852—1854 және 1860—1863).— 471, 484.

Перцель (Perezel), Мориц (1811—1899), венгер генералы, Венгриядағы 1848—1849 жылғы революцияға қатысушы; революция жеңілгеннен кейін Түркияға, одан кейін Англияға эмиграцияға кетті.— 360, 363, 365.

Пиа (Puat), Феликс (1810—1889)— француз публицисі, ұсақ буржуазияшыл демократ, 1848 ж. революцияға қатысушы, 1849 жылдан эмигрант; бірқатар жылдар бойы Маркске және Интернационалға қарсы жалакорлық күрес жүргізді, бұл үшін Лондондағы француз секциясын пайдаланды; Париж Коммунасының мүшесі.— 548.

IX Пий (1792—1878)— Рим папасы (1846—1878).— 252, 271, 446.

Пинто (Pinto), Исаак (1715—1787)— голландтық ірі биржа кәсіпкері, экономист.— 56.

Платон (б. з. дейінгі 427—347 ж. шамасы)— ертедегі гректің идеалист-философы.— 238.

Полиньяк (Polignac), Огюст Жюль

Арман Мари, князь (1780—1847)— француз мемлекет қайраткері, легитимист және клерикал, сыртқы істер министрі және министрлер кабинетінің бастығы (1829—1830).— 476.

Прудон (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865)— француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі, 1848 ж. Құрылтай жиналысының депутаты.— 132, 294, 408, 409, 442, 524, 536—547.

Публикола (Публий Валерий Публикола) (б. з. дейінгі 503 ж. қайтыс болған)— Рим республикасындағы есімі жартылай аңызға айналған мемлекет қайраткері.— 413.

Р

Радецкий (Radetzky), Позеф, граф (1766—1858)— Австрия фельдмаршалы, 1831 жылдан бастап Солтүстік Италияда Австрия әскерлерін басқарған; 1848—1849 жылдары Италиядағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалысты қатаң басып жаныштады.— 353, 358, 359, 362.

Распайль (Raspail), Франсуа (1794—1878)— француздың көрнекті табиғат зерттеуші ғалымы, революцияшыл пролетариатқа жақын тұрған социалист; 1830 және 1848 жылғы революцияларға қатысушы; Құрылтай жиналысының депутаты.— 214, 225, 236, 242, 249, 518.

Рато (Rateau), Жан Пьер (1800—1887)— француз адвокаты, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, бонапартшыл.— 246, 247, 250, 430.

Рау (Rau), Карл Генрих (1792—1870)— немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі.— 527.

Рафлс (Raffles), Томас Стамфорд (1781—1826)— ағылшынның отаршыл чиновнигі, 1811—1816 жылдары Яваның губернаторы. «Яваның тарихы» атты кітаптың авторы.— 505.

Рейтер (Reuter), Макс— XIX ғасырдың 50-жылдарының бас кезінде пруссия полициясының Лондондағы агенті.— 403, 406.

Рёмер (Roemer), Фридрих (1794—1864)—вюртембергтің мемлекет қайраткері, 1848—1849 жылдары Юстиция министрі және премьер-министр, Франкфурт Ұлттық жиналысының мүшесі.— 315.

Ремюза (Rémusat), Шарль Франсуа Мари, граф (1797—1875) француздың мемлекет қайраткері және жазушысы, орлеанист, ішкі істер министрі (1840), сыртқы істер министрі (1871—1873).— 467.

Реньо де Сен-Жан д'Анжели (Regnault de Saint-Jean d'Angely), Огюст Мишель Этьенн, граф (1794—1870)—француз генералы, бонапартшыл, әскери министр (1851 жылғы январь).— 466.

Рёслер (Roesler), Густав Адольф (1818—1855)—неміс журналисі, 1848—1849 жылдары Франкфурт Ұлттық жиналысының мүшесі, 1850 жылдан Америкадағы эмигрант.— 398.

Рёслер (Roßler), Константин (1820—1896)—неміс публицисі, Берлиндегі ресми әдебиет бюросының (1877—1892) басшысы ретінде Бисмарк саясатын жақтап жүрді.— 206, 398.

Рикардо (Ricardo), Давид (1772—1823)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі.— 145, 148.

Риль (Riehl) Вильгельм Генрих (1823—1897)—немістің реакцияшыл әдебиет тарихшысы.— 527.

III Ричард (1452—1485)—ағылшын королі (1483—1485).— 473.

Робеспьер (Robespierre), Максимилиан (1758—1794)—XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясының аса көрнекті қайраткері, якобиншілдердің көсемі, революциялық үкіметтің басшысы (1793—1794).— 237, 412, 413.

Роттек (Rotteck), Карл (1775—1840)—немістің буржуазияшыл тарихшысы және саяси қайраткері, либерал.— 315, 324.

Ротшильд (Rothschild), Ансельм (1773—1855)—Майндағы, Франкфурттегі Ротшильдтердің банкирлер үйінің басшысы.— 321.

Ротшильд (Rothschild), Джемс (1792—1868)—Париждегі Рот-

шильдтердің банкирлер үйінің басшысы.— 211.

Ротшильдтер—Европаның көптеген елдерінің банкілері болған банкирлер әулеті.— 212.

Руйе-Коллар (Royer-Collard), Пьер Поль (1763—1845)—француз философы және саяси қайраткері, монархист.— 413.

Руссо (Rousseau), Жан Жак (1712—1778)—француздың аса көрнекті ағартушысы, демократ, ұсақ буржуазияның идеологы.— 64.

Руз (Rouber), Эжен (1814—1884)—француз мемлекет қайраткері, бонапартшыл, Юстиция министрі (1849—1852 жылдары үзілістері бар).— 462, 471.

С

Салландруз (Sallandrouze), Шарль Жан (1808—1867)—француздың өнеркәсіп иесі, Қурылтай жиналысының депутаты (1848—1849); бонапартшыл.— 487.

Салтыков, Алексей Дмитриевич, князь (1806—1859)—орыс саяхатшысы, жазушы және суретші.— 515.

Сальванди (Salvandy), Нарсис Ашиль, граф (1795—1856)—француз жазушысы және мемлекет қайраткері, орлеанист, оқу министрі (1837—1839 және 1845—1848).— 475.

Себастиани (Sebastiani), Орас, граф (1772—1851)—француз маршалы, сыртқы істер министрі (1830—1832), Лондондағы елші (1835—1840).— 229.

Сегюр д'Агессо (Ségur b'Aguesseau), Ремон Поль (1803—1889)—француздың саяси қайраткері, үкіметті басқарған барлық партияларға кезекпен қосылып отырған.— 289.

Сен-Жан д' Анжели—*Реньо де Сен-жан д' Анжели*, Огюст Мишель Этьенді қараңыз.

Сен-Жюст (Saint-Just) Луи Антуан (1767—1794)—XVIII ғасырдың аяғында болған буржуазиялық революцияның көрнекті қайраткері, якобиншілдер көсемдерінің бірі.— 413.

Сен-Прист (Saint-Priest), Эмианюэль Луи Мари, виконт (1789—

- 1881)— француз генералы және дипломанты, легитимист, Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851).— 475.
- Сен-Симон* (Saint-Simon), Анри (1760—1825)— француздың ұлы утопист-социалисі.— 134, 270.
- Сент-Арно* (Saint-Arnaud), Арман Жак Ашиль Леруа де (1801—1854)— француз маршалы, бонапартшыл; 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі, әскери министр (1851—1854).— 432.
- Сент-Бёв* (Sainte-Beuve), Пьер Анри (1819—1855)— француз фабриканты және жер иесі, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, тәртіп партиясының өкілі.— 479.
- Сисмонди* (Sismondi), Жан Шарль Леонар Симонде де (1773—1842)— Швейцария экономисі, капитализмнің ұсақ буржуазияшыл сыншысы.— 70, 129, 409.
- Смит* (Smith), Адам (1723—1790)— ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі.— 56, 531, 540.
- Стадион* (Stadion), Франц, граф (1806—1853)— Австрияның мемлекет қайраткері, Галиция мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі, ішкі істер министрі (1848—1849).— 369.
- Сулук* (Souloque), Фаустин (1782—1867 ж. шамасы)— 1849 ж. өзін І Фаустина есімімен император деп жариялаған Гаити негр республикасының президенті.— 244, 283, 287, 502.
- Сэй* (Say), Жан Батист (1767—1832)— француздың буржуазияшыл экономисі, тұрпайы саяси экономияның өкілі.— 413.
- Сю* (Sue), Эжен (1804—1857)— француз жазушысы, Заң шығару жиналысының депутаты (1850—1851).— 284, 296, 297, 453.
- журналисі, ұсақ буржуазияшыл демократ, 1848 ж. революцияға қатысушы, 1851 жылдан эмигрант; Интернационал Бас Советінің мүшесі (1864); француз парламентінің депутаты (1876—1880, 1881—1885).— 548.
- Тамерлан* (Темірлан) (1336—1405)— Орта Азия қолбасшысы және жаулап алушы.— 510.
- Тест* (Teste), Жан Батист (1780—1852)— француз мемлекет қайраткері, орлеанист, Июль монархиясы кезінде сауда, юстиция және қоғамдық жұмыс министрі, пара беріп сатып алу және қиянат жасау әрекеттері үшін сотқа тартылған.— 277.
- Токвиль* (Tocqueville), Алексис (1805—1859)— француздың буржуазияшыл тарихшысы және саяси қайраткер, легитимист, Екінші республика кезінде Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, сыртқы істер министрі (1849 жылғы июнь—октябрь).— 476.
- Ториньи* (Thorigny), Пьер Франсуа Элизабет (1798—1869)— француз юрисі, 1834 ж. Лиондағы апрель көтерілісіне қатысушылардың ісі бойынша тергеу жүргізген; бонапартшыл, ішкі істер министрі (1851).— 485.
- Трела* (Trélat), Улис (1795—1879)— француз саяси қайраткері, буржуазиялық республикашыл, қоғамдық жұмыс министрі (1848 ж. май—июнь).— 227.
- Туссен-Лувертюр* (Louvéture dit Toussaint), Франсуа Доминик (1743—1803)— XVIII ғасырдың аяғында испан және ағылшын өктемдігіне қарсы бағытталған Гаити негрлері революциялық қозғалысының көсемі.— 244.
- Тьер* (Thiers), Адольф (1797—1877)— француздың буржуазияшыл тарихшысы және мемлекет қайраткері, Заң шығару жиналысының депутаты (1849—1851), орлеанист, республика президенті (1871—1873), Париж Коммунасының жендеті.— 196, 268, 271, 273, 284, 296, 299, 432, 437, 439, 442, 452, 468, 476, 477, 479, 481, 484, 487, 488.

Т

Таландьё (Talandier), Пьер Теодор Альфред (1822—1890)— француз

У

Удинэ (Oudinot), Никола Шарль Виктор (1791—1863)— француз генералы, орлеанист, 1849 ж. Рим республикасына карсы жіберілген әскерлерді басқарды; 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске карсы күрес ұйымдастыруға әрекеттенді.— 254, 261, 431, 443, 446.

Уоррен (Warren), Чарлз (1798—1866)— ағылшын офицері, 1858 жылдан генерал, 1816—1819 және 1830—1838 жылдары Үндістанда қызмет етті; Қырым соғысына қатысушы.— 514.

Ф

Фаллу (Falloux), Альфред (1811—1886)— француздың саяси қайраткері, легитимист және клерикал. 1848 ж. ұлттық шеберханаларды таратуды бастаушы және Париждегі июнь көтерілісін басуға дем беруші, оқу министрі (1848—1849).— 243, 253, 262, 272, 434, 446, 447, 476, 478.

Фейербах (Feuerbach), Людвиг (1804—1872)— Маркск дейінгі дәуірдегі немістің аса көрнекті материалист-философы.— 7—13, 22—24, 40—42, 62, 530, 531.

I Фердинанд (1793—1875)— Австрия императоры (1835—1848).— 358, 360, 369.

II Фердинанд (1810—1859)— Неаполь королі (1830—1859), 1848 ж. Мессинаны бомбалағаны үшін король-бомба деп аталып кеткен.— 354.

Ферье (Ferry), Франсуа Луи Огюст (1777—1861)— француздың тұрпайы буржуазияшылы экономисі.— 527.

Флети (Fleury), Чарлз (шын есімі Карл Фридрих Август Краузе) (1824 ж. туған)— Лондонда көпес болған, Пруссия шпионы және полиция агенті.— 404—406.

Флокон (Flocon), Фердинанд (1800—1866)— француз саяси қайраткері, ұсақ буржуазияшылы демократ, «Réforme» газеті редакторларының бірі. 1848 жылы уақытша үкімет мүшесі.— 213.

Фогт (Vogt), Карл (1817—1895)— немістің табиғат зерттеушісі, тұр-

пайы материалист, ұсақ буржуазияшылы демократ; 1848—1849 жылдары Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, солшыл қанат жағында болды.— 390, 531.

Фоме (Faucher), Леон (1803—1854)— француздың буржуазияшылы саяси қайраткері, орлеанист, мальтусшіл-экономист, ішкі істер министрі (1848 ж. декабрь, 1849 ж. май, 1851), кейінірек бонапартшылы.— 209, 243, 248, 251, 453, 471, 476.

I Франц (1768—1835)— Австрия императоры (1804—1835).— 331, 334.

I Франц-Иосиф (1830—1916)— Австрия императоры (1848—1916).— 376.

Фрëбель (Frëbel), Юлиус (1805—1893)— неміс публицисі және прогресшіл-әдебиеттер шығарушы, ұсақ буржуазияшылы радикал, кейін либерал болған; Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оның солшыл қанат жағында болды.— 369.

II Фридрих («Ұлы» деп аталған) (1712—1786)— Пруссия королі (1740—1786).— 203.

II Фридрих-Август (1797—1854)— Саксония королі (1836—1854).— 388.

III Фридрих Вильгельм (1770—1840)— Пруссия королі (1797—1840).— 317, 319, 320.

IV Фридрих-Вильгельм (1795—1861)— Пруссия королі (1840—1861).— 317—322, 338—340, 371, 383.

Фукье-Тенвиль (Fouquier-Tinville), Антуан Кантен (1746—1795)— XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткері, 1793 ж. Революциялық трибуналдың қоғамдық айыптаушысы.— 254.

Фульд (Fould), Ашиль (1800—1867) француз банкирі, орлеанист, содан кейін бонапартшылы; 1849—1867 жылдары бірнеше рет финанс министрі болды.— 222, 236, 246, 273, 274, 276, 277, 448, 467, 471, 478.

Фурье (Fourier), Шарль (1772—

1837) — француздың ұлы утопист-социалисі.— 134, 135, 536, 546.
Фуше (Fouché), Жозеф (1759—1820) — XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясының қайраткері, якобиншіл, I Наполеон кезінде полиция министрі; мейлінше принципсіздігімен көрінген адам.— 283.

X

Хейдт (Heydt), Август, барон фон дер (1801—1874) — Пруссияның мемлекет қайраткері, сауда, өнеркәсіп және қоғамдық жұмыс министрі (1848—1858).— 138.

Ц

Цезарь (Гай Юлий Цезарь) (б. з. дейінгі 100—44 шамасы) — Римнің атақты қолбасшысы және мемлекет қайраткері.— 271, 413.

Ч

Чапмен (Chapman), Джон (1801—1854) — ағылшын публицисі, буржуазияшыл радикал. Үндістанда реформа жүргізуді жақтаушы.— 514.

Ш

Шамбор (Chambord), Анри Шарль, граф (1820—1883) — Бурбондардың аға ұрпағының соңғы өкілі, X Карлдың немересі, V Генрих деген есіммен француз тағынан үміттенуші.— 270, 301, 438, 456, 475, 478.

Шангарнье (Changarnier), Никола Анн Теодюль (1793—1877) — француз генералы және буржуазияшыл саяси қайраткер, монархист; 1848 жылғы июньмен кейін Париждің гарнизоны мен ұлттық гвардиясын басқарушы, 1849 ж. 13 шоньде Парижде болған демонстрацияны қууға қатысқан.— 250, 260, 265, 269, 300, 303, 304, 349, 430—432, 434, 440, 444, 458—460, 462, 463, 465—468, 471, 477, 479, 484, 486, 488.

Шарер (Scharer), фон — Пруссияның реакцияшыл бюрократиясы өкілде-

рінің бірі. Рейн провинциясының обер-президенті (1842—1845).— 521.

Шанпер (Schapper), Карл (1812—1870) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, әділеттілер одағы басшыларының бірі, Коммунистер одағы Орталық Комитетінің мүшесі, Германиядағы 1848—1849 ж. ж. революцияға қатысушы; 1850 ж. Коммунистер одағы жіктелген кезде сектантшыл-авантюралық фракция басшыларының бірі; 1856 ж. бастап Маркспен қайта жақындасты; I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі.— 548, 549.

Шаррас (Charras), Жан Батист Адольф (1810—1865) — француздың әскери және саяси қайраткері, біртоға буржуазиялық республикашыл; 1848 жылы Париж жұмысшыларының июнь көтерілісін басуға қатынасты; Луи Бонапартқа қарсы шықты; Франциядан жер аударылған.— 409, 488.

Шварценберг (Schwarzenberg), Феликс, князь (1800—1852) — Австрияның реакцияшыл мемлекет қайраткері және дипломаты; 1848 ж. октябрьдегі Вена революциясын басқаннан кейін премьер-министр және сыртқы істер министрі.— 337.

Шварцер (Schwarzer), Эрнст (1808—1860) — Австрия чиновнигі және публицист, қоғамдық жұмыстар министрі (1848 ж. шоль — сентябрь).— 360.

Шекспир (Shakespeare), Вильям (1564—1616) — ағылшынның ұлы жазушысы.— 492.

Шербюлье (Cherbuliez), Антуан Элизе (1797—1869) — Швейцария экономисі, Сисмондидің жолын қуушы.— 70.

Шерваль (Cherval), Жульен (шын есімі Иозеф *Кремлер*) — Коммунистер одағының қатарына еніп алған полиция агенті-араңдатушысы; 1852 ж. февральда Парижде болған неміс-француз қастандығы деп аталатын әрекет жөніндегі іс бойынша айыпталушылардың бірі; полицияның көмегімен түрмеден қашып кеткен.— 403.

Шерцер (Scherzer), Андреас (1807—

- 1879) — неміс тігіншісі, 1850 ж. Коммунистер одағы жіктелгеннен кейін Виллих-Шаппердің сектантшыл-авантюралық фракциясына қосылған Париж қауымдарының біріне мүше болған; 1852 жылы февральда Париждегі неміс-француз қастандығы деп аталатын әрекет жөніндегі іс бойынша айыпталушышылардың бірі; кейін Англияға эмиграцияға кеткен.— 548.
- Шрамм** (Schramm), Жан Поль Адам (1789—1884) — француз генералы және саяси қайраткер, бонапартшыл, әскери министр (1850—1851).— 460.
- Штейн** (Stein). Лоренц (1815—1890) — неміс юриси, тұрпайы экономист.— 527.
- Штеффен** (Steffen), Вильгельм — Пруссияның бұрынғы офицері, коммунистердің Кельн сот процесі кезінде қорғаушының куәсі болған (1852), ал 1853 ж. Англияға, одан кейін АҚШ-қа эмиграцияға кеткен; 50-жылдары Маркс пен Энгельске жақындасты.— 549.
- Штибер** (Stieber), Вильгельм (1818—1882) — Пруссияның полиция чиновнигі, Пруссия саяси полициясының бастығы (1850—1860). Коммунистер одағы мүшелеріне қарсы Кельнде болған сот процесін ұйымдастырушылардың бірі және осы процестегі басты куә (1852).— 403, 404, 405, 406.
- Штирнер** (Stirner), Макс (Каспар Шмидтің әдеби бүркеншік аты) (1806—1856) — неміс философы, жас гегельшіл, буржуазияшыл дарашылдық пен анархизм идеологтарының бірі.— 12, 13, 39—42, 45, 60, 66.
- Штраус** (Strauß), Давид Фридрих (1808—1874) — неміс философы, көрнекті жас гегельшілдердің бірі; 1866 жылдан кейін ұлтшыл-либерал.— 10, 12.
- Штюве** (Stüve), Иоганн Карл Бертрам (1798—1872) — немістің саяси қайраткері, либерал; Ганновердің ішкі істер министрі (1848—1850).— 315.

Э

- Эйзенман** (Eisenmann), Готфрид (1795—1867) — неміс публицисі, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, орталық жағында болды, одан кейін солшыл қанат жағына шықты.— 315.
- Эйкин** (Aikin) Джон (1747—1822) — ағылшын дәрігері, радикал публицист.— 56.
- Эйххорн** (Eichhorn), Иоганн Альбрехт Фридрих (1779—1856) — Пруссияның мемлекет қайраткері, Пруссияның дін, оқу және медицина сақтау істері жөніндегі министрі (1840—1848).— 326.
- Энгельс** (Engels), Фридрих (1820—1895) (өмірбаян деректері).— 99—101, 107, 143, 144, 189, 190, 524, 548.

Ю

- Ювенал** (Децим Юний Ювенал) (60 ж. шамасында туған — 127 жылдан кейін өлген) — Римнің атақты сатирик-ақыны.— 205.

ӘДЕБИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕР

- Аввакум* — таураттағы пайғамбар. — 413.
- Антей* — өзіне жаңа күш беретін жеранаға аяғы тиіп тұрған жағдайда ешкімнен жеңілмейтін грек мифологиясындағы батыр кейіпкер. — 264.
- Ахилл*, немесе Ахиллес, ертедегі грек мифологиясындағы Трояны қоршаған грек батырларының ішіндегі ең ержүрегі, Гомер «Илиадасының» бас кейіпкерлерінің бірі. — 424, 425.
- Вахх* (немесе Бахус) — ертедегі римдіктердің шарап пен сауық-сайран құдайы. — 459.
- Варфоломей* — інжіл аңызына қарағанда Христостың 12 апостолының бірі. — 237.
- Гордий* — Фригияның патшасы; аңызға қарағанда, арбаның тертесі шешілмейтін түйінмен қамыт байлаған (Гордий түйіні деген осыдан шыққан. Басқаша айтқанда — түрлі жағдайлардың шытырман шіеленісуі); аян кітаптың болжамы бойынша, осы түйінді шешкен адам Азияның әміршісі болуға тиіс болған; Александр Македонский түйінді шешудің орнына оны семсермен шауып тастаған. — 303, 380.
- Дамокл* — ертедегі грек аңызына қарағанда, Сиракуз жаузы Дионисидің, (б. з. дейінгі IV ғасыр) некері. Дамокл Дионисге мерекеге шақырылған, осы мерекенің кезінде Дионис өзіне қызғаныштық жасайтын Дамоклдың көзіп адам бақытының мәңгі емес екеніне жеткізуді көздеп, оны өз тағына отырғызып, оның төбесіне ұшы өткір семсерді аттың қылына байлап, іліп қояды. «Дамокл семсері» деген сөздер үнемі жақын келіп, төніп тұратын қатерлі қауіп ұғымын білдіреді. — 283, 451.
- Джаггернаут* (Джаганнатх) — ертедегі үнді мифологиясындағы Вишну құдайының кейіп-бейнесінің бір түрі. — 504, 516.
- Дон-Кихот* — Сервантестің осы аттас романының бас кейіпкері. — 318, 369.
- Иосиф* — ертедегі еврей аңызына қарағанда, патриарх Иаковтың бауырлары Египетке сатып жіберген және онда бағы артқан ұлы. — 270.
- Краюлинский* — Гейнениң «Екі сері» өлеңінің кейіпкері, дәулетін шашқан шляхтич; Краюлинский деген фамилия француздың сгариле деген сөзінен алынған, ол сөз — мешкей, қомағайлық, маскүнемдік, сондай-ақ жалқау, азғын деген сөз. Луи Бонапартты Марк Краюлинский есімімен атаған. — 420.
- Кревель* — Бальзактың «Беттаның жиесі» романының кейіпкері, мансапқордың, жемқор мен азғынның образы. — 502.
- Мидас* — Фригия патшасы; ертедегі аңызға қарағанда, Аполлон оған есектің құлақтарын сыйлаған. — 243.
- Моисей* — інжіл аңызына қарағанда, ертедегі еврейлерді Египет фараондарының қуғындауынан құтқарған әулие («Египеттен құтылу»). — 276.
- Немезида* — ертедегі грек мифологиясындағы жазғырушы құдай — әйел. — 260.
- Орландо* (немесе Роланд) Қатымыр — Ариосто поэмасының аңыз болған кейіпкері. — 247.
- Орфей* — грек мифологиясына қарағанда, ақын және әнші, оның әні тағы аңдарды жуасытып және тіпті тастарды тебіренткен. — 259.
- Основа* — Шекспирдің «Жазғы түндегі түс» комедиясының кейіпкері. — 457.
- Павел* — інжіл аңызына қарағанда, христиан апостолдарының бірі. — 412.
- Пенгефрий* (Потифар) — ертедегі еврей аңызына қарағанда, Египеттің әкесүйегі, оған патриарх Иаковтың ұлы Иосиф сатылған. — 270.
- Робер Макр* — атақты француз артисті Фредерик Леметр бейнесін жасаған және Оноре Домьеннің карикатураларында мәңгі есте қалдырылған жылынос, алаяқ сұмның типі. — 211.
- Робин Гудфеллоу* — ағылшынның халық ертегісіне қарағанда, адамдардың істерінде қамқоршы, көмекші ролін атқарған фантастикалық жан; Шекспирдің «Жазғы түндегі түс»

- комедиясының бас кейіпкерлерінің бірі — 519.
- Сабала** — индуист дінінде сиыр түрінде бейнеленген құдай. — 509.
- Самсон** — табиғаттан тыс ерен күш деп танылған інжіл геройы. — 264.
- Самуил** — інжіл аңызына карағанда, ертедегі яһуди әулісі. — 410, 443.
- Санчо Панса** — Сервантестің «Дон-Кихот» романының кейіпкері. — 369.
- Фетида** — грек мифологиясындағы теңіз құдай — әйел. Ахиллдың анасы; ол баласына Трояның жағасына бірінші болып шықпа деп ескерткен (бірінші болып жағаға шыққан ажалға тап болады екен). — 425.
- Ханумани**, немесе Хануман, — индуист дінінде маймыл түрінде бейнеленген құдай; жел мен пилунг-маймылдың перзенті, ертедегі үнді аңызына карағанда, мифологиялық патшаға және Вишну құдайға айналғанның бірі — үнді эпосының геройы Рамаға маңызды қызмет көрсеткен. Маймыл Хануманиге табыну — осы кезге дейін Үндістанда кең тараған культтердің бірі. — 509.
- Христос** (Иисус Христос) — христиан дінінің аңыздық негізін салушы. — 416.
- Цирцел** (Кирка) — ертедегі грек мифологиясындағы Эя аралынан шыққан сиқыршы әйел; Улистың серіктерін шошқаға айналдырған, ал оның өзін бір жыл бойы өз аралында ұстаған; басқаша айтқанда — азғырғыш сайқал. — 490.
- Шлемиль**, Петер — Шамиссонның «Петер Шлемильдің таңғажайып тарихы» деген повесіндегі өз көлеңкесін сиқырлы эмианға айырбастаған герой. — 433.
- Шуфтерге** мен **Шпигельберг** — Шиллердің «Қарақшылар» драмасының кейіпкерлері, қандай да болсын моральдық негізден ада болған, тонаушылар мен кісі өлтірушілердің образдары. — 458.
- Янус** — карама-қарсы жаққа қарайтын екі беті бар етіп бейнеленген, ертедегі Рим құдайы; басқа мағынада — екі жүзді адам. — 260.

АТАУ КӨРСЕТКІШІ

А

- Абстракция* (зерттеу әдісі ретінде) — 8, 20, 21, 24, 34, 45, 71, 73, 521, 532—535, 542, 544.
- Австралия* — 104, 152, 192, 195, 196, 200, 204, 212, 219, 236, 274, 315, 317, 324—326, 328—334, 341—343, 344, 345, 357—360, 374, 376—381, 383, 384, 386, 388.
- Аграрлық мәселе* — 186.
- Сонымен қатар қараңыз: *Шаруалар*.
- Адам* — 7, 8, 14, 27, 28, 33, 45—48, 90, 109, 519;
- оның жануарлардан айырмашылығы — 14, 27;
- және оның жаратылысы — 22—23, 25—27, 33—34, 37—38, 42, 46—47, 162, 519;
- адамның рухани байлығы оның шын мәнісіндегі қатынастарының байлығына байланысты — 34—35.
- «Азаматтық қоғам»* — 9, 25, 33, 37, 73—74, 81, 447, 522, 537, 550.
- Азиялық өндіріс әдісі* — 505—507, 523.
- Азия* — 505, 509, 512, 550.
- Сонымен қатар қараңыз: *Үндістан, Қытай*.
- Акциллар, акционерлік қоғамдар* — 55, 128, 293.
- Айырбас құны* — 163, 534, 535.
- Айырбас* — 23, 47—48, 53, 158, 534, 537.
- «Ақиқат социализм»* — 129—132.
- Ақша* — 35, 47, 54, 57, 69, 535, 550. қағаз ақша — 56.
- Алтын (және күміс)* — 53—56, 166.
- Алғашқы қауымдық құрылыс* — 16, 98, 197, 534.
- Америка*
- Американың ашылуы — 34, 53, 108, 166;
- Америка Құрама Штаттары — 53, 64, 67, 70, 74, 80, 89, 93—95, 97, 101, 117, 135, 136, 187, 306, 375, 420, 529, 540, 543;
- тәуелсіздік жолындағы соғыс — 371;
- Оңтүстік Америка — 64, 543.
- Анархистер* — 100, 491.
- Англиядағы XVII ғасырдағы буржуазиялық революция* — 57, 137, 139, 140, 194, 309, 487, 538.
- Англиядағы XVII ғасырдағы философия* — 25—26.
- Англия* — 23—24, 31, 34, 36, 48, 52, 53, 55, 56, 57, 68, 70, 75, 78, 82, 87, 89, 93, 95, 97, 109, 116, 117, 127, 129, 136, 137, 139, 140, 153, 189, 192, 195, 213, 216, 219, 236, 274, 275, 276, 292, 294, 306, 308, 309, 328, 354, 375, 482, 483, 497, 509—513, 515, 526, 538—541;
- ағылшын буржуазиясы — 275—276, 306, 309, 310, 513—516;
- ағылшын жер аристократиясы — 127, 128, 436;
- ағылшын жұмысшы табы — 311, 519;
- шаруалары — 313;
- Англияның отаршыл саясаты — 503—517.
- Аннексия* — 197.
- Антагонизм* — 104, 117, 119, 124, 134, 335, 402, 438, 450, 473, 519, 523, 528, 543, 546.
- Апологетизм* — 129.
- Аристократия* — 30, 43, 44, 83, 116, 127, 402.
- Армия* — 160—162, 195—196, 199—201, 309, 354, 355, 499, 549.
- Артық өндіру* — 84, 89, 112, 129.
- Артық қосылма құн* — 171.
- Артық өндіру дағдарыстары* — қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар*.

Артық халық — 175, 498.
Африка — 108.

Ә

Әдебиет (социалистік және коммунистік әдебиет) — 127, 130, 315—316, 331.

Б

Баға — 80, 82, 111, 113, 144, 147, 154, 156—161, 163, 169, 173, 535.

Бағалы қағаздар — 56, 69, 74.

Базис пен қойдырма — 14—15, 19, 20, 21, 22, 26, 28, 31, 37—38, 44, 63, 65—67, 83, 88, 98, 110, 112, 121—122, 123—121, 152, 153, 189, 194, 411, 436, 522—523, 528, 538, 544.

Сонымен қатар қараңыз: Мемлекет, Өнер, Мораль, Право, Дін, Философия, Экономика және саясат.

Банктер — 56, 69, 88, 126, 221—222, 293, 294, 329, 479.

Баррикадалық ұрыстар — 199—202, 214, 354—355, 363, 417.

Барщина — 63.

Бәсеке — 11, 32, 44, 49, 51, 53—57, 58, 59, 63, 69, 73, 75, 78, 80—85, 102, 112—115, 118, 124, 129, 140, 157, 158, 160, 171—174, 175, 176, 540, 542—544.

Бельгия — 93, 153, 203—204, 309.

Биология — 98—99.

Биржа — 56, 74, 220, 221, 273, 329, 416, 448, 467, 478, 501.

Бланкизм, бланкишiлдер — 196, 287.

Болгария — 204.

Болмыс — 19, 32, 43, 62, 66, 124, 523, 528.

Бөлініс — 23, 28, 63.

Бонапартизм — 196, 197, 198, 239—243, 252, 257, 409, 434, 455—459, 463, 464, 465, 466, 468—469, 472—473, 484, 491, 493—496, 498, 500—503.

Бостандық — 34—35, 61, 109, 119—122, 124—125, 423, 424.

Буржуазия — 43, 44, 59, 60, 73, 74, 76, 79, 80, 82, 83, 93, 94, 107—111, 119—123, 132, 139, 150, 171, 255, 256, 290, 291, 306, 319, 401, 423, 435—437, 449—450, 468, 515, 516,

— оның даму тарихы — 54, 56—57, 60—61, 63—64, 74, 75, 83, 84, 107,

108, 109, 111, 112, 114, 115, 116—118, 124, 125, 127, 128, 138, 140, 141, 152, 165, 166, 191, 192, 194, 195, 201, 209, 210, 217, 308—311, 314, 316, 317, 322, 323, 332, 335, 347, 401, 402, 449, 450;

— және пролетариат — 35—36, 45, 58, 61—63, 83—84, 86, 89, 98—99, 108, 113, 115, 116, 118—119, 141, 156, 169, 192, 196, 201—202, 214, 216, 217, 218, 310—311, 322—323, 411;

— және мемлекет — 54, 73—74, 109, 112, 186—188, 194—195, 230, 255, 256, 274, 275, 311, 326—327, 399, 447, 450, 473, 492, 493, 541;

— ірі буржуазия — 54, 56, 86, 194.
Буржуазиялық демократия — 422—424.

Бірінші май — 151.

Бюджет (мемлекеттік) — 210, 275, 421.

Бюрократия — 181, 498, 500.

В

Варварлық — 48, 51, 68, 69, 111, 112, 509, 511.

Венгрия — 80, 103, 104, 152, 195, 219, 331, 332, 334, 337, 352, 354, 360, 364—367, 376, 377, 380.

Г

Галлия — 68, 206.

Гегельшілдік — қараңыз: классикалық неміс философиясы.

Германиядағы социалистерге қарсы ерекше заң — 197, 199, 207.

Германия — 10, 21, 26, 28, 34—35, 36, 39—41, 46, 59, 69, 70, 74, 87, 89, 94, 95, 100, 101, 103, 104, 109, 117, 123—132, 137—142, 152, 153, 178—182, 185, 187, 192, 195—197, 200, 203, 219, 308, 309, 314, 316, 323, 334, 346, 347, 352, 354, 355, 376, 387, 399, 401, 526, 527, 529, 530, 539, 549;

— Германияны біріктіру — 196, 205, 325—327;

— экономикалық артта қалу себептері — 186—187, 307—308, 314, 315;

— буржуазия — 179—180, 309—311, 314—317, 319—325, 327, 328, 332, 337—338, 342, 347—348, 383, 384;

— ұсақ буржуазия — 180—182, 310—312, 325, 327—328, 384, 385, 391—393, 396;

- пролетариат — 59, 181—182, 311—312, 322, 323, 325, 327—328, 338, 339;
- жұмысшы қозғалысы — 178—179, 187—188, 197, 198, 312, 322, 338, 340;
- шаруалар — 312—313, 320, 322, 323, 325, 327, 337, 341;
- 1848—1849 жылдардағы революция қарсаңында Германиядағы жағдай — 308—309, 314—328;
- жұмысшы табының партиясы — 178—179, 181, 185, 188, 197—198, 204—205, 340—341, 402, 527.
Сонымен қатар қараңыз: Демократиялық партия (Германиядағы), Германиядағы социалистерге қарсы ерекше заң, Немістің классикалық философиясы, «Жас Германия», Пруссия, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция, Германияның социал-демократиялық партиясы, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция — 132, 138—143, 152, 179, 180, 192, 200, 308, 311—312, 315, 323, 337, 346, 351—352, 354—355, 383, 529, 549;
- Берлин мен Венадағы март көтерілістері — 335—340, 342, 343, 352, 366, 373, 383;
- буржуазия революция кезінде — 336—342, 383, 384, 385, 399;
- пролетариат революция кезінде — 337, 338—339, 391, 395;
- буржуазиялық үкіметтер — 339, 340, 341, 342, 349, 371, 377;
- Франкфурт Ұлттық жиналысы — 340, 343—346, 356, 357, 365—366, 368—370, 373—375, 377—390, 395—399;
- 1848 ж. октябрьдегі Венадағы көтеріліс — 200, 357, 360—370, 373;
- Империя конституциясы — 379—385, 387;
- Империя конституциясы үшін күрес — 383—397, 398, 400.
Германияның социал-демократиялық партиясы — 136, 197—199, 204—206.
Голландия — 309, 505, 526.
Греция (Ертедегі) — 17, 67.

F

Ғылым — 76, 517, 519, 525.

Д

- Даму — 66, 67, 532, 533.
- Дания — 204, 352, 356.
- Дарвинизм — 98.
- Дворяндар — 17, 53, 62, 63, 80, 83, 109, 116, 308—309, 318, 328.
- Демократиялық партия (Германиядағы) — 178, 180—188, 385, 399.
- Демократия — 16, 30, 87, 125, 192, 401, 440—441.
- Дүние жүзілік рынок — 33, 35, 51, 54—57, 58, 89, 108—111, 123—124, 153, 174, 189, 216, 521, 539—540.
- Дін — 8, 12, 19, 20, 27, 28, 37—41, 57, 66, 75, 76, 92, 109, 117, 124, 128, 130, 253, 325, 331, 499, 504, 509, 516, 528.

Е

- Егіншілік — 15, 17, 47, 53, 60, 86, 90, 97, 112, 280, 496.
- Егінші халықтар — 60.
- Ерте дүние — 16, 17, 69, 73, 76, 162, 409, 523.
- Еңбек — 46—48, 58, 64, 69, 164;
- адамды жануарлардан ажырататын белгі ретіндегі еңбек — 14;
- адам өмірінің негізгі шарты — 23, 25, 26;
- дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы қарама-қарсылық — 28, 29, 43—44, 47, 71.
- капитализм кезіндегі еңбек — 57—58, 71, 83—84, 113, 117, 120, 155, 156, 174, 177;
- коммунизм кезіндегі еңбек — 30—31, 36, 62, 72, 88, 120, 126, 238;
- Еңбек бөлінісі — 15, 28—31, 43, 44, 46, 48, 50, 52, 70, 76, 77, 539, 541, 542, 550;
- және өндіргіш күштердің дамуы — 15, 18, 29, 31, 34—35, 56—57, 173—174;
- бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісі — 15, 18, 47—48, 49, 539;
- екінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісі — 15, 18, 50—51;
- ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуі — 28, 29, 43—44, 47, 71;
- еңбектің табиғи бөлінісі — 16, 28, 29, 56;
- мануфактуралық (және фабрикада) бөлінісі — 47, 50, 52, 79, 81—82, 108, 113, 173, 174;
- семьяда бөлінісі — 16, 29;

- және меншік формалары — 16, 29, 69—70;
 — антагонистік формацияларда — 29, 30, 38, 47, 48, 63, 64, 69, 72, 129, 174—177;
 — және таптар — 30—31, 60, 90;
 — коммунизм кезінде еңбектің ескі бөліну жүйесін жоюдың қажеттігі — 30—31, 32, 36, 57, 61, 63, 64, 73, 90—91;
Еңбек өнімділігі — 23, 151, 171, 173.
Еңбекті интенсификациялау — 113.
Еңбек құралы — 48, 68.

Ж

- Жалақы* — 78, 84, 113, 115, 121, 144, 146, 148, 153—156, 160—161, 166—171, 174—176, 549;
 — оның түрлері — 148—149;
 — нақты жалақы — 167—169, 170;
 — номиналдық жалақы — 166, 167, 170;
 — относительдік жалақы — 168, 170.
Жалдама еңбек — 107, 110, 118, 120—121, 135, 153, 156, 165, 170, 220, 521.
 «Жалдама еңбек және капитал»
 К. Маркстікі (жазылу тарихы) — 143, 177.
 жалдаптық (философиялық) — 34, 35, 45, 531.
Жалпыға бірдей әскери міндет — 197.
Жаңа тарих — 189, 194.
Жанталаса қарулану — 197.
 «Жас Англия» — 127.
 «Жас Германия» — 316.
Жер меншігі — 17, 31, 47, 48, 76, 77, 97, 125, 186, 435, 436, 474, 521.
 — феодалдық меншік — 17, 54, 63;
 — ерте дүниеде — 67—68, 73;
 — капитализм тұсында — 436, 512.
Жер рентасы — 75, 125, 128, 436.
Жеке адам — 40, 62, 64—65, 120—121.
Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі — 99—101, 196, 197.
Жұмыс күші — 33, 144, 148, 154, 163—165, 166;
 — оның құны — 146, 148, 149, 154, 160—161;
 — товар ретінде — 148, 149, 154—157, 163—164.
Жұмыс уақыты — 160.
Жұмысшы қозғалысы — 100—101, 115, 117, 118, 119, 312—313, 322—323.
 Сонымен қатар қараңыз: «Тап күресі».

- Жұмысшы* (капиталистік қоғамдағы) — 50, 53, 57—58, 79—80, 117—118, 120, 156, 161, 170.
Жұмыс күні — 149—150.
 — оны қысқарту жолындағы күрес — 101, 115—116.
Жұмысшы табы — 101, 115, 150, 152, 164, 170, 175, 185, 196, 198, 311, 391, 519.

Сонымен қатар қараңыз: *Пролетариат*.

- Жұмысшы табының қайырышылануы* — 31—32, 33, 150, 163.
Жұмыссыздық — 32—33, 34, 35.
Жұмысшы партиясының парламенттік қызметі — 203—204.

Күштеу, оның тарихтағы ролі — 68, 126.

И

Идеализм

- оның тарихи шарттылығы — 12—13, 28, 43;
 — жалпы анықтамасы — 7, 10, 20—22, 34, 35, 36, 37, 39, 45, 46, 47, 73, 409, 522, 528, 529;
 — Гегель идеализмін сынау — 12—13, 39, 45, 316, 530—532;
 — тарихты идеалистік тұрғыдан түсіну — 34, 35, 36, 37—39, 44—47, 60, 61, 72, 130, 537, 539, 542, 546;
 — жас гегельшілдер — 10, 12, 39—43, 61, 316, 319, 530—531;
 — ескі гегельшілдік — 12.
Идеология — 11, 20, 28, 37, 38, 39, 56, 60, 72, 76, 115—116, 123—124, 210, 529.
Иесіздендіру — 32, 72.
Интернационал — қараңыз: *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі*.
Интернационал II — 101.
Ипотека (жылжымайтын мүліктер кепілдігі) — 279, 280, 497, 499.
Ирландия — 107, 152, 504.
Исландия — 67.
Испания — 139, 198, 200, 375.
Италия — 23, 52, 68, 74, 103—105, 109, 152, 191—192, 204, 212, 218—219, 236, 252—255, 329, 333—334, 337, 352—354, 359, 377, 380, 427, 429, 431, 504, 506, 550.

К

Капиталдың алғашқы қорлануы

-- капиталдың құралуы — 18, 52—53, 538;

— пролетариаттың пайда болуы — 53.
Капиталдың қорлануы — 52, 70, 118, 171, 174.

Капиталдың құйылуы — 158—160.

Капитал — 35, 47, 48, 50, 52—54, 56, 57, 74, 83, 108, 117, 120, 153—166, 171, 174—177, 281—282, 435, 497, 516—517, 521;

— өнеркәсіп капиталы — 56, 59, 69, 77;

— мемлекеттік капитал — 88, 126;

— сауда капиталы — 60;

— өндіріш капитал — 166, 167, 170, 171, 176;

— банк капиталы — 478—479;

— қоғамдық қатынас ретінде — 162;

Капиталистік қорланудың жалпы заңы — 165—166, 168—170, 176—177;

Капиталистік өндіріс әдісі — 32, 52, 54, 56—57, 58, 72—73, 82—83, 85, 104—105, 110—112, 119—121, 146, 149, 150, 154, 162—163, 165, 173—174, 195, 410—411, 413, 516—518, 521, 522—523, 526, 528, 544;

— оның қайшылықтары — 60, 84—85, 107—108, 150, 165—166; 173, 522—524, 528, 542—543;

— өндірістік қатынастар — 153, 522—524.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік өндіріс анархиясы*, *Буржуазия*, *Жалақы*, *Капитал*, *Бәсеке*, *Ірі өнеркәсіп*, *Дүние жүзілік рынок*, *Жалдама еңбек*, *Пролетариат*, *Өнеркәсіп*, *Жұмыс күші*, *Меншік*, *Экономикалық дағдарыстар*.

Капиталистік өндіріс анархиясы — 84, 129, 160;

Карфаген — 67, 550;

Кездейсоқтық — 62—64, 66, 69, 72, 76, 145;

Сұраным және ұсыным — 32, 55, 157—159;

Коммунистердің Кёльн процесі — 401, 403—407;

Классикалық неміс философиясы — 10, 11, 39, 45, 130, 316.

Коллектив, коллектившілдік — 62, 64;

Коммунизм (ілім) — 22, 33, 36, 38, 41,

78, 325, 420;

— утопиялық коммунизм — 100, 153, 322;

— ғылыми коммунизм — 24, 35, 41, 42, 65, 86—87, 92—94, 101, 106, 119, 121, 123, 136, 182, 194—196, 287, 322, 325, 402, 546, 547;

Коммунизм (қоғамдық-экономикалық формация) — 16—17, 23, 26, 32—33, 38, 44, 63, 66, 72—73, 85, 162, 523, 537, 538;

— өндіріс — 30—31, 36, 65, 85, 85, 89—91, 120, 125, 151;

— бөліс — 31, 90;

— тұтыну — 89, 90;

— материалдық алғы шарттар — 32, 60—61, 64, 65, 84—85, 91, 96—97, 513, 516—517, 524, 528;

— өндіріш күштер — 31—32, 36—37, 59—60, 64, 71, 88—90, 121, 125—126, 150, 182, 517;

— өндірістік қатынастар — 31—32, 36—37, 66, 71, 85—86, 89, 90, 121—122, 125, 126, 287;

— материалдық-техникалық база — 59—60, 65, 85, 89—90;

— тек бүкіл дүние жүзілік көлемде ғана мүмкін — 32—33, 83, 89—90, 182;

— және жеке меншікті жою — 31—32, 34—35, 36, 41, 47—48, 57, 59, 60, 72—73, 81, 82, 85—91, 97, 118—119, 122, 137, 182, 218;

— еңбек — 30, 36, 61, 72, 88, 120, 121, 126, 238.

— қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою — 48, 60, 88, 91, 125—126, 135;

— және таптарды жою — 30, 36, 44, 61, 63—64, 90—91, 124—125, 126, 150, 182, 287, 289, 311, 548;

— және мемлекет — 29, 87—88, 96, 125, 181, 493, 499.

— семья — 60, 91—92, 122;

— индивидтердің жан-жақты дамуы — 34—35, 36—37, 61—62, 64, 65, 72, 85, 90—91, 150;

— капитализм мен коммунизм арасындағы өтпелі дәуірдің қажеттігі — 87—88, 93, 125—126, 150, 186.

Коммунистер одағы — 95, 101, 106, 178, 179, 182, 183, 185, 402, 403.

«Коммунистік партияның манифесі» (жазылу және таратылу тарихы) — 95, 99, 100, 102, 103, 104, 178, 189, 402, 524;

Коммунистік партияның тактикасы

- демократиялық партиялармен одақ жасау мүмкіндігі — 93, 93—94, 136, 137, 181, 185, 391—392;
- өз саясатын жүргізу қажеттігі — 185—188, 204—205.
- Коммуналар (өндірістік) — 88—89.
- Коммуналар орта ғасырлық — 109, 118.
- Конституционализм — 315, 324.
- Конституция (буржуазиялық) — 93—94, 237—240, 250—251, 260, 291, 319, 424—427.
- Көпестер — 50, 52, 54, 56.
- Көтеріліс — 199—203, 256—257, 388—389.
- Кредит — 73, 89, 126, 176, 219—222, 234, 294, 478—479, 540, 541, 543.
- Крепостной шаруалар — 17, 18, 22, 49, 50, 63—64, 80—82, 86, 107, 108, 118, 156, 312, 329, 333—334.
- Крест жорықтары — 110.
- Культ — 12, 226.

К

- Қажеттер — 25—28, 32—33, 48, 50, 57, 58, 66, 67, 89—90, 110—111, 165—167.
- Қала мен деревня — 18, 48—54, 55—56, 57, 59—60, 73—74, 84, 201;
- еңбектің бірінші ірі қоғамдық бөлінісі ретінде қаланың деревнядан бөлінуі — 16, 18, 48, 49, 540;
- қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық — 16—18, 48, 49, 58, 111, 436;
- коммунизм тұсында қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою — 49, 59, 88, 91, 126, 135.
- Қамқорлық салымдар — 53—55, 56—57, 217, 310, 330, 522.
- Қарама-қарсылық
 - өнеркәсіп еңбегі мен ауыл шаруашылық еңбегі арасындағы — 16, 17, 91, 126;
 - дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы — 28, 29, 43—44, 47—48, 71.
- Қайшылық — 8, 29, 108, 118;
- өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы — 28, 29, 30—31, 34—35, 48, 57—58, 66, 67, 70—71, 85—86, 87—112, 113, 310, 519, 523, 528, 545;
- өнім өндіру мен тұтыну арасындағы — 29, 89—90, 150;

- еңбек пен капитал арасындағы — 70, 108, 119—120, 169, 170, 438;
- өнеркәсіпті елдер мен артта қалған елдер арасындағы — 111, 153;
- жеке мүдде мен ортақ мүдде арасындағы — 29—31, 62—64.
- Қанау — 98, 109, 114, 119—120, 124, 217—218, 280—282.
- Қасиетті одақ — 180, 212, 317.
- Қауым — 48—50, 107, 186, 187, 508, 509, 512, 514, 534.
- Қауым (орыс қауымы) — 98, 107.
- Қару-жарақ — 196, 201.
- Колонер өндірісі — 18, 49—50, 57—58, 64, 79, 80, 83, 116—117.
- Қоғамдық-экономикалық формация — 16—18, 22—23, 26, 33—34, 37, 44—45, 63, 64, 70—72, 85—86, 160—161, 522, 537, 538.
- Қоғамда өмір сүру жолындағы күрес — 31—32.
- Қоғамдық қажетті еңбек — 144—145, 147—148, 150.
- Қоғам — 22—23, 28, 81, 107, 118—119, 120, 123, 162, 524, 537.
- Қосымша құн — 149—150.
- Қондырма — қараңыз: Базис пен қондырма.
- Құлдық — 16, 21, 29, 68, 69, 73—74, 80, 81, 107, 156, 161—162, 543.
- Құл иеленуші өндіріс әдісі — 15, 16, 74—75, 107, 156, 157.
- Құн — 145—147, 149, 167—168, 534, 535.
- жұмыс күшінің құны — 144—145, 148, 149, 154, 161.
- Қытай — 34, 82, 328.

Л

- Лассалшылдық — 99.
- Легитимистер (Франциядағы) — 127—128, 215, 274, 284, 285, 300—301, 428, 435—437, 444—446, 448—449, 456, 467—468, 473—474, 475—477, 478, 488.
- Либералдық партия — 180, 322, 401.
- Либералдық қозғалыс — 130, 309—310, 315, 316.
- Логикалық және тарихи — 65, 532, 535.
- «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» К. Маркстікі (жазылу тарихы) — 408, 412.
- Люмпен-пролетариат — 68, 117, 212, 223—224, 448—449, 457, 465, 490—491, 499, 501.

М

- Майорат* — 82—83, 140.
Мануфактура — 52—57, 74, 77, 79, 80—82, 86, 108, 109, 195, 526, 539.
Марксизм (оның тарихы) — 29—30, 95, 98—99, 143—144, 195—196, 319, 521, 522, 524, 528—530, 532—533, 547.
 Сонымен қатар қараңыз: К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», К. Маркстің «Саяси экономия сынына», К. Маркстің «Франциядағы тап күресі», «Коммунистік партияның манифесі», Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі, К. Маркстің «Жалдама еңбек және капиталы», *Коммунистер одағы. Материализм*
- дүниеге материалистік көзқарас — 7, 14, 15, 18—19, 530—531, 532;
 - диалектикалық материализм — 7, 8, 14, 15, 18—19, 20, 21—24, 26, 27, 34, 43, 62, 65—66, 67, 68, 85—87, 98—99, 162, 189—191, 430, 431, 519, 521, 522—523, 527—529;
 - Фейербах материализмі — 7—9, 22—24;
 - турпаны материализм — 24, 530—531;
- Маркске дейінгі материализм* — 7, 9, 25—26.
Маркстік саяси экономияның методы — 532—534.
 Сонымен қатар қараңыз: *Абстракция, Диалектика.*
Машина — 57.
Мән мен құбылыс — 146, 147—148, 167—169, 534, 535.
Мемлекеттік борыш — 55, 73, 187—188, 210, 274, 275, 479—480, 516.
Мемлекеттік заем — 210, 211, 328—329.
Мемлекет — 18, 29, 33, 35—36, 37, 60—61, 62, 64, 67, 73—74, 76, 135, 181, 521, 522.
 — оның шығуы — 16, 18, 33, 47—48, 54;
 — және тап күресі — 29, 35—36;
 — пролетариаттың мемлекеттік өкіметті қолына алуы — 29, 87—88, 125—126, 182, 184, 185, 493, 499—500;
 — буржуазиялық мемлекет — 55—56, 73—74, 109, 112, 186—188, 194—195, 230, 255, 256, 274—275, 311—312, 325—327, 399, 447—448, 450—451, 473, 492, 493;
 — оның таптық қоғамдағы ролі — 34—35, 73—75, 109—110, 214—215, 236.
Метафизика — 12, 19, 20, 34, 530, 531—532, 534.
Механика — 57.
Мещандар — 131
Монархия — 17—18, 30, 43, 109, 291, 435, 474.
 — абсолюттік монархия — 76, 83, 94, 109—110, 114—115, 128, 140, 328, 329;
 — конституциялық монархия — 83, 138—140, 215, 315—316, 324—325;
 — буржуазияшыл монархия — 153, 215, 323—324.
Монополия — 55—56, 125—126, 157—158, 542—544.
 — отарлық монополия — 55.
Мораль — 12, 19, 20, 28, 37, 57, 76, 117, 124.
Мерзімді баспасөз — 319, 512.
Меншік — 16, 18, 29, 31, 52, 58, 72, 73, 117, 118—119, 216, 523, 528, 541;
 — жеке меншік — 16, 35, 47, 56, 60, 69—70, 73—75, 81, 85, 187;
 — өндірушілердің өз еңбегіне негізделген жеке меншік — 17, 47—49, 72, 79, 119, 499;
 — бөтеннің еңбегін қанауға негізделген жеке меншік — 29, 47, 74, 81, 119;
 — тайпалық меншік — 16, 17, 73, 187;
 — қауымдық меншік — 16, 17, 77;
 — ерте дүниедегі меншік — 16, 17, 73, 74, 122;
 — феодалдық меншік — 17, 18, 53, 63, 74, 77, 79, 81, 119, 122, 140, 541;
 — буржуазиялық меншік — 60—61, 74, 75, 77, 79, 81, 119—122, 140, 419, 420, 541;
 — мемлекеттік меншік — 16, 73, 186, 188;
 — жеке меншікті жоюдың қажеттігі — 31, 35, 44, 58, 60, 61, 72, 81, 85—91, 97, 119—123, 137, 182, 238.
Мұралану — 87—88, 125.

Н

- Насихат* — 144, 199, 203.
Нәсіл — 14, 70.
Нидерландтар — 139.
Неке — 68, 88, 91, 123.

О

- Оброк — 63.
 Ойлау — 7, 8, 19, 20, 29, 46.
 Оқу — 116, 122.
 Орлеанистер (Франциядағы) — 232, 243, 249, 255, 261, 268, 274, 285, 300, 428, 435—437, 446, 449, 468, 472—473, 475, 476, 488.
 Орта ғасырлар — 17, 48—51, 56, 60, 73—75, 80, 86, 94, 108, 116, 122, 128, 141, 186—187, 308, 311, 402, 410, 526—527, 538.
 Орталықтандыру — 31, 57, 88, 111, 115, 126, 516.
 Отарлау — 54, 108.
 Отарлар — 55, 67, 108, 516, 526, 538, 539, 543.
 Отан — 123.
 Ост-Инд компаниясы — 505.

Ө

- Өзгермелі капитал — 167.
 Өнер — 76, 110.
 Өндіріс құралдары — 46—49, 72.
 Өндіріс шығындары — 80, 158—161, 168, 172—175, 275.
 Өнертабыс — 34, 42, 51, 150, 540.
 Өндіргіш күштер — 15—17, 18—19, 23, 26, 30—34, 35, 37, 51, 56—60, 64—67, 69—72, 77, 85—89, 111—112, 117, 150—151, 162, 182, 295, 513, 522—524, 528, 537, 538, 541—542, 549.
 Сонымен қатар қараңыз: Экономикалық заңдар.
 Өндірістік қатынастар — 15—17, 18—19, 22, 26, 29, 31—33, 37, 52, 57—58, 59, 64—67, 71—72, 76, 85—86, 110, 112, 119—120, 121—122, 126, 153, 161, 162, 217, 287, 295, 522—523, 528, 541—544, 549.
 Сонымен қатар қараңыз: Экономикалық заңдар.
 Өндірістік оқу — 88—89, 126—127.
 Өндіріс — 14—15, 23, 27, 29, 36, 43, 50, 51, 53, 56, 58, 66, 69, 90, 151—152, 522, 537, 544;
 — адамның сипаттамасы ретінде — 14, 25.
 — антагонистік формацияларда өнім өндіру мен тұтырудың қарама-қарсылығы — 29, 89—90, 150.
 Өнеркәсіп революциясы — 56—57, 78, 80—84, 108—109, 195, 309, 332, 402, 518.
 Өнеркәсіп — 15, 17, 22, 23, 42, 47, 51,

- 56—57, 74—75, 76, 79, 83, 85—86, 196, 217, 309.
 Өнеркәсіп циклы — 83—84, 191, 481—483.
 Өндіріс құрал-жабдықтары — 14—16, 36, 46—47, 68, 111—112, 148, 191, 217, 238.
 Өндіріс әдісі — 14—15, 22, 26, 29, 37, 44—45, 72, 74, 79, 86, 110, 173, 523, 528, 538.
 Сонымен қатар қараңыз: Қоғамдық-экономикалық формация.

П

- Пайда — 158, 159, 168, 169.
 Панславизм — 351—352, 376.
 Париж коммунасы — 96, 195, 198.
 Парцельді егіншілік — 17, 31, 279—280, 493—499.
 Патша өкіметі (Европа реакциясының пірегі ретінде) — 97, 106, 314—315.
 Пауперизм — 118.
 Персия — 506.
 Плебейлер — 17, 18, 49, 68, 107.
 Польша — 79—80, 102—103, 136, 152, 195, 196, 223—224, 347—348, 353;
 — оны бөлісу — 212, 347.
 Право (жеке) — 67, 73—75, 121—122, 124, 522, 528, 549.
 Практика (философиялық мағынада) — 7—9, 28, 32, 40.
 Прогресс — 89—90, 116, 117, 515.
 Пролетариат партиясы — 41, 86—87, 93—94, 96, 106, 116, 118, 178, 179, 182, 183, 185, 186, 188, 190, 191, 306, 339—340, 341, 348—349, 401, 402, 529—530.
 Пролетарлық интернационализм — 101—102, 115—116, 118—119, 195—196, 204.
 Пролетариатты қаруландыру — 184—185, 201—202.
 Пролетариат — 35, 36—37, 40, 58, 72, 78, 80—81, 101, 107, 117, 128, 133, 164—166, 178, 185, 196, 197, 216—218, 219, 310—311, 518—520, 548;
 — оның даму тарихы — 17, 32—33, 35, 57, 59, 61—62, 78, 79, 83—84, 86, 87, 97, 98, 104, 113, 115—116, 118, 119, 129, 139, 177, 194—196, 215, 311, 333—334, 417.
 — пролетариат пен буржуазия арасындағы қарама-қарсылық — 58, 83—84, 89, 93—94, 98—99, 107—108, 113—116, 117—119, 133—134, 152, 195—196, 199, 216—217, 230,

- 243, 251, 260, 265, 311—312, 410—411;
- пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресі — 35, 44, 58, 61, 62, 64, 80—81, 86—87, 107—108, 113—114, 137, 141, 169, 195—196, 215—217, 322—323;
 - және дүниеге коммунистік көзқарас — 32—34, 36, 42, 83—84, 92, 99—100, 102, 118—119, 128, 150—151, 291, 401—402;
 - таптарды жоюдың пролетарлық талабы — 30, 36—37, 44—45, 61, 64—65, 90—91, 124—125, 150—151, 153—154, 182, 294, 311—312;
 - оның тарихи міндеті — 32, 63, 71—72, 118—119;
 - және саяси өкіметті жеңіп алу — 29—30, 87—89, 96, 118—119, 123—124, 125—126, 128, 182, 183, 198, 241—242, 493, 499—500;
 - оның барлық басқа таптардан айырмашылығы — 30, 35—36, 37, 57, 61—62, 63, 64, 81, 82, 117, 118, 178, 183;
 - пролетарлық интернационализм — 101—102, 115—116, 118—119, 195—196, 204;
 - оның күрес формалары — 199, 203;
 - шаруалармен одақ жасаудың қажеттігі — 185—186, 215—216, 230, 278—299, 497, 500, 547—548.
- Сонымен қатар қараңыз: *Пролетариатты қаруландыру, Пролетариат диктатурасы.*
- Жезөкшелік* — 92, 122, 123.
Прудонизм — 99, 196, 294, 536, 548.
Пруссия — 196, 197, 213, 314, 324, 325, 326, 332—333, 337, 341—342, 344, 345, 374, 377, 384—385, 387;

P

- Радикалдар* — 93, 106, 122—123, 136, 193—194.
Рантье — 62—63, 174—175.
Революция — 21—22, 28—29, 31—32, 35—36, 38, 42, 44—45, 58, 67, 86—87, 104, 107, 179, 180, 191, 194, 196, 203, 204, 219, 282, 306—307, 335, 372, 373, 391—392, 412, 413—414, 416—417, 509, 517—519, 523, 528, 545;
- тарихтың қозғаушы күші — 37, 58, 282, 336.
 - оның алғы шарттары мен шарттары — 24—25, 31—32, 33, 35, 36—37, 38, 58, 67, 83—84, 86—87, 88, 112,

- 117—118, 116—117, 191—192, 220—221, 298—299, 306—307, 402;
 - коммунистік революция — 35, 36, 61—62, 72, 84, 87—88, 116—117, 118, 124—127, 133, 137, 152—153, 182, 184, 188, 190—193, 196, 203, 205—206, 216—217, 220, 231, 354—355, 402, 415—416, 515, 516—517, 519, 549;
 - коммунистік революцияның барлық басқа революциядан айырмашылығы — 35, 36, 65, 72, 87—88, 182, 192—195, 203, 493.
 - пролетарлық революция барлық алдыңғы қатарлы елдерде бір мезгілде болады — 33, 82—83, 88—89, 123—124, 182, 216—217, 231, 278—279, 516—517.
 - буржуазиялық революция — 82, 83, 93—94, 103—104, 108, 112, 121, 137, 179—180, 186, 196, 208, 209, 213, 338, 415.
 - оның бейбіт жолмен жеңіп шығу мүмкіндігі — 86—87, 179—180;
 - үздіксіз революция — 182, 184, 187—188, 193, 194—195, 278—279, 290, 397.
- Сонымен қатар қараңыз: *Англиядағы XVII ғасырдағы буржуазиялық революция, XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы француз буржуазиялық революциясы, 1848—1849 жылдардағы революция, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция, Франциядағы 1848 жылғы революция, Революция, 1848—1849 жылдардағы —*
- Рента* — *Жер рентасын* қараңыз.

Республика —

- буржуазиялық республика — 153, 186, 187, 194—195, 214—215, 218—219, 220, 225—228, 230, 237, 246, 248, 255, 256, 260, 273, 274, 280—281, 291—292, 298—299, 419—420, 421—422, 428, 443—444, 445—446.
 - парламенттік республика — 437, 443—444, 450—451, 467, 472—473, 489, 492.
- Республикалық партия, Франциядағы* — 179—180, 214.
Реформизм — 187—189.
Рим Ертедегі — 16, 23, 68, 69, 73—74, 107, 110, 206—207, 408, 414—415, 518.
Россия — 79—80, 96—97, 102, 104, 107, 194—195, 204, 212, 218—219, 260, 324—325, 346—347, 350, 402.

Румыния — 204.
Ру — 68, 107, 139—140.
Рынок — 55, 97, 108, 110, 540.

С

Салықтар — 48, 74, 83, 87, 125, 188, 197, 210, 238, 244, 255, 275, 276—279, 281, 498, 541.
Сана — 20, 27—30, 37, 42, 58, 67, 76, 124, 125, 523, 528.
Сауда бостандығы — 56—57, 109, 120—121, 276, 522.
Саясат — 19, 41, 48, 66, 74—75, 124.
Саяси өкімет — 30, 83, 127, 311.
Саяси экономия — 526—527, 547;
 — маркстік экономия — 143—144, 190—191, 516, 522, 524, 525, 527—528, 530, 532—535;
 — классикалық экономия — 144—148, 534—535;
 — тұрпайы экономия — 29, 32, 70, 129, 132, 160, 161—162, 165—166, 171, 175—176, 527, 530, 531, 542, 543.
Сайлау правосы (жалпыға бірдей) — 83, 185—186, 198—199, 203, 214, 226, 237, 239, 290, 296, 297, 325, 340, 416, 422—423, 453, 454.
Сауда — 16, 22—23, 31, 46—47, 51—56, 60, 74—75, 521.
 «Саяси экономия сынына» К. Маркстікі (жазылу тарихы) — 521, 530.
Сектанттық — 100, 119.
Сезімдік қызмет — 7, 8, 21—24.
Сыртқы саясат — 196.
Соғыс — 16, 51, 53, 55, 68, 69, 73, 152, 196, 197, 203—204, 308, 364—365, 371, 388, 545.
 — дүние жүзілік соғыс — 153, 195—196, 276;
 — азамат соғысы — 228—229, 413;
 — Европадағы 1813 жылғы азаттық соғыстары — 34.
Семья — 16, 26, 29, 30, 33, 47, 59—60, 65, 91—92, 110, 117, 122, 123, 135, 140, 537.
Славяндар — 347—348, 350, 351, 375—376.
Сословие — 16, 18, 44, 61—63, 65, 74, 75, 77, 107, 117, 128, 141.
Социализм — 96, 102, 153, 195, 217—218, 322, 325, 401, 449, 471;
 — ғылыми социализм — 99—100, 191, 195, 197, 287, 402, 449—451;
 — утопиялық социализм — 100—101, 133—136, 191, 287, 316, 322, 522, 529, 546;

— реакцияшыл социализм — 92, 101, 127—132, 136;
 — буржуазиялық социализм — 92—93, 132—133, 191, 285—287, 449—451;
 — демократиялық социализм — 93,
 — феодалдық социализм — 126—127, 191,
 — ұсақ буржуазиялық социализм — 128—130, 180, 181, 191, 284—285, 286, 418—419,
Статистика — 189.
Стихиялық — 65, 67.

Т

Тайпалық құрылыс — 16, 17, 29, 33, 47, 48, 62—63, 67, 73—74, 107.
Тарихнама — 14, 25, 39, 46—47.
Тарихи мектеп — 318.
Тарихи материализм — қараңыз: *Материализм, Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну*.
Тарих (ғылым ретінде) — 11, 14, 20—21, 24—25, 28, 33—34, 36—37, 40, 43, 44, 56—57, 62—63, 66—68, 72—73, 76, 98—99, 115—116, 121—125, 187, 189, 190, 307—308, 410, 435, 519, 528, 531—532, 533, 538, 547.
Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну.
Тап күресі — 29, 35—36, 40—41, 58—59, 62—63, 118—119, 152, 153, 203, 409—411, 435, 454, 547, 548.
 — антагонистік қоғамдар дамуының қозғаушы күші — 44—45, 98—99, 107, 123—124.
 — феодализм тұсында — 40—41, 49—50, 60—61, 62—64, 107—108.
 — капитализм тұсында — 57—58, 88—89, 94, 108, 114—118, 119, 133, 185, 192, 194—195, 196, 201—203, 216—217, 334—335, 449—451, 456, 539—540.
 — экономикалық күрес — 133.
 — саяси күрес — 58, 115—116, 152, 402,
 — және саяси өкіметті жеңіп алу — 29, 182,
 — оның формалары өндіріс дәрежесіне байланысты — 23—24.
Таптар — 16, 25—26, 30, 43—44, 62, 63, 64, 73—74, 74—75, 78, 80, 116—117, 156, 192—193, 435, 547.
 — олардың пайда болуы — 35—36, 37, 48—49, 57—58, 60, 73—75, 119, 543,
 — экономикалық қатынастардың же-

- місі — 25—26, 43, 54, 57—58, 85—86, 190, 194—195, 543,
 — революциялық таптар — 35—36, 44, 45, 57—58, 61, 63, 115—116, 216—217,
 — үстем таптар — 29—30, 35—36, 43—45, 61, 62, 74—75, 85—86, 115—116, 117—118, 124—125, 156, 192—193, 257—258, 276.
 — олардың қарама-қарсылығы — 45, 58—59, 61—62, 80, 81, 85—86, 89—90, 99—100, 107—108, 118, 123—124, 282—283,
 — олардың жойылуы — 29—30, 36, 45, 61, 63—64, 90—91, 124—125, 126—127, 154, 182, 286—287, 311—312, 547.
 Тәрбие — 88—89, 90—91.
 Теология — 12, 25—26, 32—33,
 Теңдік (буржуазиялық) — 82—83,
 Теория — 67, 118—119, 528.
 Террор — 414—415.
 Товар — 113, 162—163, 164, 534, 535.
 Товар фетишизмі — 31, 35—36, 47, 61—62, 71, 77, 519, 534;
 Транспорт — 98, 111, 512—513;
 Тред-юниондар — 99, 115;
 Түркия — 376;
 Тұрақты капитал — 167;
 Тұтыну құны — 534, 535;
 Тұтыну — 29, 89, 150, 538, 540;
 Тіл — 22, 27, 29, 412—413;

У

- Ұлт — 34, 36, 58, 73, 74, 92, 110—111, 117, 118, 123, 350, 375;
 Ұлт мәселесі — 104, 110—111, 231, 348—350, 375—376, 515—516;
 Ұлттар — 15, 28, 35, 47, 52, 53—56, 58, 67, 73, 102, 103, 111, 124, 140, 196, 310—311, 348, 375—376, 416, 491, 545;
 Ұлы географиялық ашылулар — 53—54, 108;
 Ұлттық гвардия (Франциядағы) — 200, 213, 214, 417, 542—543;
 Ұсақ буржуазия — 54, 87, 93, 114, 115, 117, 118, 120, 128, 177, 178, 180—184, 188, 194, 195, 210, 232, 286—287, 310—312, 391—395, 396, 401, 402, 438, 440—441, 447, 448;
 Ұлы француз буржуазиялық революциясы. XVIII ғасырдың аяғындағы — 44, 57, 119, 130, 139—141, 186, 187, 203, 218, 223, 229—230, 309—310, 312, 313, 315, 426, 432, 492, 496;

Ү

Үндістан — 34, 38, 82, 107, 504—511;

Ф

- Фабрикалық жүйе — 79;
 Фейербахшылдық — 41;
 — Оның жалпы сипаттамасы — 8, 11, 22;
 — Фейербах материализмінің кемшіліктері — 7, 22—24, 41—46;
 — Фейербахтың идеализмі — 8, 9, 24, 41—42;
 Феодализм — 17, 18, 49, 54, 55, 60, 62, 68, 69, 74, 76, 81, 86, 93, 107—109, 111—112, 118, 125, 127, 140, 162, 170, 186, 121, 307—308, 310, 411, 413, 491, 496, 500, 523, 538, 544, 547.
 Физика — 24;
 Философия
 — жалпы сипаттамасы — 8—11, 12, 21, 22, 28, 38, 40, 45, 61, 73, 75, 123.
 — қондырма ретінде — 28, 38.
 — оның предметінің өзгеруі — 21.
 Сонымен қатар қараңыз: Идеализм, Немістің классикалық философиясы, материализм, Фейербахшылдық.
 Финанс аристократиясы — 209—212, 217—218, 478.
 Фландрия — 52, 506.
 Форма мен мазмұн — 117, 125.
 Франция — Пруссия соғысы, 1871 жылы — 197, 198.
 Франция — 31, 36, 41, 45, 52, 55, 57, 70, 75, 82, 87, 89, 93, 101, 109, 117, 127, 129, 130, 136, 137, 139, 152, 180, 187, 188, 190, 191, 195—198, 200, 202—203, 209, 212—220, 306, 308, 309, 311, 322, 340, 354, 359, 375, 401, 409—411, 413, 421—425, 433, 447, 482, 483, 490—492, 493, 494, 502, 503, 526;
 — июль монархиясы — 210—213, 215, 219, 221, 255, 274, 278, 283, 418, 421—423, 427, 428, 433, 435, 436, 443—444, 493;
 — Екінші империя — 196, 493—495, 498—503;
 — 1851 ж. мемлекеттік төңкеріс — 414—416, 426, 430, 485, 487—490, 491, сонымен қатар қараңыз: Бонапартизм, Франциядағы буржуазиялық-революцияшыл партия, XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы француз буржуазиялық революциясы, Ле-

- гитимистер, Улттық гвардия, Орле-
нистер, Париж Коммунасы, Фран-
циядағы 1848 ж. революция, Фран-
циядағы республикашыл партия.
- Франция философиясы, XVIII ғасыр-
дағы — 25.
- Фритредерлер — 285, 366.
- Франциядағы буржуазиялық-респуб-
ликашыл партия («National» пар-
тиясы) — 213—214, 219, 226, 229,
232—234, 236—237, 239, 240, 243—
244, 246, 247, 248—252, 255, 259, 261,
269, 421—422, 428, 429, 432.
- Франциядағы 1848 жылғы револю-
ция — 95, 104, 152, 192, 194, 195, 200,
208, 213—219, 229, 242—243, 323,
334, 335, 338, 354—355, 415, 417,
418—423, 426, 432—434, 444, 445,
488—489, 503, 529;
- пролетариаттың июнь көтерілісі —
99, 152, 192, 200, 218, 228—234,
258, 354, 357, 373, 418, 419, 422, 432,
439—440, 442, 443, 444, 452, 454,
488—499;
- пролетариат революция кезінде —
194, 195, 214—219, 224, 226, 227,
230, 241, 242, 247, 248, 257, 258,
263, 287—289, 417—420, 438, 441,
452, 454, 463, 470, 471, 489—491;
- буржуазия революция кезінде —
194, 195, 225—227, 230—232, 235,
236, 237, 239—241, 246, 255, 256,
291, 300, 301, 417, 418—419, 421,
422, 427, 428, 444, 447, 448, 454, 457,
463, 470—471, 473, 477—481, 483,
486—487, 489, 490, 495—496;
- ұсақ буржуазия революция кезін-
де — 220—221, 224—226, 232, 234—
236, 239, 241, 242, 257, 259, 263,
265, 297, 417, 438, 440, 445—446,
452, 471, 489;
- шаруалар революция кезінде —
215, 222, 226, 237, 240, 258—259,
281—283, 428, 449, 495—496;
- Гора партиясы — 232, 242, 438;
- әлеуметтік демократиялық партия
(жаңа Гора) — 249, 250, 251, 254,
257—260, 261—266, 285, 295—296,
298, 412, 433—435, 438—443, 453,
463, 466, 467, 469, 470, 472, 486, 488,
489;
- тәртіп партиясы — 255, 256, 260,
261, 266, 273, 275, 283, 285, 289, 290,
296—305, 420, 423, 429, 430, 432,
434—439, 442—447, 449, 451—456,
460, 463, 465—478, 479, 480, 486,
488, 489.
- февраль республикасының уақыт-
ша үкіметі — 213—214, 216, 218—
219, 227, 234, 307—308, 416—417,
418.
- Люксембург комиссиясы — 216,
217—218, 223—225, 226—228, 232,
233, 236—238, 240, 242—243, 252,
253—254, 255, 256—260, 261, 262,
277, 386, 416—417, 418—419,
420—421, 422, 426, 427, 429—431,
434, 435, 437—438, 440, 445—446,
449, 451, 454, 456, 457, 458, 470—
471, 487;
- Құрылтай жиналысы (Конститу-
ант) — 239—240, 254—257, 260—
265, 267—271, 277, 278, 282—285,
287, 288, 295—296, 297, 299, 301,
306, 416—417;
- Заң шығару жиналысы — 451—452,
464—465, 466, 469—470, 472, 473,
485, 487, 488;
- конституция — 422—427, 429, 430,
440, 441, 454, 471—472, 476,
- «Франциядағы тап күресі»
К. Маркстікі (жазылу тарихы) — 189,
190.
- X**
- Халық — 15, 26, 28, 48, 50, 52, 53, 111,
Химия — 24—25, 89—90, 112,
112.
- Христиан діні — 13, 123—124, 129,
206—207.
- Ц**
- Цехтар (орта ғасырлық) — 17—18,
48—49, 52—54, 57—58, 82—83, 85—
86, 87, 107, 129, 140, 194—195, 311—
312, 329, 334, 538, 539, 480.
- Цивилизация — 46—47, 48, 515—516,
515—516.
- Ч**
- Чартизм — 93, 137, 353, 355, 473.
- Чехословакия — 350—352.
- Ш**
- Шаруалар — 17, 52, 53, 87, 90, 117,
120, 129, 152, 181, 194, 195, 219, 215,
280—282, 312—313, 337, 493—498.
- Швейцария — 93, 136, 153, 189, 187,
198, 204, 212, 322, 327, 398.
- Шовинизм — 197.
- Шикізат — 55, 110.

Шоғырлану — 55, 56, 111, 188;
 — капиталдың шоғырлануы — 48, 52, 79, 97, 111, 129, 171, 174, 286;
 — жер меншігінің шоғырлануы — 68, 129;
 — транспорттың шоғырлануы — 88.
Шығыс-Рим империясы — 68.

I

Ірі өнеркәсіп — 48, 52, 56, 57, 69, 73, 79—80, 81—83, 101, 104, 108, 115, 117, 118, 539, 543;

Э

Экономика және саясат — 16, 38, 40, 65—66.

Экономикалық заңдар — 542;
 — антагонистік формацияларда олардың жүзеге асу сипаты — 30—32, 35, 60—63, 173, 175, 538—539.
 — олардың коммунизм тұсында жүзеге асу сипаты — 30, 31, 35, 63.
 — өндірістік қатынастардың өндіргіш күштер сипатына сәйкес келу заңы — 58, 65—68, 69, 70, 539, 541—542, 550.

Экономикалық дағдарыстар — 84, 85, 89, 112, 113, 116, 129, 177, 191, 213, 220, 292, 294, 295, 471, 479, 481—483, 540.

Экспроприациялау — 126.

— экспроприаторларды экспроприациялау — 87.

Эмиграция — 97, 306.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз	5—6
К. Маркс. Фейербах туралы тезистер	7—9
К. Маркс пен Ф. Энгельс. Фейербах. Материалистік көзқарас пен идеалистік көзқарастың қарама-қарсылығы («Неміс идеологиясының» I тарауы)	10—77
[I]	10—21
[1. Жалпы идеология, әсіресе неміс идеологиясы]	11—13
[2. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуде негізге алынатын алғы шарттар]	14—15
[3. Өндіріс және қарым-қатынас. Еңбек бөлінісі және тайпалық, көне замандық, феодалдық меншік формалары]	15—18
[4. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің мәні. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сана]	18—21
[II]	21—43
[1. Адамдарды іс жүзінде азат ету шарттары]	21—22
[2. Фейербах материализмінің андаушылығы мен дәйексіздігін сынау]	22—24
[3. Бастапқы тарихи қатынастар, яғни әлеуметтік әрекеттің негізгі жақтары: тіршілік заттарын өндіру, жаңа қажеттердің тууы, адамдардың өндірілуі (семья), қарым-қатынас, сана]	25—29
[4. Қоғамдық еңбек бөлінісі және оның нәтижелері: жеке меншік, мемлекет, әлеуметтік қызметтің «жатсынуы»]	29—32
[5. Өндіргіш күштердің өркендеуі — коммунизмнің материалдық алғы шарты]	32—33
[6. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну қорытындылары: тарихи процестің сабақтастығы, тарихтың бүкіл дүние жүзілік тарихқа айналуы, коммунистік революцияның жеттігі]	34—36

[7. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну жайындағы тұжырымдама]	37—38
[8. Тарихты бүкіл бұрынғы, идеалистік тұрғыдан түсінудің, әсіресе Гегельден кейінгі неміс философиясының мүлде қиынсыздығы]	38—41
[9. Фейербахты, оның тарихты идеалистік тұрғыдан түсінуін қосымша сынау]	41—42
[III]	43—46
[1. Үстем тап пен үстем сана. Гегельдің тарихта рухтың үстемдік етуі жайындағы түсінігі қалай қалыптасқан]	43—46
[IV]	46—77
[1. Өндіріс құралдары мен меншік формалары]	46—47
[2. Материалдық еңбек пен рухани еңбек бөлінісі. Қаланың деревнядан бөлініп шығуы. Цехтық құрылыс]	48—50
[3. Еңбектің онан әрі бөлінуі. Сауданың өнеркәсіптен оқшаулануы. Түрлі қалалар арасындағы еңбек бөлінісі. Мануфактура]	50—56
[4. Ең кен көлемдегі еңбек бөлінісі. Ірі өнеркәсіп]	56—58
[5. Өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қайшылық — элеуметтік революцияның негізі]	58—59
[6. Индивидтер бәсекесі және таптардың қалыптасуы. Индивидтер мен олардың тіршілік жағдайлары арасындағы қарама-қарсылықтың дамуы. Буржуазиялық қоғам жағдайында индивидтердің алдамшы коллективтілігі және коммунизм тұсында индивидтердің шынайы бірлестігі. Қоғам тіршілігі жағдайларының бірлескен индивидтер билігіне бағынуы]	59—65
[7. Индивидтер мен олардың тіршілік жағдайлары арасындағы қайшылық — өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасы арасындағы қайшылық. Өндіргіш күштердің дамуы және қарым-қатынас формаларының ауысуы]	65—68
[8. Күштеудің (шанқыншылықтың) тарихтағы ролі]	68—69
[9. Ірі өнеркәсіп пен еркін бәсеке жағдайында өндіргіш күштер мен қарым-қатынас формасының арасындағы қайшылықтың дамуы. Еңбек пен капитал арасындағы қарама-қарсылық]	69—71
[10. Жеке меншікті жоюдың қажеттігі, шарттары мен пәтижелері]	71—73
[11. Мемлекет пен правоның меншікке қатынасы]	73—76
[1. Қоғамдық сана формалары]	76—77
Ф. ЭНГЕЛЬС. КОММУНИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ	78—94

К. МАРКС ПЕН Ф. ЭНГЕЛЬС. КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ МАНИФЕСІ	95—137
1872 жылғы немісше басылуына жазылған алғы сөз	95—96
1882 жылғы орысша екінші басылуына жазылған алғы сөз	96—98
Ф. Энгельстің 1883 жылғы немісше басылуына жазған алғы сөзі	98—99
Ф. Энгельстің 1890 жылғы немісше басылуына жазған алғы сөзінен	99—101
Ф. Энгельстің 1892 жылғы полякша басылуына жазған алғы сөзі	102—103
Ф. Энгельстің 1893 жылғы италиянша басылуына жазған алғы сөзі	103—105
Коммунистік партияның манифесі	106—137
I. Буржуалар мен пролетарлар	107—118
II. Пролетарлар мен коммунистер	118—126
III. Социалистік және коммунистік әдебиет	127—136
1. Реакциялық социализм	127—132
а) Феодалдық социализм	127—128
б) Ұсақ буржуазиялық социализм	128—129
с) Немістік, немесе «ақиқат», социализм	129—132
2. Консерваторлық, немесе буржуазиялық, социализм	132—133
3. Сыншыл-утопиялық социализм мен коммунизм	133—136
IV. Коммунистердің әртүрлі оппозициялық партияларға көз- қарасы	136—137
К. Маркс. Буржуазия және контрреволюция. Екінші мақала	138—142
К. Маркс. Жалдама еңбек және капитал	143—177
1891 жылғы басылуына Ф. Энгельстің кіріспесі	143—151
Жалдама еңбек және капитал	152—177
К. Маркс пен Ф. Энгельс. Орталық Комитеттің Коммунистер Одағына үндеуі. Март 1850.	178—188
К. Маркс. Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі	189—305
1895 жылғы басылуына Ф. Энгельстің кіріспе сөзі	189—207
Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі	208—305
I. 1848 жылғы июньдегі жеңіліс	209—231
II. 1849 жылғы 13 июнь	231—260
III. 1849 жылғы 13 июньнің салдары	260—292
IV. 1850 жылы жалпыға бірдей сайлау правосының жо- йылуы	292—305

Ф. Энгельс. Германиядағы революция мен контрреволюция	306—400
I. Германия революция қарсаңында	306—314
II. Пруссия мемлекеті	314—323
III. Басқа неміс мемлекеттері	323—328
IV. Австрия	328—334
V. Венадағы көтеріліс	334—337
VI. Берлиндегі көтеріліс	337—341
VII. Франкфурт ұлттық жиналысы	342—346
VIII. Поляктар, чехтар және немістер	346—350
IX. Панславизм. Шлезвиг-гольштейн соғысы	350—353
X. Париж көтерілісі, Франкфурт жиналысы	354—357
XI. Вена көтерілісі	357—362
XII. Венаға шабуыл. Вена жөнінде жасалған сатқындық	362—370
XIII. Пруссияның құрылтай жиналысы. Ұлттық жиналыс	370—374
XIV. Тәртіптің қалпына келтірілуі. Рейхстаг және палата	374—379
XV. Пруссияның салтанат құруы	379—383
XVI. Ұлттық жиналыс және үкіметтер	383—386
XVII. Көтеріліс	386—390
XVIII. Ұсақ буржуазия	391—395
XIX. Көтерілістің ақыры	395—400
Ф. Энгельс. Кельнде таяуда болған процесс	401—407
К. Маркс. Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері	408—410
1869 жылғы екінші басылуына К. Маркстің жазған алғы сөзі	408—410
Неміс тілінде 1885 жылғы үшінші басылуына Ф. Энгельстің жазған алғы сөзі	410—411
Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері	412—503
I.	412—420
II.	421—432
III.	432—445
IV.	446—455
V.	455—472
VI.	472—469
VII.	489—503
К. Маркс. Үндістандағы Британия билігі	504—510
К. Маркс. Үндістандағы Британия билігінің болашақ нәтижелері	511 - 517

К. М а р к с. «THE TAE PEOPZES PAPER мерекесінде 1856 жылы 14 апрелде Лондонда сөйленген сөз	518
К. М а р к с. Саяси экономия сынына. Алғы сөз	52
Ф. Э н г е л ь с. Карл Маркс. «Саяси экономия сынына»	526—527
I.	527—530
II.	530—535
К. М А Р К С. Х А Т Т А Р	536—
Маркс — Павел Васильевич Анненковқа, 28 декабрь [1846 ж.]	536—547
Маркс — Иосиф Вейдемейерге, 5 март 1852 ж.	547—548
Маркс — Энгельске, 16 апрель [1856 ж.]	548—549
Маркс — Энгельске, 25 сентябрь 1857 ж.	549—550
<i>Ескертулер</i>	553—584
<i>Есімдер көрсеткіші</i>	585—604
<i>Атау көрсеткіші</i>	605—617

С У Р Е Т Т Е Р:

К. Маркстің портреті (1867 ж.)

Ф. Энгельстің портреті (1877 ж.)

Беті	Жолы	Басылғаны	Дұрысы
154	төменнен 8	20 франктың	20 марканың
186	жоғары- дан 21	бастап	бастан
237	төменнен 10	алмастырыл-	алмастырға-
244	— " — 3	ғанын	нын
299	жоғары- дан 20	абыройы	абыройын
347	— " — 12, 13	алғы айдың	алты айдың
381	— " — 8	ығыстыры-	ығыстырып
410	төменнен 7	лып	доктринер-
421	— " — 14	доктинерлер	лер
448	жоғары- дан 7	Франция	Францияда
496	төменнен 4,5	шақты	шықты
522	— " — 15	орнына	орнынап
622	жоғары- дан 1	өзімен	өзінен
		саяси эконо-	саяси эконо-
		микадан	миядан
		„THE TAE	„THE PEOP-
		PEOPZES	PLE'S PAP-
		PAPER	ER“

Маркс Карл и Энгельс Фридрих

ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ в 3-х томах. Том I

(на
Сдано в набор 17/III
Формат 60×90^{1/16}—39.
Бумага тип. № 1.
г. Алма-Ата

(ком языке)
Подписано к печати 16/XI 1976 г.
п. л. (41,7+0,25 вкл.) уч.-изд. л.
9 000 экз. Цена 1 руб. 27 коп.
ул Советская, 50.

Заказ № 962. Фабрика книги и родственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.